ҚАЗ ЖАЙЛАУЫН САЗ ДЕЙМІН,
НАУРЫЗДАН СОҢ ЖАЗ ДЕЙМІН.

Наурыз

...енбі, 22 наурыз, 2008 жыл

90 Жетісу

e-mail: Jetisu2002@mail.ru

■ КӨЗҚАРАС



ШЫҢҒЫС ХАН ТУРАЛЫ ШЫНДЫҚ

Қажет АНДАС

Қытайда "әлемді жаулаушы" туралы телефильм түсіру үш рет қолға алынды. Бірінші ретті түсірілімде көшпенділер өмірі басым орында болды да, аспан асты елінің үстанымына сәйкес келмеді. Екінші тәуекелде таза саяси түс бел алды, тіпті Темучиннің өзін қуыршақ кейіпкер етіп жасауға дейін барды. Алайда бұлардың ғұмары ұзаққа барған жоқ. Ал, біз "Қазақстан" ұлттық арнасынан екі бөлімнің бойы тамашалаған үшінші сериясының көрермендердің көңілінен шыққаны мәлім. Қазір төрт серияның басы қосылған жерде фильм туралы әңгіменің кейінгі қыза бастағанын естідік.

Мен тарихшы емеспін, десе де, әлсіз елдің ұланы ретінде өз ойымды ортаға салып, көзқарасымды дәйектеуге ұмтылдым. Кейбір пікірлеріме өзімдік тұрғыда жауап іздеп, көруге тырыстым. Әрине, Темірдің қазақ тарихының дүние сахнасынан орын алуына бірден-бір қосқан үлы тұлға. Біз осыған Шыңғыс ханды қатігез, қанқұйлы ретінде танып келдік. Өйткені тарихшыл жүйенің көзқарасы осыған шамалы солай етпеске шарамыз жоқ еді. Бүгінгі тәуелсіз елдің орнында тұрып әділ баға беруге біздің әлсіздігіміз болып тұр еді.

"Шыңғыс хан" телехикаясы қазақтың тартымды болғанымен әлі қалемгерлерінің өз мемлекетін дәйекті мақсатында жасалған дүниесі. Мұнда тарихи шындық болғанымен бәрібір ұлттың намысына тиетін тұстарында сол елдің ұлдарының "Бұл қойылымда ұлттық ұғым-түсінігіміз дұрыс дүниені бір жақты бейнелеген" деп дауласуға мәжбүрлейтін тұстары да жоқ емес. Мысалы, "Күріштің арқасында қытайлық ұлттық "ұлы ішіттің" керін келтіретін кейбір өзгерістер мен қосымшалар болмаса, біз жасадық деп айтуға болатын ба? Орайы келіп тұрғанда кетейін, тарихшылар Мұхаң (Мұхаметжан Қазанұлы) туралы он үшінші серияда жазылған "Моңғолдың құпиясы" атты кітаптағы бетке ұқсас па. Иә, бұл кітаптың бар екендігі рас, алайда ол түпнұсқа емес. Ұлттың жүз жыл бойы қытай патшасының үшін қызмет көрсетіп келген ұлдарының ортағасырлық шынайы сөз етер құны да шамалы. Себебі, оның патшалық алмасқан сайын сол дәуірдің танымына сай өзгертіліп, қайта жазылып келгені құпия емес. Оның үстіне бұл аталмыш кітап жапон тарихшыларының қолынан өтіп барып бізге жеткендігі тағы бар. Әрине, әрқандай ұлт қаламгерлерінің алдында өз жұртының мүддесі тұратындығын да ескермей болмайды.

Шыңғысханның тегі кім? Бүгінгі күнге дейін жұмбақ болып келе жатқан осы мәселе басқа елдерді қызықтырмай қоймайтыны рас. Мейлі, Есугейдің немесе Дүркіт Их-Чилэдудың қанынан тарағандығы болсын, бізге мұның маңызы шамалы. Себебі, оның қазақ халқының ұлттық рухына қосылып кеткендігін жасыруға болмайтын шындық. Ол туралы қазақ тарихындағы деректер, біз әдебиетіндегі аңыз-әңгімелер, жыр-дастандар, бақсы сарындары бұған дәлел бола алады. Олардың барлығында ұлы қаған халқымыздың төл перзенті есебінде айтылады. Ал, Шыңғыс хан қазақ даласын ойрандаған қанішер ме? Жоқ, бүгінгі күнде оны ұлықтаудың өзіндік құндылығы бар ма, сіз қалай ойлайсыз? — деген сұрақ негізінде сауалнама жүргізіп көріп едік.

САЯСАТ ТАНУШЫЛАР: Қазақ билігінің негізін қалаушы деп қарайтындығын білдік.

Еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жылдарда мал бағуды ғана білетін халық, мемлекетін қалай басқарар екен деп, біздің тәуелсіздікке жорта жандары аши қарағандар болды. Десе де, сананалы жылдар аясында біз өзіміздің ел тізгінін ұстай алатынымызды көрсетіп үлгердік. Бұл біздің білімді, талантты екендігімізді білдіріп қана қоймайды. Текті әулеттің тегі болғанымызды, кешегі дүниені дүрілдеткен ұлы империяның мұрагері екендігімізді, ел болу үрдісіне ие болғанымызға сан ғасырлар өткендігін білдіреді. Қазіргі басты нәрсе осы тектілікті ұрпаққа дендете жеткізуде тұр. Сондықтан Шыңғыс хан жорығы да қазақ тарихының бір саласы болып табылады. Өйткені бұл ұлы жорық қазақ даласынан басталып, Шығыс Азияға, Батыс Европаға дейін қанат жайды. Ондағы ағландарымыздың ерлік істерін ендігі буынға сыналап жеткізу бүгінгі күннің кезек күттірмейтін басты талабы.

Шыңғыс хан жорығы қазақ даласын кемімсектердің бөлшектеуінен және қарақытайлар (Шығыс солтүстік қытайды мекен еткен, кейін ...тын патшалығынан жеңіліп бат... ауған Қидандар қытайда "әлемді жаулаушы" туралы телефильм түсіру үш рет қолға алынды. Бірінші ретті түсірілімде көшпенділер өмірі басым орында болды да, аспан асты елінің үстанымына сәйкес келмеді. Екінші тәуекелде таза саяси түс бел... алды, тіпті Темучиннің өзін қуыршақ кейіпкер етіп жасауға дейін барды. Алайда бұлардың ғұмары ұзаққа барған жоқ. Ал, біз "Қазақстан" ұлттық арнасынан екі бөлімнің бойы тамашалаған үшінші сериясының көрермендердің көңілінен шыққаны мәлім. Қазір төрт серияның басы қосылған жерде фильм туралы әңгіменің кейінгі қыза бастағанын естідік.

Мен тарихшы емеспін, десе де, әлсіз елдің ұланы ретінде өз ойымды ортаға салып, көзқарасымды дәйектеуге ұмтылдым. Кейбір пікірлеріме өзімдік тұрғыда жауап іздеп, көруге тырыстым. Әрине, Темірдің қазақ тарихының дүние сахнасынан орын алуына бірден-бір қосқан үлы тұлға. Біз осыған Шыңғыс ханды қатігез, қанқұйлы ретінде танып келдік. Өйткені тарихшыл жүйенің көзқарасы осыған шамалы солай етпеске шарамыз жоқ еді. Бүгінгі тәуелсіз елдің орнында тұрып әділ баға беруге біздің әлсіздігіміз болып тұр еді.

"Шыңғыс хан" телехикаясы қазақтың тартымды болғанымен әлі қалемгерлерінің өз мемлекетін дәйекті мақсатында жасалған дүниесі. Мұнда тарихи шындық болғанымен бәрібір ұлттың намысына тиетін тұстарында сол елдің ұлдарының "Бұл қойылымда ұлттық ұғым-түсінігіміз дұрыс дүниені бір жақты бейнелеген" деп дауласуға мәжбүрлейтін тұстары да жоқ емес. Мысалы, "Күріштің арқасында қытайлық ұлттық "ұлы ішіттің" керін келтіретін кейбір өзгерістер мен қосымшалар болмаса, біз жасадық деп айтуға болатын ба? Орайы келіп тұрғанда кетейін, тарихшылар Мұхаң (Мұхаметжан Қазанұлы) туралы он үшінші серияда жазылған "Моңғолдың құпиясы" атты кітаптағы бетке ұқсас па. Иә, бұл кітаптың бар екендігі рас, алайда ол түпнұсқа емес. Ұлттың жүз жыл бойы қытай патшасының үшін қызмет көрсетіп келген ұлдарының ортағасырлық шынайы сөз етер құны да шамалы. Себебі, оның патшалық алмасқан сайын сол дәуірдің танымына сай өзгертіліп, қайта жазылып келгені құпия емес. Оның үстіне бұл аталмыш кітап жапон тарихшыларының қолынан өтіп барып бізге жеткендігі тағы бар. Әрине, әрқандай ұлт қаламгерлерінің алдында өз жұртының мүддесі тұратындығын да ескермей болмайды.

Шыңғысханның тегі кім? Бүгінгі күнге дейін жұмбақ болып келе жатқан осы мәселе басқа елдерді қызықтырмай қоймайтыны рас. Мейлі, Есугейдің немесе Дүркіт Их-Чилэдудың қанынан тарағандығы болсын, бізге мұның маңызы шамалы. Себебі, оның қазақ халқының ұлттық рухына қосылып кеткендігін жасыруға болмайтын шындық. Ол туралы қазақ тарихындағы деректер, біз әдебиетіндегі аңыз-әңгімелер, жыр-дастандар, бақсы сарындары бұған дәлел бола алады. Олардың барлығында ұлы қаған халқымыздың төл перзенті есебінде айтылады. Ал, Шыңғыс хан қазақ даласын ойрандаған қанішер ме? Жоқ, бүгінгі күнде оны ұлықтаудың өзіндік құндылығы бар ма, сіз қалай ойлайсыз? — деген сұрақ негізінде сауалнама жүргізіп көріп едік.

САЯСАТ ТАНУШЫЛАР: Қазақ билігінің негізін қалаушы деп қарайтындығын білдік.

Еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жылдарда мал бағуды ғана білетін халық, мемлекетін қалай басқарар екен деп, біздің тәуелсіздікке жорта жандары аши қарағандар болды. Десе де, сананалы жылдар аясында біз өзіміздің ел тізгінін ұстай алатынымызды көрсетіп үлгердік. Бұл біздің білімді, талантты екендігімізді білдіріп қана қоймайды. Текті әулеттің тегі болғанымызды, кешегі дүниені дүрілдеткен ұлы империяның мұрагері екендігімізді, ел болу үрдісіне ие болғанымызға сан ғасырлар өткендігін білдіреді. Қазіргі басты нәрсе осы тектілікті ұрпаққа дендете жеткізуде тұр. Сондықтан Шыңғыс хан жорығы да қазақ тарихының бір саласы болып табылады. Өйткені бұл ұлы жорық қазақ даласынан басталып, Шығыс Азияға, Батыс Европаға дейін қанат жайды. Ондағы ағландарымыздың ерлік істерін ендігі буынға сыналап жеткізу бүгінгі күннің кезек күттірмейтін басты талабы.

Шыңғыс хан жорығы қазақ даласын кемімсектердің бөлшектеуінен және қарақытайлар (Шығыс солтүстік қытайды мекен еткен, кейін ...тын патшалығынан жеңіліп бат... ауған Қидандар басына би болған жүйенің тасталқанын шығарды. Көшпелі тайпалардың басын біріктіріп, қазақ ұлтының тайпалық одақтан ұлттық бірлікке қарай нығаюының іргетасын, қазақ мемлекетіне территориялық негіз қалап берді. Бұл қазақ хандығы құрылуының тарихи көрінісі, саяси алғы шарты еді. Егер сол тарих болмаса, бүгінгі тәуелсіз қазақ елі де болмас еді. Сондықтан да қазақ жеріндегі хандық құрылым Шыңғыс ханнан басталып Шоқан Уәлихановтың әкесі Шыңғыспен аяқталды деген түжырым бар. Мүмкін бұл жағдай да тегін емес болар.

МӘДЕНИЕТ ТАНУШЫЛАР: сан түрлі діннің ықпалынан жұтылып кету алдында тұрған халықтық салт-дәстүрдің сақталып қалуына себепкер болды деп есептейді.

Сол тұстағы қазақ ұлтының тегін құраған ұлыстар мен тайпаларға христиан, ислам, будда, тағы басқа да дін таратушылар әкелген ілімдер алауыздықтың қайнар көзі болып отырды. Билікшіл топ діндік көзқарастарын қарапайым халыққа күшпен мойындатуға тырысты. Сол арқылы өз үстемдігін нығайтуды мақсат етті. Осының салдарынан халықтың ұлттық құндылығы ойранға ұшырады. Бір ғана мысал, Орхон-Енисей тас жазбалары тек Орхон мен Селенгі өзендерінің аңғарындағы тастардың бетіне қашалып жазылды дегенге күмәнім бар. Түркі тектес ұлыстар мен тайпалар әлемді бағындыруды білгенде, екі өзеннің бойынан басқа жерге өз таңбасын қалдыратын тас таба алмай қалды ма? Жоқ, бұл тарихтағы ойран болған мәдени мұрамызды айғақтайтын бірден-бір куәгер. Әрине, Түрік қағанаты ыдыраған кейін қазақ даласына берідей тиген келімсектер мен дін уағызшылары ең алдымен осы тарихты жанталаса өшіруге тырысты. Олар халықтың діни сенімі мен тас бетіне жазып қалдырған тарихын өшіруге, тіпті мүлдем жоғалтуға тырысты, сонда ғана қараша халықты айтқанына нандырып, айдауына көндіреміз деп қарады. Еуропа үйкыда жатқан кезде арғымақ атқа ер салып, егеулі найза қолға алып, қаздай қалқып, көшіп-қонып, судың тұнығын ішіп, тас бетіне сурет салған халықтың өнері, міне, осылай ойрандалып жатқан еді. Бірақ тұрғылықты қайсар халық та өздерінің құндылықтарынан айырылып қалғысы келмеді, қайта жанталаса өз жадігерлерін сақтап қалудың жолында күресті. "Қайда барсаң Қорқыттың көрі" деген тәмсіл сол кездегі шындықтың куәсі. Діндік саяси мақсатпен таратқан уағызшылар тұрғылықты халықтың мәдениетін өз көзқарастарына бойынша ойрандады. Ал, олардың аттарының аяғы жетпеген жоғарыда айтылған жердегі мұралар ғана аман-есен осы дәуірге жетіп отыр. Сонымен бірге көшпенді тайпалардың ішінде қазақ халқына ғана тән атқа таңба басатын дәстүр бар. Сол таңбалар мен орхон жазбаларында терең тамырластық жатыр. Мұның өзі тарихты басқа қырынан сақтап қалу үшін жасалған жанталас деп ойлауға болатын шындық. Егер тарихта осы бір ұлы жорық болмағанда бұл мұралардан да жұрнақ қалмас еді. Біз осы күні жол айырығында көзіккен көлденең көк аттының ойынан туындаған дүниелерді қымбат көріп жүрер едік. Шыңғыс хан да, оның Орта Азияға ұзақ уақыт билік еткен мұрагерлері де бағынышты елдің діни сеніміне, мәдени мұрасына, салт-санасына ешқандай тосқауыл қойған жоқ, қайта сол елдерге сіңіп кетті. Бір сөзбен айтқанда, сол елдердің тарихына айналып кетті. Мұның ішінде "Төресіз ел, төбесіз жер болмайды" дейтін қазақ тарихы да бар. Кейбір тарихшылар қазақ даласындағы он екі қаланың жойылып кетуіне қарап оны қанішер санайды. Егер сол қалалар осы күнге қалпын сақтап жеткен болса, осы елдімекен "Қазақ даласы" аталмай басқа біреулердің атақоныс, құтты мекені болып шыға келер еді. Шыңғыс хан қытайдың елу қаласын ойрандады. Алайда олар мұны қылмыс деп қараған жоқ. Қайта мақтаныш ретінде еске алды. Елу қала ойрандалғанымен елу жікке бөлінген қытайлардың басын бір орталыққа біріктіріп кетті. Тіпті ғасырлар бойы өзге ұлттар мекен етіп келген жерлерді де қытай империясының мәңгілік мекеніне айналдырып берді. Сондықтан олар өз тарихынан Шыңғыс ханға сүбелі орын беріп отыр. Ал, біз Шыңғыс ханды неліктен өз хандығымыздың негізін салушы деп айтудан арланамыз. Қысқасы, бұл тарих бүгінгі тәуелсіз қазақ елінің елдік негізін білдіретін белгі.

ТАРИХШЫЛАР: қазақ тарихына көптеген бірегей тұлғаларды қосты деген ой айтады.

Шыңғыс ханға қатысты тарихты ақтарып отырсаңыз оның айналасындағы лауазымды қызметтерді қазақ тегін құрайтын түркі текті, тілді рутайпалардың перзенттері атқарып келгенін әрі онымен бірге тарихта қалғанын білеміз. Қытай тарихшылары сол тұстағы көшпенділер үлгісін негіз еткен. Бұл елді мекен сол кезден бастап қытай жерінде билік құрған патшалықтардың қасиетті астанасы болып келді. Қазір де сол елдің мәңгілік мақтанышына айналып отыр. Қазақта "қанына тартпағанның қары сынсын" деген сөз бар, жас мемлекет бола тұрып жаңа астана салып жатқан ерлігіміз қанымызда бар қасиеттің әсері деп білген дұрыс.

Бейбарыс — крест жорықшыларын және дүниені жаулау ниетіндегі моңғол жортуылын бөгеп, ислам дінін қорғап қалуға үлкен үлес қосқан бірегей тұлға. Қазақ тегін құраған қыпшақ ұлысының перзенті. Бұл жерде Бейбарыс пен Шыңғыс хан екі дәуірдің адамы. Алайда, осы бір тұлғаның тарих сахнасынан орын алуына Шыңғыс хан жорығының әсері болғандығы табиғи. Себебі, Хорезм патшалығы жойылғаннан кейін адам саудасына дәніккен алыпсатарлар Орта Азия халықтарын топ-тобымен араб елдеріне сатумен айналысты. Иә, араб елдері крест жорықшыларына қарсы соғысу үшін де, міне, осындай адамдарға өте мұқтаж еді. Сатып апарылған құлдар — мамлюктер (Мемлекет армиясы) делінің соғысқа жіберіліп отырды. Уақыт өте келе бүкіл Мысыр елінің билігі осы адамдардың қолына түсерін ол кезде ешкім білген жоқ. Араб халифасының күйеу баласы Күрд тайпасынан шыққан Аюп сұлтандық орынға отырғаннан кейін ел билігі ұзақ уақыт Мамлюктердің қолында болды. Құлағу мен Кетбұқа жорығы Ирак пен Иранды басып алып, халифалық билік жойылғаннан кейін араб дүниесінің үміті тек Мысыр елінде ғана қалған еді. Осы кездегі Құтыз (Туркімен) басшылығындағы билік бұл міндетті орындауға дәрменсіз болды. Ислам дініне сенетін бұқараның басын қосып ислам әлемін сақтап қалатын бір ұлы қолбасшы керек болды. Бейбарыс, міне, осындай тарихи жағдайда билік басына келді. Дүниені дүрліктіріп, шегінуді білмеген Құлағу мен Кетбұқа бастаған Моңғол әскерін жеңуде Бейбарыс көшпенділердің соғыс тәсілін шеберлікпен қолдану арқылы Мысыр елінің азаттығын сақтап қалған еді. Оның ұлы жеңісінің қозғаушысы да Шыңғыс хан жорығы болатын.



ТҮЙІН

"Қолда жүзік барында Сүлеймен де – Сүлеймен, қолдан жүзік кеткен соң Сүлеймен де сілейген" демекші, қашанда билік тізгінін қолында ұстап келгендер үстемдігін бекемдеу үшін өз мәдениеті мен мәртебесін өзгелерден биік орынға қойып, бодан елді сүмірейтіп көрсетіп келді. Тарихты да соған сәйкес өзгертіп, құбылтып жазып отырды. Осы тақсіретті қазақ та бастан кешірген. Мұның бір дәлелі, араб тарихшылары түркі текті ұлттар мен тайпалардың тарихын араб тарихына жақындастырып жазып келсе, жаппай орыстандыру саясаты тол тарихымызды қойып, ата тегімізді ұмыттыруға дейін апарды. Чапаев пен Шевченконы жатқа айтқанымен Ескелді би, Қабанбай батыр, Наурызбай, Райымбек батырдың кім екенін біле... мейтін, кешегі орыс тарихы мен әдебиетінің жілігін жарып, майын ішкендердің ұрпақтары қазіргі күнде біздің басқа жұрттың қол астында жүргендегі болар - ақ, ал тәуелсіз ел болған бүгінгі арадақтап алатын, әрделеп нүкте қоятын кез келді.


■ СҮЙІНІШТІ ХАБАР

ҚАЗАҚТЫҢ ДАНА БИ ДОЙБЫСЫ

ұлттық спорт түрлерінің қатарына қосылды

Дүниеде спорттың түрі көп қой. Олардың қатарына тағы бір түрін қосып, жаңалық аша қою қиынның қиыны. Ұлттық спорт түрлеріне қойылатын талап та бұдан кем түсе қоймайды. Содан кейін де болар, редакциямызға ұлттық ойынымыз — қазақтың дана би дойбысын жаңғырту жайын кіммен ақылдассам екен деген сұрақпен бас сұққан Әнуар Қабдоллаұлының айтқандарына алғашында күмәндана қарадық. Оның үстіне ойынның өзіндік ерекшеліктерімен таныс болмағаннан кейін жалғыз кестесіне қарап баға беру де қиынға соқты. Тастарын тіккен кездегі көрінісі спортта орыс дойбысы деген атпен белгілі кәдімгі 64 шаршылы дойбыға ұқсайды екен. Мұнда 24 шаршы, ойнайтын екі жақтың тастары да сол 24-ке жетіп жығылады. Тастары шаршының ортасына емес, сызықтар қиылысқан тұстарға орналасыпты. Қанша үңілсек те осыдан басқа ұқсастықтарды байқай алмағанбыз. Сондықтан да білгенімізше жөн сілтеген болдық.

Нүсіпбай ӘБДІРАХЫМ



Таудың басына да талпынған адам ғана шығады. Шыңдарды да шыдамдылар мен алдарына биік мақсат қойған қайсарлар бағындырады. Сол айтқандай, Әнуар арага көп уақыт салмай-ақ редакциямызға сүйінішті хабармен қайта бас сұқты. Өзі айтқандай таңғажайып жаңалығын – қазақтың дана би дойбысын Әділет министрлігіне қарасты Зияткерлік меншік құқығы комитетіне тіркетіп, мемлекеттік тіркеу куәлігін алыпты. Ол ғана емес, қолында «Қазақтың дана би дойбысы» атты ұлттық ойынын Ұлттық спорт түрлерінің қатарына қосу туралы ҚР Спорт комитетінің тәрағасы А. Құлназаровтың қолы қойылған бұйрығы да бар болып шықты. Әйтсе де бізді ең қызықтырғаны жаңа ойынға мамандар тарапынан берілген баға болатын. Ең алдымен осындай бағаларға көз салдық.

«Әнуар Қабдоллаұлының «Қазақтың дана би дойбысы» атты ұлттық ойынының үлгісімен танысқа отырып, осы ойын түрі туралы төмендегідей пікірімізді білдіреміз:

1. Қазақтың көптеген ұлттық ойындары сияқты кезінде тарих сахнасында үлкен орынға ие болып, кейіннен ұмыт болған ойын түрін қайта іздеп тауып, мәдени-рухани асыл қазынамыз ретінде ел арасына енгізуін құптарлық жағдай деп санаймыз.

2. Ойын жүйесі барша түркі халықтарының, оның ішінде қазақ халқының бағынуы ойын жүйесі ерекшелігіне негізделе отырып, тарихи жолмен сұрыпталып, әлеуметтік-тұрмыстық, саяси-демократиялық жолдардың үлгілерінде талданып, ойын кезінде қажетті принциптерді сақтау арқылы ғана жеңістерге жетуге болатын жетілеуші, үйретуші жолдарды көрсетуімен, тәрбиелеуші рөлімен құнды деп біледі.

3. Ойын үлгісі адамға уақытты бағалап, үнемдеуге, ойдың дәл және оңықты болуына, еңбек шаруашылығын ұтымды ұйымдастыра білу жолдарына үйрете алуымен құнды екендігі айқын.

4. Осы ойын үлгісін тоғызқұмалақ, шахмат, дойбы, тағы басқа да спорттық ойын түрлері сияқты мектептерде, оқу орындарында жалпы бұқаралық спорт ретінде дамытуды көштіктірмей қолға алу қажет деп біледі».

Бұл қазақтың спорт және туризм академиясының вице-президенті, профессор, педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген жаттықтырушысы Е. Алимхановтың пікірі.

Мәдениет және ақпарат министрлігіне қарасты «Мәдени саясат және өнертану институты» жұмыскершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Ә. Қодар бұл пікірді былай деп жалғастырады:

«Қазақтың дана би дойбысы балалардың ойлау тәсілдерін, амалдарын жаңа түрде жетілдіріп, ақыл-парасатты болуға жетелейді. Карттардың ой қыдыртып, көңіл жазатын ермегі болады. Жастардың ой жүгіртіп, ақыл сынайтын майданы болады. Қазақтың дана би дойбысын бүгінгі Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени руханиятына, мәдениетіне қосар үлесі зор ердің ісіндей деп бағалаймыз. Оны дайындау өте қажет те маңызды іс деп білеміз».

Қазақстан Республикасы шахмат федерациясы президентінің орынбасары С.Сейфуллиннің пікірлерді толықтыра түседі.

«Қазақстан Республикасында қазақтың дана би дойбысын дамыту ұлттық мәдениетіміз үшін өте қызық және пайдалы» – деп түйіндейді ол өз ойын.

Әнуар бауырымыздың өзі болса авторлығын енді ешкім де иеленіп кете алмайтын жаңа ойынның ерекшелігін, құндылығын, тағағажайыптығын, басқасын былай қойғанда *«саяси өміріміздің демократияландыруға»* қосатын үлесін айтып жеткізе алмадым. Осы ойлардың дәлелдеу жолында ол Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өзіне дейін хат жазып, Алматы мен Астананың арасын талай рет шарлап шықты. Оның бұл ынта-ықыласы мен жұмсаған уақытының, шыққан қаржысының текке кетпегендігі, жемісті аяқталғандығы қуантады.

«Қазақтың дана би дойбысы хандар мен билер, байлар үшін бағзы замандардан бері ел бастар кару тәсілдерін сынап көретін ақыл-парасаттың мәдениет тәрізді болып келді. Осымау мя гимнастикасы бүтінде лайықты жалғасын таппаю» – деп толғанады ол.

Ойын авторының, әлде жаңғыртушысының дейік пе, түсіндіруінше, кестедегі қазақтың оюлары мен өрнек сызықтары қарақоқ түсті болады да, ақ түстің үстіне төселеді. Кестеге ерсілі-қарсылы тігілетін үйлер болады. Ол үйлер қазақтың түрлі-түсті оюларымен өрнектелін, биіктері мен жүйріктері, үлкендері мен кішілері оюлар мен шаңырақтың түсі арқылы айрықшаланады. Жеңгені ерулік алып, хан болып ел сұрайды, жеңілген айып төлеп ел болады. Жүріс шарттарындағы қызықтыратын жайт – жапонның түйлелер, индияның шахматы, қытайдың шіпшілік сайыс дойбыларындай әріптестерін «жеп қоюға» жол бермейді, қайта жеңгенін жеңілгені мойындап, ел болып қосылуға жол береді.

Туризм және спорт министрлігіне қарасты спорт комитетінің тәрағасы А. Құлназаровтың бұйрығы бойынша «Қазақтың дана би дойбысының» ұлттық спорт түрі қатарына қосылып, «Ұлттық спорт түрлерінің» Классификаторы қатарына енгізілгендігін айтып өттік. Ең бастысы, келесі 2009 жылдан бастап жаңа спорт түріне қажетті жабдықтар сатып алынып, республикалық жарыстар өткізіле бастамақ. Алматы облысында да облыстық чемпионат ұйымдастырылып, спортшылар мен жаттықтырушылардың арасында ұйрету семинарлары өткізілетін болады. Ендеше, жаңа ойынымыздың, ортамызға қайта оралуына өлшеусіз үлес қосып жүрген оралман бауырымыз Әнуар Қабдоллаұлының сөзімен айтқанда, бұрынған бар, әйтсе де толықтай дерлік ұмытыла бастаған ойынымыздың бағы жанар күн алыс емес. Олай болса, жоғалып табылған тағы бір асылымыз – жаңа да ескі ұлттық ойынымыз құты болсын, ағайын!

(Қаз қалпында)

ҚАЙҚЫНЫҢ ҚИҚАР МІНЕЗІ

немесе алынбай қалған сөгіс

«Атам қазақ салтында, құрдас деген бар тұлға...» деп әнде айтылғандай халқымызда құрдаспен, жездемен әзілдесетін дәстүр бар. Әсіресе, ауылдағы жұрт бір-бірін ілініп сөйлеуге әуес. Біздің де қатарымыз солай еске...

Қатарластардың арасында Қайқы деген жігіт бар еді. Біздің ауылға күйеу. Сондықтан да көбіміз онымен жезде деп қалжыңдасамыз. Оның азан шақырылып қойылған шын атын біз білмейміз. Бірақ, қиқар мінезіне қарай замандастары оны Қайқы деп атап кеткен. Осы мінезімен құрдастары мен ел-жұртын қыран топан күлкіге орап жүретін. Өзі қиқар болса, өзі жезде болса, ауылдың бар әңгімесі, тілге тиек етері соның жүріс-тұрысы, сөзі, қылығы.

Бірде совхозға жаңа агроном келді. Есімі Тұрлыбек екен. Көле жұмысты деңгелентіп әкетті. Қандай істі мойнына алса да тиянақтылығымен, білгірлігімен дараланып жатады. Сондықтан да болар, директор курортқа кеткенде орнына сол Тұрлыбекті тастап кетті.

Бәрі әдеттегідей жүріп жатқан. «Даудың басы Дайрабайдың қара сиыры» демекші, дау құшыкештердің Қайқыны ызаландырамыз деген қағытпа сөзінен шықты. Күндегідей контордың алдында таңертеңгі тапсырмамызды алуға жиналып тұрғанбыз. Қарасақ Қайқы келе жатыр, балпаңдап. Шіркінің аспайды-саспайды. Соны ілп ала қойған құлар, Тұрлеке, анау сізді басшы деп менсініп жүрген жоқ, жүрісін қарашы, қайқандап. Ол өзі сондай көңдемсоқ адам. Кішкене жеңге салып алмасаңыз басының алады, демесі бар емес пе! Тұрлекең де ашуы мұрнының ұшында тұратын жігіт екен, алғі жерде шарт па шұрт бола қалды. Түсі бұзылып, өзін мазаққа қалғандай сезініп, жер тепкілеп шыға келмесі бар ма. Әй-шай жоқ, ей, Қайқы бері кел, мен саған аяғыңды жылдам бас деп тұрмын ғой, — деп әкіреңдегені. Оған жүгіріп келе қоятын Қайқы ма. Оның үстіне аналардың шағыстырып тұрғанын байқап келеді. Ой, Түрекө, қойыңыз, сол ерікпендердің сөзіне еріп. Сіз де... деп бұрылып кете барды. Көптің алдында ұятқа қалдым деп ойлаған Тұрлыбек бірден жұлқынып, кеңсеге кіре хатшы Лидаға, ана, кім еді әлгі, Қайқы ше соған қатаң сөгіс жарияла, деп тапсырма берді. Хатшыда не түрыс, бұйрықты жазып тастады. Сонымен қойшы, б қараша да келіп жетті. Елдің бәрі мерекеге дайындалып жатыр. Түс мезетітұрын. Жұмысқа Тұрлыбек келе жатыр. Оның осылай кешіккенін алғаш көруіміз. Көле ешкімге бұрылып қарамай директордың кабинетіне кіріп кетті. Бір уақытта директор сыртқа шықты да, жүргізушісін шақырып алып, көлікке Тұрлыбекті мінгізіп жіберді. Осының бәрін сырттай бақылап тұрған біз: «Қайқы, күнің қараң, мына Тұрлыбек тағы бастық болатын сияқты» деп шу ете қалдық. Тұрлыбек кеткен соң директор бәрімізді шақырып алды да: «Жігіттер, Тұрлыбектің 90-ға келген анасы қайтыс болыпты. Бәріміз ел болып көмектесейік. Оның бұл жақта ешкімі жоқ, қиналып қалмасын. Туыстары, жолдастары келгенде ұят болмасын», — дегенді айтты да, осы жұмысты аткаруға жауапты Қайқы сен боласың, деді. Мұны естіген Қайқы ал келіп туласын дерсің.

— Қарашы, 90 жыл өмір сүріп, дәл мерекеде қайтыс болғанын. Не тоғыз күн ары емес, не тоғыз күн бері емес. Тұрлыбек болса, маған қараптан қарап қиямет жасаған. Енді келіп шешесінің көрін қазуым керек екен, әй Әкесі бар ма екен, болса әкесінің де көрін қаздырайын, деп жұлқынды. Сөйтсек бұл сөзді ту сыртымыздан директор келіп естіп тұрыпты.

Ол да осынша қырсық сөзге шыдамады білем, «Лида бағанағыны жазба, сөгісі бұрынғыша қала берсін», — деген. Сөйтсек, алдында ғана хатшы келіншекке Қайқының сөгісін алып таста деп тапсырма берілген екен. Қиқар мінезі мен қырсықтығының кесірінен Қайқы сол жылы барлық сыйсияпаттан құр қалды.

Жексембек НҰСІПБАЙҰЛЫ.
САРҚАН АУДАНЫ.

Сенбі, 27 желтоқсан, 2008 жыл

90 Жетісу

e-mail: Jetisu2002@mail.ru

● АЛАШТЫҢ АРДАҒЫ

Әлқисса, біз әрқашанда ата-бабалар жаратқан мәдениет пен парасат арқылы мақтана аламыз. Соның бірі "Жылнамалар жинағы". Бұл кітап – қазақ перзенттеріне тарих бойы ержүрек елдің ұландары екенін ұғындырып, сан ғасырлық алапатта ұлттық құндылығын жоғалтпай, осы тәуелсіздікке алып келген үлесімен құнды. Ал сол еңбектің авторы шамамен 1548-1605 жылдар аралығында өмір сүрген Шығыстың ғұлама ғалымы, тарихшы, әдебиетші, шежіреші, атақты би, әскербасы, дипломат, қазақтың жалайыр тайпасынан шыққан Қадырғали Қосымұлы Жалайыр.

Желтоқсан айының 19 жұлдызында Талдықорған қаласында өз-бабаға арналған алып ескерткіш бой көтерді. Бұл күні арысы Астана мен Алматы қаласынан, республиканың өр аумағынан, Алматы облысының барлық елді мекендерінен жиналған зиялы қауым өкілдері мен қала тұрғындары және студенттер қаланың кіреберіс шығыс қақпасында орныққан баба ескерткішімен табысып, мәре-сәре болды. Әрине, бұл шексіз қуаныш еді. Өйткені, қаламын қолына алып, ойға батып тұрған баба мүсіні ұлан-ғайыр даланы мекен еткен қазақ ұрпақтарын береке мен бірлікке, ынтымаққа шақырып тұрғандай.



Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ.

Қадырғали Жалайыр ескерткіші – елдігіміздің белгісі

Қажет АНДАС

Иә, осы ескерткіш береке-бірліктің, ынтымақтың, ағайынның халі-қадірінше демеуінің нәтижесінде бой көтерді. Ғалымның ескерткішін тұрғызу туралы бастаманы "Үш бәйтерек" қоғамдық қоры көтерген болатын. Оның жүзеге асуына облыс әкімі **Серік ҮМБЕТОВ** үлкен қамқорлық көрсетті. Ескерткіштің ашылу салтанатына облыс басшысы арнайы келіп, көпшіліктің қуанышымен бөлісті.

– Құрметті қонақтар! Ең алдымен өздеріңізді Тәуелсіздік күнімен құттықтауға рұқсат етіңіздер.

Біздің ата-бабаларымыз ғасырлар бойы осы күнді аңсап өтті. Олар білектің күшімен, найзаның ұшымен қорғаған ұлан-байтақ дала бүгінгі таңда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың салиқалы саясатының арқасында түлеп, тұрақты дамып келе жатқан елге айналды. Бүгін біз халқымыздың рухын көтеру мақсатында үлкен ескерткіш орнатып жатырмыз. Бәріміз қуаныштымыз. Алматы облысы ата-бабалар құндылығын көрсетуде игілікті жұмыстарды тыңғылықты атқарып келеді. Бәріңізге аян, 2005 жылы Наурызбай атамыздың, содан кейін Ескелді, Балпық, Қабылиса бабаларымыздың, Мұхамеджан Тынышпаевтың, қазақтың келешегіне, Азат күнге үлкен үлес қосқан Ләззат Асанова мен Ербол Сыпатаевқа ескерткіш орнатып, халықтың ілтипатына бөлендік. Қазақта "Әкеден мал қалғанша, тал қалсын" деген сөз бар. Әрине, өмірден бәрмұз өтеміз. Мұның бәрі кейінгі ұрпаққа, елге, жастарға тәрбиелік мәні бар ұлағатты ұғындыратын құндылық болып қалады. Міне, осы құндылықтың жібін жалғап, Қадырғали Жалайыр бабамызға алып ескерткіш орнатқан елдің азаматтарына рахмет айтамын. Осы ескерткішті орнату туралы Наурыз Қылышбаев бастаған азаматтар келіп, ұсыныс еткенде, мен бірден қолдадым. Хал-қадірімізше атсалыстық. Соның нәтижесін бүгін көріп отырмыз. Қадырғали атамыз жайында тарихқа жүгінетін болсақ, XVI ғасырдың деңгейінде өмір сүріп, білімділігі, батырлығы, батыдығымен қазақ халқының ұлағатын жоғары көтерген ұлы тұлға. Бір ескерткіш арқылы ұлы бабаға толық баға бердік деп айта алмаймын, әлі де зерттейтін тұстары көп. Сондықтан бұл жұмыстар әлі де жалғасуы керек. Бұл елдің елдігін, азаматтың азаматтығын көрсететін жұмыстар. Ұлы Абай атамыздың: " Бірінші пайдаңы ойлама, ар мен ұятты ойла" деп айтқаны бар. Осы сөзді әрқашан естен шығармауымыз керек. Бүгінгі ескерткіш сол елдіктің белгісі деп білемін. Біздің ынтымағымыз жарасқан жерде, алатын шынымыз биік болады, – деді Серік Әбікенұлы сөзін түйіндеп.

"Көп түкірсе көл болады" демекші, ескерткіштің бой көтеруіне облыс басшысының қамқорлығымен бірге "Үш бәйтерек" қорының тұрақты демеушілері де зор қолдау жасады. Бүгінге дейін қоғамдық қордың қоржынына 36 млн. теңге жиналған. Едәуір қаржы бөліп, шығар шығынды еңсеріп тастаған азаматтар туралы "Үш бәйтерек" қоғамдық қорының төрағасы **Наурыз Қылышбаевтан** сұрап көрген едік.

– Өздеріңізге белгілі, "Үш бәйтерек" қоғамдық қоры 2005 жылы құрылған. Содан бері тиянақты түрде жұмыс жасап келеді. Оның қорытындысы ретінде 2006 жылы бой көтерген "Үш бәйтерек" ескерткіші мен облыс әкімі Серік Үмбетовтің қолдауымен 2007 жылы Нұрмолда Алдабергеновтың 100 жылдық мерейтойын өткізгенімізді атап айтуға болады. Сол кезде Шығыстың ғұлама ғалымы Қадырғали Жалайыр бабамызға ескерткіш орнату туралы ұсыныстар түскен болатын. Біз бұл жұмысты жүргізу барысында алдымен ұлы бабаның суретін салу жөнінде республикалық конкурс жарияладық. Түскен еңбектердің арасынан суретші Марат Нүсіповтің туындысы таңданып алынды. Содан кейін мүсіншілер мен сәулетшілер арасындағы конкурста Қазақстан Сәулетшілер одағы Алматы облыстық филиалының төрағасы Қаби Баулықов пен мүсінші Қайрат Сұраншының еңбегі озып шықты. Осыдан кейін осы бір ұлағатты іске кірісіп кеттік. Бұл ескерткіш "мен қазақпын, бабаның ұрпағымен" деп есептеген азаматтардың қаражатының есебімен салынып отыр. Осы шараға демеу көрсеткен азаматтардың атын бір-бірден атамасақ та болады, Астанадағы азаматтар 7 миллион, Алматы қаласындағы ағайындар 15 миллион, Алматы облысындағы жақындарымыз 17 миллион теңге қосып қолдау көрсетсе, Зылиқа Тамшыбаева, Таңатар Әбдірахманов, Қазыбек Байжұманов, Тұрар Бостанова сияқты аталар мен апаларымыз өздерінің бір айлық зейнетақысын беріп жатыр. Міне, елдің ниеті мен пейілі бүгінгі қуанышқа алып келді. Оларға алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Бабаның рухы қолдап жүрсін деген тілегімді білдіремін. Қазір Елбасының "Мәдени мұра" бағдарламасы аясында ел аумағында үлкен шаралар атқарылып жатыр, бұл ескерткіш жетісулықтардың сол игілікке қосқан үлесі деп есептеймін, – деді.

Міне, осындай ағайындардың асар салуымен мәрекеге жеткен баба мүсіні Қарағанды қаласындағы Қазақстан Сәулетшілер одағына қарасты Досмұхамбетов атындағы комбинатта құйылды. Ал құрылыс жұмысы мен ескерткішті абаттандыруды "Ақ жол" ЖШС жүргізді. Сәулетші Қаби Баулықов, мүсінші Қайрат Сұраншы және "Ақ жол"ЖШС-нің директоры Қанат Сырлыбаевтың бүгінгі құанышында шек жоқ. Олар: "Жасыратыны жоқ, бабаның ескерткішін жасау біздің еншімізге тигенінше өте қуаныштымыз, толқып тұрмыз. Әрине, кейде жұмыс барысында қолың жұрмей, ойың шашылып қиналатын сәттерің болады. Бабаның аруағы қолдаған болар, біз осы алып мүсінді екі айға жуық уақытта бітірдік. Кеңілімізге толды. Мұның бағасын халық береді. Десе де, бабаның ескерткішімен бірге, ел аузында жүретінімізге де мақтанамыз. Осындай игілікті істер әлі де жалғаса берсін деп тілейміз", – дейді ағынан жарылып. Ескерткіштің айналасында иін тірескен жұрт ағайынжолдастарымен, бала-шағаларымен суретке түсіп, келер күнге ескірмес естелік қалдырып жатты.

Мұрағат деректері бойынша Қадырғали Жалайыр Ресейдің Рязань облысына қарасты Касымов қаласына жерленген. Қазақстандық бір топ ғалым баба жатқан қаладағы ескі қорымға туған жерінің бір уыс топырағын апарып, белгі орнатып қайтқан еді. Бұл жолы ата жатқан қабірден әкелінген топырақ ескерткіштің тағанына көмілді. Ата аруағы бір аунап түскен шығар деп жатты қарттар сөзі. Осы орайда, экспедиция құрамында болып, баба қабіріне тәу етіп қайтқан зиялы қауым өкілдерінің докторы **Өмірәлі Қопабаев** пен шығыстанушы ғалым, дипломат **Сайлау Батыршаұлын** өңгімеге тартып көрдік.

– Біздің ең алдымен ұлыларымыздың ұлықтап, олардың қадірін танып, ескерткіш орнатып жатуымыздың өзі тәуелсіз ел болып, Іргемізді бекітіп жатқанымыз дер едік. Егер осы күн болмаса біздің бүгінгі қуанышымыз болмас та еді ғой. Сондықтан әрбір қазақ перзенті осыны терең түсінуі керек. Баба қабірін іздеп тауып, оның аруағына тәу етіп, еліне оралуына жағдай туғызуымызға да осы тәуелсіздік сеп болды. Біз 2005 жылы қазан айында "Қадырғали би" қорының тапсырмасымен төрт адам Мәскеуге аттандық. Осы жерде бір нәрсені ашық айта кету керек. Бізден төрт жыл бұрын да арнайы экспедиция осы мақсатпен Мәскеуде болған. Бірақ оларға Ресей үкіметі еш құжатты көрсетпей қайтарған болатын. Сондықтан біз алдымен Сыртқы істер министрлігі арқылы Ресей сыртқы істер министрлігіне шығып, рұқсат алдық. Сонымен алғашқы сапарымызды Мәскеудегі мұрағаттардан бастап іздестірдік. Кейін Рязань облыстық өлкетану мұражайындағы мұрағаттарды ақтарып, өзімізге керекті мәлметтер таптық. Тарихшы, өлкетанушы орыс ғалымдарымен қоян-қолтық жұмыс жасаудың нәтижесінде Қадырғали бабамыздың бұрынғы Қасымов хандығында істеген жұмыстарының көшірмесін алдық. Жатқан жерін де анықтадық. Енді осында бізді тағы бір жағдай қинай бастады. Біз жоспар бойынша бабаның басына орнату үшін Алматыдан арнайы құлпытас жасата барған едік. Бірақ Қасымов қаласындағы көне зираттардың басына ақ тас орнатылады екен. Сондықтан жергілікті зауыттарға қайтадан тапсырма беріп, ақ тастан құлпытас жасатып, басына араб әрпімен "Қадырғали би" деп атын жазып, оның астына кирилицамен сол жазуды қайталай көшіріп орнатып қайттық. Ал бүгінгі ескерткіш тағанына әне, сол баба қабірінен арнайы әкелінген топырақты көміп отырмыз.

Көп тілегі орындалып, ескерткіш тұғырына қонды. Енді баба бейнесі тәуелсіз елдің ұландарын бақытты келешекке бастап, жол нұсқап тұратын болады.

ҰЛТТЫҚ ДІЛДІҢ БАСТАУЫ – ТАРИХ

Қадырғали бабамыз өз заманындағы озық ойлы тұлғалардың бірі. Оның шежірелер жинағы халқымыздың тарихынан мол мағлұмат беретін құнды мұрағат. Аталған жинақ жайында өз кезінде орыс ғалымдарымен қоса, Шоқан Уәлиханов, бертінде Мұхтар Әуезов, Өлкей Марғұлан, Манаш Қозыбаев сияқты дара тұлғалар өз бағасын берген болатын. Бүгінгі қойылған ескерткіш тарихқа жасалған тағзым, өткенге құрмет, бүгінге өнеге, ертеңге есият болып табылады. Сондықтан баба еңбегі халқына кең көлемде насихатталуы лазым. Осы мақсатпен Бикен Римова атындағы драма театрында ғылыми-танымдық конференция өтті. Оған белгілі шығыстанушы ғалымдар мен жазушылар, мектеп оқушылары мен талдықорғандықтар және қала қонақтары қатысты.

Конференцияны Д. Қонаев атындағы университеттің ректоры, заң ғылымдарының докторы, профессор Өмірәлі Қопабаев жүргізіп, алғашқы сөз кезегін облыс әкімінің орынбасары **Серік МҰҚАНОВҚА** берді.

Алдымен ғалымның еңбектерінің зерттелу барысын кеңірек әңгімелеген Серік Мейірханұлы әр кезеңдегі зерттеу еңбектеріне жоғары бағасын бере келіп:

–Тоғыз жолдың торабына орнатылған баба ескерткіші өткен-кеткен адамдарға халқының биік тұлғасын әйгілеп тұратын болады. Әсіресе, елдің ертеңгі болашағын жасайтын жастарға өз тұлғасымен өр рухты, білімділікті, батылдықты паш етіп тұратын болады. Сонымен бірге бұл біздің өткенге құрмет етіп, кейінгі ұрпақтарға қалдырған ұлы өнегеміз болып табылады, – деді сөзін түйіндеп.

Осыдан кейін сөз кезегі Қадырғали Жалайыр бабамыздың еңбегін зерттеп, елге таныстырып жүрген ғалымдар мен ел ағаларына берілді. Бұл күні баба мұрасы жайлы толғақты ойлар айтып, өз пікірін білдірген зиялы қауым өкілдері көп болды. Атап айтар болсақ, философия ғылымдарының докторы, профессор Аманжол Қасабеков, медицина және педагогика ғылымдарының докторы, жазушы Советхан Ғаббасов, тарих ғылымдарының докторы, профессор Мәмбет Қойгелдин, тарих ғылымдарының докторы Асылбек Кәрімұлы, "Ақиқат" журналы редакторының орынбасары Қуанышбек Қари ғалым еңбегінің бүгінгі тәуелсіз елдің тарихы мен болашағына қосар құндылықтарын талқылады. Қытай елінен келген түріктанушы Тілеуберді Өбенайұлы Шыңғыс хан мен Қадырғалы би арасындағы тарихи сабақтастық жайлы құнды мәліметтер келтірді. Әрі өзінің "Шыңдыққа көш тарих, Шыңғыс хан кім?" атты кітабына арқау болған тарихи шындыққа талдау жасай келіп, Шыңғыс ханның қазақ тегін құрған тайпадан шыққанын дәлелдеп берді.

– Оған екі нәрсе басты дәлел бола алады. Бірі – Шыңғыс ханның ең сенімді серіктері – қытай жорығының бас қолбасшысы Мұқалы, батыс жорығындағы Хулагу хан әскер басылары да қазақ азаматтары болған. Екі көзінің бірі болмаса ұлы қаған оларды осындай маңызды орынға қоймас еді. Енді бірі, "От" деген ұғымнан туған тақбаны Шыңғыс хан өмір бойы қастерлеп өткен, – дейді зерттеуші.

Күйші Шәміл Әбілтай "Үш бәйтерек", "Шыңғыс хан" күйін нақышына келтіре орындап, көпшілікті толқытып тастады. Өлеңнен өрнек өріп, баба рухын асқақтатқан ақындарымыз да жиналыстың көрігін қыздыра түсті. Жастар жағы баба өмірінен тың деректермен бірге, рухани азық алды деуге болады. Шараға қатысқан көпшіліктен: "Алматыдағы ұлттық кітапханаға Қадырғали Қосымұлы Жалайыр атын беру", "Алматы, Талдықорған қаласынан көше атын беру", "Астана қаласында Қадырғали Жалайыр бабамызға ескерткіш орнату", "Қадырғали Жалайыр атындағы зерттеу орталығын ашу", "Баба өмірінің ұлағатын көрсететін көркем шығарма жазу туралы Жазушылар одағына ұсыныс жасау", "Экспедеция жұмыстарын жалғастырумен бірге оның еңбектерін шетел тілдеріне аудару керектігі" туралы бірнеше ұсыныс келіп түсті. Соңында осы ұсыныстар талқыланып, жиналғандар конференцияның қарарын бекітті.

ТҮЙІН

Күн қалықтай алар еркін биіктен қараған баба ел-жұртын бүгінгі тәуелсіздіктің кепілі болған ынтымақ пен береке-бірлікке шақырып тұр. Енді бабаның еңбектерін насихаттау жұмысы басталмақ. Осы мақсатта "Үш бәйтерек" қоғамдық қоры "Арыстың, әз баба" деген кітап шығартқан. Үш бөлімнен тұратын кітаптың бірінші бөлімі бабаның еңбегіне арналса, екінші бөлімде баба жайында жазған өзге ғалымдардың еңбегі жинақталған, ал соңғы бөліміне жыр мүшәйрасында баба рухын асқақтатқан ақындардың өлеңіне орын берілген. Аталмыш кор аллары уақытта осы кітап арқылы оқу орындарындағы жастарға өз тарихымызды, салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрпымызды дәріптейтін тағылымды шаралар жүргізуді көздеп отыр. Ал "Қадырғали Жалайыр" атындағы қазақтық қоры ғалымның кім болғанын, оның өмірінің тарихи құндылығын жастарға жете таныстыру үшін шет ел мұрағаттарындағы мәліметтерді жинастыра бастаған. Осының нәтижесінде, бабаға қатысты тың деректер Еуропа, Шығыс Азия, Америка елдерінен де табылып жатқанын айтады ғалымдар. Бұл халқымыздың тарихын әлемге танытуда зор үлес әткаратыны даусыз. Осыған орай, қоғамдық қор "Халықаралық конференция" ұйымдастыруды да жоспарлап отыр. Мұндай шаралардың көптеп өткізілуі баба рухын мұнда да асқақтата түспек.

ӨМІРДЕРЕК

Қадырғали Қосымұлы Жалайыр араб, парсы, орыс тілдерін терең меңгерген. 1600 жылы орыс патшасы Борис Годунов қазақ ханы Тәуекелдің інісі Ондан сұлтанның ұлы Ораз-Мұхаммедті Қасым хандығының ханы етіп қойғанда Қадырғали Жалайыр оның уәзірі болып тағайындалады. Өзінің "Жамиғ аттауарих" ("Жылнамалар жинағы") атты шежіресін 1600 жылы бастап, 1602 жылы жазып бітіреді. Шежіренің көлемі 157 бет, қытай қағазына аса ұқыптылықпен жазылған. Аталмыш шежіре 1998 жылы "Атамұра" баспасында толық көлемде басылып шықты. Бұл жинақта ғалым Шығыс жылнамасына, ондағы шаһарларға шолу жасап, қазақ сахарасын мекендеген рутайпаларға анықтама береді. Сонымен қатар, Қазақстанның ежелгі және орта ғасыр тарихынан құнды мағлұматтар қалдырған.

Ғұлама бабам

Арысым, айналайын ғұлама бабам,
Тарғылды ойымен жұртыңа ұлағат бабам.
Қол жайып, көк тәңірі, Жаратқаннан,
Еліңе бірлік пен тірлік сұраған бабам.

Арысым, тасырлар салып, оралған бабам,
Білімге алғашқы болып жол салған бабам.
Ұрпағың аруағың, ел-жұртың өсін,
Ғұлама ғибрат-ақыл мол алған бабам.

Тас мүсін, сәулет боп жалғың бе бабам,
Ортаға осылай елдің бе бабам.
Елің ең болып, алаңда тендің,
Әділдік орнайды деп сенгің бе бабам.

Тағдыр көктен нұр болғайсың бабам,
Даналық кеңіс толғайсың бабам.
Елеулі ісіңе жастарың жұртың,
Елің ұлы қорған болғайсың бабам!

Шәкура ӘЛІП,
айтыскер ақын,
ҚР білім беру ісінің үздігі.

КОС БӘЙТЕРЕКТІҢ САЯСЫ

Жақсы әулеттің жарасты ұмырынан тәлім алған Мұрат пен Еркаш бүгінде айтулы азамат. Жарты ғасыр бойы жұп жазбай сыйласқан шын жанашыр екі дос тіпті туған бауырдай жақын. Екеуінің осыдан жүз жыл бұрын туып, еңбегімен ел-жұртқа танылған еншелі әкелері де түйдей құрдас болатын. Адамзаттық асқақ арманның жетегімен әлемдегі ең ізгі мамандықты таңдаған олар кешегі кеңестік кезеңде санатты өмір сүрді. Бірі сан мыңдаған адамның денсаулығын сақтау мен нығайту жолында аянбай тер төкссе, бірі сан мыңдаған шәкіртке тура білімнің ақиқаты мен кеңістігін нұсқады.

Ыскақ көгілдір Көкше өлкесінде туып-өссе, Кәрімнің тек-тамыры Ақтөбедегі Ойыл өңірінен таралады. Екеуі елуінші жылдардың соңында Қазақстандағы алғашқы шұға комбинатының іргетасы қаланған Қарғалы ауылында кездесіп еді. Бір қызығы, екеуі де сонау 1928 – 1930 жылдары Оралдағы Қазақ өлкелік медицина техникумында оқыпты. Кім біледі, кезінде жұстаныс болған да шығар, бірақ ендігі шын таныстығы Алатаудың баурайында басталды.

Ыскақ осы поселкедегі ауруханаңың бас дәрігері қызметіне тағайындалып келгенде, Кәрім орта мектепте математика пәнінің мұғалімі болатын. Мұрат пен Еркаш содан бастап бір сыныпта бірге оқыды. Әкелері де бір-бірімен әрдайым сыйласып өтті.

* * *

Қазақтың арасынан Социалистік Еңбек Ері деген ең мерейлі мәртебеге ие болған алғашқы дәрігер Ыскақ Әлібеков екенін медицина тарихы тәлімдеп айтады. Оның өмірі мен еңбек жолы осындай құрметке әбден тайық болатын. Ерен ер жайындағы ең басты деректемелерге үңілсек, 1908 жылы Көкшетау облысы, Рузаев ауданының Мұқыр ауылында туыпты. Ыскақ 1926-1930 жылдары Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласындағы Қазақ өлкелік медицина техникумында оқиды. Оны ойдағыдай бітірген соң қызмет жолын әуелі Солтүстік Қазақстан облысы, Рузаев ауданының Ефимовка селосында фельдшер болып бастайды.

Елге ең пайдалы мамандықтың мәнісіне тереңдеп бойлау үшін енді бұрынғы білімді аздық ететінін түсінген Ыскақ 1933 жылы Қазақ мемлекеттік медицина институтының емдеу факультетіне оқуға түседі. Оны 1938 жылы бітіріп шығып, жолдамамен Солтүстік Қазақстан облысының Еңбекшілдер аудандық ауруханасына дәрігер болып келеді. Мұнда да білікті мамандар шам алып іздесең таптырмайтын кез, бір өзі бірнеше дәрігердің жүгін арқалап, бірде терапевт, бірде хирург, енді бірде акушер-гинеколог болып жүрді. От шайнап, жалын бүркер отыздан жаңа асқан шағында осылайша жанжақты шыңдалған Ыскақ іскерлігімен танылып, ауданның бас дәрігері қызметіне көтеріледі. Оның басшылығымен ауыл еңбеккерлеріне медициналық көмек көрсету ісі қысқа мерзімде он бағытқа бұрылды.

Қазақ КСР Денсаулық сақтау министрлігі 1939 жылы қазан айында Ыскақ Әлібековті Ақмола қаласында ашылған облыстық денсаулық сақтау басқармасының бастығы қызметіне жібереді. Осы жылдары жоғары білімді дәрігер кадрлары мен орта буын медицина қызметкерлерінің жетіспеушілігі салдарынан көптеген аудандарда дәрігерлердің орнында фельдшерлер жүретін. Ауруханалар мен медқосындары маман қызметкерлерге тым зәру еді. Бұл мәселенің түйінін шешуге Ыскақ білек сыбана араласты. Оның тікелей басқаруымен жаңа ауруханалар мен емханалар ашылды, кадр толықтыру жұмыстары тиянақты қолға алынды. Қызыға кіріскен қым-қуыт жұмысының нәтижесін енді көре бастағанда, батыстан соғыстың дабылы естілді.

Ы.Әлібеков бұл кезде Ақмола облыстық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі болатын. Өзі сұранып жүріп 1943 жылы Отан қорғауға аттанды. Волга бойындағы әскери округке қарасты армияның қатарында сапқа қосылған білікті дәрігер алдымен Саратов қаласындағы № 3014 медбөлімшенің бастығы болды. Одан орталық майдан даласындағы Орлов-Курск шебінде құрылған № 3280 көшпелі госпитальде медсанбөлімінің бастығы болып тағайындалды.

Сұрапыл соғыс аланынан 40-60 шақырым жерде тұратын әскери госпитальмен бірге жауды өкшелей қуып алға ұмтылған Ыскаққа Украинаның, Польшаның, Германияның дәмі бұйырыпты. Медициналық қызметтің II дәрежелі капитаны Әлібеков туған жерге тек 1946 жылы оралды. Келе сала Көкшетау облысы, Рузаев аудандық ауруханасының бас дәрігері қызметіне кірісті. Осы жерде 1953 жылға дейін жемісті еңбек етіп, Көкшетау облыстық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі болып өрледі.





Кешегі қан майданда мыңдаған жауынгердің өмірін сақтап қалған қолы жеңіл дәрігер, солтүстік өңірдегі бірнеше лауазымды қызметтің түткасын ұстап, халықпен етене араласқан тәжірибелі басшы енді астанаға жақындауды көздеп, Алматы облысына сұранады. Оның бұл өтінішін құп алған министрлік Ыскаққа Қарғалының ауруханасын ұсынады. Сонымен, қалған санатты ғұмырын осынау қасиетті жердегі қайырымды халықтың тағдырымен тығыз байланыстырған Ыскақ Әлібеков 1958 жылдың аяғында жұмысына қызу кірісіп кеткен еді.

Шебер ұйымдастырушылық қабілетімен дараланған дарынды хирург ширек ғасырға жуық ел денсаулығын сақтау жолында қыруар еңбек сіңірді. Оның басшылығы кезінде салынған үш қабатты аурухана ғимараты әлі күнге дейін аудан халқына ықпиятты қызмет көрсетіп келеді. Оның артында қалдырған ізгі істері әлі күнге дейін елі-жұртының есінде. Жамбыл ауданында дәрігер болып жүргенінде Ыскақ Әлібеков 8,5 мыңнан астам операцияға қатысыпты. Осындай орасан зор еңбегі, әрине, ескерусіз емес. Бұған Социалистік Еңбек Ері және «Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген дәрігері» атақтары, Ленин ордені мен Алтын Жұлдыз, II дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» ордені, «Ерен еңбегі үшін», «Германияны жеңгені үшін», «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін» медальдары, «Денсаулық сақтау ісінің үздігі», «КСРО санитарлық қорғанысының үздігі» белгілері мен көптеген Құрмет грамоталары дәлел болады.

Ол кезінде Рузаев аудандық, Ақмола және Көкшетау облыстық кеңестерінің депутаты, медицина қызметкерлері одағы орталық комитеті пленумының, республикалық комитетінің мүшесі болып қоғамдық жұмыстарға да белсене атсалысты.

Ұлы ғалым Шоқан Уәлихановтың немере қарындасы Нағима Қасымовамен бірге Ыскақ елу сегіз жыл бақытты өмір сүрді, зайыбы екеуі алты бала өсіріп, тәлімді тәрбие берді. Оның ішінде төрт перзенті өзі сияқты дәрігерлік жолды таңдады. Әкелерінен адамға деген мейірбандықтың үлгісін көріп өскен олар да кез-келген сәтте қысылған жанға қол ұшын беруге әзір тұрады. Үлкені Галина – фтизиатр дәрігер болатын, қазір бақилық. Мұраты – медицина ғылымдарының докторы, профессор, Мараты – ядролық физика саласының оқымысты маманы, ғалым. Гүлжиған – терапевт дәрігер, Розасы – санитарлық фельдшер, Римасы – тоқымашы технолог. Бәрі бір-бір бақытты әулеттің иесі мен киесі саналады. Болашағын бекемдеген ата-ананың арманы орындалды деген осы.

* * *

Ақтөбе облысының Ойыл ауданындағы Жекенді ауылында, орташа шаруа отбасында туған Кәрімнің өмірі, әрине, өзгеше қалыптасты. Әкешеден ерте айырылған алты жасар балдырған он алтыға келгенше үлкен ағасы Күрбіктің қолында өсті. 1924-1928 жылдары Ойылдағы интернатта бастауыш білім алып, ары қарай Оралдағы медицина техникумында екі жыл оқиды. Бірақ, дәрігерліктен гөрі ұстаздыққа бейім екенін түсінген Кәрім 1930 жылы жазда Ақтөбедегі жоғары оқу орнының дайындық курсына түседі. Одан Алматыға аттанып, 1930-1934 жылдары Қазақ педагогикалық институтының алғашқы студенттерінің бірі саналады. Мұндағы физика-математика факультетін үздік бітірген талапты жігіт 1941 жылға дейін Батыс Қазақстандағы Жоғарғы коммунистік ауыл шаруашылығы мектебінде оқытушы болып істейді. Өз мамандығымен қатар ауыл шаруашылығын механикаландыру пәнінен сабақ береді. Арасында Ленинград қаласындағы университеттің арнаулы курсын және бітіріп шығады.

«Ел басына күн туып, ер ожданы сынға түскен мезетте ауыл мұғалімі Кәрім Әбуов қолына қару алып жауға аттанды. Жалынды коммунист қай шепте жүрсе де құрмет тұғырынан көріне білді. Ол армия қатарына шақырылған кезден бастап рота партия ұйымының секретары, батальон парторгының бірінші бөлімі бабаның еңбегіне арналса, екінші бөлімде баба жайында жазған өзге ғалымдардың еңбегі жинақталған, ал соңғы бөліміне жыр мүшәйрасында баба рухын асқақтатқан ақындардың өлеңіне орын берілген. Аталмыш кор алдағы уақытта осы кітап арқылы оқу орындарындағы жастарға өз тарихымызды, салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрпымызды дәріптейтін тағылымды шаралар жүргізуді көздеп отыр. Ал "Қадырғали Жалайыр" атындағы қазақтық қоры ғалымның кім болғанын, оның өмірінің тарихи құндылығын жастарға жете таныстыру үшін шет ел мұрағаттарындағы мәліметтерді жинастыра бастаған. Осының нәтижесінде, бабаға қатысты тың деректер Еуропа, Шығыс Азия, Америка елдерінен де табылып жатқанын айтады ғалымдар. Бұл халқымыздың тарихын әлемге танытуда зор үлес әткаратыны даусыз. Осыған орай, қоғамдық қор "Халықаралық конференция" ұйымдастыруды да жоспарлап отыр. Мұндай шаралардың көптеп өткізілуі баба рухын мұнда да асқақтата түспек.

ТҮЙІН

Күн қалықтай алар еркін биіктен қараған баба ел-жұртын бүгінгі тәуелсіздіктің кепілі болған ынтымақ пен береке-бірлікке шақырып тұр. Енді бабаның еңбектерін насихаттау жұмысы басталмақ. Осы мақсатта "Үш бәйтерек" қоғамдық қоры "Арыстың, әз баба" деген кітап шығартқан. Үш бөлімнен тұратын кітаптың бірінші бөлімі бабаның еңбегіне арналса, екінші бөлімде баба жайында жазған өзге ғалымдардың еңбегі жинақталған, ал соңғы бөліміне жыр мүшәйрасында баба рухын асқақтатқан ақындардың өлеңіне орын берілген. Аталмыш кор алдағы уақытта осы кітап арқылы оқу орындарындағы жастарға өз тарихымызды, салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрпымызды дәріптейтін тағылымды шаралар жүргізуді көздеп отыр. Ал "Қадырғали Жалайыр" атындағы қазақтық қоры ғалымның кім болғанын, оның өмірінің тарихи құндылығын жастарға жете таныстыру үшін шет ел мұрағаттарындағы мәліметтерді жинастыра бастаған. Осының нәтижесінде, бабаға қатысты тың деректер Еуропа, Шығыс Азия, Америка елдерінен де табылып жатқанын айтады ғалымдар. Бұл халқымыздың тарихын әлемге танытуда зор үлес әткаратыны даусыз. Осыған орай, қоғамдық қор "Халықаралық конференция" ұйымдастыруды да жоспарлап отыр. Мұндай шаралардың көптеп өткізілуі баба рухын мұнда да асқақтата түспек.

Әлібеков ауылыңаң аурухана Қарғалының халқына әлі талай қызмет етеді. Қарғалы мектебінде Әбуовтің алдынан оқып шығып, математика ілімінде бойлаған ілкімді азаматтар қазір әлемнің әр тарабында шуақ шашып жүр. Жақсының фони дүниеде адамдарға істеген жақсылығы әрдайым жаңғырып тұрады екен ғой. Біз әңгімелеген екі тұлғаның ел үшін сіңірген кешегі еңбегі де, әрине, ұрпақ жадынан өшпеуі керек. Бәйтеректей биіктеп өскен олардың саялы жапырақтары мәңгі жасыл кейіпін жоғалтпасын дейміз. Енді бір ғасырдан кейін де Әлібековтер мен Әбуовтердің әулеті туралы ілтипатты сөз айтылып жатса, соның бәріне негіз салған Ыскақ пен Кәрім еді деген дұрыс шығар. Иә, бір ғасыр бұрын туған бірегей азаматтардың аруағы риза болсын.

Рәтбек САҒИД-УАҺАС.

ҚАРҒАЛЫ АУЫЛЫ,
ЖАМБЫЛ АУДАНЫ.

АРДАГЕР

АЙЫНА ЕКІ РЕТ ШЫҒАТЫН ГАЗЕТ ІШІНДЕГІ ГАЗЕТ

2

Бейсенбі, 21 мамыр, 2009 жыл



ЖЕҢІСТІ ЖАҚЫНДАТҚАНДАР

■ ОЙ-ТІЛЕК

Ұстазға құрмет



Тажбай Манабайұлы көмкерісі Амбалған.

«Мұғалім мәңгі нұрдың қызметшісі, ол барлық ой мен қимыл-әрекетіне ақылдың дәнен сеуіп, жүз құлтын тыңғысқа лаулаған жалын иесі» – деп орыс педагогы Й.Коменский айтқандай ұстаздық жолды бек мұрат тұтып, әлеуметтік әлжуаннан таймай, санаулы ғұмырын бала тәрбиесіне арнаған абзал азамат Тажбай Манабайұлы қазақ.

Тажбай Манабайұлы 1914 жылы Ұзынбұлақ ауылында туған. Ақ пен қызыл айқасын жастай көзімен көріп, ағасынан айырылып, жерінің тыныштығын сақтап қалу үшін керек-ақ Кешегі Ұлы Отан соғысы мінез, осындай ел қорғаудың асыл қасиеті, шаңқышпылықтың нұсқасы өмірлік орын алды. Осы тұрғыда жастарға қазақ перзенттерінің де өшпейтін үлесі болғанын анық. Олар ынтымақ пен ерлікті ту етіп көтеріп, елінің, жерінің амандығын, ұрпақ бақытын ойлап күресті. Ұзақ өткен сайын сол ерлердің қатары азаймай барады. Сауатсыз санарлықтай қалған олардың әркайсысы бір-бір кітап. Солардың бірі – Алматы облысының, Ескелді және Қонаев аудандарының Құрметті азаматы, Қазақстан Республикасы Білім министрлігі ағарту ісінің үздігі, Отан соғысының, еңбек ардагері, облыстық ауыл шаруашылығы ардагерлер кеңесінің төрағасы болып елеулі еңбек еткен Қайрат ҚАНАЕВ атамыз.

Бүгінгі таңда елінің қадірменді ақсақалы, жас буынға үлгі болар өнегелі көрі болып отырған Қайрат Бодаубайұлы 1924 жылы қоңсы ағайынға құт, өрісі мыңғырып малға толған, қазақтың мақтанышына айналған талай ұлды дүниеге әкелген Кеңірі Ескелді ауданы, Шұбар ауылында туды. Балалық шақтың мұңсыз күндерін де ауыл балаларымен бірге ойнап өткізді. Десе де, өмірге ерте араласып, тез есейген келешек ел ағасы 1940 жылы Талдықорған ауыл шаруашылығы техникумына түсті. Оқудан қиналған жоқ, ауыл адамдарынан алған мол тәжірибені ғылым, біліммен ұштастыра білгендіктен нәтижесі де жақсы болды. 1942 жылы аталған оқу орнын бітіріп, сол жылы тамыз айында Талдықорған аудандық жер бөліміне жылқы жөніндегі зоотехник болып қызметке тұрады. Тәжірибелі жас маман көпшіліктің көңілінен шығып, көп ұзамай ауылдық кеңестен оқу бітірген 20 жігіттің бірі болып, әскерге алынды. Алдымен Алматыдағы әскери пулеметшілер училищесіне командир дайындайтын оқуға жіберілді. Ал 1943 жылы қаңтардың 10-ы күні сержант деген атақпен Сталинград майданына аттанып кетті. Эшелон Сталинград майданына 1943 жылы наурыз айының дағында жетті. Бұл немес генералы Паульстың армиясы талқандалып, оның өзі қолды болған кез. Қайрат Қанаевтың соғыс кезіндегі алғашқы қадамы міне, осындай жеңіспен басталды. Өмірдің кейбір қызық сәттері болады. Халқымыздың да «Құтты қонақ келсе, қой етті туады» дегені осы болар.

Бірақ соғыс аш біткен жоқ. Алда талай сынақтардың бар екені шақ. Алматыдан келген әскерлерді 24-ші Сталинград атқыштар дивизиясының құрамындағы батальон, полктерге бөліп, жасақтайды. Қайрат Қанаев атағымыз дивизияның 185 полк, 4 батальоны, 4 взвод командирінің көмекшісі болып соғыска қатысты. Оның қарамағында 4 станокты пулеметшілер тобынан құралған 28 жауынгер және 2 байланысшы жауынгер болды. Міне, осы құраммен Харьков бағытындағы 4 аудан орталығы мен көптеген колхоз-совхозды жаудан тазартты.

Сол бір от кешкен жылдардағы сұрапыл соғыс өтіп, ондағы ерлік істерді атамыздың өз аузынан естік:

– Тарихта әділетті соғыс деген болған емес. Біз көрген соғыста қаншама адамның өмірі қиылды, қаншасы із-дерексіз жоғалды. Қаншама ару жарынан, сәби әкеден, ана баласынан айырылды. Әрине, бірнеше адамның қолымен жасалатын қасірет мыңдаған, миллиондаған қарапайым халықтың өмірін ойрандады. Харьков қаласын неміс басқыншыларын азат ету күресі әлі күнге есімнен кетпейді. Соғыстың аты – соғыс. Неміс әскерлері қалаға мықтап бекініп екен. Қаланы екі рет алып, екі рет қайтарып бердік. Үшінші рет басып алғанын кейін біз мықты қорғанысқа көштік. Шіркеудің төбесі құлаған үйіндінің қабырғасына бекінген станокты пулеметшілер жан алып, аянбай тіресті. Неміс әскерлері қанша жанталасқынымен бұл жолы бізді алуға күш жетпеді. Айласын асыра алмады. Нәтижесінде, қырғын тауып, қаладан 45 шақырымға дейін шегінуге мәжбүр болды. Соғыста көрсеткен ерлігім үшін «За отвагу» медалімен марапатталдым. Әрине, біз тек атақ үшін соғысқанымыз жоқ. Алдыңда анталап жауын тұр, ал артыңда қара орман халқың бар. Сал босасаң келешекке қауіп, бұл соғыс өтінде жүрген барлық азаматтың ойындағы бекімі еді. Біздің Жеңіске жетуімізге де осындай ортақ ниеттің жетелегені анық.

Харьков бағытындағы соғыстың алғашқы жеңісі бізге көп үміт сыйлағаны анық. Еңсеміз көтеріліп, жігерлене түстік. Алайда, 1943 жылы соғыс майданында мен ауыр жараланып, майданда құлап қалдым. Мені жембіл тістеген ит әлгі жембіл үстіне жатуыма көмектесіп, соғыс алаңынан алған Әріпбай Алыбаев, Заманбек Нұрқаділов, Дәулет Серікбаев сынды айтулы азаматтар, Қазақстан мемлекетінің гүлденуіне өзіндік үлесін қосқан айшықты тұлғалар. Мұндай азаматтар ондап емес, жүздеп саналады.

Тәжібай атамыз Күмісжан Елшібекова шешемізбен бірлесе отырып, төрт ұл, бір қыз өсірді. Ешмағамбет – есепші, Елгелді – құрылысшы, Рая – бес бала тәрбиелеген аяулы ана.

«Ат тұяғын тай басар» демекші, Ермағанбет пен Есмағамбет қиын да қызықты ұстаздық жолды таңдады. Зейнеткерлік демалысқа шыққан Ермағанбет – химик болса, Есмағанбет – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, әрі әкесі жұмыс істеген мектепте басшылық жұмыста. Екеуі де Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздіктері.

Ғалым да, шахтер де болыпты.

Ұстазым бар сенің қасиетің, – деп ақындар жырына арқау болған, өнегелі үл өсіріп, елге танымал тұлғалар тәрбиелеген ұстазға өз негізін қалап, ұзақ жыл жұмыс жасаған мектепке атын берсе ұстазға жасаған құрмет болар еді.

Хамит ТАРАҚ.

ШЫБЫШЫ АУЫЛЫ
РАЙЫМБЕК АУДАНЫ.

■ ЕРЕСІМ ЕТЕСІНДЕ

Жазықсыз дарға асылған боздақ

1916 жылғы тамыз айының 11 жұлдызы. Верный қаласының үлкен түрмесі. Сондағы 13 түтікш бөлмесінің темір есігі қыжырлап ашылды. Әскери киімген екі түрме күзетшісінің есіктің сыртынан «көргіз Тамабаев Байбосын, тез шық теріңүге» – деген әлді дауыстары сынық етіп естілді. Бірнеше күн жазықсыз Байбосынның алдарына түсіп еді, көлдиріңдағы жуан қамшысының ұшымен ирегесінен түртіп, итермелеп келеді. Тар қуыстар ирегілі түрменің шетіндегі бір бөлмеге әкелді. Сасыған темекі иісі мұрынды жарады. Әкесі темекіден өлгендей бөлмені кек түтін қылған.

Біреу есікті қағып рұқсат сұрады да, оны итермелеп ішке кіргізді. Қара киленше, темекі түтінінен төрде отырған тергеуші әзер көрінді. Екі ирегесіне екі адам мінгендей өңгезердей екен. Аузындағы темекіні тілімен екінші езуіне жылжытып, қолына кісен салғызды да, күзетшілерге шығып кетуге бұйрық берді. Көзін төңкеріп көзілдіріктің үстінен тесіле қарап біраз отырды да: «Так, киргиз Тамабаев Байбосын сен бе?

– Иә, мен...

– Мен осы қылмысты тергейтін тергеуші Поротниковпін. Үлкен Алматы облысында тұратын Байбосын Тамабаев сен бе? Сенің көтеріліске қатысың бар, оның үстіне біздің Верный уезінің басқармасы шабарманының қылышын тартып алып, зорлық жасап, өкіметтің адамына бағынбай қарсы келгенсің, – деп орысша, біресе шала қазақша сойлеп сұрақ қойды.

– Білмеймін.

– Неге білмейсің? Кане, айт! Айтпасаң «подстрекатель, бунтарь заговорщик, враг», – деп жазамын. Сосын сені ату керек!

Байбосын орысша кейбір сөздерді түсінбегендіктен аңтарылып отырып калды.

«Бұлардың бәрі қараңғы, білімсіз надандар, патша ағзамызға қарсы шыққақ ойы бар», – деп айғайға салды. Байбосын ішінен ойға кетіп, мынау неге сонша уын шашып отыр. Бұл шұбар жылан біреудің жеріне келіп еліне қиянат жасауда, тойымсыз қорқау қасқырлар. Гасырлар бойы шайқаста төгілген қазақ қаны аз ба? Сендерді қорғауға адам бергенше арам өлген артық. Байбосын іштей кіжініп, көзімен тергеушіге тесіле қарады.

– Сен неге көзіңді қалайсың? Пугаешь мена? Қасқырдың тұқымы, айт дедім гой саған? Үн жок.

– Сөйлескің келмей ме? «Аюға намаз үйреткен таяқ» деген пословица бар. Мен саған көрсететйін қазір, – деді де үстелін тақылатты. Екі жендет елдеңеден кіріп келді.

– Кане, ойына түсіріңдер мына дала қасқырының белтірігіне, – дей бергені сол-ақ екен, екеуі жабылып тепкінің астына алды. Біраз уақыттан кейін есін жиып, көзін ашса, кимі алба-жұлба болып жыртылған, аузы-мұрнынан қан ағып, жатқан жеріне ұйыған.

Үшеуі бір нәрсеге күлш темекіні бұркыратып отыр. Ара-тұра қарап қояды, бір кезде тергеуші: «Апар мынаны», – деді күркіреп. Жендеттер сүйрелеп апарып қамады.

Екі күн өткенде есік ашылып, қос жендет күндегі әдетінше тергеушіге итермелеп апарды. Аузындағы темекісін шайнандап, жыландай құбылып, көздідріпгіи көтеріңкіреп қарап алды да:

– Киргиз Тамабаев та жек әлгінен емес, халық үшін шындық айтады.

– О, хорошо! Это хорошо! – деп күлімдеп тергеуші

– Неге шабармаңға тиістің? Неге оның қылышын алдың?

– Мен оған тиіскенім жок. Ол өзі келе сала күш көрсетті. Мен оны жаксы танымаймын. Бір келгенде қарызға шөй алған. Соны сұрасам бермейді. Балағаттаған үшін итеріп жібергенім бар. Ол түрі салып кашы жөнелді. Қылышы Қарабөбедегі үйде тұр. Басқа не жазығым бар? Сақылтан барлық қарызымды төлеген. Құжаттарым қолымда, өз жұмысымен тауға бара жаткан едім, жолда горизовой, екі казакпен түтеуіндіп осында әкел камады. Келген соң ата-жөнімді айттым.

– Сені городовой бекер қамаймайды, бір бәлең бар! Не бар саған тауда? Елді үгіттеп, көтерілске ұйымдастырып жүрсіңдер. Білемін! Солай! – деді.

– Жарайды, мен солай деп жазам. Өтірік болса өзіне тиеді. Ол машинкесін шықылдатып 11 болыстың управителі, старшиндерін түтел тізіп шықты. Оның не басқаның кім білсін. Ұзак басып, өзі оқып болды да:

– Неге өтірік айтасың? Мен бәрін жаздым, қол қой, – деді. Басқан қағазын орысша оқып Байбосынға қарады. Оның көбін түсінбеген ол ішінен, осымен балекет бітсе болар еді, – деп ойлады да, астына амалсыз қол қойды.

Байбосын абақтыға келген соң Бекболатым, Токашым, Саттар, Қалығұлым сендерді өзім тірде ешкімге бермеймін. Өз иттерің, шабармандарың таласын. Алла басқа салғанда көрермін, жаным арымның садағасы. Қаскабын Байбосын Тамабайұлы болып өлсем елім, жерім үшін арманым жок деп жата берді.

Седал кейін Байбосын Верный қаласының, округтік дала сотының Жетісу облыстық әскери штабының капитаны Ильинский, 30 тамыз 1916 жылғы №1739 істі жүргізуші прапорщик Гаврилов қолы қойылған өкімімен өлім жазасына кесілген болатын. 1916 жылы 31 тамыз күні түске таман абақты есігі ашылып, екі күзетші: «Киргиз Тамабаев, саған туысыңмен соңғы рет кездесуге рұқсат берілді», – деді. Тез иығына жеңіл киімді іле сала алдына түсіп, ең шеткі жақтағы бір бөлмеге экелді. Темір тордың ар жағында экемнің бауырының баласы Ағыбай Қаскабайұлы келіпті. Қоржынында томпайған заттары бар. Екі көзінен жас ағып, ентелеп торға жақындаған ең күзетшілер рұқсат бермеді. Сөйлесуге бөлінген уақыт 20-25 минут-ақ. Уақыттың аздығын байқаған Байбосын болған жайды тез баяндады. Ел жағдайын сұрады.

– Бауырым, уақыт аз. Саған құдай алдында айтатын аманатым мынау. Есіңде сақта... мен өз достарымнан ешкімді сатпадым. Өйткені мен сяткын емеспін. Бөлені өз адамдарына аудардым. Бірақ тергеуші орысша не жазды білмеймін. Сенсе босармын, сенбесе онда мен өлім жазасына кесер. Болары болды. Қалған өмір елім үшін пида. Ел-жұртқа сәлем айт. Өзге қалсам дөненді Қаскелең өзенінің сол жағалауына, биікке қойындар. Ата-баба жерине қарап жатайын. Сосын бауырымға салған 7 жастағы Бердібайға киз қырыңды салғарсын. Қатында, жазықсыз қолға түстім. Тағдыр маған осыны жазған шығар, бауырым!..

Уақыт бітті. Кезіңсу аксақалы, жендеттер қоржынды ашып ет, май, таба нанның бірізін өздері алып, қалғанын Байбосынға ұсатты. Байбосынның 20 жас кіші Ағыбай ауылға жылап келіп, ауылдастарға болған жайды айтып берді.

1916 жылы күздің қара суығында көтерілістің басшылары деген жаламен Бекболат Әшекеев пен Байбосын Тамабаев Боралдай маңында төбенің ең биік жерине дарға асылып, өкім орындалды. Қасына қарауыл қойылып, бұл маңға кімдерді тергеуші әлгі Поротников келіп, қайтқанша жібермеген. Ақыры Қаскелең өзенінің сол жағалауындағы жотаға жерленді. Жесір қалған Бити 1931 жылы Қазшекке баласымен көшіп келіп, 1932 жылы жоқшылықта қайтыс болды. Азамат болып есейген Бердібай 1946 жылы Ұлы Отан соғысынан оралған соң Баймолдақшы Мәрияға үйленді. Сол кезде үйіне жиі-жиі келетін бауыры Қаскабайұлы Ағыбай шай үстінде Байбосынды еске алып, көзіне жас ала отырып ғұмедегі аманатын, елге түтел жеткіз деген сөздерін шежіре ететін. «Аманатын орындадым, жерде деген жеріне жердік. Кенес өкіметі орнады, енді қорықпаймыз гой, қарақтарым», – дейтін.

Мәрия апамыз бұл күнде 81 жасқа келіп, Алтын алқалы ана ретінде елге сыйлы жан. Байбосын атамыздың жатқан жері қырда, Ақсай, Қаскелең өзендерінің бойында.

Тың игеру басталған елуінші жылдары Үлкен Қаскелең астық кешірі ұйымдастырылды. Атағы одаққа мәлім болған кешіларға, сол кездегі Кенес үкіметі басшыларының бірі К.Ворошилов пен Республика басшысы Д.Қонаев келіп, аралап көріп, Байбосынның ұлы мен келінінің қолынан дәм татқан еді. 2004 жылы ақпан айында Мәрия апамыз Астана қаласына барып, тың игерудің 50 жылдығына арналған салтанатты жиынға қатысып, Елбасы Н.Назарбаевтың қолынан арнайы медаль алды. Ел үшін қыршын кеткен болдақ Байбосын Тамабаевтың арулары демеп, қолдаған да шығар. Осындай өнеге, тарих, шежіре жастарға сабақ, тәлім-тәрбие болуы қажет деп санаймыз.

Қалида ҚОСШЫҒҰЛОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.
ҚАРАСАЙ АУДАНЫ.

■ ОТАН ҮШІН ОТ КЕШКЕН

Тағдырымды тағдыр

Бүгін тарих – мәңгі жеңіс,
Қарғы шыңдар қар шалған,
Сөніс жасаған «Ура» ешқашан,
Мың өлімді қорқыт алған,
Сағындырып мені мәңгілікке,
Сағындырып мені мәңгілікке,

деп ақындар жырға қосқандай, тарих дөңгелағы әр дәуірде өшпейтін мақтан етер, көкірегі ұрпаққа ойын еңбегі мен ерлігін, татқылығы мен тағылымын таратып айтатын даналарымен әлгері басын отырады. Данақтық атқұлының да бір ұшы дәуірмен астасып, жалғасын жатқаны бар. «Сөзіңе құлақ асқ бір ауыр естілетін сөз болса да, ағайынның пәмысын, жеріңің тыныштығын сақтап қалу үшін керек-ақ. Кешегі Ұлы Отан соғысы мінез, осындай ел қорғаудың асыл қасиеті, шаңқышпылықтың нұсқа көкірегі ретінде тарих сахнасынан мәңгілік орын алды. Осы тұрғыда жастарға қазақ перзенттерінің де өшпейтін үлесі болғанын анық. Олар ынтымақ пен ерлікті ту етіп көтеріп, елінің, жерінің амандығын, ұрпақ бақытын ойлап күресті. Ұзақ өткен сайын сол ерлердің қатары азаймай барады. Сауатсыз санарлықтай қалған олардың әркайсысы бір-бір кітап. Солардың бірі – Алматы облысының, Ескелді және Қонаев аудандарының Құрметті азаматы, Қазақстан Республикасы Білім министрлігі ағарту ісінің үздігі, Отан соғысының, еңбек ардагері, облыстық ауыл шаруашылығы ардагерлер кеңесінің төрағасы болып елеулі еңбек еткен Қайрат ҚАНАЕВ атамыз.



Қажет АНДАС, «Жетісу»

Бүгінгі таңда елінің қадірменді ақсақалы, жас буынға үлгі болар өнегелі көрі болып отырған Қайрат Бодаубайұлы 1924 жылы қоңсы ағайынға құт, өрісі мыңғырып малға толған, қазақтың мақтанышына айналған талай ұлдың дүниеге әкелген кеңірі Ескелді ауданы, Шұбар ауылында туды. Балалық шақтың мұңсыз күндерін де ауыл балаларымен бірге ойнап өткізді. Десе де, өмірге ерте араласып, тез есейген келешек ел ағасы 1940 жылы Талдықорған ауыл шаруашылығы техникумына түсті. Оқудан қиналған жоқ, ауыл адамдарынан алған мол тәжірибені ғылым, біліммен ұштастыра білгендіктен нәтижесі де жақсы болды. 1942 жылы аталған оқу орнын бітіріп, сол жылы тамыз айында Талдықорған аудандық жер бөлімінде жылқы жөніндегі зоотехник болып қызметке тұрады. Тәжірибелі жас маман көпшіліктің көңілінен шығып, көп ұзамай ауылдық кеңестен оқу бітірген 20 жігіттің бірі болып, әскерге алынды. Алдымен Алматыдағы әскери пулеметшілер училищесіне командир дайындайтын оқуға жіберілді. Ал 1943 жылы қаңтардың 10-ы күні сержант деген атақпен Сталинград майданына аттанып кетті. Эшелон Сталинград майданына 1943 жылы наурыз айының дағында жетті. Бұл немес генералы Паульстың армиясы талқандалып, оның өзі қолды болған кез. Қайрат Қанаевтың соғыс кезіндегі алғашқы қадамы міне, осындай жеңіспен басталды. Өмірдің кейбір қызық сәттері болады. Халқымыздың да «Құтты қонақ келсе, қой етті туады» дегені осы болар.

Бірақ соғыс аш біткен жоқ. Алда талай сынақтардың бар екені шақ. Алматыдан келген әскерлерді 24-ші Сталинград атқыштар дивизиясының құрамындағы батальон, полктерге бөліп, жасақтайды. Қайрат Қанаев атағымыз дивизияның 185 полк, 4 батальоны, 4 взвод командирінің көмекшісі болып соғыска қатысты. Оның қарамағында 4 станокты пулеметшілер тобынан құралған 28 жауынгер және 2 байланысшы жауынгер болды. Міне, осы құраммен Харьков бағытындағы 4 аудан орталығы мен көптеген колхоз-совхозды жаудан тазартты.

Сол бір от кешкен жылдардағы сұрапыл соғыс өтіп, ондағы ерлік істерді атамыздың өз аузынан естік:

– Тарихта әділетті соғыс деген болған емес. Біз көрген соғыста қаншама адамның өмірі қиылды, қаншасы із-дерексіз жоғалды. Қаншама ару жарынан, сәби әкеден, ана баласынан айырылды. Әрине, бірнеше адамның қолымен жасалатын қасірет мыңдаған, миллиондаған қарапайым халықтың өмірін ойрандады. Харьков қаласын неміс басқыншыларын азат ету күресі әлі күнге есімнен кетпейді. Соғыстың аты – соғыс. Неміс әскерлері қалаға мықтап бекініп екен. Қаланы екі рет алып, екі рет қайтарып бердік. Үшінші рет басып алғанын кейін біз мықты қорғанысқа көштік. Шіркеудің төбесі құлаған үйіндінің қабырғасына бекінген станокты пулеметшілер жан алып, аянбай тіресті. Неміс әскерлері қанша жанталасқынымен бұл жолы бізді алуға күш жетпеді. Айласын асыра алмады. Нәтижесінде, қырғын тауып, қаладан 45 шақырымға дейін шегінуге мәжбүр болды. Соғыста көрсеткен ерлігім үшін «За отвагу» медалімен марапатталдым. Әрине, біз тек атақ үшін соғысқанымыз жоқ. Алдыңда анталап жауын тұр, ал артыңда қара орман халқың бар. Сал босасаң келешекке қауіп, бұл соғыс өтінде жүрген барлық азаматтың ойындағы бекімі еді. Біздің Жеңіске жетуімізге де осындай ортақ ниеттің жетелегені анық.

Харьков бағытындағы соғыстың алғашқы жеңісі бізге көп үміт сыйлағаны анық. Еңсеміз көтеріліп, жігерлене түстік. Алайда, 1943 жылы соғыс майданында мен ауыр жараланып, майданда құлап қалдым. Мені жембіл тістеген ит әлгі жембіл үстіне жатуыма көмектесіп, соғыс алаңынан жүктелді. Қарағы түскенде біздің құрама жолға шықты. Қазір ойласам, көзсіз батырлық дейсіз. Жау бекіністерінің бірінен соң бірін айналып өтіп келеміз. Анықтағанымыздай, Рига қаласының түбіне дейін 18 бекініс болды. Бекіністің орналаскан орнын картаға түсіріп үлгердім және рация арқылы штабка хабар бердім. Өкінішті, қақтығыс барысында екі танкіміз жанып кетіп, ішіндегі адамдарды құткара алмадық. Тапсырма толық орындалған соң біз кайта қайтуға бұйрық алдық. Қайтар жолда «Фердинант» зенбіректері және «Тигр» танкісімен жайдақталған жау қосынына кездесіп қалып, сұрапыл соғыс басталды да кетті. Қиян-кескі айқас кезінде танкім жанып кетті де өзім ауыр жараландым. Кешкісін штабтың жіберген шолғыншылары мені тауып алыпты. Тіп ата есімді жаңаганымда командирдің өзі келіп шығарып экетті. Содан кейін санитарлар далалық госпитальға экеліп өткізді. Олар маған алғашқы ем-дом жасап, Барнаул қаласындағы 3784 көшпелі госпитальда емделуге жіберді. Бұл жерден 1944 жылы жазылып шықтым да, әскери бөлімге қайта оралдым. Әскери бөлім мені Мәскеу түбіндегі Краснокамск қаласындағы алты айлық танкист дайындайтын курска жіберді. Аталған курсты тамамдаған соң 78-қызылтулы Невель атындағы танк бригадасы карамағына механик-жүргізуші етіп жіберді. Маған "Т-34" танкісін берді. Осы танкпен Калининнің 2-Прибалтика майданында соғыска қатысып, Великий Лук, Мадина, Огре қалалары мен көптеген аудан, ауыл орталығын неміс басқыншыларынан азат ету соғысында 18 рет кескілескен шайкас жүргіздім.

Ең қиян-кескі шайқас Рига қаласының түбінде болды. Неміс әскерлері мұнда «Фердинант» жылжымалы зеңбіректерімен және ДОТ-тармен жабдықталған күшті бекініс орнатып алған. Бірнеше рет шабуылға шыққақ та еш нәтижке болмады. Не істеу керек? Алдымен жау бекіністерінің орналасу жағдайын анықтап алу қажет болды. Қолбасшының тапсырмасымен "Т-34" танк құрамасын құрып, бекіністерді рация арқылы штабка хабарлап тұру міндеті маған Рига қаласының алынғанын айтып, бетімнен сүйді, кеудеме «Қызыл ту» орденін өз қолымен қалады. Бұл есімнен кетпейтін ерекше күндердің бірі болып қалды. 38 жерімнен ауыр жарақат алған едім. 1944 жылы 20 қарашада Мәскеу қаласындағы №3693-көшпелі госпитальға жіберді. Арага алты айды салып 1945 жылы сәуір айында 2 топтағы соғыс мүгедегі деген комиссияның қорытындысымен аулыға қайтуға рұқсат алдым. Соғыс аяқталды. Көптеген жерлесімізді жат елдің топырағына қалдырып, елге орадық. Осы күнге дейін қанжылап жүрген жүректерге шипа таба алдық па? Аман-есен келгенімізге қуандық та, бірақ бүтін күлшені бөліп жеп отырған жолдасымнан айырылып қалудан өткен өкінішті жок. Жүрегімізіің түбінде сол өкініш табы бар. Қазір жасым ұлғайған сайын елімізде тыныштық болса екен деп арманда умен келемін, – дейді соғыс ардагері.

Бұл от кешкен жылдардың бір үзігі ғана. Көп өтпей сан жүректі қан жылаткан құрғынның соңғы иүктесі қойылды. Әрине, аты-шулы соғыс тек қазақ ауылдарына ғана емес, бүкіл адамзатты ауыр қайғы, ащы азапқа салды. Соғыстан кейін елді тығырықтан шығару жылдары басталды. Ретті келгенде осы жылдардағы аға буынның елеулі еңбектеріне жылы іліпатымызды білдіре кеткен жөн болар.

Соғыстағы еңбегі елеиіп, үлкеи беделмен ауылға оралған Қайрат Қанаев 1945–1950 жылдар аралығында сол кездегі Талдықорған аудандық жер бөлімінің бас зоотехниги, 1950–1952 жылдары Киров ауданының бас зоотехниги, 1952–1960 жылдары Ленин атындағы колхоздың төрағасы болып жұмыс аткара жүріп, елдің мәдениеті мен шаруашылығын көтеруге үлес косты. Мұның ішінде Ленин колхозын басқарып тұрғандағы тыңғылықты істері жұртшың жадынан кетпейді. Анықтап айтар болсақ, колхоз орталығына орта мектеп үйін, МТМ, гараж, өндіріс орнын салумен бірге, жандан тұрғын үй салды. 1952 жылы колхоздың кірісі 650,0 мың сом болса, бұл сан 1960 жылы 1 млн. 450 мыңға өсті. Мал басы да айтарлықтай көбейіп кой, ешкі 22 мыңнан 40 мыңға, жылкы 850 ден 1500 ге, ірі кара 800 ден 1300 баска дейін жетті. Сонымен бірге «Қақпақты» учаскесінен орталық жасалып, аурухана, монша, дүкен, қонакүй және бастауыш мектеп салынды. Егіс көлеміне 3000 гектар жер қосылды. Осы еңбектерінің нәтижесінде «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, тың игеру жөніндегі медальмен марапатталды. Еңбек Қызыл Ту орденін Д. Қонаевтың өз қолымен табыс еткенін айта кеткен жөн.

Ал 1963–1968 жылдары бұрынғы Ильич атындағы колхозына басқарма бастығы болып тұрғанда Қоңыр ауылының ауыз су мәселесін шешіп, ауылға таза су жеткізді. Оның игілігін бүгінгі таңда осы елді мекеннің тұрғындары көріп келеді. Егіс көлемі, қаржы қоры мен мал басының есепеп артқаны тағы бар. Сонымен қатар Октябрь колхозының басқарма бастығы болып тұрғанда қант қызылшасының өнім мөлшерін 100 центнерден 400 центнерге жеткізгеи еңбегі үшін «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған. Қайрат Болаубайұлының басшылық өресі мен шебер ұйымдастырушылық қабілетіне тән 1977–1984 жылдардағы Лабасы селолық кеңестің төрағасы болып қызмет аткарған тұстарын атап айтуға болады. Бұл мезгілде аталған селолық кеңестің жағдайы тым төмен еді. Сондықтан облыстық аткару комитеті селоның тізгінін Қайрат Қанаевка семіп тапсырады. Ұзақ жылдарғы басшылық тәжірибесі мен шебер ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында екі жылдың ішінде аталған селоны облыс аумағындағы 2-орынға шығарады. Ал 1980 жылғы облыстағы мақтайалды селолық округ атанады.

«Еңбегі бардың өнбегі бар» демекші, Қайрат ага 1984 жылы құрметті кейнеткерлікке шықты. Бірақ «Зейнетте жүрмін-ау, демалайын» – деп жайбарақат отырмады. Қоғамдық жұмыстарын әрмен қарай жалгастыра берді. Киров май зауытында директор болып 3 жыл жұмыс істеді. Кейінмен Ленин колхозының директоры Ж. Кешуевтің шақырумен совхоз директорының бірінші орынбасары және бас диспетчері болып та өнімді еңбек етті. 1953–1977 жылдары аудандық партия комитетінің пленум мүшесі, 1954–1984 жылдары аудандық кеңестің депутаты болып сайланды.

ТҰЖЫН

Иа, біздің жоғарыда айтқанымыз, Қайрат атаның елеулі істерінің қалау-қалау тұстары ғана. Десе де, кезіңгі ұрпақ қазақ деген халықтың бүгінгі тәуелсіздікке жетуінің ең негізгі сыры – халқымыздың отты жылдарда Отанын қорғай білген, бейбіт күндерде халқының қайтысыз тірлік етуі үшін жанталасын, жарғақ құлағы жастыкка тимей еңбек еткен азаматтарының тендессіз кажыр-қайратын терең білгені жөн. Қайрат ата кезінде қаншалық қоныншылық көрсе де, еркін өсіп келе жаткан 15 немере, 4 шөбересінің бақытты күлкісіне бөленіп, жақыран жүргені. Иллиял, жас ұрпакқа осындай шаттық сыйлаған қадірменді қарттарымыз аман-есен болсын деп тілейміз.

ҚЫРЫҚ ШЫРАҚ НЕМЕСЕ ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ

Қазақтың Марияны



Шолпан ЖҰМАДІЛОВА,
"Жетісу"

Қазақ тоңырағы қашан да талантты да өнерлі, білікті де білімді, қайсар да қайратты, жігерлі де ержүрек қыздардан ешкенде болған емес. Кешегі ел басына күн туған зар заманда ерлермен қатар етігімен су кешкен, хас батырларша бес қаруын асынып жерін қорғаған Қызай мен Айша, Тұран мен Ұлпан, бір ауыз сөзін тыңдата білген Домалақ ана мен Зере, әділдіктің жақтаушысы болған Раушан мен Күлпан, бауырмалық пен бауырластықтың туын ұстаған Әлия мен Мәншүктің сіңлілері бейбіт заманда да ақыл мен парасаттың биігінен көрініп келеді. Солардың бірі – екі мәрте Парламент Мәжілісінің депутаты болған, «Құрмет» ордені мен «Алтын Барыс» белгісінің иегері, Алматы облысының Құрметті азаматы Мария Бесбайқызы ЖҮЙРІКТАЕВАНЫҢ өзі және өгелер жайлы айтар ой-толғамы аз емес.

ЕСІМДЕ СОЛ БІР КЕЗ

– Мария апай, бұрынғыдай емес қазір қым-қуыт тіршіліктен қолыңыз босап, бала-шағаның қасында болу бақытына кенелін отырсыз. Өткен күндер туралы ойланғанда алдымен өміріңіздің қай кезеңі есіңізге оралады?

– «Елу жылда ел жаңа, қырық жылда қазан» демекші, менің сөбек еткен елу жылым артта қалыпты. Алда жеткізсе келер жылы жетпіске толамын. Өзімді өмірге өкпесі жоқ адамдардың санатындамын деп есептеймін. Өйткені артымда қалдырған алды-көпті ізім бар секілді.

Әкемнен ерте айырылдым, алдымда арқа сүйер ағам болмағандықтан біраз қиындықтарды бастан өткеріп, шынығып, шыңдалып, қажалуға тура келді. Сондай жұмыс сіздің училищеде білім алғанмын», – деп, алдымнан шығады. Осының өзі бір бақыт емес пе. Көңілім көтеріліп маркайып, мақтанып қаламын. Сол жылдары «Тіл алмайтын Жүйріктаева» деген атым да шықты.

Ол уақыттың бір жақсылығы жұмыска келген мамаңды бірден үймен қамтамасыз ететін. Екі ұлым мен күйеуім бар, маған үш бөлмелі пәтердің шешімін берді. Бірақ, бұрынғы отырған адам босатып бере қоймаған соң біраз күтуге келді. Күндердің күнінде әлгі пәтерге «МАН»-дың бастығы көшіп кіріпті деген хабар жетті. Сенерімді-сенбесімді білмей бардым. Есікті шашып төбесіне түйген, қараторы келешек ашты.

– Сіз кімсіз? Бұл пәтердің иесі мен емеспін бе? – десем. Ол: – Бізден босаған екі бөлмеге кіруіңізге болады, – деп тұр. Жағдайды айтып аткару комитетіне шықтым. Сонымен бұл іс ұшығып, соңында аудандық бюрога жетті.

Жұмыс бөлмесіне кіріп үлгерген жоқпын телефон шырылдап жатыр. Ар жақтағы адам қазақша: – Бұл – соттың төрағасы. Сен бір жақтан келген қарға, біздің аққуды төмен қаратып, қайдан шыққансың өзің, – деді. Мен: – Қазақша сөйлегеніңіз жақсы болды. Сіз білесіз бе, қазақ: «Алты күн атан болғанша, бір күн бура бол» деген. Мен бұтын бура болып сіздің аққудың мойнын қыршыдым, – дедім. Ол телефонды қоя салды. Ал жыладым. Сүйенер, сенер адамым болмаған соң басыну деген осы шығар деп ұға болдым. Көзімнің жасын сүртіп үлгерген де жоқ едім. Есіктен орта жастан асқан, жылтыр бас еркек кіріп келді. – Жаңа сізге телефон соққан мен. Осы уақытқа дейін бірде-бір әйел бетіме келіп, қатты сөз айтпаған. Маған сөз қайтарған өжет, жүрек

Қазақтың Марияны

жұтқан қандай жан екен деп көруге, кешірім сұрауға келдім. Басымды иіп кешірім сұрайым, айналайын, – деді. Бұл оқиға ілезде елге тарап, маған үлкен абырой әперді. Мен бір шетінен әлгі адамның азаматтығына тәнті болсам, екіншіден өзіме өмірлік сабақ алдым. Ешкашан, ешкімнің ар-намысына тимеу керек деген қағиданы санама тоқып, саналауыма түйдім.

Жалпы менің жолымды ашқан адам – жақсан жерің жайлы болғыр, Айтмұхамбет ағa Мансұров. Ол кісінің алдындағы қарызымды өтей алдым ба, білмеймін. Өмірде қол жеткізген үлкен жетістіктерім болса, сол кісінің арқасы деп білемін. Мектептің қарапайым мұғалімдерінің бірімін. Малшылардың слеті кезінде қолыма мандалин алып ән салып, көпшілік ортасына шықтым. Ол кезде Айтмұхамбет ағa – ауданның бірінші хатшысы. Мені сұрастыра келіп: – Қазақтың өжет қыздарының бірі екен. Көзінің оты бар. Мұндай қыздарды көтеру, өсіру керек, – депті. Сонымен мені партия қатарына қабылдады. Мектеп директорлығына көтеріддім. Намысымды буып, артымнан жаман сөз ілестірмей, мүмкіндігінше адал қызмет етуге, жақсы ағаның сенімін ақтауға тырыстым.

КІШІЛІК ПЕН КІСІЛІКТІҢ КІЛТІ

– Кешегі жалындаған жастығыңыз кеңестік кезеңмен түспа-түс келіп, кемелденген шағыңызда тәуелсіз Қазақстанға еңбек еттіңіз. Екі қоғам Сіз үшін несімен ерекше. Жаңығызға қайсысы жақынырақ?

– Менің пайымдауымша, заман өзгергенмен адам ешөзгермек емес. Кешегі күні де мен Жүйріктаева едім, бүгін де сол. Ақыл-ойым, санам мен түсінігім сол қалпында. Қандай қоғам болсын адамдар адал қызмет ететін болса сол жерде тыныштық пен ынтымақ, бірлік пен сыйластық салтанат құрары сөзсіз. Әрине, бірінші Алланың аркасы, екіншіден, өзімдегі инетімізден шығар, ата-бабамыз арман еткен тәуелсіздікке қолымыз жетті. Өшкеніміз жанып, өлгеніміз тіріледі. Кеудемізді керіп, бір-бірімізбен ана тілімізде сөйлесетін күнге жеттік. Бұрын өзге ұлттың өкілі отырса қазақша бір ауыз сөз айта алмайтынсың. Егер айта қалсаң, соны жан-жалға дейін ұласатын. Бұл ұлт үшін кәсірет емей не еді.

1996 жылы Парламентте тіл туралы заң қабылдау кезінде үлкен тартыс болды. Орыс тілінде білім алған өзіміздің бауырлар тарапынан келіспеушіліктер туындап Зәуре Жүсіпова екеуміздің жылаған кездерімізді әлі ұмыта қойған жоқпын. Тілімізді ол кезде қорғамасақ мүлдем айырылып қалу қауіпі төнген-ді. Тәуба, бүгін ана тіліміз туралы заң қабылданды. Дегенмен, өз дәрежесінде толық қызмет ете алмай жатқаны өкінішті. Ендігі тіліміздің тағдыры мен көтерілер биігі өз халқымыздың ғана қолында екенін бауырларымыз жете түсініп, естен шығармаса екен деп тілеймін.

Мен өткенді көксейтіндер қатарынан емеспін. Дей тұрғанмен, бауырларыма айтар назым да жоқ емес. Біз барымызды бағалай алмай келеміз. Әсіресе, билік басындағылар арасында халықтан алыстап кеткендер де баршылық. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы үлкен бір жиында жоғары лауазым иелеріне: – Есіктеріңнің алдына неге милициядан күзет қоясыңдар? Көшеге шыққанда неге милицияның қолдау-қолпаштауымен жүресіңдер? Кімнен қорқасыңдар? Егер халықтан қорықсаңдар, олармен қалай жұмыс істейсіңдер? – деп сын-ескертпе айтқан еді. Сол жігіттер Елбасының өзінен неге үлгі алмайды. Ол кісі барған жерінде ақсақалдардың қолын алып амандасып, баланың маңдайынан иіскеп, ақ жаулықты анаға иіліп сәлем береді. Ұлықтықтың, кішіліктің, кісіліктің де әдебін сақтайды. Бір сәт болса да халқының қасынан табылып, жанын ұғынуға тырысады. Біле білсек, адамды өсіретін де, өшіретін де сол қарапайым халық емес пе.

ЖЫЛДАР ІЗІ

– Депутат болған жылдары өзіңізге сенім артқан халқыңызға қаншалықты шарапатыңыз тиді. Бәрекелді мен эттеген-айдың қайсысы көбірек болды?

– Алғаш жастар мәселесін қолға алдым. Елбасына барып: – Бұрынғыдай жастардың басын біріктіретін не ұйым, не заң жоқ екендігін айттым. Ол кісі өз тарапынан қолдау көрсетіп, нәтижесінде «Жастар туралы» Заң қабылданды. Әрине, өмір алға жылжыған сайын оның да уақыт талабына сай өзгеріп отыруы заңдылық. Бүгін оған қосымшалар мен өзгертулер енгізіліп жатқанын байқап отырмын. Өміршең боларына өз басым сенемін.

Қаргалдағы шұға комбинаты жабылып, канша адам жұмыссыз қалғанымен коймай мемлекет алдындағы қарызы миллионға дейін жетіпті. Сауда және индустрия министрі Школьникке, сол кездегі Премьер-Министр Павлов мырзаға шығып жатып қарызды жаптырыға жәрдем еттім. Жұмысын қайта бастаған сәтте комбинаттың директоры қайтыс болды. Қожайыны кеткен соң кейіннен оның да күйі болмады-ау деймін.

Жамбыл ауданынан бес жүз шақырым жерде Үлкен деген кент бар. Кеңес Одағы тұсында тікелей Мәскеуге карайтын, уранмен айналысатын көп қабатты үйлері бар керемет елді мекен еді. Семей полигоны жабылған түста ол да жұмысын тоқтатты. Шеттен келгендер еліне көшіп кетті де, қазақтар қалып қойды. Мемлекеттен сол жерге дотация алып беруге көмектестім. Байланыс бөлімшесін қайта ашқызып, балық шаруашылығымен айналысатын кәсіпкерді тарттым. Қазір алпыска жуық адамды жұмыспен қамтитын шағын балық комбинаты мен мектеп жұмысын жалғастырып келеді.

Он жыл Президент жанындағы кешірімділік комиссиясының мүшесі болғанда елімізден бірқатар облысындағы түрмелерге барып, сотталушылардың арыз-шағымдарымен танысып, тағдырларына араласуға тура келді. Сонын бірі күні кешегідей көз алдымда қалып қойыпты.

«Жүре берсең көре бересің» демекші, ұрпақ жалғастығының анау темір тордың ар жағында да өмірге сәби келіп жатқанын көргенде таңданысымды жасырмадым. Жауғашты түрмесіне барған кезде қазақтар отырған бұлдіршіндерге қарап: – Сонда әйелдердің бәрі түрмеге еңкейбат болып түскен бе? – деп таңданғанымда түрме бастығы: «Бізде отбасымен кездесу өтіп тұрады», – дегенде ыңғайсызданып қалдым. Жалғаймен таныссақ, бұлдіршіндерге сүтті басқа жақтан тасымалдайды екен. Қарасай зауытынан ең сүтті деген бір сынар алып бердім.

Бір аңдан хат келді, жалғыз баласы сотталып кетіпті. Көлік соқтығысы кезінде адам өлген. Оқиға солтүстік облыста болған. Жігіт ресейлік Комиссияның араласуымен істің бір жақты болғаны анықталды. Көп ұзамай әлгі жігіт бостандыққа шықты. Анасы ризашылық сезімін білдіріп: –Отым қайта жанды. Шамым да жарқырай түсті. Аспаным да бұлтсыз арылды, – деп ризашылық сезімге толы хатын және жолдапты. Осындай сәттерді есіме алсам ой жылымның тектен-тек өтпегеніне шүкіршілік етемін.

ӘЙЕЛГЕ ӘДЕМІ БОЛУ АЗДЫҚ ЕТЕДІ

– Нәзік ығымен ауыр жүк көтеріп жүрген қыз-келіншектеріміз қоғамның қандай саласында болсын жетіп-артылады. Ал үлкен саясат сахнасындағылар саусақпен санарлық. Сіздіңше, әйелдердің бүгінгі таңдағы рөлі қандай. Жас қыздарға көңіліңіз тола ма?

– Алла тағала әйел мен еркектің табиғатын әбастан бөлекше етіп жаратқан ғой. Әйелдің ең басты мақсаты – отбасының алтын қазығы болу. Бала сүйіп, ұрпақ тәрбиелеу. Ол дегенімгі, ошақ қасында байланып қалуды деген сөз емес. Бұл ретте бір мысал келтіре кетейін. Менің кіндік шешем Сұлукедегеи ана. Ауылда сол кісінің атымен аталатын Сұлуке жотасы бар. Өзім көрген емеспін. Үлкендерден естуімше өте қайсар, ержүрек болыпты. Бала-шағасына ас дайындап немесе табаға нан жауып жатып, көктар тарткан топты көрсе басындағы орамалын белше байлай салып, атқа қарғып мініп соларға қосылып кететін көрінеді. Міне, осыған карап-ақ бағалай берінгі қазақ әлемінің қандай болғанын.

Өз басым бойында қайрат пен жігер бар, ешкімге қалтақтамай шешім қабылдаштым, өмірде кездескен әр істеннің қалыптасқан әдептерді сыйлаймын, құрметтеймін.

Әке-шешем мені сегіз жасқа келгенше шашымды тақырлап алып, ұл балаша тәрбиеледі. Қыз болып қойлек киген емеспін. Інім өмірге келген соң ғана өз орнымды біле бастадым. Бетімнен ешкім қақпан жоқ. Ерке болдым, еркін өстім. Қазіргі балаларда сол еркіндік аз, шектеу көп секілді. Сондықтан, ұлымыз да, қызымыз да жалтақ, өз бетінше шешім қабылдай алмайтын әлжуаз. Жалпы баланы тәрбиелейтін қоғам емес. Ол қайсы бірімізідің қолымыздан ұстап тұрар дейсіз. Бар тетік отбасында. Ата-анасы берген тәрбиеде. Құлағын тескен, тізеден жоғары юбка киген, кіндігін көрсетіп қызды анасы неге көрмейді. Көшеге шығарда мынауын дұрыс емес деп неге ақылын айтпайды. Неге жөнге салмайды? Олар жас шыбық секілді ғой, қалай майыстырсаң солай иіледі. Балана дұрыс тәрбие бере алмасаң өзіңнен көр. Бүкіл қоғамды кінәлап, өзгелерге датымызды артып қою әсте дұрыс емес.

Талғат, Тимур атты екі ұлым, алтын асықтай екі келінім бар. Құдайдың берген Мейрам, Әйгерім, Ерболл, Мәлика, Әлия, Исахан секілді немерелер өсіп келеді. Алды жиырмадан асты. Өз тарапымнан қалқадірімше соларға оң жол көрсетіп, мүмкіндігінше жақсы тәрбие беруге тырысып келемін. Немеремнің үлкені Әйгерімге: – Балам, сен бетіне опа, ернине далап жақсанның сұлу болып кетпейсің. Табиғаттың берген сұлулығын сақта, жастығыңды бағала деп күнде ескертіп отырамын. Тәуба, осы күнге дейін өзгелерден сенің балаң немесе немерең жаман деген сөз естігің жоқпын. Естіртпей-ақ та қойсын. Аналық пілегім – әлемдегі бар ананың үміті ақталып, балаларының жамандығын көрмесе екен.


P.S. Өкінбеміз аянына жетті. Ол кісі кезекті кездесуге дайындала бастады. Бойы тік, ойы анық, сөзі шарық. Сыны мен сыры әлі кетпеген, айналасындағы жұртқа айтар ақылы мен көрсетер үлгі-өнегесі бар осындай қазақтың қызы, қазақтың әйелінің барына қуандық. Аман болыңыз, АНА.

ӘЙЕЛДЕР-АЙ...

Көрікмілік жасанды болмасын

Айнұр ӨБДІРАХЫМ,
"Жетісу"

«Әдемілік құрбандықты қажет етеді». Бұл сөздің өзі, шынын айтқанда, қорқыныш тудырады емес пе? Өйткені әркім өзінше әдемі, оған қосымша тағы қандай құрбандық қажет? Дегенмен, адамдар, оның ішінде әйелдер қауымы дене пішінінен немесе бет келбетінен бір кінәрат тауып, одан қайтсе де құтылғысы келеді. Тіпті ешқандай кемшілік таппаса да Алланың бергеніне тоймай одан әрі әдемі, одан әрі сымбатты, сұлу болуды қалайды. Әсіресе, жас қыздар журнал беттеріндегі модельдерге, көгілдір экрандағы сүйікті актрисаларына еліктегісі келеді. Бірақ оларға ұқсаймын деп пені құрбандыққа шалуға болады? Денсаулықты ма? Өкінішке орай, сұлулыққа келгенде тіпті баға жетпес денсаулықтың да маңызы төменден кетеді екен. Сол құрбандыққа тұрарлықтай нәтиже болса ғой. Ал болмаса ше? Артық қылаумын деп тыртық болып жатқандар да жоқ емес.



Көбіне әйелдер қауымы артық ғазмақпен күресіп жатады. Иә, бұл қазіргі таңдағы өзекті проблема. Дегенмен, артық салмақтан арылмақ деп талайлар бар денсаулығынан айырылған. Осыған қарамастан 90-60-90 көрсеткішіне жеткісі келетіндердің саны азаймай отыр. Одар фитнес-орталықтардан шықпайды, қатан диета ұстанады, түрлі биологиялық белсенді қоспаларды құруар ақшаға сатып алады. Тіпті болмай бара жатса пластикалық хирургтың пышағына ілінеді. Мұндайда Фанны Раневскаяның «Сұлулық – ықпалды күш» деген сөзі еске түседі.

«Табиғат алқылықтарын» жасыруға құлшынысе ежелгі Египеттен басталған. Шашқа арналған бояудың, денеге арналған жұпар иісті майлардың, опа-далаттың, көз бояйтын карындаштардың, бір сөзбен айтқанда косметиканың патентін сол мысырлықтарға беру керек деп біреулер қалжыдап қояды. Расында, мұның бәрі ең алғаш Мысыр елінде пайда болған. Қажеттілігін жоғалтпаған эпиляция да осы елден бастау алады. Ежелгі Римде әдемілік идеалына жету үшін әйелдер сүтке шомылған. Ол туралы тарихи деректердің бірінде Рим патшасы Нероннын займыбы Поппеас картаймау үшін есектің сүтіне шомылған деп жазылған. Картайғысы келмеген кейбір әйелдің өзін өзі өлтіргені де белгілі.

Ал бүгінгі таңдағы статистика көрсеткіші бойынша Еуропада 11 мен 17 жас аралығындағы әрбір үшінші қыз сұлулықтың құрбаны болады екен. Ал анорексия ауруына ұшыраған қыздардың 5 пайызы әлеуметтен еркін жүріп-тұра алмайды. Соңғы 10 жылда француз дәрігерлерінің айтуынша, фотомодельдердің орташа салмағы 15 пайызға төмендеген. Яғни бұл жағдай бүтігі таңда эпидемияға айналып бара жатыр дейді психологтар. Сондықтан қазір Франция, Италия сияқты дамыған елдерде арықтау тәсілдерін насихаттайтын модельдік агенттіктер мен сән журналдарына айыппұл салынады. Өйткені жастардың осылайша сұлулықтың стандартын қуып кеткенінде мемлекет басшылары бұкаралық ақпарат құралдарының, оның ішінде сән журналдарының ықпалы көп деп санайды. Ал олар өз кезегінде нарықты қинайтін болды.

Құдайға шүкір, біздің еліміз әлі мұндай дәрежеге жете қойған жоқ сияқты. Жетпей-ақ та қояйық.

Ерекше күтім қажет

Қай әйел болса да өзін күткенді жақсы көреді. Өзін күту тек артық салмақпен күресу емес. Оған бет күтімі, маникюр, педикюр сияқты түрлі процедуралар жатады. Кез келген уақытта сән салондарына бара қалсаңыз кезек күткен әйелдер толып отырады. Бұл жайында «Ай» сән салонының косметологы Әлия Қасенова:

– Қытай елінен Қазақстанға келгеніме 3 жылдың жүзі болды. Салыстырып қарасам, қытайлық әйелдер өздерін ерекше күтеді екен. Сән салондарына жиі барып тұрады, яғни өздерін жасарту мәселесіне көп назар аударады. Өкінішке орай, қазақтың әйелдері өздерін дұрыс күтпейді. Мысалы, қазақ пен қытайдың 60 жастағы кемпірлерін салыстырып қарасақ, жер мен көктей айырмашылықты байқауға болады. Яғни қазақтың әйелдері тез картайып кетеді. Неге? Өйткені қытайлық әйелдер жеген тамағына, ішкен суына баса назар аударады. Тұзды тамақты көп жемейді, оның орнына көк шөп пен күрішті жиі қолданады және қайнаған су ішеді. Қайнаған су адам ағзасын жақсартады, қанды сұйылтады. Демек, қан айналымы жақсарады. Сөйтіп, біртебірте ағза жасара бастайды.

Мен Алматы шаһарында екі жарым жылдай тұрған едім, ол қаланың әйелдері, дегенмен, өздерін жақсы күтеді. Бірақ Талдықорғанда сән салонына келетін нәзік жандар аз, – дейді.

Бетке қатысты проблеманың ішін-жегешімізге байланысты екені белгілі. Ол туралы айтылып та, жазылып та жатыр ғой. Әсіресе, қазіргі кою тағамдарды жақсы көреді емес пе? Соған орай бізден әйелдердің бет көбіне майлы болып келеді. Тағы бір кемшілігіміз, бізде дене шынықтырумен айналысу дағдысы қалыптаспаған. Ол аз болғандай, түнгі сағат он, он екіде ет жеп, шәйді коюлатып ішіп аламыз. Осыдан қан коюланады, яғни қан айналымы дұрыс болмайды. Ал қан коюланған соң, Әлия Қасенованың айтуынша, бетте қара нүктелер мен безеу пайда болады. Мұның бәрінің денсаулыққа кері әсерін тигізетіні сөзсіз.

Терінің жағдайы ауа райына да байланысты екен. Мамандығын жетік меңгерген Әлия көктемнің қазіргі уақыты теріге өте қауіпті екендігін айтады. Сондықтан тура осы кезде бетті ерекше күту керек, бұл орайда массаж бен түрлі емдік маскалар өте пайдалы көрінеді.

Массаж беттің әрлеуіне үлкен үлес қосады. Өйткені бетте көптеген сезімтал нүкте бар. Сол нүктелерді басу арқылы қан айналымын жақсартуға болады екен. Қан айналымы адамның үйкысын тыныштандырады. Ұйқы тыныш болған соң адам картаймайды, бетіне әжім түспейді.

Иә, сән салондарында қызметтің түр-түрі көрсетіледі. Кіресең болды, уақыттың қалай өтіп кеткенін байқамай да қаласың. Бір қызығы, әйелдер ақшасын басқасынан аяса да, сән салондарынан аямайды. Бұл әдетімізге еркектер қауымы бұрындары күліп қараушы еді, бүгінде косметологқа, маникюрге өзімізбен жарысып келек күтетін болды.

Бүгінгі таңда әлемдік дағдарыс сән саласына да өзіндік белгілерін беріп үлгерітті. Сондықтан салондар қызмет көрсету ақысына айтарлықтай жеңілдіктер жасап жатыр. Бұл турасында Талдықорғандағы «У Людмилы» сән салонының косметологы Юлия Чуйко: «Біздің мақсатымыз келген адамның ақшасын сыпырып алу емес, оның проблемасын қолымыздан келгенше шешіп беру», – дейді.

Әрине, кез келген адам, әсіресе, қазіргі экологиялық жағдайда өзін өзі күту керек. Бірақ өзімді күтемін деп шектен шығып кетпеген абзал.

Шектен шығып кетпеңіз

Әдемі тырнақ кез келген адамның назарын аударады. Бірақ бәрінің тырнағы табиғатынан әдемі емес. Статистика мәліметтеріне жүгінсек, әрбір екінші әйел тырнағының пішініне, әдемілігіне қанағаттанбайды екен.



Әдемілікті әркім әркалай түсінеді. Біреулер беттің әріне қараса, басқалары жанының тазалығын жоғары қояды. Яғни қымбатқа сатып алған әдемілік біреулер үшін сұрықсыз болып көрінуі мүмкін. Оның үстіне әдемілік белгісі әр кезеңде әртүрлі, сән қуады десек болады. Мода қуамын деп өзіміздің шынайы келбетімізден айырылып қалмайық. Табиғи әдемілікке ештеңе де жетпейді. Стандартпен өмір сүру мақсат емес. Ең бастысы, адам өзін өзі жақсы көру керек. Ештеңені құрбандыққа шалмай-ақ бақытты болуға болады емес пе?

ӘЙЕЛ КЕЛБЕТІ

Нәзік те қайсар



Қажет Андас,
"Жетісу"

Әйел туралы ой түйгенде көкейіңізді алдымен нәзіктік билеп, көз алдыңызға көркем де сұлу келбет келе қалады. Әйел қаншалықты нәзік болған сайын соншалықты табанды әрі қайсар да бола біледі. Оған күнделікті өмірде ер адамдармен білек түйістіре еңбек етіп жүрген нәзік жандар

куә бола алады. Солардың бірі – ішкі істер органдарында 25 жылдай еңбек етіп келе жатқан Алматы облысы ІІД тергеу басқармасы бастығының орынбасары, полиция полковнигі Ұрухия Мұқашева.

Әр адам бала күнінен бастап алдына мақсат қойып, оған қол жеткізу үшін талпынады. Ұрухия Найманханқызы мектеп қабырғасында жүрген кезде тергеуші мамандығын таңдаған екен. Осы арманның жетегінде бала кезінен заң тақырыбына жазылған кітаптарды, мақалаларды құныға оқып, дүниетанымын қалыптастыра бастады. Мектептен соң Алматы қаласындағы С. Киров атындағы мемлекеттік университеттің заң факультетіне түсті. Аталған білім ордасын ойдағыдай тәмәмдаған соң, ішкі істер органдары қатарына қызметке тұрды.


Әрине, әр мамандықтың өзіндік қызығы мен қиындығы бар. Естен кетпейтін тұстары да барылық. Полиция полковнигінің алғашқы жүргізген тергеу жұмысының бірі – автомашина қағып кетіп, бір аяғынан айырылып, мүтедек болып қалған 12-14 жасар қызға қатысты қылмыстық іс болды. Осы істі жүргізген тергеушілер жүргізушінің іс-әрекетінде қылмыс құрамы жоқ деп бірнеше рет қысқартқан, алайда жәбірленушінің үлкен әжесі ол шешіммен келіспей, ақиқатқа жетуді талап еткендіктен прокурор қаулыны бұзып, қосымша тергеу жүргізуді Ұрухия Мұқашеваға тапсырады. Тергеу барысында куәлардан қосымша жауаптар алынып, жүргізілген автотехникалық сараптаманың қорытындысын саралай келе, жүргізушінің кінәсін анықтайды. Ол кезде жүргізуші Ресейге көшіп кетіп, тергеу барысында оны Талдықорғанға алғызғанда «менің қиын түбінде дәлелденетінін, осылай заң алдында жауап беретінімді іштей сезіп жүр едім» – деп, көзіне жас алған екен. Яғни бұл жерде қылмыс оқиғасынан зардап шеккен адамның заңды мүддесін қорғап, әділдікке қол жеткізу, сөйдай-ақ айыпталушының кінәсінің барын немесе жоғын анықтап, оны дәлелдей білу, яғни адамның тағдырын шешу тергеушінің жеке басындағы оң қасиеттерге және өз жұмысына деген жауапкершілігі мен жинаған дәлелдерге дұрыс баға бере білу қабілетіне байланысты екенін біліпреді. Міне, осындай әділдікті ту етіп ұстанған тергеуші өзінің жеке өмірі туралы:

– Тергеуші болғаныма ешқашан өкінген емеспін. Мақтан етемін. Бос уақытым көп болмайды, жоқ десем де артық айтпас едім. Жыл он екі ай ішінде көктем мен жаз мезгілін қатты ұнатамын. Жеміс ағаштарын отырғызып, аланға гүл сеуіп баптағанды, күтіп-өсіргенді өте жақсы көремін. Ең бірінші адамгершілікті, ұстамдылықты бағалаймын. Айтқан сөзінде тұратын адамдарды құрметтеймін. Өзім де осы қасиеттерді ұстануға тырысамын.

Қазір жастар тергеуші қызметін жауапты мамандық ретінде емес, лауазым иесі ретінде таңдайды. Нәтижесінде, үлкен жауапкершілікке, тергеушіге түсетін салмаққа төтеп бере алмай басқа қызметке ауысып жатады. Соған байланысты кадрлардың тұрақтанбауы орын алып, тәжірибелі қызметкерлер азаяды, бұл жағдай қылмыстық істі тергеу жұмысына теріс ықпал етеді. Сондықтан, жас мамандарға қызметте өздерінің кәсіби біліктілігін арттыра отырып, адам тағдырын шешуде адал болыңдар дегім келеді, – дейді талімгер.

Қазіргі таңда облыс бойынша ішкі істер саласында 431 әйел қызметкер бар. Олар үйде аяулы ана, асыл жар болса, қызмет барысында «мен әйелмін ғой» деген нәзіктікке бой ұрмай, кешегі Әлия мен Мәншүктің жолын жалғастырып келеді.

ФИБРАТ



Хакім Абай: «Бірі ішеем, жеем, өмірден өтеемнің өмірі. Енді бірі – нағыз өмір», – деп адам баласының өмірін екіге жіктейді. Әрине, біздің арамызда еңбегін бұлдап, қадірін асырмай-ақ қарапайым тұлғаымен үлкен-кішінің құрметіне бөленіп жүрген жандар баршылық. Солардың бірі біз өңгімеге тартқалы Тұрсын Әбдуалиев. Қойнауына құт дарыған, бауырайы төрт түлік малға өріс болған Шаған тауының доктеріндегі Мұсабек ауылында дүниеге келген ауыл баласы кейінгі күндегі талпынысы, табандылығы, ізденгіштігі арқасында жас буынға үлгі болар үлкен адамдық қалпын қалыптастыра алды. Әлбетте, жетпіске келу бар да, қалай келу тағы бар. Тұрсын аға жетпіске басқаларға үлгі болар өзгешелігімен келді. Сондықтан оның өмірі мен өрге еңбегін кіелік қалпын бір екшеп алу кім-кімге болса да керек-ақ.

ЖЕМІСТІ ЖОЛ

Қажет АҢДАС,
"Жетісу"

– Тұрсын аға, өз тұстастарыңыз сіздің кісілік қалпыңызды, адамгершілік ұстанымыңызды, жұмысқа жауапкершілігіңізді біледі. Сондықтан да сыйқұрметке бөленіп, жетпіс деген белеске сергек, сезімтал қалпыңызбен жеттіңіз. Десе де, бүгінгі жастар жағы сіздің даналық, ақсақалдық, бедел биігіне көтерілген кезіңізді білсе де, сол биікке қалай жеткеніңізді біле бермейді. Бұл тұста, мені, жастардың көкейінде жүрген «Бала Тұрсын, дана Тұрсынға қалай айналды екен», – деген сұрақ ойландырып отыр. Мұны өзіңіздің аузыңыздан тыңдасақ?

– Әрине, мейлі қоғам қайраткері, өнер адамы немесе сұрым жолаушы болсын, оның өзіндік өмір белесі, бастан кешірген ыстық-суық қайшылықтары, қалыптасу кезеңі болады. Кейде, сенің басқан ізің, сол барыста көрген, көкейге түйген ақиқаттарың жинақтала келіп, сенің келешек болмысыңды жасайды. Былайша айтқанда, іскерлігің мен табандылығың бір арнаға тоғысса, жолай кезіккен кедергілерге мойымай алға ілгерілей алсаң, алынбайтын қамал болмайды. Өлдекімдерше бала күнімде жазушы, журналист немесе басқа өнер адамы болмын деп армандадым деп айта алмаймын. Бірақ ауыл ақсақалдарынан алған таза да, кіршіксіз кісілік, адамгершілік қасиетті есіме сақтап өттім дей аламын. Бұл менің өмірлік ұстанымым болды. Құжатымда жазылғандай, 1939 жылы қазіргі Кексу ауданының Мұсабек ауылында қарапайым шаруа отбасында дүниеге келдім. Дей тұрғанмен, көп балалы отбасының қызығы мен қуанышына бөленіп, бауырларыммен асыр салып ойнаған қоңыр дөндер мен арманға жетелеген көк белдер көкейімнен бір кетпейді. Орта мектепті қатарластарым сияқты жақсы нәтижемен тамамдасам да, мектепті бітіре сала қойшы таяғын қолыма алдым. Мүмкін, әкемнің бір ойлағаны бар шығар, ол кезде «шопан» атанудың өзі де қадірлі кәсіп саналатын. Тіпті, үш жыл шопан болғандар жоғары оқу орнына емтихансыз қабылданып жататын. Кейде осындай үмітке алданып, шыдай беруге көнсем де, алыс отарда мал соңынан салпақтау маған ауыр тиді. Қыңырлыққа салынған кездерім де аз болған жоқ.

Мені шопандықтан немере әкем Момын Берсүгіров құтқарды. Ол кісі аңқылдақ, ақкөңіл адам еді. Оның үстіне ол кісінің айтқанын ауыл болып тыңдайтыны тағы бар. Әкемді қалай көндіргенін білмеймін, бір күнде қойшы баладан теміржолшыға айналдым. «Өзі жақсы жігітке бір кісілік орын бар» демей ме, Көпір теміржол бекетінде ұзақ жылдар жұмыс жасаған Әбдікадыр Шойбеков, Батырбай Жаманқұлов сияқты байырғы теміржолшылардың көмегімен жұмысқа төселіп шыға келдім. Айнабұлақ дистанциясының басшылығы мені Жамбыл техникалық мектебіне бір жылдық «бригадирлік» оқуға жіберуді ұйғарды. Ол жерден мен теміржолшы оқуымен бірге, болатжол еңбеккерлерінің шынайы, таза адамгершілігі мен өмірге деген терең сүйіспеншілігін оқып бітірдім десем де болады. Онда бүкіл республикадан 32 адам болдық. Олардың сенімі, жігері, тірлікке құштарлығы осы күнге дейін ойымда жатталып қалыпты. Енді бірде, 1958 жылы әскер қатарына алынған екі мың баланың Үштөбе станысынан аттанғанының жадымда қалыпты. Біз Үштөбеден шығып, он үш күн дегенде Украинаның Львов қаласынан бір-ақ шықтық. Қызығы мен қуанышы, қиындығы мен қынжылысы көп үшжарым жылдық әскери өмір менің болашақ мамандық таңдауыма ықпал етті. 1962 жылы "аға лейтенант" деген шенмен ауылға оралып, тағы да сол меншікті кәсібім теміржолға жұмысқа шықтым...

Мұның бәрін тізбелеп айтып жатуымның да өзіндік себебі бар. Қазір ойласам, әкемнің байламы да дұрыс болған екен. Өйткені, шопандық мені табандылыққа, теміржол – қажырлылыққа үйретті. Кейінгі күндерде кезіккен талай қиыншылықтарды бала күнде бойыма жатталған осы қасиеттерім арқылы жеңіп отырдым. Соңғы жылдарда жазылған туындыларымда сол адамдардың мінсіз қасиеттерін өз кейіпкерлерім арқылы көрсетіп отырдым. Өйткені, олар «Тағылым» атты кітабымда жазғанымдай: «Бәрі де кешегі, бүгінгі тірліктің тізгінін мығым ұстап, өздерінің өмір өріндегі орындарын тапқан тұлғалар. Өншейін көптің бірі ретінде өмір сүру үшін еңбек еткендер емес, жасампаздық жалауын биіктете ұстаған айрықша қабілеттерімен танылған тұлғалар» еді. Ал, әскердегі кезімде өнерге бет бұра бастаған едім. Баян, домбыра тартып, өлең шығаратын болдым. Әскерден оралған соң сонда жазылған мақалаларым Қараталаудақ «Коммунизм жолы» газетінде жиі жариялана бастады. Нәтижесінде, бұл газетте жұмыс істейтін белгілі журналист жеңгеміз Толқынай Қарабекова, Жұмахан Майтжановтардың көмегімен 1963 жылы аталған газетке корректор болып жұмысқа орналастым. Содан бастап менің екінші өмірім, қаламгерлік, журналистік сапарым басталды. Балалықтан шындалуға жету жолым да осылай өрілді.

– Содан бері баспасөз саласында еңбек етіп келесіз бе?

– Жоқ, газетке келсем де, маған ақпарат саласында жұмыс жасау жазбаған екен. Арада отбасының жағдайымен бір мезгіл мұғалім болғаным бар. Оның үстіне, алғаш газетке келгенде білімімнің жеткіліксіздігін аңғарып, оқуға деген ықыласым арта түсті. Ақыры 1966 жылы В. Ленин атындағы Москва мемлекеттік педагогикалық институтына құжаттарымды тапсырдым. Аталған оқу орнын оқи жүріп, марксизм-ленинизм университетінің журналистика факультетін бітіріп шықтым. Кейін Свердлов мемлекеттік педагогикалық институтын, Москва қоғамдық Ілімдер академиясын бітірдім. «Сен саясатпен айналыспасаң, саясат сенімен айналысады» деген сөз бар емес пе? Осыдан кейін ұзақ жылдар жауапты партиялық қызметтерді істеуге тура келді. Осы жылдар аясында Талдықорған облыстық партия комитетінде ақпарат құралдары бойынша нұсқаушы, лекторлар тобының жетекшісі, саяси-ағарту үйінің меңгерушісі, облыстық телевизия және радиокомитетінің төрағасы, сондай-ақ, аудандық, облыстық газеттердің бөлім меңгерушісі қатарлы қызметтерді атқардым. Халық депутаттары облыстық кеңесінің үш шақырылымы бойынша депутаты болып сайландым. Бұл тұста менің саяси санам толысып, кемелденген кезіне жетті. Көзқарасым да, адамдық таным-түсінігім де қалыптасып үлгерді.

Ал баспасөз саласына дендеп кіріскенім облыстық «Октябрь туы» – «Жетісу» газетінің бас редакторы болып қызмет еткен 1985–1996 жылдар аралығында болды. Бұл тұстағы ең бастысы, облыстық газетті басқарып отырсам да ел өміріндегі келелі мәселелерді қозғап, талай мәселенің шешімін тапқанымызды айта аламын. Ауылдағы алғабасар істер, балабақша мәселесі, теміржол, тұрғындарды тұрғын үймен қамту мәселелерін тереңнен талдап, биліктің назарына ұсынып отырдық. Соның нәтижесінде көптеген іргелі істер атқарылып, назардан тыс қалған жайлар шешімін тауып жатты. Осындай құлшыныс барысында бірталай қаламгерлер мен журналистер қауымын тәрбиелеу мүмкіндігіне қол жеткіздік. Атап айтар болсақ, қазіргі күнде республикаға танымал ақын Жұматай Жақыпбаев, Әбен Дәуренбеков, Ордаш Кендіроаев, Кемел Құсайынов, Тоқтасын Сүгірбеков, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Өміре Әрін, белгілі журналистер – Мәулетқан Ақсан, Ғалым Жазылбеков, Қанат Асқаров, Талғат Батырханов, Бағдат Баққожаева, сатирик, жазушы Тұрлыхан Кәрім қатарлылар міне, осы «Жерұйық» газетінің шекпенінен шыққандар. Әрине, олар бүгінгі таңда өзіндік қолтаңбасы бар қаламгерлер болғанымен, олардың қалыптасуына басшы ретінде аз болса да үлесім бар деп аламын. Тағы бір жағынан осы жылдары менің шығармашылық жұмысымның жоғары белеске көтеріліп, «Тоқыраудан толымды табысқа дейін», «Жер мен тер», «Өмір оты өшпейді» атты туындыларым жарық көрсе, «Алтын бағандар», «Келесі күні таңертең» атты екі кітапты аударып, бастырдым. Бұл дүниелерді оқырмандар да жылы қабылдады. Нәтижесінде, 1994 жылы Қазақстан Жазушылар одағына мүшелікке қабылдандым. Он бес жыл бойы Қазақстан Журналистер одағының облыстық филиалын басқардым. 1996 жылы бір мезгіл республикалық «Егемен Қазақстан» газетінің меншікті тілшісі болып қызмет атқара жүріп, ұстаздық салаға ат басын бұрдым. Содан 2002 жылға дейін Қазақ еңбек және әлеуметтік қатынастар академиясында оқытушы болып жұмыс істеуге тура келді. Алайда, бұл жылдары ұстаздық ете жүріп Зылиха Тамшыбаеваның өмірін өзек еткен «Өмір өрінде», «Тағылым» атты екі кітабымды жазып, оқырманға ұсындым. «Еңбегі бардың өнбегі бар» демекші, 2006 жылы Алматы облысының Құрметті азаматы деген атаққа ие болдым.

– Әлбетте, адам есейген сайын өмірден көрген, білгенін екшеп, қайталай ой елегінен өткізіп отырады. Сіз жазушылық пен журналистиканы тең ұстанған және оның қыры мен сырын жетік меңгерген қаламгерсіз. Осы тұрғыдан келгенде, өзіңізді қандай әдебиеттің өкілі санайсыз, журналистикадағы ұстанған бағытыңыз жайлы айтып берсеңіз?

– Біз әдебиет майданына Мұхтар Әуезовтің үлгісімен келдік. Ғабаңның, Ғабит Мүсіреповтің шығармаларын оқи жүріп, ержеттік. Сондықтан болар, көркем әдебиеттегі еңбегіміздің дені ауыл еңбеккерлерінің өмірі мен олардың таза қасиеттеріне бағытталып отырды. Солардың қуанышы мен қынжылысы, өмірдегі таным-түсінігін бейнелеуді мақсат еткен бірқатар дүниелер жаздым. Оқырмандар бұл туралы жақсы бағасын беріп келеді. Әсіресе, менің жазушы болып қалыптасуыма, бедел биігіне көтерілуге себепкер болған туындыларым әр жылдары жазылған көркем очерктер. Журналистикада ұстанған бағытыма келер болсам, ең алдымен әкемнің маған айтқан өсиеті дер едім. Ол кісі маған: «Өтірік айтпа? Адал бол, жеке бастың қамымен әлдекімдерді арандатушы болма?» – деп үйретті. Кейінгі журналистік қызметімде мұны үлгі еткенім анық. Шындықтан таймадым, сол үшін кедергіге ұшырасам да күйрей кетпедім. Осы тұстарда Мырзағали Сеңгалиев, Ырымтай Дәулетов, Тыным Ырысқалиев, Ғайыс Егембердиев сияқты халқының қадірі мен құрметіне бөленген ағалардың аялы алақаны мен ақыл-кеңестері мені қамшылап отырды. Енді бір жағынан мен қоғамдық Ілімдер академиясын бітірген соң, партия комитетінде лекторлар тобының жетекшісі болғаннан кейін саяси мәселелерді талдауды жетік игердім. Саясаттану ғылымының тарихын, теориясын толық білгендіктен өзімді саясаттанушы деп атауға да қақым бар. Мен көріпкел емеспін, алайда, болған жағдайға баға бере алатын саясаттанушымын деуге хақым бар сияқты. «Үш тұғырлы тілден түңілмейік», «Демократия және қоғам», «Басқаруды жоғарыдан реформалау» атты саяптамалық мақалаларымның оқырмандар арасынан кең қолдау тапқаны осыған байланысты. Оның үстіне «Капиталды» терең зерттегендіктен экономикалық мәселелердің бүгіні мен ертеңіне ой жүгірте алдым. Бір кездері Талдықорған облысы таратылып, қиын жағдайлар орын алғанда, қала тұрғындарын ұйымдастырып, облыс орталығын Талдықорғанға ауыстыру мәселесін ашық көтеріп шығып едік. Бұл туралы «Тағылым» кітабымдағы «Вопреки волюнтаризму» атты сессияда сөйлегенімді айтып өттім. Бастамамыз нәтижесіз болған жоқ. Көп өтпей облыс орталығы Талдықорғанға көшті. Бүгінгі облысымыздағы өркенді істерге таңғаласыз. Бұл да менің саясаттанушы ретіндегі талпынысымның дәлелі болары анық. Тағы бір жағынан, өзім ауылдың баласы болғандықтан ауыл шаруашылығы тақырыбында көсілтіп жаза білдім. Теміржол мен мал шаруашылығын жаныма жақын мамандық екенімді жоғарыда айтып өттім. Қысқасы, журналист болып қалыптасуыма ықпал еткен нәрсе – өмірде бастан кешкендерім. Сол барыста жинақтаған пайым, түсінігім.

– Әрине, бұл сіздің өміріңіздің өлшеуіші деуге тұрарлық пікір. Десе де, қазір көбіреулер көркем әдебиеттің дағдарысқа ұшырағанын алға тартып, керісінше, публицистиканың алға озып кеткенін айтып жүр. Тәжірибелі журналист, қарымды қаламгер ретінде осындай көзқарастарға айтар уәжіңіз қандай?

– Иә, біз әдебиет майданына келе бастаған өткен ғасырдың 60-шы жылдары көркем әдебиеттің дүрілдеп тұрған кезі еді. Ол кезде көркем әдебиетке деген қаржылық қолдау барынша жақсы болды. Сын жанры керемет дамыды. Сондықтан жазушылар әр қадамын ақтап, тақырыпты таңдап, өмірде орын алған келеңсіздіктерді көркемдік тұрғыда жеткізуге барынша күш салатын. Енді бір жағынан, қалам тартқан адамдардың алдында Мұхтар бастаған ұлы жазушылар тұрды. Жастар соған қарап ой түзеді, оларға ұқсауға ұмтылды. Дей тұрғанмен, ол тұста идея тәрәзісті болатын. Тек Мәскеудің идеологиясына жұмыс жасағаны да жасырын емес. Қазіргі көркем әдебиеттің кенжелеуіне нарықтық экономиканың әсері болмай қоймады. «Қалтасына қарай кесілетін» жағдай орын алды. Қаржысы барлар өз бетінше кітап шығара беретін болды да, қалтасы таяз жазушылар күн көрудің камымен басқа жолға түсуге мәжбүр болып отыр. Керісінше, журналистика жанданып, ел назарын бұрап алды. Мұның себебі, өткен ғасырда біз өзге биліктің қаулысына сай жұмыс жасап келсек, қазіргі журналистика тәуелсіз елдің болашағына қызмет атқаруда. Былайша айтқанда, ел өмірінде орын алатын күнделікті өзгерістер мен саяси шешімдерді көркем әдебиеттің тілімен халыққа жеткізу қиындады. Журналистика бұл жағынан өте жылдам әрі нақты жауап таба алады. Біз алғаш газетке келгенде саяси тақырыптағы сараптамалық дүниелер одақтың идеология шеңберінен шыға алмайтын. Қазір бұл бағытта қалам тартқан журналистер шоғыры қалыптасты. Оның үстіне, біз бүгінгі таңда Қазақстан деген шектеулі мекенде емес, геосаяси әлемге тәуелсіз ел ретінде ықпал жасай бастадық. Басқасын айтпай-ақ қоялық, ұлы державадан жаңа ғана бөлініп шыққан жас мемлекеттің Еуропа қауіпсіздігі мен ынтымақтастығы ұйымына төрағалық етуі жай нәрсе емес. Осы барыстағы атқарылған шаралар мен жеткен жетістіктерді тек публицистиканың тілі арқылы ғана халыққа нақты, жылдам үгіттеп, таратуға мүмкіндік бар.

– Халқымыз «Жас өседі...» демей ме, өздеріңіздей көргені мен түйгені көп ағалары бар бүгінгі жастар да төселер, жығылып жүріп жол табар. Бірақ қалам ұстаған адамдарға ортақ бір парыз бар. Ол – халқына қызмет ету. Осы тұрғыдан келгенде журналистердің қадірін асыратын, беделін қашыратын не нәрсе?

– Журналистердің қадірін асыратын – шындықты айту. Беделін қашыратын – шындықтан жалтару. Мұнда біз алдымен шындық дегеннің не екендігін парықтай білуіміз керек. Ол үшін сезгіштік, сезімталдық, мәселеге нақты талдау жасайтын қабілеті болғаны жөн. Сонымен бірге, журналист қоғамда орын алған келеңсіздіктерді термелей бермей, бүгінгі дамуымыздың ең өзекті мәселелерін байқай алуы керек. Өзіңіз барлап қараңыз, алғаш тәуелсіздік алған кезде қалай болдық, абдырадық, не істеудің жайын білмей сансырап қалдық. Десе де, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың салиқалы саясатының арқасында бар қиындықты сырып тастап, бүгінгі өркениетті өмірге жеттік. Осыдан он жылдың алдында облысымыз қандай болып еді? Енді ше? Шындық деген міне, осы. Нағыз журналист осы кезеңдердің қайсарлығымен қатар, елді ынтымаққа, береке-бірлікке, ұлтаралық татулыққа үгіттеуі керек. Өйткені, қазақ елі бүгінгі таңда татулықтың құтты бесігіне айналған қасиетті мекен. Қаншама жақсы дүниелер жасалып жатыр. Осы жұмыстардың бүгіні мен ертеңгі болашағын, ол кімдер үшін жасалып жатқан жақсылық екенін халыққа дұрыстап ұғындыруы керек. Тағы да айтамын, шындық деген міне, осы. Мен өмірімде осы ұстанымды берік тұрдым деп ұялмай-ақ айта алатын адамдардың бірімін.

Қоғам болғаннан кейін түрлі жағдайлардың орын алатыны даусыз. Әрине, қазіргі нарықтық қатынастардың салдарынан көпшік қойып, көтермелеп жататын жағдайлар жоқ дей алмаймын. Сондықтан бүгінгі журналистерге қойылар талап та ауыр. Тек жалаң қызығушылық пен бедел жинауды мақсат еткен журналистен үлкен нәтиже шықпайды деген ойдамын. Сөз орайы келгенде айта кетерлігі, қазіргі көптеген (бәрі бірдей дей алмаймын) жас журналистердің теориялық даярлығы төмен. Өйткені, бүгінгі таңдағы оқудың дені ақылы болып кеткендіктен, көптеген жастар диплом үшін ғана оқиды. Журналистика мамандығын бітіргендердің дені еңбекақысы жақсы, беделі биік орындарда жұмыс жасауға ұмтылады да, тәжірибе жинақтауы кемшін түсіп жатады. Қолға байлау, аяққа тұсау болатын жайттың бірі осы.

Өткен жылдан бері Елбасының бастамасымен «Дипломмен ауылға» атты бағдарлама жүзеге аса бастады. Бұл ең ұтқыр, ұтымды жоба дей аламын. Әрине, жастар ауылда шындалуы, өмірді үйренуі керек. Сонда ғана халыққа қызмет ету сынды өмірдің нағыз шындығын жете ұғына алады.

– Өміріміздің өткені мен бүгінін терең білетін адамсыз. Оның үстіне саясаттанушы ретінде бағамдай аласыз. Қазір ұлттық сана, құндылық, тәрбие деген қағидаттар жиі тілге алынып жүр. Мұның өзі ұлттық мәдениетіміздің нығая түскенінің белгісі. Сіздің пайымыңызша осындай жетістікке жетуіміздің себебі неде?

– Халқымызда «Жақсы келсе іске...» – деген нақыл сөз бар ғой. Осыдан он жылдың алдындағы Талдықорғанды көр де, бүгінгі бейнесіне қара. Жасыратыны жоқ, жер мен көктей айырмашылық бар десем артық айтқандық болмас. Оның үстіне қаламызда соңғы жылдары жаңа ғимараттар бой көтеріп, қала көркіне көрік қосылса, салт-дәстүрге сай қазақ үйлері тігілін, қонақжайланып, дастарқанынан ұлттық тағамдар орын алды. Осындай жақсы жағдайлардың бәрі ең алдымен қазақ деген қайсар халықтың үрпағы болғанымыз десек, сол халқын жұдырықтай жұмылдырған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың салиқалы саясатын бір кісідей қолдаған Серік Әбікенұлының облыс басына келуімен қолға алынған шаралар екенін облыс жұрты тегіс біледі. Менің де, қарапайым қала тұрғыны ретінде ризашылығым бөлек. Әсіресе, бізді облыс әкімінің рухани байлыққа деген көзқарасы мен құрметі қуантады. Оның кішіпейіл парасаты, қазақ тілі мен қазақ тілді басылымға деген жанашырлығы, төл тарихымыз бен мәдениетімізге деген қамқорлығы көңілімізді ризашылыққа бөлейді. Сонымен бірге, рухани құндылықты назардан тыс қалдырмаған облыс әкімінің бастамасымен дәстүрлі түрде өтетін аудандардың мәдениет күндері жоғалғанымызды түгендеп, мәдениетімізді қайта оралтты. «Атадан ұлағат» атты ақсақалдар жиыны, ақжаулықты әжелер байқауы ұрпақ сабақтастығына жол салса, тарихта елеулі орын алған тұлғаларға арналған ескерткіштер бірінен соң бірі бой көтеріп, елдіктің беделін өсіріп, жастардың гибратты тәрбие көзіне айналды. Жетісу жеріндегі ақын-жазушылар мен өнер адамдарына арнайы грант бөліп, мәдениетті мәйектетуге серпін бергені өз алдына.

Аудан күндері мерекесін қазіргідей дағдарыс кезеңінде нағыз керекті шара деп білемін. Себебі біз ең бастысы халық рухының жасымайтынын, өнердің өміршең екендігіне осындай мәдени-көпшілік шаралар арқылы көз жеткізіп келеміз.

Ал ұлттық сусындарымызды ұлықтаудың ұрпаққа берері не? Қазір байқасаңыздар, жастар тек ұ-шуға толы кафе, мейрамханада емес, қымызханаларда отырып та әдемі әңгіме айтып, сұхбат құруға болатынын түсініп келеді. Шұбат пен қымыздың денге саулық, бойға қуат, ойға нәр беретінін бағамдай бастады десем қателеспеймін. Ұлттық тағамдарымыз бен сусындарымызды насихаттау арқылы біз ұрпақ саулығы, ұрпақ тәрбиесі, дәстүрді сақтау секілді үш маңызды мәселеде оң нәтижелерге қол жеткізетінімізге сенемін. Осындай игілікті шаралар жастарымызды шынайы отаншылдық сезіміне, елжандылыққа тәрбиелеуде маңызды рөл атқарып келе жатқанын айрықша бөліп айтқым келеді. Бабалар ерлігін мақтан тұтып өскен ұрпақтың рухы қашанда жоғары болмақ. Алдыңғы буын ағалар тек елінің тілін, тарихын, әдет-ғұрпын жетік біліп өскен жастарға ғана елдің ертеңін, мемлекет болашағын сенің тапсырғанын жөн көреді.

– Осындай игілікті шаралардың ұлттық салт-дәстүріміздің ұлықтаумен қатар жастарымыздың шынайы отаншылдық сезіміне, елжандылыққа тәрбиелеуде маңызды рөл атқарып келе жатқанын айрықша бөліп айтқым келеді. Бабалар ерлігін мақтан тұтып өскен ұрпақтың рухы қашанда жоғары болмақ. Алдыңғы буын ағалар тек елінің тілін, тарихын, әдет-ғұрпын жетік біліп өскен жастарға ғана елдің ертеңін, мемлекет болашағын сенің тапсыра аласың.

– Осындай игілікті шаралардың ұлттық салт-дәстүріміздің ұлықтаумен қатар жастарымыздың шынайы отаншылдық сезіміне, елжандылыққа тәрбиелеуде маңызды рөл атқарып келе жатқанын айрықша бөліп айтқым келеді. Бабалар ерлігін мақтан тұтып өскен ұрпақтың рухы қашанда жоғары болмақ. Алдыңғы буын ағалар тек елінің тілін, тарихын, әдет-ғұрпын жетік біліп өскен жастарға ғана елдің ертеңін, мемлекет болашағын сенің тапсыра аласың.

– Өміріміздің өткені мен бүгінін терең білетін адамсыз. Оның үстіне саясаттанушы ретінде бағамдай аласыз. Қазір ұлттық сана, құндылық, тәрбие деген қағидаттар жиі тілге алынып жүр. Мұның өзі ұлттық мәдениетіміздің нығая түскенінің белгісі. Сіздің пайымыңызша осындай жетістікке жетуіміздің себебі неде?

– Халқымызда «Жақсы келсе іске...» – деген нақыл сөз бар ғой. Осыдан он жылдың алдындағы Талдықорғанды көр де, бүгінгі бейнесіне қара. Жасыратыны жоқ, жер мен көктей айырмашылық бар десем артық айтқандық болмас. Оның үстіне қаламызда соңғы жылдары жаңа ғимараттар бой көтеріп, қала көркіне көрік қосылса, салт-дәстүрге сай қазақ үйлері тігілін, қонақжайланып, дастарқанынан ұлттық тағамдар орын алды. Осындай жақсы жағдайлардың бәрі ең алдымен қазақ деген қайсар халықтың ұрпағы болғанымыз десек, сол халқын жұдырықтай жұмылдырған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың салиқалы саясатын бір кісідей қолдаған Серік Әбікенұлының облыс басына келуімен қолға алынған шаралар екенін облыс жұрты тегіс біледі. Менің де, қарапайым қала тұрғыны ретінде ризашылығым бөлек. Әсіресе, бізді облыс әкімінің рухани байлыққа деген көзқарасы мен құрметі қуантады. Оның кішіпейіл парасаты, қазақ тілі мен қазақ тілді басылымға деген жанашырлығы, төл тарихымыз бен мәдениетімізге деген қамқорлығы көңілімізді ризашылыққа бөлейді. Сонымен бірге, рухани құндылықты назардан тыс қалдырмаған облыс әкімінің бастамасымен дәстүрлі түрде өтетін аудандардың мәдениет күндері жоғалғанымызды түгендеп, мәдениетімізді қайта оралтты. «Атадан ұлағат» атты ақсақалдар жиыны, ақжаулықты әжелер байқауы ұрпақ сабақтастығына жол салса, тарихта елеулі орын алған тұлғаларға арналған ескерткіштер бірінен соң бірі бой көтеріп, елдіктің беделін өсіріп, жастардың гибратты тәрбие көзіне айналды. Жетісу жеріндегі ақын-жазушылар мен өнер адамдарына арнайы грант бөліп, мәдениетті мәйектетуге серпін бергені өз алдына.

Аудан күндері мерекесін қазіргідей дағдарыс кезеңінде нағыз керекті шара деп білемін. Себебі біз ең бастысы халық рухының жасымайтынын, өнердің өміршең екендігіне осындай мәдени-көпшілік шаралар арқылы көз жеткізіп келеміз.

Ал ұлттық сусындарымызды ұлықтаудың ұрпаққа берері не? Қазір байқасаңыздар, жастар тек ұ-шуға толы кафе, мейрамханада емес, қымызханаларда отырып та әдемі әңгіме айтып, сұхбат құруға болатынын түсініп келеді. Шұбат пен қымыздың денге саулық, бойға қуат, ойға нәр беретінін бағамдай бастады десем қателеспеймін. Ұлттық тағамдарымыз бен сусындарымызды насихаттау арқылы біз ұрпақ саулығы, ұрпақ тәрбиесі, дәстүрді сақтау секілді үш маңызды мәселеде оң нәтижелерге қол жеткізетінімізге сенемін. Осындай игілікті шаралар жастарымызды шынайы отаншылдық сезіміне, елжандылыққа тәрбиелеуде маңызды рөл атқарып келе жатқанын айрықша бөліп айтқым келеді. Бабалар ерлігін мақтан тұтып өскен ұрпақтың рухы қашанда жоғары болмақ. Алдыңғы буын ағалар тек елінің тілін, тарихын, әдет-ғұрпын жетік біліп өскен жастарға ғана елдің ертеңін, мемлекет болашағын сенің тапсыра аласың.

– Өңгіменіздің соңында Сіздің отбасыңыз жайында айта кетсеңіз. Оның үстіне, «бір мықты қаламгердің артында, мықты әйел заты тұрады» деп те жүрміз. Сіздің беделді тұлға ретінде қалыптасуыңызға үйдегі жеңгеміздің көмегі болды ма?

– Қаламгерлік ауыр жол. Ол үшін үй шаруасын қайырып қойып, апталап алыс жолдарға шығуға тура келеді. Кейде, дүниеден оқшауланып, өз идеяның жетегінде кететін кездерің де болады. Тіпті, басқалардың қалауынан шыға алмай қалып, сүрініп жүретінің тағы бар. Сондықтан қаламгер болу үшін сенің ыстық-суығыңа бірдей көнетін әйел затының болғаны да дұрыс. Қоғамнан қағажу көрсең де, отбасыңнан жылылық тапсаң соның өзі жазушыға бір падишалық. Жеңгең – Рәш Артықовамен елу жылға жуық отасып келеміз. Қазан-ошағының сылдырлаған кездері болған шығар. Бірақ өмірлік мақсатымыз бір жерден шығып отырды. Мен Мәскеуге оқуға аттанғанда үш баламыз болды. Оқуымды бітіріп, ауылға оралғанша бала тәрбиесін өзі арқалап, қиналысын білдірген жоқ. Кейінгі күндері қызмет барысындағы келеңсіздіктерге жолыққанда маған ақылшы болып, қасымнан табылып отырды. Тәубе, осындай ынтымағымыздың арқасында төрт бала тәрбиелеп өсірдік. Үлкен қызымыз Гауһар Мәскеуде оқыды. Қазір Еңбек және әлеуметтік қатынастар академиясында жұмыста, екінші қызымыз Ғалия әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін бітірді, қазір Шымкент қаласында тұрады. Ұлымыз Талғат халық шаруашылығы институтын бітірген, облыстық әкімдікте жұмыс істейді. Кенжеміз Жанар Оңтүстік Кореяның Алматы қаласындағы филиалында есепші. Балаларым маған тартып, қалам ұстамаса да, хал-қадірінше елі үшін еңбек етіп жүр. Тоғыз немере, бір шөбереміз бар.

– Ендігі жоспарыңыз қандай?

– Шамам келсе, ақын, халқының дана перзенті Бақтыбай Жолбарысұлы туралы көркем туынды жазуға дайындалып жүрмін.

– Өңгіменізге рахмет.

СУРЕТТЕ: Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Алматы облысының Құрметті азаматы Тұрсын ӘБДУАЛИ.

АКЦИЯ

ЖАСТАР ЕСІРТКІГЕ ҚАРСЫ

Бүгінде есірткі мәселесі бүкіл әлемнің өзекті проблемасына айналып отыр. Ол еліміздің ертеңін де елеңдетпей қоймайды. Сондықтан «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» демекші, есірткі таратудың алдын алу өте маңызды. Осы мақсатта облыстық прокуратураның ұйымдастыруымен І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында «Есірткісіз жастар» атты кен көлемді акция өтті.

Айнұр ӘБДІРАХЫМ,
"Жетісу"

Акцияның өтуіне облыстық білім беру, балалар құқығын қорғау және денсаулық сақтау басқармалары мен «Алматы облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы» МКК жанындағы «ДОС» жастар денсаулық орталығының өкілдері үлкен үлес қосты. Сонымен қатар, облыстық наркодиспансер қызметкерлері де белсене атсалысты. Шара басталмас бұрын студенттер мен оқушыларға есірткі мен шылым шегу, ішімдік ішудің зияны туралы ақпараттық брошюралар мен бүклеттер таратылып, деректі бейнефильм көрсетілді. Бейнефильмде көрсетілген жантүршігерлік сәттер залға жиналғандардың ешқайсысын бейжай қалдырмады.

– Бір өкініштісі, есірткінің жетегіне кететіндердің басым көпшілігі жастар. Егер біз оларды бұл жолдан аман алып қалмасақ, халқымыздың ертеңі қараң болмақ. Сондықтан аталған проблемаға қарсы халық болып күресуіміз керек. Міне, сонда айтарлықтай нәтижеге жете аламыз. Себебі жалғыз құқық қорғау органдарының күші жеткіліксіз, – деді облыс прокурорының орынбасары Нұрлыхан Құлтаев акцияның ашылу салтанатында.

Келесі сөз кезегін алған облыс прокурорының көмекшісі Айдын Төребековтің айтуынша, республика тарапынан да, облыс тарапынан да есірткімен күрес жұмыстары шаралы жүргізілін, жастардың салауатты өмір салтын насихаттағаны үшін шараны ұйымдастырған облыс прокурорының орынбасары Нұрлыхан Құлтаев пен облыс прокурорының көмекшісі Айдын Төребековке Қазақстан Республикасы Ұлттық орталығының атынан арнайы грамоталарын тапсыра кетті. Өз кезегінде жастардың атынан І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің 3-курс студенті Әлдар Сапаров пен М. Жолдасбеков атындағы академияның 4-курс студенті Дарын Қажыбаева сөз сөйлеп, әрқашан қол ұшын беруге әзір ата буынға шексіз алғыстарын жеткізді.

Салтанатты рәсімнен кейін акцияға қатысушылар назарына І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті мен Талдықорған политехникалық колледжі студенттерінің орындауында Болат Үзақовтың «Жандауа» спектаклі ұсынылды. Акция соңында Нұрлыхан Құлтаев есірткімен күрес барысында белсенділік танытқандарды арнайы дипломмен марапаттады.

БІЗДІҢ ЕЛДІҢ ҚЫЗДАРЫ

Біздің елдің қыздары,
Бәрі сұлу шәттінен.
Қызғалдақтай қырлары,
Нұр тағылды бетінен.
Біздің елдің қыздары,
Бәрі сұлу шәттінен!

Біздің елдің қыздары,
Түнде Айдай ұр жанар.
Көз тартады сұлулы
Ғаухар тастай қырынан.
Біздің елдің қыздары
Бәрі-бәрі су жаңа!

Жүрісін-ай, жүрісін,
Су тиілмес су жорға.
Жұлын алар күлкісі –
Жүректіді бәржоға.
Біздің елдің қыздары
Су тиілмес шын жорға.

Біздің елдің қыздары,
Сұлулардың сұлуы.
Ақылының құйлығы,
Есіңді алар қылығы.
Біздің елдің қыздары –
Сұлулардың сұлуы!

Біздің елдің қыздары,
Талшыбықтай талдырмаш,
Сәуле шашар судағы,
Ақ сағындай алтын шаш.
Біздің елдің қыздары –
Талшыбықтай талдырмаш.

Сан қыздардың ерісі,
Сап-сары емес, ақ сары.
Гүл-гүл сары бірегі,
Сап алтындай күбілген.
Нұр шәкеді шаттығы,
Біздің елдің қыздары,
Сап-сары емес, ақ сары.

Біздің елдің қыздары,
Қыпыл шәрбі ақ күбі.
Сөс көрсетіп жанарды,
Қарағайды шаңқыма.
Біздің елдің қыздары –
Қыпыл шәрбі ақ күбі.

Біздің елдің қыздары,
Бақыт өнді жоғалған.
Өздері де ібілі,
Сөздері де ібілі,
Киім киюге шеберлер.
Біздің елдің қыздары –
Бәрі әдемі жоғалған.


Бұл қыздардың әрбірі,
Ойлық ауыз құлпы көз.
Өмірі ыңғ, сән-сәнмен,
Тауып айтар сөздері көп.
Ұстаз болса бірегі,
Бірі білгір дәрісер.
Сөз айтатын жүйелі,
Бірі бастық жөн білер.

Осы қыздар өз десе,
Өлім кетіп жоғалыпты.
Өлім кетіп қайтадан,
Келіп кете жоғалыпты.
Қабақ шытса соз қыздар,
Сөніп кете жоғалыпты.
Жанып кетсе, зар етіп,
Жаның кете жоғалыпты.
Көңілің бірлесіп,
Сағын кете жоғалыпты.
Көтеріп ән бір жоққа
Алып кете жоғалыпты.

Айналайын, қыздар-ай!
Өмір жоқ қой сендерсіз,
Көңіл жоқ қой сендерсіз,
Мына жарық әлемде
Сендер үшін көлгенбіз.
Талшыбықтың сағайын,
Сендер үшін бергенбіз.
Талшыбықтан қырықпысың,
Сендер үшін келгенбіз.
Шынын айтсақ сендерге
Құдайдай-ақ сенгенбіз.
Айналайын, қыздар-ай,
Бұл өмірде сендерсіз,
Жүре алармыз біз қалай?!

Қанағат ҚАРАШЕВ.

ҰЗЫНАҒАШ АУЫЛЫ,
ЖАМБЫЛ АУДАНЫ.



Ата-баба мұрасы



Оның үй ішіне көрпелермен көмкерілін, өрнекті кілемдермен әшекейленген. Қазіргі балаларының бір айда жинағаннан асы көрпе тігеді екен. Қолөнерінің қалаған шыққан дүниелері алыс-жақын ауыл тұрғындары кезекке тұрып, тапсырыс беріп алып жатыпты. «Ең өтімдісі – қыз жасауы», -деді шебер. «Махаббат» көрпесіне деген сұраныс үлкен. Әр тігкен осындай бір көрпені алдымызға жаңа салды. Келде жүзеге қос аққу жарасымды бейнеленген. Көгілдір жапалақ өсіметтен қамқерілін тігілген аққу екі әлемнің бас қосуы құрметіне арналыпты. әдемі өрнектелген. Бейнелі бұйымнан тігінділің таланының шіктігі байқалады.

Өнер әлемінің патшайымы

Шет елге қонаққа баратындар немесе басқа елде оқып жатқан жастар бұл кісінің қолынан шыққан шағын көрпелерге құмар екен. Олар қазақтың сәнді бұйымдарын ол жақтағыларға сыйға тартуға алатын көрінеді. Шағын көрпешелерді көптеп тігіп, жинап қоюының сыры сонда. Себебі, ол өтімді. Кейде бір адам бірнешеуін бір-ақ алып кететін көрінеді.

– Тауарыңыздың өтімділігінің сыры неде? – дейміз оң сәусағы майысқан келіншектен сыр тартып.

–Алушыларымды мен тіккен жабдықтардың түр-түсі мен сапасы қызықтырады. Мен көрпелердің ішіне таза жүн саламын және оның майда түтіліп, қалың салынуына назар аударамын. Таза жүннен жасалған көрпе жұмсақ әрі жеңіл болады. Ал құрақ түсінің ашық, үйге көтеріңкі көңіл-күй сыйлауына көңіл бөлемін, – дейді тігіншітауарының таңдаулылығының сырын ашып. Үйі қолөнер көрмесіндей. Адам бойымен бірдей етіп жиналған үй жабдықтары бірнеше қатар етіп қойылыпты.

– Бұдан тек көрпелер ғана. Басқалары мына бөлмеде, – деп ол кішігірім мұражайдай үйін аралатып, барын жайып салды. Келесі бөлмеде тек сырмақтар мен түскиіздер қойылған екен. Бірінен бірі әдемі. Өрнектері сан алуан. Біріп бірі қайталамайды. Оның еңбекқорлығы мен шеберлігіне таңғалдық. Мұнша көп қолөнер бұйымы, әй, басқа еш үйде жоқ шығар. Тағы бір бөлмеге ұлттық киімдер ілініпті. Балалардың камзолдары, шалбарлары, қыз-келіншектердің бас киімдері әртүрлілігімен ерекшеленеді. Ал бөстек, жамбас жастық, қоржын бұйымдары өзінше бір әлем.

Қазинешті қолөнермен шұғылдануға анасы Әсиа бауыпты. Ол кісі өрнек жасағанда көз мөлшерімен-ақ бірнен бірі аумайтын, көлемі бірдей оюларды сызбасын сызбай-ақ тіге береді екен. Сол шеберлік Қазинешке де қонған.

Шебер кестенің қалай тігілетінін көрсетті. Ине кергілеп матаның бетінде ой өрнек салатындай. Қолы епшеп ғана жылжып отырды. Ал сан алуан өрнек, ою кергілеп матаның ажарына ажар кіргізіп жатты. Тігіншіге кіріскенде сол ою әлемнің биржолата ешп кетеді екен. Тіпті қарап тұрған бізді де ұмытты. Бар пейілі өрнекке ауған. Шын пейілден шыққан дүние ғана осындай әлемі болса керек. Кәсібін әбден меңгергендігі байқалады. «Талаптыға нұр жауар», деген осындай еңбеккор жандарға арналып айтылғандай. Оның көз майын тауыса істеген жұмысы еленбей қалған жоқ. Облыс, аудан көлеміндегі көрмелерде жеткен жетістіктері баршылық.

Анасынан мұра болған қолөнер Қазинештің келіні Сәулегүл мен қызы Сайрагүлге де қоныпты. Немерелері – Ақмарал, Ажар, Аружандар да қиық қылып, кесте тігуге құмар көрінеді. Балпық би кентіндегі «Лэйла» дүкенінен орын алған Қазинеш саудасын сонда жасаған. Қапр дүкеннің жабдығына байланысты ол көрпе-жастықты үйден сауда жасайды. Тапсырысты ауыл-аймақтың адамдары-ақ жаудырып тастайтын көрінеді. «Алдағы айда 36 көрпе тігуім керек», - дейді ол жұмысының жүріп жатқанын қуанышпен жеткізіп.

Тігіншіөткен жылы Алматы облысындағы шағын кәсіпкерлікті дамыту саласындағы жетістіктері үшін конкурсында «Қолөнер және халық кәсіпшілігі саласындағы ең үздік кәсіпкер» аталымында 2- орынды иеленген. Ұлттық өнерді жандандыруды мақсат еткен шебер тапсырыс берушілер болса қазақ үй жабдықтарын да жасауға дайын екендігін айтады.

Өнерді жан өзінің көрпе тігіп отырып өлең шығаратынын да жасырмады. Мына бір өлеңі «Адам қазақ болған соң» деп аталыпты.

Жылқының тақ атырған,
Қосқа бармай кетпеймін.
Ауылдың шақырған,
Досқа бармай кетпеймін.
Той кездесе ауылда,
Айтыспай бір кетпеймін.

Иә, өнерді жан осылайша қазақы дәстүрді өлеңге қосады. Оның бойында әлі де ашылмай жатқан өнер, сыр бардай көрінді. Мүмкіншілік болса, қолынан келгенін әлеуметтік көмек ретінде басқаларға да үйретікісі келетінін айтады шебер. Оны ұйымдастыру, әрине, жергілікті басшылықтың құзырында.

Жеті баланың анасы қазақы қолөнерді жандандыруға оны жастарға үйретуге барын сала еңбектенуде. Қолөнерді кәсіп еткен жан отбасының нәпақасын да осы еңбегінен табуда. Оның әлемі оюлар мен кестелер.

Гүлжан МҰҚАШҚЫЗЫ.

Суретті түсірген ЖҰМАБАЙ.



ЖҰМАБАЙДЫҢ ФОТОСЫ.

Әлпештеген әкеңнің аппақ қызы ең,
Ақ келін боп аттадың босағаны.

Мерекелік сауал

Анаңа қандай сыйлық ұсынасың?

Алма ЕСЕНБАЕВА, «Жетісу»

Әрбір бала үшін «Ана» дегеннен артық ыстық сөз жоқ. Сондықтан да аналардан бұрын 8 наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесін балалар асыға тосатыны белгілі. Өйткені, олар өздеріне жарық өмір сыйлаған анасын қуантып, перзенттік ыстық көңілін жеткізуге асығады. Осыған орай мектеп оқушыларына «Анаңа қандай сыйлық ұсынасың?» деген сауал қойған едік.

Айша ТОҚТАРБЕКОВА, Панфилов ауданы, Айдарлы орта мектебінің 6-сынып оқушысы:

– 8 наурыз аналар мерекесі болғандықтан жарық өмір сыйлаған, мен үшін өмірдегі ең асыл адамға сый ұсынбау – сын. Мен жылда анама өзімнің қолөнерімнен туындаған заттарды сыйға тартамын. Мәселен, өткен жылы ленталық көмегімен әдемі раушан гүлін жасап ұсынсам, биылғы жылы ұсақ моншақтан жасаған білезік сыйға тартпақпын. Бұл ретте технологиға өзінен сабақ беретін ұстазымның көмегі мол. Ол кісі бізге: «Дайын сыйлық сатып алғаннан гөрі, қолдан жасап сыйласаңдар, сол сыйлықтың құны артық», – дейді. Менің де анам ұстаз. Сондықтан мен анамды жыл сайын тосын сый жасап, қуантқанды жөн көремін.

Арай ӘБДУАЛИҚЫЗЫ, Текелі қаласындағы №5 мектептің 9-сынып оқушысы:

Мен анама жүрек төрінде жатқан әдемі сөздерімді ұсынып, мерекеге орай жазған өлеңімді сыйға тартқым келеді.

Ұялатып ұлға – бақыт, қызға – әдеп,
Қиындығы самған қанша қатты үшін.
Құлқын болсын мерекеңіз жан ана,
Қарсы алыңыз шын ниетпен шат күлкін.
Орындалып барлық тілек, арманың,
Көңіліңіз құлпы толып, жайланып.
Қуанышын бөлісетін аталмың,
Бұлт маған күлгі дүние тар қалсын.

Балғынбай БОЛАТҰЛЫ, Жамбыл ауданы, Сүйінбай орта мектебінің оқушысы:

Бұл – мен үшін ерекше күн. Өйткені, бір шетінен аналар мейрамы болса, екінші жағынан әкемнің туған күні. Соған қарамастан жыл сайын әкем екеумізді анамызды қуантуға тырысып, сыйлық сатып аламыз. Бес баланы өмірге әкеліп, тәрбиелеп, өсіріп жеткен анамыздың ешқашан қартайып, үлпеңі әдемі болып жүргенін қалаймыз. Сондықтан анамыздың сәнденіуіне аса қажетті заттар сыйлап, қуантқымыз келеді. Сондай-ақ, әкем екеумізге:

«Анашым – күдіретіңе табыналын.
Көрмесең бір күн сені сағынамын.
Анашым қартайғанмың, жеткіншілігің» деген сөздері бар әнді шырқап орындап беремізші.

Міне, балалар жауабынан олардың мерекеге өздігінше дайындалып, анасына тосын сый жасап, қуанышсыйлауы мақсат тұтып отырғандығын көрудеміз. Мәселе сыйлықтың қандай болмағында емес, оны ұсынушы жүректің жылылығында. «Бір қолымен әлемді, бір қолымен бесікті тербеткен» аналар мерекесінің кептемің шуақты күнімен бірге келуі де барша жүрекке жылу шашып, әлемді нұрландырып жеткендей әсер қалдырады. Лайым, шіңга деген тілектері ақ, жүректері шақ бола берсін!

Мамандығы – мақтанышы

АРМАННЫҢ АҚ ШАҒАЛАСЫ



Қыздарды немесе өздерінен кішкентайларды ренжітіп, ұрып, қызығарлық бір дүниесін тартып алып, бұзақылық жасаған үлдарды үстап алып, тартып алған дүниелерді жәбірленушілерге қайтартқызып, өз түсінігінше әділеттік орнатқан болып жүрген бұлдіршін шағында Ғалия Жұмаева заңгер деген мамандықты таңдап, Талғар ауданы прокурорының аға көмекшісі лауазымын атқарып жүретінін білді ме екен?! Әй қайдам, тұла бойындағы табиғи әділеттілік сүйгіштіктің басымдылығынан болар, бала болып ойнағанда ылғи милициянер болып, бұзақыларды үстап, «жазалайтын». Сол кезден бастап мен өскенде милициянер боламын дейтін. Өйткені судья, прокурор дегенді білмейтін ед.

Біраз ес кіре келе, яғни 13-14 жас шамасында ауылдағы кейбір азаматтың бір-біріне деген қарым-қатынастары, колхоз басшылары мен жұмысшылар арасында болып жататын әділетсіздіктен туындаған кейбір дау-дамайларды естіп, көре жүріп, жәбірленушіге немесе әділетсіздіктен шарасы болмай күйінген ауыл тұрғындарына көмектесе алмайтындығына, қолынан ешнәрсе келмейтіндігіне қатты күйініп, сондай жандардың қамқоршысы болсам, соларға дұрыс ақыл-кеңес берсем деген оймен, заңгер мамандығын таңдау туралы түбегейлі шешімге келгені күні кеше ғана еді. Зымырған уақытта тоқтам бар ма?!

Бұл шешімін «милицияның жұмысы қыз балаға ауыр болады, одан да мұғалім немесе дәрігердің оқуына барсаңшы» деген әке-шеше мен туған-туыстың ақыл-кеңестері де әсер етіп, бұза алмады. «Жоқ, қайтсем де заңгер боламын, әділеттік орнатумен шұғылданамын» деп, Талдықорған қаласындағы заң техникумына оқуға түстім.

Екі жыл студенттік өмір тез өте шығып, патриоттық рух бойын кернеп, өскімет тегін оқытты, қайда жіберсе сонда барамын деген ол сол кездегі Целиноград облысы Балқашино ауданындағы ауылшаруашылық басқармасына жолдамамен жас маман ретінде заңгер қызметіне жіберілді. Ауылдан 50 шақырым Талдықорған қаласына ғана шығып жүрген 19 жастағы қыздың республикамыздың ең шалғай ауданынан бір-ақ шыққандағы көңіл-күйін көзіңізге елестетіп көріңізші. Сонда да болса үйін сағынғанын білдірмей тура бір жыл қызмет істеп, 1985 жылдың тамызында Талдықорған қалалық прокуратурасына кеңсе меңгеруші қызметіне келді. Осы қызметті табаны күректей 9 жыл атқарып, бірінші оперативтік қызметіне, яғни Алакөл ауданы прокурорының көмекшісі қызметіне тағайындалды. Бүгінде Талғар ауданы прокурорының аға көмекшісі қызметін атқаруда.

Прокуратура органдарында қызмет атқарып жатқанына 25 жылдан астам уақыт өтіпті, осы мамандықты таңдағанына бір де бір рет те өкінген емес. Өйткені, қызмет бабымен жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтарын қорғап, әділдіктің орнауына қарлығаштың қанатымен су сепкендей болса да септігін тигізуде.

Ғалия Жұмабаевға 2003 жылы Республика күніне орай ҚР Бас прокурорының бұйрығымен алғыс жарияланса, 2007 жылдың наурызында прокуратура органдарында үздік қызмет атқарғаны үшін ҚР Бас прокурорының «Прокуратура озаты» деген ерекше белгісімен марапатталды, сондай-ақ 2008 жылы облыс прокурорының бұйрығымен алғыс жарияланды. Еңбек жемісі арта бергей деп біз де тілек қосамыз.

Нұрбол ОМАРБЕКҰЛЫ.

ТАЛДЫҚОРҒАН.

Ұлы жеңіске – 65 жыл

Тарих қойнауында қалған Ұлы Отан соғысына 65 жылдан соң зер салар болсақ, адам баласының басына түскен зұлмат пен қайғы-қасіреттің себебін таппай қиналасың. Осы орайда, тіс-тырнағына дейін мұздай қарулаған неміс әскерлеріне жайбарақат жатқан, тіпті соғысқа әзірлігі де жоқ Кеңестер Одағының солдаттары қалай төтеп берді екен деп те ойлайсың. Бүгінгі жастарға да соғыстың жеңісі емес, осы жеңісті жақындатқан ерлікжігерді түсіндіру өзекті түйіннің бірі болмақ. Жеңіс қан майданда қару ұстап, ысқырған оқтың өтінде жүрген жауынгерлер ерлігімен ғана өлшенбейді. Сол ерлікке себепкер болған ынтымақ пен бірліктің беріктігімен салмақтанады.

ӨМІРГЕ ҚҰШТАРЛЫҚ



Қажет АНДАС, «Жетісу»

Осы ретте қан майдандағы ұрысқа азық-түлік, құрал-жарақ, оқ-дәрі таситын теміржолшылар ерлігі ерекше ардақтауға татиды. Өрине, Кеңес өкіметі теміржол жүйесін екінші армия ретінде қарастырып, ондағы жұмысшыларды майданға аттандыруға тыйым салды. Дей тұрғанмен, ұрыс шептеріне тікелей тасымал жұмысын атқаратын шойынжолшылар үнемі өлім мен өмірдің арасында жүрді. Сол қатарда жетісулық қазақ қызы Алтынай Есболатова үш жыл, тоғыз ай ажал сепкен азапты күндерді бастан кешірді. Матай станысы бүгін де солтүстік пен шығысқа ағылған поыздардың үнемен тақ атырып, кеш батырады. Ондағы жұрт шойынжолдың осы бір мазасыз тірлігіне кәндігін, напақасын тауып келеді. Бұл мекеннің аты айдай әлемге таныс. Оның бір себебі Калашников автоматына қатысты болса екінші ден, аядай ауылдың тұрғындары батыр қызы Алтынайдың атымен өрілетін ерлік істермен мақтанатыны белгілі. Апамыз 1923 жылы Ақсу ауданына қарасты Бұрған ауылдық советінде дүниеге келді. Ол туста жаз жайлау, қыс қыстауда кең көсіліп жататын қазақ ауылдарына кеңестік саясаттың қысымы дендей бастаған еді. Қолында барын ұжымға өткізіп, жер сипап қалған қазақ ауылдарының бір бөлегі шет ел асып кетіп жатты. Ал атақонысын қиып, алысқа кете алмаған жұқана жұрт келесі күнге деген сенім мен жігерді ұштап, тірі қалудың қамымен теміржолдың қара жұмысына бел шеше кірісті. Осындай шақта Жайнақ атаның үйіне қуаныш болып, Алтынай әмірге келді. Бұл қуаныш Ақсудың оң жақ, сол жағын сонау Құрақсуға дейін мекендеген қазақтың елге өлеңшілігімен танылған шешесі Қамиланың шабытын да аша түсті. Бірақ, жұпыны үйге жылылық сыйлаған сәбиге әке-шеше қызығын көру жазбаған сынайлы. Шілдеңің ыстығы, қаңтардың аязында теміржолдың тоқпын жібітемін деп еңбек етіп жүрп әкесі өмірден өтті. Ал анасы мен ағалары жұмбақ күйінде бақылық болып кете берді. Енді ес болады-ау деп жүрген әпке-жездесі Шәкен мен Айтқожадан да көз жазып қалды. Әке-шешесінен айырылғанда көз жасын көл еткен жас қыз бірте-бірте қайсарлана түсті.

– Сол ауыртпалықтар жүрегіме із салмай кеткен жоқ. «Ой түбінде жатқан сөз шер толқыса шығады», – деген Асан қайғы тәмсілі осыдан қалса керек, – деп күрсінеді кейуана.

Иә, қиындық біреуді шыңдайды, бәз біреуді ез қылады. Оның жүрегіне от тастап, жігерін жанған да, жаудан кек алуды алдаспанға айналуына дә осы жағдайлар әсер еткен болар.

Қорғансыз қалған бала енді Матайдағы кәшібешісі Шәлипаны паналайды. Осындағы мектептен жетінші сыныпты бітірген соң ешқандай қиындық көрмеді. Балпық би кентіндегі «Лэйла» дүкенінен орын алған Қазинеш саудасын сонда жасаған. Қапр дүкеннің жабдығына байланысты ол көрпе-жастықты үйден сауда жасайды. Тапсырысты ауыл-аймақтың адамдары-ақ жаудырып тастайтын көрінеді. «Алдағы айда 36 көрпе тігуім керек», - дейді ол жұмысының жүріп жатқанын қуанышпен жеткізіп.

Тігіншіөткен жылы Алматы облысындағы шағын кәсіпкерлікті дамыту саласындағы жетістіктері үшін конкурсында «Қолөнер және халық кәсіпшілігі саласындағы ең үздік кәсіпкер» аталымында 2- орынды иеленген. Ұлттық өнерді жандандыруды мақсат еткен шебер тапсырыс берушілер болса қазақ үй жабдықтарын да жасауға дайын екендігін айтады.

Өнерді жан өзінің көрпе тігіп отырып өлең шығаратынын да жасырмады. Мына бір өлеңі «Адам қазақ болған соң» деп аталыпты.

Жылқының тақ атырған,
Қосқа бармай кетпеймін.
Ауылдың шақырған,
Досқа бармай кетпеймін.
Той кездесе ауылда,
Айтыспай бір кетпеймін.

Иә, өнерді жан осылайша қазақы дәстүрді өлеңге қосады. Оның бойында әлі де ашылмай жатқан өнер, сыр бардай көрінді. Мүмкіншілік болса, қолынан келгенін әлеуметтік көмек ретінде басқаларға да үйретікісі келетінін айтады шебер. Оны ұйымдастыру, әрине, жергілікті басшылықтың құзырында.

Жеті баланың анасы қазақы қолөнерді жандандыруға оны жастарға үйретуге барын сала еңбектенуде. Қолөнерді кәсіп еткен жан отбасының нәпақасын да осы еңбегінен табуда. Оның әлемі оюлар мен кестелер.

Гүлжан МҰҚАШҚЫЗЫ.

Суретті түсірген ЖҰМАБАЙ.

ЖҰМАБАЙДЫҢ ФОТОСЫ.

Әлпештеген әкеңнің аппақ қызы ең,
Ақ келін боп аттадың босағаны.

Мерекелік сауал

Анаңа қандай сыйлық ұсынасың?

Алма ЕСЕНБАЕВА, «Жетісу»

Әрбір бала үшін «Ана» дегеннен артық ыстық сөз жоқ. Сондықтан да аналардан бұрын 8 наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесін балалар асыға тосатыны белгілі. Өйткені, олар өздеріне жарық өмір сыйлаған анасын қуантып, перзенттік ыстық көңілін жеткізуге асығады. Осыған орай мектеп оқушыларына «Анаңа қандай сыйлық ұсынасың?» деген сауал қойған едік.

Айша ТОҚТАРБЕКОВА, Панфилов ауданы, Айдарлы орта мектебінің 6-сынып оқушысы:

– 8 наурыз аналар мерекесі болғандықтан жарық өмір сыйлаған, мен үшін өмірдегі ең асыл адамға сый ұсынбау – сын. Мен жылда анама өзімнің қолөнерімнен туындаған заттарды сыйға тартамын. Мәселен, өткен жылы ленталық көмегімен әдемі раушан гүлін жасап ұсынсам, биылғы жылы ұсақ моншақтан жасаған білезік сыйға тартпақпын. Бұл ретте технологиға өзінен сабақ беретін ұстазымның көмегі мол. Ол кісі бізге: «Дайын сыйлық сатып алғаннан гөрі, қолдан жасап сыйласаңдар, сол сыйлықтың құны артық», – дейді. Менің де анам ұстаз. Сондықтан мен анамды жыл сайын тосын сый жасап, қуантқанды жөн көремін.

Арай ӘБДУАЛИҚЫЗЫ, Текелі қаласындағы №5 мектептің 9-сынып оқушысы:

Мен анама жүрек төрінде жатқан әдемі сөздерімді ұсынып, мерекеге орай жазған өлеңімді сыйға тартқым келеді.

Ұялатып ұлға – бақыт, қызға – әдеп,
Қиындығы самған қанша қатты үшін.
Құлқын болсын мерекеңіз жан ана,
Қарсы алыңыз шын ниетпен шат күлкін.
Орындалып барлық тілек, арманың,
Көңіліңіз құлпы толып, жайланып.
Қуанышын бөлісетін аталмың,
Бұлт маған күлгі дүние тар қалсын.

Балғынбай БОЛАТҰЛЫ, Жамбыл ауданы, Сүйінбай орта мектебінің оқушысы:

Бұл – мен үшін ерекше күн. Өйткені, бір шетінен аналар мейрамы болса, екінші жағынан әкемнің туған күні. Соған қарамастан жыл сайын әкем екеумізді анамызды қуантуға тырысып, сыйлық сатып алғаным. Бес баланы өмірге әкеліп, тәрбиелеп, өсіріп жеткен анамыздың ешқашан қартайып, үлпеңі әдемі болып жүргенін қалаймыз. Сондықтан анамыздың сәнденіуіне аса қажетті заттар сыйлап, қуантқымыз келеді. Сондай-ақ, әкем екеумізге:

«Анашым – күдіретіңе табыналын.
Көрмесең бір күн сені сағынамын.
Анашым қартайғанмың, жеткіншілігің» деген сөздері бар әнді шырқап орындап беремізші.

Міне, балалар жауабынан олардың мерекеге өздігінше дайындалып, анасына тосын сый жасап, қуаныш сыйлауды мақсат тұтып отырғандығын көрудеміз. Мәселе сыйлықтың қандай болмағында емес, оны ұсынушы жүректің жылылығында. «Бір қолымен әлемді, бір қолымен бесікті тербеткен» аналар мерекесінің кептемің шуақты күнімен бірге келуі де барша жүрекке жылу шашып, әлемді нұрландырып жеткендей әсер қалдырады. Лайым, шіңга деген тілектері ақ, жүректері шақ бола берсін!

Мамандығы – мақтанышы

АРМАННЫҢ АҚ ШАҒАЛАСЫ

Қыздарды немесе өздерінен кішкентайларды ренжітіп, ұрып, қызығарлық бір дүниесін тартып алып, бұзақылық жасаған үлдарды үстап алып, тартып алған дүниелерді жәбірленушілерге қайтартқызып, өз түсінігінше әділеттік орнатқан болып жүрген бұлдіршін шағында Ғалия Жұмаева заңгер деген мамандықты таңдап, Талғар ауданы прокурорының аға көмекшісі лауазымын атқарып жүретінін білді ме екен?! Әй қайдам, тұла бойындағы табиғи әділеттілік сүйгіштіктің басымдылығынан болар, бала болып ойнағанда ылғи милициянер болып, бұзақыларды үстап, «жазалайтын». Сол кезден бастап мен өскенде милициянер боламын дейтін. Өйткені судья, прокурор дегенді білмейтін ед.

Біраз ес кіре келе, яғни 13-14 жас шамасында ауылдағы кейбір азаматтың бір-біріне деген қарым-қатынастары, колхоз басшылары мен жұмысшылар арасында болып жататын әділетсіздіктен туындаған кейбір дау-дамайларды естіп, көре жүріп, жәбірленушіге немесе әділетсіздіктен шарасы болмай күйінген ауыл тұрғындарына көмектесе алмайтындығына, қолынан ешнәрсе келмейтіндігіне қатты күйініп, сондай жандардың қамқоршысы болсам, соларға дұрыс ақыл-кеңес берсем деген оймен, заңгер мамандығын таңдау туралы түбегейлі шешімге келгені күні кеше ғана еді. Зымырған уақытта тоқтам бар ма?!

Бұл шешімін «милицияның жұмысы қыз балаға ауыр болады, одан да мұғалім немесе дәрігердің оқуына барсаңшы» деген әке-шеше мен туған-туыстың ақыл-кеңестері де әсер етіп, бұза алмады. «Жоқ, қайтсем де заңгер боламын, әділеттік орнатумен шұғылданамын» деп, Талдықорған қаласындағы заң техникумына оқуға түстім.

Екі жыл студенттік өмір тез өте шығып, патриоттық рух бойын кернеп, өскімет тегін оқытты, қайда жіберсе сонда барамын деген ол сол кездегі Целиноград облысы Балқашино ауданындағы ауылшаруашылық басқармасына жолдамамен жас маман ретінде заңгер қызметіне жіберілді. Ауылдан 50 шақырым Талдықорған қаласына ғана шығып жүрген 19 жастағы қыздың республикамыздың ең шалғай ауданынан бір-ақ шыққандағы көңіл-күйін көзіңізге елестетіп көріңізші. Сонда да болса үйін сағынғанын білдірмей тура бір жыл қызмет істеп, 1985 жылдың тамызында Талдықорған қалалық прокуратурасына кеңсе меңгеруші қызметіне келді. Осы қызметті табаны күректей 9 жыл атқарып, бірінші оперативтік қызметіне, яғни Алакөл ауданы прокурорының көмекшісі қызметіне тағайындалды. Бүгінде Талғар ауданы прокурорының аға көмекшісі қызметін атқаруда.

Прокуратура органдарында қызмет атқарып жатқанына 25 жылдан астам уақыт өтіпті, осы мамандықты таңдағанына бір де бір рет те өкінген емес. Өйткені, қызмет бабымен жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтарын қорғап, әділдіктің орнауына қарлығаштың қанатымен су сепкендей болса да септігін тигізуде.

Ғалия Жұмабаевға 2003 жылы Республика күніне орай ҚР Бас прокурорының бұйрығымен алғыс жарияланса, 2007 жылдың наурызында прокуратура органдарында үздік қызмет атқарғаны үшін ҚР Бас прокурорының «Прокуратура озаты» деген ерекше белгісімен марапатталды, сондай-ақ 2008 жылы облыс прокурорының бұйрығымен алғыс жарияланды. Еңбек жемісі арта бергей деп біз де тілек қосамыз.

Нұрбол ОМАРБЕКҰЛЫ.

ТАЛДЫҚОРҒАН.

Ұлы жеңіске – 65 жыл

Тарих қойнауында қалған Ұлы Отан соғысына 65 жылдан соң зер салар болсақ, адам баласының басына түскен зұлмат пен қайғы-қасіреттің себебін таппай қиналасың. Осы орайда, тіс-тырнағына дейін мұздай қарулаған неміс әскерлеріне жайбарақат жатқан, тіпті соғысқа әзірлігі де жоқ Кеңестер Одағының солдаттары қалай төтеп берді екен деп те ойлайсың. Бүгінгі жастарға да соғыстың жеңісі емес, осы жеңісті жақындатқан ерлікжігерді түсіндіру өзекті түйіннің бірі болмақ. Жеңіс қан майданда қару ұстап, ысқырған оқтың өтінде жүрген жауынгерлер ерлігімен ғана өлшенбейді. Сол ерлікке себепкер болған ынтымақ пен бірліктің беріктігімен салмақтанады.

ӨМІРГЕ ҚҰШТАРЛЫҚ

Қажет АНДАС, «Жетісу»

Осы ретте қан майдандағы ұрысқа азық-түлік, құрал-жарақ, оқ-дәрі таситын теміржолшылар ерлігі ерекше ардақтауға татиды. Өрине, Кеңес өкіметі теміржол жүйесін екінші армия ретінде қарастырып, ондағы жұмысшыларды майданға аттандыруға тыйым салды. Дей тұрғанмен, ұрыс шептеріне тікелей тасымал жұмысын атқаратын шойынжолшылар үнемі өлім мен өмірдің арасында жүрді. Сол қатарда жетісулық қазақ қызы Алтынай Есболатова үш жыл, тоғыз ай ажал сепкен азапты күндерді бастан кешірді. Матай станысы бүгін де солтүстік пен шығысқа ағылған поыздардың үнемен тақ атырып, кеш батырады. Ондағы жұрт шойынжолдың осы бір мазасыз тірлігіне кәндігін, напақасын тауып келеді. Бұл мекеннің аты айдай әлемге таныс. Оның бір себебі Калашников автоматына қатысты болса екінші ден, аядай ауылдың тұрғындары батыр қызы Алтынайдың атымен өрілетін ерлік істермен мақтанатыны белгілі. Апамыз 1923 жылы Ақсу ауданына қарасты Бұрған ауылдық советінде дүниеге келді. Ол туста жаз жайлау, қыс қыстауда кең көсіліп жататын қазақ ауылдарына кеңестік саясаттың қысымы дендей бастаған еді. Қолында барын ұжымға өткізіп, жер сипап қалған қазақ ауылдарының бір бөлегі шет ел асып кетіп жатты. Ал атақонысын қиып, алысқа кете алмаған жұқана жұрт келесі күнге деген сенім мен жігерді ұштап, тірі қалудың қамымен теміржолдың қара жұмысына бел шеше кірісті. Осындай шақта Жайнақ атаның үйіне қуаныш болып, Алтынай әмірге келді. Бұл қуаныш Ақсудың оң жақ, сол жағын сонау Құрақсуға дейін мекендеген қазақтың елге өлеңшілігімен танылған шешесі Қамиланың шабытын да аша түсті. Бірақ, жұпыны үйге жылылық сыйлаған сәбиге әке-шеше қызығын көру жазбаған сынайлы. Шілдеңің ыстығы, қаңтардың аязында теміржолдың тоқпын жібітемін деп еңбек етіп жүрп әкесі өмірден өтті. Ал анасы мен ағалары жұмбақ күйінде бақылық болып кете берді. Енді ес болады-ау деп жүрген әпке-жездесі Шәкен мен Айтқожадан да көз жазып қалды. Әке-шешесінен айырылғанда көз жасын көл еткен жас қыз бірте-бірте қайсарлана түсті.

– Сол ауыртпалықтар жүрегіме із салмай кеткен жоқ. «Ой түбінде жатқан сөз шер толқыса шығады», – деген Асан қайғы тәмсілі осыдан қалса керек, – деп күрсінеді кейуана.

Иә, қиындық біреуді шыңдайды, бәз біреуді ез қылады. Оның жүрегіне от тастап, жігерін жанған да, жаудан кек алуды алдаспанға айналуына дә осы жағдайлар әсер еткен болар.

Қорғансыз қалған бала енді Матайдағы кәшібешісі Шәлипаны паналайды. Осындағы мектептен жетінші сыныпты бітірген соң ешқандай қиындық көрмеді. Балпық би кентіндегі «Лэйла» дүкенінен орын алған Қазинеш саудасын сонда жасаған. Қапр дүкеннің жабдығына байланысты ол көрпе-жастықты үйден сауда жасайды. Тапсырысты ауыл-аймақтың адамдары-ақ жаудырып тастайтын көрінеді. «Алдағы айда 36 көрпе тігуім керек», - дейді ол жұмысының жүріп жатқанын қуанышпен жеткізіп.

Тігіншіөткен жылы Алматы облысындағы шағын кәсіпкерлікті дамыту саласындағы жетістіктері үшін конкурсында «Қолөнер және халық кәсіпшілігі саласындағы ең үздік кәсіпкер» аталымында 2- орынды иеленген. Ұлттық өнерді жандандыруды мақсат еткен шебер тапсырыс берушілер болса қазақ үй жабдықт



Төле би:

Атадан ұл туса игі,
Ата жолын қуса игі.
Өзіне келер ұятын,
Өзі біліп тұрса игі.
Жаудан бұққан немені,
Ортасынан қуса игі!



Қаз дауысты Қазыбек би:

Алтын ұяң – Отан қымбат,
Құт-берекең – атаң қымбат,
Аймалайтын анаң қымбат,
Мейірімді апаң қымбат.
Асқар тауың – әкең қымбат,
Туып-өскен елің қымбат.
Ұят пенен ар қымбат,
Өзің сүйген жар қымбат.



Әйтеке би:

Ашу деген ағын су,
Алдын ашсаң арқырар.
Ақыл деген дария,
Алдын тоссаң тоқырар.
Кісі бірге туыспау керек,
Туыскан соң сөз қуыспау керек.
Сөз қуған бәлеге жолығады,
Жол қуған олжаға жолығады.

Жапалақ құс мақтанса,
«Жардан тышқан алдым», – дер.
Жаман адам мақтанса,
«Жақсыны аяғынан шалдым» , – дер.

Тәрбиесіз тексізге,
Ұят пен арды кім берер?
Ағайынға қадырсыз,
Арсыздықпен күн көрер.

АҚТАЙЛАҚ БИ.

АРДАГЕР

АЙЫНА ЕКІ РЕТ ШЫҒАТЫН ГАЗЕТ ІШІНДЕГІ ГАЗЕТ

№7(37)

Бейсенбі, 8 сәуір, 2010 жыл

Ардагерлер пленумы

ДАЙЫНДЫҚ ЖАЙЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Биыл Жеңіске – 65 жыл. Осыған орай елімізде түрлі шаралар ұйымдастырылмақ. Бұл турасындағы мәселелер Астанада өткен «Ардагерлер ұйымы» Орталық кеңесінің V пленумында талқыланды. Әрі Үкімет Жеңістің 65 жылдығын мерекелеу туралы арнайы қаулы қабылдады. Мерекені лайықты атап өту, Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне сый-сияпат жасау, жәрдемақы төлеу үшін тиісті қаражат бөлінбек. Бұл туралы аталмыш пленумда еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Әсел НҮСІПОВА мәлім етті.

Бүгінде елімізде шамамен 15 мыңға тарта Ұлы Отан соғысының ардагері болса, оның мыңнан астамы Алматы облысынан. Мерейтой қарсаңында өткізілген Алматы облыстық ардагерлер кеңесінің V пленумы Ұлы Жеңістің 65 жылдығына дайындық шараларын қарастырды. Облыс әкімінің орынбасары **Серік МҰҚАНОВТЫҢ** қатысуымен өткен жиынға облысымыздағы аудан, қалалардан келген ардагерлер кеңесінің төрағалары, әлеуметтік, білім салаларының басшылары қатысты. Пленумды облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы **Егеубек ДАЛБАҒАЕВ** ашып, жүргізіп отырды.

Жиын барысында Егеубек Даданбекұлы Ұлы Жеңістің 65 жылдығына орай облыстық ардагерлер кеңесінің қатары тағы да төрт адамға толыққандығын айтты. Атап айтсақ, Совет Одағының батыры Иван Косенков, Даңқ орденімен төрт мәрте марапатталған соғыс ардагері Темірғали Исабаевтың жұбайы Шәмшия Шыныбекқызы Исабаева, панфиловшылар дивизиясы жауынгерінің немересі Төлеухан Есеболатов және соғыс ардагері Төленді Кенжебаевтың ұлы Дәулет Кенжебаев. Осындай қошеметке ие болған Шәмшия Исабаева:

– «Ер елсе де, оның ерлігі мәңгілік болып есте қалады» деген рас екен. Расында, Темірғали өмірден озса да, оның аты кейінгі ұрпаққа өнеге болып қалып отыр. Көзі тірісіндегі: «Мен өлмеймін, менің атым тарихта мәңгі қалады»,– деген сөзін тура айтқандай. Ардагердің жұбайы деп елеп-ескеріп жатқандарыңыз үшін сіздерге де аналық алғысымды білдіремін, – деп барша қауымға аналық жылы лебізін жеткізді.

Бүгінгі күнде кеңес мүшелері ұрпақ тәрбиесінде өздерінің өнегелі істерімен көрініп келеді. Ардагерлер ұйымын толықтырған қарияларда да алдағы уақытта өткізілер шараларға атсалысатын болады.

Қарты бар ел – қазыналы ел. Кейінгі ұрпақтың қазынасы болған қарттарымызға барынша көңіл бөліп, құрметтеу облыс әкімі Серік Үмбетовтің де назарынан тыс қалған емес. 2005 жылдан бері 125 ардагердің пәтермен қамтамасыз етілуі осының айғағы. Сондай-ақ, Ұлы Жеңістің 65 жылдығына орай олардың біразына тағы да пәтер кілттері табыс етілмек. Ардагерлерді емдеу, сауықтыру мәселесі де назардан тыс қалмайды. Өткен жылдың өзінде қомақты қаражат бөлініп, 600-ге жуық ардагер сауықтыру орындарында тегін демалып қайтқан.

Пленумда облыс әкімінің орынбасары Серік Мұқанов сөз алып, сұрапыл соғыста ерлік көрсеткен аталарымыз бен апаларымызды Ұлы Жеңістің 65 жылдық мерейтойымен құттықтап, жылы лебізін жеткізді. Оның айтуынша, Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне деген сый-құрмет ерекше болмақ. Үкіметтен берілетін 65 мың теңге жәрдемақыдан бөлек, облыстық бюджеттен ардагерлерге 50 мың теңгеден беру ұйғарылып отыр. Сонымен бірге, әр аудан, қала басшылары да шама-шарқынша карттарды марапаттамақ. Соның ішінде он бір аудан Жеңістің 65 жылдығына орай ардагерлерге пәтер бермекші. Қарттардың денсаулығын сауықтыру мәселесі бойынша да қаражат бөлініп отыр. Серік Мейірханұлы мерекеге қарсаңында әр ардагер назардан тыс қалмайтындығын айтты.

Мерейтой кезінде барлық соғыс ардагері «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына 65 жыл» атты Президент Жарлығымен дайындалған арнайы медальдармен марапатталмақ. Бұдан басқа орталық кеңестің шешіміне сәйкес 300 адамды құрайтын ардагерлер активіне мемлекеттік ордендер, наградалар және Құрмет грамоталары табыс етілмек. Ал қосымша атқарылар істерді жергілікті әкімдіктер белгілейді. Астанада өткен ардагерлер пленумында еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі 32 майдангер мереке қарсаңында Мәскеудегі әскери шеруге қатысатындығын, ал 170-ке тарта қарт ардагердің Астанаға сапары ұйымдастырылатындығын тілге тиек етті. Соның ішінде Алматы облысынан Мәскеуге – 2, Астана қаласына – 10 ардагер баратын болып шешілгендігі облыстық ардагерлер пленумында белгілі болды.

Пленум жұмысынан кейін аудан, қалалардан келген ардагерлер Достық үйін аралап көріп, өнерлі жастардың шағын концертін тамашалады. Сонымен бірге, карттар Талдықорған қаласындағы №9 орта мектептің оқушыларымен жүздесіп, өздерінің көрген-білгендерін, өмірден түйгендерінен сыр шертісті.

Сарби ӘЙТЕНОВА.

КӨШЕДЕ

Мұқағали МАҚАТАЕВ

Мен жолымды берейін, өт, қарағым,
Несін күттің, несіне көп қарадын?
Анасының бергенін саған берген
Аруағынан айналдым текті Ананың!

Жалған-ай!
Жарасымды-ау ізет деген!
Ілген біз өтпенен, сіз өтпенен.
Қасиетін халқының сыйламайды
Атасының дәстүрін күзетпеген.

Десек те жаңа өмір, жаңа заман,
Жақсы ғой бірін-бірі бағалаған.
Түйсіксіз тайлақтардан сақта, Құдай,
Тайраңдап алды-артына қарамаған.

Өтіпті бір-бірінің жолын бағып,
Қарағым, ата-бабаң момын халық.
Өсиетін бабаңның орындай сал,
Одан ешкім кетпейді тоныңды алып.

Мен жолымды берейін, өт, карағым,
Несін күттің, несіне көп қарадың?
Қор болмассың,
құлыны текті Ананның,
Жолын алсаң өзіңдей текті ағаның!..



Акция

Ерлік ескерусіз қалмайды

Генерал-майор И. Панфиловтың басшылығымен жасақталып құрылған 316-атқыштар дивизиясы Отанымыздың тарихына асқан ерлік пен батырлықтың қайталанбас даңқын жазып қалдырды. Отан үшін отқа түскен 28 жауынгердің асқан ерлігі бүгін де ел аузында. Соның бірі панфиловшылар дивизиясының жауынгері Смағұл Төлепқұлов.

Ұлы Жеңістің 65 жылдығына орай «Нұр Отан» ХДП Алматы облыстық филиалы «Ардагерлерді ардақтайық» атты акциясы бойынша панфиловшылар дивизиясының жауынгері Смағұл Төлепқұлов және Ұлы Отан соғысының ардагерлері Тоқтарбай Қанапиянов, Афанасий Зорямен жүздесу ұйымдастырды.

Акцияның мақсаты ардагерлерге құрмет көрсетумен бірге олардың ерлігін кейінгі ұрпаққа паш ету. Орталық саябақтағы Мәңгі алауға гүл шоқтарын қойып, тағзым еткен ардагерлер «Нұр Отан» ХДП Алматы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Айтбай Сейітовтің қабылдауында болды. Соғыс ардагерлерімен жүздесу барысында әр жауынгер өздерінің жүріп өткен өмір жолдарынан сыр шертті. Солардың бірі Смағұл Төлепқұлов Ұлы Отан соғысында қазақстандықтардан құрылған Панфилов дивизиясының құрамында болған. Мәскеуді азат етуге қатысқан жауынгердің бірі. 28 панфиловшы жауынгердің 11-і Жетісудың қырандары еді. Олар: алакөлдік Михаил Безродный, қоғалылық Илларион Васильев, ақсулық Дмитрий Калейников, қаратал-дық Әлиаскар Қожабергенов және Иван Шадрин.

Соғыстан кейін Смағұл Шәріпұлы Кербұлақ ауданындағы Ш. Уәлиханов ауылындағы орта мектепте тарих пәнінен сабақ берді. Он бала тәрбиелеп өсірген қарттың еңбек жолындағы жеткен жетістіктері өз алдына. Ұстаздық жолындағы еңбегі бағаланып, «Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі» атағын иеленді. Бір кездегі панфиловшылар дивизиясының жауынгері бүгінде 88 жаста.

«Ардагерлерді ардақтайық» акциясы бір ай бойына жалғасын таппақ. Яғни «нұротандықтар» облыстың барлық аймағында осындай шараларды өткізуді жоспарлап отыр.

С. ҚАСЫМБЕККЫЗЫ.

Ұлы Жеңіске – 65 жыл



Алматы облысы қорғаныс істері жөніндегі департаментінің ұйымдастыруымен ақпан, наурыз айларында ардагерлердің қатысуымен «Төрт ұрпақтың кездесуі», «Патриот», «Ерлік сабағы» тақырыбында жастарды отансүйгіштікке баулу мақсатындағы шаралар өтсе, облыстық білім басқармасымен бірлесе отырып, облыс аумағындағы мектептерде тәрбие сағаттары жүргізілді.

Ендігі кезекте, Ұлы Отан соғысының және жергілікті атқару органының ардагерлері мен департамент қызметкерлерінің кездесулерін ұйымдастырып, екі буын ортасындағы сабақтастыққа жол ашты. Таяуда департамент қызметкерлері аталған департаментте ұзақ жылдар жұмыс істеген Ұлы Отан соғысының ардагері Михаил Приходькомен кездесіп, ел қорғау мен батырлық жайында әңгіме өрбітті. Аталмыш шара жеңістің 65 жылдығы мен жергілікті атқару органының құрылғанына 92 жылдығына орай ұйымдастырылып отыр. Кездесуді департамент директоры Мұрат Дарманқұлов жүргізіп, алдымен ардагердің өмірі мен соғыстағы ерліктері жайында айтып өтті.

Михаил Борисович 1943 жылы ақпанда Қызылорда облысының Арал қаласынан әскер қатарына алынып, Орта Азия училищесінде оқып, одан соң майданға аттанады. Украин майданында барлаушы болып ұрысқа қатысады. Соғыстан кейін 1945 - 1947 жылдары Ташкент қаласындағы жаяу әскерлер училищесіне түседі. Ал 1947 – 1962 жылдар аралығында КСРО Қарулы күштерінде қызмет етеді. Содан соң жергілікті әскери комиссариатта қызмет ете жүріп, 1972 жылы Талдықорған қалалық әскери комиссариатында бөлім бастығы қызметімен зейнетке шығады. Бірақ әлі күнге дейін жастарды патриоттыққа тәрбиелеуде өнімді жұмыстарын жалғастыруда.

Сөз кезегінде соғыс ардагері соғыс жылдарындағы және әскери қызметте болған кезеңдегі маңызды тұстарын әңгімелеп берді. Көпшіліктің сұрағына да тұшымды жауаптар беріп отырды.

Соңында ардагерге сый-сияпат көрсетілді.

Қажет АНДАС.

Құрмет көрсетілді

Балқаш ауданының аумағында тұратын қазыналы қарияларымыз бен салиқалы әжелеріміз, зерделі зейнеткерлеріміз қызылағаштықтардың жоғалтқанын толтырмаса да кем-кетігін орнына келтіруге белсенді араласып, көмегін қосып жатыр.

Балқаштық ардагерлер үлесі

Нақтырақ айтатын болсақ, тасқын жөніндегі хабарды есті салысымен Көктал ауылындағы ардагерлер Қыстаубаева Гүлжан 15 мың, Базарбаев Дайырбек 10 мың, Исабекова Гүлжан 5 мың, Төлепбергенов Смат 5 мың теңге қаржыны көмек қорына өткізді. Аққөл ауылының ардагері Керімқұпова Нұсқабала өзі мүгедек болса да басқаларға үлгі көрсетіп, зардап шеккендерге 10 мың теңгесін ақ тілегімен қоса жолдады.

Бұдан басқа Бақбақты ауылының ардагерлері Қоғалбаев Сарықтай 10 мың теңге, Медетов Әкешбай 4 мың теңге, Інгенбаев Аслан 4 мың теңге бергендерін хабарлады. Көкжиде ауылының ардагерлері Тезекбаев Әшім зейнетақысынан 3000 теңге, Абдраимов Саймасай 2000 теңге, қалған 15 ардагер 1000 теңгеден қаражат бөлып, қиындықта қалған ағайынға қол-қадарларынша көмек қолын созды. Жалпы Аққөл мен Көкжиде ауылдарынан осынау игілікті іске 58 зейнеткер өз үлестерін қосты.

Қызылағаштық жақындарымызға жәрдем жинау ауданның барлық ауылдарында жалғасып жатыр.

Ү. НЕСІПБАЙ,
Балқаш аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Тағзым

АҚ БАСТАУДАЙ ӘЗИЗ АНА

өзінің 107-ші көктемін қарсы алды



Көгілдір шуағын құшағымен орап, сағыныш сазын жетелеп жеткен көктем айы тағы да табалдырықты аттап, төрге озды.

Нәзіктік пен сұлулықтың бұзылмаған калпын көңілге қондырып, жүрегіне қуаныш құсын ұялатқан көктемнің жайма-шуақ күндерінің бірінде біз іздеп барған Қамила апа Мұңласпайқызы Сауданбекова өзінің 107-ші көктемінің есігін ашып, ұл-қызы, немере-шөберенің ортасында отыр екен.

Әзиз ананы туған күнімен құттықтап жатқандар жетерлік. Ғасырдан аса жолда кездескен талай тауқыметті талмай бастан өткізсе де қартайып қалдым-ау дегенді білдірмей орнынан тұрып қарсы алып, қос қанатын айқара ашқан ана бізді де құшағына алды. Самайын ақ басқан кейуананың ыстық құшағының астынан өмірге деген көңілі, жұдырықтай жүрегінің жаңылмай соққан дүрсілін анық сезген едік.

Өткен ғасырдың басында туып, тірі тарих ретінде бұл ғасырдың басына шаршамай жеткен ақылгөй ана кешегі ақ патша төңкерісін, коммунистік құрылыстың әкелген серіктестігін, ұжымдасу сияқты, аштық, алапат соғыс секілді өмірдің сатыларынан өтіп, көнеден келген жәдігер ретінде бүгінгі тәуелсіздіктің таңына да жеткенін мөп-мөлдір калпында адаспай айтып, әңгіме желісін әшекейлеп отырып жеткізуден әсте жаңылған емес.

Бұрынғы Шелек ауданының Шелек өзені бойындағы Сегеті ауылында 1903 жылы дүние есігін ашқан Қамила апаның өмір дастаны өзінше бір әңгіме.

Бүгінгі қуанышы айналасында жүрген 20 немере, 40 шөбере, 4 шөпшегі десек болады. Ақ бастаудай әзиз ана қазір Қарасай ауданының Райымбек ауылында тұрады. Біз ғасырдан аса өмір кешкен кейуананы 107-ші көктемімен құттықтай отырып, кіршіксіз көңілмен ұзақ өмір тіледік.

Сайлаубек БАЙДҮЙСЕНҰЛЫ.

ҚАРАСАЙ АУДАНЫ.

Байланыс телефондары (Талдықорғанда) 8(7282) 24-38-16, 24-33-02; (Алматыда) 8(7272) 79-13-37, 79-13-86.

ЖЕҢІС ДЕГЕН ЖАЛҒЫЗ СӨЗГЕ СЫЙЫП ТҰР!



Адамзатқа шексіз қайғы-қасірет әкелген дүниежүзілік соғысқа, одан гөрі нақты айтсақ, неміс фашистеріне қарсы Алакөл ауылынан 14500 адам аттаныпты. Төрт жылғы қан-қасаптан соның 7304-і ғана елге оралыпты. Онда да көбі мүгедек, жаралы, жарымжан. «Қаралы қағаз» келіп, хабарсыз кеткен боздақтар қаншама. Бір отбасынан 4-5 азамат майданға аттанып, біреуі де туған жерге оралмаған шаңырақтар бар. Қара жамылып, қайғы жұтқан адамдар соғыстан аман-есен оралған, сүлдері қалып, сіңіріне ілініп жетсе де, солардың көзін көріп, майданнан оралмаған жары мен балаларының өзін көргендей көзайым болып, шат-шадыман қуанышқа бөленді. Соғыстан қайтқан солдаттардың амандығын тіледі. Ол кез «мен соғыстан келдім» деп шалжиып жататын заман емес. Және тұрмыстың бар тауқыметі еңкейген карттар мен бұғанасы бекімеген балалардың, алаканға сап аялар асыл жар мен ардақты аналардың ынғына түскенін көрген ерлер ертеңіне-ақ жұмысқа шығып кетті. Солардың бірі – кәзіргі Қарабұлақ ауылының тұрғыны, жасы жүзден асқан Жекеев Әділбай ақсақал еді.

Оқтан да, оттан да қайтпаған

Серікқазы ШӘРІПОВ, "Жетісу"

Тағдыр Әдекеңді еркелеткен жоқ. Байларды тәркілеу науқаны басталғанда Әділбай сүлу киінің, су төгілмес жорға мініп, қызды ауылды төңкерістегі жоғармаға жаңа ілінген жас жігіт еді. Өкімет бар малын тартып алып, қара жаяу қалдырып, қара жұмысқа салды. Арада екі жыл өтіп, ақсүйек жұттан кейін ажал болып арының аянын ашқын ашаршылық жетті. Ел шыбындай қырылды. Тауында аңы, құмында киігі, көлінде балығы бар деген Алакөлдің өзінде ашаршылықтан адамдар сеңдеп-сеңдеп қалды. Есеңгіреген ел есін енді жиғанда 37-нің ұлмағы басталды. НКВД қызметкерлері бай тұқымы Әділбайды неғып тыныш қойсын?! 1930 жылдары алғаш трактормен отырып, өз сүйегін өзі әзер тартып жүрген «ХТЗ», «ЧТЗ»-лардың айдайтын Әділбайдан саяқ іздеп, әбден дикелетті-ау! Сөйтіп жүргенде сұрапыл соғыс басталды. Әдекеңдер де алғашқылардың бірі болып майданға аттанды. Бірақ әзірлікten кейін қан-қасап соғысқа салды. Соғыстың басында кенес әскерлері қаруы күшті, әзірлігі қапысыз неміс армиясына қарсы "тұла аласұрған" (өзінің сөзімен айтқанда) болып шықты. Осы кезде Әділбайлар Ленинград қоршауында қалды. Революцияның бесігі саналатын ұлы көсем атындағы қаланы жауға бермеуді Кеңес үкіметі мақсат етті. Аксақалдың айтысына қарағанда, қыргын соғыс болып, адамдар қанға бөгіп жатқанда, қоршаудың ішінде қызу жұмыс тоқтамаған. Осы кезің кезінде Әдекең былай еске алады:

– Қаланы ашаршылық жайлады. Түнде самолетпен келіп, төбемізден тамақ тастайды. Ол қала халқына жетпейді. Тамақ тасыған ұшақтарды мекені жерге жеткізбей немістер атып түсіріп жатады. Сөйтсе де, азық-түліктің белгілі бір мөлшері бізге жетеді. Ленинградтың маңайы түгел орман. Командиріміз тамақтың тапшылығынан бірнеше адамды орманға жібереді. Олар жеуге жарайтын өсімдіктің тамырын қазып әкелсін, көже жасайды. Әйтеуір, өлмес аукат. Қатарымыз селдіреп, әбден қалжыраған бізді қоршаудан күтқарып алды. Қайтадан аспық майданға шықтық.

Әдекең бүкіл Еуропаны көктей өтіп, Женисті Германия жеріндe қарсы алады. «Тек Кенигсбергті алғанда ауыр жараланып, госпитальға түстім. Жазылғаннан кейін жорық жолын жалғастырдым. Содан кейін ок та, от та жолаған жоқ», – дейді карт майдангер.

Сұм соғыс Женіспен аяқталып, енді елге қайтамыз деп тұрған Әділбайлардың қуанышы су сепкендей басылады. Бұлардың дивизиясы жаңпоздарға қарсы соғысатын болыпты. «Жазған құлда жазық жоқ». Бұлар бірнеше күннен кейін Қиыр Шығыстан шығады. Үзамай Жапон әскерімен» шабуыл басталып. Тағы да бұрын-соңды болмаған алапат соғыс жер-дүниені тітіретеді. Кванту армиясын талқандағаннан кейін енді елге қайтамыз деп тұрған Әділбайлардың үміті тағы үзіледі. Бұларды шекара күзетіне алып қалады.

Сейтіп, Әділбай Жекейұлы туған ауылына 1947 жылы күзде оралады. Колхозда трактершы тапшы кез. Әдекең байырғы, механизатор. Қайтадан тракторға отырады. Содан 1970 жылы зейнетке шыққанша «темір тұлпарынан» түспейді. Ел еңсесін көтеріп, халық шаруашылығы қалпына келгенше ауылдағы елдің де көргені жоқ. «Көппен көрген ұлы той» деп бәріне де шыдап, бәрін де жеңіп шықтық», – дейді карт майдангер.

Әдекең 10 баланың әкесі. Колхоздың қара жұмысы мен 10 баланың тауқыметін қайыспай көтеріп, солардың ешкімнен кем қылмай өсіріп жеткізді. Бүгінде солардан немере-шөбере сүйіп, бақытқа кенелiп отыр. «Кенигсбергті алғаны үшін», «Германияны жеңгені үшін», «Жапонияны жеңгені үшін» медальдарымен қоса омырауында жиырмадан жуық наградасы жарқыраған Әділбай ақсақалды бүкіл аудан ардақ тұтып, 9 мамыр – Жеңіс күні қарсаңында аудан әкімі ауылға барып, сый-сияпатын жасап тұрады.

Әңгіме соңында Әдекең де өз өтінішін ортаға салды.

– Мен қаруласым Жұбан ақын айтпақшы, «Мың өліп, мың тірілген» қазақтың ұрпағымын. Тәркілеуді де, ашаршылықты да, саяси қуғын-сүргінді де, соғысты да көрдім. Соның бәрінен аман өтіп, еліме кал-қадірімше еңбек сіңірдім. Енді, міне, жасымыз жүзден асып, бойдан қуат, аяқтан әл кетті. Далаға шығып, кіруім мұң болды. Қазір ауылда кенже ұлымның қолындамын. Ұлым жоқта келіншек «дәретханаға апар», – деп қалай айтамын. Сондықтан маған, кәрілікten әбден қажыған карт жауынгерге не аудан орталығы Үшарал қаласынан, не облыс орталығы Талдықорған қаласынан көп қабатты үйден бір бөлмелі пәтер берсе деймін. Қалған өмірімді (мен де енді қанша өмір қалды дейсің) жұнатып жер, дәрет-ханасы ішінде жайлы пәтерде өтсем деп армандаймын. Осы арманымды аудан әкімі Бағдат Қарасаев, облыс әкімі Серік Үмбетов балаларыма басқасөз арқылы жеткізулерінді сұраймын, – дейді майдангер карт үмітпен.

Алакөлде майданнан оралған 7304 адамнан бүгінде 33-ақ қаусаған шал қалды. Елінің тұтастығы, ұрпағының амандығы үшін толарсақтан қан кешкен батыр бабаларымыздың соңғы тілегі ескерусіз қалмас деген ойдамыз.

АЛАКӨЛ АУДАНЫ.



Майдан хаттарынан

Соғыс жылдарында сағынып ауылдан келген хаттар майдан мен ел арасындағы дәнекер еді. «Біз сені күтеміз», деген бір ауыз сөз жауды жеңуге, жеңісті жақындатуға, тіршілікке қол созуға үміт отын тұтатты. «Аман-есен оралып, қара шаңырақка ие бол», деген ана сөзі де алыс та қатерлі жолда жүрген ұлдың жанына медеу болды.

Сарбаз өмір мен өлім арасында жатқанында тас қалтасындағы хат сөздерін қайталап, ата-анасының шырағын сөндірмеу үшін өмір сүруге ұмтылды.

Сондай хаттардың біразы Мұхамеджан Тынышпаев атындағы тарихи-өлкетану мұражайында сақталыпты. Сарғайған хаттар күнді жәдігерлер қатарында. Жартыбастардан астам уақыт әйнек астында тұрған хаттардың сырына үңілдік.

Алакөл ауданы, Жалпызағаш ауылдық округіндегі «Қазақстан» колхозының Тұмар Бұлыбаевқа жіберілген хаттағы жазылардың негізгі мазмұнасы амандықты білуге арналыпты. Хаттың екінші бетінде тұлпар мінген батырдың суреті бейнеленіпті. Бір шетінде ұшып бара жатқан ұшақ. Тағы бір бұрышына қарындашпен ер адамның суреті салынған. Ол әскери киім киіпті. Батыр, ержүрек елдің ұланы ұшақ, жүйрік ат арқылы өзін және басқаларды бақытты күндер үшін күресуге жігерлендіріп сияқты.

Мына бір хатта почта мөрі анық көрінеді. Оңтүстік Қазақстан облысы. Леңгер. Хат 27.3.42 жылы жіберіліпті. «Арқақты ініш Тұрарбек. Аман-есен жүрген болар-сың», деп келіп отбасының жағдайын жазады. Хаттың бүктелген жерінде баланың аты өшіп қалған екен. Ары қарай «... мұзда ойнап жүр» делініпті. Соған қарағанда соғыстың екінші жылында кіші ұрақ болған ба дейсің. Міне, сарбаздар амандық арқалаған хаттар арқылы бала-шағаның, амандығын, ауыл-аймақтың жағдайын осылайша білскен екен.

Жазық таяқ таңба басқандай анық көрінектін мына бір хат 6.11.41 жылы жазылыпты. Онда Филя деген жігіт сүйіктісі Нораға ұрысқа кеткін кіші-кешек аландарын, 7 қарашада соғыс даласына аттанатындарын жазыпты. «Бұл махаббатымыздың сынақтары шағы болар. Мені ойлаған сайын осы хатты оқы, оқи да аман келетініне сен», деп келе бозбала сүйіктісінен хатты мәңгілікке сақтауды өтініпті. Иә, Нора оны шыражайға өткізіп, адалдық пен тәзім және сүйіспеншілік деген ұғымды болашақ ұрпақтың санасына сіңіруді көздепті.

Ол жылдары алысты жақындатқан, жеңіске құлшындырған хаттардың арқалаған жүгі ауыр еді. Ауылдағы ата-ана, ағайын-туыс почташының жолын сағына күтіп, соғыс даласының амандығын білгенше жанын «шүберекке түйді». Өйтпеске, хаттар да сөйлейді, тарихтан сыр шертеді.

Хаттарды оқыған Гүлжан МҰҚАШҚЫЗЫ.

ЖАЗЫЛМАЙТЫН жарақат



Өткен өміріміз зер салсақ, тол тарихымыз батырлар бейнесімен өріледі. Олар ерліктің, ел қорғаудың, парасат пен даналықтың үлгісі болып келеді. Оның үстіне батырлық жайлы әңгімелер жаңылмызға жақын. Бала күнімізден солар жайлы естіп өскендіктен, өзімізді қайсар, қажырлы етіп шыңдауға қашанда дайын тұрамыз. Сондықтан батырларға тазыми етіп, бүгінгі ұрпақтың патриотизмге баулу тапырмас тәрбие тәсілі болып келеді. Үстіміздегі жылы Ұлы Отан соғысының Жеңісіне 65 жыл толады. Тарихи құжаттар бойынша осы ақы-шіры соғысқа өңіріміздең 120026 адам аттанып, оның ішінен 57459-ының отбасына «қара қағаз» келгені мәлім. Тағы бір айта кетерлігі, кешіпе жетсе де, бүгінгі таңда 497 жерлесіміз Кеңес Одағының Батыры атағын алса, оның 96-сы өзіміздің қарақөздеріміздің болғаны қуантады.

Қажет АНДАС, "Жетісу"

Десе де, сол қанды қырғында ерлігі елге жетпей хабарсыз кеткендер қаншама. Солардың бірі – 1897 жылы Ақсу ауданының Жаңатоған ауылында туып, 1941 жылы әскер қатарына алынып, 1943 жылы соғысқа аттанған Қанабек Байтаханов. Әкесінен бір жасында айырылған Нұрсипа Қанабекұлының жадына 1945 жылғы соғыстан қайтқан солдаттарды қарсы ала шыққан сәті сақталып қалыпты. «Соғыс бітті, біз жеңдік» деген хабар ел ішіне жеткенде ес тоқтата бастаған Нұрсипа да көпшіліктің арасында әкесін іздеп, көзінің жасын көп етіп тұрды. Шойынқолдың үнімен бірге солқылдай соққан жүрегіне ерік берген кішкентай қыз анасының аузынан «Бұл, сенің әкең», – деген сөзді естітін шығармын деп үміттенді. Бірақ естімеді. Шара не? Тағдыр оған бұл бақытты жазбаған сынайлы.

Тағы бір жағынан, бақыттан гөрі баянсыз өмір оны сан қырға салып бақты. Бала болып еркелей алмады, жас болып жалындаған кезі де аз. Тіпті, анасы Шарбану Байтаханова екеуінің көрмеген бейнеті, шекпеген азабы қалмады. Соғыстан кейінгі жылдардың машақатты болғанын сол күнді бастан кешкендердің аузынан жиі естиміз. Нұрсипа апамыз осы ауыр кезеңдерді елмен бірге бастан кешті. Қаракөжек кермек етіп, күн өткізді. Ең өкініштісі, ол тұста білікті дәрігер қайда, жанға шипа болар дәрумен де жоқ дерлік. Ауру менден, жаны қиналғанда керосин шіп, дертінен айыққан сәттерін санап бере алмайды. Осындай отбасылық қиындық пен ауру азабының салдарынан өмірден түңіліп кете жаздаған кездері де болды. Бірақ, қиналып, қыстығып жүрген анасы мен нағашы өпкесі Нұржамал Сөкенованың дертіне дерт жамағысы келмеді. Соғыстан мүгедек болып қайтса да отбасының берекесі болып отырған әкелерінің арқасында алаңсыз күн өткізіп жүрген құрбы қыздарын көргенде: «Шіркін, әкем болсашы», – деп армандады. Бәріне шыдады, төзді. «Жүргенге жөргем ілінеді» демей ме, осындай қиналыста жүрген күндерінің бірінде соғыста хабарсыз кеткен нағашы ағасы Шәхмет Сөкенов ауылға оралады. Алабұртып жеткен Нұрсипа ағасынан әкесі жайында бір хабар еститін шығармын деп үміттенді, үміті ақталмады. Десе де, нағашы ағасының көмегімен жағдайлары жақсара түсті. Отау тігіп, отбасын құрды. Дей тұрғанымен, бұл қуаныштa оны ұзағынан сүйіндірмеді, жолдасы қайтыс болып, төрт баламен жесір қалады. Үлкен ұлы қазақы дәстүр бойынша атасының қолында қалады да, үш баланы жетелеп, төркінге оралады. Бір жағынан, балаларына қамқор бола жүріп, 1968 жылы Сарқан ауданында ашылған механизатор даярлау курсына түсіп, оны бітіріп шыққаннан кейін дала көпіп, қоныстанды. Сол жылдары жігіт 1975 жылы Еркін ауылында өйелдер бригадасы құрылып, Нұрсипа осы бригадаға қабылданады. Күнді түнге жалғап, жұмыстан қолы босамай жүрсе де балаларының интернатта алаңсыз білім алып, ел қатарлы өсіп келе жатқанын көріп іштей риза болатын. «Қиындықтың бері артта қалған шығар, ендігі күнімз өрісті болар» деген ананың тілегі тағы да орындалмады. Кенжесі, Қазақстан Республикасының спорт шебері Мұрат Күнгеев сүм ажалдың қармағына ілінеді. Қайғы қабырғасын қайыстырса да «Тірі адам тіршілігін жасайды» демекші, қалған балаларынан үміт күтіп жүргенде үлкен ұлы Талғат Күнгеев әскери борышын өтеп жүрген жерінен соғыс өртіне – Ауғанстанға аттанып кетеді. Арада екі жыл өткенде Талғат жарымжан күйінде үйге оралады. «Айналдырған жау алмай қоймайды» дегендей, арага бес-алты жыл салып, Талғат осы аурудан, өйелі туыт кезіндегі қателіктен дүние салады да оның қос құлыны Нұрсипаға қалады. Әкенің сағынышына баланың күйігі қосылып, енді немерекең ауыртпалығы жүктеледі.

Бұл Нұрсипа апаның өмір көшірмесінің маңызды тұстары ғана. Тағдырдың талай қиындығына мойымаған кейуананың кешегі соғысқа кеткен әкесінің дерегін біле алмай, Ауған соғысының зардабынан қайтыс болған ұлының қасіретін шегіп, бүгіндері немерелерімен бірге аядай бөлмеде қысылысып ғұмыр кешіп жатқаны өкінішті. Бұған Нұрсипа апа кінәлі емес, қайта қоғамның кінәраты басым. Сан қиналысты бастан өткерген ол бүгіндері бұл жайлы ойлағысы келмейді. Тек қарызданып, қауғаланып жүріп ел қатарына қосқан Самал Талғатқызы қазір Талдықорған қаласындағы политехникалық колледжінде оқытушы болып жұмыс істейді. екі баланың анасы үй кезегіне тұрғанына бірнеше жыл өткенмен қолы жететін түрі жоқ. Оны мазалайтыны осы. «Немерелері жайлы өмір кешсе екен» дегенде ететі жасқа толады.

Өрине, біз Ұлы Отан соғысын ел қорғаудың, туған жерді басқыншылардан азат етудің үлгісі ретінде дәріптеп келеміз. Сол жолда қаншама кітап жазылып, ескерткіштер тұрғызылды Бірақ, қаншама тағдырды ойран еткен соғыс жайлы еске алсақ, тек майдангерлер туралы ғана әңгіме өрбіте бастаймыз. Барлап қарасақ аты-шулы соғыстың зардабын майданға қатысқандардан гөрі артта қалған ұрпақтары көрді, көріп те келеді. Сондықтан сол тағдырларды назарға алатын уақыт жеткен сияқты. Сонда ғана санадағы жарақаттан толық айығатын шығармыз.

ЖЕҢІС жауынгері



СУРЕТТЕ: соғыс және еңбек ардагері Қанатай ҚАМЫРҰЛЫ.

Әрқашан алғы сапта

Қанат БІРЖАНСАЛ, "Жетісу"

Биыл 86 жасына келген Қанатай Қамырұлы атанып 1942 жылы Қарасазда туған. Әкесі Камыр 1942 жылы майданға алынып1234-ші армияның 462-бөлімшесінің 350 атқыштар дивизиясында соғыска қатысып, сол жылы Ленинград облысында қаза тапқан.

Соғыс басталғанға дейін ортүрлі жұмыс істеген, жап-жасы болм ағлан, мұғалімдер даярлайтын курс бітіріп, ұстаз болған Қанатай ата 1943 жылы қазан айында майданға шақырылады. Петрозавод қаласындағы 209 запастағы атқыштар полкінде дайындықтан өтіп сержант болады. 1944 жылдың тамыз айынан 1945 жылдың мамыр айына дейін 59 механизатка және 1378 атқыштар полкінде Латвия, Эстония, Польша, Украина бағытындағы соғыстарға қатысты. Бірінші Беларусь майданында генерал Жуковтың қарауында 172 миллиметрлік артиллерияда көліктеуші болған. Қанатай ата Женістен кейін 1946 жылдың мамыр айына дейін Германияның Грабов қаласында әскери кызмет атқарды. Содан кейін туған еліне оралды.

Женісті жақындатуға өзіндік үлесін қосып еліне оралған ол мұғалімдік ісіне қайта кіріседі. 1954 жылдан сөнімге белсенді шаруашылық ісіне араласа бастады. Әуелгі, Киров атындағы колхозларда зоотехник, партия ұйымының хатшысы болды. Калинин атындағы колхозда бас зоотехник, колхоз басқармасы төрағасының орынбасары қызметін атқарды.

1961 жылы жоғары партия мектебін бітіргеп Қанатай Қамырұлы одан кейін Коммунизм колхозын басқарды. Көп жылдар Киров атындағы колхозда басқару бастығы болды. Мал мен егін шаруашылығын дамытты. Іскер басшы, белді ұйымдастырушы, елдің бірыңғай мен тұрғын үйлер білетін айтуға азамат екі дүркін Күрмет Белгісі орденімен марапатталды.

Екі жылдай Текес селолық кеңесінің төрағасы болып қызмет атқарған Қанатай ата 1984 жылы облыстық дәрежеде зейнет демалысына шықты. Зейнет демалысынан кейін де өзі тұрған Сарыжаз ауылында бірсыпыра жыл бөлімше бастығы болып жұмыс істеді.

Иә, ок пен оттың көрген, бейбіт еңбекте өзіндік із қалдырған айтулы, қалың елге танымал Қанатай ата өмірлік жары Нұрила Күшманованың 11 ұл мен қыз өсірді. Шаңырағын шаттыққа толтырды. Ұлдарын ұясына, қыздарын киесіне қондырып, 34 немересін, 9 шөбересін сүйді. Қос бәйтерек ұрпақтарына сәбсын түсіріп бақытты өмір сүріп отырған жайлары бар. Мұндай бақытқа, өнегелі өмірге жетер ештеңе жоқ. Туған өлкесінде жол салып, із қалдырған Қанатай ата туралы сырлары осы.

РАЙЫМБЕК АУДАНЫ.

КҮРКІРЕП КҮНДЕЙ ӨТТІ ҒОЙ СОҒЫС

Тарихта ешбір теңдесі жоқ Ұлы Жеңістің орнауына бізден Алғабас ауылдық кеңесіне қарасты ауыл азаматтарынан майданға аттанған жауынгерлер мен тылдағы еңбеккерлердің де қосқан үлесінің елеулі болғанын мақтанышпен ауызға аламыз.

Ауылдық кеңеске қарайтын кішкентай бес колхоздан Отанын қорғауға 228 адам қатысып, жан аямастан жаумен шайқасты. Отанын қорғау жолында 136 адам қаза болып, қайтпай қалды. Сексен екі адам туған жерге жеңіспен оралды. Біздер еркашанда кешегі жауынгер, бірнеше орден және медальдармен оралған, бұл күнде қайтыс болып кеткен Ұлы Отан соғысының ардагерлері – Атай Жексенбаев, Мұхамеділ Нүсіпбаев, Жүмісқұл Әбдиев, Рахметолла Ибраймов, Жексембай Мыңбаев, Стамшал Омаров, Ахметкерім Қабылов, Байділда Байболов, Дүбек Жұмағұлов, Мүсілім Бөбекұлов, Өскінбай Мұсанов, Наурызбек Мұсанов, Нұрғали Бекбосынов, Қожахан Қожабеков, тағы басқалардың есімдерін мақтанышпен атаймыз. Соғыстан ауылға қайтқандардың хабарын ала алған жағдайда Айнабұлақ бекетінен арба апарып, тосып алатын болған. Елде тарап кеткен мынадай аңыз бар. Бірде Айнабұлақ бекетінен поездан түсетін уақыты хабарланған науатоғандық Нұрбай Абақов пен қызылтоғандық Шоқан Қойбағаровты тосып алуға арба апарған. Поездан түскен екеуі арбаға отырмай, сапқа жүріп кетеді. Ефрейтор Нұрбай қатардағы Шоқанға: «Стройтся, рядовой Қойбағаров, шагом марш!», – деп бұйрық беріп, оны алға салып, өзі соңынан адымдап, екі адам сапқа ауылға жаяу келген. Апарған ат-арба сондырнан адымдал жүріп отырған. Бұл жай бір жағынан олардың армиялық тәртіпке үйренгендіктерін, екіншіден соғыста шыныққандықтарын білдіргісі келгендері болса керек. «Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі» дегендей сол сұрапыл соғыстан ағайындылар Алшынбек, Бидайбек, Дүйсенбек, Ырғайбек Досымбековтер ауылға аманесен оралады. Бейбіт еңбекке қызу араласқан олардың алды 58 жасқа, арты 88 жасқа келіп, туған ауылының топырағында қайтыс болды. Бір үйдем кеткен өрімдей жас Секен, Нұрғали, Қыдырғали, Рысқали Иманбаевтар Отан үшін шейіт болып, туған жерге оралмады. Ағайынды Бексүгір, Байсүгір Қамысбаевтар, Әубекір, Бостан да аласапыран қырғын соғыстан оралмады. Есімдерін есте қалдыруды мақсат тұтқан ауылдастары ауылдың бір көшесін Иманбаевтар атындағы көше деп олардың есімдерін ардақтады.

Басқа да майданнан қайтпай қалған бірнеше соғыс ардагерлерінің есімдері көшелерге берілді. Бұлардың есімдерін мәңгі есте қалдырудың жас ұрпақтар үшін тәрбиелік маңызы бар.

Ұлы Жеңістің 45 жылдығы мерекесіне орай 1990 жылы ауыл орталығынан соғыстан қайтпай қалғандарға арналған ескерткіш обелиск орнатылды. Бұл обелискіде соғыстан қайтпай қалған 144 адамның есімдері жазылған. Ерлік ешқашан да ескірмек емес.

Еңбек майданында да қажырлы еңбегімен жеңісті жақындатуға үлес қосқан тылдағы еңбек ардагерлері бұл күнде қайтыс болып кеткен ақ жаулықты аналар Ажмолтай Кәрмова, Ажарбала Молдабекова, Күмісбек Жансеркова, Күнбала Өсімбаева, Айтжан Барғанова, Әспет Жабекова, Айша Керімбекова, Әнепия Орынбасар Өрісбаева, Сатқынбай Беделбаева, Қантбала, Тойжан Жұмағұлова, Зекікүл, Күлмайра, Несіпбала Досымбековалар, тағы басқалардың есімдерін естен шығармақ емеспіз. Бұлар тәуліпне 3-4 сағат жаңа ұйықтап, таңның атысы, күннің батысы егістік басында бел шешпей еңбек ететін. Бар зауыртпашылық мойындарына алып, ерлердің көтеретін жүгін атқаратын жұмыстарын қажыр-қайрат көрсетіп, шыдамдылықпен қайыспай көтере білді. Соғыстың аяқталуын жеңіспен күткен олар қанша қиыншылық көрсе де қабақ шытпады.

Енді ұрпақ қиямет соғысты көрмей, ашық аспан астында бейбіт өмірдің алғы шебінде тәуелсіздігіміздің гүлін биіктетіп, бақытты өмір сүре берсін деп тілейміз.

Нұртай ҚЫДЫРАЛЫҰЛЫ, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

АЛҒАБАС АУЫЛЫ, КӨКСУ АУДАНЫ.



• Республикамыз Ұлы Жеңісті жақындату үшін орасан үлес қосты. Атап айтсақ, Қазақстан майданға қорғасынның 85 пайызын, мыстың 30 пайызын, көмір мен мұнайдың барлығын өндірді. Сол ауыр жылдарда еліміз майданға 6 миллион тонна бидай, 797 мың тонна ет, 150 мың мініс жылқысын жіберді. Сондай-ақ, еңбекшілеріміз майданға 25 миллион дана жылы киім мен 4 миллиард сом ақша жинап берді.



СУРЕТТЕ: майдангер Қызылбек Алыбаев, зайыбы Дания, баласы Талғат, шөбересі Рахатпен бірге.

(Соңы. Басы өткен санда).

Көпбалалы аналарды «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен наградтау туралы

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН: *Үзінді*

1. Жеті және одан да көп бала туып, тәрбиелегені үшін мына аналар «Алтын алқа» алқасымен наградталсын:

ГЕНЖЕҚАРАЕВА Дина Елеусіновна – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
ГОЛЫ-ОГЛЫ Айша – үй шаруасында, Қаратал ауданы
ДАУТОВА Бүлбұлым – үй шаруасында, Ұйғыр ауданы
ДӘУЛЕТБАЕВА Жұмабике Қасымхановна – үй шаруасында, Сарқан ауданы
ДЕМЕЖАНОВА Күлән – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
ДЕМЬЯН Нина Архиповна – үй шаруасында, Төкелі қаласы
ДЖАНХОТОВА Танта Магамедовна – үй шаруасында, Кербұлақ ауданы
ДОЛАЕВА Нұрғайша Есенгарінқызы – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
ДУБЕКОВА Сағынайым – үй шаруасында, Қаратал ауданы
ДҮЙСЕБАЕВА Тіншәлә – үй шаруасында, Қаратал ауданы
ДҮЙСЕКЕ Зағипа Арапбайқызы – үй шаруасында, Қаратал ауданы
ЕЖЕНОВА Гүлмира Оңайдарқызы – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
ЕЛЕУСІЗОВА Күлбаһар – үй шаруасында, Сарқан ауданы
ЕЛЕУСІЗОВА Айжан – үй шаруасында, Қаратал ауданы
ЕМЕЛЬЯНЕВА Мәриям Төлепқызы – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
ЕРДЕНБАЕВА Жамалхан – үй шаруасында, Райымбек ауданы
ЕРЖАНОВА Қайныш – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
ЕРМАҒАМБЕТОВА Алмагүл Құнылбайқызы – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
ЕРМОЖАНОВА Бақытжамал Ахмединқызы – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
ЕРУЖАКОВА Зарылхан Бірмұхқызы – үй шаруасында, Жамбыл ауданы
ЕСПОЛОВА Айгүл Төлеуханқызы – үй шаруасында, Сарқан ауданы
ЕСТЕУОВА Дарига – үй шаруасында, Сарқан ауданы
ЖАҚЕБАЕВА Аскаркүл – үй шаруасында, Сарқан ауданы
ЖАҚЫПОВА Нұрсәуле Адамбайқызы – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
ЖАҚСЫБАЕВА Шәйімхан Дәулетбекқызы – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
ЖАРЫКОВА Татьяна Владимировна – үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы
ЖОДІРОВА Қанип Ахмединқызы – үй шаруасында, Сарқан ауданы
ЖЕКСЕМБАЙ Шолпан – үй шаруасында, Қаратал ауданы
ЖЕКСЕНБЕКОВА Күлсұмкан – үй шаруасында, Ұйғыр ауданы
ЖЕЛДІКБАЕВА Қанымхан – үй шаруасында, Ұйғыр ауданы
ЖОЛДЫБАЕВА Күлпада Шәлекқызы – үй шаруасында, Сарқан ауданы
ЖОЛДАҚСЫНОВА Күлзия Жүнісқызы – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
ЖӨНЕУБАЕВА Аяш – үй шаруасында, Қаратал ауданы
ЖҰМАРОВА Зергүль – үй шаруасында, Ұйғыр ауданы
ЖҰНІСОВА Қадиша – үй шаруасында, Қаратал ауданы
ЖҰНІСОВА Сәуле Оңдасынқызы – үй шаруасында, Сарқан ауданы
ЖЫРҒАЛБАЕВА Дәмелікан – үй шаруасында, Көксу ауданы
ЗАЙСЕРИЯ Хуаньжи – үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы
ЗАКІРОВА Халидам Нұрдуновна – үй шаруасында, Ұйғыр ауданы
ИБРАГИМОВА Тұмарқан – үй шаруасында, Ұйғыр ауданы
ИМАНБАЕВА Мәйгүл Батырмұратқызы – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
ИСАЕВА Зағира – үй шаруасында, Райымбек ауданы
ИСПАНОВА Рәшидә – үй шаруасында, Қаратал ауданы
КАЛКИНОВА Хайрниса – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
КАПАНОВА Любовь Леонидовна – үй шаруасында, Қаратал ауданы
КАСЫМОВА Ризвангүль Толеевна – үй шаруасында, Талғар ауданы
КӨКІЕВА Кәмшат – үй шаруасында, Көксу ауданы
КӨМПИЕВА Күлзия Байболқызы – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
КЕНЕСБАЕВА Айнур Әбікенқызы – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
КНЫШ Галина Алексеевна – үй шаруасында, Сарқан ауданы
КНЯЗЕВА Ирина Николаевна – үй шаруасында, Төкелі қаласы
КОНЫШЕВА Светлана Николаевна – үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы
КОХТЭЭ Минуза – үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы
КОЧАШВИЛИ Пали Хасисовна – үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы
КӨКЕН Арапхан – үй шаруасында, Төкелі қаласы
КРИВАНОВСКАЯ Валентина Ивановна – үй шаруасында, Сарқан ауданы
КУЗНЕЦОВА Людмила Владимировна – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
КУРМАЕВА Мукадас Рафиковна – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
КУЗДЕКБАЕВА Раушан Мырзахметқызы – үй шаруасында, Қаратал ауданы
КУНДЕБАЕВА Жанна – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
КУСЕБАЕВА Куанжан Егісбайқызы – үй шаруасында, Сарқан ауданы
КУШКЕБАЕВА Күлжан Жүнісқызы – үй шаруасында, Сарқан ауданы
ҚАБАЕВА Жұмаш – үй шаруасында, Сарқан ауданы
ҚАБЫЛДАЕВА Сақыпжамал Рахметолдақызы – үй шаруасында, Панфилов ауданы
ҚАДЫРБАЕВА Жарқынбала – үй шаруасында, Сарқан ауданы
ҚАДЫРБАЕВА Оралғайша Шәйтқызы – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
ҚАДЫРОВА Бүбіхан – үй шаруасында, Ұйғыр ауданы
ҚАДЫРХАН Сәуле – үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы
ҚАЗБАНОВА Айнұмс Шәтбайқызы – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
ҚАЙЫПБАЕВА Күнімай Қайыпбайқызы – үй шаруасында, Райымбек ауданы
ҚАНЫРБЕКОВА Гүлмира Кәрібайқызы – үй шаруасында, Қаратал ауданы
ҚАЛИЕВА Гайша Тәшенқызы – үй шаруасында, Қаратал ауданы
ҚАЛИЕВА Төлеухан – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
ҚАРАЖАНОВА Уражан – үй шаруасында, Ұйғыр ауданы
ҚАРАТАЕВА Күлзи Кәрімқызы – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
ҚАСЕН Жұман – үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы
ҚАСЕНОВА Кемелхан Мұхатайқызы – үй шаруасында, Кербұлақ ауданы
ҚАСЫМБЕКОВА Тансұлу Аязбекқызы – үй шаруасында, Райымбек ауданы
ҚАШҚАНОВА Тұмарбала – үй шаруасында, Қаратал ауданы
ҚНАЛБАЕВА Алмагүл Жұмағалиқызы – үй шаруасында, Талғар ауданы
КӨКСАСАНОВА Гүлдәрия – үй шаруасында, Ұйғыр ауданы
КӨЛТАЕВА Зәйнеткен Ауғанбайқызы – үй шаруасында, Райымбек ауданы
КОНАКБАЕВА Алмагүл Алмасханқызы – үй шаруасында, Сарқан ауданы
ҚОЖЕНЕВА Күлпан – үй шаруасында, Қаратал ауданы
ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА Бүбіш – үй шаруасында, Балқаш ауданы
ҚҰМАРБЕКОВА Зейнеткан Сыпатайқызы – үй шаруасында, Панфилов ауданы
ҚҰНАНБАЕВА Лайли Дәулетханқызы – үй шаруасында, Қаратал ауданы
ҚҰРМАНБЕКОВА Тұрсын – үй шаруасында, Қаратал ауданы
ҚҰРМАНҒОЖА Шәуілдір – үй шаруасында, Сарқан ауданы
ҚУСАЙЫНОВА Төлеутай Тілеужанқызы – үй шаруасында, Сарқан ауданы
ЛЕВИНА Галина Николаевна – үй шаруасында, Сарқан ауданы
ЛЕЙМАНОВА Нұрхамал Рамазанқызы – үй шаруасында, Райымбек ауданы
ЛИМАНСКАЯ Любовь Ильинична – үй шаруасында, Талғар ауданы
ЛУКЬЯНОВА Күлсазира Нұрайқызы – үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы
МАҒРУФОВА Айсара – үй шаруасында, Сарқан ауданы
МАЙРМАНОВА Қасым – үй шаруасында, Ұйғыр ауданы
МАҚАНОВА Өнеш Кәпқасарқызы – үй шаруасында, Қаратал ауданы
МАЛДЫБАЕВА Күлайым – үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы
МАМУТОВА Махинур Токешевна – үй шаруасында, Талғар ауданы
МАМЫРБАЕВА Рабиқан – үй шаруасында, Ұйғыр ауданы
МАМЫРХАНОВА Келеңкан – үй шаруасында, Ұйғыр ауданы
МАНАҚБАЕВА Сәлқынай Тұрлыханқызы – үй шаруасында, Панфилов ауданы
МАРЧЕНКО Надежда Алексеевна – үй шаруасында, Сарқан ауданы
МАТАНБАЕВА Сайранкүл – үй шаруасында, Ұйғыр ауданы
МАТҚАЛИЕВА Бикенді – үй шаруасында, Сарқан ауданы
МӘСӘЛІМОВА Рысқан – үй шаруасында, Қаратал ауданы
МЕДЕУҚҰЛОВА Нұрлайша – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
МЕҢЛЕМБЕКОВА Жамиля Әбілқызы – үй шаруасында, Ұйғыр ауданы
МОМБЕКОВА Анар Тәжібайқызы – үй шаруасында, Қаратал ауданы
МҰБАРЕКОВА Дилбар – үй шаруасында, Ұйғыр ауданы

МҰТАШОВА Алтынашы – үй шаруасында, Көксу ауданы
МҰҚАШЕВА Мақап – үй шаруасында, Қаратал ауданы
МҰРАТХАНОВА Күлаш – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
МҰСА Күзеткан – үй шаруасында, Сарқан ауданы
НАВЫДХАН Рита – үй шаруасында, Сарқан ауданы
НАҚИПОВА Оралғайша Нұрешқызы – үй шаруасында, Қаратал ауданы
НЕСІПБЕКОВА Күншарап – үй шаруасында, Ұйғыр ауданы
НИЯЗОВА Розбуви Тохтахуновна – үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы
НИЯЗОВА Алмас Шамилович – үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы
НУРАХУНОВА Айнабуви – үй шаруасында, Ұйғыр ауданы
НҰРБАЕВА Күлән – үй шаруасында, Қаратал ауданы
НҰРСЕЙІТОВА Тұрсынкан – үй шаруасында, Ұйғыр ауданы
НҰРСЕЙІТОВА Несипті – үй шаруасында, Ұйғыр ауданы
НҰРТАЗАНОВА Тынысжан – үй шаруасында, Сарқан ауданы
НҰРЫМХАН Күлзи – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
НҰСПОВА Кенжекан – үй шаруасында, Панфилов ауданы
ОМАРОВА Қанипа Ахметқызы – үй шаруасында, Кербұлақ ауданы
ОМАРОВА Күлғайша – үй шаруасында, Қаратал ауданы
ОРАЗБАЕВА Сәбеткан Тұрғынбайқызы – үй шаруасында, Кербұлақ ауданы
ОРАЗБАЕВА Қалиша – үй шаруасында, Қаратал ауданы
ОРМАШОВА Айгүл Жақсылыққызы – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
ОСПАНӘЖАНОВА Раушан – үй шаруасында, Қаратал ауданы
ОСПАНОВА Гүлжанат Сәбетжекқызы – үй шаруасында, Сарқан ауданы
ОСПАНОВА Мәкпа – үй шаруасында, Көксу ауданы
ОТЫМБАЕВА Бағила Әбенқызы – үй шаруасында, Қаратал ауданы
ОШАМОВА Зилиямхан – үй шаруасында, Ұйғыр ауданы
ӨМІРОВА Алтын – үй шаруасында, Көксу ауданы
ӨТПІШЕВА Жанылқан – үй шаруасында, Сарқан ауданы
ПАК Анна – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
ПАЛТАЕВА Рүкиям – үй шаруасында, Ұйғыр ауданы
ПОТАПЕНКО Любовь Владимировна – үй шаруасында, Сарқан ауданы
РАПАТОВА Нарқанум Кенжекановна – үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы
РОЗАХУНОВА Ишарахан Кадировна – үй шаруасында, Ұйғыр ауданы
РУЗИЕВА Рахат Сәутовна – үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы
РЫМБАЕВА Күлән – үй шаруасында, Сарқан ауданы
РЫСКЕЛДИНОВА Күлаш Күнболатқызы – үй шаруасында, Қаратал ауданы
РЫСМЕНДИЕВА Айнагүл Айтқұрманқызы – үй шаруасында, Қаратал ауданы
САГЫНДЫҚОВА Қанипа – үй шаруасында, Сарқан ауданы
САДЫБЕКОВА Қалиша – үй шаруасында, Қаратал ауданы
САДЫҚОВА Аминям Турсуновна – үй шаруасында, Ұйғыр ауданы
САДЫҚОВА Қалимқан – үй шаруасында, Сарқан ауданы
САЙТОВА Ема Биналиевна – үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы
САНҒҰЛОВА Разиля Шәкенқызы – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
САРҒАСОВА Күлбаһар – үй шаруасында, Сарқан ауданы
САТЫБАЛДИНОВА Манат Жұмасовқызы – үй шаруасында, Қаратал ауданы
САХИБОВА Тұрдыхан Барлыбайқызы – үй шаруасында, Сарқан ауданы
СӘБІКЕНОВА Тұрсынай – үй шаруасында, Сарқан ауданы
СӘДУАҚАСОВА Ләлат Қажқызы – үй шаруасында, Көксу ауданы
СӘДТӨЕВА Бақытгүл Аманқұлқызы – үй шаруасында, Талғар ауданы
СӘДІМБАЕВА Қадира Балтабекқызы – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
СӘПТАЖ Мәуғалан – үй шаруасында, Қаратал ауданы
СӘПТОВА Кәмел – үй шаруасында, Сарқан ауданы
СЕМЕЙ Болысхан – үй шаруасында, Сарқан ауданы
СИХЫМОВА Тұмарбала – үй шаруасында, Балқаш ауданы
СЫРҒЫЛИЕВА Советхан – үй шаруасында, Ұйғыр ауданы
СҚАҚОВА Сәндіқүл Жұмабекқызы – үй шаруасында, Балқаш ауданы
СЛАДКОВА Валентина Викторовна – үй шаруасында, Балқаш ауданы
СМАҒҰЛОВА Бибігүл Ахметқызы – үй шаруасында, Сарқан ауданы
СМАҒҰЛОВА Нұрсия Баймұханқызы – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
СТАНБАКИЕВА Сания Басшабайқызы – үй шаруасында, Қаратал ауданы
СҰЛЕЙМАН-ОҒЛЫ Хаджо Алиевна – үй шаруасында, Талғар ауданы
СҰЛЕЙМАНОВА Зейпе Рашоновна – үй шаруасында, Талғар ауданы
СҰЛЕЙМЕНОВА Гульчери – үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы
СҰЛТАНБЕКОВА Гүлбаршын Сейдахметқызы – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
СҰЛЕЙМЕНОВА Күлзи Жанаділовна – үй шаруасында, Қаратал ауданы
СЫДЫҚАНОВА Рая Откабайқызы – үй шаруасында, Сарқан ауданы
ТАНЫБОВА Жамалхан – үй шаруасында, Ұйғыр ауданы
ТЕМ-ОҒЛЫ Хавуи – үй шаруасында, Талғар ауданы
ТОҚТАРБАЕВА Пана – үй шаруасында, Қаратал ауданы
ТОҚШАРАНОВА Қаншат – үй шаруасында, Қаратал ауданы
ТОЛҚЫБАЕВА Күлсара – үй шаруасында, Ұйғыр ауданы
ТӨЛЕГЕНОВА Клавдия Байтлиасқызы – үй шаруасында, Қаратал ауданы
ТӨЛЕМІСОВА Алтын – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
ТӨЛЕУОВА Күлжәмиә Мырзахметқызы – үй шаруасында, Қаратал ауданы
ТҰҒАМБАЕВА Бернбала Ұрмоқанқызы – үй шаруасында, Қаратал ауданы
ТҰМАРОВА Жанар – үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы
ТҰРБЕКОВА Нұрия – үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы
ТҰРЫСКЕЛДИНОВА Тамара – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
ТҰБЕЖАНОВА Аяуа Босмойнқызы – үй шаруасында, Төкелі қаласы
ТҰЛЕГЕНОВА Қарлығаш Тұрғалиқызы – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
ТЫШМАНОВА Мәлике Нұрсадықызы – үй шаруасында, Көксу ауданы
ТІЛЕУБЕКОВА Нұрлыбек Болтымбекұлы – үй шаруасында, Төкелі қаласы
ТІЛЕУБЕРДИЕВА Ақмарал Ақпанқызы – үй шаруасында, Ұйғыр ауданы
УӘЛИЕВА Қайша – үй шаруасында, Сарқан ауданы
УМАРАЛИЕВА Рошангүль Усаюновна – үй шаруасында, Ұйғыр ауданы
ҰШҰРОВА Арқын – үй шаруасында, Ұйғыр ауданы
ҰСАНОВА Шекерхан – үй шаруасында, Ұйғыр ауданы
ҮЗЕНБАЕВА Семехан – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
ХАЛИДОЛДА Раушан – үй шаруасында, Талдықорған қаласы
ХАМИДОВА Амрия Фахаир-Кизи – үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы
ХАШИРОВА Аяпхан – үй шаруасында, Ұйғыр ауданы
ХЕТБАҚИЕВА Шакурям Юсуповна – үй шаруасында, Ұйғыр ауданы
ХОЖАХМЕТОВА Зайтунам – үй шаруасында, Ұйғыр ауданы
ХУСАЙЫНОВА Үмет – үй шаруасында, Сарқан ауданы
ХЫБАЙ Гәуһар – үй шаруасында, Көксу ауданы
ШАГАЕВА Наталья Александровна – үй шаруасында, Қаратал ауданы
ШАҒЫЛБАЕВА Сәуле Бәйімқызы – үй шаруасында, Қаратал ауданы
ШАЛАҒЫЗОВА Әділхан – үй шаруасында, Ұйғыр ауданы
ШАРОВА Сағилаш – үй шаруасында, Сарқан ауданы
ШОЙЫНБАЕВА Сара – үй шаруасында, Еңбекшіқазақ ауданы
ШҰҒАЕВА Алтынай Махмедимқызы – Абай атындағы орта мектептің мұғалімі, Панфилов ауданы
ЫЛЫРЫСОВА Жұпархан – үй шаруасында, Қаратал ауданы
ЫЛИЯСОВА Бақытхан – үй шаруасында, Райымбек ауданы

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. НАЗАРБАЕВ.

Астана, Ақорда, 2010 жылғы 29 наурыз
№ 959

◈ *Көліктік бақылау*

Алматы облысы және Алматы қаласы бойынша «Жетісу» өңіраралық көліктік бақылау инспекциясының Талдықорған қаласындағы кеңсесінің мәжіліс залында «Жолдағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу» деген тақырыпта семинар өтті. Семинарға көліктік бақылау инспекциясының жетекшілік құрамы мен Алматы облыстық прокуратурасының, Алматы облысы бойынша экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес департаментінің, «Нұр Отан» ХДП Алматы облыстық филиалының жауапты өкілдері қатысты. Басқосуды «Жетісу» өңіраралық көліктік бақылау инспекциясының бастығы Саймасай ӘЛМҰХАМБЕТОВ ашып, жүргізіп отырды.

Жолдағы жемқорлықтың алдын алу

Инспекция бастығының сөзіне қарағанда, жетісулық көліктік бақылаушылар сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске өз күзіреттері ауқымында айтарлықтай үлес қосып, бірқатар іс-шараларды жүзеге асырған және қазіргі кезде де айтарлықтай деңгейде атқарып келеді. Өткен жылы қолға алынған жұмыстарды айтпағанда, инспекцияда үстіміздегі жылға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес шараларының нақты жоспары жасалып, бекітілілгті. «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдылықтар бойынша қызметкерлерден тақырыптық сынақ қабылдау комиссиясы» құрылып, жұмысқа кіріскен. Мұнда инспекция қызметкерлері тоқсан сайын сынақ тапсырады екен.

Өңіраралық инспекцияда және стационарлық бекетте қойылған ақпараттық стендтерге сенім телефоны, электронды поштаның мекенжайы, көліктік бақылау комитеті төрағасының хабарламалары жазылып, азаматтардың хаттары мен өтініштерін салуы үшін арнайы жәшіктер орнатылған. Сонымен бірге сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес пен қызметтік этиканы сақтау мәселелері бойынша мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін және кәсіби тұрғыдағы хабарлылығын арттыру, олардың құқықтық мәдениеті мен білімінің барынша жақсаруына ықпал ету, мемлекеттік қызметшінің жағымды бейнесін қалыптастыру үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласы бойынша заңнамаларды оқыту бағдарламасының жоспары бекітіліп, соған сай жұмыстар атқарылуда. Бұдан басқа да көптеген шаралар қолға алынған көрінеді. Соған сай үстіміздегі жылы инспекция қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтар тіркелмеген. Көліктік бақылаушылар өздеріне жүктелген жауапты міндетті белгіленген заң талаптары ауқымында атқарып, жолдағы жемқорлықты болдырмау мақсатында нақты шараларды жүзеге асыруда.

Инспекция бастығынан соң осындағы заң және кадр жұмыстары бөлімінің басшысы инспекция құзіретіне жататын міндеттерді тарқата айтып, кадрларға қойылатын талаптарды жан-жақты түсіндірді. Алматы облыстық прокуратурасының, Алматы облысы бойынша экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес департаментінің, «Нұр Отан» ХДП Алматы облыстық филиалының жауапты өкілдері де семинар тақырыбына орай ойлары мен ұсыныстарын ортаға салды. Өздерінің құзіреттері ауқымында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске қатысты кеңестерін берді.

Б. ҚАБДЕШҰЛЫ.

◈ *Қылмысқа – тосқауыл!*

ЗАҢДЫЛЫҚ ПЕН ТӘРТІП

Алматы облыстық ІІД өзіндік қауіпсіздік басқармасы облыстағы ішкі істер органдарындағы заңдылық пен қызметтік тәртіптің сақталуын үнемі назарында ұстайды. Осы бағытта қолға алынған нақты шаралар барысында үстіміздегі жылдың алғашқы тоқсанында полицияның қызметкерлеріне қатысты бес бірдей қылмыстық іс қозғалса, олардың екеуінде тәртіп сақшылары сыбайлас жемқорлыққа байланысты жаманатқа ұшырап, өзіндік қауіпсіздік басқармасындағы әріптестерінің алдында жауап беруге мәжбүр болған. Қазіргі кезде өзіндік қауіпсіздік басқармасының тергеу тобы қозғалған қылмыстық істерге байланысты тергеу амалдарын жүргізуде.

Сонымен бірге техникалық байқау талондарын заңсыз сатумен және алаяқтықпен айналысты деген күдікпен азаматтық тұлғаларға қатысты екі бірдей қылмыстық іс қозғалды. Бүгінгі күні аталған қылмыстық деректерге полиция қызметкерлерінің қатыстылығын анықтау бойынша тергеу әрекеттері қолға алынды.

Өзіндік қауіпсіздік басқармасының қарауына ішкі істер органдары қызметкерлерінің заңсыз әрекеттеріне қатысты келіп түсіп жатқан арыз-шағымдардың көбейіп кеткені аландатады. Мәселен, биылғы жылдың өткен айларында ғана өзіндік қауіпсіздік басқармасына азаматтардың осы тектес арыз-шағымдары бойынша 230 материал қаралды. Қаралған шағымдар саны былтырғы осы уақытпен салыстырғанда екі есеге жуыққа артып отыр. Дегенмен, осышама арыздардың ішінен 6 шағым бойынша ғана полиция қызметкерлерінің заң бұзушылықтарға жол бергенінің анықталуы, азаматтардың кейде «тисе терекке, тимесе бұтаққа» деп шағым жаза салатының дәлелдейтіндей. Сонымен бірге полиция қызметкерлерінің өздері тарапынан да облыстық ІІД бөлімдерінің басшыларының заңсыздықтарға жол беріп отырғандығы жайлы «домалақ арыздар» түсуі тоқтаған жоқ. Биылғы жылдың алғашқы айларында өзіндік қауіпсіздік басқармасында басшыларының үстінен арызданған осындай 16 шағым қаралып, барлығы бойынша тергеу алдындағы тексерулер жүргізілп, қылмыстық істер қозғаудан бас тарту туралы шешімдер қабылданды. Сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтары үшін үш қызметкер тәртіптік жауапкершілікке шақырылды.

Өзіндік қауіпсіздік басқармасы заңға сәйкес, азаматтардың, жеке және заңды тұлғалардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау бойынша, сондай-ақ тәртіп сақшылары мен олардың отбасы мүшелерінің абыройы мен мәртебесін, қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жауапты міндеттерді орындайды. ҚР ІІМ мен «Нұр Отан» ХДП арасында жасалған меморандумды орындау, Алматы облыстық ІІД-дегі жемқорлыққа қарсы тұру жөніндегі жұмыстарды жүргізеді. Осыған орай облыстық ІІД-нің арнайы қызмет салаларымен бірлесе отырып, полиция қызметкерлері тарапынан орын алуы мүмкін құқық бұзушылықтардың алдын алу және анықтау бойынша жедел-сауықтыру шараларын ұйымдастырамыз. Алматы облыстық ІІД өзіндік қауіпсіздік басқармасында полиция қызметкерлерімен істелген құқық бұзушылықтарға дер кезінде назар аудару мақсатында сенім телефоны (60-81-65) орнатылған. Полиция қызметкерлерінің заңсыз әрекеттері бойынша осы телефон арқылы хабарласа аласыздар.

Н. НҰҒЫМАНОВ,
облыстық ІІД өзіндік қауіпсіздік басқармасының бастығы, полиция подполковнигі.

◈ *Тұрғындар лебізі*

Егінсулықтардың алғысы

Былғы ауа-райы халықты сансыратып-ақ жіберді. Әсіресе, су тасқынының зардабын шеккен ауылдар әлі де оңалып кете алмай жатқаны анық. «Мал, жан аман ба?», дейтін қазекем алдындағы біраз иелігінен айырылып, қиындыққа тап болды. Сын сағатта елді бауырына басқан ел ағалары, көпшілік. Осы орайда редакциямызға облыс әкімі Серік Үмбетов бастаған басшыларға алғыс айтқан хаттар легі толастар емес. Соның бірін бірге оқысақ.

Құрметті Серік Әбікенұлы! Қызылағаш су қоймасының тасқынынан зардап шеккен Егінсу ауылына уақытында көрсеткен көмегіңіз үшін алғысымызды айтсақ деп едік. Бүгінде есімізді жинадық. Бірақ, сол күнгі жағдайды ойымызға алсақ, бойымызды әлі де қорқыныш билейді. Сіз бастаған облыс, аудан азаматтарының дер кезіндегі көмегінің арқасында аман қалдық. «Орнында бар оңалар», демекші аз-маз шыққан шығынның орны толар. Сіздер тез арада ұшақпен басқа жаққа өкетпегенде кездің ағы мен қарасындай бүлдіршіндеріміз қайтер еді? Мың тәубе!

Қалаға уақытша орналастырып, ким-кешекпен, тамақпен қамтамасыз етілдік. Ештеңеден қысылат болған жоқпыз. Әсіресе, әйел-аналардың, себилердің жағдайына баса назар аударылды. Жүкті әйелдер мен жаңа туған нәрестелер ерекше қамқорлыққа алынды.


Бүгінде ауылға қайта оралып, ағайын-туыс, көрші-көлеңімізді аман-есен көріп, ауылдың бітпес тіршілігіне араласып кеттік. Егінсулықтар «Облыс әкімі Серік Өбікенұлы уақытында келіп, қасымыздан табылмағанда жағдайымыз не болар еді», –деген сайын сол бір сүреңсіз күн есімізге түседі.

Бүгінде ауылдағы барлық үйге, соның ішінде қатар мектепке де күрделі жөндеу жүргізілуде. Жаңадан балабақша, почта, амбулаториялық пункт салынатын болды. Оқушыларымыз уақытша басқа мектептерде білім алуда. Тұратын жері жоқтар Қапал ауылындағы КТП-ға орналастырылып, тамақ, ким-кешек, жатын орынмен қамтамасыз етілді. Ал биыл мектеп бітіретін 11 сынып оқушылары Жансүгіров кентінде білім алуда. Олардың Үлттық бірыңғай тестке дайын далуына барлық жағдай жасалған. Мектеп бітірушілерді грантпен оқыту жөнінде мәселе көтеріп, оның да оң шешім табуына ықпал жасағаныңызға үстаздар қауымы мен ата-аналар алғыстарын жаудыруда. Үлкендер сізге « Көсегесі көгерсін!», деген алғысымызды жеткіз деп жатыр. Сол аманатты баспасөз арқылы жолдадық.

Серік Әбікенұлы, ауыл тұрғындарының алғысын қабыл алыңыз. Халыққа деген осы жанашырлығыңыз барлық жауапты қызметтегі басшыларға үлгі болса екен дейміз.

Егінсу орта мектебінің ұстаздар ұжымы.

ҚҰЖАТТАР КӨРМЕСІ



Облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы Ұлы Отан соғысы мен тыл ардагерлеріне ерекше құрмет көрсетті. Атап айтсақ, «Авив» облыстық еврей этномәдени бірлестігі «Жерлестеріміздің даңқымен мақтанамыз» деген ұранмен кездесу өткізді. «Жеңіс күні» өнімен басталған шара көпшілік көңілінен шығып, жүректеріне қуаныш сыйлады. Алғашқы сөз кезегін алған облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, хатшылық басшысы Ғабит ТҰРСЫНБАЙ:

Айнұр ӘБДІРАХЫМ,
"Жетісу"

– Біздер, орыс, кәріс, еврей, татар, чешен, бәріміз бүгінде қазақтың кең дархан даласында бір үлкен отбасындай үйіп отырмыз. Осылайша ел басына күн туған кезде ұрпағының болашағын ойлаған ата-аналарымыз жұдырықтай жұмылып, тісіне дейін қаруланған жауына төтеп бере алды. Біздің мұны ұмытуға қақымыз жоқ, – деп ардагерлерді Ұлы Жеңістің 65 жылдығымен құттықтады.

Өз кезегінде «Түрксіб» теміржолының бұрынғы Гавриловка, қазіргі Талдықорған қаласындағы саласының салынуына атсалысқан Нағима Исламжанова ұйымдастырушыларға қонақтардың атынан алғысын айтып, жастарға бейбітшілік өмір тіледі.

Сонымен қатар, шара аясында Қаз ССР Орталық Мемлекеттік мұрағатының құжаттарынан көрме ұйымдастырылған екен. Олардың ішінде халық әртісі Күләш Байсейітованың іссапарлық куәлігі, кеңестік кинематографияның алдыңғы қатарлы өнер қызметкерлерінің тізімі де бар.

Кездесу Достық үйінің өнерпаздары ұйымдастырған концерттік бағдарламамен аяқталды.

Фашистік Германияны тізе бүктірген жауынгерлер мен Жеңісті жақындатқан тыл еңбеккерлерін еске алып, ардагерлерімізге құрмет көрсету мақсатында Талдықорған мемлекеттік мұрағатында да арнайы көрме ұйымдастырылды.

– Көрмеге келген студенттер мен оқушылар майдангерлердің сиясы кете бастаған хаттарын қызыға оқып, сарғайған суреттерін тамашалады. Мұрағатта сақталған құжаттардың ішінде Кеңес Одағының Батыры И. Косенков, «Даңқ» орденінің үш дәрежедегі иегері Т. Исабеков, подполковник, жазушы С. Ілиясов пен соғыс жылдарының қиын қыстау күндерін бірге өткізген Сыздықовтар отбасы туралы да ақпараттар бар. Қызығушылық танытқан адамдар болса, біздің есігіміз әрқашан ашық, – деді Талдықорған мемлекеттік мұрағатының бөлім бастығы З. Ибрагимова.

ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ 65 ЖЫЛ

◈ *Көрме*



Мәңгілік тағзым

Қазақстан Суретшілер одағының облыстық филиалы және облыс әкімінің көркемөнер галереясының ұйымдастыруымен Ұлы Жеңістің 65 жылдығына арналған «Мәңгілік тағзым» атты көрме өтті. Облыс әкімінің көркемөнер галереясында өңіріміздегі суретшілер мен қолөнер шеберлерінің еңбегін жұртшылыққа таныстыру мақсатында өткен көрмеге 30 қылқалам шеберінің 150 туындысы қойылған.

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Бұл туындылардың арасында майлы бояу, графика, мүсін, гобелен, кесте, ағаш ою, қайыс, былғары, темірден жасалған бұйымдар мен саз аспаптарын көруге болады. Сондай-ақ, қарапайым тіршілікке түрлі бояулар арқылы жан бітірген баталдық жанрда жазылған суреттер де ерекше көзге түседі. Сондай-ақ, өңіріміздегі суретшілер қолынан шыққан А. Зори, Ш. Дауылбаев, А. Есболатова, И. Шедрин, Т. Исабаев, Сұлтанбеков, Н. Тіленділев, Е. Бакиров, Т. Қаналиянов, Ж. Заманбеков сияқты соғыс және еңбек ардагерлерінің портреттері көрменің шырайын аша түсті. Қай қырынан келсек те, көрме жұрт көңілінен шықты.

Аталмыш шараны галереяның директоры Қайрат Қабдисанов құттықтау сөзбен ашып, жүргізіп отырды. Осы орайда сөз кезегін алған Қазақстан Суретшілер одағының басқарма төрағасы Байтұрсын Өмірбеков, облыстық филиалдың төрағасы Абай Бейсембетов өңіріміздегі сурет өнерінің қарқын алып келе жатқанын тілге тиек етсе, «Нұр Отан» ХДП-ның Талдықорған қалалық филиалы төрағасының орынбасары Әсия Ахметова партия таралынан қарттарға жасалып жатқан қамқорлық пен қолдау жайын сөз етті. Сондай-ақ, аталмыш партия филиалы бастауыш партия ұйымының ұйымдастыруымен дайындалған Ерғали Әб

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Алакөл ауданы, Қарлығаш ауылының тұрғыны ардақты әже, жанашыр дос, асыл жар **САДУОВ Салтай Сауытбайұлы** мен аяулы анамыз **САДУОВА Бахыт Адамбайқызы** екеуінің отау тіккендеріне 27 жыл толып отыр. Және де анамыздың желтоқсан айының 11-ші жұлдызындағы 50 жасқа толған туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Сіздерге ең бастысы үлгімді денсаулықтарыңыз мықты болсын, бақытты, ұзақ өмір, әрбір әрайлап атқан таңдарыңыз ашық, жарық болып, жұмыстарыңызға тәбіс, балаларыңыздың қызығын көре беріңіздер демекпіз.

Ардақты әке, аяулы ана ардағым,
Келеді сөгап сан жырларымды арнағым.
Мәңгі бақыт тілейміз тек сіздерге,
Аман жүр қамқор қос қормалым арманым.
Отбасы құрдың 27 жыл арада,
Тойға арнап сіздерге мынау болады.
50 жасқа толдың ана аяулы,
Ұрпақтарың жүр әр жақта сан-салада.
Біздерді әке жетістікке жетелер,
Елігің болып, сіздерге ана еркелер.
Аман болып жүріңіздер әрқашан,
Ал анашым 100 жасқа да жете бер.

ІЗГІ НИЕТПЕН: балаларыңыз – **Еркебұлан, Аслан, Асем.**



Бүгінде ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, немере сүйіп отырған ардақты әкеміз **СҮЛЕЙМЕНҰЛЫ Мырзағали** пайғамбар жасы 63-ке және құдай қосқан қосағы, аяулы анамыз **БАЙҚОҢЫРҚЫЗЫ Сақыпжамал** 60 жасқа толғалы отыр және екеуінің шаңырақ көтергендеріне 40 жыл болған қуанышты күндерінде өмірдегі бар жақсылықты тілейміз!

Білемін, әке, жүрегіңнің дүрсілін,
Білемін ең жанында жоқ кірпігің.
Сенсің менің бәйтерегім мәуелі,
Мен түбінен өнін шыққан бұршығың.
Жүрегің маржан, Ана едің, асыл жан,
Жарасдың ба, маржан алтын асылдан.
Жамандықты болса егер жасырын,
Жақсы ісіңді әрқашан да асырған.
Біздер үшін өзгелерден дарасың.
Мейіріміңізбен бізді баурап барасың.
Мақтан тұтып қуанамыз біз бүгін,
Ардақты әке, аяулы ана сіз үшін.

ТІЛЕК БІЛДІРУШІЛЕР: Жақсы-Алмагүл, Мұратжан-Жанагүл, Саят-Күлия, Қанат-Жанар және немерелері Жомарт, Ербол, Жанерке, Еркежан, Ерсін.

«SB-Tek» ЖШС-нің конкурстық басқарушысы банкроттың мынадай мүлкін сату жөніндә сауда өткізетіндігін хабарлайды: Алматы облысы, Текелі қаласы, Қонаев көшесі, 2 «А» мекенжайындағы инвентарымен және жекеменшік құқығындағы 6 186 ш. м. жер учаскесімен микротолқынмен кептіретін цех, сауда голландық сауда адісі бойынша бірыңғай лотпен 22. 12. 2010 ж. сағ. 12-де өтеді. Бастапқы баға 55 029 586 теңге. Ең төменгі баға 33 017 752 теңге. Тапсырыс болмаған жағдайда қайталама сауда 24. 12. 2010 ж. және 28. 12. 2010 ж. сағ. 12.00-де осы тәртіппен өткізіледі.

Лоттың ең төменгі бағасының 10% мөлшеріндегі кепілдік жарна КӨ кассасына төленеді. Сауда өтетін және тапсырыс қабылдайтын орын: Талдықорған қаласы, «Мүшелтой» ш.а., 19/11-үй, СК «АСКО» офисі. Тапсырыс қабылдау аукцион басталуға бір сағат қалғанда аяқталады.

Анықтама тел.: 8 (7282) 30-00-73, 8 777 382 33 86, 8 701 940 31 65.

Конкурсный управляющий ТОО «SV-Tek» сообщает о проведении торгов по продаже имущества банкрота: цех микроволновой сушки с инвентарем и земельным участком на праве частной собственности площадью 6 186 кв.м. по адресу: Алматинская область, г. Текели, ул. Кунаева 2 «А» по Голландскому методу торгов единым лотом 22. 12. 2010 г. в 12 часов. Стартовая цена 55 029 586 тенге. Минимальная цена 33 017 7527 При отсутствии заявок повторные торги состоятся 24. 12. 2010 г. и 28. 12. 2010 г. в 12.00 часов в том же порядке.

Гарантийный взнос 10% от минимальной цены лота вноситься в кассу КП. Место проведения торгов и приеме заявок: г. Талдыкорган, м-он «Мушельтой» д. 19/11 офис СК «АСКО». Прием заявок заканчивается за один час до начало аукциона.

Все справки по тел.: 8 (7282) 30-00-73, 8 777 382 33 86, 8 701 940 31 65.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ АҚПАРАТТЫҚ ҚЫЗМЕТІ

58•00•58

Астана мен Алматы қалаларынан және Қазақстанның облыс орталықтарынан қоңырау шалу ақысыз

Қызметтің жұмыс уақыты:

Дүйсенбі – жұма
09.00 – 18.30

www.minjust.kz

ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ:

- барлық құқықтық мәселелер, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер бойынша халыққа кеңес беру;
- құқықтық түсіндіру жұмысы;
- заңнама саласында дұрыс және жедел ақпарат беру;
- білікті заң көмегін көрсету;
- лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне шағым түсіру тәртібін түсіндіру;
- Қызмет іс-әрекеттерінің құқықтық негізі – Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы;
- Қызмет Қазақстан Республикасының барлық мемлекеттік органдарымен, сондай-ақ нотариустар және адвокаттармен өзара әрекеттеседі;
- кеңестер мемлекеттік және орыс тілдерінде беріледі.

Біздің мақсатымыз – бір қоңырау шалу арқылы әр азаматқа сапалы құқықтық көмек көрсету!

"Алматинские конфеты" ЖШС-ға жұмыс істеу үшін қажет:

1. Өндіріс директоры – 1 адам. **Талап:** Жоғары кәсіби (техникалық) білім және экономикалық қызмет түріндегі мекемеде басқару саласы бойынша жұмыс өтілі кемінде **5 жыл.**

2. Инженер-технолог – 2 адам. **Талап:** жоғары кәсіби (техникалық) білім және 2 санаттағы инженер-технолог қызметіндегі жұмыс өтілі кемінде **3 жыл.**

3. Техник-технолог – 1адам. **Талап:** жоғары кәсіби (техникалық) білім, техник және арнаулы орта білім мен осы мамандыққа ұқсас басқа да қызметтердегі жұмыс өтілі кемінде **2 жыл.**

4. Дизайнер – 1адам. **Талап:** жоғары кәсіби (көркем, полиграфиялық) білім, жұмыс өтіліне талап қойылмайды немесе (көркем полиграфиялық) арнаулы орта білім және жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

Мекенжайы: Алматы обл. Жамбыл ауд, Қарғалы а., Геологическая к-сі, тел-факс: 8 (72770) 3-25-58. Уәкілетті орган: Алматы облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасы. Мекенжайы: **Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 26-үй, тел: 8(7282) 27-08-34.**

Гибрат

Шәкірт мақтанышына айналған

Ұстаздың жолы – ауыр жол. Оның биігіне тек қажыры мен қайраты бекем, жолай келген қиындыққа мойымайтын бір беткей жандар ғана шыға алатынын өмір сан мәрте дәлелдеп берді.

Қажет АНДАС,
"Жетісу"



«Әркімнің туған жері Мысыр шаһары» демекші, сегіз өзен өрнектеген, сері жырдың мекені болған Жаркент жерінен түлеп ұшқан Маулипа Төжиева бала кезінен ұстаз болсам деген ұлы арманның жетегіне жиі еліктетін.

Арманы алдамады. Алматыдағы Абай атындағы педагогикалық институтының жаратылыстану-география факультеті химия-биология бөлімін бітіріп шыққаннан кейін қарапайым ғана, бірақ ерке самалымен жаныңды желпіп өткенде, бар уайымнан айығатын Айдарлы ауылындағы орта мектепке мұғалім болып орналасады. Егер, басқалар сияқты биіктікті қалап, жайлы орын іздесе, мүмкіндік көп еді. Бірақ биіктіктен гөрі, балаларға білім беруді мансұқ етті. Әрбір таңын үмітпен атырып, шәкіртінің жетістігіне бөленіп қуанышты кештерін батырған 28 жылдық ұстаздық қызметінде қадап айтар жетістікке жетті. Ең бастысы, бала бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру, патриоттық тәрбие беру, оқушыларды ортаға қарай дамыта оқытуды бастау ұстаным етті. Сондай-ақ, оқушылардың шығармашылық өресін өсіруге бар қажырын жұмсады. Қолынан түлеп ұшқан шәкірттерінің табысымен марқайды. Қиналса бірге қиналып, қуанса қосыла шаттанатын. Жасыратыны жоқ, барлық білімді, өсіресе, биология мен химия пәнін оймен шарлап, балаларға ұғындыруға болмайды. Әр сабақты тәжірибе де дәлелдеп, оқушыға көзбе-көз түсіндіру керек. Ендеше, аталған пәнді оқытудың қиындығын бажайлай беріңіз. Десе де, жаңашыл ұстаз қиыннан жол тауып, оқушыларын кітаптағы жаттанды білімді игертуден гөрі, зерттеу жұмысына жұмылдырып, іздену әдетін қалыптастыруға баулиды. Олар облыстық, республикалық байқауларда топ жарып, ұстаз еңбегінің нәтижесін дәлелдеп жатты. Соның бірі – Айгерім Молдахметованы айтуға болады. Оның «Кеуректасыр өсімдігінің экологиясы және оны қорғау» тақырыбындағы зерттеуі 2003 жылы Алматы қаласында өткен оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмысын қорғауда жүлделі бірінші орынды жеңіп алып, ауылдың беделін бір көтеріп тастаған еді. Әрине, шәкірттің осындай жетістікке жетелеу үшін ұстаздың өзі солай істеу керек. Дей тұрғанмен, бүгінгі бас пайдасын көп ойлайтын кезде мұндай батылдыққа тек Маулипа сияқты ыждағатты ұстаздардың ғана бара алатынын сеземіз.

Еңбектің де өтеуі болады ғой. Оның жұмысқа белсенділігін мектеп ұжымы, басшылығы жоғары бағалады. Жиі-жиі білім беру саласы мамандарының басқосуларына шақырып, тәжірибесін тыңдайтын. Еңбегі еленіп, 2005 жылы өзі жетекшілік ететін сыныбы аудан көлемінде техника пәні бойынша өткен семинарда «Шебер» Алғыс хатымен марапатталса, 2005 жылы Жеңістің 60 жылдығына орай, балаларға патриоттық тәрбие берудегі жетістігі мектеп әкімшілігінің Құрмет грамотасымен аталып өтілді. Бірнеше жыл қатарынан аудандық білім бөлімінің Құрмет грамотасының иегері атанды. Сондай-ақ, ұзақ жылдық білім беру барысында жинақтаған тәжірибесін республикалық, облыстық мерзімді басылымдарда жариялап, ойын оқырманмен бөлісіп отыратыны тағы бар. Тіпті, оның шәкірттерінің жетістігі аудан мектептеріндегі оқушыларға үлгі болып келеді.

Өмір дәлелдегендей, өз мамандығының шебері, өз пәнінің білгірі Маулипа Төжиеваны ұстаздар әулетінің игі дәстүрін жалғастырушы десек те болады. Әкесі Тоқтарбек шешесі Айтбүбі де талай жастың топшысын шындап, арманына жол ашқан ұстаздар болса бүгінгі күнде Тоқтарбек атаның екі немересі де білім беру саласының білгірлері. Атақ, данқ, мәртебені емес, балаларға өлмес өнеге, өшпес білім беруді мақсат еткен жандар.

Тағдырдың қаталдығы болмаса ол әлі талай биіктерден көрінетін еді. Оған биыл аудан мектептері арасында өткен «Шебер мұғалім» байқауында үшінші орынды иеленіп, мерейленгені де дәлел бола алады. Тіпті, осыдан жиырма жыл бұрын өз қолымен ұшырған түлектерінің кездесуін асыға күтіп жүрген ол шәкірттерінің жеткен биігін көріп, жүгерлене түсер еді. Не шара, беймезгіл апат арамыздан алды да кетті. Бірақ, ұстаздар ұлағатын бойына ұялатқан Маулипа апайдың өзіне ғана ұнасымды, қайталанбас болмысы, ешқандай марапат дәметпей-ақ шәкірттерінің жаңжақты білімді азамат болуына барын арнап, жан аямай еңбек етіп, кәсібіне барынша адалдық танытқан кіршіксіз қасиеті шәкірттерінің мақтанышына айналып, аяулы жүзі жүрек түбіндегі сағыныш болып қала берері шындық.



Шақша-ақ, еді

Әлдеке деген шебердің бір қаралық күміспен нақыштаған келісті шақшасын бір бұ үйіне келіп отырып, тамыр болайық деп ат-түйедей қалап алады да, келесі жылы келіп қолқаңды ал деп шақырып кетеді. Әлдеке шебер келесі жылы барса, бі қолқа бермек түгіл «шақша даулай келдің бе?» – деп келеке қылады. Әлдеке шебер ханға жүгінеді. Хан: «Қолқа сұрағандай оның қандай шақша еді?» – дейді. Сонда Әлдеке шебер:

Шақшам шақша-ақ еді,
Шақша да болса жақсы-ақ еді.
Кер бұғының мүйізі – нақысы еді,
Бір қысырақ істеген ақысы еді.
Ғаухар мен жақұттан сәлем көзі бар еді,
Қолқасын келесі жылы аларсың деген сөзі бар еді, – деген екен.

Хан: «Шақшасын қайырып бер, қайырмасаң қалғанын бер», – деп кесім айтыпты.

Әуеде бұлт бар

(Бекжан шешен айтты деген сөздер)

Әуеде бұлт бар,
Аулуда үміт бар.
Ақылды білер әр нұсқаны.
Алыс пенен әлі қысқаны.
Не іс қылса артын ойлар,
Адамзаттың данышпаны
Өткің бәрі тазы болмас,
Еткің бәрі қазы болмас.
Тойғаныңша жасық жесең,
Бір асаған майға жетпес.
Көрмеген жер таныс болмас,
Көрінген жер алыс болмас,
Әр нәрсенің болжауы бар.
Ши жуандап қамыс болмас.



Денсаулығыңыз мықты сияқты

1946 жылы Бернард Шоу туғанына 90 жыл толу кешінде бір жас журналист жазушымен кездесіп қоштасар сәтте:
– Сэр, келесі жылы тағы кездесемін деген үміттемін, – дейді.
Меніңше бұл әбден мүмкін, – депті жазушы. – Сіздің денсаулығыңыз жақсы сияқты.

Баланың жауабы

Қылышбай жас күнінде қозы бағып жүреді. Бір күні айдалада қозы бағып жүрсе, бір ақсақал қария кездесіпті. Қария оған:

– Қарағым, қай ауылдікісің, кімнің баласысың, мынау кімнің малы? – деп сауал қойыпты.

– Өзім сырты бүтін, іші түтін ауылданмын, туған әкемнің өгей баласымын, алмыңа мал жанашыр жаудың малы, – депті сонда Қылышбай.

Жас баланың мұндай жауабына таңғалған қария:

– Айналайын, мұндай жауап беруге әлі жасың келмейтін бала сияқтысың, жауабыңның мәнін түсіндірші, – депті.

– Бұл ауылдың адамдары сырт қарағанда бүтін болғанмен, іші түтін – өзара бір-бірімен қырғи-қабақ, сырты түтін дегенім, сондықтан. Туған әкемнің өгей баласы дегенім, әкем туған, бірақ маған жастық шақ, балалық шақтың қызығын көру жазбады. Әкем малдың соңына салды. Туған да болса өгейдің ісін істеді. Мына малды жанашыр жаудың малы дегенім, әкемнің ағайындары нағыз жақын жанашыр ретінде бізді өз қолдарына алып, асырамақшы болды. Ал өздері әкем екеумізге малдарын баққызып, еңбегімізді жеп жүр. Жанашыр бола тұрып, жаудың ісін істеп жүр.

Баланың жауабына риза болған ақсақал Қылышбайға батасын берген екен.

Өзіміз екенсің...

Найманнан шыққан Сары Шуаш деген кісі шешен болыпты. Бірақ әні қораш, қортықтау кісі екен. Сол бір уақыт керей ер Жәнібектің ауылына күн дауап келіпті. Оны Жәнібек қолынып, былай депті:

– *Сен кемсек ауыз, жарғақ құлақ,*
Жылқыға суат болмас ылайсың.
Астыңа ала шолақ ат берсе,
Алтай мініп арытпассың
Қолыңа қырық кез оқ берсе,
Дұшпанға бірін атып дарытпассың.
Сен би болып та жарытпассың,
Менің дауысым Қазыбекке тартқан,
Сүйегім Шақшақ Жәнібекке тартқан.
Сен мына түрімнен не үміт қылып келдің?
Сен де құдайдың құлы екенсің,
Сонда Сары Шуаш би:
Керейден мойның асып тұр екенсің.
Дауысың Қазыбекке тартса,
Сүйегің Шақшақ Жәнібекке тартса,
Өзіміздің арғын ағаның ұлы екенсің! – депті.

Жәнібек «жарайсың» деп аркаға қағыпты. Сөзден шығып Сары Шуаш би бітім алып қайтыпты. Ер Жәнібектің «дауысым Қазыбекке тартқан» дегені – нағашысы қаракесек болса керек. «Сүйегім шақшақ Жәнібекке тартқан» дегені, ол өзің Жәнібектен тудым деп санайды екен.

...деген екен!

ТАПҚЫРЛЫҚ

Сәбит Мұқанов бір көрген адамын ұмытып қалып, келесі кездескенде басқамен шатастырып ала береді екен. Бірде аялдамада тұрса, қасына бір жас жігіт келіп сәлем береді де, есен-саулық сұраса бастайды. Оны тани алмаған Сәбең: «Кім де болса ел жақтан келген жігіттің бірі шығар» деп жорамалдайды да:

– Ал мұнда қашан келіп қалдың? – деп сұрайды Таңырқаған жігіт:

– Сәбе-ау, мен осындамын ғой, – депті.

Сәбең де сонда өзіне қиналмастан:

– Жоқ, осында екеніңді өзімде білемін ғой, тап осы аялдамаға қашан келіп қалдың деп тұрмын ғой, – деген екен.

Кімді айтамыз?

Мұса мырза жас кезінде карт Шонаң:

– *Ақ сауыт деп нені айтамыз?*
Арғымақ деп нені айтамыз?
Жақсы деп кімді айтамыз?
Ер жігіт деп кімді айтамыз?
– деп сұрапты. Сонда карт Шоң:

Ақ сауыт деп айтамыз – атқанға оғын өтпесе,
Арғымақ деп айтамыз – желгенде жылқы жетпесе,
Жақсы деп соны айтамыз – тозған елді септесе,
Ер жігіт деп айтамыз – жауға тастап кетпесе, – деп жауап беріпті.

Ұлылардан ұлағат

Сөз – әдебиеттің құрылыс материалы.
К. ФЕДИН.

Халық даналығы әдетте нақылмен айтылады.
Н. ДОБРОЛЮБОВ.

Сомдап соғылған халықтық тапқыр сөздер мен нақылдарда бейнеленген адам қарым-қатынастарының алуан түрін шамалау да қиын-ақ.
М. ШОЛОХОВ.

Ықшам ойлардың жақсылығы – байыпты оқырманның өзін ойландыратындығында.
Л. ТОЛСТОЙ.

Халықтың данышпандығы, рухы, мінез-құлқы оның мақалдарынан көрініс табады.
Ф. БЭКОН.

Адамның ғажап ойларын жинау ғаламат мол қазына болар еді.
Ж. ДЕЛИЛЬ.

Халық тілі – тарих шекарасынан әлдекайда әріректен басталатын, оның күллі рухани тіршілігінің еш уақытта солмайтын және өмір бойы қайталап шешек атып тұратын тамаша гүлі.
К. УШИНСКИЙ.

Даналық

Қартайдым деп қайғырма,
Жас бала бар артында.
Жалғызбын деп қайғырма,
Жақсылар бар артында.

Жарлылық, сені қайтейін,
Жандай досты жат еттің,
Кәрілік сені қайтейін,
Сөйлер сөзге мерт еттің.

Өсетін елдің қарты
қазына болар,
Өспейтін елдің қарты
қазымыр болар.

Шалдың әні зармен тынады.

Қатарынан қалған кәрі жетім.

Жаман киім жасты кәрідей етеді,
Кәріні перідей етеді.

Қарттығыңа мақтанба,
мәрттігіңе мақтан.

Көпті көрген дана болады,
Қартайып кетсе, бала болады.

Қарт адамның көзі жасты,
Қайғырса да жылайды,
Қуанса да жылайды.

МЕНШІК ИЕСІ: Алматы облыстық "Жетісу" газеті шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны. **ҚҰРЫЛТАЙШЫ:** Алматы облысының әкімі

Бас редактор Жақыпжан НҰРҒОЖАЕВ

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНДЕ 2002 ЖЫЛҒЫ 16 ҚАЗАНДА ТІРКЕЛІП, N3322-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат

Жетісу
e-mail:Jetisu2002@mail.ru
www.Zhetysu-smi.kz

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында терілім, беттеледі.
Газет аптасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Алты машинкелік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы — Балашақ" ЖАҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Кезекші редактор: Айгүл БАЙБОСЫНОВА.

КӨЛЕМІ — 2 баспа табақ. ТАПСЫРЫС — 1643. ТАРАЛЫМЫ — 35 795. ИНДЕКСІ — 65469.

Қабылдау бөлмесі және факс — **27-41-50**, байланыс телефондары: бас редактордың орынбасарлары — **21-01-90, 27-41-83,** жауапты хатшы — **24-38-16,** ауылшаруашылығы, экономика және спорт бөлімі — **27-42-34,** саясат және парасат, әдебиет және мәдениет бөлімі — **24-36-07,** уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — **24-32-43,** білім және ғылым бөлімі — **24-30-57,** фототілшілер –**27-41-93,** зан және ақпарат бөлімі — **24-29-82,** есеп-қисап бөлімі — **24-35-28.** Алматы қаласындағы тілшілер қосыны —**279-13-37** (факс), **79-13-86, 79-36-43.** Меншікті тілшілердің аудандардағы телефондары: Үшаралда — **2-12-57,** Панфиловта — **5-12-21,** Райымбекте — **2-22-05,** Іледе — **2-19-33.** Газет табыс етілмесе — **72-59-01** телефонымен хабарласу керек.

◈ *Семинар*

Тәлімгер тәлімі

Іс-тәжірибесінде жаңа ақпараттық-педагогикалық технологияларды шебер кіріктіре білген, шәкіртін сапалы біліммен сусындатып қоймай, өнегелі тәрбие бере білген ұстаздарымыз аз емес. Солардың бірі былтырғы жылы қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда жоғары нәтижеге жетіп, мемлекеттік грант иегері атанған, биылғы «Жыл мұғалімі» байқауының жеңімпазы деп танылып, облыс орталығынан 2 бөлмелі пәтердің кілтіне ие болған білікті ұстаз Бақытнұр Әділов. Әріптестері ұзақ жылдар ұстаздық қызметтің қыры мен сырына қанықкан Бақытнұр Тәліпұлының бұл биікке өзінің табан ақы мандай терімен жеткендігін айтады. Алматы қаласындағы Ш. Смағұлов атындағы облыстық мектеп-интернатының қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Бақытнұр Әділовтың іс-тәжірибесімен бөлісу барысында Талдықорған қаласындағы М. Арын атындағы №24 мектеп лицейінде облыстық білім басқармасының ұйымдастыруымен «Қазақ әдебиеті пәнін ғылыми түрде жүйелі оқыту және оның нәтижелері» тақырыбында қалалық, аудандық мектептің қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімдерінің басын қосқан семинар өтті.

Жылдар бойы шәкірттеріне мінсіз білім, бағыт-бағдар берумен беделін асырған ұстаздың біліктілігі семинарда тіптен айшықтала түсті. Бағдарлама бойынша 7-10-11 сыныптарға белгілі бір тақырыптар бойынша сабақ өткізіп, әріптестерімен тәжірибесін бөлісті. 7 сынып бойынша М. Әуезовтың «Көксерек» әңгімесінің желісі бойынша, 10 сынып «Абайдың махаббат» лирикасы және 11 сынып Б. Майлиннің «Шұғаның белгісі» тақырыптары таңдалып алыныпты.

Аталмыш сабақтарда мұғалім шеберлігі айқын көрініс тапса, үш сынып оқушыларының әдебиетке деген сүйіспеншілігі арта түсті. Әріптестері айтқандай, ашық сабақ барысында Бақытнұрдың ұстаздық лебі, отыз жылдағы тәжірибесі мен ғылыми еңбегі анық көрінді. Бір сөзбен айтсақ, әдебиеттің майын ішкен ұстаздар қауымы Бақытнұрдың өткізген сабағынан өздеріне керектісін алды деп айтуға толық негіз бар. Шараны қорытындылаған облыстық білім басқармасы бастығының орынбасары Сәуле Қабимолдаева өз ойын былайша жеткізді.

– Былтырға дейін Бақытнұрды оқу ісі жөніндегі орынбасар деп танып келсек, байқауға қатысқан күннен оның нағыз ұстаздық бейнесін таныдық әрі осындай майталман мұғалімнің барына шын қуандық. Сайысқа түскен отыз ұстаздың арасындағы интерактивті тақтасынсыз-ақ керемет сабақ өткізген мұғалімнің шеберлігіне тәнті болдық. Барған жеріңізде жақсы мұғалімдерді көрсек, қойын дәптеріміз түртіп алып, қашанда қолдау көрсетуге тырысып жүреміз. Сол секілді Бақытнұрға «Жылдың үздік мұғалімі» байқауына қатысуға ниет білдірген едік. Себебі, жыл сайын өтіп жүрген шараға осындай жақсы мұғалімдер қатыспай, қалыс қалып жатады. Ал, байқау туралы ұсыныс түскенде қала, аудан болсын, тәжірибесі әлі жеткіліксіз жас ұстаздарды жіберіп жатады. Сондықтан соңынан әділқазылар алқасы таңдауын кімге берерін білмей дал болып жатады. Өйткені бәрі бір сарында, мұғалімдердің өзі бір-біріне ұқсас, сабақтары да бірдей. Ал енді биыл Бақытнұрдың байқауға қатысуының арқасында нағыз сайысты көре білдік және әділ бағаланды деп айтуға толық негіз бар. Сол жеңісте сөз өнерінің құдіретін мойындатып, әдебиеттің майталманы екенін көрсеткен Бақытнұр ашық сабақ барысында да өзінің ұстаздық болмысын айқын көрсетіп, тәлімгерлік тәлімін тағы бір айшықтай түсті. Ендеше, Бақытнұрдың ұстаздық қызметіне сәттілік тілеп, шәкірт алдындағы мерейіңіз үстем болып, шарықтай беріңіз демекпін.

«Шәкірттің жақсы болмағы ұстазынан». Ендеше, ел ішінде білімді шәкірт тәрбиелеп, мұғалім мәртебесін арттырып жүрген Бақытнұр Әділов секілді ұстаздар қатары көбейе бергей.

Сарби ҚАСЫМБЕККЫЗЫ.

◈ *Халыққа қызмет*

Заман талабына сай елге сапалы қызмет көрсетудің жаңа, жақсы үлгісі халыққа қызмет көрсету орталықтарымен шешімін тауып, жаңа бағытқа бет алды. Ондай орталық жұмыс істей бастағанына екі жылдан аса уақыт болған Жамбыл ауданында да бар. Орталықтың қызметін қазіргі таңда жүртшылық кеңінен пайдаланып, ризашылықтарын білдіруде.

ШЕБЕРЛІГІМІЗ ШЫНДАЛУДА

Жаңа істі бастап кету қашанда қиын. Бәрі де жаңа. Ұжым да, айналысатын қызметіміздің түрі де көп. Дегенмен, қызметкерлеріміз жаңа та болса өздеріне жүктелген міндеттерді дер кезінде меңгеріп кете алды. Жас-жігер де, өз істерін терең біліп, игеруге деген ынта-ықылас та бар. Қызметкерлердің білімін, біліктілігін көтеру жұмыстары да оң ықпалын тигізді. Сонымен бірге жұмысты тез арада жолға қою үшін облыстық халыққа қызмет көрсету орталығына барып, олардың жұмыс тәжірибесімен де таныстық. Көзбен көріп, көңілге түйіп, өз жұмысымызда пайдалана отырып, халықты құжаттандырудың тиімді, сапалы жақтарын, ілгерілік, жұмыс тәсілін жеткіздік. Бәрі де жедел қарқын, қимылмен жүрді. Мамандар аз уақытта жаңа жұмыстың қыр-сырын меңгеріп, кәсіби шеберліктерін шыңдады. Құжаттар сапалы қабылданып, мерзімінде орындалуы жолға қойылды. Жұмыс бір арнаға түсті.

Орталық атқ айтып тұрғандай, халыққа тікелей қызмет көрсету мақсатымен құрылған. Адамдардың алтын уақытын үнемдеу, ысырап қылмау орталық қызметінің негізгі міндеті.

Сонымен бірге, қызметкерлер мұндай жұмыстарды мұқтаж жандардың мекен-жайына барып та атқаруда. Былайша айтқанда орталықтың құжат дайындауға келген адамның басқа орган алдындағы өкілі, қызметшісі деуге де болады.

Бәрінен бұрын бір жапырақ қағаз үшін аудан орталықтарына шабылатын ауылдағы ағайынның қуанышын айтсаңыз, сөзбен жеткізе алмайсыз. Қысы-жазы пришліктері таусылмайтын ауылдықтар жаңа мекеменің қызметіне дән риза.

Орталықтың апталық мәжілістерінде апта сайын құжаттардың орындаудан бас тартылу себептері талқыланып, орталықтың жоспарына сәйкес барлық салалар бойынша құжаттарды қабылдау сапасына апта сайын талдаулар жасалып, негіздері зерттеліп, азаматтардың құқына нұқсан келтірмеу мақсатында құжат айналымына күнделікті бақылау жүргізіліп, тиісті шаралар қолдануда.

Заман тынысын сезген, уақыт көшіне ілескен ұжымның алдағы бетадысынан деп осумен өркендеуді көргің келеді.

С. ЖОЛТАЕВА,
облыстық «ХҚКО»
Жамбыл аудандық
филиалының директоры.

◈ *Тағзым*

Ескерткіш-тақта қойылды

Ғалымдар ауылы аталып келген Ескелді ауданындағы Жетісу ауылы батырларға да кенде емес екен. Таяуда Жетісу орта мектебінде Ауған соғысының ардагері, осы ауылдың тумасы Сайлаубай Айдаболовқа ескерткіш тақта орнатылды.

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Салтанатты шараға ардагердің қарулас достары, бірге оқыған сыныптастары және мектеп оқушылары көптеп жиналды. Ән ұран шырқалып, соғыс ардагерлеріне бір минут тағзым жасалған соң Сайлаубайдың анасы Бисара апа, облыстық халық шығармашылығы орталығының директоры Ерлік Әлімқұлов, Ескелді ауданы әкімінің орынбасары Қайырғали Айтжанұлы, мектеп директоры Оразгүл Тұрсынбаева, Қапшағай қалалық Ауған соғысы ардагерлері ұйымының төрағасы, Сайлаубайдың майдандас серігі Әділ Әбдіхалықов, тағы басқа да қонақтар жүрекжарды ойларымен бөлісті. Өз ретінде мектеп оқушылары дайындаған концерттік бағдарлама көрсетілді.

Соғыста снайпер болып, қаруластарына жол ашқан ерлігі сол кездің өзінде жоғары бағаланып, марапатқа ие болған Сайлаубай қапыда қаза болады. Бірақ, оның ерлік істері бүгінде ауылдастарына үлгі болып келеді. Енді, міне, оқу ғимаратының кіреберісіне оның байсалды бейнесі мәңгілікке орнықты.

Осы ретте, облысымыздағы Ауған соғысы ардагерлерінің өз деңгейінде құрметтеліп жатқанын айтқан жөн. Оған облыс әкімінің бастамасымен жасалған қолдау мен көмек дәлел бола алады. Тіпті, республикалық Ауған соғысы ардагерлері қауымдастығы облыстық филиалы да қарап жатпай, биылғы жылдың өзінде жеті қаруласына ескерткіш тақта қоюды жоспарлаған. Оның төртеуі туған жерінің төріне ілінсе, қалғандары жыл соңына дейін өз орнын таппақ.

◈ *Жаппай қаржылық сауаттылыққа оқыту*

«Кішкентай бала әкесіне келіп, қай ЖЗҚ жақсы, қайсысы жаман? – деп сұрапты». Осы сұрақты дарынды В. Маяковскийге қойса, оның өзі абдырап қалар еді: не дегенмен ол үшін бұл жаңа іс қой. ЖЗҚ дегеніміз – мемлекет бәрін орнықтырып, анықтап, есептеп беретін ортақ зейнетақы жүйесі емес. Мұнда таңдау мәселесі туындайды, ал таңдау үшін, әрине, бірқатар біліктілік қажет. Маяковский жолдас, әрине, әлі кішкентайсың деп оны қайтарып жіберуі де мүмкін еді. Алайда, Маяковскийдің осы өлеңінің желісіне сәйкес табанды жеткіншек міндетті түрде «Менің жасым жыл санап ұлғаюда, он жетіге де келіп жетем. Олай болса, мен жылдар қатарынан сенімді болып қала беретін қандай қорды таңдағаным дұрыс?» – деп сұрар еді. Бұл – аса өзекті мәселе, өйткені жастар жұмыс берушінің кеңсесінің табалдырығын аттаған сәттен бастап, ЖЗҚ-ны таңдау мәселесіне тап болады. Ал бұдан басқа жол жоқ!

ТАБЫС КОЭФФИЦИЕНТІ КӨБЕЙСЕ – ЖАҚСЫЛЫҚ

Өзінің зейнеткерлік өмірі жөнінде ойламатын бозбалаға дереу Қаржы қадағалау агенттігінің сайтына қарай жол сілтеуге болады. Ал мұнда ол «зейнетақы жүйесі» сілтемесі бойынша ай сайынғы жинақ есепке қарап көрсеткіштерді салыстыра отырып, лайықты қорды таңдай алады.

Соған қарамастан, бірінші кезекті қорларды салыстыруға қажетті көрсеткіштерді түсіндіп алу, әрине, артықтық етпес. Мұнда бірқатар нақты бағдарларды ұстану қажет. Біріншісі – қордың нарықтағы үлесі. Бұл көрсеткіш елдегі жұмыс жасайтын тұлғалардың қаншасының белгілі бір ЖЗҚ-ны өздерінің нақты бір мотивтеріне сәйкес таңдағанын айқындайтын маңызды көрсеткіш болып табылады. Маяковский жолдастың да мұндайда «Егер қорға миллиондаған адам сенетін болса және ол көптеген жылдар қатарынан олардың сенім үдесінен шығып отырса, бұл – өте жақсы нышан» деп айтары анық. Енді осы сипаттамаға назар салайық. Мәселен, Қаржы қадағалау агенттігінің мәліметтері бойынша ағымдағы жылдың 1 тамызында міндетті зейнетақы жарналары бойынша жеке зейнетақы шотының саны 7 838 873 құрап отыр. Яғни, бізде жүзеге асып отырған «бір салымшыға бір қор» қағидасын ескеретін болсақ, зейнетақы жүйесінде сегіз миллионға жуық тұлға тіркелген. Ал олардың төрттен үші 4 қордың үлесіне сәйкес келеді. Олардың арасындағы екі қор – Халық банкі ЖЗҚ мен МЖЗҚ-ның үлесі 20%-дан астам.

Мәселен, МЖЗҚ-ның нарықтық үлесі 22,2%-ды құрайды. Неліктен біз осы қорға баса назар аударып отырмыз? Мұның екі маңызды себебі бар. Біріншіден, тарихи тұрғыдан алғанда аталмыш қор мемлекеттік санатқа ие болған алғашқы қор болып табылады, осы қордың негізінде еліміздегі зейнетақы жүйесі дамып, ол өзге қорлардың жұмысы үшін үлгіге айналды. Яғни қор республикалық стандарттарға сәйкес қызмет етеді. Екіншіден, бүгінгі күні оның акционерлері ҚР Ұлттық банкі мен Еуропалық қайта құру және даму банкі болып табылады. Алайда, қор қазір мемлекеттік болып табылмағанымен, оның акционерлерінің мәртебесі тұрақтылық пен сенімділіктің жоғарғы деңгейіне келіпдік береді. Жеке қорлар пайда болған кезеңде салымшылар басқа ЖЗҚ-ға еркін ауысу мүмкіндігіне қол жеткізді, алайда, елімізде жұмыс жасайтын тұлғалардың 20%-ынан астамы бұрынғысынша осы қордың салымшылары болып қала беруде.

Сонымен қатар, ЖЗҚ-ны таңдамас бұрын оның акционерлері туралы сұрақты қою қажет. Негізгі акционерлер мен ірі қатысушылар жөніндегі ақпаратты Қаржы қадағалау агенттігінің сайтынан да табуға болады. Расында осы мәселе бір қарағанда ғана қарапайым болып көрінуі мүмкін. Алайда, акционерлері қоғамда белгілі, қызметі барынша мөлдір, ашық дерекнамаларда қолжетімді ақпаратқа ие ЖЗҚ-ны таңдаған дұрыс. Ал, Интернеттен олар жөнінде ақпаратты жылдам жинауға болады.

Инвестициялық тиімділіктің ұзақ мерзім аралығындағы тағы бір маңызды көрсеткіш бұл – К2. Ол өз кезегінде қаржылық білімді игеру әрине, белгілі бір ақыл-ой жұмысын талап етеді. Алайда, осынау объективті көрсеткішті түсінуге ұмтылған да дұрыс. Ендеше, К2 шифрының астарында не жатыр? Мамандар осы ұғымды номиналды табыс коэффициенті ретінде түсіндіреді. Яғни, бұл көрсеткіш қордың инвестициясына сәйкес қанша табыс тапқандығын белгілейді. Бірнеше жыл бұрын ҚҚА келесі нормативті енгізген болатын: қор ай сайын К2-нің үш позициясын – 12, 36 және 60 ай аралығындағы, яғни бір жыл, үш жыл және бес жылдағы табысын көрсетіп отыруға міндетті. Осы мәліметтерді ҚҚА сайтының жиынтық кестелерінен де табуға болады. Маяковский жолдас осыдан «Егер К2 әсемге қарай артса, бұл – жақсы нышан, егер ол құласа – бұл жамандықтың нышаны» деген барша-ға түсінікті формуланы шығарар еді.

Бұл көрсеткіштер әрбір қорда бар. Сондықтан, таңдау жасамастан бұрын, олармен танысып алған жөн. Ендеше, нелктен К2-нің үш позициясын қарастыру қажет? Жауап айқын: ол арқылы қордың соңғы бес жыл аралығындағы қызметінің қарқынын байқалады. Салыстыру үшін ҚҚА кестесіндегі нарық бойынша орташа көрсеткіштердің графасына назар аударыңыз.

ҚҚА қаулысына сәйкес, әрбір қор бойынша К2-нің ауытқуы нарықта қарастырылып отырған орташа номинальді табыстың түзетілген коэффициент мәнінен 30%-дан төмен болмауы тиіс. Демек, тамыздың басында ЖЗҚ-ның зейнетақы активтері бойынша К2-нің орта өлшемді коэффициенті 2005 жылдың шілдесі мен 2010 жылдың шілдесі кезеңі аралығында 43,63 құрап отыр. Мұнда осы кезең аралығында қорлар бойынша табыстылықтың аз мәні 28,98-ден төмен болмауы тиіс. ҚҚА мәліметтеріне сәйкес бұл нормативті 13 қор жүзеге асырды.

Ал 2007 жылдың шілдесі мен 2010 жылдың шілде айы кезеңі аралығында, яғни 36 ай аралығында К2 коэффициенті 16,43 құрады. Мысал ретінде қолданып отырған МЖЗҚ-ның осы көрсеткіші 20,60-қа тең келеді. 2009 жылдың шілде және 2010 жылдың шілде кезеңі аралығында, яғни бір жыл аралығында К2 коэффициенті 5,47 құрайды. Бұл көрсеткіш МЖЗҚ бойынша 6,47 деңгейінде тіркеліп отыр. Яғни, аталған көрсеткіш қордың жүзеге асырып отырған инвестициясы ұзақ мерзім аралығында тұрақты әрі оң екендігі байқатады. Баршаға белгілі жайт, кез келген қордың алдында екі міндет – болашақ зейнеткерлердің жинақтарын сақтап қалу және оны көбейту міндеттері тұрады. Сонымен қатар, қор стратегиясы консервативті және сақ болған сайын табыстылық та соншалық есе төмен, ал инвестициялық саясат тәуекелшіл әрі агрессивті болған сайын табыстылық та жоғары болатындығы белгілі жайт. К2 коэффициенті тәуекел мен тұрақтылық арасындағы теңгерімділікті көрсете отырып, тек номиналды табыстылықты ғана бейнелейді. Сондықтан, аса жоғары табыс та салымшыға күдік ұялатуы мүмкін. Ал, егер зейнеткерлікке шығуға аз уақыт қалған болса, тәуекел етудің қажеттілігі де шамалы. В. Маяковский өзінің «Өсім терезелері» шығармасында «Жолдас, пенсияңмен тәуекел етпе!» деп қысқа қайырар еді. Дегенмен, ҚҚА күзетте тұр және ол қорларға халықтың қаржысына тәуекел түсіруге мүмкіндік бермейтін нормативтер мен шектеулерді енгізіп отыр.

Әрине, мамандар К2-ні ғана емес, сондай-ақ, инфляциямен салыстырып қарағанда алынатын шынайы табысты бейнелейтін К1 коэффициентін есепке алады. Бірақ, бұл басқа қаржы оқиғасы болып табылады. Дегемен, В. Маяковский айтпақшы, «Қаржылық сауатсыздықты жеңу үшін, қаржының негіздерін оқытатын еклянді топқа көруге асық!» Алайда, ол мұны еңбекке қатысты айтқан болатын. Бірақ, қаржылық сауаттылық та елеулі қажет ететін еңбек болып табылады.

Қазақстан Республикасы
Алматы қаласы өңірлік
қаржы орталығының қызметін
реттеу агенттігі.

◈ *Жемқорлыққа жол жоқ*

Халыққа сапалы қызмет көрсетудеміз

Осыдан 12 жыл бұрын Елбасының Жарлығымен қабылданған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңның негізгі мақсаты – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес арқылы көрініс табатын елімізділ қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, жемқорлық сипаттағы кез келген құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау және қиналғанды жауапқа тарту болып табылады. Осы орайда мемлекеттік органдар қызметінде ұсталуға тиісті негізгі қағидаттар төмендегідей: барлық адамдардың сот пен заң алдындағы теңдігі; мемлекеттік органдардың міндеттерін регламенттеу; мемлекеттік аппарат құрылымдарының қадр жұмысын және заңды тұлғалар құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі мәселелерді шешу рәсімдерін барынша жетілдіру және тағы басқалар. Қағидаттарда қарастырылатын негізгі бағыттар – дәл қазіргі кездегі қоғамды да, адамды да алаңдатып отырған сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің күшейту арқылы, оның түп-тамырына балта шабу.

Мемлекеттік қызметтегі адамдармен күнделікті қарым-қатынаста жұмыс жүргізетін басты саланың бірі – халыққа қызмет көрсету орталықтарының осы орайда атқарып отырған міндеті аса салмақты әрі қомақты. Басты жұмыстары тұрғындарды құжаттандыру болып табылатын халыққа қызмет көрсету орталықтарының өмірге келуінің өзі ауылды және қалалы жерлердегі тұрғындарға бірінші кезекті қажетті қызметтерді көрсетудің сапасын жақсартып, мерзімін қысқарту және адамдардың уақыттарын үнемдеу арқылы осы тұрғыда кездесіп келатын жеңілушілікке жалғасуды болдырмау. Көрбұлақ аудандық «ХҚКО» ММ бүгінде өз қызметін заман талабына сай жетілдіріп, озық үлгідегі ұйымдастыру техникаларын тиімді пайдалануды жолға қойған. Бірінші кезекте орталыққа келген адамның сұранысын заңмен белгіленген мерзімде қанағаттандыруға және сапалы атқаруға көңіл бөлінеді. Сонымен бірге сыбайлас жемқорлыққа қатысты келеңсіздіктерді болдырмаудың нақты жолдары қарастырылып, осы орайда семинарлар мен тағы басқа да шаралар өткізіліп тұрады.

К. АЛЧИНОВА,
Көрбұлақ аудандық
«ХҚКО» ММ-нің
инспекторы.

Ақсу ауданы, Қарасу округіне қарасты Әлғазы Шапағаттың атына тіркелген «Қуаныр» жеке шаруа қожалығы өзінің таратылатындығын жариялайды.

«Азық-түлік келісім шарт корпорациясы»
Ұлттық компаниясы» Акционерлік қоғамы

Объявляет о начале закупа семян пшеницы Triticum aestivum L. 3 класса урожая 2010 года в государственные ресурсы семян

Репродукция	I		II		III	
Класс посевного стандарта	1	2	1	2	1	2
Категория сортовой чистоты	1 - II					
Цена за одну тонну на условиях «франко-элеватор», тенге	50 200	47 700	44 900	42 600	40 300	38 500
Натура, г/л, не менее	730					
Влажность, %, не более	14,0					

Закуп семян в государственные ресурсы семян осуществляется у аттестованных в установленном законодательством порядке семеноводческих хозяйств в соответствии с Процедурой закупа семян в государственные ресурсы семян, утвержденной решением Правления АО «НК «Продкорпорация» от 25 ноября 2010 года № 139.

Закупаемые в государственные ресурсы семена пшеницы Triticum aestivum L. 3 класса урожая 2010 года, должны соответствовать сортам, включенным в Государственный реестр селекционных достижений, допущенных к использованию в Актюбинской (Актобе 39, Павлодарская 93, Саратовская 29, Саратовская 42, Саратовская 55, Саратовская 70, Степная 2, Степная 50, Юго-Восточная 2) и Западно-Казахстанской (Альбидум 28, Альбидум 31, Волгоуральская, Казахстанская 17, Саратовская 42, Саратовская 60) областям, а также рекомендованным Государственной комиссией по сортоиспытанию сельскохозяйственных культур Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан (Актюбинская – Казахстанская 19, Карабалыкская 90; Западно-Казахстанская – Казахстанская 19).

Закуп семян пшеницы Triticum aestivum L. 3 класса урожая 2010 года других сортов, включенных в Государственный реестр селекционных достижений, допущенных к использованию в Республике Казахстан (кроме Актюбинской и Западно-Казахстанской областей), будет производиться в объеме до 15,0 тыс. тонн.

Условия оплаты: по факту поставки на хлебоприемных предприятиях, определенных АО «НК «Продкорпорация» в качестве поставщиков услуг по хранению зерна и имеющих специальные склады, обеспечивающие полную сохранность семян от порчи и засорения другими культурами и сортами.

Заявки на участие в программе закупа семян пшеницы Triticum aestivum L. 3 класса урожая 2010 года в государственные ресурсы семян принимаются в областных (региональных) представительствах АО «НК «Продкорпорация» по следующим адресам:

Алматинская область: г. Алматы, ул. Гоголя, 84 «А» офис 212, тел. 8 (727) 250-85-65.

Дополнительную информацию Вам предоставят по адресу:

г. Астана, ул. Московская 29/3 тел. (8-717-2) 59-12-48, 59-12-73, 59-12-79 (факс)

«Муди Интернейшил Лимитед» Казакстандағы филиалына Алматы облысында жұмыс істеу үшін қажет:

Құрылыс-монтаж жұмыстарының сапасы және қабылдау жөніндегі инспектор – 3 адам.

Біліктілік талабы:
- Жоғары кәсіби (техникалық) білім;
- Мамандығы бойынша жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

Түйіндемені «Муди үшін» белгісімен мына факске жіберулеріңізді сұраймыз: 8 (727) 258 21 32, эл. мекенжай: hr_kz@inbox.ru немесе мына мекенжайға жеткізу керек: Алматы қ., Бостандық ауданы, Маркова к-сі, Габдуллин к-сі қиылысы, 22/21-үй.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық қызметке ақы төлеу комитетінің Алматы облысы бойынша департаменті электрондық мекенжайы: **aodkomu@mail.ru**, пошталық мекенжайы: индекс 040000 Алматы облысы, Талдықорған қаласы Абай к-сі 274 республикалық бюджет қаражаты есебінен, Алматы облысында 2011 жылға тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету жөніндегі медициналық қызметтерді (әрі қарай- қызметтер) сатып алуды өткізу туралы хабарлайды:

медициналық көмектің мамандандырылған, жоғары мамандандырылған түрлері бойынша;

медициналық көмектің стационарлық, стационарды алмастыратын формалары бойынша

Қызметтер Алматы облысында, сондай-ақ Алматы қаласында Алматы облысының тұрғындары үшін де көрсетілуі тиіс.

Әлеуетті өнім берушілер сатып алуға қатысу үшін өтінімдерін индекс 040000 Алматы облысы Талдықорған қаласы Абай к-сі 274 мекенжайы бойынша Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық қызметке ақы төлеу комитетінің Алматы облысы бойынша департаменті №2 кабинетке ұсынады (жолдайды), сатып алуға қатысу үшін өтінімдерді қабылдау мен тіркеуге тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне ақы төлеу бөліміне бас маманы Сабазов Арман Аманжолұлы жауапты.

Өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі 2010 жылдың 27 желтоқсан сағат 10-00 ге дейін.

Сатып алуға қатысу үшін өтінімдері келесі мекенжай бойынша, Алматы облысы Талдықорған қаласы Абай к-сі 274 №1 кабинетте 2010 жылдың 27 желтоқсанда сағат 11-00 каралатын болады.

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша медициналық қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру ережелерінде көрсетілген медициналық қызметтің әлеуетті өнім берушілеріне ұсынылатын талаптарға жауап бере алатын сатып алуға барлық әлеуетті өнім берушілер жіберіледі.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы (8-7282) 245017, 245045, 240243 телефондары арқылы алуға болады.

АО «ФОНД РАЗВИТИЯ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА «ДАМУ»

Объявляет о торгах залогового имущества английским методом

28.12.2010 года в 10.00 ч. по адресу: РК, Алматинская область, г.Талдыкорган, ул.Толебаева, 86.

ЛОТ №1 производственный цех, административного здания общей площадью 819,2 кв.м. и склада общей площадью 42,1 кв.м., расположенное по адресу: г. Талдыкорган, ул. Геологическая, д. 2, вместе с земельным участком общей площадью 1,0017 га. (кадастровый № 03-268-042-085).

Гарантийный взнос (3 % от стартовой цены): 590 881,00 тенге, срок внесения гарантийного взноса- до 18-00 ч. 27.12. 2010 года.

Стартовая цена: 19 696 041,14 тенге, **Шаг повышения цены** (10 % от стартовой цены): 1 969 604,00 тенге.

29 декабря 2010 г. в 15.00 часов по адресу:РК, Алматинская область, Илийский район, п.Бороддай, переулок Московский, 2, в здании акимата Бороддайского пос.округа.

ЛОТ №1 квартира, общей площадью 57,6 кв.м., жилой площадью 41,3 кв.м., расположенная по адресу: РК, Алматинская область, п. Бороддай, ул. Ломоносова, д. 4, кв. 4 (кадастровый № 03-046-049-000).

Гарантийный взнос (3 % от стартовой цены): 80 217 тенге, срок внесения гарантийного взноса- до 18-00 часов 28 декабря 2010 года.

Стартовая цена: 2 673 883 тенге, **Шаг повышения цены** (10 % от стартовой цены): 267 388 тенге.

Реквизиты для зачисления гарантийного взноса:

Региональный филиал АО «Фонд развития предпринимательства «Даму» по Алматинской области

IBAN – KZ71826B0KZTD2000622, АОФ АО «АТФ Банк» ЦБО №2 в г. Талдыкорган

БИК ALMNKZKA

РНН 092200216185

Доверенное лицо: Нугманова Гулназ Бейсенгалиевна - менеджер (по ссудному портфелю) филиала АО «Фонд развития предпринимательства «Даму» по Алматинской области, расположенного по адресу: г. Талдыкорган, ул. Толебаева д.86, тел: 21-01-42. За дополнительной информацией обращаться к доверенному лицу по вышеуказанному адресу.

Білім алуға арналған кредиттер: кредит ресімде де, оқу ақысын төле

✦ Бүгінгі таңда екі мыңға жуық студент «Қаржы орталығы» АҚ кепілдігіне білім беруді несиелендіру бағдарламасының арқасында Қазақстанның алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарында білім алуда.

Біздің кепілдігімізге білім алуға арналған кредитті Сіз **Халық банкі, БТА, Альянс Банк** сияқты банктерде ресімдей аласыз.

«Қаржы орталығы» АҚ-тың кепілдігіне білім беру кредиттерін ресімдеу мәселелері бойынша мына телефондарға хабарласыңыздар:

Астана қ. 8 (7172) 69 50 44, 24 50 62; Алматы қ. 8 (727) 317 36 30.

✦ Студенттер мен жоо түлектеріне арналған білім беру және жұмысқа орналасу мәселелері бойынша **тегін** ақпараттық қызмет ашылды:

call-орталық 8 (800) 080 28 28

1999-2005 жж. мемлекеттік білім беру және студенттік кредиттер есебінен оқығандардың назарына! «Қаржы орталығы» АҚ қалған берешекті өтеу қажеттілігі туралы ескертеді. Тел.: 8 (7172) 24 44 38, 24 50 63.

Алматы облысының әкімдігі және облыстық мәслихат ҚР еңбек сіңірген әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Гүлжамал Қазақбаевага және педагогика ғылымдарының докторы Данагүл Қазақбаевага анасы

Закиянын

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Алматы облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы «Алатау» газетінің бас редакторы, тіл жанашыры Айтақын Мұхамадиұлы Бұлғаковка

анасының

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

"Жетісу" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының ұжымы қоғамның қызметкері Жанна Абдулхамидқызы Ибрагимовага

әпкесінің

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғырып көңіл айтады.

e-mail:
Jetisu2002@mail.ru
www.Zhetysu-smi.kz

Құттықтаймыз!



Ақпанның 17-сі аяулы жар, ардақты анамыз **СҰРАПБЕРГЕНОВА Зәуреш Молдағұлқызының** туған күні біздің отбасы үшін өзіндік қуанышымен ерекшеленеді. Әулетіміздің алтын қазығындай асыл анамыздың алдағы күндері шуақты, денсаулығы қуатты болсын дегең ең ізгі тілегімізді білдіре келе:

Қуансаң да,
Мұңайсаң да,
Қасыңдамыз, біргеміз.
Ақ мамамыз,
Шаттанамыз,
Өзің туған күнде біз.
Төрт перзентке өмір беріп,
Жайнап еді базарың.
Көркейе бер, көңілденіп,
Кемімейді еш ажарың! – дейміз.

ҚҰТТЫҚТАУШЫЛАР: өмірлік қосағы – **Аман,** ұлдары – **Аскар, Айдар, Ерлан,** қызы – **Әсем,** келіні – **Әнипа.**

ТАРҒАП АУЫЛЫ,
ЖАМБЫЛ АУДАНЫ.



Ақсу ауданы, Сағабүйен ауылының тұрғындары ардақты әке, аяулы ана, өнегелі отбасы, ұстаздар **ӘЛІПОВ Сәит Жанғабылұлы** осы күндері асқарлы алпыстың алқымдап, ол кісінің өмірлік серігі **ОРАҚБАЕВА Нүкен Қасенқызы** зейнеткерлік жасқа толып отырған қуанышпазымен құттықтаймыз!

Ұстаздық өмір жолдарын Т.Тоқтаров атындағы орта мектепте бірге бастаған ұстаздар отбасы саналы өмірлерінің 40 жылдан астам уақытын ұрпақ тәрбиесіне арнады. Тәжірибелі ұстаздардың көпжылдық еңбектері ескеруісіз қалған жоқ, аудандық, облыстық білім бөлімдерінің, кәсіподақтың мақтау қағаздарымен марапатталып, Нүкен Қасенқызы «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі» атағын иеленді.

Ырыс ынтымағы жарасқан отбасына алдағы уақытта ұзақ өмір, зор денсаулық, мол бақыт тілей отырып, балаларыңыздың, немере-шөберелеріңіздің қызығымен, ұзақ жылғы бейнеттің зейнетін бірге көретін шуақты күндеріңіз көп болсын дей келе мектеп ұжымы төмендегі өлең жолдарын арнайды.

Төрт ұл мен қыз өсіріп,
Ардақты ата-анасыздар.
Артыңыздағы ұрпақтарға
Ақыл беріп данасыздар – демекпіз.

Т. Тоқтаров орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталық ұжымы және кәсіподақ комитеті.



Талдықорған қаласының тұрғыны, аяулы жар, абзал әке, адал дос атанған **ЙҮРГАЛІЕВ Болат Орынбасарұлын** 40 жасқа толған туған күнімен құттықтаймын. Өмір атты дарияда қашанда желі оңынан соғып, биік-биік белестерге агайын-туыс, дос-жаран, жары мен балаларының ортасында ойнап-күліп жете берулне тілегімді білдіремін.

Әжесіне құтты болсын, туған күнің,
Өзіңді тіп санайды қызың.
Көрегенде қуанамын өзіңді,
Ардақтап әрбір айтқан сөзіңізді.
Өмірдің әр қырынан іздеп аралы,
Бақыт құсы самалысын сізге қарай.
70-тің асуынан ерлік асып,
Сәтті қадам басыңыз 100-ге қарай.

ІЗГІ НИЕТПЕН: қызының – Жанель.

Конкурстық басқарушы «МТС ТАСУ» ЖШС мүлкін бағалау бойынша аудиторлық фирмаларға конкурс жариялайды. Конкурс 2011 жылдың 28 ақпанында сағат 11.00-де Талдықорған қаласы, Транспортная көшесі, 8/8 «а» мекенжайында өтеді.

Анықтамаларды мына телефон арқылы алуға болады: 87022019697.

***

Конкурсный управляющий объявляет конкурс аудиторских фирм по оценке имущества ТОО «МТС ТАСУ», который состоится 28 февраля 2011 года в 11.00 часов по адресу г. Талдыкорган, ул. Транспортная, 8/8 «а».

Справки по телефону: 87022019697.

● *Сағыныш*

Даланың дара қызы

Ұрпақ бойына ұлттың тілін, дінін, әдеп-ғұрпын, салт-дәстүрін дарытып, дамытушы, ағайынның ынтымағын, отбасының береке-бірлігін сақтайтын да, ұйымдастыратын да әйел. «Ағайын тату болса ат көп, абысын тату болса ас көп» деген ұлағат сөз осыдан туса керек.

Сондай қазақ әйелінің үлгісі бола білген Зылиха Тамшыбаева өзінің бойына ананың сүті, бесіктің жырымен дарыған, биік адами қасиетімен, кісілік келбетімен ақыл-парасатымен халықтың құрметіне бөленген ардақтысы еді.

Жанәке ұлға теңеп үміттенген,
Қазағым жастайынан ұлық көрген.
Елді ойлап, жерді ойлаған
қыз ғұмырдың
Тең түсер парасаты
жігіттермен, –

деген Фариза Оңғарсынованың жыр шумақтары Зылиха Жанболатқызының бейнесін ашқандай. Өмірден жеңіл жол іздемеген, қиындықтан қашпаған қаршадай қыз осыдан жарты ғасыр бұрын ат жалын тартып мініп, атан түйе көтере алмас азамат жүгін арқалай жүріп, қандай жағдайда да ар мен намысты жоғары қойған. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары ел тағдыры, ердің сынға түскен шақта халқымыздың қаһарман қызы «тар қолтықтан оқ тисе» тартып алар қарындас, қиындыққа қасқая қарсы тұрып, тығырықтан дұрыс жол тауып, елін алға сүйреп, қайсарлықтың, қайраткерліктің үлгісін көрсетіп, тәуелсіздіктің көк туын биік көтеріп, мемлекетіміздің мәртебесін марқайтып, нарықтың батпан жүгін емірден өткенше көтеріп, көш бастады.

Өзінің жігері мен кәбілеттарымын жерге арнады. Ел мен жердің қадір-қасиетін терең түсінді. Сыпайы сөйлеп, салиқалы ой айтатын, кісілік тұлғасынан, ішкі жан дүниесінің терендігі мен жан жылылығы, іс-қимылынан таңғы шықтай тазалық көрінетін. Елін сүйген, халқының қадіріне жеткен, Зылиха Жанболатқызы елдің бетке ұстар беделі, желге ұстар қорғаны, жол көрсетер ақылшысы болды. Сырт сұлулығы мен ішкі әлемінің әсемдігі тең түскен, ынжабатты да қарапайым, кішіпейіл жан «жорға мініп» жолдасты тастап кетпеген жүзінен нұр пейілінен шапағат шашылған, ешкімге қиянат жасамаған, тірі пенденің көңіліне дақ салмаған періште көңіл аялы да асыл жан еді. Адамгершілік атты биік қасиеттерді бойына дарытқан, кең мінезі келбетіне жарасқан, маңайына шуақты сәуле шашқан, келешекшіл жан, жастың жолын кеспей, белін буып, ақ батасын берген қазыналы адам болатын.

Зылиха Жанболатқызының ұзақ жылғы еңбегі, көрсеткен үлгісі, нұсқаған жолы ұмытылмайтын ұлағат. Қандай істі де ақыл таразысына салып, ой бесігіне тербетіп, көңіл қанатына қондырып шешетін байіпты да байсалды басы болды. Бастық болу, тек нұсқау беру емес, елге қызмет ету, басқарған жұмысты өмір талабына сай атқара білуде.

Тынымсыз ізденіп, іскерлік танытқан, шешімі табылмаған түйінді мәселелерге дер кезінде ел басшыларының назарын аударта білген дара тұлға. Осындай қасиеттерді бойына сіңіре білген Зылиха Жанболатқызы өмірдің өрінде, құрметтің төрінде жүрді. Еңбегі жанып ер атанды. Тәрбиелі, өнегелі ұрпақ өсіріп, немере, шөбере сүйді. «Өлді деу бола ма, айтыңдаршы, өлмейтұғын артында сөз қалдырған», – деп данышпан Абай айтқандай, ізгілігінен із, жақсы деген жылы сөз қалды.

Жарты ғасырға жуық бір шаруашылықты басқару тарихта сирек кездесетін құбылыс. Осы ретте, Көксу ауданында ауыл шаруашылығын басқарудың Зылиха Тамшыбаева мектебі қалыптасты десем, артық айтпаған болармын. Мен істедім деп көкірек қақпай, ел істеді дейтін, ұланбайтақ қазақ даласында абырой биігіне шыққан халқымыздың аяулы қызын сағына еске аламыз.

Даланың дарқан данасын,
Сағынар ансап Алашын.
Жүрегінен еліннің,
Лайықты орын аларсың.

Аяулы әпке! Өлді деу сізге қиянат. Өлмейтін жан дер едім, жаның жаннатта, топырағың торқа болсын.

Күләш ТҮМЕНБАЕВА,
Республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер.



● *Зерде*

Біріккен Ұлттар Ұйымының 1980 жылғы 14 қаңтардағы қарары бойынша Ауғанстанға Кеңес әскерінің кіруі «шетелдік әскери басқыншылық» деп ресми жарияланды. Осыған байланысты халықаралық ұйымдар кезінде КСРО-ға өздерінің наразылықтарын білдірді. Қарулы қақтығыстарға әскери техниканың тартылуы мен әскери адам шығыны көп болған жағдайда халықаралық гуманитарлық құқыққа сәйкес, әскери басқыншылық та «соғыс» деп саналады екен. Бұған әр жерде болған әскери қақтығыстар дәлел. Атап айтсақ, Вьетнамдағы, Ауғанстандағы, Таяу Шығыстағы, Парсы шығанағындағы, Шешенстандағы соғыс.



АУҒАН СОҒЫСЫНЫҢ АҚИҚАТЫ

Кеңес Одағы: «Ауғанстан еліне интернационалдық көмек көрсетеміз» деген сылтаумен оның қарулы күштерін сол елдегі азаматтық соғысқа қатыстырды және кең көлемде әскери іс-қимылдар жүргізді. Бұл соғыста КСРО-ның әскерлері мен әскери техникасы орасан зор шығынға ұшырады: 147 танк, 1314 бронды әскери көлік, 443 зеңбірек, 118 әскери ұшақ, 333 әскери тікұшақ, 12 мыңға жуық жүк машиналері қирады. Осылайша, азаматтық соғыс өңірлік соғысқа ұласып, халықаралық сипат алды.

Бұл соғысқа кеңестік империя тұсында үлкен мән беріліп, 1983 жылдың қаңтар айынан бастап, КОКП Орталық комитетінің және КСРО Министрлер кеңесінің қаулысымен Ауғанстанда әскери қызметін өтегендерге жеңілдіктер берілді.

Кеңес өкіметі Ауған жерінде соғыстың басталғанын жарияламағанымен бүкіл өлем қауымдастығының алдында сол кездің өзінде-ақ саяси қате жібергенін мойындап, оны түзету жолдарын қарастырды. Бұл қайта құру кезінде, КСРО-ға М. Горбачев билік құрған жылдары жүзеге асты. КСРО, АҚШ, Пәкстан, Ауғанстан елдері өкілдерінің қатысуымен 1988 жылдың 14 сәуірінде қол қойған Женевадағы төрт жақты келісім бойынша Кеңес әскерін Ауғанстаннан шығару шарттары белгіленді. Осылайша шектеулі контингент 1988 жылдың 15 мамырынан бастап 1989 жылдың 15 ақпанына дейін Ауғанстан жерінен шығарылатын болды.

10 жылға жуық уақыт ішінде 600 мыңнан астам Кеңес әскерлерінің жауынгері жат жерде әскери қызметін өтеді. Осы соғыста қайтыс болған 14453 жауынгердің дені 18-20 жас аралығындағы, өмірді енді ғана бастаған, тұла бойынан жастық жалыны кетпеген, өмірге құштар жандар еді.

Пәкстан мен Ауғанстан түрмелеріне әскери тұтқын ретінде түскендер және із-түзсіз жоғалғандар саны – 417. Кейіннен олардың 119-ы халықаралық Қызыл Крест гуманитарлық ұйымдарының араласуымен тұтқыннан босатылып, өз елдеріне қайтты. Солардың ішінде тұтқынға түскен дені басқа 42 адам ислам дінін қабылдап, Ауған жерінде біржолата қалып қойды. БҰҰ-ның адам құқын қорғау жөніндегі арнайы комиссариатының құрамында болған Ресейдің әскери сарапшыларының айтуы бойынша, түрлі жағдаймен 55 әскери тұтқын түрмеде көз жұмған. Ал, тұтқынға түскен 200-ге жуық Кеңес әскерінің өлі не тірі екендігі туралы дерек өлі күнге дейін табылмай отыр.

Ауған соғысында 86 жауынгер мен офицер Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Олардың ішінде біздің жерлестеріміз Қ. Майданов пен Н. Креминиш бар. Кеңес Одағының Батыры, білікті әскери ұшқыш Қ. Майданов 2000 жылы Ресей әскерінің құрамында қызмет етіп жүріп, Шешенстанда ерлікпен қаза тапты. Оған екінші рет Ресейдің Батыры атағы берілді. 2008 жылы Тәуелсіздік күні қарсаңында және Кеңес әскерінің Ауғанстан жерінен шығарылуының 20 жылдығына орай Елбасы Н. Назарбаевтың Жарлығымен біз сөз етіп отырған соғысқа қатысқан генерал-лейтенант Б. Ертаев «Халық қаһарманы» атағына ие болды. Сол соғыста Кеңес Одағының Батыры атағын алғандардың 29-ы Ауған жерінде ерлікпен қаза тапты. 103 әскери қызметші Ленин, 1972-сі жауынгерлік «Қызыл Ту» ордендерімен марапатталды. 20153 солдат пен офицер басқа да орден, медальдарға ие болды.

Ауған соғысының елімізге әкелген адам шығыны мен зардабы да аз болған жоқ. Атап айтсақ, Қазақстан бойынша 22269 адам осы соғысқа қатысты. Кейін КСРО құрамындағы одақтас республикалардың дербес мемлекет болуына байланысты жоғарыдағы соғысқа қатысқан 500-ден астам әскери қызметкер өздерінің тарихи Отанына қоныс аударды. Жоғарыдағы келтірілген жалпы тізімнің ішіндегі 903 адам соғыстан қайтпады. 21-і із-түзсіз жоғалып кетті. 484 отандасымыз түрлі деңгейде әскери жарақат алып, мүгедек болып елге оралды. Өткен 22 жыл ішінде әскери жарақаты салдарынан және Ауған синдромынан республика көлемінде 5 мыңға жуық ардагер қайтыс болды. Олардың арасында аяқ-қолынан айырылып, I топтағы соғыс мүгедектеріне теңестірілгендері – 74. Тіпті аман оралғандары да түрлі дертке шалдығып, сол соғыс зардабын әлі тартып жүр.

Статистикалық деректерге жүгінсек, лауазымды үлкен шенеуніктердің балалары Ауған жеріне әскери қызметке жіберілмеген екен. Сондықтан барлық ауыртпалық қарапайым халық өкілдерінің отбасына түсті. Мысалы, Алматы облысы бойынша 3701 адам Ауған жеріндегі соғысқа жіберілген. Бәрі жұмысшы, мұғалім, шаруа, дәрігер, ғылым мен өнер иелерінің желкілдеген жас құрақтары-тын. Міне, солардың 173-інің денесі туған жерге темір табытпен әкелінді. Ұйғыр және Алакөл аудандарынан әскерге шақырылған екі жерлесіміз хабар-ошарсыз кетті. Осыдан 12 жыл бұрын ТМД әскери қауымдастық ұйымы арқылы оларға іздеу салғанымызда, Ауғанстан мен Пәкстан түрмелеріндегі әскери тұтқындардың арасында олар туралы ешқандай дерек табылмады.


9 жыл 10 айға созылған Ауған соғысы туралы мәліметтер соңғы жылдары қайта зерттеліп, жылдан-жылға оның әкелген зардабы мен тауқыметінің басқа қырлары ашылуда. Оның ақтандақ беттерін ашу үшін мәселені жете зерделеп, анықтау бүгінгі күннің еншісінде. Бұл әскери жарақат алып, мүгедек болған ардагерлердің, жесір қалған әйелдердің, жетім қалған балалардың, азаматынан айрылған ата-аналардың, әскери тапсырманы орындау кезінде жат жерде көз жұмған біздің қарулас достарымыз бен боздақтарымыздың алдындағы қасиетті парызымыз.

Биылғы жылғы 15 ақпанда Кеңес әскерлерінің Ауғанстан жерінен өкетілгеніне 22 жыл толды. Бұл әскери борышын Ауғанстанда атқарған азаматтар үшін мереке емес, әділетсіз Ауған соғысында құрбан болған қаруластарын еске алу күні. Сондықтан, облыс, аудан мен қала орталықтарында Ауғанстанда өздерінің интернационалдық борышын өтеу кезінде ерлікпен қаза тапқан қаруластарымызға қойылған ескерткіштерге гүл шоғын қойып, олардың рухына тағзым етеміз. Осындай батырлық пен қаһармандықтың үлгісін көрсетіп, жат жерде өшпес ерлік жасап, соғыс даласынан қайтпай қалған қаруластар рухына тағзым ете отырып, қайыспас қайсар үл тәрбиелеген ақ жаулықты аналардың алдында Ауған соғысының ардагерлері ретінде басымызды иеміз.

Е. ӘЛІМҚҰЛОВ,
облыстық Ауған соғысы ардагерлер ұйымы қоғамдық бірлестігінің төрағасы, «Айбын» орденінің иегері, Қазақстанның мәдениет қайраткері, Жамбыл ауданының Құрметті азаматы.

● *Тағзым*

АРДАГЕРЛЕРГЕ құрмет көрсетілді



Жыл сайын жас ұрпаққа патриоттық тәрбие берудің үлгісі саналатын Жеңіс күнін салтанатпен атап өту, сондай-ақ, 15 ақпан күні Кеңес әскерінің Ауған жерінен шығарылуына орай, соғыс барысында қаза болған ардагерлерді еске алу жоғарғы деңгейде ұйымдастырылып келеді. Аталған шара биыл да жалғасын тапты.

Жалпы, 10 жылға созылған соғыста 900-ден аса қазақстандық қайтыс болса, оның 170-і Жетісу жерінің азаматы. Майданда мерт болған сол жауынгерлерге арналған ескерткіш Талдықорған қаласымен қатар өңіріміздегі тоғыз ауданда бар. Облыс орталығындағы шарға жиналған көпшілік алдымен «Даңқ» ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, перзенттік борышын өтегеннен кейін орталық саябақтағы Ауған соғысы ардагерлері ескерткішіне жиналып, қарулас достарына тағзым етті. Әрине, ардагерлерге жасалған құрмет артық болмайды. Мұны жиналған қауымның ыстық ықыласты сөздерінен де білуге болады. Ескерткіш басында Талдықорған қалалық мәслихатының хатшысы Марат Бопазов, облыстық қорғаныс істері жөніндегі басқарманың бастығы Мұрат Дарманқұлов, Ұлы Отан соғысының ардагері Хасан Боранбаев, облыстық Ауған соғысы ардагерлер ұйымының төрағасы Ерлікбай Әлімқұлов, Талдықорған қалалық әскери және соғыс ардагерлері ұйымының төрағасы Ержан Данабаев және студент жастар сөз алып, өздерінің жүрекжарды ойларымен бөлісті.

Ескерткіш басындағы әсерлі сәттен кейін көпшілік І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті колледжінің жанынжайына жиналды. Онда қала әкімінің орынбасары Қайрат Болдыбаев бірқатар Ауған соғысы ардагерлеріне қала әкімінің Алғыс хаты мен Күмрет грамотасын тапсырды. Сондай-ақ, ардагерлер арасында баскетбол мен шағын футболдан өткен жарыста жеңімпаз болған командаларды марапаттады. Сонымен қатар, Талдықорған қалалық гарнизонының подполковнигі Ринат Ахметұлы қазірде әскери салада жұмыс істейтін бірқатар Ауған соғысы ардагерінің шешін өсіру жөніндегі бұйрықты жариялады. Шараның соңы ардагерлерге арналған концерттік бағдарламаға ұласты.

К. ШАКЛИН.

Мемлекеттік әкімшілік бос лауазымдарға орналасуға конкурс жариялау туралы хабарландыру

Барлық конкурсқа қатынасушыларға қойылатын жалпы біліктілік талаптары

D-O-3 санаты үшін: білім – жоғары кәсіптік, мемлекеттік қызмет өтілі **екі жылдан** кем емес. не мемлекеттік тапсырыс негізінде мемлекеттік қызметшілерді даярлау және қайта даярлаудың мемлекеттік бағдарламалары бойынша немесе шетелдің жоғары оқу орындарында шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекіткен басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтаған жағдайда (бакалавриат) **бір жылдан** кем емес мемлекеттік қызмет өтілің. не мемлекеттік органдарда басшылық немесе өзге лауазымдарда **бір жылдан** кем емес жұмыс өтілің не осы саланттағы нақты лауазымның функционалдық, бағыттарына сәйкес облыстарда **үш жылдан** кем емес. не мемлекеттік тапсырыс негізінде мемлекеттік қызметшілерді даярлау және қайта даярлаудың мемлекеттік бағдарламалары бойынша немесе шетелдің жоғары оқу орындарында шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекіткен басым мамандықтар бойынша оқуды (магистратура) аяқтауы.

E-G-1 санаты үшін: білім – жоғары кәсіптік, мемлекеттік қызмет өтілі **екі жылдан** кем емес не мемлекеттік тапсырыс негізінде мемлекеттік қызметшілерді даярлау және қайта даярлаудың мемлекеттік бағдарламалары бойынша немесе шетелдің жоғары оқу орындарында шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекіткен басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтаған жағдайда (бакалавриат) **бір жылдан** кем емес мемлекеттік қызмет өтілің не мемлекеттік органдарда басшылық немесе өзге лауазымдарда **бір жылдан** кем емес жұмыс өтілің не осы саланттағы нақты лауазымның функционалдық, бағыттарына сәйкес облыстарда **үш жылдан** кем емес. оның ішінде **бір жылдан** кем емес басшылық лауазымдарда жұмыс өтілің бар болуы не мемлекеттік тапсырыс негізінде мемлекеттік қызметшілерді даярлау және қайта даярлаудың мемлекеттік бағдарламалары бойынша немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекіткен басым мамандықтар бойынша оқуды (магистратура) аяқтауы.

D-O-4, E-4, E-R-4 санаты үшін: білім – жоғары кәсіптік, мемлекеттік қызмет өтілі **бір жылдан** кем емес не осы саланттағы нақты лауазымның функционалдық, бағытына сәйкес облыстарда **екі жылдан** кем емес жұмыс өтілі болған жағдайда орта кәсіптік білім барларға рұқсат етіледі.

E-G-3 санаты үшін: білім – жоғары кәсіптік, мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес. не осы саланттағы нақты лауазымның функционалдық, бағытына сәйкес облыстарда **бір жылдан** кем емес жұмыс өтілі болған жағдайда орта кәсіптік білім барларға рұқсат етіледі.

E-G-5, E-R-5 санаты үшін: білім – жоғары немесе орта кәсіптік.

E-G-4 санаты үшін: білім– жоғары немесе орта кәсіптік не орта.

Әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық жалақылары!

Санаты	Еңбек сіңірген жылдарына байланысты лауазымдық жалақысы		Санаты	Еңбек сіңірген жылдарына байланысты лауазымдық жалақысы	
	теңгеден	Теңгеге дейін		теңгеден	теңгеге дейін
D-O-3	52037	70171	E-R-5	27595	41787
D-O-4	39422	53219	E-G-1	57950	78055
E-4	36662	49671	E-G-3	33114	44847
E-5	29172	44152	E-G-4	26413	39816
E-R-4	34691	46912			

I. «Алматы облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 26, тел.: (7282) 273914, факс: 272142, бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға конкурс жариялайды:

Автомобиль жолдарын дамыту бөлімінің бастығы (D-O-3).

Функционалдық бағыттары: басқарма құзырындағы міндеттердің белнсне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі – техникалық, (инженер-құрылысшы, жол жүрісін ұйымдастыру) компьютерде жұмыс істей білу.

II. «Алматы облысының білім басқармасы» ММ, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 26, тел.: (7282) 272591, бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға конкурс жариялайды:

орта білім, оқытудың жаңа технологиясы мен инновация бөлімінің бас маманы (D-O-4).

Функционалдық бағыттары: басқарма құзырындағы міндеттердің белнсне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білім – педагогикалық, компьютерде жұмыс істей білу.

III. «Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 26, тел.: (7282) 271669, бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға конкурс жариялайды:

ішкі бақылау қызметінің бас маманы (D-O-4).

Функционалдық бағыттары: басқарма құзырындағы міндеттердің белнсне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білім – экономикалық, экологиялық, заңгерлік, техникалық, компьютерде жұмыс істей білу.

IV. Ақсу ауданының әкімі, Жансүгіров көшесі, 5, тел: (72832) 22158, факс: 21136, бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға конкурс жариялайды:

1. Ұйымдастыру, мемлекеттік-құқықтық және кадрлармен жұмыс бөлімінің бас маманы (E-4).

Функционалдық бағыттары: аппарат құзырындағы міндеттердің белнсне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білім – экономикалық, заңгерлік, педагогикалық, техникалық, ауылшаруашылық, компьютерде жұмыс істей білу.

2. Жалпы бөлімнің жетекші маман – бухгалтері (E-5).

Функционалдық бағыттары: аппарат құзырындағы міндеттердің белнсне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білім – экономикалық, компьютерде жұмыс істей білу.

V. Ескелді ауданының әкімі, Қарабұлақ кенті, Оразбеков көшесі, 67, тел.: (72836) 30327, 30360, бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға конкурс жариялайды:

Бақтбай ауылдық округі әкімінің орынбасары (E-G-1).

Функционалдық бағыттары: аппарат құзырындағы міндеттердің белнсне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білім – ауылшаруашылық, техникалық, экономикалық, заңгерлік компьютерде жұмыс істей білу.

VI. Жамбыл ауданының әкімі, Ұзынағаш ауылы, Абай көшесі. 56, тел.: (72770) 22340, 21384, бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға конкурс жариялайды:

Шиен ауылдық округі әкімі аппаратының жетекші маманы (E-G-4).

Функционалдық бағыттары: белімде құзырындағы міндеттердің белнсне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: компьютерде жұмыс істей білу.

VII. Қапшағай қаласының әкімі, Қапшағай қаласы, Жамбыл көшесі, 13, тел.: (72772) 41583, 42552, факс: 42195, бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:

«Қапшағай қаласының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ бас маманы (E-R-4).

Функционалдық міндеттері: белім құзырындағы міндеттердің белнсне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білім – заңгерлік, гуманитарлық, компьютерде жұмыс істей білу.

VIII. «Ақсу ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ, Жансүгіров кенті, Желтқсан көшесі, 5, тел.: (72832) 22027, бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға конкурс жариялайды:

бас маман (E-R-4).

Функционалдық бағыттары: белім құзырындағы міндеттердің белнсне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі – құрылысшы, менеджер; компьютерде жұмыс істей білу.

IX. «Алакөл ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ, Үшарал қаласы, Жеңіс көшесі, 148, тел.: (72833) 21033, бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға конкурс жариялайды:

жетекші маман (E-R-5).

Функционалдық бағыттары: белім құзырындағы міндеттердің белнсне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі – педагогикалық, компьютерде жұмыс істей білу.

X. «Ескелді ауданының қаржы бөлімі» ММ, Қарабұлақ кенті, Сатпаев көшесі, 65, тел.: (72836) 30720, 31121, бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға конкурс жариялайды:

Бюджетті үйлестіру, есебін жүргізу және мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру секторының бас маманы (E-R-4), уақытша, негізгі қызметкердің бала күту демалысына шығуына сәйкес.

Функционалдық бағыттары: белім құзырындағы міндеттердің белнсне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білім – экономикалық, компьютерде жұмыс істей білу.

XI. «Қаратал ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ, Үштөбе қаласы, Құсмолданов көшесі, 21, тел.: (72834) 21536, 25644, бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға конкурс жариялайды:

бас маман (E-R-4).

Функционалдық бағыттары: белім құзырындағы міндеттердің белнсне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі – педагогикалық, компьютерде жұмыс істей білу.

XII. «Панфилов ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ, Жаркент қаласы, Масанчи көшесі, 23, тел.: (72831) 51048, бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға конкурс жариялайды:

жетекші маман (E-R-5), уақытша, негізгі қызметкердің бала күту демалысына шығуына сәйкес.

Функционалдық бағыттары: белім құзырындағы міндеттердің белнсне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі – заңгерлік, экономикалық, компьютерде жұмыс істей білу.

XIII. «Талдықорған қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ, Талдықорған қаласы, Тәуелсіздік көшесі, 35, тел.: (7282) 243143, бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға конкурс жариялайды:

бухгалтерлік есеп секторының жетекші маманы (E-R-5), уақытша, негізгі қызметкердің бала күту демалысына шығуына сәйкес.

Функционалдық бағыттары: белім құзырындағы міндеттердің белнсне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі – заңгерлік, экономикалық, компьютерде жұмыс істей білу.

XIV. «Талдықорған қаласының құрылыс бөлімі» ММ, Талдықорған қаласы, Шевченко көшесі, 131, тел.: (7282) 211935, 212986, бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға конкурс жариялайды:

бас маман (E-R-4).

Функционалдық бағыттары: белім құзырындағы міндеттердің белнсне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі – техникалық, құрылысшы; компьютерде жұмыс істей білу.

XV. Еңбекшіқазақ ауданы, Евгенемаловодный ауылдық округінің әкімі, Маловодное ауылы, Оразбеков көшесі, 1, тел.: (72775) 56686, бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:

бас маман-мал дәрігері (E-G-3).

Функционалдық міндеттері: округ әкімі аппаратының құзырындағы міндеттердің белнсне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білім – малдәрігерлік; компьютерде жұмыс істей білу.

XVI. Еңбекшіқазақ ауданы, Байтерек ауылдық округінің әкімі, Байтерек ауылы, Әлмерек абыз көшесі, 32, тел.: (72775) 51335, бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:

бас маман (E-G-3).

Функционалдық міндеттері: округ әкімі аппаратының құзырындағы міндеттердің белнсне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі – ауылшаруашылық, экономикалық, заңгерлік; педагогикалық, жергілікті және мемлекеттік басқару, компьютерде жұмыс істей білу.

XVII. Еңбекшіқазақ ауданы, Қаражота ауылдық округінің әкімі, Қаражота ауылы, Мамаев көшесі, 8, тел.: (72776) 76941, 76916, бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:

бас маман – мал дәрігері (E-G-3).

Функционалдық міндеттері: округ әкімі аппаратының құзырындағы міндеттердің белнсне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білім – малдәрігерлік; компьютерде жұмыс істей білу.

XVIII. Еңбекшіқазақ ауданы, Көктөбе ауылдық округінің әкімі, Совет ауылы, Естемесов көшесі, 21, тел.: (72775) 52345, бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:

жетекші маман (E-G-4).

Функционалдық міндеттері: округ әкімі аппаратының құзырындағы міндеттердің белнсне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: компьютерде жұмыс істей білу.

XIX. Еңбекшіқазақ ауданы, Сегеті (Нұра) ауылдық округінің әкімі, Нұра ауылы, Еспергенов көшесі, 25, тел.: (72776) 72138, бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:

бас маман – мал дәрігері (E-G-3).

Функционалдық міндеттері: округ әкімі аппаратының құзырындағы міндеттердің белнсне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білім – малдәрігерлік; компьютерде жұмыс істей білу.

Әкімшілік мемлекеттік қызметке тағайындау конкурс негізінде жүзеге асырылады.

Конкурсқа қатысушылар ұсынатын құжаттар:

1) конкурсқа қатысуға ұсынылған адамның жеке басын куәландыратын құжат;

2) конкурсқа қатысуға ұсынылған адамның еңбек қызметін растайтын құжаттар;

3) конкурсқа қатысуға ұсынылған адамның мемлекеттік қызметке кіруге және лауазымдық өсуге кедергі келтіретін ауруларының жоқтығы туралы медициналық анықтама;

**4) конкурсқа қатысуға ұсынылған адамның мемлекеттік қызметке кіруге және лауазымдық өсуге кедергі келтіретін сотталғандығының жоқ

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Жетісу

●Газет 1918 жылғы маусымнан шығады ● №57 (17470) Бейсенбі, 12 мамыр, 2011 жыл. ●e-mail: Jetisu2002@mail.ru ● Бағасы келісімді

●Жеделхат

Барлығымыз білетіндей, Ақсу ауданының құрылғанына 80 жыл толған той ат шаптырып, балуан күрестіріп, республикалық дәрежеде ақындар айтысы мен мүшәйрасын өткізіп дегендей, аса мәртебелі әрі жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Ақсудан қанаттанып, бүгінде еліміздің әр қиырында қызмет етіп отырған азаматтар да ақ тілектерін арнады. ҚР Премьер-Министрі Кәрім Мәсімов те жерлестеріне ізгі тілегін жолдапты. Төменде соны назарларыңызға ұсынып отырмыз.

ҚҰРМЕТТІ АҚСУЛЫҚ АҒАЙЫНДАР!

Сіздерді Ақсу ауданының 80 жылдық торқалы тойымен шын жүректен құттықтаймын!

Тарихы тұнған қазына, табиғаты әсем бұл өңір – еліміздің игі- жақсыларын жаратқан, ұлтымыздың қайталанбас тұлғаларын тудырған алтын бесік, киелі жер. «Ағынды менің Ақсуым» деп өткен жыр құлагері Ілияс Жансүгіров: «Суретін сөз баяндап жеткізе алмас, жерінің Жетісудың бәрі сондай» десе, халқымыздың біртуар ақыны Сара Тастанбекқызы: «Туған жер, жерұйығым – Жетісуым» деп тебіренеді.

Ақсудан түлеп ұшқан сондай асылдардың қатарында батырларымыз бен ақындарымыз, ғалымдарымыз бен өнерпаздарымыз, қарапайым еңбек адамдары да бар. Олардың дәстүрін жалғастыру, жерін кастерлеп, ұлтын сүю сияқты қасиеттерін бойға сіңіру – бәріміз үшін, келешек ұрпақ үшін парыз.

Бүгінгі тойымыздың тарихи тағылымы да, ең басты ұлағаты да осы болмақ.

Өнегелі шарадан жастарымыз үлгі алып, Отанымыздың нағыз патриоты, елжанды азаматтары болып өседі деген сенімдемін.

Туған жердің аяулы перзенттері барда Отанымыздың күш-қуаты нығайып, берекесі ешуақытта сарқылмайды.

Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдық мерейлі мерекесі қарсаңында өтіп жатқан Ақсу ауданының 80 жылдығы бейбіт еліміздің ынтымағы мен ырысын арттыра түсетін ұлағатты тойға ұлассын!

Аудан халқына, барша жерлестеріме мықты денсаулық, баянды бақыт тілеймін.

Еліміз өркендеп, жеріміз көркейе берсін!

Тойларыңыз құтты болсын!

Ізгі тілекпен,
Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
Кәрім МӘСІМОВ.

Астана, Үкімет үйі, 2011 жылғы мамыр.

●Үлы Жеңіске – 66 жыл

ЕРЛІК МӘҢГІЛІК ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

Ұлы Отан соғысына облысымыздан 120 мыңнан аса адам аттанып, оның тең жартысы жат жерде жан тапсырды. Майданда ерлік көрсеткен 54 жетісулық жауынгер Кеңес Одағының Батыры атанды. Есімдері ғасырға айналған 28 гвардияшы-панфиловшы батырлардың оны өміріміздің тұнығы. Иә, олардың ерлігі бүгінгі ұрпаққа өнеге. Бүгінгі тәуелсіздігімізден табанды, елдігіміздің баянды болуы үшін де соғыс және тыл ардагерлерінің қосып жатқан үлестері ұшан-теңіз. Олар өмірлік тәжірибесі, ұлағатты ақыл-кеңестері арқылы өміріміздің өркендеуіне, өскелең ұрпақты патриоттық, отаншылдық рухта тәрбиелеуге үлес қосып келеді. Десек те, жыл өткен сайын ардагерлеріміздің қатары сиреп барады. Айталық, өткен жылы Жеңістің 65 жылдық мерекесіне облыста 1300-ден аса ардагер қатысса, биылғы мерекені 925 ардагер қарсы алды. Мереке биыл да облыс аумағында жоғары деңгейде өтілып өтті.

Жетісу
Қажет АНДАС

Қалалықтар орталық алаңға таң асыққан жинала бастады. Олардың арасында еңгезердей карт та, сәбиін көтерген бала да жүр. Бәрі де ұлы күннің қуанышымен марқайып, келешекке кемел ой түйеді. Салтанатты шара облыс әкімі **Аңсар МҰСАХАНОВ** бастаған облыс, қала әкімдігі қызметкерлерінің Данк ескерткішіне гүл шоғын қойып, пәтіхаттық берішпен өтуімен басталды. Ескерткіш басында бір минут үнсіздік жарияланып, құрбан болған жерлестеріміздің тағзым етілді. Осыдан кейін орталық алаңға бет алған алқалы топ концерттік бағдарлама мен әскерилердің шеруін тамашалады.

Мерекелік шараны тамашалауға жиналған қала тұрғындары мен қонақтарды облыс әкімі Аңсар МҰСАХАНОВ құттықтап, сөз сөйледі.

– Құрметті соғыс ардагерлері мен тыл еңбекерлері! Сіздерді Ұлы Жеңістің 66 жылдығымен құттықтаймын.

Ұлы Отан соғысында жеңістің жолында желбіреп, әлі шырқалады жарты ғасырдан астам уақыт өтті. Десекте, сонау сұрапыл жылдарда тағдыр тезіне төтеп беріп, кескілескен ұрыстарда табандылық көрсеткен аталарымыздың ерлігі халықтың жадында мәңгілікке сақталады. Оның мақтығы мен ұлығы жыл өткен сайын айқындала түсуде. Себебі бізді қоршаған халқымыздың Ұлы Отан соғысындағы Жеңісі талассыз, нағыз әділетті жеңіс болады.

Майдандегілер мен тыл еңбекерлерінің намысшылдығы және қайсарлығын мақтан ету ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, барша мызды біріктіретін ұлы күшке айналды. Жеңіс тарихын жас ұрпақты патриоттыққа, отаншылдыққа, елжандылыққа тәрбиелеудің жарқын үлгісі ретінде қалыптастыру – біздің ортақ парызымыз. Тәуелсіз мемлекетіміздің 20 жылы ішінде қоғамды елімізі татулық пен келісім негізінде өркендетті қоғам дамуының бейбіт тірлігінің келесі тірегі екенін пәтіз өтіп келеді. Қазақстан халқының жаңа толқыны да ардақты аталарымыз ғұмыр бойы абыроймен алып жүрген Жеңіс туына қарап бой түзейтін болады.



Қадірлі соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлері! Ұлы Жеңіс мерекесімен құттықтай отырып, сіздерге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, бейбіт өмір, отбасыларыңызға бақ-береке тілеймін! – деді ол.

Орталық алаңдағы Бикен Римова атындағы облыстық драма театрының әртістері дайындаған сахналық қойылым көрген жанды бей-жай қалдырмады. Қазақтың шалғай бір ауылында мектеп бітіруге дайындалып жатқан бір топ жастың қуанышты көңіл-күйін Мәскеуден жеткен сұмдық хабар бұт-шұт етеді. Сұрапыл соғыстың дабылы қағылып, қалыпты тіршілік бұзылады. Осы тұста сахна төріне ұлы Алтайдайды соғыска аттандырмақшы болып Жамбыл бабамыз шығады. Ақынның ақ батасына қос қолын жайған көпшілік бетін сипап, іштей келер күннен бейбіт-береке тілесті. Мұнан соң майдандағы көрінісімен өрілген қойылым жан алып, жан беріскен ұрыстан үзінді көрсетті. Жаумен ерлікпен шайқасқан батырлар бейнесі сомдалып, соңы Жеңіс күнгі ұлы шаттыкпен, оның соңы 66 жылдан кейінгі бүгінгі бейбіт өмір, шаттықтың тіршіліктің көрінісімен аяшықталды. Сахналық қойылымнан кейін сап түзеген сарбаздар ортаға шықты.

Осы заманғы сапалы техникамен қаруланып, сап түзеген жауынгерлердің салтанатты шеруі өтті. Елін, жерін қорғауға тас-түйін дайын сарбаздардың ретті жүрісі мен сәулеті ел тыныштығына деген сенімді жүректерге орнықтырды.

Сонау Ұлы Отан соғысы кезіндегі әскери машинадан бастап бүгінгі жоғары техникаларды көріп, көңілдеріне көп ой түйген көпшілік әскери саладағы жоғары жетістіктерімізге көз жеткізді.

Әскери шеруден кейін ардагерлер орталық алаңға тігілген әскери шатырда жайылған дастарқан басына жиналып, әскери боткадан дәм татты. Мерекенің соңы түрлі спорттық шара, көпілді мерекелік тартулармен жалғасты.

ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабына сәйкес, облыстық мәслихаттың кезекті сессиясы Талдықорған қаласы, Тәуелсіздік көшесі 38, облыстық әкімдіктің ғимаратында, **2011 жылғы 26 мамырда сағат 15.00-де** шақырылады.

Күн тәртібінде:

1. Облыстық қаржы басқармасының «2010 жылғы облыстық бюджеттің орындалуы жөнінде жылдық есебі».
2. Облыстық мәслихат Тексеру комиссиясы төрағасының «2010 жылға арналған облыстық бюджеттің орындалуы жөнінде бақылау қорытындысы туралы» баяндамасы.
3. Әртүрлі мәселе.

●Облыстық әкімдікте

ЖАҢА ҚЫЗМЕТКЕ КІРІСТІ

11 мамыр күні Алматы облысының әкімі **Аңсар МҰСАХАНОВ** облыс активіне ҚР Президенті Әкімшілігінің келісімімен облыс әкімі аппаратының басшысы лауазымына тағайындалған **Бағдат ҚАРАСАЕВТЫ** таныстырды. Ол бұған дейін Алакөл ауданының әкімі болып жұмыс істеген.

Аңсар Мұсаханов Б. Қарасаевқа жаңа қызметінде табыс тілеп, оның іскерлік қабілетін айрықша атап өтті.

* * *

Осы күні Алматы облысы әкімдігінде ұзақ жыл жұмыс істеген, ұйымдастыру-инспекторлық бөлімнің бас инспекторы Александр Поповичті әріптестері құрметті еңбек демалысына шығарып салды.

Облыс басшысы А. Поповичке зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасы бақытын тіледі.

«Сіз өзіңіздің ұзақ жылғы еңбегіңіздің арқасында құрметті демалысқа абыроймен шығып отырсыз. Алдағы уақытта да өміріңіз қуаныш пен шаттыққа толы болсын», – деген ізгі тілегін білдірді Аңсар Тұрсынханұлы.

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ТАҒАЙЫНДАУ

Облыс әкімінің өкімімен **Бағдат Әбілмәжінұлы Қарасаев** Алматы облысы әкімі аппаратының басшысы болып тағайындалды.

Бағдат Әбілмәжінұлы ҚАРАСАЕВ



1964 жылы туған. Алматы темір жол транспорты инженерлері институтын, Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетін бітірген. Мамандығы бойынша – қатынас жолдар инженер-механигі және мемлекеттік басқару бакалавры.

Еңбек жолын Талдықорған облысының Андреев ауданындағы кәсіптік-техникалық училищесінің мұғалімі болып бастады. Кейін осы училищеде директордың оқу-тәрбие жөніндегі орынбасары, директоры, «Алакөл Агро» және «Қайыңды» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінің директоры, Алакөл ауданы әкімінің орынбасары қызметтерін атқарды.

2004 жылдан – Алакөл ауданының әкімі.

ХРОНИКА

Облыс әкімінің өкімімен басқа жұмысқа ауысуларына байланысты:

Ержанбек Ормаханұлы Нұрбеков облыс әкімі аппаратының басшысы қызметінен;

Бағдат Әбілмәжінұлы Қарасаев Алакөл ауданы әкімі қызметінен босатылды.

●Мәселе

АПАТТЫ ҮЙЛЕР ЖӨНДЕЛЕДІ

Еңбекшіқазақ ауданы Маловодное ауылындағы тұрғын үйлердің апаттық жағдайына жер сілкінісі емес, ауылдың жекелеген көшелерінде жерасты суларының көтерілуі себеп болған, -деп хабарлады сәрсенбі күні Алматы облыстық жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, авариялар мен табиғи апаттардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру жөніндегі басқармасының бастығы Сергей Салағаев.

Оның айтуынша, жер сілкінісіне дейін 2011 жылдың 22-23 ақпанында жерасты суының көтерілуі салдарынан тұрғын үйлерді су басқан.

Сол мезгілде су күрсауында қалған тұрғын үйлер жағдайын зерделеу үшін облыс әкімдігі тарапынан құрамында облыстық құрылыс, мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау, төтенше жағдайлар жөніндегі басқармалардың, Қазақ сейсмикалық құрылыс ғылыми-зерттеу институтының (ҚСҚҒЗИ), Еңбекшіқазақ аудандық әкімдігінің өкілдері бар арнайы комиссия құрылды.

Осы комиссия жұмысының қорытындысында 118 үйді су басқаны анықталған. Сәуір айында облыс бюджетінен Еңбекшіқазақ ауданындағы дренаждық жұмыстарға және бұрынған бар дренаждық желілерді тазалау жұмыстарына 116 млн. теңге бөлінді.

Қазіргі кезде дренаждық жұмыстардың 60 пайызға жуығы аяқталып, жер асты суының деңгейі нормаға сәйкес төмендеген.

29 сәуірде аталған комиссия ақпан айында су басқан 118 үйді қайта қарап шықты. Олардың 28-і апаттық жағдайда деп танылды (іргетасы шекken, сылағы жарылған, т.б.), оның төртеуін үй иелері жаңа үйдің құрылысы үшін бұзып алды. 31 үй құрылымын күшейтуді, 9 үй ағымдағы жөндеуді қажет етеді.

Басқарма басшысының айтуынша, жер сілкінісінен кейін емдеу мекемелеріне денсаулығына шағымданып келген азаматтар болмаған, өмірлік қажеттіліктегі нысандар жұмыс істеп тұрған және штаттық режимде жұмыс істейді.

Дегенмен, су күрсауында қалған 28 үй апатты деп танылды. Себебі, бұл үйлер тозығы жеткен, ескі үйлер есебінде. Сондықтан да 1-2 мамыр күндері Еңбекшіқазақ аудандық әкімдігі апатты үйлердің тұрғындарын бау-бақшаларында құрылған киіз үйлер мен шатырларға көшіруді ұйымдастырды. Бүгінгі күні сейсмология институтының мамандары жерасты суының салдарынан апаттық жағдайда тұрған үйлерді жөндеу туралы ұсыныс дайындау үшін зерделеу жүргізуде. Аталмыш ұсыныстар алып, сметалық құжаттары дайындалған соң, апатты үйлердің жөндеу жұмыстарына қаржы бөлу мәселесі қарастырылатын болады, – деді С. Салағаев.

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ӘСКЕРИ ПАРАД БОЛДЫ

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылған күні - 7 мамырда Талдықорғанда әскери парад болып өтті.

Ел рухын көтеріп, мықты қорғаны бар екендігін жете сезінткен әскери парад Талдықорғанның қақ ортасында көсіліп жатқан Тәуелсіздік көшесінің бойымен жүріп өтіп, Ана ескерткішінің алдындағы Мәңгілік алау жағылған алаңға аялдады. Әскери қызметкерлер арасында қалыптасқан дәстүр бойынша автоматтан бірнеше рет аспанға оқ атылып, Мемлекеттік Гимн шырқалып, жауынгерлік рух көтеріле түсті. Талдықорған әскери гарнизонының әскери құрылымдары он үш



топ болып сап түзеп, үрмелі аспаптар оркестрінің әуенімен жүріп өткенде былайғы жұрт тәнті болды. Көз тойып, көңіл толды.

Талдықорған қаласының әкімі М. Бигелдиев Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылған күніне орай құттықтау сөз сөйледі.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

●Көктемгі егіс – 2011

ҚАРҚЫНДЫ ЖАЛҒАСУДА

Ауыл еңбеккерлері көктемнің шуақты күндерін тиімді пайдалануда. Қазіргі таңда егіс жұмыстарына белсене кіріскен шаруашылықтардың жұмысы ретімен жүргізілуде.

Жетісу
Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Облысымыздың екі ауданында өсірілетін күріш егу науқаны енді-енді басталды. Барлығы 13940 гектар алқапқа себілетін ақмаржанның негізгі бөлігі Балқаш ауданында болса, екіншісі Қаратал ауданында орналасқан.

Биыл темекі өнімі небары 790 гектар алқапқа себілмекші. Яғни, темекіге арналған егістіктің көлемі былтырғы жылмен салыстырғанда әлдеқайда аз. Оның 700 гектарын Еңбекшіқазақ ауданы ексе, Жамбыл ауданы темекіге 90 гектар жер арнаған.

Бүгінде 307371 гектар алқаптың 241826 гектары жыртылып, жоспар орындалуға таяды. Жер жырту Алакөл, Іле, Кербұлақ, Ұйғыр аудандарында әлі жалғасып жатыр. Масақты дәнді дақылдарды себуді Ақсу, Алакөл, Кербұлақ, Райымбек, Ұйғыр аудандарынан басқасы аяқтады. Қант қызылшасының тұқымын егу барысы да жаман емес. Осы алтаның ішінде тәтті түбір тұқымы белгіленген алқаптардың елу пайызына себілді.

Қазіргі кезде дәндік жүгері



егушілердің жұмысы қызу жүргізілуде. Облыс бойынша 60765 гектар жерге дәндік жүгерінің тұқымын себу көзделсе, осы уақытқа дейін соның 25612 гектарына "дала аруының" тұқымы орналастырылды. Сонымен бірге, майлы дақылдар мен майбұршақ, күнбағыс, көкөніс, бақша себу жұмыстары айтарлықтай қарқын алды. Мақсары тұқымын егуде сәуір мен мамыр айының шуақты мезгілін пайдалана білген Ескелді, Жамбыл, Талғар аудандары мен Қапшағай және Текелі қалаларының еңбеккерлері алғашқылардың қатарында.

Екінші нан саналатын картопты облысымыздың барлық аудандары өсіреді. Крахмалға бай, құнарлы азықты 35260 гектар алқапқа отырғызу жоспарланған. Бүгінде жұмыс жоспары сексен пайызға орындалды.

Құрметті Талдықорған қаласының тұрғындары мен қонақтары!

Барлықтарыңызды Қазақстан Республикасы Президенті Н. Назарбаевтың 2010 жылғы 29 қаңтардағы «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында, бұқаралық спорт түрлерін дамыту үшін Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына және Халықаралық «Олимпиада күнімен» орналған жеңіл атлетикалық жүгіріске қатысуға шақырамыз.

Қашықтықты жүгіріп өткен әрбір адамға Халықаралық Олимпиада комитетінің Президент Жак Рогтенің қолы қойылған сертификат тапсырылады.

Іс-шараның салтанатты ашылуы «Жетісу» орталық стадионында 2011 жылғы 21 мамыр күні сағат 10.00-де.

ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ.

Құрметті Талдықорған қаласының тұрғындары мен қонақтары!

Сіздерді 2011 жылдың 19-22 мамыр күндері аралығында Алматы облысының мемлекеттік қызметкерлері арасында өтетін IV жазғы Спартакиадасын тамашалауға шақырамыз.

Салтанатты ашылуы 2011 жылғы 19 мамырда сағат 10.00-де «Жастар» спорт сарайында болады.

Құрметті Алматы облысының азаматтары!

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ұйымдастыруымен 2011 жылғы мамыр айының 18-20 күндері аралығында «Әділет органы кеңес береді» атты тақырыпта республикалық іс-шара (акция) өткізіледі.

Осыған орай, барлық аудандық, қалалық әділет басқармаларында «Нұр Отан» ХДП өкілдерінің қатысуымен құрамына заңды тұлғаларды тіркеу, жылжымайтын мүлікті тіркеу, азаматтарды құжаттандыру, азаматтық хал-актілерді тіркеу, шиеттерінің меншік құқығын қорғау, қылмыстық атқару жүйесі салаларының мамандары және адвокат, нотариустар енгізілген ақпараттық-насихат тобы құрылды.

Өтініш білдірген азаматтарға, заңды тұлғаларға өкілдерінің құқықтық көмек көрсетілім, кеңестер мен заңнама нормаларына түсініктемелер беріледі.

Құрметті азаматтар, өздеріңізді мазалап жүрген сұрақтар болса, тұрғылықты жеріңіздегі әділет басқармасына барып, құқықтық кеңес алуға шақырамыз.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

e-mail: Jetisu2002@mail.ru
www.Zhetysu-smi.kz

ҚУАНЫШТАЙМЫЗ!



Балқаш аудандық «Балқаш өңірі» газетінің бас редакторы **ЕРБАЕВ Күмісбек Жарылқасынұлы** бүгінде орда бұзар 30 жасқа толып отыр.

Жас та болса, осы бір үркердей ұжымды білімділігі мен біліктілігі, парасаттылығы арқасында басқарып отырған басшымызды бүгінгі мерейлі қуанышымен құттықтаймыз. Мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасына береке-бірлік, шығармашылық табыс тілей отырып, бұл өмірдегі алар асуын әлі алда, қаламың қарымды, ойың шалымды болсын дегіміз келеді.

Қаламыңмен бүршік жарып мың өнер,
Үрпақ өссін ізгіліктен гүл егер.
Мәнді, сәнді ғұмыр тілеймыз.
Ортамызда күлің-жайнап жүре бер.

АҚ ТІЛЕКПЕН: «Балқаш өңірі» газетінің ұжымы.

Бәрекелді!

Жаңа басылым жарық көрді



Облысымыздың бұқаралық ақпарат құралдарының саны тағы бір жаңа басылыммен толықты. Үстімізлегі жылдың қыркүйек айында алғашқы саны жарық көрген «Ел-назар» республикалық журналының басты бағыты білім, ғылым, әдебиет, мәдениет салалары. Оның басқа басылымдардан тағы бір ерекшелігі негізінен педагогика саласына үлкен көңіл бөлетіндігінде. Осы басылым арқылы ұстаздар қауымы бір-бірімен өзара байланыс орнатып, ортақ іс-тәжірибелерін, сабақ жоспарларын, әдіс-тәсілдерін көпшілік назарына, талқысына ұсына алады. Сондай-ақ бұл материалдардың мұғалімдердің санатын көтеруге қитысты арнайы аттестациядан өтуіне ықпал ететіндігі журналдың көздеген мақсатының маңызды екендігін айғақтайды. Сондай-ақ, ұстаздардың, оқушылардың, белгілі қаламгерлердің шығармалары да журнал бетінен орын алады. Білім мен ғылым, әдебиет, мәдениетке қатысты толғақты ойлар қозғаған проблемалық мақалалардың жарық көруі басылым бағасын арттыра түседі. Журналдың бас редакторы белгілі әдіскер, ұстаз, ақын Ергазы Мамырұлы.

Ақпарат айдынында желкенін жаңа керген жас басылымға болашағын, байыпты, оқырманың көп болсын демекпіз!

«ЖЕТІСУ» ГАЗЕТІ ҰЖЫМЫ.

Алғыс

Тәуелсіздіктің 20 жылдығы қарсаңында өзінің 93-ші күзін қарсы алып отырған, саналы өмірін үздіксіз ұстаздыққа арнаған, үстіміздегі жылы мұғалімдердің кәсіби мейрамына 63-ші рет қатысқан, Президенттің ұстазы ардагер ага Сейітхан Исаев республикамыздың Білім және ғылым министрі Бақытжан Жұмағұловтан арнайы құттықтау хат алды.

ҚАРТ ҰСТАЗ ҚУАНЫП ҚАЛДЫ

Жетісу
Сайлаубек БАЙДУЙСЕНҰЛЫ

Құттықтау хатта былай делінген:

«Бүгінде Тәуелсіздігіміздің тұғырын бекітіп, Қазақстанның жарқын болашағы жолында биік белестерге жетелейтін жаңа буын өкілдерін тәрбиелеуде ұстаз еңбегі ерекше. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға», – деп ұлы Абай айтқандай ұстаздық ету – мамандық қана емес, бұл өмірдің мәні мен мағынасы, жас ұрпақтың нұрлы, ізгі болашағына деген сенім.

Ұстаздық жолды таңдаған Сіз де өнегелі өміріңізді ұрпақ тәрбиесіне арнап, қаншама шәкіртті білім нәрімен сусындатып, бойына ізгілік шуағын дарытқаныңыз. Сондықтан Сізге ұрпақ тәрбиелеудегі игілікті еңбектеріңізде елімізді атын әлемге танытатын білімді де, талантты шәкірттеріңіз көбейе берсін дегім келеді.

Сізге ұзақ өмір, зор денсаулық, шығармашылық табыс тілеймін», – деп қол қойған министрдің құттықтау хатын Қарасай ауданының әкімі Амангелді Дәуренбаев қарт ұстазға табыс етті.

ҚАРАСАЙ АУДАНЫ.

Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ



Қазақ әдебиеті ауыр қайғыға ұшырады. Қазақстанның Халық жазушысы, талантты ақын Тұманбай Молдағалиев 77 жасқа қараған шағында қайтыс болды.

Тұманбай Молдағалиев 1935 жылғы 20 наурызда Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданындағы Жарсу ауылында туып, 1956 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін тамамдады. Еңбек жолын "Лениншіл жас" (қазіргі "Жас Алаш") газетінде әдеби қызметкер болудан бастап, 1956 – 1959 ж.ж. «Пионер" журналында әдеби қызметкер, 1959 –1971 ж.ж. "Жазушы" баспасында редактор, аға редактор болды. 1971–1973 ж.ж. "Балдырған" журналында жауапты хатшы, 1973 – 1984 ж.ж. "Жалын» альманахының бас редакторы қызметтерін атқарды. 1984 – 1986 ж.ж. Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы болды. Ұзақ уақыт "Балдырған» журналының бас редакторы қызметін атқарды.

Тұңғыш өлеңдер жинағы 1957 жылы "Студент дәптері" деген атпен жарық көрді. Содан бергі уақыт ішінде ақынның қырықтан астам кітабы басылды. Орыс және батыс классиктерінің, сондай-ақ туысқан республикалар ақындарының өлеңдерін қазақшалады. 1968 жылы "Жаңа дәптер" жинағы үшін Республика Комсомолы сыйлығының, 1982 жылы «Жүректегі жазулар" кітабы үшін Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанған. 1992 жылы бүкіл Түркі дүниесі ақындарының Физули және Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықтарын алды. Қазақстанның Халық жазушысы. «Парасат» орденінің (2004) иегері.

Н. Тілендиевтің, Ш. Қалдаяқовтың, Ә. Бейсеуовтің көптеген әндеріне өлең жазған ("Құстар әні", "Құстар қайтып келеді", "Бақыт құшағында", "Әнім сен едің", "Шақырады көктем", т.б.). 2007 жылы «Құстар қайтып барады» атты ән текстерінің жинағы шықты.

1957 жылы "Тың жерді игергені үшін", 1970 жылы "Еңбектегі ерлігі үшін" медальдарымен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің грамотасымен марапатталды.

Құстар қайтып барады

Тұмаған өмірден өтті деген суық хабарды естігенде жүрек тұсым шым ете қалды. Бірден есіме тұма жырдың иесі атанған Тұман ақынның «Құстар қайтып барады» әні орала кетті. Ұзақ жылдар бойы осы әнмен бірге жасап келе жатқан ақын қайтқан құстың қанатына арманын іліп, арғы әлемге кете баргандай ма, қалай? "Туған жерін қимай кетіп барады, Өскен жерге сыймай кетіп барады» демеп пе еді Тұмаған. Шынымен де қайран ақын қимай кетіп, сыймай кетіп барады. Құстар қайтып барады, Тұмаға. Ерте көктемде солармен бірге сағынып болып қайта ораларсыз. Сол кезде біз сіздің өзіңізбен кездесе алмасақ та, сөзіңізге жазылған әдемі әнмен қауышып, жоқтаймыз, сағынамыз, еске аламыз.

Жатқан жеріңіз жаныңызға рахат сыйласын Тұманбай ага!

Жақыпжан НҰРҒОЖАЕВ, облыстық «Жетісу» газетінің бас редакторы.

Қайран Тұмаш!

«Сен бақилық болып кетті» деген хабар төбемнен жай түскендей әсер етті, қайтейін, қолдан келер дәрмен жоқ! Екеумізді осыдан 60 жылдан бұрынырақ Есік қаласының мектеп-интернаты табыстырған еді. Жетімдіктің көз жасына тұншығып жүріп ертеңіме талпынып қадам басқан жасөспірім шағымның күәсі, өзің де жетімдік деген тікенектей ащы сөздің зардабын тартқан мұндасым едің сен!

Ат жалын тартып мініп, азамат болып, әке аталған, ата аталған адами қуаныштарымның ең үлкен тілекшісі де, мәресіне болып, өзімнен бұрын ерек қуанатын да сен ғана едің. Енді мені «Едігем!» деп кім айтады? Ауыл жақа атбасы бұрыла қалса аттап етпей «Едігем!» деп арнайы ат жібертіп алдыртып, қасына кім ертіп жүреді? Қайтейін, тағдырдың жазғанынан озу жоқ екен ғой...

Сен жастайыңнан бауырмал едің. Араздасқан екеудің әлсізін жақтап, соны қолдап, қамқорлық сезуға бейім мінезің ата болып, шөбере сүйгенше езгермегені сенің жаныңның жомарттығының белгісіндей екен. Бүгін «сен өмірден озды» деген хабарды ести сала бірге өткізген күндеріміз моншақтай тізіліп көз алдымнан өтіп жатыр, өтіп жатыр...

Мен қатарлылар сенің алып жүрегіңді шымырлатқан сезімдерден туған жырыңды оқып, бүгіндері шөберелерімізге әже болып отырған сыңарларымызбен тіл табысқан едік. Сол жырларды жаттап айтып, балаларымыз балалы болды. Көбіміздің немерелеріміз сенің сөздеріңе жазылған әндерді айтып, шөберелерімізді әлдилеп жүруі сенің ең бақытты адам, заманымыздың орасан үлкен ақындарының бірі болғандығыңның дәлелдіндей. Аллаға орасан шүкіршілік!

Әттең, көрген қызық бір күнгідей болмай өз жырында айтылғандай «Қоштасарда жылай да алмай» кете бардың. Иманың серік болсын, бауырым Тұмаш!

Едіге СОПАЕВ, зейнеткер ұстаз.

«АҒА» ДЕП АРҚА ТҰТУШЫ ЕДІК

Жиырма жасының өзіндеақ айналасына жыр шұғыласын шашқан, отызында орда бұзып, қырық жасында қырдан аскан, елуінде күллі Алаштың мақтанышына айналған жыр жампозы Тұманбай Молдағалиевтің да тынысы тоқтайтын уақыт жетіпті-ау! Суыт хабарға сенерімді де, сенбесімді де білмей аңтарылдым. Кеше ғана ортамызда жымның күліп, жылы қабағымен сыр ұқтырған дәуірдің қайталанбас тұлғасы, талантты ақыны арамыздан кетті дегенді мойындағым келмейді. Қазақ сөз өнеріне оршіл де өлмес екпін әкелген Тұманбай замандасымның жыр жинақтарына қараймын да өзімді сабырға шақырамын.

Дара тұлға

Қазақта ақын көп қой. Бірақ, Тұманбай жарқырап жанған жұлдыз еді. Қазақта ақылман көп еді. Тұманбай солардың арасынан парасаты-пайымымен, көңілінің кеңдігімен дараланып көрінуші еді. Қазақ деген халықтың парасаты телегей теніз болса, Тұманбай соның қаймағын қалықтан абызы еді. Бүгін сол ақынымыздан, ақылманымыздан, абызымыздан көз жазып қалып отырмыз. Қазіргі кезде бүкіл қазақ даласының мұңға батып, қайғы жұтып тұрғаны анық. Өйткені, кең дала бағы мен бақытына, сәні мен салтанатына тірсу болған бір аяулы азаматынан айырылды.

Бірақ, Алаш жұртында «Тұманбай» деп басталатын ақыл мен нақылға толы сыршыл әңгімелердің ғасырлармен ұласып, тарих беттерінде жазыла беретініне бек сенімдімін.

Өзіндей ақиық ақындар кеткен мекенге аттанып бара жатқан ақынның соңында өлмес мұрасы, жұрт сүйініп оқитын, жастар құмарта жаттайтын отты өлеңдері қалды. Ұлылығын ұлықтайтын ұрпағы бар Тұманбай ақын бақытты.

Ендеше, марқұмның жаны жаннатта, топырағы торка болсын. Ақынның жасын жырлары туған халқының қажетіне жарап, шөлдесе сусын, ашыкса азық болатыны анық.

Қош бол, қазақтың дара туған перзенті – Тұманбай!

Қалтан БАСТАУБАЕВ, қоғам қайраткері.

ҚОШ, ҚАЗАҚТЫҢ ТҰМАНБАЙЫ

Қазақ әдебиетіне жетпісінші жылдары жұлдызы жарқыраған бір топ ақын келді. Солардың ішінде Тұманбайдың шабысы анық аңғарылып тұратын. Оның «Лениншіл жас» газетіне шыққан әр өлеңін жастар таласа-тармаса оқып жататын. Жастар деймін-ау, замандастары да оның талантына, талғамына сүйсініп отыратынбыз. Ал сол жылдары Тұманбайдың сөзіне жазылған әндер сахнаның сәні болатын. Айта берсең, оның мінезі де өлеңдері сияқты кіршияз болып келетін. Осы уақытқа дейін қабақ шытып ашуланған, жасып, жабырқаған кезін көрмеппін. Мұндай кеңпейілділік, ізеттілік адамға тән қасиет болар деп топшылаймын.

Тірлігінде поэзия музасына табынып, табандылықпен еңбек еткен Тұманбай артына өлмес қазына қалдырды. Оның күндей күркіреп, теңіздей толқыған, алтын күректей аңқылдаған шын ақындық орамы мен ырғағы, сезім мен қаттары қалың сырларға кенен өлеңдері жырсүйер қауымды бір көтеріп тастады. Көңілдегі көрікті ойдың көктемдей түлеп, бұлақтай бұлқынып, өзендей тасуына, сыршыл, нәзік сезімдерді табиғи қалпында жеткізіп, сөзбен сурет салуға кең жол ашты. Таудан құлаған бұлақтардай екпінді, таза да ерке, отты, батыл, нәзік сырға толы ойлы лирикасымен әдебиетіміздің мазмұнын байытып, жаңалығымен жүзіне қан жүгіртті. Көркемдік кестесін құлпыртып, тілі орамды, көңілге қонымды, сыршылдық пен ойлылық үйлесімін тапқан, жусан, жалбыз, гүл иісі аңқып, соның бәрі қиысып, тұтастық тапқан жаңа заман поэзиясын өмірге әкелді.

Шара не? Алып тұлға өмірден өтті. Қазақ поэзиясы қайғыда қалды. Бірақ, не деймін? Жаралы жүрегімді, қамығынкы көңілімді өксіткен демдеп тұрып: «Қош, қазақтың Тұманбайы», – деймін де. Бірақ, қазақ баласы абыз ақынын ешқашан ұмытпайды деп өзімді жұбатамын.

Нұрғожа ОРАЗ, ақын.

Ғажайып ғұмыр

Ел мерейін асыратын ерлері көп ауылдың.
Перзентісің және солай тарихқа жазылдың.
Селкеу түскен жүректерге сенім беріп сөнбейтін,
Шабытыңмен дәлелдедің биіктігін арыңның.
Өлеңіңнің оршілдігін бағалады бар қауым,
Мүмкін бұл да тазалығы шығар сенің жаныңның.

Тұғыр етіп туған жердің топырағын, ауасын,
Өлеңменен жалғастырдың Еділ, Есіл арасын.
Атой салып ақиқаттың майданынан таймастан,
Жылыттың сен жырларыңмен қазақтың кең даласын.
Қарттықта да суынбаған жастығыңның жалыны,
Жүрегіннің түкпірінен тапты мәңгі жарасым.
Сиқыры мол өршіл өлең демеу болып жаныңа,
Әсем әуен еркелетіп, өтті өзіңді тағы да.
Жаратушы ғұмырыңа осындай сый жасаған,
Бұл да болса азаматтың мандайының бағы да.
Лириканың ауылына жырдан егіп жас шыбық,
Жан жылуын іздеп өттің ғұмыр бойы сабыла.

Таба алдың ба, таппадың ба, ол туралы жабық сыр,
Кейде қызық құпияны білдірмейді халық кіл.
Махаббаттың құдіретін білмек болсаң, жас буын,
Тұманбайдың сыршыл, нәзік жырларынан алып тұр.
Ұлы ақынның тіріктегі демі бүгін бітсе де,
Өлмес, өшпес мұралары мәңгі бізге жарық нұр.

Қажет АНДАС.

Отан қорғау – парыз

Алматы облысы қорғаныс істері жөніндегі департаменті 30 қыркүйек – 1 қазан күндері 2011 жылдың көктемінде МӘК азаматтарды шақыруды өткізу мен дайындық қорытындысы, күзгі шақыру кезеңіне дайындық бойынша қала-аудандық қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген басқарма, бөлім бастықтарымен, әскери қызметшілерді келісімшарт бойынша іріктеу және шақыру бөлімшесі бастықтарымен, дәрігерлер – аудандық (қалалық) шақыру медициналық комиссия төрағаларымен екі күндік нұсқаулы-әдістемелік сабақ ұйымдастырды.

КҮЗГІ ШАҚЫРУҒА ДАЙЫНДЫҚ

Жиын әскери қызметшілердің саптық машығы мен саптық жарғы ережелерін меңгеруін тексеру мақсатындағы саптық байқаудан басталды. Сабақта 2011 жылдың бірінші жартыжылдығында Алматы облысы бойынша шақыру жасына дейінгі және шақыру жасындағы жасөспірімдер арасында медициналық көмек көрсету бойынша жұмыстарға қорытынды жасалып, бірқатар мәселелер қарастырылды, медициналық комиссия жұмыстарына талдау жасалды. Әскери-патриоттық тәрбие мәселесі де сырт қалмады. Жастарды әскери-патриоттық және өнегелі тәрбиелеу, жастар арасындағы әскери-патриоттық тәрбие жұмыстарының белсенділігін арттыру жұмыстарына шолу жасалды. Сондай-ақ, келісімшарт бойынша әскери қызметке, ӘЖОО-на іріктеуде атқарылатын іс-шаралар баяндалды.

Бүгінде, жастар арасында кең етек жайған дәстүрлі емес діндер және радикалды діни көзқарастар алаңдатады. Осыған орай жастарды кәсіби-психологиялық іріктеу кезінде діни экстремизмді және фундаментализмді насихаттау, тарату оқиғаларына жол бермеу жөніндегі алдын алу мен насихаттау жұмыстары бойынша жүргізілетін теологиялық, психологиялық тестілеу жұмыстары қарастырылды.

Сабаққа Талдықорған гарнизоны бойынша әскери прокуратура, әскери полиция, Алматы облысы бойынша ҰҚК, жергілікті БАҚ, денсаулық сақтау басқармасы, ішкі істер департаменті өкілдері шақырылды. Талдықорған гарнизоны әскери полиция бөлімінің сыбайлас жемқорлықпен күресу бойынша аға инспекторы әділет майоры К. Әділбеков ҚР «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» Заң талаптарын жеткізсе, әскери прокурордың аға көмекшісі, әділет подполковнигі К. Ермаханов «Сыбайлас жемқорлық – ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіреді», Алматы облысы бойынша ҰҚК діни экстремизммен және терроризммен күресу бойынша бөлім бастығы майор С. Имашев «Қазақстандағы діни экстремизмнің қаупі» деген тақырыптарда баяндама жасады.

Қ. АСЫЛХАНОВ, Алматы облысы Қорғаныс істері жөніндегі департаменті бастығының орынбасары.

Байқау

Тіл – халық зердесі

Алматы облысының мұрағаттар және құжаттама басқармасы Алматы облыстық мұрағатының аудандық филиалдары және Талдықорған мемлекеттік мұрағатының мұрағатшылары арасында «Тіл – халық зердесі» атты байқау өткізді.

Аталған шара Талдықорған мемлекеттік мұрағатының оқу залында өткен еді. Зал салтанатты әрлендіріліп, «Тіл – татулық тірегі» атты стендпен безендірілген. Сайыскерлер өзін-өзі таныстыру, М. Мақатаевтың бір өлеңін жатка мәнерлеп оқу, тақырыпқа сай жаңылтпаш және мақал-мәтелмен жарыс, өнер көрсету, мұрағатқа байланысты бір тақырыпты мемлекеттік тілге аудару сияқты аталымдардан бақ сынасты. Талдықорған мемлекеттік мұрағатының қызметкері Ольга Айтенова өзін әнмен таныстырып, мақал-мәтелдер қоржыны толы екенін дәлелдеп, тіл шатастырар жаңылтпаштарды мүлтіксіз айтумен ерекшеленсе, Ольга Богданова қазақ халқының салт-дәстүрлерінің көп екендігін көрсете білді. Сонымен қатар, Отан туралы мақал-мәтелдерді жеткізікті білетін Үйғыр филиалының мұрағатшысы Римма Рамазанованы да атап өткен жөн.

Әділқазылар алқасына ұлттық тағамдар бойынша шеберлікті бағалау қиынға соқты. Себебі, сайыскерлер бірінен бірі өтер ерекше әрі дәмді ұлттық тағамымен таңдай қақтырды. «Шабыт жұлдызы» аталымы бойынша Үйғыр Римма Рамазанованың ұлттық биі көсіпкой бишілерден кем түспеді. Конкурс арасында көрермендер Талдықорған мемлекеттік мұрағатының қызметкерлері ұйымдастырған «Архив ТВ» каналы бойынша тікелей эфирде Кенжегүл Стеллажованың жүргізуімен болған «шалақазақша» әзілді бағдарламаны қызықтады. Жанкүйерлерге Қазақстан Республикасының және Жетісу өңірінің тарихы бойынша викториналық сұрақтар қойылды. Конкурс өте қызықты өтті. Барлық қатысушылар өзінің жақсы дайындықтарын әрі мемлекеттік тілді оқыту орталықтарында алған білімдерінің сапалылығын көрсетті.

Дегенмен, «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» демекші, конкурс нәтижесі бойынша бас жүлдені – Талдықорған мемлекеттік мұрағатының бөлім бастығы Ольга Айтенова жеңіп алды. Жақсы дайындықтың нәтижесі болар, бірінші орынды да Талдықорған мемлекеттік мұрағатының бас қор сақтаушысы Ольга Богданова иеленді. Екінші орынды Еңбекшіқазақ филиалының мұрағатшысы – Анна Казарина мен Үйғыр филиалының мұрағатшысы – Римма Рамазанова өзара бөлісіп алды. Үштің өзі күш деп, үшінші орынға Үшарал филиалының 2 санаттағы мұрағатшысы Людмила Гайворонская көтерілді. Сайыс жеңімпаздарына басқарма грамотасы мен бағалы сыйлықтар берілді.

«Көп тіл білсең, көкжиегің кең болар» демекші, басқа ұлт өкілдері де қазақ тілін жақсы меңгерсе нұр үстіне нұр болар еді.

М. МАМЫРБЕКОВА, Алматы облысының мұрағаттар және құжаттама басқармасының ұйымдастырушылық-әдістемелік және қаржы жұмысы бөлімінің бастығы.

№25 мектебі мектепке дейінгі шағын орталығы мен мемлекеттік мекемесінің **Жалбағаев Мағжан Нұржанұлына** берген 16.06.2011 ж., Серия НОБ 0399928 нөмірлі тоғыз жылдық аттестатының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Разработан и передан на рассмотрение в экологическую экспертизу рабочий проект с разделом ОВОС по объекту: «Реконструкция и строительство системы водоснабжения с. Шошанай Уйгурского района Алматинской области.

Всем заинтересованным лицам обращаться по телефону: 8 (7282) 25-31-56.

ТОО «Гидротехник Жоба»

«Danone Berkut» ЖШС-не коммерциялық директор қажет: Талап: мамандығына сәйкес жоғары (ЖОО-дан кейінгі) білім, экономика саласы бойынша басшылық қызметтегі жұмыс өтіліне 5 жылдан кем болмауы керек.

Түйіндемені мына факске жіберу керек: **8 (727) 330 75 25, тел.: 8 (727) 258 50 07. Алматы қаласы, Абай көшесі, 52.**

Алматы облысының әкімдігі және облыстық мәслихат Қазақстанның халық жазушысы, көрнекті ақын **Тұманбай Молдағалиевтің** қайтыс болуына байланысты марқұмның туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Облыстық «Жетісу» газетінің ұжымы Қазақстан Журналистер одағының Алматы облыстық бөлімшесінің бұрынғы хатшысы Ақылбеков Исаханға інісі **Тоқмағамбеттің** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты көңіл айтады.

АСҚА ШАҚЫРУ



Аяулы жар, инабатты келін болған асыл анамыз Әлішева Нұрлығүлдің бақилыққа өткеніне 1 жыл толады. Анамызды еске алып туған-туыс, құда-жегжатты, дос-жараңды анамыздың асына шақырамыз.

Ас 15 қазанда, Сағат 12.00-де, Талғар ауданы, Қызылқайрат ауылы, «Жұлдыз» кафесінде беріледі.

ЕСКЕ АЛУШЫЛАР: жары, ұл-қыздары.

Жетісу

МЕНШІК ИЕСІ: Алматы облыстық "Жетісу" газеті шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Алматы облысының әкімі

Бас редактор Жақыпжан НҰРҒОЖАЕВ

Қабылдау бөлмесі және факс – 27-41-50, байланыс телефондары бас редактордың орынбасарлары – 21-01-90, 27-41-83, жауапты хатшы – 24-38-16, ауылшаруашылығы, экономика және спорт бөлімі – 27-42-34, саясат және парасат, әдебиет және мәдениет бөлімі – 24-36-07, уақыт және алеуметтік мәселелер бөлімі – 24-32-43, білім және ғылым бөлімі – 24-30-57, фототілшілер –27-41-93, заң және ақпарат бөлімі – 24-29-82, есеп-қисап бөлімі – 24-35-28.

Алматы қаласындағы тілшілер қосыны – 279-13-37 (факс), 79-13-86, 79-36-43.

Меншікті тілшілердің аудандардағы телефондары Үшаралда – 2-12-57, Панфиловта – 5-12-21, Райымбекте – 2-22-05, Іледе – 2-19-33.

Газет табыс етілмесе – 72-59-01 телефонымен хабарласу керек.

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНДЕ 2002 ЖЫЛҒЫ 16 ҚАЗАНДА ТІРКЕЛІП, №3322-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Алты машинкелік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы — Болашақ" ЖАҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.
М 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
П 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.

Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Компьютерге терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат

КӨЛЕМІ – 2 баспа табақ.
ТАПСЫРЫС – 1132.
ТАРАЛЫМЫ – 42 548.
ИНДЕКСІ – 65469.

Кезекші редактор: Болат АБАҒАН.



Толе би:

Атадан ұл туса игі,
Ата жолын қуса игі.
Өзіне келер ұятын,
Өзі біліп түрса игі.
Жаудан бұққан немені,
Ортасынан қуса игі!



Қаз дауысты Қазыбек би:

Алтын ұяң – Отан қымбат,
Құт-берекең – атаң қымбат,
Аймалайтын анаң қымбат,
Мейірімді апаң қымбат.
Аскар тауың – әкең қымбат,
Туып-оскен елің қымбат.
Ұят пенен ар қымбат,
Өзің сүйген жар қымбат.



Әйтеке би:

Ашу деген ағын су,
Алдын ашсаң арқырар,
Ақыл деген дария,
Алдын тоссаң тоқырар.
Кісі бірге туыспау керек,
Туысқан соң сөз қуыспау керек.
Сөз қуған бәлеге жолығады,
Жол қуған олжаға жолығады.

Ақылды әрі адал адамға жақындауға талпын, ақылды әрі өтірікші адамнан сақ бол, адал әрі ақымақ адамды ая, өтірікші әрі ақымақ адамнан аулақ қаш.

Ежелгі үнді нақылы.

АРДАГЕР

№21 (75)

Сейсенбі, 8 қараша, 2011 жыл

●*Жыр-дәурен*



Әжелердің келіні

(Салтанатқа)

Үлбіреген үкідей қарағым-ай,
Сәлем жасап, жолыма қарадың-ай.
Қарадың да жол беріп, ізет қылдың,
Рахмет білгендік талабына-ай.

Айналайын, ананың алтын қызы ең,
Қазағымның келмеді салтын бұзғың.
Сен сияқты келіндер көбейсе екен,
Ата-ғұрпын сақтаған халқымыздың.

Әжелерді сен жүрсің сыйлап анық,
Одан әрі сені біз қинамалық.
Салтты білген қыздарға, келіндерге,
Жарасады-ау осындай инабалық.

Бір сырлы, сегіз қырлы зерек келін,
Сабырлы ұстайды өзін тежеп келін.
Иіліп ізетімен сәлем берген,
Керме қас, сұлу, жөні бөлек келін.

Талдырмаш, сұңғақ бойлы сыланғаған,
Нәзік бір тал шыбықтай бұраңдаған.
Жайдары, жаны жайсаң Салтанаттың
Бейнесі Қыз Жібектен бір аумаған.

Шапағат жанарында жалын бардай,
Сыпайы, ілтипатты ғалымдардай.
Сүйкімді сұлу бейне самал шайқап,
Тербеткен тау басында қайыңдардай.

Перзенті періштедей перизаттың,
Еркіне басын иіп махаббаттың.
Ақылды келін болды бәрімізге,
Бірі еді еңбекте озат азаматтың.

Мейлінше мерейі үстем, мейірімді,
Құдірет жаратыпты кеңгейілді.
Және де дарқан етіп дариядай,
Артық қып ақыл-сана сезіміңді.

«Келіннің аяғынан» деген сөз бар,
Ауданым күткен екен келуіңді.
Перзентпен дәулет бірдей өсті өркендеп,
Шаттыққа бөліп барлық өміріңді.

Табиғат таразысы өлшеп берген,
Өзіңе лайықты серігіңді.
Дән риза елі-жұртың өнеге етіп,
Көркейтіп, көтеруде көңілінді.

Мың алғыс айтып ару келініме,
Тілеймін бар жақсылық өміріңе.
Сүйікті қосағыңмен қоса ағарып,
Дақ түсіп, кір жұқпасын көңіліңе!

Күміс қажы ПАРМАШҚЫЗЫ,
«Ақ әжелер» фольклорлық-этнографиялық халық ансамблінің жетекшісі.

●*Көңіл терезесі*

ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮР – ұлт құндылығы

Жетпіс жылғы жүріп өткен кеңестік кезеңде қазақ халқы өзіндік салт-дәстүр, әдет-ғұрыптың бірталайынан айрылып қалды. Еркек, әйел жынысты адамдардың отбасындағы, қоршаған ортадағы өзіндік болмыс-ұстанымы өзгерді. Ислам дінінде уағыздалған ерлі-зайыптылық қатынаста еркектердің әйел адамдардан бір саты жоғары тұруы дәріптелгенімен қазақи әдет-ғұрыптан аттап, ері алдындағы биязылықты, инабаттылықты, әдептілікті, қарапайымдылықты жоғалтып, күйеуімен асып түсуім керек деп шолақ ойлайтын келіншектер пайда бола бастады.



Күнделікті тіршілікте қаражатты күйеуінен артық тауып отырғанын, бала тәрбиесіне де көп уақытын жұмсайтынын міндет етіп отбасылық билікті қолына алған, алғысы келетін әйелдер де кездеседі. Қызметте әкім бол, министр бол, қандай қызмет атқарма, отбасында балаларыңның әкесімен санассаң, оны құрметтесең, сыйласаң, қасқабағына қарасаң, айтқанын тыңдасаң, орындасаң, өзіңнен бір саты жоғары қойды деген сол емес пе? Балаларымның әкесі дегеннен шығады, бұдан біраз жыл бұрын колхоздың сиыр фермасында ерлі-зайыпты бір отбасы еңбек еткен еді. Күйеуі қағылез, шағын денелі де, әйелі етжеңді болатын. Ара-тұра күйеуі әйеліне әкіреңдеп, кейде қол көтеріп те қоятын. Мұны көргендер: «Сен денелісің ғой, қол жұмсайын деп келе жатқанда итеріп жібермейсің бе?» – дегенде ол: «Бірінші-ден, ол балаларымның әкесі, екіншіден, маркұм шешесі жалғызымның қас-қабағына қара, сағын сындырма деп аманат етіп кетіп еді. Сондықтан етімнен ет кесіп алса да қынқ демеймін» – дегенді. Он баласы бар Ардақты ана өлгенше сол аманатқа адалдық танытып кеткен еді. Отбасының береке-бірлігін сақтап, өзінен ерін бір саты жоғары қойып, құрметтеп, қадірлеудің бұл бір мысалы ғана.

Бұрындары әйел адам жақындап келіп қалған еркек адамның алдын кесіп өтпеуші еді. Алдымен ер адамды өткізіп жіберіп, содан кейін өзі өтетін. Әйел адамның ер кісінің алдынан кесіп өткенін айыпқа, ьэм жамандыққа санайды. Себебі, әйел алдынан кесіп өтсе, кесірі жұғады деп ырымдаған. Тіпті, кесірі жұқпағанның өзінде ол ер адамға деген орасан зор құрмет емес пе?! Бұл бұрыннан қалған ізгілік, ілтипат, сыйластықты уағыздайтын әдет-ғұрпымыз ғой.

Коммунистік идеологияның тұсында бұл жайтқа ескіліктің сарқыншағы ретінде қарап әйел адамды алдымыздан кес-кестетіп өткізіп жіберетін болдық.

Әрбір отбасында әйелі ерінің атын атамай: «біздің үйдің отағасы, біздің үйдің қожасы, біздің үйдегі кісі», – деп қолпаштап келген. Бұдан олардың ер адамды пір тұтып, өзінен жоғары санайтынын аңғаруға болады.

Қазіргі жаһандану алдында шалбар кию үрдісі қазақ ұлтының қыз-келіншектерін кеңінен жаулап алды. Жақын келіп, бажайлап қарамасаң әйел ме, еркек пе, тап басып ажырату мүмкін емес. Шаш та, көйлек те жоқ болғандықтан алыстан ажырату мүмкін емес.

Ертеде ер адам әйелдің киімін, әйел ер адамның киімін киюге болмайды деп ырымдаған. Ислам діні әйел адамның ашық-шашық жүрмеуін уағыздайды. Бұған мойынсынбай ескіліктің қалдығы деп қараған қыз-келіншектер қатарының барған сайын көбейіп бара жатқанын аңғаруға болады.

Ұлттық болмысымызда қыздың жатжұрттық, қонақ екеніне әу бастан үлкен маңыз берілген. Кез келген отбасы отау құрған кезде отбасын асырауға өзінің үлесін қоссын деп, алдымен қыздарына мамандық алып беріп жатады.

Жалғыз отбасына ғана емес, бүкіл ауылға, аймаққа аскан ақылдылығымен, кез келген істе, іскерлігімен, көрегендігімен көзге түскен, данагөй аналардың аз болмағанын тарихтан білеміз.

Күйеуге тиді дегенді ат қылып бір бала тауып алып, содан кейін ажырасып кетуді әу баста алға мақсат етіп қойған қыздар баршылық. Бойдақ болып, жеке өмір сүріп, жалғыздыққа үйреніп қалған олардың бірсыпырасы күйеудің киімін жуып, тамағын істеп, тәуелді болуды ұнатпайды. Осындай қыздардың үйленуге атүсті қарап, жігіттің жүрегін жаралап, үйленіп ажырасқан, әйел тастаған деген атқа қалдырып кетуі жақсы ма?

Қазақстанда еркектердің белді болуы, бала өсіруі алаңдатарлық жағдайда. Бұдан бірер жыл бұрын жұмыс істеуге қабілетті жастағы еркектердің әйелдерге қарағандағы өлім деңгейі үш есе көп болған. Әйел мен еркектің өмір сүруінің орта жасының арасындағы айырманың 11 жасқа жетуі қалыпты жағдай емес екен. Сонда 3 жас биологиялық айырма болса, қалған 8 жас тұрмыстық-әлеуметтік жағдайға байланысты болып шығады.

Міне, осы жағдайлардан соң дәрігерлер мен мамандар саламатты өмір салтын қалыптастыра отырып, еркектердің репродуктивтік денсаулығына ерекше көңіл бөлу керектігін айтып дабыл қаға бастады.

«Жаста берген тәрбие жас шыбықты игендей» дегендей, ұл-қыздарымызды бесік жырымен тербетіп, батырлар жырымен сусындатып, салт-дәстүр, әдет-ғұрпымыздың озық жақтарын бойына сініріп, Отанын сүйетін, егеменді еліміздің үлгілі отбасы бола алатын жастарды тәрбиелеу көптің, үлкендердің ісі болса керек. Тәрбиемен адам тағдыры шешілетінін басты назарда ұстайық, қадірлі ағайын.

Нұртай ҚЫДЫРАЛЫҰЛЫ,
Көксу ауданының Құрметті азаматы.

●*Ғибрат*



Өмір қашанда өз ағысымен біртіндеп жылжи береді. Десе де, оның кешегісі мен бүгініне зер сала қарасақ, ойға орам болатын талай ақиқатқа көз жеткіземіз. Осы орайда, қазақтың даласы қандай кең болса, берекесі де соншалықты мол, жайлауы қандай шалқар болса, көңілінің де соншалықты дарқан болғанын біледі. Сол берекелі де ырысты өлкенің бар қасиетін бойына тұмар етken Сембай Балтабасұлы атамыз 1923 жылы дүниеге келеді. Осы тұс жаппай ұжымдастыру науқанының салдарынан елдің бейбіт тірлігі бүлініп, ауыл арасын ашаршылық жайлаған мезгіл еді.

Қиындыққа қайыспаған МАЙДАНГЕР

Адамның бір қызығы балалық шағы демей ме? Сембай атаның балалық шағы осындай ауыр кезеңдерге дөп келді. Күндіз мектепте оқыса, таңертеңнен кешке дейін дала төсіндегі қызу еңбекке араласып кететін. Бұл ауыл өмірінің айнымас шындығы еді. Десе де, атамыз қозы-лақтың соңынан жүгіріп, сиыр бағып жүріп-ақ жақсы мен жаманды, ауыр мен жеңілді ажырататын халге жетті. Еңбек аланындағы белсенділігімен қоса оқуға алғыр болды. Құрбыларының алды бола жүріп, мектептің түрлі шараларының ұйытқысы болды. Алайда енді ғана ат жалын тартып мініп, азамат атанғанда, яғни, 1941 жылы Екінші дүниежүзілік соғыс басталады.

Әлбетте, соғыс жайлы сөз болса, жүрегі сырқырамайтын адам жоқ-ау. Сембай атамыз 1942 жылы 18 жасында әскер қатарына алынып, от пен оққа оранған майданға аттанады. Әр басқан қадамын ажал аңдып тұратын соғыс шебінде атамыз Отаны, халқы үшін жан аямай шайқасады. Сталинград, Белоруссия, Курск, Орлов қалаларында болған шайқастарда ажалдың алдына сан барып, сан қайтса да дәм-тұзы таусылмады. Соғыс біткеннен кейін де екі жыл армия қатарында болып, 1948 жылы туған ауылына аман-есен оралады. Көзі тірі келді дегені болмаса атамыз ол тұста екі аяғынан ауыр жарақат алып, екіншісі топтағы мүгедек болып қалған еді. Бірақ, соғыстан кейінгі кетеуі кеткен ауылдың ауыр жағдайы азаматты тыныш жаткызбай колхоздың тынымсыз жұмысына кірісіп кетеді.

1950 жылы Сембай Балтабасұлы ауылдас Қадиша атты қызбен ауыл-аймақтың ақ батасын алып, шаңырақ көтереді.

«Үйлену оңай, үй болу қиын» демекші, басында азды-көпті қиындықтардың болғаны рас. Десе де, көп балалы отбасында ержеткендіктен болар, қиындықты қайратқа жеңдіріп, ашуды ақылмен тоқтатып, бір-біріне деген таза сезімін бағалай білді. Сембай пен Қадиша адамдармен тіл табысып, қоян-қолтық жұмыс жасауды, үлкенге ізетті, кішіге сыйласымды, көрші-қолаңмен тату-тәтті болды. Адал еңбектерінің жемісін көріп, бала сүйіп, отбасының қызығы арта түсті.

Міне, содан бері де алпыс жыл өте шықты. Шашына ақ түсті, денсаулығы да көптеп сыр бере бастады. Бірақ, ата мен апаның отбасылық ынтымағына сызат түсіп көрген жоқ. Алты баласын тәрбиелі етіп өсірді. Бүгінде 14 немере, 8 шөбере сүйіп отыр.

Адам баласына ұрпағының өскенін көргеннен артық бақыт жоқ шығар. Сембай атамыз осындай бақытты жан. Тағы бір жағынан, атамыздың соғыстағы ерлігі өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беретін мектеп болса, алпыс жылдық гауһар некесі бүгін үйленіп, ертең ажырасуға асығатын албырт жастарға үлгі-өнеге.

Қажет АНДАС.

Бақытсыздық қорқақ адамға ұқсайды: ол дірілдеп-қалтыраған адамдарды көрсе, соңынан қалмайды, ал өзіне қарай қасқайып қарсы жүргенде тұра қашады.

А. ЖЮВЬЕ.

Бір ғана ауыл емес, бүкіл ел еңбекте ерен ерліктер жасап, Қызыл өскеріміздің тезірек жеңіске жетуіне атсалысып, әрбір дөннің, әрбір малдың жеңіс жолына жұмсалуына күш салды. Солардың ішінде Қаспан да азаматтық танытып, колхозда жан аямай еңбек етті.

Жас бала Әкіш те соғыстың елге салған өлегі мен оның ауыртпалығын сезініп өсе бастады. Сәл есейе келе: «атаңа нәлет құ неміс, неге қырылып қалмайды тегіс?», – деп тісін қайрайтын болды.

Сөйтіп жүргенде 1945 жылдың 9 мамырында, тура өзі туылған күні Кеңестер одағы жеңіске жетіп, ел қуанышқа кенелді. 4 жасар Әкіш те: «Жеңіс, жеңіс! Біздер жеңіске жеттік!», – деп қалпағын аспанға атты. Сол күннен бастап 9 мамыр Әкіш үшін екі мерекеге айналды: бірі – Кеңестер одағының жеңісі, екіншісі – өзінің туған күні.

Әкіш мектепке үлкен қуаныш, зор мақтанышпен барды. «Мен туылған күні немістерді жеңгенбіз!» – деп мақтанатын қасындағы балаларға. Соған орай Әкіш барлық сабақты өте жақсы оқып, сыныптың беделді баласы болып алды. Сол үшін де ол сынып жетекшісі (класкомы) атанды. Көбира өжесі болса: «Менің балам Әкіш қазір сынып жетекшісі, өсе келе үлкен қызметкер болады», – деп айтып жүретін.

Сыныптас достарының құрметтегені соншалық, бір күні Тоқтасын деген досы Әкішті арқалап көшеде келе жатпай ма? Оны көрген

Ел еңсесі көтеріліп, мал басы көбейіп, алма ағаштар гүлдеп, жер түрленіп жатқан кезде, яғни 1941 жылдың 9 мамырында бұрынғы Талдықорған облысы, Кербұлақ ауданына қарасты Қызылжар ауылында Қаспановтар отбасында өмірге Әкіш атты ұл келді. Отбасының қуанышында шек болмады.Алайда, ол қуаныш көпке созылмады, сол жылы жазға салым Ұлы Отан соғысы басталып кетті.

КЕРБҰЛАҚТЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ



адамдар:

– Әкішті неге арқалап жүрсің? – деп сұраса, Тоқтасын:

– Әкіш озат оқушы, оның үстіне сынып жетекшіміз. Мұндай бала жаяу жүруге тиіс емес, – деп жауап беріпті.

Сол айтқандай, Әкіш алдымен колхоздың бұзауын бақты, одан кейін қойма меңгерушісі, ферма меңгерушісі болды. Ақырында ауылдың бас экономисіне айналды. Шаруашылықтың шалқып-тасуына көп еңбек сіңірді. Ауылдағы кемтар, жағдайы төмен адамдарға үнемі көмектесіп жүрді.

Қазақстан тәуелсіздік алған алғашқы жылдар, өтпелі кезең халыққа оңай соқпады. Барлық өңір, барлық облыстарда жекешелендіру жүріп жатты. Сол тұстағы колхоздар мен совхоздардың барлық малдары мен техникалық құралдары, тіпті жерлері де жекешелендіріліп, бәрі қымқырғанның қолында, тістегеннің аузында кетті. Бірақ одан іс оңала қоймады. Комбайн, трактор, машина секілді техникалар бір-екі жылға жетпей тоз-тоз болып, істен шыға бастады. Ең алдымен техниканы қолма-қол жөндейтін МТС-тер тарап кеткен соң ақауы шыға бастаған техника тоқтап қалды. Өйткені, бірінші-ден, оларды жөндейтін мамандар жетіспеді. Маман табылса да, ақауы шыққан тетікті алмастыра қоятын қосалқы бөлшектер табылмады. Техникаға аса қажет жанармай, жағармай жетіспей, бағасы қымбаттап кетті. Сол үшін техниканы иемденген жекеменшік иелері қосалқы бөлшектер алуға қолдағы малдарын сатып немесе айырбастап, аз уақыт ішінде мал басын күрт азайтып жіберді, жойып жіберді десе де болады.

Осындай қиын жағдайда Әкіш экономист ретінде колхоз бастығы Ахатпен ақылдаса отырып, малды да, техниканы да сақтап қалу жолын қарастырды.

Республикамыздың тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жыл сайынғы халыққа Жолдауын басшылыққа ала отырып, ауыл ақсақалдарымен, іскер азаматтарымен кеңесті. Шаруашылықты шашыратпау жолын ойластырды. Сөйтіп, Қызылжар ауылы аз жылдың ішінде экономикасы жөнінен аудан бойынша алдыңғы қатарға көтерілді. Мал да көбейді, егіс көлемі де кеңейді.

Ауыл тұрмыстық жағынан ғана емес, мәдениет жағынан да айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізді. Ауылда аурухана, балабақша, Мәдениет үйі, кітапхана, наубайхана бірқалыпты жұмыс істей бастады.

Осындай жетістіктердің бәрінде Әкіштің елеулі үлесі бар екенін көріп те біліп отырған аудан басшылары Әкіш Қаспановқа «Кербұлақ ауданының Құрметті азаматы» деген абыройлы атақ берді.

Әкіш отбасында да сыйлы азамат бола білді. Сүйіп қосылған жары Райхан алтындай-алтындай Жамал, Шынар, Камал, Азамат, Жанат атты 5 перзент туып берді. Олардан бұл күндері 12 немере, 2 шөбере өрбіп отыр.

Әкіштің Азамат атты ұлы – қазір Қызылжар ауылының әкімі. Әкесін ел қалай құрмет тұтып сыйлаған болса, ауыл адамдары Азаматты да тап солай құрметтейді.

Бір шаруашылықта табаны күректей жарты ғасыр еңбек еткен Әкіш ағамыздың қысқаша өмірдерегі осындай.Жетпіс жасқа жетіп, сексеннің сеңгіріне бет бұрған ардақты ағамызға ұзақ ғұмыр сүріп, немере-шөберелеріңіздің қызығын көре беріңіз демекпіз.

Әбеке, күтті болсын жетпісіңіз,
Жетпісті жасамаған көп кісіңіз.
Кетпейді ел есінен ешқашанда,
Ел үшін еткен еңбек – текті ісіңіз.

Қызылжар өсіп-өнген мекеніңіз,
Мақтаныш ер азамат екеніңіз.
Көбейтіп мал басын да,
жан басын да,
Ауылдың мәртебесін көтердіңіз.

Сіңірген адалдықты санамызға,
Ризамыз арқа тұтар ағамызға.
Ардақты өзіңіздей асыл жанның,
Жүргені қандай жақсы арамызда.

Ұзақбай ҚОЖАНТОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

Байланыс телефондары: (Талдықорғанда) 8(7282) 24-38-16, 27-41-83; (Алматыда) 8(7272) 79-13-37, 79-13-86

АРДАГЕР

4

АЙЫНА ЕКІ РЕТ ШЫҒАТЫН ГАЗЕТ ІШІНДЕГІ ГАЗЕТ

Сейсенбі,
6 желтоқсан,
2011 жыл

14



●Оқу-білім бар жұртта...

ӨМІРЛІК ТАҢДАУ

Халқымызда: «Көп естігеннен сұрама, көпті көргеннен сұра» деген дана сөз бар. Біздің тарихымыз бен ұлттық құндылығымыз осылай өріледі. Иә, ұлт мұраларын тірнектеп жинайтын болсақ, мұндай нақылдың сан түрін табуға болады. Олардың әрбірі өмірдің өзегі, соз мәйегі ретінде бүгінгі күнде де құнын жоғалтқан жоқ. Осы ретте тәуелсіздіктің 20 жылында жеткен жетістіктерімізді де ұлттық құндылықтың жалғастығынан іздестіруге болады. Әлбетте, бәрімізге мәлім, саусақпен санарлықтай жыл ішінде барлық салада үлкен табыстарға жеттік. Тіпті, өзге елдерді таңғалдырған бастамаларымыз да аз болмады. Әрине, мұны мемлекеттік маңызы бар іргелі жобалардан қарастыруға болады. Сол бағыттардың жүзеге асуында қарапайым адамдардың да қосқан үлесі жетерлік. Әсіресе, өскелең ұрпаққа саналы, салиқалы тәрбие беруде атқарылған кешенді шаралар көпші қуантады. Осы орайда, мұғалімдер қауымына ризашылық білдірген жөн. Сол қатарда тәуелсіздіктің алғашқы жылдары қолға алынған «Атамекен – тәуелсіз, ұлттық тәлім-тәрбие» бағдарламасын тәрбие сағатының өзегіне айналдырған және оны жетілдіріп, дамытқан Гүлшәкира (Шәкен) Мұқаметжанова апа туралы айтпай кетуге болмайды.

Шәкен апа 1942 жылы жазығында жусаны жайқалған, бел-белесінде талтерегі тербелген, бал бұлағы сылдырап аққан шағын ауылда туды. Аядай ауылдың аңқылдақ ақсақалдары мен көңілінің кірбіңі жоқ апаларының аялы алақанымен алғашқы қазақы тәрбиені қабылдап, үлкен өмірден өзіндік орнын тапты. Ауыл мектебінің директоры, ауылдық округтің басшысы, облыстық мекемелерде лауазымды қызмет атқарған, соғыска қатысқан әкесінің қас-қабағынан мейірімділік пен сырбаздықты, батылдық пен бауырмалдықты сезінің өсті. Отбасындағы бес баланың сыйласымдылығы бөлекше болатын. Сондықтан да оның бойында ұлттық құндылықтарға деген ізгілік бала жасынан қалыптасты. Халқымыз: «Балапан ұяда нені көрсе, ұшқанда соны іледі» демей ме. Сол ізгіліктің жүгесімен жүргеніне сіңген тамаша қасиеттер өсе келе бүр жарып, ақыры халқына қалтқысыз қызмет жасауға құлшындырды. Қазіргі Ескелді ауданының Жетісу ауылында орта мектепті бітіріп, арманын ұштау мақсатымен алғашында медициналық училищеге түседі. Бірақ, оны бітірген соң өзіне бұл мамандықтың қолайлы еместігін сезінеді. Өйткені, оның бойындағы жауапкершілік, ұқыптылық, ізденгіштік қасиеттері ұстаз болуға бейім еді. Сондықтан дайын тұрған жұмысты тастап, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде оқуын жалғастырады. Университет қабырғасында жүрген кезінде мұғалімнің бойында қандай қасиеттер болуы керек болса, соның бәрін меңгеруге тырысты. Білметінін сұрап, үйренуден жалықпады. Оқу орнын бітіргеннен кейін басқалар сияқты Алматыны жағалап, жақсы жұмыска тұруды мақсат тұтпай, қазіргі Кербұлақ ауданына қарасты Шанханай мектеп-интернатына мұғалім болып оралады. Сол кездегі батыл қадамына ризашылықпен қарайтын впамыз талғамының дұрыстығына уақыт өте келе көз жеткізді. Ең тұрғанмен, бұл бикке жету барысында төккен тері мен атқарған шаруалары аз болмады. Бір жағынан, үлкен өмірді көрген жас талант ауылдың қарадомалақтарына өркениеттің нәрін сіңірсе, екінші жағынан, мектептегі барлық мәдени-шараларды ұйымдастыруға ұйытқы болды. Сондай-ақ, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ бере жүріп, Әрине, кенестік жүйені сыпыра жамандағанымызбен ол дәуірдің де озығы мен тозығы болды. Ал жоғарыда аталған бағдарлама мінез-құлқы әртүрлі баланың ұтымын бір арнаға тоғыстыруда үлкен рол атқарды. Дегенмен, бұл бағдарлама кенестік идеологияның ортақ қазанында қайнағандықтан орыс ұлтының мүддесі салмақты болып, өзге ұлттардың бай мазмұнды, мағыналы құндылықтары тасада қалып келді. Аталған кемшілік одақ құрамындағы қазақтардың арасында басым орынды иеледі. Кенестер Одағы ыдырап, республикалар бірінен соң бірі тәуелсіздігін жариялап жатқанда қазақстандықтардың алдында қандай мемлекет құру, кендей бағыт ұстану керектігі талқы таразысына түсіп, өзекті мәселенің бірне айналды. Одақтан бөлініп, дербес ел болу түс сияқты болып сезілгенін де жасырмаймыз. Тіпті, сол кездегі жастардың дені қазақ халқының өткен тарихынан мүлде бейхабар болатын. Айталық, Абайды, Жамбылды білгенімен қазақ тарихы жайында, қазақ-жоңғар шапқыншылығы, қазақ батырлары, хандары туралы мүлде білмейтін. Соған қатысты әдебиеттер де жоқтың қасы болатын. Сондықтан халқымыздың терең тағылымы мен бай тарихымен сусындаған жандар осы ақтаңдақты жою үшін ынта-ықыласын, күш-жігерін, ақыл-парасатын аямады. Ұлттық мектептердің педагогтары ұлттық тәрбие беруге арналған жаңа жобаларды ұсынып жатты. Осы тұста республикалық «Ұлан» газетінің 1990 жылғы 8 наурыздағы нөмірінде жас ғалым-педагог Мұхамед-Рахим Қыдырбайұлының «Атамекен» тәуелсіз, ұлттық тәлім-тәрбие бағдарламасы жарық көреді. Сол жылы 19 қазанда Атырау, Семей өңірінде аталған бағдарламаның тұсаукесері өтіп, келесі жылы 7 желтоқсанда Алматы қаласында республикалық «Атамекен» ұлттық тәлім-тәрбие ордасының І құрылтайы шақырылды. Осыдан кейін аудандық, қалалық, облыстық білім бөлімдерінің жанынан «Атамекен» ұйымдары құрылып, жұмыс басталып кетеді.

«Атамекен» жалпы білім беретін мектептердегі халықтық педагогиканың ерекшелігіне негізделген методикалық бағдарлама. Аталған бағдарлама 30 бағыттан тұрады. Олардың «Салт», «Шежіре», «Асыл мұра», «Жібек жолы», тағы басқа да атаулары болды. Олардың салмағы, іздену жолдары да бір-біріне мүлде ұқсамайды. Тіпті сабақ барысындағы балаларды топқа бөліп, іздену; зерттеу жұмысын жүргізудің де жолдары қарастырылған. Қысқасы, «Атамекен» бағдарламасы бойынша тәлім алған бала 1 сыныптан бастап 11 сыныпқа барғанда қазақы құндылықты бойына толық сіңіріп үлгереді.

Бағдарлама қазақ халқының оқу-тәрбие жұмысының жаңа үлгісін жасауды мақсат еткендіктен түрлі қиындыққа дөп келді. Өйткені, бағдарламаның бағыты, анты, өзінің заңдылығы жасалғанымен, оны сабақ барысында қолданудың тәжірибесі жоқ еді. Сонымен қатар, бұл бағдарлама бойынша сабақ жүргізгенде міндетті түрде көрнекі құралдарды пайдалану кажеттігі туатын. Бұған материалдық жағдай әлсіздік танытты. Алайда, осы жетіспеушіліктер рухы мығым мұғалімдерді босаңсыта алмады. Қайта қайраттана іске кірісті. Бұл бастаманы өнірімізде алғашқылардың бірі болып Шәкен апамыз қолға алды.

Жоғарыда айтылғандай, 30 бағытқа бөлінген бағдарламаның ең басты шарты оқушыларды топқа бөлу арқылы кезең-кезеңмен жұмыс істеуді талап етеді. Мұны әр өнірдегі, әр мектептегі мұғалімдер өзінің жағдайына қарай қолдана бастады. Ал Шәкен апамыз балаларды 4 кезең мен топқа бөлуді және тәрбие жұмысының тақырыптық жоспарын жасауды негіз етті.

Одақтан бөлініп, дербес ел болу түс сияқты болып сезілгенін де жасырмаймыз. Тіпті, сол кездегі жастардың дені қазақ халқының өткен тарихынан мүлде бейхабар болатын. Айталық, Абайды, Жамбылды білгенімен қазақ тарихы жайында, қазақ-жоңғар шапқыншылығы, қазақ батырлары, хандары туралы мүлде білмейтін. Соған қатысты әдебиеттер де жоқтың қасы болатын. Сондықтан халқымыздың терең тағылымы мен бай тарихымен сусындаған жандар осы ақтаңдақты жою үшін ынта-ықыласын, күш-жігерін, ақыл-парасатын аямады.

30 бағытқа бөлінген бағдарламаның ең басты шарты оқушыларды топқа бөлу арқылы кезең-кезеңмен жұмыс істеуді талап етеді. Мұны әр өнірдегі, әр мектептегі мұғалімдер өзінің жағдайына қарай қолдана бастады. Ал Шәкен апамыз балаларды 4 кезең мен топқа бөлуді және тәрбие жұмысының тақырыптық жоспарын жасауды негіз етті.

болашақ жоспарына қадам жасады. Десе де, ауылды жердегі материалдық жағдайдың нашарлығы оның талай жоспарының жолын кесті. 1977 жылы Талдықорған қаласындағы қазақ мектеп-интернатына (қазіргі Талдықорған қаласындағы Дәнеш Рақышев атындағы №3 мектеп-интернаты) ауысады. Осы ортада зейнетке шыққанша 30 жылдан аса уақыт қызмет істеді. Шәкен апа шәкірттеріне білім берумен қатар өмірлік ұстанымы «Қазақ баласына ұлттық құндылықтарды ұғындыру» мақсатын да орындап шықты.

Әлбетте, мектеп-интернатқа төрт түлігі сай балалардың келмейтіндігі мәлім. Бірі тірі жетім, енді бірінің қамқоршысы жоқ дегендей, көңілі жадау балалармен жұмыс істеудің өзі де оңай емес. Оларға тәрбие берудің өзіндік жолын қарастырды, әр баланың қас-қабағына қарап жұмыс істемесең нәтижеге жете алмайсың. Бірінің көңілін көтеріп, енді бірінің жарасын тырнап алмауың керек. Ол үшін сабақ берудің бар балаға ортақ жаңа үлгісін қалыптастырған жөн. Осы тұста балаларға саналы тәрбие беру бағытында педагогтар көп ізденіс жасады. Шәкен апа бұл тығырықтан шығу үшін сол кезде жиі қолданылатын: «Менің елім – ҚСРО» атты бағдарламаны сабақ жұмысына ынғайлы пайдаланды.

●Бата

ЖҮРЕККЕ МҰЗ ҚАТПАСЫН

Бисмилләһи иррахман иррахим!
О, Жасаған,
Әлеумет қауымды болсын
Табиғат жауынды болсын.

Азамат арманға жетсін,
Қазанат тарланға жетсін.

Қуыршақ айдай көрінсін,
Құлыншақ тайдай көрінсін.

Бақ-дәулет мәндайға бітсін,
Сөз-сәулет таңдайға бітсін.

Күш-қуат бойда болсын,
Салауат ойда болсын.

Мейірім көзінде болсын,
Үйрім сөзінде болсын.

Сабырың сананда болсын,
Қайырым әманда болсын.

Жүрекке мұз қатпасын,
Қайғы-мұң сыздатпасын.

Достарың қас болмасын,
Ашуың бас болмасын.
Көреген көзің болсын,
Демеген төзім болсын.

Алысты болжай білгін,
Әлсізді қолдай білгін.

Кішіге ақыл бергін,
Кісіге жақын келгін.
Әумин. Аллаһу әкбар!

ҚАЙҒЫСЫЗ ҒҰМЫР БЕРСІН

Бисмилләһи иррахман иррахим!
Таудай талап берсін,
Талмас қанат берсін!

Үшқыр ой берсін,
Сұңғақ бой берсін.



Сәулелі сана берсін,
Бақ-жұлдыз жана берсін.

Мәртебе биктесін,
Байлықты үйіп берсін.

Шаңырақ шайқалмасын,
Еш кірбің байқалмасын.

Тарылмас пейіл берсін,
Күншуақ мейір берсін!

Жан достар жау болмасын,
Басылмас дау болмасын

Көл-көсір көңіл берсін,
Қайғысыз өмір берсін.

Қажымас қайрат берсін,
Мұқалмас айбат берсін.

Құдайым қуат берсін,
Жүрекке шуақ берсін.

Қанағат, нысап берсін,
Кең-қолтық құшақ берсін.

Сырқатсыз саулық берсін,
Табысты тау қып берсін.

Кіршіксіз көңіл берсін,
Күнөміз жеңіл болсын.
Әумин!

Орысбай ӘБДІЛДАҰЛЫ,
Жамбыл ауданының
және Алматы облысының
Құрметті азаматы.

●Шамшырақ

Мұхаммед саллаллаһу ғәләйһи уәс-сәламның айтқандары

Қайырымды және мейірбан Алла атынан

■ Үйлеріндегі жанып тұрған отты сөндірмей тұрып ұйықтамаңдар.

■ Өлім тілемеңдер.

■ Дұшпанмен бетпе-бет келіп соғысуды тілемеңдер. Бірақ соғыс басталып қалса, берік, тайсалмайтын болыңдар.

■ Алапес ауруына ұшырағандарға шұқшия қарап, күлмеңдер.

■ Адамдардан ештеңені тіленіп сұрамаңдар. Тіпті ат үстінде қолыңнан қамшы түсіп кетсе де, өзің көтеріп ал.

■ Өлгендерді қарғап жамандамаңдар, өйткені олар іс-қылықтарына қарай сыйлық не жаза алатын жерге кеткендер.

■ Өлгендерді қарғап-сілеп, олардың тірі туыстарын ренжітіп алмаңдар.

■ Әйелдерді ұрмаңдар.

■ Досың бір ауыр жағдайға душар болса, сен оған күлме. Егер күлсең, Алла оған рақым жасап, ауруын жеңілдетіп, оның күнін сағап тудырып қоюы мүмкін.

■ Біреудің сырт көрінісіне не істеп жатқан жақсы ісіне қарап, мақтауға асықпаңдар, оның ақырғы нәтижесін күтіңдер.

■ Ашуға ерік бермеңдер.

■ Қабірдің жанынан өтіп бара жатқан адам өмірден тойғандығынан: «Осы қабірдегі ұлы орында мен жатсам», – дейтін заман туғанша, қиямет-қайым болмайды.

■ Бетпақ адамға рақым-шапағат болмайды.

■ Өмірде көп адасқан, көп тәжірибе жинаған адамдар ғана жуас, мінәйім болады.

■ Бос жерлерді өз бетімен қоршап, иеленіп алу және саудада өзі алмайтын нәрсенің бағасын көтеру — Исламда жоқ.

■ Бір-бірлеріне Алланың лағнатын, қарғысын немесе тозағын тілеп, ұрыспаңдар.

■ Нақты ақшаң болмаса, ештеңені несиеге сатып алма!

■ Аманатқа қиянат қылушыда иман жоқ, уәделе тұрмайтында ұят жоқ.

■ Тақуа үшін мол дүниенің зияны жоқ. Тақуа адам үшін байлықтан гөрі – саулық жақсы. Пейілдің кеңдігі – ең зор байлық.

■ Сәлем беріп кірмеген адаммен қарымқатынас жасама!

■ Кәпірлерді қорлаймын деп, олардың мұсылмандар басына қайғы салуына себепші болып жүрмеңдер.

■ Оң атып үйренгенде жаңды нәрсені нысанаға алушы болмаңдар.

● Жыр-шашу

АРМАН ҚАЛА – АСТАНА

Көкке жетіп үнміз,
Туды күткен күніміз.
Астананы көтердік,
Осы күні іріміз.

Аз уақыт ішінде,
Бой көтерді Астана.
Қуанысты бар халық,
Қарттар менен жас бала.

Сексен бесте, мен бір қарт,
Шалқып жүрмін баладай.
Көп елде жоқ астана
Біздің әсем қаладай.

Аз уақыт ішінде,
Қала салған батырмыз.
Астананың мерейін
Ойын-той ғып жатырмыз.

Әбіш қарттың баласы,
Өз ұлтының данасы.
Еңбегінің жемісі,
Астана гүл қаласы.

Түсімде де көрмеген,
Кереметті көз көрді.
Ғажап қала салынып,
Мақтанатын кез келді.

Нөлден бастап қаланы,
Көк аспанға көтерді.
Көре алмаған қызғаншақ,
Қызықтырды шет елді.

Астана үшін еңбегі,
Жүз орденге татырлық.
Тауарихта Петрде
Болған мұндай батырлық.

Көрмей тұрып естісең,
Ертегі деп қаларсың.
Соның бәрін жасаған
Елбасымыз – дара шың!

АТАДАН АҚЫЛ

Ел едік ізгіліктің шамын жаққан.
Тау-тасқа күңірене мұңын шаққан.
Қиянаты, кеселі бай жері боп,
Кім көрінген сол үшін көзін сатқан.

Көп нәрсені құлақ естіп, көз көрді.
Заман-дәуір, заң-саясат өзгерді.
Неше түрлі сан измдер жоғалып,
Жаңа дәуір, жаңа заман кез келді.

Енді ғана атты ғой жарқырап тан,
Берекені өзендей сарқыратқан.
Қызылкөздер қызғанып байлығыңа,
Кінәсіз төгілмесін тағы да қан.

Сындырмашы, табиғат, сағымызды,
Көтере гөр келешек бағымызды.
Әдет-салтын, дәстүрін, аялайық,
Имандылық, намыс пен арымызды.

Біз қазақтық көп нәрсені аңғарған,
Білік, ниет еңшімізді қолға алған.
Мәртебелі, өнерлі, озық ел боп,
Бұдан былай көрінейік заңғардан.

Енді бізге табысты қадам керек,
Әр саланы меңгерер маман керек.
Аянбай мәндай термен қызмет қып,
Жатып алып ұқсамай кескен терек.

Бет алдың бодандықтан бостандыққа,
Қырағы бол, жол берме қастандыққа.
Көре алмаушы істе де, сыртта да бар,
Соңына еріп тап болма астамдыққа.

Түсін, қазақ, ешкім де жарылқамас,
Басқалар алдамаса қарық қылмас.
Қаз тұрып, ақыл жинап жатқан кезде,
Алаяқ, жылпостарға сенім болмас.

ҚҰТТЫҚТАУ

Құтты болсын ардақты, қымбат халқым,
Жасай берсін сан ғасыр сана-салтың.
Бақ-береке, күш-қуат, үміт артып,
Тыныштық жақсылықпен алсын қарқын.

Сау болсын бала-шаға, жас пен кәрі,
Қазақ, орыс, көріс пен татар бәрі.
Татулық, адал еңбек молшылық боп,
Қырғиқабақ болмасын мәрі-сәрі.

Қыдыр дарып, бақ қонса халқымызға,
Амандық берсе құдай жалпымызға.
Тәуелсіз еліміздің көркейетін
Болсақ екен нық берік антымызға.

Тәуелсіздік болса екен тек баянды,
Шүкір, тәубе, қазағым енді оянды.
Халықтың бәрі жақсы, жаманы жоқ,
Табу қиын дәл қазақтай ноянды.

Қазағым жуас, есті, қаралайым,
Сыйлайды көрі-жасты, ағатайын.
Елгезек, қайырымды, қонақжайлы,
Түсініп келе жатыр өмір жайын.

ШАЛҚЫ БҮГІН, ҚАЗАҒЫМ

Жаратқанның қазаққа,
Көзқарасы оң болды.
Шыңыраудан сан ғасыр
Алып шыққан сол болды.

Ұлтымыздың тағдырын
Ойға салып үнілсек.
Ұмтпенен күн кештік,
Не болар ек түңілсек.

Тағдырымыз сан мәрте,
Қыл үстінде болғанын.
Ынтымақтың арқасы
Аман-есен қалғанын.

Жоңғарменен жұлысып,
Тізгін бермей орысқа
Қорғау үшін ел, жерін
Дайын тұрған ұрысқа.

Сәйтіп біздің аз қазақ
Ұлан-ғайыр даланы
Иемденіп қалған ғой,
Мәз ғып бала-шағаны.

Арман-мақсат болған шын,
Еркін, берік ел болу.
Алып, күшті елдермен
Терезесі тең болу.

Түскені рас, ақиқат,
Қыл мойынға тар бұғау.
Ондай кезде жұлқындық,
Мүмкін бе екен қан қызбау.

Тәубе, Алла жар болып,
Тәуелсіз ел атандық.
Жиырма жылда жігіт боп,
Аталардан бата ала алдық.

Кезек келді қазаққа,
Тап болғандай талапқа.
Бұдан былай шыдау жоқ,
Бұрынғыдай мазаққа.

Біздің ата-бабамыз,
Батыр, әділ жұрт болған.
Ұрпақ үшін күрескен,
Ең далаға құт болған.

Жиырма жылдық торқалы,
Той болудың себебі,
Ата-баба, Абылай
Арманынан көреміз.

Бұл арманын қазақтың,
Елбасы іске асырды.
Тәуелсіз боп қарсы алдық
Жарқын жаңа ғасырды.

Бата-тілек айтамыз,
Құтты болсын мереке.
Арта берсін кезекпен
Өнер, бақыт, береке.

Қазақ, сенің жеңісің,
Алақайлап тәубе қыл.
Бөркіңді алып аспанға ат,
Тойың болсын әр он жыл.

Шырқыратып шындықты,
Тек жасырмай айтамыз.
Желбіретіп көк туды,
Алға қарай тартамыз.

Ендігі сөз жастарда,
Ардагерді тыңдадық.
Жастардікі келешек,
Деп ұрпақты шыңдадық.

Уралап шық! Тарт алға!
Әлем көріп таңдансын.
Бабалардың үлгісін
Жастарымыз қолға алсын.

Алдаберген ӘМІРЕҰЛЫ,
Қазақстан оқу-ағарту ісінің
озық қызметкері,
тың және еңбек ардагері,
Алакөл ауданының Құрметті
азаматы.

МАҚТАНАТЫН КЕЗ КЕЛДІ



Қазақтың дастарханы.

Фотоэтюдті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

Ақылдастар алқасы: Егеубек ДАЛБАҒАЕВ, Әлімқұл ЖАМБЫЛОВ, Сүлеймен КӨШКІНОВ, Наурыз ҚЫЛЫШБАЕВ, Бижамал РАМАЗАНОВА, Совет ОРАЗАЕВ.

ЕЛ ЕСІНДЕГІ ЕСІМДЕР

«Біздің ел пайғамбарлар мен мадиярларды тудырмады демесек, адамның небір бұлбұлы мен дүлдүлін тудырған ел» дейтін Медетбек батырдың мәйекті сөзі тегін емес екен. Жетісу жері тек тауының биіктігімен, шөбінің шүйгіндігімен ғана әйгілі емес, қазақ тарихына сүбелі үлес қосқан азаматтарымен де мақтана алады. Биылғы жыл той мен думанға толып, ақын-жазушылар мен әншілердің мерейтойлары аталып өтті. Өнер мен мәдениет, әдебиет пен ғылым саласында сүбелі еңбек етіп келе жатқан шығармашыл адамдар да ескерусіз қалған жоқ. Елінің ыстық ықыласына бөленіп, жеткен жетістігін бір саралап алды.

Қазақ баспасөзінің қарашаңырағы саналатын газетіміз Жетісу жерінде өткен мерейтойларды өз оқырманына жарасымды қалпымен жеткізіп отырды. Міне, жылдағы дәстүр бойынша сол ұлылардың өмірі мен еңбегінен өрілген құнды дүниелерді тағы бір рет таразылап, салмақтап алмақшы.



Жамбыл ЖАБАЕВ – 165

ЖӘКЕМНІҢ жүзі жадымда

Бүгінге дейін Жамбыл жәкемнің қолынан Шаметай апам ертіп барып жеген алманың дәміндей дәмді де жұпар алма татқан емеспін. Жәкемнің елесі жадымда! Алатаудың ақ қарындай ақ сейсенті қалың төсеніштердің үстінде ақшиқан көйлекдамбалды, ақ сақалды ата киіз үйге жарық түсіріп, бас жағына жинап қойған баланың басындай дәу-дәу апорт алманың жұпары суреттей боп кеудеме басылып қалған сәт күні бүгінгідей есте.

Шамалған ауылында туып, Шұбарат, Үшқоңырда өстік қой. Шұбарат тауға көтерілетін ирек жолдың шыға берісіндегі бекет сияқты кішігірім ауыл, өмартасы бар, ұстаханасы бар, малшылардың елі. Ауқаттары да шамалас. Жаралы эскерлер тау жайлауы Үшқоңырдағы биокомбинатта жұмыс істеп, жарасы қотырайғанда өз ел мекендеріне қайтып жататын. Сондай жандарға аса жанашырлықпен қарайтын, дастарқанынан нан, тұз үзілмейтін, Шұбараттағы үлкен үй іспетті шаңырақ Рақым Бозымбек атамдардікі еді. Ол үйдегі Шәлі апам қырғыздың қызы десетін, өте мейірімді бәйбіше-тұғын. Шәлі апамның ақ төсін үш жасыма дейін еміп өстім-ау. Ол кісінің Зура деген сіңлісі сол ауылдағы балалардың басын құрап ойнатып, ұйықтатып, шешелері жұмыстан оралғанша бағып отыратын. Өмірімнің алғу таңы осы кісілер, имандары жолдас болып, жандары жанатта шалқысын.

Мектепке 1949 жылы бардым. Әкемнің әке-шешесі «1 Май» ауылында тұратын. Әжем Агафия гүлді матадан дорба тігіп берді, оған салатұғын кітап, дәптер қайда? Анда-санда ауылға келіп, көр-жер, сүйек-саяқ, тері, жүгері жинап, орнына дәптер, ине беріп кететін «отілдең» өліпталып алатынбыз. Нешетүрлі гүлді, ала дорбалы оқушылар алма, жүгері ұяның тандырға жапқан қып-қызыл зағира күлшелерін салып алып, екі класқық бастауыш мектебіне шапқылайтын. Қалың, қарлы қыста шешемізділ буркиіп, дәу пимасын сүйретіп киетінбіз. Бастан бәрі өтті. Шоколад орнына талқан сепкен қызылша жедік, жайылған қоймен бірге тауға күнде барып раушаң, қымыздық, жуа, қой бұлдіргенге тоятынбыз.

Төрт үйдің жалғызымын. Тілім орысша шыққан, қазақ мектебі алғашқыда дуырырақ тиді. Бастауышты бітіріп, Қасқеленнің интернатына орналасам дегенде, нағашым Иван: «Наденька, сен осы уақытқа дейін қазақ мектебінде оқыпсың ғой, енді бір сынып төмен оқысаң да орыс мектебіне қолайлап отырмысз», – деді. Мен жылап жібердім. Ондағы ойым – егер бір сынып төмен оқитын мектеп болса, ол қазақ мектебінен де қиын болғаны ғой, кой, мен осы қазақ мектебінде-ақ оқи берейін деп шешіп, Қаскеленнің Абай атындағы мектеп-интернатында оқуымды жалғастырдым. Орталау мектеп деп есептелетін 7 сыныптан кейін Алматыға келіп студент қабылдайтын Саратов ұшқыштар училищесіне түстім. Қуанышым қойнымға сыймай үйге келсем, нағашым Иван шешеме, маған да кейін: «Қыз баланың оқуы ма сол» деп құжаттарымды қайта алғызды. Интернатқа қырғыйқы күні барсам да, ешбір комиссияға қарамай-ақ директорымыз Әбдірахман Байжанов мектепте оқуымды жалғастырды. Келесі1957 жылы бірер қыз болып Қызылорданың үш мезгіл тамақ беретін педучилищесіне аттандық. Әбекең ұстазымыздың жол болсынға айтқаны: «Құс екеш құс та балапанын биікке самғауға баптайды, Жетісудың биігі – Алатаудың баласысыңдар, асқарына бой түзеп өсе беріңдер!» – деді. Әкедей болған Әбекең ағайымыздың сөзін де ту етіп келеміз.

Педучилище білімі барлар түсетін оқу орындарының бірінен екен, өзі Мәншүк атында, тәрбиелі, тәртіпті, жүйелі ірі оқу орны, бізді сүрінбестей, мұғалімдік білімді шырактай жағуға үйретті. Институтты оп-оңай сырттай оқып бітірдім, кейін Каз-ПИ-дің қазақ тіл-әдебиеті бөлімін тамамдадым.

Қызылордa менің қыз болып айнаға қараған жерім, елеңіміз бастауын алған алғашқы қайнарым. Қазақтың ірі ақын-жазушысы Аскар Тоқмағамбетов елеңдегі өкіл әкемдей қамқор болды. Алғаш айтысқа қатыстырғанда айтқаны есімде: «Топырағына тартпай тұрмайды екен-ау, кісі».

Кезінде түсінбеппін, Жетісудай жер өлкесінде, Жамбылдың той-думан күндері өткен мекенде дүниеге келгенімді меншегі екен. 1961 жылы КазГУ-дің ескі гимаратында Жазушылар одағының пленум жиынына қатысып, тұңғыш елеңдемді Мұхтар Әуезовтің алдында оқыдым. Ризалығын білдірген Мұкаң төрдегі отырған орнына ағай үйіне ертіп апарып, барымен сыйлап, домбыра, гармоньдатып ән саламыз. Айына бір рет Үмбекеңе қой сойып беріп жібереді де, ақындар Сағымхан, Қаныпа, күйші Уәли, біздер болып үлкен кісіге сәлем бере барып, «Мың бір түн», «Көргұлы сұлтан» ертегілерінің өлеңмен өзі шығарған шұскаларын түн ауғанша тыңдап, қанбайтынбыз. Бірде «Бекболат» дастанын қалай жазғанын, осы ауылдан кімдер тобында болғандығы жайында бір кеші мен таңын арнады. Жамбыл атамның нағыз шәкірті ғой. Қаншама мыңдаған жол, өлең-дастандар қалай ғана орта бойлы, қаршыға тектес ақын атаның көкірегіне сыйды екен деп отыратынмын. Мұзейін ашқанда ең алдымен сол кісілердей, отырған жерін той-думанға айналдыратын, көп жырларын домбырамен талмай айтатын шәкірт тәрбиелеуге арнадым.

Халық сахна мен кино шебері Кененбай Қожабековтің 60 жылдығын Ұзынағаштағы Мәдениет үйінде, жұртшылықпен кездесу кеші ретінде атады. Ұзақ өлең арнадым:

Алатаулық бұлақсыз,
Жалғасын жатқан теңізбен.
Өмірге өткен қызметің,
Асудан асу жеңілген.
Көңіліңді қошын келтіріп,
Кененбайжан дегізген.
Сырымды айтсам, ағатай,
Тәубе деген тауым ең.
Айдарыңа ғашық бол,
Айдарымды тауып ем.
Сүйінбай, Жамбыл жырына
Жүректімді малып ем.
Әйтеуір, ағa, биікпін
Өнеріңмен, барыңмен –


деген үзіндіден айтайын дегенім, бүгінде марқұм болған отағасы Тұрлыбек Нұрбекұлымен қырық жылдан астам уақыт отастық. Анда-санда құрдасым болғасын қалжыңдайтын: «Қап, қазақша сезбейтін бір орыс қызын алғанымда ғой, әй, бір армансыз қазақ атамның қатынға айтатын сөзін айтып қалар едім», – деп күледі. Үлкыз өсіріп және де Гүлжан, Ақзиядай үш-төрт ұл-қыздар туғанымыздай бауыр басты, өз балаларымызбен бірге құлынтайдай өрбіді. Бәрі үйлі-баранды. Шөберелі де болып жатырмыз. Шүкір, қазақтың қай үйіне барайын, – төр мешкі. Ол да болса, Жамбыл жәкем туған ауылдың қызы болғандығым, қазақтың бір ауыз жырының ұлағаты, елімізділ сөз сыйлайтын таптырмас қасиеті.

Н. ЛУШНИКОВА,
ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Үмбетәлі Кәрібаев атындағы мұражайдың директоры.

ӘРІПТЕС ӘЛЕМІ

Тауларымыз заңғар болғанымен даламыз да асқақ. Далаға кіндігі байланған халықтың перзенті ретінде заңғар болып қалу үшін де адамға көп нәрсе керек-ақ. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігінде»: «Әділет, Дәулет, Ақыл, Қанағат, Кісіліктің тұғыры – білім, ғылымда», – деп әспеттейді. Бірақ, бұл қасиеттер кез келген адамның бойына қона бермеген. Тек берілe ізденген, жалықпай жол басқан, талмай талпынған адамға ғана бұйыратынын көріп те, естіп те келеміз. Ондай адамдар бүгінде біздің арамызда шұғыла шашып келеді. Сол биіктен көрінгеннің бірі Қазақстанның Құрметті журналисі, Көксу ауданының Құрметті азаматы, Көксу аудандық газетінің бұрынғы редакторы Сағындық ТӘНЕКЕ ағамыз. Биыл желтоқсан есіп, 75 жасқа келген ағамыз журналистика саласына өмірінің елу жылын арнады.

Шұғылалы ғұмыр



Жетісу
Қажет АНДАС

Жетпіс бес жас кімді болса да ойландыратын асу іспетті. Өйткені, бұл жастағы адамдар осыған дейін не бітірдім, не тындырдым деп өзін-өзі тергеп, өткен өмірін көзбен шолады. Ал Сағындық ағa өткенінe еш өкінбейді. Жоғары оқу орнын бітіре сала ынтызар жүрегі сөз өнерін қалап, газет жұмысына араласады. Оның ыстығы мен суығын, ащысы мен тұщысын бірдей татып, ұзақ жылдар табан аудармай жұмыс істеді. Аудандық газеттің бірінші жауапты хатшысы, бірінші басшысы бола жүріп, ширек ғасырдан астам уақытта қалам тартпаған тақырыбы қалмады. Секеңнің қол астында алғаш қалам ұстаған қазақ, орыс журналистері, ақын-жазушылар оны күні бүгінге дейін ұстаз санап, қалыр тұтады.

Солардың бірі – журналистикаға Сағындық ағаның көмегімен келген, бүгінде қалыптасып қалған ақын қызымыз Құралай Мұсанова ағасы жайлы былай толғанады:

Ел күрметтеп өткен кеше өзіңді,
Елестетем алғаш көрген кезімді.
Қамқор болып, жол сілтедің алысқа,
Өнердегі ашып көңіл көзімді.

Терең ұйым қарай бердім өзіңе,
Көңіл күсын құйқылжытқан сөзіңе.
Әр мінезің нық бастырып қадамды,
Әр ісіңді үлгі тұттым өзіме.

Тілеулеспін, ошақта отың сөнбесін,
Көңілің шалқып, қаламыңа дем берсін.
Кейінгі ұрпақ, шәкірттерің келгенде,
Қолтығынан биіктерге демерсің.

Кейінгі жылдары Сағындық ағa ана тіліміздің тағдыры, оның қолданылу аясын кеңейту, жерсу аттарын қалпына келтіру, кемелдер бабаларымыздың мұрасын жинап, оны қайта жаңғыртy мақсатында талмай ізденіп, тынбай еңбек етіп келеді. Содан болар, Көксу ауданына іссапармен келген Тұманбай Молдағалиев Сәкеңнің жанкешті ісіне тәнті болып:

Әлпештеп жүрген бауыр ана тілін,
Атың бар алыстарға баратұғын.
Көзінде мейірім бар елге деген,
Кезінде жанған жақсы жанатұғын,

– деген жыр жолдарын арнаған.

Сағындық ағa журналистігімен қатар өлеңмен де қарағaйy емес. Оның әр жылдары жарық көрген «Көңіл құсы құйқылжыр» (1996 жыл), «Жүрегім жыр толғайды» (2004 жыл) атты жыр жинақтары оқырман қауымның жылы қабылдауына ие болғанын айта кеткен жөн. Бірақ, ақындықты ұлы сезім деп бағалаған ағамыз: «Жоқ, мен ақын емеспін, сөкпес ол үшін мені ешкім, ал ақынжандысың десең, олай емес демеспін», – деп ағынан ақтарылады.

Ауылда туып-өскендіктен болар, Сағындық ағаның көптеген өлеңі нарықтық қатынастар кезіндегі ауылдың ауыр жағдайына арналып жазылған. Ауылдың сол тұстағы жағдайы туралы бір өлеңінде:

Мыңғырған малыңды талап алған ауылым,
Семізі мен тәуірін қамап алған ауылым.
Жауыры мен арығын мал деп алған ауылым,
Ілесе алмай нарыққа жолда қалған ауылым,

– деп қынжыла жазса, ауыл жайлы жырда жазған өлеңінде жеруйық мекеннің қайта гүлденіп, түлегенін көрген ағa:

Қойы өрегін мыңғырып, қора толған,
Ауылымдай керемет бар ма үйық,
Көркі де, келбеті де жарасады,
Жаз жасарып, қысында қар жамылып,

– деп қуана жырға қосады. Ақынның ауыл өмірінен бір елі ажырамай, соны ғана жырлап өткенін оның өлеңдерінен аңғарасыз. Ендеше, жетпіс бесіңіз жел жеткізбес жүйрік болсын, ағa, қаламыңыз талмасын, қанатыңыз самғасын дейміз де.

ЖЫР ДӘПТЕРІНЕН

ТУҒАН ЕЛ

Кием сенсің, туған жер,
Ием – сенсің, туған ел,
Күдіретіңсің сен маған,
Жөргегімді жуған жер.
Сенде туып ер-жеттім,
Дәмін таттым еңбектің,
Басқа жерді білмеймін,
Қайнаған ортасы еңбектің.
Себебі мен азиның,
Күндалығыңда өскенмін.
Өмірге алғаш келген күн,
Кіндігімді кескенсің.
Ұзап шыққам ауылдан,
Күдіретіңе табынам.
Уақыт өтсе арада,
Сені аңсам, сағынам.
Кием сенсің, туған жер,
Ием сенсің туған ел.
Қадіреймін, қастерлеп,
Жөргегімді туған жер.

САҒЫНАМЫН АУЫЛЫМДЫ

Тағдыр шыңдап, тәлтесе де,
Табиғаттың мен ұлы,
Мейлі, талай жыл өтсе де,
Сағынамын, ауылым.

Сағынамын, елдің ерен,
Жақсы тілік, жазсы ісің.
Сағынамын, ердің ерен,
Аямайтын бар күшің.

Сағынамын, жастарыңның,
Ашық-жарқын күлкісін.
Сағынамын, дос-қауымның,
Қайырымды жақсы ісін.

Сағынамын, бүйрa талқын,
Тербетілген егісін.
Сағынамын, дәнін алтын,
Ел ырысы – жемісің.

Сағынамын, малдың өрген,
Қайтқан келіп өріскен.
Сағынамын, күрең бедеу,
Тай-құлындар тебіскен.

Сағынамын, жауырының,
Аспанменен тірескен.
Сағынамын, жиын-баурының,
Бауырайында бірге өскен.

Сағынамын кешке салқын,
Дүзгі жеп жылғалы,
Сағынамын ептеп қалқып,
Балалық шақ жылдарды.

Сағынамын, атқа шапқан,
Ойлы-қырлы белімді.
Сағынамын, көктар тартқан
Жота-жоңды жеріңді.

Сағынамын, аспанында,
Бұлттар көшіп жөнкілсең.
Сағынамын, күн-жылының,
Күз қанатты желтіңен.

Сағынамын, аймағында,
Кіндік қаның тамған жер.
Сағынамын, тойларында,
Сауық-сайран салған ел.

Сағынамын, бәр-бәріңді,
Жүздеріңді көрсе.
Сағынамын, қарнтарымды,
Барып, сәлем берсе.

Жүрек алыс қыр шетте,
Бар деп бәсең бір ұлың.
Самғасам да биік көкке,
Сен қонатын тұғырым.

ТІРЛІКТІҢ ТАҒЫ ТАҢЫ АТТЫ

Шапағын жарық таң аттың,
Нұрына күшің малынып.
Даланы дүбір аяттың,
Көктемнен хабар алынып.

Тіршіліктің тағы таңы аттың,
Күшыныс таңы болсын бұл.
Табиғат тағысың тіл қатпай,
– Отырма, тұр – сөз – бұ да бөл!

Сағынамын, аймағында,
Кіндік қаның тамған жер.
Сағынамын, тойларында,
Сауық-сайран салған ел.

Сағынамын, бәр-бәріңді,
Жүздеріңді көрсе.
Сағынамын, қарнтарымды,
Барып, сәлем берсе.

Жүрек алыс қыр шетте,
Бар деп бәсең бір ұлың.
Самғасам да биік көкке,
Сен қонатын тұғырым.

СОЛ ҚАЗАҚТЫҢ АҒАСЫСЫҢ
(Тұманбай Молдағалиевке)

Игеруге сол бір кезде,
Жаңа келген тың тақпе.
Халқ жазығы, орыс қызы,
Алыстағы шешесіне:

«Біз күтеміз, бізде той бар,
Бізде той бар, ана, шынын.
Аз-ақ қалды – үш-төрт ай бар,
Жас қазақтың анасының».

«Студент дәптерінде»
Көңіл тербеп, сезім қозғар,
Жазылған жыр әлі есімде.
Көңіріңдегі ойлы жалдар,
Өзіңді жеңдар содан бері.
Айтсам қазір егер, шынын,
Шыққан шыңын биіктеді.
Сол қазақтың ағасысың.

Сағындық ТӘНЕКЕ,
Қазақстанның Құрметті журналисі.
КӨКСУ АУДАНЫ.

Мұқағали – 80

МҰҚАҒАЛИДЫҢ біз білмейтін қырлары

Мақатаев өлеңдерін жерделеп оқысаңыз, ол аса талантты, ақиық ақын ғана емес, өз заманының және қазағының тағдырын әрінен ойлап, қысқа ғұмырында өнердің өлең атты тұлparымен ең-ең жер шалып, еңістен салса, төре оңаи ерен тұлға!

Ол қуаты мол шығармаларының болмашыта барша жүрек төрінен ойып тұрып орын алатынын дәл болжап, сырлы да ойлы жырларымен анық айтып кеткен сықақ ақын.

Біз мұқағалитанушымыз деп, сол Мұқағали арқылы марапатқа не боп, мәнбелерден сөз алып, есілтіп естелік айтып жүрген біз де, сіз де ақынның сол болжампаздық ерекше қасиеті мен адам, азамат ретіндегі өзгелерден белекше адал да кіршіксіз тағдыры туралы не білеміз? Ұлы Алланың, бір Жаратқан иемізділ барына Абайша сеніп, шалқайған шенеуніктің емес, құдайшы құлымын, – деп өткен өмірлі қасиеттерін тани алдық па?..

Ол аз ғана өмірінде байлық пен бақыттың, майлы да жайлы ірі мансаптың қызығын кешпей өтті. Мұқағали ақын жыр-тұлпарының жалында ерте жарқасып, өз заманының «дәулетті тоқалы» мен «ақсүйек сәтқоры» де басынан өткерді. Оған ақынның

...Тұнам бар менің, күнім бар.
Ауырлап жүгімін басымды,
Жайымды білер кімің бар? –

деп басталатын өлеңі дәлел. Енді өзінің тағдыры мен шығармашылығы жайлы анық болжап, көріпкелдей дәл айтып кетуінде қандай сыр бар?.. Мысалы:

...Отыз бес жыл өмірді кезіп кеземін,
Енді отыз бес бола ма, сезіктенем?!, –

дейді ақын бір өлеңінде. Отыз бес жасында осы сөзді Алла аузына салды ма? Әлде, ақын Мұсасы алдеқашан сол кезде-ақ сездірді ме екен?!

Дүниеден өтерден тура он жыл бұрын осылай айтқан Мұқағали:

...Өзімнің есебімде,
Жасым бынғ қырықтың бесеуінде.
Сарқылып есебің де, өсегің де,
Ұйықтап кетсем жарар еді төсегімде, –

деді бақылық болардан сананулы ғана аптaлар бұрын. Иә, сонда ол қырықтың бесеуінде еді. Айтқаны дәл келді. Қырық бес жасында мәңгілікке ұйықтап кетті.

Апыр-ау деймін... Оған Жаратушы нем айт деді ме осы сөзді?.. Жоқ болмаса, жүрегі сезіп, өзі болжап осылай деді ме?!. Ол тірлігінде ешкімге мен болжампазбын, көріпкелмін демеп еді ғой?!. Енді мына өлеңге зер салып, асықпай зерделеп көрейікші:

...Осы мен өлмейтін шығармын,
Сол ғана мызғып ап,
Орнымнан қайтадан тұрармын, –

дейді бір өлеңінде. Өзі өлгеннен кейін мәңгілік мұқағалидастан болып, ұлты мен ұрпағының жүрегінде қалатынын сездіріп, ақынның аузына мына сөзді салған қандай тылысым күш бұл?!. Әлде, ақиық Мұқағалида бұған дейін біз бен сіз біле алмай, шық ағара алмай келген болжампаздық, тіпті көріпкелдік қасиеттің болғаны ма?!.

Ақын өзінің қарасөзбен түскен жазбаларының бірінде: «Мен өлеңді әдебиеттер секілді жазуым керек деп жазбаймын. Құлағыма бір сыбыс келеді. Соны қағазға түсіремін», – дейді.

Және бір жазбасында: «Мен – жинрмасының ғасырдың перзентіміп. Ал шығармашылығым жиырма бірінші ғасыр ұрпақтарымен сырлас етеріне сенемін», – деген ойды неліктен батыл түрде әрі нық сеніммен айтты деп ойлайсыз?

Тіпті, ол туған ауылы – Қарасаз бен сол кездегі аудан орталығы Нарынқолға соңғы рет келіп тұрғанын ақылшы ағасы, аудандық газеттегі тұрғын редакторы болған Әлиұр Мейірбекөвтің дастарқанында бірнеше мәрте қайталап айтыпты. Қайтыс боларынан үш-төрт ай ғана бұрын?!. Тоқсанға кеп өмірден озған абыз қария осы оюғанны жиі еске алып отырыпты.

Бұл айтқаны да дәл келді. Ақиық ақынның табаны сол сапардан соң туған топырағына тимеді?!. Мұны ол күні бұрын қалай білген?

Ал жиырма бірінші ғасырдың ұрпақтары бізден мен сіздер жиырмасыншы ғасырдың төл перзенті, Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы жылдың төрт мезгілінің әр сәті сайын қалада да, далада да, мәдениет ошақтары мен мектеп, жоғары оқу орындарында, ғылыми мекемелерде тамсана, таңдана әрі зор сүйіспеншілікпен әңгіме қозғап, сырлы жырларынан сусындап келеміз.

Мұқағалидың аса талантты отты ақын екенін, қазағының тіл мен дінін, намысын, ділін қорғап жанын салған жампоз, шынайы ақиық ақын екенине кезіміз жетті. Расы, бізділ кезімізді оның отқа тиген дауылдай өлеңдерінің өзі жеткізді.

Ал онын арғы бабалары, Сырымбет пен Райымбек секілді болжампаздық қасиеті басым екенін жырларын тамсана оқи жүріп неге аңғармағанбыз?.. Әлде, аңғарсақ та дұрыс нәзар салмадық па? Болашақта Мұқағалитану ісінің үлкен бір саласы осы тақырып болуға керек-ау деген ой келеді. Балкім, Мұқағалидың біз аңғармаған басқа да қырлары бар шығыр.

Ал енді әдебиеттерулер айтып жүргенінлей, ақын Мақатаев тек сейіл-серуенмен ғана күн кешкен жан емес. Өзінде барын өзгеге беруге, сүрінгенді сүйеуге, жылағанды жұбатуға әр кез дайын тұрған мейірімі мол, бауырмал, достыққа адал азамат болғанына дәлел көп.

Бір ғана мысал, қазақтың аса талантты ақыны Төлеген Айбергенов қырғын жасында Қарақалпақстанның астанасы Нүкіс қаласында кенеттен қайтыс болады. Сонда өзі жұмыссыз жүрген Мұқағали қалтады бір қаламгерден қарызға ақша алып, ақулы досы, ардақты ақын Айбергеновті жерлесуге көп қаламгердің ішінен суырылып шығып, Төлегеннің отбасын жұбату үшін шалғай жерге арнайы барады. Осы бір оюғанын өзі оның доска адал, атымтай жомарт, қиналғанды көрсе қарап қалмас қайсар мінезін, даласындай даркандығын көрсетіп тұрған жоқ па?

Айтақын ӘБДІҚАЛ,
Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі.

Жыр алыбы Жамбыл Жабаев бастаған халық ақындарының үлкен тобынан орын алған Жетісу өлкесінің тұңғыш ақыны – Қуат ТЕРІБАЕВ болатын. Заманымыздың көменгер жазушысы М. Әуезов отыз алтыншы жылы ақындар айтысын тыңдап отырып Қуат Терібаевқа «Тұңғын ақын» деген баға берген екен. Ауыз әдебиеті білгірінің Қуат ақынды осылайша жоғары бағалауы оның төгілiп тұрған жырлары мен дастандарына, өткір де өрімді айтыстарына риза болғандықтан туған пікір болса керек.

Қуат Терібаев 1891 жылы Талдықорған облысы Ақсу ауданының Чапаев атындағы колхоздың аумағында, көкшалғынды шұрайлы алқапты Шадай деген жерде туған. Әкесінен 5 жасында айрылған ол шешесі Қапияның тәрбиесімен есейді. Анасына еріп жүрп жастайынан-ақ өлең-жырға құмартты. Сондай-ақ, нағашысы Тәйкет ақынның да оған тигізген ықпалы көп болды. Ол жиеннің алғыр, ұғымтал болып өсіп келе жатқанын аңғарып, өзі білетін «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек» сияқты кәптеген жырларды жаттатқызып, жырлауға баулиды. Қуат Терібаев жезтаңдай, сұырпсалма ақын ретінде республика жұртшылығына 1936 жылы кеңінен танымал болады. Осы жылы қазақ әдебиеті мен өнерінің Москеуде өтетін онкүндігі қарсаңында Алматыға жиналған халық ақындарының қатарында ол Астана жұртшылығына өз өлеңдерін, оның ішінде Әсет айтқан сюжет негізінде шығарған «Татьяна – Онегин» дастанын жырлап береді. Осы жолы жыр алыбы Жамбылмен бірге болып Жазушылар одағына мүшелікке өтіп «Халық ақыны» деген атақты иеленіп қайтады. Москеуден шыққан «Дала жыры» жинағының ішіне көптеген өлеңдері енеді. «Социалистік Қазақстан» газетінің 1936 жылғы 12 тамыздағы санында «Татьяна – Онегин» дастанының Қуат Терібаев жырлаған нұсқасы басылып шығып, кейін А. Пушкиннің қайтыс болғанына 100 жыл толуына арналған тандамалы жинағына кіреді. Қазақ КСР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығымен 19 қарашада Грамота алады.

Республикалық архивте Қазақ КСР халық комиссарлары кеңесінің өнер ісі жөніндегі басқармасының 1936 жылғы мәжілісі құжаты сақталуда. Онда Қазақстан Жазушылар одағына мүше болып сайланғандардың және олардың кандидаттарының тізімі берілген. Жазушылар одағының мүшесіне сол уақыттағы мықты деген 7 адам кірген. Олар: Жамбыл Жабаев, Аймаңкүл Тәжібаева, Қуат Терібаев, Саяділ Керімбеков, Елеусіз Байрабеков, Орынбай Тайменов, Үмбетәлі Кәрібаев. Ал жыр дүлдүл Кенен Әзірбаев сол кезде кандидат болып қабылданған. Осыған қарап-ақ Қуат ақынның жыр алыбы Жамбылдан кейінгі шоқтығы биік тұрған тұлға болғанын аңғарамыз. Қуат ақын Ұлы Отан соғысы жылдарында (1943-1946ж.ж.) өткізілген облыстық, республикалық ақындар айтысына қатысып, жүлдеге орындарға ие болған. 1943 жылы жамбылдық ақын Жақсыбай Жантөбетовпен айтысып, бірінші орынды иеленіп ат мінеді. 1945 жылы жерлесі Қалқа Жапсарбаевпен, 1946 жылы семейлік Төлеу Қабдіковпен айтысқа түсіп, суырыпсалма, төкпе ақын екендігін паш еткен болатын. Оның бұл айтыстары 1966 жылы шыққан «Айтыс жинағына» енеді.

«Айқап-Жаңша» поэмасы 1951 жылы «Ермұқыры» деген атпен жеке кітап болып шықты. Содан кейін А. Бұлдыбаевтың құрастыруымен 1986 жылы «Ағыны Ақсу» өлеңдер жинағы шықты. 1991 жылы Қуат Терібаевтің туғанына 100 жыл толуы қарсаңында «Көкөзек» атты кітабы жарық көрді. Онда өлеңдері мен "Күнсағила", "Қайтқан кек дастандары жазылған. Көкөзек орта мектебіне Қуат Терібаевтің аты беріледі. Жанадан салынған Мәдениет үйінің алдына қоладан Қуат ақынның мүсіні орнатылған. Ақынның 100 жылдық тойы қарсаңында Көкөзек ауылының атын өзгертіп, сол кісінің есімін беру керек деген мәселе көтерілді де, шешімін таппай қалды. 2016 жылы Қуат ақынның туғанына 125 жыл толуы аталып өтпекші. Сол үшін қарсы аудан басшылары мен жерлестері 100 жылдығында көтеріп, аяқсыз қалған мәселені шешуге атсалысады деген ойдамыз.

Қуат Терібаев 1952 жылы наурыз айының 29 күні қайтыс болды. Халық поэзиясы туралы ойларын қорытындылай келіп профессор Есмағамбет Исмаилов: «Рас, соғыстан кейінгі жылдарда қазақтың кеңесті халық поэзиясын, соның ішінде қазақ әдебиетін дамытуда ерекше еңбегі бар Жамбыл, Нұрпейіс, Иса, Доскет, Қуат, Саяділ, Төлеу, Нартай сияқты аса бір талантты ақындар қайтыс болды. Бірақ бұлардың шығармашылық мұрасы қазақ халқы арасында кең тарады. бүгінгі рухани мәдениетімізден елеулі орын алады», – деп түйіндеген екен. Бұл пікір әлі де мәнін жоймайтынына сенемдамз.

Қуат Терібаевтің 3 ұлы болған, он кісілердің бері дүниеден озды. Қазір үш ұлынан 9 немересі бар. Барінің де арнаулы білімі бар, ата атына кір келтірмей еңбек етіп жүріп жатыр.

Ажар СЕҢКІБАЕВА
АҚСУ АУДАНЫ.

Қуат ТЕРІБАЕВ – 120

ТҰҒЫРДАН түспей кеткен тұйғын ақын

ТАМЫЗ ЖЫЛ БЕРЕКЕСІ ТАМЫЗ

Басында «Атажұрт» деп аталып, кейіннен атын «Жерұйық» деп өзгерткен көркем фильм бүган дейін Астана мен Алматы қалаларында қалың көрерменнің қызу ықыласына бөленген еді. Аталмыш фильм облыстық әкімдіктің қолдауымен «City Plus» сауда кешенінің кинотеатрында қала тұрғындарының тамашалауына ұсынылды. Шара Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай қазақ кинолары күні аясында ұйымдастырылды. Түсіру тобының мүшелері фильм түсірудің қыры мен сырын, қызығы мен қиындығын әңгімеледі. Фильм көрермендер тарапынан кең қолдау тапты. Ондағы қазақ халқының кеңдігі, мейірімділігі, туысқандығы әркімді бейжай қалдырмайды.



Астанадағы «Метро» сауда орталығының аумағында Ауыл шаруашылығы министрлігі, Астана қаласының әкімдігі және «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-ның ресми қолдауымен бесінші рет еліміздің агроөнеркәсіп жетістіктерінің «Қараөткел–2011» республикалық жәрмеңкесі өткізілді. Облысымыздан барған бірқатар кәсіпорындар мен шаруа қожалықтары арнайы дипломдармен марапатталды. Ал, жылына «Есік жеміс консервілеу зауыты» ЖШС мен «Дары Семиречья» ЖШС, Талғар мен Балқаш аудандарынан барған «Алматы» АШӨК мен «Динара Ранч» ЖШС ең үздік шаруашылық деп танылып, «Қараөткел – 2011» алтын медалін иеленді.



СҮЙІНШІ!

Балаларға – жаңа автобус

Жаңа жыл алдында аудандағы Шырғанақ селолық округіне қарасты І. Жұмағұлов атындағы орта мектепке Ресейдің Пенза қаласынан шыққан «ПАЗ-3206» маркалы судай жаңа автобусы келді. Осы округке қарасты Көкпияз шағын елді мекеніне келіп оқитын 48 оқушыға арналған автобус көп қуанышына айналды. Бұл көптен әңгіме болып келе жатқан түйінді мәселе еді. Орнымен шешілді. Енді балалар қыс көзі қырауда жылы да жайлы, жаңа автобуспен қатынасып оқитын болады. Кіші Қарқара ауылынан келіп оқитын балалар үшін де жақадан «ГАЗель» маркалы шағын автобус күтілуде. Кеген селолық округіне қарасты Түменбай ауылынан №3 Кеген орта мектебінен келіп оқитын оқушылар да алдағы уақытта автобуспен қатынап білім алатын болады.

Көкпияз ауылының оқушылары, ата-аналар қауымы дәл осындай қолайлы жағдай жасап, қуанышқа кенелтіп отырған аудан әкімі Қыдырәлді Мелсуовке, оған атсалысқан азаматтарға жүрекжарды алғыстарын арнауда.

Қанат САТЫБАЛДЫҰЛЫ.
РАЙЫМБЕК АУДАНЫ.

ҚАЙ ЖЕРДЕ, МЕЙЛІ, ҚАЙ ЕЛДЕ,

ЖҮРЕКТЕН-ЖҮРЕККЕ



Сұлтан САРТАЕВ, академик:

Ананың – сенің панаң

– Дүниені билейтін әйелдер. Неге дейсіздер ғой? Өйткені, дүниежүзінде 7 миллиард халық бар екен. Соншама халықты өмірге әкелген, өсірген, мәпелеген кім? Ол – әйелдер. Әлемді биледі деген осы. Біздің қазақ баяғыдан-ақ ананың қадірін білген. "Сенің балаң ананың табанының астында" деген сөзі қандай ойлы сөз?!

Мен жоғарыда мысалға келтірген 7 миллиард халықтың тең жартысы әйелдер – аналар, қыздар, келіншектер. Мен барлық азаматтарға қаратып былай деген болар едим, шіркін қанша ер-азамат болса, олар соншама әйелді еркелету керек. Өйткені, жер бетіндегі әйелдердің бәрі біреудің анасы, біреудің қызы, біреудің апасы, біреудің қарындасы. Қай жағынан алып қарасаң да, әйелсіз тіршілікті көзіңе елестете алмайсың. Осылай ой түйіп отырып тағы мынаны айтқым келеді, анасын сыйламаған адамның ары жоқ. Ананы – сенің паңаң, сені өмірге әкелген адам. Осыны естен шығарған пенденің құны қара бақыр.

Біз тек жылына бір келетін 8 наурызда ғана әйелдерді аялағымыз келеді. Бұл міндет әр күннің еншісінде болсын. Әйелдердің алдында өмір бойы қарыздармыз. Ана деген сөзден үлкен, одан мағынасы кең қандай сөз бар?

Бүгінгі мереке күні барлық аналарға тілейтінім – зор денсаулық, жақсылық, аманшылық!

Ұлтымыздың санын көбейтуге үлес қосқан анаға алғыс арнасақ артық болмайды.

ҰСТАЗДЫҚ ЕТКЕН ЖАЛЫҚПАЙ...



Осыдан отыз жеті жыл бұрын оқу бітірген жас маман қолындағы қызыл дипломын күшақтай осы бір білім шаңырағының табалдырығын аттаған еді. Сол қадамы оң болып, өмірінің жылы, күлкі, қызық мен көктемін бір ғана оқу орнында өткізіп келеді. Ол – Талдықорған политехникалық колледжі. Бір жерде табан аудармай еңбек ету қаншама шыдамдылық, табандылықты талап ететінін оны өз басынан өткерген жан ғана жақсы біледі. Алайда, біздің бүгінгі кейіпкеріміз – Талдықорған политехникалық колледжінің директоры Райнижамал ТӘКІШОВА осы шаңырақта өткізген әр күнін шәкірттердің үлкен сыйы деп біледі. Өйткені, жас ұрпақты тәрбиелеп, оларға белгілі бір мамандықтың кілтін ұстатып, қанаттандырып ұшыру – шынайы, шапшаң іс.

Алма ЕСЕНБАЕВА
"Жетісу"

"Ұлы жол үйінің табалдырығынан басталады", – демекші, Талдықорған қаласының іргесіндегі Бақтыбай ауылында туып-өскен Райнижамалдың да болашақ өмірге деген нық қадамы отбасында қалыптаны анық. Әкесі Долда Тәкенұлы Д. Ракышев атындағы облыстық мектеп-интернатының директоры, анасы Ләйлә бастауыш сыныптың мұғалімі болған. Отбасындағы төрт баланың ішінде әке-шешесінің жолын қуып, ұстаздық мамандықты таңдаған да осы Райнижамал.

Ол бала кезінен әкесінен өсиет, ал анасынан мейірімділік қасиетті бойына сіңіріп өсті. Ата-анасының өнегелі жолын өмірінде үлгі етті. Сондықтан да мектеп бітіріп, мамандық таңдарда ойланбастан-ақ мұғалім болуға бел буды. Абай атындағы қазақ педагогикалық институтының математика факультетіне оқуға түсіп, оны 1976 жылы үздік дипломмен бітіріп шығады. Алғашқы еңбек жолын сол кездегі Талдықорған индустриалды-педагогикалық техникумы, бүгінгі политехникалық колледжден бастайды. Жас маманды жылы қабылдаған техникум директоры Гүлшара Баталованың өмірлік бағыт-бағдар сілтеп, өз ісінің кәсіби маманы болып қалыптасуда сіңірген еңбегі зор. Райнижамал Долдақызы да толықтай ұлағатты ұстазының жолын қайталады деуге болады. Өзі маман болып, қалыптасу кезеңдерін өткерген, бар саналы ғұмыры өтіп жатқан білім ордасы сол ұстазының аманаттының. Сондықтан да Райнижамал Долдақызы білім көшіи толастаушай, алға сүйреп келеді.

Жастарға заман талабына сай мамандық сырын меңгерткен Талдықорған политехникалық колледжінің бүгінде итап айтар жетістігі мол. Мұнда 14 мамандық 17 кәсіби-техникалық бағыттағы мамандану бойынша жыл сайын 2 мыңнан астам студент дәріс алады. Соңғы он шақты жыл қатарынан колледж "Ең үздік оқу орны" деген атақты тұрақты ұстап келеді. 2003-2007 жылдары облыс бойынша "Үздік колледж" деп танылып, 2006 жылы "Ұлттық экономика көшбасшысы" Құрмет белгісімен марапатталды. 2007 жылы "Балалық шақ досы" бірінші ұлттық байқауында "Ең үздік колледж" номинациясы бойынша бас жүлдеге ие болды. Ал өткен оқу жылында "Үздік кәсіптік білім беретін мекеме" атты облыстық байқауда II орынға қол жеткізді. "Ең үздік оқу әдістемелік бірлестік" атты облыстық байқауда да "Информатика және ақпараттық технологиялар" кафедрасы "Облыстағы ең үздік кафедра" атағын жеңіп алды.

"E-learning" электронды оқыту пилоттық жобасын іске асырушы аталмыш білім шаңырағы облыстағы кәсіптік лицейлер мен колледждерге тәжірибе таратып тұрады. Соның қатар бұл оқу орны Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының және ҚР Білім және ғылым министрлігінің эксперименттік зерттеу алаңы болып табылады.

Мұнда 150 оқытушы жастарға кәсіптік-техникалық бағытта білім береді. Олардың негізгі дені өндірістік оқытудың бірінші және екінші дәрежелі шеберлері. Үнемі ізденіс үстіндегі ұстаздар түрлі байқау мен жоба жарыстарына қатысып, жүлделі орындарды еншілеуде. Мәселен, өткен жылы техникалық пәндер кафедрасының оқытушысы М. Бижігітов "Үздік арнайы пәндер оқытушысы" облыстық байқауында бас жүлдеге ие болып, республикалық додада "Жылдың үздік педагогы" атанды.

Білім шаңырағының оқу кабинеттері, зертхана, шеберханалары талапқа сай жабдықталған. Компьютерлік тест орталығы арқылы оқушылардың білім сапасы бақыланады. Бұл орайда білікті басшы:

– Әрине, қаншама компьютер, интернет заманы дегенімізбен адами қарым-қатынассыз сапалы білім бола ма? Пән оқытушыларының түсіндіруінсіз, бақылауынсыз білім сапасы ешқашан бик деңгейге көтерілмейді. Сондықтан оқытушыларымыз студенттерді мамандыққа бағыттай отырып, өздері де ізденіп, жаңа әдістемелерді меңгеріп, заманға сай сапалы білім беруге ұмтылып отырады, – дейді.

● Облысымызда барлығы 34380 мұғалім жас ұрпаққа білім-тәрбие беру жолында еселі еңбек етуде. Оның 30193-і жоғары білімді мамандар. Ал жоғары санатты 5267, бірінші санатты 11471, екінші санатты 9338 ұстаз бар. Мұғалімдердің негізгі денін әйелдер құрайды. Демек, облысымызда 28382 әйел білім беру саласында қалтқысыз қызмет етуде, бұл барлық ұстаздың 82,5 пайызын құрап отыр.

ҰЛЫ ЖОЛ табалдырықтан басталады

Әңгіме арасында

Ақ раушан – сүйікті гүл

– 8 Наурыз мерекесінде алған ең үлкен сыйлығыңыз?

– Көркемсурет мектебінде дәріс алған кіші қызым Әлия 5-сыныпта оқып жүрген кезінде "Өмір ағашы" атты картинаны өз қолымен салып, сыйға тартқан еді. Сол сурет – сыйлықтарымның ішіндегі ең қымбаты. Өлі күнге дейін үйімнің төрінде ілулі тұр.

– "Әйел мен гүл – егіз", – деп жатады. Сіз осы нәзіктік иелерінен қандай ұқсастық көресіз?

– Әйел мен гүлдің ұқсастығы көп. Мәселен, раушанды алайық, қаншалықты әдемі болса, соншалықты пәк гүл. Оның тікенектерінен тәкаппарлығын аңғаруға болады. Нәркес (нарцисс) гүлі де сондай. Қызғалдақ нәзіктігі жағынан әйелге өте ұқсас.

– Өзіңіз осы гүлдерге қаншалықты жақынсыз?

– Жалпы гүл мен табиғатқа бала кезден жақынмын. Кішкентай кезімнен гүл отырғызып, оны күтіп-баптауға әдеттенгенмін. Үйде шағын бау-бақшам бар. Онда түрлі гүл өсіріп, олармен сырласқанды ұнатамын. Гүл адамның жанына таныштық сыйлайды. Мәселен, жұмыстан шаршап келіп, гүлдерді күтіп-баптасың, жаның рахат табады.

– Гүлді жақсы көретін болған соң жақындарыңыз сізге үнемі гүл сыйлайтын болар?

– Иә, көбіне ақ раушан сыйлайды. Ол – менің ең сүйікті гүлім.

– Әр ұжымды гүлдей құлпырған нәзік иықты жандар толықтырып тұрады. Ұжымдағы әйел оқытушыларға қандай талап қоясыз?

– Бүгінде әйелдерге артылар мендет көп. Отбасы, ошаққасының қамын ойластырып, жұмыста да үнемі ізденіс үстінде жүріп, өз ісінің кәсіби маманы болуы қажет. Әлбетте, мен бірінші кезекте оқытушылардың білім мен біліктілігіне баса назар аударамын. Сонымен қатар табиғат сыйлаған қасиетіне сай сыртқы әдемілігі мен ішкі әлеминің үйлесіп тұруын қалаймын. Әйел-ұстаздың оқушылар алдында өзін ұстауы, сыртқы келбетінің де талапқа сай болуы үлкен рөл атқарады. Осы орайда ұстаздар биржелю колледж формасын тіктіргенбіз. Оны күнделікті сабақта киюсек те, колледжде өтетін түрлі шарада, айтулы күндерде, форумдарда кип шығамыз.

– Мереке қарсаңында әйелдерге қандай тілек арнайсыз?

– Барша әйел-аналарды 8 Наурыз мерекесімен құттықтай отырып, әр әйел көктемнің гүлдей құлпырып жүрсін деп тілеймін. Біздің ұжымның тең жартысын әйел оқытушылар құрайды. Олар ерлермен тең техникалық пәндер мен өндірістік тәжірибеден сабақ береді. Ұстаздардың осы еңбегі жана берсін дейміз.

ӘЙЕЛ және ҚОҒАМ



Гүлжиян СҮЛЕЙМЕНОВА, облыстық ішкі саясат басқармасының бастығы:

Дәстүр – ұлт санасының темірқазығы

– Қазіргі кезде мемлекеттік саясатты жүргізу, этносаралық, дінаралық қатынастарды дамыта отырып қоғамның тұрақтылығын толық қамтамасыз ету жұмыстары да басекеге қабілеттілікті талап етуде. Осы бағыттардың ішінде халқымыздың салт-дәстүрін дәріптеу, әсіресе, жастарға заманауи біліммен қоса ұлтымыздың бауырмалдық, үлкенді сыйлау жөніндегі мұрагерлік қасиеттерін үйрету тәрбиенің негізгі бағыттары болып саналады. Бұл орайда келтеген іс-атқарылуда.

Дегенмен, мұндағы басты мәселе дәстүрдің отбасында ата-аналар тарапынан дәріптелуі болып табылады. Кеңес одағының солақай саясаты тіпкі бен дінімізге салт-дәстүрімізге көленке түсірген баршамызға мәлім. Айта кетелік, Наурыз мерекесі Кеңес одағы тұсында тек 1989 жылдан ғана тойлана бастаған екен. Ал, бұл мейрамның тарихы мыңжылдықтарға бойлайтынын ескерсек, түрік дүниесіне ортақ мерекеге келген заланды айтудың өзі оңайға соқпайды. Алайда, тәуелсіздік алған тұста елімізде Наурыз мейрамы мемлекеттік дәрежеде аталып өтіп, ұмыт болған салт-жоралар қайта жанданды.

Осы орайда дәстүрден алшақтаған қоғамның аяқ алысы қандай болмақ деген заңды сауал туындайды. Бұл тұрғыда ой өрбітелік. Діңді апиын деп тауып, халық арасында атеистік көзқарасты насихаттап, орнықтыруға барын салған кешегі Кеңес үкіметінің салдарынан ата-баба дәстүрімен қоса, діннің де бізден алшақтағаны бар.

Алайда, Елбасы діңді ұрхани құндылықтардың бірі ретінде оның талаптарға сай жүргізілуіне тұрақты назар аударып келеді. Бұл туралы Ұлт көшбасшысының "Біздің түбіміз – түрк, дініміз – Ислам, сондықтан, қасиетті кітабымыз – Құран Кәрімді насихаттауды ешқашан естен шығармауымыз керек", – деген пікірі әрбір азаматтың есінде болуы қажет.

Егемендік жылдары бұл олқылықтың орны ашық қалып, бұрынғы заңнамаға сәйкес сан түрлі діни ағымдар елімізде еркін дәріптелді. Олардың бірі расында қоғамда бейбітшілік пен ынтымақтастықты орнықтыруға өз септігін тигізсе, енді бірі ортамызда ойран туғызбақ ниетті ұстанғаны бүгінде ашкереленуде. Халқымыз ежелден Ислам діні соның ішінде Ханафи мазһабын ұстанған. Орта Азияда бұл мазһабтың кең тарауының сыры дәстүрімізге сай келуінде. Сондықтан бабаларымыз бұл мазхабты дұрыс деп тауып, оны берік ұстанған.

Бұл жөнінде Елбасы "Жас Отан" жастар қанатының II съезінде: "Ата-бабамыздан ұстанып келе жатқан жол сүннитік болғандықтан, сол бағытты ұстанамыз. Біз қай дінді де сыйлаймыз, ойпікірлерін құрметтейміз. Бірақ арабтардың киімін үстімізге жапсырып, қыздарымыз бен әйелдерімізді орта ғасырларға кейінге тартсақ, не болады?", – деген ойын тарқата келе "Біз – қазақтыз, көшпелілер ұрпағымыз. Аттың үстінде ерлермен бірге қазақ әйелдері де, қыздары да жүретін. Біз сондай халықтың өкілміз", - деп мәселен дөп басып айтты.

Демек, біздің халқымыз ер мен әйел құқығын бағзы замандағы теңестірген. Сондықтан біз мұны ұмытпауымыз керек. Бұл тұрғысында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев "Қазақстан – 2050" Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" атты Жолдауында кеңінен тоқтап, "Біз мұсылман үмбетінің бір бөлігі екенімізді мақтан тұтамыз. Ол – біздің дәстүріміз", – дей келе қазіргі таңда біз елдің дәстүрлері мен мәдени нормаларына сәйкес келетін діни сана қалыптастыруымыз керек деп тапты. Ендеше біздің ұстанар негізгі бағытымыз - салт-дәстүр болмақ. Бұл орайда халық арасында дәстүрдің жандануына, күнделікті тіршілікте көрініс табуына жол ашып, жастарды бұған баулуымыз аудай қажет.



Айгүл ЖОЛДЫБЕК, Алматы облысы бойынша салық департаментінің бастығы:

Отбасының шамшырағы

– Қазақ халқы қашанда тәрбие мен тәлімге, ізеттілік пен құрметке көп көңіл бөлген. Ұлтымыз ертеден-ақ ауылы қыздарын әлпештеп, бетінен қақпай өсірген. Ардақты ана, асыл жар, ерке қыз деп зор құрмет көрсетіп, тек жылы сөздерін арнаған. Сондықтан да қазақ халқының данагөйлігінде "Қыз өссе, елдің көркі, гүл өссе, жердің көркі", "Қыз қылығымен тәтті", Жақсы әйел – ырыс", "Қыздың қабағында құт бар" деген асыл сөздер кездеседі. Бүгінгі күні ата-дәстүрімізге айналған 8 Наурыз – Халықаралық әйелдер мейрамы бұрынғы ұлттық сыйластығымыздың заңды жалғасы іспеттес деп ойлаймын.

Қыздар – өмірдің гүлі. Әлемге нәзіктік пен ізгілік сыйлаушы үлкен құрмет иесі. Нәзік жанның өмір есігін ашқан сәттен бастап жауапкершілігі, дүниеге деген көзқарасы өзгеше болады. Олардың мойнында отбасы және қызмет деген екі үлкен арна жатады. Әрине, әйел затының ең бірінші бақыты – ана болу. Отбасына береке-бірлік орнатып, шаңырақты шаттыққа толтырып, әйелге тән міндеттерін толық білгені парыз. Нәзік жандылардың ең көркітісі, ең әдемісі – отбасында да, қызметте де гүлдей жайнап, ортасын қуанышқа бөлеп жүргендері. Сыртқы сұлулығына жан сарайындағы әдемілік қосылса ғана, әйел заты жаз гүліндей жайнай түседі.

Отбасы – мемлекеттің ең кішкентай бөлшегі. Отбасында да шағын басқару құрылымы болады. Отбасылық қаржы, оны ұсату, кіріс-шығыс көлемі барлығы тым қарапайым есеп болып көрінгенімен, тиянақтылықты, ұқыптылықты қажет етеді. Қазақ отбасында ер – түздің адамы, шаңырақтың тірегі, асыраушысы болып есептеледі. Ал әйел-ананың міндеті – үйдің берекесін кіргізіп, отбасының шамшырағын жағу. Меніңше, нәзік жандар үйге келген табысты, дұрыс әрі нақты ұқсатып, қаражатты орнымен жұмсай алуымен ерекшеленеді. Отбасындағы қаражаттың шығынын есептеп, қажетті бұйымдарды отағасымен ақылдаса отырып сатып алу, ұрпақ тәрбиесіне көңіл бөлу, тазалық пен ас мәзірі әйел затына тән бірінші міндеттердің бірі деп есептеймін. Әйел-аналар отбасымен көрікті, сыйластығымыздың заңды жалғасы іспеттес деп ойлаймын.

Қыздар – өмірдің гүлі. Әлемге нәзіктік пен ізгілік сыйлаушы үлкен құрмет иесі. Нәзік жанның өмір есігін ашқан сәттен бастап жауапкершілігі, дүниеге деген көзқарасы өзгеше болады. Олардың мойнында отбасы және қызмет деген екі үлкен арна жатады. Әрине, әйел затының ең бірінші бақыты – ана болу. Отбасына береке-бірлік орнатып, шаңырақты шаттыққа толтырып, әйелге тән міндеттерін толық білгені парыз. Нәзік жандылардың ең көркітісі, ең әдемісі – отбасында да, қызметте де гүлдей жайнап, ортасын қуанышқа бөлеп жүргендері. Сыртқы сұлулығына жан сарайындағы әдемілік қосылса ғана, әйел заты жаз гүліндей жайнай түседі.

Отбасы – мемлекеттің ең кішкентай бөлшегі. Отбасында да шағын басқару құрылымы болады. Отбасылық қаржы, оны ұсату, кіріс-шығыс көлемі барлығы тым қарапайым есеп болып көрінгенімен, тиянақтылықты, ұқыптылықты қажет етеді. Қазақ отбасында ер – түздің адамы, шаңырақтың тірегі, асыраушысы болып есептеледі. Ал әйел-ананың міндеті – үйдің берекесін кіргізіп, отбасының шамшырағын жағу. Меніңше, нәзік жандар үйге келген табысты, дұрыс әрі нақты ұқсатып, қаражатты орнымен жұмсай алуымен ерекшеленеді. Отбасындағы қаражаттың шығынын есептеп, қажетті бұйымдарды отағасымен ақылдаса отырып сатып алу, ұрпақ тәрбиесіне көңіл бөлу, тазалық пен ас мәзірі әйел затына тән бірінші міндеттердің бірі деп есептеймін. Әйел-аналар отбасымен көрікті, сыйластығымыздың заңды жалғасы іспеттес деп ойлаймын.

Қыздар – өмірдің гүлі. Әлемге нәзіктік пен ізгілік сыйлаушы үлкен құрмет иесі. Нәзік жанның өмір есігін ашқан сәттен бастап жауапкершілігі, дүниеге деген көзқарасы өзгеше болады. Олардың мойнында отбасы және қызмет деген екі үлкен арна жатады. Әрине, әйел затының ең бірінші бақыты – ана болу. Отбасына береке-бірлік орнатып, шаңырақты шаттыққа толтырып, әйелге тән міндеттерін толық білгені парыз. Нәзік жандылардың ең көркітісі, ең әдемісі – отбасында да, қызметте де гүлдей жайнап, ортасын қуанышқа бөлеп жүргендері. Сыртқы сұлулығына жан сарайындағы әдемілік қосылса ғана, әйел заты жаз гүліндей жайнай түседі.

Отбасы – мемлекеттің ең кішкентай бөлшегі. Отбасында да шағын басқару құрылымы болады. Отбасылық қаржы, оны ұсату, кіріс-шығыс көлемі барлығы тым қарапайым есеп болып көрінгенімен, тиянақтылықты, ұқыптылықты қажет етеді. Қазақ отбасында ер – түздің адамы, шаңырақтың тірегі, асыраушысы болып есептеледі. Ал әйел-ананың міндеті – үйдің берекесін кіргізіп, отбасының шамшырағын жағу. Меніңше, нәзік жандар үйге келген табысты, дұрыс әрі нақты ұқсатып, қаражатты орнымен жұмсай алуымен ерекшеленеді. Отбасындағы қаражаттың шығынын есептеп, қажетті бұйымдарды отағасымен ақылдаса отырып сатып алу, ұрпақ тәрбиесіне көңіл бөлу, тазалық пен ас мәзірі әйел затына тән бірінші міндеттердің бірі деп есептеймін. Әйел-аналар отбасымен көрікті, сыйластығымыздың заңды жалғасы іспеттес деп ойлаймын.

ЖЫР-ШАШУ

Құралай күн

Құралай күн, күлімдеп Құралай қыз,
Лебіз айтпай қалқаға тұра алмаймыз.
Жауап қатпай жәудірер жанарлары,
Жанартау боп жалындап жыр арнайтын!

Ашылған ажарыңнан бар айнала,
Ғайыптан шыға келдің қалай ғана.
Түрілді шәйі мұнар көңіл-перде.
Ғаухар тас сәуле шашып шар айнаңа.

Жүрекке жылу берер шуағың бар,
Маужырап миялы қыр.
Құба құмдар.
Тәңірім тарылмай-ақ бере салған.
Мөп-мөлдір,
Мың бұралған бұлағың бар.

Қуанам – айым ортақ өзіңменен,
Сезсең-ау.
Түнім ортақ көз ілмеген.
Ақ таңға он ояның,
Жұз толғанам,
Не деген берік едің төзім деген!

Көзінде гөзәл қыздың құралай күн,
Киялды көк дөненмен қуалаймын.
Көңіл көктем барады толқын тулап,
Сәтіне жолықсам деп туар айдың!

Құмбірі естіле ме домбырамның,
Ақкудың сазын күйлеп қондырармын.
Арнадым Ай-аруға ардақ өлең,
Айтарым - қайырмасы сол бір әннің!

Әміре ӘРІП.

АЛТЫН ҚҰРСАҚТЫ АНА

Төңірдің берген



Көңілдері қуанышқа, жүздері жылылыққа толы көпшілік апамызды құттықтап, ақыл-кеңесін алып, ағайынның амандығын біліп қайтуды да әдетке айналдырған. Ауласы кең жер үйдің алды толған адам. Бәрі де ападан тараған ұрпақтар. Міне, қызық, сексенге келсе де, өңінен жылылық, жүзінен нұры таймаған апамыздың осыншама ұрпақ өсіріп, ұлылық танытып отырғанына тәнті болдық. Сөйтсек, оның түйіні арыда жатыр екен.

Қажет АНДАС
"Жетісу"

Қара қылды қақ жарған
шешендігі,
Жұртқа әйгілі, білігі,
көсемдігі, –

деп парасаты мен пайымын кейінгі ұрпақ жырға қосқан қара қылды қақ жарған Суан Қожамбет би атанын бір ұрпағынан тараған көнді шаңырақты шаттыққа бөлеп отырған Сейілхан Қасенова 80 жастың сеңгіріне қадам басқан ағұлы ана. Өзі 15 сәбиді өмірге әкелген алтын құрсақты апамыз көз тірі 11 баласынан тараған 38 немере, 26 шөбересіне аналық жүрегінің мейірін төгіп отыр. "Әкеміз Тоқтам тірі болғанда бұл 90-ға келер еді", – деп еске алады өсіп-өнген ұрпағы. Бүгінде 6 ұлын ұяға, 5 қызын қияға қондырған, көнді ана "Ұлын өссе өрісін, қызын өссе қонысын" дегендей, әр баласын бір-бір шаңырақ етіп, ұлы бардың ұлымен, қызы бардың қызымен құда-жегжат болысып, сый-құрмет танытып келеді. Арысы Алтай жаққа жуық Тарбағатай мен Абайдың жері Семеймен, берісі жер жаннаты Жетісумен қыз алысып, қыз берісіп отыр. Бар бала-шағасының саны Алла көп көрмесін 100-ге таяды. Сейілхан анамыздың өзі де Жаркент өңірінде аты шыққан атақты Салпық би, болыс Жақыбайдың ұрпағы Төреханның шаңырағында 30-шы жылдары көп балалы отбасында дүние есігін ашқан.

Салпық атасы билік құрып, саудамен шұғылданумен қатар, мал шаруашылығымен, егін егіп, шөп шауып, отырықшылдық, диқаншылдық кәсіппен де айналысқан көрінеді. Ал Жақыбай атасы өте қайсар, қатал, әділетті, әулетті адам болған екен. Алайда, алмағайып заман кезінде бай, болыстардың ұрпағы құдаланып, бастарына қиындық туғанда, аман қалған Жақыбайдың ұрпақтары бастарынан көп қиындықты өткереді. Сол қатарда Сейілхан апамыз бала кезін тезек теріп, бидай орып, сиыр сауып, таңның атысы, кештің батысы жұмыс істеп, нағыз еңбектің адамы болып шынығып өсті. Соғыс жылдарында тылда еңбек етсе, елімздің тәуелсіздік алу жолындағы бар баспалдақтан қос қолына тиген қара жұмысты таңдамай, бала-шағасын өсіріп, жеткізді.

Бізлің қазақ халқы ықылым заманнан бері, ғасырлар бойы өзінің туған жерін, елін, тілін, дінін, салтын, әдет-ғұрпын, елдігін, ерлігін ардақтап, қастерлеп, сыры мен жырын, ғұмырлық тарихи шежіресін ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп тастап кеткен. Сондай асыл мұра Сейілхан анамызға да дарыған. Оймақ ойып, сырмақ тігіп, жүн түтіп, төкпет басып әр баласына "көзімдей көріп жүріндер", – деп үлестіріп берген. Тіккен кестесі мен токыған шәлілері ауыл адамдары мен туыстарының үйінен табылатын. Қайран карттық жеңбей тұра ала ма, көз жанары тайып, кәзіргі кезде сексеннің алқымдаған шағында ол мұрасын келіндері мен қыздарына тапсырған.

"Балалы үй базар, баласыз

БИЛІК пен БІЛІКТІЛІК



Нәзік ықтың ауыр жүгі

Қыз баланы қадір тұтып, шаңырағына салып әрдақтауда ата дәс-тұрдің қайсы бұзбаған Нұрмырза әке мен Гүлсара апаның отбасында дүниеге келген сегіз баланың бірі Райхан балдәурен балалық шақтың құмарына қанып, ойын ойнап, ұшқыр қиялдың қанатында арман қуып бойжетті. Қасиетті қара шаңырақта тұлеп-ұшқан сегіз баланың 5-уі білікті дәрігер атанса, 3-і мұғалімдік мамандықты қалап, білім беру саласының білегі боп шықты.

Үлбосын ИСАБЕК
"Жетісу"

Алматыдағы іргелі оқу орны – Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің химия факультетін тәмамдап, алғашқы еңбек жолын ұстаздықтан бастаған Райхан Нұрмырзақызы ерен еңбеккорлығының, ізденімпаздығының арқасында ауданның білім сапасының көтерілуіне зор еңбек сіңіреді. Соның нәтижесінде С.Сейфуллин атындағы №2 орта мектепке директор боп тағайындалып, басшылықтың алғашқы баспалдағына нық қадам басады. Бойындағы ерік-жігері мен ұтқыр ұйымдастырушылық қабілеті үлкен ұжымды сүттей ұйытып, ұстаздардың заман талабына сай жаңашылдыққа бет бұрып, сапалы білім, саналы тәрбие сіңіру жолында жан аямай еңбек етуге үндейді. Ұлт ұрпағының білімін күшейтіп, ой-өрісін кеңейту жолында талмай ізденіп, бұл бағыттағы істің дұрыс атқарылуына аудандық білім бөлімін басқарған жылдарда да ерекше еңбек сіңргенін аудан жұртшылығы жақсы біледі.

Адам баласының иығына көтере алатын жүкті Алла тағаланың өзі салады. Ерінбей еңбектенумен қатар өз ісін сүйсіне атқаратын адалдығы Райхан Садықованың қызметтік өсуіне, өрлеуіне оң ықпалын тигізіп, ортасында абырой-беделін арттырады. Басқару ісінде біліктілік таныткан Райхан Нұрмырзақызы көп ұзамай аудан әкімінің орынбасары боп тағайындалып, ауданның әлеуметтік саласын жандандыруға

мәдени іс-шаралардың атқарылуына тың талпастан сүбелі үлес қосады. Мине, алдына айқын мақсат-міндет қоюмен қатар, оның жүзеге асуына аса жауапкершілікпен, ыждаһаттылықпен қараудың нәтижесінде кемшілікке жол бермей, ұятқа қалмай, басқару ісіндегі іс-тәжірибесі жылдар өте жетіліп, толыға түседі. Осылайша еңбектен бақытын тауып, беделі жиған, іскерліп мен ұйымдастырушылық зор қабілеті үйлесім тапқан қарапайым қазақ әйелі енді міне, ел басқару тізгінін қолына алды.

Кіндік қаны тамған туған жерінің өсіп-өркендеуіне қалтқысыз қызмет етіп, өзіндік қолтаңбасын қалдыру бақыты бұйырған Райхан Садықова үстіміздегі жылдың қаңтар айының орта шеніне бері Талғар ауданының әкімі боп атқа қонып, нәзік иығына ауыр жүк арқалады. Ол, әрине, халық алдындағы жауапкершілік жүгі. Қарыштап дамыған елімздің бір пұшпағын алып жатқан жылдан жылға халық саны еселеп артқан, көпұлтты ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына ілгерлеуіне, жетістікке жетуіне бастайтын істі ұйымдастыру, жолды нұсқау, көш бастау оңай шаруа еместігі белгілі. Десе де, қиындыққа қарамастан ақыл-парасатын, күш-жігерін, білімі мен біліктілігін ұштастыра қызмет етуге кіріскен кетті. Алғашында қобалжып, өзгеше әсерде болғанын ағынан жарыла әңгіме арқауы еткен Райхан Нұрмырзақызының басты ұстанымы – адалдық. Балапарының үнем жадына салып, көкірегіне құйып отыратын анасының бұл ақылы – бойтұмары іспетті. Жалған сөйлеу жағымпаз мінез көрсеткеннен артық жағымсыз қылық болмайтынына кейбір пенденің ересі жете бермейтіндігіне жаны ауыратындығын, мейлінше шынайы қалыпты сақтау адамгершілік абыройды асқақтатындығын айқын сезінетін жаңа нәзік жүрегі жұмсақ жанның ел тізгінін тең ұстаудағы көзқарасының түзулігі көңілімізді шуақтандырады.

Ел тәуелсіздігін алған 21 жылдың ішінде қасиетті Талғар топырағында саяси маңызы зор тарихи оқиғалардың өткізілгіп жылдар жылнамасына еніп жатқандығымен ерекшеленетіндігі Жетісу жұртшылығына ғана емес, ұлан-байтақ елімізге кеңінен мәлім. Сондықтан да ауасы таза, суы тұщы Талғар ауданында соңғы жылдары экономикалық даму көрсеткіштері едәуір қарқын алып, әлеуметтің әлеуетін жақсартуда ауыз толтырып айтарлық істер тындырылғандығын тілге тиек еткен аудан әкімі Райхан Садықова түйін күрделі түйткілді мәселелердің жоқ еместігін жасырмады. Үстіміздегі жылы ауданда жалғасын табатын ғаздандыру, ауызсумен қамтамасыз ету жұмыстарымен қоса, білім беру, денсаулық сақтау салаларында атқарылатын істерді жіпке тізе келіп, оларға бөлінген қыруар қаржы мәселесін де шұқшиып қағазға қарамай-ақ сауқалқен санағандай етіп шегелей айтып өтуі әйел-әкімнің ісіне деген мығымдығын бірден байқатты. Пайым, ел алдындағы қызметі абыройлы болсын демік!

ТАЛҒАР АУДАНЫ

■ Замандас келбеті

Тарихқа ынкәрлік

«Дүниеде мың кемістік, бір жетістік бар. Қайсысына бет алсаң, соған бірасыр», – дейтін даналардың сөзіне жүгінсек, өмірде өз жанына жақын, қалауына жағатын іспен айналысқан адам ғана оның сан сынағынан сүрінбей өтіп, ойлаған армандына, бет алған мақсатына жете алады. Десе де, күн сайын, сағат, минут, сайын қайшылассын жаттаған тіршіліктің бұралаң соқпағы кейде адамның қолын байлап, дағдын тұсап мақсатты ісін алға одырауға кедергі болып жатпағы бар. Тек осындайда мұраты асқақ, батылы бекем, жігері тасқындаған жандар ғана пендешіліктің құрығынан құтылып, құтты ісінен нәтиже жарата алады. Әлбетте, арамызда мұндай жандар көп емес. Солардың бірі бұл жетпіс деген белеске қадам басқан Құлтай Нұрқалбайұлы ағамыз.



«Әр адам бір қазына, мақсат – оны қаузай білуде», – деп бір данышпан айтқан екен. Біз кейде ұлылық дегеннің ұғымды тым тарылтып, оны санулы адамдардың ғана төңірегінен қарастырып, соның дәрежесіне ұмтылып жатамыз. Бірақ, ұлылықтың ауқымы кең. Өмірдің қым-қиғаш қайшылығында өзін сынауы түрлі тәрбиелей алуын өз де ұлылық. Олар адамзат өркениетіне ошпе жол салмаса да сол соқпақты қалыптасуына өзіндік дарылығымен үлес қосып жатқандығын ескермейміз. Расында, өмірі қарапайым, ешбендете зәбірі жоқ, жастық шақтағы арманын қиыттық дәуірлер дейтін табиғидылықпен жалғастырған Құлтай ағаның адамы болмысы жоғарыда айтқан ойымызбен сәйкес келетінін ерексіз мойындайсың. Ол үшін адамның ағамыздың жетпіс жылдық белесін, ондағы жүрт біле, түсіне бермейтін құпиялау сырларымен қиыстып алған жөн.

Кашан, кім айтқаны белгісіз: «Адамның жақсы-жаманболуын туған жер белгілей алмайды. Алайда, ортаның мәдениеті – мәдениеттің болуы оның пысықсынсына мәпал ретеді» – деген екен. Осы ойдың терең мәнісін енді түсініп келе жатқан сияқтымын. Қазақ халқы ежелден өнер мен ғылымның, өркениеттің кенде емес елі, солай болғандықтан Әбу Насыр әл-Фараби дейтін ұлы ғұламаны, Мұхтардай ұрпақты, Абылайдай қолы, Нұрсұлтандай Елбасын тудыра алған. Мұнын басқа да дұшпаларын айтар ауыттарымыздың қатары аз емес, бұл біздің мақтанышымыз. Ал Құлтай ағамыз да осындай топырақтан туған қазақтың қарадомалақ баласының бірі. «Әрқимның туған жері мысыр шаһары» демекші, Көксу ауданының Мәулімбай ауылында 1943 жылдың 15 наурызында туған сәбидің де қарақылды қақ жарған, ауызынан дұлы сөздің сықыры өрілген Мәулімбай ақынның жырымен құлақтанып, Ескелді бабамыздан қалған нақыл сөздерімен жүрегіне ұлылықтың нәрі құйылмады дей алғасы ба? Оның өмірінің өрлігі де, өзгеше болмысы да сол қасиеттерден басталу алғаы.

Бір жолдасым: «Туған ауылға деген сүйіспеншілік адамға қуаныш сыйлайды», – деп айтқаны әлі есімде. Бірақ, қырқыншы жылдары туған балалардың көз алдына ауыл туралы сағынып пен қиындық бірге қылғытын өмір көшірмелерінің оралатыны анық. Өйткені, әлемді дүрілтірген екінші дүниежүзілік соғыстың жаракаты оны бастан кешірген ұлкендермен қатар, сол жылдары туған сәбилердің де жүрегін жиі сыздататы. Тағы бір жағынан, от пен оққа оранған соғыс жүріп жатқан тұста дүниеге келген бала сана елдегі бауырмалдықты, табандылықты, тіпіліктілікті, адамгершілікті сәби сезімімен түсінің есейді. Бұл Құлтай ағамыздың да ойы шымыр, жаны таза, адамгершілігі мол болып өсуіне түрткі болды. Әкесі Нұрқалбай Тоқымбаев пен анасы Уазипа Қалиқызы қарапайым шаруа адамдары болған. Бірақ, сол қарапайым отбасы тәрбиесі оны шыныктыра түсті. Бұғанасы қатқаннан бастап, таңертеңнен кешке дейін дала еңбегіне араласып кететін. Бұл ауыл өмірінің айнымас шындығы еді. Десе де, қозылақтың соңынан жүгіріп, сиыр бағып жүріп-ақ жақсы мен жаманды, ауыр мен жеңілді ажырататын халге жетті. Еңбек адамындағы белсенділігімен қоса оқуға алғыр болды. Жасыратын несі бар, сол тұста «Орысша оқымаса болашақта нан тауып жей алмайды» деген түсініктің ел санасын жаулап алғаны анық. Сондықтан әке-шешесі жалғыз баласының жақсы өмір кешуін армандап, 1950 жылы оны Көксу стансысындағы орта мектептің мұғалімі, күйеубалалары Қалиаскар Аусабаевтың қолына тапсырып, сондағы орыс мектебіне оқуға береді. Ауылда казакша тіл сындырған Құлтай ағамыз алғашқы ұстазы Мария Роговаяның жетекшілігі мен зеректігінің арқасында орысшаны да тез меңгереді. Сыныптас балаларының алды болып, мектептің мақтанышына айналады. Ал 7-сыныпты бітірген 1958 жылы Лепсі кітапханашылар техникумына оқуға қабылданады. Оның кітапқа деген құмарлығы осы кезден басталады. 1961 жылы техникумды бітірген соң жолдамамен Ыскы стансысына келіп, ауылдық округтің кітапханашысы, теміржол клубының жетекшісі болып жұмысқа тұрады. Қос бірдей қызметті арқалай жүріп, арманын ұштайды. Бірақ, оқудың қажеттілігін де терең сезіне бастады. Ақыры 1963 жылы әл-Фараби ағаның қазақ мемлекеттік университетіне құжаттарын тапсырып, оқу орнының тарих факультетінің күндізгі бөлімне қабылданады.

Бұл қадам Құлтай ағаның өміріне үлкен өзгеріс әкелді. Ең бастысы, тарихи құндылықтарды ұқыптап жинаушы, оны бүгінгі ұрпақтың қадесіне жаратушы, зерттеуші ретінде қалыптасуына жол ашты. Кейде адам өмірінде бір ғана себеп үлкен әсер етеді. Сондай да шығар, 1964 жылы университет кітапханасына жиі барып жүретін Құлтай ағамыздың қолына Бүркіт Искақовтың «Қазақ мемлекеттігі» баспасынан шыққан «Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғұламалары» атты кітабы түседі. Онда ғы Қалдырбек Жүнісбаевтың «Қадырғали Қосымұлы Жалайыр, елеусіз қалған есім» атты мақаласы катты қызықтырады. Содан бастап тарихқа біржолата ден қояды. Сондай-ақ, 1967 жылы «Жинақ и революционное деятельность Токаша Бокина» деген тақырыпта дипломдық жұмысын жазу барысында халық қазағының тысқары қалған бірталай таңғажайып дүниелерге кездеседі. Сондай-ақ, оның жетекшісі Кенес өкіметі кезінде Мұхаметжан Тынышпаевтан кейін «Қазақ тегі туралы» 163 беттен тұратын ерте заманнан басталатын қазақ шежіресін ғылыми түрде жазып қалдырған Мұсатай Ақынжанов болады. Бәлер ғалымнан үлгі алған жас жігіт тарихты зерттеудің, зерделеудің алғашқы тәжірибесін жинактай бастайды. Оқиғ үстіне кітапханашы оқуын бітіріп, бірақ жыл сол салада жұмыс істегендіктен өзіне керекті дүниелерді ұқыптап жинауды бастайды.

Өкінішке орай, университетке түсіп, бір жылдан кейін Уазипа апамыз сырқаттанып, ауылға кайтуға тура келеді де оқуын сырттай бөлімге ауысады. Ауылға оралған соң 1966 жылы Қаратал аудандық мәдениет бөлімінің әдіскішторы болып жұмысқа тұрады. Расында, тоғызды барлық саланың өзіндік орны, мүмкіндігі бар. Десе де, мәдениет саласы өте бір табандылықты талап ететін еңбектің түрі. Ол – ұлттың, жалпы қауымның ерекше бір тобы. Шынын айтсақ, олар эмоцияға сүйенбейді, білімне сүйенеді. Сондай-ақ, сөздегі, шен-шекпеңге не болмаса атак-дәрежеге шатакпен таласатындардан бойын аулак ұстайтын топ. Олардың намысы – ел намысы, Отан намысы. Қадыр Мырза Әли: «Ага буын – өте күрделі буын. Олардың құшағы да, пышағы да дайын тұратын», – деп жазды. Бірак Құлтай ағамыз: «Басқа елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол», «Туған жерге туың тік» дейтін ұстанымда берік тұрды. Оған өмір өткелдері, жасаған ортасы, атқарған жұмысы, адамдық болмысы жол салды.

Сонымен катар, бұл сала ұлттың өткені мен бүтінін, бары мен жогын түгендейтін сала. Ең бастысы, халқымыздың асыл құндылықтарының бәрі «Көненің көзі» (кері магынасында) саналған дәуірде ұлттық мәдениетті насихаттау үшін жөні мен жолын қисынын тауып киюластыру, билік тізгінін ұстап отырған өзге ұлт өкілдерінің көпілінен шығудың өзі жеңіл жұмыс емес. Бірак, өзіндік ұстанымы, мол тәжірибесі, білікті ұстаздан алған кәсіпгінің арқасында тапсырылған жұмысты мінсіз атқарады. Оған осы қызметте жүргенде не болған СССР мәдениет жұмысының үлгі қызметкері атағы дәлел бола алады.

Әрине, әр заттың екі жағы болады гой. Кенестер одағының бір артықшылығы – тәжірибелі маман болса оның табанын жерге тигізбейтін. Сондай-ақ, сол ұста жоғары және арнаулы оқу орындарында тарихты терең меңгерген мамандарға сұраныс көп еді. Осыған орай, 1969 жылы Құлтай ағамызға Талдықорған қалалық кәсіптік орта училищесінен ұсыныс түсіп, тарих және когам тану пәнінің мұғалімі болып орналасады. Бір жыл өткен соң аталған оқу орны директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары болып көтеріледі. Бұл орында 1977 жылға дейін жемісті еңбек етіп, одан кейін Талдықорған облыстық тұтынушылар когамдық одағы басқармасына) ауысып келеді. Ал 1978 жылы осы басқарманың ұйымдастыру-кооперативтік бөлімінің бастығы болады.

Шындығына жүгінер болсақ, Кенес одағы кезінде тұтынушылар когамы ең бір жауапкершілігі жоғары, жұмысы қарбалас сала саналатын. Бір ғана облыстық тұтынушылар когамдық одағының құрамына кіретін өндіріс орындарында 20 мыңға жуық адам жұмыс істеді. Осыдан-ақ, соншама адамды ұйымдастырып, оның жұмыс барысын қиюластырудың қаншалықты жауапкершілікті талап ететінін бағамдай беріңіз. Осыдан-ақ, сол талаптың үдесінен шығып, жиырма жыл бойы біреудің көңілін жыспай, енді біреудің намысын жыртпай, күн сайын сан мыңдаған теңге айналымға түсетін қиындығы мен қызығы мол ортада біделін түсірмей еңбек ету екінің бірінің ғана қолынан келеді. Құлтай ағ осы қызметті мінсіз атқарып қана қалмастан, КСРО және Қаз ССР-нің тұтыну кооперациясының үздік қызметкері сияқты құрметті атаққа қол жеткізіп, осы ортадан құрметті зейнеткерлікке шығады.

Осы бір қалау-қадау азаматтықтың астарында жігіттің бағын да, бабында белгілейтін нәрсе – туған жеріне, елне деген адалдықта жатканын аңғарасың. Және бірі – арманына деген құрмет. Әрине, көптеген жерлестерімізқұлтай ағаның кітапханашы әрі тарихшы екендігін білсе де, ол кісінің отбасылық кітапханасы туралы біле бермейді. Егер сіз жолыңыз түсіп ағаның үйіне бара қалсаңыз төрт керегеге толған бағалы мұралардың көргенде таңғалатыныңыз анық. Тіпті, облыстық кітапхананың сирек кездесетін кітаптар қорынан табылмайтын еңбектерді Құлтай ағаның кітаптарының қатарынан көргенде жүрегіңді ұқыптылыкка деген жылылықтың жылытатындығы анық. Бұл туралы айтарымыз болек. Бірақ, елу жыл бойы тірнектеп жинаған қасиетті кітаптардың, естеліктердің, қолжазбалардың астарына үңіліп, «Жалайыр тарихы» атты бес томдық кітаптың жазылғаны туралы айтпай кетуге болмайды. Расында, Жалайыр елінің тарихы немесе өткен өміріміздің түгендейтін құнды деректер туралы ағамыздың ойынан өркен тауып, қаламымен хатка түскен бірталай дүние республикалық, облыстық, аудандық басылымдарда жарық көріп, оқырманына жеткенін білеміз. Сондай-ақ, «Жалайыр тарихы» атты бес томдық кітаптың «Жауынын жазып, жылқының жалын айырған көне тайпа» атты бірінші томын оқыдық. Алдағы уақытта аталған жинактың парсы, араб, түркі, тағы басқа да ұлт пен ұлыс жылнамашыларының, саххатшыгалымдарының Жалайырлар туралы қалдырған естеліктері мен есселері, Кенес және тәуелсіздік жылдарындағы еліміздегі ғалымдар мен акын-жазушылардың еңбектері, ой-толғамдары жинақталған «Осы жұрт Жалайырды білеме екен?» атты екінші томын, XIX ғасырдан бастап бүтінге дейін Қадырғали Жалайыр туралы жазылған 200-ден астам ғылыми, тарихи-танымдық, көркем мақалалар топтастырылған «Қадырғали Жалайыр қазақтың «Геродоты» атты үшінші томын, 13 ата Жалайырдың ру аталарының таралуы, шығуы, орналасуы және олардың тарихи тұлғалары жинақталған «Жалайыр Ұлы Жүздің «Нокта атасы» атты төртінші томын, XIII ғасырда өмір сүрген Шыңғысханның ұлы қолбасшысы жалайыр Мұқағалидан тартып, бүгінге дейінгі Жалайыр елінен шыккан тұлғалар жайлы мақалалар топтастырылған «Жалайырдың сақтақтары мен жайсақтары» атты бесінші томын оқитын боламыз. Иә, бұл күнде жазылып жатқан кітап көп. Десе де, бір институттың ғалымдары біргін, үлкен еңбекпен жазатын осыншама құнды еңбекті елу жыл бойы тірнектеп жинап, тарихқа сыйға тартқан ағамыздың қажырлылығына тәнті болмай тұра алмайсың. Ишалла, бұл қасиет бүтінгі жастарға үлгі-өнеге болсын дейміз де?

Иә, «Өлеңді де жаныңды жеп айтасың» дегендей, ғылымның соңына түскен адамның жеке басынан қаншама қиындықты өткізетінін айдан анық. Оз үшін үй шаруасын қайырып қойып, апталап алыс жолдарға шығуға тура келеді. Кейде, дүниеден оқшауланып, өз идеяңның жетегінде кететін кездерін де болады. Тіпті, басқалардың қалауынан шыға алмай қалып, сүрінін жүретінін тағы бар. Сондықтан ел мүддесінің үдесінен шығу үшін сенің ыстық-суығыңа бірдей көнетін әйел затының болғаны да дұрыс. Когамнан қағажу көрсең де, отбасыңнан жылылық тапсаң соның өзі бір падишалық. Осы тұрғыдан келгенде, Құлтай ағамыздың жары Нағима Жабайқызы бар ғұмырын кітапханашылық қызметіне арнай жүріп, отбасының да әсіресе, жарының да жарамды азамат болып шығуына барын арнады. Басқасын айтпағанның өзінде, С. Сейфуллин атындағы облыстық кітапханаының директорлық қызметін бірталай жыл атқарған апамыз өзгелер сияқты өзін көрсетіп, өрекпіп, мәртебе таластыруға ортасы, оңтайлы жұмысы мүмкіндік берер еді. Бірақ, биіктігін жасырып, барын Құлтай ағаның бик болып көрінуіне арнағаны анық. Сондай берекелі отбасы Берік және Ардақ есімді ұл-қызды тәрбиелеп, қоғамға жарамды азамат етіп өсірді. Бүгінде немерелерінің қызығы мен қуанышына суйсініп, жетістігіне желпініп жүреді. Әсіресе, Талдықорған экономика және құқық колледжінде оқитын немересі Әйгерімнің жетістігі жеткілікті. Ол да атасы сияқты еңбекқор, табанды болып өсіп келеді. Оның үстіне атасының отбасылық кітапханасындағы мол мұрадан сусындап өскендіктен, бойына ұлттық намысын сініріп, өрлігін ұялатып келеді. «Ертең менің бастаған ісімді осы немерем жалғастыратын болады», – дейді атасы мен апасы сүйсініп, ылайын солай болатынына біз де сенеміз. Өйткені, ұлағатты отбасында ғана үлгілі ұрпақ жалғастығыдығы өмір заңдылығы.

Иә, міне, осындай ұлағатты ойына мықтап ұялатқан Құлтай ағамыз өмірден өз еншісін алып, туған-туыстың мақтанышына айналып келеді. Оның барлық адамгершілік қасиеті мен болмысы жалынды еңбегінің нәтижесі. Кәсібіне мығым, елге жағымды, көршіқолаңмен тату-тәтті гұмыр сүріп келеді. Тіпті, Құлтай ағамыздың таң азаннан кеш батканша жұмыстан қолы бір босамайды. Отбасы тірлігінің қажеттілігінен басқа уақытының бәрі өзінің кітапханасында жинып-терген бағалы мұраларын сұрыптау, реттеумен өтіп жатыр. Иә, жетпіс жастың белесіне шыққан ағамыз алда әлі талай тың идеяларымен жұртты қуантатынына сеніміміз кәміл. Міне, осындай, өмірде қаракан басының қамын күйттемейтін, болдым-толдым деп асып-саспайтын, бәрінен де адамгершілік қасиетті жоғары бағалайтын жандар болады. Алла тағала да осындай жандарды қорғап-қолдап жүретін анық.

Қажет АНДАС.

(Соны. Басы 1-бетте).

Жоғарыда аталған жаңа жыр жинағы «От кеудем менің жанартау» кітабына көлемді алғысөз жазған қаршадайынан қолға қызметке араласып, өлеуметтің көңілін табуға әдеттенген, жүзі жылы, тілі майда, сөзі өтімді, бүкіл қазақ жұртының мәндайынан иіскеп, бауырына қысатындай, сүйерге де, сүйенерге де жарайтын перзенті, досы, бүгіндері Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, ел ардақтысы, жайсаң азамат Қуанеш Сұлтанов.

Таңды ықтай таза, ақ жүрек, адал ақын жаныңың есейіп-өсіп, ойы толысып, шеберлігі шыңдалып, қарымы қатайып, көкжарасының орнығуы ел намысын іздеп, жігерін жанып, дала мен ғалам арасына көпір болуға ұмтылуы бекер емес.

Қырықтың қырқасынан өтіп, елудің өріне көтерілп, алпыстың асуына шақырған Жанкелді Заманбеков қандай ақын? Жауапты ақынның жаңа, толықканды болып жарық көрген «От кеудем менің жанартау» кітабынан толық табуға болады.

Тәуелсіздік таңы атардан сәл бұрын жазылған «Айтарым сол біреуге» деген өленде ақын жазып отырған кезең жылдың келбеті ғана емес, келешектің кескін де бар. Жер басып жүрген барша адамның да арманы – өмір сүру десек, сол өмірді сақтай білуді, бірлігінді жоғалтпауды ескертеді.

Шеру қалың ел мұң талай жасқаған,
Түсіне ме, түсінбей ме басқа адам.
Қазағымның күй белек, жыры да,
Жаны белек, қаны белек басқадан.
Мұңы да көп, сыры да көп ашпаған,
Тауы да жоқ, тасы да жоқ баспаған.
Қайран елдің, қайран жұрттың төзімін,
Түсіне ме, түсінбей ме басқа адам.
Тарихтың теренне үңілмей-ақ әрге,
Түсінісі келмейтіндер жын атады әлі де.
Ей қазағым, бірлігінді жоғалтпа.
Сақ болыңдар, айтарым сол біріне.

Азаттықтың адуын үні – 1986 жылдың желтоқсаны кеңестік идеологияның бұғауын тас-талқан етті емес пе? Сілкінген сана, оянған намыс-жігер, жастардың төпілген қаны – тәуелсіздік таңы Мұндай көктем келгенде ақынға тек тура сөйлеген жөн. Тура сөйлей алу – Тәңірі тарткан бақ.

Есейген елінің ертеңін ойлайтын ақын Жанкелді – Тәуелсіздік таңының атуына сөзімен селбесіп, егемендігіміздің тамыр тартып, бекуіне өзі де атсалысқан ақын, тура сөйлеген суреткер, үнсіз қалмады, батыл айтты, батыра айтты. Асқақ адуынды, кең тынысты, өршіл үнмен қазақ баласының сөзын сөйледі.

Қайран көңіл, қайтып қана басылар,
Зорлық та көп, сұмдық та көп ашынар.
Желтоқсанның жендеттерін ойласам,
Үйқым шайдай ашылар.
Қайран көңіл қайтіп қана басылар,
Қорлайтұғын ел ме едік біз басынар.
Ақын үні асқақ, айбынды.

Жанкелді жырымен танысар болсақ, оның үшмысал нысанасына ғана тоқталғаным жөн шығар. Олар, яғни жеріміз – ұлы дала, еліміз – қазақ, еріміз – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев.

... Шіркін қазақ, қандай шіркін байтақ ел,
Жүгің қалса келер күнге арта бер.
Ей, қазағым, өткендерге жүк артпай,
Бабаң салған сара жолмен тарта бер.
Жайлап өтер, тұк қалдырмай жұртыңнан,
Жауың да көп, аңдыған ту сыртыңнан.
Ей қазағым, алаңдамай тарта бер,
Көш басында айбыны мол Нұрсұлтан.
Қазақ көше жығылмаған, жұтамаған қашанда.
Көшпенділер қатты ойланған, асарда.
Ей, ұлы көш, мынау жаңа, мынау ғайып ғасырда,
Қаймықпай-ақ, қалғымай-ақ бас алға.

Өленде ақын оқи отырып, ақын Жанкелді Замановпен іштей сырласқандай күй кешесің.

Кешегі Абайды күйіндірген пасықтық пен надандық, жалқаулық пен енжарлық, Махамбетті атқа қондырған озбырлық пен өктемдік, Ілиясты желпіндіретін Молықбай қобызының сарыны мен Құлагердің түйдек-түйдек шабысы, бертіндегі Мұқағали мен Фаризаны бірде тасытып, бірде жасытқан алақұйын заман мен алаң мінез адамдар Жанкелді қаламынан тыс қалған жоқ па осы?! – деп іштей сұрақ қоямын да, сол қалтаған сауалдарға жауап іздегендей кітабын парақтай бастаймын.

Кітаптың бетін бір ашпай,
Бастық боп жүр не қасқаң,
Ақшамен аптап талайды,
Байлығы жетсе бір басқа.
Шоқанды қайтсын, Абайды... –

деп шамырқанады. «Есейген сайын адам неғұрлым дұрыс ойлауға шамырқануы керек қой десең, ер-тоқымын бауырға алып, өптер-тептеп шығып намыстанады» – дей келе, ақын Жанкелдінің шыбын жаны шырқырайды:

Қазақ жайлы кейде жазғым келмейді.
Бұл қазақты беттақ қана жеңбейді.
Басқа халық өлуге әзір ұяттан,
Бұл қазағым, ей намыстан өлмейді.
Сол баяғы көнбіс қалпы надандай,
Өмір сүріп, жүр ғой бәрі амалдай.
Баяғының нар қазағы қайда жүр,
Қабырғасы қайыспаған қамалдай.
Ол қазақты қайдан қазір табармын.
Өткенімді ізден босқа шабармын.
Абай түзеп кете алмаған қазақты,
Түзеймін деп, қайтып шашым ағардың.
Дұрыс! – деймін іштей.

Өленді өнер санаған

Өзіммен қашықта отырып іштей сырласқан Жанкелді «Қасиетті Абайдан, Ілияс пен Қасымнан артық айта алмасым анық. Бірақ інкідегі ірілеріміздің де, кешегі шешен көкелеріміздің де заманға зарын құлағына ілмеген «қайран қазағымның» Жанкелді жырлады екен» – деп түзеле қоюы, ей, қайдам, екі талай-ау.

Құзар шыңның басында қарға отыр,
Қара бүркіт қасында зорға отыр.
Сіз бен біз боп жемтікті алдық-ау деп,
Тексіз құс, текті құсты қорлап отыр.
Бүркіт түгіл шыққанда, қарға шыңға,
Жапалақтар жарбиып жар басында.
Бұл заманға ешжандай кепілдік жоқ,
Самұрықтай сайда өліп қалмасыңа!

«Қалай екен?» дегендей, Жанкелді ақыннан үнсіз жауап күтеді.

Замандастар буынның өкілі бір мен емес түстастарының өз Жәкең жайында оңай жазып кете алмасы хақ. Ал Жанкелді ақын жазғанды екінші бір ақын жаза алмайды. Жәкеңнің ешжиге үксағысы да кепмейді. Өз дүниетанымы биігінен қарап, жалпақ ғаламға көз тастап, ішкі жан байлығы мен қазынасын ақтара бастайды. Ол өзі дербес образ жасап алған. Өмірде де, өленде де сол образ табиғатына еніп тіршілік кешіп жатыр.

Ұясам да көп тауға, тасқа мандайды,
Қыран құсым баяғыдай самғайды.
Қияп құсым жығылған жоқ өзірге,
Шолып әлі шарықтайды, шалғайды.
Қыран құсым қиындарға самғайды,
Қияп құсым бар әлемді шарлайды.
Сол екеуі тоқтатқанда ұшуын,
Жер бетінде көленкем де қалмайды.

Ол – өмір. Ал сөз тәңіриясы – поэзия Жәкеңмен есептесе ме, жоқ па, оны уақыт көрсетеді.

Жанкелді ақын – өзгеге ұқсамайтын өзінң ерекше ақындық әлемін жасады. Өмірі өленінен, өленің өмірден өсте бөлектемейтін талант жырларындағы шеберлігі, сөз саптау мәдениеті, ойқыпдық пен сыршылдық көрінестері «Абайды ойлағанда», «Ғаламшарға айналдым», «Қайғысын кім ұғарсың», «Өмір жолы», «Құ тіршілік». «Отырғаным қайран қалып» тәрізді өленлерінде жарқын түрде суреттелген.

Ақын Жанкелді Замановтың те өзін соншама жария етпей, мен ақынмын деп өнмендемей-ақ талай-талай өленлер, толғаулар жазыпты.

Мүшкіл халі қазақтың телеарнасы,
Телеарнасы, «Хабары» төл арнасы.
Өз арнасын таба алмай келе жатыр,
Бар қазақтың еңкейтіп, жерге басын.
Мүшкіл халі қазақтың телеарнасы,
Сөйлемесе өз тілінде төл арнасы
Кім кепілдік береді бүйте берсе,
Қалмасына қазақтың жерде басы.

Рас, күні кешегі 73 жыл жасап келмеске кеткен Кеңес дәуірінде ана тіліміз қағажу көрді. Тіліміз мемлекеттік тіл дәрежесіне көтерілe алмады. Орыс тілін білмегендер бик лауазымды қызметтерге қойылмады.

Қайтадан елім түсті ауыр сынға,
Қайтадан қадалды оқ қауырсынға.
Туған тілін шала ұққан, «шала қазақ»,
Енді сүйреп барады «ағылшынға».
Бұл қазақ нені көріп шошымаған,
Жетпеді жауғаймын деп жоқты ұялған.
«Шала қазақ» бар жаудан қауіптірек,
Қорықсаң қорқу керек осылардан.

Поэзияны, ақындықты ұлы жол десек, өз ойын өзі сауып, өзімен-өзі болып, сол жол бойында болашақты бетке алып жаяу кетіп бара жатқан ақын жайында не айтуға болады? Жанкелді ақын өлең өлемдегі өз жолын іздеді, өз сүрлеуін қалыптастырды, өз қолтаңбасын тайға таңба басқандай айқындап беруге бар күш-жігерін, білім парасатын, ақыл қайратын жұмсап келді.

Амантай БӨСТЕКБАЙҰЛЫ,
зейнеткер, филолог.

■ Сол бір кез есімде

Бейбіт күннің батыры

Төскейінде малы мыңғырып, алқабында егіні жайқалған, табиғаты байлыққа тұнған киелі өнірімізден нешеме ұлылар мен ақындар, абыздар мен батырлар шыққан. Ел басына күн туған небір зұлмат жылдарда намысты ту етіп, жауға шалқан батыр бабаларымыздың ерлігі бір төбе. Ал, бейбіт күнде ел ықыласына бөленген жандардың ерлігі тіпті бір бөлек.

Осындай бейбіт күнде ерлік жасап, ел ішінде аты аңызға айналған ауданымыздың қаһарман ұлы Бейсетай Дәуренбековті білмейтін жан жоқ шығар, сірә. Бүгінде жетпістің желкенін керіп отырған Бейсетай ағаның ерлігін жас ұрпаққа насихаттау, дәріптеу мақсатында ауданымыздың мәдени ошақтарында, білім мекемелерінде әртүрлі иі-шаралар өтуде.

Сондай ізгі-шара жақында Ақжар ауылында өтті. Ақжар ауылдық Мәдениет үйінің директоры Эльмира Құрмашеваның ұйымдастыруымен өткен «Аты аңызға айналған – қаһарман» атты кездесу кештің жастарға берер ұлағаты зор болды. Тағылымы мол кездесу кешке ауыл әкімі Ғалия Еркегалиқызы, ауыл тұрғындары мен ардагерлері және мектеп оқушылары қатысты.

Ал кештің басты қонақтары болып Бейсетай Дәуренбеков зайыбы Жолдыбала Дәуренбековамен және сол бір жылдарда өзі ажал аузынан аман алып қалған балалар шақырылды.

Кешті ерлікті дәріптеген жырымен ауданымыздың ақын қызы Жанна Нақақызы ашты. Бұдан кейін ерлік жасаған сол бір жылдардан сыр шерту үшін сөз кештің басты кейіпкері Бейсетай ағаға берілді. – Сол бір кез жадымда күні бүгіндей жаңғырып тур, – деп бастады сөзінкешқонағы. «Ол кезде мен 34 жаста едім. Ақжар совхозында көлік жүргізушісі болып еңбек етіп жүрген кезім. Сол жылдарда балалар мектепке бару үшін Ілені қақ жарып қайықпен қатынайтын еді. Ата-аналары балаларын сабақтан қайтқанда жағада тосып алатын Желтоқсан айының ызғарлы күндерінің бірі болатын. Мені де Құдай айдап апарған шығар сол сәтте жақын маңда ат үстінде қой жайып жүрген едім. Бір кезде жүректі сыздатар балалардың шыңғырған дауыстары құлағыма жетті. Жағада у-шу болып жатыр. Балаларды өкеле жатқан қайық асау Ілеңің толқынына шыдамай төңкеріліп кетіпті. Бұл сәтте қарап тұру мүмкін емес еді. Дереу мұздай суға қойып кеттім. Балалар шуылдап жан-жақтан жармасып жанталасуда. «Ағай, Мұрат батып барады, Сәулені құтқарыңызшы!» деп жанұшыра айғайлаған дауыстары маған күш-қуат берғендей болды. Қолыма ұстағандарымды бірден қайыққа салып әлек болдым. Содан есімді үйде бірақ жинадым. Артынан білдім сол күні 12 баланы құтқарған екенмін. Алланың маған берген күш-қуаты шығар бүгінде міне, орталарыңызда аман-есен отырмын», – деп еске алды кеш кейіпкері.

Сондай-ақ, кешке қатысып отырған өзі құтқарған сол кездегі балалар, бүгінде бірі ана, бірі әке, енді бірі немерелі болып жаткан жандар да өз толғаныстарын білдірді. «Өлім мен өмір арпалысқан сол бір шақта өміріміз өң бірінші Алланың қолында болса, екінші Бейсетай ағаның қолында болды десек те болады. Өз жанына төнген қауіпке қарамастан бізді ажалдан арашалап қалған Бейсетай ағаға алғысымыз шексіз. Бейсетай ағаекінші әкеміз сияқты, ол кісіге үнемі қарайласып, хал-жағдайын біліп отырамыз. Бізге екінші гұмыр сыйлаған Бейсетай Дәуренбековке тек денсаулық, ұзақ гұмыр тілейміз», – деп өздерінің шынайы тілектерін білдірді. Батыр ағамызға Халық Қаһарманы атағын беріп, ескерткіш орнатсақ та артық болмас еді деген тілектерін де жасырмады.

Келесі сөз кезегін алған ауыл әкімі Ғалия Қалисанова «Бейсетай Дәуренбековтің ерлігі аудан тарапынан бағаланып, тұрғын үй және осы ауылда көше аты берілгендігін атап өтті. Бұл кісінің ерлігі қайталанбас ерлік екенін айта келе, енді Халық Қаһарманы деген атақ берілсе, тіпті, нұр үстіне нұр болар еді», – деп өз тілегін білдірді. Будан кейін ауылдық Мәдениет үйі директоры Эльмира Құрмашева мен батыр атамыздың иығына зерлі шапан жауып, құрмет көрсетті. Ал, аудан орталығынан арнайы құрмет көрсету мақсатында барған «Ақжүніс» әжелер ансамблі мен аудандық Мәдениет үйі өнерпаздары да батыр атамызға өздерінің арнайы сый-сияпаттарын ұсынды.

Кеште мектеп оқушылары өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, батыр аталарына деген өздерінің балғын тілектерін жауһар жырларымен жеткізді. Кеш ары қарай әсем әнмен жалғасты. Аудандық «Ақжүніс» әжелер ансамблі мүшелері және осы ауылдың «Ақжар» әжелер тобы жырдан шашу шашты. Бейбіт күннің батырына құрмет көрсетілп, ерлігі дәріптелді.

Гүлзат СӨЛІМЖАНОВА.
БАЛҚАШ АУДАНЫ.

■ Айтайын дегенім

«Барлап қарасақ: «Мұқағалидың шын аты – Мұхаметқали, Балуан-Шолақ – Нұрмағамбет, Әріп Тәнірбергенов – Мұхаметқаріп, Мұқан Төлебаев – Мұхаммед – Сәлім, Төттімбет Қазанғапұлы – Төттімұхамет», тағысын тағы біршама атақты адамдардың шын есімі Аллахтың сүйікті құлы, соңғы пайғамбар – Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың есімімен үндесіп жатады. Адамзатқа үлгі болған, нағыз мұсылман, көркем мінездің иесі, Жаратқанның сүйікті құлының есімі әртүрлі саланың аты әйгілі адамдарының есімдерінде кездесуі, сірә да, кездейсоқтық болмаса керек. Шынында да, есімнің адам өміріне әлдебір өзгеріс әкеліп, тағдырына әсер ететіні рас болғаны ма?!

Есіміңіз әдемі екен

Оқыған мақалам түрткі болып, қазіргі уақыттағы мағлұмат алатын нағыз көзге айналған – ғаламторға бас сұқтым. Ол жердегі зерттеулерге жүгінсек, адамзат арасындағы қазіргі таңда ең жиі қойылатын әр адам есімі – Мұхаммед, ал, әйел адам есімі – Анна деп жазылыпты. Ұлыбританияда, Уэльсте 2006 жылдан бастап ең танымал ер адам есімі – Мұхаммед екен. 2007 жылы алғашында бірінші орынға Джек есімі, ал 2011 жылы Гарри есімі жайғасқан екен. Алайда, Мұхаммед есімнің латын әліпбимен 5 түрлі болып жазылуын ескерген зерттеушілер. Мұхаммед есімн бірінші орынға шығарыпты. 2011 жылы жаңа туған 7551 шақалаққа Гарри есімі қойылыпты. Ізн қуып 7007 бала Оливер деп аталыпты. Ал, Мұхаммед есімі 6920 жаңа туған бөбектерге берілті. Мұхаммед есімнің басқа нұсқалары есепке алынбаған екен. Мысалы, Мохаммед, Мухаммад, Магомед, Мохаммад, Мохаммод. Егер осы нұсқалардың бәрін санайтын болса, «Мұхаммед есімі – ең танымал есім» деген «мәндайшасын» сол қалпында сақтап қалады.

Қазақ халқында да жаңа туған балаға жақсы ат қоюға баса назар аударған. Болашақ тағдыры есіміне байланысты болуы ықтимал деген де жорамал бар. «Жақсы сөз – жарым ырыс», – деп бекер айтпаған-ау қазағым. Өрине, кейде «азғеше» есімдер де ести жатамыз. Мысалы, Кәтіпбар. Әрп. Сағат. Жарасқан. Азамат. Дағдарыс (ғаламторда нақты дәлелмен оқығанмын). тағысын тағы. Мұндай есімдердің дүниеге келуінің

Құттықтаймыз!



Раймбек ауданы Бестөбе орта мектебінің мұғалімі **ТӘЖІБАЕВ Есмағанбет Тәжібайұлы** мамыр айының 10-жұлдызында 63 жасқа толды.

Құрметті Есмағанбет ТӘЖІБАЙҰЛЫ!

Сіз ұстаздықтың үлкен жолымен жүріп өтіп, құрметті демалысқа шықтыңыз. Артыңызға өнегелі із қалдырып, ғибратты ғұмыр кештіңіз. Сізді мерейтойыңызбен құттықтай отырып, отбасыңызға амандық, деніңізге саулық, баянды бақыт тілейміз.

КҮТТЫҚТАУШЫЛАР: Раймбек ауданының «Білім бөлімі» ММ-сі, «Қамқор-2» кәсіподақ ұйымы, Бестөбе орта мектебінің ұжымы.



Алакөл ауданы Көктұма ауылының тұрғыны, аскер тағдай әке, сырлас дос, тамандасымыз **ҚОРАБАЕВ Ысқақты** 15 мамыр күні 60 жасқа толатын туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Иә, әке – аскар тау, айбын бұлақ, ақылшын да қорғаным. Егер әлемде адамдарға қатысты қандай әлемі сөз болса соның бәрін әкелерге арнауға болады. Өйткені, өмірде де, отбасында да олардың орны ерекше. Сол қатарда біздің досымыз Қорабаев Ысқақ та бар. Ол өмірін өрлікпен өрген, тірлігінде ешқиммен ренжіспеген, кеңді даркан, пейілі шалқар жан. Сондықтан да өмірінде үлкенге ізетті, кішіге қамқор болып келеді. Ағайын-жолдастардың арасында белгі бінік, достықты құрметтей алатын адам. Ендеше, Ысқақты туған күнімен құттықтай отырып, алдағы күндеріне шаттық, деніне саулық, отбасына амандық тілейміз.

Ешқашанда дос пейілін жықпаған,
Біздің Ысқақ ақылды әрі мықты адам.
Оны көрсек көтеріліп еңсеміз,
Адалдықпен санамызды ұштаған.

Өрген жайған көңілінен сан арман,
Әлемдегі ұлықтан нәр алған.
Жүректерін өрлікпенен суарған,
Адам еді таза, мінсіз жүре алған

Иә, салай ұзақ болсын жасыңыз,
Әлі талай биіктерден асыңыз.
Ұрпақтарға мақтанышпен аталып,
Жүрсін мәңгі Ысқақ деген атыңыз.

ҚҰТТЫҚТАУШЫЛАР: Галымжан – Қаламқас.

АҒАМЫЗҒА АҚ ТІЛЕК!



Үштөбе қаласының тұрғыны, Қаратал ауданының Құрметті азаматы, облыстық мәслихаттың депутаты, аскар тағдай ақылшы ағамыз **ОСПАНОВ Тұрсын Молдағалымұлын**, зейнеткерлік жасқа толуымен құттықтап, кор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілеп, апамыз Бақтыпы екеуіне балаларын мен немерелерінің қызығына кенелтіп шөбере сүюді Алла нәсіп етсін деп төмендегі ақ тілегімізді жолдаймыз.

Ақ ниет, пәк тілектен, асыл адам,
Зейнеткерлік жасына келдің аман.
Құтты болсын, жаңа ғұмыр кешуің,
Еңбектің зейнетіне кенелуің.
Жасыңызға тағыда, жас қосылсын,
Жан ұяң тағыда бас қосылсын.
Қуанышқа ел-жұртың ортақ болып,
Міне, бүгін құрметті тақта отырсың.
Жақсылықты айтуды біз жаңа көрдік,
Ықыластың жылы лебізін біз сездік.
Туған елге барған кезде қадірлі,
Құрақ ұшып құрметтейді сый көрдік.
Ағамызға Сізден азамат,
Жүректің кегінен мәңгі тарасын.
Тілеміз бар жақсылық атауының,
Ілгіш тілегіміз адамзатқа.
Жер жаннатты Жетісу жерін мекен,
Желкілдесін бақ-құрақ, шалқып шөбің.
Ерлерің еңбегін бағалаған,
Қастерлі Қаратал елін мекен.
Қаратаудың Құрметті азаматы.
Төрт жорге мәжілістің депутаты
Сіңірген еңбегіңді бағалаған,
Елдасы жолдаған ерен алғыс хатың.
Достарың көп, әріптестің, мақтаған,
Ұжымың бар, сенімінді ақтаған.
Алайын мен құда-жекжат тағы бар,
Сыйластық пен салт-дәстүрді сақтаған.
Өсе берсін мәртебе, беделіңіз,
Әрқашан үстем болсын мерейіңіз.
Аман болсын апамыз бен бала-шаған
Күлкіміз тек шаттыққа кенелсін.

ИГІ ТІЛЕКПЕН: Панарбек, Айман, Альбина.

АҚТАУ ҚАЛАСЫ.

ӘКЕМЕ


Құтты болсын жан әке,
туған күнің,
Пайғамбардың жасына келдің бүгін.
Жүрекжарды тілегім айтар Сізге,
Бақ, келіп, немере, үл мен қызым.

Әке, бізге үлгісің, өнегесің,
Ақылшымсың, данасың, көрегесің.
Бел жазбай өмір-бойы еңбек етіп,
Бақытты балаңызға болғансың.

Құлпынайға толы болсын күніңіз
Асыл жеңгә ұзақ өмір сүріңіз.
Бала-шаға қызығына бөленіп,
Ортамызда аман-есен жүріңіз!

ПЕРЗЕНТТІК ТІЛЕКПЕН БАЛАЛАРЫҢЫЗ: Назым, Жанар, Анель.

НЕМЕРЕЛЕРІҢІЗ: Әмір, Айдана.



● ФОТОЭТЮД.

Тамаша неткен атырап,
Хан Тәңірі шыңып күн сүйген.
Көрген жан қалар жадырап,
Жүректі тербеп сыршыл дем.

Фотоэтюдті түсірген Ж. МҰСАБЕКОВ.

● Жасыл әлем

Таза болса табиғат...

Табиғат күллі тіршілік атаулының құтты қоныс-мекені, алтын ұя бесігі, құт-берекесі. Адам үшін табиғат – сән қасиетті де қастерлі ұғым. Өйткені, адамды дүниеге әкелетін ананың болса, адамзаттың анасы – Табиғат. Адам – табиғаттың бір бөлшегі әрі ғажайып туындысы. Оның табиғатсыз өмір сүруі мүмкін емес. Себебі, ол әуелі керекті, керекті заттың бәрін қоршаған ортадан алады. Сондықтан табиғат пен адамды бөліп қарауға болмайды.

Әсіресе, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін табиғатсыз елестету мүмкін емес. Сан ғасыр бойы халқымыз кең далада өзін аялаған табиғат аясында көшіп-қонып тіршілік еткен. Қоршаған ортаның сан алуан құпия сырына үңіліп, өзіндік ой түйген. Сол арқылы табиғат заңдылықтарымен үндесіп, өмір сүрген. Әсіресе, мал шаруашылығымен айналысқан халқымыз өз кәсібін табиғатпен үйлесімді жүргізіп отырған. Оған аялы алақан, жылы жүрек, көздің қарашығындай қамқорлық керек екеніне ерекше мән берген. Өкінішке орай, қазіргі таңда табиғатқа көңіл бөлінбей, жаңашырлық танытпай отырған жайы бар. Дүние жүзінде туындап отырған ірі зардаптарды айтпаған күнің өзінде, бір ғана өз елімізде шешуін таппай отырған жайттар ұшан-теңіз. Семей полигоны мен Арал теңізінің құрғап кету мәселесін былай қойғанда, күнделікті ауа мен судың ластануы, ормандардың отқа орануы, кейбір жануарлар мен өсімдік түрлерінің жоғалып кету қаупі, тіпті, қоршаған ортаның көз-көрімсіз көмілуі – осының бәрі кезек күттірмейтін үлкен экологиялық мәселелер. Бұлардың адам өміріндегі маңызы зор. Адам табиғатқа тәуелді әрі тығыз байланыста болғандықтан, аталған мәселелерді шешіп өзі өмір сүріп отырған табиғатқа қамқорлық жасауы тиіс.

«Таза болса табиғат, аман болар адамзат», – деп ақын Фариза Оңғарсынова айтқандай, қоршаған ортаның нағұрлым таза болуы – адамзат денсаулығының кепілі. Өйткені, табиғаттың ластануы адам денсаулығына, өсімдіктердің өсуіне, жануарлардың тіршілік етуіне зиянын тигізеді.

Біз атадан балаға мирас болып келе жатқан табиғатымызды көздің қарашығындай сақтап, жас ұрпаққа таза күйінде қалдыруымыз керек. Бұл орайда халқымыздың тәрбиелік мәні зор «Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын», «Бұлақ көрсең көзін аш», «Бір тал кессең, он тал е», тағы да басқа ұлағатты сөздерін үлгі-өнеге ретінде айтып отыруымыз қажет.

Осылайда ұлама ғалым Қаныш Сәтпаевтің: «Туған жердің тағдыры толғантпаған, жаны тебіреніп, ол туралы ойламаған жігітті қайтіп азамат дейміз? Туған жердің қара тасын мақтан ете білмеген азамат бөгде жердің алтын тасын да мақтап жарытпақ емес», – деген жан тебіренісі еріксіз ойға оралады. Еидеше, елім, жерім деген ел азаматы өз туған жерінің тағдырына немқұрайлы қарамай, қоршаған ортаның тазалығына атсалысуы тиіс. Қазіргі таңда табиғатты қорғаудың түрлі жолдары қарастырылған. Бірінші жолы – түрлі заңдар шығарып, оны жүзеге асыру. Ұлттық парктер, қорықтар санын молайту. Әрі «Қызыл кітапқа» енген өсімдік, жануар түрлерін қорғап, көбейту. Табиғатты тиімді және ұқыпты пайдалану «Жасыл ел» ұйымының жұмысын нығайту, жандандыру.

Адам табиғатқа мейірімділікпен, сүйіспеншілікпен, қамқорлықпен қарап, үйлесімділік сақтағанда, адамзат баласы үшін ол – кең сарай, мәңгі тозбас құтты қоныс болады. Жер бетіндегі барлық тіршілік атаулы Табиғат-Анаға қарыздар. Сондықтан да қоршаған ортаға немқұрайды қарау, онымен санаспау – ана сүтін ақтамағаймен пара-пар. Адам баласы табиғаттың ең ұлы перзенті болумен бірге, ең ұлы қамқоршысы да екенін ешқашан естен шығармауы керек.

Б. КЕРІМҚҰЛОВА, Шұбар орта мектебінің география пәні мұғалімі.

КЕРБҰЛАҚ АУДАНЫ.

● Өнеге

Ұстаздық еткен жалықпас...

Адам өмірі қашанда істеген өнегелі ісімен ардақталып, жеткен табысымен салмақталып отыратыны анық. Осы тұрғыдан келгенде елдің ел болып, жеріміздің көркеюі, өнеріміздің өрлеп, мәдениетіміздің мәйегтеуінде ұстаздар қауымының арқалаған жүгі салмақты. Оны өткен мен бүгінгі педагогика саласында ерінбей еңбек етіп, ұрпақ болашағы үшін тер төккен ағаапаларымыздың жемісті жолы дәлелдеп келеді.

Қажет АНДАС
"Жетісу"



Сондай жандардың бірі – өмірінің 35 жылында салалы ұрпаққа саликалы жол ашқан Үлжалғас Дәркембаева. Көксу ауданы, Шанырақ ауылында туған Үлжалғас Садыққызы бала күнінде ұстаз болуды армандаған жоқ. Бірақ өмір жолы, көрген-білгені, үлгі алған өнегелі адамдары оның осы бір қыңырлығы мен қыңылығы, алғысы мен артықшылығы мол салаға жетелеп әкелді. Кейде адамның тағдырын бір ғана бағыт өз арнасымен жылжытып әкететіні бар. Үлжалғас Дәркембаева 1969 жылы ауылдағы орта мектепті бітірген соң бірден Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының тарих-қоғамтану факультетіне қабылдаңады. Оның ұстаздық ұлы жолы да осы тұстан бастау алады.

Қазақ халқының дәстүрінде "тектілік" дейтін қасиетті ұғым бар. Үлжалғас сондай әулеттің тұяғы еді. Атасы Дәркембай өз тұсында ел билеген, ауыз дуалы, ардақты азамат. Елі мен жұрты үшін істеген ізгілікті істері арқылы ел ауызында жатталып, аты тарихта қалған адам. Аталарынан қалған осындай кісілік, кішіпейілділік, адамгершілік қасиет Үлжалғастың да бойынан табылды. Бала күнінен бауырмалдықты бойына серік еткен ол анасынан ерте айырылды. Бірақ ана парызын бойына тоқып өскендіктен бауырларына қорған болуды ойынан бір сәт те шығармаған. Студент кезінің өзінде демалыс күндері интернатта оқитын бауырларын жатақханасына әкеліп, қолы босай қалғанда оқуларына жәрдемдесіп, олардың тәрбиелі болып өсуіне, аналарының орнына ана болу міндетін атқаруға күш салды. Бүгінде оның бауырларының бәрі үлкен шанырақ иелері, іні-сіңлілері жоғары оқу орнын бітірген білікті мамандар. Осы бауырларының өмірден өз орнын табуда Үлжалғас Садықкызының үлкен үлесі бар.

Иә, бірге туған бауырларына осындай бауырмалдық танытқан ол ұстаздық қызметі барысында да басқаның баласына өпкесіндей, анасындай қарады. Жетеледі, жебеді, ыңғайы келгенде дұрыс жолмен өмір кешу туралы бар білетіні мен түйгенін үйретуден жалыққан жоқ.

«Ана сүтін тән үшін табиғат өзірлейді, рух сүтін жан үшін біздің ұстаздарымыз өзірлейді», – деп Г. Лихтенберг айтқандай, әр адамның рухани толығуы мен дүние-дүрмегін танып, жетілуі жолында аянбай еңбек етіп, тер төккен ұстаз еңбегі қашанда мәнді, мағыналы, нәтижелі. Өне бойына мейірім мен шапағат, мәдениет пен парасатты сәрік етіп, ұрпақ тәрбиелеу ісіне саналы ғұмырын арнаған асыл жандарды ардақтап өту – адамзаттың парызы. Басшың да, басқан да, ханың да, қарапан да, жалпы барлық мамандық иесі бас иетін ұстаз жайлы, оның өлшеусіз еңбегі турасында толғанғанда болашақ өмірге жолдама беріп, «Өліпшемен» әлдилеп, санана білім нәрін бірінші болып дарытқан, тілінді «ағай», «апай» деген оралымға келтіргені үшін алғашқы ұстазың дараланып тұрады. Осы тұрғыдан келгенде, Үлжалғас Дәркембаева 35 жылдық ұстаздық жолында қаншама шәкіртті аялы алақанынан ұшырғанын санап бере алмаймыз. «Мен бала тәрбиелеу ісіне қойға шапқан қасқырдай кірісем», – деп даланың дана перзенті Ыбырай Алтынсарин айтқандай, Үлжалғас Садыққызы да жастық жалынын, бойындағы ынта-жігерін бала тәрбиелеу ісіне салай арнаған жан. Бүгінде қоғамның әр саласында еңбек етіп жүрген сол шәкірттері мерекесімен құттықтап, қуанышымен бөлісіп, қайғысына ортақтасқан түста Үлжалғас апайдың да мәртебесі көтеріліп, бір жасап қалатыны анық. Сол кезде еңбегінің еш кетпегеніне көз жеткізеді.

Үлжалғас Дәркембаева ұстаздықпен қатар, ұжымда бірге жұмыс істейтін әріптестерінің жетекшісі әрі ақылшысы. Біраз жыл мектеп басшылығын өтеген тұсында ұжымды ынтымақтастыра отырып, белсенді жұмыс атқарып, мектепті аудан, облыс, республика көлемінде танымал еткен бірқатар игі істің бастамашысы болды. Ол бүгінде Талдықорған қаласындағы №17 орта мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары және тарих пәнінің мұғалімі ретінде сол игілікті бастамаларын жалғастырып келеді. Сондай-ақ, «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі» қатарлы бірқатар жоғары марапаттың да иесі.

Атақты Саплақ шешен: «Адамның басшысы – ақыл, жетекшісі – талап, жолаушысы – ой, жолдасы – көсіп, қорғаны – сабыр, қорғаушысы – мінез, сынаушысы – халық», – деген екен. Осы айтылған адами қасиеттер өркімнің бойынан кездесе бермейтіні анық. Бірақ сол қасиеттердің Үлжалғас Садыққызының бойынан табылатындығына еш күмәніміз жоқ. Өйткені, ұстаз болумен қатар, ардақты ана, аяулы жар бола жүріп, балаларын да тәрбиелі етіп өсірді. Бүгінде мәуелі бәйтеректе айналған кадірлі ұстаздың отбасы да жұртқа өнеге.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Алматы облысының жолаушы көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ-і жолаушылар мен багажды автомобильмен республикаішілік тұрақты тасымалдаудың маршруттарына қызмет көрсету құқығына конкурсты қайта өткізеді.

Аталған конкурс 2013 жылдың 12 маусымында сағат 15.00-де Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 26, № 102-кабинетте өтеді.

Конкурсқа төмендегі маршруттар салынады:

ЛОТ №19
№ 200 маршрут «Талғар қ.(Талғар ауданы) – Алматы қ. «Сайхат» а/в»
№ 200 а маршрут «Талғар қ.(Талғар ауданы) – Алматы қ. «Сайхат» а/в»

ЛОТ № 20
№ 207 маршрут «Өстемер а. (Талғар ауданы) – Төнірек а. (Талғар ауданы)- Алматы қ. «Сайхат» а/в»

ЛОТ № 21
№ 212 маршрут «Талғар қ.(Талғар ауданы)- Талғар сәйкайлары (Талғар ауданы) – Алматы қ. «Сайхат» а/в»

ЛОТ № 22
№ 357 маршрут «Ақшабұлақ а. (Еңбекшіқазақ ауданы) – Алматы қ. «Сайхат» а/в»
№ 384 маршрут «Жарсу сәйкайлары (Еңбекшіқазақ ауданы) – Алматы қ. «Сайхат» а/в»

ЛОТ № 23
№ 686 маршрут «Нарынқол а. (Райымбек ауданы) – Алматы қ. «Сайхат» а/в»
№ 671 маршрут «Кеген а. (Райымбек ауданы) – Алматы қ. «Сайхат» а/в»

ЛОТ № 24
№ 210 маршрут «Қызылту а. (Талғар ауданы) – Алматы қ. «Сайхат» а/в»
№ 359 маршрут «Базарлегуді а. (Еңбекшіқазақ ауданы) – Алматы қ.«Сайхат» а/в»
№ 360 маршрут «Ташкенсаз а. (Еңбекшіқазақ ауданы) – Алматы қ.«Сайхат» а/в»
№ 361 маршрут «Алга а. (Еңбекшіқазақ ауданы) – Алматы қ.«Сайхат» а/в»

ЛОТ № 25
№ 363 маршрут «Қайназар сәйкайлары (Еңбекшіқазақ ауданы) – Алматы қ.«Сайхат» а/в»

Конкурсқа меншік нысанына қарамастан, меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде автокөлік құралдарын иелену кез келген жеке және заңды тұлғалар қатысуға құқылы.

Конкурсқа қатысуға тілек білдіруші «Алматы облысының жолаушы көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ-не конкурстық құжаттардың жиынтығын алуға жазбаша өтінімді Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі-26, № 107-кабинетке ұсынуы тиіс.

Конкурстық құжаттаманың бағасы 4971.00 (төрт мың тоғыз жүз жетпіс бір теңге 00 тиын) теңге.

Конкурстық құжаттарды алуға өтінімдерді қабылдаудың және конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі: **2013 жылдың 30 мамыр күні сағат 18.00.**

2013 жылдың 16 мамыр күні сағат 15.00-де конкурстық комиссия конкурсты өткізу мәселелері жөніндегі конкурс алдындағы конференцияны өткізеді.

Анықтамаларды келесі телефон арқылы білуге болады **8 (7282) 27-13-96; 27-39-14.**

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетін 2012 жылы "Математика және жаратылыстану" факультеті "Биология" мамандығы бойынша бітірген **Мақсатова Іңкәр Мақсатқызының** атына берілген дипломның жоғалуына байланысты, жарамсыз деп танылсын.

Алматы облысы бойынша қаржылық бақылау инспекциясының сенім телефоны: 8(7282)271680, электрондық мекенжайы: fink_almobl@at.minfin.kz. Әр сәрсенбі және бейсенбі күндері 14.30-дан 18.30-ға дейін инспекция басшылығы мына мекенжайда қабылдау өткізеді: Талдықорған қаласы, Шевченко көшесі, 168-үй. Инспекция ғимаратында азаматтардың және заңды тұлғалардың хаттары мен өтініштеріне арналған жәшік бар. Сонымен қатар, 2013 жылдың 16 мамырында сағат 15.00-ден – 16.00-ге дейін инспекцияның №2 бақылау бөлімінің басшысы Б. Орманов «Нұр Отан» ХДП-ның Алматы облысы бойынша филиалының қоғамдық қабылдау бөлімінде азаматтарды қабылдау жүргізеді.

ЕСКЕ АЛУ



Ескелді ауданы Бақтыбай ауылының тұрғыны, аяулы әкеміз **Досжан ШАРЫҚБАЙҰЛЫН** сағына еске аламыз.


Бар ғұмырын ауылдың ауыл шаруашылығын өркендетуге арнаған әкеміз өмірінде ешкімнің алажібін аттап, азаматтық тұлғасына кайшы келетін іс істемеген екен. Оны бірге өскен замандастары мен көзін көрген інілері жыр тып айтады. Ал отбасында мейірімділігі, табандылығы, анықылдаған мінезімен бәрімізге шапағат иірын сеуіп, тәрбиелі етіп өсіргенін қалай ұмытайық. Әкемізді еске алып, аруағына құран бағыштап, топырағы торқа, жаны жаннатта болсын деп тілейміз.

Ортамызда болмасаң да бұл күнде,
Сізді еске алмай тұру бізге мүмкін бе?
Бірақ, бірақ дауа бар ма, ем бар ма?
Сағыныш деп аталатын шіркінге.

Десе-дағы иір жүзіңді жылу тып,
Шуағыңмен, мейіріңмен жылындық.
Сенің айтқан тәрбиеңнен нәр алдық,
Басымызға түссе қанша қиындық.

ЕСКЕ АЛУШЫЛАР: туған-туыстары, балалары.

Барлық туған-туыс, жора-жолдас, құда-жегжатты мамырдың 18-күні сағат 12-де Талдықорған қаласындағы «Құс жолы» мейрамханасында берілетін әкеміздің жылдық асына шақырамыз.



Ескелді ауданы Н. Алдабергенов ауылында тұрған аяулы да ардақты ұлымыз **Үтепов Серік Мақсетұлы** гірі болса 16 мамырда 33 жасқа толар еді. Өмірлік мақсатыма жетсем, еліме қызмет етсем деген арманы орта жолдан үзілді. Тағдырдың жазуына, Алланың ісіне амал бар ма?!

Өзі арамыздан алыстап кеткенімен, баламыздың жарқын бейнесі, нұрлы жүзі көз алдымызда. Ұлымызды әрдайым сағына отырып, еске аламыз. Жатқан жері жайлы, жаны жаннатта болсын дейміз.

Сағынсақ бейнең көрінген,
Кетпейсің балам көңілден.
Ортамыз қалды ойсырап,
Көрерің көп еді өмірден.

Ғұмырың болды-ау қас-қағым,
Қайтыға бізді тастадың.
Жарқылдап жүрген жарығым,
Жанатта болсын жас жаның.

ЕСКЕ АЛУШЫЛАР: ата-анасы, әпке-қарындастары, інілері, ұлы, қызы.

Облыстық «Жетісу» газетінің ұжымы басылымның жанашыры Абай Базарбаевқа әпкесі

Сәлиманның

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Алматы облысының әкімдігі

Директор – бас редактор Жақыпжан НҰРҒОЖАЕВ

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНДЕ 2002 ЖЫЛҒЫ 16 ҚАЗАНДА ТІРКЕЛІП, №3322-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат

Жетісу

e-mail: Jetisu2002@mail.ru
www.zhetysu-smi.kz

МЕНШІК ИЕСІ: "Медиахолдинг "Жетісу Ақпарат" акционерлік қоғамы.

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында терілін, беттеледі. Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.
Компьютерге терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Алты машинкалық беттен асатын материалдар қабылданбайды.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы — Болашақ" ЖАҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Кезекші редактор: Нұржамал ӘЛІШЕВА.

КӨЛЕМІ – 2 БАСПА ТАБАҚ. ТАПСЫРЫС – 686. ТАРАЛЫМЫ – 44 240. ИНДЕКСІ – 65469.

Қабылдау бөлмесі және факс – 27-41-50, байланыс телефондары бас редактордың орынбасарлары – 21-01-90, 27-41-83, жауапты хатшы – 24-38-16, ауылшаруашылығы, экономика және спорт бөлімі – 27-42-34, саясат және парасат әдебиет және мәдениет бөлімі – 24-30-57, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі – 24-36-07, білім және ғылым бөлімі – 24-32-43, фототілшілер –27-41-93, заң және ақпарат бөлімі – 24-29-82, жарнама бөлімі – 24-29-82. Алматы қаласындағы тілшілер қосыны – 279-13-37 (факс), 279-13-86, 79-36-43. Меншікті тілшілердің аудандардағы телефондары: Үшаралда – 2-12-57, Панфиловта – 9-12-27, Райымбекте – 22-22-05, Іледе – 2-19-33. Газет табыс етілмесе — 8 (7282) 24-34-55 телефонымен хабарласу керек.



Толе би:

Атадан ұл туса игі,
Ата жолын қуса игі.
Өзіне келер ұятын,
Өзі білін тұрса игі.
Жаудан бұққан немені,
Ортасынан қуса игі!



Қаз дауысты Қазыбек би:

Алтын ұяң – Отан қымбат,
Құт-берекең – атаң қымбат.
Аймалайтын анаң қымбат,
Мейірімді анаң қымбат.
Асқар тауың – әкең қымбат,
Туып-өскен елің қымбат.
Ұят пенен ар қымбат,
Өзің сүйген жар қымбат.



Әйтеке би:

Ашу деген ағын су,
Алдын аспақ арқырар.
Ақыл деген дария,
Алдын төссең тоқырар.
Кісі бірге туыспау керек,
Туысқан соң сөз қуыспау керек.
Сөз құтан балеге жолығады,
Жол құтан олжаға жолығады.

Бақытты мәні – парасаттылықта, әркімнің өз алдына игілікті мақсат қоя білуінде, ол мақсат тек кездейсоқ рахат үшін емес, шынайы игілік үшін бағытталуында, адамның өз мінез-құлқын, іс-әрекетін ерікті түрде өзгертіп, ізгілікке бағыттап отыруында.

Әл-Фараби.

АРДАГЕР

АЙЫНА ЕКІ РЕТ ШЫҒАТЫН ГАЗЕТ ІШІНДЕГІ ГАЗЕТ

№11 (111)

Бейсенбі,
6 маусым,
2013 жыл

■ Бала шақтан – болашаққа

Он Жыл, пейіл Жыл Жырма, Жүз Жыл өтсін...



(2-бетке назар аударыңыз).

■ Өткен күнде белгі бар



Ұлы Абай: «Бірі – ішсем, жесем, өмірден өтсемпін өмірі. Енді бірі – нағыз өмір», – деп адам баласының өмірін екіге жіктейді. Әрине, өткенді таразылап көрсек еңбегін бұлдап, қадірін асырмай-ақ қарапайым тұлғасымен үлкен-кішінің құрметіне бөленіп өткен жандар баршылық. Осы үсте тағы да бір ой қиынан қылап беріп, сананды үлкен жетістікке жетелейтіні бар. Ол – ел мен жер үшін елеулі еңбек еткен, «Шашы ұзын, ақылы қысқа» десек те, сол айтылған ойға баскаша қырымен жауап қайтарған қыздарымыздың тарихымызға шұғылалы із қалдырғаны. Оның бастауын Тұмар ханымнан таратсақ, кешегі Айша биби, Домалақ ана, Айғаным, Зере әжелерімізбен жалғасын тапқан ұлы көш бүгінгі асыл текті аналарымыздың жұртына істеген елеулі еңбектерімен ұласып жатқаны анық.

Кішім апа

Осы көштің шалкар айдынында Кішім апаның есімі де мақтанышпен аталып жүретінін жиі естіп келемз. Иә, бүгінгі жас буын аты ардақталған апамыздың кім болғанын көп біле бермейді десек те, оның өмірне терең бойлаған жандар өшпестей өнеге алатынын жасырмаймыз. Расында, Көксу ауданының Еңбекшіқазақ ауылына бара қалсаңыз ондағы тұрғындардың аузынан: «Біздің Кішім апамыз...», – деп басталатын жылы естеліктер мен көңіл толқытар әңгімелерге құлағын қанығып, көңілің маркайып қалады. «Бәсе, солай екен-ау», – деп ойынды орныктырасың.

Әлбетте, жақсылық та, жамандық та, тіпілік те тез өркендейтін күрделі тіршілікте әркімнің артынан түрлі естелік өріледі. Расында, қолында барында қошымымен басып, мақтан бигіне көтерілген тағдырда жетерлік арамызда. Бірақ, уақыт өте келе адамдар олар жайлы әділ бағасын беріп, көңіл терезесінен тысқа лақтырып тастайтынын да көріп жүрміз. Ал, енді, тіршілігің жылы пейіл, таза адамгершілік, үлкен мақсатпен өріп, жүрт жүрегінен терең орын алып, өскелең ұрпакка үлгі-өнеге болатын іс-әрекетімен дараланып тұратын жандарға сүйсіне қарайтынымыз жасырын емес. Бұл – Абай айткан нағыз өмір сүрген жандар. Осы тұрғыдан келгенде, Кішім апамыздың болмысы нағыз өмір сүрген жандардың жарқын үлгісі деп бағаласақ қателеспейміз.

Кішім – Қадір атамыз бен Жарқынбала арамызда жалғыз қызы. Одан бұрын 14 құрсақ көтерген Жарқынбала апамыздың балалары кішкене күнінде шетінен кете берген көрінеді. Он бесінші болып өмірге келген сәбиді көрші ауылдағы ағайындарының біріне беріп, кейін бір арқа отынға сатып алыпты. Бұл – қазақ халқының салт-дәстүрінде бар ырым. Содан кейін сәбиге Кішім деген есім беріпті.

Бірақ, ата-анасы баланың кішкене болса да осы қыздарының бүкіл елдің сенім артар үлкен жүректі азаматшасы болатынын ол кезде білмеген шығар. Бала кезінен ауылдың карапайым тіршілігімен тығыстап өскен Кішім өсе келе бойындағы ізгі қасиеттерін байқата бастайды. Әсіресе, елді бір ниетке, мақсатқа ұйыстырудағы алғырлығы үлкендер жағынан жақсы бағаланады.

Сондықтан болар 1932 жылғы ұжымдастыру тұсында Көксу өзенінің бойындағы шашырай қоныстанған бірнеше үйдің басын қосып, алғаш ірге тасы қаланған «Еңбекшіқазақ» кеңшарына Қауыс Кәрімов бастық болса, Кішім апамыз бригадирлікке ұсынылады.

(Соңы 3-бетте).

■ Біраұыз сөз

Қырандар ұшырған шаңырақ

Адам жас кезінде уақыттың қадіріне жете бермейді екен. Құрбы-достармен құлын-тайдай тебісіп, думанды дәурен кешіп жүргеніміз күні кеше ғана сияқты еді. Енді қарасақ, біз де біраз жасқа келіп, кемеңгерлік кейіпке енер белеске көтеріліппіз. Кейінге көз салсам, өз өміріме айтар өкпем жоқ сияқты көрінеді. Заманның ызғары қайта қоймағанымен қатарымыздан қалмай білім алыппыз. Талабымыз тасқа шағылмай, еңбегімізге қарай қызмет жасап, ел игілігін есепеуге үлес қосқанымыз да халықтың жадында. Бұрынғы Талдықорған облысының алты ауданында бірінші басшы болып, партия съездерінің делегаты, республика Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып бірнеше мәрте сайлануымыз сол еңбегімізге берілген баға деп түсінемін.

Адамның бүкілғы өмірне бағыт беріп, бағдар сілтеп кететін мақсады кезеңдер болады дейтін болсақ, мен үшін осындай сәт – өзім ұнаткан мамандығым бойынша жоғары білім алып шығуым деп айтар едім. Мектеп бітіргеннен кейін белгілі себептермен бірден оқуға түспей, алдымен еңбек майданында шыныгып, содан кейін Алматыға аттанғанымын. Осылайша 1958 жылы Алматы зооветеринарлық институтының зоотехникалық факультетінің студенті атандым. Қазақ педагогикалық институтынан кейін екінші болып 1929 жылы шаңырақ көтерген жоғары оқу орнының білім беру саласындағы алар орны ол кезде ерекше болатын. Алғашқы ректорларының бірі Ораз Жандосов болған институт елімізге аса қажетті зоотехник және ветеринар мамандарын дайындауды қолға алған. Мұнда Мұхтар Әуезовтің өзі қазақ және орыс тілдерінен сабақ берсе, қазақтан шыққан тұңғыш математик Әлихан Ермеков, академик Нәиля Базанова, Фазыл Мұхаметқалиевтар ұстаздық жасаған. Еңбек Қызыл Ту ордені оқу орны 1933 жылы алғашқы түлектерін түлетіп ұшырса, біз 1963 жылы 30-шы болып үлкен өмірге қадам бастық.

Институтқа қабылдау емтиханларын тапсыру кезіндегі бір жай әлі есімнен кетер емес. Әдеттегідей, сынақ алдында сәл серпіп, мұмыздығымызды тығыстырып алайық деген мақсатпен Панфиловшылар даңғыл кешіп серуендедік. Ашық кинотеатрда ғарыш ғылымының негізін қалаушы Циолковский туралы деректі фильм көрсетіп жатыр екен. Қызыға қарағанымыз есімде. Ертеңгі емтиханға кіресем, тура сол Циолковскийға қатысты билет келіпті. Мен ғалым туралы, оның еңбегі жайлы мұғалімнің өзі білмейтін деректер айтып беріп, бес алып шыққанмын. Маған жатақханының жертөлесінен орын тиді. Қазіргі жастар сенбеуі мүмкін, сонда біз бір бөлмеде 38 адам жататынбыз. Қарынымыз бірде ашық, бірде тоқ болып жүріп оқыдық. Алайда заманымыз өте қызықты болатын. Институттың оқуынан бөлек қоғамдық өмірі де қайнап жатушы еді. Сабақтан тыс кезде түрлі спорт секцияларына қатысып, қолымыз қалт етсе театр, мәдени шараларға баруға асығушы едік. Бес жылда біз мамандықты меңгеріп қана қоймай, рухани және мәдени әсу кезеңін бастан кешірдік. Институт ректоры Ғ. Қонақбаев, факультет деканы Мұса Әлетов, бүгінгі күнге дейін оқытушылық жолын жалғастырып келе жатқан академик Зұлқарнай Сейітов, ғылым докторы Кеңесхан Дүйсенбаев, Қарлық Қусанов сияқты ұлт зиялыларының алдынан дәріс тыңдау бізге бұйырған бақыт десем артық, айта қоймасың.

Студенттік кезең – адам өміріндегі ең бір шуақты шақ, деп бекер айтпайтын болса керек. Әркайсысы бір-бір арманды арқалаған жапырлы жастар әр күнін мазмұнды өткізіп, үлкен шаңырдан алар үлесін қайтаруға тырысатын. Бір факультеттегі сегіз топта 160 адам оқысақ та бір-бірімізбен етене араласып жүрдік. Содан болар, мен көбінің аты-жөндерін осы күнге дейін ұмытпай келемін. Мысалы, Алматы облысынан келген Асылғали Керейбаев кейіннен Қапал ауданында ұжымшардың тірағасы, Дүнгенбай Қарынбаев жары Шекер Асыловамен бірге еңбек етіп, кеңшар директоры, ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы. Назарбек Бекасылов Алакөл ауданында кеңшар директоры, Құлтай Тұменбаев Қоржынкөлде ұжымшар басшысы, Дабыл Егінбаев Андреев ауданында басқарма бастығы, Мұрат Шерниязов Арасанда бас зоотехник қызметтерін атқарды. Сол сияқты, Болатбек Қадыров, Жұматай Тасыбеков, Қыдырбек Аханов, Лайлан Балапанов, Еркін Қарсыбеков, Мұзафар Рашиддинов, Қожакан Молдабаев, Тұғлық Құрбанов деген азаматтар студенттік өмірдің ыстық-суығын бірге көріп, ел игілігін есепеуге еңбек еткен азаматтар. Алғырлығы мен ақылының арқасында назарға ілініп, лауазымды қызметтерге жоғарылатылғандар да арамызда аз болған жоқ. Солардың қатарында партия және кеңес жұмысына тартылған Саят Тоқметов Ақтоғай аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, Жамбыл Аймулдин Павлодар облысында, Люда Романова Оңтүстік Қазақстан облысында аупартком хатшысы қызметтерін атқарды. Ал, Кеңесхан Дүйсенбаев, Қайыртай Нұрғалиев, Әбдіқадыр Сәрсенов, Терекұл Мырзахметов сынды азаматтар ғылым жолына түсіп, мал шаруашылығы саласын дамытуға өзіндік үлес қосты. Жалпы, сол кездегі жігіт-қыздардың өмірге деген құштарлығы, еңбекке ұмтылысы, жақсылыққа талпынысы ерекше еді-ау.

Мен оқуды бітіргесмен Ақсу өндірістік басқармасының бас маманы болып орналасып, бір жыл өтпей Абай атындағы ұжымшардың бас зоотехнигі қызметіне ауыстырылдым. Осы жерден комсомол жұмысына шақырылған едім Содан 45 жылға жуық басшылық жұмыстарда жүрген екенмін. Бұл да болса құдайдың берген бағы және институтта алған білім мен тәлім-тәрбиенің жемісі деп ұғамын.

Осыдан 10 жыл бұрын Қазақ аграрлық университетінің ректоры Тілектес Есполовтың ұйымдастыруымен оқу орнының 30-шы түлегі ретінде бас қосқан болатынбыз. Парасатты басшы биыл да 50 жылдық кездесуімізді ұйымдастыруға қолғабыс жасап, өткізілетін іс-шараларға басқөз болып отыр. Оқу ғимаратындағы «Университет мақтаныштары» атты тақтаға өзімнің де есімм жазылып, менің кітаптарым сол жерден пайықты орын алғанына өрине, қуанамын. Университет басшылығы онда өткізілетін тұратын кез келген шараға құрметті қонақ ретінде шақырудан жаңылған емес. Жалпы, мұнда атқарылып жатқан ірігелі істерге көңілім толып, оқу орнының түлегі екеніме мақтан тұтып жүремін. Сондықтан, осыдан жарты ғасыр бұрын университет қабырғасынан түлеп ұшып, елімізді өркендеуіне шама-шарқымша үлес қосқан замандастарыммен кездесу алдында сол бір кезеңді ескі алып аздаған ойларымды қағазға түсіргем едім.

Асылмұрат ТҰРҒАНБЕКОВ,
қоғам және мемлекет қайраткері,
Алматы облысының Құрметті азаматы.

■ Менің замандастарым

Жүрегі – сән, сезімі – ән

Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының басында аудан орталығы Қарабұлақ кентінің көркейіп, сәулеттене түсіп, тұрғын үй құрылысы қанат жайып, көпқабатты үйлер бой көтерді. Алғашқы төрт қабатты үй қант зауыты аймағының Қаратал өзенінің бойындағы жасыл желекке жамылған көрікті Победа көшесінде пайдалануға берілген-ді. Осы үйден жас мамандар – мұғалім, дәрігер, журналист, музыкант және тағы басқа мамандық иелері өмірінде ең алғаш пәтер алып, жеке шаңыраққа ие болып, төбелері көкке жеткендей, қуанышқа бөленген. Бұл оқиғаны еске түсіргендегі себебім, қазақта құдайы көрші деген бар ғой. Міне, сол кезде жаңа пәтер алып, қоныстойын тойлаған көршілерімді еске аламын. Солардың бірі – Алматы қаласындағы П.Чайковский атындағы музыкалық училищесін бітіріп, музыка айдынына желкен көтеріп, ақ кемесімен өрге жүзіп, елі күткен биіктен туы желбіреп, туған елдің рухына суарылып, саз өнері өлкесінен өз өрісін тауып, жүрек нұрына музасын малып, сезім қылын шертіп, мөлдіретіп ән жазып жүрген тұнық ойлы, жүрегі – сән, сезімі – ән, сондағы талапкерлердің бірі – бүгін жетпіске толып отырған сазгер Шынтемір Мырзамұратов еді.

ИӘ, ШЫНТЕМІРДІҢ киелі өнер – ән сазын жанына серік етіп, Қарабұлақ кентіне келгенде жасы отызға да толмаған-ды. Ол еліміздің рухани орталығы – Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданының Көксарай ауылында кіндік қаны тамып, топшысы бекіп, өркендеп өсіп, өмірге қанат қақты. Отырар – аңыз өлке. Оның әр тасын қозғасаң аңыз-әңгіме ақтарылып төгіледі. Соның бірі – махаббат хикаясы. «Баяғыда бір байдың ай десе аузы, күн десе көзі бар, Дүрия атты сұлу қызы болыпты. Оған елдегі Шәміл атты өзі аңшы, өзі батыр, өзі сері жігіт ғашық екен. Үйір-үйір жылқысы далаға симаған бай Шәмілді күйеу болар деп көзге де ілмепті. Өкесінің ақ батасын ала алмасын сезген Дүрия қыз Шәмілмен қол ұстасып, қалған өмірін бірге өткізуге бел байлап, бір күні түнде ауылдан қашып шығады. Қызының бұл қылығына ашуланған бай, артынан іздеу салады. Ашулы бай, топырақ үйдіріп, оның үстіне шығып, қашқан қызының қайда бара жатқанын бақылап отырыпты...».

(Соңы 3-бетте).

■ Ақын – елдің ардағы

Қаламгер кеніші

Текелі қаласының бұрынғы кеншісі Әбжан Омаркүлұлы 70 жастың жалынан үстаса да әлі ширақ, ойы орамды, тілі тұщымды қаламгер ретінде өзін танытып келеді. Ол өлең жазуды сонау мектеп қабырғасында жүргенде бастаған. Оның өрімдей өлеңдері кезінде облыстық газеттерде жарияланып, жақсы пікірлер туғызып жүрді.

Еңбек жолын Еркін ауылында комбайншы болып бастаған Әбжанның «Еркін түні» өлеңіне кезінде ауылдастары болған, бүгінде белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Мақсұт Нәрікбаев пен Болат Сегізсаринов ән жазып, шабыттана шырқаған. Еркіндіктер бұл әнді бүгінге дейін жиын-тойларда мақтанышпен жарыса жырлайды.

Әбжан Омаркүлұлын кезінде газет-журналдарға қызметке шақырғанда ол жұмысты мамандығын ауыстырмай, қолы боста өлең мен мақалаларын баспасөзге жолдап отырған. Шындық пен ақиқатты айғайлата жазу – Әбжанның ұстанған басты бағыты. Оның өткір сын тезіне алған мақалалары мен өлеңдері бүгінгі күндері де баспасөз беттерінде жиі жарық көріп жүр. Шой балғасымен қоса, қаламын да тастамаған Әбжан Омаркүлұлының туындылары «Мөлдір бастаулар», «Толғауы тоқсан туған тіл» сынды жинақтарға енген. Оның «Текелі суреттері» тақырыбымен 2010 жылы жарық көрген жыр жинағын оқырмандар қызыға оқыды.

Өткен жылы Текелі қаласының 60 жылдық мерейтойына байланысты «Қаланың мерей кітабын» шығаруға байланысты материалдар жинақтау кезінде көнекөз қарттардың көп көмегі тиді. Тірі тарих ретінде комбинаттың және қаланың іргесі қаланғанынан бастап, өсу-өркендеу жолдарын жырдай ғып баяндап бергендердің бірі осы Әбекең болды. Қала басшылары Әбекеңнің сіңірген еңбегін, жастарды тәрбиелеу ісіне қосып жүрген өнегелі істерін лайықты бағалап, Текелі қаласының Құрметті азаматы атағын берді. Бұл – бүгінге дейін жүрегі жырға, көңілі нұрға тұнып тұрған қадірменді қарияның тынымсыз тірлігінің, ізгілікті істерінің жемісі. Қазір Әбжан жұбайы Нағима екеуі балалары мен немерелерінің қызығына бөленіп, тау қаласында бақытты өмір сүріп жатыр. Оның қаламынан әлі де тың туындылар дүниеге келетініне біз кәміл сенеміз.

Шора БАТЫРБАЕВ.

ТЕКЕЛІ ҚАЛАСЫ.



СУРЕТТЕ: Ә.Омаркүлов отбасының ортасында. Суретті түсірген автор.


Байланыс телефондары: (Талдықорғанда) 8(7282) 24-38-16, 27-41-83; (Алматыда) 8(7272) 79-13-37, 79-13-86

Бейсенбі, 6 маусым, 2013 жыл

АРДАГЕР

Айына екі рет шығатын газет ішіндегі газет

3



Кішім апа

■ Жыр-шашу

Дара тұлға

Өмірі өнегелі елге тағым.
Алашқа Кішім апа атты мағым
Туыпты «Тау жалайыр» ауылында,
Жер-ана түгін тартып татқан нәрін.

Анасы ақ, бесікке бұған белді.
Етегі Лабасының туған жері.
Ішінде он төрт бала кенжесі екен,
Кішім деп атын қою сол себебі.

Он үш бақилықтан тауып мекен,
Жалғыз-ақ Кішім ғана қалған екен.
Апамыз ғибратты ғұмыр кешіп,
Мың айдың жүзін көрген ана екен.

Елине етене боп еңбек еткен,
Талым мен тәрбиенің нұрын сепкен.
Қиналмай қиындыққа қарсы тұрып,
Өмірдің сан өткелін кешіп өткен.

Өсіпті еркелеп болып жаны нұрдан,
Берілген ер жігітке ерен тұлға.
Еңбекке арналасып жастайынан,
Тер төккен Отан үшін талмай тыпқа.

Алмай қайраты мен жігер күшін,
Өзіндік үлес қосқан Жеңіс үшін
Жасатып майданға арнап танкті де,
Үлгі еткен ұлағатты ұлы ісін.

Берілмес бағындырып белесті де.
Ауылдық басқарыпты кеңесті де
Аналық ақылымен шешкен екен.
Күрмеуін шешу қиын егесті де.

Көксудың тұнығына бетті жуып,
Бекемдеп белді буып ерте тұрып.
Жұмысқа жұмылдырған ауыл халқын,
Артельде бригада алғаш құрып.

Бәбашев Мұқаш сонда бастық еді.
Құйылған құрман толы астық еді.
Үйлері қыналыша да Тау-Тау болып,
Табысы тау сындай тасып еді.

Сол колхоз «Миллионер» боп аталып,
Атағы бүкіл елге кең таралып.
Қос орден кеудесінде жарқырады,
Тарихта Кішім апа аты қалып.

Анаңы халық сыйлап үлгі тұтқан,
Ақылын, ақлейлін барқ ұққан.
Тумадай таусылмайтын талымнен,
Ауылдың барлық жұрты қана жұтқан.

Ішінде замандастар тұрған дара,
Жайсаң жан жаны жомарт қызы Сара.
Жан-жары Еділ менен екеуінен,
Өрбіген Андрян, Ерюн, Мұнсыз, Бота.

Ұрпақтар ұлағатты соңындағы,
Аямай барын беріп қоңындағы.
Ауылда Алпа үйі – мешіт ашқан,
Халыққа хақ, дәнекер жолындағы.

Дүние дөңгелейді тұрмай жылжып,
Уақыт өтіп жатыр жылдар сырғып.
Тойлауда ел-жұрты, ұрпақтары,
Өр тұлға мерекесін жүз оңайлық.

Амангелді ЫБЫРАЕВ.

ЕҢБЕКШІҚАЗАҚ АУЫЛЫ, КӨКСУ АУДАНЫ.

(Соңы. Басы 1-бетте).

Сонымен катар, Шұбар ауылындағы техникумға жіберіліп, шеберлігін шыңдап, білімін жетілдіріп қайтады. Ол тұста ерлердің орны әйелдерден бір саты жоғары тұратының ескерсек, осындай жауапты міндеттің апамызға жүктелуі оған деген елдің сенімі десек, артық айтқандық болмайтын шығар.

Расында жері құт, түтін тартса, майы шығатын құнарлы өлке еңбеккерлердің төккен терін текке жібермеді. 1933 жылы жаңадан құрылған ұжымшар еңбеккерлері бір жағынан, кант қызылшасын егумен айналысса, екіншіден, сокамен жер жыртып, кетпенмен арық қазып егін салып, мал шаруашылығын қосымша кәсіп етеді. Мүмкін жердің қасиеті немесе елдің береке-бірлігінің арқасы шығар ауыл еңбеккерлерінің төккен тері өтеліп, кант қызылшасынан гектарына 100 центнерден өнім алады. Бұл табыс басқа ұжымшарларға үлгі болады. Тіпті, аудан, облыс жағынан мактауға ие бола бастайды. Сол тұста ягни, 1934 жылы Мәскеуден Сергей Киров арнайы келіп, қазіргі Көксудағы кант зауытын ашады. Қазіргі Балпық би кентінде үлкен жиын етіп, сол жиналыста Сергей Миронович Киров Еңбекшіқазақ ұжымшарының қант қызылшасын өсіруде жеткен жетістігін жоғары бағалап, Кішім апаға велосипед табыс етеді. Бұл – сол тұстағы ең құнды сыйлық еді. Сол жылы Кішім апаны Талапты, Құрақты, Еңбек, Ерназар, Еңбекшіқазақ, Лабасы ұжымшарларының бригүімен құрылған ауылдық кеңестің төрайымы етіп сайлайды. Ал Еңбекшіқазақ ұжымшарын басқару Мұқаш Бабашевқа тапсырылады. Әрине, аз үйлі ұжымшарды басқаруға қарағанда ауылдық кеңесті басқарудың салмағы ауыр болатыны анық. Бірақ, күндіз-түні ат үстінен түспей, ерлердің қолынан келе бермейтін табандылықпен жұмыс істеген Кішім апа бұл міндетті де абыроймы жүргізе бастайды. Сол еңбектің нәтижесінде Василий Чернышов деген шеберді шақырып, ауылға канал тартып, дирмен салдық. Данияр Егор, Трифимдерді алдырып, ұстахана ашып елдің тұрмыстық қажеттілігін шешуге жол салды. Ауылда мектеп ғимараты бой көтеріп, ауылдық клуб ашылады. Бұл сол тұстағы ауылдың мәдени және рухани өмірін байытуға үлкен үлес қосады. Сондай-ақ, жұмыс бабында өмірлдегі ең бір бақытты да кастерлі кезеңдерді бастан өткереді. Айтпақшы, сол тұста Талапты да балалар үйі болған екен. Алайда, балалар үйінің барлық жұмысы ауылдық кеңестің басшылығында болады да Кішім апа Еңбекшіқазақтан Талаптыға жұмыс бабымен жиі барып жүріп, балалар үйінде тәрбиеленіп жүрген 3-4 жастағы қыз балаға көңілі ауып, оны бағып алу бекіміне келеді. Бірақ та оны Нұрахмет деген хатшысы алып кеткен екен. Ақыры Нұрахметтен сұрап жүріп, әлгі баланы асырап алып, заты орыс болса да сыртқа тепшей Райхан деп ат қойып, өз қызындай тәрбиелеп өсіреді. Райхан кейін Намазбай атамызға тұрмысқа шығып, балалы-шағалы болып өмірден өтеді. Тағы бірде үсті-басы жара, көзі шүпірейген, киімі жұпыны бір баланың күнде көше бойын кезіп, кезіккен жерде ұйықтап, тапқанын талғажау етіп жүргенін көреді. Ауыл тұрғындарының бірі де оған мән бермейді. Ақыры Кішім апа сол баланы жайлаудағы үйіне алып келеді де, өзіне бала етіп алады. Басында басқа туыстары баланың болмысына күдіктеп қарап Кішім апаны ескертеді. Бірақ, жүрегі жұмсақ, жоқ жіттіке шын пейілімен қарайтын апамыз елдің сөзін елемей қаңғыбас баланы бауырына басып, Серік деп атайды. Оның ұлты ұйғыр болғандықтан басқалар Сергей деп атап кетеді. Кішім апа Сергейді соғыстан мүгедек болып оралған қайнысы Дүйсебайға қосып, еңбекке баули бастайды. Кейін Сергей ержетіп, Омарбек атты қойшының қызына үйленіп, бала-шағалы болып бақытты өмір сүреді. Ал 1955-56 жылдары Қытайдан келген Нұрлыбай атты жігітті бауырына басып, панасыз жігітке пана болғаны қалай дәріптесең де жарасатын мактаныш емес пе? Расында, отызыншы жылдардағы ашаршылық кезінен ел күйзеліп, балапан басына болып тұрған қиын шакта өзгенің баласын бауырына басып, тәрбиелеп өсіру, елуінші жылдардағы шеттен келген ағайынға камқор болғаны екінің бірінің ғана қолынан келетін ерлік еді. Бұл – апамыздың ауыл арасындағы беделін биіктете түседі.

Алайда, мәртебе өскен сайын қызғаныштың қызыл иті де коса үрмей ме? Кішім апамыздың ел арасындағы беделінің өскені кейбір ағайынның ішін жылытпады. Түрлі сылтау ідеп, аяқтан шалудың сан түрлі жолын қарастырып бақкандар да болды. Бірақ, дінкесі құрып, ойлағаны болмай жүрді. Бірақ, «Айналдырған жау алмай қоймайды» дегендей, 1937 жылдың қиын шақтарында Кішім апаның үстінен: «Туыстары Қытай аскан, бай-манаптың баласы» деген арыз түсіп, алуан түрлі тексеріс мазасын ала береді. Осы тұста Мұқаш Бабашев атамыз Кішім апаға ауылдық кеңестегі жұмысын тастап, мал шаруашылығын басқаруға ауысуын ұсынады.

Кішім апаның басқаруындағы ауыл тұрғындары таңды-таңға жалғап еңбек етіп, өздері тойып тамақ ішпесе де, аузындағысын жырып, бар тапқанын майданға аттандырады. Оның бәрін теріп жазудың керегі жоқ шығар. Ең бастысы, соғыс жылдары Еңбекшіқазақ ауылы миллион пұт астық өткізіп, одақты дүр сілкіндіреді. Сонымен катар, ауыл тұрғындарын ұйымдастырып, танкі сатып алуға қаржы жинай бастайды. Ақшасы бары ақшасын, ақшасы жоғы малын сатып, бұл бастамаға қолдау танытып, жиналған қаржыны майданға аттандырады. Кейін сол қаржыға танкі сатып алынып, соғысқа жіберілгені туралы танкі зауытынан хабар алады. Бұл үшін колға алады. Бұл – Кішім апамыздың елге қамқор болған ұлылығының бір парасы ғана. Сол шағын ауылда Кішім апаның тәрбиесін көріп өскендер кейінде еліне сыйлы азаматтар болып шықты. Сол катарда ауылдастарының мактанышы болған, елге танымал Серік Әбдімәлінов, Ерболған Қарысбаев, Оқас Секенов, Қалтай Тоққұлов, Қантай Әбдікәрімова, Дүбек Дүйсенов, Әлімбай Исламжанов, Әлімғазы Райымбеков, Оразбек Ахметов, Досымбек Жақсылықов, Әмірбай Рысқұлов, тағы басқалардың есімін мактанышпен атауға болады. Олардың біразы өмірде жоқ. Десе де, апамызды елі мен жұрті, қамқорлығын көрген жандардың ұрпактары мәңгі есінен шығармайды.

Әлбетте, әр адамның қоғамда, өзі еңбек еткен ұжымда белгілі бір рөлі болады. Ол рөл – оның әлеуметтік қызметі. Ұжымда мейлі бригадир не инженер, ұста не ұстаз, басшы не бұқара өз рөлін басқалар сүйсінетіндей етім орындағанда ғана елдің құрметіне бөленеді. Расында, өмірде қолына азырақ билік тисе жер-суға симай кететін адамдар болады. Бірақ, Кішім апа қолындағы билігін өзінің жеке басының қажеттілігіне жұмсамаған жан. Осы тұста апамыздың қызы Сара Адамбекованың естелік сөзі ерікті ойландырады:

– Бала күнімде апаммен бірге қонакка баратынмын. Баламын ғой. Мен басшылардың, жағдайы жақсы аукатты отбасыларының үйіне баруға қызығатынмын. Бірақ, апам ауылдағы тұрмысы нашар, жоқ-жітік үйлерге жиі баратын. Олардың дастарканы жұтаң, жағдайы нашар болатындықтан көл-көсір дастарқан жаюға шамалары келмейтін. Бір қызығы, сол барған үйіне бір жақсылық жасап қайтушы еді. Қазір ойласам, апам қонакка емес, жағдайы нашар үйлердің белгілі бір қажеттілігін шешіп беру үшін сол отбасыларға әдейілеп барады екен-ау, – дейді сөзін түйіндеп. Расында бұл бүгінгі қалірің мен қасиетінді материалдық жағдайымен өлшейтіндерге үлгі болар ұлылық емес пе?

Бұл айтылғандардың бәрі Кішім апа өмірінен жиып-терген ескермейтін естеліктер. Ол өткен күшің еншісінде калса да бүгінгі ұрпақтың саналы түрде қабылдауына тағитын ұлы қасиеттер. Оны жоққа шығара алмаймыз. Сондықтан да апаның есімі бүгін де құрметпен аталып, жүртқа үлгі болып келеді. Оның дәлелі ретінде Еңбекшіқазақ ауылындағы ауылдастарды ынтымаққа, жастарды имандылыққа бағыттаудың белгісі саналатын «Кішім апа мешіті» мен өткен-кеткеннің көңіліне көп ой арқалататын Кішім апа атындағы көшені атауға болады. Мешітке келген жамахат қасиетті үйден көкейіне адалдықты, адамдықты, ізгілікті түйін аттанса, апа атындағы көшені кесіп өткендер аруағына тәу етіп, әйел-аналарымыздың ерлік-жігеріне тәнті болады. Осы тұста айта кету керек шығар. Кішім апа мешітінің бой көтеруінің де қызықты тарихы бар. Бұл үй кезінде Кішім апаның қара шаңырағы болғаны анық. Алайда, оны тұрғызған апаның күйеу баласы, Жетісу өңіріндегі баспасөздің өркендеуіне біркісідей еңбек сіңірген Елдл Төкенов ағамыз екендігін біреу білсе, біреу біле бермейді. Қазақ салтында күйеу баланың орны болек десек те, Кішім апаның ұлындай болған Елдл ағамыз өзінің анасына деген азаматтық борышын осылай орындаған жан. Алайда Кішім апа қайтыс боларында ауыл басшыларына: «Осы үйді жағдайы нашар, қиыншылығы бар адамдарға беріңдер», – деп өсиет етеді. Апа өсиеті бойынша олар Кішім апаның үйін Отан соғысынан мүгедек болып оралған ауылдастардың біріне береді. Алайда, токсаныншы жылдардың басындағы қиын-қыстау шакта бұл үй алдекімдерге 500 долларға сатылып кетеді. Мұны естіген апа аруағын ұлыктаған немересі, Еділ мен Сараның ұлдары Андрян мен Еркін үйді сатып алған кәсіпкерге сұраганын беріп, қайта қайтарып алып, күрделі жөндеуден өткізіп, мешітке айналдырады. Мешіт құрылысына бүкіл ауыл азаматтары өз еркімен еңбек етті. Осының өзі-ақ апамызға деген ауылдастарының құрметі еді. Ал, сол жұмыс барысында Еділ ағамыздың үлкен қызы Мұнсыз бір ай бойы жұмысшылардың тамағын жасап, басқа жұмыстарға қолгабыс етіп, көп еңбек етсе, сол катарда келіні Роза, қызы Ботакөз, күйеу баласы Нұрлан да ынта-ықыласымен Алла үйінің каз тұруына көп тер төкті. Ауылдастардың ұсынысы бойынша мешітке апамыздың аты беріледі. Бұл Қазакстан Діни басқармасының да қолдауына ие болды. Бір қызығы, елімізде аналарымыздың атындағы мешіт санаулы ғана. Олар Айша биі апамыз сияқты тарихқа белгілі аналарымыздың құрметіне берілген. Десе де, сол катарда Кішім апа атына мешіт берілуі ол кісінің сол қасиетті аналарымыздың жалғасы болғанын білдірсе керек. Сондай-ақ, ауылдастардың қолдауымен ауылдағы орталық көшенің бірі Кішім апа атын еншіледі. Ел құрметі деген осы. Адам баласы үшін бұдан өткен бақыт бар ма?

Әрине, бүгінде қолда барында калтасындағы қаржысын суша сапырып атасын әулие жасап жүргендер жоқ емес. Бірақ, бәрібір жұрт мойындамаған шындықтың ғұмыры ұзақ болмайды екен. Керісінше, Кішім апамызды ықыласын сезінген жұрт, көрген көпшілік ол кісіні жоқ-жітікке пана болған кеңпейілділігімен, қарапайым ауылды айдай әлемге танытқан еңбеккорлығымен, бір қауым елдің төмендетіп айтсақ, тізгін ұстар үлкені, асырып айтсақ сөз ұстар би болған данагылығымен жиі еске алып отырады. Биыл 110 жасқа толған апамыздың бірге өскен құрбы-құрдастары, тыңда еңбек еткен жолдас-жоралары бұл өмірде болмаса да, олардың балалары апа дақпын аскақтатып отырған ізгілігі осы ойымызды дәлелдей түседі.

Соның бірі өткенде Еңбекшіқазақ ауылындағы орта мектепте өткен Кішім апаның 110 жылдығына орай ұйымдастырылған кездесуді айта кетуге болады. Өнегелі шараны сол мектептің мұғалімі Жұмай Орынбаева көп қажыр жұмсаған еді. Сол күнгі кездесуге ауыл тұрғындарының тайлы-таяғы қалмай жиналды. Сол катарда апамыздың көзін көріп, тәрбиесін алған Әлімғазы Райымбеков, ардагер журналист Әли Ысқабаев, аудан, ауыл ақсақалдары, апамыздың өмірі мен ерлігі жайлы естеліктер айтса, мектеп оқушылары әннен шашу шашып, би билеп апа дақпын аскақтатты. Бұл апамыздың 110 жылдық мерейтойының беташары іспетті ігі шара болды. Алдағы уақытта ауыл тұрғындары апамыздың атынан спорттық сайыстар, басқа да түрлі мәдени-рухани шаралар, мектеп ұжымы тәрбие сағаттары мен түрлі кездесулер өткізуді жоспарлап отыр. Елін сүйген адамды елінің ардақтауы осындай-ақ болар.

Өйткені, жаз жайлау, кыс қыстауда жүрсе елдің сұмакай сөзінен, қызғанышынан алыста болады деген ой еді. Мұны құп көрген Ағыбай ата мен Кішім апа мал шаруашылығына ауысып, атамыз жылқы бакса, апамыз малшы қауымды басқару жұмысына кіріседі. Мұнда да Кішім апа өзінің талаптылығы мен іске бейімділігін дәлелдеп шығады. Ауылдағы мал санының өсіп, малшылардың тұрмысы жақсара түскенін айтпағаннын өзінде аудан, облыста өтетін түрлі шараға белсене атсалысады. Оған дәлел ретінде Талдықорған қаласында өткен Қалқа Жапсарбайұлы мен Қуат Терлікбаевтың айтысында, Қанабек және Күлаш Байсейітовтар облыс тұрғындарымен кездесуінде Кішім апа өзінің ақбоз үйін тігіп, шараның сәтті өтуіне бір кісідей үлес қосканын айта кету керек.

Осындай жайма-шуақ өмір орнығып, берекелі тірлік өз ретіне түскен тұста соғыс деген сұмдық сөз ел арасын дүрліктіріп әкетеді. Ендігі максаттың бәрі «Майдан үшін» деген ұранмен әспеттеле бастайды. Сол тұста Мұкаш Бабашев сыркаттанып емханаға түсіп калады да ауылдастары Еңбекшіказақ ұжымшарының тізгінін Кішім апаға қайта ұстатады. Әрине, от пен оққа оранған соғыс жүріп жатқан тұста елдегі еңбектің бүкіл ауыртпалығы еңкейген кәрі мен әйелдерге, буыны бекімеген балаларға түскені анық. Алайда, сол қиындығы мен қиналысы басым тұста ауыл тұрғындарын бір инетке жұмылдырып, қиыншылық қыспағынан алып шығу ел басқарған азаматтардың мойнына жүктелген сын еді. Десе де, бастама сол тұстағы «Сталиншіл» атты газетте жарияланып, бүкіл одаққа таныстырылады. Әрине, бұл сол тұстағы теңгеріммен өлшегенде аз қаржы емес. Ең бастысы, елдің ынтымағының қандай болғанын білдіретін үлгісімен де құнды. Ол кезде соғысқа осындай үлес қосқан ауыл Одақ көлемінде болмаған еді. Әрине, бұл жетістік ауыл еңбеккерлерінің қажырлы еңбегінің жемісі десек те, шағын ауылды осындай биікке жеткізген жетістікті Кішім апаның еңбеккорлығынан бөле қарауға болмайды.

Иә, өткенді таразылай берсек, айтылар әңгіме, шертілер сыр жеткілікті. Сондай әңгіменің бір парасы былай өріледі. Соғыс жылдарының бірінде Мұқаш деген қойшының қорасына қасқыр түсіп, қойларын қырып кетеді. Әрине, бұл ол кезде өте ауыр қылмыс саналатын. Тіпті, соның кесірінен итжеккенге айдалып кетуі де әбден мүмкін еді. Жанын қоярға жер таппаған Мұқаш жылап-еңіреп, Кішім апаның алдына келіп, жағдайды баяндайды. Әрине, талқысы ауыр жағдай апаның басын катты катырады. Белгіленген тәртіпке бағынса ауылдың бір азаматының өмірі ойран болғалы тұр. Жасырып қалуға сұктанған сұк көз жан-жағынан анталап жол бермейді. Ақыры ауылдағы малшыларды бір жерге жинаған Кішім апамыз әрбір шопанға келген шығынды бөліп береді де, Мұкашты арашалап алады. Иә, өмірде қаракан басының қамын ойламайтын адамдар болады. Бірақ, олар оны жеке басының бақыты үшін істемейді. Қайта қауымның берекесін сақтап калу

ТҮЙІН:

Елдіктің ерен белгісі ретінде желтоқсаншыларды, ерлік пен батырлықтың белгісі ретінде Ұлы Отан соғысы мен Ауған соғысының ардагерлерін дәріптеуді дәстүрге айналдырдық. Бұған қарсылығым жоқ. Ерлік – мадақталуы, батырлық – дәріптелуі керек. Бірақ, еліміздің тәуелсіздігі жолында Қазақстан жерінде тіршілік еткен әрбір адамның үлесі болғанын қалайша естен шығарамыз. Айталық, малшы – малын бағып, жұмысшы – техника меңгеріп, мұғалім – бала оқытып дегендей, әр сала мамандары да тәуелсіздік үшін тер төгіп, еңбек етпеді ме? Иә, әділдік жолы – хақтық. Жаратушы не әр пендесін ерекше мейіріммен жаратып, оған өзін-өзі танудың жолын нұсқаған. Осы тұрғыдан келгенде, Кішім апамызға тағдыр елдің жүрегіне жол тартатын батылдық пен қайсарлықты, бауырмалдық пен жылы пейілді сыйлапты. Соны көтере алған, көңіліне сидыра білген апамыз бүгін де туған елінің, өскен ортасының құрметіне бөленуде.

Қажет АНДАС.



Жүрегі – сән, сезімі – ән

(Соңы. Басы 1-бетте).

Ақыз соңы да ғашықтық дастанындағыдай, қос мұңлықтың арманға жете алмауымен аяқталады. Шәмші – Дүрия есімі Шәуілдір болып, елдімекеннің аты есебінде ел жадында қалған. Ал, Көксарай ауылының тарихына келсек, ол «Жібек жолы» керуенінің бекеті болған, яғни керуендер бірнеше күн дем алып, ақ атып, балық аулап көңіл көтеріп, кетіп отырған. Көксарай көлінің жанында Ақшығанақ деген екінші көл бар. Көксарай көлінің жағасына көк сарай салғызыпты. Содан Көксарай атанып кеткен. Сырдария өзені Көксарай мен Ақшығанақ көлдерінен 4-5 шақырым қашықтықта ағады.

Осындай ақыздың өлкенің перзенті Шынтемірдің әкесі Мырзамұрат та өнерпаз адам болған. Қолынан өнері тамған «сегіз қырлы, бір сырлы» шебер атанып, ауылдың өнерлі адамдарына домбыра шауып беріп отырған. Өзі домбыра шертіп, гармонь тартқан. «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Алпамыс» жырларын жатқа айтқан. Шынтемір бес жасқа келгенде әкесі оған домбыра шауып береді. Содан ол, қанға біткен қасиет қой, ешкімнен үйренбей-ақ өзі домбыра шертіп кетеді. Сол көрші кезімізде айтатын осы өңгімесі әлі күнге дейін жалымда қалыпты. «Әлі есімде, –деп бастайтын ол естелігін, – домбырада алғаш орындаған өнім Ахмет Жубановтың «Қарлыгаш өні» болатын. Бір жылдан кейін, алты жасқа келгенімде, күз айында, әкем қайтыс болды. Анамды, мені және інім Қаптемір үшеумізді өкемнің туған інісі Әбдімұрат (ел ол кісіні «Пашан» деп атап кеткен, немерелерінің бәрі бүгінде Пашанов болып жазылады), оның үлкен ұлы Тұңғышбек екеуі бізді оқытып, тәрбиелеп, адам катарына қосып кетті».

Шынтемірдің Әбдімұрат көкесі де өте өнерпаз, ағаштан түйін түйген шебер болған кісі. Домбырада, гармоньда өте жақсы ойнаған. Шынтемір бастауыш мектепті Ақкүм ауылында оқып, орта мектепті Байырқұм ауылындағы Н.Гоголь атындағы орта мектеп жанынданы интернатта бітірді. Мектеп қабырғасында жүргенде көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысып, домбыра шерту шеберлігін дамытты. Бұған зор үлес қосқан ұстазы әрі өзіне туыстығы бар, Сабыржан Жандарбеков деген ағайы болды. Осы кезде ол ән шығаруға әуестене бастайды. Алғаш шығарғаны ақын Несіпбек Айтовтың өлеңіне жазған «Таң суреті» атты әні болды. Бұл әнге сол кезде Қазақ радиосында жұмыс істейтін қазақтың марқасқасы Шәмші Қалдаяқов 1968 жылғы «Лениншіл жас» газетіне таланты жастардың өндеріне шолу жасап, жақсы лебізін білдірді. Оның ішінде Шынтемірдің де «Таң суреті» әні бар еді. Шынтемірге осы жарты әлемге жар сала мактау түрткі болды ма, әнге деген құмары еселене түсті, өнерге деген арманы алға жетелеп, тыпырсыз іздену жолына түсірді.

ІҢ, ӘН ЖАЗУ өнерін жанына серік етті. Мұндай хас өнердің жемісті болуы қашанда сыртқа шығаратын сырлы шерге, ішкі жанайқайға байланысты. Ол өмірде өз ойын бүкпесіз қалай айтса, өндерінде де өз сезімін ән ырғағына батыл қоса білді. Оның бұл мінезділігі ән ырғақтарынан сезілін тұрады. Нәзіктікке, сезімталдыққа құрылған ән бірімен-бірі астасып жатады. Оны біз Шынтемірдің творчестволық шырқау биікке көтерілген өткен ғасырдың сексенінші жылдары болған ғажап бір кешінен байқаған едік. Бар болғаны бір ғана кеште бірнеше өннің тұсауы кесілді. «Қаратал толқындары», «Сағыныш сазы», «Жеңімпаздар әні» немесе ақын Жұматай Жақыпбаевтың сөзіне жазылған «Лайла» әні. Осылардың қай-қайсысы да тыңдаушысының құлағына бір тисе, табаны жерге тимей кететін, ойын-той кештерінің соңі болатындай дүниелер. Халықтың сүсайтыны да осындай сұлу өндер емес пе?! Әйтсе де сол өндердің ішінен біреуі жүртқа ерекше ұнаған. Оны сахнаға шығарған П.Чайковский атындағы училищенің түлегі, өзінің сүйген жары, әнші Айша Беренбайқызы. Өзі көптен ідеген сағыныш сазындай көрінді сол ән. Бұл әннің сөзін жазған ҚР Мәдениет қайраткері Сабит Биболов болатын. Ән «Нәйлашым» деп аталады. Кезінде бұл әнге Қазақстан Республикасы радиосы мен телевизия эстрадалық және симфониялық оркестрінің көркемдік жетекшісі әрі дирижері, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері Кенес Дүйсекеев ән-романс деп жоғары баға берген еді. Ерекше сезіммен орындалады, өсіресе әннің:

Жүлдыздай жарқыраған жанарына,
Телміріп бар ынтамды қаладым да.
Ақ мандай алма жүзді қызыл ерін,
Туып ең қандай жаннан дара тұлға, –деген сөздері жүректің қылын шертер дірілмен жеткізеді.

–Мынау, мен орындайтын ән ғой, төңірім, –деді іштей Айша өзінің көптен аңсаған досын көргендей жүзі алаулап. Сол кеште аудандық мәдениет бөлімінің әдіскері Бағдат Жаманбаева, мұның осы ойын оқып тұрғандай дереу:

– Айша, әлгінде орындалған «Нәйлашым» әні тура сағаң арналып жазылғандай. Сенің орындауыңды сұранып тұрғандай , –деді күліп.

Арага көп уақыт салмай-ақ, ауданның Орталық стадионында Бірінші мамыр мерекесі күні өткен салтанатта Айша мен әнші Ұлтай Қасымова екеуі Шынтемірдің осы өнін дуэтпен алғаш орындады. Бұл әннің бағы жанды. Оның тұсауы кесілісімен-ақ, бұл ән іле-шала Қазақ радиосының «Алтын қорына» қосылып, радионың бағдарламасына тұрақты түрде еніп, жиі орындалып жүрді. Бүгін де бұл ән радио тыңдаушыларының сүйіп тыңдайтын әні.

Бұганға дейін Шынтемір 1962 жылы П.Чайковский атындағы музыкалық училищеге баян класы бойынша оқуға түсіп, оны 1970 жылы бітіріп шықты. Арасында 1964-1967 жылдары Совет Армиясы қатарында өзінің азаматтық борышын өтеді.Училищеде оқып жүрген кезінде қосымша аспап ретінде домбырадан композитор-ұстаз Дүнгенбай Ботбаевтан, сондай-ақ Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваториясының профессоры Хабидулла Тастановтан сабақ алды. Одан кейін І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің музыка факультетін сырттай оқып бітірді. Қазақтың қара домбырасының қасиетті үні мен күмбірі жөнінде толғанғанда Шынтемір:

– Қара домбыраның шанағынан төгілген үнмен қоскабат өрілген қазақы өсем өуен естір құлаққа талай шежірені сіңіргендей. Былай ойлап қарасақ, домбырадан төгілген күй дана қарт тәріздІ. Ол біздің бұқара атынан бұлтартпай сөйлейтін әріптесіміз сияқты, – дейді шабыттанып.Мұндай байламға ол бірден келген жоқ. 1970 жылы училищені бітіріп, құдай қосқан қосағы, домбыраның құлағында ойнайтын маман Айша Беренбайқызы екеуі жолдамамен Қарабұлаққа келіп, жас ұрпақты саз әуеніне тәрбиелеген 32 жыл ішінде жеткен сияқты. Осы жылдары ол қатардағы оқытушыдан басшы дәрежесіне дейін көтерілді. Қарабұлақ балалар музыка мектебінің оқу меңгерушісі, мектеп директоры болды. Жас жеткіншектерді өнерге баулыды. Қашан да «өнерді сүймеген өрге бастайды» деген қағиданы берік ұстанып, ауыл балаларының өнер аспанында ерісін самғауына жан-тәнін салды. Өнерге шын берілгендерінің қатары көбейе түсті. Қазақтың қара домбырасының мән-мағынасын саналарына жеткізу үшін көп еңбектенді. Соның нәтижесінде шәкірттері сая әлемін сауатты да, сапалы меңгеріп шықты. Ал, мұндай зерделі де зерек шәкірт ешқашан ұстазын ұятқа қалдырмайды. Соның бір айғағы, Қарабұлақ балалар музыка мектебінен шыққан өзінің түлектері бүгінде Ресей, Германия, Канада, Израильде музыка саласында қызмет аткарып жүр. Бірқатарының атақтары да бар. «Жақсының сөзі шамдай жарық, айдай анық» дегендей, Шынтемірге Ресейден, Германиядан бұрынғы шәкірттерінен әлі күнге дейін алғыс білдірген хаттар келіп тұрады. Олар рахметін айтады, жоғары маман болып шыңдалғандығын Шынтемір Мырзамұратұлы мен Айша Беренбайқызының ерен еңбегі деп бағалайды.

ІҢ, ҚИЯЛЫ ҮШҚЫР, мақсаты айқын, біліктілік пен парасаттылықтың шыңына көтерілген ұстазға мұнан артық қандай құрмет керек. Ол музыка өлемінде өзінің лайықты орнын әлдекашан тапкан. Өмірде болып тұратын өзгерістерге байланысты Шынтемір оны 2002 жылдан бері еңбек етіп жүрген бүгінгі Қарасай ауданындағы Дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын әл-Фараби атындағы арнаулы гимназияда дәлелдеп бергендей. Жуырда біз осы оқу орнымен хабарласып, гимназия директоры Нағима Сағатовамен тілдескен едік. Ол білім беру ісінің үздігі, ұжымының үлкені, ұлағатты ұстаз Шынтемір Мырзамұратұлы туралы жақсы пікірлер білдірді.Бар білімі мен өнерін жас ұрпақты тәрбиелеуге арнап, олардың жүрегіне жол тауып келеді. Оның «Жаңа елдің жастары» (сөзі Ә. Дүйсебекгікі), «Түлектердің қоштасу әні» (сөзі Н. Сағатованікі), «Салауатты өмір сүр» (сөзі Г. Нұриеванікі) өндерін гимназия оқушылары орындап жүр. 2002 – 2010 жылдар аралығында «Жас домбырашылар» ансамблін құрып, оқушыларды домбыра аспабында ойнауды үйретті. Осы жылдар ішінде жеткен жетістіктері де аз емес. Ұстанымы берік ұстаздың талап деңгейінен көрінген шәкірттері Теняков Матвей жеке ән орындауда «Жетісу өрендері» атты аудандық байқауда III орын, Түкенбаев Хамит аудандық «Абай оқушыда» Абайдың «Айтым сәлем, Қаламқас» әнін орындап I орынға ие болды. Облыстық «Дельфийлік ойындар» байқауында жеке домбыра шертуден оқушылары Әбен Аян, Батырхан Таңат жүлдегерлер атанды.

– 2010 жылғы қаңтар айынан бері гимназияда «Ғасырлар пернесі» атты фольклорлық-этнографиялық ұлттық аспаптар оркестрі жұмыс істей бастады. Онда музыкалық аспаптар: жетіген, адырна, шертер, домбыра, қылқобыз, қобыз, сазсырнай, шаңқобыз және тағы басқа да аспаптар бар. Шынтемір Мырзамұратұлы осы аспаптарды оқушыларға жалықпай үйретіп, азнабай өткен еңбегінің нәтижесінде «Ғасырлар пернесі» фольклорлық-этнографиялық ұлттық аспаптар оркестрі 2011-2012 жылдары Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенттік қоры ұйымдастырған өнер байқауында екі жыл қатарынан «Бас жүлде» иегері атанды. 2012 жылы қараша айында Алматы қаласында өткен IX республикалық «Ақ көгершін» фестивалінде ұлттық-аспаптар оркестрі жүлделі I орынды иеленсе, оған жетекшілік еткен Шынтемір Мырзамұратұлы «Үздік ұстаз» номинациясы атағын алды. 2007 жылы Ыбырай Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясының «Құрмет» грамотасымен марапатталды. Зейнеткерлік демалыста болса да, қызметтен қол үзбей, өзінің өрге сүйрер мамандығымен жемісті еңбек етіп жүрген Шынтемір Мырзамұратұлының ағалық бітімі мен ұғымы бөлек ұстаздың іліне ұжымы мен ауылдастары үлгі ала қарайды. Ол кісінің ұрпағына сыйлар ұлағаты көп екені әңгелерді қуаныштама балейді.

Біз де гимназия директорының ұстаздық пен сазгерлікті тең ұстаған ұлағат несі туралы жылы лебізіне қосыла отырып, Шынтемірге жетпіске келген жасын құтты болсын дейміз. Жетпіс әдемі жас. Әрбір әдемі істің жалғасы болады. Демек, жаның шуаққа бөлене берсін!

Әбілқайыр АЛАШБАЕВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.
ҚАРАСАЙ АУДАНЫ.

■ Отбасы – мемлекет ұйығы

Алдыңғы буын ағаларымыздың, жалпы үлкендер қауымының әңгімесіне арагідік құлақ салсаңыз, әке туралы естеліктері ерекше әсер етеді. Ондайда, «әке» деген нар тұлғаның қасиетті образы келеді көз алдыңа. Бір ауыз сөзі арқылы, тіпті қатқыл көзқарастың өзі көп нәрсені ұғындырып, шаңырақтың шаттығы сол әкелердің тағылымынан тарап жатқандай. Байқасаңыз, әңгіме парасаты мен пайымы бойына қатар қонақтаған кешегі әкелердің бүгінгі жалғасы хақында...

Әкелі бала ЖАУ ЖҮРЕК

Оқушы кезімізде әдебиет пәнінен ағартушы Ыбырай Алтынсариннің мысал әңгімелерін сүйіп оқитын едік. Тағаны ескіскінің бір иілуге ерінген он жасар баласы көздің жауын алған шиеден дәм тату үшін он мәрте еңкейеді. Жазушы «Әке мен бала» атты бұл мысалында әке сөзі арқылы жалпақ жұртқа, жастарға ой салады. «Балам, есіңде болсын, аз жұмысты қиынсынсаң, көп жұмысқа тап боласың. Азға қанағат ете білмесең, көптен де құр қаласың». – дейді. Қанағаттың қарын тойғызарын балаға жастайынан ұқтырмақ керек, демек. Әке мен бала арасындағы байланыс – тәрбие көрінісі. Мұны қазақ пәлсапасындағы «Әке көрген оқ жонар», «Жақсы әке жаман балаға қырық жыл азық», «Әкеге қарап үл есер» сынды мақалдардан-ақ сезінеміз. Бұл тұрғыда ауызы дуалы атақтылардан: «Атасынан ақыл алса, тентек үл да жөнделер» деген Махмуд Қашғаридің, «Әкелі бала жау жүрек» деген Бұқар жыраудың, «Атадан тағылым алмаған үл жаман» деген Қорқыт атаның сөздері де мәйекті.

«Әке – балаға сыншы» дейді. Бұдан ұғатынымыз, бала жастайынан әкесімен сырлас, жолдас, дос болып ер жетуі керек. Мәселен, арқашан маңызды әрекет жасар алдында әуелі әкесімен ақылдасады. Бұл дегеніңіз, әке мен бала арасындағы терең пайым мен тағылымды тәрбиенің көрінісі. Дәл мұндай өнеге ұшқыным суттей ұйыған Құатбаевтар отбасынан байқадық. Әбдікәрім әкеміз бен Мәдина анамыздан Әділбек, Ғалымбек, Асылбек, Ақылбек, Кенжебек есімді жұмылса жұдырық болар бес үл тараған екен. Бұл жайлы Әбдікәрім әке: «Мен аналарыңа көп гүл сыйлағам ғой, сосын аналарың маған қатарынан бес үл сыйлады» – деп өзілдеп айтып берді. Әділбегі мен Ғалымбегі әскери шеңді екен. Ал, Асылбек қарсы саласының маманы. Ақылбек – өнер адамы. Ал тер. Ең кенжелері Кенжебек болса спортты жанына серік еткен. Болашақ жаттықтырушы. Бесеуінің де мамандық таңдауларына әкелері себепші болған. Әрқайсына тән қырларын ашып, бейімін байқап, пайымды мамандығына баулыған. Қателеспеген де. Себебі, бүгінде әр ұлы өз мамандықтарының белесін бағындырып, адал нанын тауып жүр. Адал нан демекші, Әбдікәрім әкемен сұхбаттаспас бұрын әкелері жайлы айтып берулерін сұрап, ұлдарын сөзге тарттық. «Әкемізден үнемі айтып отыратын әңгімесі бар. Ешқашан ешкімнің ала жібін аттамаңдар. Алдап-арбап нан жемеңдер. Астарыңды адалынан табыңдар дейді. Үнемі айтылып отырғасын ба, сәл ағат кеткен шағымызда әкеміздің әңгімесі есімізге түсіп, тәубемізге келіп жатамыз. Біздің жолсілтеушіміз де, ақылшымыз да – әкеміз» –деп жарыса әңгімелеп берді. «Бұл дүниедегі қарызың осы дүниеде құтылып кетіңдер», деп аталары өсиет қалдырған екен. Әкелері осы өсиетті жалғастырып, ұлдарын да адалдыққа, имандылыққа тәрбиелеген. Имандылықты үйреткен әкенің ұтылмасы анық қой. Бес ұлының елдің тұтқасын ұстар атпал азамат болғанына қарап осыны ойға түйеріңіз анық.

«Ресейдің қылышынан қан тамып тұрған кездің өзінде де әкем бес уақыт намазын қаза қылмаған екен. Қиын кезең болса да иманы әлсіреген емес. Өзінің өнегесімен маған сіңірген қасиеттерін ұлдарыма үйретуге тырысам. Бар арманым, ұрпақтар сабақтастығы үзілмесе деймін. Аталарының қандай болғанын мақтанышпен айтып отырамын үнемі. Көп сөздерін, іс-әрекеттерін үлгі етем. Әкем мені шырақ етіп тәрбиеледі. Еті тірі болсын деді. Шыны керек, біздің жастық шағымызда орыстың бодандығы кезі еді. Көп нәрсе жасай алмадық. Бүгінгі жастарда мүмкіндік көп. Тәуелсіз елдің жастарысыңдар, шүкір. Әкемнің есиетін жалғап, мен де балаларыма қиындықты көріп өсіңдер деймін үнемі. «Менің аяғыма батқан тас, сендердің аяқтарыңа батпасын. Мен көрген қиыншылықтарды сендер көрмеңдер» деп айтқан емеспін. Қиындықсыз өмір болмайды. Өмірді көрмесе, тұлға болып қалыптасулары да неғайбыл. Рас, бөлкім, егер аралығында қыз бала болса, бұлай айтпас па едім?! Ер азамат, болашақ бір шаңырақ иесі, отағасы болғасын өмірдің ақ-қарасын көрсе, сезінсе деймін» – деп Әбдікәрім әке терең күрсінді. Таң қалдым. Әбдікәрім әке мейлінше мінезі өте жұмсақ адам боп көрінген. Ал, ұлдарын қатал тәрбиелеген екен. «Әкемізді: «Құмандайдай болса, ақылдылығы мен адалдығы Абайдай» – деп шаттана әрі мақтана айтқан ұлдарының әңгімесі есіме түсті. Иә, бір кем емес...

«Анамыз бесеуміздің басымызды қосқыш, ал сол сәтте әкеміз әдемі әңгімесіне кіріседі. Тап, айтар сөздерін біздің басымыз қосылғанға дейін әдейі сары майдай сақтап жүрген бе дерсіз. Бірде анамыз сыртқа шығып кеткен еді, әкеміз бір нүктеге қадала қарап: «Әйелге қол көтергендерің – сол күні әйелге берілгендерің әрі жеңілгендерің. Әйелді күшпен емес, ақылмен жеңу керек», деген еді. Ақылбек пен Кенжебектен басқаларымыз отбасын құрдық қой. Отағасы атанып, енді өз балаларымызға ақыл айтып отырған сәттерде әкеміздің айтқан өсиеттері құлағымызға келеді әлі. Ұлы сөз ұмытылмайды екен ғой. Әкеміз үнемі философиялық мағынасы бар қызық әңгімелер айтып береді. Ертегі тыңдағандай боламыз. Соңында айтпақ ойын түсінеміз де, санамызға тоқып аламыз. Осындай әке тәрбиесімен ер жеттік қой. Әкеміздің ерекше қасиеті, біз баласы болсақ та бізбен досындай сырласады. Тіпті, бесеуміздің де ақыл сұрап шығады. Кеңесіп, келісіп отырады. «Бірің білмегенді бірің айтарсыңдар. Бір-біріңді толықтырып отырарсыңдар. Бесеуіңнің қабілеттерің бес түрлі ғой» деп асықпай-аптықпай әңгімедүкен құрып отырады ғой, шіркін» – деп үлкен ұлы Әділбек Әбдікәрім әкенің мінезқұлқының біраз қырын ашып, сыр шертті.

Әбдікәрім әкенің жұмыс үстелінде орысша, қазақша газет көп екен. Сөре толған кітап. Сұрастырып, газет санын қалдырмай оқып, пікірін айтып, сараптама жасап отыратынын да білдік. «Бізді орыстардан көп нәрсе үйренді дейді ғой. Ол – рас. Үйренгеніміз көп-ақ. Бірақ, олардан үйреткеніміз де көп, меніңше. Орыстар, алдымен, бізден тазалықты үйренді. Қан тазалығын да, жан тазалығын да. Дінге беріктігімізді, рухтылығымызды үйренді. Ата тарихымыздың мықты екенін білді. Сезінді. Жуас ұлтты жеңу оңай емес екенін де содан ескерген болар» – деп Әбдікәрім әке әріден әңгіме өрбітті. Әке парасаттылығын тәрбиелі ұлдарының мақтанышсөзінен-ақ аңғаруға болады емес пе?! Өнерге жақын, шығармашыл ұлы Ақылбек: «Әкеміздің мінезі тұйық. Өте сабырлы. Біз кейде болмашы нәрселерге де ашуланып, дауыс көтеріп жатамыз ғой. Мен осы күнге дейін, қанша жып өтсе де, басымыздан қанша жағдай өтсе де әкемнің ашуға бұлығып анамызға я бізге дауыс көтергенін, ауыр сөздер айтқанын көрген емеспін. Бар нәрсеге байыппен қарайды. Қысқасы, біздің үйдің психологы – әкем. Менің санамда әке тәрбиесі мен өсиеті әрдайым тұрады. Әке тәрбиесімен түзу жолымнан адасқан емеспін. Мен сондықтан бақытымын. Шүкір...», – дейді. Ынтымаққа ырыс келген. Салтанаты, махаббаты жарасқан шуақты отбасына қарап біз де қуандық.

Айтпақшы, берекелі дастарқаннан дәм татып отырып, отанасы Мәдина анамызбен де сұхбаттастық. «Ойпан қарасам, отағасының бойындағы құнды қасиеттер бес ұлымызға да дарыған сияқты. Мәселен, Әбдікәрімнің білімділігі Әділбектің бойында, сабырлылығы Ғалымбектің, үнемділігі мен ұқыптылығы Асылбектің, жомарт мінезі Ақылбектің, ал жүректілігі Кенжебектің бойында бар. Осыған байланысты, біздің шаңырақтың өз ұраны бар. Ұлдарым айтады: «Біз әкеміздің оң қолы және сол қолымыз. Өйткені, оң қолда да бес саусақ, сол қолда да бес саусақ» – деп. Отағасы осы бесеуімен мақтанады ғой. Ұлдарға қатты болды. Бірақ, мінезі жұмсақ.

Бірде ақылы асқан қариядан «Қатты өміршең бе, әлде жұмсақ өміршең бе?» деп сұраған екен. Сонда қария: «Жұмсақ» – деп жауап беріпті. «Неге?» – десе, аузын ашып: «Менің тілім орнында, ал тістерім түсіп қалған» – депті. Сол айтқандай, мінезінің де жұмсақ болғаны абзал ғой. Әйелдің бақыты ерінде дейді. Демек, мен бақытты әйелмін, бақытты анамын», – деп Мәдина анамыз шаңырақтың шаттығы отағасынан тарайтынын әдемі әңгімелеп берді. «Тілектің азды-көптігі болмайды. Әйтеуір, бірі болмаса, бірі қабыл болады. Жақсы сөз айтындар» деп шаттанып отырған Әбдікәрім әке ас қайырып: «Жерінді даласымен, елінді данасымен, қызыңды анасымен, ұлыңды санасымен сақта» деген батасын беріп, жолға шықтық. Әке тәрбиесінің самалы ескен мерейлі шаңырақтан мереймыз тасып қайттық, расында...

Гүлзат УАТАЕВА.

■ Тағылым



Біздің кейіпкеріміз Серік Толғанбаев 1937 жылы желтоқсан айының соңында Алакөл ауданының Үшарал қаласында милиция қызметкерінің отбасында туды. Көзі ашық ата-анасы 3-4 күнге бола бір жас береміз бе деп туу туралы куәлігін 1938 жылдың 1 қаңтары деп жаздырады. Әкесі Әмірхан 1941 жылы Отан соғысына кетеді де жиырма жастың ішіндегі анасы Зейнеп, әжесі Шынықан, ағасы Бедеш, Келіс және Секең ауылда қалады. Балалық шағы осындай қиындыққа дөп келген Секеңнің жадында өгіз жегіп жер жыртқан, орақпен егін орған, шалғымен шөп шапқан әйелдер мен кәмелетке толмаған балалар, көрі аналардың тартқан михнаты әлі күнге дейін сақталып қалған.

Жүрегі жомарт, жаны ізгі

Серік ағамыз сағынышты сәттерді еске алып: – «Әкеміз әскерге кеткеннен кейін бізді Төнкеріс деген ұжымшардан Көмек деген ұжымшарға әкеммен аталас Арашап деген атамыз көшіріп алып, бір айдың ішінде өздерінің үйлерінің қасынан екі бөлмелі түйме үй салып береді. Шешем, Бедеш ағам ұжымшарда жұмыс істеді. Ауылға жеті сайын пошташы 30 шақырым аудан орталығынан салт атпен почта тасиды. Онда көбінде майданнан хат келеді, оны хат білетіндерге оқытып жылапсықтап, жақсы хабар келсе «тәубелеп» қуанысып қалады. Ал жиі келетіні «қара қағаз», ол солдаттардың қайтыс болғаны туралы ресми қағаз. Күніренбеген, аза тұтпаған үй сирек. Солай болса да, тірілер өлмес тіршілігін істеп, сіңіріне сүйенсе де ұжымшардың жұмысын аткарып, бар тапқанын майданға жіберіп жатты.

Осындай қиналысты күндердің бірінде ауылдың жанындағы бөктерден бір түлкі қашады. Оны Қоянбай деген 15 жасар жігіт ұрып алып, маған байлады. Қуанышымда шек жоқ, әлгі түлкіні қапсыра құшақтап үйге келдім. Үстіме бүрге кептап кетіпті. Үйдегілердің бәрінің көздерінен қуаныштың мөлдір тамшысы шашу болып шашылды. «Әне, періштенің тілеуін Алла берді», – деп әжем басымнан сипап, бауырына басты. Жеті шелпек пісіріп, көршілерге құдайы шай берді.

Сол күні апам:

Ахау айдай қиғаш қас,
Герман болды-ау, бізге қас.
Аман-есен оралсың,

Аға, бауыр дос-жолдас, – деп жылап салған әні Алланың құлағына шалынды ма? Кім білсін, 1943 жылдың желтоқсан айының соңында әкем Әмірхан аяғынан жаралы болып елге оралады. Сол жылы Ынтымақ деген балық ұжымшарына басқарма бастығы етіп жібереді», – деген еді.

Бала сезім алдамаған көрінеді. 1944 жылы күзде әкесі суармалы жері бар, аудан орталығына жақын Жағатал деген ұжымшарға қызмет ауыстырады. Ағамыз сол жылы мектепке барады. Сол тұста ауылда екі бөлмелі өгіз кірпіштен соғылған 4 кластық бастауыш мектеп болады. Оның бір жақ бөлмесіне ұжымшардың конторы, онда көбісінде есепші отырады. Келесі бөлменің бір жақ қапталында екі қатар, екінші қапталында екі қатар ортасы ашық парталар орналасқан. Түске дейін сол бір бөлменің бір жақ қатарында 1-сынып, екінші жақ қатарында 2-сынып оқыса, түстен кейін жоғары сыныптарға кезек тиетін. Осындай қарапайым мектепте білім алған Серік ағамыз одан қажырлылықты, табандылықты, адамгершілік қасиетті бойына тоқыды. Төртінші сыныпты бітірген соң ауылдан төрт шақырым жердегі көрші Қазақстан ауылынан оқыды. Қыстың күні қарды омбылап оқуға бару қиын да, қызық еді. Ауылда клуб жоқ, vthtr-мейрамдарда ауыл тұрғындары бір үйге жиналып, бір ет, бір ұн, нан, шай дегендейін әкеліп, ортаға салып түнімен тойлататын. Сонда сақина салу, хан жақсы ма, көршіңмен татумысың, жүгіртпек сияқты ойындар ойналатын. Бала Серік соның бәрін көріп өсті. Сондай-ақ, апасы өнерге өте құштар адам болатын. Ол 5 – 6- сыныпта оқығанда журнал, кітаптардағы ән, құстардың суретін, ою-өрнегін ақ матаға көшіртіп, өнерге баули бастайды. Апасы болса төсек жапқыш, төсек аяқ пердесі, киім жапқыш, терезе перделерін ақ матадан ою-өрнек салып тігіп, етегіне шілтер тоқып жамайтын. Басқа уақытта апасының рұқсатымен Бедеш ағасының құрдастары Қоянбай, Солтан, Сатыбай сияқты жігіттерге еріп, жастардың кештеріне қатысып, әнге, домбыраға құштар бола бастайды.

Ақыры 1948 жылдары дүкенге «Абай» домбырасы түсе бастады. Секеңнің бойындағы құштарлығын сезінген апасы оған домбыра сатып әперді. Сол тұста Секеңнің ойынан кетпейтін тағы бір оқиға болады. 1949 жылы наурыз айының каникулында ауылдағы бір үйде шілдехана болды. Сол күні италияндықтардың ұлттық аспабы мандолинаны көріп, оны меңгерсем деген арман ойынан кетпейді. Ақыры 1951 жылы аудан орталығы Үшаралдағы қазақ орта мектебіне ауысады. Арманы сол мектептің 10-сыныбында оқитын Өкеннен мандолинаның сырын меңгеру. Апасына қыңқылдап жүріп, армандаған мандолинаны да сатып алады. Суретті кадімгідей салатын, мандолинаны меңгерген Секең енді мектептің «қазақ әдебиеті» қабырға газетінің редакторы болып шыға келеді. Неге болса, соған ұрыншақ бала сезім қойсын ба? Сыныптас досы Құмар Жақсыбеков екеуі ұжымшардың шошқа фермасын сынап, газетке басып жібереді. Соның аяғынан аудан басшыларынан сөгіс естіп, оқудан шығарылуға аз қалады. Бірақ, сонда да қаламын тастамайды 1954 жылы ақпан айында «Лениншіл Жас» газетіне алғашқы көлемді мақаласы басылып, оған берілген 120 сом қаламақының буымен жазуға ден қоя бастайды. Сол жылы мектепті бітіріп, Құмар, Тұрлыбек, Борангазы, Күлпаш деген сыныптастарымен Талдықорған қаласындағы біржылдық ауылшаруашылық мектебіне оқуға түседі. Оның мал фельдшері бөліміне барады. 1955 жылы маусым айында оқуын бітіріп, Путь Ленина деген ұжымшарға маман болып жұмысқа тұрады. Сол жерде ақын Сәкен Иманасовтың әкесімен қызметтес бола жүріп, болашақ ақынмен танысып, дос болады. Қолы босай қалғанда Талапкер ауылындағы кітапханасынан шықпайды. Кітапхана меңгерушісі Шолпан деген қыз да оларға көп қолғабыс жасайды. Кейде кітаптан жалыққанда Мырзаш деген ағасы домбыра тартады, Секең мандолинада ойнайды, Сәкен ақындардың өлеңдерін жатқа оқиды. Осы таныстықтың арқасында үшеуі бірігіп көркемөнерпаздар үйірмесін құрады. Сонда Қасым Аманжоловтың бір актілі «Аңқау Жүсіп» деген пьессасын сахналайды. Олардың бастамасы ауыл еңбеккерлеріне кереметтей мәдени шара болып көрінеді.

Ауылдағы өмір осылай өз қызығымен өтіп жатса да Секеңнің оқуға деген ынтықтығын тоқтата алмайды. Сонымен 1956 жылы Оспан Мейренбеков, Сабыржан Құрманғалиев деген екі досымен бірге Алматының зоотехникалық-малдәрігерлік институтына түсуге Алматыға аттанады. Олар ауылдан аттанарда: «Егер екеуміз оқуға түсіп, біреуміз түспесек, түспегеніміз Алматыда жұмысқа орналасып, түскендерге демеушілік жасаймыз. Ал екеуміз түспей біреуміз оқуға түссек, ол оқуды тастап үшеуміз де Алматыда қалып жұмыс істеп, келесі жылы қайта тапсырамыз» – деп серттеседі. Өкінішке орай, Оспан мен Сабыржан оқуға түсіп кетеді де Секеңнің балы жетпей қалады. Сонымен келісім бойынша Секең алғашында құрылысшы болып, кейіннен мамандығы бойынша Қазақ ССР Ғылым академиясының ғылыми-зерттеу зоология институтына аға лаборант болып орналасады. Сонда істей жүріп, 1957 жылы сол институттың малдәрігерлік факультетіне оқуға түседі. Бірнеше өнерді қатар меңгерген, оның үстіне жиған тәжірибесінің арқасында институттың курстық газетінің редакторы, оқу орнының танымал бишісі болып шыға келеді. Сонымен қатар, 1960 жылы республикалық көркемөнерпаздар байқауының лауреаты атанады. Сол жылы Қырғызстан Астанасы Бішкекке гастрольдік сапармен барып қайтса, «Лениншіл Жас» газетіне басылған «Оқуда деп әке жүр» атты студент-жастар өмірінен жазылған материалы газеттің «Жыл мақаласы» номинациясын жеңіп алады.

Оқуды бітірген соң, яғни, 1962 – 69 жылдары «Бескөл», «Ильич» атындағы кеншарда бас малдәрігерлік қызмет атқара жүріп, екі шаруашылықта да көркемөнерпаздар үйірмесін ұйымдастырып, клубтың сахнасын жаңадан жабдықтауға ұйытқы болады. Бос уақыттарында қаламын тастамай, аудан, ауыл өміріндегі жаңалықтарды жаза жүріп, 1963 жылдан облыстық газеттің штаттан тыс ауылдық тілші болады, 40 жыл бойы тұрақты материал беріп келеді. 1969 – 79 жылдары Алакөл ауданының бас малдәрігері қызметін атқарса, 1964 жылдан 2000 жылға дейін ауылдық, аудандық кеңестің депутаты болып, өнімді жұмыс атқарады. Ауданның бас малдәрігері қызметін атқарған жылдары облыстық малдәрігерлік басқармасын басқарған Кеңесқан Ысқақовтың басқаруымен малда көптеп кездесетін туберкулез, бруцеллез, аусыл, карасан, паратиф тәрізді жұқпалы ауруларға қарсы шараларды тыңғылықты жүргізе отырып, сол аурулардың түбімен жоюға атсалысады. Одан басқа сол кезде көп тараған паразитарлық ауруларға қарсы қомақты жұмыс жүргізілді. Сондай-ақ, алғашқылардың бірі болып қойдың айналма (ценуроз) ауруына ота жасап, емдеуге кең өріс ашады. Әр шаруашылықта санитарлық емдеу пункттерін ұйымдастырып, ауру малдарды бір орталыққа жинап, емдеу бастамасы бүкіл республикаға таралып, мал шаруашылығын дамытуға өзінің пәрменді үлес қосты. Секеңнің сол кездегі республика экономикасына қомақты үлес қосқаны туралы материал ақпарат құралдарына жариалынып, кеңінен насихатталды. Сондай-ақ, Республикадағы алғашқы жаңа жобамен аудандық ветстанция мен лабораториясының кешенін салдырды.

Сонымен қатар, 1979 жылы Алакөл ауданының «Ынталы» кеншарына директорлыққа тағайындалып, 1995 жылдың ортасына дейін қызмет атқарады. Осында істеген алты жарым жыл аралығында 125 тұрғын үй, сәулетті ауыл клубы, дәрігерлік пункт, АТС пен пошта орталығы, шаруашылық конторы бой көтерді. Тауарлы-сүт фермасы, машина-трактор орталығы, механикаландырылған қырман, астық қоймасы салынып, 12 км. каптажды ауызсу құбыры тартылды. Екі жүзге жуық жылқы, үш мың ірі қара, он мың бас қой өсіріліп, жылына он мың тонна қант қызылшасы, екі мың тоннаға жуық астық, көкөніс өндірілді. Бес гектар аумаққа алма бағы егілді. Осылай жұмысшылардың әл-ауқаты мейлінше көтерілді. Жекеменшікте 30-дан астам жеңіл машина пайда болды. Ауылда көркемөнерпаздар үйірмесі ұйымдастырылып, ұлт-аспаптар оркестрі құрылды. Кеншарөнерпаздары республикалық орталық телеарнасында концерт беріп, ол алтын қорға алынды. Кеншар еңбеккерлері Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысып, күміс, қола медалдің иегері болды, талай құнды сыйлық алды. Әбдікәрім Жақсыбаев, Әбілгазы Қосетовтар қызылша өсіруден, Тұрлыбек Мырзаханов қозы алудан аудан чемпионы атанды. Ол кезең Алакөл ауданының, бүкіл республика экономикасының өркендеуінің шыңы десе де болғандай еді.

Осыдан кейін, яғни, 1985 жылы аудандық халықтық бақылау комитетінің төрағалығына ауыстырылып, ол жұмысты 1991 жылға дейін, одақ тарағанша істейді. Сол кезде жас ақын, ұлтжанды інісі Ахмет Кендірбековтің ұйытқысымен ауданда «Қазақ тілі» қоғамын құрып, оның төрағасы болады. Қоғам жанынан ақсақалдар алқасын ұйымдастырып, оған ерекше статус беріп, арнайы ереже жасайды. Сол арқылы жастар арасындағы, отбасындағы, тағы да басқа ұсақ-түйек дау-жанжалдарды заң орнына жеткізбей ақсақалдар билігімен шешуді қолға алады. Оны бүкіл халық қолдады. Ол жұмыс бірер жыл өзінің оң ықпалын да жасап, көмескіленген салт-дәстүрімізді қалпына келтіруге сеп болса, Үшарал қаласының 13 көшесінің атауын «Қазақ тілі» қоғамының ұсынысымен ұлт ардақтыларының атына алмастырады.

Ауданның Мәдениет сарайына сол кездегі аупарткомның бірінші хатшысы Азат Машуровтың келісімімен ауданның барлық ауылынан 500-ге тарта беделді азаматтар жинап, «Соғым басы – ақсақалдар батасы» деген атпен жиын өткізу дәстүрге айналады. Бұл шара ауданда үлкен бір силкініс туғызады. Аталған қоғамды басқара жүріп, Үрімші баспасынан шыққан Зейнолла Сәнік пен Бейсенғали Смағұлдың «Қаракерей Қабанбай батыр» кітабы мен Қытайдағы қазақ бауырларымыз құрастырған 535 беттік «Қазақ шежіресі» кітабын криллицаға түсіреді. Мұны тілдің жанашыры, ұлт тарихына терең үңіліп, ізденіс жасап жүрген сол кездегі облыстық мәдениет басқармасының бастығы Кемел Құсайынов Ахмет Кендірбекұлынан естіп, ізденіп келіп, танысып, ақыры облыстық «Жеруйық» газетінің 3-4 нөміріне өзі алғысөз жазып, кітаптың біраз бөлігін бастырады. Көп ұзамай Қаракерей Қабанбай батырдың 300 жылдығында Сәкен Иманасовтың редакторлығымен кітап баспадан шықты. Уақыт өте осы шараларды, бастаманы кейбір азаматтар өз игілігіне ауларып, Секеңнің еңбегі ұмыт болып барады. «Әлі де солай», – деп Серік аға өкпесін де жасырмайды.

Одақ тарағаннан кейін 1996 жылға дейін ауданның кәсіподақ ұйымын басқарған Секең 2002 жылға дейін Алакөл мемлекеттік табиғат қорығын ұйымдастыруға біраз еңбек жасап, соның алғашқы директоры қызметін атқарды. Төрт томдық ғылыми жылнама кітабын шығарды. Бұл еңбекті жоғары бағалаған аудан мәслихатының ұйғаруымен табиғат қорығы мұражайының қысқы гүлзар бағына Серік Толғанбаевтың аты беріледі.

Қашанда төккен тердің өтеуі болатыны анық. Ғұмыр бойы туған жердің бақыты үшін тынымсыз еңбек еткен Секеңнің де еңбегі өтелді. Үшарал қаласының Құрметті азаматы атағын алса, Егемендігіміздің 10 жылдығына орай Президенттің Алғыс хатымен марапатталды. Одақ кезінде «Еңбектегі ерекшелігі үшін», «В. Ленинің 100 жылдығы», «Еңбек ардагері» медальдарымен марапатталды. 1985 жылғы шаруашылық жетістіктеріне байланысты Қазақ ССР-і Жоғарғы Кеңесі Президиумының Құрмет грамотасын, бүкілодақтық Ауыл шаруашылығы жетістіктерінің қола медалін иеленді. Ондаған жинақ пен жеке авторлардың кітабына туындылары енді. 2009 жылы облыс әкімі Серік Үмбетовтің демеушілігімен «Шыбынды шынынан» атты әдеби кітабы жарық көрді. Талдықорған қаласы әкімінің қолдауымен қала зиялыларының ұсынысы бойынша жарық көрген «Тарихы терең Талдықорған» атты кітапты құрастырушылардың бірі. Қаламын әлі доғара қоймаған Секең қоғамдық жұмыстан да қол үзе қойған жоқ. Зейнеттемін деп шалқайып жатпай, «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деген қағиданы ту етіп, Талдықорған қаласының ардагерлер кеңесінің төралқа мүшесі ретінде жастарға тәрбие беру ісіне, салт-дәстүрімізді дәріптеуге жалықпай араласып жүрген жайы бар.

Өмірдегі өзгеше мінезімен қатар, отбасында да ұлағатты әке бола алды. Зайыбы Шайзахан екеуі бес баланы тәрбиелеп өсірді. Үлын ұяда, қызын қияға қондырды. Балаларының бәрі де жоғары білімді, әртүрлі қызмет атқарып жүр. Сегіз немерсі бар. Бауырлары, қарындастары мәуелі бақтың бұтағындай үйлі-баранды, өрісі кең, аталастарымен есептегенде жүзден астам, үлкен әулетке айналды. Арашап Әмірханның әулеті дегенге Алла жеткізді десек те болады. Қазақтың «Өркенің өссін, өрісің кеңейсін» деп жататыны осы болар.

Қажет АНДАС.

Әмина апа

(Соңы. Басы 1-бетте).

Өйткені пролетариаттар мемлекеті іргеде жатқан елде демократия орнаса, Кеңес өкіметіне қауіп төнеді деп күдіктенді. Сондықтан, бұған жол бермеу үшін бұл іске КСРО-ның қол шоқпары Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті (МКК) астыртын араласа бастайды. Захир шах жоқ, жат дүние деген желеумен Кабулға қарай беттейді. Толқудың бірінші легі әскер күшімен қайтарылып, Мазари шарифке Ауған үкіметінен арнайы комиссия аттанып, халыққа басу айтып, көңілін табады. МҚК-нің алғашқы операциясы сәтсіз аяқталғандықтан, олар ендігі кезекте төңкерісті халық емес, патша әулетінен шыққан беделді адам премьер, өзіне қарсы шыққандарды аяусыз қырып тастады. Ағайынның қолынан қаза тапқандардың ішінде Әмина апамыздың күйеуі мен балалары да болды. Бұл оқиғаны еске алған ханшайым апаның:

– Сарайға баса көктеп кіргендердің ішінде орыстар да болды. Ешкімді аямады, қырып салды, – деп суреттеді. Ал, Еуропада жүрген патша АҚШ-та жүрген қазақ қызы туралы білмес те едік. Алланың өзі жеткілегендей американда отау көтерген жастар – Айбек Марат пен Ұлпан Әбдікәрімге Нью-Йорк қаласынан Әлия есімді әйел қоңырау шалып, Вашингтоннан ат шаптырым жердегі Әмина апа туралы айтып, сол кісінің хал-жағдайын біліп беруді өтінген. Жат елде жүрсе де, қанға сіңген бауырластық қасиетінен айырылмаған қазақ диаспорасы қашанда бір-біріне демеу болып кез келген өтінішін орындауға асық. Осылайша, жастар қандасының өтінішін екі етпей, Рекстон қаласына аттанып, ханшайым апамен жүздесті.

Бір өкініштісі жиырма баланы дүниеге алып келген кейуана санаулы уақытын қарттар үйінде өткізуде. Мұның сырын сұрағанымызда Әмина апа:

– АҚШ-та жұмыс жасаймын деген адамға бар мүмкіндік жасалған. Оның үстіне егер жұмыссыз жүрсең мұнда сені ешкім елеп-ескермейді. Ал, мен балаларымның қолында тұрып, оларға масыл болғым келмейді. Қазір өзгенің көмегінсіз жүріп-тұруым қиындап кетті. Сондықтан, балаларымның қолын байлағым келмейді. Жұмыс істесін, өссін. Мұнда жағдайым жаман емес, тәуелік бойы дәрігерлердің қарауындамын. Тек туған жерімді сағынатыным болмаса, өмірге басқа өкпем жоқ, – деп жауап берді.

Өмірдің ащысын да, тұщысын да көрген Әмина апамыздың бүгінде тек бір арманы бар. Ол – жер жаннаты Жетісуды қайта көріп, туған жермен қауышу. Алайда, жол жүруге шамасы жетпейтін апамыз, газетіміз арқылы Қаскелең жұртына дұғай сәлем айтуды аманат етіп тапсырды. Біз сол аманатты орындадық.

Ғалымұрат ЖҮКЕЛ.

батыста білім алғанымен солтүстік көршілерін де елеусіз қалдырмай, Хрущев және Брежневпен хат алмасып, Мәскеуге ресми іссапармен де барған. Алайда, ауған патшасының кеңесшілері қатарында шетелдік мамандардың болуы МҚК таралынан Захир шах АҚШ-тың орталық барлау басқармасымен (ЦРУ) байланыс орнатқан деген күдіктің туындауына соқтырады. Мұны тікелей сатқындық деп бағалаған Кеңес өкіметі батыл қимылды қолға алып, ел арасына іріткі сала бастады. Захир шахтың: «Құранда Алла ғылыми-технологиялық өркендеуге қарсы деген сөз болмаса, неге онымен күресу керек?!», – деген пікірін патшаның өзіне қарсы қолданған чикистер ислам консерваторлары қоныстанған Мазари шариф қаласында ауқымды идеологиялық насихат жүргізді. Ақыры ақшаның арбауы мен біліктің тұтқасы қолға тиер деген ой жетегіне ерген топтар патшаға ашық қарсылық таныта бастады. Олар Захир шахтың пікірі мен Конституцияға енгізілген өзгерісті бидғат ягни дінде атқару тиіс деген жоспар құрып, іске көшті...

Захир шах Ауған тарихында 1933 – 1973 жылдар аралығында ең ұзақ билік құрған патша ретінде белгілі. Елдегі оңды өзгерістер тұсында патшаның қазақ келіні жиырма рет құрсақ көтеріп немере сүйдіреді. Кабулдағы жетім-жесірлерге қолдау көрсетіп, қайырымдылық жасап, халықтың ықыласына бөленіп, ақсақалдардың батасын алады. Әйел табиғатына сай, мойнына жүктелген міндетін мүлтіксіз орындап, бала тәрбиесімен айналысқан ханшайым қайын атасының мақтанышы бола білді. Мемлекет басқару ісімен ресми сапарға кетерінде келініне үйді табыстауды әдетке айналдырған патша 1973 жылы Еуропаға аттанар тұста да Әмина апайды шақыртады. Франция және Италияда ресми кездесулер өткізуді жоспарлаған патша Еуропаға барысымен елден суыт хабар алды. Бір атадан тараған ағайыны әрі Премьер-Министр Мұхамед Дәуд ағасын сатып, мемлекеттік төңкеріс жасады. Захир шахқа елге оралса, кәнтөгіссіз іс аяқталмайтындығын қатаң ескерткен бүлікшіл батыс саясаткерлерінің кеңесіне сүйеніп, ақылына көнуіне тура келіп Римге қоныстанды. Захир шах тек араға 29 жыл салып, 2002 жылы елге оралды. Ауғанстанға табан тіреген ол, өмірінің соңына дейін хан сарайына қоныстанып, 2007 жылдың 23 маусымында қайтыс болды.

Қырғи-қабақ соғыстың ортасында Әмина апа тірі қалған балаларын елден аман шығарудың жолын тауып, Германияға қоныстанды. МҚК-нің жендеттері бойында патшаның қаны бар балаларын аман қалдырмас деген оймен оларды АҚШ-қа аттандырған Әмина апа, қазаққа бауырлас Түрік еліне қоныс аударады.

– Ол жақта мені адамдар жылы қарсы алмады. Менің қазақ екенімді біле тұра өзгені айтпағанда өз қазақтарым да жарылқамады, – деп өкпесін айтқан ханшайым апа, Анадолы ұрпақтарына наз айтып, ұлының шақыруымен мұхит асып, АҚШ-қа барды.

Бүгінде тоқсаннан асқан Әмина апа көп нәрсені ұмытып та барады. Осыдан бір жыл бұрын айлардың сұлтаны Рамазанда орын алған тосын оқиға желісі болмағанда



Төле би:

Атадан ұл туса игі,
Ата жолын қуса игі.
Өзіне келер ұятын,
Өзі біліп тұрса игі.
Жауған бұққан немені,
Ортасынан қуса игі!



Қаз дауысты Қазыбек би:

Алтын ұяң – Отан қымбат,
Құт-берекен – ата қымбат,
Аймалайтын ана қымбат,
Мейірімді апаң қымбат.
Аскар тауың – әкең қымбат,
Туып-өскен елің қымбат.
Ұят пенен ар қымбат,
Өзің сүйген жар қымбат.



Әйтеке би:

Ашу деген ағын су,
Алдын ашсаң арқырар,
Ақыл деген дария,
Алдын тоссаң тоқырар.
Кісі бірге туыспау керек,
Туысқан соң сөз қуыспау керек.
Сөз қуған бәлеге жолығады,
Жол қуған олжаға жолығады.

Н. НАЗАРБАЕВ:

Мен 1-наурыз күні қыркүйек айының екінші жексенбісін Отбасы күні деп белгілейтін Жарғыға қол қойдым. Отбасы күнін мерекелеп, ең үздік жаңұяларды көрсетуге барлығымыз дайындалуымыз қажет деп есептеймін. Бір-бірімізге қонаққа барып, бір-бірімізбен араласып, отбасы құндылықтарын көрсете білуіміз қажет.

АРДАГЕР

АЙЫНА ЕКІ РЕТ ШЫҒАТЫН ГАЗЕТ ІШІНДЕГІ ГАЗЕТ

№17 (117)

Бейсенбі,
5 қыркүйек,
2013 жыл

■ 8 қыркүйек – Отбасы күні

Он саусағынан өнер тамған



Мамыр айында өткен облыстық «Енесі жақсының – шаңырағы алтын» байқауында бас жүлдені жеңіп алған Үшқоңыр ауылының тұрғыны Нұршайым ҚОСБАЕВА туралы бір үзік сыр

Қазақ ауыз әдебиетінен мақал-мәтелдер туралы сабақ өткізіп жатқан. Талпынған, ізденген адамның мұратына жететіні туралы мақал айту керек болды. «Ізденген жетер мақсатқа» деді.

– Апай, олай емес қой. «Ізденген жетер мұратқа» емес пе, – деп оқушылары дереу түзетіп жатыр.

– Иә, дұрыс айтасыңдар, балалар. Бірақ мен ол сөзді айта алмаймын ғой. Себебі ол менің қайын атамның есімі, – деді ақталғандай. Бір жағынан балалар ұлттық дәстүрімізден ерекшелігін ұғынсын, келешекте келін болар қыздарға өнеге болсын деген.

Осыдан отыз жылдай бұрын келін болып түскен алғашқы кезі есінде. Онда да осылай болып еді. Берде қазан-ошақ қасында бастары қосыла қалған абысындар тірліктерін атқара жүріп әңгіме тізгінін жіберген. Жас келінді сынайын деді ме, әлде шынымен бе, үлкен абысыны бұларға жамағайын қайын апа болып келетін бір кісінің есімін есіне түсіре алмай, «аты кім еді, әлгі...» деп тосылып тұрғанда, абысындардың ішіндегі аңғалдау бірі «Мырзабала апа ғой» деп қалып, іле-шала «Ойбу!» деп алақанымен аузын баса қойды. Бұл болса қайынжұрттың атын атамайтын келінге тән әдеппен, есімін білсе де үндемеген.

Қазақы ғұрыптың иба, ізет деген керемет қасиеттері нағашыларының қолында өскен оның бойына ерте бастан сіңген. Отбасындағы төрт ұл, алты қыздың төртіншісі Нұршайымды алты айлығында нағашы апасы бауырына салған. Олар Балқаш ауданының Көкжиде ауылында қыр жайлап, шет конған дала қазағына тән қоныр тірлікпен күн кешкен қарапайым шаруа адамдары болатын. Балығы тайдай тулаған, бақасы койдай шулаған Ілеңі емген елде, нағашы атасы мен апасының ортасында еркелеп еркін өскен, тобықтан құм кешіп, шекесін күн қақтаған қаршадай қыз ауыл тірлігіне дөңгелетіп әкететін. Күрт жайып, май шайқау, ірімшік қайнату, келі тую, алаша тоқу, текемет басу, балық етін ұсқатып, одан түрлі ас әзірлеуді қағылез қыз кішкентайынан бастап меңгерді. Көрпе құрап, ши токитын апасынан ісмерлікті үйренді. Жазда ауыл адамдары өзен жағалай киіз үйге қоныстанатын. Сонда жылда киіз үйді тігісіп, жығысып жүріп бұл іске де машықтанып алды. Қазір алты қанат қазақ үйді бір өзі құрып, жалғыз жинай алады.

Ауыл мектебінде бір сыныпта оқыған Болат екеуінің арасындағы балаң сезім келе-келе жалындаған махаббатқа ұласып, 1985 жылы жинырма бір жастарында қос ғашық отау құрды. Дүниеге Жомарт, Мұхамедқызыр атты перзенттері келді. Қазір жұбайы Болат Бейсембаев – кәсіпкер. Жомарты үйленіп, одан Айару атты немере сүйіп отыр. Келіні Әйгерім – Оңтүстік Қазақстан облысының көргенді қызы. Екінші ұлы – Мұхамедқызыр жоғары оқу орнының студенті.

Таза қазақы ортада ұлттық тәрбиенің қайнарынан сусындаған Болат пен Нұршайым бүгінде балаларының да ата-баба дәстүрінен жырақ кетпеуін ойларынан бір сәтке шығармақ емес. Үнемі өнеге көрсетіп, ақылдарын айтып отырады. Олар үшін ең бастысы – отбасы құндылығы. Жұбайы да он екі ата Жалайырдан өрбіген ұрпақтан. Ол да үйіндегі он баланың бесіншісі. Үйелмелі-сүйелмелі бес ұл, бес қыздың бір-біріне деген бауырмалдығын ойлаған ата-ана ұлдарына қыздарға қамқор болуды тапсырыпты. Соған сай бір қарындасы Болаттың шаңырағында бойжетіп, Нұршайым оны анасындай әлпештеп, қолынан ұзатты.

Берекелі шаңырақтың отанасы болып отырған ене келіні туралы:

– «Қойдың жауы – кене, келіннің жауы – ене», – деген мақалға өз басым келіспеймін. Келінім Әйгерім өте тәрбиелі, ізетті, инабатты. Қазақы жердің қызы. Басынан орамалын тастамайды. Ата-енесіне күнде сәлем салады. Жұмысқа кетіп бара жатқанымызда есік алдына дейін шығарып салады. Оны өз қызымдай жақын тұтамын. Кейде ұлымнан қорғаштап сөзін сөйлеймін де. Қонаққа бірге ертіп жүремін. Барған жерде қонақ екенмін демейді, жақын-жұмыстардың үйіне енгеннен бірден шай құйысын, дастарқан әзірлесін, жәрдемдесін кетеді. Үй ішінің шаруасына тап-түйнақтай. Осындайда бұрындары «отымен кіріп, күлімен шығады» деген теңеу қолданылушы еді. Қазір ауылдың үйлері де жан-жақты жайластырылған, заманауи. Дегенмен, от жағып, күл шығармағанмен бір үйдің тірлігі тауысылмайды емес пе. Келінім керегемді кеңейтті, қолымды ұзартты, мерейімді өсірді. Немере сүйгізіп әже атандырды, – деп, көңіл толатынын білдірді.

Нұршайым Қайыпбекқызы отбасында береке-бірлік болуы үшін ең алдымен ене сабырлы, кешірімді бола білуі, өзінің ісімен өнеге көрсетуі керек деп ойлайды. Отбасының несі – отағасы, несі – отанасы деп білетін ол үшін бақыт деген – балаларының амандығы, отбасының берекебірлігі. Өмірдің мәнін алдыға мақсат қойып, соған жету деп түсінеді. Сүйікті ісі – бұрындары балаларына дәмді тамақ әзірлеу болса, енді қазір немересі, соны қарау, ойнату. Мұншалық тәтті болар ма, қылығына тоймайды. Әңгіме арасында той туралы ойын да сұрадық. Егемендік алғаннан кейін, оның ішінде әсіресе кейінгі үш-төрт жылдан бері тойлар ұлттық дәстүрде өтетін болып жүр. Мәселен, сүндет тойда баланы ер-тұрманы сайлы, қоржын артқа өткізіп әкелу, қыз ұзату тойында қалыңдықтың басында сәукеле, ұлттық киімде болуы, отау көтерген жастардың мұсылмандық жолмен неке қидыруы секілді. Дәстүрдің осылайша жаңғыртылуын қуана құптайды.

Бала күнінде үйренген қолөнерінен қол үзбеген, қайта толықтыра түскен ене енді келініне үйретуде. Қазір де текемет басады, алаша тоқиды, қазақ үйдің бау-сырларын жасайды, кілі түйеді, кесте тігеді, ши тоқиды. Осының өзінен рухани ләззат алады. Қолының шеберлігіне ауылдастары тәнті. Үшқоңыр мектеп-гимназиясында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беретін ұстаздарының бұл өнерін оқушылары да жақсы біледі, үйренбекке талпынады. Ол болса білсем деген балаға үйретуден ешқашан жалыққан емес.

Отағасы Болат екеуінің ақсары туған ауылға ауып тұрады. Қолдары босай қалса болды кең дала қайдасың деп Бақанасқа қарай тартып кетеді. Осы мақаланы жазарда кейіпкеріміз әзер жолықтырған едім. Уақытының жоқтығын алға тартқан. Сөйтсем, Балқаш ауданына жол жүрмекші екен. Сүттей ұйыған отбасының берекесін кіргізіп, бірлігін бекемдеп отырған отағасы мен отанасына шаңырақтары шаттыққа бөленсін, ауыл-елі аман болсын деген тілек айтамыз.

Серік САТЫБАЛДИЕВ.
ҮШҚОҢЫР АУЫЛЫ,
ҚАРАСАЙ АУДАНЫ.

■ Ардагерлер үйінде

Құрмет көрсетті

Ата Заң күні қарсаңында облыстық ардагерлер ұйымының ұйымдастыруымен Ардагерлер үйінде Халықаралық ядролық сынаққа қарсы күрес күнін атап өту және адамзат баласының санасынан өшпестей орын алған Чернобыль апатына қатысқан азаматтарды ұлықтау мақсатымен үлкен жиналыс өтті. Оған облыс аумағындағы ардагерлер қатысты. Жиналысты облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы Ардақ Сыдық құттықтау сөзбен ашып, жүргізіп отырды. Ал облыстық ардагерлер ұйымының құрметті төрағасы Егеубек Далбағаев, қала әкімінің орынбасары Ғалиасқар Сарыбаев Ата Заңымыздың өткені мен бүгіні туралы жаңжақтылы тоқталды.

Расында өткенге құрметпен қарайтын халқымыз үшін Конституция күнінің орны ерекше. Өйткені, халқымыз өзінің өмір көші барысында елді берекеге, ұлысты ынтымаққа, адамдарды бауырмалдық пен тәртіпке келтіретін «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның есік жолы», «Өз-Төукенің жеті жарғысы» сияқты заңдарды жасап, тарихқа таңбалап кеткені анық. Ал тұрмыс-сапт әдет-ғұрыпқа айналған тиымдар мен наным-сенімдердің орны мен рәсімі де ерекше болғаны анық. Бұл тәуелсіз елдің тас тұғырына қонған жаңа Қазақстанның өміршең Ата Заңының жазылуына тарихи негіз болғаны да шындық. Десе де, бүгінгі өмір, тіршілік басқа. Сондықтан қоғамдық қарым-қатынасты реттеуге бағытталған маңызды құжаттың сипаты да бөлек болды. Бірақ та өткен жиырма неше жылдағы даму, өркендеу, өсу жолындағы Қазақстандық тәжірибе Ата Заңымыздың айбынын асқақтата түсті. Оның нұр-шуғыласын бүгінгі өскелең ұрпақ көріп келеді. Жарыс-сөзге шыққан Мырзакерім Әділбаев, Александр Мосько, Болат Молдабеков, Мұрат Халық сияқты ағаларымыз бұл жайлы кең көлемді тоқталды.

Иә, жиналыста Ата Заңмен қатар, халықаралық ядролық сынаққа қарсы күрес күні, Чернобыль апаты туралы да біраз нәрсе айтылды. Несін жасырайық, қазақ жерін атомның алаңына айналдырған зұлмат жылдардың өкінішті әлі де жүрегімізден өшкен жоқ. Жан ауыртар ауыр тағдырлар әлі де миымызға салмақ салып келе жатыр. Дей тұрғанмен, Елбасы бастамасымен ядролық қарудан бас тартқан Қазақстанның бейбітшілік сүйгіш ниеті әлемге үлгі болғанын да айта кеткен жөн. Ал мыңдаған адамның өмірін жалмаған Чернобыль апатында қаншама жерлесіміз көз жұмды, қаншасы мүгедек болып оралды, бүгінде арамызда ауыр дерттің азабын тартып жүргендері де көп. Тапдырған қалалық Семей – Чернобыль қоғамдық бірлестігінің төрағасы Балтабек Көпбаевтің айтуынша, қаламызда Семей полигонының зардабын тартқан 252 Чернобыль апатын жою жұмысына қатысқан 108 ардагер тұрады. Олардың материалдық-тұрмыстық қажеттілігі шешілген, емдеу-сауықтыру жағындағы жеңілдіктер қарастырылған десек те, сол апаттардың зардабын көрген жандарды қолдау, қамқорлық таныту бүгінгі ұрпақтың қасиетті борышы. Шара барысында солардың бір қатары «Семей ядролық сынақ полигонының жабылғанына 20 жыл», Бауыржан Момышұлының «Батыр шапағаты», «Чернобыль 25 жыл», тағы да басқа мерекелік медальмен марапатталды.

Қажет АНДАС.

■ Барекелді!

Карттарға қамқор бірлестік

Райымбек ауданында ізгі мақсатта құрылған ұйым «Инсан» азаматтық даму орталығы» қоғамдық бірлестігі деп аталады. Бірлестік Кеген ауылында орналасқан. Жетекшісі – Гүлина Тоқтобекова. Бұл бірлестік облыстық ішкі саясат басқармасы арқылы заңды түрде тіркеліп, жұмыс істеп келеді. Басты мақсаты – жастарға өскери-патриоттық тәрбие беру, санаулы қалған соғыс ардагерлеріне қамқор болу, тылда еңбек еткен жандарға, майдангерлердің жесірлеріне қолдау көрсету, жалғызбасты қарттарға, қамқорлықты қажет ететін отбасыларына көмек көрсету болып табылады.

Аталған бірлестік жетекшілерінің шақырумен Нарынқол ауылында ұйымдастырған бір шараның куәсі болдық. Атап айтқанда, «Инсан» азаматтық даму орталығы» қоғамдық бірлестігі осы ауылдағы соғыс ардагерлері мен тылда еңбек еткен жандардың қатысуымен ұйымдастырды. Ауылдағы Мәдениет үйінде өткен шараға ауыл тұрғындары, мұғалімдер мен жоғары сынып оқушылары қатысты.

«Дәңгелек үстел» отырысын Нарынқол селолық округі әкімінің орынбасары Бақберген Желдікбаев ашты. Будан соң бірлестік төрайымы Гүлина Тоқтобекова өткізіліп отырған шараның мән-мағынасына тоқталды. Қоғамдық бірлестіктің мақсат-мүддесін әңгімеледі. Аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы, подполковник Нұрдәулет Әбілғазиев әскери-патриоттық тәрбие турасында әңгіме өрбітті. Майдангер қарт, II және III дәрежелі «Даңқ» орденінің иесі Құмісбек Тастанбаев, соғыс ардагері, байырғы ұстаз Шоғанбай Мұсаев ойларын ортаға салып, жас ұрпаққа ұлағат болар сөздерін айтты.

Осы күні қоғамдық бірлестік соғыс ардагерлері мен тылда еңбек еткен жандарға, бір топ майдангерлердің жесірлеріне сый-құрмет көрсетті. Ізгілікті іс Сарыжаз, Тасашы ауылдарында жалғасты. Карттар өздеріне құрмет көрсеткен бірлестік төрайымы Гүлина Тоқтобекова мен бірлестік қызметкері Мәдина Әкімбекованы жүрекжарды алғыс білдіреді.

Карттарын құрметтеуге, жетім мен жесірге сүйеніш болуға, өсер ұрпаққа ұлағат беруге бағытталған ізгілікті де игілікті іс бар «Инсан» қоғамдық бірлестігінің жұмысына жеміс тілейік.

Қ. САТЫБАЛДЫ.



Ауыл қартымен қадірлі

2-бет

Сыр ашайды
сенің құлаң түздерің



3-бет



Әннен туған әдемі ой

4-бет

■ Жаңғырық

Асылымызды ардақтайық

Облыстық «Жетісу» газетінде жарияланған ҚР Журналистер одағының мүшесі, еңбек ардагері Болат Бисұлтанов, ғалым-ұстаз Черизат Сапарғалиевтің «Ақсұлу ана ардақталса» деген мақаласын оқып жанжақты зерделеп нақты дәйекті оқиға екендігіне көзіміз жетіп, ақсақалдар, азаматтар үн қосып, өз пікірімізді айтуды жөн көрдік.


Егер ана болмаса алып та, дана да, батыр да, бағлан да, ел бастаған көсем де, сөз бастаған шешен де қайдан туар еді. Қазақ тарихында артына өшпес із қалдырған дана, ақылды, данышпан аналар көп болған. Соның бірі Ақсұлу ана екендігінде дау жоқ. Анамыз бүтін бір елдің, іргелі рудың шаңырағын ортасына түсірмей, түтінін түтетіп, тарих сахнасынан жоғалып кетпеуіне себепші болған. Ақылдылығы, парасаттылығы, даналығымен кең ойлап, ұзақ толғап, жаугершілік заманында қазақтың іргелі руларының бірі – найманның өсіп-өнып, қарақорым елге айналуына өлшеусіз еңбек еткені қандай даналық, көрегендік, парасаттылық десеңізші. Қазіргі өскелең ұрпаққа беретін үлгі, тәлім-тәрбие, өнегесі мол игілікті іс екенін ешкім жоққа шығармас.

Халқымыз: «Тегін білмеген тексіз», – дейді. Бүгінгі жаһандану заманында ғасырлар бойы қанымызға сіңіп, берік дәстүрімізге айналған асылдарымыздан ажырап қалмауымыз керек. Осы тұрғыдан келгенде, асыл да ардақты Ақсұлу анамызды ұлықтап, өспеттесек несі айып. Сондай-ақ, тәуелсіздікке қолымыз жетіп, өшкеніміз жанып, кеткеніміз келіп, тарихымызды түгендеп жатқанымызда елге, жерге, ұрпаққа өлшеусіз еңбегі сіңген асылдарымызды ардақтау, құрметтеу азаматтық парызымыз емес пе? Ақсұлу анамыздың ерлігін, бекзат адамгершілік қасиетін насихаттап, ұрпақ бойына сіңіріп, жас келіндер, аналарға үлгі-өнеге етсек ұтарымыз көп болатыны анық. Тіпті, анамыздың тектілігін ұлықтап, көше, ауыл, мектеп, аудан атын берсек те артық болмас еді. Елім, жерім деген бойында ұлттық намысы бар азаматтар ұсынысымызды қолдап, қол ұшын беріп, ұн қосады деп сенеміз. Ескерту: Хатқа бір топ ауыл ақсақалдарының қолы қойылған.

Қойшыбай ӨНЕРХАНҰЛЫ.
ҚАЗАҚСТАН АУЫЛЫ,
АЛАКӨЛ АУДАНЫ.

Фотоэтюд

Жайлаудың кештері-ай!..



Байланыс телефондары: (Талдықорғанда) 8(7282) 24-38-16, 27-41-83; (Алматыда) 8(7272) 79-13-37, 79-13-86



Толе би:

Атадан ұл туса игі,
Ата жолын қуса игі.
Өзіне келер ұятың,
Өзі білім түрса игі.
Жаудан бұққан немені,
Ортасынан қуса игі!



Қаз дауысты Қазыбек би:

Алтын ұяң – Отан қымбат,
Күт-берекең – атаң қымбат,
Аймалайтын анаң қымбат,
Мейірімді анаң қымбат.
Асқар тауың – әкең қымбат,
Туып-өскен елің қымбат.
Ұят менен ар қымбат,
Өзің сүйген жар қымбат.



Әйтеке би:

Ашу деген ағып су,
Алдың ашсаң арқырар,
Ақыл деген дария,
Алдың тоссаң тоқырар.
Кісі бірге туыспау керек,
Туыскан соң сөз қуыспау керек.
Сөз құтан балеге жолығады,
Жол құтан олжаға жолығады.

Сақалыңнан айналдым, қарт-бабалар,
Ұрпағыңа не айтасың артта қалар?
О, тірі шежірелер, қалдырыңдар,
Қанеки, нелерің бар салтқа жарар?
Қанеки, нелерің бар, Аталарым?
Ұрпағыңа ұран қып апарамын.

Сенімдеріңді ақтаймын, ақтаймын да,
Сендердің мұрагерің атанамын.
Осылай деп карттардан қалап келем,
Өнеге, осиетін санап көрем.
Санап көрем... тоймаймын... сұранамын,
Себебі мен де бір күн жауап берем.

МҰҚАҒАЛИ.

АРДАГЕР

АЙЫНА ЕКІ РЕТ ШЫҒАТЫН ГАЗЕТ ІШІНДЕГІ ГАЗЕТ

№19 (119)

Сейсенбі,
1 қазан,
2013 жыл

■1 қазан – Халықаралық Қарттар күні

■1 қазан – Халықаралық Қарттар күні

■1 қазан – Халықаралық Қарттар күні

Карттарым, аман-сау жүрші...

Саги ЖИЕНБАЕВ

Дүниеге келер бір рет.
Дария-кеуде тау мүсін.
Құрыштан құйған күдірет –
Қарттарым, аман-саумысың?!

Өздерің болсаң жанында,
Ел ші жомарт, еңселі.
Дән иісі жүрген қанында,
Даламның бір-бір бөлшегі.

Арада жылдар жөңкіліп,
Алыстап кеттім біртіндеп.
Айта алмай ауыз толтырып,
«Ассалаумағалейкүм!» – деп.

Өзге бір менде жоқ тілек,
Өздерің көзбен бақтаным.
Жайлы жер іздеп кетті деп,
Жазғыра көрме, қарттарым.

Ердем бір сиқыр ғаламға,
Шығардым белге жыр көшін.
Болғам жоқ алаң, даламда,
Әулие қарттар жүргесін.

Жанды ғой бағы даланың,
Сендерге қуат дем берсін.
Киесі де оның сендерсің,
Иесі де оның сендерсің.

Алдында жүрші көзімнің,
Асылым, алтын қазынам.
Ауыра қалсам өзіңнің,
Пейілдімен-ақ, жазылам.

Сағынып талай жыр туар.
Оралар ән-ақ, сан жыршы.
Даламның иісі бұрқырап,
Қарттарым, аман-сау жүрші!

ҚАЙНАРДЫҢ *қос бәйтерегі*



94 жастағы Бекберген ата мен Тұрсынкен әже бір әулеттің тамыры терең, саялы қос бәйтерегі.

(2-бетке назар аударыңыз).

■Ардагерлер үйінде



Жаралы жүрекке жалын, күдікке сенім, тіршілікке тыныс бітірген Ұлы Жеңіске де 70 жыл болып қалды. «Асықсаң жақсылыққа асық» дегендей, адамзаттың мақтанышына айналған сол Жеңістің жетпіс жылдығын атап өту әрбір Отандасымыз үшін абыройлы міндет. Десе де, от пен оққа оранған алапат жылдарда майдан шебінде жан беріп шайқасып, туған еліне тірі оралған ардагерлеріміздің қатары сиреп бара жатқаны да жүректі ауыртады. Тіпті, жыл өткен сайын ел назарынан сырт қалып келе жатқан көптеген құпиялардың сыры ашылып, архивтер аршылып, іс-түссіз жоғалды деп саналған батырларымыздың ерлігі жаңғырып жатқанын да жасыра алмаймыз. Сондай-ақ, соғыс ардагерлеріне теңестірілгендер мен тылда еңбек еткендердің де еңбегін қайта қарау күн тәртібінде тұрған мәселе. Сондықтан, 2015 жыл соп ақтаңдақтардың орнын толықтыратын табысты жыл болмақ. Өрине, ол үшін көңілді кеңге салып отырудың керегі жоқ. Өзірлікке осы бастан кіріскеніміз жөн.

Көпшіліктің көкейінде жүрген осындай ойды ерте сезінген Талдықорған қалалық ардагерлер кеңесі түйінді іске түбегейлі кірісуге тас-түйін дайындала бастады. Жуырда Ардагерлер үйінде басқосқан қалалық ардагерлер кеңесінің белсенді мүшелері Ұлы Жеңістің жетпіс жылдық мерейтойын атап өтудың жолдарын кеңесті. Жиналысты қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұрат Халық ашып, алдағы атқарылар жұмыс жоспарымен таныстырды. Расында, қазіргі таңда соғыс және оған теңестірілгендер мен тыл еңбеккерлерінің қатары сиреп барады. Сонымен бірге, жыл өткен сайын жасы ұлғайып, денсаулығы нашарлаған ардагерлер қолдау мен көмекке зәру. Сондықтан, қаладағы ардагерлерді күтімге алатын мекемелердің жұмысын қадағалап, оларға көмектесетін түрлі тетікті қайта пысықтау керектігі туындауда. Осыған орай, жиналысқа қалалық емхана, жұмыспен қамтуды үйлестіру және өлеуметтік бағдарлама бөлімінің, емдеу-сауықтыру орындарының өкілдері де шақырылған. Тағы бір іс – Жеңістің жетпіс жылдығына орай, Қаратал өзенінің бойындағы Ардагерлер саябағы қайта күрделі жөндеуден өтіп, қаладағы қайтыс болған және көзі тірі соғыс ардагерлерінің ерлігі мен өмір жолын бағамдайтын суретті кітап құрастыру қолға алынбақ.

Қысқасы, алдағы уақытқа жоспарланған іс-шаралар жеткілікті. Бірақ, оны тек жүйелі жоспармен атқарғанда ғана нәтижеге қол жеткізуге болады. Осыған орай, жиналыс барысында қатысушылар Ұлы Жеңістің жетпіжылдық мерейтойының дайындық жұмысын атқаратын комиссия құрамын бекітті. Енді Таңатар Алшабеков басшылық ететін, құрамында онға жуық белсенді мүшесі бар комиссия барлық жоспарды атқару үшін белсене іске кіріспек. Маңызды бастамаға қала әкімдігі де қолдау, көмегін аямын қалмайтынын білдірді. Бұл туралы қала әкімінің орынбасары Ғалиасқар Сарыбаев жеткізді.

Қажет АНДАС.

■Ақын – елдің ардағы



Ілияс пен ақын Сараның өздері қалмаса да, кейінгі ұрпаққа маржандай мұра болып сөздері қалған киелі өлке – Жетісу. Осы өлкенің небір талантты тумаларының арасынан өткен ғасырдың 50 жылдарының соңында ойлы өленімен оқырманға танылған қарымды қаламгер, өткір тілді ақын – Сәкен Иманасов болатын. Ол 1938 жылдың 2 мамырында Алакөл ауданындағы Талапкер ауылында дүниеге келді. Орта мектепті бітіре салып теміржол құрылысында жұмысшы болды. Жоғары білім алған соң, сол кездегі аудандық комсомол комитетінде, одан соң аудандық және республикалық «Лениншіл жас» газетінде, облыстық партия комитетінде, Қазақстан Жазушылар одағында жауапты қызметтер атқарды.

ЗАМАНА ЖЫРШЫСЫ

Сәкен ақын жоғарыда аталған қызметтерде жұмыс істей жүріп ел мен жер, ұлт пен ұрпақ жайлы мазмұны терең, тілі өткір өлеңдерді қалың оқырманға бірінен кейін бірін ұсынды. Алғашқы өлеңі 1956 жылы жарық көрген ақын С. Иманасовтың қаламынан «Туған ауыл», «Ақ айдын», «Ақ дариға», «Жайдарман», «Ғашық дүние», «Алтын аймақ», «Ғашықпын саған», «Бел – белес», «Адырна» және «Жебе» сөздері оңдаған жыр жинақтары жарық көрді. Бір қуанғанымыз, Сәкеннің әр жаңа кітабын қазақ оқырмандары жақсы қабылдап, ақындық еңбегін жоғары бағалады. Өйткені, ол әр өленінде адам мен заман, уақыт пен қоғам, шындық пен жалғандық туралы қарапайым тілмен елге түсінікті шығармалар ұсынумен болды.

Сәкен ақынның орыс тілінде жарық көрген «Созвучие», «Тетива» атты кітаптарын орыс тілді ағайындар да аса ризашылықпен жоғары бағалағанынан хабардармыз. Біз өмірден озғанына бір жылдай ғана уақыт болған, тірі болса 75 жасқа толып ел-жұртының алдында шығармашылық есебін беретін, қазағына кеңінен танымал ақын туралы қатардағы оқырман ретіндегі пікірімізді ауылы ағамыздың өзі жоқта ортаға салуға мәжбүр болып отырмыз.

Сәкен ақын тым еңбеккор болатын. Өмірге көзқарасы да, ақын ретіндегі жауапкершілігі де бөлекше еді. Қаламын серік етіп, өз білімін оқу арқылы толықтырудан шаршаған емес. Осы сөзіміздің дәлелі оның 1993 жылы жарық көрген II томдық шығармалар жинағын, одан кейін 1998 жылы оқырмандар қолына тиген I томдық таңдамалы өлеңдерін, 2001 жылы жарық көрген «Қаламдастарым мен замандастарым» атты жарық көрген эсселер мен арнау өлеңдердің басын қосқан кітабы. 2003 жылы «Елорда» баспасынан шыққан «Өткірдің жүзі» деген жыр топтамасы, «Жазушы» баспасынан шыққан «Қалам мен Заман» деген естеліктерінің әрқайсысы көпшілік сүйсініп оқитын құнды да мазмұнды дүниелер болды.

2008 жылы таңдамалы шығармаларының 5 томдығы оқырмандар қолына тағы да тиді. Осы жылы ақын балаларға арнап «Жәнібек пен атасы» атты жаңа кітабын шығарды. Қарап отырсақ, ақын С. Иманасовтың текке өткізген жылдары тым-тым аз секілді. Бәлкім, сыршыл жүрек мәңгілік дамыл таппаған бойдағы бар қуатпен елге қызмет жасап кетейін деген болар. 2007 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Ғашық дүние» кітабында Сәкен ақын былай деген екен:

«Туған жер,
тыным жоқ менде,
Қалғанша қуат сарқылып.
Құс болып келіп көктемде,
Көлінде жүзем шарқ ұрып.
Жетермін және сен күткен,
Даулылды көмей жырышң боп.
Өзіңе ғана ел біткен,
Таңыркай қарап тұрсын деп».

(Соңы 3-бетте).

■Құрмет

Биыл да, атаусыз қалмайды

Дала заңы бойынша қасиетті қарттыққа жету үлкен мұрат болған. Бала кезімізде ақ сақалды аталарымыз бен ақ шашты әжелерімізден: «Жасымызда қаншалықты бейнет берсең, қартайғанымда соның зейнетін көрсете гөр», – деп жаратқанға жалбарынып отырғандарына талай куә болдық.

Бұған қоса олар адамның әдемі қартая білуінің өзі баға жетпес бақыт екенін де сөздеріне түзбей ететін-ді. Ал бұл қылықтарына біздер күле қарап, көрі адамға әдемілктің не қажеті бар деуші едік. Сөйтсек, қариялар сөзінің жаны бар екен. Адамның жаратылғаны сықылды әркімнің де әртүрлі қартаятыны заңдылық. Бірі үрім-бұтағы мен күлді жұрттың ықыласына бөленіп, ардақтысына айналса, енді бірі бала-шағаның берекесін қашырып жүріп кемпіршал атанатыны шындық. Қалай десек те Алланың берген ғұмырын әркім өз ақыл-парасатымен меңді етпек.

Қай кезде де қоғам ізгілігі балалар мен қарттарға жасаған қамқорлықпен бағаланбақ. Бұл тұрғыда елімізде қариялар мәселесіне тоқталар болсақ, қарттар мен мүгедектер, қорғаушысы жоқ кембағалдар, жалпы зейнеткерлер жайы Президентіміздің дәстүрлі халыққа Жолдауларында назардан тыс қалған емес. Елбасының сарабдал саясатының арқасында Қазақстанда қарттарға қамқорлық жасауда ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Бұл біздің Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуына және дамуына өз үлесін қосқан ардагерлерге көрсетілер құрмет пен жасалар қамқорлықтың тамаша үлгісі десек те болғандай.

Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі де аудандағы жалғызілікті зейнеткерлер мен қарт мүгедектерге қамқорлық танытып, қанатының астына алуда.

– Биылғы мерекеде де қарттар атаусыз қалмайды. Бүгінгі жас – ертеңгі қарт. Осы заңдылыққа бас иген қазақ қашанған үлкенді сыйлауда тәспісінен жаңылмаған. Халқымыздың «Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет» немесе «Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келеді» сықылды пәпсапалық мәні зор қағидалары жасына да, жасамысына да бағдаршам іспеттес болуы да соның жарқын көрінісі. Елімізде қарттарға деген ықылас жыл санап артып, мемлекет тарапынан көрсетілер көмектің көлемі де ұлғаюда. Ескелді аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі жанынан жалғызбасты қарттар мен мүгедектерге үйге әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесі жұмыс істейді. Аталмыш бөлімше қарамағында 91 жалғызбасты қарт бар. Оның ішінде 13-і мүгедек жандар болып табылады. Бұларға 12 әлеуметтік қызметкер қызмет көрсетеді. Олардың бәрі қарттардың шәкі жанын түсіне білетін нағыз еңбеккөр жандар. Осы түста мерекеге орай ұйымдастырылатын қайырымдылық шарасына қолұшын беріп, көмектерін аямаған жандарды да атап өтсем деймін. Олар «Болашақ» сауда үйінің қожасы Цон Сун Дя, «Сәнкар» сауда үйінің директоры Ж. Сарғалдақов, «Шағанбаев» шаруа қожалығының жетекшісі Дубек Шағанбайұлы. Газет бетін пайдаланып осы жандарға ерекше алғысымды білдіремін, – дейді бөлім басшысы Есболған Тұрсынбаев.

Сарби ӘЙТЕНОВА.
ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ.



Ел есінде қалса игі

3-бет



ДӘРІПТЕУДІҢ ҮЛГІСІ

Қара өлеңнің жәлпозы

4-бет



ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Үстіміздегі жылдың шілде-қыркүйек айларында Алматы об-лысына бір топ халық қалаулысы іс-сапармен келіп, олар жергілікті жерлерде тұрғындармен кездесулер өткізген болатын. Халықпен жүздесуде көпшіліктің талап-тілегі, ұсыныс-пікірлері тыңдалды. ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары қалың бұқараның көкейіндегі мәселелерді талқылай келіп, ең өзекті деп танылған Панфилов, Еңбекшіқазақ және Үйғыр аудандарындағы жүгері егісін қайта жандандырып, дамыту мәселесін үстіміздегі жылдың 9 қазанында өткен Мәжілістің жалпы отырысында қарап, ҚР-ның Премьер-Министріне депутаттық сауал жолдады.

Жүгері өсірушілерге қолдау керек

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі С. АХМЕТОВКЕ

Құрметті Серік НЫҒМЕТҰЛЫ!

Қазақстанның Қытаймен шекарасындағы Оңтүстік Шығыс қақпасы саналатын, Ұлы Жібек жолының тарихи шежірелі қойнауы – Алматы облысының Жаркент өңірі, яғни Панфилов ауданының жері шұрайлы, егістік, көкөніс, бау-бақшасын суаратын суы жеткілікті, қысы жұмсақ, жанға азық, малға жайлы. Осындай тұрмысқа қолайлылығынан кезінде, яғни өткен ғасырдың 20-30-шы жылдарында Қазақстанда болған алапат ашаршылық тұсында еліміздің Орталық, Солтүстік, Батыс өңірлерінен жан сауғалап келген мыңдаған бауырларымызды ашаршылық аранынан сақтап қалған елке. Сондықтан да бұл ауданда қазақ жерінің терт бұрышынан келген ұлтымыздың ұрпағы, толып жатқан этностардың өкілдері тұрады. Жаркент жеріне көршілес Қытай шаруалары да ежелгі тарихтан бері көз тігіп, қызығумен келеді. Айта берсек, артықшылықтары мен ерекшеліктері көп-ақ.

Өңірдің бірден-бір ерекшелігі – Қазақстанның басқа облыстарында өсе бермейтін, өссе де ашық күн мен суға байланысты дәл Жаркенттегідей өнім бере алмайтын, адамға да, малға да азықтық қуаты мен витаминдік құрамы сән алуан, дүниежүзінде стратегиялық дақыл саналатын жүгері дақылының өсетіндігі. Өткен ғасырда, 40 жылдан астам кезеңде Панфилов ауданы жүгері тұқымын Қазақстанның барлық Солтүстік облысына, Ресейге, Шығыс Еуропа елдеріне экспортқа шығарып, мал азығының саласын көтеріп тұрды.

Қазір Үкімет «мал басын асылдандырамыз, экспортқа ет шығарамыз» деп неше түрлі бағдарлама жариялап жатыр. Бірақ өткен қыста қаншама мал басы азық тапшылығынан қырылды. Тұрақты, коректі азық базасын жасамай ешқандай мал бордақылау ісінің жүзеге аспайтыны түсінікті болса керек. Еліміздің барлық кинотеатры мен демалыс орындарында балаларымыз Қытайдан, Түркиядан, басқа алыс шет елдерден келген «попкорн» сияқты жүгері өнімдерін уыстап жеуге мәз.

Осыған байланысты Алматы облысы, Панфилов ауданындағы жүгері өсірушілердің осы өнімді өндіруді қайта қалпына келтіріп, аудандағы суармалы жерлерді толық игеру туралы бастамаларын қолдауыңызды сұраймыз. Атап айқанда:

1) жүгері егісін, оның өнімін, тұқымдық дәнді субсидиялаудың көлемін қайта қарап, жүгерішілерді ынталандыруды жолға қою;

2) Жаркент қаласындағы жаңа технологиямен іске қосылған крахмал-сірне зауыты қазірдің өзінде жүгері дәнінен 26 түрлі өнім шығарып, 400-ден астам адамға жұмыс беріп тұр. Зауытқа қолдау көрсетіп, 50 мың тонна жүгері сатып алуға квота беріп, дәндік-тұқымдық қор жасауды ұйымдастыру;

3) жүгері себу, жинау кездерінде жанар-жағармайға қолдау көрсету;

4) аудандағы суармалы каналдарды, қырмандарды, жүгері дәнін сақтайтын арнайы орындарды жөндеуден өткізіп, қалпына келтіру;

5) жүгері алқаптарын минералдық тыңайтқыштармен, қажетті жүгері жинау техникасымен қамтамасыз ету шараларына көмек көрсету қажет.

Мұндай шаралардың сондай-ақ, осы облыстың Еңбекшіқазақ, Үйғыр аудандарында да, яғни жүгері және соя алқаптарын қалпына келтіріп, еліміздің мал азықтық базасын нығайту үшін жасалуын сұраймыз.

Осы мәселелердің оң шешілуіне арнайы тапсырма беріп, бақылауға алуыңызды өтінеміз.

«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 27-бабының 4-тармағына сәйкес жазбаша түрде жауап беретініңізге сенеміз.

Құрметпен, Мәжіліс депутаттары:
Қуаныш СҰЛТАНОВ,
Темірхан ДОСМҰХАМБЕТОВ,
Зағипа БАЛИЕВА,
Тұрарбек АСАНОВ,
Әлихан ТОЙБАЕВ,
Рамазан САРПЕКОВ.

ҮДЕМЕЛІ ИНДУСТРИАЛДЫ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ

"ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКАҒА" даңғыл жол

Елбасы Қазақстанның «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі Концепциясын бекіту туралы Жарлыққа қол қойғаны белгілі. Бұл құжаттың табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, экономиканы диверсификациялау және жаңа жұмыс орындарын құру арқылы халықтың әлеуметтік жағдайын көтеру, қоршаған ортаны жақсарту арқылы ұлт денсаулығын нығайту және өмір сүруін ұзарту, сондай-ақ, экономиканы жаңғырту мен теңгерімді аймақтық даму есебінен елдің орнықты дамуын қамтамасыз ету мәселелерін қарастыратыны белгілі.



Гүлзат УАТАЕВА
"Жетісу"

Бұл жайында Елбасы: «2017 жылы өтетін көрменің тақырыбын энергияның баламалы көздері мен «жасыл экономика» мәселелеріне арнап отырмыз. Бұл жоба таза экологиялық технологияға және жаңғыртылған энергетикаға негізделеді. Индустриалық-инновациялық дамуды жеделдету жөніндегі мемлекеттік бағдарламаға сәйкес, еліміз 2015–2020 жылдар аралығында жалпы ішкі өнімдегі энергия шығынын тиісінше 25 пайыздан 10 пайызға азайтуды көздеп отыр. Осыған орай, «жасыл технологияға» негізделген, жарықты барынша үнемдейтін диодты энергиялық құат көздері мен құрылыс материалдарын шығаратын өндірістерді дамытуға күш сала бастаймыз», – деп атап өткен. Концепцияда, сондай-ақ, су ресурстарын басқару тиімділігін арттыру, өнеркәсіптік технологиялық модернизациясы және халықаралық міндеттемелерді орындау арқылы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерне де көңіл бөлінген. Осыған орай, су ресурстарын басқару тиімділігі және Елбасы тапсырмасына сәйкес жарықты үнемдеуге бағытталған баламалы энергиялық құат көздерін дамыту мәселесне ден қойған аудан әкімі Бинәлі Ысқақ Есік өзені бойында салынып жатқан қуаттылығы 1 мегаваттық 3-ші суэлектростанцияның құрылысымен егжей-тегжейлі танысып қайтты. Мәлім етелік, 2008 жылы 2-ші Есік суэлектростанциясы іске қосылған болатын. СЭС құрылысының сметалық құны 540 мың теңгені құрайды. Бүгінде, нысан жүйелі жұмыс атқаруда. Ал, енді 3-ші СЭС құрылысы қар түспей тамамдалады десек, бірінші және негізгі СЭС-тің болашақ салынатын орны белгіленіп қойған. Жалпы Есік өзені бойында ұзын саны 4 СЭС салынбақ. Барлық СЭС-тің инновациялық технологиялар жобасын құрып, құрылыс жұмыстарын жүргізіп отырған «Энергия әлемі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Мекеменің бас директоры Кенжемұрат Дүкенбаевтың айтуынша, құрылысы 2008 жылы аяқталған платинасы жоқ, яки бөгетсіз 2-ші суэлектростанцияның кепілденген күші 1,8 Мбт.-ны, ал қондырылған күші 5,0 Мбт-ны құрайды. Құрылыстың әлеуметтік-экологиялық маңызына 5 жұмыс орнының құрылғанын, тауда балалардың шаңғы, шанамен сырғанауына арналған арнайы орынның ыңғайланғанын атап өтті.

– Ең негізгі 1-ші СЭС-тің құрылысына 4,5 млн. доллар қаржы қажет. Яки, қомақты инвестиция тарту мәселесін қолға алу керек. Бұл стансының қуаттылығы, болжам бойынша, 4,5 мегаватт болады. Бұл дегеніңіз, 40 мыңға жуық тұрғыны бар Есік қаласын электр энергиясымен толық қамтамасыз етуге қауқарлы деген сөз. Су тауден 160 метр биіктіктен құлап жатыр. Бізге энергия өндіру үшін де осындай қуат қажет етіледі», – деп жұмыс жоспарын жеткізді. Өлбетте, аудан ортағыңда статистика мәліметтері бойынша, 38 мың тұрғын бар. Ал, негізінде 50 мыңға жуық. Аудан әкімі Б. Ысқақ бұл туралы: Балқаш ауданының өзінде 30 мың, Ақсу ауданында 40 мың тұрғын барын мысал етіп, біздегі электр энергиясына деген тапшылықты жоюдың бірден-бір жолы осы екенін айтты.

Құрылысы жүріп жатқан 3-ші СЭС жайына тоқталып өтсек. Энергетик К. Дүкенбаевтің айтуынша, СЭС салынып жатқан жер жеке шаруа қожалығынан сатып алынған. Қажетті құрал-жабдықтары толық қамтылған құрылысқа көз жүгіртсек, ғимараттың жоғарғы жағына күннен энергия алатын арнайы қондырғылар орнатылады. Демек, бір жоба күн көзінен әрі судан энергия алуға мүмкіндік береді. СЭС-ке құбыр арқылы секундына бір кубометр су келсе, Есік қаласының тұрғындары секундына 150-200 литр су тұтынады. Сонда қалған су төменгі құбыр арқылы қайта сайға құйылып, жаңадан өндіріледі. Яки, бұл жобаның басты мақсаты – бір тамшы суды да ысырап етпеу. Есік суэлектр-станциялары орналасқан жердің барлығы дерлік ұлттық саябақ аумағында. Сондықтан, келісімшарт бойынша, «Энергия әлемі» бұл жерлерге шлагбаум, видеоқондырғы, субұрқақ орнатып береді. Тіпті, бүгінгі күні, субұрқақ айналасына жас отау құрғандар арнайы бас сұғып, естелік суретке түсетін болған екен. Өрине, бұл қуанышты жағдай. «Алдағы уақытта, 1-ші СЭС жанына қыстық демалыс орнын жасау жоспарда бар. Бұл ниет – болашақ еншісіне, – деп К. Дүкенбаев қуанышымызды еселеді.

Айтып өткен абзал, «Энергия әлемі» ЖШС-ның бас директоры Кенжемұрат Дүкенбаев – республикаға белгілі энергетик. Оның елімізде қолға алған жобалар саны 44-ке жеткен. Бұдан бөлек, Грузия сынды бірнеше шет мемлекеттерде де қолтаңбасын қалдырған. «Білетіндерден білмейтіндер көп. Күн екі минутта бүкіл адамзатқа бір жылға жететін энергияны жерге береді. Алайда, оны игеру өте қиын. Бірақ, су да, жер де сол Күннің туындысы. Ал, жердің астындағы газ, мұнай осыдан 62 млн. жыл бұрын пайда болған. Оны біз мына қарқынымызбен пайдаланар болсақ, 200 жылда тауысатын түріміз бар. Сондықтан, әр үрпақ өзінің заманына тиесілімен ғана күн көру керек. Болашақ еншісі өзінде қалуы тиіс», – деп ойымен бөлісті энергетик. Ал, аудан басшысы Бинәлі Ысқақ бұл орайда: – «Жасыл экономика» бағдарламасы – тың жоба. Себебі, тікелей Елбасы бастамасымен қолға алынған «Жаһандық энергоэкологиялық стратегияны» қалыптастыру идеясының жүзеге асу барысы жарияланады бұл бағдарламада. Бұл ретте, «Жасыл көпір» әріптестік бағдарламасының орны ерекше. Бағдарламаның басты мақсаты – "жасыл экономикаға" көшуде мемлекетаралық және секторалық күштерді біріктіру және қолдау болып табылады. Бастамалар кедейлікті жойып, экономикалық өсімнің жоғарылауына, әлеуметтің әлеуеті артуына септігін тигізуі тиіс. Сондықтан, біз мұндай жобаларға тек қолдау көрсетуіміз қажет. Орын алған кедергілерді жою жолында жұмыс жүргізіп, сіздердің еркін әрі кедергісіз жұмыс жасауларыңыз үшін біз қолымыздан келгенше көмек көрсетеміз. Себебі, мұның барлығы болашақ үшін жасалып отырған игі істер». – деп маңызды салаға қолдау білдіретінін жеткізді.

Қазіргі таңда, әлем елдерінде энергия көзінің тапшылығы байқалуда. Сондықтан, дүниежүзі қуатты күн, жел секілді табиғи көздерден алуға көше бастады. Елбасы атап өткендей, болашақта бүкіл әлем «жасыл» технологиямен алға жылжитын болады. Бүгінде елімізде балама энергия көздерін дамытудың әлеуеті аса жоғары екені даусыз. Мамандар еліміздің су, жел және күн энергиясынан алынатын қуат көзінің ресурстық әлеуеті 1 трлн. кВт/сағатқа тең келетінін алға тартуда. Жел энергиясы жөніндегі әлемдік кеңестің мәліметі бойынша, 2020 жылы жел электр стансылары өндіретін электр энергиясының көлемі жаһандық тұтыну деңгейінің 12 пайызын қамтамасыз етуі мүмкін. Бұл орайда жаңадан 1,4 млн. жұмыс орны ашылып, ауаға таралатын көмірқышқыл газының көлемі жылына 1,5 млрд. тоннаға дейін азаяды. Яки, қазіргі көлемінен 5 есеге қысқаратын болады. Ал, 2030 жылға жақындағанда жаһандық энергетикалық өндірісте жел энергиясының үлесі 20 пайызға жетпек. Бұл орайда айта кетер жайт, ауданымыздың Шелек өңіріне қарасты Масақ ауылында салынатын жел электр стансысының бір қондырғысының биіктігі 100 метрге дейін барады. Яки, бұл ауданымыздың болашақта елімізді «жасыл экономикаға» көшуіне қосқан қомақты үлесі болмақ.

ЕҢБЕКШІҚАЗАҚ АУДАНЫ.

АРДАГЕРЛЕР ҰЙЫМЫНДА



Ауылды ынтымаққа, ауызбіршілікке, ағайындыққа шақыратын қария атаның да жолы қиын, салмағы ауыр. Оны көтере біletін де, көсегесін көгерте алатын да бар, қадірін кетіріп, қиюын қашыратын да жоқ емес. Өрине, қария болу жаспен өлшенбейді. «Өсер елдің баласы он бесінде баспын дер», – деп бабаларымыз қадап айтып кеткендей, мағыналы тірлікпен, ел мен жер үшін сіңірген өлшеусіз еңбекпен өлшенетіні де жасырын емес. Ондай жандар да арамызда жетерлік. Сол аталарымыз заман тарылып, кісілік кеміп, ерлік езіліп, рух өлеусірей бастаған шақта ұлылар мен алыптардың дәстүрін жалғастырып жүр. Бұл да бүгінгі күннің талабы, ертеңгі күннің бақыты үшін бағасы үлкен, бағалауға татитын құндылық. Ал осы зерде, зейін, сезімталдықтың да бүгінгі ақсақалдар мен әжелеріміздің бойынан көрініс табуын арыдан іздеуге болады. Жас пен жалынға шомылған, адамдар жүрегіне жазылмас ізін қалдырған XX ғасырдың отызыншы-қырқыншы жылдары – сол тұстағы буынның желкілдеген жас құрақ сәбилік, балалық шағын аямай таптап, өртеп өтті. Өмірдің ауыртпалығын көрген ақсақалдарымыз бастан кешкен азап пен татқан запыранды қазіргі буын татпай, кешпей, бейбітшіліктің қаусар ауасын армансыз жұтуы үшін күресіп келеді. Сол игілікті істердің ұйытқысы болған республикалық ардагерлер қоғамдық ұйымының атқарған жұмысы шаш етектен десек, құрамында 186 мың зейнеткері бар облыстық ардагерлер ұйымының нәтижелі істері көңіл қуантарлық. Бұл туралы Тіл сарайында өткен облыстық ардагерлер ұйымының пленумында көз жеткіздік.

Қажет АНДАС
"Жетісу"

КІСІЛІК пен КІШІЛІКТІҢ ҮЛГІСІ

Газетіміздің алдағы санында айтып өткендей бірқатар елге сыйлы ақсақалдар мен әжелеріміз қатысқан жиынды облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы Ардақ Сыдық жүргізіп, «Облыстық бастауыш ардагерлер ұйымдарының жұмысын жетілдіру жөніндегі міндеттер туралы» тақырыпта баяндама жасады.

Ардақ Мауытханұлы қыркүйек айының 25 – 27 күндері Қызылорда қаласында өткен республикалық ардагерлер ұйымының кешпелі семинар-жиналысында өңірдегі ардагерлерді бастауыш ұйымдарға біріктіріп, зейнеткерлердің ешқайсысы сыртта қалмайтын, қайта қоғамдық жұмысқа белсене араласатын жағдай жасау керектігі туралы міндеттің баса көрсетілгенін айта келіп, облысымыздағы ардагерлерге жасалып жатқан жақсылық пен атқарылған іс-шаралардың ретімен таныстырды.

Оның айтуынша, үстіміздегі жылдың тоғыз айында облыстық ардагерлер ұйымы жарғыға сәйкес 1 пленум, 7 төралқа мәжілісін өткізген. Онда зейнеткерлердің әлеуметтік жағдайын, оларға бағытталған мәдени-тұрмыстық, дәрігерлік көмек деңгейі және зейнеткерлердің өңірдегі қоғамдық жұмысқа қатысу белсенділігі, жастарды ата-баба дәстүрін сақтауға, тәуелсіз елдің патриоттары болуға, лайықты маман болуға тәрбиелеу бағытында ой бөлісіп, ортақ шешімге келген. Осыған орай, бастауыш ұйымдардың жұмысын жандандыру мақсатында 11 рет семинар, 1 рет аймақтық жиналыс өткізген. Маңызды шара аясында Қарасай, Іле, Талғар, Жамбыл аудандарындағы бастауыш ұйымдарды жетекшілері Қарасай ауданында бас қосып, аймақтық семинар өткізсе, Алакөл, Қаратал, Көрбұлақ, Панфилов, Үйғыр, Сарқан, Ақсу аудандарында өткен семинар-кеңестер өз нәтижесін көрсетті. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Ардагерлер ұйымының VI шешіміне сәйкес аудан, қалалардағы бастауыш ұйымдардың есепті кездесулері жалғасуда. Осындай кездесулер барысында бастауыш ұйымдардың ұйымдық мәселесіне назар аударылып, оларды басқаруға сол аймақтағы беделді, білімді, тәжірибелі ақсақалдар мен әжелер тартылып, бастауыш партия ұйымдарының қызмет сапасы арта түскен. Сондай-ақ, осындай шара аясында ардагерлерге қатысты толғақты мәселелер шешімін тауып, мақсатты істің байыпты жүргізілуіне бағыт берген.

Айтпақшы, облысымызда 900 ардагердің бастауыш ұйымы бар. Орта есеппен алғанда бір ұйымға 207 зейнеткер тура келеді. Тіпті, тұрғындары тығыз орналасқан Еңбекшіқазақ ауданындағы 40 бастауыш ұйымға 502 адамнан тура келеді де олардың басын қосып, жиналыс ашу көптеген қиыншылықты туындатады. Сондықтан баяндама барысында Ардақ Сыдық осы күрмеуі қиын мәселені шешу үшін алдағы уақытта шағын аудандарда, ПИК-терде, көше комитеттерінің жанынан тұрақты жұмыс істейтін шағын бастауыш ардагерлер ұйымдарының құру керектігін ұсынды. Сөз арасында әжелер ұйымдары туралы да тілге тиек еткен баяндамашы облыстық «Ардагер – әжелер» комитетінің аудан, қаладағы әжелер ұйымдарымен тығыз қарым-қатынас орнатып, олардың жұмысын жандандыруға қолдау танытуды ұсынды. Сондай-ақ, ардагерлер ұйымының жұмысына белсенді қатысқан бір топ ақсақалдың атын құрметпен атап өткен Ардақ Сыдық облыстық ардагерлер ұйымы жоспар бойынша бастауыш ұйымдар арасында жылына бір рет байқау ұйымдастырып, олардың жұмысын қорытындылап отырудың керектігін де қағыс қалдырған жоқ.

Баяндамашы сөз орайында облыстық ардагерлер ұйымының «Нұр Отан» ХДП облыстық филиалы, облыстық білім басқармасы, денсаулық сақтау басқармасы, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы, Қазақстан халқы Ассамблеясы облыстық филиалымен тығыз қарым-қатынаста атқарылған жұмыстарды тізіп шығумен қатар, аталған мекемелермен алдағы уақытта да бірлесе отырып атқаратын жоспарларын білдіре кетті.

Облыстық ардагерлер ұйымының атқарған шаруасына көңіл қуанады. Десе де, ұйымның алдында шешімін күткен мәселе де жеткілікті. Соның ең бастысы – аудандық, қалалық ардагерлер ұйымдарының жұмыс орнының болмауы. Айталық, бүгін де Ескелді, Көрбұлақ, Көксу, Қаратал, Талғар, Еңбекшіқазақ аудандарында Ардагерлер үйі жоқ. Әлде бір ғимараттың бір-екі бөлмесін қанағат етіп отырғандары да аз емес. Ал бар бөлменің өзін техникалық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілмеген. Әлбетте, материалдық-техникалық жағдайы жетіспеген ұйымның жұмысының да өрге баспайтыны анық. Осы мәселеге тоқталған Ардақ Сыдық бастауыш ардагерлер ұйымының тек қана биліктен бірлесе жұмыс істеумен қатар, кәсіпкерлермен, басқа да үкіметтік емес ұйымдармен тығыз қатынаста болып, материалдық шарт-жағдайын шешу жолын қарастырудың жарғыға сай келетінін де білдіре кетті.

Бары мен жоғы, жетістігі мен кемшілігі толық көрсетілген баяндаманың көпшілікке әсері де аз болған жоқ. Келесі кезекте сөз алған Райымбек аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Совет Оразаев, Талғар аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Серік Байбазаров, Қапшағай қалалық ардагерлер ұйымының төрағасы Сергей Вижунов, тағы да басқа жарыссөзге шыққан ардагерлер облыстық ардагерлер ұйымының атқарған жұмысына жоғары баға бере отырып, өз өңіріндегі жаңалықтармен бөлісті.

Демек, көкірегі қазына, ойы асыл, көргені мен көкейге түйгені мол ақсақалдар мен ақ жаулықты әжелеріміздің бастамасымен өңір жастарын отансүйгіштікке, елжандылыққа тәрбиелеуде бірқатар игілікті жұмыс атқарылуда. Расында, қазіргідей қайшылығы сан айқасқан күрделі қоғамда, әсіресе, жастардың санасын түрлі бағыт, мақсатпен уландырып жатқан жат пиғылдар жан-жақтан анталаған дәуірде өзіндік ұстанымы бар, өмігре түсінігі терең, ақ-қараны ақыл таразысымен өлшейтін ата-аналарымыздың арқалайтын жүгі салмақты. Осы мақсатты берік ұстанып, адалдықты алданспан еткен облыстық ардагерлер ұйымының жеткен жетістігін мақтаныш етуге болады. Осыған орай, жылға жетер уақытта атқарылған жұмыс жайы сөз болумен қатар жиналыс барысында абзал ой, бекзат болмыс, ақсақалдық тазалығымен қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып жүрген бір топ ақсақал мен ақ жаулықты анамыз және әр сала өкілдері облыстық ардагерлер ұйымы, «Нұр Отан» ХДП облыстық филиалы, тағы да басқа облыстық басқармалардың Құрмет грамоталарымен марапатталды. Қызыл сөзге ұрынбай, өңір ардагерлерінің түйінді ой-пікірі, ұсынысы ортаға салынған, артықшылық пен кемшілік қатар қаузалған жиналыстың соңында пленумның қаулысы қабылданды. Қасиетті жеті санын еншілеген жеті тармақты қаулыда бастауыш ардагерлер ұйымының алдағы уақытта атқаратын жұмыс жоспарын жетілдірудің жолдары анық көрсетілген.

СУДЬЯЛАР СЪЕЗІ ҚАРСАҢЫНДА

Он қадам

1996 жылдың желтоқсанында өткен судьялардың I съезінде республика Судьялар одағының іргетасы қаланған болатын. Содан бері тарих үшін сот жүйесінде сан бедерді қатпарлармен, айшықты да айқын бағыттарын белгілеген ұлан-ғайыр өзгерістер өмірге келді.

Осы жылдардан бері Судьялар одағының бес съезі болды. Судьялар қауымдастығы атқаратын жұмыстардың мақсат-мүддесін айқындап беретін бұл съездерде судьялар арасында моральдық тазалықты, парасаттылық пен жоғары адамгершілікті кәсіби біліктілікті жандандыру қажеттілігіне ерекше көңіл бөлінді. Тағайындаудағы жариялықты, ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында аудандық және облыстық деңгейдегі судьяларды лауазымға конкурстық негізде тағайындау тәртібі жүзеге асырылды. «Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьялар мәртебесі туралы» Конституциялық заңның қабылдануы соттың беделін жоғарылатып, тәуелсіздігін қамтамасыз етіп, мәртебесін көтерді. Соттардың тиімділігін арттыру үшін мамандандырылған соттардың құру да өз нәтижесін берді. Осы мақсатта барлық облыстарда мамандандырылған экономикалық, әкімшілік соттары, Алматы қаласында инвестициялық дауларды шешетін арнайы қаржылық соты, ювеналдық соттар, аса ауыр қылмыстық істерді қарайтын мамандандырылған ауданаралық қылмыстық соттар құрылып жұмыс жасап келеді. Сот беделі сот шешімдерінің әділдігіне, судьялардың біліктілігіне, судьялардың ұстанған ұстанымы мен жеке басының қасиетіне байланысты. Республикадағы сот құрылымының іс жүргізуін, оны оңтайландыру арқылы тиімділігін арттыру басты мәселеге айналды. Соттар қызметінің тиімділігі олардың шығаратын шешімдерінің әділеттілігімен жедел және толық орындалуы-кез келген мемлекеттің демократиялық дамуының негізгі көрсеткіші. соттардың шешімдерінде қарап қоғамның мемлекетке деген кезқарасы қалыптасады. заңның үстемдігін қамтамасыз ету және азаматтардың мүдделерін қорғау қабілеті бағаланады. Сот іс қарған кезде ашықтық, жариялылық, қойылған басты талаптардың бірі. Соттардың жұмыс жоспарына сай баспасөз конференциялары, брифинг, «Ашық есік» күндерін жүйелі түрде өткізу жолға қойылды. Соттардың қызметіне ақпараттық технологиялардың жаңа жетістіктері енгізіліп келеді. Автоматтандырылған электрондық құжат айналымы. Жоғарғы Соттың және облыстық соттардың интернет кеңістігінде болуы, процеске қатысушы интернет арқылы сотта құжаттарының жай-күймен танысуға мүмкіндік беретін ақпараттық дүңгіршектерді орнату – сот жүйесінің қазіргі жетістігі.

Алдағы өткізілгелі отырған Қазақстан Республикасы Судьяларының кезекті VI съезі дәстүрлі басқосу ғана емес, бұл сот саласын дамытудың өзекті мәселелері жайлы ортақ ой бөлісетін маңызды мәжіліс алаңы. Оған Мемлекет басшысының қатысуы судьяларға үлкен жауапкершілік жүктеп отырғаны ақиқат. Бұған дейін Елбасы Н. Назарбаев Судьялар одағының V съезінде алдымызға маңызды міндеттер қойды. Қазақстанның сот жүйесінде кемшілікті сот төрелігіне қалай қол жеткізуге болатындығын ашып көрсетті. Өткізілгелі отырған съезде судьялардың көкейінде жүрген мәселелердің бірі – жалақы мен зейнетақы мөлшерін көбейтіп, әлеуметтік жағдайын жақсарту. Ендеше, бұл ауқымды басқосуда әлі де болса сот жүйесінде қордаланған мәселелердің түйіні тарқатылып, оның бағыт-бағдары айқындалатыны сөзсіз. Сондықтан да осы мәселе Елбасының қолдауымен оң шешімін табады деген үміттемыз.

Ұлан КІШІБАЙ,
Райымбек аудандық сотының судьясы.

24

«Жетісу» – 95

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР

ТӨРТ ҚҰБЫЛАСЫ ТЕҢ ТҰСКЕН



"Адам болып жарық дүниенің табалдырығын аттаған әрбір пенде үшін тірлігінде не істедім? Не тындырдым? Қайсы жұмысым жұртқа пайда келтірді немесе мені жетістікке жетелеген қандай арман, нендей мұрат?" – деген тұрғыда өткеніне қарап, келешегіне ой түю адам баласының басты ұстанымы саналмақ. Осы тұста Абай данаға үңілсек: «Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күніне бір мәрте, болмаса жұмасына бір, ең болмаса, айына бір өзіңнен-өзің есеп ал?» – деген көсем ойға кездесесің. Бұл тұжырым ғасырлар деген атты арқалап жүрген әрбірімізге айтылған пікір, ұсынған бағыт, сілтеген сілем іспетті. Сондықтан күшіне, айына, жылына болмаса да орайы келгенде елуінде, елу бесінде болсын, тіпті, алпыс немесе жетпіс, тәңір жарық дүниені қызғанбаса одан да ары қарай өткен күннен есеп беріп тұрудың ешқандай әбестігі жоқ деп білеміз. Әрине, адам болып өмірге келген соң тірліктің сан сынағынан өту үшін тырысып, тіршілік ету әркімнің парызы. Десек те, өмірдің сан тарау жолында төрт құбылаң түгел болса, бұдан артық не керек?!

Қажет АНДАС
"Жетісу"

Төрт құбылаңның түгел болуы адамның өз басының қажырлы қамқарекетіне, тапап-талантына да байланысты шаруа. Халқымыз айтқандай, төрт құбылаңның теңдігі бірінші байлық – денсаулық, екінші байлық – ақ жаулық, үшінші байлық – он саулыққа ие болуың, сонымен қатар, төртінші байлық – жан байлығына да қол жеткізуің болса керек. Ал Мұрат Халықтың басында бұдан езге тағы да төрт байлық бар. Олар ата-ананың асыл арманы, қоғамның қажеттілігі, еңбектен талқан бақыт, отбасының жылуы мен балалардың шат күлкісі. Бірақ, өмір жолы қашанда бұралаң соқпақпен ерілетіні есекерсек, мұндай байлыққа тек ерік-жігері мықты, табандылығы тастай, ешқандай кедергіден қаймықпайтын табиғаты тұрақты, ең бастысы өз басын алдымен өзі сыйлайтын адам ғана қол жеткізе алады. Сонда оның ел-жұрт алдында жүзі жарқын, жүрегі ақ, беделі жоғары болмақ. Мұрат Шаяхметұлын осы қатарға жатқызуға әбден болады. Неге?

Әкеге тартып өскен ұл

Өмір де, ел аузында әке мен бала арасындағы сыйластық, түсіністік, өзара бағалау тұрғысынан айтылатын көптеген ұлағатты мысал жеткілікті. Әсіресе, біздің аға-буын әкені сыйлау мен қадірлеуде әлемге үлгі болды десек, артық айтқандық болмас еді. Әкесі үшін отқа, суға, оққа да түсті. Бірақ, оған бола өкпеген жоқ, әкенің бір ауыз сөзін, тамшыдай ақылын, тарыдай бұйрығын бұлжытпай орындады. Ешнәрседен кенде болған жоқ. Әкенің табанына кірген шөгірді жүрегіне қадалған қаңқамен тең көрді. Таңымы теріс кеткен жоқ. Қайта, адамдық ар, азаматтық парыз, жігіттік намыс алдында айбынды болды. Ендеше, Мұрат ағаны да сол қатарға жатқызуға болады. Ия, ағаның әкесі Шаяхмет Қалықов та жай адам емес еді. Таланты, табандылығы, жаңашылдығымен жұртқа сыйлы, елге танымал болған қайраткер. Сұңғылалығымен талай қызметтің басын үстап, бағын ашқаны тағы бар. Оның көрінсін бүгін де Мұрат ағаның бойынан тауып, іс-әрекетінен көріп келеміз. «Әке көрген оқ жонар» деген осы болса керек. Біздің білуімізше, Шаяхмет атамыз 1905 жылы Қаратал ауданының Құмарал ауылында шаруа отбасында дүниеге келіпті. Зерек, елгезек, жақсылыққа жаны құмар болып талапшыл бала орыс тілне жетік болып өседі. Балдырған шағы қатарластары сияқты малдың соңында жүріп, еңбекке төселсе, кейін Кеңес өкіметінің құрылуымен қатар ауылдағы түрлі қызметке араласады. Өйткені, ол тұста орыс тілне жетік маманға сұраныс көп болатын. Сол барыста жақсы мен жаманның парқын түсініп, өзін қоғамдық жұмыстарға қарай беймдей бастайды. Ал 1929 жылдары қазақ ауылдарындағы талантты балаларды жинап, Алматыға оқуға түсіріп, тәрбиелеу науқаны басталады. Сол қатарда Шаяхмет атамыз Алматы зоотехникалық-ветеринария институтына оқуға түседі. Қызығы мен қиындығы қатар жүретін студенттік шақ оның шымырлығын арттырып, өмірге деген құлшынысын оятты. Таң азаннан, қас қарайғанға дейін бірде аудитория, бірде кітапханаға жүгіріп жүріп, зымыраған уақытпен бірге жарысты. Төккен тері текке кеткен жоқ. Оның бойындағы жалыны мен ойының алғырлығын аңғарған институт басшылары партия қатарына қабылдап, оқу орнының партия ұйымына басшы етіп тағайындайды.

Осы тұста қазақ тарихына қасірет пен қайғының қара бұлтын үйірген ашаршылық науқеті басталады. Бұл кезде Алматыдағы ет тірі қазақ жастарын елге жіберіп, қиындық қыспағында қалған тұрғындарға болашақты түсіндіру жұмысына аттандырады. Солармен бірге туған жеріндегі бауырластарын еңбекке ұйыстырып, олардың тіршілігін сақтап қалу үшін аянбай тер төгеді. Алапат жылдардың қиындығы саябырлаған соң қайтадан Алматыға қайтып, оқуын жалғастырады. Институтты бітірген соң Алматыдағы жоғары партия мектебіне оқытушы болып, еңбек жолын бастайды. Алайда, екі жылдық қажырлы еңбегін осы оқу орнына жұмсап, ақыры партияның орналастыруымен Жаркент ауданына жол тартады. Жаркент жеріндегі жалынды бастамаларымен жоғарыда отырған ағаларының назарына іліккен жас жігіт Қазақ ССР-нің ауылшаруашылық министрлігіне жұмысқа шақырылып, республиканың мал шаруашылығы саласын өркендету міндеті жүктеледі. Бұнда атқарған әр қызметін жоғары бағалауға жетерлік. Десе де, Шаяхмет атамыз министрлікте жүргенде мал шаруашылығын асылдандыру саласының республика аумағындағы картасын жасаған бірінші маман ретінде тарихқа қалды. Ол тұста іскер кадрлерге мүмкіндік те, артылар жүк те салмақты болатын. Алпаттап, айпап жүретін іссапар қажетып тастайды. Сондай сапардың бірінде, яғни 1935 жылы Орал қаласында іссапармен жүргенде денсаулығы сыр беріп, Мәскеуге емделуге барады. Осыдан кейін Қызылорда, Шымкент, Жамбыл облысында маңызды қызметтер атқарады. Жан-жаққа шапқылаудан босап, енді біраз тыныштала бастаған тұста елді дүрліктірген алапат соғыс басталып, Шаяхмет ата соғысқа аттанады. Кавалерия дивизиясы бастығының орынбасары болып тағайындалады. Сол тұста Сталин әскер қатарындағы ауыл шаруашылығы мамандарын қабылдап, оларға соғысқа керекті сойыс мал, шөп ас, тағы басқа да материалдық қажеттілікті қамдауға тапсырма беріледі. Сол қатарда Шаяхмет ата Жамбыл облысының Красногорск ауданы, Билікөл совхозының саяси бөлім бастығы етіп жіберіледі. Соғыстан кейін 1946 – 1949 жылдары Жамбыл облысы Көктерек ауданына басшы етіп жіберсе, 1949 – 1953 жылдары Қызылорда облысы Сырдария ауданына ауысырады. Бірақ, денсаулығының сыр беруіне байланысты 1953 жылы зейнетке шығып, Алматы қаласына қайтады. Дей тұрғанмен, Ауыл шаруашылығы министрлігі оны Қаракемер зоотехникалық техникумының директоры етіп тағайындайды. Бірақ, шалғай елді мекенге орналасқан оқу орнының мүмкіндігін шектеулігін ескерген Шаяхмет ата Дінмұхамед Қонаевқа жағдайды түсіндіріп, ақыры білім шаңырағын. Талдықорған қаласына көшеді. Оқу орнын жаңа қоныска қоныстандырып, енді жайланып жатып жұмысқа кіріскенде, 1950 жылы Балқаш ұжымшарына директор етіп жіберіледі. Ол кезде жоғары жақтың нұсқауына қарсы келуге болмайды. 3-4 жылын сол өңірде өткізіп, тағы да шақыртумен, яғни 1959 жылы Ауыл шаруашылығы министрлігіне қайтады. Осы жерде өзінің мамандығы бойынша жұмыс атқарып, республиканың мал шаруашылығы саласының өркендеуіне өзіндік еңбегін сіңірген Шаяхмет атамыз 1975 жылы демалысқа шығып, 2000 жылы қайтыс болды.

Ия, халқымызда: «Жақсы өке жаман үлға қырық жыл азық болады» деген тәмсіл бар. Біз мұнда әңгіме арқауын Шаяхмет атамыздан бастаудың да өзіндік себебі бар. Өйткені, артынан ерген балаларына басып өткен жолы, көкейге түйген көсем ойы, бекзат болмысымен өмірлік азық беріп кеткен бір адам болса сол кісі. Мұны Мұрат ағаның болмысынан да аңғарамыз. Айтып өткеніміздей Шаяхмет ата саналы ғұмырында талай қызметтің тізгінін ұстаса да ары таза, жаны адал болды. Бұл балаларының жастайынан ақылды болып өсуіне жол ашты. Сондай-ақ, жас күнінде Мұхаметжан Тынышпаев сияқты арда азаматпен бірге Түрксіб теміржолын салу жұмысы кезінде байланысшы болып жұмыс атқарып, ұлылықты бойына жиған ол балаларына да сондай биіктікті үйретті. кейінде Кеңес одағы тұсындағы Социалистік Еңбек Ерлері Жазылбек Қуанышбаев, Ыбырай Жақаев сияқты халықтың қалаулы азаматтарымен жолдас бола жүріп, балаларына солардың бойында бар еңбексүйгіштікті, адалдықты үлгі етті. Тіпті, сонау ауылшаруашылық министрлігінде маңызды жұмыс атқарып жүргенде де қызметін пайдаланып, балаларын жақсы жайлы жұмысқа тартқан жоқ. Қайта оларды еңбектің өзіне жіберіп, тәрбиеледі. Мұндай қасиет екінің бірінің бойынан табыла бермейді. Ал сол ізгілік бүгінде Мұрат ағаның өзінің дұрыстығын дәлелдеп келеді.

Он үш мектепте оқыған

Айтпақшы, Мұрат ағаның 1938 жылы Алматы қаласында туды. Алдында Болат, Алма деген аға-әпкесі, артынан Айдар, Мәпс, Раушан атты іні-қарындастары ерді. Ол тұс елдегі қиындық пен ауыртпалықтың салмағы жаншып тұрған кез еді. Үрей мен қорқыныштың да сан жүректі жаралағанын қайдан ұмытайық. Бірақ, сол жылдар Мұрат ағаның тезірек ержетуіне жол ашты. Оның бір ұшы10 жылдықты 13 мектепте оқып шыққанында жатса керек. Демек, Шаяхмет атамыздың жұмысы жиі алмасқан сайын Мұрат ағаның да оқитын мектебінің аты жаңаланып отырды. Айталық, Қызылорда, Жамбыл, Алматы облысындағы біраз мектептің табалдырығын аттады. "Көре, көре көсем болады» демей ме? Ағамыз бала жасынан спортқа бейім болып өсті. Болашағында спорт саласынан бақыт іздеуге мүмкіндік туылса да, өкесінің ақылынан асып кете алмай Семейдегі зоотехникалық-малдәрігерлік институтының малдәрігерлік мамандығына оқуға түседі. Институт қабырғасында жүргенде, яғни, 1960 жылы Ғайнигүл Қазикызымен отау құрып, отбасылық өмірге қадам басады. Бұл Ғайнигүл апамыздың С. Киров атындағы қазақ мемлекеттік университетінің төртінші курсында оқып жүрген кезі еді.

Аталған оқу орнын 1962 жылы жақсы нәтижемен бітірген Мұрат ағаны Талдықорған зоотехникалық – малдәрігерлік техникумына мұғалім болып, еңбек жолын бастайды. Осы білім шаңырағында ветеринариялық пәндердің мұғалімі, сынып жетекшісі, ветеринария лабораториясының жетекшісі сияқты қызметтер атқарады. Осы жылдары «Анатомия және физиология» зертханасының мұражайын ұйымдастырып, білімгерлердің саналы білім алуына мүмкіндік жасайды. Осыдан кейін аталған оқу орны директорының орынбасары қызметін атқара жүріп, білім алу мен ауыл шаруашылығы саласын ұштастыруға мән беріп, саналы кадр даярлау ісіне көп күш салып, оқыту барысына тың жаңалықтар енгізеді. Оның жұмыстағы ұқыптылығы мен табандылығын ескерген ауылшаруашылық министрлігі арнайы бұйрықпен 1968 жылы Қостанай облысы Урицк ауылшаруашылық техникумын ұйымдастыруға жібереді. Жоқтан бар жасап, өнімді жұмыс істеу нәтижесінде аталған оқу орнын аяғынан тұрғызып, оны 3 жыл басқарады. Сонымен қатар Уицк аудандық советтің депутаты, ауыл шаруашылығы комиссиясының төрағасы, аудандық партия пленумының мүшесі болып сайланады.

Ал 1971 жылдан бастап партиялық жұмысқа ауысып, Талдықорған облыстық партия комитетінде ауылшаруашылық бөлімінің нұсқаушысы, облыстық парткомның бірінші хатшысының көмекшісі қызметін атқарады. Тағы бір айта кетерлігі – Кеңес одағы тұсында кәсіби мамандардың аяғын жерге тигізбейтін. Мамандығы бойынша қай жерде сұраныс болса соған ауыстырып істететін. Міне, осындай кездің бірінде Кербұлақ ауданын жаңадан ұйымдастыру жұмысы қолға алынады. Тағы да жаңа ауданның түрлі жұмысын ретке келтіру ісі Мұрат ағаға жүктеледі. Сонымен 1974 жылдан бастап, Кербұлақ ауданы партия комитетінің идеология саласының хатшысы болып, жаңа жұмысын бастайды. Осындағы бес жылында ауданның ауылшаруашылық өндірісін идеологиялық жақтан қамтамасыз етуді қолға алып, тұрғындардың экономика, әлеуметтік деңгейін өсіру, мәдениет саласын дамытуға өлшеусіз еңбек етеді.

Өкінішке орай, тынымсыз шапқылау, ми шаршататын жұмыс қажытқандықтан денсаулығы сыр бере бастайды да 1979 жылы Талдықорған зоотехникалық мал дәрігерлік техникумына директор болып қайта оралады. Бірақ, бір бағытты, өз ретімен жүретін тыныш жұмыс ұзаққа бармайды. Мұрат ағаны 1985 жылы экономикалық әлеуеті нашар, еңбеккерлердің береке-бірлігі жоқ, алауыздық кеулеген, тіпті, басшының үстінен жұмасына, айына бір рет арыз жазбаса бас ауыратын адамдары жеткілікті Көксу ауданындағы XXIII партсъезд атындағы кеңшарды басқаруға жібереді. Ол тұста партияның орналастыруына қарсы кепуге болмайды. Тәртіп сопай. Ал «Төрт төңірегі бір ауыл» деген ұранды ұстанған кеңшар басшысы ретінде Мұрат ағаның ұйымдастырушылық қабілеті ерекше көрінеді. Ол ең алдымен кеңшардың барлық салалы шаруашылығын есеп арқылы басқаруға көшіреді де, негізгі өндіріске ықпал ететін қосалқы бөлімдерді қысқартады. Осындай жаңа экономикалық қатынастың іске қосылуы кеңшар еңбеккерлерінің белсенділігін арттырады. Бұрынғыдай дау-шарда кездеспейді. Қайта, әр адам бірі-бірімен артық өнім алу үшін бәсекеге түседі. Бір жылдың ішінде кеңшардың өнімділігі арта түседі. Ал 7 жылдың ішінде қант қызылшасын өндіру, дәнді-дақыл, көкөніс, мал шаруашылығында сүт өндіру кешенінің нәтижелі жұмысының арқасында Мұрат ағаның басқарған кеңшар соңыс болмыстан алдыңғы орынға шығады. Артта қалған кеңшардың жұмысын алға оздырған Мұрат ағаны енді облыстық ауылшаруашылық басқармасын басқару ісіне тағайындайды. 1992 жылы аталған қызметті тапсырып алған ол тағы да жаңа бастамаға жол салады. Облыс көлемінде экономикалық реформаны бастау үшін облыстық агроөнеркәсіп кешені корпорациясын ұйымдастырады. Сол барыста әр кеңшар, ұжымшарды ауыл шаруашылығы кооперативтеріне ауыстырып, өз ішінде және басқа ұйымдармен, кәсіпорындармен өндірістік, экономикалық қарым-қатынастарды реттеуге бастамашы болады. Өкінішке орай, бұл бастама сол кезде өз өнімділігін көрсеткенімен, жоғары жақтан қолдау таппады. Оның ақыры жерді жекешелендіруді пайдасын да, зиянын да көрдік. Өкінішке орай, ауыл жылында бір-раз шаруа тындырылды дегенімізбен жеткен жетістіктер де көңіл қуантпады. Қазіргі таңда шаруашылықты ірілендіру мәселесі қолға алына бастады. Сипаты жағынан қарағанда бұл – агроөнеркәсіп кешенін корпорациялаудың бүгінгі таңдағы туындысы деуге болады. «Егер сол кезде осы бастама қолға алынғанда әлдеқалай болар еді?» – деген ой ғана кейде жүректі бір шаншып өтеді. Десе де, саналы өмірінде осындай қызметтер атқарып, жаңа бастамаларымен жұртқа игілікті іс жасаған Мұрат ағаға 2001 жылы зейнетке шығады.

Зейнеттің де зейнеті бар

Әрине, ақыл мен пайым қашанда жаспен өлшенбейді. Десе де, жасы жетіп зейнетке шыққан соң бар міндетін сырып қойып, жантайып жататын ағаларымыз да жоқ емес. Сондай-ақ, өмірлік түйгені мен білгенін, өмірден сезгенін, жинған бай тәжірибесін жарғақ құлағы жастыққа тимей жастарға үйретіп, оларды елжандылыққа, отансүйгіштікке жетелеп жүрген ағаларымызға алғысымыз шексіз. Сол қатарда бірінші болып Мұрат ағаның тілге оралатыны анық. Өйткені, 2011 жылдан бері Талдықорған қалалық ардагерлер ұйымын басқарып, ел мен жұрттың ағалығына белеңді жүргенін біледі. Әлбетте, оның барын жіпке тізгендей жазып шығуға болатын еді Бірақ, осы ретте Мұрат ағаның бастамасымен қалалық ардагерлер ұйымы тарапынан атқарылған жемісті жұмыстардың ретіне таныстыра кетсек артық болмас. Басқасын айтпағанның өзінде қалалық ардагерлер ұйымы Мұрат ағаның бастамасымен ардагерлер арасында «Дәстүршілік пен Жаңашылдық», «Тарихи ес», «Гуманизм идеялары қазіргі кезеңнің басты талабы», «Ырыс апды – ынтымақ», «Д. Қонаевқа – 100 жыл" «Үш үрпақтың үндесуі» тақырыптарымен "дөңгелек үстел", конференция, семинарлар, қала мектептері арасында «Ата-баба дәстүрі, ұрпаққа аманат» атты тәрбиелік шаралар жалғасын тапты. Тұрмысы төмен, жалғызбасты, мүгедек зейнеткерлерге керекті көмек көрсетілді. Әсіресе, 8 наурыз халықаралық өйелдер мерекесі, 22 наурыз Ұлыстың ұлы күні, 9 мамыр Жеңіс күні, "1 қазан Қарттар күні" жоғары деңгейде атап өту дәстүрге айналды. Соғыс және еңбек ардагерлеріне «Талдықорған қаласының құрметті азаматы» атағын беру, Отан соғысының ардагерлерін, тыл еңбеккерлерін және оған теңестірілген тұлғаларды санаторийлық-курорттық жолдамамен қамтамасыз ету, оларға арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету ісі жолға қойылды. Қаладағы ардагерлердің пайымы мен парасатын насихаттау мақсатында қалалық «Талдықорған» газетінен «Тағылым» атты арнайы бет ашылса, қала тарихын баяндайтын «Тарихы терең Талдықорған» атты кітап-альбом баспадан шықты. Сонымен қатар, биыл ел аумағында қазақ тарихын қайта тануын жаңа кезеңі басталғаны бәрімізге аян. Осыған орай, қалалық ардагерлер ұйымы еліміздегі тарих саласының мамандарын, ғалымдарды, өңір зиялыларының басын қосып, «Тұңғиық сыр тұнған Талдықорған» тақырыбы бойынша «Тарихы терең Талдықорған» кітабы қала тұрғындарының дүниетанымын қалыптастырушы басылым» атты ғылыми-тәжірибелік конференция өткізді. Аталмыш шараның жоғары деңгейде ұйымдастырылуына Мұрат ағаз еңбек еткен жоқ. Тіпті, сол конференция ашып, жүргізіп, қорытындылап, ертеңгі күнге із салған даралығымен көзге түсті.

Қай қырынан келсек те Мұрат ағаға басшылыққа келгелі қалалық ардагерлер ұйымының атқарған жұмысына дән риза боласың. Десе де, атағасы ұйымның алдағы жоспарлары да ауқымды екен. Оны да Мұрат ағадан сұрап білдік. Айталық, дария жағалауында 4 ғасырдан бері тұрып келе жатқан ерлігі, тектілігі мен мәрттігін өзгеге үлгі етіп, өмірінің мәні, мазмұнына айналдырғанына шүбә келтірмейміз. Биыл шаңырақ көтергеніне 53 жыл болған Мұрат ағаның Ғайнигүл апамыз түтінін түзу ұшырған, ұрпағын тәрбиелі етіп өсірген құттың шаңырақтың иелері болып отыр. Үл-қыздары Ажар. Қайрат, Тимур, Дәулет, Бақытжан, кенже қызы Меруерт бүгінде үлкен азамат болды. Алты баладан 12 немере, бір шөберге сүйіп отыр. Сол балалар алды елу жасты еңсерсе, арты қырықтан өтті. Десе де, бала жасынан өке өсиетімен шыңдалып, ақылды ананың тәрбиесін көріп өскен балалар бүгінде өмірден өз орындарын тапты. Олар да Мұрат ағаның мұратын жалғайтын перзент болғанына қуанамыз.

Әрине, мейлі қоғам қайраткері, өнер адамы немесе ғылым жолына алтын уақытын арнаған жандар немесе тағы да басқалары болсын, оның өзіндік өмір белесі, бастан кешірген ыстық-суық қайшылықтары, қалыптасу кезеңі болады. Кейде, сенің басқан ізің, сол барыста көрген, көкейге түйген ақиқаттарың жинақтала келіп, сенің келешек болмысыңды жасайды. Мұрат ағаның болмысы да міне, осылай жасалды. Ең бастысы, оның әке үмітін ақтап, қандай өмір кешірмесі болса да тайсалмай, сенді бұзып алға жүргенімен құнды. Зейнетке шыққа да еңбектен қол үзбей өскелең ұрпақтың болашағы үшін тер төгіп жүргені мақтауға тұрарлық. Тіпті, отбасы берекесі болып отырғаны да басқаларға үлгі боларлық іс. Қысқасы, Мұрат ағa осындай төрт бақытты қоршауында жетпіс бес деген белеске жетіп отыр. Алдағы күндері де бақытты болсын дейміз де, ендеше.

ОҚУ-БІЛІМ БАР ЖҰРТТА

ДАНАЛЫҚҚА ҚҰШТАРЛЫҚ ӨРІСІ

Мен философия ғылымдарының докторы, профессор Жақан Молдабековпен өткен ғасырдың алпысыншы жылдарында Мәскеу мемлекеттік университетінде қатар оқығанымды мақтан тұтамын. Содан бері кәсіби қызмет, ғылыми ізденістө ұдайы сұхбаттасып, ой бөлісіп келеміз. Талай сүбелі ғылыми еңбегінің куәсі болып, шығармашылығына көңілім толып жүрді. Ол кейінгі жылдары тың саланы – қазақтану ғылыми өрісін негіздеп, оның қыр-сырына үңілуде. Сол барыстағы еңбектерін қарап отырып: «Осы идеяның мән-маңызы неде?», – деген ой мазалап, өз пікірімді білдіргім келді.

Әр нәрсенің бастауы, соның ішінде ғылымның да бастауының ралі өте зор болады. Әсіресе, философияның бастауы оның негізгі мәселелерне байланысты. Ол бастаулар материалды немесе руханилық менге не болып, ойдың ерекше бағыттарының басында қалыптасады. Осыған байланысты ойдың өрбуі мен қанаттануы, дәлелденгені мен айқындалуы, үзіліссіз дамуы мен шектеу аймағы белгілі бір көрінстер табады. Оған тура дәлелді философия тарихын оқып-білгенде көз жеткізуге мүмкіндік мол. Яғни, оқыған мен тоқығанның әйгімасынығы – принциптті мәселелерді талдағанда кең ақтарылады.

Философия адамның ақыл-ойы, ол жаратушы танірдің барлық ісін зерттеуші, осы істердің ретін, себебін, салдарын анықтауға көмектеседі. Шындық, өз уақытысының жемісі, ол беделге тәуелді емес. Кітап оқу адамды білімді, әңгіме айту – талқыр, ал қағазға түртіп отыру – дәлдікке үйретеді.

Философияны ұғынуда кең мүмкіндік ашатын әдіс – сұхбат. Философ сөйлейтін және тыңдайтын субъект. Әр адамның әлеуметтік құбылыс туралы ойы тарихта алғашқы болмыстың мәнімен сабақтас келетін түпкілікті ұғымға сүйенеді. Сондықтан ұғыну дегеніміз – өмірдің қас-қағым сәтін қабылдайтын сұхбат, оқу – білім жүйесіндегі синтездейтін бастау.

Ғылыми даму барысында оның шеңберінен шығып кеткенмен, философия адамның ақыл-ойымен тығыз байланысты. Даналық – ойлаудың белгілі бір бағытта жинақталуының көрінісі. Даналар – алыптардың иығына мінгенде ғана дана бола алады. Данышпан – өзменөзі қалғанда жалғыздықты сезінуі мүмкін шындықты сүйе білумен қатар, адасуды да ұғына білген жан. Адамды жауап беруне қарап емес, сұрақ қойғанына қарап бағалаған дұрыс болар.

Анық үміт пен қайғы адамы батылдық философиялық ізденістің алғышарты. Өзіңе өзің иелік жасай алмасаң, дүниеге иелік жасай алмайсың. Өзіңнің нашарлығыңды ата-баба беделімен көмкеруге болмайды. Адамдардың арасында қимай өмір сүру – ең басты мәселе. Ертедегі философтар аз жазып, көп ойлаған. Ғылым болып жатқанды ұғынуға тырысады, барды айтып қанағаттанбайды. Ал таза ой болмыстың сыртқы жасырын жағын ғана емес, ішкі құпиясына үңіледі. Осыны жұртқа жеткізе білу керек. Философия ғылым ғана емес, ол жеке адамның өзінің және өзгенің өмірі туралы өмір тәжірибесі негізінде даналықты ойлау жүйесі деп ұғынған абзал.

Шындықты іздену оны игеруден маңызды. Адам іс-әрекетінің ең маңызды жемісі – өз тұлғалығы. Бұның басты философиялық қағидасы ретіндегі негізгі ұстаным – егер дүниенің өзгеруін қаласаң, алдымен өзің өзгеруге тырысып бақ. Бұл зор талғам. Оқытушы мен оқушының санасы өзара ықпалдасқанда, жасампаздық қарым-қатынас та өзгереді. Адамның санасы өзгелердің сөздерне, әңгімелесу нәтижесне тәуелді. Ал әңгімелесу дегеніміз – екі жақты сұхбаттасудың терең көрінісі. Көпсөзділіктен қашықтап, бірсөзділікке жақындау қажет. Бір сөзбен көп нәрсені білдіру және көп сөзбен бір мағынаны беру – оқу-оқыту жүйесінің негізгі өзегі деп танытуға тырысу керек. Оның түпкі ізденген мақсаты – құпиялықты ашу. Нағыз құпия табиғи құбылыстардың өзінде емес, жалпы әлемді, адамның өзін, оның рухани дүниесін жаратқан күдіретілікте.

Философияның өзі методологиялық ғылым болғандықтан, оның ұғымдары мен категорияларын басқа ғылымдардың аумағында қолдану аса күрделі болмайды. Ал философиясының өзін-өзне қолданғанда қалай болады? Бұл күрделі мәселе. Классиктердің осыған арнап жазған әртүрлі пікірі бар. Олардың көпшілігі философияны тек пән ретінде қарастырғандықтан, оның шын мәнін аша алмады. Осыған орай, «Шынтуайтына келгенде, философияны бастапқы мағынасына тылсым дүниенің таза ой деңгейде бейнелейтін, оның құпия сырын ашуға ұмтылған даналыққа құштарлық, әфсанасында қабылдау дұрыс па?» – деп профессор Ж. Молдабековпен ой бәлісілік иіетке келдік.

Аманжол ҚАСАБЕК,
философия ғылымдарының докторы,
Ө. Жолдасбеков атындағы экономика және құқық академиясының профессоры.

КӨКЕЙКЕСТІ

Ортақ өгізден, оңаша бұзау артық

Кедендік одақ елдерінде шетелден келетін автокөліктерге төленетін баж салығының көлемі әрі елімізділ көптеген тұрғыны жеке көлік міну туралы арманын құрықтауға мәжбүр болды. Дегенмен кейбір істің жөнін білетін пысықайлар заңнаманы белден басатын қадамға барып, жақын жердегі Бішкектен көлік тасымалдай бастағаны жасырын емес. Әрине, Кедендік одаққа мүше Қазақстан үшін қырғыздан келген автокөлікке белгілі бір шектеулердің болатыны анық. Тіпті, бар ақшасын жинап арзан көлік алғандар тұрағынан алысқа шыға алмайды. Себебі, жол полициясымен бірлесе жұмыс істеген кеденшілер қырғыз нөмірлі көліктерді тоқтатып, айыптұрақтарына әкетуге құқы бар.

Мәди АЛЖАНБАЙ
"Жетісу"

Кедендік одақ сыртқа келетін автокөлікке салынатын кеденді баж салығын 2010 жылы көтерген-ді. Бұл талайлар үшін ауыр тигені рас. Кеденді одақ аумағында жиі кездесетін автокөліктің (шығарылғанына бес жылдан асып кеткен, қозғалтқышының ауқымы екіден үш кубқа дейінгі) әр куб сантиметрне 4 евродан баж салығы алынады. Мысалға, зауыттан 2006-2007 жылдары шыққан, қозғалтқышының көлемі 2500 см³ болатын «Фольксваген» және «Тойотаны» алайық. Енді, 2500-ті 4-ке көбейтейік. Тең болады – 10 мың евро. Елімізге жақын жерлегі Қырғызстан мен Моңғолияда мұндай баға жоқ. Сондықтан көлікті арзанға алу арқылы кеденді баж салығынан құтылуды ойлаған азаматтар Бішкекке жиі баратын болған. Алайда бұл кеденді ережені бұзу екендігін ұмытпаған жөн.

Дал қазіргі күні қалаларымыздың уақытша сақтау қоймалары кеден қызметі мамандары ұстаған көліктерге толып барады. Өйткені, Қырғызстаннан кіргізілген көлікті сатып алған ақшасынан да қымбат баж салығын төлеп жөтуге иесі асығар емес. Тұрасын айтқанда Кеденді одақ ережесіне сай алынатын баж салығын ол алдекашан ұмытып кеткен.

Кеденді бақылау департаментінің мамандары халыққа: арзандығына сенің қырғыз көліктерін әкелудің дұрыс еместігін, түптің түбінде кеденді тексеруден соң алған көлігің нақты бағасы екі есеге өсетінін жариялап, ескерту жасағандығын айтады. Алайда адамдар кеденді салықты айналып өтіп Қырғызстаннан көлік әкелуді тоқтатар емес. Сонан кейін контрабандалық жолмен әкелген автокөлігін қайда апарарын білмей дал болады.

Расында халықты арандатып, алдап отырған көлік сатушы саудагерлердің өзі. Өйткені, ел ішінде: «Қырғызстан Кеденділк одаққа мүше болады екен, сонда кеденділк баж салығын төлеудің қажеті болмай қалады», – деген алыпқашпа әңгіме жиі айтылғаны жасырын емес. Алайда Қырғызстан үш мемлекеттен құралған Одаққа кіргенімен қарамастан жекелеген азаматтар қырғыздан көлік әкелуді қәсіпке айналдырып жүр. Оның себебі, жақында ғана алынған шетелдік көліктің мемлекетімізділ шекарасынан тегін өтуіне жасалған жеңілдікте жатқан сияқты. Ондай жеңілдіктің бары рас, бірақ ол тек шетел азаматына ғана жарамды. Яғни, өзінің көлігімен Қазақстан Республикасының аумағына кірген шетелдік кеденділк орган рұқсат еткен мерзімге дейін жүре алады. Бірақ ол мерзім бір жылдан артық емес. Осының жақсы білетін елімізділ азаматтары Қырғызстанға немесе Моңғолияға аттанып, автокөлік сатып алады. Бірақ оны өз атына жазғызбайды. Сатушы қырғыз немесе моңғол көлікті жүргізіп, шекарадан оп-оңай өтеді. Себебі, кеденші оған ешқандай айып тағa алмайды. Зат бойынша қырғыз автокөліктің иесі болып қала береді. Ол болса қонаққа бара жатқанын айтады. Бұдан кейін шекарадан алыстаған соң сатып алушыға сенімхат жазып береді. Осындайда, «сауда сақал сипағанша» деген мақал еске түседі. Сонымен қатар, сенімхатты Қырғызстанда жасайтындар да бар, бірақ сатушы мен сатып алушы елімізділ шекарасынан бірге өтеді. Сөйтіп, арнайы бизнға автокөлік «Қордай» кеден бекетінен өткенің, ел аумағына уақытша заңды түрде кіргені тіркеледі. Содан соң арада өткен жеті сағаттан соң Қырғызстан азаматы елге жаяу оралады. Ал, оның келігі Кеденділк одақ аумағында жүруге аттанады. Бұдан ары қарай сатып алушы атқан оқтай тұлаған көліктің дүмдегіне кіріп, кеденшілердің назарынан елеусіз қалатынына сенім артады. Дегенмен контрабандамен күрес басқармасының мамандары ерте ме, кеш пе, әйтеуір бір тоқтатары анық.

Егер қырғыз нөмірлі автокөліктің рулінде жеңілдікпен шекарадан өткен шетелдік азамат отырмаса кеден заңнамасы бұзылған болып шығады. Осы жерде анықтай кететін нәрсе, бізділ азаматтар: «Онда тұрған несі бар, автокөлік иесі заңды жолмен айғақталған, нотариалды түрде расталған сенімхат беріп отыр ғой», – деуі мүмкін. Азаматтық құқық жолымен қарасаңыз заңға қайшы келетін нәрсе жоқ секілді. Бірақ кеденділк заңнама ережелері бойынша заң бұзылғаны анық. Өйткені, автокөлікті пайдалануды кеденділк органның рұқсатынсыз беруге болмайды. Яғни, әңгімеміз басындағы көлік сатқан шетелдік қана көлікті шекарадан өтерде толтырған декларацияға сәйкес жүргізуге құқылы. Егер оның көлігін басқа адам жүргізсе кеденділк заңды (әкімшілік кодекстің 430 бабын) бұзған болады. Ондай жағдайда заң бұзушы 5-ten 10-ға дейінгі (8655-тен 17310 теңгеге дейін) аралықтағы есептік көрсеткіш бойынша айыппұл төлейді. Соттың осындай шешімімен көлікті заңсыз жолмен әкелген жан кеденділк органға оралып: «Айыппұлын төледім, көлігімді қайтарыңдар!» – дейді. Мүмкін арзан көліктің айыппұлын төлеп кете беремін деп ойлайтын болар. Жоқ! Бұдан ары кете алмайды. Біз ондай жандарға: «Айыппұл сіздің заң бұзушылығыңыз үшін салынды. Бірақ кеденділк баж салығын төлеуге міндеттісіз. Оңсыз автокөлік берілмейді», – деп түсіндіреміз. Яғни, сатушы автокөлікті беруге берген сәттен бастап, кеденділк төлемдер мен салықты төлеу міндеті сатып алушыға ауысады. Кеденділк баж салығының мөлшері 60 еврога тең, оған қосымша автокөліктің шыққан жылына, қозғалтқышының қуатына байланысты төленетін төлемдер тағы бар және көлік бағасының 12 пайызын құрайтын қосымша құн салығын қоса есептеңіз. Расында зауыттан шыққанына бес жылдан астам уақыт өткен көлікке салынатын салық сомасы екі миллион теңгеңі шамасында болады. Бір сөзбен айтқанда жалғыз әкімшілік айыппұлмен мәселенің түйіні шешілмейді.

Негізі айыппұл төлеу міндеттелген қазақстандықтардың автокөлікті меншігіне алғанын растайтын құжатты болмайды. Көпшілігінде автокөлікті жүргізуге рұқсат беретін сенімхат қана бар. Сонымен жүріп жауапкершіліктен құтылғысы келетіндердің әрекеті күлкілі. Өйткені, автокөлікті айыппұл тұрағынан не

■ Айтайын дегенім...

Өмірі өнеге, тағдыры тағлымға толы өткен уақыттың кариялары мен тұлғаларының тәлім-тәрбиесінде өсіп, касіретті заманның қиындығына душар болып, оны да бастан өткіздік. Жаратқан Алла жар болып, тәуелсіздікке еліміздің қолын жеткізді. Оның әрбір арайлап атқан таңын қарсы алып, нұрлана батқан кешін шығарып салып, алдағы үлкен мұраттардың жақсылығын көруге ұмтылыс ниетімен кариялық жастың биігіне аяқ бастық.

ІСКЕР АЗАМАТҚА АЛҒЫС

Менің екі мерекенің ивсінің бірімін деп отырғаным, ол да жаратқан Тәңірімнің маған сыйлаған жақсылығы деп сезінемін. Өйткені, бірінішісі, Абай бабамның: «Адамның адамнан артықшылығы ұстаздан» – деген қағида өсиетін терең түсініп мұғалімдік мамандықты атқара білуім болса, екіншісі, жаратқан ием маған таза саңлақты ұзақ ғұмыр сыйлады. Сөйтіп, Қарттар күні мен Мұғалімдер күні мерекелерінің құрметті қонағы ретінде жиындардың төрінен орын алып келемін.

Қазіргідей бақытты заманға жеткізген ағa ұрпаққа кейінгі толқын ұрпағымыз соғысқа қатысқан майдангерлерге, емір бойы ерен еңбегімен тер төккен тыл ардагерлеріне қамқорлық жасап, олардың тұрмыс-тіршілігіне, әлеуметтік жағдайына, денсаулығына, бойынан қуат кеткен қарияларға нақты көмек беретін мейірімді ұрпақтарына ақ батасын беріп, мақтанып-шаттанып жатады. Осылардың бірі – өзінің ерен еңбегімен өсіп, абыройға, батаға кенелiп, биіктен көрінеп карттарға қайырымды-қамқоршы болып жүрген парасатты азаматтың бірі ғана емес, бірегейі «АлматыГазСервисХолдинг», «Isker Company» компанияларының құрылтайшысы Болат Өміралиевке, оның ұжымына Қарасай ауданының соғыс және еңбек ардагерлерінің, қарияларының айтар алғысы шексіз!

Өйткені, «Ер есімі – ел есінде» дегенді қолдай отырып, 1999 жылы ашылғаннан бастап бұл мекеме бүгінге дейін Ұлы Отан соғысында шейіт болғандарды есте сақтауда, оларға жасалған ескерткіш-обелиск қабырғасының алдында «Мәңгілік алауды» жақтырып қою идеясы Болат баламыздың шынайы жүрек түпілі мен дүмпуінен шыққан еді. Қазір бұл жерді халқымыздың, жастарымыздың тағзым етіп, бас иетін киелі орнына айналуы көңіл қуантады. Бұндай игілікті істердің ізі басқа аудандарда жоқ.

Екіншіден, Ұлы Отан соғысына қатысқандарға газ отынын емірлік ақысыз пайдалануға мүмкіндік жасап та компания ұжымы майдангерлердің ақ батасына белөнді. Соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлерінің тұрмыс-тіршілігіне көмек-қолдау көрсетуде де өздерінің шынайы қамқорлықтарымен өзге компания, бірлестіктерден алдеқайда алда келе жатқаны аудан халқына белгілі. Өйткені, бұл ұжым өздерінің халықпен бірге екенін жауапкершілікпен сезінеді. Үшіншіден, ата-бабалардан қалған аманат – елінің салт-дәстүрін, адет-ғұрпын құрметтеп, жас ұрпаққа тарату да бұл компания ұжымының ұлттық нақышта өткізетін жиындарының күәсі болып жүрміз. Төртіншіден, басшы адам атқаратын қызметінде тек өзім демей, өз басының тәрбиелі, тектілік мейірімімен, еңбексүйгіштігімен ортақ мүдделі шешуде ұжым мүшелерін тең санап достық қатынаста олардың қамын ойластырғанда ауқымды ұтатыны, үлкен абыройға жететіні белгілі. Әбеңұлы Болатты жоғарыда аталған санаттағы басшы деп бағалаймыз. Қазіргі кезде осындай, Болат сынды шынайы қайырымды, шын қамқор басшылардың аздығын аңғарасың.

«Алматы ГазСервисХолдинг» пен «Isker Company» ұжымының таяуда бірлесіп атқарған тағы бір қайырымдылық шарасы қандай қатығез адамға болмасын үлкен ой салатындай. Ол былай болған екен. Жасы үлғайған соғыс, еңбек ардагерінің өз бетінше бұрынғыдай сөнеп, қозғалысының нашарлағанынан хабар алады. Компания басшылығы адам жіберіп, мән-жайды білген соң көмектесуді ұйғарады. Тұрған үйінің ауласынан серуендеп жүретін жол салып, оның бетін тақтатаспен жауып, шаршаңқыраған кезде сүйеніп тұратын белдеу жасап, оның үстіне қиюы қаша бастаған қақпасын жаңадан жасатып салдырып берген. «Бұл компанияның сізге Қарттар күніне тарткан сыйлығы» деп ақ батасын алады. Осы да асқан адами парасаттылықтың жарқын мысалы емес пе?!

Қадірменді Болат балам! Басқарып отырған компанияның Елбасының «Қазақстан – 2050» Стратегиясының жаңа белестерін алу мақсатында қойып отырған талаптарының биігінен көрінеп, ел мүддесіне бастайтын, бос қиялға бастайтын, үнемі дос жинаудан қашпайтын, бекер үәде шашпайтын, қарсыласқа сыр ашпайтын, есебі дұрыс – саспайтын, жаңалықты қолдайтын батыл да сенімді мінезіңмен жаңа табыстарға жете беруіңе тілектестігімді білдіріп, отбасыңа бақыт, қуаныш, өзіңе зор денсаулық, ұжымыңа, Айна, Бауыржан, Сырым, Сағат және тағы да басқа ақылдастарыңа шынайы алғысымды жақсылықтың хабаршысы, сүйіп оқитын газетім «Жетісу» арқылы жолдайымын!

Сейітхан ИСАЕВ,
ҚР еңбегі сіңген қызметкері,
аудандық ардагерлер кеңесінің құрметті төрағасы.

■ Тылдағы тағдыр

Қайсар қыздың көз жасы



Сұралып соғыс қызып тұрған 1942 жылдың сары күзі. Ымырт түсе бастаса да, есік алды қаптаған қалың ел. Ат үстіндегі Далбай Биебаевты майданға шығарып салушы ел-жұрт толассыз қош айтысып жатыр. Бір сәтте әжем дауыс шығарды: «Жалғызым-ай, он сегіз балаңмен шіңде көзі тірі жалғызым-ай!» деді көз жасын көлдетіп. Сай-сүйекті сырқыратпақ мына сөздерді естігенде Далбай шыдамастан атқа тобылғы сапты қамшыны басып сұр жорғамен салып ұрып кете барады. Әбден ойдан толқыған иесінің мінезін сезген сұр жорға шабқанын асем аяқ алысымен зуылдығын күртқурт шәйнап, алыс жолға бет алғанын сездірді. Үй артында бір топ аттың шаңын жұтып, жалғыздан қалған жалғызды Забила құшақтап бауырына тықты. «Қарағам, сені маған аманат етіп әкең тапсырып кетті. Сені оқыту, тәрбиелеу менен мойынында. Жүр жылама», – деп мені жетектеп үйге әкетті.

Өпкем Забиланы 6-сыныпта оқып жүрген кезінде ауылдағылар «ереже шора» деп атапты Далбай Биебаевпен бірге туған әпкесі. Өйткені туса да, алғаш үйленгенде, баласы болмай, өпкесін бауырына басып алған көрінеді. «Мен Баба деп кеттім, менің де фамилиям Биебаева Забила Далбайқызы болып жазылды. Бабам армияға кеткен соң, бізді жұмысқа құдалай бастады Әкем. «Анау Нұрғайшаны ауырып жатқанына қарамай, малға шықсын деп жатыр. Сен анау бабаңның достарына барып айт. Далбайдың әйелінің ауырғанына қарамай жұмысқа шақыртыпты және сұр жорғаны берсін» – деп шабармандарын жіберіпті. Мен зыр жүгіріп ауданның прокурорына және милицияның бастығына мән-жайды түсіндіріп айттым. Ол да кешкісін қараңғы түсе біздің үйге келді. «Апай, біздің сіздерге берер ақылымыз – сіздер ертең кешкісін «Калинин» колхозы Көкөзекке бұрынғы Далбай басқарма болған жерге бір түнде көшіп кетіңіздер. Қазір заман қиындады. Ал Забиланы есепке жақсы деп айтады ғой мұғалімдері. Сол Көкөзек ауыл кеңесіне мына қатынас қағазын берсін, ол сонда ақша жинайтын агент болып орналасады», – деді ол. Өлгі тастап кеткен қағаздарына қарасам салық комиссетінің аудан басшысы деп қол қойылған. Және мөрі де тұр», – дейді Забила Далбайқызы. Бұл оқиғадан кейін көз ілмей, ұйымға салынады.

Ертеңінде қараңғы түсе екі өгіз арба жеккен екі адам келіп, «Комсомол» ұжымшарының басшысы Далбайдың үйіндегі бұзылып тұрған жүкті ілезде екі арбаға тиеп үлгереді. Үйді күптеп зуру Нұрғайшаны жүктің ішіне жатқызып бетін жауып жолға шығады. Қараңғы түн ештеңе көрінбейді, әлгі екі кісі Забилаға алдын ала Қожамберліге жүріп, сұр жорғамен жылқыларды бір-бірне қосақтап күте тұруын өтінеді. Забила 50 шақты қоймен алдыға шығып кетеді. Өпкеміздің түн ортасында батыр денелі жылқышының отбасы қарсы алады. Қымыз ішіп, ішіне ел қондырған нәзік жан ұйқыға кетеді.

– Қалқам, түрегел, жылқы келді! – деді жылқышы алдеқашан уақытта. Сұр жорға аяқ астынан бет алып ұзын жолға түседі. Басқан суынан өткізіп Жабайханның жотасына шыққанда: «Ал, қалқам, Забила, сенің батырлығың бар. Атқа жақсы отырасың, аумай-төкпей сар желіспен елінде тарт. Жылқы жарықтық малдың патшасы емес пе, мен сан рет бөлініп кеткен жерінен айдап келгем, қорықпа, соңында «Жолдайлағың» бар», – деп Забиланың арқасынан қағып қош айтысты.

– Жабайқан деген кісінің бейіті ең биікте жота үстінен соққан түнгі салқын қатты жел қойынды қоңышымды толтырды. Басымдағы бас киімнің қайда қалғанын білмеймін. Мәңдайымнан суық өтіп басымды қайда тығарымды таппадым. Андасанда жерді иіскеп қойып, жирен бие басымды қоя бер деп тұған жерне жеткенше асық. Менің алдыма түскен сұр жорға өзіненөзі тежеле жорғалап жеткізер емес. Мен оған қарап Бабам есіме түсіп жылап келем. жанұрдың иесінен айырылған соң, енді тұрақты мекенне сағынышым жетіқсем деген ойы ғой деймін. Мен Құртібаев Лепсібай деген ағайынның үйіне тақ атар алдында келіп жеттім. Ырыпдасқан төбеттердің дауысынан оянған Лепсібай ағa маған тандана қарап: «Қарағым, сағаң мұңшама жылқыны қалай айдап әкелдің? Далбайдың сені ерекелеп қара тентегім деген шындық екен ғой» – деп маған ішті разы болып қалды, – деп еңіреп жалғайтын өпкеміз.

– Мына алты бас жылқының қайсысын менсің?

– Мен анау сұр жорғаны мінем, – дейді Забила.

Забиланың айтуынша. Лепсібай ағаның жолдасы үшып түреген, оның әйгайлап қарсі ді. Құшағына алып өксігін басады. Үйге келіп тұруын өтінеді. Көкөзек – алтын бесік. Далбайдың шаңырағы ауылға келісімен ел тік тұрып қарсы алады.

«Мен аудан бастығы ұсынғандай агент болып орналастым. Күнің атысы ел аралап, сұр жорғаға мініп, ең қап толғанша ақшаға жинаймын. Ол кезде ылғи ұзын ақша, кешкісін ауыл кеңсесіне келіп санаумен боламыз. Бүтіл ел мен келе жатқанда, кейінде ұялып үйлеріне тұрмай кетіп қалатын болды. Өйткені ақша азайды, не ішем, не жеймін дейтін уақыт туды. Көп кешікпей акмшилктен бізден ауылдық басқармаға қатынас қағазы келіпті. Далбайдың сұр жорғасы Жотатуған басқармасының бас аты етіп бекітілгендігі туралы. Мен бермеймін деп жылап, жұмысты тастап, сұранбай Лепсібай ағаға келдім бора-бора болып. Лепсібай ағa мені көріп көп ойланып отырып: «Қарағым, қара тентегім, бірақ сен тентек емессің, ақылың барғой, ақылға кел. Бабаңның өзін де өкімет алып кетті. Ал мынау бүкіл дүниеге түскен ауыртпашылыққа болаттай берік бол. Ертең анау жұмысыңнан айырылысың. Одан да анау қартайған әжең мен әсетіңді ойла. Саған үлкен міндет артылып тұр», – деп мені еңтілмді басып, сабама түсірді. Одан да Далбайдың артында қалған жалғызын тәрбиелеп, заман-есең өсіріп, қолына ұстатуымды күп көрді. Мен бойыма күш-қуат жинап жолға қайттым», – дейді Забила әже.

Шабуды білмейтін жануар Забиланы бесікте тербеткендей тербетіп сырғып келеді. Екі көзінен ыстық жас тоқтамай ағады. Өксігін баса алмай, аяқан күйінде ауылдық басқарманың есік алдына кеп бір-ақ тоқтайды. Атты алуға дайындалып жүрген егде адам сұр жорғаның кең кеудесіне тамсана қарай берді. Танауының кеңін-ай жануардың деп басына жүген сала бастады. Ат үстінде өскен нәзік Забила ішті: «Қош бол, сұр жорға!» – деп көз жасын сүртеді.

Иә, өпкемнің еңілмесі жүрекке тиеді. Қазақ халқы жылқы жануарын тебесіне көтеріп әппештеген ғой шіркін! Мұндай оқиғалар жылқы мекезді қазақта жиі кездеседі. Ауылы өпкем асыл әже майданнан қайтпаған Бабасын ойлаумен таяқта сүйеніп күрсініп қояды. Ақсу ауданының Тарас деген жерінде тұрады. Асхат деген ұлы, Ардақ деген келіні бар. Ардақты ардагер ана. Қазірде алты немеренің әжесі. Тыл ардагері.

Әсет ДАЛБАЕВ.

АРАСАН АУЫЛЫ,
АҚСУ АУДАНЫ.

■ Ұлттық тәрбие

Ата-баба дәстүрі асыл мұра

Адам – табиғат перзенті десек, оның рухани қорегі – ән мен күй, музыка.

Құлақтан кіріп, бойды алар,
Жақсы ән мен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар.

Өнді сүйсең, «меніше сүй», – деп тебіренген ұлы Абай, тағы да: «Тұғанда дүние есігін ашады өлең» дейді.

Иә, шыр етіп дүниеге келген нәрестеге өмірінің алғашқы күнінен бастап анасының құшағында мейірімге толы алдинан естіп өседі, ерөкетейді.

Әлди-алди, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат бөпем.
Жылама, бөпем, жылама,
Жілік шағып берейін,
Байқұтанның күйрығын
Жілік тағып берейін.
Немесе:
Әлди-алди, бөпешім,
Қозының жүні кепешім,
Жүрт сүймесе сүймесін,
Өзім сүйген бөпешім.

Міне, осылайша сүйікті перзенті үшін өнлетюен бесік жыры, ән өлеңдері сөби санасына ана сүтімен дариды.

«Бесік жырының» негізгі мақсаты – баланы ұйықтату, жұбату. Ана бөбегін тербетіп отырып, әдемі сөзбен өндетіп, жақсы тілектер айтады.

Ананың бөбегіне өүенмен айтқан әлдиі, аңыз ертегісі, мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаш, мысал, шешендік сөздер, күлдіргі өңгімелер сәбидің жан дүниесіне өсер етіп, ізгі қасиеттерін дамытуға үлкен қызмет атқарады. Оның келешегіне рухани азық болады.

Алғашқы «Бесік жыры» ананың алдінен басталған ең, әдемі сазды өлеңдер, ертегілер бірте-бірте балалардың жас ерекшеліктеріне сай күрделене түседі. Бұлардың бәрінің тілі оларға ұғымды әрі тартымды, шебер құрастырылып отырады.

Ғасырлар бойы атадан балаға өсиет болып келе жатқан халық даналығы баланы тал бесіктен бастап біртіндеп саналы еңбекке үйрету, өтірік айтпау, мақтанбау, шындықты жақтау, көпшіл болу, туған елін сүю, кір жуып кіндік кескен ата мекенді кастерлеу, үлкенді сыйлау сияқты тәрбиелік мәні зор қасиеттерге баулиды. Адамгершілігі мол, елге үлгілі азамат етіп өсіру мақсатын көздейді. Көркемдікті тани білуге, музыканы сүйіп кадірлеуге, өз бойына өдепті мінез-құлық нышандарын калыптастыруға, шымыр да шыдамды, батыл да батыр болуға үйретеді.

Сондықтан да фольклордың қай түрінің болса да жас ұрпақты жанжақты тәрбиелеуге маңызы зор.

Бұл – халықтың мәдени асыл қазынасы әрі жас ұрпакка тәлім-тәрбие беретін халықтық педагогиканың асыл мұрасы. Күн көрісі малмен байланысты болған ата-бабаларымыз кең-байтақ жеріміздің сұлу табиғатын, аңы мен құсын, өзен-тауларын өнге, жырға қосқан. Адам бойындағы жағымды, жағымсыз мінез-құлықтарды жанжануарлар, хайуанаттар мен құстардың бейнесі арқылы суреттеп көрсеткен, ұрпағына үлгі еткен. Мысалға, «Қарға мен Қарлығаш» туралы мысал, аңыз-әңгімені алайық.

Бір тауда жалғыз қарға мекендейді. Оның бес балапаны болады. Күндердің бір күнінде қарға даладан аққудың жемтігін тауып өкеліп балаларын тамақтандырып былай депті:

Балалар, қарандаршы келбетіме,
Бар ма екен мендей сұңқар жер бетінде.
Аққуды анау байғұс ілгенінде,
Өзге құс бірі көште бірі жерде, – деп балаларына мақтанып отырады. Оны осы манда ұшып жүрген Қарлығаш естіп қалады.

Сонда Қарлығаш:

Ассалаумағалейкум, қарға батыр,
Ақмайға бес балапан батып жатыр.
Мен ілген-ай аққуға мақтанды – деп,
Сені ілдеп екі лапын келе жатыр, – дейді.

Мұны естіп қарға шошып кетеді де, сөскалақтап қарлығашқа былай деген екен.

Бір тауда бес балапан,
жалғыз қарға,
Қарлығаш көзіңді сал балаларға.
Мені ілдеп екі лашын келе жатса,
Тығайын мен басымды бір қалыңға,
– деп бас сауғалап ұша жөнелген екен дейді.

Міне, бұл мысалдан халық жас ұрпакка қарғаның бейнесі арқылы мақтаншақтық, арамзалық, қорқақтық сияқты жағымсыз мінездерден аулақ болуды ескертсе, қарлығаш бейнесі арқылы ақылды, тапқыр адал, шымшыл болуға тәрбиелейді.

Тағы бір мысал.

Көктемде көкек жұмыртқасын шымшықтың ұясына салып кетеді. Бес жұмыртқаны шымшық арып-талып басып шығарады. Балапандар дүниеге келген сон, оларды зар қағып ұшып, құртқұмырсқалар тауып өкеп асырай бастайды. Солардың ішінде бір балапаны ерекше болып шығып, тамакка тоймай, өсе келе «анасы» шымшыққа тап-тап беріп ұмтылатын көрінеді. Сондағы анасының балаларына айтып зарлағаны екен.

Шымшық:
Бес балам-ау, бес балам,
Бес балаңның ішінде.
Көкі шегір өрт балам,
Анаға бала жүтірмес,
Тілімді алсаң, қой балам, –
деп, өз ұясына қона алмай айналақтап ұшып жүр екен. Міне, мұнда да халық өз даналығын бір шумақ өлеңмен ғана жеткізген. «Көкек сияқты безбүйрек ашадан сақтан, анаға ауыз салған опасыз баладан сақтан» деп ескертсе, өділетсіздіктің құрбаны болған, аңқау кішкентай шымшық бейнесі арқылы еңбеккор, мейірімді болуға тәрбиелейді. Дастан, эпос, айтыс, термелер сияқты бұл мысал аңыз-өңгімелер өдемі сазды өнмен айтылады.

Мұндай музыкалық фольклорды халқымыздың өнерпаздары, жыршылары ақындары сан ғасырдан талай-талай ұрпактардан өткізіп, біздің заманымызға дейін жеткізіп отыр.

Бұдан да басқа көне заманнан келе жаткан халық фольклорының бірі – жаңылтпаштың да бала тәрбиесінде алатын орны ерекше. Әсіресе, кейбір дыбыстарды дұрыс айта алмай қиналатын балаларға жаңылтпаш айтып дағдыландыру, жаттығудың пайдасы зор.

Міне, осындай халықтық педагогиканың асыл мұралары – фольклорды бүгінгі күнгі ұсталлар тәрбиешілер оқу-тәрбие жұмысында көбірек тиімді пайдаланғаны жөн. Мысалға жаңылтпашты алатын болсақ, бұлардың өн-музыка сабағында атқаратын рөлі жоғары. Өйткені өннің сөзін анық түсінікті етіп бұзбай не кідіріп қалмай шапшаң айтуға дағдыландыратын өн артикуляциясына пайдалануға болады.

Талай ғасырдан өтіп, ұрпактан-ұрпаққа жетіп халқының рухани байлығына айналған мұраны – фольклорды – ғалымдар, зерттеушілер ел аузынан жинап, қағазға, нотаға түсіріп зерттеп, көптеген композиторлар өз шығармаларына арқау етті. Орыс халқының ұлы композиторы М. Глинка бұл жөнінде былай деген: «Музыканы халық шығарады, біз тек оны өңдеушіміз. Қай халық болсын, келешек ұрпағын өз халқының музыкасын сүюге, құрметтеуге, оның байлығын білуге тәрбиелейді. Басқа халықтың музыкасын сыйлай біл, бірақ – өз халқының музыкасын сүйіп насихаттау өркімнің парызына айналуы тиіс. Өйткені ол өз халқының жүрегінен жарып шыкты ғой». Әлі де болса халық арасында жиналмай, зерттелмей жатқан асыл мұралар көп. Соларды жинап-зерттеу, болашақ жас ұрпакты ұлттық психологияда тәрбиелеу, олардың рухани азығына айналдыру – көпшіліктің, музыка мамандарының үлкен борышы.

Алтын БҮРКЕЕВА,
«Ардагер әжелер» ансамблінің көркемдік жетекшісі.

■ Ардагерлер үйінде

Ұрпақ қамын ойлаған

Талдықорған қалалық ардагерлер ұйымының ұйымдастыруымен өткен жылы атқарылған жұмыстар қорытындыланып, алдағы міндеттер сараланған тартымды кездесу өтті. Кездесуді қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұрат Халық жүргізіп отырды. Шара барысында облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы Ардақ СЫДЫҚ облыстық ардагерлер ұйымы тарапынан атқарылған жұмыстар туралы ауқымды түсінік берсе, қала әкімінің орынбасары Ғалиаскар Сарыбаев ардагерлердің жастарды елжандылыққа, отаншүйгіштікке тәрбиелеуде қосқан үлесін тілге тиек етті.

Тарихымыздың қатпарлы тұстарына шолу жасап, ата-бабамыздың өсиетін ерекше атап өткен Мұрат Шаяхметұлы келесі кезекте қалалық ардагерлер кеңесінің жыл бойы атқарған жұмыстарын да айтып өтті. Оның айтуынша, өткен жылы қалалық ардагерлер кеңесінің бастамасымен түрлі шара ұйымдастырылып, қоғамның өзекті мәселелері талқыланған. Сондай-ақ, қала мектептері арасында тәрбиелік шаралар жалғасын тапқан. Тұрмысы төмен, жалғызбасты, мүтедек зейнеткерлерге керекті көмек көрсетілінді. Қай қырынан келсек те ардагерлеріміздің атқарған жұмысы көңіл қуантарлық.

Бір айта кетерлігі, осы жылы да дәстүрге айналған «Ата-баба дәстүрі – ұрпаққа аманат» атты тәрбиелік ішшара қала мектептері мен білім беру мекемелерінде өз деңгейінде қанат жайып, жұрттың ыстық ықыласына бөленген. Шара барысында аталмыш бағдарламаның сәтті жүруіне жыл бойы жоғары белсенділік танытқан ардагерлер мен білім саласының мамандары облыстық білім басқармасы, облыстық ардагерлер ұйымы, қала әкімі және қалалық білім бөлімінің Құрмет грамотасы және Алғыс хаттармен марапатталды.

Аталмыш шара өзіндік өзгешелігімен ерекшеленіп, тартымды ой, тапқыр тәлімімен есте қалды.

Қажет АНДАС.

■ Жайдарман жаңалық

Ғалым атындағы ауылда

Жуырда Жұмахан Балапанов атындағы ауылда жайдарман жаңалық болды. Бұл іргелі елді мекенде екі қабатты жалпы көлемі 1500 шаршы метр өкімдік орталығы іске қосылды. Алдымен ауылдың атын иеленіп отырған Жұмахан Балапановтың кім екеніне тоқтала кетейік.

Ж. Балапанов қоғам қайраткері, елімізге аты мәшһүр атақты экономист-ғалым. Экономика ғылымдарының докторы, профессор, ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясының академигі. Еліміздің экономикасының өркендеуіне салмақты үлес қосқан, жүздеген білімді шәкірт дайындаған ұлағатты ұстаз. Осы ауылдың төл баласы.

Әке-шешеден ерте айырылған Жүкең балалар үйінде тәрбиеленді. Ұлы Отан соғысы басталысымен майданға аттанды. Жеңіс күнін Германияда қарсы алады. Бірақ Жұмахан Балапанұлы үшін соғыс әлі аяқталмапты. От пен оқта шыныққан жас жігіт сұрапыл соғысты 1945 жылы күзде Маньчжурияда аяқтады. Соғыстан кейін жоғары білім алған бұрынғы әскери ұшқыш-шабуылшы, гвардия капитаны партия кеңес қызметіне араласып, өзінің іскерлігімен, тиянақтылығымен көзге түседі. Білімді де білікті жас кадр қызмет сатысымен тез көтеріледі. Алматы облысының Киров, Гвардия аудандарында аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, Талдықорған қаласының, Алматы облыстық атқару комитетінің төрағалары қызметтерін атқарды. Мұнан соң ғылымға бет бұрып, бұл салада да ғылыми-педагогикалық іскерлігін көрсетеді. Жұмахан Балапанов лайықты еңбегі үшін көптеген мемлекеттік орден, медальдармен марапатталған.

2006 жылы ауыл тұрғындарының сұрауымен Қызылашы ауылына Жетісу аймағының экономикалық дамуына салмақты үлес қосқан оқымысты ғалымның аты беріледі. Сол кезден бастап Балапановтың балалары ауылдың көгалдандырылып, көріктенуіне, тазалығына қамтамасыз етуіне зор үлес қосты.

Алматы – Өскемен күре жолы ауылдың ортасымен өтеді. Осы жолдың бойына бұрынғы сауда орталығы орналасқан. Сауда орталығының алдындағы алаңға Балапановтар әулеті әкелерне арнап ескерткіш кешенін орнатып, көркікті сквер жасады. Бірақ жанындағы иесіз қалған сауда орталығы әсем сквердің сұрқын кетіріп тұрған. Аумақты нысанды неге ел игілігіне айналдырмаска? Осыны ойлаған Балапановтар өздері бастама көтеріп, жобалық-сметалық құжаттарын жасап, мемлекеттен қаржы бөлінуіне ықпал етті. Бұрынғы сауда орталығы енді жаңа жобамен әкімшілік орталығы болып жаңғыртылды. Жаңа ғимаратты жөндеп іске қосуға 100 млн. теңге жұмсалса, соның 20 млн. теңгесе жұғын Балапановтар әулеті қосты. Қазір еңселі әкімдік орталығы мен жасыл желекке оранған сквер ауылдың әжарын ашып тұр.

Жаңа ғимаратқа ауыл әкімдігі, дәрігерлік амбулатория, полиция пункті, ауылдық кітапхана, 100 орынды мәжіліс залы бар Мәдениет үйі орналасқан. Барлық мекемелер заманауи құрал-жабдықтармен жарақтандырылған.

Жаңа ғимараттың ашылу салтанатына жиналғандар ғалымның ескерткішіне гүл шоқтарын қойды. Ауыл тұрғындары мен қонақтардың алдында марқұмның жары Балкен Жолмағанбетқызы, ұлы Ерік Жұмаханұлы сөз сөйлеп, ортақ іске белсене атсалысқан аудан басшылығына, дос-жарандарға, ағайын-туысқа, жалпы ауылдастарға рахмет айтты. Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы С. Байбазаров, аудан әкімінің кеңесшісі Б. Қапсаламов, «Нұр Отан» партиясының аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары К. Көкебаев, ғалымның соңына ерген інілері, туыстары қызықты естеліктер айтты.

Балапановтар әулеті бұл жолы да құр қол келмепті. Ауылдағы орта мектепке барлық жарағымен бес компьютер ала келіпті. Оны ұстаздар қауымы қуанышпен қабылдады.

С. ХАСЕНОВ.

АЛАКӨЛ АУДАНЫ.



Қыздар, қыздар
Сұлу қыздар,
Неткен көркем, сұлусыңдар!

Суретті түсірген АСЛАН.

Ақылдастар алқасы: Егеубек ДАЛБАГАЕВ, Әлімқұл ЖАМБЫЛОВ, Ардақ СЫДЫҚ, Сүлеймен КӨШКІНОВ, Наурыз ҚЫЛЫШБАЕВ, Бижамал РАМАЗАНОВА, Совет ОРАЗАЕВ.

/e-mail: Jetisu2002@mail.ru www. Zhetysu-smi.kz/

● *Кәсібің – нәсібің*

Ер келбеті ЕҢБЕКТЕ



Ауыл – алтын бесік. Соның құшағында түрлі ісі, берекелі еңбегімен ұрпағына жұрттың құрметіне ие болған ер азаматтар ел мен жердің көркі мен асқарындай. Райымбек ауданындағы бұрынғы Кіші Жалаңаш, қазіргі Ақай ауылында көне үлгі етер жандар көптен саналады. Елу жасына жанадан қадам басқан Құрманжан Мәнкеевтей азамат бізді түрлі ісімен сүйіндіріп тастады. Көркі де келбеті де – еңбек. Қарапайым, көңіл, кішіпейіл, кез келген адаммен тіл табыса кететін ақ көңіл жан. Шаруаларына қарап тұрып қылысып. Жасап, атқарып жүрген жұмыстары екінің бірінің қолынан келетіндей. Бірақ, оны Құрманжандай еңбеккор жан секілді қауластыра, жүрдізе алмауы мүмкін.



Қанат БІРЖАНСАЛ
"Жетісу"

Құрманжандай азаматтың қос дипломы бар. Қазақтың дене тәрбиесі институтын, Абай атындағы Қазақтың педагогикалық институтын бітірген. Ауылдағы Ақай Нүсіпбеков атындағы орта мектепте дене тәрбиесі пәнінен дәріс береді. Оның сыртындағы шаруалары бір басына жетерлік. Ол Жалаңаш еңсесін бірнеше болып жылжай жасап, жұмысын жолға қойған жан. Ел де болса көкейіне қатысты көп дүниені алыстан іздемейтінеме көзіміз жетті. Түрлі жеміс ағашына, гүліне толы үйінің жанында қырық қабат қызанақ, қияр сәбіз тағы басқалар өсіріледі. Қызанақ пен қияр піскі қалыпты. Жаңаш еңсемің жүртшылығы еңбеккор азаматты ауыздарына тиген дәмді нан өнімдері арқылы да жақсы біледі. Өйткені, үйінің алдында бөлек ғимаратта наубайханасы жұмыс істейді. Бұл халыққа қажетті дүниені 2011 жылы көктем айында жүзеге асырыпты. Жап-жақсы қаражатқа 2 нан пісіретін пеш. 1 көлемін үлғайтқыш. 1 қамыр илегіш. 1 ұн елегіш тағы басқа қажетті құрал-жабдықтарын әкелтіп, орнатқан. Наубайхана арқылы сұраныс иелеріне түрлі нан, тәтті тоқаш әзірленіп беріледі. Наубайхана арқылы Жалаңаш, Тоғызбұлақ, Қарабұлақ, Саты. Күрметі секілді ауылдарға қызара бөртіп, толысып піскен аппақ дәмді бөлке нандар жіберіледі. Оны тасымалдайтын арнайы көлігі бар. Оны Нұрлан Рүстемовтей жүргізушісі басқарады. Әлмира Талдыбаева, Гүлжан Жұмабайқызы, Зәуре Шыңғысбаева секілді нан пісіретін жандар бар. Әр күн сайын аз дегенде жүзден аса нан пісіріліп, жөнелтіліп отырылады. Бағасы қолайлы. Осында еңбек ететін 4-5 адамның айлық еңбекақыларын өтейді. Жұмсалған жарық-тың, басқа да шығынының орнын толтырады. Ең бастысы, Құрманжандай азаматтың арқасында Ақай ауылының өз наубайханасы бар. Бір бастарына жетер игіліктері қуантарлық.

Құрманжан жақсының көзі, түпқарадың туғы іспетті. Әкесі Қайырбек Мәнкеев ауданға, аймағына жақсы танық адам болды. Өз тұсында шаруашылық басқарған. Аудандағы май зауытына басшылық еткен. Майдангер іскер азаматты ауылдастары ұмытқан жоқ. Сол Қайырбектей ел қапаулысының көзіндей қара шаңырақта ат тырмақ, ат шалғы тағы басқа дүниелер сақталып қалыпты. Әлі де пайдаланылады екен. Бүгінде сексеннен асқан Нұржамал Мәнкеевадай анасы шаңырағының берекесі, жақсылығының үйытқысындай. Өсірген ұл-қыздарының бері білімді: өнегелі. Әл Фараби атындағы Қазақтың Ұлттық университетінің заң факультетін бітірген Айсарадай қызы қазір «Альянс» банкінде қызмет атқарады. Дәл осы университеттің филология факультетін бітірген тағы бір әйгерімдей білімді қызы магистратурада білімін жалғастыруда. Қайырбектей ұлы Д. Тұрлыханов атындағы спорт мектебінде 8 сыныпта оқып жүр.

Ақай ауылынан жүздестірген еңбеккор, бесаспап азамат Құрманжан Мәнкеев туралы азғантай сыр осындай. Еңбегімен ажарын ашып, түрлі шаруасымен берекесін тасытып жүрген жанның келбеті қарапайым. Туған жерін ту еткен. өскен ордасын түлеткен жанға алғыстан басқа айтар жоқ.

РАЙЫМБЕК АУДАНЫ.

Суретте: Еңбеккор азамат Құрманжан МӘНКЕЕВ.

● *Ардагерлер үйінде*

Облыстық ардагерлер ұйымының ұйымдастыруымен «Елін сүйген, елі сүйген Елбасы» атты «дөңгелек үстел» өтті. Шараны облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы Ардақ Сыдық күттықтау сөзбен ашып, жүргізіп отырды.

Тәуелсіздік – қасиетті ұғым

Қажет АНДАС
"Жетісу"

Келесі кезекте, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты Күлпмкөз Сантаева «Президент тағдыры – ел тағдыры», Ү. Жолдасбеков атындағы экономика және құқық академиясының ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Досбол Сүлейменұлы «Нұрсұлтан Назарбаев еңбектеріндегі қазақ тарихи мәселелері» тақырыбында баяндама жасап, Елбасының жаңа Қазақстанды әлемдегі дамыған, өркениетті елге айналдырудағы еңбектерін санап берді. Ал қалалық балалар кітапханасының өкілдері Елбасы жазған еңбектерден жинақталған кітап көрмесін ұсынды.

Баяндамашылардың сөзінен білгеніміздей, тәуелсіздік – жер бетіндегі барша халық үшін қасиетті ұғым. Қазақ халқы да тәуелсіздікке жету үшін жүгі ауыр, қазаны тең, аяғы үзеңгіде болды. Ата-бабамыз тозақтың өзін, тағдырдың тезін де көрді. Ұлы бабалар ұрпақ үшін, «ұлым – құл, қызым – күң» болмасын деп дарқан даламыз үшін шайқасты. Бүгінгі бейбіт күнміз, сөз жоқ, өткен күрестер жемісінің арқасы.

Ел тарихындағы тағы бір жаңалық 1991 жылдың 1 желтоқсанында еліміздің тұңғыш Президентін сайладық. Сонда Президент туған халқының алдында: "Дана бабалар дәстүрімен осы салтанатты сәттегі сөзімді алдымен ата-жұртыма, қасиетті халқыма арнаймын! Елдің қамын ойлайды, намысын жібермейді, деп бірауыздан сенім артқандарыңыз үшін шын жүректен алғысымды айтамын. Елім үшін, халқым үшін, Қазақстаным үшін тарихтың қай сынағына да тәуекел деп бас тігуге дайынмын. Қазақстанның көп ұлтты халқының жұлдызы жоғары болатынына, туған елімізде дәулетті де сәулетті өмір орнайтынына кәміл сенемін, – деп ақтарыла сөйлеп еді.

Нұрсұлтан Назарбаев сол антынан таймай, елімізді басқа мемлекеттердің көлеңкесінде қалып қоймауы үшін жұмыр жердің әр түпкіріндегі алпауыт мемлекеттердің аршыды, алымды мемлекет, қоғам қайраткерлерінің өмір тәжірибесіне үңіліп, олардың жан дүниесін, адамдық болмысын, халықпен қарым-қатынасын, білім-білігін, парасатын пайымдауға көңіл аударды. Қай кырынан келсек те, Елбасының ерен еңбегі бүгінгі жас ұрпаққа үлгі-өнеге болуға тиісті. Сонда ғана қазақ елі мәңгілік бағытынан жаңылмай, алға қадам баса беретін болады.

2013 жылғы қараша айында Алматы облысы әділет департаментінде, аудандық және қалалық әділет басқармаларының мемлекеттік тіркеуден өткен нормативтік-құқықтық актілерінің тізбесі

№	МЕҚА реквизиттері	МЕҚА атауы	Қолдану мерзімінің басталған күні	Мемлекеттік тіркеу нөмірі
1	Алматы облыстық мәслихатының 2011 жылғы 09 желтоқсандағы №50-447 шешімі	«Алматы облыстық мәслихатының 2012 жылғы 7 желтоқсандағы «Алматы облысының 2013 – 2015 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы» №15-89 шешімін жүзеге асыру туралы» облыстық мәслихат хатшысының шешімі	11.12.2012	2056
2	Қаратал аудандық мәслихатының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы №51-1 шешімі	«Қаратал ауданының кейбір кәсіпкерлік субъектілеріне 2013 – 2014 жылдарға арналған ставка мөлшерін төмендету туралы» шешімі	13.12.2012	2059
3	Жамбыл ауданының мәслихатының 2011 жылғы 8 желтоқсандағы №52-148 шешімі	«Жамбыл ауданының мәслихатының 2012 жылғы 21 желтоқсандағы «Жамбыл ауданының 2013 – 2014 жылдарға арналған ауылдық округтерінің және ауылдарының 2013 жылға арналған бюджеттері туралы» №8-69 шешімін жүзеге асыру туралы» шешімі	14.12.2012	2060
4	Іле ауданының мәслихатының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы №52-139 шешімі	«Іле ауданының мәслихатының 2012 жылғы 21 желтоқсандағы «Іле ауданының 2013 – 2015 жылдарға арналған бюджеті туралы» №7-1 шешімін жүзеге асыру туралы» шешімі	14.12.2012	2061
5	Ұйғыр аудандық мәслихатының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы №58-197 шешімі	«Ұйғыр ауданының 2013 – 2015 жылдарға арналған бюджеті туралы» №7-1 шешімін жүзеге асыру туралы» шешімі	18.12.2012	2062
6	Үйғұрстан ауылдық округінің 2011 жылғы 14 желтоқсандағы №58-197 шешімі	«2012 жылға 14 желтоқсандағы «Үйғұрстан ауылдық округінің 2013 – 2015 жылдарға арналған бюджеті туралы» №58-197 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» шешімі	18.12.2012	2063
7	Талдықорған қаласының мәслихатының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы №52-177 шешімі	«Талдықорған қаласының 2013 – 2015 жылдарға арналған бюджеті туралы» №52-177 шешімін жүзеге асыру туралы» шешімі	18.12.2012	2064
8	Ақсу мәслихатының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы №52-154 шешімі	«Ақсу қаласының 2012 – 2014 жылдарға арналған бюджеті туралы» №5-77 шешімін жүзеге асыру туралы» шешімі	18.12.2012	2065
9	Қарасу ауылдық округінің 2011 жылғы 14 желтоқсандағы №52-194 шешімі	«Қарасу ауылдық округінің 2012 жылғы 21 желтоқсандағы «Қарасу ауылдық округінің 2013 – 2015 жылдарға арналған бюджеті туралы» №52-194 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» шешімі	18.12.2012	2066
10	Қарасу ауылдық округінің 2012 жылғы 21 желтоқсандағы №7-1 шешімі	«Қарасу ауылдық округінің 2013 – 2015 жылдарға арналған бюджеті туралы» №7-1 шешімін жүзеге асыру туралы» шешімі	18.12.2012	2067
11	Қарасу ауылдық округінің 2012 жылғы 21 желтоқсандағы №7-2 шешімі	«Қарасу ауылдық округінің 2013 – 2015 жылдарға арналған бюджеті туралы» №7-2 шешімін жүзеге асыру туралы» шешімі	18.12.2012	2068
12	Балхаш ауданының мәслихатының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы №52-147 шешімі	«Балхаш ауданының 2013 – 2015 жылдарға арналған бюджеті туралы» №52-147 шешімін жүзеге асыру туралы» шешімі	20.12.2012	2069
13	Панфилов ауданының мәслихатының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы №52-152 шешімі	«Панфилов ауданының 2013 – 2015 жылдарға арналған бюджеті туралы» №52-152 шешімін жүзеге асыру туралы» шешімі	20.12.2012	2070
14	Кеңсу ауылдық округінің 2011 жылғы 4 желтоқсандағы №51-1 шешімі	«Кеңсу ауылдық округінің 2012 жылғы 31 желтоқсандағы «Кеңсу ауылдық округінің 2013 – 2015 жылдарға арналған бюджеті туралы» №51-1 шешімін жүзеге асыру туралы» шешімі	26.12.2012	2071
15	Сарқан ауданының мәслихатының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы №52-147 шешімі	«Сарқан ауданының 2013 – 2015 жылдарға арналған бюджеті туралы» №52-147 шешімін жүзеге асыру туралы» шешімі	20.12.2012	2072
16	Қаратал ауданының мәслихатының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы №51-1 шешімі	«Қаратал ауданының 2012 жылғы 21 желтоқсандағы «Қаратал ауданының 2013 – 2015 жылдарға арналған бюджеті туралы» №7-1 шешімін жүзеге асыру туралы» шешімі	26.12.2012	2073
17	Үшарал ауданының мәслихатының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы №52-148 шешімі	«Үшарал ауданының 2013 – 2015 жылдарға арналған бюджеті туралы» №52-148 шешімін жүзеге асыру туралы» шешімі	26.12.2012	2074
18	Қаратал ауданының мәслихатының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы №51-1 шешімі	«Қаратал ауданының 2012 жылғы 21 желтоқсандағы «Қаратал ауданының 2013 – 2015 жылдарға арналған бюджеті туралы» №7-1 шешімін жүзеге асыру туралы» шешімі	26.12.2012	2075
19	Алакөл ауданының мәслихатының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы №52-144 шешімі	«Алакөл ауданының 2013 – 2015 жылдарға арналған бюджеті туралы» №52-144 шешімін жүзеге асыру туралы» шешімі	26.12.2012	2076
20	Ескелді ауданының мәслихатының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы №52-154 шешімі	«Ескелді ауданының 2013 – 2015 жылдарға арналған бюджеті туралы» №52-154 шешімін жүзеге асыру туралы» шешімі	26.12.2012	2077
21	Ескелді ауданының мәслихатының 2011 жылғы 14 желтоқсандағы №52-155 шешімі	«Ескелді ауданының Үштөбе қаласының 2013 – 2015 жылдарға арналған бюджеті туралы» №52-155 шешімін жүзеге асыру туралы» шешімі	26.12.2012	2078

Алматы облысы әділет департаментінің нормативтік-құқықтық актілерді тіркеу бөлімі.

«Б» корпусындағы бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға конкурс жариялау туралы хабарландыру

Барлық конкурсқа қатысушыларға қойылатын жалпы біліктілік талаптары

D-O-3 санаты үшін: білімі – жоғары кәсіптік мемлекеттік қызмет атқа **екі жылдан** кем емес немесе мемлекеттік органдарда басшылық немесе азғе лауазымдарда жұмыс атқа **бір жылдан** кем емес, немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс атқа **үш жылдан** кем емес, оның ішінде басшылық лауазымдарда **бір жылдан** кем емес, немесе жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен дәрежесін растайтын құжаттың болуы;

E-G-1 санаты үшін: білімі – жоғары кәсіптік мемлекеттік қызмет атқа **екі жылдан** кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс атқа **үш жылдан** кем емес немесе жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында орындарында шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекіткен басым мамандықтар бойынша оқудың аяқталуы немесе тыңғылықты дәрежесінің болуы;

D-5, D-O-4, E-4, E-R-4, E-G-3, санаттары үшін: білімі – жоғары кәсіптік, мемлекеттік қызмет атқа **бір жылдан** кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда кем дегенде **екі жыл** жұмыс өтілі бар болуын жағдайда ортадан кейінгі білім барларға рұқсат етіледі;

E-G-4 санаты үшін: білімі – жоғары немесе орта кәсіптік, немесе техникалық, орта немесе қысқа бейіні;

D-O-5, E-5 санаттары үшін: білімі – жоғары немесе орта кәсіптік.

«Б» корпусының өкілшілік мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық жалақылары:

Санаты	Еңбек сіңірген жылдарға байланысты лауазымдық жалақының		Санаты	Еңбек сіңірген жылдарға байланысты лауазымдық жалақысы	
	теңгемен	теңгемен дейін		теңгемен	теңгемен дейін
D-5	84563	114832	E-5	53172	71751
D-O-3	84563	114832	E-R-4	56379	76235
D-O-4	64863	86485	E-G-1	94173	126845
D-O-5	35480	48095	E-G-3	53813	72391
E-4	89579	80720	E-G-4	48047	64704

I. «Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясы» ММ, Талдықорған қаласы, Абай көшесі, 241, тел. (7282) 240206, электрондық пошта: revkomal-mobl11@mail.ru, бос мемлекеттік өкшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:

талдау және сапалы бақылау бөлімі талдау және әдістама секторының бас маман – бас бақылаушы тексерушісіне (D-4).

Функционалдық бағыттары: басқарма құзырындағы міндеттердің белгісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі – экономикалық, заңгерлік, компьютерде жұмыс істей білу

II. «Алматы облысының жер қатынастары басқармасы» ММ, Талдықорған қ., Қабанбай батыр к., 36/42, 3-қабат, тел. 8 (7282) 270125, 210609, электрондық адрес: yprzo@mail.ru, бос мемлекеттік өкшілік лауазымдарға орналасуға конкурс жариялайды:

1. Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қою бөлімінің бас маманына (D-O-4).

Функционалдық міндеттері: басқарма құзырындағы лауазымдық нұсқаулықпен міндеттердің белгісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі – заңгер, ауыл шаруашылық, геодезиялық, компьютер және оргтехника құралдарымен жұмыс жасай білу қажет.

2. Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қою бөлімінің бас маманына (D-O-4).

Функционалдық міндеттері: басқарма құзырындағы лауазымдық нұсқаулықпен міндеттердің белгісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі – ауылшаруашылық, геодезиялық, компьютер және оргтехника құралдарымен жұмыс жасай білу қажет.

3. Жердің құқықтық қатынастары бөлімінің жетекші маманына (D-O-5).

Функционалдық міндеттері: басқарма құзырындағы лауазымдық нұсқаулықпен міндеттердің белгісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі – заңгерлік, ауыл шаруашылық, геодезиялық компьютер және оргтехника құралдарымен жұмыс жасай білу қажет.

III. «Алматы облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» ММ, Талдықорған қ., Қабанбай батыр к., 26, 220 каб, тел. 8 (7282) 271327, электрондық адрес: obl_ush@mail.ru, бос мемлекеттік өкшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:

бас маманына (D-O-4).

Функционалдық міндеттері: басқарма құзырындағы лауазымдық нұсқаулықпен міндеттердің белгісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі – заңгерлік, экономикалық, педагогикалық компьютерде жұмыс істей білу қажет.

IV. «Алматы облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы» ММ, Талдықорған қ., Абай к., 241, тел.: 8 (7282) 400536, электрондық адрес: kultura-tald@mail.ru, бос мемлекеттік өкшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:

мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру, экономикалық, жоспарлау, заң және қаржы бөлімінің бас маманына (D-O-4).

Функционалдық міндеттері: басқарма құзырындағы лауазымдық нұсқаулықпен міндеттердің белгісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі – заңгерлік, құқықтық, әлеуметтік компьютер және оргтехника құралдарымен жұмыс жасай білу қажет.

V. «Алматы облысының туризм басқармасы» ММ, Талдықорған қ., Желтоқсан к., 222, тел. 8 (7282) 247180, электрондық адрес: ao_oblsport56@mail.ru, бос мемлекеттік өкшілік лауазымдарға орналасуға конкурс жариялайды:

1. Өкшілік және қаржылық жұмыстар бөлімінің басшысына (D-O-3).

Функционалдық міндеттері: басқарма құзырындағы лауазымдық нұсқаулықпен міндеттердің белгісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі – экономикалық, заңгерлік компьютер және оргтехника құралдарымен жұмыс жасай білу қажет.

2. Өкшілік және қаржылық жұмыстар бөлімінің бас маманы (D-O-4).

Функционалдық міндеттері: басқарма құзырындағы лауазымдық нұсқаулықпен міндеттердің белгісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі – заңгерлік, компьютер және оргтехника құралдарымен жұмыс жасай білу қажет.

3. Жалпы және кадрлық жұмыс бөлімінің бас маманына (D-O-4).

Функционалдық міндеттері: басқарма құзырындағы лауазымдық нұсқаулықпен міндеттердің белгісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі – заңгерлік, экономикалық, педагогикалық компьютерде жұмыс істей білу қажет.

VI. «Алматы облысының әділет департаменті» ММ, Талдықорған қ., Қабанбай батыр к., 28, 220 каб, тел.: 8 (72752) 20027, 8 (727) 2517037, электрондық адрес: ile-mail-hat@mail.ru, бос мемлекеттік өкшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды

жетекші маманына (уақытша, негізгі қызметкердің бала күту демалысы кезінде), (E - 5).

Функционалдық бағыттары: мәслихат аппараты құзырындағы міндеттердің белгісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі – экономикалық, компьютерде жұмыс істей білу

VII. «Жамбыл аудандық мәслихатының аппараты» ММ, Ұзынағаш ауылы, Абай к., 56, тел. 8 (72770) 21342, т/факс 20779, электрондық адрес: mslihat_mail@mail.ru, бос мемлекеттік өкшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:

бас маманына (E-4).

Функционалдық бағыттары: мәслихат аппараты құзырындағы міндеттердің белгісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі – заңгерлік, экономикалық, педагогикалық компьютерде жұмыс істей білу қажет.

VIII. Ақсу ауданының әкімі Жансүгіров көшесі, Желтоқсан к., 5, тел.: 8 (72832) 21164, 22158, электрондық адрес: aksu-akimat@mail.ru, бос мемлекеттік өкшілік лауазымдарға орналасуға конкурс жариялайды:

1. Жансүгіров ауылдық округінің әкімі аппаратының бас маманына (E-G-3).

Функционалдық міндеттері: округ әкімі аппаратының құзырындағы лауазымдық нұсқаулықпен міндеттердің белгісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі – экономикалық, заңгерлік компьютер және оргтехника құралдарымен жұмыс жасай білу қажет.

2. Қарасу ауылдық округінің әкімі аппаратының бас маманы – бухгалтеріне (E-G-3).

Функционалдық міндеттері: округ әкімі аппаратының құзырындағы лауазымдық нұсқаулықпен міндеттердің белгісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі – экономикалық, компьютер және оргтехника құралдарымен жұмыс жасай білу қажет.

3. Қарасу ауылдық округінің әкімі аппаратының бас маманы – іс жүргізушісіне (E-G-3).

Функционалдық міндеттері: округ әкімі аппаратының құзырындағы лауазымдық нұсқаулықпен міндеттердің белгісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі – педагогикалық, гуманитарлық, экономикалық, техникалық, заңгерлік, компьютер және оргтехника құралдарымен жұмыс жасай білу қажет.

4. Қызылағаш, Матай ауылдық округтері әкімдері аппараттарының бас маман – салық инспекторларына (E-G-3), 1 бірліктен.

Функционалдық міндеттері: округ әкімі аппаратының құзырындағы лауазымдық нұсқаулықпен міндеттердің белгісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі – экономикалық, компьютер және оргтехника құралдарымен жұмыс жасай білу қажет.

5. Арасан, Жаңалық, Есеболатов, Егінсу, Қаратал, Матай, Мәдениет ауылдық округтері әкімдері аппараттарының жетекші мамандарына (E-G-4), 1 бірліктен.

Функционалдық міндеттері: округ әкімі аппаратының құзырындағы лауазымдық нұсқаулықпен міндеттердің белгісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі – техникалық, ауылшаруашылық, әлеуметтік, педагогикалық, гуманитарлық, экономикалық, компьютер және оргтехника құралдарымен жұмыс жасай білу қажет.

IX. Алакөл ауданының әкімі Үшарал қ., Д. Қонаев к., 74, тел. 8 (72833) 23150, электрондық адрес: akimat_alakol@mail.ru, бос мемлекеттік өкшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:

ұйымдастыру, мемлекеттік құқықтық және кадрмен жұмыс бөлімінің бас маманына (E-4).

Функционалдық міндеттері: аудан әкімі аппаратының құзырындағы лауазымдық нұсқаулықпен міндеттердің белгісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі – экономикалық, заңгерлік, гуманитарлық, педагогикалық, әлеуметтік компьютер және оргтехника құралдарымен жұмыс жасай білу қажет.

X. Балқаш ауданының әкімі, Бақанас ауылы, Д. Қонаев к., 68, тел.: 8 (72773) 91443, 91236, электрондық адрес: akimat-201@mail.ru, бос мемлекеттік өкшілік лауазымдарға орналасуға конкурс жариялайды:

1. Бақанас, Балатопар, Қарой, Көктал ауылдық округтері әкімдері аппараттарының бас маман – мал дәрігерлеріне (E-G-3), 1 бірліктен.

Функционалдық міндеттері: округ әкімі аппаратының құзырындағы лауазымдық нұсқаулықпен міндеттердің белгісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білім – ветеринарлық, компьютер және оргтехника құралдарымен жұмыс жасай білу қажет.

2. Ақдөл, Бақбақты, Қарой, Көктал ауылдық округтері әкімдері аппараттарының бас мамандарына (E-G-3), 1 бірліктен.

Функционалдық міндеттері: округ әкімі аппаратының құзырындағы лауазымдық нұсқаулықпен міндеттердің белгісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білім – экономикалық, техникалық, заңгерлік, педагогикалық, санқатарлық компьютер және оргтехника құралдарымен жұмыс жасай білу қажет.

3. Топар, Береке, Балатопар, Қарой, Қайнар, Миялы ауылдық округтері әкімдері аппараттарының бас мамандарына (E-G-3), 1 бірліктен.

Функционалдық міндеттері: округ әкімі аппаратының құзырындағы лауазымдық нұсқаулықпен міндеттердің белгісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білім – экономикалық, компьютер және оргтехника құралдарымен жұмыс жасай білу қажет.

4. Ақдөл, Бақбақты, Балатопар, Желторанғы ауылдық округтері әкімдері аппараттарының жетекші мамандарына (E-G-4), 1 бірліктен.

Функционалдық міндеттері: округ әкімі аппаратының құзырындағы лауазымдық нұсқаулықпен міндеттердің белгісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білім – гуманитарлық, педагогикалық, экономикалық, әлеуметтік компьютер және оргтехника құралдарымен жұмыс жасай білу қажет.

XI. Еңбекшіқазақ ауданының әкімі, Есік қ., Жамбыл даңғылы, 21 тел.: 8 (872775) 72143, 72214, электрондық адресі: www.enbekshikazah@mail.kz, бос мемлекеттік өкшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:

жетекші маманына (E-5).

Функционалдық міндеттері: аудан әкімі аппаратының құзырындағы лауазымдық нұсқаулықпен міндеттердің белгісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білім – заңгерлік компьютер және оргтехника құралдарымен жұмыс жасай білу қажет.

XII. Сарқан ауданының әкімі, Сарқан қ., Тәуелсіздік к., 111, тел.: (72839) 22969, 21431, электрондық адресі: sarkand-akimat@mail.ru, бос мемлекеттік өкшілік лауазымдарға орналасуға конкурс жариялайды:

1. Бас маман – бухгалтеріне (E-4).

Функционалдық міндеттері: аудан әкімі аппаратының құзырындағы лауазымдық нұсқаулықпен міндеттердің белгісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білім – экономикалық, компьютер және оргтехника құралдарымен жұмыс жасай білу қажет.

2. Бас маманына (E-4).

Функционалдық міндеттері: аудан әкімі аппаратының құзырындағы лауазымдық нұсқаулықпен міндеттердің белгісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білім – педагогикалық, заңгерлік, экономикалық, гуманитарлық, компьютер және оргтехника құралдарымен жұмыс жасай білу қажет.

XIII. «Ақсу ауданының қаржы бөлімі» ММ, Жансүгіров көшесі, Желтоқсан к., 5, тел.: 8 (72832) 22182, 21164, бос мемлекеттік өкшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:

бас маманына (E-R-4).

Функционалдық міндеттері: бөлім құзырындағы лауазымдық нұсқаулықпен міндеттердің белгісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білім – экономикалық, компьютер және оргтехника құралдарымен жұмыс жасай білу қажет.

XIV. «Ақсу ауданының ветеринария бөлімі» ММ, Жансүгіров көшесі, Желтоқсан к., 5, тел. 8 (72832) 22251, бос мемлекеттік өкшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:

бас маман – мал дәрігеріне (E-R-4).

Функционалдық міндеттері: бөлім құзырындағы лауазымдық нұсқаулықпен міндеттердің белгісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білім – ветеринарлық, компьютер және оргтехника құралдарымен жұмыс жасай білу қажет.

XV. «Ақлақол ауданының қаржы бөлімі» ММ, Үшарал қ., Жеңіс к., 144, тел.: 8 (72833) 21652, 21760, бос мемлекеттік өкшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:

бас маманына (E-R-4).

Функционалдық міндеттері: бөлім құзырындағы лауазымдық нұсқаулықпен міндеттердің белгісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білім – экономикалық, компьютер және оргтехника құралдарымен жұмыс жасай білу қажет.

XVII. «Балқаш ауданды жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ, Бақанас а., Д. Қонаев к., 66, тел.: 8 (72773) 91139, 91425, электрондық адресі: balhash_sobez@bk.ru, бос мемлекеттік өкшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:

бас маманына (E-R-4).

Функционалдық міндеттері: бөлім құзырындағы лауазымдық нұсқаулықпен міндеттердің белгісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білім – экономикалық, компьютер және оргтехника құралдарымен жұмыс жасай білу қажет.

XX. «Теңгіз қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ, Теңгіз к., Абылайхан к., 34, каб. 28, тел.: 8 (72835) 44453, 44673, электрондық адресі: teliroz_tokoli@mail.ru, бос мемлекеттік өкшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:

бас маманына (E-R-4).

Функционалдық міндеттері: бөлім құзырындағы лауазымдық нұсқаулықпен міндеттердің белгісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білім – экономикалық, компьютер және оргтехника құралдарымен жұмыс жасай білу қажет.

XXI. Еңбекшіқазақ ауданы, Ақдөл ауылдық округінің әкімі, Ақдөл ауылы, Дәрмекбай к., 47, тел.: 8 (72775) 22272, 22296, бос мемлекеттік өкшілік лауазымдарға орналасуға конкурс жариялайды:

1. Бас маманына (E-G-3).

Функционалдық міндеттері: округ әкімі аппаратының құзырындағы лауазымдық нұсқаулықпен міндеттердің белгісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білім – экономикалық, заңгерлік компьютер және оргтехника құралдарымен жұмыс жасай білу қажет.

2. Бас маман – мал дәрігерлігіне (E-G-3).

Функционалдық міндеттері: округ әкімі аппаратының құзырындағы лауазымдық нұсқаулықпен міндеттердің белгісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білім – ветеринарлық, компьютер және оргтехника құралдарымен жұмыс жасай білу қажет.

XXII. Еңбекшіқазақ ауданы Бартоғай ауылдық округінің әкімі, Бижанов ауылы, Абай к., 52, бос мемлекеттік өкшілік лауазымдарға орналасуға конкурс жариялайды:

1. Бас маманына (E-G-3).

Функционалдық міндеттері: округ әкімі аппаратының құзырындағы лауазымдық нұсқаулықпен міндеттердің белгісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білім – гуманитарлық, заңгерлік, педагогикалық, экономикалық, компьютер және оргтехника құралдарымен жұмыс жасай білу қажет.

2. Бас маманына (E-G-3).

Функционалдық міндеттері: округ әкімі аппарат

№115
12
11. 10. 2014 ж.

СӨЗ ҚАДІРІН АҢДАЙТЫН

29

ИГІ ШАРА

Біз жастарға сенеміз

Барша мұсылман қауымның қасиетті мейрамы – Құрбан айтта орын алған ізгіліктің жалғасы іспеттес өнегелі іс-шара Үштөбе қаласындағы балалар үйінде өтті. «Біз жастарға сенеміз!» тақырыбында ұйымдастырылған кездесуге «Қазақтелеком» АҚ филиалының облыстық телекоммуникация дирекциясы жанындағы «Жастелеком» жастар ұйымы, облыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы мен облыстық «Жас Отан» жастар қанаты мұрындық болды.



Адам өміріндегі аса маңызды қадамның бірі – мамандық таңдау. Кездесу барысында балалар үйінің жоғары сыныптарда оқитын тәрбиеленушілеріне кәсіби бағыт-бағдар беру көзделді. «Қазақтелеком» АҚ филиалының облыстық телекоммуникация дирекциясы Қаратау аудандық өндірістік телекоммуникация торабының басшысы Нұрлан Садыханов оқушыларға байланыс саласының мақсат-міндеттері, маңыздылығы жөнінде өңгімелеп, жолдаған сауалдарына жауап берді.

Еліміздегі байланыс саласы жайлы біршама мағлұмат берілгеннен кейін көпшілік назарына «Қазақтелеком» АҚ-ның 20 жылдығына арналған бейнетасма ұсынылды. Облыстық жастар саясаты орталығы ұйымдастыру бөлімінің бас кеңесшісі Бағдат Науқанов сөз алып, өз ойын ортаға салды. Ұлтымыздың аяулы перзенті Абайдың: «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетіген тап та, бар қалан» – деген ғибратты өлең-сөзін мысал еткен ол, оқушыларды талмай білім алып, қоғам дамуына үлес қосуға шақырды. Облыстық жастар саясатының қолдауымен жүзеге асып отырған бірқатар жобаны тілге тиек етіп, балалар үйінің тәрбиеленушілерін ғылыми ізденіс, өнертапқыштық бойынша белсенділік танытуға үндеді. Мұндағы балалар ешкімнен кем емес әрі олардың кез-келген бастамасы мен қоғам игілігіне асатын жобасы қуатты қолдауға ие болмақ.

Елбасының: «Дене шынықтыру мен спорт қоғамның айрықша назарында болуы тиіс» – деген сөзін арқау еткен ұйымдастырушылар тренинг өткізді. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің студенттері Меншүк Найманова мен Гүлжан Бақытқызы жүргізген қызықты тренингке балалар үйінің жоғары сынып оқушылары атсалысты. Оның танымдық, ақпараттық мәні зор болғанын ерекше атап өткен жөн. Шара барысында оқушылар «алмаз» және «алмұрт» атты екі топқа бөлініп, сайысқа түсті. Атап айтсақ, олар дұрыс тамақтану, салауатты өмір салтын ұстанудың басты қағидалары турасындағы білімдерін байытып, таным көкжиегін кеңейтті. Сонымен қатар, қоғамның айықпас дертіне айналған нашақорлық, маскүнемдік секілді келеңсіз жайттарды сөз етіп, оның адам денсаулығына қаншалықты қауіпті екендігін санасына түйді. Тәрбиеленушілер сурет салып, шығармашылығын ұштап, өзінің болашақтағы арман-мұратымен бөлісті.

Жас ұрпақтың қамын жеп «қуанса бала қуансын» деміз. Өйткені бүгінгі балақан ертеңіміз, бар байлығымыз. Үштөбедегі балалар үйінің оқушылары дәрігер, полиция қызметкері, футболшы болсақ деп алдағы күнге зор үмітпен қарайды. Міне, сондай үкілі үмітке сенім беріп, қолдау білдіретін мына сіздер мен біздер. Қоғам қолтығынан демесе, бұл балақандардың да ішінен болашақ ғалым, мықты экономист пен өзге де кәсіпті терең меңгеріп, ел игілігіне асыратын азаматтың шығары даусыз.

Мұрат МҰҚАШҰЛЫ.

АРДАГЕРЛЕР ҰЙЫМЫНДА

Жарқын бағдар

Келер жылы Ұлы Отан соғысының 70 жылдығы ел көлемінде ерекше салтанатпен аталып өтпекші. Бұған Елбасынан тартып, қазақстандықтар түгелімен назар аударып отыр. Тіпті, Жеңістің 70 жылдығын өз деңгейінде өткізуге арналған ісшаралар қазірдің өзінде басталып кетті.

Қажет АНДАС
"Жетісу"

Осы игілікті іліп әкеткен қалалық ардагерлер ұйымы жыл соңына дейін 16 түрлі іс-шара өткізуді жоспарлаған. Сол мақсатта қыркүйектің 21 күні «Ата-баба дәстүрі ұрпаққа аманат» тақырыбында ұстаздар мен оқушылардың кездесуін ұйымдастырса, 24-қыркүйекте «Қазіргі қазақстандықтың патриоттық келбетін қалай түсінесіз?» атты пікірсайыс болып өтті. Оған облыстық, қалалық басқарма, департамент, бөлім басшылары, қалалық ардагерлер ұйымының мүшелері және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Шара барысында сөз алғандардың айтуынша, Ұлы Отан соғысы ерлігінің көркем шежіресі. Төрт жылға созылған соғыстың қасіреті оңай бола қойған жоқ. Дей тұрғанмен, әсіресе, соғыстың алғашқы басталған тұсындағы кезеңнің Кеңес халқы үшін ауыр болғаны тарихтан аян. Мәскеуге ентелеген жаудың еңлінін қайтару Кеңес жауынгерлеріне оңайға соқпады. Жауынгерлердің алдында қайткен күнде де Мәскеуді сақтап қалу міндеті тұрды. Осы міндет оларды жанқиярлық ерлік жасауға жетеледі. Қазақстанда жасақталған дивизия құрамындағы жиырма сегіз панфиловшы жауынгердің ерлігі, 1941 жылдың 16 қарашасында жасалды. Өздерінен екі есе көп күшке, күш болғанда да алып техникаға, жаудың елу танкісіне тойтарыс берген 28 панфиловшының ерлігі ақызға айналды. Сол ерлікті бүгінгі таңда да өз деңгейінде насихаттауымыз керек. Сонда ғана тәуелсіз Қазақстанның кемел келешегін жасайтын жас ұрпақты талантты, батыл, батыр етіп тәрбиелеуге болады.

Пікірсайыс барысында мақсатты жұмысты жандандыру үшін қалалық ардагерлер ұйымының белсенділігін арттыру, рухани кеңесшілердің жалпы жұмысқа қатысты ұсыныстарының тиімділерін қолданысқа енгізіп отыру, ақын-жазушы, қаламгерлердің патриоттық тақырыпта жазған еңбектерін насихаттауға жол ашу жайында түйінді міндеттер қорытындыланды.

АҚЫН – ЕЛДІҢ АРДАҒЫ

Түркі әлемінің өнері мен мәдениетіне жанашырлық танытқан «Түрксой» ұйымы 2014 жылды Тоқтағұл Сатылғанов жылы деп жариялап, жаппай ігі шаралар ұйымдастырып жатыр. Биыл айыр қалпақты ағайынның айтулы ақыны Тоқтағұлға 150 жыл толды.



Жамбыл мен

ҚАШҚЫН

Тоқтағұл 1864 жылы Қырғызстанда Кетментөбе алқабында туған. Ол ән-жыр айтуды анасы Бүрмеден үйренеді. Он екі жасында байға жалшылыққа беріліп, ауыр тұрмыс тапшылығын ерте көреді. Жасынан комузымен күй шертіп, жыр жырлайды, төгілтіп ән айтады. Түрлі тойтомалақтың гүлі болып, ел арнайы шақыра бастайды. Алғаш рет 1882 жылы Арзымат ақынмен айтысқа түсіп, бала қырандай от өлеңімен бүріп, жеңіп шығады. Барған сайын алысқа шабатын тұлпардай тынысы ашылып, өрісі кеңейіп, алыс-жақын ел-жұрт қаумалап, төріне шығарып, өнерін тамашалайды. Арыстанбек, Қалығұл, Молда Қылыш сияқты ақындардың жырларымен танысып, ежелгі көне қисса-дастандарды жұртқа айта бастайды.

1884 жылы Тоты деген қызға үйленеді, одан Топшыбай деген тұңғышы дүниеге келеді. Ән-жырымен елі еркелеткен Тоқтағұл ақынды патша өкіметі тұтқындап, 1898 жылы 3 тамызда Наманғанда өлім жазасына үкім шығарылып, оны дарға асып өлтіру туралы ауыр жаза белгілейді. Кейін оны 25 жылдық каторгада жазалауға ауыстырады. Красноводск – Мәскеу – Иркутск арқылы жазалау орнына 17 ай жол жүріп, әзер азып-тозып жетеді. Жолда Тоқтағұл қашып шығам деп ұсталып, қосымша тағы 12 жыл қосып алады. Екінші мәрте 1905 жылы каторгадан қашып, 3 айдан кейін қайтып ұсталады.

Қолындағы балтамен комуз шауып жасап, оған балалайканың қылын жалғап, зарлы да шерлі, елін жерін сағынған ән-күйлерін шығарады. Үшінші мәрте 12 жыл каторгада отырғаннан кейін тағы да қашып шығып, Сібірді аралап, көп тауқыметпен 1910 жылы еліне жетеді. Аңсап, сағынып жетсе – әйелі басқа біреуге тиіп кеткен, жалғыз ұлы қайтыс болыпты. Соңына түскен тыңшылар қоймай Наманған түрмесіне тағы қамайды. Бірақ бұл жолы бүкіл ел-жұрты дүрк көтеріліп, Ешмамбет, Халық ақындар бас қосып, 20 мың сом қаржы жинап, ақынын түрмеден босатып алады. Қырғыз елінің ұлы ақыны Тоқтағұл 1933 жылы туған ауылында қайтыс болады.

Тоқтағұл Сатылғанов – ірі суырып салма ақын, әрі 50-ден астам әні бар композитор, аскан күйші-комузшы. А. Затаевич – 1928 жылы Тоқтағұлдың өз аузынан 18 ән жазып алған. В. Виноградов оның ақындық, композиторлық секілді сан қырлы өнерін зерттеп «Тоқтағұл Сатылғанов және қырғыз ақындары» атты кітап жазып шығарған. Тоқтағұл – қырғыз, қазақ, өзбек, татар, тәжік, орыс ән-жырларының әуенін шертіп, әндерін айтқан бесаспап әнші. Оның «Кербез», «Арман», «Арман Кербез», «Әлімхан», «Терісқағыс», «Сен, сен дүние», «Көкейкесті», «Мың толғау» деп аталатын ән-жырлары – түркі әлемінің інжу-маржаны , ортақ қазынасы.

Тоқтағұл мен Жамбыл бұрыннан таныс, жегжат, бір-бірінің өнерін қатты қадірлеген ірі ақындар. Каторгадан қашқанында жолай Алатаудың терiскейіндегі Жамбылға жолығa кетейін деп келеді. Жамбыл ақын досын жібермей екі ай тынықтырып, үстіне киім, астына ат беріп, қасына кісі қосып еліне шығарып салады. Бұл жөнінде Тоқтағұл былай жырлайды:

Міне, Жәке, бұл күні,
Мен бір байғұс сорлаған.
Ел екенбіз әуелден,
Қырғыз-қазақ бір туған.
Ұзынағашта жатқанмын,
Ризамын қазақ халқына.
Ұзақбай мен Сүлеймен,
Жамантай, Жәке –
бір туған.
Құдай мені оңдырмас,
Қасиетіңді ұмытсам! –

дейді. Жыр алыбы Жамбылдың да Тоқтағұл жайлы бірнеше өлеңі бар. Осы екі елдің ұлы ақындары талай мәрте кездескен. Олар туралы әңгімелер ел ішінде ауыздан-ауызға көшіп жүр. Солардың бірін мен де тілім жеткенше әңгімелеп беруді жөн санап отырмын.

Ақындарға Шәбден манап асында үшінші күні ғана кезек тиеді. Қатарынан асып туған Еркебай мырза бұл жерде де саңлақтығын танытып, топ жарып кетті:

– Қадірімізге жететін, бірбірімізге сөзіміз өтетін қырғыз ағайындар! Алдына адам түспеген, аузымен құс тістеген Шәбден манаптың асын ақындар аспандатады. Жарықтық Шәкеңнің әруағы мен дәулетіне сай бұл алқалы жиынды қазақ-қырғыз арасында Жәкең, біздің Жамбыл бастасын. Ол атақты қызыл жел Сүйінбайдан бата алған інісі, ақындары шалқыған дария-көлдей асып-төгілген қызырлы қазақ елінен. Бүгінде оған пара-пар ақын жоқ. Күні кеше құлан аян Құлманбетті, Сарбасты жеңген, көмейіне өлең-жыр ұя салған Жәкең бұл! – деп суырыла жөнелгенде бәрі мақұл десіп, той иелері де осыған тоқтам жасады.

Жамбыл ұшатын қырандай екі иығын қомдап, дүр сілкініп қырланып, еңсесін тіктеп көтеріп алып, саңқ ете қалды. Қарт Алатаудың күнгей-терiскейіне аты аңыз болған Жантай хан, оның ұлы Шәбден манаптың ел алдындағы кісілігін терең-нен қайырып, меймандар атынан ас иелеріне ниет қабыл болсын, Шәкеңнің әруағы жәннатта шалқысын дей келіп, артындағы ұрпақтарына лайым береке-құт тіледі. Жақсыдан жақсы туады, сұңқардан сұңқар шығады, олар бұл елден шыққан талай бектер мен мырзалардай, жайсаң бабаларындай берекелі де мәртебелі болатыны хақ. Алатаудың күнгейіндегі қырғызбен тойымыз да, ойымыз да ортақ. Манас атамыздың ұрпақтары күндей күлсін, жаздай жадырасын.

Ақын-жыршылар ортасында отырған Жәкеңнің өлеңді айтқан сайын шабыттана, табаны қызып, бауырын жазған тұлпардай қайраттана түсетініне, таңды таңға ұрып айтқан жыр-дастандарын бір мәжілісте ешуақ қайталамайтынына, түпсіз мұхиттай бітпейтін қазына-кеніне ел қайран қалады. Үсті-үстіне тасқындап асып-төгілген кілең інжу-маржандай ғажайып әуені мен жыры келісім тауып, жағымды анық үнмен, домбыра әуенімен қабысып, бет-әлпеті ажарланып, шырайлана, бүкіл қимыл-болмысымен айтар ойы жарасып, жүрегінді шымырлатады, шымылдатады, үлбірек сезіміңді әлдилейді, аққұстай қанат бітіріп, кеудеңді парлатып биікке, түу биікке көтереді-ау дерсің! Анау-мынауға тоқтамай айтқан сайын кеуде сарайы, үні ашылып, қыздар тіккен кестедей түрленіп, дауылша соғады, арғымақша көсіліп, бүркітше шүйілігеді, іле самал боп желпініп, жұлдыздардай жымыңдайды, сұлулардай сыңқылдайды. Таудың мөлдір сулы өзеніндей тасып-төгілген дария-жыр ынтықтырып, тереңіне сүңгітіп, тұнығын ішкізіп, жұпарын жұтқызып, басқа әлем – пейіш есігіне кіргізіп жібереді-ай!

ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗ БІР ТУҒАН

Тоқтағаннан кейін де манағы әдемі сезім, әсерлі жырдан арыла алмаған жұрт Жамбылға тебірене, ынтыға қарап тым-тырыс әудем уақыт отырып қалады. Домбырасын керегеге сүйеп, мандайын жібек орамалмен сүртінген Жамбыл алдындағы шара толы қымызды ұрттай ішіп, кейін шегіншектей жастыққа жантайғанда барып, есін жиған жұрт кеу-кеулеп кетті.

– Өлеңді айтса Жамбыл айтсын!

– Жамбылды туған анасынан айналдық!

– Жағына жыр, таңдайына өлең ұя салған екен!

– Енді әнші-жыршылар кезекпен кезек тамаша ғып отырыңдар. Жәкең қазір «Манасты» бір бастаса ас біткенше ешкайсына кезек тимес. Асыл қазына, алтын көмбе ғой бұл кісі, – деп Еркебай өз қолымен Жамбылға қымыз ұсынды.

Жәкеңнің дидары нұрланып, шырайы ашылып, тіпті жасарып кеткендей төңірегіне сынай қарайды. Бұрынғы атақ-дақпырты бар, оған манағы селдей тасқындатқан қырғыздардың мәртебесін көтере айтқан жырына бас ұрған жұртшылық алдында тіпті ірілеңіп, шалқақ отыр.

Шу өзенінің бергі қапталындағы Шоң Кемін жазығында жағалатып бірнеше қатарлап кілең ақ жұмыртқадай үйлерді тігіп тастаған, санасаң ұзын санынан жаңылысың, арғы шеті мен бергі шеті көрінбейді. Түс-түстан ағылып келіп жатқан халықта есеп жоқ, құмырсқадай құжынап жүр. Жеті атасынан бері дәулеті үзілмеген атақты Жантай ханның ұлы Шәбден манап та бүкіл Пішпек уезі ғана емес иісі қырғызда сөйлесе сөзі, айтса ісі жүріп тұрған, тасы өрге домалаған, атағы жер жарған асылзада ақсүйек.

Айбыны асып, ақ патшадан полковник шенін алған Шәбден манаптың асына мына шеті соноу Петербордағы сарыала шенді ұлықтар, батыстан тақияларын біршекелей киген өзбектер мен – қоқандар, Алатаудың терiскейінен дөңгелек бөрікті қазақтар, арғы шығыстағы қалмақ, қытай, дүңген, ұйғырлардың да игі жақсылары мен сүт бетіне шығар кәймақтары-ау дегендері түгел жиналыпты.

Осыншама толқыған судай үсті-үстіне келіп жатқан нөпір қонақтарды рет-ретімен, жөн-жоралғысымен қарсы алып, орналастырып жүрген эпақ айыр қалпақ, эпақ бешпент киінген күтуші қырғыз жігіттерінің ілтипат пейіліне разы боласың.

Ақын, әнші, жыршыларды эспеттеп Шудың жоғары бойына, Шоң Кемін сайына кіре беріс тұстағы қалың қарағайлы беткейдің етегіне қоралана тігілген оншақты



АТА АМАНАТЫН АРДАҚТАП...



Бүгін тарих – жыр әсем,
Қара шаштар қар шалған.
Соғыс жайын сұра сен,
Мың өлімді қарсы алған,
Солдаттар мен маршалдан,
– деп ақындар жырға қосқандай, тарих доңғалағы әр дәуірде өзінің мақтан етер, кейінгі ұрпаққа оның еңбегі мен ерлігін, тағылымы мен тағдырын таратып айтатын даналарымен ілгері басып отырады. Сол қатарда жерлесіміз капитан Балтабек Тынысбеков та қару ұстап, қан майданда шайқасты. Тәні өзге елдің топырағында қалса да, ерлік рухы мен өршіл қасиеті бүгінде ұрпақтарының ұлы істеріне дем беріп келеді.

«Жетісу»
Қажет АНДАС

Қазақтың берекелі де ырысты өлкесінің бар қасиетін бойына тұмар еткен Балтабек Тынысбеков 1905 жылы Ақсу ауданының Қызылағаш ауылында қарапайым шаруа отбасында дүниеге келді. Әкесі Тынысбек Жөнкебаев көкірегі ояу, көзі ашық адам болса, анасы Рысбала ақжарқын отанасы еді. Өкінішке қарай, атамыз 1916 жылы анасынан, 1917 жылы әкесінен айырылып, қатал тұрмыстың қиындығын көріп, ержетеді. Сәби күнінен әкесінің батылдығы мен батырлығын бойына жиып өскендіктен оқуға деген ынта-ықыласы ерте оянады. Сонымен Қапалдағы мектеп-интернатқа түсіп, үш сыныптық білім алады. Одан кейін Талдықорған қаласындағы пионерлер мектебінде, 1923 – 1924 жылдары Алматыдағы Кенес партия мектебінде білімін жалғастырады. Оның жауапкершілігі мен батылдығы ескеріліп, 1920 жылы партия қатарына қабылданады. Арада біраз уақыт түрлі қызметтің басын ұстап, алғашқы шындалу, жетілу жолынан өтеді. Ал 1925 жылдың 1 қыркүйегінен бастап Қызылорда қаласындағы Фрунзе атындағы әскери мектепке түседі. Осы оқу орнын бітірген соң 1930 жылы Ташкенттегі Ленин атындағы біріктірілген Орта Азиялық атты әскерлер командирлерін даярлайтын училищені тамамдайды. Содан кейін ауылына оралып, 1930 – 1935 жылдары Қапал, Панфилов, Талғар аудандарында әскери қызметте болса, Алматы маңындағы әскери бөлімнің бірінде взвод командирі міндетін атқарады. Сосын 1935 жылы қызмет бабымен Владивостокка ауысып, 1939 жылы Фин соғысына қатысады. Ал 1940 жылдың күзінде Украинаның Житомир қаласындағы әскери округке командир болып ауысады.

Сол қызметте жүріп, бір апта бойы шекарашылармен тактикалық жаттығу өткізіп, үйге шаршап қайтқан Балтабек атаны балалары жанжағынан қаумалап, сағына көріседі. Қыздарының бетінен сүйіп, мандайынан ніскеген әке көңілі жайланып, жадыраса, жөргектегі Станиславы да қолын ербеңдетіп, өзінше масайрайды. Кешкі астан кейін балалары тәтті ұйқыға енгенде Балтабек ата оларға қарап тұрып, ауыр ойға шомады. Өйткені шекарадағы жағдай кауіп-қатердің хабаршысындай жүрек тітіркентеді. Тіпті кей учаскелерде шекараның арғы жағындағы немістер пулеметтен, автоматтан оқ жаудырып, арандату әрекеттерін де жасап жатқан еді.

Осындай қиын-қыстау шақта шекарашылардың үйіне қайтып, бала-шағасымен емен-жарқын таң атыру мүмкін болмайды. Балтабек соңғы рет 1941 жылғы 17 маусымда үйіне оралады. Балаларына: «Мен келгенше анаңның айтқанын орындап, тәртіпті жүріңдер. Келесі айда демалысқа шығып, елге, аталарың мен әжелеріңе апарып қайтамын», – деп уәде етсе, зайыбына қауіптің жақындай түскенін ескертіп, әлде бір жағдай бола қалса балаларды алып, елге қайтуды табыстайды. Бұл кездесудің соңғы рет қоштасу екенін ол кезде ешкім білген жоқ.

Арада бір аптадай уақыт өте шықты. Балтабек оралмады. Мәки жүрегі алденені сезгендей алаңдап, түнімен көзді ұйықтай алмады. Таңға жуық, сағат төрт кезінде әлдекандай бір жарылыстан, үйдің қабырғаларын дірілдеткен гүрсілден шошып оянды. Терезеден лапылдап жанған үйлердің қызыл жалын сәулесі көрінді. Үсті-үстіне жарылған снарядтар мен жантүршігерлік алапаттан қатты қорықты. Бірден өзіне-өзі келе алмады. «Соғыс» деген үрейлі ой санаңы тұқыртып, шыңырау құзға тастап жібергендей әсер етті. Ол дереу есін жиды. Екі жас баласын жетелеп, омыраудағы баласын көтеріп, ауыл маңындағы орманға қарай ұмтылды. Содан алты күн өткенде орманға тығылған қарттар, балалар мен әйелдер теміржол стансысына жеткізілді. Олар мінген пойыз жол-жөнекей жау ұшақтарының шабуылына ұшырап, Киевке он күнде әзер жетті. Шығын аз болған жоқ. Тірі қалғандарды тіркеп, олардың ендігі бағыты туралы сұрағанда Мәки апа өздерін Алматыға жіберуді өтінді. Талай ауыр күнді, азапты сағатты, жан қинаған минуттарды артқа тастап, ақыры Балтабек атаның балалары Алматыға аман-есен жетеді. Бірақ әскери комиссариат оларды әкелерінің туыстарының арасына, Қызылағашқа баруына рұқсат етпейді де, Талғардағы орыс ағайынның үйіне орналастырады.

Сол тұстағы ел азаматтарының бәрінде бір ғана ортақ мақсат болғаны анық. Ол – елін, жерін жаудың тепкісінен азат ету болатын. Әрине, соғыс шебінде қайтыс болған барлық жауынгерді батыр, ержүрек, батыл деп бағалауға болады. Олар жаудың оғына, снарядына кеудесін тосып, ауылдағы ағайын мен бала-шағаның, былайша айтқанда, Кенес одағының келешегін қорғап қалды. Балтабек атамызды да сол қатарға жатқызуға болады. Оған кескілескен сан шайқаска қатысып, ерекше ерлік танытқаны үшін берілген «II дәрежелі Ұлы Отан соғысы» ордені, оннан астам медаль дәлел бола алады. СССР Қарулы Күштерінің Бас архив басқармасының 1971 жылы 15 қазан күні берген 173/4/с-120183 нөмірлі анықтамасында көрсетілгендей, 1369 атқыштар полкі 417 атқыштар дивезиясының капитаны Балтабек Тынысбеков 1943 жылдың қазан айында Запорожье облысының Любимовка селосы үшін болған ұрыста ерлікпен қаза тапты. Оның денесі осы селодағы бауырластар зиратына жерленген.

Бұл Балтабек Тынысбековтың Ұлы Отан соғысындағы ерлік шежіресінің бір парағы ғана. Сонымен қатар, Балтабек ата 26 жасынан бастап өлкелік «Қызыл әскер» газеті арқылы жастарға, шаруаларға қажетті көптеген мақала жазып тұрды. «Еңбекші табына сертім!» атты өлеңі осы газетте жарияланған.

Балтабек атаның екінші қыры – отбасының тірегі, аскар таудай әке, балаларының үлгі алар тұлғасы бола білгені дер едік. Атамыз 1930 жылы Макинұр Базарбекқызымен үйленеді. Содан бір жыл өткенде үлкен қызы Әлима, 1935 жылы Клара, 1938 жылы Станислав дүниеге келеді. Станислав деген есім тегін қойылмаған екен. Балтабек атамыз Владивостоктың Приморье өлкесінде взвод командирі болып жүргенде шекараның арғы жағындағы командирді атайын деп тұрған жау диверсантын Станислав деген поляк жігітінің көзі бұрын шалып қалады. Сол кезде командирін қағып жіберген солдат өз кеудесін оққа тосады. Өзін өлімнен аман сақтап қалған жігіттің ерлігіне бас иген Балтабек 1938 жылы 16 мамырда дүниеге келген ұлына Станислав деп ат қояды. Міне, бұл үлкен ерліктің, қарапайым солдаттың өз командиріне деген сүйіспеншілігі еді. Бір қуанарлығы, үш баласы да Балтабек атамыздың жолын қуып, білімге құштарланып ержетті. Бәрі қалаған мамандығы бойынша білім алып, әке рухын асқақтатты. Әлима – Алматыдағы Мәншүк Мәметова атындағы педагогикалық училищені бітіріп, Ауылшаруашылық институтының баспасында корректор болып жұмыс істеді. Клара – Абай атындағы Қазақ ұлттық университетінің орыс тілі мен әдебиеті мамандығын бітіріп, өмір бойы ұстаздықпен айналысты. Әсемқұл Сәлімбаев атамызбен тұрмыс құрып, 3 ұл, 3 қыздың анасы атанды. Станислав – екі ұл, бір қыз өсірді. Бүгінде Есік қаласында тұрады.

Сондай-ақ, немере-шөберелері де атасының жолын қуып, еліміздің егемендігін қорғап, іргесін бекіту жолында ерінбей еңбек етіп келеді. Айталық, атамыздың Кларадан туған немересі Гүлнар Әужанова психология ғылымдарының докторы, Президенттің күзет қызметінде жауапты қызмет атқарды. Қазір отставкадағы подполковник. Ал шөбересі, Гүлнар Әужанованың ұлы Жанай Әужанов әскери салада еңбек етеді. Капитан шені бар. Тағы бір шөбересі Меруерт Сәлімбаева капитан шеніндегі қызметте. Меруерттің ұлы да атасының жолын жалғастырып келеді. Ұрпақ жалғастығы деген осы шығар.

◈ *«Қазпочта» АҚ Алматы облыстық филиалының директоры М. Кәрібаевтың назарына!*

Міне, тағы бір жыл басталды. Өңірлердегі біткен шаруаларға көңіл толтыртып, алдағы істерге мақсатты іс-шаралар белгіленетін ауыл, аудан әкімдерінің ел алдындағы есептері де тиянақталды. Жылдың басты жиындары көтерген, көп көңілін алаң етіп жүрген түйінді мәселе көп-ақ. Соның бірі әрі бірегейі десек те артық болмас, жер-жердегі қарапайым оқырман қауымның қалталарынан тиын-тебен шығарып жазылған газет-журналдарының уақтысымен қолдарына тигізілуі болып отыр.

Газет қолымызға уақытында тисе

«Жетісу»
Қанат БІРЖАНСАЛ

Осы бір толғақты дүниені Райымбек ауданындағы Бөлексаз ауылының тұрғыны Тұрсынғайша Аспандиярова көтерді. «Жазылған дүниелеріміз уақытысында қолға тимейді. Бір аптаның газетін екінші аптаның аяғында бір-ақ көреміз. Сөйтіп, үйіп өкеп тастайтын газетті аударыстырып шығуға да уақытымыз жете бермейді. Әрі мәні мен маңызы да қалмайды», – деген реніштерді бұрын да ауданның әр тұсынан естіп қалып жүретінбіз.

– Рас, бүгін мінберде айтылған мәселе өте орынды. Бұған жүрдім-бардым қарауға болмайды. Қазіргі уақыт ақпараттың заманы. Көзі-қарақты оқырман уақытпен тығыстағысы, бірге жүргісі келеді. Сондықтан мерзімі өтіп кеткен басылымның бері азаяды. Мәні қалмайды. Облысымыздың үні мен тілі саналатын «Жетісу» мен «Огни Алатау» газеттері қазір бізге қарайды. Облыс әкімдігінің тікелей қолдауымен шығатын әрі облыс аумағына ең көп тарайтын қос басылымның оқырман қауымнан жинайтын қыруар қаражатының жап-жақсы бөлігі «Қазпочта» АҚ-на беріледі. Бұл ақша сол аптасына үш рет шығатын газетті уақытылы оқырман қолына тигізу үшін беріледі. Сондықтан тұрғындардың айтқан сын-ескертпесі орынды. Бұдан қорытынды шығару керек. Бұл бір ғана Райымбек ауданына ғана тән деп айтпаймыз. Барлық аудан почта байланысшыларының, аудан әкімдігінің назарында болсын дейміз, – деді облыстық «Жетісу» және «Огни Алатау» газеттерінің басын құрап, басшылық етіп отырған «Өлке тынысы» ЖШС-нің директоры Мейрам Жанәділов.

Осы Бөлексаз ауылында өткен жиналыста аудан әкімінің орынбасары Мәдени Нұрдәулетов те бұл мәселенің орынды көтерілгенін айта келіп аудандағы үйді-үйге газет жеткізетін жандардың еңбекақыларының республикадағы ең төменгі еңбекақы көлемінен де төмен екенін айтты. Бұл ойландыратын да, толғандыратын да мәселе. Біз бұл жөнінде сұрау салып көрдік. Бұрын аудан орталығы болған Нарынқол ауылына төрт хат тасушы жұмыс істейді екен. Олардың айлық еңбекақылары 18 мың теңге. Кей-кейде қосымша хат-хабар таратқан кездерде бар-жоғы 20 мың теңгеге көтерілетін көрінеді. Қалай десек те, бұл көңілді көншітетін айлық емес. Бұл мәселені «Қазпочта» АҚ, оның облыстағы басшылығы назарына алса дұрыс болар еді. Жұмыстың ең шешілер тұсын көтеретін, еңбектің ең қиынын атқаратын, қар болсын, жаңбыр болсын, үйді-үйге газет-журнал, хат-хабар жеткізетін пошташылардың ерен еңбектерінің ақталғаны абзал. Ең бастысы, басылымдар тарапынан қомақты қаражаты бөлініп қойылған газеттерді өз уақытында оқырман қолына тигізу кейін қалдыратын да, ысырып қоятын да дүние емес. Осыны есте ұстаған жөн.

Райымбек ауданы.

◈ *Жазылған жайға орай*

Кеніштің зиянын тұрғындар көрмесе...

«Жетісу» газетінің өткен сандарының бірінде журналист Болат Абаған облысымызда бұрыннан белгілі уран кеніштерінің жағдайының нашар екеніне тоқталып, оның халық денсаулығына кері әсері болуы мүмкін екені жайлы ой толғады. Бұл жағдай өзекті мәселелердің бірі ретінде жергілікті жердегі тұрғындар мен басшыларды, экологиялық ұйымдарды ойландыруы тиіс.

Өйткені немқұрайдылықтан талай адам зардап шегіп жатыр емес пе? Радиация көзге көрінбегенімен, одан ұшатын тозаң ауамен, сумен араласып, талай жерге барады. Арал теңізінен ұшқан тұз тозаңдарының солтүстік Америка маңындағы Гренландия аралы мен Арктикадан табылғаны жайлы ақпарат бәрімізге мәлім.

Ал облысымыздың аумағындағы уран кеніштерінің ашық-шашық жатуы Арал тұзымен салыстыруға мүлде келмейтін жағдай. «Айдаладағы таудағы кеніштердің бізге әсері жоқ» деген жайбарақаттылыққа мүлде жол беруге болмайды. Уран кеніштерінің бұрыннан қалғаны да, кейін ашылып жатқаны да облысымызда жетерлік. Солардың бірі – Панфилов ауданы, Қоңырөлең елді мекеніндегі Сарытөбе ауылы маңындағы «Тасқашар тақтатас кеніші». Бұл кеніштен 1995 жылдан бастап құрылысқа арналған жасыл, қызыл тақтатастар қазылып алына бастады.

Кеңес одағы кезінде Қату тауында уран өндірілгендіктен, зиянды әсерін билік өкілдері ескеріп, ол жерден тас алуға рұқсат етпеген. Ал бүгінгі күні тастарды жергілікті халық қазақаза терең сайға айналдырған.

Орталық Азияның геолог ғалымдары зерттеулерінің халықаралық конгресінің «Рудные провинции Центральной Азии» атты жинақ кітабында Қату-1, Қату-2 тау астында уран рудасының жоғары мөлшерде кездесетіні жазылған. Сондықтан да тау астындағы тақтатас, тұршақтардың бетін ашу өте қауіпті. Осы себептен болар Қоңырөлең елді мекенінде «жаман аурумен» ауыратын адамдар саны соңғы жылдары күрт артқан. Мұндай ауру түрі жас балалар арасында да тіркелуде. Сондықтан аталған кеніш орындарын жауып, адамдар денсаулығын ойлау кезек күттірмейтін мәселе.

А. НҰРТАЕВА,
Б. НҰРҒАЛИЕВА,
№14 орта мектеп-гимназиясының мұғалімі.
Талдықорған.



Соғыс жайлы білгің келсе кәртқа бар...

МҰҚАҒАЛИ.



Төле би:

Атадан ұл туса игі,
Ата жолын қуса игі.
Өзіне келер ұятын,
Өзі біліп тұрса игі.
Жаудан бұққан немені,
Ортасынан қуса игі!



Қаз дауысты Қазыбек би:

Алтын ұяң – Отан қымбат,
Құт-берекең – атаң қымбат,
Аймалайтын анаң қымбат,
Мейірімді апаң қымбат.
Аскар тауың – әкең қымбат,
Туып-өскен елің қымбат.
Ұят пенен ар қымбат,
Өзің сүйген жар қымбат.



Әйтеке би:

Ашу деген ағын су,
Алдың ашсаң арқырар.
Ақыл деген дария,
Алдың тоссаң тоқырар.
Кісі бірге туыспау керек,
Туысқан соң сөз қуыспау керек.
Сөз қуған бәлеге жолығады,
Жол қуған олжаға жолығады.

27

Жөн көрсеттім
қазақ деген намысқа,
Жол сілтедім
жақын емес алысқа.
Өзге жұрттар
өрге қадам басқанда,
Дедім, – сен де
қатарыңнан қалыспа!

Ахмет БАЙТҰРСЫНОВ.

АРДАГЕР

АЙЫНА БІР РЕТ ШЫҒАТЫН ГАЗЕТ ІШІНДЕГІ ГАЗЕТ

22 ҚАҢТАР, БЕЙСЕНБІ, 2015 жыл

№1 (139)



Ұлы Жеңіске 70 жыл

АҚТІЛЕК

Расында, «Қарты бар ел – қазыналы» деген қанатты сөзді жадына сақтаған халықтың перзенті емеспіз бе? Біз де ақ тілегін арқалап жеткен ақсақалдарды аңқылдаған азаматтық тұрғыда қарсы алуға тырыстық. Газет редакторы Нүсіпбай Әбдірахым бастаған ұжымдағы журналистер дария кеуде, тау мүсін ақсақалдармен шағын кездесу ұйымдастырып, емен-жарқын өңгімедүкен құрды. Сөзді Мұрат Шаяхметұлы бастап, көрегендігі мен өмірдің ащы-тұщысын көргендігін тілге тиек етіп, жаңа қоныстың жайлы болуын тілесе, келесі кезекте сөз алған өнер, мәдениет, білім, денсаулық, экономика саласында ұзақ жыл еңбек еткен қариялары мыз жас журналистерге батыл әрі іскер болудың жолын ұсынды. Ал ақын Шәкір Әбдікерім ақсақал бисміллә деп қол жайып:

– Алладан болсын
ақ тілеу,
Пайғамбардан
болсын шапағат.
Асыңызға адалдық,
Басыңызға амандық.
Тілеулерің
жарқын болсын,
Мінездерің алтын болсын.
Ниетіміз ақ болсын,
Пейілміз жақ болсын!
Қоныстарың құтты болып,
Қыдыр дарып,
бақ қонсын,

– деп ақ батасын берді Халқымызда: «Жас, кезінде бейнет бер, қартайған соң зейнет бер» деген аталы сөз бар. Сондай жастығын елінің көркеюі мен гүлденуіне арнап, бейнет шексе, қартайғанда да «Қайратым қайтты» деп шалқалап жатпай жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықты сіңіреміз деп жарғақ құлағы жастыққа тимей жүрген қарттарға алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Алдымен отбасының, қала берді бүкіл қауымның ынтымағының іргетасы болып жүрген осындай қариялары мыздың ізгі қасиеттерін екшеп, құрмет көрсетуді ұлықтайтынымыз да сондықтан. Жаңа қоныстың есігін бірінші болып ашып, ақ тілегін арнаған ақсақалдардың жолын жақсы ырымға балаған әріптестерімізге, жұмысқа аса жоғары ынтамен кірісті.

Қажет АНДАС.



ҚЫДЫР ДАРЫП, бақ қонсын

Қалалықтар кәзірдің өзінде «Баспа үйі» деп атап алған Жұмахан Балапанов данғылы мен Д. Қонаев көшесінің қиылысына орналасқан жаңа қоныстарымызға көшіп келгелі де көп уақыт өте қойған жоқ. Бірақ баспасөздің қадамын бағып, жаңалығын жанына жалау етіп, қашанда ізгі тілегін білдіріп жүретін оқырмандарымыз тағы да жанымыздан табылды. Сол қатарда Талдықорған қалалық ардагерлер ұйымының төрағасы Мұрат Халық және оның орынбасары Серік Толғанбаев бастаған аталған ұйымның бір топ төралқа мүшесі жаңа қоныстарымызға бас сұғып, жағдайымызбен танысып, ізгі ниетін білдіріп қайтты.

ТАҒЗЫМ

Әке рухы

Егер әкем тірі болғанда биыл 100 жасқа толар еді. Өмірден өткеніне 25 жыл болған әкемнің жарқын бейнесі, жақсылығы, еңбектері, айтып тауыса алмайтын кісілігі мен адамгершілігі жайлы түгел қамту мүмкін емес. Дегенмен, артындағы ұрпақтары немере-шөберелері біле жүрсе, үлгі-өнеге болса екен деген ниетпен қолыма қалам алуды жөн көріп отырмын.

Ұлы Отан соғысының ардагері, бір аяғынан айырылған әкем Зәуренбек Сіргебайұлы 1913 жылы Алакөл ауданы бұрынғы Үйгентас өңірінде. Есалы ауылында дүниеге келген. Өзі тіршілігінде «Мен қаңтарда дүниеге келіппін, бірақ, менің туған күнім тоғызыншы мамыр. Жеңіс күні. Бұл Жеңіс болмаса сендер болар ма едіңдер». – деп отыратын. Сол себепті жыл сайын 9 мамырды Жеңіс күні әрі әкемнің туған күні деп тойлайтынбыз. Балаларынан жас кезінде тәркіндеп баруға шамамыз келмей жатса да 9 мамырда баруға тырысатынбыз. Әкем Зәуренбек ағасы Иманбек екеуі еке-шешеден жастай жетім қалып әкемнің інісі Ғүгебай атамыздың бәйбішесі Айсаған апамыздың қолында тәрбиеленіпті. Айсаған апамыз 1953 жылы әкемнің қолында қайтыс болыпты. Қиын кезде әкем мен ағасы Иманбек екеуі оқып, білімін жетілдіріп, зейнеткерлік жасқа жеткенше ұстаз болып өтті. Әкем ұстаздық жолын 19 жасынан бастап, директорлыққа дейін көтерілді. Соғыс басталғанда мектепте директор болып жүрген екен. 1942–1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысып барлаушылар ротасында жауды жеңуге үлес қосты. Сан рет барлауға аттанып, құнды «тіл» әкелген әкем Зәуренбек Қызыл Жұлдыз, дәрежелі Даңқ орденімен, «Ерлігі үшін» медальмен әртүрлі 14 медальмен бірнеше Құрмет грамотасымен марапатталған.

Әкем алғашында Сталинград майданында содан соң Донда, одан кейін Қырымда болған 2-гвардиялылар ротасының құрамында Қырымнан Балтық жағалауына дейінгі жорық жолынан өтті. Камыши қалашығының түсында «тіл» әкелуге алған тапсырмасы, ротаға тұтқынды «тірідей» алып келген туралы бір кезде «Жетісу» газетінде очерк жарияланған. (Авторы – С. Медеубеков).

Кезінде көзі тірісінде әкем мен анам туралы газетке көп жазылған. Шәкірті Тоқтар Бейсқұлов ағамыз «Біздің ауыл Үшқайың» деген әңгімесінде әкем жайлы жазған. Нұрғизат Шәкерұлы жазған «Үшқайың үшқан – ұямыз» атты кітабында да әкем-анам жайлы жазылған.

Әкем ұстаздық ете жүріп, үнемі білімін жетілдіріп отырған. Соғыстан бір аяғынан айырылып, II топтағы мүгедек болып оралса да Лепсідегі педагогикалық училищен бітіріп, Алматы қаласындағы Абай атындағы мемлекеттік институттың тарих-география факультетін, партия мектебін бітіріп шығады. Әкемнің тағы бір қасиеті, «Ұлы Отан соғысының ардагерімін, маған аңғау керек, мынау керек», – деп бірде-бір рет жоғары жаққа барған емес. Біз пендешілікпен: «Соғыс ардагерлеріне жеңілдіктер болып жатыр екен, сіз де көрмейсіз бе?» десек, «Соғысқа қатысқанымды міндетсінбеймін, заманыма келді. Отанды қорғап міндетімді өтедім», – деп отыратын. «Зәуренбектің қызымын», – десем, ауылдастар «Жақсы адамның қызы екенсің – өкең де, анаң да өте жақсы адамдар болған», – деп жақсылықтарын, жақсы істерін айтып көңілім бір марқайып қалатын. «Әкең өлсе өлсін, өкеңді көрген өлмесін» дегендей, ата-анамды көргендердің қатары азайып келеді. Көзі тірісінде соғысты еске алғысы келмейтін, оған лағнет айтып, ешқашан болмауын, баяғыны бейбіттшілік орнауын тілейтін аяулы өке, ұлағатты ұстаздың мақтаныш сезіммен әңгімелейтін шәкірттері еді. Әкемнен тәлім алғандардың арасында көптеген еңбек озаты, ұстаз, инженер, дәрігер, жазушы, ғалымдар бар. Аса көп сөйлемейтін әкем ағайын-туысқа, жолдастарына, көршілеріне үнемі қамқорлық жасап отыратын.

Анам, Оспанқызы Сәмиға 1922 жылы дүниеге келіпті. Әкем екеуі үйленгенде кәмелеттік жасқа толмапты. «Әкеме қиын болады». – деп нағашы атам Оспан анамды 1920 жылы туған деп жаздыртқан екен. Анам жасында оқуға өте алғыр зерек болыпты. Орта білім алған соң Лепсідегі педагогикалық мұғалімдер даярлайтын училищеден бастауыш мектеп мұғалім мамандығын алып шығады. Ұлы Отан соғысы кезінде тылдағы жұмыс майданнан кем болмағаны бәрімізге белгілі. Сол соғыс жылдарында анамның еңбегі өте жоғары болып, өр салада ауылдық кеңесте хатшы, партия ұйымының жұмысын да бір өзі атқарып, кешкісін мектепте математикадан сабақ беріпті. Оның сыртында майданға жөнелтетін киім-кешек, азық-түлік, ақша жинауды ұйымдастыру бір өзіне жүктеліпті. Күн сайын өр үйдің есік-терезесін қағу сол сұрапыл соғыс кезінде өте ауыр, азаппен пара-пар еді. Әкем мен анамның жастық шағы тыл мен майданда өтіп, ауыр кезеңді бастан кешіргенімен өмірі басқа өтпеген деп ойлаймын. Бірақ, екеуінің де қасиеті «солай істедік, осылай болды» деп бірде-бір көкірек қақпаған емес. Партия мүшесі болып бірнеше рет ауданға, ауылға депутат болып сайланды. Қиын заманда, қиын кезеңде Отан үшін, ел үшін еңбек еткен қадірлі де құрметті, бауырмашыл әкем мен анамның болғанын мақтан тұтамын. Қазіргі кезеңде солардан тараған ұл-қыздары бір-бір үй болып, немерелері оқуын оқып, бір-бір мамандық иесі атанып еңбек етіп жүр. Әке-шешем туралы айтып тауыса алмайтын естеліктерден аз-маз жаза отырып, жатқан жерлері жайлы болып, Алланың нұры, Пайғамбардың шапағаты, Құранның сауабы тисін дегім келеді.

Сара ЗӘУРЕНБЕККЫЗЫ.

Алғабас ауылы,
Көксу ауданы.

ӘСЕРЛІ ШАРА



Еліміз бен жеріміздің қорғап, жарқын өмірге жол ашқан бабалар ерлігін жадымызда сақтап, батырлық істерін насихаттау – бүгінгі ұрпақ парызы. Осыған орай Ұлы Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында Көксу ауданының Теректі ауылындағы Темірғали Исабаев атындағы орта мектебінде түрлі іс-шара қолға алынуда.

Батыр жолын үлгі етті

Мектепке есімі берілген Темірғали Исабаев – Ұлы Отан соғысының қатысушысы, «Қызыл Жұлдыз», I, II, III дәрежелі «Даңқ» ордендері мен «Ерлігі үшін» медалінің иегері. Батырдың өмір жолы мен ерлігін жете тану мақсатында мектептің 5-сынып оқушылары Талдықорған қаласындағы М. Тынышпаев атындағы тарихи-өлкетану мұражайына барды. Оңдағы Ұлы Отан соғысының ардагері Т. Исабаевқа арналған бұрышпен танысып, ерлігі үшін берілген орден-медалін, батырдың өзімен бірге алып жүрген, қолданған заттарын көрді. Бұл балаларға үлкен әсер етті.

Оқушылар қарт жауынгер туралы көбірек білу мақсатында облыс орталығында тұратын Т. Исабаев атамыздың өмірлік зайыбы Шәмшиә апаймен кездесті. Әжеміз бүгінде 84 жаста. Ол кісі ардагер атамыздың соғыс кезінде бірнеше мәрте жарақат алса да, қайтпас қайсарлықпен Жеңіс күніне дейін ұрыс даласында ерлік көрсеткенін, Беларусь майданында 108-ші жеке гвардиялық барлаушылар ротасында барлаушы әрі танкке қарсы нысанашы болғанын, сөйтіп талай неміс танкісін жоюға батырлықпен үлес қосқанын айтты.

Қарт жауынгердің ұлы Мәлік аға да Жеңіс мерекесінің ол үшін орны бөлек екенін, осындай өр тұлғалы батырдың ұлы болғанын мақтан ететіндігін жеткізді. Балалар Ұлы Отан соғысының ардагері туралы естелікті қызығыта тыңдап, дәл атамыздай ержүрек әрі батыл болуға бел байлады.

Орынбасар БАЯНБАЕВА,
Т. Исабаев атындағы мектепке дейінгі шағын орталығы бар орта мектептің қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі.

Теректі ауылы.

МЕНІҢ ЖЕРЛЕСТЕРІМ

ЖЕҢІСТІ ЖАҚЫНДАТҚАНДАР

СҰРАПЫЛ 1418 КҮН МЕН ТҮН 20 МИЛЛИОН БОЗДАҚТЫҢ БАСЫН ЖҰТТЫ, ҚАНШАМА ОТБАСЫ ШАЙҚАЛДЫ, БАЛА ЖЕТІМ, АНА ЖЕСІР АТАНДЫ, ОТБАСЫН ҚҰРЫП, ҚЫЗЫҚ КӨРЕ АЛМАЙ АЖАЛ ҚУШҚАН ҚАЙРАН БОЗДАҚТАР-АЙ?!

Кеше: Ел басына күн туған тәлмат 1941–1945 жылдары Отанын неміс басқыншылардан қорғауға Көктерек ауылынан да бір топ азамат қан майданға аттанған еді. Көпшілігі жар құшып, бала сүйіп те үлгермеді. Айтар болсақ, Зейнелғабдел Иманқожаков, Ендібай Жүнісов, Кемелбай Түменбаев, Каметай Жүнісов, Уахит Жусупов, Нұртай Каримов, Берлікожа Ысқақбаев, Имангали Абжанов, Бабақұмар Сергазин, Дулат Аскаров, Сүлейбек Сұлтанов, Төлеубек Бокушев, Жексембек Баймұрзин, Құрымбай Тоқтыбаев сынды азаматтар Жеңіс күнін жақындата түсті. Солармен бірге тылда еңбек еткендердің де еңбектері зор болды. Күндіз-түні тынбай «Бәрі де майдан үшін!» деп тыным алмады. Мәселен, Ережеп Трайсов, І. Абдиманов, І. Шаяхметов Әділбай Қауысов, Құлайберген Аманбаев, Смағұл Серікбаев, Қабдолда Қырғаланов, Мұхаметқали Тынымханов, Жанболат Шаяхметов, Аспандияр Бөксанов, Сәбит Каримов сынды ер-азаматтармен бірге Райхан Ошақбаева, Ақжамал, Нұржамал, Әсия Әлдекенова, Малиже сынды жас келіншектер де егін жинау, шөп шабу, тоған қазу, малшыларға көмекші тәрізді ауыр жұмыстар жасап, кешке майданға деп шұлық, қолғап тоқып, кәрі әке-шешелеріне қарап, ауыр өмірді бастарынан өткерді. Көп ұзамай 1945 жылдың Жеңіс күні де жетті. Майданнан Жеңіс туын желбіретіп көп күттірген балаңы, жары, әкесі оралды. Мамыражай таң атып, тыныш еңбек күні басталды, жас шаңырақ бой көтерді, ығалаған сәби үні естілді.

Бүгін: Сол ұлдар мен қыздар ержетіп, бірі әке жолын, бірі ана жолын қуып еңбек ету үшін оқып білім алды. Ауыл малшаруашылығы болғандықтан көпшілік жастар ауылда қалып, ал оқығандары ауылға келіп, ата-ана жолын жалғастырды. Атап айтсам, Тасболат Сабитов құрылысшы болып еңбек еткеніне 50 жылдан асты. Орталықтағы барлық үй, мәдени орталық және малшыларға арналған үй мен баз құрылысында өзінің шәкірті ретінде тәрбиеленген Орынтай Аманбаев екеуінің қолтаңбасы бар. Осы арада айта кететін жайт, осы Тасболат ағайға Сарқан ауданының Құрметті азаматы атағын берсе артық емес. Сондай Сыдық Мейіров омырауына орден такса, Күнсипа Алпысбаева, Әнипа Неменалина, Бәтима Сағымбаева, Алтын Жанболатова «Батыр ана» атануда. Бағдат Сергазин Ауған соғысына қатысса, Абдұлхат Каримов әдролық сынақ полигонының зардабын шегуде, Берік Аскарбеков те солай. Осы азаматтар кейінгі жастарға патриоттық үлгі-өнеге, Тұрғын үйлеріне тақта ілін қойса игі болар еді. Осындай азаматтар тұратын Көктерек ауылы да жанарып келеді. Бұл ауыл «Нұрлы Жол» бағдарламасы бойынша жаңа өңірге айналады деп есептеміз. Себебі, ауылда өмірден алған үлгі-өнегесі көп, көзі ашық, көкірегі ояу, намысты азаматтар туралы емес пе?

Ертең: Күні кеше ғана осы ауылдың өркендеп, өсуіне өз үлестерін қосқан ата, апа, әпкелерінің жарқын еңбек жолын жалғастырушы бүгінгі бала мен немерелер келер күнге бастар Нұрлы Жолды дұрыс таңдайды деп зор үмітпен сенім артамыз. «Нұрлы Жол» ырлы болашаққа бастау екенін ұмытпайық. Сол болашақ жас толқынның қолында екенін естен шығармайық, ағайын!

Барыс ӘДІЛБАЙ.

Көктерек ауылы,
Сарқан ауылы.

Байланыс телефондары: (Талдықорғанда) 8(7282) 41-10-50, 41-10-52; (Алматыда) 8(7272) 79-13-37, 79-13-86.

■ Менің замандастарым

Қаламгер асқан асулар



Түс алетінде үйге келгенімде кенже қызым Айгерім сарғыш түсті жұқалтаң кітапты қолына алып, қасыма жүгіріп келді. Кітапты жоғары көтеріп:

– Мына кітаптың ішінде жұмбақтар көп. Айтып берейін бе? – деп, бір-екі жұмбақты тақпақтай жөнелді. Мүкият тыңдап тұрмын. Жұмбақ шумақтары бала тілне ыңғайланып жазылғаны, пайдаланған сөздердің түсінікті, әрі балаларға таныс екені көрінеп тұр.

– Бере қойшы кітабыңды, мен де көрейін, – деп кітапты қолыма алып, аударыстыра бастадым. Кітаптың мұқабасында «777 жұмбақ» деп жазылыпты. Авторы өзіміз көптен бері білетін, қарымды қаламгер Әли Ысқабаев екен. Дереу телефон шалдым.

– Ассалаумағалайкум, Әлеке! Үлкендер туралы жазғандарыңызды оқып, тауыса алмай жатқанда, енді балаларға арнап жазған жұмбақ, жаңылтпаштарыңызбен танысып, маз болып жатырмыз. Құтты болсын! – дедім.

– Рахмет! Өзің білесің ғой, балалар тақырыбына қалам сілтейтін ақын-жазушылар біреңсаран. Әдебиеттің осы майданында бағымды бір сынап көрейінші дегенім ғой. Қалай, ұнады ма? – деп қашанғы қарапайым әдетіне қарай ауысты. Бұл 1994 жылдың қоңыр күзі болатын. Менің кез алдымнан Әли Ысқабаевты алғаш көрген сәттерім тізіліп өте берді. Сонау сексенінші жылдардың басында қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінен журналистика факультетін бітіргеннен кейін Талдықорған облыстық «Октябрь туы» газетіне жұмысқа орналастым. Газеттің бас редакторы Ғалым Егембердиев редакцияның барлық қызметкерлерін жинап, мені ұжыммен таныстырды. Байқап отырмын, газет басшысының жасы да үлкен, өмірдің сан қырлы қиын-қыстау баспалдақтарынан өткен тәжірибесі де мол, салиқалы адам екендігі көрініп-ақ тұр.

– *Оздеріңе айтайын дегенім, ортамызға тағы бір жас маман келіп қосылды. Жоғары білімі бар. Барлықтарыңыз оны шеттетпей, білгендеріңізді үйретіп, жазуға баулыңыздар. Кейінгі кезде редакцияда жас мамандар көбейіп келеді. Бұл – жақсылықтың нышаны.*

Жиналыс бітті. Коридорға шыққан соң бөлім бастығым қолын беріп, құттықтап, кабинетке ертіп келді. Ақжарқын кісі екен, бірден бөлімнің атқаратын жұмыстарын түсіндіре бастады. Бие сауымдай уақыт өткенде редактордың орынбасары шақырды.

Шағындау кабинетте ұзын бойлы, шашын ақ қырау шала бастаған жігіт ағасы қарсы алды. Қабағы салқындау. Өн бойыма бір көз жіберіп өтті де:

– Менің аты-жөнім Ысқабаев Әли болады. Редактордың орынбасарымын. Біздегі тәртіпті алғашқы күннен есіңе салып қойайын дегенім ғой. Газетте тек жазу-сызу ғана емес, кезекшілік деген болады. Қате кетпеуі тиіс. Әр қызметкерге арнайы жоспар белгіленген. Күнделікті қатардағы журналистер 150 – 200 жолдан материал беруі қажет. Ол секретариатта тіркеледі. Жұмысқа ынталылық та соған қарай бағаланады. Бөлімнің жұмысы ауыр. Алғашқы күннен ыждағатты бол, – деп ақыл берді.

Ол кезде облыстық газеттер аптасына бес рет шығады. Бұл мақалалардың көптігін қажет етеді. Әдетте, келесі күні шығатын газеттің бірінші бетіне бас мақала салынып, қалған орындары бос тұратын. Оған КПСС Орталық Комитетінің немесе Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің ресми материалдары орналастырылады. Ондай болмаған жағдайда облыс көлемінде жүргізіліп жатқан науқандық жұмыстардың барысына арналған шағын хабарлар, мақалалар беріледі.

Міне, осындай құрт шақтарда Әли Ысқабаевтың іскерлігі, ұйымдастырушылық қабілеті, талқырлығы қиындықтан құтқарып жіберетін. Әлекеңнің редакция мен баспахана жұмысын жетік білетін өз ісінің шебері болып шықты. Оның сыры 1958 жылдан бастап, Балқаш аудандық «Балқаш еңбектері» газетінде әдеби қызметкер, одан кейін бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы міндеттерін атқара жүріп, 1966 жылы Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген екен.

Одан кейін Қаратал аудандық «Коммунизм жолы» газеті редакторының орынбасары болыпты. 1967 жылы Алматы жоғары партия мектебін тамамдаған соң Қаратал, Көксу, Шелек аудандарында газет редакторы, республикалық қазіргі «Егемен Қазақстан» газетінің Мәңгыстау облысындағы меншікті тілшісі қызметін атқарыпты.

Демек, Әли Ысқабаев облыстық газет редакторының орынбасарлығы қызметіне журналистиканың қыр-сырын жете меңгерген шағында келген.

Қырық жылға жуық бірге жүрген кезең ішінде Әлекеңнің құдай берген қабілетінің қуаттылығы аса басым екенін танып, білдік. Ол әдебиет деген тылсым дүниенің мейлі поэзиясы мен прозасы болсын, есігін айқара ашып, табалдырығынан тайсалмай аттап, шығармашылықты өн бойына сіңірді. Соның нәтижесінде оның қарымды қаламынан аңгіме де, өлең де, естелік те, жұмбақ пен жаңылтпаш та өрбіді. Не жазса да, саз жазатын Әлекең публицистикалық жанрда қалам тербеп, елдің жылт еткен жақсы жаңалығын халқына жеткізудің хас шебері. Біраз өлеңі әнге айналып, ел ішін аралап кеткен. Сонау тоқсаныншы жылдардың басында ол «Жұбайым» өлеңіне ән жазылды. Осы қуанышты атап өтуге жиналдық. Ән орындалды. Ән біткенде бәріміз қол соғып:

– Әлеке, осы әнмен Елеусіз тәтеміздің алдындағы парызыңызды бір өтеп тастадыңыз-ау, – деп қалжыңдадық. Сол әннің арқауы Әлекеңнің жұбайы Елеусіз Тілеубаева Талдықорған қаласындағы үлкен гастрономның директоры болды. Қазір үлкен қор әулеттің ардақты әжесі.

Жетісу өңірінде журналистика саласының қалыптасуына ықпал етіп, шығармашылық салада көп жыл еңбек сіңірген Әлекең «Еңбектегі ерлігі үшін», «Еңбек ардагері» медальдары мен «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері», «Алматы облысының Құрметті азаматы» атақтарының иегері. Ол Қазақстан Журналистер және Жазушылар одағының мүшесі.

«Мен» деп көкірек қақпайтын, жалақ сөзге бой алдырмайтын, өзілі мен қалжыңы қатар жүретін, әділ де қарапайым, журналистиканың жампозы Әлекең осындай жан.

Ғалым ЖАЗЫЛБЕКОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

Жетісу журналистикасының өсіп-өркендеуіне мол үлес қосқан Әлекең 1992 – 1999 жылдар аралығында «Алатау» баспа полиграфиялық корпорациясы кәсіпорнының Талдықорған облыстық Полиграфия өндірістік бірлестігінің бас директоры болып, облыстағы ірі өндіріс орнына жетекшілік етті. Өзіміз «тоқырау жылдары» деп атайтын осы кезеңде облыстық, аудандық газеттердің қағаз тапшылығынан уақтылы шықпай қалу қаупі туындады. Осынау қысылтаяң сәтте Әлекең қол қусырып отырмады. Тәжірибелі басшы дереу Ресейлік әріптестерімен қарымқатынас жасап, олардан газет басатын қағаз алуды қолға алды. Облыс басшыларының қолдауы арқасында көршілес елден мол мөлшерде қағаз жеткізілді.

Жазудан жалықпайтын Әли Әлекұлы басшылық жұмыста жүріп те қолынан қаламын тастаған емес. Еңбекқор қаламгердің әртүрлі баспалардан «Жетекші шопан», «Әубәкіровтер әулеті», «Қызылжардың қызғалдақтары» атты деректі кітаптары жарық көрді. Ал, көркем әдебиет саласында «Менің інім», «Солдат ағаға хат», «Еңбекқор құмырска», «Бесік жыры» кітаптары өмірге келді. Елге аса танымал ақын-жазушының «Тайқасқа», «Бейтаныс қыз», «Жәлменде – Пышан», «Ана алақаны» кітаптары оқырман көңілінен жол тапты.

■ Отбасы – мемлекет ұйығы



Өнегелі өмір

Артына өнегелі із қалдыру үшін керемет танымал болудың да қажеті шамалы-ау. Қарапайым ғана еңбегі арқылы ұлағатты ұл, қылықты қыз өсіріп, соларға дұрыс тәрбие беріп, ел өркендеуіне үлес қосатын ұрпақ өсіру арқылы да артына өшпес із, өнегелі өмір қалдыруға болады. Сондай жанның бірі табиғаты талайды тамсандырып, көрген жанның көңіліне ерекше шабыт сыйлайтын «Алтынемел» Ұлттық табиғи паркінің қақпасындай болған, қойнауы құтты, топырағы киелі Басшы ауылында дүниеге келген Мұраш СЕМБАЕВ.

Әкеге қарап ұл өсер



Жанат СЕМБАЕВ, үлкен ұлы:

– Әкеміз біздің әскери қызметкер болуымызды қалады. Сондықтан інім екеуміз де осы салада еңбек етіп келеміз. Бірақ әкеміз бізді сондай темірдей қатаң тәртіпте ұстаған жоқ. Жаны жайсаң, жүрегі жұмсақ, пейілі кең. Жұмсақ мінезімен ақ қос ұлын сымдай тартылған әскери адам етіп шығарды. Әке тілегін орындағанымызды балалық міндетіміз деп түсінемін. Және бұл салада жүргеніме еш өкінбеймін. Керісінше, әкеме алыс айтамын.



Қуаныш СЕМБАЕВ, кенже ұлы:

– Менің ұстазым да, ақылшым да әкем. «Әкеге қарап ұл өсер», дегендей біздің өміріміздің бағдаршамы әкеміз. Анамыз отбасымыздың бересі. Отанымыздың тыныштығы отбасымыздың тыныштығы екенін сезінгенде әскери адам болып еңбек етіп жүргенімді мақтан етемін. Енді әке-шешеме келін әкеліп, қуаныштарын еселесем деген арманым бар. Ол алдағы күннің еншісінде.

сондай жауапкершілікті жұмысты атқарып жүргенде Алматыға екі жылдық жеделдетіп оқытуға жібереді. Оған біріншіден жастығы, екіншіден ұйымдастыру қабілетінің жоғарылығы себеп болса керек. Аптай тұлап, оқтай зулап арада екі жыл өте шыққанда Мұраш ағаны бухгалтерлік мамандықты алып, ауылға есепші болып оралады. Ендігі жерде кеңшардың есеп-қисабынан жік шығармай еңбек етіп келе жатқан жас маманды директор мен парторг қайта шақырып, өзіне етене таныс, бұған дейін жүйелі жұмыс істеу арқылы алға жылжытып кеткен жастар мәселесінің ақсап тұрғанын айтып, қайтадан комсомол ұйымының хатшылығына қояды.

Кешегі Кеңестік қоғамның қазанында қайнап, төртіп пен талапты тең ұстау арқылы Мұраш ағаның адамдық болмысын да қалыптастырған жан. Жалпы еңбек жолын жіпке тізгендей сүлу сөзбен сықпыртып шығуға болады. Бірақ маған ол кісінің атқарған қызметі емес, сондай жауапкершілікті міндетті көтере жүріп, ұлағатты ұл, қылықты қыз өсіріп, мерейлі отбасына айналғаны маңыздырақ көрінді. Өмір өткелдері өнегеге толы жанның отбасында болып, дастарқанынан дәм татып, емен жарқын өңгімелесіп отырғанда Мұраш Заманбекұлының даладай даркан пейілін, адамға бауырмал мейірін көріп қайттым. Қос қанатындай қос ұлы мен көзініңағы мен қарасындай екі қызы, Райхан есімді асыл жары, бірде «аталап», бірде «апалап» шауып жүрген немерелері бақытты отбасының басты байлығы екенін анық аңғартып тұрды. Береке деген осындай болатынына еріксіз иланасың. Келіні иілін шайын құйса, ата-енесі сүйініп отырса, ұлдары төріне оздырып құрмет көрсетсе, шынымен де бұдан асқан бақытты ансап керегі не деген де ой келді санама. Бұл ойларымның бәрі де сол шаңырақтан көзім көріп, көңіліме түйгенім.

Мұраш ағаның орда бұзар отызға толмай жатып-ақ, ел сыйлаған азаматтар қатарынан өзіне тән орынын алған екен. Әйтпесе, комсомол жастар ұйымын басқарар ма еді? Одан алып кеңшардың бас есепшілігіне қояр ма еді? Әр ісінде нәтиже болмаса ауылдық кеңестің екінші орынбасары орыптағында отырар ма еді? Қаз-қатар қойылған сұрақтың жауабы Мұраш Заманбекұлының кіндігі байланған туған ауылын түлетуде аянбай еңбек еткендігі. Өмір-өзен кейде өзінің ағысын сан тармаққа бұрып өкететіні бар. Қызметтің осындай баспалдағынан өткен кейіпкеріміздің өмір жолы ең алғаш мектеп бітіргенде бастаған мәдениет саласына тағы бір мәрте бұрылады. Ол кезде «Қызыл отау» деген бар емес пе еді. Жастардың ғана емес, ауылдың тіпті, сол өңірдің мәдениетінің мәнді болуы үшін тынымсыз еңбек еткен шаңырақ еді бұл. Бала кезімізде шет жағасын өзіміз де көргенбіз. Кербұлақ ауданы бойынша Басшы және Аркарлы ауылында құрылған отаудың отын алаулатқан қайран күндер бүгінде еске түссе, жүрек түбі шымырлап қоя береді. Өйтпегенде ше? Жастық ғұмыры, өз дәуірінің небір қызық та қиындығы қатар жүрген дәурені өткен күндер қалай сағынғызбасын.

Мұраш ағаның Ұлы Отан соғысының 10, 20, 30, 40, 50 жылдығы медальдарының иегері.

Расында, адам еңбегінің сан қыры бар. Соның ішінде жас өркеннің жүрегіне білімнен нәр құйып, оның болашақта тәлімді адам болып шығуы үшін аянбай тер төгетін ұстаздардың орны бөлекше. Иә, біздің жоғарыда айтқанымыз Стан атаның елеулі істерінің қадау-қадау түстары ғана. Десе де, қазіргі ұрпақ қазақ деген халықтың бүгінгі тәуелсіздікке жетуінің ең негізгі сыры – бейбіт күндерде халқының қам-қайғысыз тірлік етуі үшін жанталасып, жарғақ құлағы жастыққа тимей еңбек еткен азаматтарының тендессіз қажырқайратын терең білгені жөн. Стан ата кезінде қаншама қиындықтық көрсе де еркін өсіп келе жатқан немере, шөбересінің бақытты күлкісіне бөленіп, жадырап жүргені Иллаһи, туған жерне тәуекел қадірменді қарттарымыз аман-есен болсын деп тілейміз. Қазір Стан атамыз Талдықорған қаласына көшіп келіп, Еркін ауылы Қаратал көшесі, 109-үйде уақытша тіркеуде тұр. Өткен өмірінің елеулі тұстарын емірене еске алатын ақсақалдың жанын тұрған үйдің қиыршылығы көп қинайтын көрінеді.

Қажет АНДАС.

■ Тағылым



Өмір өзінің өткенімен қызықты, нәтижелі. Десек те, ол ағын су сияқты өтеді, өзгереді. Алайда, сол өзгерістің астарына анықтап қарамасақ және түсіне алмайтын ақиқаттар жатады. Бұл айтуға жеңіл болғанымен, осы жолда қаншама адам түн ұйқысын төрт бөліп, тынымсыз еңбек еткенін дәл қазір санап бере алмаймыз. Дей тұрғанмен, өткен күннің сарғайған естеліктерін парақтап отырып, көп ойды көңілге түйеміз. Түйеміз де сол жандарға еріксіз басымызды иеміз. Олардың тағдыры бір-біріне ұқсас болмаса да, мақсат-мұраты, арманы бір арнаға тоғысып жатқанын аңғарамыз. Сондай жандардың бірі, өмірінің денін білім беру ісіне арнаған Көксу ауданы Мұқыры ауылының тумасы – Стан ӘЛІКЕНОВ еді.

Ұстаздық еткен жалықпас...

Мұқыры ауылының ел тарихында алатын орны бар. Қазақтың мандайына біткен талай талантты тудырды. Осы ретте өңірдің кешегі қиын күндер мен бүгінгі жарқын тірлігін ой елегінен өткізіп, ауылдың мақтанышына айналған азаматтардың игілікті істерін бір екшеп алғанды жөн көрдік. Сол қатарда 1928 жылы осы ауылда туып, бүгінмен тыныстап өскен Стан ағаны айрықша атауға болады. Бірақ аумалы-төкпелі жылдарда өмірге келген оның балалық шағы қиындыққа толы болыпты. Соңыс жылдарындағы ауыртпалықтар мен соғыстан кейінгі қайта құру кезіндегі сынағы мол тірлік ертерек есейтті. Сондықтан оп қатарластары сияқты батып да жөгеріп, намысты да қажырлы болып өсті. Туған ауылындағы орта мектепті бітірген соң 1943 – 1947 жылдары ауылшаруашылық колледжін үздік бағамен тәмамдайды. Бала жасынан алғыр, тәртіпті өскендіктен оқуға да ынталы жүгіріп, үздіктің бірі болады. Күндіз мектепте оқыса, кеште ауылдың түрлі жұмыстарына араласады. Әсіресе, география тарих пәндері бойынша жан-жақты білімді, «сегіз қырлы, бір сырлы» болып жетіледі. Сонымен қатар, ауыл жастарын жинап, түрлі мерекелік шара ұйымдастырып, ауыл тұрғындарының мәдени өмірін байытады. Атаның осы өмір кешіпсесін ой елегімізден өткізгенде «Нардың жүгін көтерген» деген нақыл сөз сол кісіге арналып айтылғандай сезіледі.

Ауыл – адамды шыңдайтын, шыныктыратын орта. Одан өркім өзіне керекті адамгершілікті, көңілділікті, сүйіспеншілікті, үлкенге ізет, кішіге қайырымдылықты үйренеді. Десек те, білім мен білектілікті жетілдіру үшін тағы да оқу, үлкен қалаларға барып, өркениет көшіне өзіңді беймәлім де өзекті санапады. Ауылдағы атқарған жұмыстары ауыл, аудан басшыларының жоғары бағасына ие болған Стан ата уақыт өте келе оқудың қажеттілігін терең сезінеді. Ақыры 1950 жылы Панфилов педагогикалық училищесін, кейін І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті филология факультетін бітіреді.

Жалпы, 48 жыл елдің өркендеуі үшін аянбай қызмет еткен Стан ағамыз ең алғашқы еңбек жолын Мұқыры МТС-инде учаскелік агроном болып бастап, 1949 жылдан 1993 жылы құрметті зейнеткерлікке шыққанға дейін білім саласында еріншек еңбек етті. Біз кейде: «Қызмет қолдың кірі» – деп жатамыз. Бұл сол міндетті жете түсінбей кірлетіп алатындарға қаратылса керек. Әлбетте, кеше де, бүгін де қызметті мәртебенің биіктігі емес, халықтың сенімі деп қабылдап, оған шаң жуытпай, қайта басқаларға сәулесін шашып жүретін лауазымды тұлғалар жеткілікті. Стан ата, мине, осындай таза да юршықсіз қалпымен айналасындағылардың жүрегіне терең ұялаған адам. Өйткені атамыз білім беру саласында жүріп, бірқатар жауапты міндет арқалады. Айталық, 1950 жылы Қызылбұлақ бастауыш мектебіне меңгеруші болып тағайындалса, 1954 жылы Қазақстанның оңжылдығы орта мектебіне (Қазіргі Қабан жырау атындағы орта мектеп) ауысып келіп, сол жерде 38 жыл ұстаздық қызметпен айналысты. Осы жылдар Стан атамыз үшін төтенше нәтижелі, табысты болды.

Халқымызда «Ұстазы жақсының – ұстанымы жақсы» деген нақыл сөз бар. Бұл талантты шәкіртін тәрбиенің тал бесігінде тербеткен адамдарға бағытталса керек. Әлбетте, Стан атамыздан тәлім алған шәкірттердің атын түгелмен атап шығу мүмкін емес. Бірақ бүгінгі Жетісу, әсіресе, Талдықорған өңіріндегі әр салада еңбек етіп, ел іргесін бекемдеп жүрген талай тәжірибелі маман, білікті басшы, ізденімпаз ұстаздардың осы кісінің алдынан өткенін жасыра алмаймыз. Сол қатарда Қазақстан Республикасының министрі дәрежесіне дейін көтерілген Серік Ахымбеков, Стан атаның алдынан түлеп ұшқан, кейін ғылым докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің (бұрынғы ҚазПИ) ректоры болған Құлжабай Қасымов, профессор Жапсарбай Қуанышев пен Ақылай Медеуов, ғылым кандидаты Айбала Өлкенова, түрлі салада еңбек етіп, ел құрметіне бөленген Мырзағұл және Мырзахан Смағұловтар, ұзақ жылдар Көксу ауданы әкімінің орынбасары болған Мәлік Бейсенов, кейін Алғабас ауылдық орта мектебінде ұстаздық етіп жүргенде атамыздың тәрбиесін алған Көксу ауданы әкімінің орынбасары Әлия Садықова, заңгер Бекен Оңғарбековтарды атауға болады. Оған қазіргі Қызылбұлақ мектебінің құрылыс жұмыстарының басы-қасында болып, нысанның ел игілігіне айналуына көп қажыр жұмсағанын қоса кетейік. «Еңбегі бардың – өнбегі бар» дегендей, Стан ағамыздың да ұстаздық еңбегі бағаланбай қалған жоқ. Қазақстанның білім беру ісінің үздігі, облыстық, аудандық білім бөлімдерінің мақтау грамоталары мен Ұлы Отан соғысының 10, 20, 30, 40, 50 жылдығы медальдарының иегері.

Расында, адам еңбегінің сан қыры бар. Соның ішінде жас өркеннің жүрегіне білімнен нәр құйып, оның болашақта тәлімді адам болып шығуы үшін аянбай тер төгетін ұстаздардың орны бөлекше. Иә, біздің жоғарыда айтқанымыз Стан атаның елеулі істерінің қадау-қадау түстары ғана. Десе де, қазіргі ұрпақ қазақ деген халықтың бүгінгі тәуелсіздікке жетуінің ең негізгі сыры – бейбіт күндерде халқының қам-қайғысыз тірлік етуі үшін жанталасып, жарғақ құлағы жастыққа тимей еңбек еткен азаматтарының тендессіз қажырқайратын терең білгені жөн. Стан ата кезінде қаншама қиындықтық көрсе де еркін өсіп келе жатқан немере, шөбересінің бақытты күлкісіне бөленіп, жадырап жүргені Иллаһи, туған жерне тәуекел қадірменді қарттарымыз аман-есен болсын деп тілейміз. Қазір Стан атамыз Талдықорған қаласына көшіп келіп, Еркін ауылы Қаратал көшесі, 109-үйде уақытша тіркеуде тұр. Өткен өмірінің елеулі тұстарын емірене еске алатын ақсақалдың жанын тұрған үйдің қиыршылығы көп қинайтын көрінеді.

Қажет АНДАС.

Мұраш ағаны ұйымдастырған «Жас талап» жастар ұйымының жеңісіне күмәнмен қараған Еңбек Ері «Баспи жастарының мұндай деңгейге жетуі мүмкін емес», деген оймен бір топ жастарын арнайы жібереді. Еңбек жолында шынайы жарыска түскен жаркенттік жастар Басшыдің алға жылжып келе жатқанын көздерімен көріп, көңілдері сенің қайтады.

Сол кезде еңбек даласында шыңдалып өскен бүгінгі ағаның ұйымын «комсомолды» еске алса, көңіл көкжиектері кеңіп, ерекше әсерге бөленетіні де еңбекпен шыңдалған осындай сәттерін есіне алғанан болса керек.

Мұраш ағаның ауыл мәдениетіне барынша еңбек сіңірген азаматтың бірі. Қандай да бір мерекелік шаралар болмасын соның бөрінің басы қасында жүретінін Заманбаектің ұлы Мұраш ағаның бүгінгі күнде сағынышпен еске алады. Еліме еткен еңбегім деп еңсесі көтеріледі. Кеңестік кезең келмеске кетіп, еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жылдардағы аумалы-төкпелі кезең біраз әбігерге салғаны рас. Бір кездегі жалыңдаған жастар ұйымының жалауы жығылып, жаңа қоғам құрыла бастады. Сол бір алмағайып шақта жастық жігерін арнаған, алтын бесігіне балаған ауылын артқа қалдырып, 1995 жылы Талдықорғанға қоныс аударады. Содан бері табаны күректей жиырма жыл өте шығыпты. Алғаш қала өміріне жатырқай қараған ол кісі Басшыға сағынып, қолына қалам алады. Түтіні түзу шығып, береке мен бірліктің ұйытқысы болған ауылы жайлы өлең өріп, оны өзге айналдырады. Бірде туған ауылы жайлы кітап жазсам деген ойын қазіргі қоғам қайраткері Ғалым Тұрғанбаев ағасына айтады. Інінің ілтипатын бірден қолдаған ағаның қамқорлығының нәтижесінде 1998 жылы Мұраш Сембаев «Басшым – бақыт бесігім» атты кітап жазып шығарады. Қолынан қаламы түспеген кәсіби қаламгер болмағанмен ауылы жайлы толғаған ойлары ақ парақтың бетіне төгіліп, шағын болса да бір кітаптың дүниеге келуіне септігін тигізеді. Ал былтыр алпыстың асқарына шыққанда «Берекелі, мерекелі – Басшым» атты суретті кітабы тағы да жарық көреді. Бойымдағы барымды, ойымдағы нәрімді түгел берсем деген мақсат алға жетелеп, Мұраш Заманбекұлының қолына қалам ұстатса керек.

Ол – өнегелі отбасының отағасы. Қолы қалт еткенде қос ұлын ертіп, табиғаты көркем Басшың, аты аңыз Алтынемелін армансыз аралап, суретке түсіріп, ғажайып табиғатынан қуат алып қайтуды әдетіне айналдырған. «Отан – отбасынан басталады» деген төмсілге осындайда көз жетеді. Ұлдарын туған топырағын қастерлеуге үйрете отырып, екеуіне де әскери қызмет саласын таңдауын талап еткен. «Әке балаға сынды», деген аталы сөзді санасына тоқыған қос ұлы қазір Отан қорғау саласында. Отбасының үлкені Жанат Сембаев Талдықорған қаласындағы 48386 әскери бөлімінің идеологиялық жұмыс және арнайы насихат бөлімінде аға офицер болса, кенже ұлы Қуаныш Сембаев облыстық қорғаныс істері жөніндегі департаментте әскери қызметкер. Екі қызы Ақнұр мен Гүлнұр отау құрып, өзге шаңырақтың берекесін келтіріп отырса, Жандос пен Аян сынды немерелері көз қуаныштары.

Міне, тәуелсіз елдің өркендеуіне осындай саналы ұрпақ тәрбиелеу арқылы өз үлесін қосып отырған Мұраш Заманбекұлы мен асыл жары Райхан екеуінің өнегелі өмір өткелдерінен түйген ойымыз осы болды.

Жұматай ОСПАНҰЛЫ.

ЕҢБЕК – ТАРАЗЫ

ЖОЛ МҰРАТЫ – ЖЕТУ. Халық нақылы осылай тейді. Қазақ даналығында жолдың қасиеті де, киесі де, міндеті мен парызы да ерекше. Жолаушы дәттеген жерине шаршамай-шалдықпай жетсе, екі аралық бір-бірін барыс-келісімен үздіксіз жалғап жатса, тіршілік деген осы ғой. Облыстың автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 9317 шақырым, оның ішінде республикалық маңызы бар жолдар – 2529, жергілікті 6788 шақырым. Жергілікті маңызы бар 6662 шақырым жолдың (98%) қатты жабындысы бар, ал 126 шақырымы (2%) дала жолдары екен.

Былтыр жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын күтіп-ұстауға және жөндеуге 57,5 млрд. теңге бөлініп, игерілген. Соның ішінде республикалық маңызы бар жолдар 43,9 млрд. теңге, жергілікті жолдар 13,6 млрд. теңге еншілепті.

Дәл қазіргі таңда республикалық маңызы бар Алматы – Өскемен автожолының Сарқан қаласын айналып өту учаскесін қайта жаңарту жұмыстары жүргізілуде. Алматы – Қапшағай, Алматы – Өскемен автожолдарының учаскелерінде жол төсемін салу мен кеңейту, жасанды құрылымдарды құрастыру жұмыстары қарқын алған.

Жергілікті маңызы бар жолдар да назардан тыс қалмақ емес: 1 учаскеде құрылыс, 184 учаскеде ағымдағы, 19 учаскеде күрделі, ал 33 учаскеде орташа жөндеу жұмыстары жүргізілген көрінеді.

Осындай қара жолда күн-түн тынбай жүйткіп жүретін автомобиль көлігімен былтыр 159,9 млн. тонна жүк және 654,3 млн. жолаушы тасымалданып, жалпы өсім 104,1%-ды құрапты.

Жолаушы тасымалы демекші, Ақсу ауданында тұрақты автобус қатынасы орнатылып, ауданаралық және облысаралық 6 бағыт ашылып, жергілікті тұрғындардың қуанышын, әрине, айтпаса да түсінікті. Облыстың жолаушы таситын автокәсіпорындары 101 бірлік көлігін жаңаланған.

Талдықорған – Астана және Талдықорған – Алматы бағыттары бойынша зуе, теміржол қатынастары да абыройлы жұмыс істеп тұр. Былтыр ғана Талдықорған қаласы әуейлағының ұшып-қону жолағын күрделі жөндеуден өткізу шаралары аяқталды, бұл өз кезегінде сыйымдылығы кең ұшақтарды қабылдауға мүмкіндік береді.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨРЛЕУ әлеуметтік саланың локомотивіне айналатыны белгілі. Әлеуметтік саясаттың және бір көкейкесті мәселесі – халықты сапалы ауызсумен қамту.

Бұл орайда облыс халқы түгел ауызсумен қамтылып отыр десек шындыққа жанаспас. Мемлекет басшысы республика бойынша орташа алғанда ауызсуға қолжетімділік 2020 жылы 100 пайызға жуықтауы тиістігін шара көрсеткені есімізде. Сондай-ақ, шалғайдағы ауылдарды, республикамыздың ауызсуға мұқтаж барлық елді мекенің қажеттілігін өтеу үшін «Ақбұлақ – 2020» бағдарламасы қабылданғаны да күні кеше. Естеріңізге сала кетейік, «Ақбұлақ – 2020» бағдарламасының негізгі мақсаты – халықты қажетті көлемдегі және сапасы кепілденділірілген ауызсумен қамтамасыз ету, сумен жабдықтау жаңа нысандарын салу мен бұрынғыларын қайта жөндеу кезінде жүйелі жолдарды енгізу, елді мекендерде сумен жабдықтау жүйесін тиімді пайдалануды қамтамасыз ету. Оны жүзеге асыру екі кезеңде жүзеге асырылады. Бірінші: 2011–2015 жылдарға, екінші: 2015–2020 жылдарға есептелген. Осы бағдарлама аясында облыста қандай жұмыстар атқарылып жатыр?

Былтыр 84 нысанда су мен қамту және су бұру жүйелерін салу және қайта жаңарту жұмыстары жүргізіліп, 43 нысандағы жұмыстар аяқталған. Осы уақытта 740,3 шақырым су құбыры тартылып, 42 жаңа ұяшық бұрғыланған, 39 бірінші және екінші көтергіш сорғы станциясы, 39 жаңа сыйымдылықтар, 11 суқысымды мұнара мен 20 хлор-сатураторлар салынған.

***

БҮГІНГІ ТАҢДА үкіметке қарап телміріп отырғандар саны азайып, керісінше масылдық пиғылдан арылып кезе жатқандар саны көбейіп келеді. Өз бетінше «екі қолға бір күрек» ілдеп, жұмыс табуға талпынғандарға да мемлекет едәуір демеу көрсетуде. Жұмысқа түру жөнінде өтініш берген 22 мың адамның 17,8 мыңы жұмысқа орналастырылып, жұмыспен қамтылу деңгейі 80,9%-ға жеткен.

Қоғамдық жұмыстардың 50 түрі бойынша 9266 адам, әлеуметтік жұмыс орындарына – 245, кәсіби даярлыққа – 1518 жұмыссыз, жастар тәжірибесіне 197 жас маман жіберілпті.

164,7 мың адамды әлеуметтік қорғауға 4,2 млрд. теңгеден астам қаржы бағытталса, соның ішінде 139,5 мың адам аз қамтылған отбасыдан, 11,2 мыңы жұмыссыз, ал 14,0 мыңы мүгедек жан.

Әлеуметтік жағдайы төмен топқа жататындар арасынан түрғын үй көмегін 11 мың отбасы 357,9 млн. теңге көлемінде алса, облыстағы 457 Ұлы Отан соғысының ардагерине коммуналдық қызметтер үшін жүз пайыздық өтемақы төленген.

Жыл сайын ауылдық жерде тұратын білім, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт саласы қызметкерлері отын сатып алу үшін өтемақы алады. Осындай көмекті 387,2 млн. теңгеге 41,7 мың адам алыпты. Бұл да болса талай отбасының жыртығын жамағаны анық.

Аз қамтылған отбасынан шыққан және жетім санатағы 331 студентке жоғары оқу орнында оқуға облыс әкімінің гранты бөлінді. Талдықорған қаласының күндізгі оқу бөліміндегі студенттер мен оқушылар үшін қоғамдық көлікте тегін жүріп-тұру жеңілдігі сақталған. Мұның бәрі талай шаңырақтың тұрмысын жеңілдетуге аз да болса септігін тигізіп жатқаны анық.

Облыста 62,3 мың мүмкіндігі шектеулі жан бар немесе бұл дегеніміз қолдауға мұқтаж адамдардың жалпы санының 3,1%-ы. Барлығы 1848 орынға арналған 8 медициналық-әлеуметтік мекеме қызмет етуде. 51 үйдегі әлеуметтік көмек көрсету бөлімшелері 4124 мұқтаж азаматқа әлеуметтік жәрдем көрсетіпті екен. Талдықорған қаласы мен Көксу ауданындағы балаларға арналған оңалту орталықтарында ұзақ-сапы 100-ден астам мүгедек бала оңалту курсынан өткен.

Үш пайыздық квота бойынша 1451 мүмкіндігі шектеулі жан жұмысқа орналасып, осы санаттағы азаматтар көп баратын 294 нысан бейімделуден өткізілген.

***

БЫЛТЫР «ЖҰМЫСПЕН қамтудың жол картасы – 2020» бағдарламасының үш бағытын іске асыру үшін бюджеттен 8,6 млрд. теңге бөлінген. Жұмыспен қамту орталықтары арқылы халықтың мақсатты топтарынан 17733 адам бағдарламамен қамтылған (107,4%-ы). Оның ішінде 5496-сы аталмыш бағдарламаға қатысып, 12240-қа жуығы өзге бағдарламаларға тартылған.

Тұрақты жұмыс орындарына 17044 адам орналастырылса, соның 12046-ның жейнетақы қоры бар. Бұл да болса олардың ертенгі күнге деген сенімін нығайтады.

Инфрақұрылымдық 72 жоба іске асырылып, 971 жұмыс орны құрылған, оның ішінде 552 адам жұмыспен қамту орталықтары арқылы жұмысқа тұрған. 856 адам мемлекет тарапынан шағын несие алып, соның ішінде 691-і жеке ісін ашып, 165-і қолданыстағы бизнесін кеңейткен.

Облыста 935 денсаулық сақтау мекемесі бар, соның ішінде 777-сі – мемлекеттік, 158-і – жекеменшік. Бұл мекемелерде 4353 дәрігер, 12066 медбике жұмыс істейді. Облыстың денсаулық сақтау мекемелеріне қосымша 1359 штат бірлігі бөлінген болса, соның ішінде 208-і дәрігер.

Бүгінгі күні 3 аурухана мен емхана, 28 дәрігерлік амбулатория, 3 фельдшерлік-акушерлік және медициналық пункт салынды. Сонымен қатар, 22 нысан күрделі жөнделуден өтіп, 145 бірлік медициналық жабдықтар мен 56 санитарлық автомашина сатып алынды. Бүгінгі таңда облыс мекемелерін «жедел жәрдем» көлігімен қамту деңгейі – 98,0%. Керекелі дейік! Сонымен қатар, 14 ауданда және Талдықорған қаласында теле және мобильді медицина көмегімен 819 кеңес берілпті (2013 ж. 551 болатын). Ақсу, Еңбекшіқазақ, Іле, Көксу, Панфилов аудандарының шалғай ауылдарының тұрғындарына 5 жылжымалы медициналық кешен көмек көрсетіп, 384 елді мекенде 184 мың адам қаралған.

Осындай сапалы медициналық көмектердің нәтижесінде облыс тұрғындарының болжамды өмір ұзақтығы 71 жасқа дейін ұзарғаны байқалған.

Жоғарыда көрсетіп кеткеніміздей, денсаулық саласы сияқты білім де қаржаттан кенде емес. Соның нәтижесі болар, жалпы облыстағы білім саласы ел көлемінде жақсы аталып жүр. Республикалық пән олимпиадаларында тұрақты түрде жүлдегерлер катарынан көрінетін жетісулық оқушылар халықаралық, дүниежүзілік білім және өнер олимпиадаларында оза шауып жүргенін жақсы білеміз.

Өткен жылы 55 білім беру нысанының құрылысы, қайта жөндеу және сейсмикалық күшейту жұмыстары жүргізілді, соның ішінде 10 370 оқушыға арналған 29 мектеп, 2300 орынды 12 балабақша, 600 орынды кәсіби-техникалық лицей, Оқушылар сарайы және 12 өзге нысан бар. Барлығы 27 нысан, соның ішінде 4840 орынды 13 мектеп және 810 орынды 5 балабақша іске қосылды. Есепті кезеңде 52 білім беру нысаны күрделі жөнделуден өткен.

Үш ауысымда оқытатын мектеп (облыста олардың саны 59) мәселесі де шешімін тауып қалатын сыпайлы. Ягни, 51 мектептің құрылысы жоспарланып отырған көрінеді, оның ішінде 33-і Елбасы тапсырмасымен Ұлттық қор қаражаты есебінен салынбақшы.

«Балапан» бағдарламасы жүзеге асырыла бастағаннан бері облыс бойынша 33,1 мың орынға арналған 230 балабақша және 189 шағын орталық ашылған. Соның ішінде 18 балабақша салынып, қайта жаңартылған, 84-і коммуналдық меншікке қайтарылып, босатылған және күрделі жөнделуден өткізілп, тұрғын үйлердің бірінші қабаттарында 2 балабақша ашылып, 126 жекеменшік балабақшаға мемлекеттік тапсырыс орналастырылған. Бұл үлкен жетістік облыс үшін.

Өткен жылы 3921 орынды 55 балабақша және жалпы білім беру мектептерінің жанынан 405 орынға арналған 11 шағын орталық, алты балабақша мен шағын орталықтарда 850 орынға арналған қосымша топтар ашылған (барлығы 5176 орын). Қазіргі уақытта 283 балабақша мен 425 шағын орталық 50,4 мың бала тәрбиеленуде. Мектепке дейінгі білім және тәрбие мекемелерімен қамту көрсеткіші осыдан сегіз жыл бұрын 18 пайыздың маңайы болса, биыл 3 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен қамту 64% жеткен. Дегенмен, бұл республика бойынша төмен көрсеткіш. 2020 жылға дейін облыста 245 балабақша ашу көзделіп отыр екен. Бірақ мұнша мекемені бюджет есебінен салу мүмкін емес. Сондықтан 133 балабақшаны жеке инвестициялар тарту арқылы ашу жоспарлануда.

Мәдениет және мұрағаттар туралы да айтпай кетуге болмайды. Облыста осындай 559 мемлекеттік мекеме бар десек, бұл саланың бюджеті 2014 жылы 4,7 млрд. теңгені құраған.

Балқаш ауданының Миялы, Құйған, Көксу ауданының Бескайнар, Еңбекшіқазақ ауданының Маловодное ауылдарында және Текелі қаласында 5 ауылдық Мәдениет үйі, Сарқан ауданының М. Төлебаев ауылында, Іле ауданының Междуреченск ауылы мен Өтеген батыр кентінде, Еңбекшіқазақ ауданының Ават, Малыбай ауылдары мен Текелі қаласында 6 кітапхана және Райымбек ауданының Кеген ауылында тарихи-өлкетану мұражайы ашылған. Есепті кезеңде 12 нысан күрделі жөнделуден өткізілген.

Спорт саласының бюджеті де аз емес. 7,2 млрд. теңгені құраған. Облыс бойынша 3292 спорт нысаны жұмыс істеп тұрса, өткен жылы олардың саны тағы 46 бірлікке көбейген.

Сонымен қатар, спорттың 47 түрі бойынша балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде 26,6 мың бала спортпен айналысады. Ягни, болашақ чемпиондар, елдің мақтаныштары тәрбиеленіп жатыр. Олимпиадалық резервті дайындау орталығында спорттың 8 түрі бойынша – 91 спорттшы, жоғары спорт шеберлігі облыстық мектебінде спорттың 18 түрі бойынша – 304, спортта дарынды балаларға арналған мектеп-интернатта спорттың 11 түрі бойынша 403 тәрбиеленуші жаттығуда.

Жамбыл ауданының Қаракастек ауылында футбол алаңы, Текелі қаласында жасанды жартасы бар балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі, Талдықорған қаласында спортта дарынды балаларға арналған мектеп-интернаты оқу корпусының ғимараты, көгалдағы хоккей алаңы, «Өркен» спорт кешеніне жалластырыла күрес залы және стендік ату, ұлттық ат спорты түрлері бойынша спорттық база салынды. Барлық ауылдық округте спорт бойынша әдіскер штат бірлігі енгізілп, «Өңірлерді дамыту» бағдарламасының аясында 56 мектеп жанындағы спорт алаңы жайластырылды. Осындай нақты іс-шараларды нәтижесінде, спортпен және дене шынықтырумен жүйелі түрде айналысатын адам саны 25%-ға жетіп жығылған (2013 ж. – 22,5%).

***

НӘ, ЖЕТІСУДЫ жердің жаннатына балайды бар қазақ. Түгін тартсаң, майы шығады. Керемет Көлсайы бар, талайға таңдай қақтырған. Шарын шатқалдары да осында. Атақты Алакөлі, жағасын толқындары ұрған Балқашы да бар. Осындай тамаша табиғаты бар өңірдің атқаминер азаматтары қарап жатқан жоқ. Мейманларды көп тарту үшін Балқаш, Алакөл қолдерінің жағалауында туризм инфрақұрылымын құруға ерекше көңіл бөлінуде. Алакөл жағалауындағы туристік нысандарды жарықпен қамтамасыз ету, Балқаш көлінде туристік нысандарға баратын жергілікті маңызы бар жолдар құрылысы, туристік салаға әлсуетті инвесторлар тарту мәселелері қаралып та қойыпты.

Былтырғы мониторингке жүгінсек, облыста туристерді қабылдайтын 541 нысан бар екен, 3,9 млрд. теңгеге ақылы туристік-сауықтыру қызметі көрсетілген. Бұл 2013 жылмен салыстырғанда 109,6 %-ды құрап отыр.

ЕЛДІҢ ЕСКЕРСЕ ДЕГЕНІН
бір ауыз созбен жеткізсек...

Облыс әкіміне залдан микрофон арқылы тікелей қойылған және жазбаша түрде көрініс тапқан сауалдардың ұзын-сапы елуден асып жығылды. Әрине, оның бәріне жауап беру мүмкін емес. Бірақ Амандық Баталов басым көпшілігін ел алдында дәуестап оқып тұрып, нақты жауап берді. Көбісі бірін-бірі қайталаған және баяндамада қамтылған мәселелер төңірегіндегі сұрақтар болып шығып жатты. Тұрғындар арасында айтарын қағазға ұзын-сонар етіп түсіріп алып, оның ерінбей-жалықпай оқып, «сіздің қабылдауыңызға қалай кіруге болады» деп өз жайын айтып тұрып алғандарға да еш қабақ шытқан жоқ. Осының алдында ғана қала әкімі халық алдында есеп бергенде, од осы тектес сауалдарды тыңдап тұруға төзімсіздік танытып, шамшыл мінезін көрсетіп-ақ қалып еді. Ал облыс әкімі қашқа дегенмен аға буын өкілі, көпті көрген, кеудесіне түйген-тоқығаны мол, кішіпейілділігі тағы бар, халыққа жақын жүретін басшы ретінде өзіне тікелей қойылған барлық сауалды мұқият тыңдады.

Сонымен, елдің өңір басшысына ескерсеңіз деген тілек-ұсыныстары мынадай:

- *спортқа жақын мүгедек жандарға қандай қолдау көрсетіледі?*
- *саяды ауызсу ішкіміз келеді;*
- *былтыр елін шарпығыштығында құрақұлтық орын алды, бұл соның орнын толтыру үшін не істелмеді?*
- *Байсеркедегі теміржол бойына асталы көпір керек;*
- *Іле ауданындағы үш ауылымда оқытатын 15 мектептің жайы қашан шешілед?*
- *Райымбек ауданында екінші деңгейлі бірде-бір банктің бөлімшесі жоқ, кәсіпкерлер несиені қайдан алады?*

ОБЛЫС БАСШЫСЫ АЛДАҒЫ УАҚЫТТА БҰЛ МӘСЕЛЕНІҢ БӘРІ ДЕ НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛМАЙТЫНДЫҒЫН, ЕЛЕП-ЕКШЕЛІП, ЗЕРДЕЛЕНЕТІНДІГІН ЖЕТКІЗДІ.

Тау, жазу, су туризмі бойынша да әкімдік тарапынан 9 іс-шара, Іле-Балқаш регатасы, «Менің Отаным – Қазақстан» республикалық экспедициясының облыстық кезеңі ұйымдастырылып, «Ш.Уәлихановтың экспедициясы» жобасын жүзеге асыру бойынша жұмыстар жалғастырылған.

– Біз жыл сайын мұғалімдер мен дәрігерлерді, ауылшаруашылығы саласы мамандарын жұмыс қорытындысы бойынша анықтандырып, ақшалай марапат немесе көлік сыйлаймыз. Мен биылдан бастап осы үрдісті ішкі істер саласына да енгізуді ұсынамын. Үздік учаскелік инспектор мен үздік аудандық ішкі істер басқармасын анықтап, автокөлік беруді, басқа да түрлі номинация бойынша байқаулар өткізіп, жүлдегерлерін марапаттауды қолға аламыз, – деп елі быптыр өңір басшысы. Көпшілік оң бастама деп қуанысып қалған болатын. Бұл салада атқарылған ағі істер аз емес көрінеді.

Ішкі істер органдарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға 1,8 млрд. теңге бөлінпті. 99 бірлік қызметтік автокөлік, 1052 бірлік ұйымдастыру техникасы, 391 бірлік байланыс құралдары сатып алынған.

Ішкі істер департаментінің алты нысанына күрделі жөндеу жүргізіліп, «Арлан» арнайы бөлімшесі үшін ғимарат сатып алыныпты. Қызметтік автокөлік паркі 104 бірлікке жаңартылып, бейнебақылау жүйелері мен «ақылды қиылыстар» орнатылған. Барлық маңызды тіршілікті қамтамасыз ету нысандары ықпалдастырылған «Ақылды қала» зияткерлік жүйесін енгізу жұмысы да басталып кетті.

Баршамызға белгілі, быптыр Талдықорған қаласында автокөліктерді тіркейтін және жүргізуші куәлігін беретін арнайы мамандырылған Халыққа қызмет көрсету орталығы іске қосылды. Бұл нысан да көптің көзайымына

▲АРДАГЕРЛЕР ҮЙІНДЕ

ӘЛЕУМЕТТІК САЛАНЫҢ БҮЙІРІ ТОҚ



Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВТЫҢ қорытынды есебіне қатысқан ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі Тамара ДҮЙСЕНОВА Ардагерлер үйінде облыс ардагерлерімен кездесіп, Елбасы бастамасымен халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында атқарылып жатқан игілікті істерден хабардар етті.

«Жетісу»
Қажет АНДАС

Ардагер әжелер және ардагерлер хорының тартымды ән шашуын тыңдап, гимараттың мәжіліс залын, демалыс бөлмесін, ардагерлер қолымен жасалған көрмені аралап көрген министр аксақалдармен әңгімені екінші қабаттағы мәжіліс залында жалғастырды. Кездесуді облыс әкімінің орынбасары **Бақтияр Өнербаев** жүргізіп, министрдің өңірімізге келу мақсатын айтып өткен соң, сөз кезегін облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы **Ардақ Сыдыққа** берді.

Оның айтуынша, 193 мыңнан астам зейнеткердің басын қосып, оларды қоғамнан тыс қалдырмай, күнделікті өмірге белсенді араластыруды мақсат ететін ұйым өзінің Жарғысына сәйкес, Елбасымыздың шешімдері мен мемлекетіміздің заңдылықтарына байланысты ең алдымен зейнеткерлердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсартуға ерекше назар аударуда.

Сонымен қатар, Ұлы Жеңістің 70 жылдығына байланысты көзі тірі соғыс ардагерлерінің барлық жағдайын жасауға құлшына кіріскен. Сол қатарда ардагерлердің емдеу-сауықтыру шаралары, коммуналдық қызмет көрсету, бір жолдық материалдық көмек алу, тағы да басқа әлеуметтік жеңілдіктермен қамтамасыз етілуін қадағалау мен ұйымдастыру жұмыстарын жоспарлы түрде қолға алған. Сондай-ақ, «Ата-баба дәстүрі – ұрпаққа аманат» атты тәрбие сағаттарын белсенді өткізіп, елдің ықыласына бөленіп келеді. Алдағы уақытта да ардагерлердің арқалайтын жүгі аз болмайды. Ал марқаятын тұстары да көп. Өйткені оларға жасалатын көмек арнасы ұлғая түспек. Баскасын айтпағанның өзінде, биыл 44 соғыс ардагері тұрғын үймен қамтамасыз етілсе, 367 ардагер автокөлік кілтін алады.

Облыстық ардагерлер ұйымының тарапынан атқарылған жұмыс барысын қанықкан **Тамара Дүйсенова** Үкіметтің кеңейтілген отырысында Елбасының әлеуметтік саланың бюджетін қысқартпау туралы Үкіметке берген тапсырмасын айта келіп, алдағы уақытта әлеуметтік сала бүйірінің тоқ болатынын ескертті. Сондықтан, зейнетақы, жәрдемақы, тағы басқа да әлеуметтік жеңілдіктердің, Отан соғысы ардагерлеріне жасалатын (коммуналдық, емдеу-сауықтыру, тағы да басқа) көмек арнасының қысқармайтынын жеткізді. Сондай-ақ, әлеуметтік саланы дамытудың бағыт-бағдары, зейнеткерлердің мүддесін қамтамасыз етудегі жаңалықтар мен жеңілдіктер туралы да толықканды түсіндіріп, көпшіліктен түскен сұрақтарға жауап берді.

«Алыстан алты жасар бала келсе, алыстағы қария сәлем беретін» халықтың ұрпағымыз ғой. **Егеубек Дәдебаев** аксакал облыс ардагерлері атынан министрге бата беріп, кездесуді ғибратжалы үлгіден қорытындылады.

Кеше «Нұр Отан» партиясының облыстық филиалының кезектен тыс XV конференциясы өтті. Күн тәртібінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» атты халыққа Жолдауын жүзеге асыруда облыстағы шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, қосымша инвестиция тарту және облыстық мәслихат депутаттығына кандидат ұсыну туралы мәселелер қаралды. Конференцияны «Нұр Отан» партиясының облыстық филиалының төрағасы, облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ ашып жүргізіп отырды.

ӨҢІРДІ ӨРКЕНДЕТУ ЖОЛЫМЕН

«Нұр Отан» партиясының әлеуеті жыл санап артып келеді. Бүгінде миллиондаған қазақстандықты топтастырған кешбасшы ұйым мемлекетіміздің іргетасын қалауда өзіндік үлесін ие. Жыл сайын жаңаруға ұмтылған партия жұмысы ашықтық пен әділдікті ұстанып келеді. Азаматтардың жекелеген мәселелерінен бастап мемлекеттік бағдарламалардың орындалуы да партияның басты назарында екені белгілі.

Конференцияның күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша облыс әкімінің орынбасары, партия мүшесі **Серік Түрдалиевтің** облыстағы шағын және орта бизнес өңдірісін дамыту туралы баяндамасы тыңдалды. Өңірдегі кәсіпкерліктің даму барысын көгілдір экран арқылы жіліктеп көрсеткен Серік Мелісұлы екі түйінді мәселен атады. Оның айтуынша, кәсіпкерлер тарапынан қаржыландыру жүйесі бойынша ең көп сауал қойылады. Әсіресе, шалғайдағы аудандарда кәсіпкерлікті қаржылай қолдаудан ақпарат тым аз.

Жетісу өңірі аграрлы аймақ болғандықтан мұнда ауылшаруашылығы саласында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың маңызы зор. Аталған бағытта облысымызда іргелі іс көп. Мәселен, бір ғана «Бизнестің жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында быптыр 268 бизнес жоба мақұлданып үлгерген. Облыста Талдықорған қаласы кәсіпкерлікті дамыту бойынша көш бастаса, Үйғыр, Райымбек және Ақсу аудандары тізім соңында тұр. Серік Мелісұлы кәсіпкерлікке кедергі келтіретін екінші түйінді құжаттандыру деп көрсетті. Кәсіпорындардың құжаттарын реттеу тек бір терезе жүйесімен ғана оңтайлы шешілмек. Облыс әкімінің орынбасары өз баяндамасында бизнес-жоспарларды жүзеге асырып, құжаттарын реттестіру үшін әр аймаққа қомақты қаржы бөлінгенін атап өтті. Мемлекеттік бағдарламалар биыл да Алматы облысына үлкен көлемде қаражат қарастырып отыр. «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы 300 млрд., «Жұмыспен қамту – 2020 жол картасы» 3 млрд., теңгеден көлемді қаржы бөлді.



Баршаға мәлім, облысты диспропорция теңсіздігі сақталған. Бұл дегеніміз – Алматы мен Талдықорған өңірінде кәсіпорындар саны сәйкес емес. Облыс әкімі Амандық Ғаббасұлы осындай сәйкессіздікті теңестіру үшін кәсіпкерлікті дамытудың ең оңтайлы жолын ұсынды. Ол үшін облыс аумағындағы бес индустриялды аймақты жалпай дамыту қажет. Аудан әкімдері аталған бес аймақ бойынша жұмақ арада жобаларын ұсынуға тиіс. Индустриялды аймақтар мемлекет тарапынан қорғалғаннан кейін қажетті қаражат бөлініп, өңірдегі өндіріс теңсіздігі жойылады. Амандық Ғаббасұлы жиында аудан басшыларына қағаз бетіндегі көрсеткіштерге тоқмейілсуді түбегейлі тоқтатып, нақты істерге жол ашу керектігін ескертті. Әсіресе, индустриялды аймақтың келешегі зор. Өр ауданда өндіріс ошақтары кем дегенде 30 адамды жұмыспен қамтуға міндетті.

Жиын барысында Қарасай ауданының әкімі, аудандық партия филиалының төрағасы Ағангелді Дәуренбаев кәсіпкерлікті дамыту бойынша өз пікірін білдіріп, жарыссөзге шықты. Бүгінде іргесіндегі өндірісті ауданда 13 мыңнан астам кәсіпорын тұрақты жұмыс істейді. Қарасай ауданы облыстағы өндіріс ошақтарының үштен бір бөлігін құрайды. Бұл – үлкен жетістік. Аудан әкімі осы межеден түспеу үшін өңірде кәсіпкерлікке қолайлы аймақ құрудың маңыздылығын тілге тиек етті.

Келесі кезекте облыстық Сая-

«Жетісу»
Қуаныш ТҰҒАТАР


си кеңестің бюро мүшесі, облыс бойынша аймақтық кәсіпкерлер палатасының директоры **Ләззат Шықғысбаева** сөз сөйлеп, аудан мен қалаларда арнайы орталықтар ашылғанын жеткізді. Мемлекеттік сатып алу, кәсіпорын ашу, құжат пен қаржы төңірегіндегі туйткілді сауал арнайы кәсіпкерлер үйінде шешілуге тиіс. Қазірше мұндай үй тек Текелі қаласында ғана ашылды. Облыс әкімі аталған үйдің әр ауданда ашылу қажеттігін талап етті. Жиын соңында облыстық мәслихат депутаты, сайлауалды тұғырнаманың «Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау» бағыты бойынша облыстық сараптама тобының жетекшісі, «Адиль» ЖШС директоры Үсейін Қасанов, облыстық Сайси кеңес мүшесі, «Арлан – 777» ЖШС директоры Әсел Дайырбекова кәсіпкерлікке қатысты түйінді мәселелерді алға тартып, облыс басшысымен бірге талқылады.

Конференция соңында «Нұр Отан» партиясынан облыстық мәслихат депутаттығына кандидат ретінде **Серік Мұқановтың** кандидатурасы ұсынылды.

◈ *Туған жерге ту тіккен*

Азамат асқан асулар

Ойлап қарасаң, халқымыздың адамдық, адалдық болмыс-бітімін өзек еткен ағаларға артылар жауапкершіліктің жүгі ауыр. Дей тұрғанмен, ауылды ынтымаққа, ауызбіршілікке, ағайындыққа шақыратын азамат аталудың жолы қиын, салмағы ауыр. Оны көтере білетін де, көсегесін көгерте алатын да бар, қадірін кетіріп, қиюын қашыратын да жоқ емес. Әрине, ауыл ағасы болу жаспен өлшенбейді. «Әсер елдің баласы он бесінде баспын дер» деп бабаларымыз қадап айтып кеткендей, мағыналы тірлікпен, ел мен жер үшін сіңірген өлшеусіз еңбекпен өлшенеді. Ондай жандар арамызда жетерлік. Соның бірі, еліне сыйлы, жұртына қадірлі, егемен елдің ертеңі үшін ерен еңбек еткен Жанат Құрмашев ағамыз жайлы жазу көптен бері ойымда жүр еді. «Жігіттің бағы емес, жұмыстың бабы билейді» дегендей, соның сәті енді түскен сияқты.



"Тар пейілді кеңімес,
Кең пейілді кемімес",
"Ер жігітке жарасар,
Қолына алған пайдасы.
Би жігітке жарасар,
Халқына тиген пайдасы"

Бұқар жырау.

«Жетісу»
Қажет АНДАС

Жас жағынан шамалы үлкендігі үшін аға деп атап отырғаным болмаса, ол кісінің адалдығы, тазалығы, сыпайылығы, іскерлігі, биік зерделік қабілетіне деген шынайы бағам басқаша. Расында, адамды жан тереңдігі, ой кемелдігі жетілдіреді. Алқабы байтақ, баурайы құт Балқаш көлінің маңындағы Сарқан ауданының Көкжиде ауылында 1955 жылы туған ағамыз «адамның басшысы – ақыл, жетекшісі – талап, шолғыншысы – ой, жолдасы – кәсіп, қорғаушысы – мінез» (Сақұлақ шешен) екенін жадынан шығармай, «балалықтан даналыққа» бет алған адам. Әрине, еңбекті сүйген, төккен терінен ләззат алуға дағдыланған адамның талабын ақыл-ой, талап, кәсіп пен мінез ұштамай тұрмайды. Осы тұста оның талабын ұштаған да, тебінгісін нықтаған да, намысын оятқан да Лепсі өзенінің бойын мекен еткен еңбекшіл елдің ержүрек бастамалары десек, артық айтқандық болмайды. Сондай-ақ, балалық, жастық шағында көзін көрген, тәрбиесіне құлақ түрген, ақылын тыңдап, алғырлығын арттыруға дем берген дария кеуде, тау мүсін қарттардың тәлімін ойына сақтап, ұлылықтың ұшқыны жанын жадыратып, атына кір шалдырмай жүрген ағаларымыздың бірі тағы да сол кісі. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дегенге сенсек, сол тұстағы Еңбек Қызыл Ту және «Құрмет» ордендерінің иегері Молдабай атамыз бен анамыз Биғайшаның балаларына сіңірген тәрбиесі ұшан-теңіз. Көпті көрген отбасының ұлдары Әуесбек – дәрігер, Кеңесбек – экономист, Болатбек – ауылшаруашылық маманы болса, қыздары Алтын мен Сәуле таңдаған мамандығының биігіне шыққан жандар еді. Осындай ағаларының қамқорлығына, қарындастарының ықыласына бөленіп өскен Жанат ағамыз да өмірден өз орнын тапты.

Кімнің айтқанын білмеймін, әлдебір ақылманның: «Адамның қандай болып өсуін туған жері белгілемейді. Өскен ортаң оның мәдениетті, тәлімді, тәрбиелі болуына ықпал етеді» дегенін оқыған едім. Сол дұрыс екен. Туған, ержеткен, ұяттың не екенін үйреткен, алға ұмтылдырған кішкене ғана Көкжиде ауылы оның бойына еңбеккерліктің, бауырмалдықтың, табиғатқа құштарлықтың нәрін септі. Сол қасиет кейінгі болашағына үлкен әсерін тигізіп, 1963 жылы Көкжиде ауылындағы Ерікті орта мектебінің бірінші сыныбының табалдырығын аттағаннан бастап, кейінгі кездегі жұрт ықыласына бөленген басшы болғанға дейін сақталды.

Несін жасырайық, сонау өткен ғасырдың 60-шы жылдары ержеткен балалар соғыс салған зардапты сезініп өсті десек, артық айтқандық болмайды. Балалар күндіз мектепте оқыса, кешке қарай дала еңбегіне араласып кететін. Бұл ауыл өмірінің айнымас шындығы еді. Десе де, ағамыз қозы-лақтың соңынан жүгіріп, сиыр бағып жүріп-ақ жақсы мен жаманды, ауыр мен жеңілді ажырататын халге жетті. Еңбек алаңындағы белсенділігімен қоса оқуға ынталы болды. Ұстаздары Қаншатай Әбеуова, Жағпар Күшаев, Тоқан Қошқарбаев сияқты мұғалімдерінің жалықпай жетектеуінің арқасында оқуға ынталы, мектептің түрлі шараларының ұйымдастырушысы болды.

Осы тұста қазақ отбасындағы тағы бір жағымды жалғастықты айта кеткен дұрыс болар. Расында, сол тұстағы көпбалалы отбасы балаларында бауырмалдық пен ауызбірлік басым болды. Үйдің үлкені кішілеріне қамқор болса, кішілері олардың ақылын тыңдап, киім-кешегін ауысып киіп, барымен базар болып ержетті. Сол бауырмалдықтың жылылығын Жанат ағамыз да сезінді. Ерікті орта мектебінен 8 жылдықты бітірген жылы ағалары Әуесбек пен Кеңесбек оқу бітіріп келіп, Жыланды ауылына жұмысқа орналасады да інісін Жыланды орта мектебіне ауыстырып алады. Бұл да ынтымақты отбасының бір белгісі еді. Сондай-ақ, бұл жерде Кәрім Әбдірахманов, Бәзен Әділбаев, Күлән Омарова сияқты жауапкершілігі мол ұстаздардан тәлім алу бақыты бұйырады. Орта мектепті бітірген 1973 жылы арман арқалап, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қазақ филологиясы мамандығына құжаттарын тапсырады. Бірақ ол

оған ауылдың бас малдәрігерлігі жүктеледі. Осы қызметте жүргенде Кеңес одағы ыдырап, тәуелсіз Қазақстан ірге бекіте бастады.

Несін жасырайық, сол жылдары қиындық пен жетіспеушілік елдің мазасын алып, балтырын сыздатты. Көптеген шаруашылық тарап, қолда бар мүлік ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетті. Бұл жағдай Мұқан Төлебаев атындағы өндірістік кооперативті де жағалай бастайды. Бұған алаңдаған аудан басшылары Жанат ағаны сол кооперативтің төрағалығына сайлап, күйреген шаруаның іргесін бекітуді тапсырады. Кооперативтің тізгінін қолына алғанда онда 400 қой, 150 сиыр ғана қалған екен. Бұнымен 130 адамның тіршілігін қамдау қиындық әкелетіні анық. Сондықтан олар қосымша балық шаруашылығымен айналысып, балық өнімінен түскен қаражатпен елдің мұқтажын шешіп отырады. Тіпті, мектептер жабылып, балалар оқудан қол үзіп жатқан кезде ауыл мектебін отынмен жылытатын 3 қосымша пеш салып, балалардың білім алуын қамтамасыз етті. Сонымен қатар, елді ұйымдастырып, Лепсі өзенінің бойындағы орман алқабына кеткен бірнеше ауқымды өртті сөндіріп, табиғаттың жанашыры болады.

Расында, сол бір қиын кездері мұндай іс тек жүрегі кең адамдардың ғана қолынан келуші еді. Оның осы азаматтығы жұрт ықыласына бөлеп, басшылардың назарын аударады. Сонымен 1998 жылы Лепсі орман шаруашылығына жұмысқа тұрады. Аталмыш орман шаруашылығының Лепсі өзені мен Балқаш көлінің бойындағы 86 мың гектар жерді алып жатқан орман алқабы мен 3 мың 600 гектар сексеуілді орманды сақтап қалу мақсатында 1995 жылы ауыл ақсақалы, табиғат жанашыры Аманбол Демесіновтың еңбегінің арқасында құрылғанын айта кеткен жөн. Бүгінде Аманбол атамыз арамызда болмаса да қатары толығып, алқабы ауқымдана түскен сексеуілді орманнан өткен жұрт ол кісіні бір еске алып, Жанат ағамыздың еңбеккерлігіне сүйініп жатады.

Көңілі дарқан, өмірі жайсаң аталар аманатын арқалап, 1998 жылы қызметке келген Жанат ағамыз 17 жылын осы шаруашылыққа арнады. Арғанаты тауының баурайы мен Ақсу, Сарқандай қос ауданға қарасты Құрақсу, Матай, Көкжиде, Көктерек, Лепсі, Мұқан Төлебаев ауылдарының ормандағы алқабын қорғау, күзету, өркендету міндетін атқаратын Лепсі орман шарушылығы өңірде жиі өсетін тораңғы, жиде, шеңгел топталдары мен Көкжиденің бірқазаны, қырғауыл, үйрек-қазымен, өзенінде ойнақтаған бағалы балықтарымен өңірімізге әйгілі. Десе де, бұл аумақ Балқаш көліне келетін туристер өтетін жолдың өті болғандықтан ақ мен құсқа, Балқаш көлінің маңындағы сексеуілдерге көп қиянат жасалып тұрады. Бұл аталған орман шаруашылығына жүктелген тапсырманың ауқымдылығын көрсетеді. Бірақ, ұзақ жылдық тәжірибесі бар Жанат аға бұл шаруаның да қисынын келтірді. Басқасын айтпағанның өзінде, 1995 жылы 3 штаты бар орман шаруашылығындағы қызметкерлер санын бүгінде 49 адамға жеткізгені біраз жайды аңғартады. Ал сол жылдары түбірі қалған сексеуілдер бүгінде қауырт көбею мүмкіндігіне ие болды. Мұның өзі төккен тердің өтеуі емес пе? Сонымен қатар, сол өңірге жерленген Көтен тәуіп, Бәйтік молда, Төлеубай аталарымызға ескерткіш қойып, перзенттік борышын ұмытпаған азаматтығына ел сүйсінбей қалсын ба? Сондай-ақ, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ел күйзеліп, өндіріс күйреп жатқанда ауылдастарының қиындығын бірге көтерісіп, қайғысын бөліскен азаматтылығына жерлестері дән риза. Тіпті, олар ауылдарынан осындай азамат шыққанына мақтанады. Сондықтан ауылдастары: «Ауылдың мұң-мұқтажын жоғары жаққа жеткізіп, ел-жұрттың өркендеуіне септігін тигізе алады», – деген сеніммен аудандық мәслихат депутаты етіп сайлады. Сол жауапкершілікті де абыроймен атқарып келеді.

Иә, ел арасында «Халық қалаулысы» деген қанатты сөз бар. Себебі, халық қалаулысы, жақсының жаршысы, жоғалғанның жоқшысы, өткеннің іздеушісі болу әркімнің маңдайына жазыла бермейтін бақ. Сондықтан көпшілік бұл міндетті ел мен жердің болашағы үшін таңды таңға жалғап, тынымсыз жұмыс істейтін, халықтың қамы үшін таласқа түсуге дайын, жұрттың ойындағы түйткілді шешуге ден қоятын азаматтарға жүктейді. Жанат осы талаптан шығып келеді. Ол депутат ретінде өз ауылының дамуына біркісідей үлес қосты. Даналық пен сырбаздық, байсалдылық пен байыптылық қашанда бойынан білініп тұратын ағамыздың айтқан ұсынысы мен көтерген ойы қашанда әріптестері тарапынан қолдау тауып отырды. Сондай ұмтылыстың арқасында Көкжиде, Көктерек, Мұқан Төлебаев ауылдарына телефон тартылып, ауылдың ауызсу мәселесі шешімін тапты.

Жыл сайын «Мектепке жол» акциясы аясында тұрмысы нашар отбасыларындағы балаларға көмектесуді ұмытқан емес. Ал өткен жылы Мұқан Төлебаев ауылындағы Мәдениет үйінің шыт жаңа кейіпке енуіне де ықпал етті. Сондай-ақ, өңірдің ауылшаруашылығы кешендерін, елді мекендерді дамыту, өндірілген өнімдерге қаржылай қолдау көрсету сияқты туындаған салмақты сұрақтарды шешуге атсалысып келеді.

Халқымызда «Туған жерге ту тіккен» деген сөз бар. Осы тұрғыдан келгенде Жанат ағамыз туған өлкесінің түлеуін есінен бір рет те шығармаған адам. Бұл әрине, неңдей де бір жершілдікті білдірмейді. Қайта елін сүйген ержігіттіктің, жерін сүйген азаматтықтың белгісі деп қарауымыз керек.

Өмірдегі азаматтық міндетін абыроймен өтеген ағамыз отбасының да ұйытқысы бола білді. Қарлығаш Сейполданова жеңгемізбен ынтымағы ұйыған отбасын құрып, саналы ұл, әдепті қыз өсірді. Білім беру саласында жұмыс істейтін үлкен ұлы Бекзат пен келіні Ләйла үш бала тәрбиелеп отырса, Жанары заңгер, Гүлнәр Талдықорған қалалық медколледжінде ұстаз, ал Руслан жол полициясында, Бекжан мемлекеттік қызметкер, кенжесі Еркежан студент. Яғни, төрт құбыласы тең түскен отбасы деп осыны айтатын шығармыз.

Расында, әр заманның өз кейіпкері, өз тұлғасы, таным-талғам таразысы болатыны анық. Ал пешенесіне жазылған тағдыры елдің ерлігімен, ерлігімен, ерінбей еңбек етуімен тұспа-тұс келіп жатса – сынақтың үлкені осы. Одан ерік-жігері мықты, табанды, өзіндік көзқарасы бар таным-талғамы тұрақты, ең бастысы, өз басын алдымен өзі сыйлайтын адам ғана ізгілік ізінен адаспай өтетіні хақ. Сонда оның ел-жұрт алдында жүзі жарқын, жүрегі ақ, беделі жоғары болады. Жанат аға осындай мағыналы өмір сүрген ел қалаулысы, жұрт мақтанышы. Осы жолдан таймай, бағыттан танбай алға жылжый беріңіз, аға!

■ Сүйінбай – 200

ҚЫЗЫЛ ШҰБАР ЖОЛБАРЫС



Екі сап атты бояу толқи ағып жатқан Іле өзенінің жағасын құлдилай төмен кетіп барады. Өзен бойы баланың білегіндей үйіскен қалың қамыс, ұзындың жапырақ жай бастаған көне таз-шілік.

Жамбыл төңірекке қадырлана көз салады, бәрі қызық, таңсық. Көніл әлдекайда алып ұшады. Мына ақын ағасына мың да бір рахмет, сол кісі ғой осы сапарға ертіп шыққан.

Сүйінбай жесір шақырып алып:

– Жаңа, Жамбылды маған бимлігы жазға бер. Аяу көптен көрмеген Іле, Балқаш бойындағы нағашыларымды аралатайын. Ел көрсін, жер танысын,– дегенде, жесі жер шұқылап отырып өзер көнген, шешесі мұны қойды. Жүзі шамырқанып, іштей толқуы. – Сен Қарасай бабаның кім екенін білесің бе? – Жамбыл ақын өзін бөлмей тыңдауды жөн көріп, тіс жармады. – Қарасай баба біздің елдің аты ұранға айналған бақдүр батыры. Бүкіл қазақ елінің төрт бұрышын өзінің серіктерімен түгел қосып, қорғаған, аты аңызға айналған қасиетті кісі. Киелі жанға ғана – бақ қонады. Бақ қонған, қызыр шалған адам батыр болып қол бастайды, ақын болып сөз бастайды, көсем болып ел бастайды. Біздің елдің киесі, пірі – қызыл шұбар жолбарыс.

– Жолбарыс?! Қызыл жолбарыс!.. Жаңа көрдім ғой, ағa..а?!

– Иә, балам, жаксылап тыңдап ал. Қызыл шұбар жолбарыс Қарасай бабаға қалай келгенін айтып берейін.

Қарасайдың әкесі – Алтынайды ел абыз деп атайды екен. Абыз дегені – көріпкел, айтқаны келген әулие деген сөз. Қарасай ірі денелі, орасан зор күш иесі, кіші шақта жайнаған алыр болыпты. Ірілігі сонша, бір өгіздің терісі екі айтына етік тігіп беруге әзер жетеді екен. Қарасай он алтыға толғанда, әкесі шақырып алып айтыпты:

– Құлайға шүкір, алдыма он сан көк ала жылқы бітті. Бірақ бақыт әлемет жұт болады. Сен жаныма қарулы жігіттерді таңдап ал да, жылқыларды алдыңа салып, өрістерін жай да отыр. Жылқы малы өте кірпияз, алдын қайырма, ерісін де, қонысын да өзі табады, – дейді.

Қыр кісі бойынан асып, қақаған қыс ұзаққа созылып, ақ сүйек жұттан елдің тігерге тұяғы қалмай қырылады. Күн жылына көктеуге, жазғысалым ел жайлауға көше алмай қалады. Сол кезде алдына салып берген биелерін құлындатып, қарасын бұрынғыдан да молайтып, алалы жылқыны қайыстыра шұрқыратып дін аман айдап, Қарасай елге оралады.

Алтынай абыз Қарасайды шақырып алып:

– Қойды серке бастар, тойды ерке бастар, ал елді хан нем – желке бастар деген. Ел басқарған хан немізден малы түгел құрысын, хан орласынан көше алмай, ескі жұрт-қыстауында қи сақып отырып қалды. Өзі да алты атасынан өзер қылыр дарыған, қытыр шалған атаның балдеи болатын, жерге қаратпайық. Мына жылқының қақ жартысын ханға сыйла, апарып бер! – депті.

Әке сөзін бала екі етпепті.

Тігерге тұяқ қалмай, қара қи жұртта отырған хан қалың шаңды үлкен тобырды көріп:

– Жұт жеті ағайынды деуші еді. Мыналар жұтаған елді шапқалы келе жатқан қалмақ болмаса игі? – деп үрейленеді. Жаяулап болса да жауға қарсы тұруға дайындала бастағанда, шапқыншы келіп сүйінші сұрапты:

– Алтынай абыздың ұлы Қарасай қаптаған қалың жылқыны айдап әкеле жатыр! – депті.

Қарасай сондай-ақ, ханға жүк артар түйе, саулыға сиыр да желіп, тарту етіпті.

Ел аққа тойынып, хан жайлауға көшеді. Қарасай хан ордасында бір ай жатып мейман болды. Елше қайтуға рұқсат сұрағанда:

– Не тілегің бар, балам!? Үкідей ғып осіріп отырған бойжеткен он қызым бар, таңдағаныңды ал, күйеубала бол! Күйеу демейін – ұлым бол! – дейді хан шын ниетпен болып, шеті қатты ауып.

– Ниетіңізге разымын, хан нем! Маған босағаңызды да жетеді. Соған өмір бойы разымын,– дейді Қарасай. Сонда хан тағынан атып тұрып, екі санын сарт ұрып:

– Алтынай абыздығын істеді, балам! Айтқаның болсын, мына қара шаңырақ – ақ ордам сенікі. Ақ батамды бердім, – деп хан тағынан тұра бергенде, он жақ нығына қызыл шұбар жолбарыс пайда бола кетіпті. Ханның соңынан ілесе шығып, екінші отауына кірмей, қайта бұрылып кеп, ақ ордада тапжылмай отырған Қарасайдың етіген жалап, он жақ нығына басын артып, баладай еркелепті.

– Е-е, балам, Қарасай бабаңа босаға деген ақ орда, қызыл шұбар жолбарыс осылай келген екен!

Ақын бірқауым тағы үнсіз қалды да:

– Жамбыл балам, міне, осындай шежіре әңгімені көкейіне құйып алсын деп әдейі айтып жатырмын. Жүрген, тұрған жеріңде Қарасай бабаңның аруағына сиынсаң, алып шығады аман-есен. Мен де өлеңімнің бісмілләсін осы бабамның аруағына сиынудан бастағанмын.

– Аға, сіз, жаңа жолбарыс көрдіңіз бе?

– Көрдім, әрине.

– Шөжкімен ғой, аға, о?

– Иә, иә...

– Тұк қорықпадыңыз ғой, бірден тарпа бас салады деуші еді.

– Жолбарыс та – киелі мақұлық. Өзін тиіспесең, өштестірмесең, аш болмаса, адамға шаппайды. Құран оқып отырып: «Қарасай мен Отеген бабалардың аруағы қолдай гөр» деп едім, қалт тұра қалды ғой. Байқаған шығарсың? Олар қайбанға қазақтың көзіне түсе бермейді. Батыр бейітінің басында кезіккенің көрмеймісің. Ешкімге айтпа. Тіл-көз бар дегендей. Аруағынан айналайын, бабалардың!

Сүйінбай аз-кем ойланып барып, әңгімесін қайта сабақтады.

– Кейін Қарасай баба картайған шағында батасын атақты Төле биге береді. Ол былай болған. Әкесі Алтынай абыз түсінде аян берген соң, Қарасай Төле биді үйдегі келіс, ол шыбықты ат қып мініп жүрген кішкентай бала екен, үйіне ертіп барып, батасын беріп, көп кешікпей аттанып кетіпті, жарықтық. Жақсының ықыласы – жарым патшаға тең деген осы, балам!

Алыстағы биіктеу шоқының үстіне шыққанда, Сүйінбай сонау көз ұшында күнге арқасын төсып, демалып жатқан батырлардай алып тау бітімне сығырая ұзақ қарады. Тағы да бір дәмді әңгіме айта түссе екен деп Жамбыл өкше түсына кеп тоқтады.

Көктем бұлт ерте шыққан. Көк аспан тас төбелеп елжіреп төнеді. Сағым көмкерген дала жұпар шашып тұр. Қан қызыл қызғалдақтар самалмен үлпілдей тербеліп, көздің жауын алады. Ақынның әңгімесіне тыңдайтарын қағып, шықылықтаған қос сауысқан соңдарынан қалмай келеді. Іргесі сөгілмеген қалың ел көктеуге көшіп қоныпты, ауыл сыртын ыз-қиқо...

Ақынның астындағы шабдар құлажал пысқырыпты. Қарсы беттен төрт-бес жігіт бері қарай желе шоқыта келіп, аттан домалай түсіп, амандаса бастапты.

– Сіздер келе жатыр деп, екі көзіміз төрт болып күткенімізге үшінші күн. Хан нем: «Сүйінбай ақын келе жатыр дейді, алдынан шығыңдар, дәм татып, сыбағасын жеп кетсін» деп жол тостырып қойды, – деді сақалы күйектей сыптырыр жігіт, майға салған қасықтай тыпылдап.

– Хан нем дедің бе?

– Иә... иә... Төсек төре сізді күтіп отыр. Ат басын бұрыңыздар, – деп, әлгі жігіт өз жолды бастай жөнелді.

Ханның аршыған жұмыртқадай ақ ордасы алыстан көрінеді. Мал тұяғы тимеген көкмайса құлпырып-ақ тұр. Жағалай конған қара ормандай қалың ел. Әр ауыл өз салтанатын, патша көнілін, мырза байлығын паш етіп, үйлерін бар жасауымен жайнатып-ақ тіккен екен. Ақ орда алдынан бір топ адам бұларға қарсы жүрді. Ханның басқалардан шоқтығы биік, әсем, сырбаз киінген, атлас шапанын иығына желбегей жамылған күйі оқшау тұр. Сүйекең төрт-бес қадамдай қалғанда сәнк ете қалды:

Тілімнің асты да өлең, үсті де өлең,
Жыр шекпенін ұсынған қызыл жебем.
Маңдайға Төсек төре, амалсызсың,
Абылайды көремін бүгін сенен.

Бір сөзін қалт жібермей ынтыға тыңдай қалған Төсек төре де:

– Ау, қызыл жел-ай, десеңші?! Сөз, дауылдат! Өлеңмен сәлем бермесең, Сүйінбай болармысың? – деп дидары ашылып, айрықша сүйсініс білдірді.

Сүйекең де іркілмей төгіп-төгіп жіберді. «Жаңымда байлаулы түр жыр тұлпары»,– деп келіп,– Төсек төренің дәулеті мен сәулетіне тоқталып, бабаларын еске түсірді. Күннің алтын шашағы шаңырағыңызға шашылып түсіпті, үстіңізге нұр болып жауыпты деді. Ақыны мен барланының қадіріне жеткен Төсек төре амансысың?! – дей келе, әлеумет жұртшылыққа сәлем берді. Екпінден барып тоқтағанда, хан келіп ақынды құшағына алып:

– Жарайсың, қызыл желім! Кел, төрлет! Жырдың асыл кені, асыл текті, аман бол!– деп ордасына шақырды. Сүйінбайға бәрі жаңа-тармағай сәлемдесіп жатқан шақта: – Оу, жұрнағым-ау, Жамбылтайым-ау, бармысың, аманбысың! – деп біреу бас салып, сүйе бастады. Құшағы қандай кең, иісі қандай сүйкімді, бітім-болмысы, дауысы құдды Қанадан атасы!

Көзіне лық етіп жас толып, жанары бұлдырады.

– Сүйінбай ақын келе жатыр дегенді құлағым шалып, мың жылғы құда әрі жиенімді деп алдынан шығып, қарсы алайық деп жатсақ, жанына сені ертіп келіпті ғой. Өп, бәрекелді, құлай жолың оңғаргыр Сүйекең, жағың түскенше жамаңшылық көрме!..

Жамбыл басын көтеріп алып қарап еді, иә, тура Қанадан атасынан аумайтын іпісі – Орынбай! Бұл кісіге де кәрілік жетсе керек, сақал-шашы түгел ағарып, көздерінің жиектері қызылданып, бүтілген шалға айналыпты.

Ақ орданың қақ төрінде отырған Сүйінбай Жамбылды шақырып, оң жақ тізесіне отырғызып алып, жұртқа таныстырды.

Есік алдына тыпырлатып әкеп, Сүйінбайдан бата алып, ту биені сойып жатыр. Елдің көзі де, құлағы да ақында. Өткен бұрын данқы жеткен ақылман не дер екен деп ынтыға түседі.

Қымыз ішіп, қуырдақ жеп, сусынын карта шаймен қандырған соң барып, Сүйекең үкілі домбырасын қолына алды. Ішкі сарайынды ашар таудың бастау суындай тап-таза тұнық дауыспен жыр төсегін селдетті дерсің.

Ерлердің жақсылығы ұмытылмайды,
Шындықты дұрыс айтса, ел тыңдайды.
Ертедегі өткен екен ер Қарасай –
Айтайын тыңдауыңа сол туралы...

Сүйінбай бұл дастанды жылқы мүшелеңбей жатып бастап еді, ол қазанға салынып, пісіп, дайын болып алдыға келгенше бітіре алмады. Жамбыл бұрын естімеген, жаңадан туған айбынды хас батыр – Қарасай батыр туралы бұл дастанның әр сөзін қалт жібермей, көкейіне құйып алып жатыр, зердесіне тоқып жатыр... Дастанды ақын түнің бір мезгілінде барып бітірді.

– Ақылы мен ақындығы тең түскен қадірлі Сүйеке, ат басын бұрып, асыл сөзіңізбен сусындатып жатырсыз.

Көп жасаңыз!–деп, Төсек төре алғысын үсті-үстіне жаутызып, ығына жүні құлпырған бұлғын ішік жапты.

– Жыр желісін жалғайтын ба? Шаршап калған жоқсыздар ма?– деп көпшілікке қарады.

– Айтыңыз, айтыңыз.

– Айналайын, даусыңды сағындық, мейірімізді бір қандырдың, тағы айтшы...

– Күнде мұндай жиын бола бермес,– деп, Төсек төре қамалай отырғандарға жағалай қарап шығып, бізден бір түнгі ұйқымыз сіздің бір ауыз өлеңіңізден садақасысы емес пе, шіркін!

– Онда қазір менің Жамбыл шәкіртім «Отеген батыр» деген дастанымды айтып береді,– деп қолындағы ұзын үкілі қызыл домбырасын ұсына берді.

Ауылдан ұзап көрмеген бала ханның ақ орласында қақ төрде отырып, қалың елдің алдында Сүйінбайдай ақиық ақынның дастанын айтам-ау деп әсте ойлап па екен?! Маңдайынан суық тер бұрк ете түсті.

– Айта ғой, қарағым, оннан асқан бала ақынның тас шайнап, мұз бүркетін кезі қазір, – деді Сүйінбай жұмсақ жымиып.

– Дұрыс айтады Сүйекең. Екі елдің телқоңыры жасық емес, ашық болу керек. Айта ғой, Жамбылтайым, – деді бір жұртын түткасын үстап тұрған Орынбай аққақал алға ұмсына түсіп.

– Иә, айтсын! Айтсын! – деп отырғандар дуылдасты.

– Жамбыл дейді?! Сүйінбайдың шәкірті?.. Кім екен ол? – десін ентелеп, сырттағылар да елең ете қалысты. Анталаған сан көздер қақ төрде ұшатын қырандай түйіліп отырған, қаршадай қара балаға тесіле қарап қалысты. Ақ тамақ, бұрап бел қытыл камзол киген қыз бұрала басып, ниле түсіп, алдына шара толы қымыз әкеліп қойды. Ақын деп құрмет көрсетіп әспеттегені болар. Домбыра зар күйіне келгені бабында екен. Аңыракайдың желіндей бебеу қақты. Шымырлап барып-барып Сүйекеңнің жанға жағымды, елітіп, ертіп әкетер мақам- қағысынз ауысты. Бүкіл дастанның жыры, әуені қалыбын бұзбаған қалпы комекейіне келіп кептеліп, тынысын бітеп, ірелеп тұрып-ақ қалғаны-ай! Домбыра безілдеп, саусақтары шанақты соққылап, «енді қашан, енді қашан» деп қайта-қайта қайырылады. Ауыш ашса, тіл таңдайына жабысып, көмекейі құрғап, үні шықпай тұншығып барады. Екі көзі қолға түскен киктей жәудіреп ақын ағасына қарай берді. Сүйекең баланың тершіген маңдайын көріп, жауырынының ортасынан «Әп, бәрекелді» деп екі мәрте қағып-қағып жіберіп еді, тынысы ашылып, даусы саңқылдап шыға берді. Ел мынандай кең даусыпен шырқаған шәкірт үніне кәгелімде аузын ашып қалды.

– Тура Сүйекең ғой мынау!

– Қызыл жел ғой!

– Ыстық жел!

Даусы бәйкке, дабысы алысқа кетеді мына баланың! Айналайын-ай, болайын деп тұрған-ақ бозым екенсің! Тіл-көзден сақтай гөр!

Жетісу жері сол жаз бойы ұстаз бен шәкірт өнеріне, Сүйінбай мен Жамбыл өлеңіне тербеліп тұрды...

Нағашыбек ҚАПАЛБЕКҰЛЫ,
Халықаралық «Алаш»
сыйлығының иегері, жазушы.

■ Білік бедері

ӨМІР БЕЛЕС



Майын тартса, түті шығатын қасиетті Жетісу жері қазақ баласының қашаннан бері атақонысы. Құлтай ағамыз осындай топырақтан туған қазақтың қара домалақ баласының бірі. Кексу ауданының Мәулімбай ауылында 1943 жылдың 15 наурызында туған сәбидің де қарақыпты қақ жарған, аузынан дуалы сөздің сықыры өрілген Мәулімбай ақынның жырымен құлақтанып. Ескелді бабамыздан қалған нақыл сөздермен жүрегіне ұлылықтың нәрі құйылмады дей алмасыз ба? Оның өмірінің өрілгі де, өзгеше болмысы да сол қасиеттерден бастау алған.

Тағы бір жағынан от пен оққа оранған соғыс жүрп жатқан түста дүниеге келген бала санасы елдегі бауырмалдықты, тәбандылықты, ізгілікті, адамгершілікті сәби сезіммен түсіп есейді. Бұл Құлтай ағамыздың да ойы шымыр, жаны таза, адамгершілігі мол болып өсуіне түрткі болды. Көрікел, тәуіп атасы Жақсыбек Сатқынбаевтан аз өнеге алмағаны белгілі. Ал әкесі Нұрқалбай Тоқымбаев пен анасы Уазипа Қапықызы қарапайым шаруа адамдары болған. Бірақ сол қарапайым отбасы тәрбиесі оны шыңықтыра түсті.

Сол тұста «Орысша оқымаса, болашақта нан тауып жей алмайды» деген түсөктің ел санасын жаулап алғанын жасыра алмаймыз. Сондықтан өке-шешесі жалғыз баласының жақсы өмір кешуін армандап, 1950 жылы оны Көксу станысындағы орта мектептің мұғалімі, күйеубалалары Қалиасқар Аусабаевтың қолына тапсырып, сондағы орыс мектебіне оқуға береді. Ауылда қазақша тіп-тіке сындырған Құлтай ағамыз алғашқы үзтазы Мария Рогованың жетекшілігімен орысшаны да тез меңгереді. Сыныптас балалардың алды болып, мектептің мақтанышына айналады. Ал 7-сыныпты бітірген 1958 жылы Лепсі кітапханашылар техникумына оқуға қабылданады.

Оның кітапқа деген құмарлығы осы кезден басталады. 1961 жылы техникумды бітірген соң жолдамамен Бұжы станысына келіп, ауылдық округтің кітапханашысы, теміржол клубының жетекшісі болып жұмысқа тұрады. Қос бірдей қызметті арқалай жүріп, арманын ұштайды. Бірақ оқудың қажеттілігін де терең сезіне бастады. Ақыры 1963 жылы Қазақ мемлекеттік университетіне құжаттарын тапсырып, тарих факультетінің күндізгі бөлімне қабылданады. Өкшеңе орай бір жылдан кейін Уазипа апамыз сырқаттанып, ауылға қайтуға тура келеді де, оқуын сырттай бөлімге ауыстырады. Ауылға оралған соң 1966 жылы Қаратал аудандық мәдениет бөліміне, ағa инспекторы болып жұмысқа тұрады. Ал 1969 жылы Талдықорған кәсіптік училищесінен ұсыныс түсіп, тарих және қоғамтану пәннің мұғалімі болып орналасады. Бір жыл өткен соң аталған оқу орны директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары болып тағайындалады. Бұл орында 1977 жылға дейін жемісті еңбек етіп, одан Талдықорған облыстық Тұтынушылар одағы басқармасына ауысып кетеді. Бір жылдан соң басқарманың ұйымдастыру-кооперативтік бөлімінің бастығы болады. Сол қызметте жүрп 2 жылдық марксизм-ленинизм университетін, Ленинградтағы халық шаруашылығы кадрларын даярлайтын бір жылдық жоғарғы курсын бітіргенін айта кетсек, артық болмас.

Кеңес одағы кезінде тұтынушылар қоғамы ең бір жауапкершілігі жоғары, жұмысы қарбалас сала санапатын. Бір ғана облыстық Тұтынушылар одағының құрамына кіретін сауда орындарында 20 мыңға жуық адам жұмыс істеді. Осыдан-ақ, сонша адамды ұйымдастырып, оның жұмыс барысын үйлестірудің қаншалықты жауапкершілікті талап ететінін бағамдай берің. Сол талаптың үдесінен шығып, күн сайын сан мыңдаған сом айналымға түсетін қиындығы мен қызығы мол ортада беделін түсірмей еңбек ету екінің-бірінің ғана қолынан келеді. Құлтай ағa осы қызметті мінсіз атқарғаны үшін КСРО және Қаз ССР-нің тұтыну кооперациясының үздік қызметкері сияқты құрметті атаққа қол жеткізп, осы ортадан құрметті зейнеткерлікке шығады.

«Адам бір терең ішінде сан толып, сан ариды» дегенге сенсек, Құлтай ағамыздың басынан да түрлі қиындық өтті. Тіпті, «ұлтшыл» деп жазалап, жұмыстан қудаланып, айлап тексеріп мазасын алған кездер де кеше ғана. Сондай күндерде басы ауырғанда сүйеп, балтыры сыздағанда қоруыш болған Социалистік Еңбек Ері Әбдіқадыр Дайыров атамызға жиі-жиі Құран бағыштап тұрады. Сол атамыздың көмегі, қолдауы, қорғауы болмаса, ағамыздың өмрі басқаша жазылар еді.

ЖАЛАЙЫР ТАРИХЫ

Жақсының жақсылығын бағалау үшін оның жақсы қасиеттерін бағалай білген жөн шығар. Құлтай ағамыздың «Жалайыр тарихы» атты еңбегінің бірінші томын оқып шыққан соң, баслада жатқан тағы да үш томының түпнұсқасын көргеннен кейін ол «кісіге деген құрметім арта түсті.

Еуразия даласында үш мың жыл дәуірендеген көшпелілер өркениеті жиырмасыншы ғасырда ғана тоқтады. Содан бері қазақ халқының тарихи тағдырына дамудың басқаша үлгісі бұйырды. Мұндай өлара кезеңде өткенің асылдарын бүгінгі ұрпақтың еншісіне тапсыру үшін іздену оңай болған жоқ. Расында, қазақтың өзі сияқты тарихы да күпиясын жасырып, терең үңілмеген сырт көзге көбінде сыр бермейтін анық. Бір қызығы, осы күнге дейін қазақ тарихшылары жазған еңбектерді парақтап отырсаңыз, кешегі сақ пен скиф, ғұн мен үйсін жайлы, бертінгі найман мен керей хандығы, қарақытай мен үйғыр ұлыстары құрған мемлекеттер жайлы да мол мағлұматты қиналмай тауып, ерікі қажетіне жарата аласың. Өкшеңе орай, көпшілік 1335 жылы тарих сахнасына шыққан Жалайыр хандығы туралы толық білмейді. Еуропалық тарихшылар да бұл тақырыпқа көңілдеп кірісті. Ал Құлтай ағa – осы тақырыпты қаузап, зерттеп, зерделеп жүрген санаулы өлкетанушының бірі. Қазір «Жалайыр тарихы» деген сериямен бірнеше том еңбек жазды. Жалайыр руының тарихы немесе өткен өмірімізді түгендейтін құнды деректер туралы ағамыздың ойынан өркен тауып, қаламымен хатқа түскен бірталай дүние республикалық, облыстық, аудандық басылымдарда жарық көріп, оқырманына жеткенін білеміз. Сондай-ақ, «Жалайыр тарихы» атты бес томдық кітаптың «Жауынын жағын, жылқының жалын айырған көне тайпа» атты бірінші томын оқыдық. Аталған жинақтың парсы, араб, түрік, тағы басқа да үлт пен ұлыс жылнамашыларының, сәяхатшы-ғалымдарының Жалайырлар туралы қалдырған естеліктерімен эсселері. Кеңес және тәуелсіздік жылдарындағы еліміздегі ғалымдар мен ақын-жазушылардың еңбектері, ой-толғамдары жинақталған «Осы жұрт Жалайырды біле ме екен?» атты екінші томы, XIX ғасырдан бастап бүгінге дейін Қадырғали Жалайыр туралы жазылған 300-ге жуық ғылыми, тарихи-танымдық, көркем мақала топтастырылған «Қадырғали Жалайыр қазақтың «Геродоты» атты үшінші томы, 13 ата Жалайырдың ру, аталарының таралуы, шығуы, орналасуы және олардың тарихи тұлғалары жинақталған «Жалайыр – Ұлы жүздің «Ноқта атасы» атты төртінші томы баслада жатыр. Ал XIII ғасырда өмір сүрген Шыңғысханның ұлы қолбасшысы жалайыр Мұқылайдан тартып, бүгінге дейінгі Жалайыр елінен шыққан тұлғалар жайлы мақалалар топтастырылған «Жалайырдың саңлақтары мен жайсаңдары» атты бесінші томын оқитын боламыз.

Иә, бұл күнде жазылып жатқан кітап көп. Десе де бір институттың ғалымдары біргіп, үлкен еңбекпен жазатын осыншама құнды еңбекті елу жыл бойы тірнектеп жинап, тарихқа сыйға тартқан ағамыздың қажырлығына тәнті болмай тура алмайсың. Бұл қасиет бүгінгі жастарға үлгі-өнеге болсын дейміз.

«Жалайыр тарихы» – ең алдымен қазақты қазаққа түсіндіріп беретін құнды еңбек. Оқырманның тегін түсіндіріп, тектілікке тәрбиелеумен бірге киз туырлықты көшпендінің кешегі күніне, өмір салтына, сол алмағайып заманда болашақ үшін жүргізген қайсар күресіне деген құрметке, ілтипатқа бөлейтін сирек туынды. Әр үйде тұруға тиісті кітап.

Осы орайда қазақтың ойшыл ақыны Қадыр Мырза Әлінің: «Жүзден мәселесін жүз шешпейді, оны жүзден бик тұрған адамдар шешеді» деген сөзі ойға оралады. Осынау жүзден бик тұрған азаматтарымыз ұлт мүддесіне адал болсын деп тілеу ғана қалады бізге. Ең бастысы, Құлтай ағамыз жалайырдың баласы болғандықтан Жалайыр тарихын жазып жүрген жоқ. Жүзден бик тұрған ізгілгмен айналасын нұрландырып жүргендердің қатарында. Ал ағайындық, бауырмалдық басқа өңгіме. Осы тұста Құлтай ағаның зерттеу еңбегін баспадан шығаруға атсалысып жүрген зың ғылымдарының докторы, профессор, академик Д. Қонаев атындағы университеттің ректоры Өмірәлі Қолабаев пен сондай ізгілікті бойына жиған басқа да азаматтарға алғыс айта кеткен жөн.

«Бес бәйіт» деп те аталып жүрген Үндінің көнеден жеткен ақыл қазынасы «Панчатантрада: «Дүниедегі барша тіршілік иелерінен адамды айырып тұратын төрт-ақ қасиет бар: бірі – білімділік, екіншісі – ұстамдылық, үшіншісі – ақыл, төртіншісі – әділдік» деген сөздер бар. Ойлап қарасаң, халқымыздың адамдық, адалдық болмыс-бітімі осыған саятын көрінеді.

Осы қасиеттерді бойына тұмардай тағынған ағаларға артылар жауапкершіліктің жүгі ауыр. Еңбекқорлығына осы аталған қасиеттер қосылған Құлтай НҰРҚАЛБАИҰЛЫ ізденіп, зерттеушілік қабілетін ұштап, өлкетанушы, тарихшы деңгейіне жетті. Шығармашылық, ел жүгін арқалаған қайраткерлік бір басқа да, ауылды ынтымаққа, ауызбіршілікке, ағайындыққа шақыратын азаматтықтың жолы қиын, салмағы ауыр. Оны көтере білетін де, көсегесін көгерте алатын да бар, қадірін кетіріп, қиюын қашыратын да жоқ емес. Құлтай ағa осындай азаматтықтың асқар биігінен көрініп жүрген жан.

Әрине, азаматтық биіктік жаспен өлшенбейді. «Өсер елдің баласы он бесінде баспын дер», – деп бабаларымыз қадап айтып кеткендей, мағыналы тірлікпен, ел мен жер үшін сіңірген өлшеусіз еңбекпен өлшенеді.

Тарих тамыршысы

ТАРИХҚА ІҢКӘРЛІК

Құлтай ағамыздың тарихи құндылықтарды ұқыптап жинаушы, оны бүгінгі ұрпақтың қадесіне жаратушы, зерттеуші ретінде қалыптасуына бірнеше себеп әсер етіпті. Сонау 1964 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі студент кезінде университет кітапханасына жиі барып жүретін Құлтай ағамыздың қолына Буркіт Исқақовтың Қазақ мемлекеттік баспасынан шыққан «Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғұламалары» атты кітабы түседі. Ондағы Қалдырбек Жүнісбаевтың «Қадырғали Қосымұлы Жалайыр, елеусіз қалған есім» атты мақаласы қатты қызықтырады. Содан бастап тарихқа біржолата ден қояды. Сондайақ, 1967 жылы «Жизнь и революционная деятельность Тоқаша Бокина» деген тақырыпта дипломдық жұмысын жазу барысында халық назарынан тысқары қалған бірталай таңғажайын дүниелерге кездеседі. Сондай-ақ, оның жетекшісі Кеңес өкіметі кезінде Мұхаметжан Тынышпаевтан кейін «Қазақ тегі туралы» 163 беттен тұратын ерте заманнан басталатын қазақ шежіресін ғылыми түрде жазып қалдырған Мұсатай Ақынжанов болады. Бітіп ғалымнан үлгі алған жас жігіт тарихты зерттеудің зердегіруын, ізденіп-тоқтаусыз жинақтай бастайды. Оның үстіне Лепсідегі үйлшеден кітапханашы оқуын бітіріп, бірақ жыл сол салада жұмыс істегендіктен өзіне керекті дүниелерді ұқыптап жинауды бастайды.

Расында, қоғамда барлық саланың өзіндік орны, мүмкіндігі бар. Десе де, мәдениет саласы өте бір табандылықты талап ететін еңбектің түрі. Ол – ұлттың, зиялы қауымның ерекше бір тобы. Шынын айтсақ, олар эмоцияға сүйенбейді, білімге сүйенеді. Сондай-ақ, шем-шекпенге не болмаса атақ-дәрежеге шатақпен таласпайтындардан бойын аулақ ұстайтын топ. Ондағы қамысы – ел намысы, Отан намысы. Содан кейін де Құлтай ағамыз: «Басқа елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол». «Туған жерге туың тік» дейтін принципте берік тұрды. Оған жасаған ортасы, атқарған жұмысы, адамдық болмысы жол салды.

Сонымен қатар, бұл сала ұлттың өткені мен бүгінін, бары мен жоғын түгендейтін сала. Ең бастысы, халқымыздың асыл құндылықтарының бәрі ескінің сарқыншағы саналған дәуірде ұлттық мәдениетті насихаттау үшін жөн мен жолын, қисынын тауып қиюластырудың өзі жеңіл жұмыс емес. Бірақ өзіндік ұстанымы мен мол төжірибесінің ісжергіш арқасында тапсырылған жұмысты мінсіз атқарады. Оған осы қызметте жүргенде ие болған СССР Мәдениет саласының үздік қызметкері атағы дәлел бола алады. Сол жастық шағында бастаған ұлт тарихына деген ынқылық жетпіске келгенде жеті жұз жыл бұрынғы тарихқа сүрлеу салуға мүмкіндік берді. Иә, Құлтай ағаның «Жалайыр тарихы» атты зерттеу еңбектерінің сериясы шыға бастағалы осы тың тақырыпқа айрықша назар аударатын бір топ жас қаламгер бастады. Бұл төккен тердің өтелгені.

ЖАН АЗЫҒЫ – КІТАБЫ

Тарихшы, этнограф ғалым Ақселеу Сейдімбектің, қоғам қайраткері Мырзатай Жолдасбековтің 10 мыңға тарта кітап қоры болғаны туралы естіп жүрміз. Әрине, тұтас өмірін ғылым жолына арнаған адамдарда осындай кітап қоры болмауы мүмкін емес. Алматыдан шыққан кітап бірде келсе, бірде келмей қалатын. Талдықорған қаласында тұратын Құлтай ағамыздың жеке кітапханасында ғылыми, тарихи, ғұмырнамалық, көркем әдебиеттер мен естеліктерден тұратын 10 мыңнан астам кітап сақтаулы тұр десем, сенер ме едіңіз? Сол қатардан облыстық кітапхананың сирек кездесетін кітаптар қорынан табылмайтын еңбектерді көргенде аң-таң болатыныңыз анық. Тіпті XIX ғасырда шыққан В. Радловтың 8 кітаптан тұратын 4 томдық шығармалар жинағын, П. Будаговтің 1868 жылы басылып шыққан екі томдық «Түрік-татар сөздігін» сол жерден табасыз. Ал тарихи тақырыпты жаңы қалайтын ағамыздың кітапханасында бір ғана Қадырғали Жалайырға қатысты 265 мақала мен әдебиет болумен қатар Рашид ад-дин, Жамал Қарши, Мұхаммед Хайдар Дулати, Мұхаметжан Тынышпаев, Санжар Аспандияров, Талас Омарбеков, Мекбет Қойгелдин, Қинаят Зардыхан, Ислам Қабышұлы, Жанұзақ Қасымбаев, Ислам Жеменей, Тұрсын Жұртбай, Эрина Ережепова, Меруерт Әбусейітова, Жамбыл Артықбаев, Әлімғазы Дәулетхан сияқты тарихшы ғалымдардың еңбектері өз кітаптан түгел. Егер сіз жолыңыз түсіп ағаның үйіне бара қалсаңыз, төрт қабырғаға толған бағалы мұралардың көргенде таңғалатыныңыз анық.

Тағы бір айта кететіні – ағамыздың ұқыптылығы. Қатарқатар тізілген кітап сөресінен бір басынан папка-папкаға жинақ, талған ағамыздың жинаған ақпараттарын кездестіресіз. Сол тақпамада өмірге келіп, оқи жүріп, қызмет барысында пайдаланған, ізденіс үстінде қолына түскен 1968 жылдан бергі Талдықорған облысының, 1997 жылдан бергі Алматы облысының тарихына қатысты мақалалар мен тағайындаулар, қоғам қайраткерлері, өнер саңлақтары жайлы жазылған мақалалар, облысымызда өткен аталулы күндер жайлы ақпараттар тоғыспен сақталған. Тіпті Жетісу өңірінде шыққан 81 газеттің алғашқы, бірінші нөмірін де Құлтай ағамыздың архивінен тәбе алласыз. Қысқасы, сонау 1965 жылдан бергі қай салада мөлшет керек болса интернеттің ақтарып, газеттерді парақтаудың және жоқ. Бірден Құлтай ағаның үйіне телефон шалыңыз. Ағамыздың осы ұқыптылығын жастарға, оқушыларға үлгі ретінде насихаттау – тәптәрмайтын тәрбие жолы болар еді.

ОТБАСЫ – ОЛ ДА БІР ӘЛЕМ

Иә, «Өлең айтсаң жаныңды жеп айтасың» дегендей, ғылымның соңына түскен адамның жекебасынан қаншама қиындықты өткізетіні айдан анық. Ол үшін үй шаруасын қайырып қойып, аттаған алыс жолдарға шығуға тура келеді. Кейде дүниеден оқшауланып, өз ойлеріңмен жеткенде кеттің. Тіпті, басқалардың қалауынан шыға алмай қалып, сүрініп жүретінің тағы бар. Сондықтан сенің ыстық-суығыңа бірдей қанеттің өйел затының болғаны да дұрыс. Қоғамнан қағажу көрсең де отбасыңнан жылылық тапсаң сонын өзі бір ғанибет. Осы тұрғыдан келгенде, Құлтай ағамыздың жары Нәғима Жабайқызы бар ғұмырын кітапханашылық қызметке арнай жүріп, жарының да абыройлы азамат болып шығуына барын арнады. С. Сейфуллин атындағы облыстық кітапханасында директорлық қызметін бірталай жыл атқарған апамыз екеуі Берік және Ардақ есімді ұл-қызды тәрбиелеп, өсірді. Бүгінде немерелерінің қызығы мен қуанышына сүйеніп, жетістігіне желпініп жүреді. Әсіресе, немересі Өйгерімнің жетістігі жеткілікті. Ол да атасы сияқты еңбекқор, табанды болып өсіп келеді. Атасының отбасылық кітапханасындағы мол мұрадан сусындап өскендіктен бойына ұлттық намысын сіңіріп, әрлаған ұялатып келеді. «Ертең менің бастаған ісімді осы немерем жалғастыратын болады», – дейді атасы мен апасы сүйсініп. Солай болатынына біз де сенеміз. Өйткені ұлағатты отбасында ғана үлгілі ұрпақ, жалғасатындығы өмір заңдылығы.

Қажет АНДАС.

ТҮЙІН

**Міне, осындай ұлағатты ойына мықтап ұялатқан Құлтай ағамыз өмірден өз еншісін алып, туған-туыстың мақтанышына айналып келеді. Оның барлық адамгершілік қасиеті мен болмысы қажырлы еңбегінің нәтижесі. Кәсібіне мықым, елге жағымды, көрші-қолаңмен тату-тәтті ғұмыр сүріп келеді. Құлтай ағамыздың таң асаннан кеш батқанша жұмыстан қолы бір босамайды. Отб



Төле би:

Атадан ұл туса игі,
Ата жолын қуса игі.
Өзіне келер ұятын,
Өзі біліп тұрса игі.
Жаудан бұққан немені,
Ортасынан қуса игі!



Қаз дауысты Қазыбек би:

Алтын ұяң – Отан қымбат,
Құт-берекең – атаң қымбат.
Аймалайтын анаң қымбат,
Мейірімді апаң қымбат.
Асқар тауың – әкең қымбат,
Туып-өскен елің қымбат.
Ұят пенен ар қымбат,
Өзің сүйген жар қымбат.



Әйтеке би:

Ашу деген ағын су,
Алдын ашсаң арқырар.
Ақыл деген дария,
Алдын тоссаң тоқырар.
Кісі бірге туыспау керек,
Туысқан соң сөз қуыспау керек.
Сөз қуған бәлеге жолығады,
Жол қуған олжаға жолығады.

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ:
– Қадырғали би Жалайыр Тұран әлемінің жұлдызы.

Шоқан УӘЛИХАНОВ:
– «Жылнамалар жинағы» Әбілғазы және Шайбанинамамен салыстырғанда анығдан гөрі анықты молырақ, тіпті қазіргі қазақ тілі сияқты.

Әлкей МАРҒҰЛАН:
– ... Қадырғали Жалайыр жалайыр тайпасынан шыққан қачақтың бірінші ойшыл ғалымы, данышпан жазушы, мәдениет мұрагері.

Манаш ҚОЗЫБАЕВ:
– Тарихшы Қадырғали шежірені ауызша айту дәстүрінен өтіп, жазба тарих дәстүріне жол, негіз салғаны баса айтылғанды орынды сияқты.


Немат КЕЛІМБЕТОВ:
– Қазақ тілі тарихы мен қазақ әдебиеті тарихын таныр, білуге бағ жетпес жазба ескерткіштердің бірі – «Жылнамалар жинағы».

АРДАГЕР

АЙЫНА ЕКІ РЕТ ШЫҒАТЫН ГАЗЕТ ІШІНДЕГІ ГАЗЕТ

23 ШІЛДЕ, БЕЙСЕНБІ, 2015 жыл

№15 (153)



ТҰРАН ЖҰРТЫНЫҢ ДАРА ТҰЛҒАСЫ

Өмірдерек

Қадырғали би Қосымұлы Жалайыр 1530 жылы туған. Араб, парсы, орыс тілдерін терең меңгерген. 1600 жылы орыс патшасы Борис Годунов қазақ ханы Тәуекелдің інісі Ондан сұлтанның ұлы Ораз-Мұхаммедті Қасым хандығының ханы етіп қойғанда Қадырғали Жалайыр оның уәзірі болып тағайындалады. Өзінің "Жамиғ ат-тауарих" ("Жылнамалар жинағы") атты шежіресін 1600 жылы бастап, 1602 жылы жазып бітіреді. Шежіренің көлемі 157 бет, қытай қағазына аса ұқыптылықпен жазылған. Аталмыш шежіре 1998 жылы "Атамұра" баспасында толық көлемде басылып шықты. Бұл жинақта ғалым Шығыс жылнамасына, ондағы шаһарларға шолу жасап, қазақ сахарасын мекендеген рутайпаларға анықтама береді. Сонымен қатар, Қазақстанның ежелгі және орта ғасыр тарихынан құнды мағлұматтар қалдырған.

(Жалғасы. Басы «Жетісу» газетінің 1-бетінде).

ЕСКЕРТКІШ БАСЫНДА

Осыдан бірер жыл бұрын Талдықорған қаласында эл бабаға арналған алып ескерткіш бой көтерді. Қаламыз қызына алып, ойға батып тұрған баба мүсін үлкен-гайыр далаңы мекен еткен қазақ ұлысын береке-бірлікке, ынтымаққа шақырып тұрғандай.

Міне, бүгін Астана мен Алматы қаласынан, республиканың әр аумағынан, Алматы облысының барлық елді мекендерінен жиналған зиялы қауым өкілдері мен қала тұрғындары және студенттер қаланың шығыс қақпасында орныққан баба ескерткішінің жанында табылып, мәре-сәре болды. Сол қатарда облыстық мәслихаттың хатшысы Ермек Келемсейіт, облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы Ардақ Сылық, зиялы қауымдарының докторы, профессор Өмірәлі Жалаири жылы лебіздерін білдірсе, ақын Әміре Әрін мен Гүлбақыт Қасенова жырдан шашу шашты. Ақ тілектер түгілін, өткен күннің ешшесінде қалған естеліктер тағы да бір рет ақтарылды.

Иә, береке-бірліктің, ынтымақтың, ағайынның халқ-қадірінше демеушінің нәтижесінде бой көтерген ғалымның ескерткішін тұрғызу туралы бастаманы эу баста республикалық "Үш байтерек" қоғамдық қоры көтерген болатын. Оның жүзеге асуына қоғам және мемлекет қайраткері Серік Үмбетов үлкен қамқорлық көрсетсе, Наурыз Қылышбаев бастаған жетісулық азаматтар қолдан келген бар көмегін көрсетті. Ескерткішке гүл шоғын қойып, баба рухын асқақтатып, тәуелсіз ағамыздың көпшілік сол азаматтардың батылдығына, парасаттылығына ризашылығын білдіріп, олардың ерлікке пара-пар істерін әңгіме өзегіне айналдырды. Сол қатарда Талдықорған қаласының ардагерлер ұйымының төрағасы Мұрат Халық:

– Біздің ата-бабаларымыз ғасырлар бойы осы күнді аңсап өтті. Олар білектің күшімен, найзаның ұшымен қорғаған ұлан-байтақ дала бүгінгі таңда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың салиқалы саясатының арқасында түлеп, тұрақты дамып келе жатқан елге айналды. Бәрінізге аян, жерлестеріміз Талдықорған қаласына Сара мен Ілиястың, Қабанбай батырдың, Ескелді, Балпық, Қабылиса, Сүйінбай бабаларымыздың, Діни-мұхамед Қонаев пен Ғали Ормановтың ескерткішінің орнатып, халықтың алтынатына бөленді. Қазақта "Әкеден мал қалғанша, тал қалсын" деген сөз бар. Әрине, өмірден бәріміз өтеміз. Мұның бәрі кейінгі ұрпаққа, елге, жастарға тәрбиелік мәні бар ұлағатты ұғындыратын құндылық болып қалады. Міне, осы құндылықтың жібін жалғап, Қадырғали Жалайыр бабамызға алып ескерткіш орнаттық елдің азаматтарына рахмет айтамын. Ұлы Абай атамыздың: " Бірінші пайданы ойлама, ар мен ұятты ойла" деп айтқаны бар. Осы сөзді әрқашан естен шығармауымыз керек. Бүгінгі ескерткіш сол елдіктің белгісі деп білемін. Біздің ынтымағымыз жарасқан жерде, алатын шыңымыз биік болады, – деді ағынан жарылып.

"Көп тілеуі көл" демекші, көптің демеуімен бой көтерген ескерткіш бүгінде сол көпшіліктің рухани дәнзат алатын орнына айналып отыр. Кейінгі жылдары қаламызда өткен кандайда бір мәдени, танымдық, мерекелік іс-шаралар барысында көпшілік алдымен Қадырғали би Жалайыр ескерткішіне гүл шоғын қойып, перзенттік борышын өтеп барып, мәселені жұмысқа қосына алады. Ал жақындан шырақ көтерген жас жұлдыз, баласын болашақ бақытты сапарға аттандырған ата-аналар міндетті түрде баба рухына ескерткіш басынан табылатынын жиі көріп жүрміз. Демек, осыдан бірер жыл бұрынғы көптің тілегі, міне, осылай өзінің өміршеңдігін дәлелдеді.

Ескерткіштің сәулеті мен сәні де қаламызға келген қонақтарға бұл өңірдің ұлылыққа иілін, тарихқа үңіліп тұратын парасатқа бай жұрт екенін түсіндіріп тұрады. Сондықтан сөз тізгінін алғандар бабаның суретін салған суретші Марат Нүсіпке, содан кейін Қазақстан Сәулетшілер одағы Алматы облыстық филиалының төрағасы Қаби Баулықов пен мүсінші Қайрат Сұраншының еңбегіне ризашылығын білдіріп жатты. Сонымен бірге, баба мүсінін қазға бар ынта-ықыласын арнаған Қарағанды қаласындағы Қазақстан Сәулетшілер одағына қарасты Досмұхамбетов атындағы комбинат пен құрылыс жұмысы мен ескерткішті абаттандыруды сапалы аяқтаған "Ақ жол" ЖШС-нің құрып қолды жігіттерге ризашылығын білдірісті.

Мұрағат деректері бойынша Қадырғали Жалайыр Ресейдің Рязань облысына қарасты Қасымов қаласына жер-ленген. Қазақстандық бір топ ғалым баба жатқан қаладағы ескі қорымға туған жерінің бір уыс топырағын апарып, белгі орнатып қайтқан еді. Осы орайда, сол экспедиция құрамында болып, баба қабіріне тәу етіп қайтқан зың ғылымдарының докторы Өмірәлі Жалаири ағамызды әңгімеге тартып көрдік:

– Біздің ең алдымен ұлыларымызды ұлықтап, олардың қадірін танып, ескерткіш орнатуымыздың өзі тәуелсіз ел болып, іргемізді бекітіп жатқанымыз дер едік. Егер осы күн болмаса біздің бүгінгі күшшымыз болмас та еді ғой. Сондықтан әрбір қазақ перзенті осының терең түсінуі керек. Баба қабірін іздеп тауып, оның аруағына тәу етіп, еліне оралуына жағдай туғызуымызға да осы тәуелсіздік сеп болды. Біз 2005 жылы қазан айында "Қадырғали би" қорының тапсырмасымен төрт адам Мәскеуге аттандық. Осы жерде бір нәрсені ашық айта кету керек. Бізден төрт жыл бұрын да арнайы экспедиция осы мақсатпен Мәскеуде болған. Бірақ оларға Ресей үкіметі ешқажетты көрсетпей қайтарған болатын. Сондықтан біз алдымен Сыртқы істер министрлігіне шығып, рұқсат алдық. Сонымен алғашқы сапарымызды Мәскеудегі мұрағаттардан бастап гідестірдік. Кейін Рязань облыстық өлкетану мұражайындағы мұрағаттарды ақтарып, өзімізге керекті мәліметтер таптық. Тарихшы, өлкетанушы орыс ғалымдарымен қоян-қолтық жұмыс жасаудың нәтижесінде Қадырғали бабамыздың бұрынғы Қасымов хандығында істеген жұмыстарының көшірмесін алдық. Жаткан жерін де анықтадық. Енді осында бізді тағы бір жағдай қинай бастады. Біз жоспар бойынша бабаның басына орнату үшін Алматыдан арнайы құлпытас жасата барған едік. Бірақ Қасымов қаласындағы коне зираттардың басына ақ тас орнатылады екен. Сондықтан жергілікті зауыттарға қайтадан тапсырма беріп, ақтастан құлпытас жасатып, басына араб әрпімен "Қадырғали би" деп атын жазып, оның астына кириллицамен сол жазуды қайталай көшіріп орнатып қайттық. Ал бабамыз жаткан кабірден арнайы әкелінген топырақты ескерткіштің тағанына көмдік. Қысқасы баба аруағы туған елімен осылай үндесіп, болашақ ұрпағымен осылай тілдесіп жатыр, – деген жауап алдық олардан.

Көшілік ескерткіштің басына гүл шоғын қойып, перзенттік борышын ғана өтеп қалмастан, рухымызға нәр беріп, жүрегімізге жылылық жүздіреп ұлағатты әңгімелер мен есті ұрпақ ескере жүрер естеліктерге де қанықты.

ҰЛТТЫҚ ДІЛДІҢ БАСТАУЫ – ТАРИХ

Ә. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында өткен ғылыми конференцияның да көпке берер үлгі-өнегесі аз болмады. Оған белгілі шығыстанушы ғалымдар мен жазушылар, жастар мен талдықорғандықтар және қала қонақтары қатысты. Конференцияны облыстық мәслихаттың хатшысы Ермек Келемсейіт пен тарихшы, КСРО мәдениет қызметінің үздігі, КСРО, ҚР Тұтынушылар кооперациясының үздігі Құлтай Нұрқалбайұлы жүргізіп отырды. Шара басталмас бұрын «Қадырғали би Жалайырдың туғанына – 485 жыл» атты деректі фильм көрсетілді. Онда ғалымның тұтас өмір жолы көрініс тапқан. Аталмыш көрсетілім тарихшы жайлы бірінші рет жан-жақтылы дайындалған деректі фильм ретінде ел есінде қалды. Естеріңізде болса, Қадырғали бабаның өмір, еңбегінің құндылығы, шыққан тегі, бүгінгі баба ұрпақтарының құрметі жайлы газетіміздің алдыңғы нөмірінде жарияланған Құлтай Нұрқалбайұлымен жүргізген сұхбатымызда толық айтқан едік. Сондықтан бұл ретте айрықша тоқталмадық. Ал фильмнен кейін Талдықорған қаласының әкімі Ермек Алпысов көпшілікті құттықтап, сөз сөйледі.

– Құрметті қауым!

Елбасы: «Біз бүгінгі бейбіт тіршілігіміз үшін, Қазақстан деп аталатын республиканың жер бетінде бар болғаны үшін тарихтың әр түсында осы елді, осы жерді қорғаған қайсар жандардың аруағының алдында қашанда қарыздармыз», – дегендей, қазақ халқының тарихы мен мәдениетінің, тілінің қалыптасуына елеулі үлесін қосқан бабаларымыздың бірі Қадырғали би Жалайырдың туғанына 485 жыл толуына орай өткізілін отырған ғылыми конференцияға табыс тілейміз.

Қазақ халқының тарихы бай әрі күрделі. Біз тек өткенді тиісінше бағалап қана келешегімізді көз алдымызға елестете аламыз. Бүгінгі шара соның дәлелі. Расында, әр халықтың тарихында есімі мәңгі өшпестей ел жадында сақталатын тарихи тұлғалар болады. Қадырғали би Жалайыри сондай тұлғалардың бірі деп айтуға әбден болады. Бабамыздың мұрасы кейінгі ұрпақ үшін таусылмайтын қазына. Жастарымызды барша жұртқа үлгі-өнеге болатын осындай тарихи тұлғалармен, олардың еңбектерімен таныстыру, рухани құндылықтарды бағалауға тәрбиелеу, кейінгі ұрпаққа аманат етіп қалдыру біз үшін парыз. Биылғы жыл тарихи оқиғаларға толы жыл болғандықтан «Ата-баба дәстүрін – ұрпаққа аманат» етіп қалдыру жөнінде маңызды шараларды іске асыру мақсатында мемлекеттік тапсырыс негізінде «Ата-баба дәстүрі – ұрпаққа аманат» тақырыбында тарихи-мәдени құндылықтарды, ұлттық салт-дәстүрлерді, Қазақ хандығының 550 жылдығын насихаттауға бағытталған іс-шаралар өткізу» бойынша лот карастырылып, тиісінше қаражат бөлінді. Бүгінгі шара осы бағыттағы жұмыстардың бір дәлелі ретінде жүзеге асырылуда. Бұндай игілікті іс алдағы уақытта да жалғаса береді, – деді ол.

Ары қарай бағдарлама бойынша Қадырғали Жалайыр бабамыздың еңбегін зерттеп, зерделеп, ғылыми айналымға салып, елге насихаттап жүрген ғалымдар мен ел ағаларына кезек берілді. Сол қатарда баба мұрасы жайлы толғақты ой айтып, өз шкірін білдірген зиялы қауым өкілдері де аз болмады. Атап айтар болсақ, Д. Қонаев атындағы университеттің ректоры, ҚР жоғары мектеп академиясының академигі, ҚР Президенті жанындағы құқықтық саясат кеңесінің мүшесі, халықаралық «Қадырғали би Жалайыр» қоғамдық қорының президенті, заң ғылымдарының докторы, профессор Өмірәлі Жаланри «Қадырғали Жалайыр – түркі әлеміндегі ұлы тарихшы», ҚР Әлеуметтік ғылымдар, халықаралық жоғары мектеп, Балтика педагогика ғылым академияларының академигі, философия ғылымдарының докторы, профессор Аманжол Қасабеков, ҚР білім беру ісінің үздігі, тарихшы, өлкетанушы, жазушы Андрей Берегин «Қадырғали би Жалайыр – востоковед», Құлтай Нұрқалбайұлы «Қадырғали би Жалайыр туралы деректемелер» тақырыбында баяндама оқып, ұлы тарихшының бітім-болмысын ғылыми тұжырым, нақтылы түйін, нақты дәлелдер арқылы көрсетіп берді. Сондай-ақ, ғалым мұрасын зерттеудің, зерделеудің қазақ мемлекеттігі мен Қазақ хандығын танудағы орнын, бүгінгі тәуелсіз елдің тарихын жүйелеп, Мәңгілік Елге жетудегі бағыт-бағдарын пайымдап берді.

(Соңы 2-бетте).

Шығыстың шынары

Әміре ӘРІН

Батқан күн!
Білінген-ау атарыңа.
Бабамның тозаң түспей атағына.
Тарихтың тұпа бойын тербеп шықтың.
Асыл тас толқын туса жатады ма?!

Шындарға шырай берген
ақ шынардай.
Аспанның астындағы ақ мұнардай.
Қадалып төрт құбыла қарасам да.
Бегдені таба алмадым тақ құрардай.

Жаңғырған жақұт далам,
лағыл, байсын.
Дүние!
Қуып жүрген сағымдайсың.
Бұлақтың көзін ашқан - бүгін жатқан.
Бегіңді қалай ғана сағынбайсың!

Ұлылық ұйған-ау есімңде.
Өлдің әуелеген бесігінде.
Қазаққа Қадырғали бұйырмаса,
Бұдыпар мына күнің беті кімге?

Жайсаңын жаннат жердің
қырлап берем.
Жасымнан Жалайырды жырлап келем.
Қадірі аса түскен қарашаңа,
Қонғандай осы есаммен бір бақ кенен.

Қорқыттың қосылып ем қобызына.
Тура жол тарта берді Оғызына.
Алтай мен Талас, Сайрам, ен Сібірде,
Ел құрып, дем берген-ді озуыма.

Оғызды Оғыз десем айып па екен.
Тоныкөк, Қорқыт-Аңыз ғайып па екен?!
Бас алған сол қайнардан Қадырғали,
Ерледі Елге осыны жайып кетем!

Көп сыр бар астарында Тарақ таңба.
Ұғындық ұлық шежіре таратқанда.
Жарты әлем ауызына қараған жұрт,
Топ жарған Жаппар ием жаратқанда.

Шолпаны Шығыс жұрттың атады да.
Ілінбей іргелі ешкім қатарына.
Жалайыр Ататегің жазылмаса,
Айналып кетер ме едің татарына.

Төңірім несібесін кесіп берген.
Бар сырын сағым дала есіп желмен.
Тарихтың арғы атасы әбіз Бабам.
Ғаламды жеттіс жеті жетік сезген.

Аймақта елі өскен ержеттің де.
Қытаймен, парсы, үнді белдестің де.
Қайнаның қабығындай қалқып жүрген,
Бәрімен бәсірелі теңдестің де!

Тербелп жасыл бұлттай жасыл айдын.
Іліміңе ешу тегіс – тасымайын.

Сыр-сандық сыны кетпес көз тартады.
Ақ нұры көмкергендей асыл Айдың.

Жолына жақұт шашпың кейінгенің.
Тұмандай таралып бер, сейілді мұң.
«Жәми-ат-тауарихың» – таным шыңы.
Мен қазір тіптен бөлек пейілдемін.

Дүбірге құлақ тосып алыстағы.
Ермакпен арыстандай алысқаны.
Жадында жаңа ұрпақтың жаттатлы бек.
Ерінің емен найза салысқаны.

Есеңді қайтарарсың күліп кімге.
Толғанбай тойлы жерде жүрілген бе?!
Өз Бабам, жаһан шәрпан шалдықпаған,
Тілінде араб, орыс, түркіктің де.

Тұрған ба, бұл фәниде бақ алмаспай.
Келген-дің ымырт кезде бағаң аспай.
Төуелсіз жаңа заман туған түста,
Жарқырап шыға келдің ақ алмастай.

Тылсымың бастай берсін ғажаптарға.
Көрмеген төлеңінде азап бар ма?!
Алты Алаш ардағым деп алқалайды,
Өр бейнең өшпес енді қазақ барда.

Төлімің таңғы шықтай жас – ғұмырға.
Ту тігіп, Түркі жұрты басты жырға.
Бой түзеп. Ұлы перзент Ескерткіш,
Бойтұмар тербеледі тас түғырда!

■ Есімде сол бір кез...



Кеңес заманында республикада тасы өрге домалап, дәуірі жүріп тұрған газеттердің бірі «Жетісу» болды. Оның өлденеше алғышарты бар. Біріншіден, тарихы ертеден, 1918 жылдан сабақталатын. Екіншіден, бұл газет – сол кездегі астанамыз Алматының және астаналық облыстың ең озық ақпарат жаршысы. Үшіншіден, «Жетісуда» жалындаған жазғандар аз емес еді. Алматының зиялы қауымы «Жетісуды» төңіректеп, газет жұмысына атсалысуды мәртебе санайтын. Сондықтан, «Жетісу» газеті қай жағынан алғанда да басқа облыстық газеттерден көш ілгері тұратын. Бір жақсысы, бүгін де сол үрдіс сақталып отыр.

Өмір университеті

Мен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да оқып жүргенімде «Жетісу» газеті редакциясына өндірістік практикаға бардым. Мені бас редактордың бірінші орынбасары Кәкімжан Қазыбаев қабылдады. Аз әңгімеден кейін қай бөлімге барғым келетінін сұрады. Мен хатшылыққа қалайтынымды айтқанымда көрегең кісі жымиып күлді.

– Мынау жақсы жаналық. Мен газетте редактордың орынбасары болып істегелі практикаға бірталай студенттер келді. Соның бір де бірі хатшылықты атамап еді. Сағаң рахмет! Қалағаның болсын, – деп жауапты хатшының шақырды. Ата кездай балпан басқан, божбан сары жігіт ағасы кіріп, Кәкімжанға тағп отырды. «Әукең, сен маған адам керек деп жүр едің. Сұрағаның үдемей-ақ табылды. Мына Дәулет батыр Әукең ағаның қасына барамын деп отыр. Қабылда», – деді де екеуміздің бір-бірімізге таныстырды.

Ол кезде облыстық газет әптасына бес рет шығады. Бұл, әсіресе, газет редакциясының бас штабы аталатын хатшылықтың жұмысты жедел және тиянақты үйлестіріп отыруды талап етеді. Не керек, келесі күннен бастап бас-аяғын байыптап болмайтын, газеттің бір нөмірін бітіресің, екінші нөмірі мәнпұнына жиместің, орнықсыз-бірқырбақай, жалтаңсақ қарбалас жұмыс басталды да кетті. Штат жеткіліксіз – жауапты хатшы, оның екі орынбасары, бір макетші, фотокор, курьер, екі корректор, 4 машинистка, газет шығарушы. Жауапты хатшының бір орынбасарының орны бос тұр екен. Мен сол жұмысқа жегілдім. Екі күннің бірінде кезекті нөмірді жүргізем. Ал шыдап көр. Жұмыстың көптігі мені қай нәрседі болсын білуге, жылдам, жинақы, тиянақты болуға итермелеп отырды. Екі апта өткен соң мені жауапты хатшының орынбасары етіп жұмысқа алды. Жауапты хатшы Әукең ағам әр нөмірге разметка жүргізуді, редакция қызметкерлері мен авторларға қаламақы қоюды қоса жүктеді.

Жастықпен жете назар қоймайды екенбіз, енді ойласам, Алматы облыстық газетінің сол кездегі шығармашылық ұжымы журналистиканың жілігін шағып, майын ішкен кілең ірілердің жасақталыпты. Бас редактор Әбдуали Қарақұлов орталық партия комитетінің қазанында қайнап шыққан сабырлы кісі. Ұжымды бір кісінің баласындай етіп ұстайды. Редакторлық тәжірибесі мол, журналистік шеберлігі шыңдалған, асыл-сасуды білмейтін адам. Ешкімге дауыс көтергенін көрген емеспін. Ақырып сөйлемей-ақ қарауындағы ала-құла адамдарды сескендіріп, шырқ іріп отыратыны ерекше ұнады.

Редакторлың бірінші орынбасары Кәкімжан Қазыбаев – ұжымның алтын дүкені. Газеттің көркеті, көп қырлы, мазмұнға бай болып шығуына Кәкімжан ағадан артық күш салатын кісіні байқаганым жоқ. Журналистік қарымқабілеті керемет, жазғандарын оқысаң жаның жадырап, ойың өрнектеліп шыға келеді. Әңгімесін тыңдасаң, көңілдің құрышы қанады. Ұзынан ақыл ағып тұратын ақтаңгерлігін өзің көргендей болдым. Сол үшін Кәкім ағамы редакцияның үлкен-кішісі түгел жақсы көретін. Жұмыстағы оперативтілігі, іскерлігі керемет. Ой түйіндерін тілшіктей қағазға тізбектеп түртіп алып, диктовка жасап-ақ отектей-ететкей материалдар жазып тастайды. Жазғандарының бәрі астын сызып тұрып оқитын дүниелер болып шығады. Жазудың мұндай үлгісін естімеген едім, енді көзбен көрдім.

Ол заманда баспасөз күні – 5 мамыр. Облыстық газет редакциясының ұжымы жылда журналистердің төл мерекесін қала сыртында атап өтеді. 1965 жылғы мамыр тойы Алма-Арасанның жанындағы теміржолшылар балаларының лагеринде өтті. Біз, хатшылық адамдары асай-мүсейімізді, көрпе-жастығымызды, кілем-төсеніштерімізді көлікке артып бір күн бұрын барып, ұжым мүшелерінен бір күн кейін келдік. Онда да күн шыға қозғалып, редакция ауласына келіп тоқтадық. Жауапты хатшының бір орынбасары Балта Исаев менімен бірге келіп еді. Редакцияға кірмей үйіне кетті. Түстен кейін келмек. Мен шофер мен курьерге ана-мынаны сырт жақ есіктен кіріп-тұп тапсырып, кеңсеге кірдім. Сағат 9-дан кетіп қалыпты. Барсам, Балтаның орнында Кәкімжан ағам отыр. Бүтінгі нөмірді екеуара жүргізуді ұсынды. Мен баспаханада терілің қойылған материалдар тіркелген журналды бердім де, қағаз-қаламдарымды камдай бастадым.

– Сен екінші, үшінші беттерді реттей бер. Бір мен төртті маған қалдыр, – деді де, Кәкімжан ағам макет сызбаларына қолма-қол кіресіп, жарты сағатқа жеткізбей-ақ дайын макетті қолыма ұстатты. Мен фотосуреттерді қосып, курьер арқылы баспаханаға жіберттім. Бір сағат шамасында қалған екі беттің де макеті дайын болды. Түс қайта жауапты хатшы келді. Балта да кеңсеге бір соғып, қазір келем деп ізім-ғайын жоқ болып кетті. Басқа бөлімдердерден де орындығы бос қалған. Кәкім ағам соның бәрін біліп және өзгелерге білгізбей отыр. Міне, сондықтан ғой, ол кісінің редакцияның алтын тіреуі аталып жүргені. Түс алетінде ырғатыпып Әукең ағам келді.

– Енді жұмысына өзің не болсың ғой, – деді де Кәкімжан ағам күлімдеген күйі шығып кетті. Мен бұл кендік пе, кемелдік пе деп сарапқа жаттадым, бірақ ерекше гәпті болдым. Ол өзінің іс-әрекеті арқылы-ақ маған адамгершілік сабағын оқып жаткандай көрінді. Ондай өнеге сызбаса, үлгі көрсетпесе, Қазыбаев бола ма? Кейін бұл кісі құлашын кенге сермеді. Том-том роман жазды. Қызмет бабында сатылап өсіп, Қазақстан партиясы орталық комитетінің хатшысы дәрежесіне көтерілді.

1986 жылы Қазақстан мен Қырғыстанның аудандық, қалалық газеттерінің бас редакторлары Алматыдағы партия мектебінде білім жетілдіру курсында оқып жаттық. Орталық комитеттің хатшысы К. Қазыбаев келіп дәріс оқыды.Сонынан аман-салем жасап, бізбен аз-кем әңгімелесті. Мен барып сәлем бергенімде қолымды алып, абырой тіледі. Жанында болмасам да, жадында болғанына көңілім марқайды. Облыстық газетте жүргенімде маған ерекше көңіл бөлген кісі редакторлың орынбасары Сарбас Ақтаев болды. Хатшылықты қойып, пасихат бөлімне келгімді құлаққағыс жасады. Мен олай ете алмайтынымды айтқанымда бөлім жұмысына қатысып жүруімді, Жеңіске байланысты істерге араласуымды өтінді. Журналисттің бірінші кезекте жазу шеберлігін шыңдауы керектігін айтты. Мен бірден келістім. 28 панфиловшылар туралы арнайы айдар ашылған. Соны екі ай бойы мен жүргіздім. Қазақстандық панфиловшы батырлар туралы суреттерін қолдан сыздырып жеке-жеке мақалалар, суреттемелер жаздым.

Газет жұмысында айғай-шу қоса жүреді. Қате деген бір тажал бар. Жасырынып жатып алады да, ақыр соңы сені шатып тынады. Газеттің графиктен кешігіп қалуы, жіберілген тәртіп бұзып, мінез көрсетуі сияқты жайттар да болып тұрады. Осындайда редактор қатты ұрысқақ кетіп, іс насырға шауып бара жатқанда Әукең ағам ойламаған жерден жақсы бір әзіл айтып, қатердің бетін құлаққа қарай бұрып жіберер еді. Бұған дауа жоқ дегендей редактор Әукеңе қарап, басын шайқап қоятын. Ашудың қара бұлтын күлкінің күмбірмен ыдыратып, түк көрмегендей болып жайбарақат отыра калу Жайлаубектің сияқты жайсандардың ғана қолынан келетін.

Оз кезде облыстық газетте ұзын-ырғасы отыздан аса адам жұмыс істеді. Қою-сұйығы аралас. Қателесіпесем газеттің ауылшаруашылығы бөліміңде Нұрдәулет Байсеркеев істейтін. Шақпа қалжыңының хас шебері. Фельетондары удай ашы болып келеді. Кейде артық-кем әрекетімен редактордың көзіне түсіп қалғаны болмаса, адырандаған ақ көңіл кісі. Мамыр тойы кезінде көңілашар шараларды тізгіп Нүкенің қолына болды. Түскі үзілісте жеңгелерін жетегіне алып, құрбыларын сыйдақша сыйлап, әйелдерді жалпақ жарыстырып, барімізді қыран күлкіге бөктірді. Фототілшіге суретке тартқызып жүр еді. Кейін кеңседе қабырға газетін шығарып, «Катындар байгесі» деп тақырып қойып, репортаж бергені есте қалыпты. Осындай ұрмалы оқиғалар өміршең келеді. Арада алпыс жыл уақыт өтсе де ұмытылмапты.

Газеттің мәдениет пен өнер бөлімін ақын Бекен Әбдіразақов басқаратын. Поэзия кештерінде, кездесулерде Мұқағалимен қоштасқан жүретін, көзі тірісінде ел қатарлы құла төбел күн кешкен көрнекті ақын. Бал дәуреп жалғанды сал дәуреп өтіп өткізгендердің санатында. Алма Арасан шатқалына көкке ұшқанда байқадым, келіншегі келіпті, ашық-жарқын жан екен. Бекеннің бекем болып шауып жүргені бір жағынан жарының жақсылығы шығар деген ой түйдім. Бұл бөлімде сол кездегі ғанымал ақындардың бірі Әділбек Абайділдаев пен жазушы Дүкенбай Досжан жұмыс қалам салтеді. Дүкенбай ҚазҰУ-дың филологиясын жаңадан бітірген. Қысыр кенеже жоқ. Қашан барсақ бір нәрсені шұқшиып жазып немесе кітап оқып отырады. Ал Әділбек ағамыз сырғыл, әлеңдері де оң сияқты сырғылдап тұратын.

Редакцияда 4-5 ай жұмыс істегенде мен көп нәрсеге көңіл қонақтатып, талай тағылым көрдім. Үлкен ортаның тәрбиесін алдым. Әбдуали Қарақұлов, Кәкімжан Қазыбаев, Сарбас Ақтаев, Әуған Жайлаубеков, Бейсенғали Сыланов сынды журналистердің алдын көріп, жан дүнием семірді. Бұрынғылар жақсы адам жанып тұрған шырақ деп неге айтқанын енді ұғындым. Өмір университеті деген осы шығар, болмын.

Дәулет ЖЕЛДІКБАЕВ,
Райымбек ауданының
Құрметті азаматы,
Алматы қаласы.

Елбасы «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» Жолдауында 2015 жылы елімізде Қазақ хандығының 550 жылдығы тойланатындығы туралы айтты. Тәуелсіз Қазақстанның тарихында Қазақ мемлекетінің тарихын осындай жоғары мемлекеттік деңгейде зерделеу туралы тапсырма алғаш рет беріліп отыр десем қателеспеймін. Осы орайда, Мемлекет басшысы тарихшыларды төл тарихымызды толық зерттеу үшін тізе қоса жұмыс жасауға шақырды. Елбасы айтқандай, жаһандану дәуірінде жұтылып кетпес үшін, ең алдымен, өткен күнге көз салған абзал. Өйткені тарихқа арқа сүйемесе болашақ бұлдыр. Сондай-ақ, мылтықсыз майдан күн сайын жүріп жатқан қазіргі күнде тарихи жадыны сақтап қалу – жалпы өзіңді-өзің сақтап қалудың жалғыз жолы. Ол үшін қазақ тарихының көкжиегін кеңейту арқылы қазақтардың Еуразия аумағындағы байырғы халықтардың бірі екенін және кейінгі жиырма жылдағы тәуелсіздік тарихын толық пайымдау қажет. Осы арқылы еліміздегі тарихшыларға, ізденушілерге, тарихшы мамандарға үлкен міндет жүктелді. Айта өтейік, әзірге тарихшыларды толғандыратын бір мәселе бар көрінеді. Ол елімізде Қазақ хандығы туралы зерттеудің кенже қалып қойғаны. Дегенмен, сол ақтаңдақты толықтыру жолында талпынып, ізденіп жүрген ағаларымыз баршылық. Соның бірі – 2013 жылдан шыға бастаған «Жалайыр тарихы» атты көп томдық еңбектің авторы, «Жылнамалар жинағы» кітабының авторы, Қадырғали би Жалайыр туралы жалықпай ізденіп жүрген Құлтай НҰРҚАЛБАЙҰЛЫ. Ағамыздың қоржынында Қадырғали би туралы біраз дүниелер бар екен. Осы ретте соны ашып, өзімізге керектісін алуды жөн көріп, әңгімеге тарттық.

Ұлы даланың ДАҢҚЫН АСЫРҒАН



ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҢҒЫШ ТАРИХШЫСЫ ҚАДЫРҒАЛИ БИ ҚОСЫМҰЛЫ ЖАЛАЙЫР

– Құлтай аға, Қадырғали Жалайыр есімі кашанда Қазақ хандығының тарихына қатысты айтылады. Қазақ хандығы тұсында ата-бабаларымыз сан түрлі ауыз әдебиеті нұсқаларын өмірге келтірумен бірге пәлсапаға, тарихқа, әдебиетке қатысты қыруар құнды жазба дүниелер қалдырды. Сіз осы еңбектермен таныссыз ба?

– Қазақ хандығы жайлы сөз болса алдымен ойымызға Асан қайғының оралатындығы анық. Ол өмір бойы қазақ халқын қиындықтан құтқарудың жолын іздестіріп, құтты қоныс – Жеруйықты іздеумен болды. Бұл орайдағы анық, әңгімелер сан ғасыр бойы халқымыздың санасына сіңіп, өмірлік болмысына айналып кетті. Сонымен қатар, жазба әдебиет үлгісінде тарих тақырыбын қамтыған бірсыпыра шығарма болды. Олардың қатарында «Шыңғыснама» (Шыңғыс ханның өмірбаяны), «Жылнамалар жинағы» («Жамих-ат-тауарих»), «Қыпшақ тарихы» сияқты еңбектерді атауға болады. Мұндағы Өтеміс қажы жазған «Шыңғыснама» кітабы Жошы хан әулетінің тарихын қамтыса, Қожам Құлбек Қыпшақ ханның «Қыпшақ хандығы» еңбегінде XV-XVIII ғасырдағы Қазақ хандығының тарихы қозғалады. Ал Қадырғали Жалайырдың «Жылнамалар жинағы» – шағатай-қазақ жазуымен жазылған ең алғашқы тарихи еңбек. Оның мазмұны терең, ғылыми деректер жеткілікті. Онда ерте кезден бері қазақ даласын мекендеген қыпшақ, жалайыр, қыпшақ, найман, керей, қоңырат, алшын, тағы да басқа тайпалардың шежіресі жүйелеңіп, ғылыми анықтама беріледі. Ал ғасырда Орта Азия мен Қазақстан аумағында өмір сүрген Қарахандылар әулетінің, оғыз-қыпшақ тайпалар одағы дәуірінен бастап, XVII ғасырға дейінгі тарих жүйелі баяндалады. Әсіресе, XIII-XVI ғасыр аралығында қазақ жерінде болған іри-іри тарихи оқиғалардың құндылығы жоғары. Бұл бөлімде қазақ қоныстанған жерлердің жай-жапсары, ондағы қалалар мен қала мәдениеті, қазақ хандары мен өмірбаяны, сұлтандар мен қарашылар, батырлар мен абыздар, басқа әлеуметтік топтар, хандықтың ішкі-сыртқы жағдайы, заң, ережелері жайында құнды деректер жеткілікті.

– Қадырғали би Жалайыр осынша деректі қайдан алды? Оның құндылығы неде?

– Қадырғали бабамыз ана тілімен қатар араб, парсы тілін, шығыстың классикалық әдебиетін, мәдениеті мен ғылымын терең зерттеген білімді жан. Ол Қазақ хандығының ордасында ханның ақылшысы, хандалардың тәрбиешісі болған. Яғни, оның қазақ даласындағы өмірі хан ордасындағы қасқа-жайсаңдар мен ақын-жыраулардың ортасында өтті. «Мен дүниежүзіндегі неше түрлі мемлекеттерді аралаған, нақыл сөзге толы көптеген кітапты оқыған адаммын» деп жазады «Жылнамалар жинағында». Оның ұлтымызға мен даналығын жоғары бағалаған Сібірдің Көшім ханы оны өзінің ақылгөй кеңесшісі еткен. Ол Сібір ханы Сейтектің де кеңесшісі болған, кейіннен Көшім ханға қарсы шығып, Ораз-Мұхаммедпен бірге Сейтек ханмен жақындасқан. Сібір воеводасы Данила Чулков 1588 жылы Ертіс өзенінің жағасында қаршыға салып, көңіл көтеріп жүрген кезде Қадырғали биді, Ораз-Мұхаммедті және Сейтек ханды алдап тұтқынға түсіреді де, үйіне, жақын туыстарын «аманат» ретінде ұстады. Қадырғали би Қосымұлы 1598 жылға дейін Мәскеу қаласында патша сарайында тұрады. 1600 жылы орыс патшасы Борис Годунов Ораз-Мұхаммедті Ока өзені бойындағы Қасым хандығының ханы етіп қойғанда, Қадырғали Жалайыр оның төрт уәзірінің бірі болып тағайындалады. Осы кезде ол тікелей тарихшы ретінде ғылыммен шұғылданды. Мәскеуде сол тұстағы Ресей тарихында есімдері ерекше құрметпен аталатын адамдармен жиі сұхбаттас болып, бір дастарқан басында отырды. Сондай-ақ, бірнеше тілді білетін бабамыз Мәскеу кітапханаларында сақталған қолға түсе бермейтін құнды еңбектермен таныспады ғой деген де сөз. Сол білім мен парасат, биліктілік пен ізденістің «Жылнамалар жинағын» жазуға мол ақпарат, қайтпас қажыр, сенім мен күш бергені анық. Ол Қасым хандығында 1600 жылы өзінің «Жамих ат-тауарих» (Жылнамалар жинағы) атты шежіре кітабын бастап, оны 1602 жылы аяқтады. Шежіренің көлемі 152 бет, қытай қағазына аса ұқыптылықпен жазылған. Ғұлама ғалым шығармасын өзі тұстас шығыс ғұламаларының дәстүрі бойынша орыс патшасы Борис Годуновқа арнаған. Автор өзі айтқандай: «Барлық христиандардың патшасы жоғары мәртебелі Борис Федорович ұлы бек, ақ ханға» арнап жазғандықтан бұл жай туынды емес. Ханға дақпырты жеткізіп еңбекке артылар жүктің салмағын осыдан білуге болады. Сондай-ақ, Қадырғали Жалайыр осы арқылы өз ұлтына адалдығын, қазақ билеушілеріне құрметін көрсетеді. Мәскеуде басы тұтқында жүрсе де халқының еркіндігін, ержүректігін, батырлығы мен парасатын батылдықпен жазып қалдырды.

Әрине, әр уақыттың әр кезеңінде халықтың біртуар данышпандары мен сақтақтары дүниеге келген. Ондай перзенттер тұтас бір тарихи кезеңдегі халықтың тарихи-мәдени өлшеміне, рухани биігіне айналып отыратыны белгілі. Сондай артына қайталанбас тарихи асыл мұра қалдырған, әлем мойындаған ғұлама тарихшы Қадырғали бидің ата-бабалары Қарахан заманынан бері хан уәзірлері, батырлары, өз ру-тайпаларының би-бектері болған. Өзі де хан ордасында жас бекзадалардың ақылгөй тәрбиешісі, ханның қарашысы (ақылшы, кеңесшісі) болды. Сондықтан XV-XVI ғасырлардағы Қазақ хандығы жайында тарихи шығарма жазу оған оңша қиынға түспеген және бұл шығармалардағы шындықтың, ақиқаттың көбірек болуына мүмкіншілік тудырған.

Туындының құндылығын арттырған себептер осылар деп білемін.

кітапхана училищесін оқып бітіріп, біраз жыл сол салада жұмыс істегеннен кейін керекті дүниелерді ұқыптап жинаудың жолын үйрендім.

Тарихшы Қадырбектің еңбегін оқығаннан бастап, содан бергі 50 жылға жуық уақытымды қазақ халқының тарихшы ғалымдары жазған кітаптар мен газет-журналдардағы мақалаларын жинақтаумен айналысып келдім. Қазір үйімдегі жеке кітапханамда сақтаулы тұрған 10 мың данадан астам кітаптың дені тарихи дүниелер болса, әр тарихшының еңбегін арнайы папкіге тігіп, сақтап отыруды әдетке айналдырдым. Сол қатарда кітапханалардың сирек кездесетін кітаптар қорынан табылмайтын XIX ғасырда шыққан В. Радловтың 8 кітаптан тұратын 4 томдық шығармалар жинағы, Л. Будоговтың 1868 жылы басылып шыққан екі томдық «Түрік-татар сөздігі», 1980 жылы шыққан Т. Саблаковтың араб тілінен аударған Құраны бар.

Жоғарыда айтқандай, мұнда Қадырғали Жалайырға қатысты 300-ге жуық мақала мен кітап бар. Онда Кеңес өкіметі кезіндегі және егеменді ел болғалы шыққан ғылыми, тарихи-тағылымды және танымдық мақалалар қамтылған. Сондай-ақ, Рашид ад-дин, Жамал Қарши, Мұхаммед Хайдар Дулати, Мұхаметжан Тынышпаев, Санжар Аспандияров, Талас Омарбеков, Мамбет Қойгелдиев, Қинаят Зардыхан, Ислам Қабышұлы, Жанұзақ Қасымбаев, Ислам Жеменей, Тұрсын Жұртбай, Ерина Ерефеева, Меруерт Әбусейітова, Жамбыл Артықбаев, Әлімғазы Дәулетхан сияқты тарихшы-ғалымдардың еңбектерін де жалықпай жинақтадым. Ең бастысы, Қадырғали Қосымұлының туғанына 485 жыл толуына арналған библиографиялық көрсеткіш-сілтеме түпнұсқа ғылыми отырғанымен де құнды. Көрсеткіш ғалымдарға, жазушыларға, шежірешілерге және өз ру-тайпасының тарихын оқып, зерттеп, жазып жүрген оқырман қауымға таптырмайтын құрал болады деп сенемін.

Расында, қоғамда барлық саланың өзіндік орны, мүмкіндігі бар. Десе де, мәдениет саласы өте бір табандылықты талап ететін еңбектің түрі. Ол – ұлттың, зиялы қауымның ерекше бір тобы. Шынын айтсақ, олар эмоцияға емес, біліміне сүйенеді. Сондай-ақ, шен-шекпенге не болмаса атақ-дәрежеге шатақпен талассытындардан бойын аулақ ұстайтын топ. Олардың намысы – ел намысы, Отан намысы. Мен де «Туған жерге – туын тік» дейтін ұстанымда берік тұрдым дей аламын.

– Қадырғали және оның жасаған дәуірі, шыққан тегі, үрім-бұтағы туралы не айтар едіңіз?

Қадырғали би Қосымұлы 1530 жылы қазақ елінің ең көрікті, көркем өңірі жер жәннаты Жетісу жерінде ел билеген әулеттің отбасында дүниеге келген. Өзі жазып кеткендей, данышпан бабамыздың шыққан тегі өзінің рушын атымен Жалайыр немесе Жалайыри деп жазылып, айтылып жүр. Оның есімі, әкесінің аты, туған, қайтыс болған жылдары, шығармасы мен суреттері тарихи әдебиеттерде осы күнге дейін әртүрлі жазылып жүргені анық.

Шыққан тегі туралы Қадырғали би Қосымұлы: «...Алаш мыңы арасында үлкені тарақ таңбалы Жалайыр болады. Шыңғыс хан заманынан бері бір мәртебеден (ұлыстың) Тебре бекке тиді. Одан Шайх-Софы бекке тиді, одан Итбаға бекке тиді. Одан Қараш бекке тиді. Алаш мыңының ағасы болып келген осылар еді...» – деп жазса, Шыңғыс ханның адал серігі Жалайыр Сартақ ноян бабасына дейін жазып қалдырған шежіресінде: «...Қадырғали бек Қосымбек ұлы, Темшік (Темчік) Баһадұрұлы, Аижшы Баһадұрұлы, Адам-шейх мырза ағасы Қарашбекұлы, Құбайұлы, Қамбармырзаұлы, Айтөлебекұлы, Итбағаұлы. Шыңғыс хан заманында Сартақ ноян болған. Оның ұлы Жалайыр Саба еді. Оның ұрпағы Жалайыр Тебре бек. Оның ұрпағы Айтөле бек еді. Ол белгілі мәлімәшһур болған адам, Ұруқ ханның ұрпағында ұлы әмір болған..» – дейді.

Жоңғар-қалмақ жаугершілік заманында ауылын қалмақтар шауып, Шығай ханның баласы, Тәуекел ханның інісі, әскербасы Ондан сұлтан жау қолынан қаза тапқан соң сұлтанның 13 жасар ұлы Ораз-Мұхаммедті ертіп, ауыл-аймағымен Сібір ханы Көшімнің қол астына көшіп барады. Өзінің «Жылнамалар жинағында»: «Менің аталарым Ораз Мұхаммед сұлтанның аталарына қызмет етті. Өзім Ораз-Мұхаммедтің атасы Ондан сұлтанға қызмет еттім, одан соң Ораз-Мұхаметтің қасында болдым», – деп жазады. Қадырғали би 1605 жылы Ресейдегі Қасым қаласында қайтыс болған. 2005 жылы 20 қазан айында халықаралық «Қадырғали би Жалайыр» атындағы қоғамдық қоры Ресейдің Қасым қаласының маңындағы мұсылмандар қорымынан бабамыздың жатқан жерін тауып, үрім-бұтақтарының атынан ас беріп, ескерткіш орнатып қайтты.

– Бабамыздың атын тарихқа қалдыру мақсатында бүгінде қандай игілікті шаралар атқарылып жатқанын айтып өтсеңіз?

– Қадырғали би Жалайырдың ұрпақтары баба есімін мәңгілікке қалдыру үшін республикамызда тұңғыш рет Талдықорған қаласында ескерткіш орнатты. Суретші Марат Нүсіп пен Қазақстан Сәулетшілер одағы облыстық филиалының төрағасы Қаби Бауыков және мүсінші Қайрат Сұраншының еңбегінің нәтижесінде Талдықорған қаласында бой көтерген баба ескерткіші бүгінде жастарға патриоттық тәрбие берудің өзегіне айналды. Халқымызда: "Әкеден мал қалғанша, тал қалсын" деген сөз бар. Әрине, өмірден бәріміз өтеміз. Мұның бәрі кейінгі ұрпаққа, елге, жастарға тәрбиелік мәні бар, ұлағатты ұғындыратын құндылық болып қалады. Міне, осы құндылықтың жібін жалғап, бабамызға алып ескерткіш орнаткан Жетісуға белгілі тұлға Наурыз Қылышбаев бастаған елдің азаматтарына рахмет айтамын.

Сол сияқты Астана, Алматы, Текелі, Талдықорған қалаларында, Көксу ауданының Балпық би кентінде көшеге, Іле ауданы Шеңгелді ауылының, Көксу ауданы Балпық би кентінің орта мектебіне ғұлама ғалымның есімі берілген. Мұндай іс-шаралар әлі де жалғасын тауып келеді. Осы ретте дана бабамыздың еңбектерін, өмірдерегін шығаруда, насихаттауда үлкен еңбек етіп жүрген «Қадырғали би Қосымұлы Жалайыр» атындағы халықаралық қоғамдық қорының президенті, Д. Қонаев атындағы университеттің ректоры, ғылымының докторы, профессор Өмірәлі Қопабаевка елдің алғысы шексіз. Ұлы тұлғадан әр заман адамдары, әр буын, әр ұрпақ тамаша қазырқасиет алады, рухани өсіп-оне түседі. Замандар өтер, ұрпақ ауысар, бірақ қазақтың тұңғыш тарихшысы, этнограф, географ, шығыстанушы, философ, дипломат, жазушы, ақын, публицист, аудармашы, ержүрек батыр, әскербасы, атақты би Қадырғали баба есімі қазақ халқымен бірге өмір сүрмек.

Қадырғали атамыз XVI ғасырдың деңгейінде өмір сүріп, білімділігі, батырлығы, батылдығымен қазақ халқының ұлағатын жоғары көтерген ұлы тұлға. Бір ескерткіш орнатып немесе көшеге атын беру, мектепті ғалым есімімен атау арқылы ұлы бабаға толық баға бердік деп айта алмаймын. Әлі де зерттейтін тұстары көп. Сондықтан бұл жұмыстар әлі де жалғасуы керек. Бұл елдің елдігін, азаматтың азаматтығын көрсететін жұмыстар. Ұлы Абай атамыз: "Бірінші пайдаңы ойлама, ар мен ұятты ойла" деп нақыл сөз қалдырған. Осы сөзді әрқашан естен шығармауымыз керек. Сонда ғана алатын шыңымыз биік болады.

– «Жылнамалар жинағы» – ұлтымыздың мәдени және рухани құндылығының бірі. Шоқан Уәлиханов «Жылнамалар жинағын» терең зерттеген. Оның қамтитын мазмұны кең, ұлтымға бай. Әсіресе, Қадырғали еңбегіндегі ұлттық болмыстың көрініс тапқан тұстары кім-кімді болса да бейжай қалдырмайды. Бұл жайлы не айтар едіңіз?

– Ең бастысы, «Жылнамалар жинағында» автор Шыңғыс хан мен баска да хандардың қарым-қатынасын, қазақ жамиғатының ішкі жағдайын, ортақ мүддесі мен адами көзқарастың арасалмағын рухани дәстүрлеріміздің бастауы ретінде баяндайды. Қазақ, орыс, тағы да басқа ұлттардың бауырластығын сипаттаған дүниетанымдық ойы, көзі көрген оқиғаларды тұтас және ішкі байланыстарын сақтай отырып бейнелеуі зерттеудің тың үлгісі іспеттес. Осы арқылы теориялық тұжырым жасауға мүмкіндік ашады.

Әрине, ұлтымыздың санасында терең орын алып отырған «Жеті ата», «ата-бабалар», «немере-ағайын» деген ұғымдар баршылық. Тарихшы мұны былайша сабақтайды: «Жеті ата» Әке, ата, Әз ата (бұлар аталар), баба, тектің, төркін, түпкиян (бұлар бабалар). Жетеуі бірігіп ата-бабаларды құрайды. Немере ағайындар: бала, немере, шөбере шөпшек, өбере. Жамағайын: туажат, жүрежат, жекжат, жұрағат, жамағат. Қалыс ағайындар: Өркен, Әулет, Зәузат, Жаран, Қалыс. Осыдан келіп жеті ата-жүз жетпіс бес жыл, он бес ата үш ағайын үш жүз жетпіс бес жыл, барлығы қосылып бес жүз елу жыл болады. Бұл қазақ халқының «қазақ» аталғаннан бергі тұтас тарихын көрсетеді.

Осы тұрғыдан келгенде, дүниені, әлемді үздіксіз күрес ретінде қабылдасақ та, оның түрінің бірлігін, ұдайы қозғалыс пен ұзақтықтың біртұтастығын ұғамыз. Түркілер кеңістік пен уақыт әлеминде күнге, айға және жұлдызға үлкен мән бермеген, керісінше, көк тәңірі жаратылыстың ең жоғары анықтаушысы болып қала берген. «Шыңғыс хан доңыз жылы туды, түркіше күн есебінде жетпіс екі жыл өмір кешті. Және тағы ай есебінен жетпіс бес жыл өмір кешті. Ай есебінен әр отыз жылда бір жыл қосылады. Барша моңғол-түрік есебімен есеп қалады», – дейді Қадырғали. Осы тұста «Жылнамалар жинағы» ата-бабаларымыздың жыл есебінен гөрі ай есебін айрықша бағалағаның білеміз.

Жалпы түрік тарихында бейбітшілікті қолдаған дәстүр болды. Тіпті, Ислам дәуірінде жаулап алып, бағындырған барлық халықтар діни еріктілікті ұстанады. Жалайыр еңбегінде осы екі ұғым қосарлана қолданылып отырған. Әлбетте, ерлік, қаһармандық болған жерде ел бірлігі сөз болмай қалмайды. Сондай-ақ, азамат – ердің естен шығармайтын міндеті, парызы бар. Ол – жерін, тәуелсіздігін қорғау, бейкам болмай дұшпандарға, жау жаққа сақ болу. Бейбіт өмірді баянды етуге күш салу, түркілік қоғам құру. Түркі тарихында әрқашан қуаттылық, амандық-саулық, бірлік және тәуелсіздік идеясы болған. Қадырғали Қосымұлы осылардың барлығын жанжақты карастырып, ұлттық идея ауқымын кеңіте түседі. Ал өзі көрмеген, біреулерге сілтеме жасаған оқиғаны суреттегенде оларды таразылап, топтамаға айналдырып, іріктеп көрсетеді.

Қысқасы, Қадырғали биді мұрасында өзі өмір сүрген дәуірдің қоғамдық көріністері, адами қатынастар, ақыл-ой ізденістері кеңінен қамтылған деуге болады. Егер тірнектеп іздесек, одан тұтас ұлттық болмысын тауып шығуға болады. Бұл алдағы күндердің міндетінде.

– Қадырғали би жайлы ізденіспен жүріп, көптеген тарихшының тісі бата бермейтін, құпиясы әлі де ашыла қоймаған Жалайыр тарихына қатысты еңбек қазынаңыз. Онда ойланатын, терең бойлайтын да тың дүниелер жеткілікті. Естуімізше, алдағы уақытта аталмыш еңбектің жалғасы шығады дейді. Одан не туралы оқи аламыз?

– Әлбетте, өнер өлкесінде қиқуы көп болады. Әсіресе, қаламгер, жазушы, тарихшылардың арасында осы жазғандарыммен көрініп қалсам, бағаланып қалсам дегенді ойына жиі алып жүретіндер көп. Мен өзімді солардан алыс ұстауға тырыстым. Расында, Еуразия даласында үш мың жыл дәуірлеген көшпенділер өркениеті жиырмасыншы ғасырда ғана тоқтады. Содан бері қазақ халқының тарихи тағдырына дамудың басқаша үлгісі бұйырды. Мұндай өлара кезеңде өткенің асылдарын бүгінгі ұрпақтың еншісіне тапсыру үшін іздену керек болды. Бір қызығы, осы күнге дейін қазақ тарихшылары жазған еңбектерді парақтап отырсаңыз, кешегі сақ пен скиф, гүн мен үйсін, түрік пен түркеш жайлы, бертінгі найман мен Керей хандығы, қарақытай мен үйғыр ұлыстары құрған мемлекеттер жайлы да мол мағлұматты қиналмай тауып, еркін кажетіңе жарата аласың. Өкінішке орай, көпшілік 1335 жылы тарих сахнасына шыққан, 97 жыл билік құрған Жалайыр хандығы туралы толық білмейді. Сондықтан осы ақтаңдақтың орнын толықтыру үшін ізденс бастадым. Сол ізденістің нәтижесінде жазылған «Жалайыр тарихынан» атты көп томдық кітаптың 2013 жылы шыққан, «Жауының жағын, жылқының жалын айырған көне тайпа» атты бірінші томын оқырмандар оқыды. Ал парсы, араб, түркі, тағы басқа да ұлт пен ұлыс жылнамашыларының, саяхатшы-ғалымдарының Жалайырлар туралы қалдырған естеліктері мен әсселері, Кеңес және тәуелсіздік жылдарындағы еліміздегі ғалымдар мен ақын-жазушылардың еңбектері, ой-толғамдары жинақталған «Жалайыр тарихы туралы деректемелер» атты екінші томы, XIX ғасырдан бастап бүгінге дейін Қадырғали Жалайыр туралы жазылған 300-ге жуық ғылыми, тарихи-танымдық, көркем мақала топтастырылған «Жалайыр – қазақтың аға тайпасы» атты үшінші томы, 13 ата Жалайырдың ру аталарының таралуы, шығуы, орналасуы және олардың тарихи тұлғалары жинақталған жалайыр тарихы туралы деректемелердің 2 томы шықты. Бұл «Қадырғали би Жалайыр – қазақтың «Геродоты» атты бес том мен «Қадырғали би Жалайыр туралы деректемелердің» 6-7-томы баспадан шығуға әзір. Оны алдағы уақытта оқитын боласыздар. Ал XIII ғасырда өмір сүрген Шыңғыс ханның ұлы қолбасшысы жалайыр Мұқылайдан тартып, бүгінге дейінгі Жалайыр елінен шыққан тұлғалар жайлы мақалалар топтастырылған «Жалайырдың сақтақтары мен жайсаңдары» атты сегізінші томын аяқтап қалдым. Жалпы, 15 том шығару жоспарда бар. «Жалайыр тарихынан» – ең алдымен қазақты қазакка түсіндіріп беретін құнды еңбек. Осы еңбегім оқырманды тегін түсіндіріп, тектілікке тәрбиелеп қоймастан кинт туырлықты көшпендінің кешегі күніне, өмір салтына, сол алмағайып заманда болашақ үшін жүргізген қайсар күресіне деген құрметке, ілтипатқа жетелесе болғаны. Маған одан басқа керек емес.

– Алдағы уақытта тарихшы Қадырғали биді 485 жылдығына орай республикалық ғылыми конференция өтеді дегенді естіп едік.

– Иә, осы айдың 22-жұлдызында республикамыздағы ғалымдар мен жас зерттеушілердің, өнір зиялыларының басын қосқан ғылыми конференция І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында өтеді. Көпшілік Қадырғали бабамыздың қазақ тарихындағы орны мен ролі жайлы сұрақтарына сол жиылыста жауап алады деген ойдамыз.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Қажет АНДАС

■ ДІН – ДІҢГЕГІҢ

Экстремизмге жол жоқ

Жуырда С. Сейфуллин атындағы облыстық кітапханада «Дін және экстремизм» тақырыбында ақпараттық сағат ұйымдастырылды. Шараға облыстық дін істері басқармасы «Дін саласындағы мәселелерді зерттеу орталығының» инспекторы, діntанушы Тимур Нүсіпханұлы мен Талдықорған өңірінің өкіл имамы Серікхан Рымханұлы қатысты.

Онда ҚР Президентінің «Қазақстан – 2050» Стратегиялық Жолдауында елдің дәстүрі мен мәдени нормаларына сәйкес келетін діни сана қалыптастыру мен қоғамдық тәртіпті қорғау ісіне мән берілгендігі атап өтілді. Осы ретте кітапхана мамандары экстремизмге қарсы бағытталған ақпараттық байланыс туралы оқырмандарға толыққанды түсінік беріп, интернет-контенттер туралы ақпарат қабылдайтын отандық «SafeKaznet.kz» байланысының ашылғанын хабардар етті. Қазіргі таңда терроризм мен экстремизмнің алдын алу мақсатында ҚР Дін істер агенттігі, ҚМДБ және Қазақстан Республикасындағы паңкестік ағымдар мен экстремизм мәселелерін зерттеу орталығы бірқатар ірі жобаларды іске асырып, жан-жақты ауқымды істер атқарып жатқандығы да ойға орам болды.

Соңында дін мамандары жас ұрпақты имандылық пен адамгершілікке, тазалық пен адалдыққа тәрбиелеу тақырыптағы іс-шараларды жиі ұйымдастыру керектігін алға тартты. Сондай-ақ, өзге елден келіп жатқан діни ағымдар, яғни теріс жолды насихаттаушылар туралы бейнефильм көрсетілді. Осы арқылы исламның қақтығыс, паңкестік, зорлық-зомбылықты, өктемдікті айыптап, керісінше қоғамдық тұрақтылықты, ізгілікті, ұстамдылықты уағыздайтын дін екендігіне көз жеткізді.

Элмира БАЛАБЕКОВА,
кітапханашы.

■ СҮЙІНШІ!

ЖАҢА САЯБАҚ АШЫЛДЫ

Қапшағай қаласындағы ескі саябақ бұрындары қараусыз қалғандықтан, тек бұзақылардың жиналатын, тіпті автокөліктермен кіріп алып, дақ қылатын орнына айналып кеткен еді. Бүгінде сол саябақ толығымен жаңартылып, халық қолданысына берілді.

«Жетісу»
Мақпал МЫСА

Қапшағай қаласында осымен екінші саябақ ашылды. Дақ мемориалы орналасқан бұл жерге орындықтар қойылып, жарық пен өртүрлі ағаштардың көшеттері орналасқан. Мұнда салқындап отырып ас ішетін демханә бар. Шағын футбол және хоккей алаңын да салған. Аталмыш демалыс орны Қапшағай қалалық түрғын үй меншігінде тұр.

Бұдан екі жыл бұрын көлемі жағынан облыс бойынша екінші орындағы 8 гектар жерді алып жатқан үлкен саябақ күрделі жөндеуден өтіп, толығымен жарықтандырылып, көгалдандыру, абаттандыру жұмыстары жүргізілп, ойын алаңдарымен толықтырылған болатын. Субұрқақ та орнатылып, 130-ға жуық ағаш отырғызылған. Дәмхана, әртүрлі ойыншық, сусын, тәтті тағамдар сатылатын дүңгіршектер де ашылды. Таңғы 7-ден түнгі сағат 12-ге дейін жұмыс істейтін саябаққа келушілерге арналған барлық қызмет түрлерін жеке кәсіпкер Жандос Сағындықов өз жауапкершілігіне алған.

– Саябаққа келушілердің қатары жылей түсуде. Әсіресе түс ауған шақта, балаларымен жиналатын ата-ана көп. Тіпті, бұл саябаққа келіп отбасылық мереке, туған күн де жасайды. Тәртіпті қадағалайтын арнайы күзет те жоқ емес. Айта кетейік, ит ертіп түрғындардың кіруне рұқсат етпейміз, – дейді Жандос Сағындықов.

Қапшағай қаласы.

■ ЖОЛ-КӨЛІК ОҚИҒАСЫ

ЕКІ АДАМҒА АЖАЛ ҚҰШТЫРҒАН АПАТ

Екінші шілде. Түнгі сағат үш кезінде Алматы – Өскемен тас жолының солтүстік бағытқа қарай қозғалған «Тойота – Crown Maiesta» көлігінің жүргізушісі «темір тұлпарды» тізгіндей алмай, қарсы бетке шығып кетіп, көлік аударылып барып, жол бойындағы жарық бағанасына соғылған. Апат салдарынан екі бірдей адам оқиға орнында жан тапсырды.

«Жетісу»
Меруерт МОЛДАҒАЛИЕВА

Ақ пен қараның арасжігін ашу және ел ішіне тарап кеткен түрлі нұсқадағы қаңқу сөзге нүкте қою үшін Талдықорған қалалық ішкі істер басқармасының бастығы полиция полковнигі Ерлан Сансызбаев брифинг өткізді.

Бұл жол-көлік оқиғасына қатысты түрлі ақпарат тарауының өзіндік себебі де жоқ емес. Апатқа ұшыраған көлік жүргізушісі – 1976 жылы туған Ерлан Кабаев. 1997 жылдан бері ішкі істер органында қызмет еткен, соңғы лауазымы жол полициясының инспекторы болған Ерланның қасында 1977 жылғы әйелі Алтынай Келгенбаева отырған. Оқиға орнында қаза болған екеуінің соңында кемелеттік жасқа толмаған қос бірдей баласы жетім қалды.

– Оқиғаның себеп-салдары әлі де зерттелу үстінде. Әзірге бізге белгілісі – тексеру кезінде анықталғандай жүргізуша ұйқысы шалеген. Жұмысындағы түнгі ауысымнан шығып, үйіне қайтып бара жатқан Алат Алматы – Өскемен тас жолының 275 км 200 метр аймағында, яғни облыс орталығы маңындағы Еркін селолық округінің айналма жолында орын алған. Аталмыш тас жол жүруге қолайлы, тегіс және жарықтандырылған. Оқиға себебін анықтау үшін қазіргі таңда сотқа дейінгі сараптама жұмыстары жүргізілуде. Сондықтан алдын ала негізсіз ақпарат таратпағанымыз абзал, – деп түсіндірді Ерлан Сансызбаев.

Бұдан өзге сауалдарға жауап қажетті сараптамалық тексерулер толығымен анықталған соң берілмек. Оқиғаның басты себебі де сол кезде анықталады.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

№ 83 (18071)
Бейсенбі, 23 шілде, 2015 жыл.

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

▲ЕҢБЕК АДАМЫ



Бейнелеу өнерінің білгірі Балқия ОМАРОВА.

БҰЙЫМДАРЫ КӨЗ ТАРТҚАН

Райымбек аудандық Мәдениет үйінде Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына орай тамаша басқосу өткен. Сол кезде өнер шақырағының кіреберісіне көрмесін жайнатып қойған қазақтың қызын көрдік. Мінезі ашық, жайдары қыз қолынан шыққан дүниелерін ретімен таныстырып, өзіне баурай түсті.

«Жетісу»
Қанат БІРЖАНСАЛ

Ең бастысы, оның он саусағының шеберлігін, жан-дүниесінің талғамын білдіретін әртүрлі сурет, тоқыма бұйымдары, басқа да нақышты дүниелері көзді тартып, жанымызды жылытып әкетті. Біз сөз етіп отырған Балқия Омарова Ақай ауылындағы А. Нүсіпбеков атындағы орта мектепте еңбек етеді. Бейнелеу өнерінің білгірі. Екінің бірі батылы бармайтын, қолынан келе бермейтін, үйреніп, меңгеруі де оңайлыққа түспейтін бейнелеу өнерінің берері көп. Адамдарға сыйлайтын рухани азығы мол. Десек те, ел ішінде бұған талабы бар, талпынысы ерен бірлі-жарым шәкірттердің, жас ұрпақтың барын ескерсек, Балқияның ісі, жүргізіп келе жатқан шаруасы қуантпай қоймайды.

– 2010 жылы Орал Таңсықбаев атындағы Алматы сандық қолтаңбалы өнер колледжін бітірдім. Биыл Қазақтың қыздар педагогикалық университетін бейнелеу өнері және сызу мамандығы бойынша аяқтағалы отырмын. Бар ойым шәкірттерімнің талабын ұштап, аттаған қадамына дем беру, – дейді Балқия қуана тіл қатып.

Балқия сурет салады. Ермексаздан түрлі мүсін жасайды. Жүннен тоқылған бұйымдары да көз тартады. Қатырмалы қатты қағаздан әртүрлі қобдиша жасайды. Енді оның бейнелеу өнері бойынша айналысатын шаруасы көп. Ол жұмыстың бәріне шығармашылығымен келеді.

– Шәкірттерім бар. Мейіржан Досымбек атты шәкіртімнің салған суретін пошта арқылы халықаралық байқауға жібердік. Үмітіміз мол. Қажымұқан Мұқамеділ, Балауса Айтбек секілді шәкірттерімнің де қалам дары ұштала келеді. Оның бәрі қуантпай қоймайды, – дейді Балқия.

Қуанышқа не жетсін! Еңбек жолын бастағанына небәрі үш жыл болған Балқияның жетістіктері мол. Аудан әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталыпты. Облыстық байқаудан алған жүлделі жетістігі де жоқ емес. Біз оның еңбегіне жеміс тіледік. Иә, оның алар асулары әлі алда.

Райымбек ауданы.

ТҰРАН ЖҰРТЫНЫҢ ДАРА ТҰЛҒАСЫ



Елбасы «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауында Қазақ хандығының 550 жылдығы тойланатындығы туралы айта келіп: «Керей мен Жәнібек 1465 жылы алғашқы хандықты құрды, қазақтың мемлекеттілігінің тарихы сол кезден бастау алады. Бәлкім, ол бүгінгі шекарасындағы, бүкіл әлемге осынша танымал әрі белгілі, осы ұғымның кәзіргі мағынасындағыдай мемлекет болмаған да шығар.

Бірақ бұлай деп сол кезеңдегі басқа да барлық мемлекеттер туралы да айтуға болады.

Ең маңыздысы, сол кезде өзге негіз қаланды, біз – бабаларымыздың ұлы істерінің жалғастырушыларымыз» деп ағынан жарылды.

«Жетісу»
Қажет АНДАС

Расында, тәуелсіз Қазақстанның тарихында Қазақ мемлекеттігінің тарихын осындай жоғары мемлекеттік деңгейде зерделеу туралы тапсырма алғаш рет айтылып отыр десем қателеспеймін.

Осы орайда Мемлекет басшысы тарихшыларды тәл тарихымызды толық зерттеу үшін тізе қоса жұмыс жасауға шақырды. Бұған өңіріміздегі тарихшылар белсене атсалысуда. Соның дәлелі ретінде І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында Қадырғали би Қосымұлының туғанына 485 жыл толуына орай өткен ғылыми конференцияны айтуға болады.

Облыс әкімінің қолдауымен жүзеге асқан жауапкершілігі салмақты міндетті абыройлы атқаруға Талдықорған қалалық ішкі саясат бөлімі, қалалық ардагерлер ұйымы, халықаралық Қадырғали би Жалайыр қоғамдық қоры мұрындық болды. Сондай-ақ, конференцияны ұйымдастыру жұмысын үйлестіруге тарихшы, КСРО мәдениет қызметінің үздігі Құлтай Нұрқайбайұлының төккен тері, сіңірген қажырына алдын ала ризашылығымызды білдіргенміз жөн. Ең бастысы, аталмыш конференция көпке дейін ел аузында жүретін бірқатар игілікті істердің бастамасы болғанымен қуантты.

(«Ардагер» қосымшасына назар аударыңыз!).

▲СЕЛЕКТОР

ДАЙЫНДЫҚ БАРЫСЫ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Облыс әкімінің орынбасары Ғалымжан Әбдірайымов аудан, қала және сала басшыларымен селекторлық кеңес өткізді. Онда білім беру нысандарының алдағы оқу жылына дайындық барысы пысықталып, білім беру ошақтарын күрделі жөндеуден өткізу, жаңа мектептер мен балабақшалар салу, осы бойынша жобалар өзірлеп, жер телімдерін бөлу сияқты жұмыстардың атқарылу барысымен танысты. Мұнымен қоса құрылыс істері мен қарқынына мән беріліп, оның сапалы атқарылуына және мерзімінен кешіктірілмей, уақытылы пайдалануға берілуіне ден қойылды. Осыған байланысты жүзеге асырылып жатқан жұмыстар жөнінде салаға жауапты мамандар мен аудан, қала әкімдері есеп берді.

Алдымен облыстық білім басқармасының басшысы Пәззат Базарқұлова өңіріміздегі білім беру нысандарының бүгінгі жағдайын баяндап, орын алған кемшіліктерді де назардан тыс қалдырмады. Оның айтуынша, ағымдағы жылы күрделі жөндеуден өтетін нысандар мен жаңадан салынып жатқан білім ошақтарының көпшілігінде жұмыс қарқыны жаман емес. Алайда, аландататын тұстары да жетерлік. Тіпті, биыл пайдалануға беріледі деп күтілген кейбір нысандар ел игілігіне аспайтын көрінеді. Содан туындаған мәселелер жақын арада шешімін таппаса, жаңа оқу маусымы басталғанда оқушыларды мектеппен қамтуда қиындық туындайтыны белгілі. Сол қатарда Жаркент қаласындағы №6 орта мектептің жағдайы алаңдатарлық деңгейде. Яғни, білім шаңырағына жүргізілген күрделі жөндеу жұмыстарының оқу маусымы басталғанша бітпейтіні қазірден белгілі болған. Өйткені құрылыс жұмысының қарқынын арттыруға қолбайлау болып тұрған кедергілер көп. Жиында аудан басшыларымен тікелей байланысқа шыққан облыс әкімінің орынбасары осы мәселені шешудің жолдарын қарастырды. Ақыры арнайы комиссия жіберіп, аталған мектепте қалыптасқан жағдайды тексеру арқылы ондағы келеңсіздіктің оң шешімін табатын болып келісті.

Шара аясында биыл республикалық және жергілікті бюджеттен қаржыландырылған бірқатар жаңа оқу орнының ел игілігіне берілетіндігі де сөз болды. Бұлардың ішінде мектеп, балабақша, Оқушылар сарайы, жатақхана, лагерь, тағы басқалары бар. Келесі кезекте сала басшыларының баяндамасын тыңдаған облыс әкімінің орынбасары сол нысандардың жұмыс қарқынымен де танысты. Сонымен қатар, Ғалымжан Райымұлы аудан әкімдеріне жауапкершілік жүктеумен қатар олардың жұмысына қиындық тудырып отырған жағдайларды сұрап алуды да назардан тыс қалдырмады. Сондай мезетте Сарқан ауданының әкімі Ерғазы Қошанбеков ауданда бірнеше жылдан бері қордаланып қалған мәселелерді алға тартып, қолдау көрсетуді өтінді. Сол қатарда Абай атындағы орта мектепке күрделі жөндеу жұмысын жүргізуге байланысты туындаған қиындық пен Аманбөктер атындағы орта мектеп басшылығы мен ондағы балаларды сауықтыру орталығының құрылыс жұмысына жауапты мердігер компания арасындағы 2011 жылдан бері шешілмей келе жатқан дау-дамай да бар. Ғалымжан Әбдірайымов бұл жағдайды назарға алып, оң шешілуіне ықпал жасайтынын жеткізді.

Жиын соңында Ғалымжан Райымұлы оқушылардың жаңа оқу жылында мектеп табалдырығын алаңсыз аттауы үшін осы бастан қам-қарекет етіп, жұмыс қарқынын арттыру керектігін сөз етті. Сонымен бірге, құрылысқа қажетті жер мәселесін қозғап, құрылыстың сапалы жүргізілуін қадағалау жөнінде нақты тапсырмалар жүктеді.

Қ. ШАКЛИН.

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

«АС-МАРДЫҢ» тәттілері тіл үйіреді
2-бет

ОРЫНДАЛҒАН арман
2-бет

ҰМЫТЫЛМАС аз бейне
4-бет

▲СӘТ САПАР!

АҚ ЖОЛ ТІЛЕУ АҒАДАН

Алматы облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы қарамағындағы «Қамқор» балаларға арналған психоневрологиялық интернат үйінде тұратын спортшы балалар Бүкіләлемдік жаздық арнайы Олимпиадалық ойындарына қатысуға жолдама алды.

«Жетісу»
Еңлік САҒЫНДЫҚОВА

2015 жылдың 21 шілде мен 3 тамыз аралығында Лос-Анджелес қаласындағы Калифорния университеті, Оңтүстік Калифорния университеті нысандарында 25 спорттық ойын түрлерінен өткізілетін спорттық жарыска әлем бойынша 170 делегация жиналады. Қазақстанның құрама командасында 105 адам тіркелген. Олардың қатарындағы біздің жерлестеріміз өткен жылы да бүкіләлемдік олимпиада орындарынан жоғары дәрежеде өздерін көрсеткен болатын. Биыл төрт спортшы облыс намысын қорғамақшы. Оның екеуі былтыр да шетелде өткен жарыстан үлкен олжамен оралған болса, екеуі жаңадан сапқа қосылғандар. Мекеме директоры Елена Намның айтуынша, балалар күндіз-түні жарыска тынбай дайындалу үстінде. Жеңістің туын желбіретуді мақсат еткен тәрбиеленушілердің қуанышында шек жоқ. Жас спортшыларымыз Бүкіләлемдік ойындарда жеңіл атлетиканың жүгіру, спорттық жүру бағдарламалары бойынша жарыска түсетін болады.

Болашағынан зор үміт күттіретін спортшыларды облыс әкімінің бірінші орынбасары **Махаббат БИГЕЛДИЕВ** қабылдап:

– Сендердің жеткен жетістіктерің біз үшін үлкен мәртебе. Сендер облыстың ғана емес елімздің де намысын қорғайсыңдар. Сондықтан, сендерге тек қана сәттілік тілеймін. Аңсаған армандарына жетіңдер. Біз сендермен мақтанатын боламыз, – деп ақжарма тілегін арнап, балаларға сый-сияпатын табыс етті. Ал, жүлдері бал-бұл жанған балалар Махаббат Сәдуақасұлына өздері жасаған шағын фотоальбомды естелікке табыс етті.

«Қамқор» балалар үйі «Спешиал Олимпикс» Қазақстан» қоғамдық бірлестігімен ынтымақтастықта жұмыс істеп, тәрбиеленушілері елімізде және шетелде өткізілетін спорттық жарыстарға үнемі қатысып отырады. Атап айтар болсақ, 2012 жылы Қазақстан Республикасы Астана қаласында мини-футболға қатысса, 2013 жыл Оңтүстік Корея, Пхенг Чанг қаласында Бүкіләлемдік Қыстық Арнайы Олимпиадалық ойындары шаңғы жарысына, 2013-2014 жылдары Петропавл, Астана қаласында өткен шаңғы жарысында жоғары нәтижеге қол жеткізді. Балалар үйінің қоржынында бүгінде 8 алтын, 10 күміс, 3 қола медальдары мен грамоталары бар. Алдағы уақытта бұл жеңістердің қатары одан әрі толығады деген ойдамыз.

Шетелде жүріп, кең-байтақ даласының, Тәуелсіз елінің атын шығарған спортшыларымызға ақ жол тілеу мақсатында балалар үйіне Мұрат Ұрымханөвтың басшылығымен Алматы облысының ішкі істер департаменті және ЕҚ АҚ «ЖинақБанк» қызметкерлері үлкен қолдау көрсеткен. Балалар осындай жанашыр жандарға алғыстарын жеткізуді де ұмытпады.

▲ЖАЙДАРМАН

Қамқорлық қанаттандырады



Ескелді ауданының Шымыр ауылында көп балалы, жалғызбасты анаға жаңа үйдің кілті тапсырылды.

«Үйі жоқтың күйі жоқ» деп халқымыз бекер айтпаған ғой. Бұл нақылдың шынайы мәнін баспана зәрулігін тартқан Надежда Климачева жақсы біледі. Өйткені ол бірнеше жыл бойы 12 баласымен Ескелді ауданының Матай Байысов ауылында аядай тар үйді паналап келген.

Тұңғыш ұлы 23 жасар Ярослав үйленгелі тіпті аяқ басар жер қалмапты. Содан үмітленіп, шиеттей бала-шағамен «Нұр Отан» партиясының аудандық филиалынан көмек сұраған. Олар аудан әкімімен бірігіп, көп балалы анаға қол ұшын беру үшін барлық жағдайды жасайды. Соның нәтижесінде тендр ұтып алған «ПроЭксГрупп» компаниясы ЖШС арнайы тапсырыс бойынша Шымыр ауылының аумағынан көлемі 152 шаршы метр еңселі үйдің құрылысын бастайды. Жеті айдың ішінде құрылысы аяқталған тоғыз бөлмелі, суық су құбыры, кәріз жүйелері тартылып, ыстық су қондырғысы қоса орнатылған жайлы үйдің ауласына тасжол салынып, маңайы қоршалған, шағын қора-жайы да бар. Серіктестіктің бас инженері Байтұрлы Тыналиевтің айтуынша, бұл үйдің құрылысына 16 млн. теңге және инженерлік коммуникация жүйелеріне 7 млн. теңге жұмсалған.

Өзге үйлердің қатарында ерекше көз тартып тұрған көрікті де келісті үйдің кілтін тапсыру рәсімінде Ескелді ауданы әкімінің орынбасары Қайырғали Әлібаев құттықтау сөз сөйлеп, облыс және аудан әкімінің атынан ыстық ықыласты лебізін білдіріп, жаңа қонысқа құтты болсын айтты. Содан соң Надежда Ивановнаға кілтін тапсырып, көгілдір лентаны киып, үйдің есігін айқара ашты. Мердігер «ПроЭксГрупп» компаниясы мен аудандағы «Нам» шаруа қожалығының басшылары теледидар, кір жуатын машина және үстел, орындықтарды сыйға тартты.

– Өте қуаныштымын. Осындай үлкен үй салып беремін деп ойлаған жоқпын. Елбасына, «Нұр Отан» партиясына облыс, аудан әкімдеріне аналық алғысымды айтамын. Мен осы өңірде туып-өстім, тұрмыс құрып, 2 қыз, 10 ұл сүйдім. Отбасымызға көрсетілген бұл қамқорлық бізді қанаттандырды. Әулетімізге мемлекет тарапынан жасалып жатқан қамқорлықтың өтеуін тек адал еңбегімізбен қайтара аламыз. Біздің әулетке қол ұшын берген барша азаматтарға рахметімді білдіремін, – деп үйінің зор қуанышымен бөлісті.

Шора БАТЫРБАЕВ.
Ескелді ауданы.

▲БӘСЕКЕ

Қызыққа толы 100 күн

Облыс орталығы Талдықорған қаласында орналасқан «Жастар» спорт кешенінің аймағында спорттық бәсеке мен өнер жолына ынтықтыратын қызықты шаралар өтті. «Табиғат тазалығы – болашақ ұрпақ саулығы» жүз күндік іс-шараға «Казгидромет» РМК-ның Алматы облыстық филиалы ұйытқы болып отыр.

«Жетісу»
Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ

Қоршаған ортаны қорғау және жақсарту мақсатында ұйымдастырылған байқауға жастармен қатар түрлі сала мамандары да қатысты.

Сондай-ақ, «Табиғат тал бесік – 2015» атты экологиялық конкурс өтті. Оған жасөспірімдер қатысып, табиғат және адамдарды қоршаған ортаға ынтықтыру, қауіпсіз және салауатты болашақ сынды тақырыпта тасжолға сурет салды. Өзінің қиялымен болашақты көз алдына кептіре отырып тасжолға салған бейнелері жас жеткіншектердің ұшқыр ойлы, арманы да асқақ екенін дәлелдегендей болды. Ал, «Казгидромет» кубогы үшін өткен алғашқы футбол бәсекесінде ұйымдастырушы команда экологиялық департаментті 8:1 есебінде ойсырата жеңіп, кубок иесі атанды. Сонымен қатар, қоршаған ортаны қорғау мамандары және барлық қоғамдық қызметкерлер мен белсенділер арасында 1-3 шақырым қашықтыққа жүгіруден де жарыс өтті. Желмен жарысқан желбезек өкпе жүйріктер көп болған соң бәсеке бәйгесі бір адамның қанжығасында кетуі қиынға түсті. Қызыққа толы бұл күні майталман мамандар мен жас өрендер айтарлықтай қуанышқа бөленіп тарқасты.

Негізінен, Стокгольмде 1972 жылы қоршаған ортаны қорғау бойынша Әлемдік конференция өткен болатын. Осы конференцияға қатысушы Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні ретінде жыл сайын 5 маусым – Экологтар күні деп шешім қабылданған. Сол мерекеден басталған 100 күндік шара әлі де осылай жалғасын тауып келеді. Мемлекеттік Бас Ассамблея және БҰҰ жүйелерінің ұйымдары жыл сайын әртүрлі іс-шаралар ұйымдастырып тұрады. Біздің елде де осы күн көсіби мейрам ретінде расімделген.

ӨТТІҢ, ДҮНИЕ!

Соңғы кезде алтын күздің арайлы таңы тамыздың тамылжыған тамаша сәтін есімізге түсіргендей жаймашуақтанып атқандай еді. Шаған тауының асқар шыңына сан мың сәулесін аямай шашыратқан алып күн де бір кездегі жасыл әлемді өп-сәтте, алтын түске айналдырып жібергендей. Дәл осынау табиғаттың таңғажайып көрінісінен қуат алып, ертеңгі күнге үмітімізді артып, уақыт ырғағымен келе жатқандай едік.

АМАНАТҚА АДАЛ АЗАМАТ

КЕНЕТ САН ҒАСЫРДЫҢ құпиясын қойнына тығып, бүк түсіп жатқан Шағанның басын қара бұлт орап, күзгі қара суығы қатты сезілгендей болды. Денемізді шымырлатқан сары күздің салқыны емес, жүрегімізді тербеп өткен қаралы хабардың сызы еді. Сәкен Егінбайұлы Жылқайдаров өмірден өтті.

Құлақ естіп, көз жетіп тұрса да көңіл сенбейтін қаза болды. Саналы ғұмырын ерен еңбегімен елге арнап, халқының қалаулысына айналған азаматтың аяқ асты мәңгілік өмірге аттанып кете баруы естіген жанның көңілін толқытты, жүрегін сыздатты. Күні кешеге дейін ел алдында емен жарқын, endi сен тіктеп жүрген жан туралы өткен жылдарын еске алып, естелік жазамыз деген біздің де жұмыр басымызға кіріп шыққаған ой. Амал қанша, ақтық сапарға аттандырып салғаннан кейін, қолға қалам алып, Жетісудың жүрегі кең, дарқан көңіл перзенті жайлы аз-кем ой толғауға тура келді. Ол кісіні жақсы білетін жандардың көз алдында Көкбастаудың мұздай суына шомылып, балағынан шап ұштыра жүгірген қарадомалақ ауыл баласы, асау Көксудың ақ жал толқынына қарсы жүзіп қайратты жігіт. Шаған тауындай ұлы азаматқа айналған Сәкен Егінбайұлының жарқын бейнесі кино лентаһарындай сырғып өткен ақикат. Әуелі Жылқайдар әулетінің бұл өңірге етене таныс есім екені, сол шаңырақтан өскен ұрпақтың қай-қайсысы болмасын әке ақылымен есейіп, аманатын арқалаған жандарға айналғаны еске оралады. Сол бір ақылшы әкеге тұрғылықты да, болмыс-бітімі де, мінез-құлқы да ұқсап туған ұлдың бірі осы – Сәкен ша Егінбайұлы еді. Енді бір жылды артқа қалдырса, алты жасының асық атып, балалығы қалған Көкбастауына барып, мөлдір суымен лидарын бір жуып, аскақ Шағанның аскар шыңына шығып:

Ей, тіршілер дүниє,
Маған да бір қарашы.
Естімесің сен мені,
Мен қазақтың баласы, – деп ағыза жарыла ақтарыла сөйлеп, алпыстың асқарынан үн қататын сәт-ау. Жалған дүние-ай, десеңізші?! Бұл өмірдің қас-қағым сәтте көшкен бұлтарыстарын білсек те, дәл осы қазақтың болғанын ешкім де ойламағаны рас.

Ең алғаш әке мектебінен түлеп ұшқан ұлдың елдің балаларындай арман қуып, Алматыға барғаны, же көрсеткен жолмен жүріп, соған лайық білім алғаны, жасынан қызметке араласып, бойындағы жастық жігерін салғаны, билік баспалдағынан ретмен өтіп, еңбегінің жанғаны – Сәкен Егінбайұлы Жылқайдаров есімді ел таныған азаматтың болмысын қалыптастырды. Кеңестік кезеңде бүгінгі тәуелсіз Отанымыздың астанасы болған ару Алматыда өмірінің ең маңызды да құнды сәті, жастық шағы өтті. «Партия қайда болса, Жеңіс сонда» мен «Алға, комсомол, қызыл сұңқарлар», деген ән сол кезде жастардың ұраны еді. Осы әнді шырқап жүріп, партия мектебінен шыңдалып, комсомол комитетінің тізгінін ұстап, жұмысын алға жылжытты. Жастыққа тән жігер мен алғырлық Сәкен Егінбайұлын билік баспалдағының бірінен біріне өз кезегімен жылжытып жатты. Алатау бөктеріндегі еңбек мектебінен шыңдалған ұлды өзіндермен өрнектелген өлкенің жүрегі саналатын Талдықорған қаласының өрендеуіне үлес қосқын деген сол кездегі билік туған топырағына қоныс аударуына жол ашады. Туған жерге ту тігіп, өскен өңірінің өркендеуіне еңбек сіңіру кез келген азаматтың қуаң қабыл алып, білек сыбана кірісіп кететін шаруасы емес пе? Алғаш қала әкімінің бірінші орынбасары орнынағына отырған Сәкен Егінбайұлы өз білім алған саланың ғана емес, жалпы қаланың тынысын тіршілігі жандану үшін бар бағыттың тамырын басып, шебер ұйымдастырушы, білікті басшыға айнала бастайды. Осы табандылықтың нәтижесімен арада жылдар өткенде, яғни 1999 жылы Жетісудың жүрегіне айналған шағын да сұлу қаланың тізгінін қолына алады. Бұл кезең тек талдықорғандықтар үшін ғана емес, жалпы қазақстандықтар үшін де қиын шақ, сын сағат еді. Тәуелсіздіктің алғашқы он жылдығы, аумалы-төкпелі уақыт. Нарықтың қыспағынан шығудың жолын іздеген Мемлекет басшысы сол сәтте жергілікті басқару орындарының да аса жауапкершілікпен жұмыла жұмыс істеуін тапсырған. Дәл сол кезде «Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарды» мақсат еткен елдің бірлігі сынға түскен. Арасы мың шақырым қашықтықты құрайтын үлкен екі өңір бірігіп, облыс орталығы Алматы шаһарына көшкен. Жалпы, кай ұлт болмасын, адамзат баласы үміттен тотығайын таранып, сұңқардайын сылаңып шыға келуі үшін де аз жұмыс жүргізген жоқ. Тарихының тамыры тереңде жатқан қаламен бірге елдің де еңсесі көтеріліп, ел тізгінін ұстаған азаматтың да аты айшықталып атала бастады. Бұл – еңбектің жаңғаны, елден алғыс алғанының көрінісі еді. Халық қалаулысы атанып, Елордаға қоныс аударардың алдында облыс әкімінің орынбасары қызметін атқарды. Бұл кезде де өңірдің бірінші басшысымен бірдесе істеген жүйелі жұмысы елеусіз болмады. Нәтижесінде аймақтың атының сөз алып, өңірдің дамуына перзенттік үлес қосып, жоғарғы мінбеден туған жер, өскен елінің жағдайының жақсаруына ықпал ету үшін елімізді жүргегі Астана қаласына жол тартқан. Алдағыны кім болжап білген? Даласындай даркан, жарқын жүзді, жайдары мінез ағзының аяқ асты арғы әлемге өтіп кеткені шынымен де жетісуліктердің ғана емес, ол кісіні танитын барлық қазақстандықтың қабырғасын қайыстырғаны шындық. Алланың жазуына адамның қарсы тұрар дәрмені бар ма? «Елім» деп соққан жүректің тура туған топырағына келгенде тоқтағанын көрмейсіз бе? «Алдында аға болған қандай жақсы», деген әннің лайықты кейіпкері болған асыл ағасы Жанайдар марқұмның бейнезігі қазасы болкім, ізінен ерген елгезек інінің жүрегіне салмақ салып жіберді ме екен деген де ой келеді. Егінбай, Жылқайдар сынды табан етін сөгіп, мандай терін төгіп еліне елеулі еңбек еткен әулеттің ұйытқысына айналып, қара шаңырақтың түтінін түзу шығарып, алыстан сағынып келген аға-ін, әкпе-қарындастың бір сәт мауқын басып, қауқылдасын кететін алтын ордасы сол Жанайдар ағаның үйі екенін ол кісі дүниеден өткенде құлағымызбен естіп, көңілге түйіп қойғанбыз. Әлде сол ағаның айтып келмеген қазасы қабырғасын қайыстырып қана қоймай, жұдырықтай жүрегіне сызат түсірген-ау шамасы. Бұл бізді жобалағандағы ойымыз ғана. Анығын Алла біледі.



Ардақты ұлы еліңің

Кезінен құр, көңілден сыр
төгілген,
Бір азамат өткті мынау өмірден.
Жетісудың жүйрігі еді ардақты,
Астананың төрінен бір көрінген.

Талдықорған қаласында әкім боп,
Жалты жүртпың жағдайы
жақсын боп.
Жүрген кезін ұмытпайды
жерлестер,
Жиі айтады қалмұқтар
атын көп.

Жүрегінде әл жоғынар оң бар еді,
Уақытқа кім айта алар
тоқта деп.
Қаралының жанына
таяндырдың,
Кеше ғана Жанайдарды
жоқтап ек.

Алғыс қана арқалаған халқынан,
Азаматты жоқтап бүгін
шарқ ұрам.
Тым асығыс аттанғаны-ай,
қайтейік,
Әрең әлемге аласының артынан.

Уақыт сынған арпалысын
жеңа өтсін,
Ұмытпайды ел-жұртың,
тілектің.
Жарқын бейнең, ақ қызылдан
пейізің,
Нақ төрінде сақталады
жүректің.

Дүйсен АҢСАБАЕВ.

Көптің қатарында біз де кітапты қолымызға алып, құныға оқып шыққан едік. «Шипагерлік баянатты ғылыми-көпшілік кітапты Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы Қазақ хандығының іргесін қалаған әз-Жәнібек ханның тапсырмасымен жазады. Алайда әз-Жәнібек хан оқыстан қайтыс болады да, қолжазбаны Өтейбойдақ өмірінің соңына дейін жұртқа көрсетпей сақтайды. Өкінішке қарай, автордың артында ұрпағы қалмағандықтан қолжазбасын інісі Топайға аманаттап кетеді. Содан кейінгі қазақ өміріндегі аумалы-төкпелі жағдайдың себебінен аталған еңбектің елімен қауышу мүмкіндігі болмайды. Қолжазбаны Райымбек, Шыбыл, Қоңырбөрік, Тама, Бұршақ би аталарымыз бір-біріне өсиетпен тапсырып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізеді. Қолжазба көнерген түста оны жаңалап көшіріп, көне нұсқасын өртеп отырған. Жыл жылжып, ғасыр ауысқан сайын ұлттық діліміз де, тіліміз де өзгерді. Кітап көне шағатай тілінде жазылғандықтан, кейін келе оны оқып, аударма жасайтындар азайып кетеді. Десе де, Өтейбойдақтың өсиеті бойынша қолжазбаны сақтаушылар шағатай тілін бір-біріне үйретіп отырады. Ал 1932 жылғы ашаршылық кезінде қолжазбаның соңғы аудармашысы Түменбай Ыстанбайұлы саяси қысымға төзбей Қытай асқанда оны өзімен бірге ала кетеді де, Текес ауданы, Шілдезек ауылында сақтайды. Денсаулығы сыр беріп, қыңқыл-сыңқылы күшейе бастаған Түменбай ақсақал өзінен басқа көне шағатай тілін білетін адамның жоқтығын ескеріп, немере інісі Қатиппен бірге 1952 жылы кітапты соңғы рет шағатай тілінен қазіргі қазақ тіліне аударып, ұлы Нұртайдың еншісіне тапсырады. Бір қызығы, 1968 жылғы «мәдени төңкеріс» кезінде қытайлық белсенділер жатаққанында тінтіп жүріп, қолжазбаны тәркілеп, отқа тастайды. Отқа өртенбей қалған бөлігін Нұртай аман алып қалады. Сонымен 1994 жылы қолда бар қолжазбаны жинақтап, араб әліпбиімен Үрімші қаласындағы ғылым-техника баспасынан басып шығарды. Екі жылдан кейін кітап кириллицаға көшірілген, Алматыдағы «Жалын» баспасынан жарық көрді. Оттан да, судан да аман қалған қолжазба бізге осылай жетті.

Ғалымның жазған «Шипагерлік баяны» – ең алдымен медициналық еңбек. Бұл еңбек өзінің жүйелілігі, кемелділігі, ғылымилығы жағынан осы заманғы медициналық ғылыми еңбектердің қайсысынан кем түспейді. Яғни, «Шипагерлік баяндағы» шипалық қасиеті бар емдік дәрілер тізбегінің өзі 1384 түрден асады. Оның 70 неше түрі металл-металоид, 859 түрі өсімдік, 455 түрі жануар. Адам денесінің сыртқы тұлғалық бітіс-аталымдарынан 430 жуық атау, бұдан сырт 1050 дәрі атауы, 4577 шипалық рецепт бар. Иә, бұлардың емдік қасиетін қойып, атын біліп, санын түгендеудің өзі қиын соғатынына ешкім шүбә келтірмейтін шығар. Өтейбойдақша: «.. Сырқат себепкерлері саналғы тауысқысыз» болғанымен, шипагер өзінің ұзақмерзімдік зерделеуі, мол тәжірибесіне сүйене отырып, аурудың талай-талай себептерін анықтайды. Осы тұрғыдан зерттеген профессор Әуелхан Қалиұлы «Шипагерлік баянда» көрсетілген аурудың себептеріне арнауды орын беріп, талдау жасап, жүйелі сөз қозғайды. Шипагердің қолжазбасындағы дәлелдер бойынша аурудың себебін 14 түрге жіктеп көрсетеді. Сондай-ақ, кітапта жоғарыда көрсетілген ауруларды анықтаудың, емдеп-жазудың барлау, сөйлесу, тамыр ұстау сияқты жолдарын да ұсынады. Тіпті, «Шипагерлік баян» рецепт жазудың үлгісін де алғашқылардың бірі болып алға тартқан. Бұдан бөлек бүгінгі таңда терең зерттеуді талап етіп отырған тылсымдық медицинаның (жұлдызнамалық, балгерлік) түпкілікті мәнін де «Шипагерлік баяннан» таптық. Онда бақсы, жауырыншы, балгер, құмалақшы, болжамшы, аяншы, құшнаш, әулие, әнбиелерді шипагерлер қатарына жатқызып, тіл сұғы мен көз сұғын сырқат себептерінің бірі ретінде көрсетеді. «Жұлдыз – пенделік болжамдық дестыр» («Шипагерлік баян» 85-бет) деген пайымдаулар арқылы жұлдыз бен адам ғұмырының сабақтастығын пайдалана отырып, психикалық тұрғыда адам емдеу тәсілі кең ауқымды баяндалады. Сонымен қатар, кітапта киелі сандарды пайдалану жиі ұшырасады. Яғни, дәрі беру уақытын 3, 5, 7, 21, 25, 41 күн деп келтіруі ғылымилықтан гөрі, тылсымдыққа жақын ұғымдар. Осыдан барып, жеті атаға толмай қыз алысуға болмайтын тыйымды ойлап табады. Оның бұл пікірін құптаған әз-Жәнібек хан: «Жеті атадан ілгері қыз алысқандар бүгінінен бастап болмауы шарт жарағы. Егер олай болса, болғанына көз жетсе, жұбайларды тең бас қылыштамақ шарт», – деп жарлық шығарады. Тіршілікті материалистік тұрғыда түсіндіруді ғылым дүниесі Энгельстің «Антидиуонигінен» білсе, бұл тақырыпты Өтейбойдақ одан 400 жыл бұрын өз ғылымнамасында қозғаған. Қазіргі медицина тарихында: «Ағылшын шипагері Эдуард Дженнер 1796 жылы шешек вакцинасын тапты», – деп жазады. Ал содан төрт жүз жыл бұрын Өтейбойдақ бабаларының емдеу вакцинасын тауып, оны шипагерлікте қолданып, ауру балаларды емдеп, жазғанын кітапта таңба басқандай көрсетеді. Сондай-ақ, бүгінгі медицина ғылымы 3000 түрлі дәрі шөптің емдік қасиеті жинақталған қытайлық Ли Цы Джиннің «Дәрі шөптер каталогі» деген 1780 жылдары жазылған еңбегін аса жоғары бағалайды. Ал «Дәрі шөптер каталогінен» 300 жыл бұрын жазылған «Шипагерлік баянда» 4000 түрлі шөптің емдік қасиеті көрсетіледі.

Несін жасырайық, аталмыш еңбек бірінші рет басылып шыққанда оған таңғалғандар да, сенімсіздік танытқандар да кездесті. Бірақ, уақыт өте келе күдіктен гөрі, оның ғылымға қосқан үлесін жоғары бағалайтындардың қатары көбейе бастады. Аталмыш еңбекке алғаш өз пікірін білдірген қытайлық зерттеуші, ғалым Төлеуқан Ыбырайұлы: «Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баян» кітабы – Шығыс медицинасының үлгісімен жазылған, бірнеше ғылымдардың басын біріктіретін, адам баласының ең басты байлығы – денсаулықты сақтап, сырқаттарды емдеудің негізін қалаған терең де тарихи ғылымнама» – деп бағалады.

Демек, аталмыш кітап тек медицинасының жетістіктерімен қатар, ұлтымыздың тіл, мәдениет, тарих, философия, биология, астрономия, этнография, психология ғылымындағы табыстарынан да толықтай мағлұмат береді. Өтейбойдақ өз қолжазбасында жоғарыда аталған ғылымдарды өте шебер үйлестіріп, халықтың түсінік-түйсігіман деп, қарапайым тілмен баяндайды. Ең бастысы, «Шипагерлік баян» – Қазақ хандығы тарихының аса күрделі кезеңінде жарыққа шыққан бірқыдыру басы ашылмаған тарихи шындықты айқындап беретін шынайылығымен де құнды. Ондағы тарихи деректерге жүгінсек, Жәнібектің Ақ Орда ханы аталғандығы, хандықтың астанасы Құзорда болғандығы баяндалады. Сонымен қатар, еңбекте Жиреше шешен, Жиреншеханзада, хан Темір, Қанай шешен, уәзір Жандамар, уәзір Шаркеш, тағы да басқа тарихи тұлғалардың аты аталады.

Әрине, ел арасындағы аңыз-әңгіме, қиса-дастан, тарихи кітаптарда әз-Жәнібек туралы дерек көп. Еңбектен Керей мен Жәнібектің Шу өзені бойындағы Құзорданы ең алғашқы астана еткенін білдік. Жәнібек хан Солтүстікке жорық жасап, қазақ тайпаларын біріктіру барысында да астанасын көшірмеген. Кейін Бұрындық хан тұсында Қазақ хандығының астанасы Сығанақ, одан кейінгі жылдары Сауран, Түркістан, Ташкент қалалары болғаны тарихтан белгілі.

Ендеше, алдымен. «Бұндағы Құзорда қазіргі қай қала?» деген сұрақтың туатындығы анық. XI ғасырда өмір сүрген ғұлама Жүсіп Баласағұн: «Болған талай қалалар да, халық та, уақыт көмді бәрін жерлеп табытқа» дегендей, есімі ескі тарихтан белгілі Құзорда жайлы деректі іздестіріп жүріп, Қытайдың тарихи жазбаларын ақтарып отырып ойраттың әз-Темір деген тайшы (қытайша мансап аты) болғанын білдік. Бұл адам Моғұлстан ханы Есенбұғаның екінші баласы. 1453 жылы Есенбұға Шыңғыс әулетінен хан сайланатын салтты бұзып, өзін хан деп атаған соң оның балалары мен туыстары да хан, тайшы, құнтайжы лауазымдарын алуға құқылы болды. Ал Есенбұға Шәйбани әулеті мен Жүніс ханнан қорғану үшін Шу мен Талас өзенінің аңғарын Керей мен Жәнібекке бөліп беріп, Қазақ хандығын құруға мүмкіндік жасағанын



Әлі есімде, 1997 жылдың маусымында Қытайда бүкіл әлемдегі исі қазақтың мерейін тасытқан үлкен оқиға болды. «Жұңго мемлекеттік сыйлығын» иеленген санаулы адамдардың қатарында Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы есімді қазақтың аты аталды. Сол кезде бәріміздің: «Ол кім үлкен елдің мемлекеттік сыйлығын иеленіп жүрген?» – деген сұрақ мазалады. Көп өтпей оның осыдан бес ғасыр бұрын жазылып, бес ғасыр бойы жасырын сақталған «Шипагерлік баян» кітабының авторы екенін білдік. Содан бастап аталмыш еңбекке жұрттың ықыласы ауып, әз-Жәнібек ханның сарайында тұрған халық емшісі Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы (1388 – 1478) жазған ортағасырлық кітап жайлы зерттеу мен зерделеу жұмысы басталып кетті.

Табиғаты ТАҢҒАЖАЙЫП ТУЫНДЫ

«Жетісу»
Қажет АНДАС

Қытайдың тарихи жазбаларын ақтарып отырып ойраттың әз-Темір деген тайшы (қытайша мансап аты) болғанын білдік. Бұл адам Моғұлстан ханы Есенбұғаның екінші баласы. 1453 жылы Есенбұға Шыңғыс әулетінен хан сайланатын салтты бұзып, өзін хан деп атаған соң оның балалары мен туыстары да хан, тайшы, құнтайжы лауазымдарын алуға құқылы болды. Ал Есенбұға Шәйбани әулеті мен Жүніс ханнан қорғану үшін Шу мен Талас өзенінің аңғарын Керей мен Жәнібекке бөліп беріп, Қазақ хандығын құруға мүмкіндік жасағанын ғаған. Қазіргі медицина тарихында: «Ағылшын шипагері Эдуард Дженнер 1796 жылы шешек вакцинасын тапты», – деп жазады. Ал содан төрт жүз жыл бұрын Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы вакцинасын тауып, оны шипагерлікте қолданып, ауру балаларды емдеп, жазғанын кітапта таңба басқандай көрсетеді. Сондай-ақ, бүгінгі медицина ғылымы 3000 түрлі дәрі шөптің емдік қасиеті жинақталған қытайлық Ли Цы Джиннің «Дәрі шөптер каталогі» деген 1780 жылдары жазылған еңбегін аса жоғары бағалайды. Ал «Дәрі шөптер каталогінен» 300 жыл бұрын жазылған «Шипагерлік баянда» 4000 түрлі шөптің емдік қасиеті көрсетіледі.

Несін жасырайық, аталмыш еңбек бірінші рет басылып шыққанда оған таңғалғандар да, сенімсіздік танытқандар да кездесті. Бірақ, уақыт өте келе күдіктен гөрі, оның ғылымға қосқан үлесін жоғары бағалайтындардың қатары көбейе бастады. Аталмыш еңбекке алғаш өз пікірін білдірген қытайлық зерттеуші, ғалым Төлеуқан Ыбырайұлы: «Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баян» кітабы – Шығыс медицинасының үлгісімен жазылған, бірнеше ғылымдардың басын біріктіретін, адам баласының ең басты байлығы – денсаулықты сақтап, сырқаттарды емдеудің негізін қалаған терең де тарихи ғылымнама» – деп бағалады.

Демек, аталмыш кітап тек медицинасының жетістіктерімен қатар, ұлтымыздың тіл, мәдениет, тарих, философия, биология, астрономия, этнография, психология ғылымындағы табыстарынан да толықтай мағлұмат береді. Өтейбойдақ өз қолжазбасында жоғарыда аталған ғылымдарды өте шебер үйлестіріп, халықтың түсінік-түйсігіман деп, қарапайым тілмен баяндайды. Ең бастысы, «Шипагерлік баян» – Қазақ хандығы тарихының аса күрделі кезеңінде жарыққа шыққан бірқыдыру басы ашылмаған тарихи шындықты айқындап беретін шынайылығымен де құнды. Ондағы тарихи деректерге жүгінсек, Жәнібектің Ақ Орда ханы аталғандығы, хандықтың астанасы Құзорда болғандығы баяндалады. Сонымен қатар, еңбекте Жиреше шешен, Жиреншеханзада, хан Темір, Қанай шешен, уәзір Жандамар, уәзір Шаркеш, тағы да басқа тарихи тұлғалардың аты аталады.

Әрине, ел арасындағы аңыз-әңгіме, қиса-дастан, тарихи кітаптарда әз-Жәнібек туралы дерек көп. Еңбектен Керей мен Жәнібектің Шу өзені бойындағы Құзорданы ең алғашқы астана еткенін білдік. Жәнібек хан Солтүстікке жорық жасап, қазақ тайпаларын біріктіру барысында да астанасын көшірмеген. Кейін Бұрындық хан тұсында Қазақ хандығының астанасы Сығанақ, одан кейінгі жылдары Сауран, Түркістан, Ташкент қалалары болғаны тарихтан белгілі.

Ендеше, алдымен. «Бұндағы Құзорда қазіргі қай қала?» деген сұрақтың туатындығы анық. XI ғасырда өмір сүрген ғұлама Жүсіп Баласағұн: «Болған талай қалалар да, халық та, уақыт көмді бәрін жерлеп табытқа» дегендей, есімі ескі тарихтан белгілі Құзорда жайлы деректі іздестіріп жүріп, Қытайдың тарихи жазбаларын ақтарып отырып ойраттың әз-Темір деген тайшы (қытайша мансап аты) болғанын білдік. Бұл адам Моғұлстан ханы Есенбұғаның екінші баласы. 1453 жылы Есенбұға Шыңғыс әулетінен хан сайланатын салтты бұзып, өзін хан деп атаған соң оның балалары мен туыстары да хан, тайшы, құнтайжы лауазымдарын алуға құқылы болды. Ал Есенбұға Шәйбани әулеті мен Жүніс ханнан қорғану үшін Шу мен Талас өзенінің аңғарын Керей мен Жәнібекке бөліп беріп, Қазақ хандығын құруға мүмкіндік жасағанын

ғаған. Қазіргі медицина тарихында: «Ағылшын шипагері Эдуард Дженнер 1796 жылы шешек вакцинасын тапты», – деп жазады. Ал содан төрт жүз жыл бұрын Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы вакцинасын тауып, оны шипагерлікте қолданып, ауру балаларды емдеп, жазғанын кітапта таңба басқандай көрсетеді. Сондай-ақ, бүгінгі медицина ғылымы 3000 түрлі дәрі шөптің емдік қасиеті жинақталған қытайлық Ли Цы Джиннің «Дәрі шөптер каталогі» деген 1780 жылдары жазылған еңбегін аса жоғары бағалайды. Ал «Дәрі шөптер каталогінен» 300 жыл бұрын жазылған «Шипагерлік баянда» 4000 түрлі шөптің емдік қасиеті көрсетіледі.

Несін жасырайық, аталмыш еңбек бірінші рет басылып шыққанда оған таңғалғандар да, сенімсіздік танытқандар да кездесті. Бірақ, уақыт өте келе күдіктен гөрі, оның ғылымға қосқан үлесін жоғары бағалайтындардың қатары көбейе бастады. Аталмыш еңбекке алғаш өз пікірін білдірген қытайлық зерттеуші, ғалым Төлеуқан Ыбырайұлы: «Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баян» кітабы – Шығыс медицинасының үлгісімен жазылған, бірнеше ғылымдардың басын біріктіретін, адам баласының ең басты байлығы – денсаулықты сақтап, сырқаттарды емдеудің негізін қалаған терең де тарихи ғылымнама» – деп бағалады.

Демек, аталмыш кітап тек медицинасының жетістіктерімен қатар, ұлтымыздың тіл, мәдениет, тарих, философия, биология, астрономия, этнография, психология ғылымындағы табыстарынан да толықтай мағлұмат береді. Өтейбойдақ өз қолжазбасында жоғарыда аталған ғылымдарды өте шебер үйлестіріп, халықтың түсінік-түйсігіман деп, қарапайым тілмен баяндайды. Ең бастысы, «Шипагерлік баян» – Қазақ хандығы тарихының аса күрделі кезеңінде жарыққа шыққан бірқыдыру басы ашылмаған тарихи шындықты айқындап беретін шынайылығымен де құнды. Ондағы тарихи деректерге жүгінсек, Жәнібектің Ақ Орда ханы аталғандығы, хандықтың астанасы Құзорда болғандығы баяндалады. Сонымен қатар, еңбекте Жиреше шешен, Жиреншеханзада, хан Темір, Қанай шешен, уәзір Жандамар, уәзір Шаркеш, тағы да басқа тарихи тұлғалардың аты аталады.

Әрине, ел арасындағы аңыз-әңгіме, қиса-дастан, тарихи кітаптарда әз-Жәнібек туралы дерек көп. Еңбектен Керей мен Жәнібектің Шу өзені бойындағы Құзорданы ең алғашқы астана еткенін білдік. Жәнібек хан Солтүстікке жорық жасап, қазақ тайпаларын біріктіру барысында да астанасын көшірмеген. Кейін Бұрындық хан тұсында Қазақ хандығының астанасы Сығанақ, одан кейінгі жылдары Сауран, Түркістан, Ташкент қалалары болғаны тарихтан белгілі.

Ендеше, алдымен. «Бұндағы Құзорда қазіргі қай қала?» деген сұрақтың туатындығы анық. XI ғасырда өмір сүрген ғұлама Жүсіп Баласағұн: «Болған талай қалалар да, халық та, уақыт көмді бәрін жерлеп табытқа» дегендей, есімі ескі тарихтан белгілі Құзорда жайлы деректі іздестіріп жүріп, Қытайдың тарихи жазбаларын ақтарып отырып ойраттың әз-Темір деген тайшы (қытайша мансап аты) болғанын білдік. Бұл адам Моғұлстан ханы Есенбұғаның екінші баласы. 1453 жылы Есенбұға Шыңғыс әулетінен хан сайланатын салтты бұзып, өзін хан деп атаған соң оның балалары мен туыстары да хан, тайшы, құнтайжы лауазымдарын алуға құқылы болды. Ал Есенбұға Шәйбани әулеті мен Жүніс ханнан қорғану үшін Шу мен Талас өзенінің аңғарын Керей мен Жәнібекке бөліп беріп, Қазақ хандығын құруға мүмкіндік жасағанын

Аталмыш еңбекте сөз болатын тағы бір тарихи тұлға қазақ аңыздарында жиі айтылатын Жиреншеше шешен. Яғни, Өтейбойдақты Жәнібек ханға таныстырған Жиреше шешен. «Шипагерлік баянда: – «Жарайсың, қарабас! Басың нағыз алтын бас, тілің нағыз гауһар тас екен. Әкең атыңды тауып қоя алмапты. «Қарабас» деп, елі ілікке алуға жарамас деп, өттеңі қойса жен екен, «Алтынбас» деп, – деді Жиреншеге бұрылып, кенет Жиреше езгі тағзым жасап ханға:

– Әкем менің атымды жағалап қойыпты, сіз бағалап қойдыңыз, жұрт ағалап айтатын шығар. Бірақ, тақсыр, менің атым «Қарабас» емес, Жиреше, Азан айтып қойған аттан айырылып босқа күйгенше, басымды шауып тастаңыз, қара жерге кіремін газиз басымды игенше, – деді де езгі тағзым жасап тұра берді. Хан бедірейе қарап бірсыпыра отырды да, кенет түсін жылытып:

– Жасың қаншада? – деп сұрады Жиреше.

– Жылым айбар, қырық беске келдім. Біле алмадым мәнін, мен қалайша өлдім? – деді».

Иә, «Шипагерлік баяны» 1467 жылы жазылғанда Жиреше шешен 45 жасқа кірген. Сонда ол 1422 жылдары туған болады. Бір қызығы, Жиреше шешен туралы аңыз-әңгімелер XV-XVI ғасырдан басталады. Екі дерек те бірін-бірі дұрыстап тұр. Ал Жиреншенің «Қарабас» аталуына Жәнібектің Махмұттан кейінгі ұлы ханзада Жиреншемен аттас болғандығы себеп болады. Жиреше сұлтанның есімі 1470 жылдары Сауран, Созақ түбіндегі, Қаратаудың Сүгірлүк асуындағы ірі шайқастардан белгілі. Ол Мұхаммед Шайбани жасақтарының бірі Әліке сұлтан билеп тұрған Сауран қамалын алып, оның дербес билеушісі болған. Бұл дәлелдер Жиреше шешен туралы ақиқаттың дұрыстығын тағы да растай түседі. Ал «Шипагерлік баяндағы» оң қол бас уәзір Шәркеш, сол қол бас уәзір Жандамар, Қанай шешен, тағы да басқа есімдер туралы арнайы зерделеу керек.

Қысқасы, «Шипагерлік баян» шипагерлік тұрғыдағы ғылымнама болумен қатар Қазақ хандығының құрылуы кезеңіндегі тарихта жұмбақ болып келген Жәнібек ханның қазасы, қос Жиреше, Қазақ хандығының алғашқы астанасы Құзорданың сырын ашып берді. Ол сонысымен де құнды.

■ Туған жерге ту тіккен



Менің кейіпкерім жұмыр жердің үштен екісін шарпыған Екінші дүниежүзілік соғыстың апапат ауыртпалығын бесіктен белі шықпай жатып басынан кешкен ұрпақтың өкілі. Сондықтан ол тез есейіп, төңірегіне балалық оймен емес, ағалық көзбен қарап ержетті. Әкесі майдан даласынан оралмағандықтан өз еңбегімен өрлікке ұмтылып, болашаққа беталды. «Өсер елдің баласы он бесінде баспын дер» деп бабаларымыз айтқандай, он бесінде ер жетіп, елге қорған болуға талпынған адам. Ол еліне сыйлы, жұртына қадірлі, егемен елдің ертеңі үшін еселі еңбек еткен, өмірінің 50 жылын аядай ауылдың ауруханасында өткізіп, ауылдастарын емдеуге арнаған Төлеухан ЫСҚАҚОВ.

Адам жанының арашашысы

«Жетісу»
Қажет АНДАС

Расында, адамды жан терендігі, ой кемелдігі жетілдіреді. Кезіндегі Берлітөбе ауданының Қарашығаң ауылында 1940 жылы туған ағамыз «адамның басшысы – ақыл, жетекшісі – талап, шолғышысы – ой, жолдасы – кәсіп, қорғаушысы – мінез» (Сақтық шешен) екенін жадынан шығармай, балалықтан даналыққа бет алды. Әрине, еңбекті сүйген, төккен терінен лаззат алуға дағдыланған адамға ақыл-ой, талап, кәсіп пен мінез де қанатын ұштамай тұрмайды. Сондай-ақ, балалық, жастық шағында кезін керген дария кеуде, тау мүсін қарттардың тәлімін ойына сақтап, ұлылықтың ұшқыны жанын жадыратып, атына кір шалдырмай жүрген ағаларымыздың бірі тағы да сол кісі. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дегенге сенсек, соңғы соғыс ерті елді шарпып, ауылдағы ер-азаматтар алдынғы шепке аттанып, ауылда қыңырлықтың құйыны есіп тұрғанда туған жандар шар болаттай шыңдалып есті. Әйткенмен, оларға қайсар, батыл, батыр болудың алғашқы ұшқыны аналарының ақ сүтімен бойына дарып, тамырына құйылды. Әкесі Ысқақ соғысқа кетіп, Ленинград қаласының маңында мерт болып, бауырластар зиратына жерленген. Әкеге деген сағынышы анасының қаз жасы арқылы жүрегіне сініп, көңілінде өмір бойы ұмытылмайтын сағыныш болып қалды. Ал сол кезін жылдары анасы балық зауытында жұмысшы болып істеді.

От пен оққа оранған соғыс жүріп жатқан тұста елдегі еңбектің бүкіл ауыртпалығы еңкейген кәрі мен әйелдерге түскен анық. Балаларының бірін ертіп, бірін жетелеп, бірін арқасына танып жүріп жеткізген анасы қаншалықты тауқымет көрсе де, оларға қиындықтың салқынын түсірген жоқ. Бұл жағдай Төлеуханды ерте есейтті. Сондықтан 5-6 жасынан ауыл тұрмысына көндігіп, еңбекке беймделді.

Адамның бір қызығы жастық шағы демей ме? Оның жастық шағы соғыстан кейінгі ауыр кезеңдерге деп келді. Күндіз мектепте оқыса, таңертеннен кешке дейін дала еңбегіне араласып кететін. Бұл ауыл өмірінің айнымас шыңдығы еді. Десе де, атамыз қозылақтың соңынан жүгіріп, сиыр бағып жүріп-ақ, жақсы мен жаманды, ауыр мен жеңілді ажырататын қалге жетті. Еңбек алаңындағы белсенділігімен қоса оқуға алғыр болды. Құрбыларының алды бола жүріп, мектептің түрлі шараларының жолбасшысы болды. Сонымен 1959 жылы орта мектепті үздік нәтижемен бітіріп, Алматы мемлекеттік медициналық институтының емдеу факультетіне оқуға түседі.

Кімнің айтқанын білмеймін, әлдебір ақылманның: «Адамның қандай болып өсуін туған жері белгілемейді Өскен ортаң оның мәдениетті, тәлімді, тәрбиелі болуына ықпал етеді» дегенін оқыған едім. Сол дұрыс екен. Туған, ержеткен, ұяттың не екенін үйреткен кішкене ғана Қарашығаң ауылы оның бойына еңбекқорлықтың, бауырмалдықтың, табиғатқа құштарлықтың нәрін септі. Сол қасиет кейінгі болашағына үлкен әсерін тигізді. Ауылға деген ізгі сезімі 1965 жылы Алматыдағы оқуын бітіріп, еңбек жолын Лепсі ауруханасында хирург мамандығы бойынша бастауға жетелеп әкелді. Ал 1972– 1997 жылдары аталған аурухананың бас дәрігері болып қызмет атқарды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қиындық пен жетіспеушіліктің елдің мазасын алып, балтырын сыздатқаны белгілі. Көптеген шаруашылық тарап, қолда бар мүлік ұстағанның ұысында, тістегенінің аузында кетті. Ал 1997 жылы Берлітөбе ауданы таратылуына байланысты Лепсі аудандық ауруханасының алдына да сан түрлі сынақ кез болды. Оның болашағына алаңдаған Төлеухан сияқты ағалар барынта-ықыласымен аурухананың сақталып қалуы үшін барын салды.

Айтпақшы, Лепсі кенті орналасқан аумақтың ауа райы да құбылмалы еді. Құмды аймақтың жазы ми қайнаткан ыстық болса, қысы сүйектен өтетін суық болып келетін. Оның үстіне қысты күні Балқаш көлінен бері соғатын, еңменіннен өтетін үскірік жел бір тынбайтын. Осындай суығы сүйектен өтетін қысты күні түн бойы бірнеше рет ауруханаңның жылыту жүйесін тексеріп, оның жылылығын сақтау үшін барын салатын. Өйткені, суық күнде аурухананың онсыз да тозығы жеткен батареялары жарылып жатса немесе бөлмелер суып кетсе онда жатып емделетін ауруларға ауыртпалық әкелетіні анық. Ал түннің бір уағында ауруханаға сырқатына шипа іздеп келгендерді Төлеухан ағаға күтіп алатын. Оның осындай еңбегі есепусіз қалған жоқ. 3 мәрте облыстық кеңестің депутаты болып сайланады.

Иә, ел арасында «халық қалаулысы» деген сөз бар. Себебі, халық қалаулысы, жақсының жаршысы, жоғының жоқшысы, өткеннің іздеушісі болу әркімнің маңдайына жазыла бермейтін бақ. Сондықтан кешегілік бұл міндетті ел мен жердің болашағы үшін таңды таңға жалғап, тынымсыз жұмыс жасайтын, халықтың қамы үшін таласқа түсуге дайын, жұрттың ойындағы түйткілді шешуге ден қоятын азаматтарға жүктейді. Төлеухан ағаға осы талаптан шыға білді. Ол депутат ретінде өз ауылының дамуына біркісідей үлес қосты. Даналық пен сырбаздық, байсалдылық пен байыптылық қашанда бойынан білініп тұратын ағамыздың айтқан үсыныс-пікірлерін, елді мекендерді дамыту, саламатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған шараларға қолдау тануы сияқты салмақты мәселелерді шешуге атсалысып келеді.

Халқымызда: «Туған жерге ту тіккен» деген нақыл сөз бар. Осы тұрғыдан келгенде Жаңат ағамыз туған өлкесінің түлеуін есінен бір рет те шығармаған адам. Бұл, әрине, кездей де бір жершілдікті білдірмейді. Қайта елін, жерін сүйген азаматтықтың белгісі деп қарауымыз керек. Айта кетерлігі, Төлеухан ағаның әкесі Лепсі ауылындағы ауруханада 50 жыл табан аудармай жұмыс жасаған жігері мықты, сабырлы да салмақты дәрігер.

Дәрігер демекші, ауылдық жердегі ауруханаңның бұрынғы жағдайы әркімнің есінде болар. Заманауи емдеу құрылғыларының тапшылығы күрделі сырқаттарға көмек көрсетуде қолбайлау болып жататын. Тіпті, кейбір ауыр сырқаттарды аудан орталығына, облыстық ауруханаға жеткізу үшін көлік, тағы да басқа жақтан көп қиындық көретін түстары да кездесетін. Сондай кезде ауылдастарды көмекке шақырып, көптің көңілінен шыққан Төлеухан ағамыздың азаматтығын көп адам әлі де ұмыта қойған жоқ. Өмірдегі азаматтық міндетін осылай абыроймен өтеген ағамыз отбасының да ұйытқысы бола білді. Еңбегі еленіп, сан мәрте табыс төрінен де көрінді.

Айталық, 1992 жылы «Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген дәрігер» атағын алса, 2003 жылы Сарқан ауданының Құрметті азаматы атанды. 2005 жылы «Қазақстан Конституциясына 10 жыл», 2006 жылы «Қазақстан Республикасы Парламентіне 10 жыл», 2011 жылы «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл», 2014 жылы «Қазақстан мәслихатына 20 жыл» мерекелік медальдарымен, Қазақстан Республикасы Президентінің және «Нұр Отан» партиясының Құрмет грамотасы, облыстың және Сарқан ауданы әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Ең бастысы, халықтың ыстық ықыласы мен күрметі барлық марапаттан салмақты. Өйткені, бүгінде Лепсі өңіріндегі түрғындардың тайы-таяғы қалмай Төлеуханның ауылдасы болғанын мақтаныш етеді, сыйлап, құрметтеп, ауылдың ақсақалы деп таниды.

Расында, әр заманның өз кейіпкері, өз тұлғасы, таным-талғам таразысы болатыны анық. Ал пешенесіне жазылған тағдыры замана жасампаздығымен түспа-түс келіп жатса, сынақтың үлкені осы. Одан ерік-жігері мықты, табандылығы тастай, өзіндік көзқарасы, таным-талғамы бар адамның адаспай өтетіні хақ. Сонда ғана оның ел-жұрт алдында жүзі жарқын, беделі жоғары болады. Төлеухан ағаның осындай мағыналы өмір сүрген ел қалаулысы, жұрт мақтанышы. Осы жолдан таймай, бағыттан танбай алға жылжи беріңіз, аға!

■ Замандас келбеті

Жетісу жерінің тумасы, Ақсу мен Сарқан ауданының ортақ ұлы Оралхан Дауытов (суретте) биылғы шілде айының алғашқы күнінде жетпіс жасқа толады. Желмаясын желдіртіп осынау берекелі белеске көтерілген кейіпкерді көргенде, өз отбасында ғана емес, ауыл-аймағында сыйлы, еңбегімен еңселі ер тұлғасы көз алдымызға келеді.

Жетпістегі жігіт

Әлі есімізде, соңғы 2005 жылдың жаз айында алпыстың биігінен көрінген Оралхан Оразбайұлына от жүректі қаламгер және сүйікті бажасы Мұратбек Оспанов:

Ақсудың бойы арайлы
атамекені,
Құлагер ақын Ілияс өткен
кешегі.
Еңбегіменен ауызға
ерте ілікті,
Еліне адал азамат болып
көшті.

Бақытқа батып Сарқанда
жүрген Орекем,
Ортамыздағы той-думанның
да сәні еккен.
Қашан көрсең де қайнарымда
толы жүргегі,
Жетімдерге жебеуші
болған жан екен, –

деп тебіренің, сол уақытта қаладағы балалар үйінің директоры Оралхан мырзаға жырдан шашу шашып, жүрек сөзін жеткізген. Алпыс жастағы азаматқа арналған алты шумақ асыл сөз кейіннен баспасөз арқылы төңіректің төрт бұрышына тарап кеткенін де білеміз.

Соңау 1945 жылы бірінші шілде күні Ақсу ауданындағы Шадай деп аталатын шағын ауылда Оразбай ақсақалдың шаңырағы астында дүниеге келген Оралхан бірінші мүшел жасын өмірінің алтын әріппен жазылған тарауына санайды. Олай дейтін себебім, 1957 жылы ауылы анасы өмірден озып, Ұлы Отан соғысынан мүгедек болып қайтқан әкесі екеуі тіршілік тауқыметін көрді. Әкелі-балалы жандардың мұнан кейінгі қам-қарекеттері Қарасу ауылдық кеңесі аумағындағы Еңбек елді мекенінде жалғасты. Қаршадай жастағы Оралхан әкесіне көмектесіп, оның ығына түскен ауыртпашылықты болісе жүріп еңбекпен есейді. Осылайша қажырлы еңбек жасоспірімнің сипшісі болып, болашағына сауле шашқан таңшолпанға айналды.

Қарасу ауылдық Кеңесі аумағындағы елді мекендердің бірде-бірінде орта білім ордасы болмаған себепті, 1959 жылы жеті жылдық көлемінде білім алған Оралхан Ақсу селосындағы екелгі білім ордасы Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектеп жанындағы пансионат-интернатқа қабылданып, тәлім-тәрбие алып, орта білімді бозбала қатарына қосылды. Ақсу ауданының бетке ұстар білім шаңырағы – Ыбырай Алтынсарин атындағы (қазіргі Мәмания) орта мектептің қабырғасында білім бұлағынан сусындай жүріп, іс-шараларға жігерлене қатысып, қабілеттілік, зейінді-зеректілігімен ерекшеленген кәмелет жасындағы азаматты Ақсу ауандық оқу бөлімі шалғайдағы Ерікті сегіз жылдық мектебіне дене тәрбиесі мұғалімдігіне тағайындады. Өйткені Оралхан Оразбайұлы спорттың бірнеше түрінен, оның ішінде бокс басымырақ, аудан және облыстың намысын көтеріп, мәндайы жарқыраған өрендер қатарынан таныла бастаған. Сонымен 1964–1967 жылдарда әскери борышын өтей жүріп, спортта қол жеткен табысы еселене түсті. Бұл жайттардан аудандық оқу бөлімі мен комсомол комитеті хабардар.

Ақсу өңіріне қайтып оралған жас жігіт көп уақыт өткізбестен аудан орталығы Жаңсүгіровтегі Сәтбаев атындағы орта мектепке орналастырылып, оқушыларға бастауыш әскери дайындық пәнінен білім берді. Еңбек ете жүріп, Қазақтың мемлекеттік Абай атындағы педагогика институтының тарих факультетін тамамдады. Білім мен тәжірибесі тең меңгерген, спорттағы атақ-абыройы басқаларға өнеге-үлгі болуға лайықты Оралхан Дауытов ендігі жерде Ақсу аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің төрағасы қызметіне жоғарылатылды. Содан бері шамамен 40-45 жыл өтіпті. Десек те азамат өзіне жанашыр болып, мәндайынан сипаған ұстаздар есімін жүректінде сақтапты. Ол, әсіресе, Бейсебек Қорғанбаев, Кабира Карабалина, Елетай Садуақасова, Жаркент Барманбековке ерекше риза. Айтуына қарағанда, спортты сүйіп, алғы шепте жүруіне Ж. Барманбеков көп еңбек сіңірген.

Қай қызметте, қай салада еңбек етсе де адамдық пен адалдық салтын сақтай білген Оралхан Дауытовты аудан мен облыстық билік иелері тани білді. Оның еңбектегі осу жолы жоғарыда айтқанымыздың ақиқаты деген орынды. Ол Бөрлітөбе ауданы құрылған жылда «Қайрат» ерікті спорт қоғамын басқарды. Қызмет бабымен Сарқан ауданына келгенде де өзінің білімі мен біліктілігін танытып, нәтижесінде абыройы арта түсті. Әуелде ол кинофикация директоры, аупартком нұсқаушысы, «Көкөзек» кеншары партия комитетінің хатшысы, аудандық партия комитеті ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі, аудандық Кеңес аткару комитеті төрағасының орынбасары, балалар үйінің директоры, зейнетақы төлеу орталығы аудандық бөлімшесінің бастығы, ал 2001–2008 жылдарда Сарқан көмекші мектеп-интернаты директоры қызметін абыройлы атқарып, зейнет демалысына шықты.

Замандастары Орекеннің тұла бойынан ар тазалығын, қызмет бабындағы адалдықты, сөз бен істің бірлігін, кемшілікке ымырасыздығын көретінбіз. Ол кеншар парткомының хатшысы қызметін атқарған 1980-1984 жылдары Талдықорған облыстық XVI партия конференциясына делегат болып қатысып, осы жолы облыстық партия комитетінің пленум мүшелігіне сайланды. Ал, 1995 жылы Сарқандағы балалар үйінің директоры Оралхан Дауытовқа сайлаушылар сенім білдіріп, балама негіздегі екі кандидат арасынан басым дауыспен ие болып, Алматы облыстық мәслихат депутаты мандатына лайық деп танылды. Зейнетке шығардан бір жыл бұрын оған Сарқан ауданының Құрметті азаматы атағы берілді. Сайып келгенде, осылар Орекеннің кім және кандай азамат екендігін әр қырынан көрсетіп тұрған жоқ па?!



Тағы бір болған оқиға. Сарқан балалар үйін О. Дауытов басқарған алғашқы жылы кенестік жүйе ыдырап, жетімдердің қара басына қатер төнді. Тәрбиеленушілер киім-кешектен, әсіресе, азық-түліктен тарықты. Жарғақ құлағы жастыққа тимей, шарқ ұрған директор Ақсу мен Сарқан ауданы шаруашылық басшылары мен қайырымды азаматтарына жалынғандай болып, қалай болғанда да жетімдерді аштыққа ұрындырмау амалын жасады. Сол кезде Сарқан ауданында шаруашылық басқарған А. Сәрсенбаев, А. Атанов, М. Закиров, Б. Иманбаев, Ақсу ауданынан Ә. Дүйсенбаев, Ж. Заманбеков, О. Земцов және басқалар азық-түлік, және азаматтар киім-кешек беріп, жомарттық танытты. Кей азаматтар жетімдерді үйіне алды. Соңау ауыр жылдарда Сарқан ауданынан Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланған М. Қалиаскаров ешқашан ел есінен кетпейтін өнегелі іс атқарды. Ол сессия мінбесінен Үкімет басшысына сын айтып, Сарқандағы балалар үйінің директоры О. Дауытовтың жетімдерді жебеу туралы жанайқайына ешкім, әсіресе, қаржы министрі елең етпегенше ашынды. «Батырға да жан керек» демекші, қаржы министрі икемге келіп, депутат М. Қалиаскаров пен директор О. Дауытовты қабылдап, балалар үйінің мүддесі үшін 25 миллион теңге көлемінде қаражат аудырылды. Егер бұл мәселеде директор бейқам болса, соңы ащтыққа тіреліп, сойқан болуы ықтимал еді.

Бүгінде жетпістің биігіне көтерілген Оралхан Дауытовтан Дінмұхамед Қонаев данамен кездескен жайлы айтып беруін сұрадық.

– Сарқандағы балалар үйінің қамы үшін Үлкен кісінің алдын көрдім. Қасымда ауандағы №5 құрылыс мекемесінің бастығы А. Кравченко бар. Бұл 1994 жылдың сәуір айы. Екеуімізді өз үйінде, дастарқан басында қабылдаған Дінмұхамед Ахметұлы: «Не шаруамен келдіңіздер?» – деп. Балалар үйі жабылып қалудың алдында тұрғанын бірден айтып, соңынан ағалық ақ батасын сұрадық. Бұйымтайымыз оң шешілді, данышпан адамның алдынан риза болып қайттық. Сөз соңында Димекең: «Қызметте жүргенімде жетім балалар үйі директорларының ешкайсысы алдымды көрмеп еді. Жолың болсын!» – деп шығарып салды. Бірауыз сөзіміз ескерусіз қалмады, – деп еске алады сол күндерді Орекең.

«Әке – шаңырақтың тірегі, ана оның – жүрегі»,– деген күлдіретті сөзді қалай тауып айтқан бабалар. Отағасы Оралхан Оразбайұлы мен отанасы Жеңіс Мансұрқызы пекелі ғұмырының 47 жылында екі ұл, үш қыз тәрбиелеп өсірсе, бұл күндері олардың әркайсысы жеке үй, балалы-шағалы. Алматы мен Астана қаласында. Бәрі де жоғары білімді. Жанар-Дүйсет, Анар-Серікхан, Сембек-Дәлел, Гүлнар-Ғабит, Серік-Инара атты күйеубалалары мен қыздары, ұлдары мен келіндері он бір немере сүйгізіп, құшағын қуанышқа толтырып отыр. Жеткіншектердің алды еңбекке араласса, соңғылары әлі мектеп қабырғасында.

Дауытовтар шаңырағының жүрегі, яғни бала-шағаның анасы әрі анасы Жеңіс ханым әлі сол баяғы қалпында. Жібек мінезді, жайдары, жайсаң бойбішінің көңілі – көктем, жаны – жаз. Әркашан дастарқаны кең, дам татқан жандар риза.

Жетпіске жасы жетсе де елуді еңсерген жігіттей көрінетін Оралхан Дауытовпен балалық шақтан бастап, күні бүгінге дейін сыйласын келе жатқандықтан да айтарым баршылық. Тоқ етері: ерлі-зайыптылар есен, бала-шаға аман, бейбітшілік заман болсын!

Болат БИСҰЛТАНҰЛЫ,
Ақсу ауданының Құрметті азаматы.
Талдықорған.

■ Өткен күннің жаңғырығы

БЕЙНЕТ пен ЗЕЙНЕТ

Менің тұл жетім өмірім еңбекпен басталды. Еңбек мені абыройсыз жолдан аулақ етіп, осы күнге жеткізді. Жетім қыздың тағдырына ашаршылық, екінші дүниежүзілік соғыс тұспатұс келді. Әрбір Жеңіс күнінде қиыны толқымын. Жыл сайын басымнан өткен ауыр бейнетті есіме алсам, бәрі көз алдымда сайрап тұрғандай болады. Қару алып майданға бармағанымменен, еңбектің қаруын бірге ұстаған құрбыларым қазір жоқтың қасы. Болса да көздері көрмейді, құлақтары естімейді. Ал мәңгі Құдай қуат беріп, 88 жасымда қолыма қалам алдым.



Қазір өткен күнді ой елегімнен өткізсем, Талғардағы сол кезде Энгельс аталған ұжымшарда ер адамның жұмысын атқарғаныма өзім таңданамын. Елге келген селебе, селебені еleме дегендей, бұл ел-жұртымызға келген қиын заман еді. Елбасы Н. Назарбаевтың атанасын есіне алып: «XX ғасырда ғұмыр кешкен адамдардың өміріне зер салсаңыз, тек бейнетпен өмір сүргендер». – деген екен. Осы сөзге шын жылиды. Мен 1927 жылы 8 наурыз күні Талғар қаласында дүниеге келіппін. Қазіргі Талғардағы Тұрар Рысқұловтың мұсәя орналасқан ала көпір маңындағы мектепте оқыған едім. Әкем Қанат малымен Қырбалтабайға қоныстанады. Бірақ өкімет малын тартып алған соң, ол кісі де қайғырып дүниеден өтеді. Шешем Рысбала Ұзынағаштың қызы екен. Шешем мені және сіңлім Базарды көктемде келіп алып кетемін деген үмітпен, қыста Есіктің жетімдер үйіне тапсырады. Шешем байғұс төркінне жете алмай жолалып кетеді. Бұл – 1932 жылғы ашаршылық кезі. Сол кезде менің жасым 5-те, ал Базар 3-те. Базар сол жерде өмірден өтті.

Сол уақытта қазір аталып жүрген Тұрар Рысқұловтың екінші бригада деген жері жоқ, Қорған төбе, Қалқам паналаған дейтін. Одан ері судың бойы жылқы фермасы деп аталатын әкемнің қарындасы мені жетімдер үйінен осы жерге алып келеді. Өпкем ағайынды үшеудің үлкені Нүрпейістің жұбайы екен. Тәтем Нұрпейістің адал еңбегі бағаланып, Мәскеуге де барды. Ортаншы қайнысы Байқоныста бала болмағандықтан, мені сол кісіге еншіге берді. Әкем Байқоныс біртоға кісі еді, бірақ амал нешік, майданнан оралмады. Кіші қайнысы Байжаныс ағаның Хамит деген ұлы болды. Үшеуі де жылқышы. Мен осы жылқышылардың ортасына тап болдым. Түн жетім екенімді білемін. Оның үстіне бағуға алған шешем өте мейірімсіз еді.

Менің бағыма Хамит аға аңқылдаған күлімдеп тұратын түсі жылы кісі болатын. Туған қарындасындай еркелетіп, әуелі тайға, содан соң жорғаға мінгізіп, жарыстарға қатыстырып отырды. Мені жарысқа жіберерде қарқылдап күліп, қайтып оралғанымда да сол күлкімен қарсы алушы еді. Қайран, ағатайымай, маған жылқы бағуды үйретті. Хамит ағаның арқасында аттың құлағында ойнадым. Ол кісі баян, балалайка тартатын. Қазір ойласам, өзі ән жазып, сөзін де шығарыпты. Көбінесе жылқыны мен бағамын. Аға оқып жүргенде Жамал деген қызға ғашық болып, үйленейін десе, қыздың жасы толмай күтіп жүретін. Жылқымен ылғи Талғардың Ормақай деген жайлауына шығатынбыз. Кейде жылқы ішінде жүріп аға Жамалға арнап ән жазатын. Осылай армандап жүріп, ақыры Жамал жеңгеме үйленді.

Соғыс басталған. Ол кезде мен 15 жасқа қарағанмын. Жұмыс сенің шамаң келе ме, келмей ме, оған қарамайды, керекті жерге өкете береді. Мен бидай бастырығына алып барды. Ол қырман бастырығына мүлде ұқсамайды. Дауысы ашы. үйренгенше құлақ жарады. Бидайды бір жағынан сұрыпқа беледі, екінші жағынан сабан шығады. Біздерді ұйықтап қалмасын деп жұмсақ сабанға жібермей, топан суға жібереді. Топан суға артына ағаш байлаған ат береді Екі адам – бірмез топанды ат сүйреу үшін дайындаймыз. Ал екешімез топанды апарып төгіп келеміз. Бір күні көмекшім Нұрсұлу апқасты жоғалып кеткен бар. Жылқы малының естілгіне осы кезде тағы да көзім жетті. Иесі болмаса да топанды, өзі тоқтатпай төгіп, істі ары қарай жалғастыра береді. Құрбымды қанша іздедім. Жұмысты бір сәтке де тоқтатуға рұқсат етпейді. Борап тұрған шаңнан көзімізді өзер ашқанымызбен көруге мүрша жоқ. Ақыры хабар беріп, «молотилканы» тоқтатуыма тура келді. Айнала тыныштанды. Жұмысшылар айырлармен шөп арасын сұқылап, іздеуге кірісті. Бір сәтте Нұрсұлудың айқайлаған дауысын естідік. Сұқылаған айыр аяғындағы екі башпайының арасына кіріпті. Сөйтсек, үйқысыз өтетін жұмыс сағаттарынан өбден қалжыраған жас қыз ұйықтап кетіпті.

Бірде жұмысыма бір адам келіп. «Сені Василий Андреевич шақырып жатыр». – деді. Өзіміз «Дядя Вася» дейтінбіз, өте мейірімді, қазақ отбасыларына сәнсіп, қайғысына күйініп, қуанышына шын жүрегімен қуанатын кісі еді. Хамит ағам ылғи да аузынан тастамай айтып отыруды еді. 107 жасаған екен, қайтыс болған кезде, ағам өзі жерлеуіне қатысады. Еңбекке берілгені сонша от басы бір үй, екінші үй ұжымшар болған екен. «Дядя Вася» маған: «Әкелеріңнен қалған бір үйір жылқыны бағуға ие шықпағандықтан, Батидің үлкен шопаны, ал сені кіші шопан етіп тағайындауды ұйғардық». – деді. Келістім.

1942 жыл. Мал жайлауда еді. Бәти – Хамит ағаның анасы. Хамит аға: «Жұмыскер аттар осында, олар тынықты. Басқаға ұстатпайды, өзің ұстап бересің», – деп құрықты маған ұстатты. Осылайша бала күнімнен ат үстінде ойнап өскенімнің көп көмегі тиді. Жылқы малы жайлауда үріктейді. Малшыларға аяққиім, кендір көйлек, қант, шай, үн жіберіп тұрады. Тау өте биік, күн жауса тайғақ, жүк артқан жылқымен жүру қауіпті. Ұжымшардың жылқысын екі жыл бақтым. Жылқыны түгендеу үшін, жайылып жүрген жерінен өздеріне танымал дауыспен шақырамын. Өзім де құрығымды ырғып, түсуіреме көмек беремін. Әр айғырдың үйірін түгендеуің керек. Бірер күн көрінбей қалсаң, көздері бақырайып өзіңе тіке қарап, пысқырынып, оқыранып қарсы алады. Малмен жүрген кезде, өзіңде де ешқорқыныш болмайды.

Сосын күзеуге түсеміз. Сол жылдары Октябрь, Николаевка, Казправда, Импорт атты күзеулер бар еді. Бірен-саран ғана үй болмаса жапан түз. Бұл уақытта Талғар тауының жемісжидегі пісіп, жабайы алма ирім-ирімде бірде ағып, бірде ақпай жатады. Орыс халқы мәшектеп сүзіп алып, сатқанын сатып, сатпағанына түрлі тәттілер пісіретін. Балдың иісі де аңқиды. Қарағайдың қуысын балшелек ететін. Дәмді истер мұрныңды жарған кезде күзеуге кетеміз. Халқымыз: «Қиын-қыстау кезеңде не тау жағала, не көл жағала». – деп бекер айтпаса керек. Маған да осы тіршілікті көзбен көру жазған екен. Сол уақытта Инкубатордың тауын Желдіжезең деп атайтын.

Беткейде бүлдірген бармақтай болып піседі. Бір жолы таудан түсіп келе жатсам, сайында шөп жинаған адам маған: «Бүлдіргеннен атыңның тілерсегіне дейін боялып қызғылт болып кетіпті, атың тайып опат болуы мүмкін. Енді бұл беткеймен түспе». – деді. Талғардың тек тау емес, арық-арығы да жеміске тұнып тұрған жер ғой. Иісін иіскеп тойынасың.

Жыңғылмен ет пісіріп, малдың алды оянa бастағанда жеп аламын. Міне, ат қана ұйықтамайды. Шылбыр білегімде, шылбырдың бір ұшы жылқыда. Ажырап қалсам, жылқы кетіп жапан түзде қаламын. Кейде жылқы үркиді. Жылқыны шауып жүріп, жинап, түгелдеп есеп беремiз. Бірде үсқірік аяз, тұманды күні жақын маңдағы қойшы қатты дауыстап белгі берді. Ұшып тұрып, қойшыларды қасқыр айналдырған екен-ау деп шештім. Сөйтсем, қасқыр мені айналдырып жүріпті. Табанымда әдемі, жұмыр байтал бар еді. Аяқ астында қар борап, ешнәрсе көрінбей жылқы үркіп, тайлар кісінеп, алай-дүлей болдық та қалдық. Есімді жисам, сұлу байталым сілейіп, құлағалы тұр. Қасында қасқыр жатыр. Қатты шошыдым. Қойшылар көмекке келді. Көжкал байталдың шабына келіп жабысып, жарып жіберіпті. Қойшы: «Айғыр қара құстан тепкен екен, қасқыр да сеспей қатыпты, өзі ірі арлан екен». – деді. Қос аяқпен жерді тепкілеп, қарды боратқан осы айғыр екен. Жылқы малының ерекшелігі осы, ер айғыр өз үйірін қорғайды. Жауын өлтіріді, бірақ байталды қорғай алмады. Байталды әкетерде айғыр үйірмен жүргенмен, кісінеп қалды. Менің де көзіме үйір болды ма, әлі күнге жылқы көрсем, өлгі байталым есіме түседі. Өзі құла еді.

Осындай еңбекке толы жылдарым есімнен кетпейді. Еңбекті жалпыз мен емес, көппен бірге істедік. Заман сондай еді. Халқымыз: «Көп жасағаннан сұрама, көпті көргеннен сұра». – дейді. Айтарым да көп, көргенім де көп. Оңжас Сүлейменов бір сөзінде: «Ата-әжелер өткен күндерінен немерелеріне айтып отырсаңдар, ол да – тарих». – деп айтып кеткендей, ұрпағыма осы көргенімді әңгімелеп беремін. Олар ертегі тыңдағандай әсерде қалады.

Қыс өткен соң, көктеуге шығамыз. Қыстан аман-есен шыққан малдың санын есептеп, Талғарға конторға өткіземіз. Атқарған еңбегіміз толық есептелiп, қол қойылып, жылдың аяғында жерден шыққанның бәрі де ескеріліп, еңбекақымызға қарық боламыз. Хамит аға ылғи да осы жұмыспен жүреді. 1944 жылы жайлауда едік. Жамал жеңгеме болашақ күйеуімнің немере әпкесі Кәбира келіп: «Енді көрсін, бұйрық болса қосайық». – депті. Бұл сөзіне, жеңгем: «Ең үйлі жанды бағып отырған қызымыз еді». – деп жағдайын айтыпты. Өгей шешем де жайлауда болатын.

Жігітті көрдім, ұнаттым, қашуға келіскімді бердім. Мүмкін қашпас па едім, шешем сүймеген жігітіме беремін деп әрекеттенiп жүрген болатын. Осылайша келіскілген түні, сүйіктімнен түн жамылып қаштық. Жеңгем құрқынышқа жетпесін деп мініс атымның ертоқымын алып, жылқыға қоя берген екен. Осылайша, менің қашып кеткенім өшкере болған соң өгей шешем қарғыс жаудырды. Қазақта назаланбайды, қарғыс айтпайды. Алайда осы сөздердің адам өмірне қаншалықты ауыр жүк екендігін өз басымнан білемін. Маған қолы жетпей қалған жігіт бір ретте меннен арнайы жолығып, (қолында соғысқа шақыртуы бар): «Жұбайлық өмірің баянсыз өтсін». – деп еді. Ол адамды осы соңғы көруім болатын. Сол бойы соғыстан аман оралған жоқ. Қарғыстың арты жаман екенін білемін. Жұбайлық өмірім баянсыз өтіп, 37 жасымнан осы күнге дейін жалғыз өмір сүріп келемін. Менің өкінішім жоқ. Бар тілегім – үміт артқан балаларымның амандығы.

Тұрмыс құрғаннан кейінгі жылдары жолдасым екеуміз еңбекте болдық. Атам соғыстан бұрын орманшы екен. Бізді өз қарамағына алып, орман күтудан қыр-сырына беймдеді. Жасым 72-ге келгенше еңбектен қол үзбедім. Қазір де алға ұмтыламын. Еңбектес құрбыларымды еске түсіріп, Жеңістің 70 жылдығында осы естелігімді тебірене жазып отырмын.

Жастарға айтарым, адал болыңдар. Қазір ұры-қары, адамға қиянат жасау көп. Айуанмен бірлесіп жұмыс істедік. Бірақ, тепкен жоқ, қайта көмектесті. Әділдікке жетер еш нәрсе жоқ. Құдайға істегеніңнің бәрі аян. Тәңір алдында жауап беретін күндер келеді. Шыдамдылық, төзімділік, адалдық жеңіске жетеді. Жұмыс бізді бойымызға күш-қуат беріп жігерлендіреді. Адамды алдыға тек мақсат жетелейді. Біреудің табан ет, мандай тер мен тапқан ақысын жемеңдер, соның ақысы өзіңді жейді. Халқымыз: «Тек жүрсең, тоқ жүресің, домаланып көп жүресің», «Жүрісі жаман жігітті ел ішінде жау алады», «Көпті сыйламаған кемусіз қалады» деп бекер айтпаса керек-ті.

Ажар ҚАНАТҚЫЗЫ,
еңбек ардагері.
Талғар ауданы.

САЙЛАУ – 2016



БІЛІКТІЛІК СЫНҒА ТҮСЕДІ

Кезінде Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты болған, одан кейін де ел болашағына қатысты жұмыстарға белсене араласып жүрген Жомартқали Жексенбинов ағамыз қоғамда болып жатқан өзгерістерді әлі де жіті қадағалап отырады. Елбасы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының сайлауын кезектен тыс өткізу туралы Жарлығына қол қойғаннан кейін ағамызға жолығып, бірнеше сұрақ қойып, ой-пікірін білген едік.

– Жомартқали Баясылұлы, кеше ғана Елбасы сайлау өткізу туралы Жарлыққа қол қойды. Бұл шешімді ел өркениетін өрлететін тағы да бір маңызды қадам деп бағалауға бола ма?

– Иә, Президент телеарна арқылы ел халқына Үндеу жолдап, 5-ші сайланған Парламент Мәжілісінің өкілеттігін тоқтату және кезектен тыс Мәжіліс сайлауын өткізу жайлы ойын ортаға салды. Өз сөзінде Елбасы өз атына бастамаға қолдау көрсеткен көптеген хат пен жеделхаттар түскенін тілге тиек етті. Саяси партиялар мен кәсіподақ, үкіметтік емес ұйымдар, кәсіпорындар, мекемелер мен оқу орындары ұжымдарының сол қатардан табылғанына ризашылығын білдірді. Олардың қолдау көрсетіп отырғанын ел қамы үшін жасалған талпыныс деп түсінетінін жеткізді. Сондай-ақ, депутаттардың бастамасы Қазақстан мен қазақстандықтардың тағдырына оташылдық тұрғыда қамқорлық танытудың көрінісі деп санайтынын да атап өтті. Осының өзінен-ақ кезектен тыс сайлау өткізудің қаншалықты маңызды екендігін білуге болады. Елбасы жұрт тілегін орындап, көкейкесті мәселелерді шешудің жолдарын ертерек қолға алу жайын қарастырып отыр.

– Сіздің ойыңызша Мәжіліс және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының кезектен тыс сайлауын өткізудің қажеттілігі неде?

– Елбасы атап көрсеткендей, Мәжілістің кезектен тыс сайлауы (оның ішінде Қазақстан халқы Ассамблеясының да депутаттары бар) және өңірлік мәслихаттардың кезекті сайлауын өткізу уақытты да, қаржыны да үнемдеу деген сөз. Меніңше, дұрыс ойластырылып отырған мәселе. Қазіргі қоғам баяғы 1991 жылғы жағдайдан мүлде басқаша. Біз жасампаз еңбекке □шыңдалып, табысты қалыптасып, әлемге сыйлы мемлекет құрған біртұтас халыққа айналдық. Десе де, осы жылдар ішінде көптеген сын-қатерге ұшырадық, ел келешегі мен жұрт мүддесі талқыға түскен талай қиын-қыстау жағдайларға тап болдық. Бірақ қандай сынақтар болса да етек-жеңімізді түріп, бекемдігімізді, бірлігімізді нықтап, қарыштап алға басып, халықаралық аренадан өз орнымызды таптық. Алайда, өткен жылдан бері әлемді алаңдата бастаған экономикалық дағдарыс біздің алдағы жоспарымызды қайта құруды талап етті. Елбасының 5 институттық реформасын жүзеге асыру бағыты тың күш, соны серпін, батыл ұмтылысты талап етіп отыр. Осы тұста депутаттардың атқарар рөлі зор. Өйткені олар өз құзыреттілігін пайдалана отырып мемлекеттік немесе жергілікті деңгейде қарастырылған әрбір жоспардың атқарылуын бақылайды, бағдар береді. Жаңадан жасақталатын Мәжіліс немесе мәслихат депутаттарының қатары жастармен толығады деген ойдамын. Бұл кез алдағы қиындықты еңсерумен бірге «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыратын жалынды жастарды тәрбиелеуге сеп болады. Сондай-ақ, осы сайлау депутаттарға бұрынғыдан да мол мүмкіндік беріп, олардың қызмет ауқымын кеңейтіп, күш-қуатын толықтыра түседі деп ойлаймын.

– Сіз кезінде Сенат депутаты ретінде ел өркениетіндегі маңызды бастамалардың куәсі болдыңыз. Жалпы, Парламент сайлауында бағы жанған халық қалаулылары ел үмітін ақтап жүр ме?

– Иә, ел арасында «халық қалаулысы» деген қанатты сөз бар. Халық қалаулысы болу әркімнің маңдайына жазыла бермейтін бақ. Оны елдің өзі өткен өміріне, жүрген жолына, сөйлеген сөзіне, елді біріктіре алатын қабілетіне қарай таңдайды. Сондықтан олар ел мен жердің болашағы үшін таңды-таңға жалғап тынымсыз жұмыс жасауы, биік мінберлерде халықтың қамы үшін таласқа түсуі керек. Жұрттың ойындағы түйткілді шешуге ден қоятын және ойлаған ойын жүзеге асыруда байыпты бағдар ұстанған депутаттарды жұрт құрметтейді. Тәуелсіздіктің алғашқы он жылдығында әлеуметтік, экономикалық, тағы басқа да салаларда қордаланған мәселелерді шешу күн тәртібіне шықты. Сол тұста депутаттардың ел экономикасын өркендету жайлы айтқан тұшымды ойлары әлі күнге есімнен шыға қойған жоқ. Сондай ұмтылыстың арқасында еліміз дамудың дәңгыл жолына түсті. Бұл халық қалаулыларының ел үмітін ақтағаны дей аламын.

– Ендеше, Парламенттің қос палатасындағы жетісулық депутаттар өңірімізге қатысты қандай пайдалы істер атқарды дей аласыз?

– Халқымызда: «Туған жерге ту тіккен» деген нақыл сөз бар. Осы тұрғыдан келгенде, Парламенттің қос палатасындағы, Мәжілістегі жетісулық депутаттар өнімді жұмыс атқарды. Олар Астананың төрінде жүрген кезде де туған өлкесінің түлеуін есінен бір рет те шығармады. Атап айтар болсақ, сол тұстағы халық қалаулыларының ұтымды ұсынысының арқасында бүгінде ары-бері өткен жүргіншінің көңіл қуанышына айналған тасжолдар күрделі жөндеуден өтіп, ел игілігіне берілді. Талдықорған төрінде бой көтерген Назарбаев зияткерлік мектебі мен Жетісу жастарының қара шаңырағына айналған «Жастар» спорт сарайы салынды. Сондай-ақ, облысымыздың аудан, қалаларында қаншама мектеп, балабақша бой көтеріп, жылдар бойы ауызсуға зар болған елді мекендердің мәселесі оң шешімін тапты.

– Сіз Мәжіліске сайланатын болашақ депутаттардан не күтесіз?

– Менің ойымша, жаңа Мәжіліске ойы озық, білімі терең, біліктілігі мығым, бүгінгі әлемнің іс-тәжірибесімен қаруланған білікті мамандар келеді деп ойлаймын. Десе де осы жолғы сайлауда шағын және орта бизнес саласының қыр-сырын жетік білетін адамдар көбірек сайланса жақсы болар еді. Өйткені ел экономикасын дамытудың алдағы басымдығы орта және шағын бизнестің дамуымен тікелей байланысты болып отыр. Соған орай ауылшаруашылығы саласын жетік білетін адамдардың көп болғаны жақсы. Өйткені Елбасының Ұлт жоспарын жүзеге асыруға бағытталған «100 нақты қадамында» осы саланы дамытудың кешенді жоспарлары көбірек көрсетілген. Сонымен қатар, Елбасы атап көрсеткендей, еліміздің дамуының бірден-бір кепілі – береке-бірлік, ынтымақ, ұлттар достығы. Осы бағыттағы жұмыстарды үйлестіруде Қазақстан халқы Ассамблеясының арқалайтын жүгі жеңіл болмайды. Сондықтан Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдерін де осы қатардан көргім келеді. Сондай-ақ, қазіргі таңда нәзік жанды әйелдер қауымы да ел өміріне араласып, түрлі салада үлкен белестерді бағындырып келеді. Іскер әйелдер қауымдастығы қатарында жетістікке жетіп жүргендер аз емес. Сондықтан депутаттар қатарында әйелдердің көп болғаны құба-құп болар еді. Халқымызда «Көп түкірсе көл» деген нақыл сөз бар. Осы реткі Мәжіліс депутаттарының қатарынан еліміздегі түрлі партияның өкілдері тиісінше орын алса деймін.

– Болашақ Мәжілістің құрамында аға буынның көп болғаны дұрыс па, әлде жастар қатарының басым болғаны жөн бе?

– Әр буынның өз мүмкіндігі, ерекшелігі, артықшылығы мен кемшілігі бар. Өмірден көрген-білгені, көкейге түйгені көп аға буын жастарға жөн сілтеп отырады. Ал жаңашылдығы басым жастар ағаларының бай тәжірибесіне сүйенер болса, тәжірибесі толығып, парасаты арта түсетіні анық. Сондықтан жаңа Мәжілісте екі буынның да білікті өкілдерінің қатары орныққаны «Бітер істің басына, жақсы келер қасына» деген халық даналығының ақиқатын айқындай түседі.

– Жергілікті мәслихаттың абыройбеделін қалай бағалайсыз? Сіздің ойыңызша оларға артылар жүктің салмағы қаншалықты деңгейде?

– Бүгінгі таңда жергілікті мәслихаттың жұмысын ширатып, олардың құзыреттілігін арттыру күн тәртібінде тұр. Бұл жергілікті мәслихаттың жұмысы жүйесіз дегенді білдірмейді. Қайта оларға артылар жүктің салмақты екендігін көрсетеді. Себебі, жергілікті жерде көңіл бөлуге тиісті, шешімін күткен, елдің назарын аударған мәселелер жетерлік. Жергілікті мәслихат осындай күрделі мәселелерді көтеріп, жұрттың тілегінен шығуы керек. Осыған дейінгі облыстық мәслихат депутаттары жақсы жұмыс атқарды. Облысымыздың аграрлық саласын жандандыруда олардың үлкен талпыныс танытқанын атап кету керек. Өткен жылдың өзінде жетісулықтар Елбасының ауылшаруашылық саласын дамыту жөніндегі тапсырмасына орай үлкен жұмыс тындырды. Өңіріміз қант қызылшасы мен жүгері өндіруден мол табысқа жетті. Құрылыс саласындағы табыстарға да демеу болды. Десе де, алдағы уақытта жетісулық депутаттарға артылар жүк екі есе салмақты болады. Себебі, кейінгі жылдары өңірімізде «Индустриялды-инновациялық даму» бағдарламасы аясында бірқатар кешенді шаралар атқарылды. Мысалы, Батыс Қытай – Батыс Европа магистралі бітуге жақын. Алайда, күрежолдың бойында сервистік қызмет жоқтың қасы. Алдағы уақытта автомобиль жолдары бойынша ауқымды жұмыс басталғалы тұр. Бұл да депутаттарға үлкен міндет жүктейді. Сондықтан жергілікті мәслихаттың құрамы ауылшаруашылығын дамытуға, бизнестің дамуына тер төгіп, қызмет ететін азаматтардан сайланғаны жөн деген ойдамын.

– Әңгімеңізге рахмет.

Әңгімелескен Қажет АНДАС.

ЕЛБАСЫ МАҚАЛАСЫ – ЕЛ МҮДДЕСІ

Тыңнан түрен салған

Мемлекет басшысының «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» атты мақаласы халық арасында зор серпіліс туғызды. Оған мақалада көрсетілген даму, өсіп, өркендеу жолдарын құптап бұқаралық ақпарат құралдары жариялаған және әлі де жарық көріп жатқан пікірлер дәлел бола алады.

Биыл еліміздің тәуелсіздігіне 25 жыл толатындығы баршамызға белгілі. Осынау қысқа ғана мерзімде еліміз қол жеткізген жетістіктерді одан ары дамыта отырып, жаңа қазақстандық арманға – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу мақсатында бес институттық реформаның табысты қадамдарын қамтамасыз етуге қатысты заңнамалық және ұйымдастырушылық тұрғыда үлкен жұмыстар атқарылды. Соның арқасында елдің ертеңгі күнге деген сенімі арта түсті.

«Мемлекеттік қызмет туралы» жаңа Заңда мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттыру бірінші реформаның негізі екендігі анық айтылған. Еліміз мемлекеттік қызмет мәселелерінде аймақтық көшбасшы ретінде мойындалған. Бұл бізге қол жеткенге тоқмейілсімеуді міндеттейді. Соңғы жылдары еліміздегі мемлекеттік қызметте айтарлықтай өзгерістер болып жатыр. Соның бірі – мемлекеттік қызмет жүйесін тұтастай жетілдіру және мемлекеттік қызметтер сапасын арттыру. Биылғы 1 қаңтарда қазақстандық мемлекеттік қызметте дамудың жаңа сатысы басталды. Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі министрлік пен оның құрылымында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі ұлттық бюро құрылды.

Алдағы уақытта мемлекеттік қызметке тұру тек төменгі лауазымдардан және кешенді іріктеу нәтижелеріне сай ғана мүмкін болады. Әкімшілік мемлекеттік қызметшінің өсу жолына қойылатын басты талап – жинақтаған тәжірибесі мен біліктілігі болмақ. Мемлекеттік қызметшімен орындалатын жұмыстардың сипаты, көлемі мен нәтижелеріне сай еңбекақы төлеудің жаңа жүйесі заңмен бекітілді. Келер жылдан бастап барынша нәтижелі жұмыс үшін бонустар төлеуді қарастыратын жүйе енгізу жоспарлануда.

Мемлекеттік қызметшінің Әдеп кодексі заңды күшіне енді. Онда жұмыс пен тұрмыстағы мінез-құлық пен жүріс-тұрыстың стандарттары белгіленген. Азаматтар мен мемлекеттік қызметшілерге кеңес беретін, олардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ететін, әдеп бойынша уәкілеттік берілген жаңа институт жұмысқа кірісті. Жаңа заңның негізінде және еңбекақы төлеудің жаңа жүйесі енгізілгеннен кейін жаңа біліктілік талаптарына сәйкестікке байланысты «Б» корпусындағы әкімшілік мемлекеттік қызметшілерді кешенді аттестациядан өткізу ойластырылуда.

Мемлекет басшысының мақаласы, жоғарыда айтылғандай маңызды істерді, қайырлы қадамдарды жүзеге асыруға барлығымыздың бір кісідей жұмылуымызды ынталандырады. Ұлт жоспары мен реформаларды орындау нәтижесінде тыңнан түрен салған жарқын мүмкіндіктерді барлығымыз тиімді пайдалануға тиіспіз.

Ж. АҚБЕРГЕНОВ,
Алакөл аудандық сотының судьясы.

ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕФОРМА

ЖАҢАЛЫҒЫ МОЛ ҚҰЖАТ

Мемлекет басшысы Н. Назарбаев 2015 жылғы 31 қазанда Азаматтық процестік кодекстің жаңа редакциясына қол қойды. Бұл өзгерістердің барлығы «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында көрсетілген тапсырмаларды жүзеге асыру мақсатында енгізіліп, оның тоғыз қадамын жүзеге асыруға бағытталған.

Ұлт Көшбасшысы Н. Назарбаев Судьялардың VI съезінде сот жүйесін одан әрі жетілдірумен қоса Азаматтық процестік кодексті жаңғыртуды тапсырған болатын. Аталған құжатты әзірлеу Жоғарғы сотқа жүктелген. Осы жобаны дайындау үшін сот жүйесінің білікті судьялары, Бас прокуратура, Ішкі істер, Әділет, Қаржы министрліктерінің, адвокатура, нотариат, жеке сот орындаушылар өкілдері және азаматтық құқық саласының белгілі ғалымдарынан тұратын ведомстволық жұмыс тобы құрылды. Жаңа редакциядағы Азаматтық процестік кодексіне қатысты көпшіліктің пікірі де ескерілді.

Осыдан 15 жыл бұрын қабылданған кодекс өзіне жүктелген міндеттерді толық атқарып, мемлекеттің бүкіл институттары мен қоғамдық қатынастардың жұмысын қамтамасыз етті. Ал, Азаматтық процестік кодексті жаңғырту – уақыттың талабы. Себебі, заман дамыған сайын дау-жанжалдардың түрлері көбейіп, әлеуметтік-экономикалық қатынастар жаңа сатыға көтерілді. Оның үстіне азаматтық істердің саны күн санап өсуде. Бұл қарапайым халықтың сотқа деген сенімінің артқандығын көрсетеді.

Г. МҰҚАНОВА,
Жамбыл аудандық сотының судьясы.



ӘЛЕУМЕТ

2015 жылғы 10 желтоқсандағы № 985 ҚР Үкіметінің «2016 жылдың 1 қаңтардан бастап уәкілетті ұйымнан төленетін зейнетақы төлемдерінің және еңбек сіңірген жылдары үшін төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін арттыру туралы» қаулысына сәйкес жасына байланысты зейнетақы төлемдері 9 пайызға өсірілді.

ЗЕЙНЕТАҚЫ 9 пайызға өсті

2015 жылғы 30 қарашадағы № 426-V «2016-2018 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» ҚР Заңына сәйкес, жасына байланысты зейнетақының ең төменгі мөлшері 2016 жылдың 1 қаңтарынан 25 824 теңгеге (2015 жылдың 1 қаңтарынан 23 692 теңге болған), базалық зейнетақы 2016 жылдың 1 қаңтарынан 11 182 теңгеден 11 965 теңгеге дейін өсірілді. Яғни, 2016 жылдан жасына байланысты зейнетақының ең төменгі мөлшері базалық зейнетақыны қосып есептегенде 37 789 теңгені құрады (2015 жылы 34 874 теңге болған).

Ең төменгі күнкөріс деңгейі 2016 жылдың 1 қаңтарынан 22 859 теңге болып және ең төмен жалақы 22 859 теңге болып белгіленген. ҚР 2013 жылдың 21 маусымындағы «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңында тағайындалатын зейнетақы мөлшерін есептеу үшін қолданылатын орта айлық табысы 41 айлық есептік көрсеткішпен шектеледі.

2015 жылғы 30 қарашадағы № 426-V Қазақстан Республикасының «2016-2018 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңына сәйкес 2016 жылға айлық есептік көрсеткіш 2 121 теңге мөлшерінде белгіленгендіктен, 2016 жылдың 1 қаңтарынан жасына байланысты зейнетақы тағайындалатын азаматтарға зейнетақы мөлшерін есептеуге алынатын табыс 86 961 теңгемен (2121,00х41) шектелетін болады. Сонымен қатар, «2016-2018 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» ҚР Заңына сәйкес, 2016 жылға арналған айлық есептік көрсеткіш 2 121 теңгеге дейін көбейтіліп белгіленуіне байланысты, арнайы мемлекеттік жәрдемақының, № 1 және № 2 тізімдер бойынша мемлекеттік арнайы жәрдемақылардың, бала туғанда бір рет төленетін және бала бір жасқа толғанға дейін күтімі үшін жәрдемақының, Семей ядролық сынақ полигонында зардап шеккен азаматтарға бір рет төленетін өтемақының, жаппай саяси зардап шеккен азаматтарға төленетін өтемақының мөлшерлері де өсті.

1997 жылғы 16 маусымдағы № 126 «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы» 12 және 16 баптарына сәйкес мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайына мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейінің көтерілуіне байланысты аталған жәрдемақының мөлшері өсірілді. 2016 жылдың 1 қаңтарынан I топтағы жалпы ауруы бойынша мүгедектің жәрдемақы мөлшері 40 690 теңгені құрады (2015 жылдың 1 қаңтарынан 30 337 теңгені құраған), II топтағы жалпы ауруы бойынша мүгедектің жәрдемақы мөлшері 31 775 теңгені құрады (2015 жылдың 1 қаңтарынан 23 715 теңге еді), III топтағы жалпы ауруы бойынша мүгедектің жәрдемақы мөлшері 22 402 теңгені құрады (2015 жылдың 1 қаңтарынан 16 664 теңгені құраған).

Мүгедек баланы (18 жасқа дейін) тәрбиелейтін ата-анаға (қорғаншысына, қамқоршысына) төленетін жәрдемақының мөлшері ең төмен жалақының көтерілуіне байланысты өсірілді. Яғни, 2016 жылдың 1 қаңтарынан осы жәрдемақының мөлшері 24 002 теңгені құрады. Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан еңбек ету қабілетінен айырылған, асыраушысынан айырылған жағдайларда 2016 жылдың 1 қаңтарына дейін тағайындалған әлеуметтік төлемдердің мөлшері 7 пайызға өсірілді.

Облыс бойынша 2016 жылдың 1 қаңтарынан зейнетақы төлемдерін және мемлекеттік жәрдемақы алушы 624 809 азаматтың төлемдері көбейтіледі және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан еңбек ету қабілетінен айырылған, асыраушысынан айырылған жағдайларда тағайындалған жәрдемақы мөлшері 7 пайызға өсірілді. Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан әлеуметтік төлем алушы ретінде есепте тұрған 18 119 азаматтарға төлем мөлшері өсірілді.

Ж. ДӘЛІБАЕВ,
Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің облыс бойынша департамент басшысының орынбасары.

Әлем тынысы

МЕЙІРІМДІЛЕРДІҢ МИЫ ҮЛКЕН



Ызақор, кек қайтарғыш, ашуланшақ адамдардың ми көлемі мейірімді жандарға қарағанда әлдеқайда кішкентай болып келеді. Бұл туралы ұзақ уақыт бойы зерттеу жүргізген нейрофизиолог мамандар айтты. Мейірімді адамдардың ми арналары кеңіп, ал адам ызаланған сайын бас тамырлары тарыла түсетін көрінеді.

Ғалымдардың тәжірибесіне 300 адам қатысты. Олардың жартысы жан-жағына мейіріммен, аяушылықпен қарай білсе, қалғаны ашу-ызамен, өкпелі қалыппен көз тіккен. Екі топқа бөлген дәрігер ғалымдар қатысушылардың басына медициналық сараптама жүргізді. Нәтижесінде, қамқор, мейірімді адамдардың миы еркін жұмыс істейтінін, сол себепті де көлемі үлкен болатынын анықтады. Сонымен, ғалымдардың пікірінше, тумысынан басы, оның ішінде ми көлемі кіші адамдарды ызақор деп кінәлап, мінезіне мін тағу орынсыз болып табылады.

ТӨРТ МЫҢ ЖЫЛДЫҚ ТУННЕЛЬ



Туысқан түрік еліндегі археологтар көне Гевале қамалында осыдан 4000 жыл бұрын салынған құпия туннельді тапты. Бұл тарихи қамал Таккель тауының шыңында, теңіз деңгейінен 1700 метр биіктікте, Конья қаласына таяу маңда орын тепкен. Тарихшылардың айтуынша, жұмбақ үңгімені дәуірлеп тұрған шағында селжұқтар салыпты.

Гевале қамалы өркениеттің ошағы саналған. Ол жерде көне хеттер, эллинистік, римдік, византиялық, қараманидтік тайпалар өмір сүрді. Мұндағы қазба жұмыстары үш жылдан бері жүргізіліп келеді. Осы аралықта қамал қойнауынан керамикалық құмыралар, тұтынатын түрлі заттар, металл бұйымдар табылды. Сонымен бірге, жартасқа жазылған таңбаларды да анықтаған. Селжұқтар бұл туннельді XI ғасырда қорғаныс саласын дамыту мақсатында үлкен еңбекпен ойып жасап шыққан төрізді. Тау тасын тесіп жасаған терең үңгіме халықты жаудан жасырып, аман сақтап қалып отырған.

МҰХИТ ДЕҢГЕЙІ КӨТЕРІЛІП КЕЛЕДІ



Тағы да мұхиттың тосын мінезі бүкіл әлемді алаңдата бастады. Гренландиядағы алып мұздықтардың еруі төрт мұхиттың деңгейін жылдам көтеріп жатыр. Бүгінде мұхиттың суы ғалымдар болжаған деңгейден де асып түскен. Мұндай қорқынышты тұжырымды Дания мен Гренландия геологиялық барлау қызметінің өкілдері жасады.

Қазіргі таңда қардың қалыңдығы мен мұздың қабыршағы мұхитқа құйылатын ағын суды ұстап тұра алмайды. Бұл мәселе осы уақытқа дейін ескерілмеген. Ғалымдар осы құбылысқа қатты алаңдап отыр. Климаттың жылынуы мұздықтарды ерітіп, мұхит суының көлемін ұлғайтып барады. Мұхит жағалаулары енді біртіндеп топан судың құшағына еніп жатыр. «Videnskab.dk» аталатын даттық ғылыми порталда профессор Джейсон Бокс Гренландиядағы 40 метрлік мұз қабаттары қазір үш метрге дейін жұқарып кеткенін айтады. Бұл – жаһандық жылынудың тікелей салдары.

ЕЛОРДА ТУРАЛЫ ЖАҢА КІТАП



Француз қаламгері Адриан Фобтың «Даланың және әлемнің Астанасы» атты жаңа кітабы жарық көрді. Кітапта бүкіл әлем көз тіккен ажарлы Астананың бүгінгі келбеті туралы сөз болады. Автордың сипаттауынша, шетелдіктер үшін Астана қарқынды құрылысымен, Сарыарқа төсіндегі орналасу аймағымен өте қызықты.

Алып далада Астананың іргетасын қалау оңайға тиген жоқ. Елорданың ландшафтын жасауға көп күш жұмсалды. Кітапта кіндік қаламыздың көркі барынша жан-жақты айшықталған. Жинақ қазіргі Астананың қызықты сипаттамаларына толы. Кітапты оқыған болашақтағы адам 2015 жылы Астана қандай болғанын оп-оңай біле алады. Фоб суреттейтін Астана – бірнеше зәулім де келісті ғимарат пен олар тудыратын әсерді ұмыттырмайтын әлемдік қала. Кітап авторы Париж қаласында тұрады. Астана туралы жаңа кітабын 2013 жылы қорғаған докторлық диссертациясы негізінде жазып шыққан.

ӘЖЕ ДИССЕРТАЦИЯ ҚОРҒАДЫ



Тунисте тұратын Мунира Хамза есімді мұсылман әйел 85-ке толған шағында докторлық диссертациясын қорғады. Қартайғанына қарамастан ғылым жолына түскен кейуана осы күнге дейін француз әдебиетіне жан-жақты зерттеу жүргізіп келген. Ақыры әдебиет саласындағы ұзақ жылғы еңбегімен ғылыми дәрежесін қорғап шықты.

Ғылым жолы – қиын жол. Алайда қарт әженің жігері ұшан-теңіз. Талмай ізденген ананың жетістігін Тунистің президенті Беджи Каид та елеп, мемлекеттік деңгейде марапат ұсыныпты. Қырық жыл бойы француз әдебиетінен сабақ беріп келген ол зейнеткерлікке шыққаннан кейін тығырыққа тірелген. Алайда ғылыми ізденісін тоқтатпай, асықпай 300 беттік диссертация жазды. «Алла адамды бекерге жаратпаған. Бұл өмірге келудегі басты мақсатымыз – ілім жинап, биіктерді бағындыру. Аяқ-қолым сау тұрғанда ғылыммен шұғылдануды жалғастыра беремін», – дейді ғалым әже.

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

№ 37 (18169)

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz Jetisu2002@mail.ru

Бейсенбі, 31 наурыз, 2016 жыл.

Құрметті Талдықорған қаласының тұрғындары мен қонақтары!

Сіздерді 2016 жылғы 9 сәуірде облыстық «Талдықорған» ипподромында өтетін Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған ұлттық ат спорты түрлерінен республикалық жарысты тамашалауға шақырамыз.

Жарыстың салтанатты ашылуы 9 сәуір күні сағат 10.00-де.

ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ.

КӨКТЕМГІ НАУҚАН

ҚЫЗУ ТІРЛІК БАСТАЛДЫ




«Көктемнің бір күні – жылға азық» дейді дана халқымыз. Сол себепті ырыздығын жерден терген диқандар бұл мезгілдің әр күнін тиімді пайдаланып, ойдағыдай өткізуге тырысады. Осыны ескерген Көксу ауданының шаруалары көктемгі науқандық жұмыстардың сапалы әрі уақытылы жүргізілуіне бар күш-жігерлерін жұмсауда.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Жауапты науқанды ойдағыдай атқарып жатқандардың қатарында Қабылиса ауылдық округінің еңбеккерлері де бар. Қазір осы округке қарасты Ақтекше және Көкбастау елді мекендеріндегі бусанған егістік алқаптарында қызу тірлік басталған. Қыс бойы қар басқан тау бөктері көкке оранып келеді. Дала төсін дүбірге бөлеген техника гүрілі анадайдан естіліп тұр. Сол жердегі егістікке арнайы барып, жүріп жатқан шаруа жайымен танысып қайтқан едік. Салаға жауапты мамандар науқандық шаруаның ойдағыдай әрі ұйымшылдықпен атқарылуына зор мән беріп отыр. Көктемнің ерте шығуына байланысты ауылдықтар бұл науқанды әдеттегіден ерте бастапты. Жер ылғалы да жаман емес.

Соны тиімді пайдаланғысы келген диқандар еңбек көрігін қыздыруда. Солардың бірі «Кең дала» шаруа қожалығының диқандары. Жалпы, бұл қожалықта барлығы мың гектар жер бар, соның төрт жүзі аталмыш ауылдық округтің аумағында. Алқапта қазір арпа-бидайдың тұқымы себіліп, қауырт жұмыстар жүруде. Бұл шаруа таяу уақытта аяқталады деген болжам бар. Бұдан соң еңбеккерлер ойға түсіп, қант қызылшасының тұқымын егуге кіріспек. Ал оған арналған алқап көлемі жүз гектарды құрайды. Бұдан өзге дақылдар да өз ретімен себіле бермек. Мамандардың айтуынша, жауапты іске оннан аса адам тартылған.

Ауылшаруашылығына қажет техникалармен де толық қамтамасыз етіліпті. Ауыл округінің әкімі Еркін Бейсеновтың сөзіне жүгінсек, Қабылиса ауылдық округінде жалпы 108 шаруа қожалығы бар. Ауыл берекесін тасытып, егін егіп, мал бағумен айналысып отырғандар да солар. Округке тиесілі 76 мың гектар жердің 3,5 мың гектары дәнді дақылдарға арналыпты. Өткен жылы осы алқаптың 840 гектарына күздік бидай, ал бүгінде 200 гектардан астам жерге арпа тұқымы себілген. Жалпы, округ бойынша көктемгі дала жұмыстарын жүргізуге жүзден аса техника жұмылдырылуда.



Суреттерді түсірген Аслан ҚАЖЕКЕЕВ.

Қабылиса ауылдық округінде қазір егіс жұмыстарымен қатар мал төлдету науқаны да жүріп жатыр. «Қой қоздап, қорада шу» деген осы. Жауапты іске малшылар қауымы қызу кіріскен. Өйткені олар үшін төрт түлікті табысты төлдету маңызды шаруаның бірі саналады. Бұл – тек мал ұстағандарға ғана емес, сондай-ақ, бүтін бір ауылшаруашылығы саласы үшін де маңызы зор кезең. Бір сөзбен айтқанда, көктемгі науқан жұмыстарына қатысты жағдай қалыпты әрі тұрақты назарға алынған. Аталған істі ойдағыдай жүргізіп отырғандардың бірі «Сарыой» шаруа қожалығы. Осы ретте шаруашылық иесін сөзге тартып, мал төлдету науқаны бойынша атқарылып жатқан жұмыс жайын сұрап білген едік.

Ерден Нұрғали бізге төрт түлігінің қыстан аман шығып, бүгінде шетінен төлдеп, мал санының өсіп жатқаны жөнінде айтып берді. Сондықтан, мұндағы малшылар жаңа туған төлдің жақсы өсіп-жетілуіне барынша жағдай жасап, бағып-қағуда. Осы бағытта олар күн-түн демей еңбек етіп жатыр. Біз бұған да көз жеткізіп қайттық. Қазіргі кезде қожалықта туатын алты жүз бас саулық бар, соның жартысы қоздап та үлгерген. Сондықтан, төл алу жұмыстары әлі де жалғаса түспек. Құлдыраңдаған қозылар бірінен соң бірі енелерінің бауырына еніп, еміп жүр. Бұдан бөлек, биелер құлындап, сиырлар бұзаулауда. Олар да өз енелерінің қасынан қалмай еріп барады. Шопаната, Зеңгібаба, Қамбарата түліктері жас төлдерімен бірге отқа шығып, емін-еркін жайылып жүр.

Көктемнің күндеріне аман жеткен түлік түрі көктеудегі шөптен басын алар емес. Қалай десек те, мал бабын тапқанға бітетіні белгілі. Уақтылы жемшөбін беріп, дұрыс күтіп-баптай білсең ғана еңбегің жанып, өтеледі. Осыны жақсы білетін шаруашылық иесі төрт түлікті шығынсыз, өз төлі есебінен өсіруге ден қойған. Қожалық басшысы мал басын асылдандырып, санын көбейтуге ерекше көңіл бөліп отыр. Бүгінде ол осы бағыт бойынша жұмыстар жүргізіп, «Сыбаға», «Құлан» сияқты мемлекеттік бағдарламалардың көмегімен шаруасын одан әрі шалқытуды көздейді.

Көксу ауданы.

АРДАГЕРЛЕР ҰЙЫМЫ

Тіл сарайында облыстық ардагерлер ұйымының VII есеп беру-сайлау конференциясы өтті. Оған ардагерлер ұйымы республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Өмірзақ Озғанбаев, облыс әкімінің орынбасары Бақтияр Өнербаев арнайы қатысып, ақсақалдардың қоғамдағы орны мен өңірдің дамуы жайлы қосқан үлестерін екшеп берді. Өз кезегінде аудандық, қалалық, облыстық ардагерлер ұйымының төрағалары мен мүшелері және облыстық басқарма, департамент басшылары да қарттарға жасалып жатқан қайырымды істердің көңіл қуантатынын сөз етті.

ЕЛ АМАНАТЫНА АДАЛДЫҚ



Суретті түсірген Ж. МҰСАБЕКОВ.

Қажет АНДАС

Облысымызда 195 мыңнан астам зейнеткер болса, оның арасында 300-ден аса Ұлы Отан соғысының ардагері бар. Облыс ардагерлер кеңесі олардың әлеуметтік жағдайын жақсарту жөніндегі ауқымды жұмыстарды жан-жақты жүргізу үшін жыл сайын ардагерлерді есепке алып, бәріне көмек жасалады. Ардагерлер диспансерлік зерттеуден өткізіліп, оларға қажетті емдеу жүргізіледі, Қоғамдық көлікте тегін қызмет көрсету жаппай ұйымдастырылады. көптеген ардагерге жеке кәсіпкерлер, волонтерлер бекітіліп, азық-түлік алуға, үй-жайды жинауға және аумақты абаттандыруға көмектеседі. Сондай-ақ, облыс аумағындағы соғыс ардагерлеріне орнатылған ескерткіштер тексеріліп, тиісті жөндеу жұмыстары жасалады. Өңірдегі ардагерлердің ерліктері, өмір жолы туралы жазылған материалдар республикалық «Ардагер айнасы» және облыстық «Жетісу» газетінде қосымша шығарылатын «Ардагер» бетінде үнемі жарияланып отырады. Конференция барысында осы және өзге де мәселелер кеңінен сөз болды.

Шара аясында сөз алған облыс әкімінің орынбасары Бақтияр Өнербаев алдымен ақсақалдарға облыс әкімі Амандық Баталовтың сәлемін жеткізе келіп, ардагерлердің қоғамның дамуы мен өңірді өркендетудегі рөліне кеңінен тоқталды. Сонымен қатар, аталған ұйымның Жетісу жерінің, елінің экономикасын, мәдениетін өрлетуде қосқан үлесін жоғары бағалады:

– Расында, ардагерлердің ойлайтыны ел игілігінің жібін жалғап, қолдан келер көмектерін көрсету. Сондай-ақ, саяси тұрақтылықтың нығаюына ықпал жасау. Қазақстандықтар арасында достық, бірлік, ынтымақтастықты нығайтуға атсалысу. Ұлтымыздың рухани деңгейінің көтерілуіне өз үлесімізді қосу. Сондықтан Елбасы да, облыс әкімі де ардагерлердің ой-пікірін тыңдап, оны үлгі етіп отырады. Әрине, бұл істер барлық атқарушы, өкілетті және басқа да мемлекеттік органдар қызметкерлерінің тынымсыз еңбектері мен қолдауының арқасында атқарылды деп түсінемін. Қай қырынан келсек те, облыстық ардагерлер ұйымы өзіне тапсырылған барлық міндеттер үдесінен шығуға әрдайым дайын. Өйткені, елдің кешегі тарихын жасауға қатысқан ардагерлер Қазақстанның баянды келешегін қалыптастыру үшін де аянып қалмайды, – деді ол.

Жиналыста негізгі баяндаманы облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы Ардақ Сыдық жасап, өткен бес жылда істелген жұмыстарды тізіп шықты. Оның айтуынша, облыстық ардагерлер ұйымы өзінің жарғысына сәйкес, Елбасымыздың шешімдері мен мемлекетіміздің заңдылықтарына байланысты ең алдымен зейнеткерлердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсартуға ерекше назар аударуда. Әсіресе, ардагерлердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсарту, жастарға патриоттық тәрбие беру, жағдайы төмен отбасыларға қайырымдылық жасау, тұрғындар арасындағы қоғамдық-саяси жағдайды жақсарту, тағы да басқа жұмыстарды жүйелі атқарып, өңірдегі ең белсенді, беделді қоғамдық ұйымға айналды. Сонымен қатар, облыстық ұйымның мұрындық болуымен дәстүрге айналған «Ата-баба дәстүрі – ұрпаққа аманат» атты кешенді бағдарлама бойынша бабалар дәстүрін жалғастыру, ұрпақ сабақтастығын дамыту, оқушы жастардың сана-сезімін ояту, мемлекеттік тілге деген құрметті арттыру бағытында тынымсыз еңбектеніп келе жатқаны да сырт қалмады. Ардақ Мауытқанұлы сандарды сөйлете отырып, атқарылған істің ауқымдылығын тайға таңба басқандай таразылап берді. Осыдан кейін сөз алған бір топ ақсақал мен апаларымыз облыстық ардагерлер ұйымы атқарған жұмысына баға беріп, алдағы уақытта жүйелі атқаруға қатысты ұсыныстарын айтты.

(Соңы 2-бетте).

СЕЛЕКТОР

НАҚТЫ МІНДЕТ ЖҮКТЕЛДІ

Облыс әкімінің орынбасары Серікжан Бескемпіровтың төрағалығымен облыс бюджетінің игерілуі мен мүлікті жариялау жұмысының аудандар мен қалаларда орындалу мәселелері жөнінде селекторлық кеңес өтті.

Меруерт МОЛДАҒАЛИЕВА

Онда мүлікті жария ету науқаны талқыланып,аудан,қала әкімдерінің есебі тыңдалды. Кеңесте кей аудандардағы көрсеткіштің төмендігі халық арасындағы насихат жұмыстарының аз жүргізілуімен түсіндірілді. Сол себепті ақпараттық түсіндірме жұмыстарының аясын кеңейту тапсырылды.

Елімізде жария ету науқаны басталғалы заңдастырылған қаражат 205 млрд. теңгеден асқан. Қаржы министрлігі мемлекеттік кірістер комитетінің мәліметінше, 2014 жылдан бері 704 млрд. теңгеге өтініш түскен және құны 1 млрд. теңгелік шетелдегі мүлік заңдастырылған. Дегенмен, акция мерзімі шектеулі болғандықтан жұмыс қарқынын арттыра түсу қажет. Сондықтан,өңір әкімдіктері жариялау бойынша жұмыстарды жеделдетуге кіріскен.

Жиында бұған қоса салық түсімдері мен өзге де бюджеттік төлемдердің орындалуы қаралды. Алматы облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары Таукен Ошақбаевтың айтуынша,28 мамырға мемлекеттік бюджет 102,9, республикалық бюджет 97,1 және жергілікті бюджет 109 пайызға орындалған. Сондай-ақ, жиында түсімдердің көлемін төмендеткен аудан басшыларының баяндамалары тыңдалып, нақты нұсқау-тапсырмалар да жүктелді.

БРИФИНГ

САПАСЫ ДА, САНЫ ДА АРТАДЫ

Жер жаннаты Жетісудың жүрегіне айналған Талдықорған қаласының бүгінгі келбетіне қарап-ақ шаттануға болады. Күн санап тотыдайын таранып, көркем келбетке еніп келе жатқан облыстың беталысы жастың да, жасамыстың да қуанышын еселей түсетіні анық.

Еңлік САҒЫНДЫҚОВА

Негізінен ауыл, аудан, қаланың көркеюі тікелей басшылық қолға алған құрылысқа байланысты екені даусыз. Жалпы, құрыш білек құрылысшылар еңбегінің нәтижесінде көпсалалы тұрғын үй кешендері, білім, денсаулық сақтау, басқа да көптеген нысан бой көтеруде. Бұл туралы облыстық өңірлік коммуникациялар қызметінің ұйымдастыруымен өткен брифингте жан-жақты айтылды.

Облыстық құрылыс басқармасы басшысының орынбасары Марат Нүсіпбаев атқарылған жұмыстарға кеңінен тоқталды. Оның айтуынша, тұрғын үй құрылысы бойынша «Өңірлерді дамыту – 2020» мемлекеттік бағдарламасы жоспар бойынша жүзеге асырылған. Сонымен қатар, ұлттық қордан несиелік үйлердің құрылысын аяқтауға қомақты қаржы бөлінген. Үстіміздегі жылы жоспарланған жоба аясында біршама жұмыс атқарылмақ. Ал «100 мектеп, 100 аурухана» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде 8 аурухана пайдалануға беріліп, бағдарлама толығымен аяқталған. Сонымен қатар, «350 дәрігерлік амбулатория, фельдшерлі-акушерлік пункт және емхана» мемлекеттік бағдарлама аясында 40 денсаулық нысандары халық игілігіне берілген.

Мемлекеттік бағдарламаларды қолға алып, жұмыс істеп жатсақ та әлі күнге дейін үш ауысымдық оқыту жүйесі «дәстүрімізден» кеткен жоқ. Мемлекет басшысы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты халыққа Жолдауында: «Біз бүкіл еліміз бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізуіміз керек. Біріншіден, үш ауысымдық оқытуды жою керек. Таяудағы үш жылдың өзінде мемлекеттік-жекеменшік серіктестік негізінде елімізде 100 мектеп салу қажет. Екіншіден, оқытудың тиімділігін, әр оқушының білім мен білігі деңгейін бағалаудың бірыңғай жүйесін жасау керек. Үшіншіден, онлайн тәртібінде оқыту тәжірибесін дамытып, елімізде оқулық теледидар құру қажет», – деп айтқан болатын. Енді, міне, осы сөздің оңтайлы шешімі жақын арада біржола шешілмек. Ол туралы облыстық құрылыс басқармасының білім және мәдениет нысандары құрылысы бөлімінің басшысы Дәурен Тұрғанбаев егжей-тегжейлі айтып өтті. Облыста барлығы 24 апатты мектеп болса оның 23-інің апаттылығы жойылған. Райымбек ауданы, Сарыжаз ауылындағы бір мектептің құрылысы 2016–2017 жылдарда Ұлттық қор есебінен қаржыланбақ. Ал 2015–2016 оқу жылында 48 үш ауысымды оқытылатын мектептің құрылысы жоспарға енді. Оның 20 мектебі ұлттық қор есебінен салынса, сегіз білім ошағы жергілікті бюджет есебінен бой көтермек. Дәурен Қабылбекұлы 2016 жылдың жоспарына сәйкес 52 білім беру нысан құрылысына 32 млрд. 707, 2 млн. теңге қарастырылғанын тілге тиек етті. Сондай-ақ 20 нысан биыл пайдалануға берілмек. Оның ішінде 9 мектеп пен 7 балабақша, Оқушылар сарайы мен жатақхана, қала лагері және спортзал жапсаржайы бар. Қалған 32 мектеп келер жылға өтпелі. Осылайша, 2017 жылы толығымен апатты және үш ауысымды оқытылатын мектептердің мәселесі толығымен шешілмек. Ал барша тұрғындардың назары ауған оқушылар сарайы таяуда пайдалануға беріледі.

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

Бауыржан мен Нұрғиса — 2-бет

Аққан жұлдыз — 2-бет

Оңай олжаға құныққан — 4-бет

ӘЛЕУМЕТ

Жаңа жоба жемісті болмақ

Орталық Азияның Еуразия қоры мен АҚШ халықаралық даму жөніндегі агенттігінің «Тиімді басқаруды қолдау бастамасы» бағдарламасының қаржыландыруымен Талдықорған қаласындағы «Алпамыс» қоғамдық бірлестігі облыс әкімдігімен бірлесіп «Ауыл-аймақта тұратын мүгедектігі бар жандарға арналған арнайы әлеуметтік қызметтерді қолайлы жасаудың үлгісі» жобасын жүзеге асыруда.

«Мүгедек және ақыл-есі, дене бітімінің кемістігі бар балаларға қамқорлық көрсетуші ата-аналардың «Алпамыс» ассоциациясы» қоғамдық бірлестігі ұсынған жобаның негізгі мақсаты — ауылды жерлердегі мүмкіндігі шектеулі азаматтарға мемлекеттік органдар мен мемлекеттік емес ұйымдармен бірлесе отырып, заңнамалық деңгейде әлеуметтік қызметтерді іске асыру тетіктерін жақсарту, олардың нақты қажеттіліктерін зерттеу мен анықтау. Осы арқылы біз кембағал жандардың әлеуметтік қорғау саласында кездесетін түрлі қиындықтың оңтайлы шешімін табуға жол ашамыз. Әрбір ауыл, аудандарды аралап, басшылықпен жолығып, кімге қандай көмек қажет екендігін біліп, қолымыздан келген барлық жағдайларын жасауға күш саламыз.

Олар да қоғамның белді мүшесі. Сондықтан да өзіміз өмір сүретін ортаның бірлігі мен берекесі, ынтымағы мен татулығы Сіз бен Бізге тікелей байланысты екенін естен шығармайық.

Н. БЕКСҰЛТАНОВА,
жоба жетекшісі.

ДИДАР

Халқымыздың адамдық, адалдық болмыс-бітімін өзек еткен ағаларға артылар жауапкершіліктің жүгі ауыр. Дей тұрғанмен, ауылды ынтымаққа, ауызбіршілікке, ағайындыққа шақыратын азамат аталудың жолы қиын, салмағы ауыр. Оны көтере білетін де, көсегесін көгерте алатын да бар, қадірін кетіріп, қиюын қашыратын да жоқ емес. Әрине, ауыл ағасы болу жаспен өлшенбейді. «Өсер елдің баласы он бесінде баспын дер» деп бабаларымыз қадап айтып кеткендей, мағыналы тірлікпен, ел мен жер үшін сіңірген өлшеусіз еңбекпен өлшенеді. Ондай жандар арамызда жетерлік. Соның бірі еліне сыйлы, жұртына қадірлі, егемен елдің ертеңі үшін ерен еңбек етіп жүрген Болысбай МОМБАЕВ ағамыз жайлы жазу көптен бері ойымда жүр еді. «Жігіттің бағы емес, жұмыстың бабы билейді» дегендей, соның сәті енді түскен сияқты. Осыдан тура алпыс жыл бұрын өмір есігін ашып, қиындықтың кермек дәмін тата жүріп, қарапайым жұмысшыдан ел басқару ісіне дейінгі еңбек жолдарын табандылықпен басып өтіп, болаттай шыңдалған ол бүгінде елдің ертеңгі болашағы үшін тер төгіп жүрген ұлт ұланы.



МАҢДАЙ ТЕРМЕН ӨСКЕН МЕРЕЙ

Қажет АНДАС

Жас жағынан шамалы үлкендігі үшін аға деп отырғаным болмаса, ол кісінің адалдығы, тазалығы, сыпайылығы, іскерлігі, биік зерделік қабілетіне деген шынайы бағам басқаша. Расында, адамды жан тереңдігі, ой кемелдігі жетілдіреді. Алқабы байтақ, баурайы құт Жоңғар Алатауының бір сілеміне орналасқан Бостан ауылында 1956 жылы туған ағамыз «адамның басшысы – ақыл, жетекшісі – талап, шолғыншысы – ой, жолдасы – кәсіп, қорғаушысы – мінез» (Саққұлақ шешен) екенін жадынан шығармай, балалықтан даналыққа бет алған адам. Біз Болысбай ағамыздың тұтас ғұмырын Саққұлақ шешен айтқан осы адамдық өлшемдері бойынша бағалап, қорытынды жасасақ жөн болатын шығар деген ойға тоқталып отырмыз.

Әрине, еңбекті сүйген, төккен терінен ләззат алуға дағдыланған адамның талабын ақыл-ой, талап, кәсіп пен мінез ұштамай тұрмайды. Осы тұста оның талабын ұштаған да, тебінгісін нықтаған да, намысын оятқан да өзі туып-өскен өңірдегі еңбекшіл елдің бағалы бастамалары десек, артық айтқандық болмайды. Сондай-ақ, балалық, жастық шағында көзін көрген, тәрбиесіне құлақ түрген, ақылын тыңдап, алғырлығын арттыруға дем берген дария кеуде, тау мүсін карттардың тәлімін ойына сақтап, ұлылықтың ұшқыны жанын жадыратып, атына кір шалдырмай жүрген ағаларымыздың бірі тағы да сол кісі. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дегенге сенсек, ерте айырылған әкесінен қалған асыл қасиетті бойына сіңіріп, анасының ақжарқын мінезі мен батылдығын, табандылығын әр қадамына таңбалап өтті.

Болысбайдың әкесі Тоғысбай Момбаев алған бетінен қайтпайтын намысшыл, өжет азамат болатын. «Болайын деген баланың бетін қақпа, белін бу» дегендей, үлкендер жасынан жарқылдап өскен баланың бетінен қақпайды. 1922 жылы Бостан ауылындағы қарапайым шаруа отбасында туған Тоғысбай атамыз 17 жасында өз еркімен сұранып әскер қатарына аттанады. Мәскеудегі Фрунзе атындағы комендантттық ротада қызмет істеп, Қызыл алаңды күзету жұмысына қатысады.

Әрине, Ресейдің жүрегі саналатын Қызыл алаңның алаңсыздығын қорғауға алыс ауылдағы қазақ баласының тартылуы тегін болмаса керек. Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шықпаса, осындай жауапты жұмысқа тартылмас еді. Соғыс басталған жылы Тамбов қаласындағы атты әскерлер училищесіне түсіп, 1942 жылы оны кіші лейтенант шенімен бітіріп, бірден алдыңғы шепке аттанып кетеді. Содан соғыстың аяғына дейін қатысып, сан мәрте жарақат алып, ақыры жеңіспен, капитан шенімен елге оралады. Аяқ-қолы сау болғанымен соғыстың от-жалынын бастан кешкен жас жігіт туған жерге екінші топтағы мүгедек болып қайтты. Ауру азабын тарта жүріп 48 жасқа толған шағында қайтыс болды. Сонымен шиеттей төрт бала анасының аузына қарап қалады. Бірақ, жасынан ауылдың сан түрлі шаруасымен шыңдалған Сақыпжамал апамыз Тоғысбайдан қалған екі ұл мен екі қызды қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсірді, оқытты, ел қатарына қосты.

Өткен ғасырдың 60-шы жылдары ержеткен балалар соғыс салған зардапты сезініп өсті десек, артық айтқандық болмайды. Балалар күндіз мектепте оқыса, кешке қарай дала еңбегіне араласып кететін. Бұл ауыл өмірінің айнымас шындығы еді. Десе де, ағамыз қозы-лақтың соңынан жүгіріп, сиыр бағып жүріп-ақ жақсы мен жаманды, ауыр мен жеңілді ажырататын халге жетті. Еңбек алаңындағы белсенділігімен қоса оқуға ынталы болды. Мұғалімдерінің жалықпай жетектеуінің арқасында мектептің түрлі шараларының ұйымдастырушысы атанды. Осы тұста қазақ отбасындағы тағы бір жағымды жалғастықты айта кеткен дұрыс болар. Расында, сол тұстағы көп балалы отбасы балаларында бауырмалдық пен ауызбірлік басым болды. Үйдің үлкені кішілеріне қамқорлық танытса, кішілері олардың ақылын тыңдап, киім-кешегін ауысып киіп, барымен базар болып ержетті. Сол бауырмалдықты Болысбай да сезінді. «Орнында бар оңалар» демекші, алдындағы аға, әпкесінен үлкендікті сезініп, артынан ерген қарындасына қамқор болған Болысбай бала шағынан мерейлі отбасының берекесін кіргізсем деген асыл арманның әлдиінде ержетті. Сол талпыныс оның бүгінгідей ел ағасы деңгейіне жетуіне ықпал етті.

Әлдебір ақылманның: «Адамның қандай болып өсуін туған жері белгілемейді. Өскен ортаң оның мәдениетті, тәлімді, тәрбиелі болуына ықпал етеді» дегенін оқыған едім. Болысбай Тоғысбайұлы қасиетті Күреңбелдің азаматы. Арыдан тарқатсақ, Күреңбел өңірі көне тарихтың сан ғасырлық шежіресі жазылып, дара тұлғалар өмір сүрген мекен. Оның сан ғасырлық тарихы өскелең ұрпаққа өнеге, түпсіз тұңғиық байлық. Көкпен таласқан Матай тауының баурайында өмір сүрген ата-бабалардың, батырлар мен билердің елі мен жері үшін талай күресті бастан өткергені белгілі. Арқарлы асуынан кірер тұста сол жақта Жоламан батыр, асудан өткен соң Шанханай, Қоянкөз апамыз жатыр. Одан әрі жүрсеңіз Дәулет бидің баласы Матай би жатқан тау кезденеді. Оның етегінде Байторы, Тайторы деген ағайынды дара тұлғалардың күмбезі тұр. Қазақтың біртуар азаматы, Шығыстың жарық жұлдызы, қысқа ғана ғұмыр кешсе де ғасырға жүк болатын іс тындырып кеткен Шоқан Уәлихановтың 1856 – 1859 жылдардағы сапарлары да ауданның арғы тарихымен тікелей байланысты. Алтынемел жотасының солтүстік бауырайында, ағартушы ғалымның өмірінің соңғы жылдарына куә болған Шанханай ауылы жанындағы Көшентоған қонысында Шоқанның ескерткішзираты жатыр. Одан шығып шығысқа қарай жүрсеңіз Тезек төренің ескерткіші кездеседі. Киелі Күреңбел өңірінде 22 тарихи тұлға мәңгілік қонысын тапқан. Демек, күреңбелдіктер осындай ұлылардың ұрпағы, ұлылықтың жалғасын жадына сақтаған ел. Сол өңірдің бір шетіндегі кішкене ғана Бостан ауылында туған Болысбай Момбаев сол ұлылықтың әсерімен бойына еңбеккерліктің, бауырмалдықтың, табиғатқа құштарлықтың нәрін сеуіп өсті. Сол қасиет кейінгі болашағына үлкен ықпалын тигізді. Ұлы болуға ұмтылмаса да азаматтықтың әрбір сәтін сол бабалардың ерлік, елдік жолынан іздеді. Бұл Болысбайдың рухани әлемін байытты.

Бостан ауылынан шыққан 30-ға жуық ғылым кандидаты мен ғылым докторы оның болашақ арманын ұштады. Сол қатарда берісі республика, арысы әлемдік ғылымның өркендеуіне үлес қосқан аты белгілі Науқанбай Әлмұқамбетов, Аманжол Қасабеков, Серікбай Қасабеков, Жамбыл Тобаяқов, Анарбай Бұлдыбаев, Сейсекбай Әлмұқамбетов, тағы да басқа тұлғалардан ізденістің ізін білді. Бостан ауылының 8 жылдық мектебінде жұмыс істеген Инаханов Дәулетбақ, Рәшев Мақсұтбай, Сағи Бұлдыбаев, Күлтай Тәжібаева сияқты білікті мұғалімдерден көп өнеге алды. Сондай-ақ, бір кезде президенттікке үміткер ретінде саяси додаға түскен Ерасыл Әбілқасымов ағасынан өнеге алып, тәуелсіздіктің елең-алаң шағында ауыл басқарып, ауылдастарын алға жетелеген Омарқан Көнекбаев, Сағатбек Кертаев, Тынышбай Досымбеков, Нұрқас Керімқұлов, Нұрбай Жантілеуов, Жексенбай Әлмұқамбетов сияқты ағаларының ақылын тыңдады. «Досы жақсының, өзі де жақсы» демекші, Болысбай Тоғысбайұлының адал достары М. Жолдасбаев, К. Танқақов, Е. Қашқынбаев, М. Чуженов қысылғанда қол ұшын беріп, сүрінген кезде иықтарын тіреді. Ал соғыстан қайтқан солдат екенін білдіретін кеуделері сыңғырлаған медальға толы соғыс ардагерлері мен Ауғанның отжалынында шыңдалған ағалары батылдықтың не екенін ұғындырды. Аядай ауылдың абырой-атағын өрлеткен осы жандар Болысбай Тоғысбайұлының азаматтық келбетінің қалыптасуына көп көмектесті.

Қысқа қайырымдар:

– **Өмірдегі ұстанымыңыз?**
– Адалдық.
– **Жақтырмайтын жат қылықтарыңыз қандай?**
– Жағымпаздық, өтірік, екіжүзділік.
– **Байлығыңыз бар ма?**
– Адал досты, бауырмал ағайынды, ақылды балашағамды байлығым деп білемін.
– **Қызығушылығыңыз не?**
– Кітапқұмармын. Тарихқа, әсіресе, қазақ тарихына қатысты кітаптарды іздеп тауып, толықтай оқып шығуға тырысамын.
– **Белсенді ісіңіз?**
– Таңертең жұмысқа, кешке үйге тезірек жетуге асығып тұрамын.
– **Демалысты қайда өткізгенді жақсы көресіз?**
– Балалармен бірге саябақтарда қыдырып, қаладан алыстау тыныш жерлерге барып, демалып қайтқанды ұнатамын.
– **Отбасында үй шаруасымен шұғылданасыз ба?**
– Әрине, еңбеккорлықты, адалдықты анамнан алғандықтан үй шаруасына үйіріліп тұрамын.
– **Қазақстанның келешегін қалай бағамдайсыз?**
– Қазақстан – әлем елдерінің арасында бірінші болып «Мәңгілік Ел» тұғырнамасын бекітті. Бұл сол биікке лайықты ел екенімізді және сол мәреден көрінетінімізді білдіреді. Мен де соған сенемін.

Абай атамыз айтқан: «Ондай болмақ қайда деп, айтпа ғылым сүйсеңіз. Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз» деген ұстанымды сол ағаларының өмірінен алды. Оларды ұлылыққа жетелеген бір жағын тауға беріп, екінші жағы көсіліп жатқан көк жазыққа жалғасатын ауыл ажары еді. Өйткені Бостан ауылының әр тұрғыны таңертең биік шыңдарға тамсанып оянып, көсілген жазықтың кеңдігімен тыныстап түнгі ұйқыға кететін. «Тау баласы тауға қарап өседі» деген осы шығар. Сондықтан олар аяғы шыға бастағаннан биікке құмар болып өсті. Шөлін басқан бұлақ сулары қандай мөлдір болса, жүректері сондай таза.

Картоптың мекені саналатын Бостан өңірі берекелі тірлігімен де туған перзенттерін еш нәрседен тарықтырған жоқ. Осындай қасиетті мекеннен нәр алған әр адам кеңдікті, кішіпейілдікті, шымырлықты, шыншылдықты, адам баласына тән басқа да қасиетті бойына сіңіріп өсті. Ал адамгершілік, сабырлылық қасиеттері, тұғырдан түспейтін биіктігі де бостандықтарға тән қасиет. Бұл қасиеттің бәрі Болысбай Тоғысбайұлының бойынан көрініс тапты. Аңқылдақ мінезі, ақжарқын адамгершілігі, кісілігі мен кішілігі, бәрі де туған жерінен дарыған қасиеттер.

Оқу – инемен құдық қазғандай. Анасы асыраушысынан айырылып, тұрмыс тапшылығына тап болса да балаларын білімнен алыстатқан жоқ. Сегізжылдықты үздік аяқтаған әрі асыл арманына айналған мамандыққа тезірек қол жеткізгісі келген талапкер Болысбай 1971 жылы Жаркент қаласындағы педагогикалық училищеге түсті. Студенттік қызықты өмір, жастық шақтың естен кетпес сән тарау соқпағы енді басталады. Жастық шақтың буымен кейде уақыттың қадіріне жете алмай қалдық па деп сан соғып, оңаша өкінетініміз бар. Алайда, Болысбай ағамыз студент шағынан тыным тауып отырған емес. 1975 жылы оқуын аяқтай салысымен өз қалауы бойынша Көкшетауға жолдама алып, мектепте мұғалім болып алғашқы еңбек жолын бастайды. Сол жерден әскер қатарына аттанып, Орынбор қаласында екі жыл әскери борышын өтеді.

Мамандығына жауапкершілікпен қарап, балалық шақтағы арманына қол жеткізген жас жігіттің ендігі аңсары туған топырағына қарай ауып тұрады. Бойындағы туған жерге деген сағыныш маза бермей әскери міндетін өтеп біткен жылы Болысбай басқарма өкілдеріне шығып, өз өтінішімен туған жеріне аттанады. Сонымен 1977 жылы Кербұлақ ауданының Ақжар 8 жылдық орта мектебіне орыс тілі мен әдебиетінің мұғалімі болып орналасады. Ары қарай аудан орталығы Шұбар ауылындағы орта мектепке ауысады. Үнемі ізденіс пен оқуды талап ететін ұстаздық жолында жүріп, 1983 жылы Талдықорған қаласындағы І.Жансүгіров атындағы педагогикалық институтын орыс тілі мен әдебиетінің мұғалімі мамандығы бойынша сырттай үздік аяқтады.

Кейіннен Аралтөбе ауылдық мектебінің директоры болып жұмысқа кіріседі. Осы жердегі екі жылдық белсенді еңбегінен кейін сол ауылдағы шаруашылықтың партия комитетінің хатшысы болып сайланады. Осы тұстағы белсенділігімен танылып, тындырымды ісімен алға жылжыған еңбеккөр, жауапкершілігі мол жан аудандық партия комитеті ұйымдастыру бөлімінің басшысы сынды жауапты қызметтерге тағайындалады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жаңадан құрылған Көксу ауылының әкімі болып 17 жылдай лауазымды қызметте отырған ізденімпаз жан сол қызметтен Кербұлақ ауданы әкімі аппаратының жетекшісі лауазымына жоғарылады. Соңғы 8 жылда аудан әкімінің идеология саласы бойынша орынбасары болып жұмыс істеп келеді.

– Тәуелсіздік алғанда қуанышымыз кемерінен асты. Желтоқсан оқиғасы ойымызды ойрандап, Колбиннің қитұрқы саясатына наразы болып жүргенде қолға келген тәуелсіздік тым қымбат болды. Анадан жаңа туғандай күй кешіп, тың күшпен азат еліме қайта еңбек ете бастадым. Азат мемлекеттіміздің алғашқы Ата Заңы, Мемлекеттік Туы мен алғашқы Гимні біз ел өміріне араласып жүрген кезде қабылданды. Осындай ұлт үшін жауапты, ел тарихында қалатын елеулі кезеңде ел басқарып, ауыл әкімі болғаныма қуанамын, – дейді Болысбай Момбаев.

Иә, Болысбай Тоғысбайұлы шын бақытты. Жаратқанымыз мандайына бес елі бақ дарытып, бойына тек адалдық пен жауапкершілік қасиеттерін сыйлапты. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырған асқар таудай әке бүгін алпыстың белесіне шықты. Түпкілікті қоныс тепкен Кербұлақ ауданының мәдениет, әдеуметтік, денсаулық сақтау, білім беру саласы Болысбайға бес саусағындай жақсы таныс. Маңдай терін төгіп, түн ұйқысын қиып, жарғақ құлағы жастыққа тимей үлесі сіңген тың бастамалары қазір халықтың игілігіне қызмет етіп жатыр. Болысбай Тоғысбайұлы Күреңбел өңірінің тәуелсіздікпен бірге түлеп, өркендеп өсуіне атсалысқанына, талай жанның қиындығын шешуге көмек қолын созып, аудан әкімдерінің тың бастамаларын қағып алып, оны жүзеге асыру барысындағы барлық жұмыстарға белсене атсалысқанына сан мәрте шүкіршілік етеді. Қырық жылдан астам еңбек өтілінде сан түрлі марапатқа ие болды. Қырық жасында Кербұлақ ауданының Құрметті азаматы атағын алып, «Отан патриоты», «Қазақстан мәслихаттарына 20 жыл», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл», «Қазақстан Қару мышұлының «Батыр шапағаты» медальдарымен марапатталды. Солардың ішінде «Абылай хан» атындағы алтын медальдың құны ерекше. Өйткені, бұл марапаттарда туған жердің түлеуіне қосқан өлшеусіз еңбегінің өтеуі бар.

Болысбай Тоғысбайұлының басшылық қызметтегі жемісті жылдары Кербұлақ ауданында өтті. Осы ауданда әкімнің орынбасары болып жұмыс істеген жылдарында бірнеше аудан басшысымен істес болды. Олардың әрбірінен алған тәлімі көп. Оны қызмет басқышындағы жетістігінен бөлежармайды. Болысбай Тоғысбайұлы аудан тізгінін өткеннен өнеге жиып, келешекке кемел жол салуды мақсат еткен Бағдат Әлиев алғалы өңірдің рухани өмірі байып, көңіл көкжиегін көптеген игілікке толтырғанын айтады. Расымен, басшы тұрғысынан зәулім үйлер салып, жылу құбырларын іске қосу, ауылшаруашылығын өркендетіп, егіс көлемін ұлғайту, техниканы жаңартып, мал сапасын жақсарту, тағысын тағылар уақыттың еншісіндегі шаруа. Өйткені сен өркендемесең, өркениетті көршіңнің ұмтылысы сені еріксіз өзіне ілестіріп әкетеді. Ал өскен жеріңнің рухани байлығын түгендеу тек елін сүйген азаматтың ғана қолынан келеді.

Кейінгі жылдары Кербұлақ ауданында мәдениетке, білімге, әлеуметтік салаға көп көңіл бөлініп, қазақ елінің келешегі мен жерінің тұтастығы үшін жанын құрбан еткен батыр бабалардың есімін ел есінде сақтау үшін жаңа жобалар көптеп қолға алынды. Сарыөзек ауылының батыс жағындағы киреберіс жеріне «Ұлы Даланың ұлы даралары» атты саябақ ашып, аудан халқы ауызбірлігінің арқасында әрбір тұлғаның атыжөні, тарихи деректері жазылған ескерткіш тас қойылды. Тағы бір жаңалық, Сарыөзектің орталығына қарай орналасқан аллеяға ауданның дамуына айтарлықтай үлесін қосқан 26 Еңбек Ерінің есімдері жазылған үлкен тас-тақта қойылды. Осы өңірден майданға аттанып, асқан ерлік көрсеткен 11 Кеңес Одағы Батырының есімі қызыл гранит тасқа таңба болып басылды. Бұл жетістікті Кербұлақ ауданының әкімі Бағдат Әлиевтің азаматтығы мен іскерлігінен деп біледі.

Бағдат Байшалұлының бастамасымен өңірде бірқатар рухани дүниені байытатын жұмыстар атқарылды. Тұғырлы істің нәтижелі орындалуына аудан басшысымен қатар өңір тұрғындары да белсене атсалысты. Бәрі де күреңбелдіктердің ауызбіршілігінің арқасында жүзеге асты. Осы бастамалар қолға алынып, соңғы нүктесі қойылғанша аудан әкімінің орынбасары, мәдениет пен идеология саласына жауап беретін Болысбай Момбаевтың да жар құлағы жастыққа тимей шапқылап жүргенін талай көрдік. Енді мұның игілігін келесі ұрпақ көреді.

Өмірдегі азаматтық міндетін абыроймен өтеген ағамыз отбасының да ұйытқысы бола білді. Жеңгеміз Ләззат Момбаева шығыстың мақтанышына айналған атақты Еңбек Ері Кітапбаев ауылының қызы. Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің түлегі, физика пәнінің мұғалімі. Ұзақ жылдар білім беру саласында жұмыс істеген Ләззат Қайдарқызы қазір Кербұлақ аудандық білім бөліміне қарасты кәсіподақ ұйымының төрайымы. Атқарған мінсіз қызметі үшін Халыққа білім беру саласының «Құрметті қызметкері» атағына ие болып, Қазақстан кәсіподағының, Кербұлақ ауданының Құрметті азаматы атанды. Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хатымен марапатталды.

Ынтымағы жарасқан отбасында екі қыз, бір ұл өсті. Үлкені Динара заңгер, бүгінде «Динара» шаруа қожалығының басшысы, айналасына қайырымды, іскер жан. Екінші қызы Дана азаматтық авиация саласының маманы және заңгер. Бүгінде жетекші инженер қызметін атқарады. Ұлы Дамир инженер-энергетик және заңгер. Әкесінің жолын қуып, мемлекеттік қызмет саласында бағын сынап жүр. Жеті немересі де ата-апасына тартып, білімді, инабатты, әдепті болып өсіп келеді.

Расында, әр заманның өз кейіпкері, өз тұлғасы, таным-талғам таразысы болатыны анық. Ал пешенесіне жазылған тағдыры жасампаздық еңбекпен тұспа-тұс келіп жатса – сынақтың үлкені осы. Ерік-жігері мықты, табанды, өзіндік көзқарасы бар, таным-талғамы тұрақты адамның ізгілік ізінен адаспай өтетіні хақ. Сонда ғана оның ел-жұрт алдында жүзі жарқын, беделі жоғары болады. Болысбай аға осындай мағыналы өмір сүрген ел қалаулысы, жұрт мақтанышы. Осы жолдан таймай, бағыттан танбай алға жылжи беріңіз, аға!

ОЗЫҚ МЕДИЦИНА

Жүрекке жаңаша ОТА ЖАСАЛДЫ

Адам денінің саулығы – қоғамның басты байлығы. Елбасының жыл сайынғы Қазақстан халқына арнаған дәстүрлі Жолдауларында денсаулық саласының жандануына басымдық танытып отырғаны да осы ойымыздың айғағы болса керек. Отандық медицинаға айрықша көңіл бөлудің нәтижесінде адам шығыны кеміп, орташа өмір сүру жасы ұзарып келеді. Бұған қоса, медицина саласының озық технологиямен жабдықталып, шетелдік білікті дәрігерлермен тәжірибе алмасудың да өзіндік ықпалы тиіп отырғандығын ерекше атамақпыз. Бұған жақында Алматы көпсалалы клиникалық ауруханасында итальяндық атақты профессор Pierfrancesco Agostonidің жүрек-қантамырлары ауруына имплантация жасау тәсілі бойынша дәріс өткізуі дәлел.



Үлбосын ИСАБЕК

Елімізге арнайы шақыртылған шетелдік дәрігердің тәжірибесімен танысуға облыс орталықтары мен Алматы қаласындағы клиникалардың бөлім меңгерушілері және БАҚ өкілдері қатысты. Онда шетелдік дәрігер отандық медицина қызметкерлерін жүрек ауруларының кейбір түрлеріне жасалынатын ота түрлерімен тереңірек таныстыру мақсатында үш науқасқа жүрек-қантамырларын алмастыратын стендтің жаңа түрін қойып, оның тиімділігін түсіндірді.

– Он екі жылдық тәжірибемде жыл сайын Голландия мен Бельгияда 400-ден астам адамға осы тәсіл арқылы ота жасаймын. Ол үшін науқастар уақыт жоғалтпайды. Ертемен келіп, отасы жасалған соң түс қайта үйіне орала береді. Басқа оталардан айырмашылығы – науқасқа наркоз да берілмейді. Бұл орайда, әріптестеріме Үндінің «Meril» фирмасы өндірген медициналық өнімнің тиімділігін түсіндірмекпін, – деді ота алдында сұхбат берген итальяндық профессор.

– Бүгін Алматы көпсалалы клиникасында ұзындығы 50-60 миллиметрлік имплантация жасау бойынша шеберлік сабағы өткізіледі. Осыған дейін Қазақстанда жасалған имплантацияның ұзындығы бар болғаны 38 мм болды. Жүрекқантамырлары ақауларының көлеміне қарай кейбір науқастарға бұл стендтен 2-3-еуін қоюға тура келетін еді. Енді елімізде тұңғыш рет жасалып отырған бұл отада осы қажеттілікті бір ғана стенд алмастыра алады. Бұл стендтің ұзындығы – 50-60 мм. болса, диаметрі – 3,5 мм.-ден, аяқталар тұсы 3 мм. аралығында. Яғни, артерияның физиологиялық диаметрін сақтап қалады. Пішініне сай келеді. Осындай артықшылығымен ерекшеленетін стенд қою отасы елімізде алғаш рет жасалуда. Мұның бағасы да анағұрлым арзанға түседі, – дейді рентген ангиохирургиялық диагностикалау және емдеу әдістері бөлімшесінің меңгерушісі, жоғары дәрежелі дәрігер Асқар Нарынбаев.

– Қазақстанның әр облысында ұлттық кардиохирургияны жетілдіру бағдарламасы бойынша осындай орталықтар жұмыс жасайды. Бүгінгі отаға бөлімде жатқан үш науқасты дайындадық. Коронография тексеруін жасадық. Ота кеудені кеспей, теріні теспей, қол немесе аяқтың қантамырларына микрокатетр қою арқылы жасалады. Ота жасау барысында науқасқа жансыздандыратын дәрі берілмейді. Науқас бәрін естіп, біліп жатады. Онымен сөйлесе аламыз.

Бұл отада екі-үш стенд қою керек болса, оның әрқайсының өзіндік бағасы бар. Үш стенд керек болса үшеуін үш бөлек бағада сатып алатын еді, енді осы әдіс бойынша ұзындығы 60 мм.-ге дейін жететін аталмыш материал шығын көлемін кемітуге ықпал ететін болады, – дейді білікті дәрігер.

Аталған клиникада медициналық озық технологияға негізделген үш шеберлік сабағы өткізіліпті. Алғашқысы 2015 жылы гинекология саласында миомаға жасалынса, одан кейін электрокардиоратуыш – жүрек соғысын жақсартуға, яғни жүрек соғысын ұстап тұруға арналған отаның озық тәсілі енгізіліп, науқастардың жағдайын жақсартуға оң ықпалы тигендігін тілге тиек етті.

Адамдардың жүрек ауруына ұшырауының басты дерегі – дене қозғалысының аздығы, шылым шегу, күйініштті жағдайлар екендігін ескере отырып, оны алдын алуда салауатты өмір салтын ұстанудың маңыздылығына тоқталды. Соңғы жылдары жүрек ауруына шалдыққандардың қатары артып отырғандығына орай науқастарды емдеуде микрокардиохирургия бөлімінің қажеттігін құлағдар етті. Бұл күнде хирургия бөлімінде 40 төсек бар, науқастарға 3 кардиолог, 4 хирург қызмет көрсетеді. Науқас саны артып отырған тұста маман тапшылығы да байқалмай қалмайды. Осы жылдың 9 айында аталған клиникада 740 адамға короография (тексеріс) жасалып, 480 науқасқа отаның көмегімен стенд қойылыпты. Науқастардың барлығына жасалатын ота шығыны республикалық және облыстық бюджеттен өтеледі. Биылғы жылғы жүргізе ота жасалғандардың ең жасы 24-те болса, ең үлкені 94 жастағы қария көрінеді. Дәрігерлердің уақыттан шет қалмай, шетелге барып, дәріс алып, іс-тәжірибе алмасу жұмыстары жібін үзбей жалғасып отырады. Бұл отандық медицинаның жандануі мен жаңа технологияны меңгерудің пәрмеңділігін арттырып келеді.

Алматы қаласы.

СЕМИНАР

ЖАТ АҒЫМДАРДАН сақтандырды

Ақсу ауданы, Жансүгіров кентінде «Дін және жастар» тақырыбында облыстық семинар өтті. Семинарға облыстық дін істері басқармасының басшысы Рахмет Есдәулетов, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің діntану және мәдениеттану кафедрасының аға оқытушысы Құдайберді Бағашаров, Ақсу ауданы әкімінің орынбасары Сәбит Қорғанбаев қатысты. Жиында дін істері басқармасының басшысы Рахмет Разбекұлы баяндама жасап, бүгінгі күні ел ішінде орын алған жағдайлар туралы айтты.

Семинардың мақсаты – жастардың тәрбиесіне, өміріне қатер төндіретін жат ағымдардан сақтандыру. Олардың бойында кез келген ағымның насихатына көнбейтін, қарсы шыға алатын иммунитет қалыптастыру. Халық арасында, өскелең ұрпақ жадында туған жерге деген сүйіспеншілікті жандандыру. Жастарға елжандылық және рухани тәрбие беру. Жиын барысында «Жастарға арналған ескертпе» деп аталатын кітапша таратылды. Онда перзенттің бірінші парызы туып-өскен елге құрмет көрсету. Елінің жоғын түгендеп, туған мемлекетіне бір кірпіш болып қалану. Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев: «Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, адамзаттық намысың болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып-көркеюі жолында жан теріңді сығып жүріп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі өзің екеніңді ұмытпа!» деген еді жастардың басы қосылған алқалы басқосуда. Бүгінгі жиын да ақсулық жастардың санасына елжандылықты сіңіруді мақсат етті. Діни ұғымды жамылып, экстремизмге бейімдеудің белең алып тұрғаны жайлы айтылды. «Деструктивті ағымдар өз мақсатын зайырлылықпен байланыстырады. Мысалы, сізді тегін ағылшын тілі курстарына шақыратын болса, абай болу керек. Өйткені, қазіргі өмірде тегін білім беретін курстар сирек кездеседі. Сізді мақтап, артықшылығыңызды айта бастағандардан қорқу керек. Оның астарында сананы улау жатады», – деді баяндамашы. «Осы күнге дейін басқалардан дара екеніңізді ешкім айтпады ма? Талғаммен киіну сізді өзгелерден ерекшелендіріп тұрады,– деген сияқты қолпаштаулардың астарында құлық пиғыл жатады. Діntанушылардың айтуынша, Сирияға аттанғандардың 84 пайызы жастар. Әрине, қорқынышты көрсеткіш. Ұйымға кіргізу – миссионерлердің басты міндеті. Олар бұл жолда барлық іс-әрекетке барады.

Бүгінгідей алмағайып заманда жастарды сананы улайтын ағымдардың азғыруынан сақтандыру керек. Бұл күнгі жиынның да көздегені сақтық еді. Ұлқыздың көп мағлұмат алып, жақсы-жаманды санасына түйгені өз ойларын айтуынан байқалып тұрды.

Гүлжан МҰҚАШҚЫЗЫ.
Ақсу ауданы.

Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru

Жетісу

1918–2017

№27 (18303), 7 наурыз, 2017 жыл

ӨЗДЕРІҢМЕН КӨҢІЛІМ – КҮЙ, ӘН КЕУДЕМ

СЫР-СҰХБАТ

Дәстүр ана сүтімен дариды

«Әйел бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербейді» деген қанатты сөз қағидаға айналғалы қашан. Бүгінгі қоғамда нәзік жандар ұрпақ тәрбиесі, отбасы берекесімен қатар мемлекет ісіне де араласып, бұл салада да өздерінің ер-азаматтардан кем емес екенін көрсетуде. Осыған орай біз ұлттық құндылықтарымыз бен салт-дәстүрімізді сақтау, жаңа заманға сай өркендету жолында тынымсыз еңбек етіп келе жатқан қоғам қайраткері Оразгүл АСАНҒАЗЫҒА бірер сауалымызды қойған едік.

– Еңбек жолыңызды бастаған ұстаздықтан бері тартып, Парламент мінберіне халық атынан шыққан кездеріңізде де ел сөзінен жаңылмай келесіз. Әйел тағдыры, қыз тәрбиесі жөнінде айтқан пікірлеріңіз көптің көкейіне қонады. Бүгінгі қазақ қоғамындағы әйелдер келбеті жайлы не айтар едіңіз?

– Ұлы жазушы М. Әуезов: *«Адам баласы бір үлгі аларда, ең әуелі шын жүрегімен сүйген кісісінен күштеп алады. Сол сүйген кісісінен сүйіп алған үлгі жүрегіне нық орнайды. Біздің бала күніміздең елжіреп сүйетін кісі кім? Ол – анамыз. Бұлай болғанда біз адамшылығымызға ірге болатын құлықты әкеміз қандай ғалым болсын, қой сауып, тезек теріп жүрген анамыздан аламыз. Бұлай болғанда өмірінде ғаділет, мархамет, махаббат деген нәрсенің атын естімеген ананың харекеті үй іші мен отбасынан, ғайбат өсектен аспаған анадан ақ жүрек, адал ниетті қамқор жан тууы мүмкін бе?Сол себепті әйелдің басындағы сасық тұман айықпай халыққа адамшылықтың бақытты күні күліп қарамайды. Ал, қазақ, мешел болып қалам демесең, тағылымыңды, бесігіңді түзе! Оны түзеймін десең, әйелдің халін түзе!»* – деген екен. М.Әуезов айтқандай, қазақ әйелдерінің әрекеті, тілі, сөзі дұрыс, таза болған жағдайда өскелең ұрпақтың ойы ұшқыр, тілі мен жүрегі таза болмақ. Бұрынғы қазақ әйелі де, қазіргі қазақ әйелі де өзінің инабаттылығын, тәрбиелілігін жоғалтқан жоқ. Тәуелсіздік таңы атқалы халқына да, отбасына да тіреу болып, біліктілігімен, білімімен, жеке іс-тәжірибесімен үлгі-өнеге болып жүрген әйелдер жеткілікті. Бүгінгі әйелдің келбетін екі сипатта беруге болады. Бірі – отбасының ұйытқысы болып, ер азаматына сүйенішін, ұл-қызына мейірімін, ел-жұртына ықыласын, қоғамға еңбегін тигізіп жүрген абзал жан. Екіншісі, эттен деген үлкен өкінішпен күйзеліп айтатындай баладан безген тасбауыр, ағайынға сыйсыз өсекқұмар, жарына салқын жеңіл жүрісті әйелдер. Ауыр тисе де айтайын, мұндай әйелдердің әрекеті ұлтқа таңба салып жүр. Бұлардың алдын алуымыз қажет.

– Ұлттық салт-дәстүр мен жаһандану үдерісі арасында күрес жүріп жатқан сияқты. Қыз баланы мұндай жаһандану дәуірінде қалай тәрбиелеуге болады?

– Салт-дәстүр – халық даналығының қаймағы, балаларға берілетін рухани уыз. Уызына жарымаған жас төлдің отаймайтыны белгілі. Ал рухани уызға тоймаған жасөспірім жат ағымның «вирустарына» қарсы тұра алмайды. Сол себепті де баланы нәрестеден күнінен бастап салт-дәстүрмен сусындатып өсіру керек. Әрине, дәстүрдің озығы да, тозығы да болады. Тозығын тастап, озығын үйрету сіз бен біздің міндетіміз. Жаһандану үдерісіне келер болсақ, жалпы елдің дамуына игі әсерін тигізетін құбылыс деп бағалаймын. Тарихқа көз салсақ, небір ұлы державалардың екінші бір елдің жақсы дәстүрлері мен озық ойларын пайдаланғанын көреміз. Біздің жастарымыз да шетелдің озық технологияларын пайдаланып, ғылым мен техникадағы, мәдениеттегі жетістіктерін өз бойларына сіңіре білсін. Оқысын, үйренсін, бірақ «қырық жыл қырғын болса да ажалсыз қалады» дегендей, рухани уызға жарыған бала шетелдің жат ықпалына түспейді. Шетелде білім алып, оның озық мәдениетін меңгергенімен, ана сүті арқылы дарыған ұлттық құндылықтарын ұмытпайды.

– Отбасы мен лауазымды қызметті қатар алып жүру қаншалықты қиын?

– Әрине, қиындығы бар. Екі жаққа да үлгеріп жүрген әйелдердің есімдерін тізбектей беруге болады. Өмір тәжірибемде қызмет етіп жүрген әйелдердің отбасында да жинақы, ер азаматына да сыйлы, бала-шағасына да бас-көз болып отырғандарын жиі кездестірдім. Ал керісінше кейбір үйде отырған келіндеріміз бен жеңгелеріміздің «төсегі жиналмай» жататындары да бар. Дегенмен, әйелдердің отбасы мен лауазымды қызметті қатар алып жүруі ең алдымен отағасы мен ата-енесіне де тікелей байланысты.

– Бала тәрбиесі мен отбасы татулығын сақтауда ер мен әйелдің алар орны қандай?

– Қазақта: «Ерлі-зайыпты соқаның қос өгізіндей» деген мәтел бар. Кез келген жағдайда екеуінің жауапкершілігі бірдей. Отағасы отбасының қамқоры, асыраушысы, қорғаны болса, әйел – үйдің шырағы, берекесі мен ұйытқысы. Отбасындағы барлық ауыртпалықты бір әйелдің мойнына жүктеп қою жақсылыққа апармасы анық. Бала тәрбиесінде әкенің алар орны жоғары екені ғылыми дәлелденген дүние. Керісінше, анасының қамқорлығын ғана көрген жеткіншектер толық тәрбие ала алмайды. Ажырасуды ойлаған ер мен әйел алдымен осыны назарларына алса деймін.

– Мерекеге орай жетісулық қыз-келіншектерге, апа-әжелерімізге айтар тілегіңіз.

– Еліміздің ертеңі жастардың қолында, ал сол жастарға тәлім-тәрбие беретін тұлға – аналар. Бүгінгі бүлдіршін қыздар – ертеңгі келін, бүгінгі жас келіндер – ертеңгі ана, бүгінгі аналар – ертеңгі ақ жаулықты әже. Осы тізбек үзілмей, жалғасын таба берсін! Әр шаңырақ сәбидің шадыман шаттығына, ананың мейірімді күлкісіне, әкенің қамқор үніне толсын!

– Әңгімеңізге рахмет.

Сұхбаттасқан Қуат ҚАЙРАНБАЙ.

АТА КӘСІП

Матай тауының етегіндегі Шоқан матындағы ауылда төрт түліктен береке өргізіп, бақуатты тіршілік жасап жатқан қаракөздердің қатары көп. Сол қатарда атакәсіпті жалғастырып, шаруа қожалығының бағын ашып, балаларына ақылшы, басқаларға қамқор болып жүрген Загүл БАЗЫЛЖАНОВА апамызды айтуға болады. Биыл жетпіс деген мерейлі жасқа шыққан апамыз жас күнінен еңбекке араласып, өмірдің сан соқпағынан өтіп, бүгінде кәсіптен нәсіп тауып, жұртқа үлгі болып жүр.



Фермер апа

Жетісу

Қажет АНДАС

Загүл апаның ата-анасы Базылжан Қалмақбаев пен Нұрбүбі Қасымқұлқызы атакәсіппен айналысып жүріп-ақ өңірге өзіндік үлесін қосып кетті. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дегендей, Әкімжан, Білімжан, Кәріпжан, Амангелді сияқты аға-бауырлары қызмет бабын қаладан қарастырғанда, апамыз еңбек жолын бірден туған ауылынан бастайды. Жас маманның бағына Жетісудың мақтаншына айналған Зылиха Тамшыбаева кездесіп, бірнеше жыл қатар жұмыс істейді. Өмірлік жолдасын да сол ауылдан табады. Зейнолла Абақовпен ынтымағы ұйыған отбасын құрып, алты баланың анасы атанады. Өмірінде қанша жақсы ұсыныстар болса да, қандай қиындық көрсе де атакәсіпті түлетуден ешқашан бас тартқан емес. Оның жайын былай түсіндірді:

– Бала күнімізде әжелеріміздің: «Асық ойнаған азар, доп ойнаған тозар. Бәрінен де қой бағып, құйрық жеген озар», – деген тәрбиесі ес кіргенше есімізден кетпейтін. Әрине, айтпағымыз бұл емес. Бірақ жылқыны алғаш қолға қондырған, қойды өріске, сиырды табынға үйреткен, есі кеткенде ешкі бағудың пайдасын баяғыдан пайымдаған халқымыздың дәл бүгінгі өркениетті қоғамда жабағы мініп, жасып жүргені көңіліңе ауыр тиетіні жасырын емес. Тіпті, өрісте оншақты сиырын жайып, отызшақты қойын өргізіп, төрт-бес жабағыны оттатып отырған қара көздеріміздің халын көріп, қарның ашады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында өндіріс тоқырап, шаруашылық тоналып, әркім өз басының мұңымен күйбің болғанда мен әкемнің шаруашылығын ұстап қалуды ойладым. Сонымен төрт түлікті төлдетіп, ірі қараны өргізіп, қымызды пісіп, ауылдан көшпей тіршілік етуге кірістік. Соның игілігін бүгін көріп отырмыз, – дейді Загүл апа.

Загүл апа басшылық ететін «Абылай» шаруа қожалығы Күреңбел өңіріне танымал. Матай тауының бөктеріндегі қожалықтың шаруасы шалқып тұр. Өрістегі қой, ірі қара, жылқы түлігінің сүті мен қымызын, құрты мен майын саудалап, етін Алматыға өткізіп жыл сайын қомақты табыс табады. Ал 2000 жылдан бастап, мал шаруашылығымен қатар шағын және орта бизнеспен белсене араласады. 2003 жылы аудан орталығы Сарыөзек кентінен «Көктем» атты дүкен ашып, ауданды азық-түлікпен қамтамасыз ете бастайды. Араға біраз жыл салып, дүкеннің жанынан «Матай» кафесін іске қосты. Ауылдағы қуаныштардың дені осы жерде өтеді. Кафеге керекті азық-түлік, көкөніс, ет өнімдері шаруашылық алқабында дайындалады.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын», – дегендей, апамыздың тағы бір қажырлылығы – Зейнолла атамыз өмірден өткеннен кейін алты баласын оқытып, қалаған мамандығының иесіне айналдырғандығы. Бүгінде балалары спорт, әскер, банк, құқық қорғау, тағы да басқа салада жұмыс істейді. Мал шаруашылығына қатысты жұмыстарды ұлы Ерден Абақов қадағаласа, апамыз Сарыөзектегі бизнесті айналдырып жүр. Сонымен қатар, аудандағы мәдени-рухани іс-шараларға қолдау танытып, қайырымдылықпен де айналысады. Жыл сайын тұрмысы нашар отбасының бірнеше баласына оқу құралдары мен киім-кешек әпереді. Оның үстіне, қамқорлыққа зәру адамдарға қарайласып тұруды да әдетке айналдырған.

«Осындай игілікті жетістікке атакәсіппен айналысып, болашаққа дұрыс жоспар құрғаным жеткізді», – дейді Загүл апа. Біз де апамыздың еңбегіне риза көңілмен қайттық.

Кербұлақ ауданы.

8

Сіз сыйлаған сыйлық



Анаңызды алғаш қуантқан кезіңіз?

Қуаныш СҰЛТАНОВ, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты:

– «Мен қуанттым», – деп айтудан гөрі бұл сұраққа анамның өзі жауап бергені жақсы болар еді. Алайда ол кісінің жарқын бейнесі көңілде тәтті естеліктер болып сыр шертуде. Анамды ең алғаш қуантқаным – өмір есігін ашқан сәтім болса керек. Ол кезде қуанбайтын ана жоқ шығар! Баланың бақыты анада болса, анасының да бақыты перзенті. Өткен күннің еншісіндегі көріністерді еске түсірсем, мектепке барған алғашқы күнімнен бастап анам сабақтан алып келген «бестік» бағама, тіпті, мектептен үйге келгеніме қатты қуанатын. Үйге келген соң мектепке киетін ақ көйлек, қара шалбарымды орындықтың үстіне ыңғайластырып жинап қойғаныма қуанатын. Мектептегі көркемөнерпаздар концертінде өлең оқығанымда анамның қуанышында шек болмады. Анамды қуантуға қашанда құштарланып жүруші едім.

КІЛ ЖҮЙРІК



Спорт деген бегзада өнерді жанына серік еткен жандардың арасында қыз балалардың көптігі қуантады. Ер жігіттің тісі батпайтын спортқа аяқ басып, сол дүбірде олжа салып, биік шыңға шығып жатқандар қаншама?! Ал мен сөз еткелі отырған ару қыз нағыз өзіне жарасымды спорттың түрін таңдап, ел намысын биіктен көрсетіп жүрген нәзік жан.

ЖЕЛАЯҚ ҚЫЗДЫҢ ҚҰРМЕТІ

Жетісу

Ришад ТҰРҒАНБАЕВ

Гүлжанат Жанатбекова, жастайынан спортпен шұғылданып, бүгінде ел құрамасының мүшесі болып жүр. Ақсудан қанаттанған қарлығаш алғашында волейбол ойынымен шұғылданады. Тәп-тәуір ойын үлгісін көрсетіп жүрген Гүлжанат жарыс кезінде жарақат алып, спорттан аластатылады. Бойында қайсарлық пен өжеттік бар жас талант бойын қайта тіктеп, волейболға қайта келеді. Өкінішке қарай, бапкерлік кеңес пен дәрігердің берген анықтамасы Гүлжанаттың алдынан шығып, волейболдан біржола қол үзуге өкеп соғады. Бар жан-тәнімен спортқа берілген ақсулық қызға бұл жайт ауыр соққы болып тиді. Бірақ оған мойымады, сынбады. Бар күш- қайратын бойына қайта жинап, жеңіл атлетикаға бет бұрды.

Алғашында өзінің денсаулығы үшін шұғылдана бастаған Гүлжанат, артынша кәсіби тұрғыда дайындалуға көшті. Жаратқанның берген дарыны болар, қатысқан бәсекесінен олжасыз қайтпайтын болды. Жаттықтырушылар да жас қыздың бойынан талап пен жігерді, бір ұшқынды сезсе керек тыңғылықты баптауға кірісті. Үміті қайта оянған Гүлжанаттың құштарлығы жеңіл атлетикаға ауды. Тіпті, жүгірмесе тұра алмайтындай күй кешті. Жеңіл атлетиканың да жеңілі бар. Ал, Гүлжанаттың таңдағаны ұзақ қашықтыққа жүгіретін марафон бәсекесі. Ұзын жолды бетке алып, 42 шақырымда желмен жарысып, қарсылас біткенді шаң қаптырды. Осылайша Гүлжанаттың нақты жолы белгіленіп, үлкен спорттағы қиын да, қызықты күндері басталды. Енді оның мақсаты алыс жақын шет мемлекеттерде бақ сынап, ел намысын жоғары ұстау. Бұл ретте анасы Бибігүл көп көңіл бөлді. Оның алғашқы ақылшысы да, бапкері де анасы болды. Спорттан қол үзіп қалған кезде үнемі сүйеу болып, қайта қалыптасуына, үлкен спортқа қайта оралуына себепші болған да анасы. Ана жүрегі алдасын ба, бір жақсылықтың болатынын, үнемі тұманды күн емес, артынан шуақты күн шығатынын білген анасы Гүлжанаттың қайратына күш қосып, нақты бағытын айқындауға жол сілтеді. Дәл осы кезде Гүлжанаттың да рухы оянып, осыншама қиындықты көтеріп, нардың жүгін арқалаған анама сыйлық жасасам деген ой келді. Өркеш мерекеде сыйлықты назардан тыс қалдырмайтын Гүлжанат бұл жолғы менің анама деген қуанышым басқаша болсыншы деп ой түйді. Ол әлемдік сынның жүлдесі еді. Сол жылы Түркияда үлкен марафоннан халықаралық турнир өтті. Әлемнің желаяқтары жолыққан байрақты бәсекеде үшінші орынды иеленген Гүлжанат анасына қола жүлде мен халықаралық дәрежедегі спорт шебері деген күәлікті сыйға тартты. Ана көңілі шат. Қызының жетістігіне қуана білген Бибігүл спортшы қыздың жолына сеніммен қарады.

Расымен де, анасының ақылы, бағыты алдамады. Бұдан кейін Гүлжанаттың спорттағы тасы өрге домалап, жеңіс тұғырынан қол бұлғайтын күндері көбейді. Азияның қола жүлдесін мойнына тағып, елге өлшеусіз шаттық сыйлады. Рио Олимпиадасының жолдамасын ұтып алып, төртжылдықтың басты додасында бақ сынады. Жүлдегерлер санатына енбеді дегеніміз болмаса, оған дейінгі сүрлеуі қиын кедергіден өтудің өзі әр адамның қолынан келе бермейтін іс. Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы атанды. Ал мына қызықты қараңыз. Спорт деген бір сықыр деп айттық емес пе? Үлкен спортқа жолыққан әрбір майталманда мереке деген күн жоқ. Ол күні жанталас жарыста, моншақтап төккен тер мен қайратты жаттығудың үстінде болатын кезі көп. Осындай жаттығудың бірі Гүлжанатқа дөстүрге айналған. Дәл 8 наурыз күні барша ананың құрметіне 8 шақырымға жүгіреді. Бұл оның аруларға деген сыйлығы. Ал биыл 30 шақырымды жоспарға алып отыр. Жолың болсын, желмен жарысқан желаяқ қыз!



ПЕРЗЕНТ ҮНІ

Болат ӘБДІЛМАНОВ – бұл есім елімізге кеңінен таныс. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері. Театр және кино өнерінің хас шебері. Алайда біз бүгін актер туралы емес, оған ақ сүт беріп өсірген, тәрбиелеген, қанаттандырған, даңғыл жолға салған аналары жайлы айтқанды жөн көрдік.



Туған анасы, актриса Алтын РУЖЕВА.



Баққан анасы ШӘРБАНУ апа

Қос ананың құшағы

Жетісу

Болат МӘЖИТ

Байқап отырған шығарсыздар, сөзді көпше түрде аналары деп бастадық. Болат үшін бұл дүниеде қымбат екі адам болған. Оларды әлі күнге дейін ет жүрегі елжіреп сағынады. Екеуін ешқашан бір-бірінен бөліп қараған емес. – Біздің әулет өте ынтымақты болыпты. Татулықтарына ел сүйінген. Бүтінді бөліп, жартыны жарып жеген. Сондықтан да ғой, әкем өзінің ағасы Мәзімбай мен жеңгесі Шәрбануды төбесіне көтеріп сыйлаған. Алдарынан қия өтпеген. Отағасы осындай болған соң, әулеттің келіні – анам да қалыптасқан дәстүрді берік ұстаған.

Кейде жаны жайсаң жандардың жұрт біле бермейтін уайым-қайғысы болады. Мәзімбайдың жанын ауыртқан жай оларда бір нәрестенің болмауы еді. Бұл қиындықты қалай оңалту керек? Інісі мен келіні ойластыра келіп тәуекелге бел буады. Содан кейін мені – туған ұлын сол кісілердің еншісіне береді. Туыс көңіліне қараған мұндай ерліктер қазақ әйеліне тән ерекшелік пе деп ойлаймын, – дейді актер әңгімесін бастап.

Кішкентай Болат еншілеген әке-шешесімен бірге Ақсу өңірінде қалады. Қарақөз деген ауылда өсіп, ержетеді. Әкесі ұжымшарда жұмыс істеп, белді шопандардың бірі атанады. Ұлдарын да сол кәсіпке баулығысы келеді. Әсіресе, жадыраған жазда Болат жайлау қызықтарын бастан кешіретін.

Шәрбану анасы барын баласының алдына тосты. Мал қайыруға шықса да ол келгенше тамағынан ас өтпей алаңдаған. Ана мен бала арасындағы сүйіспеншілік оты ешқашан бәсеңдеген емес.

– Қарапайым малшының жұбайы болса да Шәрбану анам өте сұңғыла жан еді. Қазақтың салт-дәстүрлерін жетік білетін. Оның озығы мен тозығын дәл ажырататын. Сондықтан шығар айналасына беделді болды. Ақсудың жері киелі ғой. Жыр құлагері Ілияс Жансүгіров осы өлкеден бекер түлеген жоқ. Әсем табиғат, асқар таулар бір-бір дастан секілді. Оқып тауыса алмайсың. Шәрбану анам мені сол табиғатты сүюге, қоршаған ортаны жақсы көруге үйретті, – дейді Бөкең.

Орта мектепті бітіргеннен кейін жоғары оқу орнына түсу үшін сол кездегі Жамбыл қаласына жол тартады. Өйткені мұнда жеңіл өнеркәсіп саласының мамандарын дайындайтын технологиялық институт бар. Ондағы тері өңдеушілер факультетін таңдады. Себебі, малшының баласы бұл жұмыстардың біраз қырларына ежелден қанық. Енді оны кәсіби деңгейде меңгерсе жеткілікті. Тері өңдеушілер сол уақыттарда ауылға өте керек еді.

Екіншіден, қалада әкесінің інісі мен келіні тұрады. Алтын жеңгесі облыстық драма театрында актриса. Олар Болатқа бас-көз болады, бұл оларға сүйенеді. Қазақтың «Тура суда туғаның болсын» дейтіні сондықтан ғой.

– Жолым болды, ата-анам көрсеткен оқуға түстім. Қаладағы туыстарымның үйінде тұрдым. Өздері көпбалалы отбасы екен. Туыстарым маған жақсы қарады. Әсіресе, жеңгеме дән ризамын. Ол кісінің маған деген ықыласы мүлдем өзгеше.

Алтын жеңгемнің арқасында театр өнерінің сырларына қанығ бастадым. Менің қызығушылығымды ол кісі де байқады. Сондықтан спектакльдерге жиі шақыратын. «Менің актриса жеңгем бар», – деп курстастарыма мақтанамын. Театрға оларды да ертіп барамын. Тегін кіретін спектакль студент үшін үлкен олжаның бірі емес пе? – деп күледі Бөкең.

Сонымен, жас жігіттің аңсары бірте-бірте өнер әлеміне қарай ауа бастайды. Бойындағы бұл өзгерістерді алғашында елемегенмен, жаны жаңа таңдауға қарай бұрылғанын бәрібір аңғарады. Оны өзі ғана емес, актриса жеңгесі де сезген. «Сенің сөзіңде де, көзіңде де, кейбір қимыл-әрекеттерінде де сахна өнеріне лайық белгілер бар. Түбінде осы жолға түсетін шығарсың. Егер таңдауың солай болса ештеңеден жасқанба. Жүрегіңнің қалауына құлақ түр», – деді.

– Қазақстанның Халық әртісі Алтын Ибрагимқызы Ружеваның жеңгем емес, маған жарық дүниені сыйлаған туған анам екенін 18-ден асқанда ғана бірінші рет білдім. Кім біледі, дүниеден озарында бұған дейін ашылмаған құпияны алыстағы анам абысынына айтты ма екен деп те ойлаймын. Менің басқалардан ерекшелігім, екі ананың жүрек отына бірдей жылындым, – дейді аналары туралы сыр шерткен Болат аға.

Ең қызығы, актриса Алтын Ибрагимқызының өз тәрбиесінде болған балаларының бір де біреуі ол кісінің өнерін жалғамапты. Басқа саланың мамандары атанған. Ал осынау мәдени ортадан алыс, қыр жайлаған малшылар арасында өскен Болаттың туған анасына аумай тартқаны еріксіз бас шайқатады. Қанда бар қасиет деген осы. Сөйтіп, Болат Мәзімбайұлы екі шаңырақтың да қуанышы мен мақтанышына айналған.

– Анам Алтын туралы айтар болсам, ол кісі Ақтөбе облысы, Н. Байғанин ауданының тумасы. Жас кезінен-ақ өнерге бетбұрды. Алматыдағы киноактерлар дайындайтын мектепті бітірді. 30 жылдан астам Жамбыл облыстық театрында тұрақты еңбек етті. Қалың көрерменге Островскийдің «Жазықсыздан жапа» спектакліндегі Кручининаны, «Айман – Шолпанда» – Айман, «Еңлік – Кебекте» – Еңлік, «Қара қыпшақ Қобыландыда» – Қарлығаға, «Ақан сері – Ақтоқтыда» – Ақтоқты секілді кейіпкерлер бейнесінде көрінді. Құрмет-қошеметке бөленді.

1978 жылы Атырау қаласындағы облыстық драма театрын басқарды. 1983 жылдан соңғы уақыттарына дейін Талдықорғандағы театрда жұмыс істеді. Қазір Талдықорған қаласындағы көшелердің бірі менің анам Алтын Ружеваның атымен аталады.

Өзі ғана биікке шыққан жоқ, көптеген шәкірттерді тәрбиелеп, оларды қырандай самғатты. Солардың бірі – мына менмін. Ол кісі анам ғана емес, ұстазым, ұлағатым еді. Ең қымбатты екі адам – екі анам менің жүрегімде өмір сүріп жатыр, – деп Болат аға тебіренген қалыпта сөзін аяқтады.

Әбділмановтар отбасы бірін-бірі көктем мерекесімен құттықтаудан бұрын, екі ананы еске алады. Олар туралы сыр шертеді. Өмір сабақтастығы деген міне, осы шығар.

Жетісу
1918–2017
Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru

ДИДАР



– Мен ауданның қуанышына құтты болсын айта келген қонақтардың қолына су құюға келдім, – деп еді Лқсудың 80 жылдығында Нұртілеу Иманғалиұлы өзінің осы жердің перзенті екенін танытып. Кішіліктің, кісіліктің белгісі бұл. Болмаса атағынан ат үркетін жігітті туған елі басқалардан да жоғары мәртебелі хан көтеріп алары сөзсіз. Сол сөзінен әлі танбай келеді. Тәуелсіздік алғалы ауданымызда қаншама шара өткізілді. Ілияс, Қуат, Лқын Сара, тізе берсең тілге тиек болатын республикалық және облыстық деңгейде ұйымдастырылған оннан астам мерейтойлар ел мерейін өсіріп жатыр. Тіпті, аудан әкімі Әділбек Далбағаевтың бастамасымен көтерілген «Туған жерге туынды тік» акциясы аясында өткен шарадағы тұрмысы төмен 8 отбасына тегін пәтер берілгенде республиканың «Егемен Қазақстан», «Қазақ», «Жас Алаш», «Лйқын» сияқты белді ақпарат құралдарының редакторлары таңғалғаны да бар. Соның бәрінде ең қиын мәселені шешуге келгенде ылғи Нұртілеу Иманғалиұлының көмегіне жүгінеді екенбіз. Ол қашанда қолынан келгенін аямап қалған емес. Тіпті, сол мәдени-көпшілік шараларды ақпараттық қолдауда оның тигізген ықпалын басқалар неше жерден мықты болса да жасай алмайды. Себебі ол кезінде «Хабар» арнасында белді тілші болды, оны жұрт «Бай-қуатты болайық!» деген сөзінен де жақсы таниды. Президент аппаратында да абыройлы қызмет атқарды, қысқасы оның білмейтін ірі қоғам қайраткері, қарымды қаламгерлері жоқ. 50 жасқа толған шағында «Бенефис шоу» өткізіліп, атақты өнер тарландары мен беткеүстар ірі тұлғаларымыздың оған зор құрмет көрсеткенін жұрт ұмыта қоймағаны анық.

Ақсудан қанат қаққан

Мен Нұртілеуді бала күнінен жақсы білемін. Кеңес Одағының Батыры Н. Есеболатов атындағы орта мектепте менен бір сынып жоғары оқыды. Аудандық «Өмір нұры» газетінде сол кезде өлеңдері жарық көретін. Бокс секциясына да бірге қатыстық. Қара былғары куртка мен қолғап киіп алып, сол жылдары сырттан көшіп келген елуден астам неміс, орыстардың бұзақы балаларын тәртіпке салып жүргендіктен «Атақаз» атанғаны да бар. Мектеп бітіргенімде қала көрмеген мені Алматыға оқуға алып барған да сол.

Нұртілеу 1977 жылы ҚазМҰУ-дің журналистика факультетін бітірді. Қазақ телевизиясында тілші, редактор, аға редактор, комментатор, бас редактор, саяси шолушы, директордың орынбасары, «Хабар» агенттігінде модератор-жүргізуші, одан кейін Үкімет кеңсесінде сектор меңгерушісі, Президент Әкімшілігінде бас маман болып істеген. Коррупцияға қарсы күрес жөніндегі мемлекеттік комиссияның мүшесі. «Қазақстан» РТРК АҚ Басқарма Төрағасы қызметін атқарған. Н. Иманғалиұлы тележурналистикадан айнымаған тұлға. Ғұмырының 40 жылдайын телевизияға арнаған. Алғашқы хабарының бірі «Жадыңда ма, жолдас?!». Содан бері талайдың санасын қозғаған, саяси-әлеуметтік салмағымен, әсіресе, шыншылдығымен телекөрерменнің есінде сақталған бағдарламалары да баршылық. Тіпті, кез келгенді тоқтатып, аты-жөнін атай қалсаңыз бірден: «Бай-қуатты болайық!» деген бір ауыз сөзін айтатынын да кездестірдік. Ол өзінің журналистік шеберлігінің нәтижесінде «Жас жігер», «Көзқарас», «Алтыбақан», «Айна», «Заң мен заман», «Ақиқат пен аңыз», «Дидар», «Жастар дауысы», «Арай», «Көкпар», «Ой-көкпар», «Бетпе-бет», «Дін мен діл», «Арнайы репортаж», «Діңгек», «Қолтаңба» және тағы да басқа көптеген бағдарлама жүргізіп, соңына өшпес із қалдыра білді. «Ой-көкпар» өзінің ойнақылығымен, бір тақырып төңірегіндегі екі адамның пікірі арқылы елдің есінде қалатындай, көпшілік асыға күтетін хабар болғанын біз сияқты журналистер жақсы түсінеді. Әсіресе, «Діңгек» бағдарламасының бірінші хабарында 40 жылдан астам мектеп директоры болған ұлағатты ұстаз Жұмаш Аханбеков, бокс тренері Мұратбай Төлегенұлы сияқты азаматтардың ел алдындағы елеулі еңбектерін күллі қазақ жеріне паш еткенін ауылдағы туыстары ешқашан ұмытпасы анық. Тек ауылдастары ғана емес, қазақтың ірі тұлғалары Ақселеу Сейдімбек, Мырзатай Жолдасбеков сынды сөз зергерлерінің әңгімелерін естіп, келесі хабарды асыға тосатынбыз. Ой адамдары туралы сөз саптау оңай емес, бәлки Нұртілеудің айтулы тұлғалармен тең дәрежеде сұхбаттасуына сол кездегі бірге еңбек еткен әріптестерінің де ықпалы болған шығар. Оған мына бір естелігі дәлел деп ойлаймын. – *Қоғамның, ұлттың көзделген мұратымен бірге сол кездегі басшылардың, әріптестерімнің қолдауының арқасында нәтижелі жұмыс істедік*, – дейді ол өткенін еске ала отырып. – *Надежда Белканова деген бас редакторым, сол кездегі әріптестерім Құсман Игісінов, Совет Мағзұмов, Фатима Бегімбаева жұмысыма ерекше қолдау білдірді. Белгілі жазушы Мереке Құлкенов, Жүрсін Ерман, Әділғазы Қайырбековпен бірге істеген қызметімді сағына еске аламын. Бүгінгі «Қазақстан» ұлттық арнасының директоры Марат Иманғалиұлымен бірге бірнеше хабар жасадық. «Көкпар» деген бағдарламаның алғашқы хабарын Марат екеуміз жүзеге асырғанбыз,* – деген естелігінен-ақ жақсы адамның жанына жақсылардың жиылғанын аңғаруға болады.

Көпшілікті Нұртілеудің «Бай-қуатты болайық!» деген сөзінің төркіні қызықтырады. Ол осы бір ауыз сөз арқылы қазаққа амандық, тыныштық, бақ-береке тілеп тұратынын да ерекше атап кеткен жөн. Бұл жөніндегі бір сұхбатын да айта кетейін:

– *Менің түсінігімдегі байлық адамның жеке басының ішкі сұранысын толық қамтамасыз етуден тұрады. Құдайға шүкір, соңымда ізімді жалғайтын ұрпағым бар. Бұл байлық емей немене?! Амандасудан абайлап, тек сыртынан тамсана қараған кісілермен бүгін дастарқандас болып, сол кісілердің сенің азамат екеніңді елеп-ескеріп, бір мәселенің төңірегінде әңгімелдүкен құрып жүргені, байлық емей немене? Бай деген сөзді біз көбінесе материалдық тұрғыда қарастырамыз. Мен материалдық байлықтың соңына түскен жан емеспін. Қолымнан келмейді деп есептедім бе, әлде, басқа себеп болды ма, білмеймін. Егер қоғамға қажет екеніңді дәлелдей білсең, бойыңды жат қылықтардан аулақ ұстасаң, материалдық байлық өзі келеді. Менде бір асыл байлық бар. Ол – үйімде тұрған бір чемодан қойын кітапшам. Журналистік жолымды бастаған кезде қолға алар жоспарларымды жазып отыратын, лездемелерде айтылған жақсы ойларды немесе әдекімдердің қанатты сөздері, газет-журналдардан немесе кітап оқығанда ұнаған тіркестерімді түртіп қоятын кітапшам – мен үшін зор байлық. Соны бір ретке келтірсем, кез келген тележурналист қызығып оқитын кітап шыға ма деп ойлаймын. Кейде өкініп те қоямын. Газет-журналдарда жұмыс істейтін әріптестерімнің көбісінің жазған дүниелері тасқа басылды. Кітап болып жарық көрді. Оны кез келген уақытта тауып алып, оқуға болады. Телевидениеде мұндай мүмкіндік жоқ. Отыз сегіз жылда жасаған алғашқы хабарларымның көбі бүгінде архивте сақталмаған. «Сонда телевидениедегі қызметімнің құмға құйған су секілді жоғалып кеткені ме?» деп күдікті ойға берілетінмін кейде. Қазір интернеттің шығуына байланысты өкініштерімнің орны тола бастаған секілді.*

Енді «Бай-қуатты болайық!» деген сөздің өзіне тоқталайын. Бұл – аузыма Алла салған сөз. Мұндай сөздің талайын айтқан мықты адамдар бар ғой. Бірақ, бұл сөз сәтімен шықты деп білемін. Несімен сәтті дейсіз ғой? Қысқалығымен, қазақтың миына тез қона қалатындығымен сәтті болған секілді көрінеді. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі рухани байлығымыз бен экономикалық байлығымыздың, денсаулығымыздың, бір сөзбен айтқанда, барлық саланы қамтыған сөз болды бұл. Осы сөзден кейін спорт комментаторы Амангелді Сейітханның «Жеңісті күндерде жолыққанша!», тележүргізуші Нұрділдә Ораздың «Әр шаңырақта – амандық», – дегені қанатты сөзге айналды. Әр журналистің «Біз де осындай сөз айтсақ, жөн болады екен-ау!» деген ой туғызуына септігін тигізген «Бай-қуатты болайыққа» әрқашан басымды иемін. Кезінде «Ана тілі», «Жас Алаш» газеттерінде «Бай-қуатты болайық» сөзін алғаш қолданып жүргенімде, сын садағына алған адамдар да болды. Оңтүстік жақта айтылатын «бақуатты» сөзімен шатыстырған әдекімдердің «Қазақтың «сау бол» деген әдемі сөзі тұрғанда, мұны қайдан шығарып жүр?» – деген сөздерін де естідім. Сосын «бай-қуатты» мен «бақуатты» сөзін шатыстырып жүргендерге түсінікті болу үшін бай мен қуатты сөздерінің арасына тоқтау жасап айтатын болдым. Бірден қабылданды. Бір қарағанда, бай-қуатты сөзі тілек сөзі секілді. Өзімнің кейбір жақын достарыма, жанымды түсінетін адамдарға игі мерекелерде құттықтау телеграммаларын жолдаймын. Сонда жақсы тілектер жазып келемін де соңын «Бай-қуатты болайықпен» аяқтаймын. Журналист болғаннан кейін жақсы сөз іздейсің. Бұл – біреулерге күлкілі болуы да мүмкін. Бірақ, мен өзім осыдан ләззат аламын, – деп бір ауыз алтын сөздің мәні мен мағынасын тереңінен ашқан азаматқа бүгінде күллі қазақ разы десек артық болмас.

Атағы бір басына жетерлік, атап айтсақ, Қазақстанның мәдениет қайраткері, республикалық «Тұмар» телебайқауының жүлдегері, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының екі мәрте лауреаты, «Алтын Жұлдыз» сыйлығының иегері, Қазақ Ұлттық өнер академиясының құрметті профессоры, бокстан студенттер арасында республика чемпионы. Бильярдтан Қазақстан журналистері арасындағы жарыстың Бас жүлдегері. Алматы облысының және Ақсу ауданының Құрметті азаматы. Алатаудай асқақ атағына мастанбай, кез келген ортада сөз бастап, ақыл жарыстыратын осындай азамат біздің киелі Ақсудан шыққаны қандай ғанибет. Нағыз мақтануға, мақтауға лайық азаматтың деніне саулық, отбасына амандық тілейміз.


Мұхаметәлі ҚАЗБАНБЕТОВ.

Өмір өзінің өткенімен қызықты, нәтижелі. Десек те, ол ағын су сияқты өтеді, өзгереді. Алайда, сол өзгерістің астарында анықтап қарамасаң жете түсіне алмайтын ақиқаттар жатады. Осы тұрғыдан келгенде қазақ баспасөзі талай өзгеріс пен өңдеудің жолынан өтіп, бүгінгі әлемдік өркениетке ықпал ете алатын деңгейге шықты. Бұл айтуға жеңіл болғанымен осы жолда қаншама адам түн ұйқысын төрт бөліп, тынымсыз еңбек еткенін дәл қазір санап бере алмаймыз. Дей тұрғанмен, өткен күннің сарғайған естеліктерін парақтап отырып, көп ойды көңілге түйеміз. Түйеміз де сол жандарға еріксіз басымызды иеміз. Олардың тағдыр талайы бір-біріне ұқсас болмаса да, мақсаты, мұраты, арманы бір арнаға тоғысып жатқанын аңғарамыз. Сондай жандардың бірі, қазақ баспасөзіне жарқ етіп келіп, артына бірталай құнды мұра қалдырып келе жатқан Болатбек БИСҰЛТАНҰЛЫ ағамыз еді.

Жетісу

Қажет АНДАС

ҚАЛАМ қарымы



Әкесі соғысқа аттанған соң айналасы үш аптаға жуық уақытта өмірге сәби келеді. Ағайындар соғысқа кеткен ерлерге тартсын деген ниетпен атын Болат деп қояды. Ауылдағы өмір, жанталас тірлік сол тұстағы үлкендер мен бала-шағаға да жеңіл тимеді. Ағасы Советбек жастай қызылша дертінен шетінеп кетіп, жаңа туған нәреste шешесінің өкініш толы өміріне жұбаныш болады. Жетімдік тілге ауыр айтылғанымен өршіл, еңбекшіл баланың тез ержетуіне көп ықпал етті. Қозы қуып жүріп табандылықты, бұзау бағып жүріп еңбексүйгіштікті, майшамның түбінде түннің бір уағына дейін кітап оқып жүріп – білімділікті үйренді. Тұрмыстағы кейбір жетіспеушілік қатарластарына қарағанда тез есейтті.

Ақсу ауданының Құрметті азаматы, қазақ журналистикасының ардагері Болатбек Бисұлтанұлы биыл 75 жасқа келді. Әрине, жетпіс беске келу бар да, оған ұлы мұрат, биік парасат, игі жетістікпен жету екінің-бірінің қолынан келе бермейді. Демек, елдің құрметіне бөленген, ағайынның алғысын арқалаған, жерлестерінің мақтанышы болған ағамыздың өмір жолы өз алдына бөлек әңгіме, тағылымды тағдыры тереннен сыр тартар тәрбиемен өзектесіп жататыны белгілі. Ендеше, осы ретте сол жайлы ой өрбітпекпіз.

«Арынды менің Ақсуым, Арқырап әлі ағарсың», – деп туған жері жайлы құлагер ақын Ілияс Жансүгіров тегін айтпаған шығар. Мүмкін, тастантасқа соғылып, ағынымен айналасына өмірге құштарлық тамшысын сеуіп өтетін Ақсу өзені талай-талай асыл азаматының шөлін басып, өміріне өзек жалғады. Өзен бойын жағалап, жалаң аяғын шөгірге тілгізген сол бір қара домалақ балалар бүгінде елдің абырой ақсақалына айналғанын көреміз. Қасиет қонған даланың қастерлі тұсының бірі де сол емес пе? Сол жетпіс бес жыл бұрынғы ауыл баласының бүгінгі таңда тұтас Жетісудың тарихын жазып, елімізге танымал тілші атанарын ол кезде ешкім білген жоқ.

Ағамыздың әкесі Бисұлтан Байысов Ақсу ауданы Жайылма ауылдық кеңесінің төрағасы қызметін атқара жүріп, ел өміріне өзіндік үлесін қосты. Сондықтан балаларым да қоғамдық өмірге бейім болады деп ойлаушы еді. Ауыл жұртына беделді азамат 1942 жылы 27 мамырда майданға аттанады. Соңында Советбек атты ұлы мен жүкті әйелі Қамила қалады.

Ерін майданға шығарып салып тұрып Қамила Бисейітқызы:

– Соңында қалған балаларыңды шамам жеткенше қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай өсіремін, – деп сөз береді. Әкесі соғысқа аттанған соң айналасы үш аптаға жуық уақытта өмірге сәби келеді. Ағайындар соғысқа кеткен ерлерге тартсын деген ниетпен атын Болат деп қояды. Ауылдағы өмір, жанталас тірлік сол тұстағы үлкендер мен бала-шағаға да жеңіл тимеді. Ағасы Советбек жастай қызылша дертінен шетінеп кетіп, жаңа туған нәреste шешесінің өкініш толы өміріне жұбаныш болады. Жетімдік тілге ауыр айтылғанымен өршіл, еңбекшіл баланың тез ержетуіне көп ықпал етті. Қозы қуып жүріп табандылықты, бұзау бағып жүріп еңбексүйгіштікті, майшамның түбінде түннің бір уағына дейін кітап оқып жүріп – білімділікті үйренді. Тұрмыстағы кейбір жетіспеушілік қатарластарына қарағанда тез есейтті.

Сол тұстағы балалық балғын өмірін көз алдына елестеткен Болатбек аға:

– Анам кеңшарда белсенді еңбек етті. Қиындықтар мен жетіспеушілік, қайта құрудың қат-қабат жоспарлары болса да менің дұрыс тәлім көріп, білім алуым үшін барлық жағдайды жасауға тырысты. Әкесіз өссем де өмір бойы әкемнің жоқтығын сездірмеуге тырысты. Ауылдық, аудандық кеңес депутаты болып, елдің жүгін арқалап жүрсе де менің барлық атқаратын шаруамды қадағалап отыратын. Күндіз жарқылдап жүрсе де, түндерде көз жасын сығымдап алатынын көріп қалатынмын. Бір қызығы, әкемнің майданнан жазған хаттары мен «қара қағазды» өмірден өтер алдында, яғни 1994 жылы маған табыс етті, – дейді ол.

Иә, біздің адам болып асқақтап жүргеніміз де осындай аналардың арқасында емес пе?! Болат ағамыз да анасын мәңгілік мекеніне дұрыстап шығарып салды. Күні-бүгінге дейін перзенттік парызын өтеп, құдайы тамақ беріп, Құран оқытып дегендей имандылықтың үлгісімен анаға деген құрметін білдіріп келді.

Әлпештеген ананың аялы алақанын сезініп өскен Болатбек Бисұлтанұлы басында Ақсу аудандық жетімдер интернатында, соңынан 1957 – 1960 жылы Ілияс Жансүгіров кентіндегі Чапаев атындағы орта мектепте оқиды. Осыдан кейін Семей педагогикалық институтына сырттай оқуға түсіп, ұжымшар мүшелігіне қабылданады. Кейіннен Қаракөз ауылындағы Қызылорақ орта мектебінде мұғалім, 9 «а» сыныптың жетекшісі міндетін атқарды. Бірақ бала күнінен «қаламгер болсам» деген арманның әлдиінде өскендіктен қандай қоғамдық жұмыстар істесе де ойынан журналист болу бір шықпайды. Сонымен алпысыншы жылдардың ортасында Болат Бисұлтанұлы журналистика саласына бірден ауысады. Алғашында Ақсу, Қапал аудандық газеттерінде тәжірибе жинап, одан кейін облыстық «Жерұйық» газетінде табан аудармай 30 жыл еңбек етті.

Әрине, журналистика – күрделі мамандық. Оның адамға жүктер жауапкершілігі мен жүгі ауыр. Өйткені журналист күн сайын білімі мен тәжірибесін жетілдіріп отырғаны дұрыс. Олай болмаса, биік белеске шығып, алып асудан аса алмайды. Сондай-ақ, бұл салада жазылмаған бір заңдылық бар. Яғни, журналистикадағы алғашқы қадамын корректорлықтан бастаған. Болат аға журналистика саласының қыры мен сырын тез меңгеріп, көп өтпей басқа әріптестеріне тәжірибесімен жол көрсете бастайды.

«Ең қызығы, Болат аға мақала жазу барысында интернатта бірге тұрған, оқыған балалардың есімдерін де ұмытпай жазып отырады», – деп естуші едім. Осы материалды дайындау барысында:

– Аға, осыдан 65 жыл бұрын Ақсу ауданындағы жетім балалар интернат жатақханасында кімдермен бірге жүріп-тұрған едіңіз, – деп сұрап қойдым.

Басында мүдіріп қалатын шығар деп ойлағаным рас. Өйткені 65 жыл емес, 35 жыл бұрынғы сыныптастарымызды ұмытып жүрміз ғой. Ағамыз саусағын санай жөнелді:

– Балтабай Есенбаев, Қанат Ғалиев, Кеңесбек Рахатов, Илья Шалғынбаев, Болат Нұрсейтов, Қағазбек Намазбеков, Қанат Сапыжанов, Түндебай Төлегенов, Жәкетай Иманғалиев, – деп мүдірмей, бір деммен айтып шықты.

Әрине, есте сақтау қабілеті мықты адамдар болады. Болат ағаны сол қатарға қосамыз. Десе де, ағамыздың алпыс бес жылдың алдындағы сыныптастарын ұмытпағаны сол күндерге, өмірге, ауылға деген терең сүйіспеншілігінің белгісі емес пе? Осы адами қасиетті әрдайым өзіміздің санамызға шегелеп, балаларымызға үлгі етсек, ұтарымыз көп болатыны анық. Тіпті, Болат ағамыз мұғалім болып жұмыс істеген кездердегі өзі оқытқан оқушылардың аты мен тегін әлі ұмытпаған. Мектеп бітірген шәкірттері 40 және 50 жылдық кездесулер өткізіп, ұстаздарын шақырғанда алды ата, апа атанып, немере-шөберелі болған оқушыларының аты-жөнін, мектептегі қызғылықты істерін майын тамызып әңгіме еткенде, балалық шақтарын қайта бір көз алдынан өткізген оқушылары ұстаздарына шынымен тәнті болғанын жұрт әлі әңгіме етіп жүр.

Тек бұл емес, зерделі ағамыз өңірімізде өткен тарихи, мәдени, мерекелік шаралардың да қашан, қалай, қай деңгейде өткенін күні кеше өткендей баяндап береді.

Бірде Қаракерей Қабанбай батыр жайлы мақала дайындап отырып, бірінші рет батырдың тойының қашан өткені туралы ақпарат керек болды да ағама телефон шалдым:

– Болат аға, Қабанбай батырдың 300 жылдығы қай жылы, қай айда, қай күні өтіп еді? – деп сұрадым.

Ағам мүдірген жоқ.

– 1991 жылы 16-17 тамыз күні Үйгентас жайлауында жұма мен сенбі күні тойланды. Оған сол тұстағы Мәдениет министрі, үлкен жүректі азамат Өзбекәлі Жәнібеков пен қоғам қайраткері Мырзатай Жолдасбеков сынды мемлекеттік биліктегі тұлғалар қатысып, шараның беделін асырып еді – демесі бар ма?

Таңғалысымды жасыра алмадым.

Болат ағаның ақындық таланты да бар. Өлеңді көп жазбағанымен ара-тұра көңіліндегі ойын көркемдеп, өлеңмен жеткізетіні бар. Алғашқы өлеңін жиырма жасында жазып, сол тұстағы Ақсу аудандық газетіне жариялапты. Әріптес аға сұхбат барысында сол өлеңді де жатқа айтып берді.

Асылым, жүрегімде ұяладың,
Көңілдің биігіне қияладың.
Өзіңсіз бұл өмірдің сәні бар ма,
Мен бірақ «сүйем» деуге ұяламын.

Сен жүрсең білім іздеп алыс маңда,
Аңсаймын сағынып қол алысқанға.
Күніне неше дүркін еске аламын,
Жаным-ау, жүрегіміз ауысқан ба? – деп келеді.

Өлең сыры белгілі. Ғашықтық дерті. Ол ұнатқан сол қызды әлдекімдер алып қашып, амалсыздан сол үйдің босағасында тұрып қалған көрінеді. Осыдан кейін Болат Бисұлтанұлы өлең жазуды үзілді-кесілді тоқтатады да, әзіл-оспақ, сын-сықақ жазуға белсене кіріседі.

Өмір – мектеп. Сол мектепте тағдыр әртүрлі адамдармен кездестіреді. Ұлағатты жандар сенің жан-жақты болып қалыптасуыңа жол ашады. Ағамыздың өмірінде де ақылын аямаған, жол нұсқап, жөн көрсеткен, қателігін бетіне айтып, кемшілігін жасырмай көрсеткен, сол арқылы абыройлы азамат болып қалыптасуына ықпал еткен адамдар аз болмаған. Бастауыш сыныпта білім берген ерлі-зайыпты Нұрмұханбет Еженов пен Рәшида Алтынбаевалар ең алғашқы өмір баспалдағын нық басуына сеп болды. Ал журналистика саласына келгенде Тәңірберген Қалилаханов, Ғайыс Егембердиевтің жазу-сызуға адалдығы өмірлік үлгі-өнегесіне айналды. Қос қаламгердің болмыс-бітімі, мінез-құлқы да ерекше. Екеуі де сабырды серік еткен азаматтар. Ғайыс ағамыз бүгінде 93 жаста. Әлі күнге газет-журнал оқып, қоғамдағы өзгеріс-жаңалықтан қалыс қалмай отырады. Сүйегі асыл! Қатарлас жүрген журналистердің арасынан Арасанбай Естенов, Өтепберген Ақыпбеков, Әміре Әрін, Мырзағали Нұрсейітов, Ғалым Жазылбеков, Талғат Батырханов, Ахат Баққожаевтардың өмірдегі орны ерекше. Бұлар көпшіл, еңбеккор, кісілігі басым жандар. Ұсақтықтан жоғары тұратын азаматтар.

Жоғарыда аты аталған ағамыздың әріптестерін бүгінде жұрт біледі. Олар қызығы мен қиындығы қатар жүретін журналистиканы жан-тәнімен сүйетін жандар. Редакция тапсырмасын тиянақты орындамайынша ішкен асы бойына сіңбейтін мамандар. Бұдан өзге ағамыздың өмірінде ұмытылмас адамдармен қатар тарихи сәттер де көп болды. Қоғамдағы әр оқиға журналист үшін маңызды. Адамзат үшін алар орны тілші тарапынан сарапқа салынады. Осы тұста ағамыздың журналистикадағы беталысына Арал қасіретіне арналып Қызылорда облысының Арал қаласы мен Барсакелмес аралында өткен форум ерекше әсер етті. Халықаралық форумға Еуропа, Азия, Африка континенттерінен көрнекті ғалымдар, журналистер, медицина саласының басшылары қатысты. Осы форумда Болат аға журналистика саласындағы әлемдік ғалымдардың іс-тәжірибесін көріп, одан үлгі-өнеге алды. Сол жиған-терген тәжірибесін өзінің болашақ мамандығына ұтымды пайдаланды.

Ағамыздың тұтас өмірінің жарымынан көбі журналистикаға арналды. Алғашқы еңбек жолын Ақсу аудандық «Өмір нұры» газетінен бастап, Қапал аудандық «Қапал Еңбеккері» газетінде жалғастырды. Сол кезде ауданның жағдайы тым жұтаң. Газетте кеңсе болмағандықтан қызметкерлер қазақ үйде отырып жұмыс істейтін. Алайда, түрлі қиындықты көре жүріп, еңбек еткендіктен басшылардың назарына ілігіп, 1974 жылы аудандық газеттің редакторылығына тағайында-

> **Қоғамдағы әр оқиға журналист үшін маңызды. Адамзат үшін алар орны тілші тарапынан сарапқа салынады. Осы тұста ағамыздың журналистикадағы беталысына Арал қасіретіне арналып Қызылорда облысының Арал қаласы мен Барсакелмес аралында өткен форум ерекше әсер етті.**

лады. Ал 1997 – 2000 жылдар аралығында «Сарқан» газетінің бас редакторлығына бекітілді. Газет сол күндері біраз уақытқа жабылып, қайта қалпына келтіру көп еңбектенуді талап етті. Еңбекақы уақытылы берілмейтіндіктен қызметкерлерді ұстаудың өзі қиын болды. Ауданның сол кездегі әкімі Азамат Сәрсенбаев шынайы азаматтықтың үлгісін көрсетіп, газеттің шығуына барынша қолдау білдірді. Сөйтіп, жағдай шұғыл жақсарып кетпесе де оң бетбұрыс байқалды.

Сонымен қатар, Болат Бисұлтанұлы облыстық «Алатау» газетінің қалыптасуына да барынша еңбек сіңірді. «Алатау» газеті облыс орталығы Талдықорғанға қоныс аударған 2001 жылы жарыққа шығып, редактордың орынбасары Болат Бисұлтанұлы басылымның №1 санын жоспарлауға қатысты. Сол жылы Үнді елінен полиграфиялық машиналар жеткізіліп, газет басудың қыр-сыры меңгерілді. Газетті бір мезгілде бірнеше түрлі түсті етіп басып шығарудың алғашқы куәгері болған да Болат ағамыз. Ағамыз 2005 жылы облыстық «Алатау» газетінен құрметті зейнеткерлікке шықты.

Болат Бисұлтанұлы зейнеткерлікке шыққаннан кейін де жайланып жатпай, қоғамдық қызметтердің бел ортасында жүріп, белсенді қолдау танытты. Қаракерей Қабанбай батырға арналған «Дарабоз» қоғамдық-мәдениет қорының баспасөз хатшысы, ол осы азамат туралы көптеген мақалалар жариялады. Осы қор жетекшісі Сейдахмет Шүрегеевтің «Қаракерей Қабанбай – Алаштың айбынды қолбасшысы» атты кітабын шығарушы редакторы болды. Айта кетерлігі, жоғарыда аталған Талдықорған қаласында 2007 жылы 7 наурызда құрылған қорға мұрындық болушында 2009 жылдың 23 қыркүйегінде Қабанбай батырдың алып ескерткіші «Қаратал» шағынауданында бой көтерді. Ескерткішке тәу еткен әрбір адам баба мүсінінің тас тұғырға орнығуына Болат ағамыздың көп еңбек сіңіргенін ұмытпағаны жөн. Осы кезде Қабанбай батыр ескерткішінің сәулетті болуы үшін сол тұстағы облыс әкімі Серік Үмбетов, оның бірінші орынбасары Амандық Баталов, қор төрағасы Сейдахмет Шүрегеев цехқа келіп, жұмысты қадағалап отырды. Сол істердің бәрі қордың баспасөз хатшысы Болат Бисұлтанұлының қаламы арқылы БАҚ-та жарық көріп, тарихқа таңбаланып қалды.

Соңғы екі жарым жылдан бері Б. Бисұлтанұлы облыстағы «Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев» қоғамдық қорының төрағасы Қ. Жексенов мырзаның орынбасары әрі қордың баспасөз хатшысы болып жүр. Осынау ұлы тұлға туралы облыстық газеттерге бірнеше көлемді мақалалар жарияланды, оны жұрт ықыласты қабылдады. Бір айта кетерлігі, осынша көлемді, тындырымды еңбектері үшін ағамыз ешқашан еңбекақы талап етіп көрген жоқ. Ел игілігі жолындағы істерге қол ұшын беруді азаматтық борышым деп түсінеді.

Расымен, адамның қоғамдық өмірдегі белсенділігімен қатар тұрмыстағы жауапкершілігі де қатар жүреді. Бірін ардақтап, екіншісін ұмытқан жан ешқашанда биік белеске шыға алмайды. Болат ағамыз жұбайы Советай Нұрғалымова апамызбен ынтымағы ұйған отбасын құрып, үш ұл, бір қыздың ата-анасы атанды. Бүгінде 13 немере мен 2 шөберенің ата-апасы. Осы тұста бір қаламгердің артында қашанда мықты бір сүйеніштің тұратынын ескермеуге болмайды. Болат ағамыздың да көйлегі көк, өмірі мерекелі жүруінің басы-қасында отбасының барлық жұмысын үйлестіріп, Советай апамыздың жүргенінен ізденген жөн. Апамыз медицина саласында 39 жыл еңбек етті. ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің құттықтаулары, облыс әкімі мен басқарманың Алғыс хаттарымен марапатталған білікті маман. 1986 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесінің Жарлығымен «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медалімен марапатталған. Ән мен би өнерін сүйеді. Айтпақшы, апамыз 2001 жылы 7 мамырда ҚР Тәуелсіздігінің 10 жылдығы құрметінде медицина қызметкерлері арасында Президенттік тест спартакиадасында облыс чемпионы атағын жеңіп алып, Құрмет грамотасымен, бағалы сыйлықпен марапатталғанын айта кеткен жөн.

«Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дегендей, тұңғышы Ерлан спорт және дене тәрбиесінің жоғары білімді маманы, әскери борышын Ауғанстанда атқарып, еліне 1989 жылы оралды. Екінші ұлы Нұрлан экономист, бизнесте. Екеуі де Алматыда. Үшінші ұлы Ержан әскери қызметші, десанттық-шабуыл батальонында. Қызы Нұршолпан сауда-экономикасы маманы, төртеуі де өз отбасында ұрпағын өсіріп, қызметтерін жалғастырып жатқан азаматтар.

Журналистика ардагері, Ақсу ауданының бел баласы Болатбек Бисұлтанұлы өзінің «Тағдырыма ризамын» атты кітабының соңында өз балашағаларына мынандай жүрекжарды әкелік әрі аталық ақылын айтыпты.

Ерлан, Нұрлан, Ержаным,
Нұршолпаным – кенжем, ардағым.
Үлкен келін – Сәния,
Бәріне басшы жанұя.
Жанна менен Шынарым,
Жақын менің жанымда.
Айналайын Мұратжан,
Жүрегі адал жарына.

Сендерге айтар ақылым,
Сабырмен жүріп ақырын.
Бірінді-бірің аялап,
Тату жүруге шақырдым.
Немерелерім өсіп көбейсін,
Сыныгындай кесек алтынның.

Сөзімді дұрыс ұғыңдар,
Өлшеулі ғана ғұмыр бар.
Бәрің де менің баламсың,
Сағынысып тұрыңдар.
Бәріңнің анаң – Советай,
Айтқанына мойын бұрыңдар.

22. 05. 2017жыл.

ТҮЙІН:

Иә, біздің жоғарыда айтқанымыз Болат ағаның елеулі істерінің қадау-қадау тұстары ғана. Десе де, қазіргі ұрпақ қазақ деген халықтың бүгінгі тәуелсіздікке жетуінің ең негізгі сыры – халқымыздың отты жылдарда Отанын қорғай білген, бейбіт күндерде халқының қам-қайғысыз тірлік етуі үшін жанталасып, жарғақ құлағы жастыққа тимей еңбек еткен азаматтарының теңдессіз қажыр-қайратын терең білгені жөн. Сол қатарда Болат ағамыздың да сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Сол телегей табысының игілігін ұрпағы көріп, ұлағатын тұтас Алаш ұрпағы үлгі етсе несі айып. Осындай аңқылдақ пейілді, арып-талмайтын асқақ ниетті, еңбегін бұлдамайтын ағамыздың алдағы аспаны ашық болсын деп тілейміз.

САҒЫНЫШ

Уақыт аққан сумен тең. Міне, кеше ғана көктем еді, аунап түсіп жаз болды. Әне, өткен жылы осы уақытта «Шырын шындық пен шырыл» кітабын қолтығына қысып, кабинеттің есігін еппен ашып кіріп келе жатқан Айтмұхамбет атамыздың да мәңгілік мекеніне аттанғанына бір жылдың жүзі болыпты. Уақыт өткені болмаса сол баяғы кірпияз қалпы, жеңіл жүрісі, аңқылдақ асыл бейнесі көз алдымызда тұр. Селт етіп, сергіп барып, атамыздың арамызда жоқ екенін ескеріп, алдымызда тізіліп жатқан кітаптарын еппен қолыма алдым. Көңіл көк дөнені алай-дүлей құйын ойдың иірімін бір малтып алды да, ары қарай ата мұрасына үңілді.



Жарқын жүзі ЖАДЫМЫЗДА

Жетісу

Қажет АНДАС

Әлі есімде, сексеннің сеңгіріне шыққан Айтмұхамбет қарияның үйінде бір қабырға түгел иін тірескен кітап. Сөренің екінші қабаты қарияның қолтаңбасын танытатын туындылар мен соған қатысты кітаптарға толысқан. Міне, сарғыш тартып көнерген бір кітап «Керуен» аталыпты. Көз алдыма тоқтамайтын өмір көші келе қалды. Жинақтың алғашқы бетінен-ақ сағыныш сазы ойнап сала берді. Ақ парақтың маңдайшасында: «Репрессия қырғынының құрбаны болған әкем – Есімжанға, сол қасіреттен 29 жасында көз жұмған шешем – Рәзияға арнаймын. Автор», – деген бірауыз сөз тұр. Енді маған бәрі де алақандағыдай аян. Жазықсыз жалаға ұшырап, оққа ұшқан зұлматты жылдардың қанды парағы көз алдыма келіп, жүрегім сыздап қоя берді. Менің осы көңіл күйімді сезсе керек:

«Менің ата-бабамның қадір-қасиетін білгің келсе, «Туыс» атты дастанымды оқы», – деді жаймен ғана.

Айтмұхамбет атаның басынан сан түрлі қиындық өтті. Екі жарым жасында әкесі, төрт жасында шешесі саяси құғынның құрбаны болды. Бүкіл әулеттен құдайдың құдіретімен жалғыз өзі тірі қалды. Нағашы әжесі Мәрия Ырысалдықызы сәби кезінен бауырына басып, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай өсірді. Алайда ол заман өте қиын еді. Еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейін қара жұмыстың соңында жүрді. Бірде аш, бірде тоқ күнұзаққа шөмеле тасып, түнімен масаға таланды. Ауыр, азапты күндер жетім баланың желкесінен басып, жүрегін жегідей жеді.

–Көктерек деген жерде туып-өстім, – деп еді атамызбен болған әңгімеде қасіретті жылдарды ой елегінен тағы бір мәрте өткізіп.

– Арғы аталарым мұсылманшылықты жүрегіне құйған діндарлар еді. Мамажан атам Қазанда діни білім алып келген. Атамыз татардың қызымен танысып, үйленген. Жасы 82-ге келіп өмірден өтті. Апам ақылды, шешен, сөзге шебер адам. Бес келіні болыпты. Ауылға келген қонақтар апамның әңгімесін тыңдаймыз деп жиналады екен. Атамның қасиеті сол, жаз жайлауға көшерде, шаянның аузын байлап тастайды екен. Яғни, көштен бұрын өзі барып, зиянды жәндіктердің аузын дұғамен байлап шығады. Көш қыстауға қайтқанда қайтадан жәндіктердің аузын ашады. Мамажаннан Кәкіш, Тышқанбай, Хасен, Ахмет, Есімжан тарайды. Кеңес өкіметінің сайқал саясаты оларды және балалары Омарғали, Құрманғали, Қалидың мал-мүлкін түгел тәркілеп, «халық жауы» деп ату жазасына кеседі. Ол кезде мен екі жарым жаста едім. Бүкіл әулетте он еркек кіндіктен тек мен ғана қалдым.

Иә, Айтмұхамбет Есімжанұлы бұрынғы Бөрлітөбе ауданы, Көктерек ауылында өмірге келген кезден тұрмыстың қиыншылығына тап болады. Бабаларынан дарыған күйшілік, көріпкелдік, шешендік, ақындық сынды ізгі қасиеттер Айтмұхамбеттің де бойынан шығып, өлең жазуға әуестенеді. Мектеп қабырғасында жетімдіктің ащы запыранын татып өскен бала еңбекке ерте жасынан шыңдалады. Қара сирақ бала кезінде шөп басында ауыр жұмысқа жегіліп, азаптың құрсауында есейеді.

Қария қырық жылға жуық ұстаздық еткен уақытын өмірінің ең жарқын сәттеріне балайды. Ол заманда мұғалім болу – екінің бірі қолы жеткізе бермейтін әрі жауапкершілігі үлкен қастерлі мамандық. Тіпті, Айтмұхамбет бастаған ауылдың бір топ шуылдақтары қонақтардың қолына су құю үшін шекісіп қалып жүреді. Себебі, келген мейман су құйып болған соң, міндетті түрде: «Рахмет, балам! Мұғалім бол!» – деп бата береді екен. Осы бір ауыз қасиетті батаны алғысы келген балалар ұстаздықты төбесіне құрметтеп өсті.

Айтмұхамбет Есімжанұлы аңсаған арманына жетеді. Ол ауыр азапқа толы балалық шағымен қоштасып, Семей қаласына оқуға аттанады. Бүтін әулеттің жалғыз ұрпағы қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі атанып, бес жылдан кейін ұстаздық қызметке кірісіп кетеді. Сүйіп істеген қызмет әрқашан абырой әкеледі. Жас маман аз уақытта оқу ісінде үздіктер қатарынан көрініп, жаппай алғысқа бөленеді. Аудандық, облыстық және республикалық мұғалімдердің оқыту біліктіліктерін шыңдайтын жарыстарда үнемі алдыңғы орындардан көрінді. Проблемалық оқытудың жаңа жүйесін қалыптастырып, оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытты. Әрине, әдебиеттің сыйқыр күші бар. Бірақ әркімнің бұл жолға келуі сан алуан. Айтмұхамбет Есімжанов өмірінің денін ұстаздық қызметке арнап, содан бақыт тапты. Озат ұстаздық мектептегі қазақ тілі мен әдебиетін оқытудағы озық үлгісі облыстық, республикалық педагогикалық оқуларда үнемі ескеріліп, тәжірибесі таныстырылып отырды. Ал әдебиетті проблемалық жүйеде оқытуға байланысты ұсынысы «Мектептегі қазақ тілі мен әдебиеті», «Сәт-сапар жас ұстаз» кітаптарына енгізілген. Осындай еңбектің арқасында бүгінде елге тұлға болып жүрген бір топ азаматтарды оқытты. Айталық, Мұхтар Арын, Тұрсын Сыдықов, Тілеуқажы Есімжанов, Әбдіғали Садықов, Құсайын Тілеубековтардың қоғамға, ғылымға, әдебиет, мәдениетке қосып жүрген үлестерінің басында ұстазы Айтмұхамбет Есімжановтың тұрғанын ешкім терістей алмайды.

Ұстаздықтың ауыр жүгін арқалай жүріп, қадірменді қария шығармашылықтың да биік шыңына көтерілді. Мен атаның барлық кітабын оқып шықтым. «Керуен», «Жүрек сөзі», «Ой көзі», «Өмір өзі», «Жас пен наз», «Ғасыр үні», «Уақыт таңбасы», «Кезген көңілде», «Күз мәредегі сөз» атты кітаптарын оқып шықтым, салмақтап ой түйдім. «Елім деп соққан жүрегім» атты кітабына салмақты ой өрбіткенім бар. Ал автордың «Ой көзі» кітабының ішкі бетінде ақынның шежіресі шер аралас жыр жолдары өрнектеліп, ақ қағазға түскен өлең тармақтары небәрі тоғыз-ақ жылда топырақ жамылған пәк әпкесі Бибануды жоқтаған жырлармен толып тұр. «Жүрек сөзі», «Өмір өзімен» жалғасып, кейінгі заманға «Ғасыр үнімен» үндеу тастайды. Сан жылдар санасында сәулеленіп келген «Уақыт таңбасын» «Көзден көңілге» бекітеді. Қолындағы қаламымен «Шырын шындықпен шырылдап» үн қатады. Жас ұрпаққа «Күз мәредегі сөзімен» өнеге қалдырып, ой тамшыларын, даналық сөздерін «Шіркін, дүние, тым ыстық!» кітабына тоғытады. Қарт қаламгер жастық өмірде көрген азабын, жүріп өткен өнегелі жолын, ұстаздық қызметін түгел осы кітаптарға жинақтай салған.

Айтмұхамбет Есімжановтың «Шырын шындық пен шырыл» атты кітап оқырманын өзгеше ойға, тылсым әлемге жетелейтін құдіретімен құнды. Расында, көлемі бес жүз бет тұратын салмақты туындының қамтитын мазмұны одан бірнеше есеге көп деуге болады. Себебі, кітаптың алғашқы бетін парақтағаннан бастап, соңына дейін түйірдей қателік, оғаш ұғым, жағынып жағатсу немесе жақсы көріну үшін ойлап тапқан бүркеншік ойларды кездестірмейсіз. Аты айтып тұрғандай, шырылдаған шындықтан сыр аулаған, көңіліндегі пікірін дәл басқан шынайы болмысты аңғарасыз. Иә, осындайда ойына : «Шындық» деген не? – дейтін сұрақ келеді. Мүмкін, оны әркім әртүрлі қабылдайтын шығар. Ал Айтмұхамбет Есімжанов іздеген шындық қайсы? Өмірдің өгейлігі ме? Тірліктің теперіші ме? Кісіліктің кішіреюі, адалдықтың арзандауы ма? Жоқ, әлде, безбүйрек бетсіздік, арсыз ұят па? Санаң сан-саққа жүгіріп, салып ұрып ақиқат іздейсің. Айналып келіп, кітапқа үңілесің де іздегеніңді тауып, бір тыныстап аласың.

Адам өмірі сан тарау. Сол тараудың бірі кәрілік. Бірақ, кәріліктің екі түрі бар: бірі – жан, енді бірі тәннің қартаюы. Осындайда қайсы бір ақынның: «Осы күнде келініне келін боп, ұлына құл болған кемпір-шал аз ба?» деген өлең жолы оралады көз алдыңа. Расында, сексен деген белесті бағындырып үлгерген Айтмұхамбет атаның айтып отырғаны осы. Тәні қартайса да, жаны қартаймаған адамдық болмыстың ащы ақиқатын алға тартқаны. Солай емей не? Сексенге келдік деп селкілдеп отырғандар жетеді арамызда. Бірақ, сексен жасында кеше мен бүгінді салмақтап, еліме игілігі, ұрпағыма үлгісі қалсын деп бес жастағы баланың белі бүкірейіп көтеретін салмағы бар кітапты жазу екінің бірінің қолынан келе бермесі анық. Кітаптағы айтпақшы болған шындық осы.

Иә, Айтмұхамбет поэзиясын талдау керек болса мұнанда көп түйіндерді тарқатуға болады. Бұл жолы біз бұны мақсат етпедік, ойымыз оның поэзиясы арқылы кісілік болмысын көрсету. Әсіресе, «Қазақ әдебиетіндегі күй жанры» атты зерттеуін әдебиет танудағы ерен еңбегі ретінде бағалауға болады. Күймен құлақ құрышын қандырмайтын қазақ баласы кемде-кем. Бірақ, осы «күй» деген жалғыз ұғымның астарына терең үңілген қазақ баласы аз-ақ, тіпті, күй өнерін зерттеп жүрген зерттеушілердің де ауқымының таяздығын осы зерттеу еңбегін оқып көрсеңіз түсінеріңіз хақ. Бұл еңбек осыдан жиырма қанша жылдың алдында жазылған екен. Ол кезде Айтмұхамбет Есімжанов Ақсу ауданының, Қызылағаш ауылындағы мектепте мұғалім болып жүрген кезі. Тіпті, сол тұста бұл еңбекпен танысқан қазақтың белгілі қаламгері Мұхтар Мағауиннің өзі таңданысын жасырмапты. Қарап отырсаңыз, ұлттық кітапхана сияқты көне мұралар қатталған мәдени орталық жоқ, бар болғаны мектептің азын-аулақ кітаптары жинақталған кішкентай ауылда тұрып, осындай дәуір бұзған игі дүниені жазу екінің бірінің ғана қолынан келетінін несіне жасырайық.

Ол шығармашылық пен өмірді қос бұрымдай қатар өрді. Шабытын өмірдің өзінен алды. Ақынның кітаптары қазақ тарихының жыртығын жамайтын құнды дерек іспетті. Қолынан қаламы түспеген қария бірде сері бабасы Қапсаланды, енді бірде сопы атасы Мамажанды өлеңге қосып, бабаларын бір аунатып түсіреді. Кейде қоса ағарып отырған қосағы Нұрбижамалға бас иіп, өлеңмен сыйластық танытады. Ал қарияның немерелеріне деген тәтті сезімі «Ғасыр үні» кітабында жырланады. Айтмұхамбет Есімжановтың бүкіл өмірі кітаптарында көрініс тапқан. Ол өзгенің өмірін қаламына арқау етіп, шарқ ұрып кейіпкер іздеген емес. Өмірдің өзі оны кейіпкер жасады. Тағдырдың бұралаң жолынан сүрінбей өтті. Басына түскен сынаққа сабырмен қарап, ақиқатты басты нысан етіп алды. Қария өзі бастан өткерген жетімдік тақсіретін «Жетім жиен» повесінде кеңінен толғайды. Артық сөз қоспай жазып шыққан әдеби туынды қарапайым өмірді сәтті бейнелейді. Оқырманын үлкен ойға қалдырады.

Қоғамның алға басуы мен өмір сүрген ортасындағы толғақты мәселеге араласып, ел жүгін жеңілдету жолындағы қажырлы еңбектері де аз емес еді. Өмірінің 33 жылында Сарқан өңіріндегі маман басшыларға саяси сабақ беріп, барлық жылда озат насихатшы деген мақтау мен марапаттары жайлы жазылған дүниелер сол кездегі сарғайған басылым беттерінде сайрап тұр. Жергілікті кеңестің ұдайы депутаты, бірнеше рет аудандық партия конференциясының делегаты, республикалық конференцияға да қатысып, талай орамды ұсыныстарымен көпшілікті мойындатқан шешен. Облыстық білім жетілдіру институтының штаттан тыс лекторы ретінде қаншама жас маманның көңіліне болашаққа деген сәуле сепкенін есептей алмаймыз. Облыстық мұғалімдердің білімін аттестациялауға да мүше болып, бірнеше жыл белсенділік танытты. Бірнеше жыл туралы кітапта да, Ақсу ауданының 80 жылдығына орай құрастырылған «Абыз Ақсу, аңыз Ақсу, нағыз Ақсу» тарихи-естелік кітап-альбомда тамыздың суреті мен қысқаша өмір тарихы таныстырылып, тарихқа таңбаланып қалды. 2014 жылы облыс әкімінің қолдауымен «Жерұйық мекен, Алматы облысының мәдениеті мен өнері» атты кітап-альбом шықты. Оған елге танымал Жетісу өлкесінің белгілі өнер, ғалым, ақын-жазушылары енгізілген. Сол қатарда Айтмұхамбет Емісжанов атамыздың да суреті тұр. Қаламгер, ақын атамыздың шығармалары да аймағымызға танымал ағалардың кітабына еніп, сол кітаптардың құнын асырып, салмағын арттыра түскенінің де куәсі болып жүрміз. Айталық, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Ахмет Кендірбекұлының «Жылдар сөйлейді» кітабында «Өмірдің өзін жырлаған» деген мақаласы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Әміре Әріннің «Томирис» кітабында «Шаттандым жырын оқып Әміренің», «Іңкәр жинақ» өлеңдері, «Бойды билер бір өлең» мақаласы басылыпты. Бірқатар автордың еңбегіне жазған алғысөздерінің өзі неге тұрады. Тіпті, атамыздың өмірі мен ерен еңбегі жайлы жазылып, республикалық, облыстық баспасөздерде жарық көрген еңбектеріде аз емес. Сол қатарда философия ғылымдарының кандидаты, Ақтөбе университетінің ректоры болған М. Арын туралы жазылған «Нар қазақ» атты кітапта ғалымның ұстазы Айтмұхамбет Есімжановтан алған үлгі-өнегесі туралы көлемді лебіз берілген. 2005 жылы 21 мамырдағы «Жетісу» газетінің №55 санында филология ғылымдарының докторы, академик Тұрсын Сыдықов ұстазы Айтмұхамбет Есімжанов туралы ауқымды мақала жариялап, кішілік танытты. «Жақсылық кешігіп жетеді» деген тақырыпта қалам тербеген Кенжехан Рақыштың облыстық «Алатау» газетінде шыққан мақаласы Айтмұхамбет Есімжановтың кісілік келбетін бір көтеріп тастаған керемет мақала ретінде оқырмандардың жылы қабылдағанына куә болғанбыз. Ал «Егемен Қазақстан» газетінің 2009 жылғы 3 қазандағы нөмірінде белгілі ақын Әділбек Алпысбаев Айтмұхамбет Есімжанов шығармашылығы туралы жазған «Өмір базарындағы ақсақал» атты мақаласы республика аумағына таралып, атамыздың беделін биіктетті. Атамыздың кісілік келбетін асыратын мұндай мысалдарды мыңдап келтіруге болады. Бірақ, мұнда бір ғана нәрсені ескеруіміз керек. Дүниеде бәрін ақшаға сатып алуға болады. Алайда, адамдардың ықыласы мен пейілін сатып ала алмайсың. Біз жоғарыда келтірілген санаулы ақпарат тек замандастарының, шәкірттерінің, оқырмандарының, жерлестерінің Айтмұхамбет атаға деген шынайы ықыласы. Сол ықыластан туындаған ізгі ниеті. Осындай ізгілікке жол ашқан атамыз ортамызда болмағанымен сол еңбектер ол кісінің рухын мәңгі биіктетіп жүре береді.

Атамыз өзінің бір естелігінде:

– Жеті жастан бастап сексен үш жасқа жеткенше ғұмыр бойы түрлі дерттер иектеп-ақ келді. Талант-дарын көзін ашып, кененді кең, табанды шабыт құшағында толғанып дүние туғызу қайдан болсын. Тек көңіл көкжиегінің бірде жылт еткен нәтижесі ғана. Сөйтсе де бірер дүние бітірдім деймін. Бұл ұлы бабамнан (Құдайменде) басталған асқан күйші әкеме дейінгі тектіліктің үзілмей, мені де шарпыған киелістің жұрнағы болар. Ұлттық намыс пен ата-баба, атамекен бәрінен биік, нысаналы мүдде ғой. Намыс пен тектілікті тектілер ғана құдіреттер. Осын-ау ұрпағыма жан жүректен өзіне де, жалғастарына мәңгілік аманат боп жалғаса берсін демекпін. Адам хайуанша қарын тойғызып, күйсеп жата беру емес, із қалдыру, еліне, қоғамға аянбай үлес қосу, – деп жазыпты. Құдайға тәубе, атамыздың мұратын жалғастыратын шәкірттері, ізін басар ұлқыздары бар. Айта кетсек, атамыздың жаратқан нәсіп еткен үш баласының бірі – математик, бірі – құқық қорғау саласында жауапты қызметкер, бірі – ауыл-шаруашылық саласының маманы. Олардан өрбіген немере-шөберелер қазір қадірлі қарияның болашағының тірегі.

ТҮЙІН

Расында, әр заманның өз кейіпкері, өз тұлғасы, таным-талғам таразысы болатыны анық. Ал пешенесіне жазылған тағдыры елдің өрлігімен, ерлігімен, ерінбей еңбек етуімен тұспа-тұс келіп жатса – сынақтың үлкені осы. Одан ерік-жігері мықты, табанды, өзіндік көзқарасы бар, таным-талғамы тұрақты, ең бастысы, өз басын алдымен өзі сыйлайтын адам ғана ізгілік ізінен адаспай өтетіні хақ. Сонда оның ел-жұрт алдында жүзі жарқын, жүрегі ақ, беделі жоғары болады. Айтмұхамбет атамыз осындай мағыналы өмір сүрген ел қалаулысы, жұрт мақтанышы.

Халқымызда: «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген сөз бар. Айтмұхамбет атамыз қайтыс болғалы жыл өтсе де Нұрбижамал апамыз жұма сайын жеті нанын пісіріп, мешітке барып дұға бағыштатудан танған емес. Бұл да болса тәрбиелі әулеттің ұлағатты ісі деп білген жөн. Ал ұрпақтарының ұлылығы атамыздың ризалығына бөленіп жатқан шығар. Олардың жетістігінің бір ұшы осында жатыр.

Ал ата жасымыз қанша парықта болса да тірлікте шын түсініп, шынайы сыйласып өтіп едік. Күлсек көмекейіміз көрініп, пікіріміз қашан да бір бағытта өрбитін. Бүгін сіз арғы жақта, біз бергі жақта жүрсек те тағы да ниетіміз бір екен. Осы жазған азырақ естелігімді рухыңызға деген сүйінішім ретінде қабыл аларсыз.

ЖҮРЕК ҮНІ

БОЛАШАҚ БІЗДІҢ ҚОЛЫМЫЗДА

Болашақ! Осы бірауыз сөздің астарында еліміздің санғасырлық тарихы тұнып жатқандай. Сол себепті де ел ертеңі мені ерекше ойландырады. Ежелден бері біздің ата-бабамыз тәуелсіздік үшін, жер үшін күрескен. Біздің қазақ хандары мен батырлары қасық қаны қалғанша, бар күшін салып кіндік қаны тамған кеңбайтақ жерін қорғаған. Біздің еліміз көптеген қиындықтан өткен. Нәубет заманнан аман-есен ұрпақты сақтап қалған бабаларымызға біз жас ұрпақ мәңгі қарыздармыз. Ел басына қара бұлт үйірілген уақытты, өте ауыр зардап әкелген ашаршылық жылдарын еске алмау мүмкін емес. Тарих беттерін парақтасақ, аштық құрбандарының 2 млн. 200 мың адамнан асып түсетінін аңғарамыз. Ал 1946-1980 тоқырау жылдарында қазақ халқының қамын ойлап, тағдыр, адалдық үшін күрескен, ақын-жазушыларымыз бен зиялы қауым тоталитарлық режимге қарсы шыққаны үшін репрессияға, құғын-сүргінге ұшырады. Біз мұның барлығын том-том жазылған тарих арқылы білдік. Көзімізге жас ала отырып оқыдық. Ата-бабаларымыздың арқасында біздің еліміз тәуелсіздігін алып, Көк Туымызды көк аспанда желбіретіп, басқа елдерді мойындаттық. Содан бері еліміздің экономикасы, әлеуметтік жағдайы реттелді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің Жолдауында айқын мақсаттар қойып, сол мақсаттарға халықпен бірге жету үшін аянбай тер төгіп келеді. 1991 жылдан бастап Президенттің бастауымен көптеген оқу орны, спорт кешені, медициналық орталықтар салынып, халыққа қызмет көрсетуде. Бұның бәрі Елбасымыздың жастарды, болашақты ойлайтынының айқын көрінісі. Елдің болашағы біздің қолымызда екенін ұмытпағанымыз жөн. Артылған жауапкершілікті ауырсынбай арқалау – біздің басты міндет. Олай болса, жастар артылған сенімге селкеу түсірмейік.

Балерке КЕҢЕСБАЙ,
Е. Сыпатаев атындағы орта мектептің түлегі.
Панфилов ауданы.

ҰЯТ-АЙ!

ПАРАҚОРЛЫҚ – ҚОҒАМ ДЕРТІ

Қоғамның жегіқұртына айналған парақорлықтың құйрығы бір-ақ тұтам. Ұйғыр ауданындағы белгілі бір мемлекеттік мекеменің қызметкері «Ө» есімді азаматша лауазымын асыра пайдаланып, 150 мың теңге пара алғаны үшін сотталды.

Оқиғаның қалай өрбігеніне тоқталсақ, биылғы жыл басында мемлекеттік коммуналдық қазынашылық кәсіпорнының жұмысшылары еңбекақы мен іссапар шығындарының толық төленбегендігі туралы аудандық прокуратураға ұжымдық арыз түсіреді. Арызды қарау барысында Ұйғыр аудандық прокуратурасы жан-жақты тексеру үшін Алматы облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің бір қызметкерін маман ретінде шақырып, есептік тексеру жүргізеді. Кәсіби маманның тексеруі бойынша былтыр зейнетақы қорына және бюджетке төленетін міндетті төлемдерді қоспағанда «К» есімді азаматшаға 71 мың 670 теңге, «Б» есімді азаматқа – 80 мың 751 теңге, «А» есімді азаматшаға – 77 мың 884 теңге, «Ж» есімді азаматшаға – 69 мың 285 теңге төленбегені анықталды. Осыған орай тексеру қорытындысы негізінде кінәлі тұлғаларды тәртіптік жауапкершілікке тарту және азаматтардың бұзылған құқын қалпына келтіру үшін аудандық прокуратура биылғы 6 ақпанда Заңбұзушылықты жою туралы ұсыныс енгізеді.

Алайда «дәніккеннен құныққан жаман» деген рас екен. Осы кезде мемлекеттік қызметкер болса да «Ө» есімді азаматша өз қарамағында жұмыс істейтін «А» есімді азаматшаны қызметтен құдаламай, өз қамқорлығына алу үшін 150 000 теңге көлемінде пара сұрайды. Жеңіл жолмен оңай баюға бағытталған пасық ниет ақыры әшкере болды. Осыған орай Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Ұлттық Бюросының Жаркент аймақтық «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қызметінің» тергеушісі «Ө» есімді азаматшаның үстінен Қылмыстық кодекстің 366-бабының 2 бөлігімен қозғалған қылмыстық істі ҚР Қылмыстық-процестік кодексінің 190-бабы, 7 бөлігінің 1 тармағына сәйкес жеделдетілген сотқа дейінгі терген-тексеру жүруі үшін Ұйғыр аудандық сотына жолдайды. Қылмыстық істі қараған Ұйғыр аудандық соты мамыр айының 4-і күні өткен сот отырысында Қылмыстық кодекстің 366-бабы, 2 бөлігімен сотталушы «Ө» есімді азаматшаны кінәлі деп танып, мемлекеттік басқару жүйесінде лауазымды қызмет атқару құқығынан өмір бойына айыруға, сондай-ақ, айыпталушының мүлкін тәркілей отырып 60 еселенген, яғни 9 000 000 теңге мөлшерінде айыппұл түріндегі жаза қолдануға үкім шығарды.

Н. ЖҰНІС,
Ұйғыр аудандық прокуратурасының прокуроры.

Алматы облыстық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газет Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

ҒИБРАТ

Адам өмірі қашанда өнегелі ісімен ардақталып, жеткен табысымен салмақталып отыратыны анық. Осы тұрғыдан келгенде өнеріміздің өрлеп, мәдениетіміздің мәйектеуінде аналар қауымының арқалаған жүгі салмақты. Кейіпкеріміз Бәтима Кәрімқызын құрбы-құрдастары тік мінезіне, бетің-жүзің демей ақиқатын ашып айтатын бірбеткейлігіне, өзі қиналып тұрса да жағдайын айтып, қиылып келген адамның бетінен қағып, қолын қайтармайтын жомарттығына, іске бейім, қиындыққа көмпіс мінезіне қарап «Қыз Бәтес» атап кетіпті. Қазақ халқында тектілік дейтін қасиетті ұғым бар. Бәтима сондай әулеттің тұяғы еді. «Қыз Бәтестің болмысы да, бітімі де, басқа қасиеті де әкесінен аумай қалған», – дейді көзкөрген қариялар.

Қыз Бәтес



Жетісу

Қажет АНДАС

Әкесі, Кәрім Ақшолақов – өз тұсындағы аузы дуалы, ардақты азамат. Елі мен жұрты үшін істеген ізгілікті істері арқылы есімі жатталып, аты тарихта қалған адам. Өзі өмір сүрген өлкеге аты таныс ел ағасы жұртты аузына қаратқан шешен, көпшілікті берекеге шақырған пейілі дария кісі болыпты. Сол тұста кеңшар, ұжымшарды басқара жүріп, талай адамға бауырмалдық танытыпты. Тіпті, бүгінде аты алысқа кеткен Қарлығаш ауылының етегіне ел-жұртты қоныстандырғаны өз алдына бір әңгіме. Әрине, жаз жайлау, қыс қыстауға көшіп, арқасын кеңге жайып өскен елдің тірлігіне тың серпін беру қиынның-қиыны. Десе де Кәрім Ақшолақов сол қиындықты қос иығымен көтере жүріп, ауылын алға жетеледі. Тіпті сол жұмыстары үшін «халық жауы» атанып, қудаланған.

Бұл туралы Бәтима апамызбен ұзақ жыл сауыншы болып бірге жұмыс істеген Нұрқан Назарқызы айтып берді. Бәтима апамызға келін болып келетін Нұрқан Назарқызы енесі Бөлтікен Шыныбайқызынан естігендерін былай әңгімелейді:

– Кәрім атамыз өткен ғасырдың 30-шы жылдары атамекенінен күшпен көшіріліп, Лепсіге келеді. Жыландыдағы татар ағайындармен тонның ішкі бауындай араласады. Қыстығүні оларға азық-түлік, астық жеткізіп, қиыншылығына көмектесіп жүреді. Кейін осы қайырымдылығы басына пәле болып жабысып, біреулер «Кәрім Ақшолақов «халық жауларын» қанатының астына алып, қорғаштап жүр», – деп арыз жазып, соның кесірінен тұтқындалады.

Кәрім атамыз «халық жауы» атанып, жер аударылып Лепсіге келіп орналасқан татар ағайындарға көмектесемін деп жүріп жалаға ұшырағанда оны құтқарып қалуға ауылдың атқамінерлері атсалысады. Сол қатарда жазушы Әнуар Әлімжановтың нағашы әжесі, Жыланды ауылының бастығы Бибікен Темірболатова Кәрімнің ісін қаруға араласып, оның ақталып шығуына бір кісідей көмектеседі. Бибікен апамыз қайтыс боларында Кәрім атамызды шақырып алып, немересі Әнуар Әлімжановқа қарайласып тұруды тапсырып кетеді. Кейін Әнуардың Лепсідегі педагогикалық училищеге оқуға түсуіне Кәрім Ақшолақов қол ұшын беріп, көмектеседі. Бүгінде Кәрім Ақшолақовтың немересі Ербол Ақшолақов әнуартанушы атанып, ұлы жазушының мұрасын түгендеп, есімін жұртқа жария етіп, атағын аспандатып жүр. Ұрпақ сабақтастығы деген осы шығар. Осындай әкенің тәрбиесінде өскен Бәтиманы жай кісі деп кім айта алсын?!

Қазір екінің бірі кішкентай ғана Қарлығаш ауылынан үлкен азаматтардың көптеп шыққанын мақтанышпен айтып отырады. Сол маңдағы көрші ауылдың тұрғындары да қарлығаштықтар ішкен суды ішіп, даланың ерке самалымен желпініп өсті. Оның түпкі себебі тағы да Кәрім Ақшолақовпен ұштасып жатады. Бүгінде Қарлығаш ауылындағы елді мекендылыққа ұйытқан мешіт үйі жарты ғасыр бұрын білім алатын мектеп ғимараты ретінде бой көтерген еді. Оның тұғырын қалап, іргесін бекіткен Кәрім атамыз еді. Басында Төңкеріс кеңшарын басқарып тұрған, мектеп ашқан тәжірибесі бойынша ауыл балалары білім мен өнерден кенде қалмасын деген атамыз Лепсіде тұратын Пугасев деген татар байдың қызыл ағаштан салынған асүйін бұзып әкеліп, Қарлығаштан мектеп салады. Мектептің жанынан қосымша клуб ашып, мәдениет пен өнерге де өзіндік жол ашады. Бәтима апамыз сол әкесі салған мектепте алғаш білім алады. Қарлығаштан қанат қаққан барлық өрен сол мектептен қанаттанып, мұзбалаққа айналды. Мектеп орналасқан көше бүгінде Кәрім Ақшолақов атымен аталады.

Кәрім Ақшолақовтың кіндігінен Төлеген, Күләш, Бәтима атты қыздар мен Бектұр, Бекберген, Бекболат деген ұлдар тарайды. Олардың кейбірі өмірден өтсе, қалғандары еліміздің әр өңіріне қоныстанып, ұрпақ өсіріп, бір әулеттің түтінін түтетіп, жолын жалғастырып жүр. Солардың ішінде Бәтима апамыз әкесіне тартып өмірдің де, өңірдің де сан тартысын көріп, тастай шымыр болып өсті. Болашағынан мол үміт күттіретін қайратты қыз асыл арманын жебелеп, Алматыдағы Абай атындағы педагогикалық институттың математика факультетіне оқуға түседі. Оқуын бітірген соң әкесінің: «Адам баласы ең алдымен бар білгенін туған ауылына арнауы керек. Одан кейін еліне еңбек етудің есігі ашылады», – деген өтінішін бұзбай, дипломын арқалап ауылына қайтады. Алғашқы еңбек жолын мектепте кітапханашы болып бастайды. Кейін бүгінгі Әнуар Әлімжанов атындағы мектепке мұғалім болып, бала тәрбиесіне ден қояды. Десе де, апамыз ұстаздықты ұзаққа жалғастырмады. Әке аманатын арқалаған апамыз бір жолата Қарлығаш кеңшарының сауын сиыр фермасынан бір-ақ шығады. Расымен, өткен ғасырдың 70-ші жылдары ауылшаруашылығын көтермелеу туралы қызу науқан орын алғаны белгілі. Әсіресе, ауылдарда құрылған сауын сиыр фермалары мен аудан орталықтарында ашылған сүт өңдеу зауыттары қауырт еңбекті талап етті. Тіпті, сол кезде сауыншы болу абыройлы жұмыс еді. Бәтима апамызбен қатар Күләш Сүлейменова, Рәш Сарбаева, Бәтимаш Бекбаева, Назира Садуова, Гүлжамал Елеубаева сияқты Қарлығаш ауылының бойжеткен қыздары да сауыншы болуды таңдады. Ал фермаға көпті көрген, істің ыңғайын білетін Нұрбану Бисарина басшылық етеді. Солардың арасынан бүгінде көзі тірі Күләш Сүлейменова апамыз жастық шақтарын сағына еске алды.

– Қазір ойласаң, сол кездің де өз қызығы көп екен. Ферманы Нұрбану әпкеміз басқарғанымен оның барлық жұмысын Бәтима үйлестіріп отыратын. Оны бәріміз Қыз Бәтес деп атайтынбыз. Ер мінезді еді. Қателігің болса көңіліне қарамайтын. Бірақ жұмысқа үлгермей жатсаң көмек көрсетуден де қашпайтын. Қолға алған жұмысын қашан бітіріп, аяқтағанша көңілі жай таппайтын. Егер тапсырмасын дер кезінде бітірмесең екі аяғыңды бір етікке тығатын. Фермада тек Бәтестің сырын қабағынан білетін Мұратхан еді. Мұратханда кісіге тырнақтай қиянат жоқ адам. Қашан болсын бітпей жатқан жұмыс болса Бәтес Мұратханды шақырып алатын. Ол кейін найзағай түсіп қайтыс болды. Жаңбыр жауып, найзағай ойнағанда Бәтестің:

«Осы найзағай, әлгі Мұратқанымды алып кетті ғой», – деп жиі қамығатынын көргенбіз. Сол күндер бүгін көкейімізде қалды. Арман болып ойымызға оралғанда көз жасымызды сығымдап аламыз. Өмірдің бәрі өзгереді екен. Бірақ таныс жандардың сағынышы ғана сол қалпында жүректе қалады, – деді көз шанағына ілінген жасын көрсетпеуге тырысып.

Кейде еңбекке берілген жанның өз отбасын ұмыт қалдыратын тұсы көп болады. Сол тұстағы жауапкершілікке деген жанталастың әсері шығар, Бәтима екі рет тұрмысқа шығады. Бірақ өмірде жолы болғанымен, тұрмыстың қызық-қуанышы әлдилей алмады. Қарлыға, Света деген қыздары болды. Бір жағынан фирманың тынымсыз тірлігін атқара жүріп, екі қызын қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай жеткізу үшін бар күшін сарқа жұмсады.

Иә, бақыт адамның басында шыр айналып тұрмайды ғой. Бүкіл елдің өмірі де қатаң сынаққа түсетін кезі болады. Бұл Бәтима апамызды, Қарлығаш ауылын да айналып өтпеді. Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарындағы қиын кезең қарлығаштықтардың бәрін қыспаққа алды. Сол тұстағы қиындық апамыздың немересі Ербол Ақшолақовтың да есінен кетпепті. Кезі келгенде біз оны сөзге тартып едік:

– Мен тәуелсіздіктің құрдасымын. Өткен ғасырдың соңғы он жылы әр қазақстандық отбасына қиын тиді. Сол қиындықты біз де көрдік. Әлі есімде, бала күнімде үйімізде жалғыз көк сиырымыз болды. Апам сиырдың биылғы төлін сатып, оның ақшасын келесі төлі сатуға келгенше үнемдеп ұстайтын. «Қорқа жесең қой, тарта жесең тай қалады» дегендей, сол ақшаны шым-шымдап жеткізетінбіз. Бір қызығы, апамның құрдастары зейнетке шығып, зейнетақысын алып жүргенде апама зейнетақы берілмеді. Алғашында себебін біліп аудан, облысқа баруға апамның жағдайы келмеді. Мен жас болдым. Көк сиырдың жалғыз төліне қарап күн өткізу барған сайын қиындай берді. Сосын 6-шы сыныпты оқып жатқан жылы аудан орталығы Қабанбайға тартып кеттім. Жол бойы бала болғасын көлігінің артына мінгізіп, аудан орталығына жеткізіп тастағандар болды. «Ауданға жаңа келген әкім Оралбек Жақияновқа жолығып, барлық жағдайымды айтсам, бір көмегін көрсетер» деген жансебіл үміт қана. Сұрастырып жүріп аудан әкімінің жұмыс орнын таптым. Бірақ әкімге жолығудың қиын екенін басында білмеппін. Күзетші ақсақал жөнін ұғындырып, жолын түсіндірді. Әкімнің кабинетіне кіре алмасам да сыртта кездесуді ойлап, есік аңдып жарты күн отырдым. Жұрт жұмыстан үйіне қайта бастағанда әкім де ғимараттың есігінен шықты. Қандай күштің итермелегенін білмеймін. Жүгіріп барып аудан әкімінің етегіне орала түстім:

– «Оралбек аға, біздің үйде нан жоқ, ақша жоқ, апамның денсаулығы нашар, емдетуге мүмкіндік жоқ. Апам зейнет жасынан өтіп кетсе де зейнетақы берілмейді. Сол зейнетақысын шығарып беріңізші?» – деп аузыма түскен сөзді айтып жатырмын.

Қолымнан жетелеп кабинетіне қайта кірген Оралбек аға дереу көмекшілерін жиып алды да:

– Қаршадай бала арызын арқалап, алыс жолды басып келіп отыр. Алдымен осының арызын тексеріп, шешіп беріңдер. Сосын ел арасында тағы да осындай обалды болып жүргендер болса анықтап, қиыншылығына көмектесіңдер, – деп қатаң тапсырма берді. Ғалия Самалбаева бастаған бір топ адам апама амандаса келіп, зейнетақы мәселесін шешіп қайтты. Алғаш рет 6800 теңге зейнетақы қолымызға тигенде апам екеуміздің төбеміз көкке жеткендей қуандық, – дейді ол.

Әрине, мұндай қуаныш тек Ақшолақовтардың отбасында ғана болған жоқ. Бір Ерболдың арызы осы аудандағы бірталай зейнетақыдан қағылып жүргендердің мәселесін шешуге мұрындық болды. Бұл да Бәтима апамыздың жұртқа тигізген тағы бір қайырымды ісінің ұшқыны еді.

Бәтима апамыздың бұдан басқа да қайырымды істері аз емес. Соның бір қатарын апамызбен ұзақ жыл бірге сауыншы болып жұмыс істеген Нұрлыхан Бекмадиеваның аузынан жазып алдық:

– Бәтес тәтемізбен көп жыл жұмыс істедік. Ол кісі жұмыс барысында қатаң болғанымен балаларға келгенде жүрегі жұмсақ, жылы пейілді еді. Мұратхан Әуелов ағамыздың Әділ, Еділ деген ұлдары мен Ажар атты қызы сол кісінің қамқорлығын көп көрді. Басқа ауыл балалары да Бәтес тәтеміздің жылы алақанының жылуын сезініп өсті. Науқандық жұмыстар кезінде біз де балаларымызды Бәтес тәтенің қарауына қалдыратынбыз. Ол кісі бір жағынан жұмыс істеп, тағы бір жағынан балаларға қарап үлгеретін. Тіпті балалардан қолында барын аямайтын. Сондықтан ауыл балалары Бәтестің үйіне баруға ынтығып тұрушы еді. Ал тентек балаларды: «Бәтима апаңа айтамын», – деп тыйып алушы едік. Жарықтық, жаны жайсаң кісі еді. Ол кезде біз жас едік. Ал қазір жасымыз үлкейгенде Бәтес апамыздың адамгершілік қасиеттерін өзімізбен салыстыра қарап, жиі еске алатын болдық, – деді көзін бір сығымдап алып.

Иә, өз кезінде көп нәрсені ескере бермейміз. «Қолда барда алтынның қадірі жоқ, қолдан шығып кеткен соң өкіндім-ай» делінетін жағдай да осы шығар. Бірақ артында атын өшірмейтін, ізбасар жандар барда не өкініш болсын? Бәтес апамыз да сол үшін бақытты.

«Орнында бар оңалар» дегендей, апаның әлпештеп өсірген немересі Ербол Ақшолақов бүгінде ат жалын тартып мінген азаматқа айналды. Қиын істің қиюын қиыстырған ол жоғары-төмен шапқылап, шалғайдағы ауылдың бас ауруына айналған ауызсу мәселесін шешті. Су тіршілік көзі емес пе? Енді қара шаңырақтың іргесін көтеріп, ескі жұрттың орнын баяғыдай думанға бөлесем деп талпынып жүр.

МАМАН МІНБЕРІ

ЖАҢА ЗАҢ ӘЗІРЛЕНУДЕ

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 293-бабында мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың, лауазымды адамдардың, мемлекеттік қызметшілердің сот арқылы дау айтуға жататын шешімдері, әрекеттері (әрекетсіздігі) туралы көрсетілген.

Азамат және заңды тұлға құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің бұзылғаны туралы өздеріне мәлім болған күннен бастап үш ай ішінде сотқа арызбен жүгінуге құқылы. Көрсетілген мерзімді қалпына келтіру туралы не осы мерзімді қолдану туралы өтінішхат алдын ала сот отырысында қаралады. Егер мерзім қалпына келтірілмесе, сот арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім шығарады. Судья соттың іс жүргізуіне арыз қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Азаматтық процестік Кодексінің 165-бабында көзделген тәртіппен істі сот талқылауына дайындауды жүргізеді. Бұл мерзімді ұзартуға жол берілмейді.

Сот мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен мемлекеттік қызметшілердің әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) және шешімдерінің заңсыздығы туралы арызды негізді деп танып, қанағаттандыру туралы шешім шығарады. Шешімде осы әрекеттің (әрекетсіздіктің), шешімнің қандай заңдарға қайшы келетіндігі және сот шешімі орындалуға тиісті мерзім көрсетіледі. Сот арызды қарау кезінде дауланып отырған әрекеттің (әрекетсіздіктің) құзыретке және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалғанын, шешімнің қабылданғанын анықтаса, оны қанағаттандырудан бас тартады. Соттың шешімі жол берілген заңбұзушылықтарды жою үшін жоғары тұрған органға сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде жіберіледі.

Қазіргі таңда Жоғарғы Сот органымен бірлесе Қазақстан Республикасы Әкімшілік іс жүргізу кодексінің жобасы әзірленді. Жобаға сәйкес, мемлекет, азамат және заңды тұлғалар арасындағы дауларды шешетін әкімшілік сот құрылады. Әділет министрлігімен «Әкімшілік рәсімдер туралы» Заңның жаңа редакциясының жобасы әзірленіп, талқылауға ұсынылды. Ол мемлекеттік органдарға және өзге де уәкілетті органдар мен азаматтарға және ұйымдарға қатысты әкімшілік шешімдерді қабылдау рәсімін, әкімшілік шешім қабылданатын тұлғаларға қатысты «тыңдау» өткізуді әкімшілік шешімдерді жоғарғы тұрған мемлекеттік немесе өзге де органға шағым түсіндірудің сотқа дейінгі тәсілін регламенттеуге бағытталған.

А. ДАУЫЛБАЕВА,
облыстық әділет департаментінің бөлім басшысы.

2017 ЖЫЛДЫҢ ШІЛДЕ АЙЫНДА АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІНДЕ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУДЕН ӨТКЕН НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ

№	НҚА реквизиттері	НҚА атауы	Әділет органдарында тіркелген күні	Мемлекеттік тіркеу нөмірі	Реттеу саласы
1	Текелі қалалық мәслихатының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 15-96 шешімі	«Текелі қалалық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы»	26.06.2017	4254	Мемлекеттік басқару негіздері
2	Қарасай аудандық мәслихатының 2017 жылғы 9 маусымдағы № 14-6 шешімі	«Қарасай аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы»	26.06.2017	4255	Мемлекеттік басқару негіздері
3	Талғар аудандық мәслихатының 2017 жылғы 9 маусымдағы № 15-88 шешімі	«Талғар аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы»	27.06.2017	4256	Мемлекеттік басқару негіздері
4	Көксу ауданы мәслихатының 2017 жылғы 12 маусымдағы № 17-8 шешімі	«Көксу ауданы мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы»	27.06.2017	4257	Мемлекеттік басқару негіздері
5	Алматы облысы әкімдігінің 2017 жылғы 29 мамырдағы № 232 қаулысы	«Алматы облысының елді мекендерінің көшелерін күтіп-ұстау, ағымдағы, орташа және күрделі жөндеу кезінде орындалатын жұмыстар түрлерінің сыныптамасын бекіту туралы»	28.06.2017	4258	Мемлекеттік басқару негіздері
6	Көксу ауданы мәслихатының 2017 жылғы 12 маусымдағы № 17-7 шешімі	«Көксу ауданы мәслихатының 2017 жылғы 3 наурыздағы «Көксу ауданы мәслихаты аппаратының «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы» № 14-9 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы»	04.07.2017	4259	Мемлекеттік басқару негіздері
7	Алакөл аудандық мәслихатының 2017 жылғы 09 маусымдағы № 17-2 шешімі	«Алакөл аудандық мәслихатының 2017 жылғы 27 наурыздағы «Алакөл аудандық мәслихаты аппаратының «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы» № 15-3 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы»	04.07.2017	4260	Мемлекеттік басқару негіздері
8	Ескелді аудандық мәслихатының 2017 жылғы 9 маусымдағы № 14-99 шешімі	«Ескелді аудандық мәслихатының 2017 жылғы 03 наурыздағы «Ескелді аудандық мәслихаты аппаратының «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы» № 12-71 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы»	04.07.2017	4261	Мемлекеттік басқару негіздері
9	Панфилов аудандық мәслихатының 2017 жылғы 12 маусымдағы № 6-20-137 шешімі	«Панфилов аудандық мәслихатының 2017 жылғы 16 наурыздағы «Панфилов аудандық мәслихаты аппаратының «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы» № 6-16-116 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы»	04.07.2017	4262	Мемлекеттік басқару негіздері
10	Үйғыр аудандық мәслихатының 2017 жылғы 7 маусымдағы № 6-15-98 шешімі	«Үйғыр аудандық мәслихатының 2017 жылғы 17 наурыздағы «Үйғыр аудандық мәслихаты аппаратының «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы» № 6-12-81 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы»	04.07.2017	4263	Мемлекеттік басқару негіздері
11	Сарқан аудандық мәслихатының және Сарқан ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 9 маусымдағы № 19-90, № 1-2 бірлескен шешім және қаулы	«Сарқан ауданының Сарқан қаласындағы көшені қайта атау туралы» 2016 жылғы 25 қарашадағы № 12-59 және 2016 жылғы 25 қарашадағы № 2 бірлескен Сарқан аудандық мәслихатының шешімі мен Сарқан ауданы әкімдігінің қаулысының күші жойылды деп тану туралы»	04.07.2017	4264	Мемлекеттік басқару негіздері
12	Сарқан аудандық мәслихатының 2017 жылғы 9 маусымдағы № 19-89 шешімі	«Сарқан аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы»	04.07.2017	4265	Мемлекеттік басқару негіздері
13	Ақсу аудандық мәслихатының 2017 жылғы 29 мамырдағы № 15-70 шешімі	«Ақсу аудандық мәслихаты аппаратының қызметтік куәлігін беру қағидаларын және оның сипаттамасын бекіту туралы»	04.07.2017	4266	Мемлекеттік басқару негіздері
14	Қаратал аудандық мәслихатының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 18-77 шешімі	«Қаратал аудандық мәслихатының 2017 жылғы 2 наурыздағы «Қаратал аудандық мәслихаты аппаратының «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы» № 16-58 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы»	04.07.2017	4267	Мемлекеттік басқару негіздері
15	Талғар аудандық мәслихатының 2017 жылғы 9 маусымдағы № 15-89 шешімі	«Талғар аудандық мәслихатының 2017 жылғы 3 наурыздағы «Талғар аудандық мәслихаты аппаратының «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы» № 12-75 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы»	04.07.2017	4268	Мемлекеттік басқару негіздері
16	Кербұлақ аудандық мәслихатының 2017 жылғы 19 маусымдағы № 17-96 шешімі	«Кербұлақ аудандық мәслихатының 2017 жылғы 27 ақпандағы «Кербұлақ аудандық мәслихаты аппаратының «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы» № 12-76 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы»	05.07.2017	4269	Мемлекеттік басқару негіздері
17	Райымбек аудандық мәслихатының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 18-102 шешімі	«Райымбек аудандық мәслихатының 2017 жылғы 27 ақпандағы «Райымбек аудандық мәслихаты аппаратының «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы» № 12-69 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы»	05.07.2017	4270	Мемлекеттік басқару негіздері
18	Қапшағай қалалық мәслихатының 2017 жылғы 21 маусымдағы № 22-91 шешімі	«Қапшағай қалалық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы»	05.07.2017	4271	Мемлекеттік басқару негіздері
19	Қапшағай қалалық мәслихатының 2017 жылғы 21 маусымдағы № 22-90 шешімі	«Қапшағай қалалық мәслихатының 2017 жылғы 3 наурыздағы «Қапшағай қалалық мәслихаты аппаратының «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы» № 17-69 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы»	05.07.2017	4272	Мемлекеттік басқару негіздері
20	Қарасай аудандық мәслихатының 2017 жылғы 26 маусымдағы № 15-3 шешімі	«Қарасай аудандық мәслихатының 2017 жылғы 2 наурыздағы «Қарасай аудандық мәслихаты аппаратының «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы» № 12-8 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы»	05.07.2017	4273	Мемлекеттік басқару негіздері
21	Жамбыл ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 5 маусымдағы № 177 қаулысы	«Жамбыл ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы»	05.07.2017	4274	Білім саласы
22	Текелі қалалық мәслихатының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 15-95 шешімі	«Текелі қалалық мәслихатының 2017 жылғы 3 наурыздағы «Текелі қалалық мәслихаты аппаратының «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы» № 13-78 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы»	05.07.2017	4275	Мемлекеттік басқару негіздері
23	Жамбыл аудандық мәслихатының 2017 жылғы 3 шілдедегі № 17-108 шешімі	«Жамбыл аудандық мәслихатының 2017 жылғы 3 наурыздағы «Жамбыл аудандық мәслихаты аппаратының «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы» № 13-73 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы»	10.07.2017	4276	Мемлекеттік басқару негіздері
24	Іле аудандық мәслихатының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 13-70 шешімі	«Іле аудандық мәслихатының 2017 жылғы 26 сәуірдегі «Іле аудандық мәслихаты аппаратының «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы» № 12-60 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы»	10.07.2017	4277	Мемлекеттік басқару негіздері
25	Еңбекшіқазақ аудандық мәслихатының 2017 жылғы 9 маусымдағы № 16-3 шешімі	«Еңбекшіқазақ аудандық мәслихатының 2017 жылғы 2 наурыздағы «Еңбекшіқазақ аудандық мәслихаты аппаратының «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы» № 13-2 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы»	10.07.2017	4278	Мемлекеттік басқару негіздері
26	Ақсу аудандық мәслихатының 2017 жылғы 9 маусымдағы № 16-75 шешімі	«Ақсу ауданы бойынша бірыңғай тіркелген салық мөлшерлемелерін белгілеу туралы»	12.07.2017	4279	Салық заңнамасы
27	Ақсу аудандық мәслихатының 2017 жылғы 4 шілдедегі № 17-80 шешімі	«Ақсу аудандық мәслихатының 2017 жылғы 30 наурыздағы «Ақсу аудандық мәслихаты аппаратының «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы» № 13-61 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы»	21.07.2017	4280	Мемлекеттік басқару негіздері
28	Балқаш аудандық мәслихатының 2017 жылғы 5 шілдедегі № 19-89 шешімі	«Балқаш аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы»	21.07.2017	4281	Мемлекеттік басқару негіздері

Орайы келген әңгіме

КӘСІПКЕРЛІК КӨКЖИЕГІ

Жетісу өлкесі кәсіпкерліктің жан-жақты дамуына табиғи жағдай, географиялық орналасуымен де зор мүмкіндік беретін өңір. Алматы облысы аграрлы аймақ саналғанымен кейінгі жылдары бизнес саласы қарқынды дамып келеді. Бүгінде 700-ден астам кәсіпорын 30 мыңға жуық адамды жұмыспен қамтуда. Олар өткен жылы 650 млрд теңгенің өнімін өндіріп, облыс экономикасының өркендеуіне айтарлықтай үлес қосты. Сондай-ақ 40-тан астам кәсіпорын өнімін экспортқа шығаруға қауқарлы. Осы тұста өңіріміздегі кәсіпкерлікті дамытуда белсенді жұмыс атқарып отырған облыстық кәсіпкерлік палатасын айтуға болады. Құрылғанына үш жыл болған өңірлік палата жетісулық кәсіпкерлердің мүддесін қорғауда, олардың өз ісін ілгері бастыруда атқарып жатқан жұмысы орасан. Осы және басқа да табыс жайлы толығырақ білу үшін облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Ләззат Шыңғысбаеваға жолығып, көкейде жүрген сұрақтарымызды қойып едік.

– Биыл «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының құрылғанына 4 жыл болды. Осы уақыт ішінде бизнесті қолдау бағытында қандай жұмыс атқарылды?

– Кәсіпкерлер палатасын құру идеясы отандық бизнесті жаңа деңгейге көтеру, жаңғырту мақсатында қолға алынған еді. Бұл жоба Елбасының тікелей бастамасымен іске асып, жалпы нобайы әлемнің жетекші мемлекеттері негізінде құрылды. Төрт жыл ішінде ұлттық палата өзінің тиімді және нәтижелі қызметі бар институт екенін дәлелдей алды. Оны кәсіпкерлер тарапынан түсетін өтініш санының және қорғалған мүліктік құқықтың сомасының артуынан көруге болады. Қазіргі таңда бизнестің қорғалған мүліктік құқықтың жалпы сомасы 81,6 млрд теңгеден асты. Өздеріңіз байқасаңыздар, республикалық деңгейде үкіметпен бірлесе кешенді жұмыс жүргізілуде. Соның нәтижесінде жақында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін қайта қарау туралы маңызды ұсыныс қабылданды. Одан бөлек, көптеген уақыт бойы кәсіпкерлер үшін үлкен кедергі болып келген «жалған кәсіпкерлік туралы» бап қылмыстық кодекстен алынып тасталынды. Бүгінде экономикалық қылмыстарды ізгілендіру бойынша жұмыс жалғасуда.

Аймақтық деңгейде айтар болсақ, Алматы облысында кәсіпкерлердің құқығы мен мүддесі қорғау бағытында келетін арыздың жартысынан астамы оң нәтижемен шешілуде. Кәсіпкерлер палатасы өткен жылғы мерзіммен салыстырғанда бизнес бастық сала бойынша көрсеткіш артқан сертификаттар төмен мөлшерлемеде несиеге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Одан бөлек, биыл өңірімізде Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы аясында «Бастау Бизнес» жобасы іске қосылды.



Бұл жоба кәсіпкерлік негіздері бойынша тегін білім береді. Курс 30 күнге жуық жалғасады. «Бастау Бизнеске» шағын кәсіпкерлік өкілдерімен қатар жұмыссыздар тартылды. Соның нәтижесінде жұмыссыз жүрген азаматтар ауылды жерлерде жеке істерін ашты. Бүгінде бұл оқыту Алматы облысының жеті ауданында өтіп жатыр. Келесі жылы барлық ауданларда ұйымдастырылады.

компания енді. Жетісу жерінің туристік әлеуеті өте жоғары. Бірігу арқылы билік пен бизнес арасындағы жұмыс жүйелене түседі. Бірыңғай даму стратегиясын әзірлеу мен оны іске асыру нәтижелі болады.

– Кәсіпкерлер палатасы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Атамекенім» акциясын бастады. Бұл шарада кәсіпкерлердің рөлі қандай болмақ?

– Өздеріңіз білетіндей, елімізде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында көптеген өзекті шара өткізілуде. Елбасы бағдарламасын жүзеге асыру, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін жоғарылату мақсатында еліміздің барлық өңірлерінде «Атамекенім» акциясы бастау алды. Осы іс-шара аясында біз бірнеше бастаманы көтеріп отырмыз. Біріншіден, кәсіпкерлерді қайырымдылықты ынталандырудың экономикалық шаралары бар екеніне назар аударғымыз келеді. Әлеуметтік мәселелердің шешілуіне атсалысқан кәсіпкерлер белгілі бір салық жеңілдіктерін пайдаланады. Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің мәліметінше, қайырымдылық бойынша салық салудың жеңілдік нормасын пайдаланған кәсіпорындар саны 2015 жылы 2 мыңға жеткен, ал салық салынатын табысты азайту сомасы – шамамен 46 млрд теңге. Сондықтан, әлеуметтік жауапкершілігі бар кәсіпкерлерге салық жеңілдіктерін пайдаланудың тиімділігі жөнінде еске салғымыз келеді.

Екіншіден, жарымжан азаматтарға көмектескен, әлеуметік маңызы бар нысандар салуға қолдау көрсетіп жүрген азаматтарды ынталандыру жаңа дейгейге шығуы тиіс. Сондықтан, біз «Парыз» мемлекеттік сыйлығын бекітуді, «Үздік әлеуметтік кәсіпкер» аталымын беру туралы бастама көтеріп отырмыз. Басты мақсат – қайырылымдылық жасау, жақсылыққа шақыру идеясын таратып, әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруға үлес қосқан кәсіпкерлердің үлесін бағалау, ынталандыру. Өйткені, ігі істер айтылып-жазылуы тиіс. Біз

Жыл басынан бері Алматы облысының кәсіпкерлер палатасы 808 млн теңгеден астам мүліктік құқықты қорғаған. Мысал ретінде ««КОМЕК МАШИНЕРИ» ЖШС жағдайын алуға болады. Кәсіпкерлер палатасының араласуымен компанияға қатысты 64 млн теңге көлеміндегі айыппұл алынып тасталған.

Палатаның маңызды бағыттының бірі – агроөнеркәсіп кешеніне қолдау көрсету. 8 ай ішінде палата 12 ауыл шаруашылығы кооперативін тіркеді. Оның ішінде 9 кооперативке «Ауыл шаруашылығына қолдау көрсету қоры» арқылы қаржы бөлінді. Ауыл кәсіпкерлерінің біліктілігін арттыру үшін, сондай-ақ жаңа технологияны енгізуге көмектесу мақсатында облыста мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығына арналған 26 семинар өтті. Оған 469 тыңдаушы қатысты.

Ауылды жерлердегі жұмысты күшейту үшін палата филиалдары жанынан кәсіпкерлер кеңесі құрылып, оның мүшелігіне селолық округтерден белсенді және танымал кәсіпкерлер енді. Осылайша біз барлық кәсіпкерлік қоғамдастықтың үн-пікірін қамтып жатырмыз. Қазіргі таңда аудандағы кәсіпкерлер кеңесі жергілікті билік пен кәсіпкерлер арасындағы диалог алаңына айналды.

– Осы ауылды жерлердегі кәсіпкерлерге нақты қандай қолдау көрсетілуде?

– Ауыл, аудан кәсіпкерлері үшін бухгалтерлік, кеден, құқықтық, жобаны сүйемелдеу бойынша сервистік көмек, мемлекеттік бағдарлама бойынша консультация тегін түрде облысымыздың 16 ауданы мен 3 қаласында орналасқан Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтарында беріледі. Одан бөлек, кәсіпкерлік негізіндерін үйретуге бағытталған «Бизнес-Кеңесші», «Бизнес-Өсу», «Іскер байланыстар», «Жас кәсіпкер мектебі» сынды оқу курстары бар. Аталған оқу бойынша берілген



деп жоспарлануда. Қазіргі таңда «Бастау Бизнес» жобасы бойынша 991 адам білім алды. Оның 131-і жалпы сомасы 704 250 млн теңге болатын несиеге қол жеткізді. Жоба көптеген азаматтарға жаңа тыныс берді, өмірлік көзқарастарын өзгеруіне ықпал етті. Осыған дейін жалдамалы қызметте жүргендер кәсібін ашып, отбасылық бизнеске ие болды. Мысалы, Іле ауданындағы Жетпіс Намазбековтың мысалы көпке үлгі. Ол кісі 55 жасында кәсіпкерлік негіздеріне оқып, бір сәтте кәсіпкер атанды. «Бастау Бизнес» арқасында несие алып, бүгінде шағын сүт фермасын қолға алды. Енді жеке шаруа қожалығын ашқалы отыр.

– Соңғы уақытта «Атамекен» кәсіпкерлерді қауымдастыққа бірігуге шақыруда. Ұлттық палата бар, салалық ұйымдар тұрғанда жаңа бірлестіктерді құрудың қажеттілігі қандай? Бұл бастаманың мәні қандай?

– Біз кәсіпкерлерді салалық қауымдастықтар ішіне бірігіп, аталған ұйымды ірілендіруге шақырудамыз. Себебі, ұсақ қауымдастықтардың бірігуі аймақтық біртұтастық арқылы мүддесін қорғауға кепілдік береді. Мысалы, кәсіпкерліктің бір саласы немесе бағыты бойынша бір салалық қауымдастық болуы керек. Бұл қауымдастық бір ғана кәсіпкердің пікірін ғана емес, бүкіл сала кәсіпкерлерінің көзқарасын білдіріп, құқығын қорғап отырады. Бастама бизнестің бірлігі мен берекесін бекітіп, өнім көлемін арттыруға, импорттық, экспорттық әлеуетін жоғарылатуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұндай одақтарға жергілікті өзін-өзі реттеуге мүмкіндік бар. Ертеңгі күні дәл осы қауымдастықтарға сала бойынша нормативті-құқықтық актілерге қорытынды әзірлеу және т.б. маңызды шешім қабылдайды. Ірілендіру бірлесе отырып, ауқымды дамуға және әрекеттердің тиімділігі мен өнімділігіне бағытталған. Мәселен, Алматы облысында біз ішкі туризм жөніндегі қауымдастықты ірілендіру жөніндегі жұмысты бастап кеттік. Аталған одаққа туризм саласындағы жетекші отызға жуық

қоғамымызда жақсы істер жасауға шақыруымыз керек. Мысалы, Жетісу жерінде белгілі кәсіпкер Бауыржан Оспанов туған жері Алакөл ауданында бүкіл ауылдың жағдайын жасап отыр. Спорт, физика-математикалық мектеп салынды, тегін түрде қымыз таратылады, бал өндіру ісі жолға қойылды. Сондай-ақ Жамбыл ауданында Темірлан Шайнүсіпов Ақтерек ауылында тұрғындардың ескі үйлерін жаңғыртуда, 60-қа жуық жаңа үй салып берді. Бизнестің басым көпшілігі игі істерді жария етпеуге тырысады. Әрине, біздің кәсіпкерлер бұл істерді газетке жазу немесе теледидардан көрсету үшін жасамайды. Сондықтан, біз өз кезегімізде жақсылық жаршылары жөнінде халыққа айтып отырамыз.

Үшіншіден, біз аймақтар бойынша қандай әлеуметтік мәселе бар екенін жинақтағымыз келеді. Өңірлер бойынша жеке-жеке сараланған мәселелер кәсіпкердің әлеуметтік мәселелерді шешуіне көмек болады. «Атамекен» ҰКП ресми интернет-ресурсында «Қайырымдылық» айдары ашылады және осы айдарда әлеуметтік мәселелер тізімі жарияланады. Қандай да бір көмекке немесе қолдауға мұқтаж азаматтар онлайн-режимде осы тізімге өтінім қалдыруға мүмкіндігі бар. Кәсіпкерлер өтінім-тілектермен таныса алады. Өтінім қалдыратын немесе кері байланысқа тапсырыс беруге болатын арнайы батырма да іске қосылады. Қазірдің өзінде Алматы облысында мүмкіндігі шектеулі азаматтар, қоғамдық ұйымдар, білім беру ұйымдары тарапынан қайырымдылық көрсету жөніндегі өтініштер келіп түсті.

– Алдағы уақыттағы жұмыс жоспарларыңыз жайлы бөліссеңіз?

– Осыған дейінгі жұмыс барысында аудан орталықтарында ғана емес, ауылдық жерлерде де белсенді жұмыс жасау керек екеніне көз жеткіздік. Расымен, ауылдық жерлерде тұратын кәсіпкерлер қолдауға мұқтаж. Олар заңдағы соңғы өзгертулер, жеңілдіктер және бизнесті қолдау тетіктері туралы біле бермейді. Сондықтан биыл ауыл кәсіпкерлерін қолдау тетігін күшейтуді мақсат етіп отырмыз. Осыған орай, аудандық және қалалық филиалдардың жанынан алғашқылардың бірі болып кәсіпкерлер кеңесін құрдық, оның құрамына ауылдар мен өңірлердегі танымал бизнесмендер енді. Алдағы уақытта кеңестің рөлін арттыру жалғаспақ.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

ЖОБА

Алматы облысы әкімдігінің 2015 жылғы 17 тамыздағы «Сәулет саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің регламенттерін бекіту туралы» № 364 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 1-тармағына, «Діни қызмет саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 147 бұйрығына (Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11183 тіркелген) сәйкес, Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы облысы әкімдігінің «Сәулет саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің регламенттерін бекіту туралы» 2015 жылғы 17 тамыздағы № 364 (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3442 тіркелген, 2015 жылдың 25 қазанында «Жетісу» мен «Огни Алатау» газеттерінде жарияланған) қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес көрсетілген қаулымен бекітілген «Ғибадат үйлерін (ғимараттарын) салу және олардың орналасатын жерін айқындау туралы шешім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті жаңа редакцияда баяндалсын;

осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес көрсетілген қаулымен бекітілген «Үйлерді (ғимараттарды) ғибадат үйлері (ғимараттары) етіп қайта бейіндеу (функционалдық мақсатын өзгерту) туралы шешім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті жаңа редакцияда баяндалсын.

2. «Алматы облыстық сәулет және қалақұрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Алматы облысының әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу және ресми жариялау үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін ресми жариялауға, Алматы облысының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарға жіберуді;

4) осы қаулыны Алматы облысы әкімдігінің интернет-ресурсында оның ресми жарияланғаннан кейін орналастыруды;

5) осы қаулы мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Алматы облысы әкімі аппаратының мемлекеттік-құқық бөліміне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы облысы әкімінің бірінші орынбасары Л. Тұрлашовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы облысының әкімі А. БАТАЛОВ

Алматы облысы әкімдігінің 2018 жылғы «___» _____№_____ қаулысымен бекітілген 1-қосымша

«Ғибадат үйлерін (ғимараттарын) салу және олардың орналасатын жерін айқындау туралы шешім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. «Ғибадат үйлерін (ғимараттарын) салу және олардың орналасатын жерін айқындау туралы шешім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі «Алматы облыстық сәулет және қала құрылысы басқармасы» мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі – көрсетілетін қызмет беруші) «Алматы облысы дін істері басқармасы» мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – басқарма) келісімі бойынша Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 147 бұйрығымен (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11183 тіркелген) бекітілген «Ғибадат үйлерін (ғимараттарын) салу және олардың орналасатын жерін айқындау туралы шешім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты (бұдан әрі – Стандарт) негізінде көрсетіледі.

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;

2) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны – қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – ғибадат үйлерін (ғимараттарын) салу, олардың орналасатын жерін айқындау туралы шешім немесе көрсетілетін қызметті берушінің Стандарттың 10-тармағында көзделген жағдайда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелденген жауап.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін ұсыну нысаны – қағаз түрінде.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау

4. Көрсетілетін қызметті алушының Стандарттың 9-тармағына сәйкес құжаттар топтамасымен жүгінуі, мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастау үшін негіздеме болып табылады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оны орындаудың ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінің қызметкері құжаттар топтамасын қабылдайды, олардың тіркелуін жүзеге асырады және өтініштің көшірмесін көрсетілетін қызметті алушыға береді, көрсетілетін қызметті берушінің басшысының қарауына ұсынады – 30 (отыз) минут.

Нәтижесі - құжаттары қабылдап алған тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын (болған жағдайда) көрсете отырып, кіріс құжаттың қабылдау күнін, уақытын және нөмірін қамтитын, көрсетілетін қызметті берушінің мөртаңбасы қойылған көрсетілетін қызметті алушы өтінішінің көшірмесі;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын қарайды және оларды жауапты орындаушысына жолдайды – 1 (бір) күн.

Нәтижесі – көрсетілетін қызметті беруші басшысының бұрыштамасы;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы құжаттар топтамасын карастырып, басқармаға келісімге жібереді – 1 (бір) күн.

Нәтижесі - мемлекеттік қызмет көрсетуді келісуді сұрау;

4) басқарма өтінішті қарастырып, келіседі немесе келісуден бас тартады – 5 (бес) күн.

Нәтижесі – келіседі немесе келісуден бас тарту туралы дәлелді жауап;

5) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің жобасын дайындайды - 7 (жеті) жұмыс күн.

Нәтижесі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесінің жобасы;

6) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің жобасына қол қояды - 9 (тоғыз) күнтізбелік күн.

Нәтижесі – қол қойылған мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі;

7) жауапты орындаушы көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін береді - 1 (бір) күн.

Нәтижесі – көрсетілетін қызметті алушыға берілген мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) мен көрсетілетін қызметті берушінің өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;

3) басқарма;

4) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы.

7. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, құрылымдық бөлімшелердің (қызметкерлердің) арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдың) реттілігінің сипаттамасы:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінің қызметкері құжаттар топтамасын қабылдайды, олардың тіркелуін жүзеге асырады және өтініштің көшірмесін көрсетілетін қызметті алушыға береді, көрсетілетін қызметті берушінің басшысының қарауына ұсынады – 30 (отыз) минут;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын қарайды және оларды жауапты орындаушысына жолдайды – 1 (бір) күн;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы құжаттар топтамасын карастырып, басқармаға келісімге жібереді – 1 (бір) күн;

4) басқарма өтінішті қарастырып, келіседі немесе келісуден бас тартады – 5 (бес) күн;

5) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің жобасын дайындайды – 7 (жеті) жұмыс күн;

6) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің жобасына қол қояды – 9 (тоғыз) күнтізбелік күн;

7) жауапты орындаушы көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін береді - 1 (бір) күн.

4. Мемлекеттік корпорациямен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау

1) Мемлекеттік корпорация қызметкері өтініштің толтырылуының дұрыстығын және көрсетілетін қызметті алушының ұсынған құжаттар топтамасының толықтығын тексереді – 5 (бес) минут.

Көрсетілетін қызметті алушы Стандарттың 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған жағдайда Мемлекеттік корпорация қызметкері осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет Стандартының 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтінішті қабылдаудан бас тартқаны туралы қолхат береді – 5 (бес) минут.

Мемлекеттік корпорацияға жүгінген жағдайда Мемлекеттік корпорацияның құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді;

2) Мемлекеттік корпорация қызметкері көрсетілетін қызметті алушының, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға жазбаша келісімін алады – 5 (бес) минут;

3) Мемлекеттік корпорация қызметкері көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасының қабылданғаны туралы қолхат береді – 5 (бес) минут;

4) Мемлекеттік корпорация қызметкері құжаттар топтамасын дайындайды және оны көрсетілетін қызметті берушіге жібереді, көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін дайындайды және оны Мемлекеттік корпорацияға жібереді, 30 (отыз) күнтізбелік күн;


5) Мемлекеттік корпорация қызметкері құжаттар топтамасын қабылдағаны туралы қолхатта көрсетілген мерзімде, көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін береді – 15 (он бес) минут.

Мемлекеттік корпорация мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің 1 (бір) ай сақталуын қамтамасыз етеді, одан кейін оларды көрсетілетін қызметті берушіге 1 (бір) жыл бойы сақтауға береді. Бір ай мерзім өткеннен кейін көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде Мемлекеттік корпорацияның сұрауы бойынша көрсетілетін қызметті беруші 1 (бір) жұмыс күн ішінде мемлекеттік қызмет көрсетудің дайын нәтижесін Мемлекеттік корпорацияға көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін жолдайды.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде рәсімдердің (іс-қимылдардың) ретін, көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылдарының толық сипаттамасы, сондай-ақ Мемлекеттік корпорация және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібін және мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау осы регламенттің қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетіледі.

«Ғибадат үйлерін (ғимараттарын) салу және олардың орналасатын жерін айқындау туралы шешім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы



*ҚФБ – құрылымдық-функционалдық бірлік: көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің), Мемлекеттік корпорацияның, порталдың өзара іс-қимылдары;

- мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы;
- көрсетілетін қызметті алушы рәсімінің (іс-қимылының) және (немесе) ҚФБ атауы;
- таңдау нұсқасы;
- келесі рәсімге (іс-қимылға) өту.

Алматы облысы әкімдігінің 2018 жылғы «___» _____№_____ қаулысымен бекітілген 2-қосымша

«Үйлерді (ғимараттарды) ғибадат үйлері (ғимараттары) етіп қайта бейіндеу (функционалдық мақсатын өзгерту) туралы шешім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. «Үйлерді (ғимараттарды) ғибадат үйлері (ғимараттары) етіп қайта бейіндеу (функционалдық мақсатын өзгерту) туралы шешім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі «Алматы облыстық сәулет және қала құрылысы басқармасы» мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі – көрсетілетін қызмет беруші) «Алматы облысы дін істері басқармасы» мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – басқарма) келісімі бойынша Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 147 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11183 тіркелген) бекітілген «Ғибадат үйлерін (ғимараттарын) салу және олардың орналасатын жерін айқындау туралы шешім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты (бұдан әрі – Стандарт) негізінде көрсетіледі.

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;

2) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны – қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – үйлерді (ғимараттарды) ғибадат үйлері (ғимараттары) етіп қайта бейіндеу (функционалдық мақсатын өзгерту) туралы шешім немесе көрсетілетін қызметті берушінің осы Стандарттың 10-тармағында көзделген жағдайлар және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелденген жауап.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін ұсыну нысаны – қағаз түрінде.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау

4. Көрсетілетін қызметті алушының Стандарттың 9-тармағына сәйкес құжаттар топтамасымен жүгінуі, мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастау үшін негіздеме болып табылады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оны орындаудың ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінің қызметкері құжаттар топтамасын қабылдайды, олардың тіркелуін жүзеге асырады және өтініштің көшірмесін көрсетілетін қызметті алушыға береді, көрсетілетін қызметті берушінің басшысының қарауына ұсынады – 30 (отыз) минут.

Нәтижесі - құжаттары қабылдап алған тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын (болған жағдайда) көрсете отырып, кіріс құжаттың қабылдау күнін, уақытын және нөмірін қамтитын, көрсетілетін қызметті берушінің мөртаңбасы қойылған көрсетілетін қызметті алушы өтінішінің көшірмесі;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын қарайды және оларды жауапты орындаушысына жолдайды – 1 (бір) күн.

Нәтижесі – көрсетілетін қызметті беруші басшысының бұрыштамасы;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы құжаттар топтамасын карастырып, басқармаға келісімге жібереді – 1 (бір) күн.

Нәтижесі - мемлекеттік қызмет көрсетуді келісуді сұрау;

4) басқарма өтінішті қарастырып, келіседі немесе келісуден бас тартады – 5 (бес) күн.

Нәтижесі – келіседі немесе келісуден бас тарту туралы дәлелді жауап;

5) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің жобасын дайындайды - 7 (жеті) жұмыс күн.

Нәтижесі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесінің жобасы;

6) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің жобасына қол қояды - 9 (тоғыз) күнтізбелік күн.

Нәтижесі – қол қойылған мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі;

7) жауапты орындаушы көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін береді - 1 (бір) күн.

Нәтижесі – көрсетілетін қызметті алушыға берілген мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) мен көрсетілетін қызметті берушінің өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;

3) басқарма;

4) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы.

7. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, құрылымдық бөлімшелердің (қызметкерлердің) арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдың) реттілігінің сипаттамасы:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінің қызметкері құжаттар топтамасын қабылдайды, олардың тіркелуін жүзеге асырады және өтініштің көшірмесін көрсетілетін қызметті алушыға береді, көрсетілетін қызметті берушінің басшысының қарауына ұсынады – 30 (отыз) минут;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын қарайды және оларды жауапты орындаушысына жолдайды – 1 (бір) күн;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы құжаттар топтамасын карастырып, басқармаға келісімге жібереді – 1 (бір) күн;

4) басқарма өтінішті қарастырып, келіседі немесе келісуден бас тартады – 5 (бес) күн;

5) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің жобасын дайындайды – 7 (жеті) жұмыс күн;

6) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің жобасына қол қояды - 9 (тоғыз) күнтізбелік күн;

7) жауапты орындаушы көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін береді - 1 (бір) күн.

4. Мемлекеттік корпорациямен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау

1) Мемлекеттік корпорация қызметкері өтініштің толтырылуының дұрыстығын және көрсетілетін қызметті алушының ұсынған құжаттар топтамасының толықтығын тексереді - 5 (бес) минут.

Көрсетілетін қызметті алушы Стандарттың 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған жағдайда Мемлекеттік корпорация қызметкері осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет Стандартының 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтінішті қабылдаудан бас тартқаны туралы қолхат береді - 5 (бес) минут.

Мемлекеттік корпорацияға жүгінген жағдайда Мемлекеттік корпорацияның құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді;

2) Мемлекеттік корпорация қызметкері көрсетілетін қызметті алушының, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе,ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға жазбаша келісімін алады - 5 (бес) минут;

3) Мемлекеттік корпорация қызметкері көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасының қабылданғаны туралы қолхат береді - 5 (бес) минут;

4) Мемлекеттік корпорация қызметкері құжаттар топтамасын дайындайды және оны көрсетілетін қызметті беруше жібереді, көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін дайындайды және оны Мемлекеттік корпорацияға жібереді, 30 (отыз) күнтізбелік күн;

5) Мемлекеттік корпорация қызметкері құжаттар топтамасын қабылдағаны туралы қолхатта көрсетілген мерзімде, көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін береді - 15 (он бес) минут.

Мемлекеттік корпорация мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің 1 (бір) ай сақталуын қамтамасыз етеді, одан кейін оларды көрсетілетін қызметті берушіге 1 (бір) жыл бойы сақтауға береді. Бір ай мерзім өткеннен кейін көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде Мемлекеттік корпорацияның сұрауы бойынша көрсетілетін қызметті беруші 1 (бір) жұмыс күн ішінде мемлекеттік қызмет көрсетудің дайын нәтижесін Мемлекеттік корпорацияға көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін жолдайды.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде рәсімдердің (іс-қимылдардың) ретін, көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылдарының толық сипаттамасы, сондай-ақ Мемлекеттік корпорация және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібін және мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау осы регламенттің қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетіледі.

«Үйлерді (ғимараттарды) ғибадат үйлері (ғимараттары) етіп қайта бейіндеу (функционалдық мақсатын өзгерту) туралы шешім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы



*ҚФБ – құрылымдық-функционалдық бірлік: көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің), Мемлекеттік корпорацияның, порталдың өзара іс-қимылдары;

- мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы;
- көрсетілетін қызметті алушы рәсімінің (іс-қимылының) және (немесе) ҚФБ атауы;
- таңдау нұсқасы;
- келесі рәсімге (іс-қимылға) өту.

ЖОБА

Алматы облысы әкімдігінің 2015 жылғы 30 қыркүйектегі «Мемлекеттік мүлікті есепке алу саласында мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы» № 436 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

«Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, «Мемлекеттік мүлікті есепке алу саласында мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 285 бұйрығына (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11154 тіркелген) сәйкес, Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы облысы әкімдігінің «Мемлекеттік мүлікті есепке алу саласында мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы» 2015 жылғы 30 қыркүйектегі № 436 (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3513 тіркелген, 2015 жылдың 1 тамызында «Жетісу» және «Огни Алатау» газеттерінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. «Алматы облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Алматы облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электронды түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу және ресми жариялау үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы қаулыны Алматы облысы әкімдігінің интернет-ресурсында оның ресми жарияланғаннан кейін орналастыруын;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Алматы облысы әкімінің аппараты мемлекеттік - құқық бөліміне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы облысы әкімінің орынбасары Ж. Тұяқовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы облысының әкімі А. БАТАЛОВ

■ІЗДЕНГЕН ЖЕТЕР МҰРАТҚА

Жер жаннаты Жетісудың ең бір ғажайып аймақтарының бірі, көрген жанның көз жауын алатын, айдынында ақ шағала қалықтаған Алакөл бұл күндері талайға таңдай қақтыратын мекенге айналды. Сол өңірде Екпінді деген шағын ауыл бар. Осы бір алақандай ауылдан арман жолына түскендердің қадамы қашанда жаман болмаған. Екпіндіде ержеткен Мұхтар Байбатшанов та ауылдың тірлігі мен тынысын терең білетін азамат болып есейді. Мектептен кейін Қазақ ұлттық аграрлық университетінде «Аңшылықтану және балық шаруашылығы» мамандығын меңгеруге жүрек қалауымен бет бұрған. Бұл оқуды қазақ тобында бірінші болып қызыл дипломмен тамамдады.



Отызында орда бұзған

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Мақаланы бірден осылай бастаудың да өзіндік себебі бар. Расында, тәуелсіздіктің алғашқы жылдары жұрт нарықтық экономикаға көшіп, өндіріс тоқырап, шаруашылық күйреп жатқанда адамдардың арман-мұраты да үлкен өзгерістерге ұшырады. Сонау тоқсаныншы жылдардың басында ғылымда жүрген талай адам күнкөрістің қамымен ғылыми жұмыстарын тастап, саудаға бет бұрды. Соның кесірінен қазақтың ғылымы орны толмас зардап шекті. Дей тұрғанмен, алған беті мен таңдаған жолынан айнымаған жанкешті азаматтар да болды. Сол қатарда Мұхтар Қасенұлы да білімін одан ары шыңдап, биікке өрлей түсті. Ұстаздары Тілектес Есполов пен Болатхан Махатовтың жетекшілігімен құс шаруашылығы, соның ішінде қарапайым бөдене жайында ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысып, бөдене өсірудің қыры мен сырын меңгеруге талпынды. Осы арқылы бөдене өсіруге бет бұрған шаруашылықтардың көбеюіне өзіндік үлесін қосты. Қазақстанда ең алғаш бөденені қәсіби тұрғыдан зерттеген Мұхтар Қасенұлы әлі күнге Қазақстандағы құс шаруашылығын өркендету үшін жарғақ құлағы жастыққа тимей еңбектеніп жүр.

Мұхтар Қасенұлының қызметтік баспалдақтары да осы оқу орнының табалдырығынан бастау алды. Осындағы физиология және морфология кафедрасында ассистент болып жүрген кезінде келешегінің кемелді екенін танытты. Сөйтіп, білімін одан әрі жетілдіру мақсатымен ұшжылдық аспирантураны оқып бітіреді. Білім мен ғылымның шеті мен шегі жоқ екендігін жақсы түсінген ол «Жергілікті бөдене популяциясының өнімділік қасиеттері» тақырыбында кандидаттық диссертациясын ойдағыдай қорғап шығады. «Ізденген жетер мұратқа» демекші, алдындағыларын аз көріп, үш жылдық күндізгі бөлімнің PhD докторантурасын бітіріп алады. Осы жылдар аралығында «Аңшылықтану және балық шаруашылығы» кафедрасының, «Мал және балық шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» кафедраларының ассистенттігін абыроймен атқарады. Оны ғылымда өзіне лайық сара жол салуды бекем ұстаным етіп алған жаңашылдығы бар ғалым деп айтуға әбден болады.

Оған дәлел ретінде мына деректі айта кетуге болады. Мұхтар қат-қабат ұстаздық жұмыс пен ғылыми ізденудің арасында уақыт тауып, 70-тен аса ғылыми еңбек жазумен қатар «Бөдене өсіру ерекшеліктері», «Перепеловодство», «Биология разведение перепелов», «Птицеводство», екі томдық «Қой және ешкі өнімдерін өндіру технологиясы», «Каракулеводство», «

(Соңы. Басы 1-бетте).

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВТЫҢ «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты халыққа ҮНДЕУІ

Біз Қараөзек (Қызылорда облысы) – Жезқазған – Қарағанды – Теміртау – Астана бағытында магистральді газ құбырын салу жобасын жүзеге асыруымыз керек.

Оған тиісінше қаражат тарту қажет болады, соның ішінде халықаралық қаржы институттарынан да.

Бұл 2,7 миллион адамды газбен қамтамасыз етумен қатар шағын және орта бизнестің жаңа өндірістерін ашуға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге, экология жақсарады.

Газға көшу тек Астананың өзінде зиянды қалдықтардың ауаға таралуын 6 есеге немесе жылына 35 мың тоннаға азайтады.

Бұл жобаны жүзеге асыру әрі қарай өзге өңірлерді де газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Президенттің бес бастамасы – осы.

Оларды іске асыру жаңа жұмыс орындарын құруға, сол арқылы ел экономикасының әрі қарай дами түсуіне жол ашады.

Үкімет пен Ұлттық Банкке бастамаларды іске асырудың егжей-тегжейлі тетіктерін жасауды тапсырамын.

Парламент депутаттарынан заңнамаға қажет өзгерістерді уақытылы енгізуді өтінемін.

Бастамалардың айрықша маңызды екенін ескерсек, оларды тиімді жүзеге асырудың жолдары кеңінен талқылауды қажет етеді.

Халық пен бизнес өкілдерінің арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу де маңызды.

«Нұр Отан» партиясы халқымыз үшін айрықша маңызы бар осы шаралардың тиянақты орындалуын бақылауға алады.

Құрметті отандастар!

Мемлекеттің жаңа қадамдары бүкіл қазақстандықтарға, еліміздің барша азаматтарына игі әсер етеді.

Қоғам өз тағдырын Қазақстанмен тығыз байланыстырып, болашағын жоспарлаудың тың мүмкіндігіне ие болады.

Бағдарламаны заңдық тұрғыдан бекіту қажет деп санаймын.

Оны іске асыру «әлеуметтік мемлекет» туралы конституциялық норманы жаңа, нақты мазмұнмен байыта түспек.

Заманауи жаһандық ахуалда ұлттық бірлік – әлеуметтік бірлік, ал қалыптасқан мемлекет – әлеуметтік мемлекет.

Біз өткенге салауат айтып, келешекке көз тіккен елміз.

Біз әлеуметтік мемлекет пен ұлттық өркендеудің шынайы әрі сындарлы қазақстандық моделін міндетті түрде бірге жасайтынымызға сенімдімін.

Ардақты ағайын!

Бүгінгі бастамалар еліміз тұтас, қоғамымыз тұрақты болса ғана табысты жүзеге асады.

Ал, ел бірлігі – ең бірінші, қазақтың бірлігі.

Жаһандық көштің басында жүретін мерейлі ел болу үшін бірлік пен ынтымақ алдымен өзімізге, қазаққа керек.

Тарихтың өзі дәлелдеген бір ақиқат бар – халқымыз бірлікте болса күшейген, бірлігі қашса әлсіреген.

Қасқа жолды Қасым хан жұртын жұдырықтай жұмылдыра білгенінің арқасында қазіргі қазақ жерінің негізгі аумағын біріктірді.

«Ел бірлігі – ел тәндігі» деген – осы!

«Қазақ ордасының Ликургы» – Әз Тәуке елін татулыққа ұйыта білгендіктен қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман орнатты.

«Байлық – байлық емес, бірлік – байлық» деген сөз сол заманнан қалған қағида.

Ел басына күн туған кезде барша қазақ Абылай ханның ақ туының астына жиналған соң ғана жерін жаудан тазарта алды.

«Біріккен жүз бытыраңқы мыңды алады» деп бабаларымыз осыны айтқан.

Қазақтың осынау 3 ханы – ел тарихындағы 3 асқар тау, оларды асқақтатқан – ел бірлігі.

Сонымен бірге, алтыбақан алауыздықтың кесірінен еліміз аңырап, жеріміз қаңырап қалған кездер де аз емес.

Бұл да – тарихтың ащы сабағы.

«Өткенге қарап, ертеңіңді түзе» деген өсиет бар, себебі, өткеннің өнегесі – бүгінгі күннің баға жетпес байлығы.

Осыны жадында тұтып, тарихтан тағылым ала білген халқымыз Тәуелсіздік дәуірінде татулық пен бірліктің, тыныштық пен тұрақтылықтың арқасында талай табыстарға кенелуде.

Табысымызды еселеп, Тәуелсіздігімізді баянды ете түсу үшін бізге балталаса да бұзылмайтын берік ауызбіршілік керек.

Берекелі бірлігімізді көздің қарашығындай сақтай алсақ, мерекелі тірлігімізге төнетін қауіп жоқ.

Ел мен жердің иесі ретінде Қазақстандағы жақсы мен жаманның бәріне қазақ жауапты.

Осы ұлы жауапкершілікті сезініп, барша ұлыстардың ұйытқысы болып, өзгеге өнеге көрсете білейік.

Сонда ғана халқымыздың атын иеленген қасиетті Қазақстанымыз көркейіп, дами береді.

Еліміздің көңілі жайлы, тұрмысы майлы болады.

Осыны үнемі есте тұтып, тың міндеттерді тындырымды жұмысқа ұластырайық!

Іске сәт!

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

АЛАШ ИДЕЯЛАРЫ ӘЛІ ДЕ ӨЗЕКТІ

Алаш арыстары көтерген тіл, діл, дін, мемлекет тұтастығы сынды мәселелер әлі де өміршең, әлі де өзекті. Осыған орай Талдықорғандағы Рухани жаңғыру орталығында «XXI ғасырда Қазақстан қоғамын жаңғыртудағы «Алаш» қозғалысы идеяларының өзектілігі» атты "дөңгелек үстел" отырысы өтті.



Еліміздегі саяси партиялардың өкілдері, қоғам белсенділері, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысқан алқалы жиында ҚР Парламенті Мәжілісінің V шақырылым депутаты Нұрлан Жазылбеков, «Ақ жол» партиясы Алматы облыстық филиалының төрайымы Мейраш Шынасылова, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы, облыстық мәслихат депутаты Ермек Келемсейіт, облыстық «Жетісу» газетінің бас редакторы Әміре Әрін, «Нұр Отан» партиясы Алматы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ғалиасқар Сарыбаев кезекпен сөз алып, Алаш арыстары айналысқан мәселелердің бүгінгі «Рухани жаңғыру» бағдарламасымен сабақтастығын әңгімеледі.

– Алаш сөзінің мағынасын, ұғымын Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсыновтар нақты білмеген. Осы жайында мақала жазған Міржақып Дулатов: «Әртүрлі көзқарастар айтылады, әртүрлі мағынада түсіндіріледі, бірақ келешекте осы Алаш деген сөздің түпкілікті мәні анықталатын шығар?!» – дейді. Өкінішке қарай, әлі күнге дейін «Алаш» сөзінің қайдан шыққаны, нені білдіретіні туралы тұрақты бір тоқтамға, тұжырымға біздің тарихшылар да, қоғам қайраткерлері де келе алмады, – деген облыстық «Жетісу» газетінің бас редакторы Әміре Әрін көтерілген мәселенің маңызына тоқталды. *– Ал менің ұғымымда «Алаш» – мемлекет деген сөз. Мекемтас Мырзахметов деген ғалым ағамыз: «Біздің эрамызға дейінгі 2 мыңыншы жылдықтың ортасында Ұлы Далада «Алаш» деген мемлекет, оның Алаш деген ханы өмір сүрген. Сол хан билік еткен 50 жылда қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман болған», – дейді. Біз осы пікірге тоқталуымыз керек. Неге? Қазақ хандығының 550 жылдығына орай сөйлеген сөзінде Нұрсұлтан Әбішұлы: «Біздер кешегі сақтардың, ғұндардың, түркі қағанаттарының, Шыңғысхан және оның ұрпақтары құрған «Алтын Орданың» тікелей мұрагеріміз!» – деді. Демек, Елбасымыз мемлекеттілікті арғы бастауынан қарастырып отыр. Осынау Ұлы Далада Қазақстан Республикасына дейін 20 мемлекеттің күні дәуірлеп, тасы өрлеген. Соның 20-шысы бөріміз айтып отырған «Алаш» автономиясы. Бір атап айтарлығы, «Алаш» сөзі көршілес қырғыздарда, өзбектерде, ноғайларда да бар. Соған қарап, ғасырлар қойнауында қалған «Алаш» мемлекетінің өзегін, дүниетанымын түркі тектес халықтардың жалғастырып келе жатқандығын көру қиын емес. Міне, сол себепті қазақтың озық туған перзенттері, терең ойлы азаматтары «Алаш» идеясын көтеріп, «Алаш» автономиясының құрылуына күш салды.*

Жиын аясында Жетісу жерінің өркендеуіне үлес қосқан 8 тұлғаға «Алаш» автономиясына 100 жыл толуына орай шығарылған «Алаш» естелік медалін табыстады.

М. ӘСЕТҰЛЫ

КЕЛБЕТ

Өткен кезеңде жұртына еңбегі сіңген талай білікті тұлға болды. Олар сол кезеңнің сабырын бойына ұялатты, ортаймас тәжірибе жинақтады. Солардың бірі бүгінде 75 жасқа келген Оралбек Жақиянов ағамыз. Ол 43 жылдық қызмет өтілінің 23 жылын құрылыс саласына арнап, өңірдегі 30-дан аса мектеп, 25 балабақша, 10-ға жуық мәдениет нысанының, оның сыртында көптеген тұрғын үйдің бой көтеруіне тікелей атсалысты. Содан кейінгі жерде 18 жыл аудан, қала әкімі болып, Алакөл, Ақсу, Көксу, Кербұлақ аудандары мен Талдықорған қаласының өсіп-өркендеуі, гүлденуі үшін ұшан-теңіз еңбек сіңірді. Маңдай терін төгіп, жарғақ құлағы жастыққа тимей жүзеге асырған тың бастамалары қазірде халықтың игілігіне қызмет етіп жатыр.



Абырой биігі

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

«Еңбегінің жемісін көріп, адамдардың бақытты тұрмысы үшін аз болса да үлес қосқанын сезінудің әр адамға қуаныш сыйлайтыны белгілі. Ал пешенесіне жазылған тағдыры ел өміріндегі өркенді істермен, тарихи кезеңмен тұспа-тұс келіп жатса – сынақтың үлкені осы. Мұндай сынақтан ерік-жігері мықты, табанды, өзіндік көзқарасы бар азаматтардың ғана сыр бермей өтетіні хақ. Оралбек Жақиянов осындай мағыналы өмір сүрген ел қалаулысы, жұрт мақтанышы.

Оралбек Нұрсейітұлы 1943 жылы Ақсу ауданының Матай стансысында туған. Сол кездің жағдайымен қарағанда, теміржолдың бойына орналасқан жұрт басқа елді мекендерге қарағанда өркениетке бір қадам жақын болатын. Өйткені, жаңалық атаулының дені теміржол арқылы таралатын. Шалғай елді мекенге жете қоймаған жарық, олар тыңдауға құмар радио бағдарламалары, газет-журналдар теміржол бойында орналасқан тұрғындарға тезірек жететін. Паровоз үнінің әлдилеуімен ұйықтап, сол дауыспен оянатын балалар мектеп табалдырығын аттап, әріп тани бастағаннан теміржолшы болуды армандап ержетті. Бала Оралбек те сондай арман, үміттің жетегінде өсті. Орта мектепті бітірген 1960 жылы теміржолшы болу мақсатымен Мәскеудің жолкұрылыс институтына сынақ тапсырады. Алайда шалғай ауылдың арманшыл баласының үміті ақталмай, оқуға түспей қалады. Ауылдың айналасын шиырлап, қозылақтың соңында жүргісі келмей шешесі Мыңтеңге Жақияноваға өзінің алыс Алматыға кететінін айтады. Басында шешесі жанынан алыстатқысы келмегенімен оның жолына бөгет болғысы келмей батасын береді. Сонымен, арманын үкілеген жас жігіт Алматыдан бірақ шығады.

Ауылдың жайма-шуақ тірлігіне еті үйренген жас қым-қуыт қала өміріне бірден үйренісіп кете алмады. Бәрін тастап, қайтадан ауылға қайтып кеткісі келіп талай рет оқталды. Бірақ бала кезінен сүйегіне сіңген намысы оған жол бермеді. Соған орай қалаға тұрақтап қалудың сан түрлі мүмкіндігін қарастырып, арлы-берлі шапқылаумен біраз күнді өткізді. «Ізденген жетер мұратқа» дегендей, сол тұста 25 мың адам жұмыс істейтін Киров атындағы зауытқа темір жонушы болып орналасып, еңбек жолын бастады. «Аштықта жеген құйқаның дәмі таңдайдан кетпейді» дегендей, зауыт табалдырығынан аттаған бірінші қадамы Оралбек ағаның есінен кетпейді. Өйткені, ол кісінің болашақ табысы мен жетістігіне осы зауытта үйренген, өмірге ынтыққан, болашаққа ұмтылған сәттері негіз қалап еді.

Зауытқа жұмысқа тұрғаннан кейін де мақсатыма жеттім деген ойдан бойын аулақ ұстады. Бір жағынан жұмыс істеп, кешкі, таңертеңгі бос уақыттарында кітабын қолынан тастамай, бала күнгі арманын жүзеге асыру үшін дайындала берді. Үміт пен қиындық алмакезек әлдилеген бір жыл да өте шықты. 1961 жылы тағы да құжаттарын өткізіп, институтқа түсу сынағына қатысты. Бірақ теміржолшы мамандығын оқытатын мүмкіндіктен тағы қағылып, политехникалық институттың «Азаматтық және өнеркәсіп құрылыс» мамандығына оқуға қабылданады. Ойындағы оқуға түспесе де біржылдық еңбегінің ақталып, шешесінің үмітінің жанып, ауылдастарының ақ тілегінің орындалғанына қуанды. Енді осы мамандықты ойдағыдай игеріп, көптің қажетіне жарайтын азамат болып шыңдалып шығудың қамына кірісті.

Міне, осылай қызығы мен қиындығы тең өрілген студенттік өмір жалғаса берді. Бір курста оқитын балалардың ішіндегі зерегі де, зерделісі де, білімдісі де болып көзге түсті. Институтта өтетін шаралардан қалмай, өзін жақсы жағынан көрсете алды. Бірауыз сөзбен айтқанда сол бес жылдық студенттік өмірде өзінің болашақ өміріне азық болатын бірқатар тәжірибе жинақтады. Сол жылдары Абай атындағы педагогикалық институтта оқитын Ғалия Әмірханқызымен үйленіп, шаңырақ көтерді. Өмірдің сан сынағынан өтіп, жан-жақты шыңдала түсті. Ақыры 1966 жылы инженер-құрылысшы деген мамандықты алып шығады.

Сол тұста республиканың түкпір-түкпірінде құрылыс саласы жанданып, қауырт жұмыстар атқарылып жатқандықтан білімді де білікті құрылысшы мамандар жетіспейтін. Осы мамандықты бітірген қазақ балалары өте аз болғандықтан сұраныс та көп, тапсырма да жауапты еді. Содан кейін де болар, институтты бітірген жас маман жолдама бойынша қиыр шеттегі Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласына жіберіліп, «Маңғыстаунефтегазқұрылыс» тресіне жұмысқа тұрды. Бұл Жаңаөзен қаласын салу қарқын алған мезгіл еді. Сондықтан қала құрылысына республиканың түкпір-түкпірінен білікті мамандар шақырылып жатқан. Оралбек Жақиянов осындай 17 маманның ішіндегі жалғыз болды. Басында құрылыс шебері болып жұмыс бастаса, кейін прораб, бас инженер, тағы да басқа қызметтерді табыспен атқарып, біліктілігін дәлелдеді. Алғашқы жастық сенімінің шыңдалған тұсы да осы еді. Сондықтан да Жаңаөзен қаласы оған өте ыстық. Өйткені оның қол табы қалған тұрғын үйлерде жаңаөзендіктер күні бүгінге дейін берекелі тірлік кешуде, балабақшаларда балғындар асыр салып, мектептер білімді жастардың болашағына жол ашуда. Еліміздің шығысында туған талапты жас білімге деген құштарлығы, біліктілігінің арқасында батыстағы жаңа қаланың салынуына осылайша өзіндік үлесін қосты.

Жаңаөзендегі екі жыл осылай өтті. Жұмыстағы жауапкершілігі мен өз саласына деген біліктілігінің арқасында ұжымда үлкен беделге ие болды. Болашағынан үміт күттірген білікті маман, жігерлі жас ретінде жетіле бастады. Алайда, бірнеше мың шақырым шалғайда қалған анасының жағдайы жиі мазалай берді. Әкесінен жастай жетім қалғандықтан анасына қамқор болуы керектігі ойынан шықпады. Ал шалғайда жүріп анасына қалай қол ұшын бере алсын. Ақыры басшыларының рұқсатын алып, Талдықорғанға көшіп келеді.

Туған жерге жеткен соң тау қопарар екпінмен жұмыс істемекші болғанымен, қаладан жұмыс табу қиындай түсті. Талдықорған қаласындағы құрылыс мекемелерінде жергілікті кадрлар саусақпен санарлық, қаланың өзінде де санаулы қазақтар қоныстанған. Таныс, біліс болмаса, сенің біліктілігіңді біліп жатқан адам жоқ. Ашығын айтқанда, құрылыс саласының басшылары, неге екені белгісіз, қазақ құрылысшыларына қырын қарайтын. Ақыры екі ай бойы сан мекеменің табалдырығын тоздырып жүріп, «Талдықорған промстрой» тресіне көмекші маман ретінде штаттан тыс жұмысқа тұрады. Алғашқы күні-ақ құрылыс мекемесінің басшысы екі ай сынақ уақытын тағайындағанын, сынақтан өтпесе жұмыстан кететінін ескертеді. Алайда, оқу орнында алған сапалы білімі, Жаңаөзендегі бай тәжірибесі болғандықтан екі айдың ішінде өзінің біліктілігін танытып үлгереді. Сонымен тұрақты жұмысқа кіріп, түрлі қызмет баспалдағынан өте бастайды. Ең бірінші болып Талдықорған қонақүйін салу жобасының басы-қасында болады. Осы жерде екі жыл жұмыс істеген соң «Талдықорғансельстрой» тресіне шақырылып, 1970 жылы Гвардия ауданының орталығы Қоғалы ауылына қызметке ауысқанша жұмыс істейді. Қоғалыда өткен екі жылда облыс бойынша бірінші рет құрылған механикаландырылған сүт фермасының құрылысын салып, жұртты игілігіне тапсырды. Оның іскерлігін байқаған облыстық партия комитеті 1972 жылы жаңадан құрылып жатқан Кербұлақ ауданының орталығы Сарыөзек кентіндегі механикаландырылған жылжымалы колоннаны басқаруға жібереді. Күн өткен сайын тәжірибесі толысып, іскерлігі арта түсіп, Күреңбел жерінде де көптеген игілікті жұмыстар тындырды. Қысқасы, Сарыөзектен ары-бері өткенде көзге шалынатын құрылыстардың бәрінде Оралбек Жақияновтың қол табы сайрап тұр.

Кеңес дәуірінің бір артықшылығы, білікті маманға деген жұрттың көзқарасы дұрыс еді. Ағайындыққа қарап, бауыр-туыстыққа бүйрегі бұратын жағдай кездеспейтін. Қайта кім өнімді жұмыс істесе, оның жетістігіне тиісінше баға берілетін. Сондықтан Оралбек Жақияновтың Қоғалы мен Сарыөзектегі жұмыс сапасына риза болған облыстық партия комитеті 1974 жылы облыстық партия комитетінің нұсқаушысы қызметіне Талдықорған қаласына шақырып алады. Осы тұста Жоғары партия мектебін оқып бітіріп, «Талдықорғанколхозстрой», кейіннен «Талдықорғансельстрой» тресіне басшылық етеді. Ең бастысы, оған қандай жұмыс тапсырылса да абыроймен атқарып, беделін түсірмеді.

Құрылыстың бел ортасында шыңдалған маманды ұйым партиялық жұмысқа бейімдеп, 1987 жылы Қапал аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы етіп тағайындады. Қапал ауданы негізінен егін, мал шаруашылығымен айналысатын өңір болғанымен жыл сайын еттің жоспарын орындай алмай жүретін. Ал еттің жоспары орындалса мал басы кеміп, аудан басшылары сынған көз ашпайтын. Соның кесірінен басшылыққа келген азаматтар да көп тұрақтамайтын. Оралбек Жақияновтың Қапалға келе сала еттің жоспарын орындау шарасын қарастырады. Сөйтіп ауданға қарасты 8 ауылдың әрбіріне 10 мың бас қаздың балапанын алдырып, өсіруді міндеттейді. Күзде қаз етінің есебімен еттің жоспарын орындап, сойылатын малдың санын азайтып, мал басын сақтап қалады. Сонымен қатар, Қапалда бір жылда 6 мың басқа дейінгі қойды бордақылауға болатын бордақылау алаңдарын салады. Күзді күні қозыларды бордақылап, көктем шыға әбден семіртіп сатып, қосымша кіріс етеді. Бұл бастама сол кезде жаңалық болып қабылданып, тәжірибесі басқа аудандарға таратылып еді.

Осындай іскерлігінің арқасында қызмет баспалдағы тағы да бір сатыға өрлейді. Сонымен 1990 жылдың ақпанында Талдықорған қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметіне ауысып, бұл қызметті 1992 жылдың аяғына дейін атқарады. Бұл кез тәуелсіздік жылдарының елең-алаң шағы еді. Кеңес одағы дәуіріндегі басқару жүйесі өзгеріп, жаңа жүйеге ауысудың қиындығы білініп, сын сағаты соғып тұрған шақ. Облыстық әкімдік осындай кезде Оралбек Жақияновқа Андреев ауданының тізгінін ұстатады. Бүгінде Алакөл ауданының құрамына кірген Андреев ауданы өзге ұлт өкілдері жиі қоныстанғандықтан қайшылығы көп, сабырлылықпен басқаруды талап ететін өңір еді. Осы ауданға бірінші болып келген қазақ басшы да Оралбек Жақиянов болатын. Облыстық әкімшіліктің осындай күрделі өңірді тәжірибелі, іскер, жауапкершілігі мол Оралбек Жақиянов басқара алады деп сенгені белгілі. Ұлттар арасындағы келісімді сақтай отырып, өңірдің өркендеуі мен бетбейнесін өзгертуге құлшына кірісті. Айтпақшы, аталған аудандағы елді мекен аттары ақ патшаның ұлықсыздарының атымен аталатын. Сондықтан өңірдегі өзге ұлт өкілдерімен келісе отырып, қиыннан жол тауып, қисынын келтіріп, бір жылда ауылдағы 13 елді мекенге байырғы атауын беруге ықпал етті. Сонымен Андреев ауданы Үйгентас ауданы, Андреевка ауылы Қабанбай ауылы, Николаевка Ақжар, Асеновка Теректі, тағы басқа болып өзгеріп шыға келді. Ауыл атауының өзгеруімен бірге бет-бейнесі де жаңғырып, тұрғындардың сенімі де сергіді. Көксу ауданында жұмыс істеп тұрған кезінде Шаған тауының басына телебағдарламалар тараттын қондырғы орнатып, тұрғындардың мәдени деңгейін жоғарылатуға барынша дем берді. Осыдан кейін Текелі, Қапал, Сарқан, Қойлық, Үшарал телебағдарламалар тарату қондырғысы салынып, облыстың өзге өңірлеріне мәдениеттің лебі есті.

Иженер-құрылысшы ретінде Талдықорған жол-құрылысы басқармасында, жылжымалы-механикалық колоннасында прораб, бас инженер, «Талдықорған колхозстрой», «Талдықорғансельстрой» трестерін басқарып, Қапал, Алакөл аудандарында әкім қызметін абыроймен атқарғандықтан 1994 жылы Талдықорған қаласының әкімі етіп тағайындады. Әрине, бұл ел өміріндегі ең қиын да жауапкершілігі мол кезең болды. Қаланың қалыпты тіршілігін талап деңгейінде ұстап тұру оңай болған жоқ. Оралбек Жақиянов осындай сын сағатта қала тізгінін қолына алды.

Ол кездегі қаланың басты мәселесі – жылу, жарық, тазалық, жол көліктерінің уақытылы жүруі, сауда дүкендеріндегі тауарлардың белгіленген мөлшерде сатылуын қадағалау болатын. Қаланың басқа тірлігі өз ретімен жүріп жататын. Қазіргі облыстық әкімшіліктің ғимараты мен «Ажар» тігін фабрикасы, облыстық перинаталдық орталықтың ғимараты, қалалық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі орналасқан ғимарат, «Талдықорған» қонақүйінің 50 орынды қосалқы ғимараты, «Қаратал» шағынауданындағы бес қабатты үйлер, «Ғарышкер» шағынауданы мен «Мерейтой» шағынауданы бой көтерді. Сондай-ақ, «Балқаш» кинотеатры көрермендеріне есік ашты. Ал қаланы кеңейту мақсатында Еркін, Өтенай және Еңбек ауылдарын қалаға қосу жұмысы аяқталды. Талдықорған әуежайының маңындағы саяжайлар тұрғындар игілігіне беріліп, алғашқы үйлер салына бастады. Қала маңындағы бос жатқан жерлерге қызанақ екті ріп, оны өндейтін зауыт іске қосылды. Осы зауытта қорапталған қызанақ консервілерін Якутияға сатып, одан түскен қаржыны қаланың инфрақұрылымын жақсартуға жұмсады.

Сол кездегі ең өткір мәселенің бірі қаладағы 168 жылу қазандығына көмір жеткізу болды. Осы қиыншылықты шешу үшін Оралбек Жақиянов жылу желісін орталықтандыру жұмысына кірісті. Ақыры бұл жоспар орындалып, қазіргі «Мүшелтой» шағынауданындағы жылу қазандығынан Жансүгіров көшесін бойлай негізгі жылу құбыры тартылды.

Тәуелсіздік жылдарында еліміздегі қаншама қала өз даму желісінен айырылып қалды. Ал Талдықорған қаласы қазіргі таңдағы облыс орталығы санатындағы қалалар қатарында даму қарқыны жоғары қала болып танылып жүр. Әрине, біз көбінде қаланың бүгінгі келбетін ғана көреміз. Алайда, тереңірек ойланып көрсек, осы жетістіктер негізінің сол кешегі күні қаланғанын көреміз. Егер, біз сөз еткен аға буын абыройлы еңбек етпегенде қаланың қарыштап дамуының іргетасы қаланбас еді. Сондай жемісті жұмыстар бірден-бірге жалғасып, бүгінгі күннің жарқын келбетіне жол ашты. Сол жетістікте тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қаланы басқарып, қарымды жұмыс атқарған Оралбек Жақияновтың қомақты үлесі бар.

Өкінішке қарай 1997 жылы Талдықорған облысы таратылып, Талдықорған қаласының облыс орталығы деген статусы алынып тасталды. Облыс орталығы Алматы қаласына көшіп, жұмысын жалғастырды. Сол тұста облыс әкімінің орынбасары болып жаңа қызметін жалғастырды.

Аудан, қаланы басқарып, басшылық жұмысқа төселіп қалған Оралбек Жақиянов 1998 жылы ірілендірілген Алакөл ауданына әкім болып тағайындалды. Ол кез Үйгентас пен Алакөл бірігіп, бір аудан болған кез еді. Осыған дейін де Үйгентас ауданын басқарғандықтан бұл өңірдің жағдайына қанық еді. Иә, ол жерде де жұрт сүйсінетін талай шаруа атқарылды. Солардың ішінде Алакөлде балық өндейтін зауыт құрып, балық өнімдерін шетел нарығына шығаруға жол ашқан бастамасын айтпай кетуге болмайды. Мұның да өз тарихы бар. 1989 жылы ресейліктер Алакөл көлін жалға алып, балық аулаумен айналысады. «Жат жарылқамайды» дегендей, шетелдіктер көлдегі балықтың тұқымын құртып жіберуге дейін барады. Осы тұста ауданды басқарған ол бір жағынан Алакөлден балық аулауды тоқтатуды қолға алса, енді бір жағынан Қапшағай қаласынан 2 миллион балық шабағын алдырып, көлге жіберіп, балық тұқымын көбейтуге кіріседі. Сонымен қатар, Бескөл ауылы мен Үшарал қаласынан балық өндейтін цех ашып, дүниеге танымал алакөлдік балық өнімдерін шетел нарығына шығарудың жолдарын қарастырады. Егер сол тұста осындай қадам жасамаса, балығы тайдай тулаған Алакөл бүгінде балықсыз отырар еді. Бұл да елім деген азаматтың ел-жұрты үшін атқарған абыройлы ісі еді. Ал Бескөл ауылындағы тоқтап тұрған қант зауытын қайта іске қосып, қант алғаны туралы да ел арасында алғысқа толы әңгімелер көп. Бірақ, кейбір кедергілердің салдарынан бұл жоспар жүзеге аспай қалды.

Өмірінің денін құрылысқа және партиялық жұмысқа арнаған Оралбек Жақиянов қоғам қайраткері ретінде де таныла бастады. 2002 жылы ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты болып, еліміздің саяси өмірін жандандыруға белсене атсалысты. Төрт жыл Парламент Мәжілісінің депутаты болып, бірқатар заңның жасалып, өзгертіліп, толықтырылуына атсалысты. Сол барыстағы ұсыныстары ескеріліп, еліміздің өркендеуіне сеп болды. 2006 жылы зейнеткерлікке шықты. Осыдан кейін де жайланып жатпай Денсаулық сақтау министрлігінде, «Самұрық-қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-да қызмет атқарады.

Осы тұста Елбасының тапсырмасымен облыстарда Қазақстан халқы Ассамблеясының жанынан Қоғамдық келісім кеңесі құрыла бастайды. Бұл кеңесті басқаруға көпті көрген, елдің жағдайын білетін, өңірдің өткені мен бүгінінен хабары бар Оралбек Жақиянов шақырылып, Талдықорғанға қайта оралады. Бүгінде жетпістен асса да қарттыққа берілмей, өңірдің өркендеуіне біркісідей үлесін қосуда. Қоғамдық келісім кеңесінің төрағасы ретінде ел ішіндегі берекебірлікті, ұлттар арасындағы ынтымақты, адамдар арасындағы татулықты бекемдеу жолында белсене еңбек етіп келеді.

Өткен жылдан бері Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында көптеген жұмыс істеле бастады. Оралбек Жақиянов та осы жұмыстың басы-қасынан табылды. Өткенде «Нақ-Бірлік» қоғамдық қоры құрылтайшыларының шешімімен оның төрайымы Салтанат Меңлібаева Ресейлік әйгілі сәулетші Маргарита Ващенко сомдаған ақын Саранның 3 портреті мен Біржан – Саранның айтысы өткен өңір көріністері суреттелген 13 дана туындыны, Шәкәрім Құдайбердиев пен Шоқан Уәлихановтың шағын бюстін және басқа да құнды құжаттарды елге әкелді. Бұл игі іске Оралбек аға барынша қолдау танытып, демеушілік көрсетті. Міне, мұның өзі де ел үшін еңбек етудің жарқын көрінісі емес пе?

Өмірін сан салалы қызметте өткізген Оралбек Жақиянов отбасында аскар таудай әке, балаларының қамқоры, бауыр-туыстарының қорғаны, ауылдастарының мақтанышы бола білді. Ғалия Әмірханқызымен ынтымағы ұйысқан отбасын құрып, 2 баласын тәрбиелеп өсірді. Бүгінде олар өз мамандықтары бойынша жұмыс атқаруда. Ал ағамыз жұмыстан қолы босағанда немере-шөберелерінің қамқоры, ақылшысы болып, саналы тәрбие беріп жүр.

■ Жыр-арнау

Шежіре-шешен Домбыра

Шешендігің бір төбе,
Көсемдігің бір төбе.
Өртейсің-ау өн бойды,
Өрт қойғандай білтеге.

Абыздығың анық-ты,
Нағыздығың анық-ты.
Күмбірлеген шанағың,
Ғасыр үнін танытты.

Сыршылдығың ежелден,
Жыршылдығың ежелден.
Жібітпесең жанымды,
Жан-жағымды сезер ме ем?!

***

Атойлаған батылдым,
Аңыраған күйрегім.
Абыздардай ақылдым,
Дуадақтай сирегім.

Дулығалы батырым,
Сәукелелі аруым.
Мың қараға татырым,
Алтын тамыр дәруім.

Нәурізектей нәзігім,
Емендейін берігім.
Жан тоғайтар азығым,
Сезім, күйім, серігім.

***

Нұр себелеп сезімге,
Көтерерім еңсемді.
Алай-түлей кезімде,
Көңіл-күйім өлшенді.

Қанат дерсің кәдімгі,
Қолтығыңа біттетін.
Алшаңдатып адымды,
Жаныңды дүбірлететін.

Көкке сермеп көңілің,
Дүние қызық көрінер.
Өзгеше боп өмірің,
Күн шуағы төгілер.

***

Жорғадайын тайпалған,
Су төгілмес тегінде.
Қырандығы байқалған,
Құс сияқты көгінде.

Бұлбұл көмей бүлкілдеп,
Құлақ құрышын қандырып.
Жыраулардан біртіндеп,
Жетіп жатыр жаңғырық.

Қос ішектен дүбірлеп,
Арғымақтар алқынар.
Заманалар күбірлеп,
Шағалалар шарқ ұрар.

***

Жібек желдей есілген,
Есіл үнің ерен-ді.
Кетпейтұғын есіңнен,
Күрсінісің терең-ді.

Керуен көшіп, тізіліп,
Көз алдыдан өткендей.
Қыз-келіндер сызылып,
Иіліп сәлем еткендей.

Ыңыранған нар демі,
Құлаққа кеп жеткендей.
Тандыры кепкен жердегі,
Қара өзен тасып кеткендей.

***

Сызылғанда – сыбызғы,
Қоңырласа – қобызың.
Шабыттанса – үні ізгі,
Күңіренсе – абызың.

Арындаса – арғымақ,
Шапқыласа – құлындай.
Сыбдырлайды бал-құрақ,
Бұлғақтайды бұрымдай.

Балқытады наз үні,
Шалқытады шабытты.
Алтын ойдың қазығы,
Ақжарма сыр ағытты.

***

Зымыраған ой көші,
Шежірелер шеруі.
Даналардың кеудесі,
Ұсталардың көрігі.

Ару қыздай үкілі,
Нар жігіттей айбынды.
Жан-жүректің лүпілі,
Жеңілдетер қайғыңды.

Сұлулықтың тұнбасы,
Ұлылықтың зердесі.
Жұлдыздардың сырласы,
Жылнамалар пернесі.

Орысбай ӘБДІЛДАҰЛЫ,
ҚР Мәдениет қайраткері

■ Тәлім

«АЛАШ БАЛАСЫ БАС ҚОССА, ЕҢ ҚАДІРЛІ ОРЫН МҰҒАЛІМДІКІ», – ДЕПТІ МАРҒАСҚА МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ. ӨТКЕН ҒАСЫРДЫҢ 90-ШЫ ЖЫЛДАРЫНЫҢ БАСЫ. МЕМЛЕКЕТІМІЗ ТӘУЕЛСІЗДІГІН АЛҒАН КЕЗ. ОЛ УАҚЫТТА АУДАНДЫҚ «ҚАЗАҚ ТІЛІ» ҚОҒАМЫНЫҢ ЖАУАПТЫ ХАТШЫСЫМЫН. ҚАЗАҚ ТІЛІ, САЛТ-ДӘСТҮРІ, ДІН-ДІҢГЕГІ БАЙЫРҒЫ ЖЕР АТАУЛАРЫ ДЕП АЛАШАПҚЫН БОЛЫП ЖҮРЕТІН КЕЗІМІЗ. БІРДЕ ЖҰМЫС БАБЫМЕН СҰҢҚАР АУЫЛЫНЫҢ МЕКТЕБІНЕ БАРЫП ҚАЛДЫМ. САБАҚ ЖҮРІП ЖАТҚАН МЕЗГІЛ. ДӘЛІЗДЕ ІЛІНГЕН МЕКТЕПКЕ ҚАТЫСТЫ КӨРНЕКІ ДҮНИЕЛЕРДІ ҚАРАП БАЯУ БАСЫП КЕЛЕМ. БІР СЫНЫПТАН ШЫҒЫП ЖАТҚАН ҰСТАЗ ҮНІ ӨЗІНЕ ЕРЕКШЕ НАЗАРЫМДЫ АУДАРТТЫ.

Ұстаздық еткен жалықпас...

Сөз саптауы ерекше, үні де тартымды. Мектеп басшылығынан сұрадым. Биология пәнінің маманы Қойлыхан Бөкенова екен. Журналистік қызығушылығыммен келесі сабағына қатысуға ниет білдірдім. «Ұстаз болсаң, осындай бол» дейтіндей-ақ жан. Сөйлеу мәнері, түсіндіруі ерекше тартымды. Өсімдіктер, табиғат әлеміне баурап алып кеткенін сезбей қаласың. Қандай ғажап! Сабақ түсіндіргенде оқушының өзін тәтті тіл, ақылдылықпен жетелеп отырады. «Ақпақұлақ» білімі нашар баланың өзі қалай сайрап кеткенін білмей қалатындай. Сол уақыттан бастап жақын таныс болып кеттік. Тіл, салт-дәстүр, өнер, өлең жайлы талай пікір алыстық та. Бастысы бауырмалдығымен адамды өзіне тартып тұрады. Қойлыхан тәте ауданымыздың табиғаты көркем шағын ауылының бірі Нүсіпбектей (Исахметов) ақын, Жұмабайдай жазушы, Жұмақындай (Қайранбайевтар) суретші-профессор, Құныпиядай (Алпысбаев) ғалым шыққан Кепебұлақта 1951 жылы 2 сәуірде шопан отбасында дүниеге келген. Өзі пысық, елгезек қыз үлкендердің айтқанына көнбей, әпкесінен қалыспай алты жасында мектепке барады. Ол заманда баланы мектепке 7 жасынан қабылдайтын. Мектепті бітірген соң ең күрделі мамандықтың бірі ҚазПИ-дің химия-биология факультетіне барады. Қазақ «Тасқа түссе төлейің» деген. Өкінішке орай байқаудан өте алмай қалады. Ауылға келіп, сол кездегі заман ағымына сай өкесіне көмекші «комсомол» шопан болады. Алланың бұйрығымен Сұңқар ауылының азаматы Бақытжанмен, 1971 жылы отбасын құрады. Сол жылы екінші рет арманына қол жеткізіп ҚазПИ-дің биология факультетінің сырттай бөліміне оқуға түсіп, мектепке ұстаз болып орналасады. Сөйтіп, үш қуанышқа бірдей кенеледі. Алғашқы алты жылында бастауыш сынып бүлдіршіндеріне дәріс береді. Осы жерде бір айта кетерлік жайт, бойындағы балалыққа тән мінез бүлдіршіндерге сабақ берген кезден қалыптасса керек. Содан кейінгі зейнеткерлікке дейінгі ұзақ жылғы ұстаздық жолы биологиямен сабақтасты. Осы пәнді таңдауы бала жастан жаз жайлау, қыс қыстау аясында өскен табиғат ананың қасиетінің бойға сіңгендігі десек, еш артық айтқандық емес. Білімділігі мен еңбекқорлығының жемісі ретінде «Қазақстанның халық ағарту ісінің озық қызметкері» атағын алды. Екі рет Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталады. Облыстық, аудандық білім басшылығының бірнеше марапаты бар. Өз уақытында ғылыми мақалалары «Қазақстан мұғалімі» журналына үзбей жарияланып тұрды. Ал шешендігі өз алдына бір төбе. 1991 жылы облыстық «Жыл мұғалімі» байқауында аудан намысын қорғады. Бүгінде қолынан түлеп ұшқан шәкірттері республикамыздың сан тарабында қызмет істейді. Мәселен, Б. Бірімқұлов облыстық сот қызметкері, Қ. Мұқанғалиев полковник, И. Тоқтахунов танымал спортшы, Л. Орманбекова облыстық білім басқармасы саласында. Тек ұстаздық жолын жалғастырған шәкірттерінің өзі 50-60-ты құрайды. Ал Құрметті ұстаз ретінде күні бүгінге дейін мектептің сан түрлі басқосуларына қатысып, ақыл-кеңесін айтып тұрады. Отбасында аяулы ана. Серік, Мұрат, Зәуреш, Асқарлар ұстаз, дәрігер, заңгер. Немерелеріне асқар таудай әже. Өткен ғасырда Ұлы Отан соғысына қатысып, Отан қорғаған майдангер «Қызыл Ту» ұжымшарының озат шопаны КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болған Бөкен қарияның қызы Қойлыхан тәтенің еңбек жолы осындай болды.

Қуанышбек ҚОЖАХМЕТ

Сұңқар ауылы,
Үйғыр ауданы

■ Ерлік – елге мұра

Науай Жөкей мерген

ЕЛБАСЫНЫҢ «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ ҚОЛҒА АЛЫНҒАЛЫ ТАЛАЙ ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛҒАН, БІР КЕЗДЕРІ САЯСИ СЕБЕПТЕРГЕ БАЙЛАНЫСТЫ АЙТҚЫЗЫЛМАҒАН АҚИҚАТТАР АШЫЛУДА. КЕЙІНГІ КЕЗДЕ БАБАЛАРЫМЫЗДЫҢ ҰРПАҚ БОЛАШАҒЫ ЖОЛЫНДАҒЫ ЕҢБЕКТЕРІ КӨПТЕП ЖАРЫҚҚА ШЫҒУДА. ОСЫ ТҰСТА ӨТКЕН ҒАСЫРДЫҢ 30-ШЫ ЖЫЛДАРЫ ШЕКАРАШЫ КУРНОСОВТЫ АТЫП, АШТЫҚ КӨРІП ОТЫРҒАН 300 ОТБАСЫН ҚЫТАЙ АСЫРЫП ӘКЕТКЕН ЖӨКЕЙДІҢ ҰЛЫ НҰРМҰХАМБЕТ ТУРАЛЫ ТЫҢ ДЕРЕКТЕР ТАБЫЛҒАНЫН АЙТА КЕТКЕН ЖӨН.

Нұрмұхамбет Жөкейұлы Ақсу ауданына қарасты Сағабүйен ауылында туған. Жөкейден Айтмұхамбет, Нұрмұхамбет, Кәбек, Мұхаметжан, Қыдырмолда, Дәулетбай сынды алты ұл тараған. Солардың ішінде Нұрмұхамбет жастайынан қарулы, айлалы, барымтаға епті жігіт болып ер жетеді. Жөкей ақсақал да басқа балаларына қарағанда осы ұлына көп көңіл аударады. Жанынан тастамай ертіп жүріп, көп нәрсені үйретеді. Бетінен қақпай, еркін өсіреді. Өзі батыр тұлғалы, көздегенін қия жібермейтін мерген болғандықтан басқа ауылдың өзі сияқты қарулы жігіттері айналасына топтала бастайды. Аң қарап жүріп, Жоңғар Алатауының жолдарын толық біледі. Тіпті, Суықсайда орналасқан шекара күзетінің адамдары жиі шақырып, жол бастатып, қорғаныс қызметіне де жәрдемші етеді. Оның батылдықпен жасаған ерліктері ел арасына аңыз болып таралады. Содан бастап ауылдастары оның атын атамай Науай Жөкей мерген деп кетеді.

Өкінішке қарай, өткен ғасырдың 30-шы жылдары басталған аштық бейбіт жатқан елді қатты күйзелтіп жіберді. Бұл Қапал өңіріндегі халыққа да оңай тиген жоқ. Жұрт аштықтан қырылып, талай отбасы басы ауған жаққа босып кетті. Осы тұста Науай Жөкей мерген бастаған қарулы азаматтар бірігіп, елді аштықтан құтқару үшін атқа қонады. Олар түнделете жолға шығып, даланың аңын атып әкеліп, ашыққан жұртты азықтандырады. Бірақ бұл істі біліп қалған шекара қызметінің әскерлері аңшыларды тауға қарай беттетпей тосқауыл қояды. Кешегі қоян-қолтық араласып, төс соғысып дос болған сақшылар Науай Жөкейге қырын қарай бастайды. Шарасыз қалған ел атақонысын тастап, Қытай асудың қамына кіріседі. Ауыл ақсақалдары жиылып, Науай Жөкейге елді арғы бетке асыруға қолқа салады. Басында қатер мен күдікті тең салмақтаған мерген елдің азып-тозған кейпіне шыдамай мақұлдығын береді. Біраз дайындықтан кейін бір түнде Сағабүйен мен Қапал өңіріне қоныстанған 300 үйді бастап, Қытайға қарай үдере көшеді. Бірақ олардың қимылын шолақ етектер арқылы біліп, бағытын бағдарлап отырған мұздай қаруланған шекара қызметінің жасақтары Курносов басшылығында Суықсайдың асуында күтіп тұрды.

Ел басына қиындық жақындай түсті. Бұлай боларын алдын ала мөлшерлеген мерген отыз шақты сайлауыт жігіттерді жеңіл қаруландырып, өзі бастап шолғынға шығып, жол бойындағы кедергілерді жоюды міндетіне алады. Осыған дейін де шекарашы әскерлермен көп жолдас болғандықтан олардың бекініс құру, қорғану, шегіну сынды тактикасын толық білетін еді. Сондықтан көшкен елді артқа салып, өздері салт атпен тар қысаңға торуыл қойған шекарашылармен шайқасқа аттанады. Олар тар жерде кездеседі. Алдымен шекарашылардың жол ашып, көшкен елді өткізіп жіберуін өтінгенімен олар келісе қоймады. Осы тұста топтың алдына ақбоз атты ойнақтатып Науай Жөкей шыға келгенде арғы жақтан қол бастап жүрген Курносов алға озды. Бұл реткі кездесу екеуі үшін де ең соңғы есеп айырысу болатыны бесенеден белгілі еді. Кеше ғана төс соғыстырып дос болған екеуі енді қару кезенген дұшпанға айналды. Өйткені, Науай Жөкей жұртты таудан асырып әкетуді ойласа, Курносов көшкен елді қалай болса да тоқтатып қалу керек. Қос мерген бір-біріне құрал көтеріп, нысана көздеді. «Тарс!» еткен мылтық дауысы сай-саланы дүрліктіріп әкетті. Сәлден кейін Курносов теңселіп барып аттан құлады. Қазақ жағының мерейі артып, қарсы жақ аралас соғысқа кірісе бастағанда Науай Жөкейдің жігіттері әскерлердің артын орап өтіп, желке тұсынан бекініс алып үлгерген еді. Сонымен, қоршауда қалған сарбаздар амалсыз жол ашады. Сөйтіп, 300 үйлі көш шып-шырғасы шықпай аман-есен тау асып кетеді. Егер Науай Жөкейдің ерлігі менептілігі болмаса мың шақты адам сол тар қысаңда ажал құшар еді. Өкінішке қарай, Кеңес одағы кезіндегі идеологияның ықпалымен осы асуға Курносовтың ескерткіші орнатылып, одақ ыдырағанша патриоттықтың бастауы саналып келді.

Қытай асқан қазақтарға ондағы тұрғылықты елдің барымташылары маза бермей, тізесін батыра берді. Осы кезде Науай Жөкей мерген олармен талай рет белдесіп, ақыры босқын елдің амандығын сақтап отырады. Сонымен бірге, сол жердегі ел басшылармен бітімге келіп, ауған елді қоныстандырып, алаңсыз тіршілік жасауына жол ашты. Сол тұста Екінші дүниежүзілік соғыс басталып, бұл жақтағы елге ауыртпашылық түсе бастайды. Осы тұста Науай Жөкей мерген, Керімбек, Ақмолда ақалақшы, суан Мұқа, Матай Кенжебек болыстармен бірігіп, Қытайға ауып барған елді үгіттеп, он қойдан бір қой, он жылқыдан бір жылқы мал жиып, соғысқа көмектеседі. Жиналған малды Мұқаметжан деген адам Қорғас арқылы шекара асырып, Атымтай, Балпық деген жігіттерге табыстап, қолынан қағаз алып отырған. Олар Семей қаласындағы ет комбинатына өткізіліп, одан соғыс майданына жөнелтілген. Тіпті, сол тұста Қытайдағы қазақтар Науай Жөкейдің бастамасымен қаражат жиып, бір эскери ұшақ сатып алатын қаржыны Жаркентте құрылған соғысқа көмек ұйымына өткізгені туралы ел арасында әңгіме бар. Оны архивтерден ақтарып, дәлелдеу керек.

Соғыс бітіп, Қытай – орыс арасындағы қарым-қатынас жіби түскен тұста ауып кеткен қазақтар елге орала бастады. Сол лекпен Науай Жөкей мерген де 1962 жылы кезінде көшіріп әкеткен 300 үйді екі еселеп елге қайта көшіріп әкеліп, Сағабүйен ауылына қоныстанады. Оның 30 жыл бұрын шекарашы Курносовты атып кеткені туралы қылмысын барлық жұрт білгенімен, оның Жеңіске қосқан үлесі мен көшкен елді қайта әкелген ерлігі ескеріліп, барлық қылмысына кешірім жасалады. Арада біраз жыл өткенде Ресейге көшіп кеткен Курносовтың туыстары мен балалары Науай Жөкейдің елге оралғанын естіп, арнайы іздеп келіп, батырмен жолығып, әкесінің құнын дауламайтынын айтып, кешірім береді. Содан бастап өмірінің соңына дейін Сағабүйен ауылында елдің өркендеуі мен өсуі жолында еңбек етті.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ақсулықтар Суықсайдағы Курносовқа қойылған ескерткішті орнынан алып тастады. Есесіне, Науай Жөкей мергеннің ерліктері туралы ел арасындағы әңгімелер көтеріле бастады. Қазір ондағы жұрт туған жері Сағабүйен ауылына Нұрмұхаметтің бюстін орнатып, батыр атағы мен ауылдың бір көшесіне мерген есімі берілгенін қалайды.

Қажет АНДАС

Сағабүйен ауылы,
Ақсу ауданы

■ Есімде сол бір кез...

КӨКТЕУБАЙДЫҢ ҮЙЛЕНУ «ХИКАЯСЫ»

ЖАҚЫНДА ҒАНА БІЗДІҢ ЖАЛЫНДАҒАН ЖАСТЫҚ ШАҒЫМЫЗДАН БАСТАП-АҚ БАУЫР БАСЫП КЕТКЕН «ЖЕТІСУ» ГАЗЕТІМІЗ 100 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫН АТАП ӨТТІ. ОСЫНДАЙ САЛТАНАТТЫ МЕРЕКЕНІҢ ҚҰРМЕТТІ ҚОНАҒЫ БОЛҒАНЫМ МЕН ҮШІН ҮЛКЕН МАҚТАНЫШ. АЛТЫ-ЖЕТІ ЖЫЛДАЙ ОСЫ ГАЗЕТТІҢ «ЫСТЫҒЫНА КҮЙІП, СУЫҒЫНА ТОҢЫП» ӨСКЕН МЕНІҢ ӨЗІМ АТА БАСЫЛЫМНЫҢ АРТЫНАН ҚАЛЫСПАЙ, ЖЕТПІСТІҢ ЖЕЛКЕСІНЕ ШЫҒУҒА ЖАҚЫНДАП ҚАЛҒАНЫМДЫ ДА АҢҒАРМАППЫН.

Жақсылықтың жаршысы болған өзіміздің «Жетісудың» ғасырлық қуанышына ауылдағы ағайындар да, әсіресе кезінде партия, комсомол, ауылшаруашылығын басқару саласында белсенді қызметтер атқарған еңбек ардагерлерінің де ортақ болғаны айқын. Солардың бірі де бірегейі жақында ғана өз алдына ірге көтерген Райымбек ауданындағы Сарыжаз ауылының тұрғыны, ауылдағы ақсақалдар алқасының төрағасы, «Жетісудың» нағыз жанашыры Көктеубай Тұрарбеков. Биыл ғана жетпістің желкесіне шыққан замандасымның жастық шағында бастан кешкен кейбір қызықты хикаяларын, әсіресе сұрбойдақ кезіндегі бастан кешкен махаббат машақаттарын есіне түсіріп, әрі әзіл, әрі шындық жағдаяттарын достық рәуіште баяндап берейін.

Ұмытпасам, өткен ғасырдың алпыс тоғызыншы жылының қақаған қысы болар. Тарпаң мінезді асаулардай таулы өңір табиғатының жыл аралатып көрсететін «асау мінезі» сол жылы ерекше болғаны есімде. Әсіресе, алпыс мыңнан астам қой, сан мыңдаған ірі қаралар өсіретін шаруашылықта жұмыс істейтін жастардың мойнына түсер салмақ оңай емес еді. Олар уақытпен есептеспейтін. Сөйте жүріп махаббат пен сүйіспеншілікті, адамгершілік асыл қасиеттерді, өзара достық қарым-қатынасты да ұмытпайтын. Солардың бірі менің қарапайым кейіпкерім – ауылда өсіп, бүгіндері сол елдің ақсақалы атанып, жетпіс жылдық мерейтойын атап өткелі отырған құрдасым Көктеубай Тұрарбеков.

Мұрты жаңа ғана тебіндеп келе жатқан жігіт қыс қаһарынан қаймыға қойсын ба?! Бала кезден бірге өскен досымыз Көктеубайдың ойы он саққа жүгіріп, есіл-дерті үйлену болды. Сол кездің өзінде-ақ ауылдағы қыз-қырқынның көпшілігі дерлік қалаға үйірсек болып, ауылдағы жігіттер көшеде желе-жортып, бойдақтар әнін айтып, сабыла қыз ізденіп жүретін. Тек Алматыдағы мақтамата комбинатының өзінде ғана он мыңдай қыз-қырқын жұмыс істейтіне таңданушы едік.

Қаладағы бухгалтерлік оқуды бітіріп келген Көктеубай құрдасымның көзі, әу, дегеннен-ақ ауылға бір-екі айға қонақ болып келе қалған Бибігүл деген әдемі, кекіл шашы желбіреген, қылықты қызға түскені есімде. Бибігүл десе – Бибігүл! Көркі десең – көркі бар, басында – құндыз бөркі бар, ақыл десең ақылы да керемет. Көктеубай сияқты бойдақ жігітке одан артық не керек?!

Ол кезде мен аздаған өнердің арқасында Нарынқол ауданы (қазіргі Райымбек ауданы) Сарыжаз ауылындағы Мәдениет үйінің меңгерушісімін. Құрдастарымның бәрі дерлік сүр бойдақ. Апта аралатып ауыл жастарының басын қосып би кешін ұйымдастырып отырамыз. Биге Бибігүл де келетін кербезденіп. Көктеубайдың Кеңес армиясы қатарында әскери міндетін өтеп келіп, бухгалтерлік оқуын тамамдаған соң «кәрі бойдақ» атанбай тұрғандағы негізгі арманы – үйлену болды. Ауылға тосыннан келген әдемі қызды көзі шалып қалып, «махаббаты оянып», бір күні Бибігүлге оңашада тіл қатқан ғой:

– Мен сені жанымдай жақсы көремін. Сенің өзің де, көзің де маған ұнайды. Егер келісіміңді берсең үйленер едім, – деп қиылады ол.

Әрбір адаммен сыпайы тіл табыса білетін әдемі қыз жігіт көңіліне қаяу түсіріп алмайын дегендей-ақ, байыппен ғана:

– Көктеубай, сен кешірерсің, менің «үйленеміз» деп сөз байласып қойған жігітім бар еді. Әйтпесе, өзің сияқты инабатты да, парасатты жігіттің мәселін қайтармас едім ғой. Амал жоқ, айып етпе, кешірерсің, – деп, жан сырын қысқаша ғана жария етеді.

Арада біраз уақыт өтті. Қыс қаһары әлі де қайта қойған жоқ. «Бойдақтың түске дейін есі бар, түстен кейін есі жоқ» демекші, есіл-дерті қыз-қырқындарға ауған Көктеубайдың көзі Сарыжазда санаулы ғана отбасы тұратын Албан атамыздан тармақталатын Жарты руының қызы – Жаңылға түсіп жүреді. Ұжымшардың білдей бір есепшісі Көктеубайдай жігітке тиген қыздың маңдайының бес елі бағы бар-ау деп ойлайтынбыз біздер. Жаңылға бір-екі рет қиыла тіл қатса «не болады, не болмайды» деген жауабы жоқ.

Сол кезде деймін-ау, ауылда болсын, қалада болсын клубтар мен кинотеатрларда үнді фильмі бола қалса жасы бар, жасамысы бар таласып-тармасып, тайлы-таяғымен келетін. Сондай бір үнді фильмі болатын күні киноға Жаңыл бойжеткен де келетінін «барлаушы» арқылы біліп алдық. Көктеубайдың ағайын-туысы, жора-жолдастары ақылдаса келіп, ақыры Жаңылды алып қашуға уағдаластық. Ол кезде қызды алып қашып үйлену дегенің «ата салты» сияқты еді ғой.

Сол күні болатын үнді фильміне ауыл адамдары ерекше көп жиналды. Жаңыл бойжеткен де бір топ «нөкерлерімен» келген. Көктеубайдың ауылда сатушы болып істейтін Оралбай ағасы бар, біздер – кілең бойдақ достары Қуаныш, Бөкен, Болатжан бар, бәріміз ақылдаса келе қызды ат шанамен алып қашуды ұйғардық.

Атшанамызды сайлап, түнгі сағат он-он бірлер шамасында, кино аяқталар сәтте Сарыжаздағы үлкен клубтың маңайында Жаңылды үйіне қайтатын жолында, батырлар жырында айтпақшы, «Қосабаның көлінде» тосып тұрдық. Кино аяқталып, жұрт жапатармағай үйді-үйіне тарай бастады. Әне-міне дегенше Жаңыл да бес-алты бойжеткенмен қолтықтасса, ақ қарды сақыр-сұқыр баса біз тұрған маңайға таяп қалды. Арадағы «шпиондар» жеткізді ме, әлде алдын ала сезіктенді ме, сөйткен қызымыз «өліспей – беріспейміз» дегендей-ақ, бір-бірімен қапсыра қолтықтасып үйіне қарай суыт жүріспен тартып келеді. Екпіндері тым қатты. Тіптен бізді таптап та кететіндей.

Ә дегенше-ақ қыздар біздің өкпе тұсымыздан қапсыра қолтықтаса зу етіп өте шықты. Артынан тұра кеп құдық. Құрық шалдырмас асау жылқылардай-ақ олар жұптарын жазбаған күйі безіп барады. Тіптен жеткізер емес. Қыздар да мұндай жүйрік болады екен-ау! Сарыарқада жорттан киіктердей біздей «мергендердің» нысанасына ілігер емес.

– Ой, өңкей әлжуаздар, жандарың бар ма кеуделерінде?! Кәдігімгі жігіттердей әрекет жасамайсындар ма?! – деп Оралбай аға кейістік білдіріп келеді.

«Қыздың қырық жаны бар» дегендей, Жаңылдың жанындағы «қорғаушылары» да бізді маңайлатар түрі жоқ. Ә дегенше бес-алты қыз сол жорттаннан жортуылдай келіп, клуб маңайына жақындау тұратын бір үйге зып беріп кіріп-ақ кеткені! «Қап, әттеген-ай!» деп, біздей аңқау жігіттер санымызды соқтық та қалдық. Қыз алып қашудың да тауқыметі аз емес екен ғой.

Қазақта «Құған жетпейді, бұйырған кетпейді», – деген керемет мақал бар. Расында да солай екен. Ауылда бес жылдай Мәдениет үйінің меңгерушісі, есепші сияқты «шолақ белсенді» болып жүріп, 1973 жылы өзім бала кезден армандап келген КазГУ-дің (кәзіргі әл – Фараби атындағы ҚазҰУ) журналистік факультетіне түскенмін. Алматыда оқып жүргенімде «Көктеубай үйленіпті» деген қуанышты хабар естідім.

Талай қызға ғашық болған, үйленуге асық болған Көктеубай құрдасымның бұл жолғы үйлену «хикаясы» тіптен қызық болыпты. Өзім қанаттанып ұшқан ауылым Сарыжаздағы Қияс деген ақсақалдың қиғаш қасты, ұзын шашты Алтынсара (ауылдастары оны қысқаша Сара деп атайды) деген қызы да бухгалтерлік оқуын бітіріп келіп, осы ұжымшарға бухгалтер болып орналасады.

Ерке назды күлкісі бар, ауызында алтын бір тісі бар Сараға Көктеубай бойдақтың көзі түсе қалады. Оның үстіне, кеңседе екеуі есепшоттарын қағып бір-біріне қарама-қарсы көршілес үстелде отырады. Қарсы алдында он екіде бір гүлі ашылмаған күлімкөз, оймақ ауыз бойжеткен отырса бойдақ жігіттің делебесі қозбағанда қайтсін?! «Осы қызды қайтсем де қақпаныма түсірермін» деп ойлаған Көктеубай жүз ойланып, мың толғанып, жора-жолдастарымен ақылдасып, ақыры Сараны алып қашудың амалын ойластырып, Гитлерше «Барбарос жоспарын» құрады. Дегенмен де, Көктеубайдың бұл жолғы жоспары жүзеге асады.

Ол кезде партия мен комсомолдың дәуірлеп тұрған кезі. Партия мүшесі болмасаң – қызметің өспейді. Бәріміз де комсомол қатарындамыз. Бала кезден бірге өскен Қуаныш деген досымыз жанармай таситын бензавоз машинасын жүргізеді. Аратұра ауылдың кішігірім белсенділерін аудан орталығы Нарынқолға жиналысқа, ауданға есеп беруге алып баратын. Ұжымшардағы комсомол ұйымының хатшысы Жөкен Қалғожаев деген өнерпаз жігіт болатын. Өзі баян мен домбыраның құлағында ойнайтын, әншілік те, асабалық та өнері бар еді. Былайша айтқанда сегіз қырлы, бір сырлының өзі.

«Өзің комсомолсың, өзің каша жейсің» демекші, жастардың жетекшісі, сол комсомолымыздың «көсемі». Өзі бастап, өзгелері қоштап Сараны бензавозбен алып қашуды ұйғарады. Онда да өзгелер айтса Сәкең сенбей, күдіктеніп қалуы ықтимал ғой. Алдын ала келісілген «сценарий бойынша» комсомол хатшысы Жөкеңнің өзі кеңседе өз жұмысымен бейқам отырған Сараға келіп:

– Сара, жаңа ғана ауданнан телефонограмма келді. Көктеубай, Қуаныш үшеуің бензабозбен Нарынқолға комсомол жиналысына баруларың керек. Үйлеріңе барып, тез киініп қайт. Комсомол билетіңді өзіңмен бірге ала шығуды ұмытпа, – деп сенімді түрде айтып, асықтыра түседі.

«Партияның сенімді қолқанаты» – комсомол хатшысы айтып тұрған соң аңқау Сара қалайша сенбесін? Үйіне барып, айнаға қарап, қолаң шашын тарап, әдемі киімдерін киіп, комсомол билетін өзімен бірге алып келіп, Қуаныштың бензавозының кабинасына жайғасады.

Сарыжаздан шыққан асфальт жол аудан орталығына бара жатқанда жолай Төте деген жерге жете бере екі тармаққа бөлінеді. Бір тармағы – аудан орталығы Нарынқолға, екінші тармағы атақты ақын Мұқағали ағамыздың ауылы Қарасазға алып барады. Қарасазға баратын жолдың жиегінде Күрішбек сазы деген жерде Көктеубайдың үлкен ағасы Рауан қой бағып отырады.

Комсомол жетекшісі Жөкен жастарды «жиналысқа» шығарып салып, өзі Сарыжазда қалып қойған. Жол айырығына келгенде бағанадан бері «ауданға тез жету керек» деп ентігіп келе жатқан Қуаныш бензовозын Күрішбек сазына, Көктеубайдың ағасының үйіне қарай бұрмай ма!? «Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көресің» демекші, бағанадан бері «ауданға комсомол жиналысына барамын» деп көңілі көтеріліп келе жатқан Сараның қабағы қатуланып:

– Жігіттер, бұларың не, машинаны қайда бұрдыңдар?! – дейді.

– Көктеубайдың ағасына жолыға кететін тығыл-таяң шаруасы бар екен, – деген желеу айтады Қуаныш та қуақылана.

Содан не керек, Көктеубайдың қойшы ағасының үйіне барғанда басына ақ жаулық салғанда өзінің сол үйге келін болып түскенін сезген аңқау Сара ары тулап, бері тулап, жылап-сықтап, ақыры әрең дегенде сабасына түсіпті...

* * *

«Ұстараның жүзіндей, дөңгеленген дүние-ай...» деп халық әнінде айтылғандай, содан бері, міне, бір ғасырдан бір ғасырға қадам басып, арада елу жылға жуық уақыт өтіпті. Сол кездегі қырма сақал бозбалалар – біздердің өзіміз ақсақал атанып, жетпістің желкесіне шығып, немерелі, алдымыз шөберелі болыппыз. Еліміздің Тәуелсіздік алып, Көк Туымыздың желбіреп тұрғаны біздер үшін мақтаныш.

Баяғыда, Кеңес үкіметінің кезінде бензавозбен түсірген Алтынсара атты келін бүгіндері бес баланың анасы атанып, адал еңбегінің арқасында зейнеткерлікке шығып, артынан ерген балапандарының жөргегін жуып, солардың әрбір қуанышына мәз болып отырған жайы бар. Жақында зейнетақысының көбейгеніне де дән риза. Амандық болса, Көктеубай екеуінің отасқанына елу жыл болған алтын тойын, немерелері Ерсұлтанның сүндет тойын қоса атап өтпек. Той тойға ұлассын! Өмір деген осындайымен қызық қой...

Нұртан ТӨЛЕПБЕРГЕНҰЛЫ,
«Жетісудың» 1988 – 1993 жылдардағы қызметкері,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

Сарыжаз ауылы,
Райымбек ауданы.

Ақылдастар алқасы: Егеубек ДАЛБАҒАЕВ, Ермек КЕЛЕМСЕЙІТ, Сүлеймен КӨШКІНОВ, Наурыз ҚЫЛЫШБАЕВ, Бижамал РАМАЗАНОВА, Сейілхан БЕКОВ, Әскербек АБАЕВ.

ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ – 125

«ЖАС АЛАШТЫҢ» бастауындағы тұлға

Тарихи деректерге сүйенсек, өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдары қазіргі Ташкент шаһары Орта Азия мемлекеттері (Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Тәжікстан) мен Қазақстанның рухани астанасына айналады. Жаңа өмірге ұмтылған жалын жүректі, құрыш білекті жастарды ортақ көзқарасы мен ұжымдық бірлігі жағынан біріктірген жастар одағы атауының өзі түркі әлеміне ортақ Атажұрт — ежелгі Түркістанмен орайластырылып, Түркістан коммунистік жастар одағы (ТКЖО) деп аталады.

Оның басы-қасында Орта Азия мен Қазақстан жастарының көсемі, көшбасшы, жетекшісі болған Ғани Мұратбаев (1902-1925 ж.) жүреді. Жер-жердегі, әсіресе ауылдағы еті тірі, көзі ашық, көкірегі ояу қазақ жастарын жаңа өмірге жетелейтін, сауатын ашып, ой-өрісін кеңейтетін, рухани азық беретін, сөзі сара, өзі дара болатындай жастар басылымының қажеттілігін Үкімет басшылары алдына келелі мәселе етіп көтере білген жастар көсемі Ғани атамыз дүрбелеңді шақты бастан өткізіп жатқан қоғамның қызу талқысына түскен «Жастарға жансерік болар бір үн керек!», – деген ұран тастайды.

Құптарлығы сол, Ғани бастаған бір топ жастар жетекшілері мен белсенділерінің бұл тілегі ескеріліп, 1921 жылдың 22 наурызы, яғни Ұлыстың ұлы күнінде қаранғы түнекке бейне бір жарық сәуле болып шашылғандай «Жас Алаш» газетінің араб қарпінің төте жазу үлгісінде алғашқы саны жарық көреді. Ел өміріндегі, ақпарат айдынындағы елеулі оқиға болып саналған жастар басылымының ұйымдастырушысы әрі редакторы Ғани Мұратбаев, ал оның жауапты хатшысы, белді қызметкері ақын һәм көсемсөзші Ілияс Жансүгіров болады. Дерек көзіне сүйенсек, шуақты Наурыз мейрамында тұсауы кесілген, бүгінгі күні жарық көргеніне білдей тоқсан сегіз жыл толып отырған көненің көзі, азаттықтың өзі, әділеттің тезі саналатын басылымның тұңғыш санындағы бас мақаланың авторы қаламы жүрдек, ойы алғыр ақын Ілияс ағамыз болатын.

Дүлдүл ақын XX ғасырдың алғашқы ширегінде Орта Азия мен Ұлы Даланы мекендеген түбі бір, тілі мен діні, ділі ортақ түркі жұртшылығының рухани астанасы болған Ташкент қаласында жасындай жарқылдап, жаңа өмірге ұмтылған ел-жұртты, әсіресе, жалын жүректі жастарды қуанта дүниеге келген, арағa екі жыл салып ғасырлық белеске (2021 жыл) көтерілгелі отырған тарихи мәні зор «Жас Алаш» газеті алғашқы санының қалайша жарық көргені және Күншығыс жастарының жетекшісі Ғани Мұратбаевпен таныстығы, қызметтес серігі болғандығы жайлы әңгімелейтін естелігіне ден қояйықшы. Онда: *«Мен Ғаниды 1920 жылы Алматыда көрдім. Сол жылы ол Жетісудағы үшайлық ауыл оқытушыларын даярлайтын курсқа ұйымдастырушы және лектор болып келді. Талдырмаш, арықтау, аққұбаша бала еді. Онда Жетісудағы Кеңес өкіметінің дұшпандарының қыры сынбай тұрған қиын-қыстау мезгіл болатын. Бұл жылы біз Ташкентте оқитын едік. Ғани университетте оқитын. Ол оқып жүріп әлеумет ісіне аса көңіл қойып, жас коммунистердің алғашқы ұйымын жасай бастаған. Ғанидың оқуынан ұйымда істеуі көп болушы еді, сол жылы жазғасалым жастардың жиналысында Ғани көптің ортасына «Жастардың газетін шығару туралы ой тастады. Жиналыс мұны мақұлдап, бұл жұмысты ұйымдастыруды Ғанига тапсырды. Мен хатшылық міндетін мойныма алдым. Сәдуақас, Әлижан, Шамғали секілді азаматтар атсалыса бастады. Ғани жоқтан құрап газеттің қағазын, ақшасын тапты. Саны екі беттi қазақ жастарының тұңғыш газеті – «Жас Алаш» наурыз күні жарыққа шықты. Әлі ұмытпаймын: газеттің бетін тізіп, енді баспаға жібергелі тұрғанда Ғани келіп: «Бұған бір ұран (лозунг) жіберелік. Тұңғыш жастар газетінің жас жұртшылығының ұранын осы газеттен бастап жариялайық!» – деп еді. Қарып тізушілердің еңбегін төлеп, тізілген газетті қайта бұзып, ұранды қыстырдық. Сондағы Ғанидың газеттің алдына қойған ұраны міне: «Заманға қожа болу, тұрмысқа тұтқа болудың кілті – бірігіп, ұйымдасуда! Ояныңдар, ұйымдасыңдар, езілген Күншығыс жастары!».*

Міне, осы ұран әлі ұран, осыдан басталып қазақ жастарының арасында әлеуметтік сезімі өсе бастады. «Жас Алаш» газеті жастар баспасының алғашқы адымы болды. Бұған мұрындық болған Ғани», – деп сыр шертеді. Байқалып отырғандай, жастар жетекшісі мен көсемсөзші жорналшының жастар газетінің тұңғыш санына ақылдаса келіп, айқайлата отырып қойған «Заманға қожа болу, тұрмысқа тұтқа болудың кілті – бірігіп, ұйымдасуда», – деген ұраны бүгінгі күні де мән-мағынасын жоғалтқан жоқ.

Енді Ілияс ақынның мұнан кейінгі баспасөз саласындағы іс-қызметіне аз-кем болса да тоқталайықшы. Қараңғылықтың пердесін ысыруға, қатарынан қалмай білім алуға, заманға сай кәсіпті меңгеріп, өндіріс пен ауылшаруашылығы саласының білгір маманы болуға ұмтылған құрыш білекті қазақ жастарының ой-өрісін кеңейтуге, сана-сезімін оятуға игі әсерін тигізген «Жас Алаш» газетінің басында Ғанидай көкөрім жаспен қатар тұрған қарымды қаламгер, белгілі қоғам және мемлекет қайраткері, көсемсөзші Сұлтанбек Қожановпен иық теңестіре отырып мойны озық басылымның бірі «Тілші» газетінде (1923 ж.) беделді тілшінің бірі болып еңбек етеді. Ал 1925–1928 жылдары Мәскеудегі журналистика институтын оқып, оны тамамдаған соң журналистік қызметін сол тұстағы республика астанасы Қызылордаға ірге теуіп, басылып шығатын, кең-байтақ қазақ даласына тарайтын өлкелік «Еңбекші қазақ» газетінде (бүгінгі «Егемен Қазақстан» газетінің ізашары!) жалғастырады. Ілекеңмен бір дәуірде өмір сүрген әдебиетші ғалым Бейсенбай Кенжебаев ол туралы жазған естелігінде: «Бейімбет сияқты Ілияс Жансүгіров те қазақтың алғашқы журналистерінің бірі. Ол жиырмасыншы жылдардың бірінші жартысында «Ақ жол», «Тілші» газеттері мен «Шолпан», «Сана» журналдарында істеп, оларға сырттан араласып жүрді. Ал, «Еңбекшіл қазақ» редакциясы қызметіне Ілияс 1928 жылы келді. Редакцияның әдеби хатшысы, әдебиетшісі болып екі-үш жыл істеді. Ілияс тоқығаны да, оқығаны да көп, үлкен дарынды ақын-жазушы, талантты, алғыр, өткір тілді журналист еді. Ілиястың фельетондары («Құк» атты фельетондар жинағының авторы) басқалардан өзгеше, күштірек, қызықтырақ болып келетін», – деп сипаттама бергені бар.

Орайы келгесін жастардың қайраткер жетекшісі Ғани мен ақиық ақын, қарымды қаламгер Ілиястың өткен ғасырдың дүрбелеңді жылдары, яғни, 1921 жылдың 22 наурызында талапшыл да жігерлі жастарды жаңа өмірдің алғы шебінен көрінуге ұмтылдырған, қажырлы қайрат берген «Жас Алаш» газетінің бұдан кейінгі тағдыр талайына қысқаша тоқталғанды құп көрдік. Бұл ретте танымал журналист, жазушы Болат Бодаубайдың еліміздің бас газетінде жастар басылымының 90 жылдығына орай жарық көрген «Ғани жаққан алау» естелік эссесіне («Егемен Қазақстан», 19.03.2011ж.) жүгінгенді жөн санадық. Болат ағамыз былайша сыр бөліседі: «Өткен ғасырдың 60 жылдарының екінші жартысында атағы жер жарған «Лениншіл жас» газетінде комсомол тұрмысы бөлімі меңгерушісі кезім еді. Редакторымыз Шерхан Мұртаза. Ол жылдары газеттің шыға бастағаны 1922 жыл деп көрсетілетін. Бірде редакцияға комсомол тарихын, Ғани, Әлия мен Мәншүк өмірін зерттеп жүрген журналист Сейілхан Асқаров іздеп келді. Қолында 1921 жылы Ташкентте шыққан, редактор ретінде Ғани Мұратбаев қол қойған «Жас Алаш» газетінің арабша жазудағы екінші санының фотокөшірмесі бар екен. Айтқаны сіздер газеттеріңіздің шыға бастаған уақыты 1922 жылдан бері деп қате көрсетіп жүрсіздер. Біздің өтінішіміз бойынша Сейілхан ағамыз мәселенің мән-жайына тоқталып, мақала жазып берді. Онысы дереу жарияланды.

Ізінше газет редакторы Шерағаң маған Ташкентке іссапарға барып, архивтерді ақтаруды, «Жас Алаштың» табылған сандарының барлығын суретке түсіріп, көшірмесін әкелуді тапсырды. Берілген тапсырма мүлтіксіз орындалды. Ең соңында соңғы анықтауларға (Мәскеудегі кітап палатасы, Алматыдағы республикалық көпшілік кітапхананың сирек кездесетін жазбалар қорындағы мұрағаттар негізінде), соны деректерге сүйене келе газеттің 1967 жылғы 22 июль күнгі («ЛЖ», №142) санында басылымның алғашқы саны 1921 жылдың 22 мартында шыққан деген түзету енгізіледі».

Осылайша кезінде бейқамдықпен жіберілген кемшілік түзетіледі. Газеттің әр жылдағы атауы 1924 жылдың ақпанынан 1925 жылдың желтоқсанына дейін «Лениншіл жас», 1926 жылдың 30 қазанына дейін «Жас қайрат», ал 1927 жылдың 27 қыркүйегінен «Лениншіл жас» атанады (Қызыл идеология Алаш сөзінен тайсақтаған) Тәуелсіздікке қолымыз жеткен 1991 жылдан бастап оның байырғы, тарихи «Жас Алаш» атауы қайтарылады. Сүйсінерлігі сол, халқымыздың қос бірдей арысы: Ғани мен Ілияс ағамыздың қарымды қалам күшімен, жүрек жылуымен дүниеге келген шындықты тайсалмай бетке айтатын, қоғамдық оқиғаларға байыпты талдау жасайтын, ұлттық рухты аталған басылым бүгінгі таңда республикалық қоғамдық-саяси газет деңгейіне көтерілді.

Қараша ҚАРАМАН

ДИДАР



Ел мен жердің, ертеңгі болашақтың қамы үшін тер төгіп, бойындағы бар асыл қасиетін сарқа жұмсап жүрген азаматтар арамызда баршылық. Олардың игілікті істері бүгінгі қоғамның алға жылжуы мен ертеңгі болашақтың нұрлана түсуі үшін бағдаршам болып келеді. Сондай ғалымдарымыздың бірі — Қалибек ЫБЫРАИМЖАНОВ. Жаркент жерінде туған оның тұтас болмысында жеті ықылымның білімі мен ғылымын меңгеретін іріліктің болуы табиғи ма дерсің. Оның үстіне өскен ортасы, көрген-білгені, ауылдың дария кеуде қарияларынан жиып-терген білім-білігі оның ғылым жолындағы үлкен жетістіктеріне көп көмек берді десек те артық емес. Бала шағынан ауылдың ақжарма тірлігінен адамгершілікті, батылдықты, байсалдылықты, қажырлылықты бойына жинап өскен ол мектеп қабырғасында жүрген кезінде-ақ болашақта елдің жүгін арқалайтын азамат болатынын аңғарта бастады. Сол ізгілік бүгінгі күні үлкен жетістіктерге ұласты.

ПАРАСАТ БИІГІ

Қажет АНДАС

Өзі қатарлас жастармен бірге туған ауылындағы орта мектепті 1985 жылы жақсы көрсеткішпен бітірген Қалибек Тұрдығазұлы арман қуып Алматыға жол алды. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіне оқуға түсіп, 1992 жылы «Бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі» мамандығы бойынша «Бастауыш сынып мұғалімі» біліктілігін алып шықты. Сол жылдары, яғни, 1986-1988 жылдары бастапқы алты айда Украина, қалған бір жарым жылда Чехословакия Республикасында әскери борышын абыроймен өтеп қайтты. Көргенді ортада өскен оның ата-анасы да көпшіл жандар еді. Тұрдығазы аға мен Күләйхан анамыз 10 перзентін (9 ұл, 1 қыз) үкілеп өсіріп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырған бақытты жандар. Балаларының бәрі де жоғары білім алып, қатарынан оза шауып, бүгінде ел өміріне елеулі еңбек етіп жүрген атпал азаматтар. Олар да өз кезегінде ұрпақ өсіріп отырған асыл жандар. Осындай көпбалалы отбасында өскен Қалибек Тұрдығазұлы әрдайым аға-әпкелеріне деген бауырмалдықты сезініп, іні-қарындастарына қамқор болып ержетті. Ағамыздың сол кезден бойына сіңген сол адами асыл қасиеттері әлі күнге алға жетелеп келеді.

Оның жеке болмысының қалыптасуына ата-ананың тәрбиесі мен өмірде жолықтырған әріптес-ұстаздарының да ықпалы көп болды. Мәселен, «Не істесең де шын пейіл, ниетіңмен жаса, бірақ төңірегіңдегі адамға, халыққа пайдасы көп болатын болсын, сонда сенің де өз несібеңе орай пайдаң мен абырой, беделің де болады» деген әке аманаты мен «Елге, жұртқа қызмет жасау үшін ұл немесе қыз бала деп бөлінбейді, тек ата-анасынан алған тәрбиесі мен біліміне байланысты болмақ» деген ана өсиетін де ешқашан жадынан өшірген емес. Өмірлік мектептегі және ғылым жолындағы ұстазы, профессор Р. Қоянбаевтың: «Қолыңнан келгенше адамға жақсылық жаса, көмектес, қалғанын өзінің тағдырынан көрсін, зияндық жасама. Адамдарды қалай бар, солай қабылдап үйрен және әрқайсысын өзіңнен ақылды деп бағала, аралас, содан кейін қарым-қатынас жасап үйрен» деген ұсынысы мен профессор Т. Сабыровтың: «Бір жеке адамға айтатын ренішің болса артынан айтпа, өзінің көзінше айт, бірақ айғайлама, мәдениеттілікті сақта, сонда ол адамның саған деген құрметі артады, бұл сенің абырой мен беделіңнің артқаны болады және сыйластықты сақтап қаласың» деген ескертпесі, профессор М. Сарыбековтің: «Сенің іс-әрекетің – санаңның, ақылыңның бейнесі, жазған ғылыми еңбектеріңнің мазмұны – кәсібилігіңнің, білімділігіңнің және мамандыққа қатысты ғылымдарды меңгергеніңнің көрінісі» деген талабын өзінің әлі күнгі өмірлік ұстанымы етіп жадында ұстап келеді.

Осындай ізгілікті қасиеттерді бойына сіңіру арқылы ол бар күшін ұлтқа қызмет етуге жұмсап келеді. Оқу, үйрену, алға ұмтылу, ұстаздық, ғылыми ізденіс жолдарында сан қиындыққа бетпе-бет келсе де, ойындағы өрлілік, бойындағы асқақ мұрат, санасындағы шырақтық қашанда жігерін жанып, жанын жақсы ойлармен сусындатып отырды.

Ол ең алғашқы еңбек жолын өзі бітірген Абай атындағы беделді жоғары оқу орнынан бастап, 1992 – 2001 жылдар аралығында университеттің бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі факультетінің №3 жатақханасының меңгерушісі, бастауыш мектеп педагогикасы кафедрасының оқытушысы, факультет деканының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, факультет деканының күндізгі және сырттай оқу бөлімінің оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, аға оқытушысы сияқты сан түрлі қызметтер атқарды. 2001-2010 жылдар аралығында А. Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті философия, педагогика-психология кафедрасының аға оқытушысы, педагогика-психология кафедрасының меңгерушісі, педагогика факультетінің деканы, тарих-педагогика факультетінің жалпы педагогика және этнопедагогика кафедрасында доцент міндетін атқарды. 2008 – 2014 жылдары Тараз мемлекеттік педагогикалық институтында педагогика факультетінің деканы, институттың 12 жылдық білім беру мәселелері орталығының директоры, бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі кафедрасының профессоры, 2013-2015 жылдары Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі кафедрасының профессоры, университеттің ғылыми жұмыстар және халықаралық қатынастар жөніндегі проректоры болып қызмет етті.

2015 жылдың қазан айынан І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің оқыту және тәрбиелеу әдістемесі кафедрасының профессоры, бүгінде педагогика және психология факультетінің деканы болып өз қызметін жалғастырып келеді.

Айта берсек, 2002 жылдың қазан айында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің жанындағы докторлық кеңесте «Жалпы педагогика, педагогика және білім тарихы, этнопедагогика» мамандығының бағытында профессор Р. Қоянбаевтың жетекшілігімен «Ахмет Байтұрсыновтың бастауыш мектеп жайлы педагогикалық мұралары» атты тақырыптағы диссертациясын қорғап, педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін, 2007 жылы Түркістан қаласындағы А. Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің жанындағы докторлық кеңесте «Жалпы педагогика, педагогика және білім тарихы, этнопедагогика» мамандығы бағытында профессор М. Сарыбековтің кеңесшілігімен «Қазақстандағы бастауыш мектептердің қалыптасуы мен дамуы» атты тақырыбында докторлық диссертациясын қорғап, педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін иеленді.

Ғылым жолындағы үлкен белестерді бағындырған Қалибек Ыбыраимжанов – сан қырлы талант иесі. Алғаш өзінің болашақ ғылымдағы бәсін басым ете түсу үшін бірнеше тілді меңгеруге ден қойды. Қазақ халқының өткен ғасырдың алғашқы жартысында қолданған төте жазуын терең меңгеріп, ондағы ұлттық құндылықтарды да зерттеуді есінен бір сәт шығарған жоқ. 2017 жылы «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы әзірлеген Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру бағдарламасы бойынша тренерлерді оқыту курсын аяқтады. 2018 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің біліктілікті арттыру және қосымша білім беру институтында «Білім берудегі менеджмент» курсын тамамдады. Басқасын айтпағанның өзінде, білім жолындағы осыншама әрекеттері оның парасат биігіне жол алған байыпты бағытының бірден-бір дұрыстығын көрестеді.

«Еңбегі бардың – өнбегі бар» дегендей, еңбегі еленіп, ел үшін сіңірген үлесі екшеліп, талай рет құрметті атаққа бөленді. Оның бәрін тізудің қажеті жоқ. Десе де 2009 жылы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағын және 2011 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен Ы. Алтынсарин атындағы төсбелгімен марапатталғанын айтпай кетуге болмайды. Ғалымның жеке және авторлық бірлестіктерде орындаған 4 ғылыми туындыға авторлық куәлігі де бар. Айта берсек, ғалымның өз қолынан шыққан ғылыми-әдістемелік еңбектерінің жалпы саны 150-ден астам, соның ішінде, 1 монография, 3 оқу құралы, 4 оқу-әдістемелік және әдістемелік құралдары Қазақстан ғылымының саласына қосылған үлкен еңбек деп бағалауға әбден болады.

Автордың республика көлемінде ғана емес, жақын және алыс шетелдердің танымал журналдарында жарық көрген ғылыми мақалалары да өзінің маңыздылығы жағынан әлемдік ғылым саласының дамуына қосылған үлкен олжа ретінде бағаланып отыр.

Жуырда Қалибек ағамыздың өмірінде тағы бір елеулі оқиға орын алды.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде ғылымды заманауи бағытта жетілдіру және кәсіби біліктілігі мен білімі бәсекеге қабілетті болатын маман даярлау мәселесіне ерекше мән беріп отырған ректор, география ғылымдарының докторы, профессор Қ. Баймырзаев мырзаның ұтымды ұйымдастырушылығының арқасында Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті төрағасының 29 желтоқсан. 2018 ж. № 2058 бұйрығымен /«2» мамыр 2019 ж. №432. (30 сәуір 2022 ж. дейін)/ 6D010000 – Білім (педагогикалық ғылымдар) (PhD) философия докторы ғылыми дәрежесін тағайындау және бейіні бойынша докторлық диссертацияны қорғайтын арнайы Докторлық кеңесі ашылды. Бұл біздің Жетісу өлкесіндегі І. Жансүгіров атындағы жоғары оқу орнының арғы-бергі тарихында бірінші болып ашылған ерекше ғылыми жаңалық екендігін де атап өткеніміз жөн болар.

Осы PhD докторлық диссертация қорғайтын кеңестің төрағасы болып І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті педагогика және психология факультетінің деканы, п.ғ.д., профессор, Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының корреспонденті мүшесі Қалибек Ыбыраимжанов тағайындалды. Бұл да болса университет басшыларының ғалым ағамызды кәсіби біліктілігі мен білімі жоғары маман ретінде бағалап, оған нардың жүгіндей үлкен сенім артқандығын білдіреді.

Сол үшін де біздер Қалибек Тұрдығазұлын өз бойындағы күш-жігер, қажыр-қайраты мен бар білімін отандық ғылым мен ел болашағына арнаған, келешегі кемел, ер тұлғалы, парасатты, қазағымыздың аймандай азаматы деп біламіз. Демек, оның ел үшін еңбек етер тағы бір тынысы ашылды. Сапарыңыз сәтті болсын!

ӨЗЕКТІ

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕНІ ШЕШУ ЖОЛЫ



ҚАЗІР ОБЛЫСТА ШЕШУДІ ТАЛАП ЕТЕТІН АЛТЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ПРОБЛЕМА БАР. ОНЫҢ ҮШЕУІ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ, ҚАЛҒАНЫ ЖЕРГІЛІКТІ ДЕҢГЕЙДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР.

Республикалық деңгейдегі Панфилов ауданындағы уран кен орнындағы үйінділердің адам денсаулығы мен қоршаған ортаға кері әсерін жою, Текелі қаласындағы бұрынғы қорғасын-мырыш зауытының қалдық сақтауышын қалпына келтіру және Сорбұлақ ағынды кәріз су жинағышының проблемалары. Ал жергілікті деңгейдегі Сарыөзек, Қарабұлақ және Қапшағай қаласына қарасты Заречное ауылдарындағы кәріз жүйелерінің апатты жағдайы, Еңбекшіқазақ және Панфилов аудандарындағы гидрогеологиялық өздігінен ағып жатқан су ұңғымаларын консервациялау, жабу және облыстағы экологиялық проблемалар арасындағы ең өзектісі – тұрмыстық қатты қалдықтарды басқару жүйесін жаңғырту.

Аталған проблемалар 2015 жылдың қазан айында облыстық экология департаментінің бастамасымен ұйымдастырылып, облыс әкімі Амандық Баталовтың басшылығымен өткен «Алматы облысының экологиялық проблемалары және оларды шешу жолдары» атты кеңейтілген жиында қаралды. Осы отырыстың шешімімен «Алматы облысының экологиялық проблемаларын шешудің 2016–2020 жылдарға іс-шара жоспары» әзірленіп, бекітілді. Іс-шараны орындау мерзімі көрсетіліп, тиісті аудан, қала әкімдері мен салаға жауапты облыстық басқармаларға және департаменттерге тапсырмалар берілді.

Нәтижесінде экологиялық проблемаларды шешіп, кемшіліктерді жою мақсатында жұмыстар атқарылды. Жиында облыстық мамандандырылған табиғат қорғау прокуратурасының облыстың негізгі экологиялық мәселелері мен оны шешу бойынша атқарылған істер талқыланып, жұмыс барысында мемлекеттік органдар арасында туындайтын келеңсіздіктер мен қарама-қайшылықтарды айқындау мәселелері қаралды. Шешімін таппай тұрған басты мәселенің ең өзектісі – аймақтағы тұрмыстық қатты қалдықтар проблемасы. Осы бойынша облыстық экология департаментінің басшысы Қонысбек Байеділов «Алматы облысының қалдықтарын басқарудың аймақтық жүйесі» жобасына жергілікті бюджет есебінен технико-экономикалық негіздеме жасалғанына қарамастан бүгінге дейін қалдықтарды басқару мәселесінің бір жүйеге келтірілмегеніне назар аударды. Аталған мәселеде облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы мен «АлатауТазалық Сервис» ЖШС-нің салғырттығы тілге тиек етілді.

Еңбекшіқазақ және Панфилов аудандарындағы гидрогеологиялық өздігінен ағып жатқан су ұңғымаларын консервациялау және жабу мәселесі бойынша меншік иесін анықтауда аудан басшылары немқұрайдылық танытуда. Сонымен бірге Ескелді ауданы әкімдігі мен салаға жауапты мамандардың салғырттығынан кәріз тазалау стансысы құрылысына жер учаскесін белгіленген жер әрекеттегі нормативтерге сәйкес бөлінбей, құрылысы кейінге шегерілген.

Аталған экологиялық проблемалар енгізілген «Алматы облысының экологиялық проблемасын шешудің 2016–2020 жылдарға арналған іс-шара жоспары» тиісті мемлекеттік мекемелер және қала, аудан әкімдері тарапынан толық шешімін таппаса өңірдегі экологиялық жағдайдың тұрақтанып, жақсаруына кері әсерін тигізері сөзсіз. Аймақтың экологиялық проблемалары экология департаментінің тұрақты бақылауында және тоқсан сайын нәтижесі қорытындыланып, мәселелерді шешу жұмыстарын жеделдету үшін тиісті шаралар қарастырылуда.

Данияр ҚҰРМАНБЕКОВ,
облыстық экология департаменті
басшысының орынбасары

Jetisý

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru
@Jetisugazeti

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

«Әліпбиді латын қарпіне көшіру туралы тарихи шешімнің қабылданғанына екі жылға жуықтады. Бірақ қарпімізде әлі де олқылықтар бар. Тіл мамандары жаңа әліпбиді жетілдіруі керек».

◆ӘКІМДЕР ЕСЕБІ

СЫЛБЫРЛЫҚҚА ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ



Сарқан қаласындағы аудандық Мәдениет үйіне жиналған көпшілік аудан әкімі Марат РАЗБЕКОВТЫҢ есепті баяндамасын тыңдап, өңірдің бүгіні мен келешегі жөнінде кең мағлұмат алды. Есепті жиынға облыс әкімінің орынбасары Бағдат МӘНІЗОРОВ қатысты.

Өткен жылы аудан бойынша 1,9 миллиард теңгеге 85 дана әртүрлі ауылшаруашылық техникасы сатып алынды. Негізгі капиталға 8,5 миллиард теңге инвестиция тартылды. Құрылыс саласында 6000 шаршы метр тұрғын үй іске қосылды. Жыл басынан 9,4 миллиард теңгеге құрылыс жұмыстары орындалды немесе былтырғы жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2 есеге өсті.

Бүгінгі күні аудандағы 26 елді мекен орталықтандырылған ауызсу жүйесімен қамтылған, бұл аудан бойынша 72,2 пайызды құрайды. 2020 жылы Еркін және К. Қазыбаев ауылдары орталықтандырылған ауызсу жүйесіне қосылып, қамтылу деңгейі жоғарылауы тиіс. Аудандағы жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының ұзындығы 998 шақырым, соның ішінде, 57 шақырымы республикалық маңызы бар, 532 шақырымы облыстық маңызы бар жолдар, 409 шақырымы аудандық және елді мекендердің көше жолдары. Өкінішке қарай, жол сапасы бүгінгі талапқа толық жауап бермейді. Облыстық маңызы бар жолдарды жөндеуге және оны күтіп ұстауға 2019 жылы 800 миллион теңге, аудандық маңызы бар жолдарға 336,6 миллион теңге бөлініп, жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Баяндамашы бұдан әрі мәдениет саласының, жастар ресурстық орталығының жұмыстарына көңіл бөлді. Сарқан аудандық жастар ресурстық орталығы 2019 жылы 15 460 жас қатысқан 519 әлеуметтік маңызы бар шара ұйымдастырды. Олардың арасында республика бойынша тұңғыш рет Жастар жылына орай «Жастар шыңын бағындыру» тақырыбымен 2 күндік туристік жорық жүзеге асырылды. Сонымен қатар, жыл басынан бері еріктілердің бастамасымен 30-ға жуық ардагер мен қарттарға көмек көрсетіліп, қайырымдылық және тазалық акциялары іс жүзіне асты.

Марат Мелісұлы есепті баяндамасында биыл атқарылатын шараларды саралап берді. Ауылшаруашылық саласы бойынша өнім көлемін арттыру, мал шаруашылығын дамыту, өнеркәсіп саласын ілгерілету бағытындағы басымдық берілген міндеттерге тоқталды. Үстіміздегі жылы 9 миллиард теңгеге инвестиция тарту болжануда. Бұл бағытта «МТиК» ЖШС су электр стансысын салу жобасы инвестициялық жоба ретінде танылды. Жобаны іске асыру барысында 20 тұрақты жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланған. Аталған жобаны іске асыру үшін жеке қаржы есебінен 6 млн. 960 мың АҚШ доллары көлемінде қаражат тартылады. «АЗИЯ ГОЛД» ЖШС 2019-2020 жылдары қуаттылығы маусымына 200 тонна дайын өнім болатын дәрілік шөптерді қайта өңдеу зауытын салу, сондай-ақ, салынып жатқан зауытты шикізатпен қамтамасыз ету үшін көлемі 400 гектардан кем емес жер учаскесінде дәрілік түймедақ өсіру жобасының іске асырылуын жоспарлап отыр. Жобаны іске асыру барысында 30 тұрақты жаңа жұмыс орнын ашу жоспарлануда. Аталған жобаны іске асыру үшін жеке қаржы есебінен 442,7 миллион теңге көлемінде қаражат тартылады.

«ВЭС 50 Мвт «Абай 2» ЖШС 2019-2020 жылдары қуаттылығы 50 МВт болатын жел электр стансысының құрылысы жобасы іске асырылуы жоспарланып отыр. Жобаны іске асыру үшін жеке қаржы есебінен 19,4 миллиард теңге көлемінде қаражат тарту және 15 тұрақты жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланған. «Jetisu Beef» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2019-2021 жылдары 10 000 бас ірі қара малға арналған 3 бордақылау алаңын салу, етті бағыттағы малдың өсімін көбейту, мал шаруашылығын дамыту жобасын іске асыруды міндетіне алды. Жобаны іске асыру үшін жеке қаражат есебінен 50 млн. АҚШ долларын тарту және 150 тұрақты жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланған.


Баяндамадан соң залдан сұрақ қойған тұрғын жұртшылық көкейіндегі пікірді айтты. Жылу құбырлары жүргізілген көшелердің күйі сын көтермейді. Көктемгі, күзгі лайсаң да көпшілікке қолайсыздық туғызуда. Бұл сауалға орай аудан әкімі биыл қала аумағындағы 7 көшеге жөндеу жұмыстары жүргізілетіндігін жұртшылыққа жеткізді. Есепті баяндаманы талқылауға жиналғандар атынан сөз алған аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Қадыл Жанасбеков әкімнің өткен жылғы жұмысына қанағаттанарлық баға беруді ұсынып, Қарабөгет, Лепсі ауылдық округтерінің ауызсумен толық қамтылмағандығын ескертті.

Жиынды қорытындылаған Бағдат Сайланбайұлы облыста атқарылған жұмыстарға тоқтала келіп, Сарқан ауданының алдағы алар асуларын саралап өтті.

– Ақсу қант зауытының іске қосылуына байланысты қызылша көлемінің арта түсуі заңдылық. Өнімін өткізіп, төлемақысын ала алмай жүрген шаруа қожалықтары болмауы тиіс. Мұндай сылбырлыққа жол берілмейді, – деген облыс әкімінің орынбасары ауданда жүзеге асырылатын ауқымды жобалардың бірқатарына тоқталып, залдан түскен, жарыссөзде көтерілген мәселелердің аяқсыз қалмайтындығына сендірді.

Жомарт ИГІМАН
Сарқан ауданы

ТӨЛ ДЫБЫСЫМЫЗДЫ ҚАЙТАРАТЫН ҚАРІП



– «Ағынды менің Ақсуым, арқырап әлі ағарсың».

– Жоқ, «Ағынды менің Ақсуым, ақырып әлі ағарсың», – деп қолданғандарың дұрыс.

– Менің ойымша, «арқырап» болуы тиіс. Өзен «арқырап» ағады емес пе?!

Осылайша «Уатсаптағы» Ілияс Жансүгіровтың 125 жылдығын өткізуге атсалысатын топ бір мәмілеге келе алмай біраз «айтыстық». Ақырында өлеңнің түпнұсқасын тауып, соған жүгінуді дұрыс көрдік. Бұдан кейін де бірнеше өлеңнің сөзіне байланысты талас-тартыс туындап, ақыр соңында Ұлттық кітапханамен тығыз қарымқатынаста жұмыс істейтін жас ғалымға тапсырма беріліп, латын қарпінде шыққан нұсқаға жүгіндік.

Гүлжан ТҰРСЫН

Осы ретте Абай Құнанбай өлеңдеріндегі кейбір сөздердің де анығына жету үшін түпнұсқаға іздеу салынды. Өкінішке қарай, көптеген сөз әріптік қатенің кесірінен мүлде өзгеріп кеткен. Кейін «Ілияс ізімен» экспедициясының құрамында Ресейге барып, ақынның кітаптары мен «Тілші» газетіндегі аты аңызға айналған журналистердің мақалаларын таптық. Тағы да латын қарпі мәселесі алдымыздан шықты.

Табылған мақала, әңгімені бірден газетке ұсынайық десек, біздегі басылымдардың барлығы кирилл қарпінде. Егер осы дүниелерді түпнұсқа күйінде газетке баса қойсақ, жер бетінде тарыдай шашырап жүрген миллиондаған қандасымыз төл әдебиетіміздің жауһарымен сусындар еді-ау деген ойға қалдық.

Әлемнің ең дамыған 20 елінің 18-і латын әліпбиінде газет-журнал шығаратынын ескерсек, сыртпен байланысымыз біраз шектеулі екенін аңғарамыз. Кітапханада Ілияс Жансүгіровтың «Құл» деген кітабы қолға түсті. Оқи бастадық: «Құл қазіргі Алматы облысы, Лепсі ауданындағы қоныстаған бұрынғы Найман руының ішіндегі Садыр, Түгелбай, Буат, Қара Құлақ, Тобышақ деген елдерден келіп шығады. Туған жері – Лепсі өзенінің оң жағындағы Мақаншы деген жер».

Түк те қиындығы жоқ. Оқуға болады екен. Ниет болса, оп-оңай. Латынды қабылдасақ, әдебиет пен мәдениетіміздің қоры толығып, түркі әлемімен біте қайнасып кетер едік. Ілекеңнің әңгімелері мен мақалаларын оқып отырып жақұтқа тап болғандай күй кештік. Туған өлкенің табиғатын суреттегенде көңіл-күй жетегінде қазақы теңеулер қолданады. Тілге жеңіл, жүрекке жылы. Дыбыс үндестігі де ұғынықты. Өлеңдері әуезді. Мұның бәрі бізге латын қарпінде таңбалаудың артықшылығы екені айтпаса да түсінікті болып тұрды.

Біздің буын кириллмен сауат ашты. Басылымдарда орыс тілінен енген сөздерді сол қалпында, жіңішкелік және жуандық белгісімен жазатын болдық. Сөйлегенде тіпті қиналдық. Қазақ тілінің 28 дыбысы 42 таңбадан тұратын ұзыншұбақ әліпбиде орысша дыбысталады. Тіліміздің әуезі бұзылды. Бұл орайда Ахмет Байтұрсынұлы 1914 жылғы «Қазақ» газетінде: «Ресей тілін, дінін, жазу-сызуын орысқа аударса, үкіметке онан артық іс болмас», – деп «тілді отарлау» саясатынан қорыққан еді. Заманынан оза туған ойшылдардың сөзін ол кезде кім ескерді, кім еледі, кім тыңдады?! Бірақ айтқандары айдай келіп, сөздің айтылуымен бірге ой-санамыз орыстанды, тіліміз шұбарланды. Бүгінде одан да сорақысына тап болып жүрміз. Соңғы жылдарда өзімізде жарық көрген орфографиялық сөздікте төл дыбыс үндестігіміз мүлде бұзылды. Мысалы, айтылуы әп-әдемі ләзім деген сөзді сөздік бойынша «лазым» деп жазуымызға тура келеді. Өйткені, қазақ газеттері сөздерді Қазақстанда шығарылған орфографиялық сөздікке сүйене отырып, бірізділікпен жазады. Сондайақ, тәмам «тамамға», хәкім «хакімге» айналып кетті. Кей журналистер сөзді қазақы қалпында жазып, оны корректор «бірізділікке» түсірмеген жағдайда газет шыққан соң емле қателігіне байланысты мәселелер туындап жатады. Мынау «газет тіліне келмейді» деп кейбір ауызекі сөздерді мақаланың ішінен күзеп тастаймыз. Ой нақты емес болып, жетеге жетпей жатады. Ал қазақ, әсіресе, бұзақыны тезге салғанда немесе араздыққа араша түскенде «айтпаса сөз атасы өледі» деп ойды бүкпесіз, сол қалпында жеткізбеп пе еді?! «Ішегің шықса да айтайын» деп те сөз сабақтайтын кезіміз болады. Бұдан біз сөз құдіретінің қаншалықты маңызды екенін түсінеміз. Өкініштісі, кирилл қарпі қазақ тілінің орфографиясы мен орфоэпиясын алшақтатып тастады.

Баршаға ортақ, түсінікті тілде сөйлейміз деп ұлттық бірізділік пен қазақы қалпымыздан арылып қалғанымыз рас. Латын әліпбиіне ауыссақ, қазақ тілінің табиғи мазмұнын сақтап, ұлттық санамызды қалпына келтіретініміз анық. Өзімізді орыс тіліне деген тәуелділіктен арылтамыз. Артық дыбыстарды таңбалайтын әріптерді қысқартып, емле ережелерді қайта қарап, қазақ тілінің табиғи қалпын сақтасақ несі айып?!

Мұндайда қазақ «Өзіңді өзің жаттай сыйла, жат жанынан түңілсін» демеуші ме еді?! Сондай-ақ, әлем бойынша, математика, физика, химия формулалары, терминдер, мамандықтарға қатысты ғылыми әдебиеттер латын әліпбиінде таңбаланады. Әрбірден соң күнделікті өмірімізде кездесетін, дәрігердің «нақтамасы» да латын қарпімен жазылады емес пе?!

Әліпбиді қолданысқа енгізу үшін жаңалық ашудың қажеті жоқ. Бұрынғы әдісті қолдансақ жеткілікті. Мысалы, өткен ғасырдың 20-30 жылдарында латын графикасына негізделген әліпби қолданысқа енгізілді. Бұл орайда «Жаңа түрік әліппесінің комитеті» құрылды. Нәтижесінде «Жаңа түрік әліпбиі» атты кітап шығарылып, мектептерде оқытылды. Барлық мемлекеттік мекемелер мен оқу орындарында «Жаңа әліпбишілер үйірмесі» немесе «Латыншылар үйірмесі» ашылған. Осы үрдісті қайтадан енгізсек болды емес пе? Оған біздің елдің мүмкіншілігі әбден жетеді. Аталмыш әліпби арқылы ғылыми, экономикалық әлемімізді кеңейте аламыз. Қазақ жазуын латын қарпіне көшіру арқылы ұрпақты оқу-білім және ғылымға бағыттаймыз.

> *Анар ФАЗЫЛЖАНОВА,*
> *филология ғылымдарының кандидаты:*
>
> *«Латын әліпбиінде сөзді басқа тілдің ережесімен жаз деген стереотип жоқ. Сондықтан латынға таза тілтанымдық тұрғыдан көшуіміз керек. Сонда шет тілден енген сөздерді игеру механизмі қайтадан іске қосылады, тіліміздің иммунитеті күшейеді».*

Осыдан бірер ай бұрын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев латын графикасына негізделген жаңа қазақ тілі әліпбиін жетілдіруді тапсырғаны белгілі. «Әліпбиді латын қарпіне көшіру туралы тарихи шешімнің қабылданғанына екі жылға жуықтады. Бірақ қарпімізде әлі де олқылықтар бар. Тіл мамандары жаңа әліпбиді жетілдіруі керек», – деді ол. Бұл орайда арнайы мамандар жұмыс жасап жатқаны белгілі. Десе де, жер-жерлерде курстар ашылып, оқыту жұмысы жүргізілсе құба-құп.

Егеменбіз! Өз елімізде өзімізге пайдалы шаруаны шешуге мүмкіндігіміз бар. Латын бізге бөтен емес. Бірден сыдыртып оқып кетпесек те «жетекке» жүретініміз анық. Ең алдымен ниет керек. Күнделікті ғаламтор желісіндегі әңгімеден халықтың латын қарпін меңгеруге деген ынта-ықыласы байқалады. Ендеше, алпауыт елдермен тереземізді теңестіретін, білім-ғылымға барынша жол ашатын, түркі халқымен етене жақындастыратын, шетте жүрген қандастарымызбен ой жалғастыратын қаріпті неге оқып, үйренбеске?! Ендеше, дәстүрдің озығына қол созайық!

◆ЖҮРЕК СӨЗІ

ҰСТАЗ БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ



Әр адамның бала шақтан көкейіне ұя салған арманы болады. Өсіп, қанатың қатая келе ол арман мақсатқа айналады. Арман қол жетпес асудай болып көрінгенімен адамды жігерлендіріп, қайраттандырып, алға ұмтылдыратын ерекше бір күш. Армандап, алға мақсат қоя білу, ол – болашаққа деген жарқын жолдың баспалдағы.

Сол себепті бұл дүниеде армандамайтын адам жоқ шығар, сірә? Әр пенде армандайды, оған жету үшін түрлі әрекеттер жасайды, талпынады. Сол адамдардың қатарында мен де бармын. Менің арманым – ұлағатты ұстаз болу. Төл тіліміз – қазақ тілі мен асылымыз болып саналатын әдебиетімізді тереңдетіп меңгеріп, біліміне білігі сай, ісімен үлгілі, қарапайымдылығымен құрметті, жаңашыл ұстаз болсам екен деп армандаймын.

Мен мұғалім болу жауапкершілігі мен міндеті мол мамандық екенін жақсы түсінемін. Себебі, бала бойына ата-анадан кейінгі ақыл-ой, адамгершілік, ар-ұят, әдептілік, ұлттық құндылықтарымызды сіңіруші – мұғалім. Олардың басты міндеті – тарыдай болып келіп мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршіндерден ойы жетіліп толысқан, терең біліммен сусындаған, жақсы мен жаманды ажырата білетін шәкірттер тәрбиелеу.

Болашақта мен өз ісіне берілген, жаңалық пен жаңашылдықты жатсынбай қабылдайтын, шәкірттердің жанына нұр құйып, білім беретін білікті ұстаз болсам деймін. Сол мақсатқа қол жеткізу үшін ізденіс пен талпыныс үстінде жүрмін.

Ұстаз өз өмірін балдырғандардың игілігіне арнайтын жан деп білемін. Ол да диқан сияқты, әр адамның бойына білім дәнін себеді. Әр шәкіртін аялап өсіріп, өмір атты шексіз ғаламға қанатын қатайтып ұшырады. Дәлірек айтсақ, өмір сүруге тәрбиелейді.

Ұлағатты ұстаз, білікті маман болу үшін тек жоғары білім ғана емес, жанжақты талпыныс пен еңбектенуге деген құлшыныс, білуге деген құштарлық, ізденімпаздық, бүлдіршіндерге деген сүйіспеншілік, өз-өзіңе деген сенімділік керек екені анық. Осы қасиеттерге ие болу үшін адам оқудан, білім алудан еш жалықпау керек. Ұстаз шәкірттерін білімімен, басқа да ізгі істерімен, тұлғалық қасиетімен сүйсіндіре білуі қажет. Себебі, ол арқылы болашақ ұрпақты ұлы жеңістер мен үлкен жетістіктерге бағыттайды. Өмірдің биік белестерін бағындыруға жол бастайды.

Ұстаз – өмір шырағын жағып, басқаларға мейірім мен жылу сыйлайтын жан. Мен де болашақта жан-жағыма жылулық нұрын шашып, бүлдіршіндерді білім нәрімен сусындатсам деймін. Бүгінгі таңда алдыма қойған айқын мақсатым – біліміне білігі сай, беделді ұстаз болу. Сол арманыма жетсем екен...

Арнагүл САЛЫҚ,
І. Жансүгіров атындағы
Жетісу мемлекеттік
университетінің студенті

◆ОЙ-ӨРІМ

• Атпаз көрген — ат таныр,
Ұстаз көрген — хат таныр.

• Ұққаның жақсы болса — жақының көбейеді.
Ұстазың жақсы болса — ақылың көбейеді.

• Ұстазыңды ұлы әкеңдей сыйла.

◆АРДАГЕР

ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Талдықорғанда ардагерлер кеңесінің өткен жылы атқарылған жұмыстарының қорытындысы шығарылып, алдағы міндеттер таныстырылды. Оған облыстық ардагерлер кеңесінің президиум мүшелері қатысып, жиынды аталған кеңестің төрағасы Ермек КЕЛЕМСЕЙІТ жүргізіп отырды.

Қажет АНДАС

«Келісіп пішкен тон келте болмайды» дегендей, өткен жыл облыс ардагерлері үшін табысты болды. Бүгінде облыстағы 220 мыңнан астам ардагердің мүддесін қорғап отырған ұйым жобаларды тыңғылықты атқарып, моральдық, материалдық тұрғыда көп қолдау танытты.

– Өткен жылды облыстық ардагерлер кеңесі нәтижелі аяқтап, бірқатар игілікті шара өткізіліп, елге ұйытқы, берекеге бастау болды. Айталық, ардагерлердің ұйытқы болуымен «Ұлт құндылығы – ұрпақ өзегі» атты республикалық ғылыми-теориялық конференция, «Ұлы Дала өнері» атты ата-бабадан ұрпаққа жеткен қазақ қолөнер шеберлерінің байқауы, салауатты өмір салтын насихаттау барысында жер-жердегі ардагерлер арасында шахмат пен дойбыдан жарыс, облыстық тоғызқұмалақ федерациясының төрағасы болған марқұм Бекасыл Қозығұловтың 80 жылдығына орай тоғызқұмалақшылар сайысы, Балпық би бабамыздың 325 жылдығына орай «Бабалар сөзі – дананың көзі» атты батагөйлер жарысы, Ілияс Жансүгіровтің 125 жылдығына орай республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция, Қазақстан халқы бірлігі күніне орай «Бірлік бар жерде – тірлік бар» атты «дөңгелек үстел», Қарттар күніне орай «Көп жасаған қария – ақылы терең дария» атты мәдени-мерекелік шаралар, тағы да басқа маңызды жиындар өтті. Сондай-ақ, қоғам қайраткері Жұмахан Балапановтың ескерткішінің ашылуы мен Жаскілен Қалиевтың кітаптарының тұсаукесерін өткізуге де ардагерлер үлкен қолдау танытты, – деді облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Келемсейіт.

Биыл ардагерлер үшін тағы да қызу еңбектің жылы болмақ. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен ағымдағы жылы Ұлы Даланың ұлы тұлғасы Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150, Алтын Орданың 750, Абай Құнанбаевтың 175, Жеңістің 75 жылдығы аталып өтеді. Бұл шараларға ардагерлер белсене қатыспақ. Өйткені, облысымызда бүгінде 72 соғыс ардагері бар. Оның 28-і соғыс мүгедегі және Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген локалды әскери күштерден 14 адам бар.

– Жеңістің 75 жылдығын өз деңгейінде атап өту үшін қазір ұйым жүйелі жоспар жасап, соған сай жұмыс басталды. Алдағы уақытта облыс бойынша соғысқа қатысқандар жайлы ескерткіш кітап шығару, облыстық «Жетісу» телеарнасынан «Қарттарым – асыл қазынам» атты бағдарлама бойынша көзі тірі соғыс ардагерлері туралы түсірілім жасап, елге насихаттау, республикалық «Ардагер айнасы» газетіне ардагерлер жайлы үзбей мақала жариялап тұру көзделуде. Әсіресе, облыстық «Жетісу» газетінің ішінен шығарылатын «Ардагер» қосымшасына соғыс ардагерлері үшін «Қаһарман майдангер», тылда еңбек еткендер үшін арнайы айдар ашуды жоспарлап отырмыз. Сондай-ақ, аудан, қала көшелеріне соғыс ардагерлерінің суретін іліп, жұртқа үлгі етпекпіз, – деді Ермек Әбілмәжінұлы.

Кеңес төрағасының баяндамасынан кейін көпшілік алдағы жоспарлар жайлы өздерінің қосар ойын айтып, тың ұсыныстарын білдірді. Көпшілікті облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Мәрлен Көлбаевтың:

– Биыл облыс әкімінің қолдауымен Жеңістің 75 жылдығына арнайы кітап шығаруды жоспарлап отырмыз. Сондай-ақ, «Батырларға тағзым» атты ақындар байқауы, «Батырлар бейнесі» атты суретшілер байқауы ұйымдастырылып, облыстық театрда «Жәмила» атты жаңа спектакль дайындалуда. Бұрынғы қойылған туындылар жаңартылып, көрерменге қайта ұсынылады, – деген жүрекжарды сөзі көпшілікті қуантып тастады.

Өткен жылды табыспен аяқтаған ардагерлер кеңесінің ағымдағы жоспары да ауқымды. Атқарылар іс алда көп.



ҰРПАҚ ТӘРБИЕЛЕУ – ҰЛЫ ІС

Қазақтың тарихында хатқа түспеген бір асыл заңдылық бар. Ол – анаға құрмет. Арыға бармасақ та тәуелсіздіктің елең-алаң шағындағы қиын күндерде бар ауыртпалықты көтеріп, елдің еркіндігін алға жетелеген аналарымыз бүгінде қоғамның әр саласында ерінбей еңбектеніп, көшіміздің көлікті болуына ықпал етіп келеді. Сондай аналардың бірі – бүгінде сексен жылдық өмірін өнер, елдік мұратпен өткізген Дина НҰРҒАЛИЕВА. Әрине, сексен жасқа келу әркімнің маңдайына бұйыра бермес. Бірақ сол ұзақ сапарда бағытынан адаспай, бойындағы барын халқына арнап еңбек ететіндер санаулы. Дина апамыз өнердің ауыр жолын Абай қағидасымен ұштастырып, өмірлік ұстанымына айналдырған асыл адам.

Қажет АНДАС

«Әркімнің туған жері – Мысыр шаһары» демекші, адам баласына кіндік қаны тамып, кіндік бауы кесілген жердің ыстық болатыны анық. Дина апамыз 1940 жылы қазіргі Көксу ауданының Еңбекші ауылында дүниеге келді. Балалық, жастық шағы бүгіндері Зылиха Тамшыбаева ауылы атанып кеткен Амангелді ауылында өтті. Әкесі Нұрғали Әлішев осында көп жылдар бас есепші болып жұмыс істеп, Отан қорғауға ауылдың азаматтарымен бірге аттанып, от пен оқтың арасынан аман-есен ауылға оралса да, соғыс салған жарақаттың салдарынан 1946 жылы дүние салады. Енді ғана 6 жасқа шыққан қыз бала шешесінің тәрбиесінде өседі. Апамыздың айтуынша, Әлішевтер отбасы да тағдырдың сан тарау қиындығынан өткен әулет. Несін жасырайық, сонау отызыншы жылдары жеті баласын желкілдетіп өсіріп отырған отбасыдан 1932-33 жылдардағы ашаршылықта әкесі мен кіші әкесі Қожахмет Әлішев қана тірі қалады. Дина апаның балалық күні осы Қожахмет атамыздың алдында өтті. Десе де, қатал тағдырдың сыны өмірге қайсарлана ұмтылуға жетеледі. Кездескен қиындыққа мойымай, алған бетімнен қайтпайтын мінез Дина апамызға сол күндері қалыптасты.

Өмірдің қатал сынынан өтіп, болашағына үмітпен қараған анасының арманын арқалаған жас қыз орта мектепті бітірген жылы өзі армандаған оқуға түсе алмай қалады. Бірақ бұл жағдай оның басқа жолдардан, әсіресе, өнер жолынан бағын сынап көруге жетеледі. Бағына орай, бұл арманын жүзеге асыруға Халық әртісі, қазақтың біртуар ұлдарының бірі – Қанабек Байсейітовтің көмегі көп болды. Ағасының ақылымен 1956 жылы Абай атындағы опера және балет театрының жанынан ашылған хор-вокалдық студиясына қабылданады. Сол студияны 1958 жылы бітіріп, бірден Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрына жұмысқа тұрады. Сол жылы театрдағы хордың әншісі ретінде Мәскеуге барып, жоғары баға алып қайтады. Бұл енді ғана 18-ге келген жас қызға оңай болған жоқ. Осыдан кейін театр ұжымы жауапты қызметтерді жүктеп, комсомол хатшысы, кәсіподақ ұйымының мүшесі болып сайланды. Театрдағы білікті мамандар мен басшылардың жол көрсетуінде жұмыс тәжірибесі шыңдала түсті.

Иә, өмірдің кейде адамды екіұдай ойға салатын кезі болады. Мұндайда батыл қадам жасаудың келешегіне кең жол ашатын тұстары да аз болмайды. 1965 жылы Қажымұқан Үсеновтің қызметінің ауысуына байланысты Дина апамыз Алматыдағы алтын шаңырағы – театрдағы жұмысынан қол үзіп, сол кездегі Талдықорған облысы, Гвардия (қазіргі Кербұлақ ауданы) ауданына ауысып келіп, аудандық Мәдениет үйіне жұмысқа тұрады. Расында, басқалар сол тұста ауылдан Алматыға баруды армандап, қолдары жетпей жүргенде, Алматыдан ауылға ойланбастан тартып кету екінің бірінің ғана қолынан келетін батылдық. Бұл отбасына, отағасына деген терең сүйіспеншілік қой. Бұл да бүгінгі жастарға үлгі болар іс деп ойлаймын. Кейіннен Көксу ауданына ауысып, тағы да мәдениет саласында тер төгеді. Сол жылдары күнделікті жұмысын атқара жүріп, музыка мектебін құруға құлшына кірісіп, жаңа оқу орнының директоры болып тағайындалды. Енді сахнадағы актриса ұстаз болып, жастарды өнерге баули бастайды. 1974 жылы Талдықорған облыстық көркемөнерпаздар үйінің директоры болып ауысады. Араға бір жыл салып облыстық І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайының директоры қызметіне кіріседі. Мәдениет сарайының директоры болып тұрған тұста «Алтын дән», «Ачимноуль», «Ардагерлер хоры», «Қуыршақ» театрлары халықтық атақ алды. Бұл да Дина апаның үлкен еңбегінің бірі еді. Осыдан кейін Талдықорған қалалық атқару комитетінің мәдениет бөліміне меңгеруші болып тағайындалады. Басшылықтың үмітін жауапкершілікпен қабылдап алған Дина бас-аяғы төрт жылда қаланың мәдениет саласында қордаланып қалған мәселелерді шешіп, жұрт сенімінен шығады. Осы қызметті арқалай жүріп, 1979-1983 жылдары екі мәрте қалалық мәслихаттың депутаты болып сайланды. Ал 1981 жылы облыстық Б. Римова атындағы драма театрына директор болады. Әрине, өнер адамдарымен жұмыс жасаудың қиындығын әркім де біледі. Арада бір мезгіл «Қазаккумулятор» зауытына қарасты қазақ балабақшасының меңгерушісі болып, балдырғандар тәрбиесіне де барын салғаны тағы бар. Қысқасы, 1995 жылы зейнеткерлікке шыққанша облыстың қоғамдық жұмыстарына белсене қатысып, мәдениетімізді мәйектетуге қосқан үлесі орасан мол болды.

Бір адамның өмір жолы сан тарау. Сол жолдардан жол тауып, тұлға болып қалыптасу барысы да сан түрлі үлгіден тұрады. Бүгінде Дина апамыз елдің құрметіне бөленген, талай биіктерге жеткен, бойында бар асыл қасиетін өскелең ұрпаққа үйретуден жалықпай жүрген еңбеккөр адам. Апамыздың сексен жылдық өмірін саралап көргенде, осындай биік мәртебеге жетуін былай жинақтауға болады:

Халқымызда «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген нақыл сөз бар. Осы тұрғыдан көргенде, Дина апамыздың студенттік, жастық шағы қазақтың маңдайына біткен, халқымыздың өнері мен өркениетінің биігінен орын тепкен халық әртістері Қанабек Байсейітов, Құрманбек Жандарбеков, Ғазиз Дұғашов, Күләш Байсейітова, Әсет Бейсеуов, Әнуарбек Үмбетбаев, Қәукен Кенжетаев, Роза Жаманова, Ермек Серкебаев, Байғали Досымжанов, Әлкен Мұсабекова, Байғали Досымжанов, Шәбәл Бейсекова, тағы да басқа алыптардың алдында өтті. Олардан өнерге деген құштарлық, білім мен біліктілікті үйренді. Туған ауылынан шыққан Төлеген Ақшанов, Жанат Көшкінбаев, Жекен Жетпісбаев сияқты құрдастарының да жақсы қасиеттері жанына жалау болғаны анық. Кейін Алматыда Дина апамен бірге білім алған, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Зейнеп Қойшыбаева, композитор Базарбай Жұманиязов, Мыңжасар Мәмбетаевтар да апамыздың тұлға болып қалыптасуына үлкен ықпал еткені анық.

Әрине, бұл туралы талай қызық әңгімелерді өруге болар еді, бірақ, апамыз айтқандай, өмірдегі ең үлкен табысы – атамыз Қажымұқан Үсеновпен танысып, шаңырақ көтергені. Атамыз орысша оқыған, тік мінезді болғанымен, жүрегі жұмсақ, қазақтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпына жетік адам болыпты. Әскери салада ұшқыш болып жүріп, 1958 жылы әскерден босап Қ. Сәтпаев атындағы политехникалық институтына «ПГС» мамандығы бойынша білімін жалғастырады. Өнер жолына түскен адамға отбасындағы отағасының түсіністікпен қарағаны маңызды. Өйткені, айлап алыс сапарға кету, тіпті, үй шаруасына, бала тәрбиесіне қарайтын уақыт жетпей қалатын кездері болады. Мұндайда «сен салада, мен салар болып жатса», үйдің берекесі, жұмыстың берекеті болмайтыны анық. Дина апамыздың да бүгінгі биікке жетуіне атамыздың байсалды байыптылығы үлкен көмек болғаны шындық. Ол кісінің азаматтық тұлғасы жөнінде жолдас-жораларының аузынан жиі естиміз. Сондай-ақ, қызметтегі ақылшысы, халқының қалаулы ақсақалы Егеубек Далбағаев пен Бәтима Сақауова жол көрсетіп, нұсқау беріп отырғандығы тәжірибесін шыңдап, алға басуына сеп болды.

Зейнеткерлікке шыққан соң да Дина апа еңбегіміз сіңді, енді жайланып бір демалайық деген жоқ. Тағы да жастарға ата-бабамыздың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын насихаттап, олардың рухани байлығын кемелдендіруге белсене кірісті. Ермек Келемсейіт басқаратын облыстық ардагерлер ұйымының президиум мүшесі, облыстық ардагер әжелер кеңесінің төрайымы ретінде қоғамдық істерге белсене араласып, күрмеуі қиын талай істің шешімін табуына ықпал етуде. «Ата-баба дәстүрі – ұрпаққа аманат» атты тәрбиелік шараны қолға алып, облыстық әжелер, әкелер, аталар, келіндер, көршілер форумы мен «Қыздың көркі – бұрым» атты байқау, «Ақ кимешек» атты акция ұйымдастырып, көптің көңілін тапты. Осы арқылы ежелден келе жатқан сыйластық, ынтымақ, береке, татулық сияқты қазақы қасиеттерді өскелең ұрпақтың бойына сіңіріп, әр буын бірлікте алға басуына ықпал етті. Бүгінгі нарық қоғамындағы әке рөлін жоғарылату, қыздардың тәрбиесін күшейту, келіндердің отбасындағы орнын айқындау сияқты үлкен мақсаттарға да жол ашты. Сондай-ақ, облыстағы елді мекендерді аралап, «Жігіт сұлтаны», «Қыз сыны», «Бұзық бала қайдан шығады?», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің», деген сынды тақырыптар бойынша кездесу, ашық сабақ, тақырыптық көрмелер ұйымдастырды. Аталған бағдарлама облыстың аудан, қалаларындағы ардагерлер кеңесінің жанынан құрылған әжелер комитетінің жетекшілігімен жұмыс атқаруда. Сонымен қатар, осы бағдарламаны жүзеге асыруда облыстық ардагер әжелер комитетінің мүшелері Гүлжамаш Есенбаева, Қаншайым Сыдықова, Жамал Дәркембаева ауқымды еңбек етіп жүр.

– Басында осы шараны қолға алғанда: «Осы үлкендерге не жоқ, зейнетақысын алып, үйінде немересін бағып отырмай ма?» – деген ұстаздар да кездесті. Бірақ біздің бастамамыз жастардың жақсы жақтан қалыптасуына ықпал ете бастағанын сезінген соң қазір өздері шақыратын болды, – дейді апамыз.

Кейіпкеріміз «Ардагер әжелер» ансамблін құруға бір кісідей атсалысты. Әрине, аталған ансамбльге басында Алтын Бүркеева апамыз жетекшілік етті. Қазір сол ұжымның тізгінін Дина апамыз жалғастырып келеді.

– Алтын Бүркееваның тұсында ансамбльдің репертуарында 60-қа жуық туынды болатын. Оның ішінде қазақ фольклорлары, классикалық туындылардан Евгений Брусиловскийдің «Қыз Жібек» Мұқан Төлебаевтің «Біржан – Сара» операларының біраз бөлігін айтушы едік. Сонымен қатар, Шәмші Қалдаяқов, Нұрғиса Тілендиев, Әсет Бейсеуов қатарлы композиторлардың әндері де орындалатын. Бұрын тек әжелер ансамблі еді, бүгінде қатарымызға ерлер қосылып, аралас хорға айналды. Алдымызға академиялық хор құрамыз деген мақсат қойдық. Мен жеке дауыста орындаушыларға жауаптымын, Азат Құрсабаев хорды міндетіне алған. Ардагерлер кеңесінің 30 жылдығына орай есепті концерт беріп, облыстың аудан, қалаларын аралап, өнерімізді жұртқа көрсетіп жүрміз. Қазір «Біржан – Сара» операсының толық нұсқасын дайындаудамыз. Мерекелерге қарай тақырыптық туындыларды да орындайтын деңгейге жеттік, – дейді Дина Нұрғалиқызы.

Иә, өсер елдің өсиетін айтып, ұрпақты береке мен бірлікке ұйытатын осындай аталар мен апалары бар бүгінгі ұрпақ бақытты. Сондықтан, олар қандай да биік мәртебе мен атаққа лайықты деп санаймыз. Дина Нұрғалиқызы да атақ пен құрметтің талайын алды. Оның бәрі еңбектің, талпыныстың, жан аямай жүгірудің нәтижесінде келген марапат. Оның бәрін тізіп шығудың жөні жоқ шығар. Солардың ішіндегі Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері атанғанын, Қазақстан Республикасының 20, 25 жылдық мерекелік медалін, Республикалық ардагерлер кеңесінің 30 жылдық мерекелік медалін кеудесіне жарқырата таққанын, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі тарапынан «Еңбек ардагері» төсбелгісімен марапатталғанын айтсақ та жетеді. Сондай-ақ, Көксу ауданының, Талдықорған қаласының, Алматы облысының Құрметті азаматы. Бұл халықтың берген ең жоғары бағасы.

«Адам ұрпағымен мың жасайды» дегендей, Дина апамыз қоғамдық істермен қатар отбасының да берекесі мен бірлігін берік сақтаған асыл ана. Қажымұқан атамызбен нынтамағы жарасқан отбасын құрып, екі ұлы мен қызын тәрбиелеп өсірді. Бәрі еліміздегі және шетелдегі жоғары оқу орындарын бітіріп, ел үшін еселі еңбек етуде. Бес немере, төрт шөбересі де апасының жолын қуып, елдің мақтанышына айналарына сеніміміз кәмил.

Халқымызда «Көре-көре көсем, сөйлей-сөйлей шешен боласың» деген нақыл сөз бар. Дина апамыз Алматыдағы опера театрында жұмыста жүргенде бүкіл Қазақстанның түкпір-түкпірін аралап, көңіл көкжиегін кеңейтсе, Б. Римова атындағы драма театрын басқарып тұрған тұсында шетелдің біраз жерін аралап, таным аясын кеңітті. Міне, бүгін балалары мен келіндерінің әлпештеуінде әлемнің жақұтына айналған, мәдениеті мен өнері, ғылымы мен білімі өркендеген Еуропа, Шығыс Азия елдерін сапарлап, санасын сергітіп жүр. Демек, замандастарын ерекше болмысымен тәнті еткен Дина апамызға ел мен жер, келешек ұрпақтың бақыты мен болашағы үшін атқарған еңбегіңіз жемісін берсін деп тілейміз.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Кеген ауданы, Саты ауылында туып-өскен, қазіргі уақытта Іле ауданы, Жаңадәуір ауылының тұрғыны, Омарбек атамның қызы, асыл да аяулы әпкеміз **Дәмелі ТЕМІРҒАЛИЕВА** 16 ақпанда 70 жасқа толып отыр. Осы қуанышты күні сізге деніңіздің саулығын, шаңырағыңызға ырыс байлығын тілейміз. Әрдайым осы тыңғылықты да тындырымды қалпыңыздан танбай, туған-туыс алдында абырой-беделіңіз әрдайым артып, бала-шаға, немере-шөберелеріңіздің қызығына тоймай, мәртебеңіз биіктей берсін демекпіз.

Асулардан асуға өрлегенде,
Кез болды қиналған да, терлеген де.
Мерекелі мерейтой құтты болсын,
Жетпіске келген де бар, келмеген де.
Үлгі болды әрқашан көпке ісіңіз,
Болашақта баянды бақ құшыңыз.
Шын ниетпен тілейміз, құтты болсын,
Желбегей шекпен киген жетпісіңіз!

Нұрымыз да, жырымыз да тек сізсіз,
Бізге бақыт – 100 жасқа аман жетіңіз.
Бізге бақыт – күніміздей жарқырап,
Әр кез бізге жан шуағын төгіңіз!

ІЗГІ НИЕТПЕН: Темірғали және Омарбековтер әулеті.



Нарынқол ауданы, Сарыжаз ауылының тумасы, қазіргі уақытта Талғар қаласының тұрғыны, 2 баланың әкесі, 4 немеренің атасы, ардақты, ақкөңіл, адал жүректі, кеңпейілді құдамыз **СМАҒҰЛОВ Жеңіс Әбдіразақұлын** 23 ақпандағы 63 жасқа толу туған күнімен құттықтаймыз! Сізге зор денсаулық, мол бақыт, ұзақ ғұмыр, шаңырағыңызға шаттық пен мереке, дастарқаныңызға береке тілейміз!

Зейнет жасқа жетіп кепсіз зымырап,
Бірақ қимыл әлі жастай шымыр-ақ.
Еңбегіңіз зейнет болсын ендігі,
Әр күніңіз жайнап тұрсын жарқырап.

Армандар жетелейді тым алысқа,
Жүре бер ел-жұртыңа құрақ ұш та.
Шаңыраққа шалқыған шаттық келіп,
Басымыз қосылсын тек қуанышқа.

ІЗГІ ТІЛЕКПЕН ҚҰТТЫҚТАУШЫЛАР:
құда-құдағиларыңыз – **Қазыбек, Мәдениет, Жанат, Айсара**.



Кербұлақ ауданы, Аралтөбе ауылының тұрғыны, 2 қыз, 1 ұлдың аяулы әкесі, 3 немеренің атасы, ақкөңіл мінезді, жылы жүзді, өз ортасында беделді, жұмысына тыңғылықты, достарына адал, 10 жыл бірге оқып, қатар өскен ардақты досымыз **ТҰРЫСБАЕВ Мұқан Қатжанұлы** 17 ақпанда асқаралы 60 жасқа толғалы отыр. Осынау күні қаумалаған дос-жаран ағынан жарылып, ақ тілегін жаудырсын. Құдай қосқан қосағың **Ләззат** екеуің балаларың мен немерелеріңнің қызығын бірге көріп, үлкен бәйтеректей жапырақтарың жайыла берсін.

Қадірлі боп бар жұртқа, достарыңа,
Шығыпсың 60-тың да асқарына.
Ұлағатты ұл, ибалы қыз өсіріп,
Жетіпсің қазыналы шаққа мына.

Жүрегің, парасат нәр төгеді,
Абыройлы құрдассың мәртебелі.
60-тың да биігінен көріндіңіз,
Аралтөбенің тау тұлға, мәрт өрені.

Танымал, салиқалы сан қырыңыз,
Шуақ боп жылытты елді жан нұрыңыз.
Келесің барша жанға бақыт тілеп,
Бақ жұлдызын ұсынсын тағдырыңыз.

Армандар жетелейді тым алысқа,
Жүре бер, ел-жұртыңа құрақ ұш та.
Шаңыраққа шалқыған шаттық келіп,
Басымыз қосылсын тек қуанышта.

Мұқан,
Азаматтың тарланы едің,
Аймаңдай аруларды арманы едің.
О, досым, туған күнің құтты болсын,
Тойлайық құшағында туған елдің!

ІЗГІ НИЕТПЕН: достарың – Серік-Зауқия.




Алакөл ауданы, Көлбай ауылының тұрғыны **АСЫЛХАНОВ Досымбек Асылханұлы** 15 ақпанда алпыстың арғымағын ерттеп, мерейлі жасқа келіп отыр.

60 жас – адамның кемеліне келіп, алдыңғы толқын ағаларының ізін басып, кейінгі толқын інілері құрмет көрсетіп, ілтипат танытатын, ұл-қыз өсіріп, құда-жегжатты болып, немере сүйіп, өрісі кеңейіп, өркені өскен беделді кезең.

Алпысты алқымдаған әкеміз ұзақ жылдар малдәрігерлік саласында қажырлы қызмет атқарды. Өзінің ерен еңбегі мен тағылымға толы тәжірибесінің арқасында ауылдың дамуы мен қалыптасуына елеулі үлесін қосты.

Осындай мерейлі жасқа келген әкемізге тірлікте тұғырыңыздан таймай, әлі де талай асуларды табандылықпен алып, келер қиындықтарды қажырлылықпен жеңіп, алға қойған мұраттарыңызға сүрінбей жете беріңіз демекпіз. Асыл жарыңыздың, ұл-қыздарыңыздың қызығын молынан көріңіз, алып мәуелі бәйтеректей жапырақ жайып, өркендей беруіңізге тілектеспіз!

Құтты болсын қуанышты күніңіз,
Бақытты боп, шаттықта өмір сүріңіз.
Алпыстың да асқарына жеттіңіз,
Енді жүзге құлаш сермеп шығыңыз.
Береке күн нұрға толсын жүзіңіз,
Қуаныңыз, шаттаныңыз, күліңіз,
Бала-шаға қызығына кенеліп,
Ортамызда аман-есен жүріңіз!
Ізгілікті нұрын шашар маңайға,
Адамсыз ғой үлгі болар талайға.
Жақсылықты өзіңізден көп көрген,
Ұмытпайды туған-туыс қалайда!



Осы ретте өзіңізге шаттық, баянды бақыт, зор денсаулық тілей отырып, өмірдің барлық қуанышын қызықтап, несібе-дәулеттеріңіз арта берсін деп ақ тілегімізді білдіреміз. Ізіңізден ерген балаларыңызға, немерелеріңізге күн шықса көлеңке, жел соқса пана болыңыз. Денсаулығыңыз күйлі-қуатты, ғұмырыңыз ұзағынан болсын, көрер қуанышыңызды молынан сүйіндірсін.

ҚҰРМЕТПЕН: зайыбы, балалары, ағалары, әпкесі, қарындасы.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі

Меншік иесі: «Өлке тынысы» ЖШС

Директоры:
Мейрам ЖАНӘДІЛОВ
Директордың қабылдау бөлмесі: 40-20-71

Бас редактор:
Әміре ӘРІН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 2018 жылғы 22 қарашада тіркеліп, № 17368-Г куәлігі берілген.

Қабылдау бөлмесі — 40-20-64, бас редактордың орынбасарлары — 40-20-65, 40-20-67, жауапты хатшы — 40-10-30, бөлімдер — 40-00-98, 40-11-19, 40-00-15, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — 40-20-78, фототілшілер — 40-20-79, жарнама бөлімі — 40-20-69, 8 747 706 13 73, 8 707 846 56 81.
Алматы қаласындағы тілшілер қосыны — 279-13-37 (факс), 279-13-86, 8 747 688 17 41.
Меншікті тілшілер: Алакөл — 8-777-388-57-77, Панфилов — 9-12-27,Іле және Қапшағай қаласы — 8-777-016-44-11. Жамбыл — 8-701-254-97-55. Талғар — 8-701-400-28-49. Қарасай — 8-701-347-60-32. Еңбекшіқазақ — 8-701-212-00-96, Райымбек, Кеген және Ұйғыр аудандары — 8-775-323-08-50
Газет табыс етілмесе — 8 (7282) 30-69-47 телефонына хабарласу керек.

Кезекші редактор: Мұхтар КҮМІСБЕК

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.
Газет аптасына үш рет – сейсенбі,бейсенбі,сенбі күндері шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Эл. мекенжайымыз: www.7-su.kz
Эл. поштамыз: Jetisu2002@mail.ru

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы – Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс — 169
«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы — 35 695, оның ішінде «Жетісу» газетінің осы шығарылымының таралымы — 22 671. Индексі – 65469.

Еңбек – бәрін жеңбек. Әрбір еңбек бағалы! Біз еңбекқор ұлт болуымыз керек!

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
Қазақстан Республикасының Президенті



ЖӘЙБІЛІ саудадан тапты

Біз әдетте белгілі бір кәсіп ашу немесе ойлаған жоспарымызды жүзеге асыру үшін мол қаржы болуы керек деп ойлаймыз. Көп істі үкіметтің көмегіне сүйеніп тындырғымыз келеді. Бірақ бүгінгі таңдағы дүние экономикасын ұршықша үйіріп отырған талай бизнесменнің алғашқы қадамын қарапайым жұмыстан бастағанын ескермейтініміз анық. Айталық, бүгінде әлемдік миллиардерлердің көшін бастап отырған қытайлық «Әлибаба» компаниясын құрушы Ма Юуньнің жұмысын шалғай ауылда қаз-үйрек бағудан, Билл Гейтстің компьютер жөндеуден бастағанын біреу білсе, біреу білмейді. Олардың басқа миллиардерлерден айырмашылығы – жұмысты нөлден және қарапайым кәсіппен бастап, бәріне өздерінің күшімен қол жеткізгендігі.

Қажет АНДАС

Әрекет бар жерде берекет қашық емес. Қашаннан да солай. Дегенмен, нарықтық қатынас барысында күнбе-күн ізденіп, еселі еңбек етпей табысқа жете алмасың анық. Байқай білгенге, расында, қазір де жұмыстың көзі көп, бейнет ете жүріп дәулетін арттырудың жолы да сан тарау. Тек шыдамдылықпен ерінбей жұмыс істей білгеннің, бірге бірді жаңылыспай қоса алғанның бәсі артық. Сондай азаматтың бірі Талдықорған қаласының Еркін ауылында тұрады. Бүгінде саудасы кеңейіп, шаруашылығы ұлғая түскен Кенжебай Досымбеков осы нәтижеге жету үшін жиырма жыл бойы бір ғана тауар – адамдар күнделікті тұтынатын шұлық сатумен айналысты. Сол еңбегінен берекет тапты.

Әу баста оның үлкен саудамен айналысуына мүмкіндік болмады. Балалық шағы Кербұлақ ауданының Жоламан деп аталатын ауылында өткен оның жастық шағы тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қиын кезге тұспа-тұс келді. 1996 жылы әскери борышын өтеп, ауылына оралғанда тұралап тұрған тіршілікке тап келді. Кезінде мыңғырған мал өсірген ауылдың бар тіршілігі тұралап, ауылдастарының алдындағы азын-аулақ қой-ешкіге қарап қалғанын бірден аңғарды. Көп ойланбастан жалғыз сөмкесін арқалап Алматыға жол тартты.

Армия қатарында бір сапта тұрған жолдастары бұл кезде Алматыға келе бастаған еді. Бірақ олардың таңдаған жолдары әртүрлі болды. Бірі ірі компанияда күзетші болса, енді бірі көлік жүргізуші, тағы бірі әлдекімдерге қорғаушы дегендей, сан тарау жолмен нәпақа іздеп кетті. Кенжебай Жанатұлы болса алғашқы қадамын Алматының қайнаған ортасы барахолқа базарында жүк тасушы болып бастады.

Жүк тасушы болып істеген екі жылы көп нәрсеге үйретті. Бірақ тапқан табысы пәтер, тамақ, күнделікті тұтынудан аса бермейтін. Алайда, осы қадам оның келешек арманын орындауға мүмкіндік берді. Сауда деген құпиясы көп ғылымды сол ортадан үйренді. Адалдық болған жерде ғана саудадан болашақ табатынын, арамдық араласқан қандай ауқымды бизнестің де күйреп тынатынын өз көзімен көре жүріп, терең сезінді.

Екі жылдан соң азық-түлік өнімдерін өндіретін шағын кәсіпорынға жұмысқа тұрды. Бұл жерде ол өзінің болашақ зайыбы Зуһра Досымбековамен кездесті. «Бас екеу болмай мал екеу болмайды» дегендей, екі жастың тіршілік тынысы да ашыла түсті. Ақыры ұқыптап жинаған азын-аулақ қаражаттарын алып, 2000 жылы Талдықорған қаласына жол тартты. Жинаған қаражаттары шағын ғана екі бөлмелі жаздық үйді қоражайымен сатып алуға жетті. Дегенмен, бұл үй оған береке әкелді.

Сол жылдардағы Талдықорғанның жағдайын көргендер біледі. Онсыз да жұмыс табылмайтын қаладан тіршілік көзін табу оңай болған жоқ. Бір күні Алматыдағы танысынан қарызға бір қап шұлық алып, оны бүгінгі Қарағаш базарының алдындағы ашық жерде сатқаны есінен кетпейді. Сол күннен бастап оның саудадағы тіршілігі басталды.

Басында оның бұл тірлігіне күмәнмен қарағандар көп болыпты. «Шұлық сатып та ақша табуға бола ма?» деп сұрайтындар көбейген. Расында, былай қарағанда әр тауарынан бірнеше теңге пайда қалатын саудадан көп ақша табуға болмайтындай көрінеді. Бірақ кейіпкеріміздің сауда жайлы түсінігі бөлек.

– Біз кезінде төрт түліктің жайын жақсы білгенімізбен сауда жасаудың қыры мен сырын толық түсіне қоймадық. Еліміз нарықтық экономикаға көшкен кезде бұл жолға түсуге мәжбүр болдық. Алайда, басында көп адам сауда жасау үшін көп ақша, үлкен бизнес болуы керек деп есептеді де көзін жұмып бірден тәуекелге бел буды. Қатарымыздағылар соның салдарынан несиеге ұрынып, қолда барын жоғалтып алды. Мен басында кішігірім саудадан ұтылсаң да көп шығын көрмейсің деп қана ойлайтынмын. Алайда, сауданың үлкені болсын, кішісі болсын, бәрінің қиындығы мен құпиясының бірдей болатынын жүре келе ұғындым. Ең алдымен, адалдық, одан кейін тұтынушының сұранысы мен қажеттілігін сезіну қажет. Өзің жасаған ортадағы адамдардың қалауын түсінсең, тиыннан доллар жасауға болады екен, – дейді ол ағынан жарылып.

Расында, Кенжебай мен Зуһра басында қаланың әр бұрышындағы адам жиі жүретін жерлерде ала сөмкелерін арқалап жүріп шұлық сатты. Бірте-бірте қаржылары көбейіп, көкбазардан кішігірім дүңгіршекті жалға алып, кәсібін табандылықпен жалғастырды. Өзі айтқандай, адалдығы мен тұтынушының көңілін таба білгендіктен саудасының көлемі де өсе берді. Ендігі қадамда қолындағы қаржысын жиып-теріп «Мазда» көлігін сатып алды. Демалыс күндері қаладағы саудасына Зуһра ие болып, өзі жақын ауылдарды аралап сауда жасады. Сондай-ақ, ауылдағы жұмыссыз жүрген бауырларын шақырып әкеліп, қаланың әр тұсынан сауда нүктесін ашып беріп, оларды да саудаға бейімдеді.

– «Көңіл сыйысса бәрі сыйысады» деген рас екен. Сол жылдары аядай ғана екі бөлмелі үйде 7-8 адам тұрған кезіміз болды. Сол үйде Айдана, Әйгерім сынды екі қызымыз дүниеге келді. Қазір сол бауырларымыздың бірі көрші ауданда, енді бірі өз ауылында шұлық саудалап жүр. Былай қарағанда, шұлық бір ғана зат. Бірақ адамдардың талғамы әртүрлі. Жүре келе әр адамның, әр ауылдың, әр өңір тұрғындарының осы бір қарапайым тауарға деген талғамының әртүрлі болатынын түсіндік. Сондықтан сол ортаға үйлесетін тауарларды жеткізіп отырғандықтан, тауардың сапасы жоғары, бағасы қолжетімді болғандықтан тұтынушылардың қолдауына ие болдық. Егер әртүрлі тауарларды сатумен айналыссақ, мүмкін, тұтынушының талғамын бүгінгідей сезінбес те едік, – дейді Зуһра.

Иә, тұтынушыларының қатары артқан сайын саудадағы тәжірибесі де молыға түскен Кенжебай мен Зуһра адал еңбегімен тапқан қаржысының бір бөлігін саудаға жіберіп, қалғанын жиып-теріп бес бөлмелі үй тұрғызды. Ауылдағы анасы Нұрбике Бекмұхаметова мен інісі Жақсылық Досымбековті өз қолдарына алды.

Әкесі Жанат пен шешесі Нұрбике апамыздың да сүйегі асыл адам еді. Олар балаларын жастайынан еңбекші, адал, қайырымды етіп өсіруге барын салды. Нұрбике апамыз өмірінің соңғы он жылын Кенжебайдың қолында қам-қайғысыз өткізді. Інісі Жақсылықтың басын құрап келін түсіріп, өз алдына сауданың жолын үйретіп, бөлек отау етіп шығарды. Осы үйде Назарбай, Нұрғалым атты екі ұлы дүниеге келді.

«Өлі риза болмай, тірі байымайды» дегендей, жыл сайын ауылдың үлкендерін, өмірден өткен әке-шешесінің көзін көргендердің басын қосып, Құран бағыштап тұруды да дәстүрге айналдырды. Мүмкіндігінше қолында бар қаржысынан бөліп, кейбір жетіспей жүрген отбасыларға көмек көрсетумен де айналысады.

Қазір олардың көкбазардың сырт жағындағы дүкенінен адам аяғы үзілмейді. Бұл дүкеннің саудасын Зуһраға табыстаған Кенжебай соңғы жылдары «Досымбеков» шаруа қожалығын құрып, бұрынғы Жоламан ауылындағы әкесінен қалған меншік жерге інілерін ұйымдастырып, мал шаруашылығымен айналыса бастады. Жыл сайын мал төлдерін Еркіндегі үйіне әкеліп бордақылап, өсімтал түрін өсіріп, шаруасын шалқыта түсті. Қазір де орта мектептің жоғары сыныбында оқитын Айдана мен Айгерім демалыс күндері, жазғы каникул уақытында шешелеріне көмектесіп шұлық саудасымен айналысып, сауданың қыры мен сырын үйреніп жүр.

– Жиырма жыл осы бір ғана шұлық саудасымен айналысу отбасымды қаржылық тығырықтан алып шығуға сеп болды. Оның үстіне қазір бұл сауда біздің отбасылық меншікті жұмысымызға айналды. Балалар да қолы бос уақытында неше түрлі шұлық тоқып, өнерге бейімделе бастады. Барған сайын сұраныс та көбейіп келеді. Мүмкін болса, алдағы уақытта шұлық тоқитын арнайы цех ашып, оны кәсіпке айналдырып, балаларыма үйретсем деген ойдамын, – дейді саудагер жігіт.

Осындайда Абай атамыздың: «Шырылдауық шегіртке, ыршып жүріп ән салған. Көгалды қуып гөлайттап, қызықпен жүріп жазды алған», – деген өлеңі оралады. Шынымен, бүгінде әр шөптің басын бір шалып жүрген, тапқан дәнеңесі жоқ адамдар көп. Мол қаржымен лезде байып шыға келуді армандап жүргендер қаншама? Оларға Кенжебай мен Зуһраның көп адам көзге іле бермейтін қарапайым ғана саудамен тіршілігін дұрыстап, сонымен қатар, ұрпақтарына үлгі болар кәсіп көзіне айналдырған табандылықтары, адал терімен ақша тапқан ізгіліктері үлгі болса жарар еді. Айналамызда біз әлі байқай қоймаған, бірақ қол салып істесек ертеңгі үлкен табыстарға негіз болатын қарапайым жұмыстар жетерлік. Оған құлшыныс, ниет болғаны жөн.

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru
@Jetisugazeti

Jetisý

№48-50 (18758) 30 сәуір, 2020 жыл



◆ ҚАРЖЫ ӘЛІППЕСІ

Қарапайым халықтың қаражаттан қысылған уақытта барар жері – банк бөлімшесі. Ағайын-туғаннан қарыз сұрап, қарым-қатынасты құртқанша, мемлекетке қарыз болайын дейді. Қазір тіптен ұялы телефон арқылы да несиені рәсімдеуге болады. Көпшілігінің аса мән бермейтіні – пайызы. Жарнамадағы жылына 8 пайыздан деген-ге алданып, соңынан пайыздық мөлшерлемесі 30-ға жақындағанын білмей қалып жатады. Осы орайда пайыздық үстеме, ол неге байланысты бекітеледі, әр тұтынушыда әртүрлі ме деген сұрақ туындары сөзсіз. Көкейдегі сауалдарымызға жауап іздеп көрген едік. Сонымен...

ПАЙЫЗДЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ

Еңлік ҚАБДЕШ

НЕНІ БІЛУ КЕРЕК?

Жалпы пайыздық үстеме, жоғарыда айтқанымыздай, әр тұтынушыда әртүрлі. Ол біріншіден несие рәсімдеушінің, яғни, клиенттің атында қанша несие барына мән беріледі екен. Одан кейін барып айлықты қай банктен алады, несие тарихы қандай деген сауалдар төңірегінде анализ жасалынады. Осы орайда банк пайызына алданып қалмау жөнінде сала мамандарымен де тілдескен едік.

– Кейбір банктерден несие алсаң, алғаныңды пайыздық үстемесімен екі есе қылып қайтарасың. Аталған салада жүргеннен кейін «Home bank», «Kaspi bank» пайыздық үстемесі жоғары екенін байқадым. Мысалы, 500 мың алсаң, оның үстіне қоса 750 мың қылып төлейтін кездер болады. Барлығы пайыздық мөлшерлемеге байланысты. Ал кейбір банктің проценті төмен. «Сбербанк», «Forte bank» пайыздық мөлшерлемесі төменірек келеді. Клиенттің қай банкке барып қызмет алғысы келетініне де байланысты, – деген «Forte bank» банкінің облыстық филиалының Жеке сауда басқармасының бас кредиттеуші менеджері Санжар Өнербаев банктер арасында жүргізілген зерттеулерге тоқталды.

Оның айтуынша, «Kaspi bank»-тен 10 адам несие алып, оның 7 адамы төлемейді. Қалған 3 адам үстіндегі артық төлем арқылы төлемейтін 7-нің несиесін жауып отырады екен. Жоғары айтылған пайызы төмен деген банктің бірінен 2,5 млн. теңге несие алдыңыз. Оны 5 жылға ең жоғары пайыздық мөлшерлememен алдым дегеннің өзінде үстінен 1 млн. 900 мың шығады. Яғни, 2,5 миллионыңызды 4 млн. 400 мың қылып қайтарасыз.

– Банктердің тілімен айтсақ, «Зарплатный проект» деген ұғым бар бізде. Яғни, клиент өзі жалақы алатын банктен несие рәсімдейтін болса, пайыздық мөлшерлемесі аз. Ең жоғары дегенде 19 пайызбен алады. Жоғарыда айтылған 2,5 миллион бойынша есептеп көрейік. Жылдық мөлшерлемесі 19 пайызбен 5 жылға рәсімдедіңіз делік. Ай сайынғы төлем 66 мың теңгеден айналады. Егер, тура осы сома басқа банктен айлық алатын клиентке рәсімделсе, онда 25 пайызбен есептелінеді. «Forte bank» бойынша осылай. Басқа банктердің де «процентный ставкасы» шамалас, – деген банк қызметкері бұл пайыздық мөлшерлеме тек несиеге ғана байланысты екенін ескертеді. Ал депозиттің мөлшерлемесін Ұлттық банк бекітеді екен. Әр банктікі әртүрлі. Бұл туралы «Қаржы әліппесі» айдары аясында келесі жолы жан-жақты зерттейміз.

ҚАРЖЫ СӨЗДІГІ

Елімізде қазір әр екінші отбасы несие төлеп отыр. Қаншама адам төлемді кешіктіріп, басы дауға қалады. Банктер де үнемі жаңа маркетингтік әдістерімен түңілуге түрткі болуда. Кредит алғанда неге сақ болып, көңіл аудару қажет деген терминдерді топтастырып шықтық.

Қарыз алушы – кәсіпкерлік қызметке, тауар алуға, қызмет көрсетуге қатысы жоқ қарыз алатын жеке тұлға. Қарыз алушы банкпен несие шартын жасаған күннен 14 күннің ішінде қарызын алған күннен бастап есептелген сыйақыны төлей отырып, айыппұлсыз қарызды қайтаруға құқылы екендігін біле бермейді.

Төлем және төлем қабілеттілігі. Банкке бармас бұрын бағалайтын бірінші нәрсе – несиелік шарт емес. Ең бастысы – өзіңнің төлем қабілеттілігіңді түсіну! Ай сайын қанша сома төлеуге шамаңыз келеді? Мамандардың айтуынша, алатын несиенің төлемі отбасылық бюджеттің 20 пайызынан аспауы керек. Яғни, ол сіздің өмір сүруіңізге кедергі келтірмейді.

Кей кездері егер ай сайынғы төлем қарыз алушының табысының 50%-ына тең болса да, банк оң шешім қабылдайды. Бұл деңгейден шығуға жол берілмейді. Әуелі өз табысыңыз мен мүмкіндігіңізді бағалап барып, мойынға қамыт ілген дұрысырақ. Егер несие ұзақ мерзімді, ал сома үлкен болса, онда резервтік қор құрып, бірнеше төлемге жетерлік соманы депозитте ұстаған дұрыс. Кенеттен ауырып қалсаңыз, жалақыны кешіктіргенде қарызға белшеңізден батпау үшін сізде 3-4 айға жетерлік қор болады.

Сыйақы мөлшерлемесі. Біріншіден, жарнамаға мүлдем көңіл аударманыз. «Жылына 8%» деген керемет ұсыныстың астарында небір комиссиялар бар, ал іс жүзінде айырмасы одан да көп. Оны жоғарыда банк қызметкері де айтып өтті. Қарыздың нақты құнын көрсететін жалғыз көрсеткіш – жылдық тиімді сыйақы мөлшерлеме (ЖТСМ). ЖТСМ неғұрлым төмен болса, несие шарты да соғұрлым тиімді. Заң бойынша көрсеткіш міндетті түрде ескертпе мен келісімшартта көрсетіледі және 56% аспауы тиіс.

Несие мерзімі. Несие мерзімі көп болса, ай сайынғы төлем азырақ болады және үлкен сыйақы сомасы банкке ауысады. Шарттарды зерттеген кезде, кеңес берушіден әртүрлі мерзімдегі есептеуді көрсетіп беруін сұраңыз. Оны банктік онлайн-қызмет арқылы да жасап, қарауға болады.

Артық төлеу. Бұл қолыңызға тиген қаражаттан артық қанша ақша төлейтініңізді көрсететін сома. Несие алмас бұрын осыны есептеп алыңыз. Бұны несиелік онлайн-калькулятордың көмегімен жасауға болады. Ең бастысы – пайыздық шартты, комиссияны және т.б. төлемдерді дұрыс көрсету керек.

Кейінге қалдыру. Кешіктірілген күннен бастап 30 күн ішінде қарыз алушы банкке несие төлеуді кейінге қалдыру туралы немесе төлемді өзгертуге өтініш жазуға қақысы бар. Мәселені түсіндіріп, төлем қабілетсіздігінің себебін анықтайтын құжаттарды қоса беру керек. Дегенмен банк сіздің пайдаңызға шешім қабылдайды деп ешкім де кепіл бере алмайды.

Кепіл. Ол кез келген мүлік болуы мүмкін, сондай-ақ заттар мен мүліктік құқықтар. Ипотека – кепілдіктің бір түрі, мысалы, тұрғын үй кепіл ұстаушының иелігінде және пайдалануында қалады. Кепіл туралы келісімшарт міндетті түрде жазылады.

ҚАУІПСІЗДІК

Енді банк қызметін тиімді пайдаланып, кредиттік орға құлап кетпеу үшін мынадай қауіпсіздік шараларын сақтаңыз. Ең бірінші төлемдік қабілетіңізді және ай сайын қолыңыз қалтырамай төлей алатын соманы анықтап алыңыз.

Қолайлы сома – табысыңыздың 15–20 %. Мысалы, жалақыңыз 150 000 болса, ай сайын 30 000 төлеген қиын болмайды. Ал 50 мың болса, қиналып қалуыңыз әбден мүмкін. Ал мақұлданған жоғары төлем шамамен 75 000 болуы мүмкін. Бірақ, тосын жағдайларға жинаған қосымша ақшаңыз болмаса, бұған келіспеңіз.

Несие рәсімдегенде комиссияның мөлшерімен, сақтандыру және басқа да шығындармен танысыңыз. Ондай ақпаратты банк менеджерлерінен алуға болады.

Келісімшартты мұқият оқыңыз. Оның қосымшасын да асықпай, мұқият қараңыз. Кейде ондай шарттар банктің сайтында тұрады. Түсінбеген жерлерін кеңес берушіден сұраңыз.

Егер қарызды мерзімінен бұрын төлеуді жоспарласаңыз және бастапқыдан үлкен сома төлеуге дайын болсаңыз, онда (мүмкіндік болса) сараланымдық өтеу әдісін таңдаңыз. Сонда пайыз аз сомаға қосылады. Дегенмен оның айырмашылығын тек несие кезеңі ұзағырақ болған жағдайда білесіз, мысалы, бес және одан да көп жыл болса.

Несиені мерзімінен бірнеше күн бұрын төлеуге тырысыңыз! Көлік кептелісі, мереке күндері, жүйенің бұзылуы және т.б. сәтсіздіктер қырсыққанда тап төлем күніне сай келе қалатыны бар. Ал төлемді кешіктірсеңіз, ол жалпы сомаға және сіздің несиелік тарихыңызға теріс әсер етеді.

Егер сіз ипотека немесе ұзақ мерзімді несие алуға шешім қабылдасаңыз, депозитте бірнеше төлемге арналған қаражат сақтап қойыңыз. Бұл ақша қысылтаяңда сізді құтқарып қалады. Кредит төлеудің бүкіл кезеңінің қаржылық жоспарын жасап қойыңыз. Бұл қажетсіз зат сатып алудан, шығыннан сақтайды.



P.S: Өткен жолы «Қаржы әліппесі» несиені оңай жабу жолдарын зерттеген еді. Енді, міне, пайыздық мөлшерлемеге де назар аударыңыз. Банк те ақымақ емес. Ол да пайда тапқысы келеді. Ұттым деген сіздің ұтылып қалуыңыз ғажап емес.

Несиеңіз оңай төленсін!

◆ИМАНДЫЛЫҚ

ЕСБЕРЛІ БАБА есімі берілсе

Он мыңнан аса тұрғыны бар Талдықорған қаласының іргесіндегі Еркін ауылы кейінгі кезде көптеген жетістіктерімен ерекшелене бастады. Әрине, ол бірінші кезекте окург әкімдігінің қолдауы десек те бұған ауылдық ақсақалдар кеңесінің де көп септігі тигені анық.

Қажет АНДАС



– Осы бірнеше жылдың ішінде ауылдық ақсақалдар кеңесінің ұсынысымен Еркін ауылы мен Көктал елді мекенінде мешіт, жастар саябағы, ауылдық амбулатория, Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арналған ескерткіш бой көтерсе, жолдар жөнделіп, құбыр суы тартылып, ауылды газдандыру жұмысы қарқын алды. Сонымен бірге, ардагерлердің демеуімен көпбалалы, жағдайы нашар отбасыларға әлеуметтік көмек көрсету, тағы да басқа жұмыстар жалғасуда, – дейді Еркін ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Тортай Ізбасқанов.

Осы ретте Көктал ауылындағы хатымхананың ашылуына да ардагерлер мұрындық болыпты:

– Адам баласына өмірге келмек парыз болса, өлімнен де қашып құтыла алмайтының анық. Халқымызда тарихтан бері өлімді жөнелтудің, жетісін, қырқын, асын беру сияқты қалыптасқан дәстүрі бар. Қазір мұны көбіне ресторан мен кафелерде өткізуге бейімделіп алдық. Бірақ түнімен тойдуман өткен жерде осындай имандылық тазалықпен өтеді деуге келмейді. Оның үстіне қазіргі баға шарықтап тұрған тұста жақынынан айырылып, жаны күйзеліп тұрған жандардың қалтасына да аз салмақ түспейді. Биылғы пандемия жағдайында қиналып қалғандар аз болған жоқ. Сондықтан ауылдағы ақсақалдар кеңесе келе Көктал мешітінің жанынан хатымхана салып, жерлестерімізге жақсылық жасасақ деген ойға келдік. Сосын кәсіпкер азаматтармен хабарласа бастап едік. Есжановтар әулеті бұл міндетті өз қаржысымен салып беруге келісті. Міне, сол игілікті іс жүзеге асты, – дейді Еркін ауылының ақсақалы Мамай Нұрышов.

Дін тұрғысынан да көпір салып, ағаш еккен, мешіт тұрғызып, жұртқа қол ұшын берген істердің сауабы мол болады деп есептеледі. Осы тұрғыдан Есжановтар әулетінің ізгі ісіне алғыс айтпай тұра алмайсың. Ал хатымхананы өз қаржысымен тұрғызып, ауылдастарына сыйлаған жеке кәсіпкер, «Айгерім» шаруа қожалығының төрағасы Сүндетбай Есжанов:

– Хатымханаға бір уақытта 320 адам сияды. Өзім негізінен мал шаруашылығымен айналысамын. Түйе, жылқы ұстап, шұбат, қымыз сатамын. Ірі қара мен ұсақ мал өсіріп, оның игілігін көріп келемін. Байлық барлықта емес, өзім дегеннен гөрі ауылдастарыңның қиыншылығына көмектесіп, бір жағына шығысқаннан өзге қуаныш жоқ деп есептеймін. Басында Мамай Абайұлы бастаған ақсақалдар хатымхана салу туралы ұсыныс білдіргенде бірден келістім. Жарты жылдың ішінде салып бітірдім. Енді мұның ары қарайғы иесі Еркін ауылдық ардагерлер кеңесі болады. Ас өткізсе бір орынға 100 теңгеден төлейді. Ол қаржы осында жұмыс істейтін адамдардың еңбекақысы, су, газ, отын шығындарына жұмсалады, – деп ағынан жарылды.

Хатымхана ашылғанда аруақтарға Құран оқылып, ас берілді. Сонымен бірге, жуырда ғана облыс әкімі Амандық Баталовтың қолдауымен жарық көрген «Қадырғали би Қосымұлы Жалайыри» халықаралық қоғамдық қоры жанындағы редакциялық алқа ұсынған «Батыр бабалар ізімен» атты тарихи-танымдық жинақтың тұсауы кесілді. Мұқалы, Орақ батыр, Сыпатай батыр, Ескелді батыр, Қабан батыр, Балпық би, Тәттібай мерген, Есберлі би, Жолбарыс батыр, тағы да басқа бабалардың ерен ерліктері мен елдік жолындағы тағылымды істері жинақталған жинақ көпшіліктің қолына тиді. Кітаптың тұсаукесерінде ауыл ақсақалдары Көктал ауылына ел қорғаны болған Есберлі бабамыздың есімін беру туралы ұсыныс көтерді. Соңында бұл ұсынысты ауыл ардагерлері мен тарихшы-зерттеуші азаматтар бірлесіп талқылайтын болып тарасты.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ



JETILDIRILGEN ÁLIPBI жазуға қолайлы ма?

Тіл сарайында қазақ тілінің латын графикасына негізделген әліпбиі бойынша кейбір диакритикалық таңбаларды қолданудың ыңғайлы тұсын, қолайсыз жақтарын анықтау үшін сынама сабақ өтті.

Сынама сабақтың мақсаты – диакритикалық белгілердің жазылым мен оқылымдағы оңтайлылығын, артықшылығы мен кемшілігін анықтау, мамандарды жетілдірілген әліпби жобасымен таныстыру болды.

Алғашқы топ бойынша филолог мамандар, жалпы орта білім беретін мектептердің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері сынама сабақты тыңдады. Екінші топта бастауыш сынып мұғалімдері мен арнайы орта білім беру мекемелерінің оқытушылары, үшінші топта жоғары оқу орындарының оқытушылары мен «Тіл» оқу-әдістемелік орталығының оқытушылары, басқарма қызметшілері қатысты.

Әр топ бойынша 45 минутқа созылған сабақта жетілдірілген қазақ әліпбиінің құрамы таныстырылып, әліпбидегі әріптер атауы мен дыбысталуы үйретілді. Оқылым мен жазылым бойынша әр диакритикаға жеке-жеке тапсырма мәтіндері берілді.

Олар дауысты дыбыс таңбаларындағы (ә, ө, ү, ұ) әріпүсті (умлаут Ää, Öö, Üü; макрон Ūū) диакритикалардың жазылуы мен оқылуы бойынша, дауыссыз дыбыс «ғ» (бревис Ğğ) мен «ң» (тильда Ññ) таңбаларының жазылуы мен оқылуына қатысты тапсырмалар орындады.

Сол сияқты бұл сынама сабақта тек қазақ тіліне тән «ң» дыбысын таңбалауға қайсы таңба қолайлы деген сауал талқыға салынды. Қатысушылар (Ññ – тильда диакритикалық белгісі) және (Ŋŋ – халықаралық фонетикалық әліпбиде eng /ɛñ/ (эң) деп аталатын таңба бойынша өз нұсқасын таңдап, пікірлерімен бөлісті.

І. Жансүгіров атындағы ЖМУ оқытушысы, филология ғылымдарының докторы, профессор Мұратбек ИМАНҒАЗИНОВ кирилл таңбаларына икемделіп қалған алдыңғы буын үшін «ң» таңбасын «Ŋ ŋ» таңбасымен белгілеу ыңғайлы екенін жеткізсе, Жетісу мемлекеттік университетінің оқытушысы, қауымдастырылған профессор Гүлнар СЫРЛЫБАЕВА «и» және «і» әріптерін ажырату қиындық тудыратынын айтты.

Сабаққа қатысушылар өз пікірлерін қағазға жазып та қалдырды.

Сынама сабаққа барлығы 110 адам қатысса, олардың 67-сі «Ññ», 43 адам «Ŋ ŋ» таңбасын қолдады.

Әйгерім ИЕБЕКОВА

◆ХАБАРЛАНДЫРУ

2020 жылғы 27 қараша күні сағат 15.00-де облыстық С. Сейфуллин атындағы әмбебап кітапханасында облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің және облыстық халық шығармашылығы орталығының ұйымдастыруымен Елбасымыздың **«Рухани жаңғыру»** бағдарламасы аясында Тезек Төренің 200 жылдығына және оның ұлы, репрессия құрбаны Құдиярхан Тезековтың 170 жылдығына арналған облыстық жазба ақындар мүшәйрасы жеңімпаздарын марапаттау салтанаты өтеді.

Мәдени іс-шараны төмендегі әлеуметтік желілерден де көруге болады:

Инстаграмм парақшасы: **https://www.instagram.com/aocnt/**

Facebook: **Аохшо Аохшо**

Ютуб каналы: **https://www.youtube.com/channel/UCYhWuQXABiITQ7vuoapYiMw/featured**

КЕЛІҢІЗДЕР, КӨРІҢІЗДЕР!

◆БІЛІМ

ҰЙЫМДАСА БІЛГЕН ҰТАДЫ



Бірлік – философиялық түсінік негізінде «бүтін, қауым, толықтай сәйкес келу» деген ұғымды білдіреді. Мемлекет пен халық, мектеп пен оқушы, ұстаздар мен ата-аналар арасындағы байланыстың нығаюы ортақ құндылықтардың толықтай сәйкестігінен үйлеседі.

Бірлік – мемлекетіміздің бүгінгі даму кезеңінің басты үстемдігі болып табылады. Оның дәлелі ретінде Кеңес одағы кезіндегі ортақ тарихи фактілерде көрсетілген Қиыр Шығыс, Повольжье, Кавказ халықтарының Қазақстан аумағына қоныс аударылуымен атап кетуге болады. XX ғасырдың 30-40-шы жылдары қазақ халқы жер аударып келген басқа халыққа қолдау көрсетіп, туғанындай бауырына басты. Ғасырлар бойы қанға сіңген қазақ халқының қонақжайлық қасиеті тәуелсіз мемлекетіміздің бүгінінен де байқалады.

Елімізде жүзден аса ұлт пен ұлыс өкілдері жарасымды өмір сүруде. Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысы қарқынды жүзеге асуда. Халықтар арасындағы татулық, тұрақтылығымыз басқаларға үлгі боларлықтай. Оның үстіне республикамыз ТМД елдері арасында БҰҰ құрамына кірген алғашқы мемлекеттердің бірі. Тұңғыш Президентіміздің қаулысымен «Болашақ» халықаралық стипендиясы тағайындалып, дарынды жастарға шетелдерде білім алуға мүмкіндік ашылды.

Тәуелсіз елімнің жетістігі жетерлік. Мұның бәрі мемлекетіміздің тілдік, әлеуметтік, білім беру саясатының, тынымсыз еңбектің және де біздің әрқайсымыздың бейбітшілік пен келісімде өмір сүруге деген талпынысымыздың нәтижесі. Елімізде қазақ, орыс, ұйғыр тіліндегі мектептер, ұйғыр және неміс халқының ұлттық театрлары жұмыс істейді.

Бүгінгі күні мектеп алдында тұрған міндет – ұлтымыздың және мемлекетіміздің тарихи құндылықтарын сақтап, бүгінгі қол жеткізген артықшылықтарымызды ескеріп, жас мемлекетіміздің бірлігін нығайта отырып, жаңашылдыққа ұмтылу болып табылады.

Қазіргі өзгермелі уақытта заман талабы мен ағымын ескеру керек. Дүниежүзін жаулап тұрған пандемия және жалпылама жұмыссыздық қаулаған кезде халқымыз ауызбіршілік танытып, ел денсаулығын сақтауға арналған барлық шараны мүлтіксіз орындады. Мемлекет тарапынан әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен отбасыларға, әсіресе, балаларға баса назар аударылды. Көмекке мұқтаж оқушыларға Үкімет тарапынан компьютер, ноутбуктер берілді. Індетке қатысты мәселе халықтың бірлігін одан сайын нығайта түсті. Уақыт тағы да бір мәрте еліміздің ауызбіршілігінің мықты екенін дәлелдеді.

Бұл жағдайда мектеп қандай рөл атқарды? Жеке тұлғаның қалыптасуына негіз болып, құндылықтарды бала бойына сіңіретін мектеп десек, бүгінгі қашықтан оқу барысында да бұл мәселеге айрықша көңіл бөлінуде.

Тағы бір айтарлық жайт, ата-аналар қауымдастығының бала тәрбиесінде мектепке және ұстаздарға қолдау көрсетуі дер едік. Пандемия кезіндегі қашықтан оқыту мұғалімнің күнделікті еңбегінің бағасын арттырып, мәртебесінің қайта жоғарылауына септігін тигізді. Ата-аналар мен ұстаздар балалардың білім алуы және тәрбиесінде ынтымақтастық танытты. Осы бағыттағы жұмыстардың табыстылығын жағымды кері байланыс арқылы білеміз. Бұл ұстаздарды жігерлендіріп, жаңа жетістіктерге жетуіне ықпал етеді. Отанға деген құрмет сезімдерін, өткен тарихымызды жаңғырту, салт-дәстүрлерімізді сақтау мақсатында жарияланған Елбасымыз Н. Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ұсынылған «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласы бізді өткен тарихымызды білуге, жастарымыздың жаңа технологияларды қолдана отырып тарихи мұраларымызды сақтап, патриоттық тәрбие алып, алға жылжуға талпындырады. Жылдам дамып жатқан әлемде білім алумен қатар жаңашылдыққа құштар топта жұмыс істей алатын, орын алған өзгерістерге дұрыс көзқараспен қарай білетін жандар бағаланады.

Бүгінгі таңда әлем бойынша өзгеріске жетелейтін 4.0. бағдарламасы. Қазақстан да осы өндірістік өзгеріске белсене кірісті. Бұл тек біздің өндірісімізге ғана емес, экономикамызға, адамдар арасындағы қарым-қатынасқа да әсер етеді. Сонымен қатар болашақта автоматтандыру технологиясы еңбек нарығын түбегейлі өзгеріске ұшыратады. Мектеп оқушыларына кәсіптік бағдар беру барысында жаңа қазақстандық мамандықтардың Атласы таныстырылатын болады. Еңбек нарығындағы мамандықтардың Атласын құрастырған мамандар болашақта өзгеріске ұшырайтын 95, жойылып кететін 129, жаңадан пайда болатын 1239 мамандықты көрсетті. Біз үшін ең маңызды мәселе – әр баланың болашақта өз мамандығын дұрыс таңдап, қоғамның дамуына үлесін қоса білуі.

Мектеп, әсіресе, ауыл мектептері тек қана білім ошағы болып табылмайды, сонымен қатар ауыл тұрғындары үшін мәдени орталық саналады. Әлемде болып жатқан өзгерістердің ағымына ілесуге көмектеседі. Осы орайда мектеп пен мұғалім балалар мен қоғамның алға жылжуына септігін тигізіп қана қоймай, тарихтың жаңа беттерін ашуға ықпал етеді. Сонымен қатар рухани байлықтарды сақтай отырып, ғасырлар бойы қалыптасқан бірлігімізді болашақ ұрпаққа жеткізеді.

Айгүл МҮСЕКЕНОВА,
№23 орта мектебінің директоры
Мойнақ ауылы, Талдықорған қаласы

◆МАМАН МІНБЕРІ

Жемқорлық – мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу салатын, болашағына кесірін тигізетін дерт, індет іспетті болғандықтан онымен күрес бүгінгі күннің күрделі мәселесіне айналып отыр. Сыбайлас жемқорлықты түбегейлі жою үшін халықты құқықтық сауатсыздықтан арылтып, түсіндіру жұмысының сапасын арттыру маңызды болмақ. Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселенің бірі. Оны тіпті барлық ел азаматтарының борышы және адамгершілік міндеті деп білу керек.

ҚОҒАМ ДЕРТІ

Жалпы, сыбайлас жемқорлықпен күрестің тарихы тереңде жатыр. Оның пайда болуы алғашқы таптық қоғамдар мен мемлекеттік құрылымдар қалыптасқан уақыт қойнауына жетелейді. Адамдардың әлеуметтік жікке бөлінуі адамзат өміріндегі материалдық және құқықтық теңсіздіктің пайда болуына апарғаны белгілі. Соның салдарынан байлар мен кедейлер арасында жаңа қарым-қатынас пайда болды. Турасын айтқанда, тайпалық қоғам ішінде өктемдік жүргізуші топтардың көмегі мен рахымына ие болу үшін қарапайым халықтың сый-сияпат көрсетіп, тарту-таралғы жасауы үйреншікті әдетке айналды. Қоғамның даму сатысы биікке көтеріліп, мемлекеттің жетілу деңгейі өскен сайын бір кездегі қарапайым әдеттің мазмұны мен мәні өзгеріске ұшырап, қазіргі кезеңдегі келеңсіз құбылыс – сыбайлас жемқорлық деңгейіне ауысты. Яғни, сыбайлас жемқорлық тамырының терең жайылуы пайда табу мен баю үрдісіндегі еңбекті қанау және адамдардың құқықтарын шектеу деңгейінің өсуіне тікелей байланысты.

Қазіргі заманда орын алып отырған адамзаттың рухани құлдырау үдерісінен келешек ұрпақты сақтап қалудың жолын әлемнің екінші ұстазы, әйгілі данышпан бабамыз Әбу Насыр әл-Фарабидің өсиетінен іздегеніміз дұрыс. Ұлы бабамыздың осыдан мың жыл бұрын айтқан: «Адамға ең әуелі тәрбие бермей, білім және ғылым берсең, ол жүрген ортасына опат әкеледі» деген сөзі сыбайлас жемқорлықтың түптамыры дұрыс тәрбие берілмеуден басталатынын ұғындырады.

Соңғы жиырма жылдың ішінде сыбайлас жемқорлыққа қатысты жазалаулар әкімшілік деңгейден қылмыстың ең ауыр түріне теңестірілді. Соған сәйкес жемқорлыққа біршама тосқауыл қойылды. Бірақ түп-тамырымен жою мүмкін болмай тұр. Бұл бағытында барлық мемлекеттік мекемелерде қарқынды жұмыс жоспары жасалып, бұл індеттің таралмауына тосқауыл қойылып келеді. Оған облыстық мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті де өз үлесін қосып келеді. Атап айтар болсақ, биылға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы іс-шаралар жоспарына сәйкес, сәуір айында мемлекеттік қызметшілер арасында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» деген тақырыпта лекция оқылды. Мамыр айында облыстық "Jetisý" газетінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – заман талабы» атты мақала жарияланды. Маусым айында құқық қорғау органдары өкілдерінің қатысуымен сыбайлас жемқорлық фактілерінің алдын алу және жолын кесу мәселелері бойынша семинар өткізілді. Департаменттің құқықтық жұмыс бөлімі әр тоқсан сайын департамент ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізеді. Сонымен қатар, қазан айында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы облысы бойынша департаменті дайындаған «Antikor.Live» жобасында департамент басшысының орынбасары Нұрлан Мырзанов Facebook әлеуметтік желісі қолданушыларымен тікелей эфир арқылы кездесуі өткізді.

Жемқорлық деректері көбіне мемлекеттік қызмет саласында тіркелетіндіктен қазір мемлекеттік органдардағы үдерістерді, оның ішінде халықпен және кәсіпкерлермен қарым-қатынасын сандық жүйеге көшіру жұмыстары қолға алынып жатыр. Әлем елдері бұл індетпен күресу үшін жазаны күшейтіп, жалақы көлемін өсіріп, мемлекеттік қызметкерлер санын азайтып жатыр. Көршілес Қытай елі жемқорлыққа қатысы барларды өлім жазасына кеседі. Осылайша, жемқорлықпен күрес әлем жұртшылығы үшін басты міндеттің бірі болып отыр.

Жалпы, сыбайлас жемқорлықпен жеке күресу мүмкін емес. Онымен күресте кез келген орта пара беру мен пара алудың жолын кесуге бірлесе атсалысып, қоғам болып белсенділік танытуы қажет.

Айдана ӨМІРБЕКОВА,
облыстық мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің құқықтық жұмыс бөлімінің бас маманы

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі

Меншік иесі: «Өлке тынысы» ЖШС

Директоры:
Мейрам ЖАНӘДІЛОВ
Директордың қабылдау бөлмесі: 40-20-71

Бас редактор:
Әміре ӘРІН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 2018 жылғы 22 қарашада тіркеліп, № 17368-Г куәлігі берілген.

Қабылдау бөлмесі — 40-20-64, бас редактордың орынбасарлары — 40-20-65, 40-20-67, жауапты хатшы — 40-10-30, бөлімдер — 40-00-98, 40-11-19, 40-00-15, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — 40-20-78, фототілшілер — 40-20-79, жарнама бөлімі — 40-20-69, 8 747 706 13 73, 8 707 846 56 81.
Алматы қаласындағы тілшілер қосыны — 279-13-37 (факс), 279-13-86, 8 747 688 17 41.
Меншікті тілшілер: Алакөл — 8-777-388-57-77, Панфилов — 9-12-27, Іле және Қапшағай қаласы — 8-777-016-44-11. Жамбыл — 8-701-254-97-55. Талғар — 8-701-400-28-49. Қарасай — 8-701-347-60-32. Еңбекшіқазақ — 8-701-212-00-96, Райымбек, Кеген және Үйғыр аудандары — 8-775-323-08-50
Газет табыс етілмесе — 8 (7282) 30-69-47 телефонына хабарласу керек.

Кезекші редактор: Айдар ҚАЛИЕВ

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

«Jetisý» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.
Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Эл. мекенжайымыз: www.7-su.kz
Эл. поштамыз: Jetisu2002@mail.ru

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы – Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс — 1200
«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы — 27 496, оның ішінде «Jetisý» газетінің осы шығарылымының таралымы — 17 739. Индексі – 65469.

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

№142
(18850)

Jetisý

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Сейсенбі,
22 желтоқсан,
2020 жыл

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

www.7-su.kz

Jetisugazeti

Jetisu2002@mail.ru

◆СЕЛЕКТОР

МЕРЕКЕЛІК ТОЙ-ДУМАНҒА ТЫЙЫМ САЛЫНДЫ

ҚР Премьер-министрі Асқар МАМИН ҚР аумағында коронавирус инфекциясының таралуына жол бермеу жөніндегі ведомоствоаралық комиссияның отырысын өткізді. Селекторлық жиынға облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ қатысты.

Алма ЕСЕНБАЕВА

Комиссия отырысында еліміздегі санитарлық жағдайға орай қабылданып жатқан нақты шаралар туралы ҚР Денсаулық сақтау министрі А. Цой, дәрілік заттардың бағасына мониторинг жүргізу турасында ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің төрағасы С. Жұманғарин, сақтық шараларын қамтамасыз ете отырып, білім беру сапасын арттыру жөнінде А. Аймағамбетов, карантин шараларының сақталуын қадағалау бойынша Е. Тұрғымбаев баяндама жасады.

Алексей Цойдың сөзіне жүгінсек, еліміздегі коронавирус індеті жіті бақылауда. Жұқпамен ауырушылардың күн сайынғы өсімі 0,4 пайызды, вирустың репродуктивтілік көрсеткіші 0,9 пайызды көрсетуде. Инфекциялық төсек-орындардың толығуы 28, реанимациялық төсек-орындардың толығуы 20 пайызды құрауда.

Бес облыс вирустың таралуы жағынан қауіпті аймақ қатарында тұр. Келер жылдың қаңтар, ақпан айларында ЖРВИ және тұмаудың өршуіне байланысты коронавирус індетіне шалдығушылар қатарының көбею қаупі бар.

Індеттің таралуына жол бермеу мақсатында ведомствоаралық комиссия бірқатар шешім қабылдап, 25 желтоқсан мен 5 қаңтар аралығында ойын-сауық, спорттық және басқа да көпшілік іс-шараларға тыйым салуды жөн деп тапты. Бұл қатарға жаңа жылдық ертеңгіліктер мен мерекелік той-думандар кіреді. Халықтың дәрі-дәрмекке қолжетімділігін арттыру үшін ковидқа қарсы дәрілік заттардың бөлшек сауда желісіндегі бағасын орта есеппен 24 пайызға төмендету жайы да қарастырылды. Сондай-ақ, оқу сапасын қамтамасыз ету мақсатында қоғамдық пікірлерді есепке ала отырып, Білім және ғылым министрлігінің ұсынуымен оқу жылының үшінші тоқсанынан бастап мектеп бітіруші сыныптарда санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып аралас оқыту жүзеге асырылмақ. Демек, пәндердің 70 пайызы дәстүрлі форматта, 30 пайызы қашықтан оқытылады. Мұнымен қатар оқушылардың мектепте алуы тиіс білімін толықтыру үшін сабақтан тыс уақытта топта бес баладан артық болмауын қарастыра отырып, жеке кеңестер ұйымдастырылмақ. Жоғары оқу орындары мен колледждердің 1-курс студенттері үшін де аралас оқыту қарастырылған.

Үкімет басшысы облыс әкімдеріне өңірдегі эпидемиологиялық жағдайға орай қажетті шектеу шараларын қабылдау қажеттігін жеткізді. Қоғамдық орындар, мектептер мен балабақшаларды сапалы санитарлық тазалаумен қамтамасыз ету, вакцинациялық екпе салу бөлімшелерін дайындау қажеттігіне назар аударды. Ішкі істер министрлігіне әкімдермен бірлесе мерекелік және мерекелік емес күндерде де санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуын қамтамасыз етуді тапсырды.

◆ЖАЙДАРМАН

Кәкімжан Қазыбаев ауылында 50 орынды мектеп пайдалануға берілді. Өткен жылы ауыл азаматтары бас қосқан кезекті бір жиында көпшілік бірауыздан мектеп салуға шешім қабылдап, ортақ қор құрған болатын. Себебі, 1975 жылы салынған бұрынғы мектеп ғимаратының тозығы жеткендігі көрген жанның көңіліне кірбің түсіретін.

ЖАҢА МЕКТЕП ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Жылдан-жылға еңсесі түскен ескі үйдегі оқу орнының заман талабына сай жабдықталмауы көзге ұрып тұратын. Бастамашыл топтың айтылған сөздері жерде қалмай, 2020 жылдың жаз айларында болашақ мектептің қазығы қағылып, іргетасы көтерілген-ді.

Бір қабаттан тұратын жаңа мектепте 4 оқу кабинеті, үлкен зал және мұғалімдер кабинеті қарастырылған. Сондай-ақ, қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында 7 бейнебақылау орнатылған. Бүгінгі таңда білім ошағында 15 оқушы білім алуда. Ал 5-сыныптан жоғары оқитын оқушылар Бақалы ауылына тасымалданып, орта мектептен дәріс алады.

Аудан басшысы Талғат Қанатұлы ұлық мерекемен ауыл тұрғындарын құттықтап, салтанатты түрде мектептің лентасын қиып, қонақтармен бірге барлық кабинеттерді аралап, ауылмен бірге қуаныштың куәсі болды.

– Ауыл азаматтары мектеп салып береміз дегенде, былайша қысқа уақыт ішінде қолданысқа береді деп күткен жоқпыз. Енді жаңадан салынған мектебіміз жылы, жарық, барлық құрал-жабдықтармен қамтылған. Қуанышымызда шек жоқ. Біздің міндет – оқушыларға сапалы білім, тәлімді тәрбие беру үшін жұмыс істеу. Осы орайда жаңа мектепті салып берген барлық ауыл тұрғындарына, жалпы жомарт жандарға алғысым шексіз, – дейді мектеп меңгерушісі Қарлығаш Садыбаева.

– Бұл ауыл мемлекет және қоғам қайраткері Кәкімжан Қазыбаевтың туған жері. Алматыдан келе алмасам да ауылдастарымның қуанышын бөлісіп, мектеп кітапханасын толықтыруға үлес қосатын боламыз. Білім негізі шын мәнінде бастауышта қаланады. Осы тұрғыдан алғанда бұл мектеп талапты жастардың көкейіне сапалы білім нәрін құярына нық сенімдіміз, – деді қуанышты сәтті бізбен бөліскен Кәкімжан ағаның зайыбы, Қазақстан білім беру ісінің үздігі Орынша Қарабалина.

Болашақта мектепауласы қоршалып, абаттандырылып, шағын спорттық алаң және балаларға арналған ойын алаңқайын салу жоспарлануда.

Жомарт ИГІМАН
Сарқан ауданы

◆МАРАПАТ

ЕҢБЕКТЕРІ ЕЛЕНДІ



Талдықорған қаласындағы Ардагерлер үйінде "Қазақстан фермерлер қауымдастығы" облыстық филиалының ұйымдастыруымен өткен кездесуде адал тердің арқасында абырой тауып, ел-жұрт қиналғанда еселі еңбегімен демеуші болған, шаруасын шалқытып, жақсы көрсеткіштерге жетіп жүрген фермерлер марапатталды. Бұл ретте облыс бойынша марапатқа 34 фермер ие болыпты. Пандемиялық ахуалға байланысты Талдықорған қаласына жақын орналасқан аудан, қаладағы 18 фермерге марапатты "Қазақстан фермерлер қауымдастығы" облыстық филиалының төрағасы Ақшабай Керімбеков тапсырса, шалғайырақ тұратын шаруаларға жергілікті әкімдер табыс етті.

Қажет АНДАС

Марапаттау салтанаты басталмас бұрын "Қазақстан фермерлер қауымдастығы" облыстық филиалының төрағасы Ақшабай Керімбеков биылғы атқарылған жұмыстарды саралап шықты.

Оның айтуынша, ағымдағы жылдың 10 айының қорытындысы бойынша аймағымыздағы ауылшаруашылығының жалпы өнім көлемі 634,6 млрд. теңгені құрап, көрсеткіш 102,4 пайызға орындалыпты. Осының өзінен-ақ ағымдағы жылғы қиын жағдайда сала мамандарының қаншалықты тынымсыз еңбек еткенін көруге болады.

Карантиннің барлық ереже-тәртібін сақтай отырып, көктемгі егіс, күзгі жиын-терін жұмыстары сәтімен аяқталған. Өнімділік те жоғары деңгейде. Айталық, 650,9 мың тонна масақты дәнді дақыл, 115 мың тонна жеміс-жидек, 766 мың тонна картоп, 973,5 мың тонна көкөніс және 108,6 мың тонна бақша дақылы жиналған. Дегенмен, бірнеше аудандар көкөніс, кейбірінде жеміс жинау бойынша жоспардың толығымен орындалмай қалғаны байқалды.

Бір қуанарлығы, биыл қант қызылшасының шығымы тәуір болып, 550 мың тонна тәтті түбір жиналған. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 25 мың тоннаға артық. Мал мен құстың барлық түрінің басы орта есеппен 7,4 пайызға, ет пен сүт өнімдерінің көрсеткіші өткен жылмен салыстырғанда 3,2 пайызға артқан. Есесіне құс фабрикаларында құс басының азаюы, демеуқаржының болмауы және жемшөп бағасының өсуі салдарынан жұмыртқа өндірісі төмендеген.

Облыста бүгінгі таңда 70,2 мың басқа арналған 106 бордақылау алаңы, 25,7 мың басқа арналған 82 тауарлы-сүт фермасы жұмыс істейді. Биылғы жылы бірқатар бордақылау алаңы мен тауарлы-сүт фермасы жаңадан құрылыпты. Өңделген өнім экспорты 40 пайызға артқан. Дегенмен экспорт жоспарын орындай алмаған аудандар да бар. Жетістік пен кейбір олқылықтарды, орындалмай қалған жоспарларды салыстыра келгенде аймақ фермерлері биыл өздерінің алға қойған жоспарын жақсы көрсеткіштермен орындап шықты деуге болады.

Дей тұрғанмен фермерлердің шаруасын шалқыту үшін кедергі болып отырған жағдайлар да жоқ емес. Бұл туралы Ақшабай Дүйсенбекұлы:

– Атқарылған ауқымды жұмыстар мен орын алған қиындықтарды ескере отырып, республикалық фермерлер қауымдастығының төрағасы Ж. Дайрабаевтың атына фермерлердің жұмысына кедергі болатын мәселелерді жою мен Qoldau kz тарифінің пайыздық мөлшерлемесін көтермеуді, ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігіне импорттық ауылшаруашылығы техникасына кәдеге жарату алымын алып тастауды талап ететін хаттар жіберілді. Осы тұрғыда "Атамекен" ҚР ҰКП алаңында өткен республикалық фермерлер қауымдастығының бейнеконференциясында шаруалар өздерінің ұсынысын ортаға қойды. Пандемия басталған кезде аймақтағы фермерлерге ауыр тигені анық. Осы тұста облыстық филиал төрағасының орынбасары Алмасбек Садырбаев Парламент Мәжілісі депуттаттарына фермерлердің жанайқайын жеткізіп, "Жасыл дәліздің" ашылуына мұрындық болды. Бұл да жетісулық фермерлердің жетістігі. Облыс әкімі орынбасарының атына су мәселесін шешіп беру туралы, Ақсу, Сарқан, Қаратал, Көксу аудандарында қант қызылшасын өсіретін шаруашылық басшыларының өтініштері бойынша қант қызылшасының бағасын 20000 теңгеге көтеруге ұсыныс жасалды. Олардың бірқатары шешімін тапса, шешімін таппай тұрғаны да бар.

Аймақтағы фермерлердің бас ауруына айналған тағы бір мәселе – мал ұрлығы. Осы қиындықтан шығу үшін малға арналған отандық чип жасау жүйесін қолға алып, электронды сырға жасау өндірісін дамытып, спутниктік бақылау орнатуға арналған чиптер шығаруға бейімделген жөн. Алдағы уақытта осы бағытта жұмыс істейтін боламыз, – деп түйді сөзін.

Дүниені дүр сілкіндірген пандемияның салдарынан әлем экономикасының құлдырап қалғаны белгілі. Осы күрделі кезеңнен қиналмай шығу үшін мемлекет ауылшаруашылығына және осы салада еңбек етіп келе жатқан жандарға үлкен сенім артып, қолдау көрсетіп, жағдай жасауға барынша көңіл бөлуде. Биыл елдегі азық-түлік қауіпсіздігі мен ішкі тұрақтылықты сақтауда фермерлердің көрсеткен қажыры ересен. Сондықтан оларға жасалған қандай құрмет те көптік етпейді.

Әрине, олардың еңбегі ескерусіз қалып жатқан жоқ. Бұл реткі кездесуде зейнеткер Ғалым Тұрғанбаев, «Жетісу» ӘКК» АҚ-ның ауылшаруашылық технологиясының кеңесшісі Әбілхайыр Бексұлтанов, «Сариев» шаруа қожалығының басшысы Серік Сариев «Ауылшаруашылығы үздігі» төсбелгісімен, «Квитко» шаруа қожалығының жетекшісі Квитко Александр «Еңбек ардагері», 6 фермер «Құрметті ардагер» медалімен, 4 фермер Ауылшаруашылығы министрлігінің және 7 фермер «Қазақстан фермерлер қауымдастығының» Құрмет грамотасымен марапатталды.

Марапаттан кейін мінберге көтерілген Ғалым Тұрғанбаев пен Әбілхайыр Бексұлтанов өмірлік тәжірибелерімен бөлісіп, ауылшаруашылығы саласын дамытудың тетіктері мен фермерлер бетпе-бет келетін қиындықтар және оларды шешу жолдарымен бөлісті.

• *Бүгінгі нөмірде:*

ШОТЫҢЫЗДЫ БАҚЫЛАҢЫЗ
2-БЕТ

ҰСТАЗ БАҚЫТЫ
7-БЕТ

АҒАСЫ ЖАҚСЫ ҚАНДАЙ-ДЫ
8-БЕТ

СТАДИОН САЛЫНДЫ

Тәуелсіздік мерекесіне орай Қапшағай қаласына қарасты Шеңгелді ауылында жаңа стадион пайдалануға берілді.

Жаңа ашылған стадион Шеңгелді ауылында тұратын алты жүзден аса жастың спортқа деген құлшынысын оятып, мерейін асыра түсетіні анық.

Соңғы екі жылда Қапшағай қаласында спорттық нысандардың бой көтеруіне баса көңіл бөлініп, жергілікті бюджеттен 340 млн. теңге бөлінген. Бұдан бөлек, бұқаралық спортты дамытуға және бағдарламалар бойынша жыл сайын жиырмаға жуық мектеп ауласы мен балалар алаңдарын салу тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Қапшағай қаласындағы облыстық балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт мектебінде спорттың 15 түрі бар. Онда 1380 спортшы шұғылданады. Олардың бүгінгі таңда көрсеткіштері көңіл көншітерлік. Бокс, күрес, футбол түрлерін былай қойғанда, көпшілікке таңсық желкенді қайық спортының жеткен жетістіктері мақтанышпен айтарлықтай. Ірі халықаралық жарыстарда орын алып, сәтін салса, Олимпиададан да қазақтың ақ желкенін көріп қалу ғажап емес.

Олай болса, мерекеде лентасы қиылған жаңа стадион да болашақ чемпиондардың баспалдағы болатыны сөзсіз.

Әмір САНА

◆ІНДЕТ

САҚ БОЛСАҢ – САУ БОЛАСЫҢ

Әлемді әбігерге салған «COVID – 19» індетінің екінші толқыны шартарапты шарлап жүр. Осы орайда өңіріміздегі ірі өңір – Қарасай ауданының қауіпті дертпен күресуге дайындығы қаншалық? Аудандық ауруханының директоры, медицина ғылымдарының докторы, профессор Мәулен Малғаждаровпен әңгімеміз де осы тақырыпта өрбіген.

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

«Жалпы ауданды алар болсақ, бізде бүгіндері 1983 медицина қызметкерлері халыққа қызмет көрсетуде, – дейді Мәулен Сансызбайұлы. – Қаскеледегі ауданаралық көпсалалы аурухана, перзентхананы қоса есептегенде 455 төсекке арналған. Мұнда қатерлі індетке қарсы сақтық шараларын сақтай отырып, қалыпты медициналық қызмет көрсету жалғасуда. Ал коронавирус инфекциясымен күресуді жақсарту мақсатында Шамалған ауылындағы 50 науқасқа арналған аурухананы 200 орынды провизор орталығы етіп қайта жабдықтадық. Облыс әкімдігі мен денсаулық сақтау басқармасының көмегімен бұл ауруханаға оттегі стансысы қойылып, 18 қарашадан бастап жұмыс жасай бастаған. 50 төсекке жеткізілген түтікшелер арқылы ауруларды тікелей оттегімен тыныстандыруға мүмкіндік алдық. Бұл дегеніңіз үлкен көмек».

Коронавирус инфекциясының алғашқы толқыны кезінде дәрі-дәрмектің тапшылығы сезіліп, мемлекет тарапынан шұғыл қадамдар жасалғаны жадымызда. Осы орайда, қарасайлық дәрігерлер медициналық препараттардың сенімді қорын қалыптастырып үлгеріпті. Бүгіндері инфекцияға қарсы дәрі-дәрмектің екі айлық қоры, жеке қауіпсіздік құралдары мен бетперделер қоймаларға жеткізілген. Өкпені жасанды тыныстандыру қондырғыларының саны 29-ға жеткен. Жуырда облыстық әкімдіктің қолдауымен ауданға екі «Жедел жәрдем» көлігі мен ішінде зертхана, ультрадыбыстық аппарат, өзге де құралдар орнатылған автобус қоса берілді.

Қарасайдағы 100 науқасқа арналған жұқпалы аурулар емханасы коронавирус індеті жайлаған кезде үлкен жұмыс атқарғаны белгілі. Бұл жерге төңіректегі аудандардан «COVID – 19» індетін жұқтырғандар жеткізіліп, індетпен нәтижелі күрес жүргізілген болатын. Бүгіндері мұнда коронавирус жұқтырғаны расталған 14 адам ем қабылдауда.

– Біз әлемдік өркениеттің бір бөлшегі болғандықтан жұқпалы аурулардан да мүлдем оқшаулана алмаймыз. Жоғарыда айтқан 14 адамнан басқа, провизор орталығында 41 науқас ем қабылдауда. Ал, олармен қарым-қатынаста болғандар үйлерінде оқшауланып, дәрігерлердің бақылауына алынған. Біз «COVID – 19» індетінің екінші толқыны есігімізден енгенін анық сезініп отырмыз. Сондықтан індеттің алдын алу шараларына аса мән беріп, көп болып күресу қажет, – дейді Мәулен Сансызбайұлы.

Көп болып күресу демекші, коронавирусты таратпаудың ең сенімді жолы – адамдармен қарым-қатынасты мейлінше шектеу екені жұртқа мәлім. Өкінішке қарай, тұрғындар осы қарапайым шартты сақтауға енжарлық танытуда. Көшелерді былай қойып, қоғамдық көліктерде, адамдар көп шоғырланған жерлерде жеке қорғану құралдары – бетперде мен қолғапты пайдалана бермейді. Оларды қадағалайтын мобильдік топтарды да еш жерден ұшыратпадық. Ал автобус жүргізушілері, қызмет көрсету саласының жауапты адамдары ескерту жасап, тәртіпке шақырмайды. Қарасайлық дәрігерлер індетті жұқтырғандарды аман алып қалуға бар күштерін салары анық. Алайда, олардың жұмысын жеңілдетіп, өз денсаулығымыз бен өмірімізді қорғау өз қолымызда екенін де ұмытпағанымыз жөн!

Қарасай ауданы



◆КЕЛБЕТ

Туған жердің түні де ыстық, күні де ыстық. Бұрынғының адамдары «Әркімнің өз туған жері Мекке шаһары» деген екен. Сол айтпақшы, кезінде Үш қамау атанған айдынды Балқаштың сонау бір түкпірінде жатқан, қасиет дарып, ырыс қонған Қарой топырағында жарық дүниеге келген ауылдастарымыздың арасынан есімі елге әйгіленіп, берісі аудан, арысы облыс, республика көлемінде жақсы жақтарымен аты шығып, «Шіркін қаройлықтар-ай» дегізіп жүрген ардақты бауырларымыздың көптігіне шүкір етіп, мақтан тұтамыз. Біз сол азаматтармен мақтанамыз.

ӨЗ ТУҒАН ЖЕРДІҢ АРДАҒЫ

Туған ауылымыздың сондай ардақтыларының бірі үстіміздегі жылдың желтоқсан айының басында жетпіс деген желкенді жасқа келіп отырған Халықаралық Жазушылар одағының, Әлем халықтары Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстанның Құрметті журналисі, Іле ауданының Құрметті азаматы Шынәділ Мұқанұлы ағамыз десек артық айтпаспыз.

Жетпіс жасқа Алланың әр пендесі әртүрлі жолмен жетеді десек, біздің Шынағa алпысынан ойнақтап өтіп, жетпісіне асықпай-аптықпай, мағыналы ғұмыр кешіп, көп іс тындырып жетіп отыр деп нық айта аламыз.

...Бәрі де сонау алыста қалған балалық қиял, қол жеткізбес арманнан басталған. Ол жазу деген құдіретке сол бала кезінен ынтық болды. Келе-келе бұл құштарлық мектептің қабырға газетінен бастап аудандық газетке шағын мақала, жұп-жұмыр суреттемелер жазуға ұласқан еді. Тырнақалды туындысы – екі шумақ өлең мен шағын мақаласы аудандық газет бетінде алғаш жарық көргендегі қуанышы күні бүгінге дейін жадында.

Мектепте үздік оқыды. Қоғамдық жұмыстарға белсене араласатын. Оның үстіне өзінің не нәрсені де тез үйреніп ала қоятын тамаша қабілеті түрлі музыкалық аспаптарды әп-сәтте игеріп алуына көп көмегін тигізді. Мектеп көркемөнерпаздары үйірмесінің белсенді мүшесі болды.

– Маған математикадан сабақ берген Битай тәтей: «Шынәділ, сен түбі мықты математик боласың, себебі математикаға деген ынтаң, қабілетің күшті» десе, қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ беретін Таутай ағай: «Сенен мықты әдебиетші шығады. Осы қарқыныңнан тайма» деуші еді, – деп еске алады Шынағаңның өзі. Осылайша мектеп қабырғасында жүрген кезінен-ақ барлық пәндерді жетік меңгеріп, қатарларының алды болған бұған ұстаздарының үлкен сенім артқаны үлкен демеу болды.

Ол мектеп бітірген соң математиканы да, басқаны да қаламай өзінің көкірегіне бала кезден ұя салған арманы – журналист болуға белін бекем буды.

Мен 1974 жылы ауданымыздың айнасы, аптасына үш рет шығатын «Балқаш еңбеккері» газетіне фототілші болып қабылданғанда газет редакторының орынбасары марқұм Ертай аға Дәуренбеков: «Бұл біле білген кісіге оңай жұмыс емес. Менмін деген мықтылардың бәрі журналистикадағы алғашқы қадамдарын осы фототілшіліктен бастаған. Ана сенің ағаң Шынәділ де алғашқы еңбек жолын осы фототілшіліктен бастады. Бүгінде редакциядағы мықты, айтулы журналистердің бірі», – деп батасын берген болатын.

Аудандық «Балқаш еңбеккері» газетіне алғашында фототілші болып жұмысқа алынған Шынкең үнемі өсу, өрлеу үстінде болады. Айналдырған екі-үш жыл ішінде тілші, аға тілші, бөлім бастығына дейін жоғарылайды. Тек жазумен ғана іс бітпейтінін түсінген ол өз білімін көтеру мақсатында сол уақыттағы еліміздегі жалғыз университет – Қазақтың С.М. Киров атындағы университетінің журналистика факультетінің сырттай оқыту бөліміне құжат тапсырады. Әскерден келе сала үйленген жас жігіт жоғарғы білімді сырттай оқып алуға бел байлайды. Қызметпен білімді ұштастыра білген ол үнемі ізденіс үстінде болды.

Ол кезде редакция ұжымы да мықты еді. Кілең сайдың тасындай іріктелген, бірі ақын, бірі прозаик, бірі сыншы дегендей, «сен тұр, мен атайын» дейтін марқасқалар болатын. Бәріміздің ұстазымыз болған Есімқұл аға Ысқақовтан бастап әңгіме, повестердің майын тамызып тұрып жазатын прозашы Ертай Дәуренбеков, аудандық халық театрының негізін қаласқан өнер шеберлері, екеуі де домбыраның құлағында ойнайтын, жазған сындары мен мақалалары мірдің оғындай болып бағыттаған жерлеріне дәл тиіп жататын бірі ақын, бірі әнші Сайлаубек Байдүйсенұлы мен Зекен Әбілдаұлы, бірнеше жыр жинақтарының авторы, суырыпсалма айтыскер ақын Нұрсапа Аманжолов, тіршілігінде отыздан астам жыр жинақтары жарық көрген, өлең-очерктің майталманы болған Оразбай Мұсаұлы, очеркист Сейілхан Сайлаубайұлы, сын садағын шірене тартатын сатирик Мұқаш Садықбайұлы секілді ағаларының ортасында Шынкеңнің де жаман жазуға қақысы жоқ еді. Бұл ағалармен қатар өзінің қатар құрбылары Бейсенбек Қожабаев, Омархан Құлахметов, Жанымгүл Ташкенбаева, Зинат Қиқымбаевалармен де бірге жүріп, қызметтес болды. Бұлар да әріптес бола жүріп қиналғанда қол ұшын берер, қуанғанда қуанышына ортақтаса білген арқасүйер азаматтар еді.

Шынкең газеттің жауапты хатшысы болып біраз жылдар қызмет істеді. Макет сызу – бір машақат. Журналистер жазып берген материалдарды жұтындырып, әр бетке орналастыру айтуға оңай. Ал, макеттің жілігін шағып, майын ішкен Шынкеңе бұл қиын дүние емес. Әп-сәтте тілшілерден түскен материалдарды ойнатып, бірінші қабаттағы газет беттеуші Зина Фрейтах апайы мен Зина Ахметова апайының қолына ұстата қояды.

Ол кездегі баспахананың жұмысы бүгінгідей емес, өте ауыр. Бәрі де қолмен атқарылады. Ертеден қара кешке дейін бір бітпейтін шаруалар. Баспахана мен редакцияның дәнекері осы жауапты хатшы. Арада корректор, қырағы көз Кәдірбала Сейітханова мен машинистка Күлән Сыдықованың да жұмысын қадағалап, бағыт-бағдар беріп кетуге де уақыт тауып жатады. Шынкең бұл қызметті де абыройлы атқарып, бірер жылдан соң газет редакторының орынбасарлығына жоғарылатылды.

Бас редактордың орынбасары қызметін ұршықша үйіріп жүрген жерінен аудандық партия комитетінің ұсынысымен аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі деген, сол кездің дәрежесімен үлкен қызметтің тізгіні сеніп тапсырылды. Ауданның мәдениет саласына басшылық ететін бұл лауазым атағы дардай болғанымен шатағы қатар жүретін, абыройы да аздау, істеген еңбегің көп елене бермейтін ауырлау қызмет еді. Сол кездерде де үкімет мәдениет саласын жарытып қаржыландырмайтын. Сонда да болса ол өзінің ұйымдастырушылық қабілеті мен іскерлігін ұштастыра біліп, кері кеткен ұжымның жұмысын бері тартып, азғана жылдар ішінде бөлім жұмысын жолға қоя білді. Тоқырап қалған халық театрының жұмысы қайта жанданып, театр сахнасында жаңа туындылар қойыла бастады.

Отбасылық жағдайымен кейінірек Балқаш ауданымен көршілес Күрті ауданының орталығы – Ақши селосына қоныс аударды. Көршілес Күрті ауданында істеген жылдарына кеңінен тоқталып жатпайын, оның өзі бір кітапқа жүк болатын дүние. Және Күртідегі өмірі туралы Шынкеңнің өзі де алда айтылар кітабында мөлдіретіп жазды да. Сондықтан оны қайталап жатудың реті жоқ деп ойлаймын.

Алғаш Тоқаш Бокин атындағы совхозға бригадир болып жұмысқа тұрғанда сол кездегі совхоз партия комитетінің хатшысы Серік Әбікенұлы Үмбетов Шынкеңнің идеологиялық саладағы ұйымдастыру қабілетіне тәнті болып, өзіне партия кабинетінің меңгерушісі етіп шақырғанын айтсақ та жеткілікті. Беріректе Шынәділ Мұқанұлының сол шаруашылықта бірге қызмет істеген жайсаң жандар туралы баяндайтын «Күрті, кеңшар және біз» деген кітабының жарық көруіне тікелей мұрындық болып, ой тастап, демеушілік жасаған да ұзақ жыл облысымызды басқарған дара тұлға Серік Әбікенұлы болатын. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген осындайда айтылса керек.

Ол зейнетке шыққан соң да қол қусырып қарап отырмады. Үйде бос қарап отыру табиғатына жат ағамыз алдымен Ақши ауылдық ардагерлер кеңесінің жұмысына белсене араласты. Ауылдағы жұмысы аудан көлемінде жалғасын тауып, Іле аудандық ардагерлер кеңесінің белді бір мүшесі ретінде қашанда аудан өмірінде болып жатқан әдеби-мәдени шаралардың бел ортасында жүреді.

Шынкең ұзақ жыл журналистік қызметте, басқа да салада еңбек ете жүріп жанына өлеңді серік еткен жан. Алғаш өлеңдері «Алматы ақшамы» газетінде жарық көргенде елең етіп, тұшымды өлеңдердің жалғасын күткенбіз. Ондай өлеңдер Шынкеңде бар болып шықты, көп болып шықты. Көңіл толқындарын жыр жолдарымен әсем өре берген екен. Соның айқын куәсіндей Алматыдағы баспалардан әр жылдары жарық көрген «Көңілім – өмірім», «Өмір жыры, көңіл сыры», «Кербез көңіл, кемел кез», «Сүмбіле», «Өліара» атты өлең жинақтары біздің сөзімізге дәлел болып тұрғандай.

Сөз ортасында біздің ағамыз сегіз қырлы, бір сырлы, өнердің кез келген саласында суда жүзген балықтай еркін жүзеді деп атап кеткен едік. Соның жарқын бір мысалы ағамыздың өз өлеңдеріне ән жазатын сазгерлік қабілеті дер едік.

Сазгер болу да Алланың берген бір қасиеті шығар, десе дағы «Әннің де есері бар, естісі бар» дегендей, жаныңнан шыққан әнің ел құлағына жетпей, айтылмай жатса оның несі ән? Ал, Шынкеңнің жан түкпірінен суырылып шыққан әндерін республикаға танымал әншілер орындап, елге кеңінен танытып, таратып жүр.

Шынкең осы уақытқа дейін отыздан астам ән жазған екен. Солардың басын қосып баспадан «Көңілді әуен» және «Іленің сырлы кештері» деген екі әндер жинағын нотасымен шығарды. Бұдан басқа да оның қаламынан туындаған ой-толғамдары, публицистикалары мен жолжазбалары, туған жер, Отанға, досжаран, ағайын-туысқа арналған шығармаларының басы біріктіріліп, өз оқырманына «Бәріне куә, бұл ғұмыр», «Күрті, кеңшар және біз», «Керуен ғұмыр» деген атпен жеке-жеке кітап болып жол тартты.

Жетпіс деген ақсақалдық жасқа жаңа жетіп отырған жанға бұл аз ба, көп пе, білмеймін, бірақ осынша қыруар жұмыс атқарғанына мына біз куә. Ол аз десеңіз үш бірдей ұлды өмірге әкеліп, тәрбиелеп өсіріп, олардан бірнеше немере сүйіп, аяулы ата атанып, артына ұлағатты ұрпақ қалдырып отырғаны тағы бар.

Данагөй Хокусай «Жетпіс жасымда көркемдіктің биігіне жаңа шықтым» деген екен. Жетпісінде де қолынан қаламы түспей, өзінің ойлы да салиқалы өлеңдері, әсем әуендерімен елін қуантып келе жатқан Шынәділ Мұқанұлына алда келер сексенінде де осы қалпыңыздан таймаңыз деген тілек айтқымыз келеді. Тақырыптың тұздығына орай Төлеген ақынның әйгілі бір өлеңін сәл-пәл өзгертіп:

«Мен туған жердің ардағы,
Жарқылдап жүрген,
Жақсы ағам,
Ризашылығым бар-дағы,
Тағатын кінәм жоқ саған»

деген тұжырыммен осы аздаған дүниемді түйіндесем деймін.

Сағидолла СИҚЫМБАЙҰЛЫ,
Қазақстанның Құрметті журналисі, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының иегері

◆РУХАНИЯТ



Сүйінбай атындағы облыстық филармониясының ғимаратында "Мен ішпеген у бар ма?" қойылымы көрерменге жол тартты. Сарқан ауданының өнерпаздар театры ұлы Абайдың 175 жылдық мерейтойына арнап аталмыш қойылымды сахналап, халық театры атағын қорғады.

МЕН ІШПЕГЕН У БАР МА?

Қойылым алдында баспасөз конференциясы өтті. Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Мәрлен Көлбаев журналистермен болған басқосуды жүргізіп отырды. Ол хакім Абайдың шығармалары қазақ елінің жауһары екенін атап өтіп, данышпан өмірі өркениетке бет алған елге ұлы өнеге екенін жеткізді. Өз кезегінде облыс орталығына арнайы ат басын бұрған зиялы қауым өкілдерімен таныстырып өтті. Театр және кино актері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Сарқан аудандық театрының директоры Саят Мерекенов, Сарқан ауданы әкімінің орынбасары Ғалымжан Маманбаев және ақын, аудандық газеттің бас редакторы Жомарт Игіман баспасөз мәслихатында сөз алып, театр тіршілігі, қойылымның жай-жапсары туралы тебіреніп, белгілі ақын Иран-Ғайыптың «Мен ішпеген у бар ма?» спектаклі туралы журналистердің сауалына тұшымды жауап берді.

Айта кетейік, Сарқан аудандық өнерпаздар театры 2014 жылы Мәдениет үйі жанынан құрылған болатын. Бүгінде театрда 17 әртіс өнер көрсетсе, репертуарында "Төрт кемпір, бір шал", "Күйеуіңізді сатыңызшы", "Батыл көжектер", "Пай-пай, жас жұбайлар", "Мен ішпеген у бар ма?» қойылымдары бар.

«Мен ішпеген у бар ма?» қойылымында салалы саусағына қауырсын қалам қыстырып, қазақ қоғамына жас жүрегімен үн қатқан, әдебиет пен адамзат тарихына дендеген Абайдың жастық шағы суреттеледі. Елдегі әділетсіздік, әлсіздерге қатыгездік, қараңғылық және озбырлық тақырыптары ақын жүрегін ауыртады. Дегенмен, қойылымдағы басты кейіпкер Құнанбай Өскембайұлы болды. Қара күштің иесі, асқан дәулеттің қожасы, парасаттылықтың биігі саналған Құнанбай өз ұлының ізімен жүретініне үлкен үміт артты. Бірақ Абай әкесіне қарама-қарсы болды, кеңжүректілігімен әрдайым дала билігіне, озбырлыққа қарсы шықты.

Әкесі мен ұлының арасындағы қарама-қайшылық бүгінгі күнмен де астасып жатқаны анық. Алайда Құнанбай мен Абай арасындағы айтыс-тартыс – парасаттылықтың шырқау шегіндегі, ұлт жолындағы елдік пен ерлік тұрғысындағы қарама-қайшылықтан туған талас еді. Абай озбыр күштің қаймана жұртқа өктем болуына тіс қайрады. Ақылмен, Жаратқан берген бойдағы дарынмен шенді-шекпендіні сыбап, жырмен айшықтап, әлсіздерге болысты. Міне, қойылымның басты мазмұны осы. Туынды көпшіліктің көңілін көкжиекпен астастырғандай болды.

Тарихи драма жоғары деңгейде сахналанды. Абай өмірі мен қоғамы театр тілінде сөйледі. Көрермен өткенге еріксіз саяхат жасап, ғажайып әсерге бөленді. Қойылым соңында сарқандық зиялы қауым өкілдері сахнаға көтеріліп, көпшілікке деген ризашылығын жеткізді.

АРДА БИ

◆ӨНЕР

АБАЙДЫҢ КҮЙЛЕРІ



Талдықорған қалалық орталықтандырылған балалар кітапханасының ұйымдастыруымен халықаралық және республикалық байқаулардың жеңімпазы, Қ. Байсейітов атындағы Талдықорған музыка колледжінің оқытушысы Айбол ҚҰДАЙБЕРГЕНОВПЕН «Абайдың күйлері» тақырыбында онлайн кездесу өтті. Тарих пен өнер үндесіп, күй сарыны мен автордың жан дүниесі сабақтасқан кездесу тартымдылығымен де, жұрт көп біле бермейтін өнер әлемінің ішкі құпиясына терең бойлауымен де тыңдарманды тамаша көңілкүйге бөледі.

Қажет АНДАС

Расында, қазақтың күйі – таусылмайтын қазына. Өнер ретінде өзгеше белгісі болғанымен тарихты, өмірді өрнектеген өзектілігі, адамның өзі өмір сүрген қоғамға деген түсінігін түсіндіру жағындағы сан түрлі артықшылығы бар. Демек, әрбір күйдің өз айтары, ішке бүккен құпиясы жетерлік. Осы тұрғыда Абай хакім күйлерінің болмысы бөлек, бітімі ерекше. Осы күйлерді кейінгі кезде үш ішекті аспаппен орындап, жұрт арасына кеңінен насихаттап жүргендердің бірі – Айбол Қайратұлы.

– Абай әнмен қатар күй де тартқан, жан-тәнімен түсінетін, жан-жақты өнерлі адам болған. Күйдің егжей-тегжейін жете айыра білген адам. Енді, тақырыпта айтылғандай, Абайдың әндері мен күйлерінің үш ішекті аспаптарда орындалуы жөнінде әңгіме қозғайық. Абай, Шәкәрім және Шәкір Әбеновтер ән шығармаларын үш ішекті домбырамен сүйемелдеген және күй сарындарын орындаған деген деректер бар. Аспаптанушы ғалым Болат Сарыбаев еңбектерінде Абайдың баласы Ақылбай мен немересі Исрайыл үш ішекті домбыраны шебер тартқаны, Исрайылдың өзі де бірнеше күй шығарғаны туралы еңбектерінде жазады, бірақ өкініштісі, ол күйлер бізге жетпеді. Абайдың Әлмағамбет пен Мұқа тәрізді сазгерлері болғандығы белгілі. Қазір Абайдың, Шәкәрімнің, Әлмағамбеттің, Исрайылдың, Шәкір Әбеновтердің үш ішекті домбыралары мұражайларда сақталған. Мұражай сөрелерінде орын алғанымен ол кездері үш ішекті домбыра музыкалық ортада мүлдем аталынбаған екен. Абайдың күйлері туралы күйші, зерттеуші Уәли Бекенов «Торжорға» және «Май түні» атты күйлерін Ғайса Сармурзиннің орындауында 1983 жылы алғаш зерттеп нотаға түсірген болатын. 1986 жылы «Өнер» баспасында шыққан Абай Құнанбаевтың «Айттым сәлем, Қаламқас» ән жинағына «Май түні», «Торжорға», «Абайдың желдірмесі» деген үш күй енген. «Абай» журналында осыдан ширек ғасыр бұрын «Май түні», «Торжорға» күйлері туралы жарияланған. Өткен жылдары өмірден өткен өнер зерттеушісі, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Жарқын Шәкәрім Абайдың «Май түні» мен «Торжорға» деген күйлерін бізге жеткізген Ғайса Сармұрзин деген ақсақал екенін айтқан. Ж. Шәкәрім өзінің «Көне дүние күмбірі – Мелодии древности» атты кітабында үш ішекті домбыраны зерттегені туралы жазады. 1977 жылы ғалым Қайролла Жүзбасов экспедициялық іссапармен қазіргі Шығыс Қазақстандағы Қатонқарағай тұрғыны Хамза Демшіновтен «Абай желдірмесін» жазып алған. 1965 жылы бұрынғы Семей облысы Шұбартау ауданына Алматыдан барған фольклорлық экспедиция өкілдері Жүнісбай Стамбаевтың орындауындағы Абайдың «Майда қоңыр» күйін жазып алған. «Майда қоңыр» күйінің үнтаспасын Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының фольклорлық кабинеті архивінен тауып, қайта жаңғыртып, насихаттап жүрген ҚР Мәдениет қайраткері, күйші-зерттеуші Мұрат Әбуғазы. ҚР Ұлттық музейінің «Халық қазынасы» ҒЗИ аға ғылыми қызметкері, күйші-зерттеуші, өнертану докторы (PhD) Ардаби Мәулетұлы «Егемен Қазақстан» газетінде Абайдың рухани мұрасын және қазіргі заманғы өнертанудың өзекті мәселелерін, «Ақтолқын» атты күйін жариялап, Іленің арғы жақ бетіндегі қазақтар арасында бұрыннан тартылып келе жатқан көне күй екенін жазады, – деді тыңдармандардың қойған сұрақтарына орай қайтарған жауабында.

Абай күйлері бізге екі ішекті домбырада орындалуында жеткен. Қазіргі уақытта Айбол бұл күйлерді үш ішекті – қос бұрау домбырамен де, шертермен де орындап жүр. «Жалпы үш ішекті домбыра күйлері шертермен еш өзгеріссіз орындалады. Бірақ кейбір күйлерді шертермен ойнағанда күйдің қоңыр үнін жоғалтпау үшін транспозиция жасап орындау қажет», – дейді өнертанушы.

Кездесу барысында Айбол Құдайбергенов жоғарыда аталған Абай күйлерін домбырамен орындап, тыңдарманның құлақ құрышын қандырды. Сондай-ақ, Абайдың «Ақтолқын» күйінің арғы беттегі күйші Камал Мақай 1995 жылы Абайдың 150 жылдығына орай нотаға түсірген нұсқасын орындап, тарихтың тағы бір жабулы бетін жалпақ жұртқа жария етті.

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

Әрбір атқан таңымды қуана қарсы ала отырып, тәуелсіз елде, ашық аспан астында бейбіт өмір кешіп жатқаныма шүкіршілік етемін.

ТӘУЕЛСІЗДІК – ТІРЕГІМ

Өз елімнің патриоты ретінде мен үшін Тәуелсіздік дегеннен қастерлі сөз жоқ. Халқымыз үшін бұл сөздің құны тым жоғары. Өйткені, ата-бабаларымыз ұрпағының осындай бақытты күнді көруін арман етті. Жыл сайын жаңарған Қазақстан мен дамыған Отанымды көргенде ел басқарған алдыңғы толқын ағалар мен әпкелерге, ел дамуына үлес қосқан отандастарыма құрметім арта түседі.

Біз де ұстаздық қызмет атқарып, шәкірттер тәрбиелеудеміз. Түлектеріміз әр салада еңбек етіп, елінің дамуына үлес қосып жатыр. Бұл ұстаздар мен ата-аналардың ерен еңбегі деп білемін.

Биыл еліміздің тәуелсіздік алғанына 30 жыл толуда. Осы жылдарда мемлекетіміз алдына биік мақсат қойып, дамудың даңғыл жолын салды. Бұл ретте еліміздің Тұңғыш Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сіңірген еңбегі зор. Елбасының бастауымен қазақ халқы әлемге танылды. Түрлі халықаралық жарыстарда ерлігін көрсетті, өнер, білім шыңдарын да бағындырды. Осылайша елдігіміз бен өр рухымызды таныттық.

Халқымыз тәуелсіздігін алып, егемендігіне қол жеткізгенде өз алдына ел бола алатынына күмәнмен қарағандар да болды. Бірақ ар-намысты алға қойған халқымыз аянбай еңбек етіп, осы нұрлы күнге де жетті. Мұнымен тоқмейілсіп қалмай, әлі талай асуларды асып, биіктерді бағындыруымыз қажет. Ол үшін ұрпағымыз білімді, саналы, мәдениетті болуы керек. Ұрпағымыздың бойына ұлттық құндылықтарымызды сіңіріп, халқымыздың тарихын, бабаларымыздың жүріп өткен жолын өнеге етсек, елім, жерім дейтін, ел намысын үлкен додаларда қорғайтын жастарымыз көптеп тәрбиеленіп шығары анық.

Ұрпақ тәрбиесінде де осы тәуелсіздік – негізгі тірек болуы тиіс. Кейінгі ұрпақ тәуелсіздік деген сөздің мәнін терең түсініп өсуі керек. Ұлттық тілдің, дәстүрдің, салт-сананың мызғымас тірегі де осы тәуелсіздік екенін саналарына сіңіре білуіміз қажет. Оған негіз болған 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы, шын мәнінде, қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күресі болды. Сондықтан тәуелсіздік қажырлы күреспен келді деп айта аламыз. Сол жанкештіліктің арқасында ұрпағымыз азат өмір сүруде. Тәуелсіз Қазақстанымыз ертең күн шыға қауызы ашылып, сосын жан-жағына әдемілік, сұлулық сыйлайтын жұпар гүлдей жайнап, құлпырып келеді. Еліміздің ертеңі жарқын боларына мен кәміл сенемін. Осы ретте Кеңес Одағының Батыры Х. Көбіков мектебінің шәкірттері де биік шыңнан көрініп, түлектеріміз сан-салалы қызметтер атқарып, Отанымыздың дамуына өз үлестерін қоса бермек.

Бағдат АБДИЛДАЕВА,
«Х. Көбіков атындағы орта мектеп МДШО» КММ-нің директоры
Сарыбел ауылы, Панфилов ауданы

✓СЕЛЕКТОР

ИНВЕСТИЦИЯ – ДАМУ БАСТАУЫ

Үкімет басшысы Асқар МАМИН кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі жобалық офис отырысын өткізді. Оған Үкімет мүшелері мен аймақтардың әкімдері, басқа да лауазымды тұлғалар қатысты.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Алдымен ҚР Ұлттық экономика министрі Әсет Ерғалиев инвестиция мен инвестор тарту жұмыстарының елде қалай жүзеге асырылып жатқандығы жөнінде егжей-тегжейлі баяндады. Министрдің айтуынша, бүгінде аймақтарда бұл бағыттағы істер өз ретімен жүріп жатыр.

Асқар Ұзақбайұлы осыған байланысты ойын айтып, аталған істерді өрістетуге әлі де күш салып, тиісінше жандандыру қажеттігін атап өтті. Елге инвестор шақырып, сол арқылы инвестиция тартудың халықтың жағдайын жақсартуға барынша мүмкіндік туғызатынын жеткізді. Сондай-ақ, ол аталған жұмыстарды іске асыруда лауазымды тұлғалар бюрократизмге жол бермей, инвесторларға мейлінше жағдай туғызып, қолдау көрсетудің маңызды екенін, осы бойынша тездетіп іс-әрекетке көшіп, жұмыстар жүргізудің тиімді екенін айтып, тапсырмалар берді.

Жиында инвестициялық жобалар туралы да жан-жақты сөз етілді. Белгілі болғандай, 2025 жылға дейін өнеркәсіп бойынша 552 жобаны жүзеге асыру көзделуде. Құрылыс саласы бойынша 158, 23 – көлік, 58 – жер қойнауын пайдалану, 28 – қорғаныс өнеркәсіп кешені саласындағы жобалар. Бұлардың бәрі мемлекеттік бюджет қаражатын есепке алмағанда, жеке инвестициялар есебінен жүзеге асырылмақ.

Қол қойылған меморандумға сәйкес, биылғы жоспар 14,6 пайыз өсіммен 811 миллиард теңгені құрайды. Бұл туралы Үкімет басшысына есеп берген облыс әкімінің орынбасары Серік Тұрдалиев мәлім етті. Бұдан соң Серік Мелісұлы облыста жүзеге асырылып жатқан инвестициялық жобалар жайында қысқаша баяндап берді.

Асқар Ұзақбайұлы бұл бағыттағы жұмыстардың Алматы облысында жыл сайын алға басып келе жатқанын және осы бойынша қандай да бір көмек қажет болса, Үкіметтің қол ұшын беруге әрдайым әзір екенін жеткізді. Сондай-ақ, Премьер-Министр жиында қаралған мәселенің бәрі назарда болатынын айтты.

✓ОБЛЫС ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін бекіту туралы

Жоба

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі «Сауда қызметін реттеу туралы» Заңының 8-бабына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 282 «Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін және оларға бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы» Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11245 тіркелген бұйрығына сәйкес Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының рұқсат етілген шекті мөлшері мен қолданылу мерзімдері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. «Алматы облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Алматы облысы әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оның Алматы облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Алматы облысы әкімі аппаратының мемлекеттік-құқық бөліміне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы облысы әкімінің орынбасары С. Тұрдалиевке жүктелсін.

Облыс әкімінің м.а. Л. ТҰРЛАШОВ

Алматы облысы әкімдігінің 2021 жылғы «__»_____ №___ қаулысына қосымша

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті рұқсат етілген бөлшек сауда бағаларының мөлшері

№	Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының атауы	Шекті рұқсат етілген бөлшек сауда бағаларының мөлшері, тг.	Шекті рұқсат етілген бөлшек сауда бағалары енгізілетін мерзімдер, күнтізбелік күндер
1	Күнбағыс майы	620	60
2	I санаттағы жұмыртқа, он дана	410	60



ҰЛЫ НАУРЫЗ

✓ДӘСТҮР

ҰЛЫ

1

Наурыз бұған дейін де мыңдаған жыл бұрын Шығыс халықтарында жыл басы мерекесі ретінде тойланып, ерекше күн ретінде аталып өтетін болған. Шығыс елдері үшін Наурыз мейрамы бірліктің, татулықтың, еңбектің, көктемнің, бақыттың мерекесі болып саналады.

Мейрамда жақсы тілек тілеу, құттықтау, кешірім жасау, табысу сияқты адамгершілік қасиеттер көрініс тауып, кейінгі ұрпақ сондай жақсы өнегеден үлгі алады. Оның бәрі адамды жоғары әдептілікке, өнегелілікке, бауырмалдыққа, көрегенділікке, ізеттілік пен мейірімге баурайды. Қазақ халқы жыл басы мерекесін айрықша бағалап, оны жыл сайын тойлап отыруды әдетке айналдырған.

Осындай Ұлы күнге байланысты халықтың әдет-ғұрпы мен жол-жоралары, салт-дәстүрі бар. Наурыз мейрамы әртүрлі атаулармен айшықталады. Атап айтқанда: 14 наурыз – Көрісу күні. Бұл күні адамдар арасындағы бұрынғы өкпе-реніштің кешіріп, араздықты ұмытып, бір-біріне амандық-саулық тілейді. Көктемге аман-есен жеттік деп дастарқан жайып, үлкендерге сәлем беріп, құттықтайды. Бұл күнді Амал мерекесі деп те атайды.

15 наурыз – Жайлау күні. Адамдар бұл күні табиғат аясында серуен құрып қана қоймай, сонымен қатар, ондағы қоқысты тазартып, тал егіп, көшет отырғызады. Табиғатпен біте-қайнасып өмір сүру көшпелі қазақ дүниетанымының бір бөлігін құраған.

16 наурыз – Шежіре күні. Бұл күні отбасының, ел-жұрттың, жеті атаның тарихы айтылып, шежіресі таратылады. Сондай-ақ, жұртшылық мал сойып, өмірден өзған ата-бабаларына Құран бағыштай-

✓АЛЫСТАҒЫ АҒАЙЫН

Түрлі себеп, жұмыстың ыңғайына қарай Еуропаның әр елінде жүрген қазақтардың Наурыз айы туғанда бас қосып, бір жасап қалатыны бар.

ЕУРОПАДАҒЫ НАУРЫЗ-ДАУМАН

Серік ҚАНТАЙ

Швейцариядағы Серік Тұрсын, Даниядағы Қажы Ақбар Аюби, Германиядағы Назым Сақай және Финляндиядағы Айкен Салоненнің бастамасымен 2017 жылы Германияның Нюрнберг қаласында Еуропадағы екі жүзге жуық қазақтардың басын қосқан Ұлыстың ұлы күні тойланған еді. Одан кейін мұндай шара 2018 жылы Белгияның Антверпен, 2019 жылы Германияның Гамбург қалаларында өтті. Былтыр және биыл індетке байланысты Наурыз тойланбады. Ал 2022 жылы Германияның Кассель қаласында өткізу жоспарланған. Жыл санап бас қосуға келетін адам саны да артып келеді. Басы-қасында жүргендер: «2025 жылы мың адамға да жетіп қаламыз», – дейді.

Басқосуда ақсақалдан бата алып, аналарымыз шашу шашып, келгендер ақжарма тілек білдіріп, ән-жыр айтылып, салт-дәстүріміз көрсетіледі. Бұл кез келген қазақ тойының негізгі бағдарламасы. Мәселен, кейінгі өткен Наурыз тойында елден арнайы келген белгілі журналист Гүлмәрия Барманбекова Ілияс балақайдың тұсауын кесіп, болашағының жарқын болуына тілек білдірсе, жиналғандар ән айтып, күй тартыстан сайысқа түскен. Ұйымдастырушылардың негізгі мақсаты – халқымызға тән жөн-жоралғыларды жаңғырту және өздері Еуропада өсіріп жатқан балалардың бойына сіңіру, көрсету.

Ұйымдастырушылардың бірі Даниядағы қазақ Қажы Ақбар Аюби:

– Бұрындары төрт-бес отбасы ғана жиналатын едік, енді Еуропадағы қазақтардың басын қосу мақсатында бәрін қамтып жатырмыз. Танымай келіп, бір-бірімен Наурыздан кейін араласып, қарым-қатынасты нығайтқандар көп. Қонақтарды арнайы іріктеу жоқ, тек белгілі бір жарна (ол мейрамхананың, тағамдардың бағасын бәріне ортақ бөліп шығарғанда) болады. Қазанға ет асылып, наурызкөже пісіру міндетті. Наурыз Еуропаның бірқатар қалаларында өтті. Қазақтар қай жерде көп шоғырланған, сол жақта атап өтуді өз дәстүрімізге айналдырдық. Солай жүріп-ақ Еуропаны түгелдей аралап шығармыз (күліп). Ал есте қалған оқиғалар өте көп. Бір қаладан келіп тұрып, бір-бірімен сол жерде танысқан сәт, болмаса Германиядағы ақсақалдың берген батасы, бәрі-бәрі есте, – дейді.

Елден көктем тойына арнайы келетін қонақтар да баршылық. Ал әр Наурызда Германия, Дания, Польша, Нидерланды, Швейцария, Швеция, Эстония, Финляндия, Белоруссия, Аустрия, Бельгия және Моңғолиядағы қазақтар жиналып, тойлатып тұруды үрдіске айналдырған. Былтыр және биыл әлемдік пандемияға байланысты әркім өз отбасында Жаңа жылды қарсы алды. Осы тұрғыда біз хат-хабар алып отырған Даниядағы қандасымыз: «Осы бір сұрапыл сынақтан сүрінбей, қатарымыз сиремей өтіп, Наурызды бұрынғыдай еркін, арқа-жарқа болып қарсы алып, дастарқанда қуаныштан әрқайсымыздың жүзіміз бал-бұл жанып отырсын», – деген тілегін білдірді.

Бүгінде ұйымдастырушылар әлеуметтік желіде арнайы «Наурыз тобын» құрып, сол бойынша жұмыс жүргізіп жатыр.

✓АҚЖАРМА

ЖЕТІ ДӘМ – ЖЕТІ ЫРЫС

Зейнеп АХМЕТОВА, жазушы:

– Қазақ сияқты көшпенді жұрттың Наурыз мерекесін қастерлеп-қасиеттеп атап өтуінде үлкен мән жатыр. Тіршілік тынысы мал шаруашылығымен тікелей байланысты болғандықтан қыс бойы тар қыстауда қысылып, сайдың сағасын, таудың ығын паналап, малын жұттан, жыртқыш аңнан аман-сау алып шығудың өзі қаншама күш-қайратты, төзімділікті қажет етеді десеңізші?! Елдің ардақтап, асыға күтетін жыл мерекесі,табиғат мейрамы осы Наурыз болғандықтан бұл күнге әр отбасы қыстан бастап дайындық жасаған. Қысқы соғымның мүшелерінен (шеке, жамбас, жілік) әдейі арнап сүр сақтайды. «Наурызда ашамын» деп әжелер қарындағы майын, жент, құрт, ірімшік секілді тағамдарын алдын ала үнемдеп, қамданып жүреді.

Мерекеде әрбір үй кезекпен наурызкөже жасайды. Бұған су мен тұздан басқа жеті түрлі дәм салады. Әрі «тек мына дәм салынуы керек» деп шектеу қоймаған. Әркім қолындағы бар азық-түлігіне қарайды. Тек, міндетті түрде дәм саны жетеу болған. Сөйтіп, Наурыз мерекесінде қазандар көжеге толады.

Ауыл ақсақалдары бастаған кісілер көже салған үйлерге кезегімен кіріп, қонақ болады. Әдетте әйелдер мен балалар ыдыс ала жүреді. Өйткені, үйдегі келмей қалғандардың сыбағасын беріп жіберіп отырған. Осылайша, әр үйден құйып әкелген көжені өз үйінің қазанында қалған көжеге қосқан. Бұл дәм-тұзымыз араласып, ынтымақ-бірлігіміз нығайсын, көжедей дәмді қатынаста болайық деген ұғымды білдіреді. Жеті дәм жеті ырысты шақырады деп ырымдаған.

✓МҰРА

«Қойлық ауылында қамшы өретін әйел тұрады» дегенді естіп, елеңдедік. Аздан соң ұлттық болмысымызға сай бұйымдар жасайтын ісмер Тілеужан Смағұлов пен Нұргүл Қырықбаеваға хабарластық.

ҚАМШЫ ӨРУДІҢ

Еңлік АРЫҚБАЙ

1

Әйел заты әрдайым жарына көмек қолын созып тұратыны заңдылық. Ошақ қасы, бала тәрбиесімен қоса Нұргүл Қырықбаева еріне көмектесемін деп жүріп өзі де қамшы өруді меңгеріп алса керек. Десе де, бір қамшыны дайындауға көп уақыт жоғалтатын көрінеді. «Одан да үйдің отағасына көмектескенім тез», – деп бастады әңгімесін отанасы.

– Жолдасым қамшы жасап қана қоймай, ертоқым, ноқта, құйысқан, жүген, өмілдірік ноқта жасайды. Ерлі-зайыпты болғанымызға 21 жыл болса да соңғы 5 жылда ғана көмектесіп жүрмін. Өзімнің қамшы тоқып үйренгеніме көп уақыт болмады. Ары ұзаса бір жылдан асқан шығар, – дейді Нұргүл Ипбергенқызы.

2

Қамшы өруді Тілеужан Смағұлов әкесінен үйренген. Есін білгелі әкесі жанына отырғызып қойып қамшы өретін. Әзірге Тілеужан мен Нұргүл қамшының төрт, алты таспа түрін өреді. Сондай-ақ, жылан бауыр, домалақ алты таспа, төртбұрышты сегіз, алты өрімді де пайдаланады. Қайысты отанасы өзі дайындап береді. Бірге сылып, өріседі. Тек жолдасы бір қамшыға 2 сағат жұмсаса, ол 2 күн жүріп қалуым мүмкін дейді. Қол машықтанғанша солай болатын көрінеді.

Қамшы қалай дайындалатындығын сұрағанымызда: «Қамшы жасамас бұрын бірінші қайысты тігесіз. Содан кейін қайыстың бір қабатын жұқалап алып тастайсыз. Яғни, бетін не болмаса астын сыласыз. Бұл өрімдерін тегіс жатқызу үшін қажет. Қайысты 5 мм. мөлшерінде тілесіз. Осы жұмыстардың бәрін жасаған соң ғана барып өруге кірісеміз.



Домбырадай киелі мұраны ұқыптап зерттеп, жаңғыртып, күллі әлемге даңқын жеткізіп жүргендердің ішінде Жолаушы Тұрдығұловты айрықша атауға болады.

✓ШЕБЕР

ҰЛТ МҰРАСЫН ҰЛЫҚТАҒАН

Қажет АНДАС

Біздің кейіпкер қазақ атамыз айтатын «сегіз қырлы, бір сырлы адам». Бұл ретте Жолаушы Тұрдығұловтың сегіз қырын қоя тұрып (ол бір кітапқа жүк болатын дүние), оқырмандарға бір ғана сырын – қазақтың қолөнер шеберлігін, әсіресе, домбыра жасаудағы айрықша үлгісін әлемдік аренаға көтерген майталмандығын жеткізсек деп түйдік.

Жолаушы Әбілғазұлының домбыра жасау мен күй өнеріне құштарлығы әскери борышын өтеп жүрген тұста ояныпты. Сонау қиыр шалғайда, оның үстіне жатжұрттықтардың арасында жүрген бірнеше қазақ-қырғыз баласы ауылын, елін сағынып, сол сағыныштың лебімен алғашқы қарапайым домбыраны жасап, көңілдерін көтереді. Оған дейін бірде-бір рет күй шертіп көрмеген Жолаушы Әбілғазұлы өзі жасаған домбыраның пернесін бір-бірден басып, күй шерте бастайды. Бірақ ол кезде сол бір кішкентай талпыныстың бүгінгідей әлемдік деңгейдегі шеберге жеткізіп, жұрттың қадір-құрметіне бөлейтінін білген жоқ. Әскери борышын өтеп қайтқаннан кейін осы өнерге бар ынта-ықыласымен кірісті. Оған бір жағынан ұстаздық жұмысы да сеп болды. Қолы қалт етіп босай қалған тұста шеберханадан шықпай тынымсыз еңбек етуі де биіктен-биікке жетелей түсті. Домбыра жасаудың қыры мен сырын толық меңгеру үшін де Жолаушы аға жарты ғасыр ғұмырын жұмсады.

Жолаушы Тұрдығұловтың 1992 жылы бірінші рет халық аспаптарын жасау байқауына қатысқаннан бері өз саласы бойынша алған марапаты бір төбе. 2011 жылы «Шебер» байқауында Қазақстан Қолөнершілер одағының төрайымы Айжан Бекқұловамен танысуы өміріне өзгеше леп әкелді. Марапаттарының ішінде өткен жылы қолөнер саласындағы халықаралық "2020 жылдың үздік шебері" атағына ие болғаны қазақстандықтар үшін үлкен мәртебе саналғанын айта кету керек.

Өткен жылы төртінші рет өткізілген "International Craft Awards" сыйлығы – шығармашылық және қолөнер индустриясының тұрақты дамуына қосқан зор үлесі бар шеберлерге арналған әлемдегі ең мәртебелі марапат. Жолаушы Тұрдығұловтың аталған марапатқа ие болғанын Қазақ елі үлкен мақтанышпен қабылдады. Өйткені, әлемнің әр түкпірінен тіркелген бірнеше жүздеген үміткердің ішінен дараланып шығу, музыкалық аспап жасаудың жілігін шағып, майын ішкен сарапшылардың сарабынан сүрінбей өту жай дүние емес. Өкінішке қарай, пандемияға байланысты жеңімпаз Үндістанның Жаңа Дели қаласында өтетін марапаттау рәсіміне қатыса алмады. Ал марапатты Жолаушы Тұрдығұловтың атынан Қазақстан Республикасының Үндістан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті елшісі Ерлан Әлімбаев қабылдап алып, елге жеткізді. Жуырда тағы да елімізде бірінші рет тапсырылған «Наурыз» ұлттық премиясының да иесі атанды. Еңбектің өтеуі деген осы.

Жолаушы ағаның қолынан шыққан «Арлан», «Барыс», «Бәйтерек» деген атпен сүйекті, тасты, күмісті қолданып жасаған домбыраларының бірі Қазақстанның Тұңғыш Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа, Өзбекстанның Тұңғыш Президенті Ислам Кәрімовқа сыйға берілсе, қылқобызын Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путиннің қалап алғаны шебер атаулының екінің бірінің ғана маңдайына жазылатын бақ. Бүгінде қазақ өнерін асқақтатып жүрген айтыскер ақын, құдіретті күйші, жезтаңдай әншілердің қолындағы домбыраның Жолаушы Тұрдығұловтың еңбегі екенін біреу білсе, біреу білмейді. Танымал әнші-күйшілерден бөлек консерватория және колледж ұстаздары, студенттері, Құманғазы атындағы мемлекеттік академиялық оркестрі, тағы да басқа көркемөнер ұжымдары Жолаушы ағаның қолынан шыққан аспаптарды қалап алады. Шебердің қолынан шыққан музыкалық аспаптар Аризонадағы Дүниежүзілік музыкалық аспаптар мұражайында, Америка, Германия, Жапон, Қытай, Моңғол Халық Республикасы, Ресей, Голландия елдерінің музейлерінде сақтаулы. Ізін жалғаған шәкірттері қаншама?! Осыншама еңбек жасау және сол арқылы көптің құрметіне бөленгеннен артық не бар? Ендеше, осы тұста «Жолаушы ағаның аспаптары неге осыншама танымал?» деген сұрақтың да көлденеңдей қалатыны бар. Оны мынадай екі түйінге жинақтауға болады. Шебердің қандай аспап жасаса да, ең алдымен, оның материалына ерекше назар аударатындығы, сондай-ақ, қолынан шыққан әр аспаптың дыбысын өзі қоятындығы. Жолаушы домбыра жасағанда материал ретінде Тянь-Шань шыршаларын, сондай-ақ, Оңтүстік Қытай, Америка, Ресейден жеткізілетін көп жылдық ағаштарды қолданады. Шетелдік сатып алушылардың талғамына сай сүйек, тас, күмісті де орынды пайдаланады. Міне, осылайша Жолаушы Әбілғазұлы XXI ғасырдағы қазақ домбыра жасау шеберлерінің ұстазына айналды.

ТҰЛҒА



ДАЛАНЫҢ ДАРА ПЕРЗЕНТІ

Көзі тірісінде “Дала академигі” атанып, елінің абырой, атағын аспанға көтерген алып тұлға Нұрмолда Алдабергеновтің халқына көрсеткен қызметі қыруар. Қамшының сабындай ғана қысқа ғұмырында омырауына қос «Алтын Жұлдыз» тақты, қазақтың белгілі ақын, жазушыларымен, қоғам қайраткерлерімен үзеңгілес дос-жаран болды. Өмірі де өте күрделі. Алды-артынан сүйейтін тіреуі болмаса да ауыл баласы атқа қонып, елдің игілігіне айналған сан шаруаның басын қайырды. Жалпы, болашақ ұрпақ үшін есте қалуға лайықты жан. Ол туралы осы күнге дейін талай-талай кітап, мақала, естеліктер жазылды. Ал бүгінгі күн тұрғысынан жұрт біле жүруге тиісті, жастар үлгі-өнеге алуға керекті бірнеше түйінге арнайы тоқталғанды жөн көрдік.

Қажет АНДАС

Асылдың сынығы

Қазақ ежелден табиғаты таза халық. Ол бір жағынан өскен жер, жасаған ортасына байланысты болса, екіншіден бабалар тағылымын санасына сіңіріп, бойына жиған дарқандығымен де еншілесіп жатады. Сондықтан да елдің жүгін атанша арқалайтын, қайырымдылықты қасиет деп білетін, өзінен бұрын өзгенің қиындығына үйіріліп тұратын ізгіліктер күні бүгінге дейін қан тамырымызда бұлқынып жатыр. Әулиелеріміз мол, ерлеріміз егей, елдігіміздің ерен болатындығы да осыған саяды. Нұрмолда Алдабергенов, міне, осындай батыр да әулие бабаларымыздың асыл қасиетін бойына жиған даланың дара перзенті. Бұл жайлы біз тілдескен Көксу ауданының Құрметті азаматы Болат Қисметов ағамыз былай баяндады:

– Халқымызда: «Атаңды ер деп білсең – ерлігінің жолын қу» деген нақыл сөз бар. Бабамыз Балпық бидің өз кезіндегі егейлердің бірі, елінің қамын жеген қормалы, жұрттың келешегін ойлаған кемел жан болғанын мақтаныш етеміз. Кемтігі толығып, бабамыздың ұлы қасиеттерінің бағасы әлі де биіктен беріле береріне сенімдімін. Осы ретте айтарым, бабамыздың қазыналы ақылын, халқының қамын жеген қайырымдылығын, көш бастаған қабілет-қадірін күні бүгінге дейін жалғастырып келе жатқан тұлғалар аз емес. Ең алдымен, Балпық бидің тұңғышы Тіленші би еске түседі. Ал Тіленшіұлы Бойғозы Шоқан Уәлихановтармен пікірлес болған кісі. Бойғозыұлы Оспанның да атағы жеті жұртқа жеткен батыл да батыр кісі болыпты. Ал Балпық бидің інісі Шінеттен тарайтын ұрпақтардан да ел құрметіне бөленген адамдар аз болмады. Соның бірі екі мәрте Еңбек Ері атанған Нұрмолда Алдабергенов. Бірде Дінмұхамед Қонаев үлкен мінберде: «Дала данышпандарының сарқытындай болған асылдың сынығы, тұлпардың тұяғы Нұрмолда Алдабергенов ертегі кейіпкері емес, «Дала академигі», – деп берген бағасы бүгінде көптің есінен кеткен жоқ. Мұқыры ауылындағы Нұрмолда Алдабергенов ескерткішінің алдында «Ескелді, Балпық аруағы қолдасын, сонда сен Нұрмолдадай боласың!» деген жазу бар. Күн сайын осы маңнан ары-бері өтетін адамдар өнегеге толы осынау ыстық тілекті оқығанда жүректері жібіп аттанады. Кезінде академик жазушы Сәбит Мұқанов: «Жалайырда Ескелді, Балпық, Қабылиса үш әулие өткен, төртіншісі Нұрмолда Алдабергенов», – деп атамыздың арқасынан қағады екен. Қысқасы Нұрмолда атамыз әулиелер салған сара жолды жалғастырушы, солардың ұлы қасиеттерін бойына жиған киелі адам.

Әкем Жұмахан Қисметов Нұрмолда атамның замандасы, жақын серігі болды. Нұрмолда атамызбен бірге біраз жыл жұмыс істеді. Кейін «Көкбастау» ұжымшарын басқарды. Бала күнімде Нұрмолда атамды бірнеше рет көрдім. Бірде Нұрмолда ата біздің үйдің есігін айқара ашып:

– Жұмахан, кеше түнде Балпық атам түсіме кіріп: «Нұрмолда, ары өтіп, бері өтіп жүріп қара шаңырақты ұмытып кеттің» деп жатыр екен. Соған сенің үйіңе әдейі келдім, – деп кіріп келе жатқаны осы күні көз алдымда тұрады. Біздің үй Балпық әулетінің қара шаңырағы саналады. Сосын әкем екеуі бастаудың басына барып, жуынып, аталардың аруағы алдындағы перзенттік борышын өтеп қайтты. Атамыздың қатал да қатаң Кеңес одағы кезінде де киені ие тұтып жүргеніне осылай куә болып едім.

Негізі Нұрмолда атамыз кіші әкем Жапарқұл Қисметовпен өмірі еншілес болды. Жас кезінде бірге мал бағып, тіршілік қамымен жүрсе, азамат тұсында Нұрмолда атам, Жапарқұл әкем және Тәтібек Жетпісбаев үшеуі Түрксіб теміржолының құрылысына атсалысқан азаматтар. Түрксіб теміржолы түйіскен Айнабұлақ стансысында 1930 жылы 28 сәуірде үлкен жиналыс өтеді. Салтанатты жиынға арнайы келген Тұрар Рысқұлов Нұрмолда атамыздың бойындағы қасиетін танып, ықыласын білдіріп, болашағына сәт сапар тілеген екен. Осы кездесу Нұрмолда атамыздың өміріне ерекше әсер етіпті. Өсіп-өнген туған жерге деген ықыласын оятып, махаббатын күшейте түсті.

Қысқасы, Нұрмолда атамыз кешегі асылдардың сарқыты, тұлпарлардың тұяғы. Әулиелерді пір тұтып, аталардың аруағын ардақтаған адам. Сондықтан да ол кісіге таудай байлық емес, бармақтай бақ қонды. Өз дәуірінің әулиесі болып тарихқа қатталды, – деп түйді ойын.

Айта кетерлігі, Кеңес одағы тұсында бұрынғы Талдықорған облысынан 120 адам Еңбек Ері атағына ұсынылыпты. Оның ішінде Нұрмолда атамыз бен Николой Головацкий бұл атақты екі рет алыпты. Ал Нұрмолда атамыз үшінші рет ұсынылғанда белгілі себептермен берілмеген екен. Бірақ бүгінгі таңда аты елдің аузынан түспей, жақсылығы жалпақ жұртқа аңыз боп тараған, қасиетіне тәу етіп, қадірі қастерленіп жүргендердің бірі де бірегейі Нұрмолда Алдабергенов. Бұл әулие бабалардан қанмен берілетін ұлы қасиеттің қадірі.

Ғибраты мол ғұмыр

Нұрмолда Алдабергенов 1906 жылдың қазан мен қараша айының ортасында «Сарыбұлақ» кеңшарына қарасты Қарағаш деген ауылда кедей шаруа отбасында дүниеге келеді. Жеті жасынан күнкөрістің қамы үшін әркімнің малын бақты. 1928 жылы Түрксіб теміржолын салу жұмысына қатысады. Теміржол құрылысы біткен соң жаңадан бой көтерген «Жаңаталап» ұжымшарына мүше болып кіреді. Теміржолда құрыш болаттай шыңдалып келген Нұрмолда еңбексүйгіштігі, қайраттылығы, елге қамқорлығының арқасында 1936 жылы ұжымшардың тізгінін ұстайды. 1941 жылы басталған Ұлы Отан соғысы оны бейбіт еңбектен біраз уақыт қол үздірді. Отан үшін от кешкен сол отты жылдарда басынан сан қиындық өтіп, өміріне қатер төнген сан сынақты жеңе жүріп, ауылға аман-есен оралды. Соғыс кезінде шаруашылығы тұралап, ел күйзелген ұжымшар тізгінін қайтадан қолға алып, ауыл адамдарының әлеуметтік-мәдени жағдайын көтеруге, рухани көңіл-күйін өсіруге баса көңіл бөлді. Сол адал еңбектің арқасында ұжымшар өркендеп, егіс көлемі артып, мал басы өсті. Құрылыс барған сайын қарқын алды. Бүкіл Одаққа танылды. Осындай еңбектің нәтижесінде атамыз 1948 жылы «Жаңаталап» ұжымшары атынан Еңбек Ері атағына бірінші рет ие болды. Арада біраз уақыт өткен соң 1950 жылы «Қызылту», «Жаңаталап», «Жаңалық» деген үш ауыл қосылып, Сталин атындағы ұжымшар құрылады. Ауылшаруашылығы саласының шебер көшбасшысы атанған Нұрекеңді сол ірілендірілген ұжымшардың басшылығына тағайындайды. Осы ұжымшарды басқарған 11 жыл ішінде халық аузында Шұбар деп аталатын елді мекенді гүлдендіріп, қалаға айналдырды. Сол еңбегі үшін 1958 жылы екінші рет Еңбек Ері атағын алды. Өз кезінде Жетісудың осынау кішігірім ұжымшарына алыс-жақын шетелден, одан бері Одақ көлемінен ат ізін салмаған адам қалмады.

Бірақ қызыл көз қызғаныш та жағалап қоймады. 1960 жылы Кеңес одағын Хрущев, Қазақстанды Юсупов басқарып тұрғанда сынықтан сылтау тауып, Нұрмолда Алдабергеновті жұмысынан алған жағдай да болды. Ақыры Юсупов мінберден құлағаннан кейін Қазақстанды басқару Дінмұхамед Қонаевқа тиіп, «Мұқыры» ұжымшарына бастық қылып тағайындады. Ауылды бір жарым жыл басқарып, бағын ашты. Сол топырақта табаны тиген соң араға екі жыл салып мәңгілік мекенге аттанды.

Жалпы, Нұрмолда Алдабергеновтің өмірін осылай қысқа ғана қайыруға болады. Бірақ ол кісінің болмысы, жан тазалығы таңды таңға жалғап айтатын ұзақ әңгімелерге арқау болып келеді. Атамыздың сондай ұлылығының бір парасын Жекен Жетпісбаев ағамыз айтып берді:

– Ел арасында «Бата алсаң Андастан, кем болмайсың мал-бастан» деген нақыл бар. Андас өз кезінде ел басқарған би, қол бастаған батыр болған кісі. Өнген, өскен ру. Нұрекең сол Андастан тарайтын ұрпақ. Маңдайына жазғаны шығар, әкем Тәти Жетпісбаев, інісі Тәтібек, Нұрекең соғысқа бірге аттанды. Әкем соғыстан қайтпай қалды. Тәтібек ағаның жараланбаған жері жоқ, бір аяғын беріп келді. Ал Нұрекең аман-сау оралып, елдің қалауымен жаңадан құрылған «Жаңаталап» ұжымшарына басшылыққа келді. Ал Тәтібек ағам бас агроном болып жұмыс атқарды.

Менің бір риза болатыным – сол ағалардың ортасындағы қыл өтпейтін сыйластығы. Өмірде неше түрлі жағдай болады ғой. Бірақ сол кісілердің бір-біріне қабақ шытып, өкпе артып, араздасып қалғанын көрген жоқпын. Атаққа таласып, абыройын төккен жоқ. Мен көп еңбек еттім деп бәсеке таласпады. 1948 жылы қызылшамен даңқы шыққан «Жаңаталап» ұжымшарының еңбекшілеріне Социалистік Еңбек Ері атағы беріле бастады. Нұрағаң, Тәтібек аға бастаған 15 адам осы жылы аталған мәртебелі атаққа ие болды. Бұл сол тұстағы Қазақстанның басқа өңірінде орын алмаған ерекше жағдай еді. Соның бәрі бір-біріне жол берген сыйластықтың нәтижесі, ауызбіршіліктің арқасы. Егер бірінің етегінен бірі тартып жатса, бар мүмкіндіктен құры қалар еді. Ондай жағдай сол кездегі басқа жерлерде болды, естідік, көрдік. Ағаларымыздың осы қасиеті бүгінгі күндегі шырт етсе сыртын беріп шыға келетін жағымсыз жағдайға тәрбие болуы керек.

Нұрмолда ағаның тағы бір әулиелігі – ешкімді алаламайтындығы. Соғыстан кейін ауылға шешендер, кәрістер, поляктар ағылып келді. Соларға барынша қол ұшын беріп, ауыл халқынан бауырына басуын өтінді. Барлығын үймен қамтамасыз етіп, бір атаның баласындай күн кешті. Дарындыларын қатарына алып, ауылды көркейту ісіне белсене араластырды. Кейін олар атамекендеріне көшуіне рұқсат алғанда Нұрекең бастаған шұбарлықтар бір күн ауылдың барлық шаруасын тоқтатып, ауылдастарды ұйымдастырып, жоғарыдан бірнеше вагон сұрап алып, қазақы жол-жосынмен аттандыру шайын беріп, жолға салды. Осындай кеңпейілділікке риза болған талай адамның көз жасын сығымдап, ағаларымызға алғысын айтып аттанғанын өз көзімізбен көрдік. Олардың ұрпақтары Нұрмолда атамыздың осы жақсылығын күні бүгінге дейін жыр ғып айтады.

Нұрекең кішкентай балаларды қатты жақсы көретін. Елмен тіл таба білетін оның ішкі жан дүние, ой-санасы мүлдем бөлек еді. Ол кісі «Жолың болғыр», «Жарқынym-ау», «шырағым», «қарағым», «бәрекелді», «саған емес, сөзіңе сендім» деген сөздерді жиі қолданатын. Солайша әр адамды жақын тартып, жанына үйіріп алатын. Нұрекеңнен үйренер жақсы дүниенің бірі осы. Жастарды, бір жағынан, балаларды спортқа қызықтырса, екіншіден, қоғамды түзу жолға салуды көздейтін.

Нұрекең қиындықты елемейтін, қысымды көтере білетін адам еді. Қайырымдылығы мен мейірмандылығы басым болатын. Сондай-ақ, жас мамандарды тәрбиелеу ісіне ерекше ден қойды. Бірде ауылға жоғары білімді инженер керек деп болашағы бар-ау деген жастарды шетімізден қалаға аттандырды. Нұрмолда атаның шәкірті болу да үлкен мәртебе. Сондықтан да ешқашан өтірік айтып, мансапқа, байлыққа қызыққан емеспін. Нұрмолда аға ауылға «ГАЗ-51» жүк көлігін алдырды. Оның біреуінің тізгінін маған ұстатты. Қуанышымда шек болған жоқ. Дегенмен де артылған міндет өте ауыр. Малшыларды қыстауға тасу, көмір әкелу маған жүктелді. Бірақ мойынға алған міндетті абыроймен атқардым. Ол кісі ешкімнің ақысын жемейтін, қолы ашық адам еді. Ұнаған болуым керек, оның үстіне еңбегімнің өтеуі ретінде «Победа М-72» тізгінін ұстатты. Сол автокөлікпен ағаға жүргізуші бола жүріп, талай игілікті шараның куәсі болдым.

Тағы бір айта кетерлігі, Нұрағаңның қазақтың маңдайына біткен талантты ұл-қыздарымен тонның ішкі бауындай араласатындығы. Әдетте, таң азаннан қара кешке дейін ауыл жұмысынан қолы босамай жүретін Нұрағаң Алматыда өтетін жиналыстарға жиі шақырылатын. Сол жиналыстарда немесе жұмыс бабымен Алматыға бара қалғанда Сәбит Мұқанов, Бауыржан Момышұлы, Қаныш Сәтпаев, тағы басқа ірі тұлғалар жылы қарсы алып, қонақ етіп аттандыратын. Дінмұхамед Қонаевқа кез келген уақытта кіріп, ұсынысын айтып, жұмысын реттеп шығатын. Нұрағаң данамен даналаша, баламен балаша сөйлесе білетін. Әйтсе де мен оқуда жүргенде бұл кісі қызметінен босады. Жазғы демалысқа шыға сала ауылға келіп, бірден ағаның үйіне сәлем бере бардым. Нұрмолда аға қуанып қалды. «Демалысқа келсең көлікті қыздыр, Алматыға барып келейік» деді. Жолда Малайсары баурайында жатқан әке-шешесінің бейітіне тоқтап Құран бағыштады. Кеш батпай алып шаһарға жеттік. Алдымен Сәбит Мұқановтың шаңырағына жайғастық. Одан өтіп геолог ғалым Қаныш Сәтпаевпен жолықты. Ол кісі ағаға басу айтып, кейін бәрі орнына келетініне сендірді. Ең бастысы, халық сіздің жағыңызда деп түбі ақиқаттың қол бұлғайтынын да түсіндірді.

Сол жолы Қаныш Сәтпаев Алматы қаласының Медеу жағындағы бір демалыс орынында ағаға арнап бір тайды сойып, көл-көсір қонақ етті. Қаныш Сәтпаевтің Нұрағаң қызметтен алынған тұста, тіпті ертең ағаны қызметтен босатуға белсене кіріскен Юсупов естісе, қырын қарап қалар деп именбей-ақ, осындай достық танытқаны да көпке үлгі болар дүниенің бірі, – дейді Жекен ағамыз.

Әрине, бұл бір жағынан Қаныш Сәтпаевтің қонақжайлығын білдірсе, екінші сол тұстағы тұлғалардың Нұрағаңның тек еңбектегі ерен ерлігін емес, таза адами қасиетін сыйлайтындығын ұғындырады.

Адымдап жүріп ауылды жобалаған

Нұрмолда Алдабергеновке Тәңірдің өзі ерекше күш-қуат берген болуы керек, күндіз-түні бір тыным таппады деседі көргендер. Нұрағаңның сол ерен еңбегін бүгінде «Шұбар» ұжымшарында 20 жылдай басшының орынбасары, 12 жыл Шұбар ауылының әкімі болған Төлеген Мүсәпіров ағамыз айтып берді.

– Нұрмолда ағамыз он бір жылдың ішінде бүгінде Шұбар деп аталатын шаруашылықтың тасын өрге домалатты. Көше бойына қалай болса солай салына салған соқпа тамдардың орнына жаңа, еңселі шатырлы үйлер салуды ұйымдастырды. Ол үшін ауылдың бас жобасын өз қолымен сызды. Көшелер, ғимараттар, бау-бақша түгелімен сол жобада қамтылды. Қазір ойлап отырсақ, ол кісі жақсы сәулетші, білгір құрылысшы болған екен. Үй мен үйдің арасын өзі адымдап өлшеп шығады екен. Тіпті қай жылы қанша еңбеккердің еңселі үй салуы керектігі де жоспарланған. Арнайы құрылыс бригадалары да құрылыпты. Қаражаты бар отбасыларға құрылыс материалдарын тауып берсе, қолы қысқаларға ұжымшар қорынан несие бергізді. Осы тәртіппен жүргізілген жұмыстар өз нәтижесін беріп, ауылдың келбеті жаңарды. Бұған қоса елді мекендерге бау-бақша егу жұмыстары қарқынды жүргізілді. Сонау шет жақтан жеміс ағаштарының көшеттерін таңдап әкеліп, үйді-үйге үлестіртті. Ауылдың толықтай жасыл желекке айналуына тікелей ықпал етті. Үйлерді салумен қатар электр стансысы, сауын сиыр фермасы, мал қоралары, астық қамбасы, екіқабатты орта мектеп, жиырма бес төсектік емхана, дәріхана, балабақша, сәбилер үйі, әр бригадада клуб, наубайхана және т.б. құрылыстарды жүргізді. Бұлардың барлығы ұжымшар табысының есебінен салынды, – дейді ағамыз.

Ал Болат Қисметов ағамыз Нұрмолда атамыздың Мұқыры ауылын қалай көтергенін былай еске алды:

– 1967 жылы облыс деңгейінде шопандар тойы болды. Ол менің мектепті бітірген кезім. Сол тойда Нұрмолда атамның мінберде тұрып:

– Ағайындар, міне, бір жарым жылда «Карл Маркс» ұжымшарын (Бүгінгі Мұқыры ауылы) аяғына тік тұрғыздым. Көрсеткішіміз Шұбар ауылына жетті. Аманшылық болса, енді бір-екі жылда Шұбарды басып озатын боламын, – деп сөйлеп тұрған бейнесі көз алдымда сақталып қалыпты.

Өкініштісі, атамыз ол күнді көре алмады. Сол жылы қараша айының 17 жұлдызында дүниеден озды. Бірақ ауылдастар арасындағы берекесіздікті шектеп, бауырмалдықты бекемдеді. Сол тұста жұрт нарық дегеннің не екенін білмей тұрған кезде Мұқырыға қауын-қарбыз ектіріп, оны Ресейдің солтүстік өңірлеріне сатып, түскен қаражатқа сол жақтан ағаш материалдарын алдырып, Мұқыры ауылының экономикасын көтерді. Мұқыры алғаш құрылғанда құрылыстары шашыраңқы, ретсіз, күрежолдың екі жағына жарыла орналасқан ұжымшар екен. Нұрмолда атамыз жұмыс тізгінін алғаннан кейін, елдің қауіпсіздігі үшін ең алдымен жолдың шығыс жағындағы үйлерді тұтас батыс жағына көшіріп, бір жаздың өзінде 240-тан астам үй тұрғызып, елді қоныстандырады. Қарқынды құрылыс жұмысымен қатар қант қызылшасын өсіруді босаңсытпады. Нұрағаның басшылығымен салынған әлеуметтік нысандар әлі де көпке қызмет көрсетіп келеді. Мұқыры ауылын бір жарым жылда жұрт танымастай етіп өзгертіп, кемелденуіне жол салып кетті, – дейді.

Қарымды қаламгер Құттыбек Баяндиннің «Нартұлға» романындағы Нұрекеңнің «Ауырсам ажалдан қорықпаймын, ауыл бөлек-бөлек болып кете ме деп уайымдаймын» деген бір ауыз сөзі елге деген сүйіспеншілігінің жарқын көрінісі іспетті. Расында тәуелсіздіктің алғашқы жылдары шаруасы шалқыған, атағы Кеңес одағына жайылған Шұбар ауылына да оңай тиген жоқ. Нұрмолда аталарымыз тұрғызған келбетті ғимараттар ескірді. Ел еңсесін жиып, жаңаруға бет алған бүгінгі таңда сол бүлінген, тозған үйлер қайта жөнделіп еңсесі биіктей түсті. Бірақ, Шұбар, Мұқыры ауылындағы сол Нұрмолда атамыз адымдап жүріп жасаған жоспарына әлі күнге дейін ешқандай өзгеріс енбеген. Қазіргі озық өлшеу аспабымен тексергенде де үйлердің шегарасы, жолдардың өлшемі дәлмедәл шығып отырған. Қысқасы, Шұбар ауылы Нұрмолда атамыз жасаған жобадан ауытқымаған. Осыған қарап-ақ әулие деп танымасқа бола ма?

Сондай-ақ, Шұбар ауылындағы әр үй ауласының кеңдігімен ерекше танымал. Нұрмолда атамыз өз кезінде бір үйге 25 сотықтан жер телімін бөлген. Бұл мәрттіктің белгісі. Мұндай жағдайды дүние жүзін шарласаң да кездестірмейсің. Сол аулалар бүгінде шеттен келіп, осы ауылға қоныстанған қандастардың көкөніс өсіріп, бордақылау орнын салып, отбасын асырауға көп көмек болуда. Нұрмолда атамыз өз ауылдастарына ғана емес, шетке кеткен қазақтың бүгінгі ұрпақтарына азық болар мүмкіндікті осыдан жарты ғасыр бұрын жобалап кеткен десем артық болмайтын шығар. Бұл да көрегендіктің белгісі емес пе? «Аштықта жеген құйқаның дәмі кетпейді» деген сөз бар. Бұл ауылдан әлі талай дарын шығады. Олар бала күнінде азық болған жағдайды жасап кеткен Нұрмолда атамыздың аруағына мәңгі тәу етіп жүретіні анық.

Бұған дейін де Нұрмолда атамыз жайлы талай кітап жазылып, өмірі мен еңбегі көптеген мақалаға арқау болды. Әлі де жазыла береді. Өйткені, ол кісінің елге жасаған игілікті ісі әр дәуірде өзінің өміршеңдігімен ерекшеленіп отырады. Бұл мақалада шамашарқымызша атамыздың ізгі қасиеттерін жинақтауға тырыстық. Десе де, ел үшін еңбек еткен осынау ерен тұлғаның облыс орталығы Талдықорған қаласында бір еңселі ескерткіші болмауы кейде жанды жүдетеді. Атамыз жолын қуған Үш атаның, Нұрекеңді қатты құрметтеген Дінмұхамед Қонаевтың ескерткіштерінің қатарында Нұрмолда атамыздың да асқақ бейнесі аспанға бой созып тұрса қаламыздың қадірі мен сәнін арттыра түсер еді. Бұл көптің арманы мен үміті. Бұл арман да орындалатын шығар.



ТҰЛҒАЛАРҒА ТАҒЗЫМ

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Елбасының «Мәдени мұра» және «Рухани жаңғыру» бағдарламалары аясында қаншама асылдарымызбен табысып, ұлттық құндылығымызды ұлықтауға мүмкіндік туды. Осы ретте Кербұлақ ауданында Тезек төренің 200, Құдиярхан Тезекұлының 170 жылдығына орай ғылыми-танымдық экспедиция өтті. Кербұлақ ауданының әкімі Ғалиасқар САРЫБАЕВ экспедиция мүшелерімен кездесіп, алдағы жұмыстарына сәттілік тіледі. Сондай-ақ, ол Күреңбел өңірінен шыққан ұлы тұлғаларды ұлықтау, қасиетті нысандарды анықтау, оны ел игілігіне беру бағытындағы істерді баяндады.

Қажет АНДАС

Аталған экспедиция Тезек төренің туғанына 200 жыл және саяси қуғын-сүргін құрбаны Құдиярхан Тезекұлына 170 жыл толуына байланысты Тезек төрені зерттеушілер ағайынды Азамат, Бағдат Ақылбековтердің бастамасымен және "Тезек төре" қорының қолдауымен жоспарланды. Бұл бастама белгілі қоғам қайраткері, жазушы, академик, ЮНЕСКО-ның мәдениетті жақындастыру орталығының бас ғылыми қызметкері Нағашыбек Қапалбекұлының тікелей қолдауына ие болды. Экспедицияның сәтті өтуіне Әділ төре ұрпақтары Жанат, Болат Бураховтар, Азамат, Бағдат Ақылбековтер, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Келемсейіт, белгілі ақын-жазушы Әли Ысқабай, Кербұлақ ауданының әкімі Ғалиасқар Сарыбаев, мемлекеттік қызметшілер, тағы басқа елге танымал, беделді ауыл азаматтары атсалысты. Аталмыш шара қасиетті жұма күніне және Тезек төре қайтыс болған шілде айына тұспа-тұс келді.

Экспедиция құрамына ҚазҰУ профессоры, тарих ғылымдарының докторы Берекет Кәрібаев, филология ғылымының докторы, Абай атындағы Қазақ педагогикалық университетінің профессоры Темірхан Тебегенов, ҚазҰУ тарих факультетінің деканы, профессор Меңдігүл Ноғайбаева, ҚазҰУ профессоры Тәттігүл Қартаева, Абай атындағы Қазақ педагогикалық университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты Шәмек Тілеубаев, ЮНЕСКО қамқорлығындағы Мәдениеттерді жақындастыру орталығының ғылыми хатшысы Салтанат Әшімова, филолог-ғалым, профессор Анарбай Бұлдыбаев, тарих ғылымдарының докторы, профессор Марат Әпсәметов, Сүйінбай музейінің директоры Мұрат Мұқашұлы, Үмбетәлі музейінің директоры Әуелбек Ысқақов енгізілді.

Экспедиция жұмысы ең алдымен Алтынемел асуының етегінде орналасқан Қарлығаш ауылының маңындағы "Тезек төре қорымы" деп аталатын зиратта басталды. Ұйымдастырушылар тарапынан алдын ала тыңғылықты атқарылған дайындық жұмысы көрініп тұрды. Қорым алдындағы алаңда төрт ақпараттық тақта ілініп, ғалымдардың зерттеу жұмысына керекті ақпараттар алуына тиімді болды. Экспедиция мүшелері Тезек төре мен оның ұлы Құдиярхан Тезекұлының құлпытасы алдына тізелерін бүгіп, аруақтарға арнап Құран бағыштады. Одан кейін бағдарлама бойынша "Тезек төре" кітабының авторы Азамат Ақылбеков ел жағдайын, жер тарихын таныстырып, Тезек төренің өмірбаяны туралы толық ақпарат берді. Тезек төретанушы, бірнеше мақаланың авторы, облыс әкімі аппараты талдау бөлімінің басшысы Бағдат Ақылбеков экспедиция мүшелеріне "Тезек төре қорымы" туралы баяндама жасады.

Қорымның қазіргі аянышты жағдайын көрген облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Келемсейіт:

– Бұл біздің баршамызға, әсіресе, ардагерлерге сын болды. Тезек төремен бірге жасасқан ақын, күйші, батыр, шешен, билерге ауыл, мектеп, көше атауын беріп, ескерткіштер тұрғызып тастадық. Ал ханның өзіне бірде-бір елді мекен атауын бермей, ескерткішін орната алмағанымыз ұят болған екен, – деп өкінішін білдірді. Оның сөзін Әли Ысқабай ақсақал да қолдады.

Осыдан кейін экспедиция Алтынемел асуының баурайында 2010 жылы орнатылған Тезек төре мен Бөлтірік шешенге арналған ескерткішті көрді және оның маңындағы тарихи жерлерге шолу жасады. Келесі кезекте экспедиция мүшелерінің назарына тағы бір тарихи нысан ұсынылды. Оны жергілікті тұрғындар "Жошы ханның оры" деп атайды екен. Өзара пікір алмасу барысында ғалымдар бұл орын шамамен осыдан жеті жүз жыл бұрын қазылған болуы керек деген тұжырым айтты.

Осыдан кейін экспедиция жұмысы қазақ халқының ұлы тұлғасы, ағартушы-ғалымы, тарихшы, саяхатшы Шоқан Уәлихановтың ескерткіші маңында жалғасты. Бұл жер «Көшен тоған» деп аталады. Сол заманда тоған салып, жергілікті халықты суармалы егістікке бейімдеген Көшен төре жайлы да тарихи әңгімелер көпшілікті тәнті етті. «Көшен тоғандағы» қорымда Тезек төренің әкесі Нұралының ағасы Ералы сұлтан және басқа да сұлтандар жерленген. Одан ары экспедиция мүшелері Шоқан Уәлихановтың мемориалды кешенін тамашалап, музейіне бас сұқты. Құнды жәдігерлер жинақталған музей қоры көпшілікті тәнті етті.

Тезек төре Шоқан Уәлихановты жанындай жақсы көрген, ағасының қызы Айсараға үйлендіріп, бес күнге созылған той жасағаны белгілі. Ел аузында сол заманнан келе жатқан: «Жердің иесі – Тезек, елдің киесі – Шоқан, осы екеуінің аруағы риза болмай, ешкімнің ешқандай ісі алға баспайды» деген нақыл сөздің қалуы да тегін емес.

Жалпы, Тезек төре мен Құдиярхан Тезекұлының есімін ұлықтау ісі қолға алынды. Бірақ нәтижесі аздау болып тұрғаны да көңілді қобалжытады. Экспедицияға қатысқан ғалымдардың ойы осылай. Олар Тезек төренің есімін ұлықтау мақсатында оның атымен аудан, елді мекен, білім ошақтары, мәдени нысандар аталып және аудан, облыс орталықтарында ескерткішін орнату, көшелерге атын беріп, кинофильмдер түсіру сияқты мәдени іс-шараларды қолға алу қажеттігін айтты.

– Бүгінгі ғылыми-танымдық экспедицияның мақсаты – Тезек төре жатқан жерді өз көзімізбен көріп, зерттеу, оның көшіп-қонып жүрген өңіріндегі жер-су атауларын тарихи деректермен салыстыру, жалпы тарихи тұлғаның сан қырлы қасиетін тану. Әрине, бұл тұрғыда көптеген жұмыс атқарылып жатқанын көрдік. Десе де, бұл жеткілікті болмайды. Сол заманда жан-жақтан қысқан қауіп-қатерден елін аман сақтап, береке-бірлікті нығайтқан Тезек төренің үлесін ұлықтаумен бірге біз орнын көрген Тезек төренің күмбезі және қорымның қоршауы бұрынғы өзі жобалаған нұсқада қайта қалпына келтірілуі керек, Тезек төреге арнап ескерткіш қою керек. Шоқан Уәлихановтың музейі сияқты Тезек төре атындағы музей ашылса, нұр үстіне нұр болар еді. Біз көрген Қарлығаш ауылы оның ресми атауы болғанымен ел арасында Тезек төре ауылы деп аталады екен. Сол атауын неге қайтармасқа? Сонымен қатар, Тезек төре күйші, айтыс ақыны болған, басқа да қырлары көп. Сол үшін Тезек төре атындағы зерттеу институты құрылып, арнайы мамандар жұмыс істесе, рухани қазынамызды байыта түсер еді, – деп қорытты ойын бізге берген сұхбатында профессор Берекет Кәрібаев.

Ілияс Жансүгіровтің: «Өз елі өз ерлерін ескермесе, ел тегі қайдан алсын кемеңгерді?!» деген нақыл сөзі бар. Ел үшін еңбектенген тұлғаларға елі де өз құрметін көрсеткені жөн. Бұл экспедиция жұмысы – қазан айында Тезек төренің 200, Құдиярхан Тезекұлының 170 жылдығына орай Алматыда өтетін халықаралық-республикалық ғылыми-танымдық конференцияның алғашқы баспалдағы. Осы экспедиция барысында анықталған тарихи деректер және зерттелген мәліметтер негізінде жинақталған материалдар сол конференцияға ұсынылады.

Кербұлақ ауданы

✓ӨРЛЕУ

ФАБРИКА ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Қазақстанның 30 жыл ішінде жеткен жетістіктері елдің табандылығы мен жігерінің, бірлігінің арқасында орнығып отырғандығы сөзсіз! Уақыт озғанымен тіршілік тоқтамайды. Біз жылдан жылға жаңарып, жаңғырып келеміз. Қазіргі кезең пандемияға қатысты карантиндік шаралардың салдарынан күрделі болғанына қарамастан Еңбекшіқазақ ауданында экономикалық көрсеткіштердің өсуі қамтамасыз етіліп, аграрлық секторда, өнеркәсіпте және әлеуметтік салада бірқатар маңызды жобалар іске асырылуда.

Осындай жоғары көрсетіштерге қол жеткізу, ең алдымен, инвестициялар тарту, жаңа технологияларды енгізудің арқасында мүмкін болып отыр. Себебі, инвестициялық жобалар ауданның экономикалық дамуын өрге тартады. Экономика дамымай әлеуметтік мәселелердің оң шешімін таба қоюы қиын. Бұл – жұртшылыққа қашаннан белгілі жайт. Ал қаржы экономиканы дамытудың негізгі тетігі екенін ауданда атқарылған мақсатты шаралар көрсеткендей. Солардың бірі Еңбекшіқазақ ауданының Сөгеті ауылдық округіне қарасты аумақтағы Бұғыты тауларында вольфрам кенін байыту және қайта өңдеу бойынша жүзеге асырылатын аса ірі инвестициялық жоба.

Қазір мұнда «Жетісу Вольфрам» ЖШС тапсырысымен тау-кен байыту фабрикасының құрылысы басталды. Жобаны шетелдік инвестордың қатысуымен орындау жоспарланған. Инвестиция сомасы 94,5 млрд. теңгені құрап, бастапқы іске қосылған кезде 500-ге жуық жаңа жұмыс орны ашылып, жылына 3,3 млн. тонна кен өңдеу жоспарлануда. Жұмыстар Қазақстан Республикасының экологиялық нормалары мен қауіпсіздік нормаларына қатаң сәйкестікте жүргізілетін болады. Құрылыс ресурстарды барынша ұтымды пайдалануға қол жеткізу үшін алдыңғы қатарлы халықаралық тау-кен өндіру технологияларын қолдана отырып, жоғары стандарттар мен жоғары сапа қағидаттары бойынша жүргізілетін болады.

«Жетісу Вольфрам» ЖШС қоршаған ортаны қорғау басымдығы тұжырымдамасын, экологиялық таза кеніш стандартын ұстанады, заманауи жабдықтарды, саладағы құрылыс пен пайдалануды басқарудың озық әдістерін таңдайды.

Нысанның құрылысы аяқталып, қолданысқа берілсе өнеркәсіптік өндіріс көлемі жылына 150 миллион доллардан асады және жергілікті қоғам мен экономикаға тың серпін беріп, дамуына айтарлықтай үлес қосады. Жобаның негізгі мақсаты – өндірілген кеннен металл бұйымдарын дайындау кезінде оның сапасын арттыратын концентрат әзірлеп, оны одан ары ішкі және сыртқы нарыққа сатуға шығару.

Дана халқымыз «Алға тартқан озады, кейін кеткен тозады» деп тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін тарқатқан. Мұхтар Әуезов айтпақшы: «Қай істің болсын өнуіне үш шарт бар: ең әуелі – ниет керек, одан соң – күш керек, сосын – тәртіп керек». Оған жеткізер амал – бірлік және еңбек. Сондықтан, елдің ертеңі, еліміздің береке-бірлігі үшін бас қосқан, қаймағы бұзылмаған мықты қоғам ретінде алдағы өмірде болашағымыздың жарқын, келешегіміздің кемел болатынына сын көзбен емес, сеніммен қарап, сол жолда еңбек етіп, күшті экономиканың, адал еңбектің, терең білімнің, ашық сананың, жоғары дәрежелі мәдениет пен рухани кемелденудің шынайы келбетін танытып, қолдау көрсетуіміз қажет. Осылайша біз ауданымыздың көркеюіне үлес қоса алатын боламыз.

Болатжан НҰРБЕКОВ,
облыстық мәслихат
депутаты

✓АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ



ӨНІМ КӨЛЕМІ АЗАЙМАЙДЫ

Бүгінде Талдықорған қаласы бойынша 367 ауылшаруашылық құрылымы тіркелген. Астық сақтайтын көлемі 3812 шаршы метр, сыйымдылығы 8000 тонналық жабық үлгідегі 3 қойма, көлемі 8560 шаршы метрді құрайтын 8 жылыжай және сыйымдылығы 14800 тоннаны құрайтын көкөніс, жеміс-жидек сақтауға арналған 11 қойма бар. Демек, бұл жағдай қалаға қарасты шаруашылықтардың жыл бойы түрлі дақылды алаңсыз егіп, бел шешпей еңбектенулеріне мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қоймаларға сақталған дәнді дақылдар мен бақша өнімдері қала тұрғындарының азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге септігін тигізіп келеді.

– Биыл қала аумағындағы егістік алқабы 6457 гектарға жетті. Оның 937 гектарына дәнді, 2716 гектарға майлы дақыл, қалған жерге картоп, көкөніс, қант қызылшасы, бақша дақылдары мен көпжылдық шөп себілді. Мемлекеттік қолдау арқылы жеңілдетілген бағамен жанар-жағармай жеткілікті мөлшерде бөлінін, көктемгі дала жұмыстарының толық орындалуына сеп болды. Ауылшаруашылық техникаларының да саны артып, жылдағыдай техникадан тапшылық көретін жағдай орын алмады, – дейді Талдықорған қалалық ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы Абзал Зейнулда.

Айта кетерлігі, биылғы көктемде қолайсыз ауа райына байланысты егіс жұмыстары жылдағыдан бірнеше күнге кейіндеп басталды. Күндіз ыстық, түнде салқын болған ауа райы да дақылдың өсіп-жетілуіне кедергі болғаны анық. Сонда да егіс алқаптарындағы жағдай бірқалыпты. Қазір барлық егіс алқаптарында дақылдарды баптау жұмысы қызу жүруде.

Өткен жылы қала диқандары су тапшылығын біраз сезінген болатын. Сондықтан жыл басынан бері қала әкімі және ауылшаруашылығы бөлімінің мамандары осы мәселені назарға алып, жазғы суару маусымында су тапшылығын болдырмаудың барлық мүмкіндігін ертерек қарастырыпты.

– Биыл "Қазсушар" ШЖҚ РМК Талдықорған қаласындағы 189 су тұтынушымен 36930770 м³ көлемінде келісімшарт жасасты. Су пайдалану жоспарына сәйкес суармалы жерлерді суару жұмысы жүріп жатыр. Қазіргі уақытта қалаға қарасты суармалы жерлерге 14836030 м³ көлемінде су берілсе, оның 7050672 м³-і Талдықорған қаласына тиесілі. Қазірше су тапшылығы сезіле қойған жоқ, – дейді Абзал Секенұлы.

Қала аумағында жалпы ұзындығы 132,2 км арық жүйесі бар, оның 45,1 км темір-бетонды науа. 15 мамырдан бастап ауылшаруашылық құрылымдарына су берілді. Биылға белгіленген тариф 1м³-ге 66 тиын. Өткен жылдан бері ұзындығы 112 шақырымды құрайтын Талдықорған каналына күрделі жөндеу жұмысы жүргізілуде. Мердігер компания «Монолит» ЖШС аталған жобаны жыл соңына дейін аяқтаймыз деп отыр. Егер Балықты өзені бойынан сыйымдылығы бес миллион текше метрді құрайтын су қоймасы салынса егістіктің жер көлемін тағы да 2 мың гектарға дейін ұлғайтуға болады. Су қоймасын салу мақсатында 2018 жылы 3,1 млн. теңге қаражат бөлініп, техника-экономикалық негіздеме әзірленіпті.


– Биыл қалада 350 гектар жерге қант қызылшасы себілді. Оның дені "Жер-ана" АӨК, "Тәжірибе ХХІ» ЖШС, "Мақан-Алмас", "Самай", "Сапи", "Бейсенбаев Б.Д", "ИА и К" шаруа қожалықтарына тән. Ауа райының құбылмалы жағдайына қарамастан қант қызылшасының шығымы жақсы. Қазір шаруа қожалықтары қант қызылшасы алқабын толығымен суғарып болды. Қазіргі болжам бойынша, қант қызылшасынан алынатын өнім көлемі өткен жылғыдан жоғары болады деп күтілуде, – дейді қалалық ауылшаруашылық бөлімінің басшысы.

Талдықорған қаласында «Жер-ана» АӨК базасында сервистік дайындау орталығын құру мақсатында 16 маусым күні «Жетісу» ӘКҚ» ӨДИ» АҚ басқармасына қала әкімі атынан хат жолданыпты. Бүгінгі күні қажетті техниканың бағаларын нақтылау жұмыстары жүргізілуде. Егер аталған сервистік дайындау орталығы құрылса, басқа да ауылшаруашылық дақылдарымен қатар қант қызылшасы егіс алқабының көлемі мен өнімділігі айтарлықтай артатын болады.

Омар АҚЫН
Талдықорған қаласы

✓САЙЛАУ – 2021

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА



«Jetisý» газетінің (бұдан ары – газет) меншік иесі «Өлке тынысы» ЖШС Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасындағы сайлаулар туралы» Конституциялық Заңына сәйкес 2021 жылдың 25 шілдесінде өтетін ауылдық округ әкімдерінің сайлауына қатысатын үміткерлерді сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру үшін басылым алаңдарын беру шарттары мен тәртібі, төлем мөлшері туралы хабарландырады.

ГАЗЕТТІҢ БАСЫЛЫМ АЛАҢДАРЫН БЕРУДІҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ

Газет үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін басылым алаңдарын береді.

Газеттен басылым алаңдарын беру газеттің меншік иесі мен үміткердің сенімді өкілі арасында үгіттік баспа материалдарын орналастыруға арналған басылым алаңын беруге жасаған келісімшарт негізінде жүзеге асырылады. Келісімшарттың формасы мен тиісті құжаттар жазбаша өтініш тапсырылған кезде қоса беріледі. Мұндай келісімшарт жасау үшін кандидаттардың сенімді өкілдері газеттің меншік иесіне келесі ақпараттарды көрсете отырып, жазбаша өтінішпен шығады: 1) өтініш беруші кандидаттың (сенімді өкілдің) аты-жөні; 2) кандидаттың (сенімді өкілдің) төлқұжат көшірмесі, кандидаттың (сенімді өкілдің) куәлігінің көшірмесі; 3) үгіттік материалдардың түрі, алатын алаңының жоспарланған көлемі көрсетілген жазбаша өтініш мазмұны; 4) қағаз нұсқадағы (уәкілетті өкілдің көрсетілген әр парақтағы қойылған қолымен) және электронды тасымалдаушыдағы үгіттік материалдың мәтініне түсіндірме;

Сайлауалды үгіт-насихат кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталғаннан, яғни, 2021 жылдың 14 шілдесінде сағат 18.00-де басталып, 2021 жылғы 24 шілдеде жергілікті уақыт бойынша ноль сағатта аяқталады.

Жазбаша өтініштер демалыс және мереке күндерін қоспағанда, күн сайын Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 24-үй, 4-қабат мекенжайы бойынша қабылданады.

Жарияланымдарда ақпараттың төленуі, материалдарды шығаруға жауапты тұлғалар, олардың қаржыландыру көзі туралы мәліметтер болуы тиісті. Баспалық материалдарды орналастырудың кезектілігі жазбаша өтініштердің келіп түсу реттілігіне байланысты газетпен белгіленеді. Бірнеше кандидаттың атынан жазылған өтініштер бір мезетте түскен жағдайда газет тарапынан дәл сол күні жеребе өткізіледі. Жеребеге баспалық материалдарды орналастыру кезектілігіне таласушы кандидаттардың уәкілетті өкілдері мен таластың тәуелсіз тарабы ретінде БАҚ өкілі қатысады. Кандидаттардың әрбір уәкілетті өкіліне ішінде баспалық материалды орналастырудың мерзімі көрсетілген, мөрленген конвертті таңдау ұсынылады. Конверттер саны таласқа қатысушылардың санымен тең болады. Жеребе аяқталғаннан кейін таласқа қатысушылар мен БАҚ өкілі жеребе хаттамасына қолдарын қояды. Жеребе нәтижесі (хаттаманың көшірмесі) тиісті сайлау комиссиясына тапсырылады.

ҮГІТТІК БАСПА МАТЕРИАЛДАРЫН БЕРУ ТӘРТІБІ

Газетке үгіттік баспа материалдары газет жарық көретін датаға 3 (үш) күнтізбелік күн қалғанға дейін модульдер немесе мақалалар түрінде тапсырылуға тиісті. Газет материалдарда конституциялық құрылысты күштеп өзгертуге, республиканың тұтастығын бұзуға, мемлекеттің қауіпсіздігін бүлдіруге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, таптық және рулық алауыздық тудыруға, сондай-ақ, заңмен қарастырылмаған және заңмен қарастырылған, тағы басқа да негіздерде әскерилендірілген құрылымдар құру идеялары көрініс берген жағдайда үгіттік баспа материалдарын орналастырудан бас тартуға құқылы. Газет кандидаттардың абыройы мен қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіретін ақпараттар болған жағдайда үгіттік баспа материалдарын орналастырудан бас тартуға құқылы. Осы ақпараттық хабарламада көрсетілген басылым алаңдарын берудің шарттары мен тәртібі уәкілетті органдардың талабына сай түзетілуі мүмкін.

ГАЗЕТТІҢ БАСЫЛЫМ АЛАҢДАРЫН ТӨЛЕУДІҢ ТӘРТІБІ МЕН МӨЛШЕРІ

Үгіттік материалдарды орналастыруға арналған басылым алаңдарының бағасы:

– ҚҚС-ты қоса алғанда журналистік мақалалар жарияланған беттерге модуль орналастырудың 1 шаршы см. үшін 300 теңге;

– ҚҚС-ты қоса алғанда журналистік мақалалар жарияланған беттерге мақала орналастырудың 1 шаршы см. үшін 300 теңге;

Төлем газет берген есепшот негізінде сол есепшот берілген күннен басталатын 5 (бес) банк күні ішінде жүргізіледі. Төлем газеттің басылым алаңын беру жөніндегі тиісті келісімшартта немесе есепшотта көрсетілген серіктестіктің банктік реквизиттеріне төленеді.

Туындаған сұрақтар бойынша Талдықорған қаласы, Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабаттан жауап табуға болады.

✓ШАҢЫРАҚ

Этносаралық қатынастар тақырыбында жазып жүрген журналистерді ынталандыру арқылы отандық журналистиканың дамуына жәрдемдесу, көпэтносты Қазақстан халқының мәдениеті мен дәстүрлерінің озық үлгілерін ілгерілету, мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту, БАҚ-тағы қоғамдық келісім мен жалпыхалықтық бірлік мәселесіне арналған публицистикалық материалдардың сапасын арттыруды мақсат еткен «Шаңырақ» байқауының облыстық кезеңі қорытындыланды.



Байқау мәресіне жетті

Ұйымдастырушылардың айтуынша, байқауға биылғы 15 қаңтар мен 10 қазан аралығында мемлекеттік және орыс тілінде жазылып, түрлі ақпарат құралында жарияланған, телеарналардың эфирінде көрсетілген, интернет-ресурстарда жарық көрген баспасөз материалдары және телерадио бағдарламалары түрінде 21 жұмыс келіп түскен. Олардың байқауға үкілеп жіберген мақалаларын білікті журналистерден құралған қазылар алқасы сараптап, тиісті бағасын берді.

– Мақсаты айтып тұрғандай, қоғамдық келісім, ұлттар арасындағы татулық, этнос арасындағы берекебірлікті нығайтуға арналған байқауға қойылатын талап та жеңіл болмайды. Сондықтан бұл конкурсқа қосатын материалдар да мазмұн-мағынасы сай болып, жұтынып тұруы керек. Әрине, бұл ретте байқауға түскен материалдардың бәрі бірдей талапқа сай келмейді деуге де немесе бәрі бірдей керемет деп те айтуға болмайды. Кейбір есеп үшін жазылған дүниелерді байқауға жібере салған жайттар да кездесті. Әрине, этножурналистика саласын жазатын тілшілерге үлгі алып, өнеге ететін дүниелер де аз емес. Сондықтан әділқазылар алқасы материалдарды жан-жақты сараптап, оның байқау шарты мен таңдаған номинацияның талабына сәйкес келетіндерін іріктедік. Ең бастысы, әрбір үміткердің материалы әділ бағасын алды деп сеніммен айта аламын, – дейді әділқазылар алқасының мүшесі, облыстық «Jetisy» газеті бас редакторының орынбасары Нүсіпбай Әбдірахым.

Әрине, байқау болғасын оның жеңімпаздары да болады. Биылғы облыстық байқаудың бас жүлдесін облыстық «Огни Алатау» газеті бас редакторының орынбасары Забира Сайдильдина иеленіп, Алғыс хат пен қомақты заттай сыйлыққа ие болды. Қалған 9 журналист те өздеріне тиесілі орындары бойынша марапатқа ие болды.

– Этножурналистика бүгінгі тәуелсіз елдің болашағы үшін ауадай қажет сала. Оның мақсаты Қазақстан халқы Ассамблеясы немесе қоғамдық келісім кеңестерінің жетістіктерін көрсету ғана емес. Осы тақырыпқа қалам тарта отырып, халқымыздың ұлттық құндылығын әспеттеу болып табылады. Сондықтан әріптестерімнің этножурналистика саласында жалықпай ізденуінен үміт етемін, – дейді байқау жеңімпазы Забира Сайдильдина.

Байқау осылай қорытындыланды. Соңында көпшілік естелік суретке түсіп, байқауды өткізуге қатысты ұсыныс-тілектерін айтты.

Омар АҚЫН

✓ӘЛЕУМЕТ

ЖОБА ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

Рухани Жаңғыру орталығында «Әлеуметтік идеялар мен жобалар жәрмеңкесінің» жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті. Облыс бойынша 500-ден астам үкіметтік емес ұйым белсенді жұмыс атқаруда. Әйелдерді қорғау, құқықтық, қаржылық, экологиялық білімдерді беру, салауатты өмір салтын насихаттау, аула клубтарының жұмыстары қоғамдық ұйымдардың негізгі бағыттары.

Мәулен ӘНЕРБАЙ

Облыстық ішкі саясат басқармасының қолдауымен облыстағы ҮЕҰ консалтингтік орталығы жыл сайын «Әлеуметтік идеялар мен жобалар жәрмеңкесін» ұйымдастырып, байқаудың жеңімпаздарын айқындады. Азаматтық қоғамды дамыту, оның институттарының әлеуетін өзекті әлеуметтік және қоғамдық маңызы бар мәселелерді шешуге тарту, одан әрі start up қаржыландыру үшін азаматтық бастамаларды қолдау мақсатын айқындаған байқауда ең үздік жобалар ғана жеңімпаз атанады.

Құттықтау сөз алған облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Рахмет Есдәулетов:

– Облыс әкімі Амандық Баталовтың қолдауымен қаржы бөлініп, мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес сектордың өзара қатынасы нығайды. Аймақта 900-ден астам үкіметтік емес ұйым тіркеуде бар екен. Бірақ соның бәрі толыққанды жұмыс істеп жатыр деп айта алмаймыз. Болашақта барлығын белсенді қызмет етуге тарту қажет. Жәрмеңке аясында жеңімпаз болғандар алға қойған мақсаттарын жоғары деңгейде атқаратынына сенімдіміз. Сіздерді шын жүректен құттықтаймын, – деп осындай игілікті іс жалғасын тауып, үздік шыққан жобаларды қашанда қолдауға әзір екендіктерін айтты. Байқау екі кезең бойынша «Тең мүмкіндіктер қоғамы», «Әлеуметтік кәсіпкерлік», «Қоршаған ортамен үйлесімде», «Ауылдық өмір», «Жастарға бастау» сынды номинация бойынша өтті.

– Біздің қоғамдық бірлестік 2008 жылдан бастап қызмет етіп келеді. Бағытымыз – қоршаған ортаны қорғау мен жастарды экологиялық тәртіпке бейімдеу. Сол себепті алмалардың атасы атанған сиверс алмасын өсіруді бастадық. Оның ерекшелігі – тамыры тереңге кетеді, суға, суыққа төзімді келеді. Бағымызға жастар мен кәрілер келіп, таза ауамен тыныстап, алма жинауға көмектесіп тұрды. Осы алған қаржыға алма бағын қоршап, қосымша тұқымдар сатып аламыз, – деді жоба жеңімпазы, «Алакөл Экосистемасы» қоғамдық бірлестігінің басшысы Кульяра Бектемисова.

Биылғы байқауға 50-ден астам өтініштер түсіп, ең үздік 10 жоба анықталды. Гранттар қоры 10 000 000 теңге. Шағын гранттар үшін бөлінген қаражат әлеуметтік жобаны іске асыру үшін техникалық база және материалдық көмек түрінде беріледі.

✓ӘРІПТЕС ӘЛЕМІ

ТАЛАНТ ҚЫРЫ



Менің пайымымша, өзінің туған жер, өскен өлкесінің тауы мен даласын, өзені мен көлін, данасы мен дарасын жүрегімен сезінген адам ғана туған елінің жарқын келешегі үшін адалдықпен еңбек етеді. Осы тұрғыдан келгенде «Балқаш өңірі» газетінің бас редакторы Күмісбек Ербаевты өскен елінің үмітін үкілеп жүрген азаматтардың қатарына жатқызуға болады.

Қажет АНДАС

Ол осы ауданның Құйған ауылында дүниеге келді. Бала күнінен туған ауылының қыры мен сырын, өткені мен бүгінгі жағдайын санасына тоқып өсті. Отбасындағы тәрбиесі мен ұстаздардан қабылдаған өнегесі оның ел мен жерге деген азаматтық көзқарасының қалыптасуына ықпал етті. 1998 жылы ауылдағы Н. Бозжанов атындағы орта мектепті бітірген соң бірден аудандық «Балқаш өңірі» газетіне тілші болып еңбек жолын бастады. Аталған газетте жұмыс істей жүріп, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінің сырттай бөліміне түсіп, аталмыш оқу орнын журналист мамандығы бойынша үздік бітіріп шықты.

Содан бергі жиырма жылда аудандық газетте тілші, жауапты хатшы, бас редактордың орынбасары, директор-бас редактор сияқты газет журналисі басып өтуге тиісті барлық басқыштардан өтті. Ол газеттің тірлігіне араласа жүріп ел өмірін, өңірдің қиындығы мен өркендеп-өсу кезеңдерінің бәрін бастан өткерді. Білімімен қатар біліктілігі де өсті. Осындай өмір тәжірибесі оның Балқаш өңірінің бары мен бағын бағалай білетін азамат болып қалыптасуына шынайы ықпал етті. Зайыбы Әсиямен шаңырақ көтеріп, отбасында 4 бала тәрбиелеп отыр.

Міне, сол әріптесіміз қырық деген кемел жасқа келіп отыр. Халқымызда: «Отызында орда бұзбаған қырқында қыр аспайды» деуші еді. Өмірінің қырық жылын туған жерін түлетуге арнаған Күмісбек Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, 2017 жылдан бастап Балқаш аудандық мәслихатының депутаты сияқты жауапты жұмыс атқарып, ел тілегін билікке жеткізіп, өңірдегі бірқатар қордаланған мәселелерді шешуге ықпал етіп келеді. Төккен теріне сай талай марапаттың да иегері атанды. Алдағы күндерде де елі үшін істеген қызметі еселене түседі деген ниеттеміз.

✓МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ

КӨП ДЕҢГЕЙЛІ МОДЕЛЬ



Қазақстанда базалық, міндетті және ерікті деңгейде мемлекет пен жұмыс берушінің және жұмыскердің арасындағы жауапкершілікті бөлуді көздейтін әлеуметтік қамсыздандырудың көп деңгейлі моделі жұмыс жасайды.

Бірінші деңгей – Қазақстан Республикасы Конституциясы аясында кепілдік берілген әлеуметтік төлемдерді, яғни, барлық азаматтарға бірдей деңгейде тағайындалатын төлем (базалық зейнетақы төлемі, мемлекеттік жәрдемақылар, бала туғанда берілетін біржолғы төлем, бала күтімі бойынша төлемдер және т.б.);

Екінші деңгей – еңбек өтіліне және еңбекақысының мөлшеріне байланысты ынтымақты зейнетақы, жинақталған зейнетақы мен әлеуметтік сақтандыру аударымдары есебінен жүргізілетін әлеуметтік төлемдер, яғни азаматтардың қоғамды дамытуға қосқан жеке үлестерін ескеретін қосымша әлеуметтік қамсыздандыру;

Үшінші деңгей – ерікті және кәсіптік жинақтау немесе сақтандыру жарналарының есебінен жүргізілетін әлеуметтік төлемдер.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру елімізде 2005 жылы енгізіліп, жұмыс істейтін халықты әлеуметтік қорғаудың қосымша түрі болып табылады. Жүйе жұмыс берушілердің өз жұмыскерлері үшін жеке кәсіпкерлердің, жеке практикамен шұғылданатындардың, сонымен қатар бірыңғай жинақтық төлем төлеушілердің өз пайдасына аударатын әлеуметтік аударымдарының есебінен қаржыландырылады. Осылайша, міндетті әлеуметтік сақтандыру қорына (МӘСҚ) аударылатын әлеуметтік аударымдар жұмыскердің еңбек ақысынан ұсталынбайды, ол алатын табыстың 3,5% мөлшерінде жұмыс берушінің қаржысы есебінен төленеді.

Жұмыс істейтін азамат, сондай-ақ, ол қайтыс болған жағдайда оның отбасы мүшелері әлеуметтік тәуекел туған жағдайда МӘСҚ-дан әлеуметтік төлем алуға құқылы. Төлемнің мөлшері әлеуметтік аударымдар төленген табысқа, сонымен бірге аударымдарды төлеу ұзақтығына тікелей байланысты болады.

Қазіргі уақытта МӘСҚ-дан еңбекке қабілеттілігінен айырылуы, асыраушысынан айырылуы, жұмысынан айырылуы, жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы асырап алуға байланысты табысынан айырылуы және бір жасқа толғанға дейінгі бала күтіміне байланысты табысынан айырылуы жағдайларына әлеуметтік төлемдер төленеді.

COVID пандемиясына байланысты туындаған жаһандық дағдарыс біздің елімізді де айналып өтпеді. 2020 жылдан бастап жұмысынан айырылған азаматтар санының және осыған байланысты МӘСҚ-дан жұмысынан айырылуына байланысты әлеуметтік төлемдердің сомасының өскенін атап өту керек.

Жұмысынан айырылуына байланысты әлеуметтік төлемді алудың басты шарттары тұрғылықты жердегі жұмыспен қамту орталығына барып жұмыссыз ретінде тіркелу қажеттігі және 6 айдан кем емес еңбек өтілінің болуы. Жұмыскердің еңбек өтілі МӘСҚ-ға келіп түскен ай сайынғы әлеуметтік аударымдар арқылы анықталады.

Цифрландыру заманында карантин кезінде үйден шықпай-ақ көп мәселелерді шешудің мүмкіндіктері бар, соның бірі «бір терезе» қағидасы арқылы электрондық цифрлық қолтаңба болған жағдайда (egov.kz) электрондық үкімет порталы немесе (enbek.kz) электрондық еңбек биржасы порталы арқылы, жұмыспен қамту орталығына барып жұмыссыз ретінде тіркелу және МӘСҚ-дан жұмысынан айырылуына байланысты әлеуметтік төлемге өтініш беру қарастырылған.

Жұмысынан айырылуына байланысты әлеуметтік төлемді жұмыссыз ретінде тіркелген кез келген адам ала алмайды. Тек қана МӘСҚ-ға әлеуметтік аударымдар түскен міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы құқылы. Бұл әлеуметтік төлемнің мөлшері жұмыскердің соңғы екі жылдағы орташа айлығының 40 пайызын құрайды. Ал тағайындау мерзімі егер әлеуметтік аударымдар МӘСҚ-ға 6 айдан 12 айға дейін түссе 1 айға; 12 айдан 24 айға дейін түссе 2 айға; 24 айдан 36 айға дейін түссе 3 айға; 36 айдан 48 айға дейін түссе 4 айға; 48 айдан 60 айға дейін түссе 5 айға; 60 және одан көп ай болғанда 6 айға тағайындалады. Тағайындалған әлеуметтік төлемнен 10 пайыз міндетті зейнетақы жарнасы ұсталынады.

МӘСҚ-дан жұмысынан айырылуына байланысты әлеуметтік төлем республика бойынша 2020 жылы 99 123 адамға 15,8 млрд. теңге, оның ішінде Алматы облысы бойынша 9 045 адамға 928 млн. теңге, ал 2021 жылдың 1-ші жартыжылдығында республика бойынша 70 253 адамға 9,1 млрд. теңге, оның ішінде Алматы облысы бойынша 7 059 адамға 538 млн. теңге төленген.

Жұмыс істейтін азаматтардың әлеуметтік қорғалуын арттыра отырып және тұрғындардың жұмыспен қамтылуын ынталандыру арқылы бүгінде міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық қатынастардың маңызды және қажетті элементі болып отыр.

Е. АМАНБАЕВ,
«Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ облыс бойынша филиал директорының орынбасары

ТАБИҒАТ ЖӘНЕ БІЗ

«Жоңғар орман шаруашылығы» мемлекеттік мекемесінің «Көксай» бөлімшесінде жұмыс істегеніме 30 жылдай уақыт болды. Орман – ел байлығы. Ендеше, оны көздің қарашығындай сақтау – орманшының міндеті.

ОРМАН – МЕНІҢ ӨМІРІМ



Қарамағымдағы жердің байлығын түгел білемін десем артық айтпаймын. Қарағайдың сабағы қисайып қалса, бірден байқаймын. Сондықтан, сол маңда тұратын адамдардың жүріс-тұрысын назарға аламын. Малшылардың табиғат байлығына құрметпен қарауын қадағалаймын. Шөпшілер де мал азығын дайындағанда бақылау жүргіземін. Осындай жұмыстың нәтижесінде орманда өрт, табиғат байлығына зиянкестік жасау орын алмады. Әсіресе, жаз шығысымен малшылар мен демалушыларға өрт қауіпсіздігін сақтау жайын түсіндіреміз. От жаққан жағдайда шоқты әбден өшіру керектігін айтамыз. Нәтижесінде, табиғат байлығына ешкімнің кесірі тиген жоқ. Қарамағымдағы 380 гектар жерде өсімдік, қарағай, сирек кездесетін аң-құс өсіп-өнуде.

Қарағайдың шабылмауын қатаң қараймыз. Әр жыл сайын шырша отырғызып, алқапты кеңейтеміз. Өткен жылы 2 гектарға шырша отырғыздық. Салқынбелде соңғы жылдары қылқан жапырақты ағаш күн санап бой түзеп келеді. Орманда марал, арқар, қар барысы, таутеке, елік, аю бар. Олардың да суыт жүрген жанның қарауылына ілінбеуін назарда ұстаймыз. Сирек кездесетін аң-құстарға әуес адамдар бары рас. Қысы-жазы солардың сұқ көзінен табиғат жауһарларын қорғаймыз. Арнайы техникалармен төте жолдарды аралап жүреміз.

Орман – менің өмірім. Оның сирек кездесетін бір түп өсімдігінің балтаның жүзіне ілінбеуін, сынбауын, отқа оранбауын күні-түні қадағалаймыз. Ең қауіпті кез – малшылардың жайлауға шығуы мен шөп шабу науқаны. Жайлауда төрт түлікті бағу мен мал азығын дайындау науқаны кезінде жұмысымыз қыза түседі. Жаз маусымынан аман-есен өттік. Болашақта да ел болып табиғат байлығын аялайық дегім келеді. Қарағай – таудың көркі, аң-құстың панасы екенін ұмытпайық.

Қайрат ТОҒЫЗБАЕВ,
облыстық табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы «Жоңғар орман шаруашылығы» КММ орманшысы
Ақсу ауданы

ЕСКЕ АЛУ



Кеген ауданы, Шырғанақ ауылында тұрған, отбасының ұйытқысы, аяулы жар, асқар таудай әке, немерелерінің қымбатты атасы, ағайын-туыстарының жақын жанашыры болған ардақты әкеміз **Максим Дәукенұлы Саламатовтың** өмірден өткеніне 13 қазанда 1 жыл толады. «Бір әкенің тәрбиесін жүз мектеп бере алмайды» деген қанатты сөз бар. Ажал айтып келмейді екен. Тағдырдың басқа салғанына амалсыз көнеді екенсің. Әкеміз сегіз қырлы, бір сырлы азамат еді. Жастайынан еңбекке араласты. Шырғанақтай туған ауылында 26 жасынан бастап сүт фермасын басқарып, көпшілікпен тіл табыса білді. Партия қатарына қабылданды. Ауыл жастары үшін би алаңын жасады. Игілікті шараларға ұйытқы бола білді. Ұлтымыздың атбегілік өнерін жанына серік етті. Баптаған аттары бәйгелі болып, ауданның атын облысқа танытты. Көкпар, аударыспақ, теңге ілу секілді ойындарды жаны сүйетін. Әкеміздің қарапайым мінезі, өнегелі ісі, ақыл-парасаты, жайдары жүзі жүрегімізде мәңгі сақталады. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын!

Асқары едің өсіп-өнген әулеттің,
Елеңдейміз таңдар атып, күн өтсе.
Күз де келді, сағындырып жаз да өтті,
Жарқын жүзің мәңгі тұрар жүректе.

САҒЫНА ЕСКЕ АЛУШЫЛАР: жары – **Нұрсәуле,** балалары – **Алпамыс-Жанар, Бауыржан-Айжан, немерелері** мен **жиендері.**

«Өлке тынысы» ЖШС мен облыстық «Jetisý» газетінің ұжымы белгілі айтыскер ақын, облыстық «Алатау» газетінің бас редакторы Айтақын БҰЛҒАҚОВҚА ағасы
Айып Мұхамәдиұлы БҰЛҒАҚОВТЫҢ
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі

Меншік иесі: «Өлке тынысы» ЖШС

Директоры:
Мейрам ЖАНӘДІЛОВ
Директордың қабылдау бөлмесі: 40-20-71

Бас редактор:
Әміре ӘРІН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 2018 жылғы 22 қарашада тіркеліп, № 17368-Г куәлігі берілген.

Қабылдау бөлмесі — **40-20-64**, бас редактордың орынбасарлары — **40-20-65, 40-20-67,** жауапты хатшы — **40-10-30,** бөлімдер — **40-00-98, 40-11-19, 40-00-15,** уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — **40-20-78,** фототілшілер — **40-20-79,** жарнама бөлімі — **40-20-69, 8 775 355 89 58, 8 747 410 69 09,**
Алматы қаласындағы тілшілер қосыны — **279-13-37** (факс), **279-13-86, 8 747 688 17 41,**
Меншікті тілшілер: Алакөл ауданы — **8-777-388-57-77,** Панфилов ауданы — **8-708-442-43-76**, Іле және Қарасай аудандары — **8-701-347-60-32,** Қапшағай қаласы мен Еңбекшіқазақ ауданы — **8-701-212-00-96,** Жамбыл ауданы — **8-701-254-97-55,** Талғар ауданы — **8-701-400-28-49.** Райымбек, Кеген және Ұйғыр аудандары — **8-775-323-08-50**
Газет табыс етілмесе — **8 (7282) 30-69-47** телефонына хабарласу керек.

Кезекші редактор: Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 5 беттен асқан материал қабылданбайды.

«Jetisý» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.
Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша сенім телефоны: **87773880990**

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы,
Жұмахан Балапанов көшесі,
28-үй, 4-қабат
8 747 390 09 90

Газет Талдықорған қаласы,Қабанбай батыр көшесі,32-үйде, "Алматы – Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс — 1011
«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы — 30 110, оның ішінде «Jetisý» газетінің осы шығарылымының таралымы — 20 010. Индексі – 65469.

АҢЫЗ БОП ЖЕТКЕН АБЫЗ


Қос кітаптың тұсауы кесілді


"Аманат" спектаклінен көрініс



(Соңы. Басы 1-бетте)

Ел аузындағы аңыздарда Жолбарыс би денесіне жау қаруын дарытпаған батыр әрі ертеңгі күнін болжай білген әулие, қара қылды қақ жарған әділ би ретінде сипатталады, – деген Омархан Нұртайұлы батыр бабаның ұлы өмірінен сыр шертті.

Өз кезегінде батыр бабаның мерейтойына орай жарық көрген «Аңызбен жеткен абыз», «Жылқайдарұлы Жолбарыс би елінде» кітаптарының тұсаукесер рәсімі өтті. Аталған рухани қазынаның лентасын облыс әкімі Амандық Баталов, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Бақытжан Жұмағұлов, Д. А. Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының ректоры, Қадырғали би Қосымұлы Жалайыри атындағы қоғамдық халықаралық қордың президенті, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Өмірәлі Жалайыри, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Қазақстан тарихшылары қауымдастығының төрағасы Мәмбет Қойгелді, жазушы, зерттеуші, журналист Талғат Айтбайұлы салтанатты түрде қиды.

«Рухты елдің Жолбарысы» атты конференцияның алғашқы сөзін алған аймақ басшысы Амандық Ғаббасұлы құттықтау сөзінде рухани шараның мәнмаңызы, мазмұны терең екенін атап өтті. Өз кезегінде сөз алған Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Бақытжан Жұмағұлов:

– Бүгінде Елбасының бастамасымен, Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолдауымен қазақ тарихының алтын қазыналары ашылып жатыр. Талай батырларымыз бен Ту ұстаған даңқты бабаларымыздың аттары қайта жаңғыруда. Ескелді, Балпық би сынды замандастарындай халықты жауға қарсы ұйымдастыруда үлкен еңбек сіңірген Жолбарыс бабамыз атына заты сай тұлға. Тарихта аты алтын әріппен жазылатын бабаның басына барып Құран бағыштап, ескерткішінің ашылуында болдық. Енді, міне, ғылыми-тәжірибелік конференцияда өмірде өшпес із қалдырған өршіл рухты бабамыздың өнегелі өмірін өрнектеп отырмыз, – деп тебіренген академик, ел тойына құтты болсын айтты.

«Жылқайдарұлы Жолбарыс еліндегі бүгінгі салтанат аңыз болып жеткен Абызға арналған. Аңыздың қайнар көзі он бес жасына дейін ат қойылмай ержеткен «әй, баладан» бастау алады. Балаларына енші бөліп бергенде «әй, бала» атаусыз қалады. Ерек өскен алғыр бала:

– Әке, менің еншім қайда? – дейді жұлып алғандай.

– Сенің еншің мал басы шұбар айғыр барымташылардың жетегінде кетті. Таба алсаң шұбар айғыр сенікі! – дейді әкесі. ...Шұбарды іздеп сапарға шыққан бала күндердің күнінде бір байдың ауылына келеді. Сапарының мән-жайын айтады.

– Мына бала жоқ іздеп жүр екен, біздің өрісте түрі бөтен мал бар ма? – дейді бай жылқышысына. «Ойын баласына жылқы беріп, қай сасқаның деген жылқышыға сол сәтте «Әй, бала» жолбарысша атылып, қара дәуді алып ұрып буындырады. Мұрнынан қанын ағызады. Сонда: – Кінә бізден, осыдан он жыл бұрын шұбар айғыр үйірімен біздің табынға қосылған, – деген бай шұбарды өсімімен алдына салып береді. Осы оқиғадан кейін «Әй, бала» Жолбарыс атанып кетеді. Аңыздың басы осы. Бұл XVII ғасырдың соңғы жылдары», – деп баяндаған қоғам қайраткері, Алматы облысының Құрметті азаматы Наурыз Қылышбаев «Аңыз боп жеткен Абыз» баяндамасында ұлы тұлға жайлы тоғыз түйін сөз айтты.

Өз кезегінде:

– Жолбарыс би XVIII ғасырдың тұлғасы. XVIII ғасыр қазақ халқының тарихында ерекше орын алады. Жойқын жоңғар шапқыншылығына ұшыраған қазақ халқы аласұрып, бұл дағдарыстан аман шығуды ойлап, қайрат-жігер, биік парасат танытқан ірі тұлғалар шоғыры өмірге келіп, артында терең із қалдырды. Сондықтан да қазақ тарихындағы XVIII ғасырды ел бастаған және қорғаған ұлы билер мен батырлардың ғасыры деп айтуға толық негіз бар, – деп сөз бастаған тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Қазақстан тарихшылары қауымдастығының төрағасы Мәмбет Қойгелді Жолбарыс бидің арғы бабаларынан тартып, кешегі-бүгінгі ұрпақтарына дейін үзілмеген тектілікті айрықша атап өтті. Ұлы Шыңғыс ханның оң қосынын басқарған Жалайыр Мұқали Жолбарыстың арғы бабасы екенін, кешегі репрессия құрбаны болған асыл текті азаматтар Жолбарыс бидің зәузаты екенін жеткізді. Тарихтың ақтаңдақ беттерінен айшықты дерек келтірді.

Аталмыш конференцияда Д. Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының ректоры, «Қадырғали би Қосымұлы Жалайыри» атындағы халықаралық қоғамдық қордың президенті, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Өмірәлі Жалайыри мен жазушы, зерттеуші, журналист Талғат Айтбайұлы сөз алып, ұлы баба жайлы танымы терең баяндама жасады.

XVII ғасырдың аяғында дүниеге келген Жолбарыс бабамыздың бүкіл саналы өмірі XVII-XVIII ғасырдың ішінде өтті. Жолбарыс бидің Ақтамберді, Доспанбет, Бұқар, Қабан жырау секілді даңғайыр шешендігін айтқызбай аңғартарлықтай шежіре әңгімелер аздау дегенмен, Абылайдың ұлы Әділ төреге қаратып:

Алпыстан жасың асқанда,
Аруағың жақындасқанда.
Алланы алып аузыңа,
Сәждеге басты қосқанда,
Алжастың қалай жолыңнан,
Сені албасты басқан ба? –

деп кесек сөйлеп, кесіп айтқаны, оған қоймай:

Төреден билік оң болмас,
Көнеден пішіп тон болмас.
Осыны білмеген ел мен ердің,
Сірә да, оңынан жолы болмас!

– деуі нағыз ұлы көнеден қотарылған халықтық даналық емес пе?

Қазақ елінің ішкі-сыртқы саясатын жүзеге асыруға белсене араласқан Жолбарыс бабамыз ел ішінде ой түйіп, сөз ұстап, әділ төрелік айтумен бірге бүкіл бір халықтың болашақ ұрпағын тәрбиелеуде де теңдессіз қызмет атқарған. Оның ірі әскер басы және қазақ хандары санасатын ықпалды қайраткер болғандығы туралы деректер белгілі қаламгер Ораз Исмайылұлының «Данагөй» атты кітабында айтылған. Әрі көрнекті жазушы Кемел Тоқаевтың зерттеу еңбектері дәлел бола алады. Заманының заңғар тұлғасы болған Жолбарыс би Жылқайдарұлына қаратып «Жолбарыстан бата алмай жолың болмас» деп мәтелдеудің өзі қазақ халқының тұлғаны асқақ тұғырға қондырып, айрықша пір тұтқанынан болса керек-ті.

Міне, осынау ұлы тұлғаның торқалы тойы конференциядан кейін «Ай-Сер», «Шаған», «Жетісу» мейрамханаларындағы асқа ұласты. Баба рухына арнап боз қасқа шалып, ақ дастарқан жайылды. Бұл киелі дастарқанда зиялы қауым, мемлекет және қоғам қайраткерлері, мерейтой меймандары мен баба ұрпақтары дала дауылпазына арнап Құран бағыштады.

Сахараның самал желіне кеудесін төсеп, Ұлы елдің ұлы мұраты жолында тынымсыз тірлік кешіп, тоқсан жылдық ғұмырында толғамалы ақ найзамен қатар қалам ұстап, дипломатиялық істі қатар алып жүрген Жалайыр Мұқалидың ұрпағы Жолбарыс бидің 350 жылдық мерейтойы Бикен Римова атындағы драма театрында жалғасын тапты. Жетісу руханиятының шаңырағы саналған театрда баба мерейтойына орай жазушы, журналист Серік Сарыбайдың «Аманат» қойылымының премьерасы сахналанды.

Қазақтың ұлы қос ханының заманында Жетісу жерінде кесімді сөз айтып көсемдігімен, шешімді сөз саптап шешендігімен, қара қылды қақ жарған әділеттілігімен би атанған, жоңғар шапқыншыларының өр кеудесін басқан батырлығымен танылған Жолбарыс бабаның саналы ғұмырынан сыр шертер қойылымда оның ерлігі мен еңбегі насихатталды. Ұлт сенімін абыроймен айрықша атқарған Жолбарыс би Жылқайдарұлы бір тайпаның аумағынан асып, халық мүддесін аман алып қалуды көздеген. Ұлылығы мен шешендігін айрықша танытқан.

Режиссер Ш. Айтматов атындағы халықаралық сыйлықтың лауреаты Қуандық Қасымов сахналап, дана баба бейнесі сомдалған қойылым соңында «Жолбарыс би» атындағы қоғамдық қорының президенті, мемлекет және қоғам қайраткері Омархан Өксікбаев пен ҚР еңбек сіңірген қайраткері, белгілі композитор Әли Алпысбаев пьеса авторы Серік Сарыбаевқа, қоюшы режиссердің көмекшісі Ұлан Ахметовке және Жолбарыс би рөлін сомдаған Сағындық Жұмаділге шапан жауып, сый-құрмет көрсетті.

Жолбарыс бидің ерлігі мен өрлігі, даналығы мен ділмарлығы сахнада сөйлеген «Аманат» қойылымында батыр баба рөлін театр майталманы, Талдықорған қаласының «Құрметті азаматы» Сағындық Жұмаділ ойнады. Ұлттың руханият пен тауанды тарихына өлшеусіз үлес қосқан дала дауылпазының асқақ бейнесі көрермен жанарында тұлғаланып, жадында тоқылғандай болды. Сөйтіп, тотыдай түрленген Талдықорғанда басталған мерейтойы театр шымылдығымен сәтті аяқталды.

ЖОЛБАРЫС ҰЛЫС БАТЫРЫ

Әнін шығарған Ағайша ИСАҒҰЛОВА
Мәтінін жазған Әли ЫСҚАБАЙ

Алдаспан қылыш қайсардай
Қаһарын төккен тайсалмай,
Қасқайып тұрып жоңғарға,
Айдаһар тектес арланға
Шыққанда қарсы дес бермей,
Төбеден жасын түскендей,
Қас жауын қатты састырған,
Тозақтың уын ішкендей.

Қайырмасы:
Ететін тағзым ел тамам,
Халыққа жаны жақыны,
Ержүрек дара батылы,
Жолбарыс ұлыс батыры!
Жолбарыс ұлыс,
Жолбарыс ұлыс,
Жолбарыс ұлыс батыры!

Халқына біткен қайратпен,
Батырлық дара айбатпен,
Дулыға, сауыт киінің,
Қырғидай алғыр шүйіліп,
Қиқулап келіп ойранды,
Дұшпанға салған сойқанды,
Барыстай жауға атылған,
Жолбарыс ерен қаһарман!

Қайырмасы:
Астында тұлпар аты ойнап,
Жорықта жүріп атойлап,
Арнаған елге бар күшін,
Жолбарыс батыр нар мүсін,
Молайтып тұрмыс тірлігін,
Сақтаған ірге бірлігін,
Өшпейтін мәңгі ерлігін
Ұлықтап жатыр ел бүгін!
Қайырмасы:



Қылқалам әлемі


Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕЕВ

Талдықорған қаласындағы көркемсурет галереясында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Көркем академиясының академигі, ҚР Суретшілер, Журналистер және Еуразия көркемсурет одақтарының мүшесі, Балқаш ауданының Құрметті азаматы, журналист, суретші, режиссер, продюсер Жанұзақ МҮСӘПІРДІҢ ҚР Тәуелсіздігінің 30, Жолбарыс би Жылқайдарұлының 350 және ҚР Көркем академиясының 15 жылдығына арналған «Құдіретім – қылқалам» атты жеке шығармашылық көрмесі өтті. Оған аймақтағы зиялы қауым өкілдері мен қылқаламды серік еткен суретшілер қатысты.

Әрине, суретші үшін қылқаламның орны ерекше. Демек көрменің тақырыбын «Құдіретім – қылқалам» деп атауы да тегін емес.

– Қаламмен жазу жазуға да, сурет салуға да болады. Әлемдегі өркениеттің бәрі қалам арқылы жаратылған, дамыған. Бүкіл дүниеде қаламнан құдіретті зат жоқ. Сондықтан мен әрқашан қаламды қастерлеп, сол арқылы өзімнің болашаққа қосар үлесімді жазып келемін. Негізі менің суреттерімнің бәрі ұлттық құндылыққа, салт-дәстүрге арналған. Ұлттық бояуы қанық, әр жастағы адамдардың бәріне рух пен күш береді деп айта аламын. Сол үшін Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай туған жерім Жетісудың кіндігі Талдықорған қаласында ұйымдастырылған көрменің тақырыбын «Құдіретім – қылқалам» деп атағанды жөн көрдім, – дейді Жанұзақ Мүсәпір.

Жанұзақ Керімбекұлы 1961 жылғы 26 қазанда Балқаш ауданы, Аққөл ауылында дүниеге келген. 1984 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институттың көркемсурет факультетін бітірген. Ол елімізде және шетелдерде өткен көптеген көрменің, фестиваль және симпозиумның қатысушысы. Оның туындыларының Ұлыбритания, Польша, Германия, Босния және Герцеговина, Біріккен Араб Әмірлігі, Марокко, Ауғанстан, Украина, Ресей, Қытай Халық Республикасы және тағы басқа мемлекеттердегі жеке коллекционерлердің қорында, өнер мұражайларында сақтаулы тұрғандығы көрме барысында айтылды. Оның суретшілік қыры да ұзақ жылдар бойы өнерсүйер қауым мен кәсіби ортада жоғары бағаға ие болып келеді. Ол туралы шара аясында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Құрмет» және «Өнерге қызмет» ордендерінің иегері, Қазақстан Республикасының Көркемсурет академиясының президенті, Талғар ауданының Құрметті азаматы Амандос Ақанаев кеңінен айтып өтті. Сондай-ақ, Амандос Әтейбекұлы аймақтағы суретшілер еңбегін ерекше бағалап, оларға қашанда қолдау танытып келе жатқан облыс әкімі Амандық Баталовқа ризашылығын білдіріп, облыс басшысының Қазақстан Республикасы Көркем академиясының «Ұлы елдің тарандысы» медалімен марапатталғанын жеткізді. Осыдан кейін суретшінің әріптестері, Қазақстан Суретшілер одағы облыстық филиалының жетекшілері Жанұзақ Мүсәпірдің сурет өнеріндегі орны мен жетістігіне тоқталды.

Жанұзақ Керімбекұлы Темірбек Жүргенов атындағы өнер институтында оқытушы, «Қазақфильм» киностудиясында суретші-режиссер, «Рахат» телеарнасында редактор, бас редактор, «Хабар» агенттігі ақпараттық бағдарламалар дирекциясы директорының орынбасары болып қызмет атқара жүріп, халқымыздың ұлттық болмысы мен мәдениетін өркендетуге өзіндік үлес қосып, үлкен шығармашылық үрдісте қаламын ұштаған өз ісінің майталманы. Еліміздегі бірнеше телеарнада елге танымал болған сүбелі хабарлар жасап, қазақ теледидарының өркендеуіне де айтарлықтай үлес қосқан.

Көрменің Жолбарыс би Жылқайдарұлының Талдықорған қаласындағы ескерткішінің ашылуымен тұспа-тұс келгенін көпшілік жақсылыққа балады.

– Бүгін Жолбарыс атамыздың ескерткіші ашылып, облыс орталығында мазмұны бай шаралар өтуде, бәрі де тәуелсіздігіміздің арқасында деп білемін. Би, батыр, көріпкел Жолбарыс би Жылқайдарұлы бабамыздың ескерткішінің де айтары көп. Ол алдағы уақытта жастарды бабалар даналығымен сусындатып, болашаққа қызмет жасайды. Жалпы, бұл ескерткішті Жетісу жерінде өткен парасатты бабаларымыздың асқақ келбеті деп айтуға болады. Әсіресе, жастарға патриоттық тәрбие берудегі рөлі зор болмақ. Ескерткішті бір айналып шыққан адам көптеген мағлұматқа ие болады. Біздің рухымыз қашанда ел бастаған көсемдер, батырлар мен бағландар, билер мен шешендер, ақын-жазушылар, қылқалам шеберлері, мәдениет пен өнер майталмандары арқылы асқақтай береді. «Сабақты ине сәтімен» дегендей, менің жеке көрмемнің Жолбарыс би бабамның ескерткішінің ашылуымен тұспа-тұс келгенін өзім де жақсы ырымға балап отырмын, – дейді суретші.

Көрмеге суретшінің «Балуан Шолақ», «Менің апам – Ұлжамал», «Жолбарыс би Жылқайдарұлы», «Сүндет Байғожинның бейнесі» қатарлы 50-ден астам картинасы қойылды. Суретшінің қылқалам арқылы бізге жеткізгісі келген еркін ойын көрмеге қойылған еңбегінен көруге болады. Бәрі де көрерменін баурап, тәнті етті. Әсіресе, әлемнің екінші ұстазы атанған әл-Фарабидің балалық шағынан даналыққа жеткенге дейінгі өмірін қамтыған желілес төрт картина көптің ерекше құрметіне бөленді. Бұл көрме қалалықтарға енді бір ай қызмет етеді. Өнерге құштар жандар уақыт тауып, бір көріп қайтса өкінбейді.

Қ. ОМАРАҚЫН

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

Қазақстан тәуелсіздігін алған кезде еліміздің өз алдына республика болуын қалаған әрі ең бірінші болып мойындаған Түркия еді. Бауырлас елдің бұл қолдауы еркіндікке енді қолы жеткен мемлекетіміз үшін зор мәртебе. Ал іргесі қаланған жаңа республиканың әрі қарай өмір сүруі үшін ерен еңбек керек. Ол үшін ішкі және сыртқы істері, экономикасы, қаржысы секілді көптеген маңызды бағыттарды дамыту қажет.

БАБАДАН ҚАЛҒАН АМАНАТ

Отыз жыл ішінде Қазақстан етек-жеңін жиып, шегарасын бекітіп, өз алдына дербес зайырлы ел болды. Бұл атадан келе жатқан ұлы жеңістің жемісі әрі аманаты. 1991 жылы 16 желтоқсанда егемендігін алған еліміздің өз Президенті, сан түрлі ұлты мен ұлысы, салт-дәстүрі, мәдениеті мен экономикасы болды. Желтоқсан желі мен ызғарына қарсы тұрған жастардың жалынды рухы мен ерліктерінің арқасында шаңырағы биік, керегесі кең мемлекет болып қалыптастық. Отыз жыл ішінде үлкен жетістіктерге қол жеткізіп, биік белестерді бағындырдық. Әлем көз тіккен Нұр-Сұлтан арман қалаға айналды. Апортына бүкіл ел сүйсінген Алматы мәдениет пен әдебиеттің астанасы болып тұр. Осының барлығы тәуелсіздіктің жемісі.

Арысы Қазақ хандығынан бастап, берісі егеменді елдің іргесіне дейінгі көшті жалғастырып келе жатқан, атадан тараған ұрпақтың парызы осы аманатты сақтау. Жәнібек пен Керейдің керген керегесін кілем үсті көтеріп, Отанды қастерлеп өту әрбір ұрпақтың міндеті. Қазақта «Отансыз адам – ормансыз бұлбұл» деген сөз бар. Орманы жоқ құстың ұясы да, қонар бұтағы да жоқ. Дәл сол секілді Отаны жоқ ұлттың өмір сүруі қиынның қиыны.

Иә, бір кезде Отан үшін деп жанын қиған жастар азаттық жолында алаңға шықты. Сол үшін де 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі тарихта мәңгі қалмақ. Азаттық, Тендік, Тәуелсіздік. Осы бір үш ұғымның салтанат құруы үшін кімдер бас тікпеді, кімдер құрбан болмады? Бұл оқиғаның алғашқы құрбандары Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат Асанова, Сәбира Мұхамеджанқызы, Ербол Сыпатаевтарды еске алып, олардың рухына тағзым ету парызымыз. 1986 жылдың желтоқсаны бүкіл ұлтымыздың жанын жаралап, жүрегіне ызғар шашып кетті, бостандық үшін өрімдей жап-жас қыз-жігіттер құрбан болды.

Тәуелсіздік ащы термен келген тәтті жеңіс. Төгілген қанның, өшпеген жігердің отымен келген ұлы күн. Біз өзіміздің Көк байрағымызды мақтанышпен жоғары көтеріп, Елтаңбамыз бен Гимнімізді қастерлейміз. Күн сәулелі аспанымызда әрқашан шуақ шашып, тәуелсіздік пен ерліктің белгісі дала қыранының қанаты талмай, қалықтай берсін демекпіз.

Римма ИСАБАЕВА,
«Көксу орта мектебі» МДШО тарих пәні мұғалімі

Көксу ауылы,
Кербұлақ ауданы

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Кеген ауылының тұрғыны, ақжарқын азамат, шаңырағымыздың тірегі, қымбатты жар, ұрпағының асқар таудай әкесі, немерелерінің сүйікті атасы, Кеген аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының қызметкері **Жұмағали Әбітұлы АЙНАҚҰЛОВТЫ** желтоқсан айының 5-жұлдызындағы туған күнімен және зейнеткерлік қуанышымен шын жүрегімізбен қуана құттықтаймыз! Өз тұсында Алматы қаласындағы Халық шаруашылығы институтын «экономист» мамандығы бойынша бітірген Жұмағали «Қарқара» кеңшарының Қарқара фермасында аға есепші болып еңбек жолын бастады. Кеген аудандық АТП №7 мекемесінде, аудандық ауылшаруашылық басқармасында, Кеңсу кіші кәсіпорнында, «Наурыз» шаруа қожалығында мамандығы бойынша жемісті еңбек етті. 2004 жылдан бері Райымбек аудандық санитарлық-эпидемиологиялық орталығына шаруашылық меңгерушісі болып қабылданып, содан бері абыройлы жұмыс істеп келеді. Қазіргі таңда ұл-қыздарын өсіріп, қанаттандырып, немерелерін сүйіп, аялап отырған бақытты ата. Ешкімге жамандығы, артық сөзі жоқ, қарапайым, көпшіл мінезді азаматтың көрер жақсылықтары алда. Зейнеткерлік күндері тек қана өмір бақытын, шаңырақ шаттығын, ұрпағының қуанышын сыйласын!

Үйімізге бақыт толсын, бақ қонсын,
Көңіліміз қуаныштан шат болсын.
Құтты болып пайғамбарлық жасыңыз,
Атар таңдар жақсылығын ап келсін.
Зейнеткерлік қуаныш боп атты күн,
Шаңырақта бақыт қандай, тап бүгін?!
Біз тілейміз бір өзіңе 100 жасты,
Біз тілейміз шөберенің шаттығын!

ІЗГІ ТІЛЕК, ҮЛКЕН ҚҰРМЕТПЕН: зайыбы – **Надежда, ұл-қыздары** және **немерелері.**

✓ХАБАРЛАМА

«Іле ауданының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі (БСН 120140000255) Іле ауданы әкімдігінің 22 қараша 2021 жылғы №538 қаулысымен «Іле ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесіне (БСН 120140000235) қосылу жолымен қайта ұйымдастырылады.

Шағымдар бір ай мерзім ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Заманбек Батталханов көшесі, 8-үй. Байланыс телефондары: 8/72752/21069.

***

«Іле ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі (БСН 120640014203) Іле ауданы әкімдігінің 22 қараша 2021 жылғы №538 қаулысымен «Іле ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қосылу жолымен қайта ұйымдастырылады.

Талаптар бір ай мерзім ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Заманбек Батталханов көшесі, 8-үй. Байланыс телефондары: 8/72752/20126.

***

«Іле аудандық қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі (БСН: 991240002644) Іле ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 22 қарашадағы №538 қаулысымен «Іле ауданының экономика және бюджетті жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесіне (БСН: 120140000146) қосылу жолымен қайта ұйымдастырылады.

Талаптар бір ай мерзім ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, З. Батталханов көшесі, 8-үй , тел.:8(72752) 2-16-97, 2-14-29.

***

«Іле ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі (БСН 120140000235) Іле ауданы әкімдігінің 22 қараша 2021 жылғы №538 қаулысымен «Іле ауданының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі (БСН 120140000255) мен «Іле аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесіне (БСН 120640014203) қосылу жолымен қайта ұйымдастырылады.

Шағымдар бір ай мерзім ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Заманбек Батталханов көшесі, 8-үй. Байланыс телефондары: 8/72752/20615.

***

«Іле ауданының ауылшаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесі (БСН: 120 140 000 334) Іле ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 22 қарашадағы №538 қаулысымен «Іле ауданының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесіне (БСН: 060 240 006 819) қосу жолымен қайта ұйымдастырылады.

Талаптар бір ай мерзім ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, «Қуат» ықшамауданы, Қапал батыр көшесі, №2 үй, тел.: 8(72752) 51-73-12, 2-04-27.

«Кеген ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі (БСН 180540005519) Кеген ауданы әкімінің 2021 жылғы 22 қарашадағы №301 қаулысымен «Кеген ауданының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесіне (БСН 180540004818) қосу жолымен қайта ұйымдастырылады. Талаптар екі ай мерзім ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Кеген ауданы, Кеген ауылы, Б. Момышұлы көшесі, №19 үй; телефоны: 8/72777/22489.

***

Кеген ауданының «Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі (БСН 180540005668) Кеген ауданы әкімдігінің 22 қараша 2021 жылғы № 301 қаулысымен Кеген ауданының «Ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесіне (БСН 180540010053) қосу жолымен қайта ұйымдастырылады. Талаптар екі ай мерзім ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Кеген ауданы, Кеген ауылы, Б. Момышұлы көшесі, 19-үй , телефоны: 8/72777/21506.

***

Кеген ауданының «Дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі (БСН 180540005698) Кеген ауданы әкімдігінің 22 қараша 2021 жылғы № 301 қаулысымен Кеген ауданының «Ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесіне (БСН 180540010053) қосу жолымен қайта ұйымдастырылады. Талаптар екі ай мерзім ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Кеген ауданы, Кеген ауылы, Б. Момышұлы көшесі, 19-үй , телефоны: 8/72777/21506.

***

Кеген ауданының «Жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі, БСН 180540004878, Кеген ауданы әкімдігінің 22 қараша 2021 жылғы №301 қаулысымен Кеген ауданының «Ауылшаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне, БСН 180540005102, қосу жолымен қайта ұйымдастырылды. Талаптар екі ай мерзім ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Кеген ауданы, Кеген ауылы, Ә. Әзімжанов көшесі, №19-үй, телефоны: 8/72777/22289.

***

Кеген ауданының «Қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі, БСН 1805400053206 Кеген ауданы әкімдігінің 22 қараша 2021 жылғы №301 қаулысымен Кеген ауданының «Экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесіне, БСН 1805400054096, қосу жолымен қайта ұйымдастырылды. Талаптар екі ай мерзім ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Кеген ауданы, Кеген ауылы, Б. Момышұлы көшесі, 19 «А» үй, телефоны: 8/72777/21278.

***

«Кеген ауданының сәулет және қалақұрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі (БСН180540005073) Кеген ауданы әкімдігінің 22 қараша 2021 жылғы №301 қаулысымен «Кеген ауданының құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесіне (БСН 180540005053) қосу жолымен қайта ұйымдастырылады. Талаптар екі ай мерзім ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Кеген ауданы, Кеген ауылы, Б.Момышұлы көшесі, №19 ғимарат: телефоны:8/72777/21295.

«Талғар ауданының сәулет және қалақұрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі (БСН 060240009123) Талғар ауданы әкімдігінің 23 қарашадағы 2021 жылғы №11-649 қаулысымен «Талғар аудандық құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесіне (БСН 050140007445) қосу жолымен қайта ұйымдастырылады. Талаптар бір ай мерзім ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Талғар қаласы, Қонаев көшесі, №65, телефоны: 8 (727) 295 66 12.

✓ТҰСАУКЕСЕР

Талдықорғанда «Ардагерлер» хорының құрылғанына 5 жыл толуына орай басылып шыққан «Қарттардың да өнерге бар таласы» атты кітаптың тұсаукесері өтті. Кітапты Алматы облысының Құрметті азаматы, еңбек ардагері Шырақбай Жылқайдаров, еңбек ардагерлері Оңал Жақсылықова мен Мақұлбек Мұхаметқалиевтар құрастырыпты. Тұсаукесерге облыстық ардагерлер ұйымы төрағасының орынбасары Райхан Сергазинова, Алматы облысының Құрметті азаматы Дина Нұрғалиева, «Ардагерлер» хорының жетекшісі Азат Құрсабаев, қоғам қайраткері Мықтыбек Рақымбекұлы және облыстық, қалалық ардагерлер ұйымының мүшелері қатысты.



ҚАРТТАРДЫҢ ДА ӨНЕРГЕ БАР ТАЛАСЫ

Қажет АНДАС

Кітапты құрастырушы Шырақбай Ғалымбайұлының айтуынша, бұл еңбек үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімінде хорда қызмет еткен 60-тан астам өнерпаз ардагердің өмір деректері жинақталса, екінші бөлім ардагерлер шығармашылығына арналған. Ал үшінші бөлімінде баталар мен «Ардагерлер» хорының естелік суреттері берілген.

– Облыстық ардагерлер ұйымының жоспары бойынша Тәуелсіздіктің 25 жылдық мерейтойы аясында өнерпаз ардагерлердің арасында «Қарттардың да өнерге бар таласы» атты байқау өтті. Оған облыстың барлық аудан-қаласынан өнерді серік еткен ардагерлер қатысып, үлкен белсенділік танытты. Өнерлі қарттар байқауын облыстық ардагерлер ұйымы кеңесінің төрағасы бастаған, арнайы құрылған төралқа мүшелері қорытындылады. Осы байқау аясында Жетісу өңірінің өнерін өрістетіп, мәдениетінің дамуына өзіндік үлесін қосып жүргендердің қатары көптеп саналатындығына көз жетті. Осы жолы маған «Ардагерлер» хоры туралы кітап жазу керек деген ой келді. Бұл ойды жүзеге асыруға Оңал Дінмұхамбетқызы мен Мақұлбек Қажыбекұлы көп көмек көрсетті. Міне, сол еңбектің нәтижесінде осындай кітап жазылды, – деді Шырақбай Жылқайдаров.

Бүгінгі таңда «Ардагерлер» хоры тек қана концерттік жұмыстармен айналыспай, жастарды ұлттық құндылыққа, отаншылдыққа, патриотизмге тәрбиелеуде айтарлықтай үлес қосып келеді. Жетістіктері де жетерлік. Айталық, 2018 жылы Елордадағы Конгресс-Холлда өткен республикалық фестивальдің қорытынды Гала концертінде жүлделі орынға ие болды. Облыстық әкімдік тарапынан қаржылай қолдау көрсетіп, әртістердің киім-кешектері жаңаланды. Кейінгі екі жыл көлемінде елді жайлаған індетке қарамастан «Ардагерлер хоры» пандемияның талаптарын орындай жүріп,Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған концерттік бағдарламаға үлкен дайындық үстінде.



Простатит, аденома, несеп шығару қызметінің бұзылуы, белсіздік?!



Бұл препарат отандық және халықаралық құжаттармен мақұлданған. Оны аденома,простатит,импотенция, цистит,сондай-ақ,қуық асты безінің қатерлі ісігі мен белсіздік сияқты ауруларды кешенді емдеуде қолдану ұсынылған.

Еркектердің жыныстық қызметі мен зәр шығару жүйесінің бұзылуы өмір сапасын едәуір төмендетеді. Бұл физикалық қана емес,сонымен қатар,психо-эмоционалды қолайсыздық тудырады!

Алайда үміт үзудің қажеті жоқ,бұл жағдайда біз сіздерге көмектесе аламыз!

Статистикаға сәйкес әрбір үшінші ер адам простатиттен,зәр шығарудың бұзылуы мен импотенциядан зардап шегеді. Әдетте,бұл бұзылыстар 40 жастан асқаннан кейін дами бастайды және ол гормоналды жүйенің бұзылуымен, иммунитеттің төмендеуімен,сондай-ақ,жамбас бөліктегі қан айналымның нашарлауымен байланысты.

Простатит – бұл несеп-жыныс жүйесі мүшелеріндегі инфекцияның простатаға немесе басқа да қабыну ошақтарына еніп кету нәтижесінде дамиды. Патологияның даму қаупі соған итермелеуші себепшарттар болған жағдайда жоғарылай бастайды. Мәселен,қозғалыссыз өмір салты,салқын тию,төсек қатынасының болмауы немесе шамадан тыс белсенділік,үнемі іш қату – осы аурудың асқынуына себепші болады.

Простата аденомасының асқынуы салдарынан зәр шығаруда бұзылыстар болып,зәрді ұстай алмай,іштің төменгі бөлігі ауырып,төсек қатынасы бұзыла бастайды. Аденома асқынса зәрдің жіті тоқтауы және гематурия мазалап, қуықта тастар пайда болуы мүмкін.

Егер простатит,қуық асты безі аденомасы сияқты ауруларды алғашқы кезеңдерде ескермей,ем қабылдамаса, патологиялық процестер қайтарымсыз болады. Ал бұл өз кезегінде үлкен салдарға әкелуі мүмкін. Сондықтан көп жағдайда хирургиялық жолмен емдеуден басқа ешқандай мүмкіндік қалмайды.

Дегенмен,аурудың жағымсыз белгілері мен асқынулардың алдын алуға болады. Тек уақытында білікті мамандарға жүгінген жөн. Ал бұл жағдайды жеңілдетуге және патологиялық процестерден толықтай құтылуға «Уропротектор» деп аталатын кешенді препарат жақсы көмектеседі. Бұл израильдік ғалымдармен бірге жаңа технологияларды қолдана отырып жасалған бірегей өнім. Өнімнің белсенді құрамы шеп сығындылары мен коректік заттардан тұрады. Олар ерлердің урологиялық ауруларын емдеу кезінде өте жақсы әсер береді.

«Уропротектор» простатит, аденома, зәр шығару жүйесінің бұзылуы, импотенцияны емдеуде сәтті қолданылып жүр. Бұл кешенді препарат қабыну процестерін жояға, жұмсақ тіндердің ісінуін басуға, микроорганизмдерді өлтіруге,сондай-ақ,зәр шығару мен жыныстық белсенділікті қалпына келтіруге арналған.

Препаратты қабылдай бастағаннан кейін бір аптадан соң осы уақытқа дейін мазалаған жағымсыз сезімдер, ауырсыну және зәр шығару кезіндегі ауырсыну сезімі жоғалады. Емдеу курсынан кейін кіші жамбаста қан айналым процестері дұрысталады және қуық асты безінің,қуық пен уретраның жұмысы қалпына келеді. Сонымен қатар,«Уропротектор» гормоналды деңгейді қалпына келтіруге көмектеседі. Ал бұл эректил қызметті жақсарта отырып,простата аденомасының дамуына жол бермейді.

«Уропротектордың» бірегей құрамының арқасында препарат бос радикалдардың мөлшерін азайтуға көмектеседі,осылайша қуық асты безі қатерлі ісігінің дамуына жол бермейді.

«Уропротектор» – жағымсыз урологиялық аурулардан арылуға және қалыпты жыныстық өмірді қалпына келтіруге көмектеседі!



Мұратхан ОРАЗБАЕВ, Орал қаласы:

– Сәлеметсіздер ме? Жақында ғана мен простатитті емдеуге арналған «Уропротектор» деп аталатын дәрі сатып алдым. Оны қолданғаннан кейін осы препаратқа қатысты нақты бір пікір пайда болып,сіздермен бөлісуді жөн көрдім. Алдымен сіздерге ауруым туралы қысқаша айтып өтейін. Мені бірнеше жыл бойы простатит ауруы мазалап келді, көбіне ауру қыста асқынып кететін. Шап аймағында және зәр шығару каналында ауырсынулар пайда болып, үнемі ыңғайсыздық мазалайтын болды. Осы уақыт аралығында қаншама дәрі қабылдап көрдім. Кейбір дәрі-дәрмектерден пайда болды, бірақ екінішке орай әсері ұзаққа созылмады. Ал "Уропротекторды" қабылдағаныма 2 ай болды. Осы препаратты қабылдағанның нәтижесінде аурудың барлық белгілері кетті. Қазір өзімді жақсы сезінемін. Осыған дейін мазалаған ыңғайсыздық та сезілмейді және төсек қатынасы да қалпына келді. Айтарым, осы өнімге толықтай көңілім толды. Баршаңызға зор денсаулық тілеймін, сау болыңыздар!

RU.77.99.11.003.E.004447.10.18 09.10.2018 ж. БҚБ дәрілік зат болып табылмайды.

Құрамындағы негізгі белсенді заттар: препараттың құрамында химиялық компоненттер жоқ.
Дозасы және қабылдау әдісі: қабылдау ұзақтығы 1 айдан жоғары.
Қарсы көрсеткіштер: компоненттерге жеке төзбеушілік.

Мына телефон арқылы кеңес ала аласыз және «Уропротекторға» тапсырыс бере аласыз: 87059261837 немесе uroprotector.kz сайты арқылы.

Егер сіз облыстық «Jetisý» газетіне құттықтау, еске алу, жарнама, мақала, хабарландыру бергіңіз келсе, мына телефондарға хабарласыңыз:
Талдықорған:
8 (7282) 40-20-69,
Ұялы тел.:
8 775-355 -89-58,
8 747-410-69-09.
Алматы: 8 (727) 279-13-37,
Ұялы тел.:
8 747-688-17-41.
Электронды пошта:
Jetisu2002@mail.ru
Jetisu_almaty@mail.ru

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі

Меншік иесі: «Өлке тынысы» ЖШС

Директоры:
Мейрам ЖАНӘДІЛОВ
Директордың қабылдау бөлмесі: 40-20-71

Бас редактор:
Әміре ӘРІН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 2018 жылғы 22 қарашада тіркеліп, № 17368-Г куәлігі берілген.

Қабылдау бөлмесі — 40-20-64, бас редактордың орынбасарлары — 40-20-65, 40-20-67, жауапты хатшы — 40-10-30, бөлімдер — 40-00-98, 40-11-19, 40-00-15, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — 40-20-78, фототілшілер — 40-20-79, жарнама бөлімі — 40-20-69, 8 775 355 89 58, 8 747 410 69 09,
Алматы қаласындағы тілшілер қосыны — 279-13-37 (факс), 279-13-86, 8 747 688 17 41,
Меншікті тілшілер: Алакөл ауданы — 8-777-388-57-77, Панфилов ауданы — 8-708-442-43-76, Іле және Қарасай аудандары — 8-701-347-60-32, Қапшағай қаласы мен Еңбекшіқазақ ауданы — 8-701-212-00-96, Жамбыл ауданы — 8-701-254-97-55, Талғар ауданы — 8-701-400-28-49, Райымбек, Кеген және Ұйғыр аудандары — 8-775-323-08-50
Газет табыс етілмесе — 8 (7282) 30-69-47 телефонына хабарласу керек.

Кезекші редактор: Қажет АНДАС

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 5 беттен асқан материал қабылданбайды.

«Jetisý» газетінің компьютер орталығында теріліп,беттеледі.
Газет аптасына үш рет – сейсенбі,бейсенбі,сенбі күндері шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша сенім телефоны: **87773880990**

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы,
Жұмахан Балапанов көшесі,
28-үй, 4-қабат
8 747 390 09 90

Газет Талдықорған қаласы,Қабанбай батыр көшесі,32-үйде, "Алматы – Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс — 1219
«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы — 30 110, оның ішінде «Jetisý» газетінің осы шығарылымының таралымы — 20 010. Индексі – 65469.

▲ ҚОНАЕВ – 110

Адамзаттың рухани даму, ақыл-ой тарихына көз жіберсек, данагөй, парасатты, асыл адамдардың аяулы қасиетіне тәнті болып, сырына, жаратылысына үңілген сайын тұңғиық әлемге бойлағандай әсерде қаласың. Осынау ой-толғамдары ойға оралғанда ғажайып даналық иесі, дара тұлға, кемеңгер саясаткер, аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы ҚОНАЕВТЫҢ жарқын бейнесі көз алдыңа келеді.

АДАЛДЫҚТЫҢ АЛАТАУЫ

Ақын Темірше Сарыбайұлы: *«Қонаев – ұлттың ары мен намысы. Қонаев – ұлттың рухы мен иманы. Қонаев – қазақтың қанағат мектебі, адалдық өлшемі»,* – деген екен. Ендеше, қазақ ұғымымен үндес болып кеткен осынау аяулы тұлғаны әркез дәріптеу ұрпақ парызы. Мынау жарық дүниеден талай данышпан өтіп, артына өлмейтін сөз, өшпейтін із қалдырды. Сол данышпандардың қатарында өмірі мен даналығы, еліне қылған игі ісі бүгінгі заманда да, келешек дәуірде де өнеге болар Дінмұхамед Қонаев тұр.

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында Шарын орта мектебіне қазақ еліне белгілі тұлға Дінмұхамед Қонаевтың есімі берілді. Салтанатты іс-шараға ауыл, аудан тұрғындары мен Алматыдан келген бір топ зиялы қауым өкілдері қатысты. Атап айтқанда, әлемдік деңгейдегі классик жазушы Мұхтар Әуезовтің ұлы Мұрат Әуезов, Халықаралық Қонаев қорының вице-президенті Болат Қажыақбар, ҚР еңбек сіңірген өнер қайраткері, академик, Церетелидің қолынан марапат алған мүсінші Тілеуберді Бинаш, «Ұлы дала» РҚБ төрағасы, тарихшы Жакей Ғабиден Әділбекұлы, темірші, ұста, академик Махмұт Құлментегі, жыршы, жырау Әбіш Әділбеков, аудан әкімі Шухрат Турдахунұлы, аудан әкімінің орынбасары Кәдіржан Бағбаев, аудандық мәслихаттың хатшысы Нұрәкім Есжан, Еңбек Ері Рахилям Сеитова сынды елге танымал тұлғалар болды.

Алқалы жиын мектеп маңдайшасына орналасқан Дінмұхамед Қонаевтың есімі жазылған тақтайшаны ашу рәсімімен басталды. Тақтайшаны ашу рәсімі аудан әкімі Шухрат Турдахунұлы, мүсінші Тілеуберді Бинаш, Еңбек Ері Рахилям Сеитоваларға берілді. Іс-шараның келесі кезегі мектеп фойесіндегі ескерткіш-бюстінің ашылуына жалғасты. Аудан әкімі Шухрат Турдахунұлы сөз сөйлеп, Д. Қонаевтың тұтас еліміздің дамуына қосқан үлесі зор екенін айтты. *«Біз бүгін ел игілігі үшін ерен еңбек еткен ерлердің есімін ұлықтап, кейінгі ұрпаққа үлгі ету мақсатында осындай салтанатты шарада бас қосып тұрмыз. Бұл біз үшін зор мәртебе»,* – деді ол. Ескерткіш-бюстінің лентасы қиылған соң келген қонақтар дәлізде орналасқан көрмені тамашалап шықты. Көрмеде «Ағайынды үш ұста» деген атпен Қазақстанға әйгілі болған халық ұсталары – Құлментегі Тұрсынжан, Махмұт, Айтберген Жетенұлдарының өнер туындылары жайлы мәлімет берілді. Темірші, ұсталық өнерді дамытып жүрген дизайнерлер мектебімізде болашақта ашуға жоспарланып отырған музейге өз шығармаларының біраз бөлігін сыйға тартқан еді.

Айта кетейік, ұлт мақтанышына айналған ұлы тұлғаның ажары айшықталған ескерткіш-бюстіні Арыс қаласының тумасы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, академик, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Тілеуберді Бинашев сыйға тартты.

Иә, Дінмұхамед Ахметұлы шапағатының сәулелі нұр боп төгілмеген жері жоқ сірә. Шарын ауылына Қонаев атамыз бірнеше рет ат басын бұрған екен. Мемлекет басшысының зор ықыласына бөленген ауылымыздың сол жылдары мал, егін шаруашылығы қарқынды дамып, үздіктер қатарынан көрініп, мәртебесі биіктей түскені анық. Ұлылар ізі қалған жол. Міне, Қонаев атамыздың ауылымызға келгендегі сәттерін театрландырылған көрініс мектеп ұжымы асқан шеберлікпен сахналап шықты. Келген қонақтар дән риза болып, алғысын зор ықыласпен жеткізіп жатты. «Орамал тон болмайды, жол болады» демекші, келген қонақтардың иығына шапан жабу рәсімі де өз кезегінде жүзеге асып жатты. Өз кезегінде қонақтарымыз да мектебімізге арнайы сый-сияпаттарын табыстады. Осы шараны өткізу барысында көшбасшылық танытып, демеушілік көрсеткен кәсіпкер Сырым Омаров, Арман Сабақов, Миршат Кебиров, Мақсат Әлімжанов сынды азаматтарға ұжым атынан үлкен алғыс айтамыз.

Қазақтың маңдайына біткен біртуар ардақты азаматы Дінмұхамед есімі де дара. Ұрпақтан ұрпаққа мәңгі ұмытылмас, өшпес із қалдырған көрнекті тұлғаның халқы үшін жасаған игі істері ауыздан-ауызға тарап, дарқан даламызда әрқашан үлгі-өнеге болары хақ. Көзі тірісінде-ақ ерен еңбегінің арқасында халық көсеміне айналып үлгерген халқымыздың аяулы ұлы Дінмұхамед Қонаев туралы айта берсе сөз, жаза берсе тарихи естеліктер шексіз. Ең бастысы, кемеңгер перзент халқының жүрегінде мәңгі қалды. Қазақтың «Ұлық болсаң – кішік бол» деген асыл сөзі құдды осы кісіге арналғандай.

«Адам артынан болашақ ұрпағына, жер бетіне басқа адамдардың ақыл-ой дүниесінде, жүрегінде ұмытылмастай із қалдыру үшін туады», – деген екен бір ғұлама. Осы сөздің мәнін де, мағынасын да Дінмұхамед Қонаев өз ісімен, халқына адал еңбегімен дәлелдей білген адам.

Уақыт өткен сайын Дінмұхамед Қонаевтың есімі, қалдырған еңбегі даралана, айрықша бағалана бермек. Ақын Тұманбай Молдағалиев:

Бақыт даусы төгіліп кеудесінен,
Ерен-жаран болысып елдесімен.
Бара жатыр ертеңге Димаш ағa,
Өлмей, өшпей ұрпақтың зердесімен, – деген екен. Дара тұлғаны халықтың зердесінен өшірмей, бүгінгі ұрпаққа үлгі етіп ұсыну да үлкен әрі жауапты парыз. Ұмырын шын мәнінде халық мүддесін түгендеуге арнаған арда азаматтың ізі ел жадында өшпестей болып қалған. Ол уақыт озған сайын жаңғыра береді.

Назгүл ОРАЗҒАЛИҚЫЗЫ,
Д. Қонаев атындағы орта мектептің мұғалімі
Шарын ауылы,
Үйғыр ауданы

▲ ЛЕБІЗ

БІРЛІК БАР ЖЕРДЕ ТІРЛІК БАР

Биылғы қаңтар күтпеген жағдайға душар етті. Жаңаөзен қаласының тұрғындары сұйытылған көгілдір отын бағасын төмендету туралы талап қойды, алайда шерудің соңының тәртіпсіздікке ұласқаны өкінішті. Халықтың бейбіт шеруін пайдаланған содырлар мен лаңкестер ғимараттар мен автокөліктерді қиратып, өртеді. Көптеген сауда орындары зардап шекті. Ел басына түскен сын сағатта Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ шұғыл іс-шараларды күні-түні жүргізіп, жағдайды назардан түсірмей бақылап отырды.

Жүрегі жұмсақ, тілеуі ақ, жаны ізгі анамыз ғой, сол күндерде жанымызды шүберекке түйіп, жағдайдың тұрақталғанын тіледік. «Хабар», «Хабар – 24», «Қазақстан» телеарналарынан үздіксіз берілген хабарды көріп, қираған, өртенген ғимараттар мен қаза тапқан жандар туралы мәліметтерге жүрегіміз ауырды. Жанымызды қоярға жер таппағандай күй кештік. Шын мәнінде Тәуелсіздігімізді аяқасты етуге, мемлекеттік төңкеріс жасауға бағытталған сойқанды әрекет орын алды.

Шалғайдағы Нарынқол ауылының, таулы өңірдің тұрғындары Мемлекет басшысының қолға алған шұғыл шараларын көріп жанымызды жұбандырып, жағдай түзелсе, лаңкестер ауыздықталса екен деп тілей бердік. Бір апта аумағында республика көлеміндегі жағдай тұрақталып, көңіліміз орнына түскендей болды.

Қарапайым халықтың аңсайтыны, қалайтыны – тыныштық, бейбіт өмір, алаңсыз еңбек, шат тірлік. Егер ол бұзылса қандай боларын қасіретті қаңтар күндері осылайша көрсетті.

Арнайы Үндеу жариялаған Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: *«Тәуелсіздік тарихында алғаш рет аса күрделі және қатерлі кезеңге тап болдық. Ел басына түскен осындай сынақты қайыспай біртұтас ел болып еңсере білдік. Енді мұндай жағдайға ешқашан жол бермеуіміз қажет. Сондықтан еліміз душар болған ауыр қасіреттің себептерін саралап, оның салдарына нақты баға беру – алдымызда тұрған өте маңызды міндет»,* – деп атап айтты. Сын сағатта халқын осылайша қолдаған Мемлекет басшысы 10 қаңтарды Жалпыұлттық аза тұту күні деп атап, қаза тапқандардың рухына құрмет көрсетті.

Атамыз қазақта: «Ырыс, қайда барасың, ынтымақты елге барамын» деген жақсы сөз бар. Шын мәнінде ырыс та, құт пен береке де, мереке де ынтымағы жарасқан елге қонады. Бақыт берекебірлігі, тыныс-тіршілігі жарасқан жерге дариды. Бірлігі бекем елге әрдайым құт қонады. Осыны естен шығармасақ әрбір таңымыз арайлы, күніміз көркем, кешіміз ғажайып, түніміз тыныш болады. Халықтың, ел мен жұрттың бірлігі, қоғамның тұтастығы – тәуелсіздігіміздің мызғымас кепілі, мемлекетіміздің баянды болашағы, кемел келешегі. Қазына кеуделі қариялар, ақжаулықты аналар, әр шаңырақтың отағасы мен отанасы бой түзеп өсіп келе жатқан балаларымызға Отанға деген адалдықты, сүйіспеншілікті, перзенттік парыз бен қарызды, ана тілі, туған ел мен жерге деген мейір мен пейілді, құрмет туралы айтқан сайын айта беруіміз керек.

Қасіретті қаңтар оқиғасы тұсында тәртіпсіздіктерге арандатушыларға еріп қосылып кетіп, жанбай жатып сөнген, қанаттары күйген жастарды көріп жанымыз ауырды. Отан деген қастерлі ұғым шын мәнінде әр отбасынан басталатынын ойласақ, жастардың тәрбиесінде кеткен олқылығымыз көрініс берді. Үй өртеніп, қабырғасы күйреп, шаңырағы ортасына түсіп жатса қандай күйде болар едік?! Алматы қаласында орын алған сондай жағдайға қабырғамыз қайысты. Ару Алматы, әсем Алматы бір күннің ішінде бұрынғы ажарынан ажырап қалды.

Мемлекет басшысы айтқандай, ел-жұрт болып Жаңа Қазақстанды құру жолында аянбай еңбек етейік! Ақыл-ойымызды, парасатымызды, іс-тәжірибемізді жұмсайық! Бар қиындықты бір тілек, бір жүрек, жұдырықтай жұмылған білек арқылы жеңіп шығуға болады.

Балжан ОМАРОВА,
Райымбек аудандық аналар кеңесінің төрайымы, Райымбек ауданының Құрметті азаматы, ҚР білім беру ісінің үздігі

▲ ШАРУА

Балқаш өңірінде 1111 шаруа қожалығы бар. Аудан бойынша 130 бас түйе, 27 793 бас жылқы, 97 710 бас ірі қара және 97 585 қойешкі, сонымен бірге әртүрлі құс өсіріледі. Қысқы мал азығын дайындау мақсатында өңірде 178 мың тонна шөп, 20 мың тонна жем, 53 мың тонна пішендеме дайындалған.



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ

МАЛЫ ҚОҢДЫ

Өңірдегі мал баққан ағайынның қыс мезгілін қалай өткізіп жатқанын көру үшін аудандық ауылшаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің бас маманы Нұралы Шүленбаевпен Бірлік ауылдық округіне қарасты «Бақнұр» шаруа қожалығына арнайы бардық. Біз ат басын бұрған шаруашылықта 50 бас жылқы, 590 бас ірі қара болса, оның 400 басы аналық, 20 бас Қазақтың Ақбас тұқымды бұқасы, қалғаны тана-торпақ, бұқашалар екен.

Шаруашылық басшысы Айдар Аймақовтың айтуынша, 2003 жылы мемлекеттік жер қорынан келісімшарт арқылы 2 мың гектар жер алып, мал өсірумен айналыса бастаған. Кейінгі жылдары мал басы көбейіп, Бақанас орман шаруашылығынан 7 500 гектар және Қаратал орман шаруашылығынан 2 100 гектар жер алып шаруашылықтың керегесін кеңейтіпті. Бүгінгі таңда ірі қараларды жас ерекшеліктеріне қарай үш топқа бөліп, әрқайсына жеке қыстау салыпты, қора-жайлары да талапқа сай жасалған.

Қысқы мал азығы биылға жеткілікті, малы қоңды, көңілі жайлы десек болады. Өйткені, жаз мезгілінде 2 мың орама шөп жинаса, оның 600 орамасы күріш сабаны, 500 орамасы жоңышқа аралас бидай сабаны, қалғаны екінші орылым жоңышқа. Мұның сыртында 10 тонна әртүрлі жем түсірілген.

Қыстауда малшыға арналған үш бөлмелі үйге жарығы күн сәулесінен қуат алатын құрылғы орнатылған.

Шаруашылықтағы ірі қараның өсіп-өнуіне сүбелі үлес қосып жүрген Аманжол Қомытов пен зайыбы Алтынхан Сейсекеқызының осы қыстауда тұрып жатқанына 7 жыл болыпты. Ерінбей еңбек етудің арқасында азды-көпті несібелерін тауып, екі ұл, екі қыз тәрбиелеп, тапқан табысын қанағат етіп отырған отбасы.

Жалпы, «Бақнұр» шаруа қожалығында еңбек етіп жүрген малшылардың жағдайы жаман емес. Оларға ай сайын тұрақты түрде жалақы төленсе, одан бөлек мал төлдету науқанында әр 100 бұзаудан 5 бас бұзау беріледі. Малшыларға басқа да көмектер көрсетіліп, жағдай жасалған.

Бақтығали ДӘУІТБАЕВ
Балқаш ауданы

▲ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

ЧЕРНОБЫЛЬ АРДАГЕРЛЕРІ БАС ҚОСТЫ

1986 жылы 26 сәуірде Чернобыль АЭС-інде орын алған апат зардаптарын жоюға қатысқан ардагерлер Талдықорған қаласында бас қосып, бірнеше мәселені қарады. Бірінші кезекте «Чернобыль ардагерлері және мүгедектері» қоғамдық бірлестігінің облыстық филиалының төрағасы Құсайын Мұстафаның республикалық қоғамдық бірлестікке қызметке ауысуына байланысты жаңа төраға сайланып, аталған облыстық филиалдың осыған дейін атқарған жұмысы баяндалды. Сондай-ақ, ақпан айының 18-21 күндері аралығында Түркістан қаласында өтетін «Чернобыль ардагерлері мен мүгедектері» республикалық қоғамдық бірлестігінің құрылтайына қатысатын делегаттар анықталып, алқалы жиында көтерілетін мәселе, айтылатын ұсыныс, жеткізуге тиісті талап-тілектер сараланды.

Қажет АНДАС

1991 жылы «Чернобыль одағы» республикалық қоғамдық бірлестігі құрылса, 1993 жылы «Чернобыль одағы» Талдықорған облыстық бірлестігі ашылып, біраз жыл өнімді жұмыс атқарды. 2016 жылдың наурыз айында бірлестіктің облыстық филиалы құрылды. Филиалға содан бері Құсайын Мұстафа жетекшілік етіп келді. Биыл оның қызметі республикалық бірлестікке ауысуына байланысты аталған кездесуде оның орнына ардагерлер бірауыздан Нұрхайын Мухиддинді облыстық филиалдың төрағасы етіп сайлады.

– Нұрхайын Мухиддинұлы осыған дейін «Чернобыль ардагерлері мен мүгедектерінің» Іле аудандық ұйымын басқарған тәжірибелі және қолынан іс келетін азамат. Оның бірлестіктің жұмысын ширатып, ардагерлердің мұң-мұқтажын жоғарыға жеткізіп, әлеуметтік мәселелерін шешіп, түрлі шараны жоғары деңгейде ұйымдастыра алатынына сенеміз, – дейді әріптестері.

Жалпы, 1986 жылы 26 сәуірде орын алған Чернобыль АЭС-індегі апат зардабын жоюға еліміздің 32 мыңнан астам адам қатысты делінсе, бүгінде оның 5 мыңнан астамы әлі де арамызда жүр. Оның 500-ден астамы облыс тұрғындары. Ал өткен жылы оларды әлеуметтік, құқықтық жағынан қолдауға арналған заң қабылданып, көптеген түйткілді мәселелерін шешуге ықпал етті.

– Бүгінде Чернобыль апатының зардабын жоюға қатысқандарға қолдау көрсетіліп жатыр десек те шешуге тиісті мәселелер де жетерлік. Чернобыль ардагерлеріне, мүгедектеріне жылына бір рет «SCAT» компаниясы ұшақпен тегін ұшуға, баратын жеріне пойызбен 50% жеңілдікпен барып, қайтуға жағдай жасалған. Өткен жылы заңның қабылдануына орай облыс ардагерлеріне 150



мың теңгеден бір реткі әлеуметтік көмек көрсетілсе, жыл сайын 26 сәуір күні 50 мың теңгеден сыйақы беріліп келеді. Мүгедектік куәлігі бар азаматтарды емдеу-сауықтыру орталықтарына тегін жіберу ісі де қарастырылған. Сонымен қатар, Чернобыль ардагерлерінің жесірлеріне де әлеуметтік көмек көрсету қолға алынған. Бүгінде Кербұлақ ауданының Сарыөзек ауылында, Іле ауданының Казцик ауылында ескерткіш қойылса, Іле ауданының Құйған ауылындағы №32 орта мектебінде музей ашылды. Сонымен бірге өткен жылдан бері Чернобыль ардагерлері тұрған үйлерге ескерткіш тақта қою жұмысын бастадық. Ал қайтыс болған әріптестеріне өзіміз ұйымдасып, қалтамызға қарай материалдық көмек беріп келеміз. Бұл жұмыстар алдағы уақытта да жалғаса береді, – дейді Нұрхайын Мухиддин.

«Чернобыль одағы» республикалық қоғамдық бірлестігі 1991 жылы I, 1994 жылы II құрылтайын ашып, онда толғақты мәселелер көтеріліп, оны шешудің жолдары қарастырылды. Биыл республикалық бірлестіктің төрағасы Бақытжан Әшірбаевтың ұсынысы бойынша, Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шүкеевтің қолдауымен 18-21 ақпан аралығында Түркістан қаласында бірлестіктің III құрылтайы өтпек. Онда өткен жылы қабылданған заң бойынша Чернобыль ардагерлері мен мүгедектерінің құқықтық мәселесі талқыланып, әлеуметтік қолдау тетіктері сөз болмақ. Съезге кезіндегі Кеңес одағы құрамынан шыққан елдер мен ТМД мемлекеттерінен де делегаттар келеді деп күтілуде. Ал оған республиканың 14 облыс, 3 қаласынан үштен делегат қатысып, өз өңіріндегі қордаланған мәселелерді ортаға қоймақшы. Кездесу барысында көпшілік аталған съезге қатысатын делегаттарды сайлады.

Шын мәнінде Чернобыль АЭС-індегі апат зардаптарын жоюға қатысқандар – нағыз патриоттар. Мүгедектік куәлігін алмаған, ала алмай жүрген азаматтар да жетерлік. Тіпті өздерінің әлеуметтік жағдайына қарайласатын бірлестіктің бар екенінен хабарсыз жандар да баршылық. Содан кейін де ондай азаматтар бүгінгі таңда бірлестіктің қатарына өтпей, тағайындалған жеңілдіктерден сырт қалып келеді. Сондықтан мақаламыздың соңында сондай жандар болса, «Чернобыль ардагерлері мен мүгедектері» қоғамдық бірлестігінің облыстық филиалының төрағасы Нұрхайын Мухиддинұлына немесе Құсайын Мұстафаға (суретте көрсетілген) хабарласып, өздеріне тиесілі жеңілдікті дер кезінде пайдаланса дегенді айтқымыз келеді. Сондай-ақ, Чернобыль ардагерлері: «облыс орталығынан да бір ескерткіш ашылса» деген талап-тілегін тілге тиек етті.

КЕЛБЕТ

Жаркент өңірі талай дарынды түлеткен қасиетті мекен. Жеті өзен өрнектеген өлкенің перзенттері ешқашан ізгіліктен шөліркеп көрмеген. Бұл ретте бүгінде жетпіс жасқа келіп, ел құрметіне бөленген Ермек Келемсейіт ағамыз да дәл сондай туған жерінің қадір-қасиетіне кіндігімен байланған жан. Жоғары лауазымды тұлға болдым, қарапайым халықпен етене араластым, жастардың қамқоршысына айналдым деп мақтанса да ешкім жоқ дей алмайды. Мейлі, жүргізуші, механизатор, бригадир, әкім, депутат болсын, тез тіл табысып кететін білімдарлығы тағы бар. Үлкенге, кішіге ізеттілігі өз алдына. Қысқасы, Ермек Әбілмәжінұлы 70 жылдық өмірінде айналасындағыларға адами асыл қасиеттерімен жарқырай көрінді. Қарапайым жүргізушіден халық қалаулысына, кеншар басшысынан аудан әкімі, облыстық мәслихаттың хатшысына, ауыл баласынан облыстық ардагерлер ұйымының тізгінін ұстаған ел ағасына дейінгі барлық сатыдан өтті. Өмірі өнегемен өріліп, жұрт сүйсінетін жетістіктерімен ерекшеленді. Осы жазбамызда сол жайлы сөз етпекпіз.



ТУҒАН ЖЕРІН ТҮЛЕТКЕН

Қажет АНДАС

ӘКЕ КӨРГЕН ОҚ ЖОНАР

Әр адамның өмірде үлгі алатын, өнеге тұтатын, кейінгі жетілуіне бағдар беретін адамдар болады. Алдыңғы буынның жақсы істерін бойына жиып, ойына азық еткен адам келешегін де көркем істермен өрнектейді. Жастарға айтар тағылымы, кейінгі буынға көрсетер көсемдігі көп болады. Дүниедегі барлық жақсы істер мен жетістіктер, міне, осындай саналы ұрпақ жалғастығымен бірден-бірге кемелденіп отырады. Қазақтың қарапайым отбасында өмір есігін ашқан Ермек Келемсейіттің өміріне шуақ шашқан жақсы жандар көп болды. Солардың басында табандылық, шыдамдылық, ізеттілік, тазалық, кеңпейілділік, салмақтылық сияқты асыл қасиеттерді еншіге қалдырған атасы Келемсейіт пен әжесі Бибиша, малға жұтаң болса да парасатқа бай, көңіл көкжиегі кең, ізгілікке жаны құмар жайсаң мінезді әкесі Әбілмәжін мен шешесі Мағрипа тұрды.

Атасы Келемсейіт жас кезінде қайтыс болып, әжесі Бибиша апамыз екі ұлы мен екі қызын төркініне көшіріп апарып өсіреді. «Нағашы жұрт сыншыл келеді» дегендей, Әбілқажым мен Әбілмәжін бала күнінен нағашыларының қамқорлығында ержетеді. Ол тұстағы қазақтың атакәсібі төрт түлік мал болғандықтан Әбілқажымды сол ауылдың қызына үйлендіріп, қойшының таяғын қолына ұстатады. Өйткені, үйдің үлкені, оның үстіне әкеден ерте айырылғандықтан анасы мен іні-қарындастарына көмектесу міндеті оның иығына артылған-ды. Ал 1910 жылы туған Әбілмәжін ауыл мұғалімдерінен алғашқы сауатын ашып, хат таниды. Бірақ 13-14 жасқа келген тұсында «Қойшы бала» атанғысы келмей, ел аралап, жер шалып өзіне ұнаған кәсіппен айналысуға аңсары ауа береді. Сол арманмен жер шалып жүріп Жасыл көлдің бойындағы қарағай кесетін жұмысшылар тобына қосылып, екі жылдай олардың барып кел, шауып кел жұмыстарына қолғабыс етеді. Жұмысқа ынтасы, мінезінің жайлылығының арқасында ағаш кесушілермен тез тіл табысып кетеді. Техниканың тілін біліп, өресі өспегенмен ағаш кесетіндермен араласа жүріп орыс тілін қәдімгідей меңгереді. Бұл оның кейінгі өміріндегі жетістіктеріне көп көмегі тиді.

Дәл сол тұста «Техникалық мамандықтар бойынша ұлттық кадрларды көбейту керек» деген жоғарының тапсырмасы түседі. Өкінішке қарай, ол кездегі қазақ жастары орыс тілін білмейтіндіктен техникалық мамандыққа көп бара алмайтын. Бірақ бұл бастама Әбілмәжіннің арманын үкіледі. Сұрастыра жүріп: «Жаркентте механизаторлар дайындайтын оқу орны жастарды қабылдап жатыр екен» деген хабарды естіп, өзімен бірге істейтін жігіттердің көмегімен арманы орындалып, Жаркент өңіріндегі қазақ жастары арасынан ең алғашқылардың бірі болып техникалық мамандар даярлайтын оқуға қабылданады.

Сол тұстағы қазақ жастары үшін бұл үлкен жаңалық еді. Қысқасы, содан кейін сол өңірден жүздеген, мыңдаған механизатор шықса, солардың көшбасшысы Әбілмәжін Келемсейітұлы деп айтуға әбден болады. Оқу орнын бітіргеннен кейін сынақтан өтіп, Еңбекші ауылындағы МТС-ке жұмысқа орналасып, «МТС-5» маркалы трактор жүргізеді.

Талай жүректі сыздатып, сан адамды өмірлік қайғыға батырған Ұлы Отан соғысының салқыны бұл отбасын да айналып өтпеді. Соғыстың алғашқы жылдары Әбілқажым мен Әбілмәжінге майданға шақырту келеді. Олар Жаркенттен аттанып Сарыөзекке келіп, енді ұрыс майданына жүргелі тұрғанда: «Әбілмәжін Келемсейітті соғысқа жіберуге болмайды, оның МТС-те атқаратын міндеті көп» деген жоғарының бұйрығымен ауылына қайтады. Бірақ «Еңбекші» кеңшарынан соғысқа аттанғандардың тізімінде «Әбілмәжін Келемсейіт соғысқа жіберілді» деп көрсетіледі. Десе де сұрапыл ұрысқа қатыспаса да МТС-те механик, бас механик бола жүріп жеңісті жақындатуға бір кісілік үлесін қосты. Соғыстан кейін Қоңырөлең ауылына қарасты Ынталы ауылының бригадирі болып, күйреген шаруашылықты қайта қалпына келтіру үшін жан-тәнімен еңбек етті.

Әбілмәжін Келемсейітұлы талапшыл да табанды мінезі балаларына өнеге болды. Олар қандай биік белеске шықса да әкелерінің сол ізгі мұратын жалғастыруды арман-дады. Ермек Әбілмәжінұлының еңбек жолын жүргізушіден бастап, осы мамандықта оқып, өмірінің алты жылын жүргізушілікке арнауының күпиясы да осында. Әбілмәжін ауылда бригадир болып тұрған тұста ауылдың барлық техникасы сол кісінің басқаруында болды. Көктемгі егін жұмысы, жазғы шабын, күзгі жиын-терін науқаны қыза түскен шағында 3-ші сыныпты оқып жүрген Ермекті жанынан тастамай, техниканың тетігін меңгертіп, еңбеккорлыққа баулиды.

Әкесінің еңбеккорлығы мен шыдамдылығы, шешесі Мағрипа Мылтықбаеваның сабырлылығы мен сырбаз мінезі бойына дарып, бұл қасиеттер қызмет, отбасы, адамдармен қарым-қатынас барысында көп көмегі тиді. Оның азамат болып қалыптасуына нағашы ағалары Қанапия, Сапарғали Мылтықбаевтардың да үлесі көп болды. Нағашы ағаларынан өмірге құштарлық пен қатал тәртіпке бағынуды үйренді.

Орта мектепті бітірген соң жоғары оқуорына түсуге мүмкіндік болмады да, әкесі мен нағашы ағаларының жолын қуып, екі жыл жүргізушілік оқуын бітіреді. Сосын Моңғол Халық Республикасының астанасы Ұланбатыр қаласында әскери борышын өтеуге аттанады. Ол жерде де екі жыл жүргізуші болып шыңдалады. Ауылға оралған соң «Басши» ұжымшарындағы Калинин атындағы мектепке жүргізуші болып жұмысқа тұрады. Сол жерде өзінің болашақ жары Күлиша анамызды жолықтырып, отбасын құрады. Одан кейін тағы да екі жыл Қоңырөлең ауылында жүргізуші болады. Сөйтіп, аттай алты жылын жүргізушілікке арнайды. Қысқасы, Ермек Келемсейіт жүргізушіден халық қалаулысына, елдің ардақты азаматына айналды. Осы арқылы қарапайым адамның да ел үшін адалдықпен еңбек ете білсе халықтың құрметіне бөленген тұлғаға айналуына болатынын дәлелдеп берді.

Қоғамдық жұмыстарды атқара жүріп, өзінің қызметіне керекті білім алуды да ұмытпады. Сол кеңшарда жүргізуші болып жүріп 1973 жылы Алматыдағы ауылшаруашылығы институтының «ауылшаруашылығын механикаландыру» мамандығына сырттай оқуға түседі. Техниканың тілін жетік білетіндіктен екінші курста оқып жүрген студентке бірден кеңшардағы көлік тұрағының меңгерушісі міндеті жүктеледі. Бұл жұмысты екі жыл істеген соң оны бас инженерлікке көтеруге ұсыныс түседі. Бірақ сол тұста кеңшардың бас инженері болу үшін облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының рұқсатын алу керек еді. Алайда, сол тұстағы облыстық ауылшаруашылығы басқармасының бас инженері Виктор Хан оның жастығын ескеріп, бас инженерлік қызметке жолдама бермейді. Бір қызығы, сол жылы күзде Қостанайда ауылшаруашылық техникаларын құрастыруға қатысты оқып-үйрену курсына шақырылады. Сол курста Виктор Ханмен бірге біліктілігін шыңдауға мүмкіндік туады. Сол барыста Ермектің техникаға жақындығын және талабы мен талпынысын түсінген Виктор Хан ауылға қайтқаннан кейін бұрынғы ұсыныста қайта қарап, «Қоңырөлең» кеңшарының бас инженері етіп бекітеді. Ол бұл қызметті 7 жыл атқарды.

Ерекең 1985 жылы кеңшардың партия ұйымының хатшысы болып сайланып, екі жарым жыл жұмыс істеді. Сол кезде кеңшар директорларын сайлау арқылы тағайындау қолға алынады да Ермек Әбілмәжінұлы «Әулиеағаш» кеңшарының директорлығына сайлауға қатысып, басым дауыспен жеңіп шығады. Бұл қызметті 1995 жылы ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты болып сайланғанға дейін 8 жыл атқарды. Сол тұстарда қызметтің талабы бойынша Абай атындағы Қазақ педагогикалық университетінде «Құқықтану» мамандығы мен Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінде «Орман шаруашылығы ісінің» бакалавры бойынша оқуын жалғастырады.

Жүргізуші болып жұмысын бастап, одан бригадир, бас инженер, кеңшар директоры болып, бірден Парламент Мәжілісінің депутаты болып шыға келуі де тосын жайт еді. Оған, ең алдымен, елмен етене жұмыс істеген еңбеккорлығы себеп болса, екіншіден, Әулиеағаш ауылындағы ізгілікті істері сеп болды. Оның бәрін айтып отырмасақ та бүгінде Әулиеағаш ауылындағы 700 жылдық тарихы бар әулие ағашқа бара қалсаңыз айналдыра қоршалған темір қоршау көзіңізге шалынады. Бұл Ермек Келемсейіттің қолтаңбасы. Ал 1991 жылы Әлібай Бапанов пен Сәуле Бапанованың ұйымдастыруында Әулиеағаш ауылында халықаралық деңгейде ұлттық өнерді насихаттайтын фестиваль өтеді. Оған Франция, Жапония, Түркия, Дания, Ресей, ТМД және тағы да басқа елдерден танымал қолөнершілер, суретшілер жиналады. Фестиваль аясында әулиеағаштықтар шетелдіктерге қазақтың ұлттық өнерін таныстырып, тәнті етсе, суретші Людмила Зайцева мен Татьяна Томашенская Әулиеағаштың суретін салып шығады. Сол картина Ермек ағаның үйінде әлі күнге сақталуда. Ал 2005 жылы жер-жерден «Жасыл ел» штабы құрылып, алғашқы жұмысын Әулиеағаштан бастағаны баршаға мәлім. Әулиеағаш ауылындағы осындай ізгі істері Ермек Әбілмәжінұлының ҚР Парламенті Мәжілісінің екі мәрте депутаты болуына себепкер болады.

ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ

Жоғырыда айтып өткендей, Ермек Әбілмәжінұлы 1995-2004 жылдар аралығында екі мәрте Парламент Мәжілісінің депутаты болып сайланды. Ол кезде депутаттарды сайлау бүгінгідей партиялық тізіммен емес, жергілікті жердің тұрғындарының қалауы бойынша жүзеге асатын. Сондықтан жергілікті жерден сайланған депутаттар өздерінің ел алдында берген уәдесін орындау үшін барын салатын. Ермек Келемсейіт те сайлаушыларына берген уәдесін орындау үшін Парламент қабырғасында жұрттың толғақты мәселесін шешіп, бірталай бастаманың авторы атанды. Соның бірі – қайта құру кезінде шаруасы шатқаяқтап қалған шаруа қожалықтарын қолдау үшін қолға алған «Оңтайландырылған салық салу» және «Бірыңғай жер салығы» жүйесінің енгізілуіне мұрындық болғаны. Расында, Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы жекешелендіру шаруашылықтардың жұмыс ритмін өзгертіп жіберді. Сол тұста Үкімет қаулысы бойынша шаруа қожалықтары табысының елеулі бөлігін салық ретінде төлеу қарастырылған. Алайда, бұл жаңадан құрылған шаруа қожалықтарының қалтасын қаға бастады. Ең алдымен, халық қалаулысы салауатымен осы мәселені назарға алған Ермек Әбілмәжінұлы өзінің кеңшарда жұмыс істей жүріп жинаған мол тәжірибесі бойынша Ақмола облысы, Целиноград ауданының «Мәншүк Мәметова» кеңшарындағы «Тельман» шаруа қожалығын, Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек ауданындағы шаруашылықтарды, Панфилов ауданындағы жүгерімен айналысатын «Сақашев» шаруа қожалығын аралап, олардың кіріс-шығысын есептеп, тексеріс жүргізіп, Үкімет бекіткен салық жүйесінің шаруа қожалықтарының жұмысына көп кедергі келтіріп отырғанын анықтайды. Сонымен Үкіметке шаруа қожалықтарының жұмысын жетілдіру үшін оларды салықтан 80 пайыз босату туралы депутаттық сауал жолдайды. Бұл ұсыныс Үкімет жағынан қолдау тауып, «Оңтайландырылған салық салу жүйесі» ресми бекітіледі. Содан бастап табысының 50 пайызын салық ретінде төлеп келген шаруа қожалықтары енді 20 пайыз салық төлейтін болады да ауыл және мал шаруашылығымен айналысатын шаруашылықтардың кірісін арттыруға сеп болады. Алайда, бұл салық салу жүйесі шаруа қожалықтарына пайда әкелгенімен, азын-аулақ жермен айналысатын дықандарға үйлесімді болмайтынын байқайды. Сондықтан осы мәселені қайта қарастырып, аз жермен айналысатын шаруаларға тиімді болатын «Бірыңғай жер салығы» жүйесін тағы да Үкіметке ұсынып, бекіттіреді. Осы жүйе бойынша аз мөлшерде жер өңдеумен айналысатын дықандар әр гектарға төлейтін салықтың азайтылған мөлшерін ғана салық ретінде төлейтін болады. Бұл дықандардың көптеген түйткілді мәселесін түбегейлі шешуге көмек болды. Ермек Келемсейттің мұрындық болуымен енгізілген осы екі салық жүйесі 2021 жылға дейін атқарылып, еліміздегі шаруа қожалықтарының шығынын азайтып, кірісін көбейтуге, жер емшегін емген дықандар кірісінің артуына көп көмегі тиді. Бүгінгі іріленген, өркендеп-өскен шаруа қожалықтарының бәрі Ермек Әбілмәжінұлы ұсынып, бекіттірген екі салық жүйесінің шапағатын көргендер десек, артық айтқандық болмайды.

Осы тұста тағы бір мәселе туындайды. Яғни, жекешелендіру кезінде таратылмай қалған кооперативтердің бұрыннан қалған қарызы көбейіп, салықтарын уақытында төлей алмай, қатты қинала бастайды. Тіпті кейбірі банкроттық жариялаудың аз-ақ алдында тұрады. Осы мәселені шешуге кіріскен Ермек Келемсейіт Ескелді ауданындағы «Хильниченко», Алакөлдегі «Башиев», тағы да басқа кооперативтерді аралап жүріп нақтылы жағдаймен танысады. Бір ғана «Хильниченко» серіктестігінің сол жылдардағы қарызының өзі 6,5 миллион теңге көлемінде болған. Сосын Үкіметке кооперативтерді сақтап қалу үшін олардың бұрынғы қарызын үш жылға тоқтата тұрып, содан кейін қарызды 5 жылға бөліп төлеу туралы депутаттық сауал жолдайды. Бұл ұсыныс Үкімет тарапынан қолдау тауып, жүзеге асырылады. Жалпы сегіз жылдың ішінде кооперативтер қайта ес жиып, оның үстіне инфляцияның әсерімен жиылып қалған қарызды төмен мөлшерде өтеп алуына мүмкіндік туады. Егер бұл іс дер кезінде қолға алынбағанда қаншама кооператив банкрот болар еді. Соған орай қазіргі еліміздің жер-жерінде шаруасын шалқытып отырған кооперативтердің Ермек Келемсейттің азаматтық және халық қалаулысы ретіндегі уәдесін орындаудағы ұстанымының арқасында жетістікке жеткенін ескере жүргені абзал.

Осы тұста бүгінде Текелі қаласының бюджетіне қомақты қаржы құйып келе жатқан сыра ашытқысын өндіретін зауыттың сақталып қалуына Ермек Келемсейіттің көп көмегі тиеді. Сондай-ақ, «Ауылшаруашылығы және орман шаруашылығы туралы» Заңды жасаған жұмыс тобының құрамында аталмыш заңның қабылдануына еңбегі сіңіп, соның нәтижесінде депутаттық мерзімі бітуге бір жыл қалғанда жоғарының талабы бойынша ҚР Ауылшаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы комитетінің төрағасы болып сайланады. Бұл қызметті бар-жоғы бір жылдан аса уақыт атқарды.

Осы тұста Ермек Келемсейітті тағы бір жауапты қызмет күтіп тұрған еді. Сол кезде Алматы облысының орталығы Талдықорған қаласына көшіріліп, аудандарды өркендету бастамасы көтеріліп жатты. Сонымен қатар, Қазақстан – Қытай арасындағы сауда қарым-қатынасы нығайып, Панфилов ауданын басқару ісі Емек Келемсейітке жүктеледі. Әрине, комитет төрағасы болып жүрген лауазымды тұлғаның шалғай ауданға әкім болуға келісім беруі талай адамды таңғалдырады. Бірақ туған жерін түлетуден артық байлық жоқ деп есептеген Ермек Әбілмәжінұлы 2005 жылы Панфилов ауданының әкімі болып тағайындалады. Сол ауданда 8 жыл қызмет ете жүріп, туған жерін өркендетуге барынша күш салды. Ең алдымен жергілікті жас кадрларды тәрбиелеу ісіне баса назар аударды. Бүгінде сол аудан тізгінін ұстап жүрген азаматтардың дені Ермек Әбілмәжінұлының тәрбиесін көргендер. Сонымен қатар, 7 мектептің және бірнеше балабақшаның салынуына, Дәнеш Рақышев атындағы өнер мектебінің, Жаркент театрының ашылуына мұрындық болды. Ауданның теміржол құрылысын өркендетіп, табиғи газбен қамтамасыз етуге жол ашты. «Қорғас» ерекше экономикалық аймағының жұмысын жүйелеуге бір кісідей үлес қосты. Ең бастысы, Жаркентен шыққан Желтоқсан көтерілісінің батыры Ербол Сыпатаев пен Ләззат Асановаың ақталуына араласып, олардың ескерткішін салуға жан-тәнімен кірісті. Қысқасы, бүгінгі көркейіп, гүлденген Панфилов ауданындағы барлық жетістіктердің басы-қасында болып, атқарылуына жетекшілік етті. Ермек Келемсейіт биік лауазымды жұмыстарды да атқарды, сол қатарда туған елінің де өркендеуіне үлес қосып, елдің құрметіне бөленген тұлғаға айналды. Ал 2012 жылдан кейін төрт жыл облыстық мәслихаттың хатшысы ретінде аймақтағы өркенді істердің атқарылуына бір кісідей еңбегі сіңді.

БОЛАШАҚҚА ЖОЛ

Аймағымызда ардагерлерді ардақтау ісінің қолға алынғанына да біраз жыл болды. Айталық, 1986 жылы желтоқсанда Бүкілодақтық соғыс және еңбек ардагерлері ұйымының құрылтай конференциясы өтіп, онда ұйымның орталық атқару органдары сайланып, оның міндеті мен негізгі бағыты белгіленді. Сол Бүкілодақтық құрылтай конференцияның шешіміне сәйкес республика, облыс, қала, аудан, ауыл, ұжымдарда соғыс және еңбек ардагерлері ұйымдарын құру жаппай қолға алынды. Осыған орай Алматы облыстық ардагерлер ұйымы өз жұмысын бастады. Аталған ұйымды 2016 жылдан бері Ермек Келемсейіт басқарып келеді. Ермек Әбілмәжінұлы осы ұйымның тізгінін ұстағалы көптеген игілікті жұмыс атқарды. Ең алдымен ардагерлердің құқығын қорғаудың тетіктерін реттеді, сосын республикалық ардагерлер ұйымы жарғысының кейбір бөлімдерін қайта қарауға мұрындық болды. Облыс ардагерлерінің әлеуметтік жағдайын түзеудің құқықтық жолын қалыптастырды. Сондай-ақ, ардагерлердің өмірі мен өнегесін өскелең ұрпаққа жеткізетін бірнеше кітаптың жарыққа шығуына бастамашы болса, облыстық, республикалық ардагерлер конференциясын ұйымдастырып, «Ата-баба дәстүрі – ұрпаққа аманат» бағдарламасының жаңаша бағытта жүргізілуіне қолдау танытты. Облыстық ардагерлер ұйымы мен басқа да үкіметтік емес ұйымдар, қоғамдық бірлестіктер арасындағы қарым-қатынасты реттеп, ортақ мақсатта жұмыс істеудің негізін қалыптастырды. Осындай жүйелі басшылықтың арқасында облыстық, аудандық, ауылдық ардагерлер ұйымдарының жұмысы жетіле түсті.

Осындай жетістіктерінің арқасында Ермек Әбілмәжінұлы «Құрмет», III дәрежелі «Парасат» ордендерімен, тағы да көптеген мерекелік медальмен марапатталды. Сонымен қатар, салиқалы ұрпақ өсіріп, мерейлі отбасын құра білді. Өмірдің ыстық-суығын осы күнге дейін бірге өткеріп келе жатқан ұмырлық серігі, өмірін еліміздің білім беру саласына арнаған Күлиша апамызбен ынтымағы жарасқан отбасын құрып, Назерке, Айдын, Жасұлан, Назым, Еркебұлан сияқты ұл-қыздары мен Кәрім, Жұлдыз, Лаура, Бақтияр, Ақбаян сынды күйеубала-келіндерінің құрметіне бөленді. Айбын, Әли, Елдана, Әбдіжәми, Мәриям, Інжу, Бекмардан, Айман, Шолпан, Әлижан, Жанайым, Ережет, Қасым-Жомарт, Нұрәли, Жанәли тәрізді қылығы балдан тәтті немерелерінің ақылшы атасына айналды.

Иә, біз Ермек Келемсейіт өмірінің қадау-қадау тұстарына ғана тоқталдық. Бірақ ол кісі жайлы әлі талай дүние жазылып, өмірбаянының толықтырыла беретіні анық. Өйткені, ел үшін ерінбей еңбек еткен адамның елеулі істері ұрпақ жадында әрқашан жаңа қырымен жаңғыра бермек. Әрбір жас жетпіске осындай жетістікпен жетсе, одан артық байлықтың да керегі жоқ-ау.

ҮЗЕҢГІЛЕС ДОС

Ереке, жетпіс деген жас қалай екен?..

Бұл белеске жеткен жандарды «жетті-пісті» деп жатады ел-жұрт. Тереңірек толғанып, кеңірек көз салсақ бұның да жаны бар тәрізді. Өйткені осы жастағы адамдар қазіргі заман өлшемімен таразыласақ, өте жас та емес, тым қарт та емес. Әйткенмен, бұған жететін де бар, жете алмай келмеске кететін де бар. Кейбірі мұндай жасқа ілінгенімен дәл өзің секілді «абырой» атты ауылдың қақ төрінде малдас құрып отырмақ тұрмақ, есігінен де сығалай алмай жүргенін көз көріп жүр.

Жетпіс жастың тәттілігі де өзгешелеу шығар, ә, Ереке? Саған қазіргі күндері жеруйығы – Жетісудың ақсақалды абызы, яғни, облыстық ардагерлер ұйымының көшбасшы жетекшісі ретінде жетпіс жылдық мерейтойыңа орай күллі Қазақстанымыздың түкпір-түкпірінен, тіпті алыс-жақын шетелдерден де құттықтаулар қарша жауып жатқанын сезіп те жатқан жайым бар. Дұрысы, қызыға да қуана қараймыз бұған.

Жалпы, мен секілді жасы жетпістің ол жақ, бұл жағындағы үзеңгілестерің өзіңді ең алдымен жанымызға жақын досымыз, тумысынан текті, адамгершілігі жоғары, мінез-құлқы қарапайым, тұлғасы Алатаудай асқақ, байсалдылығы Қаратаудай салмақты, көңілі кең-байтақ даламыздай дарқан, пейілі өзендер өрнектеген өлкеміздің мөлдір суындай тұнық, әрқашан жан жадыратар әзіл-қалжыңынан айнымайтын азамат деп білеміз. «Жігітті жолдасына қарап бағала» деген. Осы тұрғыдан таразылағанда біз үшін мақтан етуге, мақтаныш тұтуға әбден лайық тұлғасың! Ат жалын тартып, азамат атанғалы көз алдымызда талай-талай белестен асып, абыройға бөлендің. Қарапайым көлік жүргізушіліктен басталған еңбек жолың завгар, инженер, парторг, директор болып жалғасып, Парламент депутаттығына дейін өрледі. Министрлік лауазыммен тең республикалық комитетті де басқарып, туған ауданыңа әкім де болдың, облыстық мәслихатқа да жетекшілік еттің. Соңғы жылдары облыстық ардагерлер ұйымын да абыроймен басқарып келесің.

...Алла қаласа, соңыңнан өкшелей басып, жетпістің желкенін тартатын жасқа мен де жақындадым. Өзің туралы жаза бастағанда-ақ кешегі қылшылдаған жастық шақ көз алдыма көлбеңдеп келе қалды. Тағдыр екеуміздің ел игілігі жолындағы қызмет баспалдақтарымызды отыз жастың айналасында тоғыстырды. Сол кезде Сен партия ұйымы хатшысы, мен аудандық партия комитетінің нұсқаушысы едім. Жаратушының жарылқауымен көп ұзамай-ақ Сен қызмет ететін ауылға бас зоотехник болып бардым. Директор Сүлеймен Босқынбайұлы екеумізге де ағалық қамқорлығын жасады. Осы орайда сенің мені елмен-жермен таныстырып, қоңырөлеңдіктермен етене араласып кетуіме көп еңбек сіңіргенің әркез ризалықпен еске түседі. Менің жастығыма қарамай маман ретінде шаруа атқарып кететініме сеніммен қарап, бұл бағытта өзгелерге де игі ықпал еткенің әрдайым есімде.

Марқұм Бақытбек тәрізді өңшең жас мамандар жұмыста да, той-томалақта да, қоғамдық жұмыста да «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара» бірге жүрдік. Кеңшардың әлеуметтік-экономикалық дамуын да қарыштай ілгерілеттік. Сахнада өнер көрсетіп, ән де шырқадық. Біздің «Октябрь» қой кеңшарының көркемөнерпаздар үйірмесі мүшелерінің атақ-даңқы шаруашылық деңгейінен асып, бүкіл Жаркент өңіріне танылды. Ауылымыздағы өнерлі жастардың арасынан іріктелген «Назқоңыр» ұлттық ән-би ансамблі кейіннен тіпті облыс, республиканы былай қойғанда, Моңғолияда концерт қою құрметіне ие болды.

Қоңырөлеңде қанатымыз қатайғаннан кейін де аудан деңгейінде түрлі лауазымды қызметтерді қатар атқардық. Жаман болмадық.

Әлі есімде, 1992 жылдың 11 қарашасы. Екеуміз де Жоғары партия мектебінің тыңдаушысы едік. Сол кездері сәті түсіп, заманымыздың заңғар ұлы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевқа сәлем беріп, қолын алу құрметіне ие болдық. Сөйтіп, Димаш атамыздың абыздық ізгі лебізін тыңдап, батасын алдық. Үлкен кісі, сонымен қатар, «Отті дәурен осылай» атты кітабына қолтаңба жазып берді.

Екеуміз дала академиктері Н. Головацкий, Ы. Қожахметов, Н. Сауранбаев, И. Билаловтардың да батасын алып, өкшесін баса еңбек еттік. Ауданымыздың тұңғыш әкімі Әділшайық Ыбыраймолдаевтың тәрбиесін көріп, іс тәсілін де үйрендік, «тепкісінде пістік». Марқұм Әдекең өзгелерге қаттырақ айтқысы келсе әдейі алдымен екеумізді фамилиямызбен атап: «Әй, Келемсейіт, ей, Керімқұлов! Неменеге желкелеріңді күжірейтіп отырсыңдар? Төрт құбылаларың түгелдей төрелер құсап», – деп тілге тиек ете бастайтын әңгімесін.

Иә, «жетіліп-пісіп» жетпіске жеткенше талай-талай «тар жол, тайғақ кешуден» өттің. Ел игілігі жолындағы ерен еңбегің елеусіз қалмай, көптеген марапаттарға ие болғаның, соның ішінде күні кеше ғана Президент өз қолымен омырауыңа «Барыс» орденін тағуы – өзіңді өзгеше құрметтейтін бізге де шексіз шаттық сыйлады.

Алдағы уақытта бұдан да биік абырой асуларынан асып, зор құрметке бөлене беретініңе аткан таңдай, шыққан күндей сенеміз. Ендеше, осынау жетпіс жылдық мерейтойыңа достыққа тән ақ көңілімізбен, замандастық һәм құрдастыққа ортақ пәк тілегімізбен, сондай-ақ, сыйластықпен сәулеленген ыстық жүрегімізбен қуана құтты болсын айтамыз!

Тоқтарбай КЕРІМҚҰЛОВ,
Панфилов аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisy

№52
(19047)

Beısenbi,
12 mamyr,
2022 jyl

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

www.7-su.kz

Jetisu2002@mail.ru

▲ РЕФЕРЕНДУМ



ТАРИХИ КЕЗЕҢ ТАЛАБЫ

Қазақстандықтар тарихи таңдаудың қарсаңында. Ел алдындағы жауапкершілікті сезіне отырып референдум өткізу – саяси дамудың келесі кезеңі саналады. Бұл – уақыт талабы. Себебі ел тағдырын анықтайтын реформаларға тек депутаттар ғана емес, бүкіл халық қатысуы тиіс.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев суперпрезиденттік республикадан қуатты Парламенті бар президенттік республикаға көшу туралы айтты. Сонымен бірге Конституцияның 30-дан астам бабына өзгеріс енгізу және 20-дан астам заңды қабылдау ескерілген. Яғни елдің құқықтық жүйесінің басым көпшілігі өзгеріске ұшырайды және азаматтар ол туралы біліп, оқып, оған дауыс беруі керек. Бұл азаматтардың игілігі үшін жасалып жатқандықтан қоғам барынша белсенділік танытуы керек.

Референдум өткізу мәселесі қоғам арасында қызу талқыланып, қолдау тауып отыр. Конституцияны бүкілхалықтық дауыс беру арқылы өзгерту – халықтың еркін білдіруінің айқын көрінісі.

Соңғы Жолдауда Президент тың саяси реформаларды жариялап, конституциялық құрылымды жетілдіруге мүдделі екенін таныттты.

Өзгеріс аз емес, соның бірі – Парламент палаталары рөлінің күшейіп, мәртебесі артатындығы. Одан бөлек, Мәжілісті қалыптастырудың аралас моделі еніп, Парламенттің бақылау функциялары кеңейеді, заңнамалық рәсімдер оңтайланады. Соған сай азаматтардың мүддесін қорғау механизмі күшейеді. Реформалар сәтті өтсе, халық ел басқаруға белсене қатысады. Бір мандатты округтер бойынша Мәжіліс депутаттары сайланады, мәслихат депутаттарының келісімімен баламалы негізде облыс әкімдері тағайындалады.

Осынша өзгеріс елде демократиялық процестерді жетілдіріп, «биліктің бірден-бір қайнар көзі – халық» деген принциптің жүзеге асуына ықпал етеді. Яғни, қоғам өз өкілдері арқылы маңызды шешімдердің қабылдануына араласады.

Осыншалық ауқымды реформаларды заңмен бекіту үшін бізге референдум қажет. Себебі, бұл тек Президент не Парламент шешетін мәселе емес, бұл – бүкілхалықтық деңгейдегі міндет.

Мемлекеттік басқару жүйесін өзгертіп, елдегі саяси ахуалға жаңа дем беретін референдум жалпыхалықтық деңгейде алғаш рет өткізіледі. Бұл – «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» идеясының нақты жүзеге асуының дәлелі.

Алдағы референдум жекелеген топтарды күшейтуді емес, мемлекетімізді жетілдіруді, жаңғыртуды және нығайтуды көздейді.

Гүлнар ТОЙЛЫБАЕВА,
«AMANAT» партиясы облыстық филиалының атқарушы хатшысы, депутаттық фракция жетекшісі, облыстық мәслихат депутаты

БИЛІК БАСТАУЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ Конституцияға өзгерістер енгізу бойынша республикалық референдум өткізуді ұсынды. Біз Президентіміздің бұл ұсынысын қолдаймыз.

Басында Ата Заңға өзгертулер мен толықтырулар енгізуді Парламент қарайды деген болатын. Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиясында ел тарихын жазуға әркім өз үлесін қоса алатындығы айтылды.

Сөздің шыны керек, бұрын халық ішінде: «Біз барсақ та, бармасақ та ештеңе өзгермейді» деп айтатындар көп еді. Сайлауға сенбей, кейбір заңдардың қабылданғанына келіспей, эмоцияға толы пікір білдіріп жататындар да табылатын. Алдағы жиынға халық жауапкершілікпен қарайтыны анық.

Ата Заңымызға жаңа заман талабына сай өзгеріс қажет екені рас. Сондықтан, елімізді өркендету үшін өтетін референдум біз үшін өте маңызды. Президенттің осындай күрделі мәселеде соңғы сөзді халықтың өзіне қалдыруы елдегі үлкен өзгерістердің бастауы деп білемін. Бұл дұрыс шешім деп ойлаймын. Сонымен қатар, көптеген көкейкесті басқа да мәселелер өз ретімен шешімін табатынына сеніміміз мол.

Амангелді ТӨЛЕМІСОВ,
І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті гуманитарлық факультетінің деканы, тарих ғылымдарының кандидаты

▲ ЖЕҢІСКЕ – 77 ЖЫЛ



Суреттерді түсірген Ж. МҰСАБЕКОВ

ЕРЛІК ҰЛЫҚТАЛҒАН КҮН



Тарихымыздағы ең елеулі сәт 9 мамыр – Жеңіс күні маңызы зор ұлы мерекенің бірі. Ақтық демі қалғанша Отанын қорғаған жауынгерлердің айбыны, тылдағы жұмысшылардың ерен еңбегі мәңгі өшпейді. Жеңіс күні жылдағы дәстүр бойынша кеудесіне орден, медальдарын жарқырата тағып алған соғыс ардагерлері мен қала тұрғындары Талдықорған орталық саябағындағы Даңқ ескерткішінің маңына жиналды. Шарада Ауған соғысы ардагерлері мен Желтоқсан көтерілісінің қатысушылары да болды. Саябаққа жиналғандардың бәріне Жеңіс лентасы таратылды.

Қажет АНДАС

Жеңіс күніне орай ұйымдастырылған шара облыс әкімі Қанат БОЗЫМБАЕВТЫҢ Даңқ ескерткішіне гүл шоқтарын қоюымен басталды. Ескерткіш жанында соғыста қаза тапқандарды еске алу мақсатында бір минут үнсіздік жарияланып, перзенттік борышын өтеген көпшілік бабалар рухына тәу етті.

Осы тұста Отан қорғаушылар күні мен Жеңіс күнін мерекелеуге арналған шаралардың жоғары деңгейде өткенін атап кеткен жөн. Жалпы, биыл қос мереке қарсаңында облыста екі мыңнан астам шара ұйымдастырылыпты.

Айталық, шара өтетін орындар безендіріліп, концерттік бағдарламалар ұсынылса, білім беру мекемелерінде сынып сағаттары, шығармалар байқауы, дәстүрлі «Ерлік сабақтары» өтті. Сондай-ақ, «Батырларға тағзым» онлайн акциясы мен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылғанына 30 жыл толуына орай «Ұранды ердің ұрпағы қайсар» әскери-патриоттық шарасы аясында жас сарбаздар мен әскери-патриоттық клуб мүшелерінің ант қабылдау рәсімі де нәтижелі болды. «Жүрек жылуы», «Аялы алақан», «Асар» қайырымдылық, әлеуметтік акциясы, тыл еңбеккерлеріне қамқорлық айлығы да сәтті жалғасты.

Ал Жеңіс күнінің құрметіне ағымдағы жылы облыстық бюджеттен ҰОС қатысушылары мен мүгедектерінің әрбіріне 1,5 миллион теңгеден біржолғы материалдық көмек берілді. Сонымен қатар, басқа да санаттар бойынша қаржылай көмек көрсетілген. Бұдан басқа, жыл басынан бері Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне жылу, ыстық және суық су, газ және электр энергиясы сияқты коммуналдық қызметтер үшін өтемақы төлеуге 4,5 млн.теңге бөлініпті. Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектер қажеттіліктеріне қарай есту аппараттары, емдеу-сауықтыру жолдамалары, әртүрлі техникалық және көмекші гигиеналық құралдармен толық қамтамасыз етілген.

Өкінішке қарай, соғыс ардагерлерінің саны жыл өткен сайын азайып барады. Биылғы Жеңіс күніне соғыстың алапат өртін көріп, өлім мен өмірдің арасында жүрсе де аянбай ерлік көрсеткен 25 ардагер жетіп отыр. Олардың дені жүз жасқа жетіп қалғандықтан көбі орталықтардағы салтанатты шараға келе алмады. Сондықтан, облыс әкімі Қанат Бозымбаев Талдықорған қаласында тұратын соғыс ардагерлерінің үйіне арнайы барып, әңгімелесіп, хал-жағдайымен танысты.

Алдымен облыс әкімі бастаған топ «Болашақ» шағынауданы, 29 үй, 12 пәтерде тұратын Қаңтарбай Сәрсенбай ақсақалдың үйіне барды. Биыл 99 жасқа келген қарт жауынгер әлі де тың көрінді. Бәтима Нүсіпқызы апамызбен берекелі отбасын құрып, өмірге 11 бала әкеліп, 25 немере, 45 шөбере, бірнеше шөпшек сүйген ардагер бүгінгі бейбіт күнге дән риза. Кеше ғана келін түсіріп, тағы бір немересінің отау құрғанына қуанып отыр екен. Соғыс кезінде бастан өткерген қызығы мен қиындығы көп естеліктерін әңгімелеп, тағы бір жадырап қалды.

– Биыл Жеңіс күнін 77-ші рет қарсы алып отырмын. Ең алғаш рет Жеңісті Мәскеуде қарсы алып едім. Бауыржан Момышұлымен бірге жараланып, жарты жыл госпитальда бірге жаттық. Соғыс жылдарындағы көрген қиындық пен бастан өткерген қауіпті айтып тауысу қиын. Ағын судай жылжыған уақыт, міне, бірталай өмірімізді ұрлап үлгерді. Енді соғыстың бетін аулақ қылып, бейбіт күніміздің берекесі ұзағынан болсын, – деген ақ тілегін айтып, көпшілікке бата берді.

Көксу ауданының Балпық би кентінде 1924 жылы туған Қаңтарбай Сәрсенбай 18 жасында әскерге шақырылады. Аягөз қаласында кіші командирлер даярлайтын алты айлық курстан өтіп, сержант дәрежесін иеленеді. Бұдан кейін Түркменстанның Мары қаласындағы пулеметшілер училищесінің офицерлер даярлайтын бір жылдық курсына жолдамамен жіберіледі. Курста оқып жүріп салмағы 65 келі болатын екі метрлік ірі калибрлі пулемет құрылысын үйреніп шығады. Рота командирінің бұйрығымен автоматшылар бөлімшесінің командирі болып тағайындалады. Бөлімшедегі 37 жауынгерге үш ай бойы түрлі әскери жаттығулар жасатып, соғыс тәсілдерін үйретеді. Содан кейін майданға аттанады.

Шығыс Пруссияның Шяуляй қаласын, Литва, Латвия, Польша жерлерін жаудан босатуға қатысады. Туған жерге екінші топтағы мүгедек болып оралады. Екінші дүниежүзілік соғыстағы жауынгерлік қызметі жоғары бағаланып, бірінші және екінші дәрежелі Отан соғысы орденімен және бірнеше медальдармен марапатталады. Елге оралған соң Панфилов педагогикалық училищесін бітіреді. Талапты, Алғабас жетіжылдық мектептерінде денешынықтыру пәнінен сабақ береді. Бұжы ауылдық кеңесінде он жыл хатшы, есепші қызметтерін атқарады. Пошта және байланыс бөлімшесін 15 жыл басқарып, абыройлы еңбек етеді. 1980 жылы зейнеткерлік демалысқа шығады. Соның нәтижесінде «Еңбек ардагері», «Астанаға 10 жыл» медальдарын өңіріне тағады. Көксу ауданының Құрметті азаматы атағын алады.

Өткен жылдары Қаңтарбай Сәрсенбай ақсақалға соғыс ардагері есебінде бір бөлмелі үй берілген. Бірақ бес қабатты ғимараттың төртінші қабатынан тиген баспана жүзге жақындап қалған, қол-аяғы сырқырап ауыратын ақсақалдың түсіп, шығуына үлкен кедергі болып тұрған көрінеді. Әңгіме барысында ардагер осы қиындықты алға тартып, облыс әкіміне баспанасын төменгі қабаттарға ауыстырып беруін сұрады. Қанат Алдабергенұлы ақасақалдың өтінішін орындайтынын айтты.

Келесі кезекте облыс әкімдігі өкілдері Еркін ауылы, Көктал елді мекені, Күреңбел көшесі, 37 үйде тұратын Төлеубай Шектібаевтың үйіне бас сұқты. Мұнда көпшілікті 98 жастағы Төлеубай ақсақалмен бірге Талдықорған қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ақшабай Керімбеков, Еркін ауылдық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Тортай Ізбасқанов және ардагердің бала-шағасы мен ауылдастары қарсы алды.

Төлеубай Шектібаев 1925 жылы Семей облысы, Жарма ауданы, Скотовод кентінде туған. Жасы он сегізге толған 1943 жылы әскер қатарына алынады. 1943-1944 жылдары дайындық шеберлігін үйренгеннен кейін Қиыр Шығыс шегарасында, Амур маңайында шегараны жаудан қорғады. Беларус майданының құрамында болып, Венгрияның Балатон көліне дейін неміс басқыншыларынан тазартуға қатысты. 1945 жылы Қиыр Шығыс майданына ауыстырылып, 83-ші атқыштар дивизиясының құрамында жапон әскерлеріне соққы берді. Содан кейін Харбин қаласын азат етуге араласады. Туған жеріне 1945 жылдың мамырында оралып, Семей өңіріндегі ауылшаруашылық техникумында еңбек ете жүріп, сырттай Алматы мал дәрігерлік институтын бітіреді. Ауылында экономист, партком хатшысы, кеңшар директоры, ауыл кеңесінің төрағасы болып істейді. 2006 жылы құрметті демалысқа шыққаннан кейін Талдықорған қаласына қоныс аударады. Бірінші дәрежелі Отан соғысы орденімен, «Ерлігі үшін», «Ерен еңбегі үшін» және көптеген мерейтойлық медальдермен марапатталған. Бүгінде немере, шөбере, шөпшек сүйіп, қадірменді қартқа айналған.

Төлеубай ақсақал облыс әкімі бастаған топқа аталық ақ батасын беріп, ақ дастарқаннан дәм таттырды.

Облыс орталығында басталған соғыс ардегерлерімен кездесу шарасы аудан, қала әкімдері тарапынан жалғасып, Жеңіс күнін жақындатқан барлық қарт сарбаздарға құрмет көрсетілді. Осы күні «Жастар» саябағында «Ұрпақ ұмытпайтын Ұлы жеңіс» атты мерекелік шара да жоғары деңгейде өтті. Биылғы Жеңіс күні осындай айшықты істерімен есте қалды.

23 tamyz
2022 jyl
seısenbi

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisý

№95 (19090)
АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ
Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

АҚОРДА

ДАМУДА ОҢ ДИНАМИКА БАР

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ Алматы облысының әкімі Марат СҰЛТАНҒАЗИЕВТІ қабылдады



Аймақ әкімі Мемлекет басшысына Алматы облысының әлеуметтік-экономикалық дамуында оң динамика бар екенін айтып, стратегиялық даму жобасы туралы баяндады.

Дамудың негізгі 5 бағытынан тұратын құжат 2 кезеңді қамтиды. Ол 2025 жылға дейін және 2030 жылға дейін жүзеге асырылмақ. Алматы облысында таяу уақытта инвестицияның өсімін 455 миллиард теңгеден 686,5 миллиард теңгеге дейін арттыру жоспарланған. Осы мақсатта құны 618 миллиард теңге болатын әрі 7 мыңнан астам жұмыс орнын ашуға мүмкіндік беретін 132 жобаның инвестпортфелі жасақталған.

Облыс әкімінің айтуынша, Алматы агломерациясының аймақаралық жоспарына сәйкес, облыстағы нысандар инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылыммен қамтамасыз етіледі.

Сондай-ақ, аймақтағы ең өзекті проблеманың бірі – үш ауысымды мектептер мәселесі қалай шешілетіндігі айтылды. 2025 жылға дейін «Жайлы мектеп» жобасымен 51 мектеп салу жоспарланған. Себебі, облыста үш ауысымды мектептер көп. Сонымен қатар, облыс жетекші жоғары оқу орындары мен колледждердің филиалдары, дарынды балаларға арналған мектеп-лицей, «G 4 City» аумағында медициналық хабы мен ғылыми-білім беру аймағы бар «Gate District» ашылады, «Білімді ұлт» ұлттық жобасының аясында 11 колледждің материалдық-техникалық базасы нығайтылады.

Президентке ұсынылған мәліметтерге сәйкес, өңірде 38 медицина нысаны салынады. Оған қоса, облыс орталығында 500 орынды көпсалалы аурухана құрылысы жобаланған.

Облыс экономикасын дамытудың негізін қайта өңдеу секторы, агроөнеркәсіптік кешен, көлік, логистика және туризм құрамақ. Өңір басшысының айтуынша, қазірдің өзінде облыста 2626 жұмыс орнын ашуға мүмкіндік беретін құны 290 миллиард теңгелік 23 жоба іске асырылып жатыр. Агроөнеркәсіп кешені саласында 3330 жұмыс орнын ашуға мүмкіндік беретін, құны 210 миллиард теңге болатын 78 жоба жүзеге асырылып келеді. АӨК жобалары облыстың барлық ауданында қолға алынған. Марат Сұлтанғазиевтің айтуынша, туризм саласында жетістіктер бар. Алматы облысында орналасқан ұлттық парктерге келетіндер саны көбейген.

Қасым-Жомарт Тоқаев кездесу соңында облыс дамуының стратегиялық жоспарын тиісті мемлекеттік органдармен бірлесіп жүзеге асыруды тапсырды.

Akorda.kz

БІЛІМ

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті мен әлемдегі үздік 100 жоғары оқу орнының қатарына кіретін Цюрих университеті 2010 жылдан бері өзара ынтымақтастықта жұмыс жасап келеді. Осыған орай, өңіріміздегі іргелі білім ордасының ғимаратынан Швейцария университетінің орталығы салтанатты түрде ашылды.

Ынтымақтастықтың берері мол

Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің басқарма төрағасы – ректор Қуат Баймырзаев конференция барысында Жетісу аймағы мен Швейцарияның әсем табиғаты ұқсас екенін тілге тиек етті. Білім көкжиегін кеңейтіп, қос елдің ғылым салалары бойынша бірлескен жобаларды жасап, әртүрлі зерттеу жұмыстарын жүргізіп келе жатқан қос университет біраз жылдан бері оқытушылар мен студенттер алмасу, іс-тәжірибеден өту, этнографиялық экспедиция өткізу сынды шараларға ұйытқы екенін жеткізді. Сонымен Жазғы мектеп ұйымдастырылып, Цюрих университетінің студенттері мен постдокторанттары қазақ тілін қарқынды түрде үйренген. Талдықорған қаласында этнографиялық тәжірибеден өтіп, Алаш жұртының мәдениеті, салт-дәстүрі, ұлттық тағамы, музыкалық аспаптарымен танысып, зерттеулер жүргізген. Білікті ғалымдар дәріс оқып, семинар өткізген.

Конференция барысында 2 апта қазақ тілін оқу курсынан өткен Лорен Ван сөз алды. Ол мәдениеті терең елдің тілі мәйекті екенін, қазақ тілін үйрену үшін барынша күш-жігерін жұмсағанын атап өтті. Қазақ тілінде еркін сөйлеген Лорен



қатар, шетелдік қонақтарға қазақ елінің қонақжайлығын сөз етті.

Өз кезегінде Цюрих университетінің өнер және әлеуметтік ғылым факультеті деканының оқу ісі жөніндегі орынбасары, профессор Петер Финке сөз алып, ынтымақтастықтың берері мол екенін жеткізді. Осыдан 12 жыл бұрын Жетісу жеріне алғаш табанын тигізіп, іргелі оқу орнына өзі келіп, достық қарым-қатынас орнатып кеткенін, содан бері елеулі жұмыстар атқарылғанын сөз етті. Екіжақты келісім бойынша көптеген оқытушылар мен білімгерлердің тәжірибесі артып, білім, біліктілігі шыңдалғанын тілге тиек етті.

Айта кетерлігі, биыл екі университет үшін жемісті жыл болған. қонақжай халыққа деген ризашылығын да білдірді.

Жиын барысында І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің басқарма төрағасы – ректор Қуат Баймырзаев курстан өткен шетелдік білімгерлерге арнайы сертификат табыс етті. Өз кезегінде екі елдің ғылым көкжиегін тұтастыратын, тәжірибелік жұмыстарды бірлесе атқаратын Цюрих университеті орталығының ашылу салтанаты өтті. Аталмыш рәсімді Қуат Маратұлы мен Цюрих университетінің өнер және әлеуметтік ғылым факультеті деканының оқу ісі жөніндегі орынбасары, профессор Петер Финке өткерді.

Жетісу облысы

ТАҒЗЫМ

«Елім» деп туған тұлға



Талдықорған қаласындағы Қонаев ескерткішінің алдында Дінмұхамед Қонаевтың қайтыс болған күніне орай митинг өтті. Оған облыстық және Талдықорған қалалық ардагерлер кеңесінің мүшелері, зиялы қауым өкілдері қатысты.

Қажет АНДАС

Димаш аға атындағы қордың төрағасы Кәдіржан Жексенов ұлы тұлғаның өмір жолы мен атқарған қызметі туралы толыққанды баяндап берді.

Ұлы тұлғаның өзгелерден ерекше қасиеті көп. Әсіресе, еңбек жолын шалғай ауылдан бастап, зауыт-кендерде еңбек ете жүріп, қажырлы еңбегінің арқасында 3 мәрте Социалистік Еңбек Ері атануы әрбір жасқа үлгі. Бүгінде ортамызда болмағанымен, оның асқақ рухы жерлестерімізді ұлылыққа ұмтылдырып келеді. Жетісу өңірінің өркендеп-өсуі үшін бар мүмкіндікті жасауға тырысты. Шара аясында зиялы қауым өкілдері осы жайлы да әңгімеледі.

– Димаш Ахметұлы қызметте жүргенде, зейнетке шыққан соң да Жетісу өңірін бір сәт есінен шығарған емес. Өмірден өтер тұсында Жетісу өңірін аралап, Ілияс Жансүгіровтің туған мекенінде қонақ болып, Мұхаметжан Тынышпаев туған ауылға барып, айдынды Алакөлдің сарынына құлағын төсеп жатып қайтыс болды. Біз Димаш ағамызды ешқашан есімізден шығармаймыз, – дейді Жетісу облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Келемсейіт.

Бұл шараға Дінмұхамед Қонаев қайтыс болған кезде жанында болған, топырақ салып, арулап аттандырған ағаларымыз да шақырылыпты. Сол қатарда аудан, облыста лауазымды қызмет атқарған Қуаныш Бекенов көпшілікке Димаш Ахметұлы өмірінің соңғы сәттеріне қатысты тың деректермен бөлісті.

Ілияс ақын: «Өз елі өз ерлерін ескермесе, ел тегі қайдан алсын кемеңгерді?» дегендей, Жетісу жұрты Дінмұхамед Қонаевтың туған күнін де, қайтыс болған күнін де жыл сайын еске алып, ізгілікті істерін насихаттауды естен шығармайды. Ескерткіш басындағы митингтен кейін зиялы қауым өкілдері Ардагерлер үйінің жиынжайында кездесіп, «дөңгелек үстел» басында ұлы тұлғаның кісілік, кішілік, адамгершілік, тағы да басқа қасиеттерін саралап, оны өскелең ұрпаққа жеткізудің жолдарын талқылады.

Талдықорған қаласы
Жетісу облысы

БРИФИНГ

Дайындық жіті назарда

Журналистермен өткен баспасөз жиынында Панфилов ауданының әкімі Марат Сағымбек өңірдегі білім ошақтарының жаңа оқу жылына дайындығы жөнінде баяндады.



Жалпы, 45 орта, 1 негізгі және 4 бастауыш мектеп бар өңірде 1-сыныпқа 2451 бала қабылданған. Қосымша, ауданға жаңадан көшіп келген оқушыларды мектепке қабылдау қағаз жүзінде жүргізілуде. 2022-2023 оқу жылына болжаммен 1325 сынып ашу жоспарлануда. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 4 сыныпқа кем. Биыл Қызылжиде бастауыш мектебінде 1-сынып ашылмайды. Аудан бойынша 3196 педагог бар болса, мұның бәрі ревакциналаудан өткен.

(Соңы 3-бетте)

ӘРІПТЕС ӘЛЕМІ



Біздің Бекен

Біздің КазГУ-дің (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) журналистика факультетін бітіргенімізге де биыл 42 жыл толыпты. Осы жоғары оқу орнының 1980 жылғы түлектеріміз.

Бір анығы, уақыт еш тоқтамайды, ешкімді де ешқашан аялдатпайды! Жалындаған жастығымыздың жарқылдаған отының сәулесі сәл көмескі тартқанымен, жүрегіміз әлі жас, көңіліміздің көлінің көкала үйрегі әлі әлдебір жаққа ұшып кеткен жоқ... Әйтсе де, алдымыздың шашымыз (әсіресе, жігіттердің) ағарып, бәріміздің басымызға өзгеше бір сабырлылық, салмақтылық, байсалдылық, барлығына да ой көзімен қараушылық орныққандай. Дегенмен, бұл мамандығымызға орай әу бастан-ақ қалыптасатын қасиет секілді.

Сонымен, 1980 жылы еліміздің әр қиырынан білім іздеген қыз-жігіттер ару Алматыда бас қостық. Ішімізде «өмір көрген шалдар» да, мектеппен енді қоштасқан жастар да бар. Ең үлкеніміз бүгінде марқұм болған Елгезек Әзбергенов пен Махамбет Мәшекенов еді. Олардан кейінгілері тамаша ақын, марқұм Аманхан Әлімов, марқұм Қалу Байғұлов және қазақ журналистикасының қара нары Көлбай Адырбекұлы, Кеңес Төлеубаев, сондай-ақ, осы сырдың кейіпкері Берікбай Қадықов болатын.

Біз Берікбай – Бекенмен 5 жыл қатар білім алдық. Соншама уақыт бойы бірге оқып, қасында жүрген соң, жасы үлкен болса да, «сіз» деп сызылғанды жөн көрмедік.

Сол Бекең де, міне, өмірдің біраз асуынан алқынбай асып, жетпіс деген жастың белесіне белі қайыспай көтеріліп отыр. Байқап, бағамдап қарасақ, Берікбайды – тарихы терең, ерлері ерен, елі жомарт, жері байтақ Мойынқұмның өз кәсібін құлай сүйген қаламгері, аққөңіл азаматының бірі деу артықтық етпейді екен.

Жүрегі қалаған журналистикасын бітірді, Мойынқұм аудандық газетінің қара қазанында қайнады. Осы басылымда 30 жыл еңбек етіп, оның 21 жылында бас редактор болды. Әлі күнге дейін республикалық, облыстық газеттерге жазғаны жарияланып тұрады. Халық қалаулысы атанып, бірнеше рет депутаттыққа сайланды. Қоқан хандығының үстемдігіне қарсы күрескен Ақеділұлы Биназар батыр атындағы қорды басқарды.

Газет арқылы өзі де халықтың қалаулысына айналды, елдіктің сөзін сөйледі, ерлікті төбеге көтерді, көпшіліктің жайын ойлады. Тегінде, осының барлығы да бір адамның басына аз абырой емес. Әйтеуір, қай жерде де, қандай жағдайда да аптықпай алға басты, іркілмей ілгері ұмтылды.

Кейіннен, яғни, 2009 жылы отбасы жағдайымен Алматы облысының Қарасай ауданына қоныс аударғанда да асқарынан аласарып, артқа кеткен кезі жоқ. Бұл жерде де білгір, білікті кәсіби маман ретінде танылды. Осындағы «Заман жаршысы» газетінде алдымен тілші, артынан бас редактордың орынбасары бола жүріп, іргелі өңірдің дамуына, өсіп-өркендеуіне өзіндік үлесін қосты.

Дәл осы басылымда қызмет істегенде «Қазақстанның Құрметті журналисі» атағын алды, Қарасай ауданының Құрметті азаматы атанды.

Бекеңнің қазақ журналистикасындағы 42 жылдық қызметінде бұдан өзге де марапаттары жетерлік. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін де аудандық газеттің ауыр жүгін көтеріскен Бекеңді әріптестері «редакцияның ақсақалы» деп құрметтейді. Қазіргі уақытта ол Қарасай аудандық қоғамдық кеңестің мүшесі.

...Оның Алатау жаққа жақындығы бұрыннан бар еді. Себебі, студент кезінде Алматы облыстық «Жетісу» газетінде 4 рет тәжірибеден өткен, аудандардағы іссапарларға шыққан. Студенттік құрылыс отрядындағы еңбегі үшін Кеген аудандық комсомол комитетінің грамотасымен марапатталған.

Ал, енді Бекен журналистикаға қалай келді, оны осы қызық та қиын, бірақ, әлемдегі ең адам баласына жақын ізгі мамандықтың біріне ынтықтырып-ынталандырған, алдыартына қаратпай асықтырып алып келген не? Алғашқы талап-талпынысы қалай болды?

– Мектепте мен тікелей сабақтан бөлек, әдеби кітапты көп оқыдым. Тіпті, өзімнің туған ауылым – Коминтерн (қазіргі Биназар) кітапханасында (меңгерушісі марқұм, жарықтық Көлбаева Күлшат апам еді) мен алып оқымаған қазақша кітап, әй, аз-ау...Осының бәрі балалық қиялыма қанат бітірді, арманыма ақ жол сілтеді. Сондай сәттерде ұшқыш, тіпті, теңізші болғым келді. Ақыры, тоғызыншыға топ етер тұста ұзақ іздегенімді тура тапқандай болдым. Ол – журналистика болатын.

1967 не 1968 жыл ғой деймін, ұмытпасам. «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінен «Таңда сен өмір жолын өкінбестей...» атты мақаланы оқыдым. Одан журналист болуды армандаған атыраулық жас ару Сара Досниязованың жүрек лүпілін, жан қалауын анық аңғардым, терең сезіндім. Жазғаны маған өте қатты әсер етті. Толқыдым, толғандым. Сөйтіп, бұрынғы тілегімді тіреу етіп, журналист болуға берік бекіндім!, – дейді Берікбай.

Дәл осы жерден Бекен туралы білгенімізді бітіріп, әңгімемізді ақырын аяқтай салуымызға да болар еді. Бірақ, тағы да қосар сөзіміздің «құлағы қылтиып» тұрғандай сезілді. Ол, әрине, оның орнықты отбасына қатысты. Курстасымыздың зайыбы, асыл жары, шығыстың шынары (өзі осылай дейді, өйткені, Өскемен жақтан) Бота жайында айтпай кетуге болмас.

Екеуі бірін-бірі жазбай таныды, жаңылыспай тапты. Қазір ел қатарлы өмір сүруде. Көппен бірге тіршілік етуде. Біреуден ілгері, біреуден кейін дегендей. Екі қыз, бір ұлы, немерелері бар. Ең бастысы, отағасы, отанасы ретінде өзара қатты сыйласады, бірі тіреу, бірі сүйеу болып ғұмыр кешуде. Алла көпсінбесін! Бақыт деп осыны айтуға болатын шығар.

Жетпістің желкенін көтерген біздің Бекеннің ең ерекше қасиеті – таң атса кеш бататын, кеш батса қалай таң ататынын аңдамайтын осынау алмағайып заманда, қаншама уақыт тапшы болса да, уақыт тауып, курстастарын телефон арқылы түгендеп шығатыны. Мереке келгенін алғашқы болып Бекен білдіріп жатады. Міне, бір кездегі Бекеннен, бүгінгі таңда Бекең атанған біздің Берікбай өмірі ұлағатқа толы осындай жан!

Гүлзия ПІРӘЛІ,
филология ғылымының докторы, профессор,
Ұлбосын АЙТӨЛЕН,
журналист,
«Құрмет» орденінің иегері

ЖАҢА КІТАП



Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ

Аманатқа адалдық

Астана, Алматы қаласында тұсаукесері өтіп, зиялы қауым өкілдері мен жас оқырмандардың құрметіне бөленген жазушы Әділбек Ыбырайымұлының «Семсер жүзіндегі серт» атты роман-трилогиясының таныстырылымы Талдықорған қаласындағы Тіл сарайында өтті.

Қажет АНДАС



Тұсаукесерді Қазақстан Жазушылар одағы Жетісу облыстық филиалының төрағасы, ақын Әміре Әрін жүргізді.

– Қазақ әдебиетінің тарихи прозасына ерекше бітімді, Алатаудай асқақ, Сарыарқадай шалқар пішінді үлкен роман- трилогия келді. Оны бүгінгі қазақтың ғана емес, келесі ұрпақтың, Мәңгілік елдің үлкен олжасы деп білген жөн. Сол құнды қазынаны ортамызға алып келген, Тонықөк бабамыз айтқандай: «Түн ұйықтамай, күн отырмай, маңдай терін төгіп, өмірге әкелген Әділбек бауырымызға алғысымыз мол. Әдебиет деген үлкен айдын, соның ішінде тарихи проза алтын діңі болып табылады. Өйткені тарихи шығарма ең алдымен – қоғамның санасын ашады. Оқырманның ой дүниесіне, жас жүрегіне сәуле жүгіртеді. Ал тарихи сана – ұлттың тірегі. Бүгін қолдарыңызға тиген «Семсер жүзіндегі серт» атты үш томдық еңбек сондай ғажап дүние, – деді.

Келесі кезекте сөз алған Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын Нүсіпбай Әбдірахым мен ақын Жомарт Игіман, жазушы Есболат Айдабосын, жазушының сыныптасы, белгілі журналист Гүлбаршын Сабаевалар да кітап жайлы ойларымен бөлісті. Жазушының жерлестері Ақсу ауданының әкімі Есім Базархановтың құттықтау хатын оқып, қазақ дәстүрімен иығына шапан жапты.

Үлкен еңбекті жомарт жүректі азамат өмірге әкеледі. Ал үш ғасырға жуық тарихты бүгінгі күннің көзімен қайта түгендеп шығу үшін мол тәжірибе, шалқар шабыт, соны ізденіс керек. Жазушы Арасанбай Естеновтың: «Әділбектің алғашқы өлеңдерін оқығында-ақ болашақта үлкен қаламгер болатынын байқап едім. Содан бергі жазушылық сапарында көптің ықыласына бөленген талай еңбекті өмірге әкелді. «Семсер жүзіндегі серт» роман-трилогиясында Әділбек Ыбырайымұлы күрделі тақырыпты сәтті алып шықты» дегені авторға да, шығармаға да берілген құнды баға.

Қазақстан Жастар одағы және Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты бұл тақырыпқа үлкен ізденіспен келді. Шаршаса да, шалдықса да мойымай, бүгінге дейін 20-ға жуық кітаптың авторы атанды. Сол мол тәжірибе бүгінгідей тарихи еңбек жазуға жетелеп әкелді.

Роман-трилогия Тезек төренің қырғыз сапарынан басталады. Сондықтан да тұсаукесерге Тезек төренің ұрпақтары Бағдат пен Азамат Ақылбековтер арнайы шақырылыпты. «Роман-трилогияның Тезек төренің қырғыз сапарынан басталғаны да тегін емес. Шоқан Уәлихановтың: «Дүниеде әділдік пен адалдықты ту еткен адамнан артық ешкім жоқ», – деген сөзі бүкіл қаламгердің алдында тұруы керек. Біздің қазақ болып қалуымыз бен қалыптасуымызға бірден-бір себеп түркітілдес халықтардың әділдікті ту етіп келе жатқаны. Тезек төренің өмірі тарихи құжаттармен дәлелденген. Міне, бүгін көркем әдебиетке арқау болып отыр. Сол алтын арқауды әдептеген еңбектің де мәңгілік ғұмырлы болатынына сенімдімін», – дейді Бағдат Ақылбеков.

Елді біріктірудің, жұртты берекеге ұйытудың ең басты құралы – тарихи сана. Біз бай тарихы бар, ата-бабаларымыздың ерлік шежіресі ауқымды, ел мен жерді қорғаудың тектілігін өмірлік болмысы арқылы дәлелдеген ұлттың ұрпағымыз. Өкінішке қарай, кейінгі 3 ғасырда тарихымыз талауға түсіп, бабаларымыздың рухани болмысын тануда кенжелегеніміз рас. Алайда, тәуелсіздіктен кейін тарихшылар мен жазушылар, ақындар мен өлкетанушылар күндіз-түні тынбай ізденіп, талай ақтаңдақтың бетін ашты. Сол қатарда осы күнге дейін толық ақиқаты айтылмай, бағасы берілмей келе жатқан Кенесары ханның ұлт-азаттығы жолындағы ерлік күресі бар. Өйткені ол туысқан түркітілдес ұлттардың, қойы қоралас, ауылы аралас қазақ руларының арасындағы қарым-қатынасты сөз ететін өте нәзік тақырып еді. Осы бір күрмеуі қиын тарихқа жазушы Әділбек Ыбырайымұлы «Семсер жүзіндегі серт» атты роман-трилогиясы арқылы баға берді.

Осыған дейін Ілияс Есенберлиннен бергі қаламгерлер тарих тақырыбында көптеген дүние жазды. Олардың көбі белгілі бір кезең, белгілі бір тұлға, белгілі тақырып төңірегінде қалам тербесе, Әділбек Ыбырайымұлы қазақтың кемінде 3 ғасырлық тарихын тарқатты. Тіпті, салыстырмалы баяндау тәсілімен кешегі қазақ мемлекеттігінің негізін қалаған үйсін, сақ, ғұн, қаңлы тарихынан да мағлұмат береді. Яғни, өткен мен кеше, бүгін ортасындағы тарихи сабақтастықты тың ой, өрелі тұжырыммен өрнектеді. Кітаптың артықшылығы да, күрделілігі де, жауаптылығы да осында.

– Кенесары хан жайлы ең алғаш 7-8 жасымда ата-анамның аузынан естіген едім. Содан бері осы тақырып өзіне қызықтырумен келді. Құла түзде арғымақпен шауып бара жатқан Кенесары бейнесі көз алдымнан кетпеді. Басында толқыныстар болды. Осы тақырыпқа отыруға батылым бармады. Солай ізденіп жүріп Кенесарының қазақ халқының тұтастығын, әлем өркениетіндегі мейманасының тасуын, терезесі тең болуын ойлаған адам екеніне сендім. Қазақтың мойнына түскен темір бұғауды сыпырып тастау үшін күресті, сол жолда тығырыққа тіреліп, Сарыарқадан Жетісуға келіп, саяси қысымның ықпалымен қырғыз жерінде қаза табады. Қалың жаудың ортасында тұрып: «Сендер астымдағы атымнан, қойнымдағы қатынымнан, алдымдағы асымнан, иығымдағы басымнан айырсаңдар да, қазақты рухынан айыра алмайсыңдар. Бұл мен орындай алмаған аманатым, халқыма аманат», – деген аталы сөзін айтып, әуелетіп ән салып көз жұмады. Мен тек сол аманатқа қиянат жасамай, осы еңбекті ұрпақ еншісіне бердім, – деді автор қорытынды сөзінде.

Роман-трилогия бабалар аманатына адалдық тұрғысында ақиқаттың ащы шындығын ашып айтқан құндылығымен бағалы. Сондықтан жаңа еңбекті рулық деңгейден биік ұлттық сана тұрғысынан оқу керек.

Талдықорған қаласы
Жетісу облысы

ҚЫЛМЫС ХРОНИКАСЫ

Қылмыскерлер ұсталды



ТМД елдерімен бірлесе жүргізілген республикалық «Розыск» жедел-іздестіру іс-шарасы кезінде Алматы облысының аумағынан іздеуде жүрген 14 қылмыскер ұсталды. Облыстық полиция департаментінің баспасөз қызметінің хабарлауынша, криминалдық полиция қызметкерлері мен Алматы облыстық ҰҚК департаменті мамандарының бірлескен шарасы кезінде аса ауыр және ауыр қылмыс жасаған қылмыскерлер анықталған.

– Мысалы, «Алтын Орда» базарының аумағынан ұсталған Тәжікстан Республикасының екі азаматының РФ Қылмыстық кодексінің 105-бабының 1-бөлігінде көзделген қылмыс жасағаны (кісі өлтіргені) үшін іздестірілгені анықталды. Олардың мәліметі ҚР Ішкі істер министрлігінің біріктірілген деректер базасынан алынды. Ұсталғандар уақытша ұстау изоляторына қамалды, – дейді Алматы облысы полиция департаменті бастығының орынбасары Серік Шалқаров.

Жалпы, «Розыск» жедел алдын алу іс-шарасы кезінде ұсталған іздеудегі 14 күдіктіден бөлек, хабар-ошарсыз кетті деп жарияланған 10 адам анықталған.

Тапаншалы адам



Талдықорғанның орталығында тапанша ұстаған адам ұсталды. Жетісу облыстық полиция департаменті баспасөз қызметінің хабарлауынша, 38 жастағы күдікті ұйымдасқан қылмыспен күрес басқармасы және облыстық ҰҚК департаменті мамандарының бірлесе өткізген арнайы операциясы кезінде қолға түскен.

Ұлттық гвардияның «Бүркіт» арнайы бөлімшесінің жауынгерлері қаладағы бір қонақүйде құрықтаған күдіктінің жанынан тапанша мен оған қажетті оқ-дәрі табылған.

Қазір оқиғаға орай қылмыстық іс қозғалып, тергеу амалдары жалғасуда. Күдікті уақытша ұстау изоляторына қамалған.

Есірткі табылды



Полиция сақшылары Текелі қаласының 34 жастағы тұрғынынан ірі көлемдегі есірткі тәркіледі.

Облыстық полиция департаменті баспасөз қызметінің хабарлауынша, облыстық есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының жедел уәкілдері қызметтік-іздестіру итінің көмегімен күдіктінің үйінен 8 келі 80 грамм гашиш тапқан.

Осыншама қарасораны өсіріп, таратуға дайындалған ер адамның әрекеті әшкереленіп, уақытша ұстау изоляторына қамауға алынды. Қазір іске байланысты тергеу амалдары жүргізілуде.

Дайындаған Мәди ӘСЕТҰЛЫ

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

Jetisý

3
24.12.2022

ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ

Қайырымдылықтың қайыры мол



Талдықорған қаласынан жақын орналасқан Жарлыөзек деген ауыл бар. «Ауылын көріп азаматын таны» дегендей, бұл жердің адамдары көпке қайырымды, жұртқа сыйымды, бірімен-бірі сыйласымды. Осылай сыр тартып отыруымның да өзіндік себебі бар. Кәсіпкер, қайырымдылығымен көптің ықыласына бөленіп жүрген кәріс қызы Венера ХАННЫҢ адами болмысы, азаматтық істері осы айтқанымыздың ақиқатын көрсетеді.

Қажет АНДАС

Кітапханашыдан кәсіпкерге дейін

Адам баласының қалай өсуі, нендей қадірлі жолды таңдауы және қандай адам болып ержетуі, ең алдымен, ата-ананың берген тәлімі мен тәрбиесіне тікелей қатысты. Сондықтан да: «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген нақылды өміріміздің ұстанымы етіп келеміз. Венераның әкесі Хан Афанасийұлы, шешесі Лена Александрқызы да ауылдың қарапайым шаруақор адамы. Асып-тасып жатқан байлығы болмаса да, ұрпағына адал термен игілік жаратудың тәрбиесін берген байжандар. Ол осындай еңбексүйгіш отбасында ержетеді.

Қалыпты өмірде байқалмағанымен жақыннан таныссаң әр адамның өмірінен қызығы мен қиындығы мол тарихы өріліп шыға келетіні анық. Біздің кейіпкеріміздің де сан тараулы тағдыры оның қажыр-қайратын шыңдап, бүгінгідей биікке шығарды. Еден жуушыдан елдің қамын жеген қайырымды жанға айналдырды. Айталық, Венера балалық, жастық шағын Жарлыөзек ауылында өткізіп, 1970 жылдардың соңында арман қуып Алматыға аттанып, алғашқы қадамын тігінші мамандығын оқумен бастайды. Оқуын бітіріп, еңбек жолын бастаған жылдары Ли Вячеслав Константинұлымен танысып, отбасын құрып, Вадим, Георгий атты екі ұлды болады. Бірақ жолдасы өмірден өткенде, алматылық болып жүре беруді қаламаған ол шиеттей екі баласын алып, Жарлыөзекке оралады.

Осындайда Абай даналық: «Есектің артын жусаң да мал тап» деген тағылымды сөзі ойға оралады. Әрине, тарихтағы жетістікке жеткен адамдардың өмірін зерделеп көрсек, бәрі де алғашқы адымын креслодан бастаған жоқ. Екі баласын қолтығына қысып жүріп, қарымын талдыратын қара жұмыстың талайын істеді. Еден жуды, киім тікті, кітапханашы болды, шешесі өмірден өткен соң әкесінің тұрмысына қарайласты. Демек, тағдыр талайына қандай жұмыс істеу тура келсе, соның бәрін таза пейіл, адал жүрек, азаматтық белсенділікпен атқарды. Ала таңнан кеш батқанша тыным таппады. Одан жаман болған жоқ. Қайта сол қиын күндер оның болашаққа деген арман-мұратын шыңдады. Күндер осылай тынымсыз тырбанумен өтіп жатқан тұста Кеңес одағы ыдырап, тәуелсіз Қазақстан өз алдына бөлініп шықты. Бағдар өзгеріп, шаруашылықтар күйреп, жұмыссыздық жұрттың мазасын қашырған 1990 жылдардың басында екі баласын алып, Талдықорған қаласына қоныстанады.

Еңбекпен ержетіп, құлшыныспен игілік жаратып үйренген Венера енді кәсіпкерлікпен айналыса бастады. Басында малдың терісі, қойдың жүні, темір-терсекті сатып алып, қайта сатумен айналысты. Талдықорған қаласындағы «Қайнар» АКБ өндірген аккумуляторларды басқа өңірлерге тасымалдап, іскерлікпен іс бастады. Нәтижесі де жаман болған жоқ. Қаржысы молайып, ауқымды жұмыс атқаруға мүмкіндік туды. Келе-келе көрші елдерге отандық өнімдерді шығарып, ол жақтан тұрғындарға керекті тұрмыстық бұйымдарды жеткізіп, шекара саудасының да көрігін қыздырды. Осы тұста екі ұлы да ержетіп, жоғары оқу орнына түсті. Үлкен ұлы Вадим әлемнің 6 тілін жетік біледі. «Болашақ» бағдарламасы бойынша Моңғолияда оқып, еліне қызмет етті. Бүгінде шешесі жол салып берген бизнестің тізгінін ұстап жүр. Кенжесі Георгий заңгер мамандығын меңгерді. Мұнай өңдеумен айналысатын компанияда жұмыс істейді.

2000 жылдардың басында Венера Хан Талдықорғаннан Өскеменге көшіп, сол жақтан нәсіп іздеуге кірісті. Ол кезде Өскеменде кәріс салаттарын дайындайтындар жоқ еді. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін күніне 3-4 сағат ұйықтап, қалған уақытын асүйде өткізген оның қаржысы да молая түсті. Адал тердің арқасында тұтынушылары көбейді. Оның қайсыбірін айтасың. Ең бастысы, Венера Өскемендегі кезінде адалдық және тынымсыз еңбектенген адам ғана ойлаған мақсатына жететінін ісімен дәлелдеді.

Қос білегін талдырып бастаған кәсібі, істеген жұмысы өтелген Венера Хан бүгінде халықаралық бизнеспен айналысады. Корея мемлекетімен денсаулық сақтау саласы бойынша іскерлік байланыстар орнатқан. Кейінгі жылдары «Бәрі денсаулық үшін» медициналық орталығының Астана, Алматы, Ақтөбе қалаларындағы филиалын ашып, 300-ден аса адамды жұмыспен қамтып отыр. Арасында шетелдік мамандар да бар. Осылай қазақ- стандықтардың саламатты өмір салтын жақсартуға үлес қосып жүр.

Тілге, дінге, дәстүрге құрмет

Кәсіптен нәсіп тапқандар арамызда көп. Алайда кәсіпкер Венера Ханды сол әріптестерінен даралап тұратын, айрықша айта кетітін бірнеше артықшылығы бар. Ең алдымен кейіпкеріміздің қазақ тіліне деген шынайы жанашырлығын өзгелерге өнеге етуге тұрарлық. Осы мақаланы дайындау барысында Венера Ханмен әңгімелескенде қазақ тіліне деген құрметін түсініп, таза да ұғынықты сөйлегенін көріп, кез келген жерде өзге тілде сөйлеуді мақтан ететін қаракөз қыздарды ойлап қынжылдым.

– Жасыратыны жоқ, қазақ жастарына қазақша сөйлесең, орыс тілінде жауап қайтарғанын көргенде ойланасың. Мектепті орысша оқыдым, жұмыс барысында сол тілді жиі қолданамын. Бірақ бала жастан ауылда қазақ халқының дарқандығын сезініп өскендігім бұл тілді жетік меңгеруге себепші болды, – дейді.

Имандылық жайлы жиі айтамыз. Бірақ өзінің жүрек қалауымен қасиетті Исламға жантәнімен берілген Венераның тазалығына да тәнті болмасқа шараң жоқ.

– 1992 жылдан бастап Ислам дініне қатысты кітаптарды оқи бастадым. Жаратушы хақ екенін мойындаймын. Бірақ адами қасиетті қалыптастыру үшін қандай дінді ұстау ұлтына, тегініе қарамастан әр адамның жүрек қалауына байланысты. Ислам дінінің имандылық, тазалық, адамгершілік, қайырымдылық қағидаларына негізделгенін түсіндім. Ал 2003 жылдан бастап ораза ұстап, намазға жығылдым. 2019 және 2021 жылдары екі рет қажылыққа барып, мұсылман баласы өтеуге тиісті бес парыздың ең қастерлі бірін өтеп қайттым. Балаларымды да, немерелерімді де сүндеттеп, мұсылманшылықтың үлгісін көрсеттім, – дейді.

Жан дүниесін иманды-лық нұрымен суғарған Венера ауылдастарының өмірін ізгі жолға жетелеуге ұмтылды. 2017 жылы туған жері Жарлыөзек ауылынан мешіт құрылысын бастап, 2018 жылы жұрттың игілігіне берді. Аналарының асқақ үмітін ақтау үшін балалары да барын сала көмектесті. 200 орынға арналған Алланың үйі бүгінде Жарлыөзек ауылының ортасында асқақтығымен көз тартып тұр.

Жалпы, қазақ пен кәріс ұлтының салт-дәстүрінде көптеген ұқсастық бар. Үлкенді сыйлау, кішіге ізет көрсету, ата-ананы құрметтеу, елмен етене жақын болу, жақсылыққа құштарлық, жарлы-жақыбайға көмектесу, тағы да басқа ортақтығы көп. Венера Хан екі ұлттың осы құндылығын бойына тұмардай тағынған. Бүгінде жұма сайын жеті шелпек пісіріп, аруақтарға құран оқыту, Наурыз мерекесінде наурызкөже, қонақ келгенде бауырсақ пісіріп, бесбармақты да өзі дайындайды. Қазақта: «Өзі болған қыз төркінін танымай кетеді» деген тыйым сөз бар. Сондай-ақ, өз ұлтының да ұлттық тағамдарын дастарқанынан үзбейді. Демек, екі ұлттың салты мен дәстүрін тең ұстағаннан ұтылған жоқ. Қайта айналасындағыларға, балалары мен келін, немерелеріне өнегесімен үлгі көрсетіп келеді.

Арамызда жұртқа тырнақтай жақсылық жасаса, мақтанышпен айтып жүретін адамдар бар. Бірақ Венера Хан осы күнге дейін жетімдерді жебеп, мүгедек жандарға қолдау танытып, жетіспей жатқан отбасыларға жәрдемдесіп, жебеп жүргенін бірдебір рет айтып, мақтанбайды да:

– Әр күні таңертең оянып, телефонымды қосқанда көмек сұраған адамдардың өтініші ватсабыма толып қалады. Бәріне көмектескің келеді. Арасында еңбекке құлықсыз, басқаның көмегіне сүйеніп күнелтуді әдетке айналдырғандар да бар. Қайырымдылық жасаудан ешқашан қашқан емеспін. Өйткені, қайырымдылықтың қайыры көп болады, – дейді Венера.

Абай атамыз: «...Бірі ішсем, жесемнің өмірі, енді бірі нағыз өмір» деп адам баласының өмірін екіге жіктейді. Кейіпкеріміз Венера Ханның өмірі – нағыз өмір.

ЖОҒАРЫ БІЛІМ

AlmaU (Алматы менеджмент университеті) 2020 жылдан бастап әлемдік деңгейдегі кәсіпкерлік және инновациялық жоғары білім беру саласы бойынша Аризона мемлекеттік университетінің (Arizona State University) Қазақстандағы серіктесі болып саналады.

AlmaU мен ASU-дің серіктестігі

АҚШ-тағы ең ірі университет болып табылатын Аризона мемлекеттік университетінде (ASU) 120 000-нан астам студент пен 5 000-нан аса профессор бар. US.News &World Report мәліметтері бойынша ASU АҚШ-тағы №1 университет, сондай-ақ,Times Higher Education ғылыми зерттеулеріне сүйенер болсақ, жаһандық ықпал, жауапты жоспарлау және ресурстарды басқару ісі бойынша АҚШ-тағы №1 және әлемдегі №9 орында тұр.

Бүгінгі таңда екіжақты байланыс AlmaU-да ғылыми-оқу процесін жаңғырту мен жетілдіруге септігін тигізуде. Бұл академиялық серіктестікке университеттің барлық мектептері мен орталықтары, соның ішінде, AlmaU тілдер орталығы атсалысуда.

Жаңа 2022-2023 оқу жылының басынан бастап AlmaU және ASU серіктестігі аясында AlmaU Тілдер орталығы ағылшын тіліндегі студенттердің аудиториядан тыс онлайн өзіндік жұмыстарын (СӨЖ) оқыту барысында ASU оқу ресурстарын белсенді пайдалана бастады. ASU ресурстарын пайдалана отырып онлайн оқытудың мақсаты – студенттердің оқу процесіне белсенді қатысуына жағдай жасау, студенттер мен оқытушылар арасында дәрістен тыс, Аризона мемлекеттік университетінің жаңартылған әрі қолжетімді оқу құралын пайдалану арқылы өзара жақсы қарым-қатынас орнату.

Бұл ресурс Аризона мемлекеттік университетінің ғылыми-педагогикалық мүшелерінің атсалысуымен құрылып, сынақтан өткізу мақсатында атаулы университеттің студенттеріне қолданылған. ASU ұсынатын оқу материалдары білім алушылардың ағылшын тілін меңгеру деңгейіне қарай бейімделген.

Аудиториядан тыс студенттің өзіндік оқыту процесінде материалды игеру жауапкершілігі студенттің өзіне жүктеледі. Дегенмен, оқытушы виртуалды оқу ортасының дизайнері ретінде оқу процесінің мүмкіндік жасаушы модераторы болып табылады.

ASU материалдарын қолдана отырып студенттерді онлайн түрде аудиториядан тыс дербес оқыту – синхронды және асинхронды болып екі түрге бөлінеді. Синхронды оқыту – интерактивті оқыту және бұл белгіленген уақыт аралығында сабақты MS Teams платформасының көмегімен өткізуге жағдай жасайды. Бұл платформада оқытушы мен студенттер кері байланыс жасау және сұрақ-жауап алмасу мақсатында кездеседі. Ал асинхронды онлайн оқыту кезінде оқытушы студенттердің ағылшын тілін меңгеру деңгейіне қарай Аризона мемлекеттік университетінің базасынан өз бетімен оқуға арналған оқу материалдарын таңдап, электрондық порталға, MS Teams-ке жүктейді. Студент порталға өзіне ыңғайлы уақытта кіріп, синхронды онлайн-оқыту сабағына қатыспай-ақ жеке кесте бойынша тапсырмаларды орындай алады. Орындалған жазбаша тапсырма көрсетілген мерзімге дейін оқытушыға жіберіледі немесе порталға жүктеледі.

Өткізілген сабақты бағалау үшін оқытушылар қысқаша сауалнама немесе Аризона мемлекеттік университетінің материалдарынан сұрақ-жауап түріндегі тапсырмаларды құрастырады, сондай-ақ, топтық талқылау (синхронды бейнеконференцияға дейін немесе бейнеконференция кезінде), қысқаша түсінік, мәтін немесе аудио форматта пікір білдіру сияқты әдістерді қолданады.

Қорыта келгенде, үш ай ASU ресурстарын пайдалана отырып оқу барысында студенттер қолданылған материалдардың жаңалығын, талқыланған тақырыптардың өзектілігін айтып, оқу барысында шынайы қызығушылықтарын көрсетті.

Гүлсима ДАЙРАБЕКОВА,
Алматы менеджмент университетінің аға оқытушысы

Лицензия №KZ03LAA00008295

Талдықорған қалалық сотының өндірісінде азаматша Гүлім Артықбайқызы Мамасалиевадан Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласының тумасы, азамат Рафаэль Дәулетқажыұлы Исабекті қаза тапты деп тану туралы өтініші жатыр. Бүгінге дейін бұл азамат туралы ешқандай дерек табылмай тұр. Оның соңғы мекенжайы мынадай: Талдықорған қаласы, «Мүшелтой» шағынауданы, 33-үй, 9-пәтер.

ДӘСТҮР

Батагөйлер бақ сынасты

Жаркент қаласындағы аудандық Мәдениет үйінде өңірдегі еңбек ардагерлері ұйымының ұйымдастыруымен «Батагөй» атты байқау өтті.

Ұлтымыздың ұрпағын ақ ниет, жүрекжарды тілегімен тәрбиелеуді мирас қылған, дәстүрін жастарға насихаттауды мақсат еткен шараға аудандағы барлық округтен алдын ала іріктелген 16 батагөй қария қатысты.

Байқаудың шымылдық ашар рәсімінде аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Тоқтарбай Керімқұлов сөз сөйлеп, байқау тек жарыс, жүлде үшін емес, өңірдегі мектептерден арнайы шақырылған жоғары сынып оқушыларына салт-дәстүрімізді танытуға, тек қазақ халқында бар кез келген жақсы істі үлкеннің батасымен бастайтын әдет-ғұрпымызды сақтап қалу мен дамытуға бағытталғанын айтып өтті.

Байқауда қатысушыларға өзі дайындап келген бір және дорбаға салынған асықта көрсетілген екі тосын тақырыптағы батаны таңдап, бата беру шарты қойылды. Сонымен бірге қазылар алқасы батагөйлердің өзін сахнада ұстау мәдениетін, тақырыпты аша білу шеберлігін, бата сөздерінің құлаққа жағымды жатықтығын, ұйқасын, ұлағатын сараптады. Нәтижесінде Шолақай ауылынан келген Бердіқожа Жанаманов байқаудың бас жүлдесін жеңіп алды.1-орын Үлкеншығаң ауылдық округінің батагөйі Нұрғали Мұстапаевқа, 2-жүлде Пенжім ауылының ақсақалы Құрманғали Нүсіповке, 3-орын Жаркент қаласының қариясы Қабди Жайшыбековке бұйырды. Бұдан тыс Сұптай ауылының батагөйі Серікқожа Дауытбеков, көкталдық Сайлау Солтанқұлов және Талды ауылының имамы Рақымғазы Садуақасов ынталандыру сыйлықтарына ие болды. Жалпы байқауға қатысқан ақсақалдар байқаудан құралақан қайтқан жоқ.

Мырзағали НҰРСЕЙІТ
Панфилов ауданы

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ

Саудаңыз сәтті болсын!

(Супермаркеттер (дүкендер) үшін жадынама)

ҚР Сауда және интеграция министрлігі Қазақстан Республикасы «Сауда қызметін реттеу туралы» Заңының 31-бабының 7-тармағына сәйкес, сауда желісін немесе ірі сауда объектілерін ұйымдастыру арқылы тауарды сату жөніндегі қызметті жүзеге асырады.

Осы ретте ішкі сауда субъектісі мен азық-түлік тауарларын жеткізуші арасында азық-түлік тауарын беру шартын жасасу кезінде жеткізушіден белгілі бір азық-түлік тауарын сатып алуына байланысты ішкі сауда субъектісіне төленетін сыйақыны азық-түлік тауарының бағасына қосу көзделуі мүмкін екенін хабарлайды. Көрсетілген сыйақының мөлшері шарт тараптарының келісуіне жатады және сатып алынған азық-түлік тауарының бағасы 5 пайыздан аспауға тиіс. Мұнда сыйақының көрсетілген жиынтық мөлшерін есептеу кезінде қосылған құн салығының сомасы ескерілмейді. Сондай-ақ, ішкі сауда субъектісінің ҚР Үкіметі бекіткен тізбеде көрсетілген әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарының жекелеген түрін сатып алуында жоғарыдағы тармақта көрсетілген сыйақыны төлеуге жол берілмейді. Аталған тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген сыйақы мөлшерінен асқан кезде ішкі сауда субъектісі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

Сыйақы – тауар берушінің азық-түлік тауарын ілгерілету жөніндегі көрсетілетін қызметтерді қоса алғанда, азық-түлік тауарларын сатып алуға және өткізуге байланысты тауарларды сату жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ішкі сауда субъектісі. Оның ішінде тауарларды жарнамалау және оларды арнайы орналастыруды жүзеге асыру, сондай-ақ, тауарларды дайындау, өңдеу, буып-түю, сауда желілеріне жіберу немесе ірі сауда орындары жеткізудегі ақшалай төлем кіреді.

Егер ҚР «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» Кодексінің 204-3-бабына сәйкес, сыйақы мөлшерден асып кеткенде ескерту жасалады. Бір жыл ішінде заңнама талаптары қайталай бұзылса, 300 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады.

ҚР Сауда және интеграция министрлігі Қазақстан Республикасы нарықтық экономикасы бар ел болып саналатынын хабарлайды және ҚР «Сауда қызметін реттеу туралы» Заңына сәйкес әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарына бөлшек сауда бағасын *(бұдан әрі - ӘМАТ, 19 атаудан тұратын тізбе қоса беріледі)* қоспағанда, тауарлардың бағасын ішкі сауда субъектісі дербес айқындайды. Осы Заңның 9-бабына сәйкес шекті сауда үстемесінің жол берілетін мөлшері өндірушінің немесе көтерме сауда берушінің сатып алу бағасының 15 пайызынан аспайды. Осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағасы мөлшерінен асып кеткен жағдайда ішкі сауда субъектісі ҚР заңдарына сәйкес қарастырылады.

Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 204-4 – бабында ішкі сауда субъектісінің сауда қызметін реттеу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ӘМАТ-қа сауда үстемесінің мөлшерін асырып жіберсе, ескерту жасалады. Бұл жағдай бір жыл ішінде қайталанса шағын кәсіпкерлік субъектісіне 10 АЕК, орта кәсіпкерлік субъектісіне 75 АЕК, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 300 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады.

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына мыналар жатады:

ақ қант– құмшекер	күнбағыс майы
бірінші сортты бидай ұны	тауық еті *(сан сүйек және іргелес жұмсақ еті бар сан жілігі)*
бірінші сортты ұннан жасалған бидай наны *(пішінді)*	сиыр еті *(сүйекті жауырын-төс бөлігі)*
рожки *(өлшеніп салынатын)*	майлылығы 2,5% жұмсақ қаптамадағы сүт
қарақұмық жармасы (дән, өлшеніп салынатын)	майлылығы 2,5% жұмсақ қаптамадағы айран
тазартылған күріш *(домалақ дәнді, өлшеніп салынатын)*	сары май *(тұздалмаған, майлылығы 72,5 %-дан кем емес, толтырғыштар мен өсімдік майлары жоқ)*
картоп	
сәбіз	тауық жұмыртқасы (I санатты)
басты пияз	ас тұзы
ақ қауданды қырыққабат	сүзбе: майлылығы 5 – 9 %

Ж. ТАЛИПОВ,
Жетісу облысы сауда департаментінің басшысы

КЕЛБЕТ



Бала шағынан ұлттық құндылық, салт-дәстүр, терең тарих және жыр-дастанды санасына құйып өскен, білімді де білікті, ұлтжанды, елі мен жері үшін аянбай еңбек еткен Кербұлақ ауданының Құрметті азаматы, мемлекеттік қызметші Азамат Ақылбеков 60 жастың асқарына шықты.

Азамат

Қажет АНДАС

Ол 1963 жылы қаңтардың 1-жұлдызында бұрынғы Алматы облысы, Гвардия ауданының Доланалы ауылында туған. Жасынан атасы, Күреңбел, Алтынемел өңірінде белгілі ҰОС-ның ардагері, Қызыл Жұлдыз, Еңбек Қызыл Ту орденderінің иегері, атақты аңшы, саятшы, шежіреші Алтай Ақылбековтің қолында, бұрынғы Кербұлақ ауданы Шоқан ауылында тәрбиеленіп, орта мектепті бітірді.

Атасы Алтай Ақылбеков арабша, латынша, орысша сауатты еді. Ұлы бабасы Шыңғыс қағаннан бастап, Алтын Орда, Қазақ хандығы тарихын жетік білетін, Жошы, Бату, Керей, Жәнібек, Қасым, Тоғым, Хақназар, Шығай, Есім, Жәңгір, Өз-Тәуке, Әбілхайыр, Сәмеке, Әбілмәмбет, Абылай, Уәли, Бөкей, Кенесары өмірінен толық хабары бар. Алпамыс, Қобланды, Едіге, Ер Төстік, тағы да басқа батырлар жырын жатқа айтатын. Ежелгі Сақ, Ғұн, Рим, Парсы, Грек, Қытай империяларының өткенінен хабардар көзіқарақты, көкірегі ояу, шежіреші адам болған екен. Қартайған шағына дейін аталас туысы, XIX ғасырдағы Жетісу тарихында өшпес із қалдырған, 30 жылдан астам ел басқарған, Ұлы жүз қазақтары мен көршілес қырғыз елі «хан» атаған Тезек Төре Абылайханов мекендеген Алтынемел, Матай тауларының бөктеріндегі ауылдарда өмір сүрген. Зейнеткерлікке шыққаннан өмірінің соңына дейін аталары Ералы сұлтан мен балалары және Шоқан Уәлиханов жерленген «Көшен тоған» атты төрелер қорымын күзетумен өтіпті. 1950-ші жылдары Сәбит Мұқанов бастап келген Қазақ ССР үкіметінің мемлекеттік комиссиясына ауыл адамдарымен бірге Шоқанның бейітін анықтауға көмектескен.

Күреңбел өңірінде аты аңызға айналған Алтай ақсақалдың тәрбиесін көрген Азекең 1980-ші жылы Алматы қаласындағы Қазақ ауылшаруашылық институтына оқуға түседі. Бұл білім ордасын 1985-ші жылы «Ғалым-агроном» мамандығы бойынша қызыл дипломға бітіріп, осы институттың аспирантурасында оқып, білімін жетілдірді. Ол уақыт Кеңес өкіметінің дәуірі жүріп тұрған кезеңі болғандықтан 1985-1998 жылдары мамандығы бойынша Кербұлақ ауданының «Амангелді» ұжымшары, «Жоламан», «Көксу», «Развильное» кеңшарында ондаған жыл бас агроном болып абыройлы қызмет атқарды. Ал 1998 жылы жеке шаруа қожалығын құрып, 2006 жылға дейін егін шаруашылығымен айналысты. Осы жылдары теориялық білімін іс жүзінде пайдалана білді. Өзі қызмет істеген шаруашылықтарда интенсивті технология енгізу, егіс алқабының құнарлығын арттыру, ауданға бейімделген өнімділігі жоғары тұқым себу, өнімді сақтаудың озық тәсілін қолдану сияқты жаңа тәжірибелер енгізді.

Айталық, «Амангелді» ұжымшарында күздік бидайдың өнімділігі жоғары «Бәйшешек» атты жаңа сорты алғаш рет себілді. Нәтижесінде, астық өнімі бұрын әр гектарынан орташа есеппен 10-12 центнерді құраған болса, жаңа сортты технологияны қолданудың арқасында гектарынан 37 центнерге дейін өнім алуға қол жеткізді. Ал «Көксу» кеңшарында жұмыс істеген уақытта картоп өндірісіне алғаш рет голландиялық технологияны енгізді. Картоп алқаптарының әр гектарынан 450 центнерге дейін өнім жиналды. 2007 жылы Талдықорған қаласы Еркін ауылдық округі әкімі аппаратында мемлекеттік қызметті бастады. 2008 жылы мамандығы бойынша Алматы облыстық аумақтық инспекциясына қызметке ауысты. Ал 2016 жылдан бері Кербұлақ аудандық аумақтық инспекция басшысы лауазымын атқаруда. Бұл мекеме жұмыс көрсеткіштері бойынша облысымыздың үздік инспекциялары қатарында. 2020 жылы өсімдіктерді қорғау маманы ретінде облыс басшылығына аса қауіпті зиянды шегірткеге қарсы химиялық улы дәріні ауадан авиация арқылы және жерде арнайы көлікпен бір мезетте шашу туралы жаңа тәсіл енгізуді ұсынды.

Азамат аты затына сай «сегіз қырлы, бір сырлы» азамат. Өзіндік орны бар публицист, ақын, жазушы, өлкетанушы, тәуелсіз тарих зерттеушісі ретінде де көпшілік оқырманға белгілі, әлеуметтік желілерде ауқымды аудиториясы бар. Оның шығармашылық, ғылыми еңбектері 1-сынып оқулығынан бастап, түрлі тақырыптағы конференциялар жинағына енгізілген және бірқатар кітабы жарық көрген. Атап айтсақ, 2013 жылы «Тезек төре», 2014 жылы «Тезек төреге қатысты жыр-айтыстар антологиясы», 2015 – 2016 жылдары «Күзгі көк шөп», «Жағалауда» атты поэзиялық өлеңдер мен әңгімелер, 2017 жылы «Кенесары хан» және 2019 жылы «Бопай ханша», 2021 жылдың қараша айында «Тезек төре – 200, Құдиярхан – 170» атты жинақ кітаптары жарық көрді.

Азамат Ақылбековтің шығармашылық еңбектері еліміздің және бірқатар шетелдің басылымдарында үзбей жарияланып тұрады. Әлеуметтік желілердегі мыңдаған оқырманына «Азкен Алтай» деген лақап атымен өте жақсы танымал. Жекелеген лирикалық өлеңіне ән де жазылған. Шығармалары қырғыз, түрік, әзірбайжан, орыс тілдеріне аударылған. «Жошы ханға ие болайық», «Тезек төренің күйі», «Шоқан туралы бірер сөз», «Сүйінбай мен Қатағанның айтысы туралы» сияқты зерттеу еңбектері, «Абақтыдағы соңғы түн», «Хан ием бабам Абылай», «Кене хан» атты поэмалары, «Күзгі шөп», «Жағалауда», «Су перісі», «Күзгі гүлдер» атты лирикалық өлеңдері, «Бәйге», «Бәсіре», «Қуыршақ» атты балаларға арналған тақпақтары оқырман тарапынан жоғары бағаланып келеді.

Өскелең ұрпақты отансүйгіштікке, салауатты өмір салтын ұстануға, туған елімізге адал қызмет істеуге тәрбиелеп келеді. Жастармен өткізген кездесу, конференция мен жиындарда осы бағытта өте мағыналы, тәрбиелік маңызы зор баяндамалар жасайды. Мысалы, Азекеңнің осыдан он шақты жыл бұрын жариялаған «Жошы ханға ие болайық» атты мақаласы мыңдаған оқырманның қолдауына ие болып, алыс-жақын шетел ғалымдарының талқысына түсті. Ақырында еліміздегі ғылыми орта мен басшылардың назарына ілігіп, Жошы хан кесенесін қалпына келтіруге, маңайын абаттандырып, жанына туристік кешен салуға ықпалын тигізді. Осы еңбегін лайықты бағалай білген Қарағанды облысы әкімдігі Азаматты 2021 жылы өздеріне шақырып, сый-құрмет көрсетті. Тіпті Жошы хан кешенінде жұмыс істеуді де ұсынған болатын. Тәуелсіздік жылдарынан бері Шота Уәлиханов, Аман Шотаев сияқты ел ағалары бастап көтерген, Шоқан Уәлиханов жерленген «Көшен тоған» қорымын жөндеу, абаттандыру, жолы мен маңайын ретке келтіру мәселесі бойынша жазған хаттары мен мақалалары да өз жемісін берді. Шоқан мұрасын ұлықтауға қатысты жергілікті телеарнадағы «Ұлт пен Рух», «Болмыс», «Тарих талқы» бағдарламаларында бастама көтеріп, оннан астам мақала жариялады. ҚР Мәдениет және спорт министрлігіне, Алматы облысы әкіміне, облыстық мәдениет басқармасына, Кербұлақ ауданы әкіміне, Шоқан Уәлиханов атындағы ғылыми институт басшылығына хаттар жолдады. Мүмкін Азекеңнің жылдар бойғы жанайқайы «Халық үніне құлақ асатын» Үкіметтің назарына ілінген болар, жылдар бойы қараусыз қалған Шоқан Уәлихановтың жатқан жерін ретке келтіру, мемориалдық музейін жөндеу келесі жылдан бастап қолға алынады.

Қазіргі уақытта Президент Әкімшілігі бақылауға алған іс-шаралар жоспары да қабылданды. Осы ретте, Азамат Ақылбековке ерекше ықылас білдіре отырып, Шоқан бабаңызды, Тезек төре мен баласы Құдиярхан Тезековті ұлықтауға қосқан үлесіңіз ешқашан ұмытылмайды, бұл еңбегіңізге алдағы уақытта облыс жұртшылығы мен Кербұлақ ауданы лайықты бағасын береді деген ойдамыз.

ӨНЕР-БІЛІМ, БАР ЖҰРТТАР...

Желілік байланыс – білім сапасын арттырудың негізі



Бүгінде білім беру жүйесін реформалау мақсатында түрлі әдіс-тәсілдер енгізіліп жатыр. Ізденістің өзіндік пайдалы жақтары да мол екендігін уақыт дәлелдеп келеді. Сондай тәсілдің бірі мектептердің өзара желілік байланысын нығайта отырып, мұғалімдер қауымының сабақ үдерісіндегі жаңалығын талқылау, оны өз сабағына енгізу, сөйтіп эксперимент жасаудың да маңызы зор.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «...Біз қазіргі заманның жаңаша талаптары мен үдерістеріне әрқашан сай болуымыз керек. Бұл үшін бір орында тұрып қалмай, ілгері жылжу басты мақсат болуы тиіс. Сондықтан білімі терең, ойы озық ұрпақты тәрбиелейтін мұғалімдер қауымына зор жауапкершіліктер жүктеледі», – деп атап өткен.

Білім сапасын сол өндірістік салада тікелей жұмыс істеп жүрген мұғалімнің ізденісін сабақта қолдану арқылы жетілдіру мақсатында Балқаш ауданындағы Ақдала орта мектебі әкімшілігінің ұйымдастыруымен Береке орта мектебі базасында «Жобалар жәрмеңкесі» атты семинар өтті. Оны Ақдала орта мектебі директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Ж. Оспанбаева жүргізіп, шараның мақсатымен таныстырды. Ақдала орта мектебінің математика пәнінің мұғалімі Айдана Нұрлан өзінің сабақ жүргізу кезінде пайдаланып, нәтижеге жетіп жүрген «Математикалық геймификация» жобасын ұсынды:

– Математикалық геймификация жобасы оқушыларды сындарлы ойлауға, креативтілікке және бір-бірімен топта жұмыс істеуге үйретеді. Геймификация ойынын ойнауға ұялы телефон немесе ноутбук қажет. Математикалық геймификация ойынын qiziz.com сайты арқылы ұйымдастырдым және оны 5 бөлімге бөлдім, – деп тәжірибесімен бөлісті.

Шығармашыл ұстаз «Мотивация», «Деңгей», «Дағды», «Сыйлық» және «Нәтиже» бөлімдерінің тапсырмалары туралы айта келіп, математикалық геймификация ойыны оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, оларды үздік нәтижеге жұмыс істеуге үйретететінін баяндады.

«Қазақ тілі сабағында қолданылатын әдістерді Гугл форма жүйесі бойынша қолдану» тақырыбында өз тәжірибесін ортаға салған аталған мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Гүлнұр Жаханова жас ұрпақтың ақпараттық жүйеге қызығушылығы артып келе жатқанына тоқталды. Және ұялы телефонды қолдануды әдетке айналдырған оқушылардың бар екенін де жасырмады. Осындай кереғар кезеңде оқушыларды бар зейінін өздері қызығып жүрген ақпараттық құралдар арқылы сабаққа аудару туралы толғанғанын жеткізді. Сөйтіп Гугл форма арқылы оқушыларға тапсырмалар беру, оны жариялы түрде тақтада көрсеткішпен көрсетудің тиімділігін түсіндірді. Синек әдісімен енгізілген бұл жүйе оқушыларды ізденісін, гугл дискіде сақтауға, олардың білімін бағалауға тиімді. Аталған тәсілдің басты жетістігі сабаққа қатысқан оқушылардың тапсырмаларды орындауға тартылуы дер едік. Сондай-ақ, әр оқушы өзінің білім деңгейінің көрсеткішін интерактивті тақтадан көріп отырады.

Мектептің информатика пәнінің мұғалімі Жадыра Қойшығұлова «Информатика пәнінен ерекше білім беруді қажет ететін оқушының көру ақпараты арқылы ақпаратты қабылдауын дамыту» жобасына мұғалімдердің қызығушылығы басым болды. Себебі «Үйден оқыту» мәселесі – мектепте қиындықпен жүзеге асыратын жұмыс. Денсаулығы жоқ оқушылардың өмірге, сабаққа қызығушылығы да төмендеу болатыны хақ. Бірақ қоғам байлығы – адам. Сондықтан әр оқушыға тұлға ретінде қарау – мұғалімнің басты парызы. Осы орайда, ерекше білім беруді қажет ететін оқушымен жұмысқа ерекше ынта қою орынды. Цифрлық ресурсты пайдалануда дислексиясы бар Байдәулетов атты оқушыны Қазақ политехникалық университетінің грантына ие болуы – басты жетістік. Данияр Назеркенің жақсы оқушы атануы да ұстаз тәсілінің тиімділігі деуге болады. MIT App Inventorб ұлттық технологиясының мүмкіндігінің пайдасы ұшан-теңіз. Адамзат баласы осы MIT App Inventor бұлттық технологиясының мүмкіндігін тиімді пайдаланып, өз қажеттілігін қамтамасыз етуі маңызды. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен MIT App Inventor бұлттық технологиясының көмегімен түрлі тапсырма тізбегі орындалуда.

Мектептің информатика пәні мұғалімі Ахмет Жәнібековтің «Бұлттық технологияны» пайдалану әдісі де – үлкен ізденістің көрінісі. Қазіргі таңда MIT App Inventor бұлттық технологиясының мүмкіндігінсіз және бұлттық технологиясыз кез келген жұмысты істеу мүмкін емес. Жаһандану дәуірінде ақпараттық технология қарқынды даму үстінде. Түрлі смартфон, теледидар, компьютер, сенсорлы компьютер барлығы адамзат баласының тұрмыс-тіршілігін, қажеттілігін, экономикалық, қаржылық, әлеуметтік салада пайдасына жарап тұр. Компьютерлік құрылғылар арқылы денсаулық саласында, білім мен ғылым, техникалық, ғарыш, байланыс саласында жоғары деңгейде адамның қажеттілігін қамтамасыз етіп отыр. Бүгінгі таңда мектептің бүкіл құжаттары осы технология бойынша сақталуда. Кез келген мұғалім туралы мәлімет алу керек болса, тез іздеп таба қоясың.

Семинардың талқылау бөлімінде Береке орта мектебінің директоры Е. Жебегенов семинардың тигізген көмегінің көп болғанына тоқталды. Ал Ақдала орта мектебінің директоры А. Қалиева мектептегі ізденістің мол екеніне, осы арқылы білім сапасының артуы, оқушылардың білім алуға деген белсенділігінің жоғарылай бастағанын тілге тиек етті. Алдағы уақытта басқа мектеп мұғалімдерінің озық тәжірибесін тарату да күн тәртібінде тұрғанын жеткізді.

Аудандық білімді дамыту оқу-әдістемелік орталығының әдіскері Ж. Төлеубекова: – Қазіргі таңда желілік байланыс арқылы мектеп өміріндегі жаңалықтарды насихаттау жолға қойылып келеді. Осы орайда, Ақдала орта мектебінде осы бағытта атқарылып жатқан шараны ерекше айтқым келеді, – деді ағынан жаралып.

ҚР Премьер-Министрдің орынбасары Ералы Тоғжановтың қатысуымен өткен ҚР БҒМ-нің кеңейтілген алқа отырысында ҚР Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов: «Ауылдық және қалалық мектеп оқушылары арасындағы білім сапасы бойынша алшақтықты азайту – білім беру жүйесінің басты міндетінің бірі. Жетекші оқу орындары ауыл мектептеріне әдістемелік көмек көрсетіп, олармен тәжірибе алмасатын болады», – деген еді. Бұл сол шараны жүзеге асырудың бірден-бір жолы деуге болады.

Семинар жоғары деңгейде өтті. Қатысқандар: «Осындай семинар жиі өтіп тұрса» деген өтінішпен тарады..

Жетпісбай ҚОЙШЫҒҰЛОВ,
Балқаш аудандық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының аға әдіскері

ЖОБА

Алматы облысы әкімдігінің 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 622 «Алматы облысы бойынша кен іздеушілікке арналған аумақтарды айқындау туралы» қаулысына толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» Заңының 26-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 27-бабына сәйкес,Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1.Алматы облысы әкімдігінің «Алматы облысы бойынша кен іздеушілікке арналған аумақтарды айқындау туралы» 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 622 (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5049 тіркелген, 2019 жылдың 05 наурызында Қазақстан Республикасы Нормативтік-құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

осы қаулының қосымшасына сәйкес көрсетілген қаулыға қосымша 27, 28 жолдарымен толықтырылсын.

2. «Алматы облысының кәсіпкерлікжәне индустриялық-инновациялық даму басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Алматы облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оның Алматы облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Алматы облысы әкімі аппаратының мемлекеттік-құқық бөліміне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкіміниңорынбасары А. Дандыбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Алматы облысының әкімі М. СҰЛТАНҒАЗИЕВ

Алматы облысы әкімдігінің 2022 жылғы «____» _____ № ____ қаулысымен бекітілді

№	Аумақ атауы	Облыс	учаске №	нүкте №	Аумақтың географиялық координаттары						Учаске аумағы (га)	1' де 1' блоктың атауы	Сипаттамасы
					шығыс бойлық			солтүстік ендік					
27	Қаракол учаскесі	Алматы облысы		1	79	55	51,76	42	34	24,68	4,987	-	Жер қойнауын пайдаланудан босатылды
				2	79	55	54,8	42	34	26,15			
				3	79	56	9,36	42	34	7,85			
				4	79	56	6,88	42	34	6,57			
28	Қайрат учаскесі	Алматы облысы		1	80	5	34,4	42	25	23	5	-	Жер қойнауын пайдаланудан босатылды
				2	80	5	44	42	25	21			
				3	80	5	51,5	42	25	22,2			
				4	80	5	51,76	42	25	19,83			
				5	80	5	42	42	25	17,6			
				6	80	5	36,5	42	25	19,4			
				7	80	5	33,2	42	25	16			
				8	80	5	30,14	42	25	18,36			

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Сауда және интеграция министрі С. Жұманғариннің тапсырмасы шеңберінде және Алматы облысы әкімінің өкімі негізінде азық-түлік тауарларына баға белгілеудің бүкіл тізбегі бойынша делдалдық схемаларды тергеу және әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына 15%-дан астам ең жоғары сауда үстемесін қолдану жөніндегі комиссия бекітілді.

«Сауда қызметін реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі № 544 Заңының 9-бабына сәйкес ӘМАТ-тағы Ішкі сауда субъектісі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарын жеткізу шартында көрсетілген өндірушінің сату бағасының немесе көтерме жеткізушінің сатып алу бағасының он бес пайызынан аспайтын шекті сауда үстемесінің мөлшерін белгілейді.

«Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V Кодексінің 204-4-бабына сәйкес:

1. Ішкі сауда субъектісінің әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына Қазақстан Республикасының «Сауда қызметін реттеу туралы» Заңнамасында белгіленген сауда үстемесінің мөлшерінен асып кетуі – ескертуге әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет – шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – 10, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 75, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – 300 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Баяндалғанның негізінде ӘМАТ іске асыратын облыс кәсіпкерлерінен өздерінің сауда қызметін қолданыстағы заңнамаға сәйкес келтіруді сұраймыз.

✓ ӨЗЕКТІ

Шетел көлігін тіркеу тәртібі

Бүгінгі күні өзекті мәселенің бірі шетел көлігін заңдастыру. Халықтың алаңдап отырғаны да белгілі. Дегенмен үкімет бұл істі қолға алып, Мемлекет басшысының тапсырмасын толық орындау мақсатында жұмысты жеделдетіп жатыр. Сонымен шетел көлігін қалай заңдастырамыз деген сауалға нақты ақпарат берейік. Бұл ретте Ішкі істер министрінің орынбасары Игорь Лепеханың жауыбын ұсынуды жөн көрдік.



«Заңдастыру үшін утилизациялық алым талап етпейді. Көлік иелері 200 000 теңге бірреттік төлем төлейді. Көлік 2022 жылдың 1 қыркүйегіне дейін елге әкелінген болуы керек. Ұрланған, іздеуде болмауы тиіс. Өзге мемлекетте бұрынғы тіркелген жері бойынша есептен шығарылуы қажет. Кедендік тексеруден өтуі керек», – деді Ішкі істер министрінің орынбасары Игорь Лепеха.

Шетелдік көлікті заңдастыру үшін 4 құжат керек.

– «Атап айтқанда, өтініш, өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін), көлік құралының паспорты немесе көлік құралын тіркеу туралы куәлік. Сондай-ақ көлік құралына меншік құқығын растайтын құжат – мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту немесе иеліктен шығару туралы өзге де мәміле шарттары, мұрагерлік құқығы туралы куәлік».

Төлеу құны бойынша да халықтың арасында түрлі әңгіме өрбіп жатқаны белгілі. Бірі 200 мың десе, екіншісі одан жоғары төлейміз деген сөз тарауда. Мына мәселеге назар аударсақ, нақты ақпаратты білетін боламыз.

Сонымен, ХҚКО арқылы көлік иесі 200 мың теңге көлемінде бірреттік төлем жасайды. Мұнымен қоса техпаспорт үшін – 4 313 теңге мемлекеттік баж, мемлекеттік нөмір алу үшін – 9 660 теңге төлейді. Негізгі төлемнің сомасы осы.

Қазақстанда «сары» нөмірлерді бере отырып, уақытша тіркелген «армян» автокөліктеріне заңдастыру қолданыла ма? Осы сауал да көлік иелерін жиі мазалайды. Бұл мәселе бойынша мынадай жауап айтылған.

Біздің елде уақытша тіркелген "армян" автокөліктері де заңдастыруға жатады. Оларды кедендік декларациялау талап етілмейді, себебі 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап олар Еуразиялық экономикалық одақтың тауарлары болып танылады.

Ендігі ретте көліктерді заңдастыру 23 ақпаннан 1 шілдеге дейін жүргізіледі.

Әмір САНА

✓ КӨГІЛДІР ОТЫН

Ауылға газ жеткізіледі

Жаркент қаласының тұрғындары қыс маусымында баспаналарын жылытуға негізінен қатты отын пайдаланатын. «APLCONSTRUCTION» ЖШС жоғары қысымды газ құбырын жеткізетін реттегіш нүктесін іске қосып, өткен жылдың басынан қаланың оңтүстік бөлігіндегі тұрғындардың үйін көгілдір отынмен жылытуға көшіре бастады.

Қазір Жаркент қаласының Өсек, Турково шағынаудандарынан басқа бөлігі газбен қамтылып, аудан орталығындағы көшелер мен басқа да елді мекендерге және «Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағына дейін 90 шақырым газ құбыры тартылды. Қалада «Жаркент крахмал-сірне» зауыты, «Алматы» қонақүйі, «Сафар», «Арина» мейрамханалары және көпқабатты 34 үй, бірқатар мекеме мен кәсіпорын көгілдір отынға қол жеткізді.

Газ құбырын үйіне тарту үшін қала тұрғындары серіктестікпен 1300-ге жуық келісімшарт жасап, олардың бәрі үйін көгілдір отынмен жылытып отыр. Сөйтіп, өңірге жеткізілген табиғи газ көне қаланы қыста қоңырсыған көмір түтінінің иісінен арылта бастады. Үстіміздегі жылы Жаркент қаласының солтүстік бөлігіне толықтай газ құбыры тартылады. Сондай-ақ, серіктестік Сарыөзек – Қорғас тасжолының бойындағы 15 ауылды да газбен қамтамасыз етуді жоспарлауда.

Мырзағали НҰРСЕЙІТ
Панфилов ауданы

✓ БӘРЕКЕЛДІ!

Жүлдемен оралды

Испанияда өткен джиу-джитсудан Әлем чемпионатынан текелілік Қуаныш Аязбаев қола жүлдемен оралды.

Қуаныш Маратұлы Қазақстан құрама командасында өнер көрсетеді. Джиу-джитсу – 27 жастағы спорттың ең қойып айналысып жүрген спорттың екінші түрі. Ол бұған дейін жауынгерлік самбо күресінен халықаралық дәрежедегі спорт шебері атағын алған.

Текелі қаласында туып-өсіп, №4 орта мектебін бітірген соң Алматыдағы Қазақ спорт және туризм академиясында оқыған Қуаныш бүгінгі таңда дүбірлі додаларда топ жарып қана қоймай, самбодан жаттықтырушы болып шәкірт тәрбиелеп жүр. Қуаныш Аязбаевтың өзін спортқа тартып, қабілетін бағалаған, баптаған алғашқы жаттықтырушысы Рахым Керімбаевқа алғысы шексіз. Ол туралы Р. Керімбаев: «Қуаныш 10-11 жасында дзюдо күресіне келді. Біраз уақыт шынығып, тәжірибе жинаған соң самбо күресіне ауыстырдық. Талабы таудай, тынымсыз жаттығуға төзімді бала самбодан бірнеше мәрте ел чемпионатында жүлделі болды. Спорттық самбодан 23 жасқа дейінгі жастар арасындағы Қазақстан чемпионатында үш рет алтын алды, Азия чемпионы атанды. Кейін бұл күрестің жауынгерлік самбо түріне ауысты. Бір орында тұрмай, әрдайым алға қадам басып келе жатқан шәкіртімнің әр шыққан биігіне қуанып отырамын. Қазір ол Алматыда жүрсе де, бізден, туған жерінен байланысын үзген жоқ. Қазіргі бала шәкірттеріме осындай ағаларының жеңісті жолы үлгі-өнеге»,– дейді.

Қуаныш Аязбаев алдағы уақытта да Қазақстан құрамасының сапында байрақты бәсекелерде оза шауып, көк Туымызды биікке көтеріп, Мемлекеттік Гимнімізді шарықтата шырқатуға мүдделі.

«Jetisý»-ақпарат

✓ ӨНЕГЕ

Ауылды ынтымаққа, ауызбіршілікке, ағайындыққа шақыратын қария атанудың да жолы қиын, салмағы ауыр. Әрине, қария болу жаспен емес, ел мен жер үшін сіңірген өлшеусіз еңбекпен өлшенетіні де жасырын емес. Сондай ағаларымыздың бірі, бүгінде 85 жасқа сергек, ағалық, даналық, перзенттік қалпымен атына кір түсірмей жеткен Жексембай (Жекен) Жетпісбаев ағамыз. Бүгінде Жекен ағамызды қатарластары, ізін басқан інілері, жастар жанына жақын көреді, құрметтейді, сыйлайды, пікіріне құлақ түреді, айтқан ақылына ұйып, оны өмірлік мұрат етуге тырысады. Оның сан түрлі себебі бар.

Қажет АНДАС

Адал еңбек абырой әпереді



Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ

Тектілік

Әрине, осындай зерде, зейін, сезімталдықтың Жекен ағамыздың бойынан көрініс табуын арыдан іздеуге болады. Жас пен жалынға шомылған, адамдар жүрегіне жазылмас ізін қалдырған XX ғасырдың қырқыншы жылдары – сол тұстағы буынның желкілдеген жас құрақ сәбилік, балалық шағын аямай таптап, өртеп өтті. Бірақ ол кездегі адамдар өмірдің ауыртпалығын көрсе де қиындыққа мойыған жоқ. Өйткені олардың бойында тектіліктің нәрі, елі мен жерін қорғаған, ағайын-туыс, ауылдасына қормал болған батыр баба, би-шешендердің асыл қасиеті бар еді. Халқымызда: «Жақсы әке жаман ұлға қырық жыл азық болады» деген нақыл сөз бар. Әрине, 40 деген қызырлы сан сол тұстағы ұзақ жыл, мәңгілік болашақ дегенді білдірсе керек. Кейіпкеріміз Жекен ата ұрпағына мәңгілік ұлылық нәрін бағдаршам еткен әйгілі Балпық би бабамыздың бүгінгі тұяғы.

Бабамыз Балпық би өз кезіндегі егейлердің бірі, елінің қамын жеген қормалы, жұрттың келешегін ойлаған кемел жан болғанын мақтаныш етеміз. Кемтігі толығып, бабамыздың ұлы қасиеттерінің бағасы әлі де биіктен берілеріне сенімдіміз. Осы ретте айтарым, бабамыздың қазыналы ақылын, халқының қамын жеген қайырымдылығын, көш бастаған қабілет-қадірін күні бүгінге дейін жалғастырып келе жатқан ұрпақтары баба аруағына кір түсіріп алмау үшін алысты жақындатып, араздасқанды қосып, жетіспегенді жебеп жүреді. Астым деп аптықпайды, артта қалдым деп тарынбайды. Қайта көсемдігін көрсетіп, көпшілдігін танытып келеді.

Сол қатардан ең алдымен Жекен ағамызды көретініміз анық. Өйткені, мен ол кісіні танығалы ширек ғасырға жуық уақыт өтті. Аймақта өткен ақсақалдардың жиналыстарында, ұрпақ болашағы үшін ой бөліскен шараларда жиі кездесіп жүрдік. Сондағы сабаз қимылы, салиқалы сөзі, ортасын ұйытып әкететін ойлы пікірлеріне іштей сүйсінетінмін. Осы мақаланы жазу барысында сол игі қасиеттердің төркінін білгендей болдым. Ол – тектілік.

Ағалардың алақаны

Жер биігі де, су тұнығы да, шөп шүйгіні де Жетісуда. Осындай киелі жер, бекзат елде өткенге құрмет жасап, болашаққа жол салатын ізеттілік те жетерлік. Бірақ бір адамның балалықтан тұлға болып қалыптасуы үшін тек тегінің мықтылығы көмектеспейді, қайта жасаған ортасы, ойға алған мақсаты, айналасындағы адамдардың әсері, отбасының үздіксіз демеп отырғаны үлкен рөл атқарады. Жексембай атамыз сонау 1938 жылдары қазақ даласын құғын-сүргіннің жалыны шарпып, ел тұрымтайдай тау сағалап жүрген тұста Сарыөзек кентіндегі теміржолшы Тәтидің отбасында дүниеге келді. Тәти атамыз Нұрмолда Алдабергеновтың шақыртуымен Шұбар ауылына көшіп келіп, «Жаңаталап» ұмымшарына орналасады. Аталған ұжымшар Жетпісбаев әулеті үшін жақсылықтың да, қабырғаны қайыстырған күндердің де куәсі болды. Әкесі Тәти соғыстан қайтпай қалды. Тәтібек ағасы жараланбаған жері жоқ, бір аяғын беріп ауылға оралды. Ал Нұрмолда ата аман-сау оралып, елдің қалауымен жаңадан құрылған «Жаңаталап» ұжымшарына басшылыққа келіп, Тәтібек аға бас агроном болып қызмет атқарды.

Жекен ағамыздың балалық-жастық өмірі Нұрмолда атамыздың алдында өтеді. Қабырғасын еңбекпен қатайтып, ақылшы ағасының қомқорлығымен кәсіби мамандық алуға ұмтылды. Нұрмолда ағасының тәрбиесінде жүріп сол тұстағы адамдардың ортасындағы қыл өтпейтін сыйластықты, ешкімді алаламайтын асыл қасиетті көріп өсті. Соғыстан кейін ауылға келген чешен, кәріс, поляктарға қол ұшын беріп, бауырына басқан ауыл халқының мейірімін бойына сіңірді. Нұрекеңнің тапсырмасымен спортпен айналысып, қоғамды түзу жолға салудың тәжірибесін топтады. Нұрағаңның данамен даналаша, баламен балаша сөйлесетін кішіпейілдігі, қиындықты елемейтін, қысымды көтере білетін қасиетінен өнеге алып, қайырымдылық пен мейірімділіктің парқын түсінді. Сондай-ақ, маман тәрбиелеудің жолын үйренді. Өтірік айтып, мансапқа, байлыққа ұмтылатын жамандықтан аулақ жүріп, жақсылыққа жанашыр болатын өмірлік ұстанымын қалыптастырды.

Жекен ағамыз еңбек жолын Нұрмолда ағасының «Победа М-72» маркалы қызметтік көлігінің жүргізушісі болып бастады. Нұрағаңның қазақтың маңдайына біткен талантты ұл-қыздарымен тонның ішкі бауындай араласатындығы да Жекен ағамыздың өміріне жарқын із қалдырды. Әдетте, таң азаннан қара кешке дейін ауыл жұмысынан қолы босамай жүретін Нұрағаң Алматыда өтетін жиналыстарға жиі шақырылатын. Сол басқосуларда немесе жұмыс бабымен Алматыға бара қалғанда көрнекті жазушылар Ғабит Мүсірепов, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ілияс Есенберлин, Бауыржан Момышұлы, Кемел Тоқаев, Нұрғиса Тілендиев, Қаныш Сәтпаев, тағы басқа ірі тұлғалар жылы қарсы алып, қонақ етіп аттандыратын. Діңмұхамед Қонаевқа кез келген уақытта кіріп, ұсынысын айтып, жұмысын реттеп шығатын. Нұрмолда ағасымен бірге жүріп, сол қайраткерлердің тұлғалық болмысын жақыннан танып, өмірлік ұстанымын бағдаршам етті. Осы тәлім мен тәрбие кейінгі қызмет жолында, өмір баспалдағында белестен-белеске жетелеп отырды.

Бүгінде Жекен ағамыздың адамгершілік, ізгілік, кішіпейілділік, ұтқыр ұйымдастырушылық қасиетін өнеге ете айтатын қатарластары көп. Оның Нұрмолда ағасымен бірге жүргенде кездескен, пікірлескен ағаларының ыстық алақаны арқылы бойына дарығаны анық. Сондықтан өмірде өзіндік ұстанымы, қалдырған ізі салиқалы, жұртқа қамқор жандардың ақылын тыңдап, өнегесін қабылдап, өз болашағына үлгі еткендердің ешқандай істе ұтылмайтынын осыдан білуге болады. Оған Жекен ағамыздың өмір жолы куә.

Замандастар келбеті

Жекен ағамыз бүгінде Ескелді, Көксу, Ақсу аудандарының Құрметті азаматы. Әрине, Құрметті азамат былайша тілге жеңіл айтылғанымен, оның салмағы ауыр. Ол адал еңбек, айналасымен ауызбіршілікті, елдің өркендеуіне елеулі еңбегі сіңген адамдарға ғана тиесілі абыройлы атақ. Жекен аға 1958 жылы Алматыдағы ауыл шаруашылығы институтына түсіп, оны 1963 жылы «инженер-механик» мамандығы бойынша бітіріп шыққан соң Партияның XXII съезі атындағы Еңбек Қызыл Ту орденді ұжымшарға инженер болып тағайындалады. Ұйымдастыру қабілетінің ұтқырлығы, жұртшылықпен тіл табыса білетін ерекшелігінің арқасында инженер, бас инженер, ұжымшардың бастауыш комсомол ұйымының хатшысы болып сатылап өсті. Еңбек адамдарын жұдырықтай жұмылдыра білген қабілетін ескерген облыс басшылары оны 1971 жылы ұжымшардың партия комитетінің басшысы етіп тағайындады. Сол жылдары ұжымшар төрағасы Төлеген Ахшанов екеуі бірлесе, ынтымақтаса жұмыс жүргізіп, аталған ұжымшар 1200 гектар қант қызылшасының әр гектарынан 550 центнерден, 100 саулық қойдан 120 бастан төл алып, республика көлемінде алдыңғы қатардан көрінді.

Республика деңгейінде Социалистік жарыстың жеңімпазы болған ауылдың еңбеккерлері де үлкен марапат биігінен көрінді. Айталық, қант қызылшасының звено жетекшісі Федосья Гайворонская СССР Жоғарғы кеңесі депутаты болса, шопан Дубек Батырбаев Еңбек Ері атанды. Ұзымшардың мал дәрігері Рысбай Мыңбаев Қазақ ССР еңбек сіңірген мал дәрігері, агроном Борис Розбийкий Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген агрономы атанды. Ұжымшардағы халық театрының жетекшісі Таубай Әбішбаев, әнші Кенжегүл Әбішбаева Қазақ ССР-нің мәдениет қызметкері медалін кеудесіне тақты. 1978-1979 жылдары қызылша өсірудегі жетістігі үшін ұжымшар Қазақстан Орталық Партия Комитеті министрлер кеңесінің ауыспалы Қызыл туын екі мәрте жеңіп алды. Осылай ұжымшар еңбеккерлерінің тұрмыстық жағдайы түзеліп, экономикасы шалқыды. Бұл өз тұсындағы Жекен ағамыздың біліктілігінің нәтижесі еді.

Жекен аға Ақсу ауданында да абыройлы еңбек етті. І. Жансүгіров ұжымшарын басқарған 10 жылда Сағабүйенге су құбыры тартылып, 400 орынды Мәдениет үйі, 920 орынды жаңа типті мектеп, 120 орынды екі қабатты балабақша, екі қабатты сауда орталығы, 100-ден астам жаңа тұрғын үй бой көтеріп, екі көшеге асфальт төселді. Бүйен өзенінен су реттегіш, тосқауыл плотина салынды. Көптеген ауыл еңбеккері марапатқа ие болды. Жылқышы Тойлан Айтбаев, звено жетекшісі Дүйсетай Қоңыров Қазақ ССР-Жоғарғы кеңесінің депутаты, Тынышбай Шабдарбаев Мәскеуге БЛКЖО XXIII съезінің делегаты, Т. Айтпаев Қазақстан компартиясы XV съезінің делегаты, Жекен аға Талдықорған облыстық кеңесінің депутаты болды.

Сондай-ақ, қызылша өсірумен белсенді айналысқан І. Жансүгіров ұжымшардағы маман тәрбиелеу ісін де жүйелі қолға алды. Жекен ағамен бірге жұмыс істеп, оның ұйымдастырушылық, біліктілік қабілетінен өнеге алған Сыдық Баяманов Діңгек кеңшарына директор, кейін Жамбыл ауданының әкімі болса, агроном Әскербек Дүйсенбеков Ленин кеңшарына директор, кейін Ақсу ауданының әкімі болып, елге қызмет етті. Ал бас агроном Тынышбай Шабдарбаев «Қызыл ту», орынбасары болып қызмет еткен Амантай Зияданов «Жаңақоғам», агроном Қуантай Ермұхамбетов «Қосағаш» кеңшарының директоры болды. Жекен аға Нұрмолда Алдабергеновтен алған тәрбиесі, көпті көрген көрегендігі, адам тани білетін жақсы қасиетінің арқасында елге сыйлы осындай азаматтарды тәрбиелеп, өсірді.

Сол тұста тәжірибесі мол, елді ұйыстыра білетін, жұрттың құрметіне бөленген басшыларға сұраныс та көп болатын. Облыс басшылары Жекен ағаны 1983 жылы Көксу ауданы, Қуйбышев ұжымшарына басқарма төрағасы етіп жібереді. Шұбардағы, Ақтөселіп, сауын сиыр фермасы механикаландырылады. Алыс қыстаулардағы малшылар үйі толық жаңаланады.

Бұл айтылғандар Жекен ағаның 3 аудандағы жұмысының қадау-қадау тұстары ғана. Ауыл тұрғындарымен ауызбіршілікте жұмыс істеу, еңбеккерлердің еңбегін бағалау, жастардың жалынды болып ержетуі жолында атқарған жұмыстары ұшан-теңіз. Олар бүгінде ел өркениеті үшін қызмет етуде. Демек, олардың ел өркениетіне сіңірген еңбектері еселенген сайын Жекен ағамыздың да қадірі мен қасиеті биіктеп, ол кісіге деген құрмет арта бермек.

Мерейлі отбасы

Халқымызда: «Ағайын тату болса ат, абысын тату болса ас көп» деген нақыл сөз бар. Сондықтан болар, ата-бабаларымыз ұрпағына: «Араласпаса ағайын жат болады» деп ескертіп отырады. Бұл – сан тарихты бастан өткеріп, бүгінге аман жеткен тәрбиелі дәстүріміз. Жігіттің үш жұрты болады дейміз. Осы үш жұртымен бірдей сыйласып, берекелесіп өмір кешкен азаматтың алдағы болашағы да нұрлы болатыны анық. Бұл тұрғыда да Жекен ағамыздың жұртқа өнеге болар тұсы көп. Бүгінде Жекен Жетпісбаев пен Қаншайым Сыдық-қызының шаңырақ көтергеніне 60 жыл болыпты. Әрине, аз уақыт емес. Өмірлері үйлене салып, үй болудың қиындығына төзбейтін жастарға үлгі-өнеге. Жекен аға Қаншайым тәтеміздің әке-шеше, бауыр-туысына бауырмал болса, Қаншайым тәтеміз де кішіпейілділік пен сыпайылық үрдісін сақтап, Жекен атаның әулетіне қайырымды болды. Абысын- ажын мен ағайын-туыстың арасындағы ауызбірлікті сақтады. Мұндай берекеге Қаншайым тәтеміздің ұзақ жыл білім беру саласында еңбек еткен тәжірибесі де септесті. Олардың дастарқанынан қазақтың талай марқасқа азаматтары дәм татып, дарқан пейіліне ризашылық ниетін білдірген.

Осындай тату-тәтті, инабатты, пейілі кең отбасынан елінің қамын жейтін, жұртының болашағы үшін еңбек ететін арда азаматтар мен ақылды қыздар өсті. Олар 3 ұл мен 2 қыз тәрбиелеп, өсірді. Үлкені Нұрлан құрылыс инженері, Гүлмира – банк қызметкері, Роза – дәрігер, Бағлан – шаруа қожалығының иесі, кенжесі Ілияс Астанада жер комитетінің білікті маманы. 16 немересі мен 6 шөбересі тотыдай түлеп, өсіп келеді. Жекен ағамыз бен Қаншайым тәтеміздің 60 жылдық отбасылық өмірі, ұрпақ тәрбиесіндегі ерекшелігі, ағайынның арасына сызат түсірмеген адамгершілігі, тағы да басқа көпке өнеге болар тұсы бөлек бір мақалаға жүк салатын тақырып. Жалпы, биыл 85 жасқа келген Жекен ағамыз, 80 жастан асқан Қаншайым тәтеміз де әдемі қартаюдың өнегесін көрсеткен абзал жандар.

Талдықорған қаласы

✓ СҰХБАТ

Жетісу облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Болат КЕРІМБЕК:

«Таудан биіктікті, ойдан қарапайымдылықты үйрендім»



Өткенде, бүгінде, әр дәуірде елдің еңсесін тіктейтін өзіндік құндылықтар болады. Оның бірі рухани, екіншісі материалдық тұрғыда қарастырылуы мүмкін. Алайда, бүгінгі таңдағы қазақстандықтар үшін ең қымбат байлық – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай Тәуелсіздік. Бірақ сол тәуелсіздіктің сан ғасырлық тайталасқа толы күрестердің нәтижесінде келгенін кейде ұмытып кетеміз. Оны өткен жылдың басындағы елімізде орын алған оқыс жағдайлар санамызға шегелеп тұрып құйды. Десе де бірлікті, берекені нығайтып, туындаған қайшылықтарды дер кезінде реттеп отыратын басқармалар бар. Сол қатардағы Жетісу облыстық қоғамдық даму басқармасы Жаңа Қазақстан құру жолында тынымсыз еңбек етуде. Осы тұрғыда басқармада қандай жұмыс атқарылды, алдағы жоспарларын біле жүру мақсатында басқарма басшысы Болат Керімбекті әңгімеге тартқан едік.

■ Сұрақ: – Болат Бақбергенұлы, бүгінгі әңгімемізде ашық пікірлесіп, кең көсіліп сыр ақтарамыз деген ойдамыз. Жетісу облысының қоғамдық даму басқармасын басқарып отырсыз. Негізінде бұған дейін ішкі саясат басқармасы дегенге үйреніп қалған едік. Басқарманың атымен бірге заты да өзгерді ме?

■ **Жауап:** – Мемлекеттің бірегейлігін қалыптастыратын ең негізгі құрылым – ішкі және сыртқы саясаттың мызғымас беріктігі арқылы айқындалады. Ішкі тұрақтылық, ауызбіршілік, «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығаратын» бекем бірлік қашанда ел өркендеуінің негізі, халықтың жайлы тіршілігінің кепілі. Біз сол құндылықтарды кепілдендіру үшін жұмыс атқарамыз. Әрине, құрылысшы құрылыс салады, дәрігер адам емдейді, мұғалім шәкірт тәрбиелейді. Былай қарағанда, аталған салалардың жұмысын қолмен ұстап, көзбен көруге болады. Ал біздің қызметіміз қоғамдық-саяси тұрақтылықты сақтауға, әлеуметтік шиеленістерді ушықтырмай шешуге бағытталғандықтан көп жағдайда жұрт көзіне шалына бермейді. Өмір өркендеп жатыр ма? Жұрт алаңсыз ба? Тұрмысы дұрыс па? Біз жұмысымызда осылардың барлығын назарда ұстап, туындаған мәселелерді дер кезінде шешуге тырысамыз.

Өткен жылдары біз ішкі саясаттағы маңызды мәселелермен айналысып келдік. Ал қазір, елімізді өркендетудің жолы жаңарды. Жаңа Қазақстан құрудың сан-салалы бағытында тың көзқарас, озық идеялар, байыпты басқару жүйесіне көшкенімізді көріп отырсыздар. Сондықтан да басқарманың аты «қоғамдық даму басқармасы» болып өзекті өзгертулер орын алды. Қазір қоғамдық даму басқармасының құрамына дін басқармасы, жастар ісі басқармасы, Қазақстан халқы Ассамблеясы, Рухани жаңғыру орталықтарының жұмысы біріктіріліп, іріленді. Жұмыс ауқымы кеңейді. Демек, атымыз да, затымыз да өзгерді.

Халқымызда: «Араласпаса, ағайын жат» дейді. Бір шаңырақ астындағы қайнаған тіршілік бір-біріне жақсы жағынан ықпал етіп, талай түйінді мәселенің шешілуіне түрткі болады. Бірнеше басқарма мен орталықтың атқарған жұмысы бізге жүктелді. Жауапкершілік салмағы артты. Тағы бір қуанарлық жайт, облыстағы ұйғыр этносы тығыз қоныстанған Панфилов ауданына арнайы штат бөлініп, мемлекеттік қызметте істеген, тәжірибесі мол, ел-жұртты танитын азамат жұмысқа қабылданды. Осы арқылы жергілікті тұрғындар арасында қалыптасқан түсінбеушіліктерді дұрыс бағытта реттеуге мүмкіндік туды. Сонымен қатар, қандастар мен этностарды қазақстандық ортаға бейімдеу тұрғысында игі жұмыстар жалғасуда. «Рухани жаңғыру» орталық ретінде 7 бағыт бойынша жұмыс атқарып келген еді. Басқарманың құрамына өткен соң олардың жұмыс бағыты басқармадағы басқа бөлімдерге жүктелді де «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтауға» қатысты жұмыс аталған бөлімге тапсырылды. Өйткені, өткен тарихымызды білу, бабаларымыздың аманатын ақтау біздің азаматтық борышымыздың бір парасы саналады.

■ Сұрақ: – Сіз осы басқарманы басқарғалы, міне, бір жылдың жүзі болды. Бұл аз да, көп те уақыт. Осы аралықта ауыз толтырып айтар қандай жұмыс атқардыңыздар?

■ **Жауап:** – Осы бір жыл елімізде де, аймағымызда да саяси жаңартуларға толы болды. Ең алдымен, басқармаға келе салған кезімде Қаңтар оқиғасы орын алды. Мемлекет тағдыры қыл үстінде тұрған сондай бір шақта тыныштықты сақтаудың ең ауыр жауапкершілігі мойнымызға жүктелді. Қаңтардан кейінгі елдің өкпе-назын, жаза басып қателескен жастардың қиындығын жеңілдету, тұрғындар тарапынан түрлі сала бойынша күн сайын, сағат сайын түсіп жататын түсініспеушіліктерді қарастыру уақытпен жарысып жұмыс істеуге итермеледі. Оның сыртында дәлелді-дәйексіз жарияланып жататын жағымсыз жарияланымдар жүйкеңді тоздырып, санаңды шаршатады. Соның бәріне үлгеру үшін күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан қалып, жұмыс істедік. Бүгінде қаңтарда жүрегі жараланған көптеген адамның ел бірлігіне қатысты дұрыс түсінігі, ел басқарған азаматтарға деген оң көзқарасы қалыптасты. Сол қиын күндері аңдамай шоқ басқан жерлестеріміз бен жастар қателіктерін түсініп, елдің ынтымағын бекемдеуге аянбай еңбек етуге кірісті. Міне, осының бәрінде басқарманың үлкен үлесі бар.

Қапшағай қаласының атын Қонаевқа ауыстырып, халқының ұлы перзенті Дінмұхамед Қонаев атамыздың қазақ тарихындағы, ел өркениетіне сіңірген еңбегін қайта жаңғырту барысында үлкен жұмыс атқардық. Бірнеше конференция ұйымдастырдық, Балқаш ауданы, Бақанас кентіндегі Қонаев ескерткішін қайта орнаттық. Қонаев қаласында келелі кездесулер өткіздік. Осылай Қонаев атамыздың есімін тарихта қайта жаңғыртуға үлес қостық. Қонаев есімін насихаттаудың жаңа кезеңі басталды.

Өткен жылдың алғашқы жартыжылдығында Мемлекет басшысының тапсырмасымен ел бойынша заңдарды өзгертуге бағытталған референдум өтті. Оны ұйымдастыру, атқару, сәтті аяқтауға қатысты барлық жұмыстар тағы да біздің басқарманың тікелей араласуы, қатысуымен жүзеге асырылды. Осы бір саяси науқан кезінде Алматы облысының тұрғындары жоғары белсенділік танытып, еліміздегі облыстардың арасында алдыңғы қатардан көрінді. Референдум нәтижесінде, Ата Заңға бірқатар өзгеріс енгізілді. Бұл жұмыста да аянып қалмағанымыз бесенеден белгілі. Сол кездегі жұмыс барысы шаршатқанымен, Жаңа Қазақстан құруға жасалған қадамның сәттілігі көңіл қуантады.

Кезектен тыс Президент сайлауы қалай өткенінің куәсі болдыңыздар. Осы бір саяси додаға қатысқан барлық үміткердің өз мүмкіндігін пайдалану, жұртпен кездесу, сайлауалды бағдарламаларын түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру, сайлаушылардың өз қалауын әділ әрі анық таңдауы, сонымен бірге, Президенттікке үміткер Қасым-Жомарт Тоқаевты қолдау облыстық штабының жұмысын сәтті жүргіздік. Соның нәтижесінде Жетісу облысы сайлауға қатысу, дауыс беру бойынша республикада алдыңғы орыннан көрінді.

Тағы бір маңызды дүние, былтыр жазда Алматы облысы Алматы және Жетісу облысы болып екіге бөлінді. Осы бөлініс кездегі сан түрлі күрмеуі қиын мәселені шешуге белсене араласу менің еншіме тиді. Облыстардың бөлінісі барысында, сондай-ақ, басқармаларды біріктіруде штат мәселесін реттеу өте маңызды болды. Өйткені әрбір маманның отбасы бар, болашақ қызмет баспалдағын қалыптастыру жолын үзіп алмауы керек. Десе де, сол өткелден жолын, жөнін тауып, сүрінбей өттік. Ең бастысы, басқарма қайта құрылғаннан кейін де бұрынғы штат бірлігін сақтап, қызметкерлердің көңіліндегі алаңдаушылығын тарқаттық.

Халқымызда: «Істің басы қатты болса, аяғы тәтті болады» деген нақыл сөз бар. Өткен жылдың басы қатты болғанымен, аяғы тәтті болды. Оның бір дәлелі ретінде – Журналистер үйіне жерлесіміз, ақпарат саласында өзіндік жолы қалған Бейсен Құранбектің есімі берілгені. Шараның ашылу салтанатына халық қалаулылары, зиялы қауым өкілдері, жұртқа танымал қаламгерлер мен журналистер қатысты. Сонымен бірге, алғаш рет өңірлік медиафорум өтіп, жетісулықтардың жаңа облысты нық қадаммен бастағанын көпке көрсеттік. Айта кетерлігі, өткен жылы Жетісу радиосы құрылып, тыңдармандарына хабар таратса, «Jetisý Media» ақпараттық орталығы өз қызметін бастады. Ал жыл басынан бері Жетісу облыстық «Вестник Жетісу» газеті жаңа форматта шығып, оқырмандардың ризашылығына бөленуде.

■ Сұрақ: – Мемлекетті өркендетуде үкіметтік емес ұйымдардың да атқарып жатқаны ерен. Осы бір маңызды саланың қызметін үйлестіру міндеті де сіздің басқарманың құзыретінде. Сол бағыттағы жұмыстар қалай жүруде?

■ **Жауап:** – Бүгінде Жетісу облысында 4 саяси партияның филиалы, 559 үкіметтік емес ұйым тіркелген және әр бағытта 320 түрлі қызмет атқарады. Олар халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және құқықбұзушылықтардың алдын алу, жастар саясаты мен балалардың бастамаларын жетілдіру, отбасылық-демографиялық және гендерлік мәселелерді шешуге жәрдемдесу, тағы да басқа түрлі мәселелер төңірегінде жұмыс жүргізеді.

Жуырда, үлкен бір кездесуде: «Жетісу облысындағы үкіметтік емес ұйымдар шынайы жұмыс істеп жатыр ма?» деген сұрақ түсті. Есеп үшін «Иә» деуге болар еді. Шын мәнінде, олардың тең жарымы жанталасып, ел үшін шырылдап жұмыс істеп жүрсе, қалғанының аты бар да, іс жүзіндегі белсенділігі төмен. Осы мәселені ескере отырып, алдағы уақытта үкіметтік емес ұйымдарды сұрыптау жұмысын жүргізуді қолға алмақпыз. Оның алғашқы жобасын да қарастырдық. Расында біздегі үкіметтік емес ұйымдардың дені қайырымдылықпен айналысады. Соның нәтижесінде кез келген мекемеге қолын жайып, «бере берсе, ала берсек» деген адамдар шоғырын қалыптастырып алдық. Бұл – мәселені шешудің түпкілікті жолы емес. Алдағы уақытта, біз адамдардың өмір сүруге деген ұмтылысын оятқанымыз жөн. Сол үшін жағдайы төмен отбасылардың тізімін анықтап, оларға қандай әлеуметтік көмек көрсетіліп жатқанын көріп отыратындай база жасақтамақпыз. Сонда нағыз қолдауға көмек адамдар анықталып, «Дайын асқа тік қасық» болып жүргендердің жолы кесіледі. Сонымен қатар, облыста тіркелген үкіметтік емес ұйымдардың қатарында аймағымыздағы экологиялық туризмді, елтануды, ұлттық құндылықтарды насихаттайтын, тағы да басқа ең өзекті сұрақтармен айналысатындардың қатары тым аз. Алдағы уақытта сондай құрылымдарды құруға көмектесіп, олардың жұмысына қолдау білдіруді қолға алмақпыз. Ал өткен жылы облыс әкімінің азаматтық қоғам өкілдерімен кездесуін жоғары деңгейде ұйымдастырып, «Әділетті Қазақстан құрудағы азаматтық қоғамның рөлі» атты I азаматтық форум және 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына қатысқан азаматтармен кездесу өткізгеніміз де осындай игі қадамдардың аясында қолға алынған дүниелер.

■ Сұрақ: – Мағжан ақынның: «Мен жастарға сенемін» деген сөзін Президент сайлауы кезінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та ерекше атап өтті. Демек, жастарға сенеміз. Ал жастар соны ақтап жүр ме?

■ **Жауап:** – Бүгінде облыста 130 мыңға тарта жас бар. Олардың болашағын кемелдендіру жолында атқарылып жатқан жұмыстар, еліміздің өркендеуі үшін жан-тәнімен беріліп, белсенділік танытып жүргендердің қарасы да көп. Алайда, адам баласы үшін ең құнды дүние – уақыт. Өкінішке қарай, көптеген жастар жұмыс істемейді, жатып алып бәрін иемденгісі келеді. Менің пайымдауымша, біздің қоғамда жастарды белгілі бір мамандыққа бағыттау жетіспейді. Бұл тұрғыда барлық адам жауапкершіліктен қашқақтайды. Мысалы, ата-аналар: «Бала тәрбиесімен мектеп айналысуы керек» десе, ата-аналар: «Білім мен тәрбие беру мектептің жұмысы» деп бар ауыртпалықты мұғалімдердің мойнына жүктегісі келеді. Алайда өзіндік тәрбиесі, білімі мен біліктілігі, өмірлік мақсаты болмаған жасқа қандай жұмыс тапсырсаң да шекесін қыздырмайды. Сондықтан осы мәселені тереңдей зерделеу үшін өткен жылы «Ұлт тәрбиесі» деген жоба енгіздік және осы жоба аясында «Өмірлік бағдар» деген бағыт бойынша зиялы қауым өкілдері, белсенді азаматтар, баспасөз өкілдерінің басын қосып, облыстағы 715 мектепті аралап, осы сұрақтардың нақты жауабын таптық. «Жастардың жалынын ояту үшін қаржылай қолдаудан гөрі, талпынысын оятудың жолын қарастыру керек» деген түйінге тоқтадық. Қазір сол тәжірибемізді басқа облыстарға таратуды көздеп отырмыз.

■ Сұрақ: – Жастардың жасампаздығын қолдау арнасы да жыл сайын кемелденіп келе жатқанын көріп жүрміз ғой.

■ **Жауап:** – Иә, біздің басқарма, жастардың қандай да бір жаңа бастамысын, елдің ертеңгі тұтқасы боламын деген ұмтылысын қолдауға дайын. Қолдап та келеміз. Айталық, өткен жылы жастарды жұмыспен қамту ісі табысты атқарылып, көптеген білікті жас тұрақты жұмыс орындарына орналасты. Ал «Жастар» ҒЗО әдіснамасы негізінде «NEET – жастар деректер базасы» әзірленіп, 444 жас тіркелді. Қаңтар оқиғасына қатысқан жастарды әлеуметтендіру бойынша «Жол картасы» бекітілді. Пробация қызметіне 100-ден астам адам тіркелген. «Zhas project» шағын гранттар конкурсы аясында 38 жеңімпаз анықталып, әрқайсысы 1 млн. теңгеден грант алды. Балалар үйінің түлектерін әлеуметтендіру және жұмыспен қамтуға жәрдемдесу мақсатында «First Class» жобасы жоспарлануда. Сондай-ақ, ауыл жастарының шығармашылық дамуы үшін мәдени-білім беру кеңістігін қалыптастыруға бағытталған «Ауыл жастары» жобасы іске қосылды.

Бұрнағы жылдары жастар қандай грантқа қатысу керектігін өздері белгілейтін. Бүгінгі таңда грант беру қоғамда қандай өзекті сұрақтар бар, сол тұрғыда анықталады. Демек гранттар «бақай басты, көз қыстылықпен» емес, өзектілігіне қарай қарастырылады.

■ Сұрақ: – «Қазір басшылық қызметке жастарды қойып, олардың алғабастар идеяларын қолдау керек» деген ұстаным жарыққа шықты. Биылдың өзінде 5 министрліктің министрі болып 30 жастың айналасындағы жастар тағайындалды. Өңірлерде де осындай беталыс бар. Осы жайлы көзқарасыңыз қалай?

■ **Жауап**: – Мен мұны қолдаймын. Алайда, әр нәрсенің екі жағы бар. Жастар деп енді ғана университет бітірген, іс-тәжірибесі жеткіліксіз жастарды тықпалаудың реті жоқ. Қазір жастар статусы өзгерген. Бұрын 29 жасқа дейінгілерді жастар деп санайтынбыз. Ал қазір оның шегі 35 жасқа өсті. Халқымызда: «Отызында орда бұзбаған, қырқында қыр аспайды» деген нақыл бар. 30-да орда бұзған жастардың басшылыққа келгені дұрыс.

■ Сұрақ: – Біздің қоғамдағы тағы бір өзекті мәселе – дін. Бұрын осы саланың жұмысын дін басқармасы үйлестіретін. Енді қоғамдық даму басқармасының құзырына енді. Жалпы, облыстағы діни ахуал қалай?

■ **Жауап:** – Қазіргі облысымызда діни ахуал тұрақты. Аймақта 11 конфессияға тиесілі 251 діни бірлестік пен филиалы жұмыс істеуде. 248 діни ғимарат бар. Ал миссионерлік қызметті жүзеге асыруға арнайы рұқсаты бар 8 шетел азаматы тарапынан ҚР заңдарын бұзу тіркелген жоқ. Сондай-ақ, 8 студент шетелдегі теологиялық оқу орнында білім алуда. Біздің тарапымыздан олардың бірін жақын тартып, ендігісін шетке қағу болған жоқ.

Өз тарапымыздан түсіндіру жұмысын жүргізіп, елдің бірегейлігін бұлдіруі мүмкін әрекеттер болса, құқық қорғау орындарымен бірлесе жұмыс атқарудамыз. Жалпы, қоғам көптеген бөліністерден тұрады. Діни ұйымдардың да арасында түрлі жағдайлар кездеседі. Оның бәрін бір жүйеге келтіру үшін ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүйелі жүргізіп келеміз.

Әрине, өте ауқымды жұмыс. Мен дін басқармасының бөлек мекеме болып құрылып, бұрынғыша жұмыс істеуін құп көремін. Сондай-ақ, қазір мешіттерге ата-бабасының атын беру үрдіске айналды. Бұл руаралық қайшылықтарды туындатады. Сондықтан мешіттерге ауылдың, сол елді мекеннің атын берсе, нұр үстіне нұр болар еді.

■ Сұрақ: – Алдымызда тағы да бір үлкен науқан – Парламент Мәжілісі, әр деңгейдегі мәслихат депутаттарын сайлау келе жатыр. Оның бар салмағы да сіз басқарып отырған басқармаға жүктелері белгілі. Дайынсыздар ма?

■ **Жауап:** – Иә, ел болашағын белгілейтін үлкен науқан. Дайындығымыз мығым. Өйткені, өткен жылғы талқысы ауыр кезеңнің өзінде референдум, Қазақстан Республикасының Президенті, Парламент Сенатының депутаттарын сайлау мен облыстағы ауыл әкімдерін сайлаудың түрлі сынағынан сүрінбей өтіп, мол тәжірибе топтадық. Жақсы көрсеткіштерге жеттік. Алдағы сайлауды да жақсы нәтижемен қорытындылаймыз деген ойдамыз. Биылғы мәслихат сайлауында жастардың қатары көп болады деген сенімдемін.

■ Сұрақ: – Мемлекеттік қызметкер қандай болуы керек?

■ **Жауап:** – Қойбыш деген шағын ғана ауылда туып, сол өңірдің салиқалы адамдарының тәрбиесінде ержеттім. Тауға қарап биіктікті, еңіске қарап қарапайымдылықты біліп өстік. Кейін арман қуып Астанаға кеттік. Бірқатар облыстық мекемелерді басқардым. Саясат сахнасындағы талай марқасқа ағалармен қызметтес болдым. Сол кісілерді көре жүріп – мемлекеттік қызметкер ең алдымен өзім үшін емес, халқым үшін еңбек етемін деген сенімді жүрегіне жүктеуі керек деп тұжырымдадым. Жеке басының арманын күйттейтін, халықпен тіл табысып жұмыс істеу тәжірибесі жоқ адам бұл саладан алыс жүргені дұрыс. Мемлекеттік қызметшілер арасындағы өз антына адалдық таныта алмай, орта жолда жаза басатын келеңсіздіктердің қайнары осы.

Қонаев атамыз: «Панам да ел, данам да ел. Соған арқа сүйедім, содан үйрендім» дегендей, өткен жылды ел-жұртпен бірге жақсы нәтижелермен қорытындыладық.

– Әңгімеңізге рахмет.

Сұхбаттасқан Қажет АНДАС

«Обещания исходят из моего сердца»

Дорогие земляки!

Я выдвинул свою кандидатуру в депу-ты Мажилиса Парламента Республи-Казахстан от одномандатного окру-№17 по области Жетісу. Как говорил дер партии «Алаш» Алихан Бокейха-в, «Служение народу зависит от харак-ра», принял решение участвовать в вы-рах, желая служить народу и стать его ддержкой. Лишних обещаний давать буду. Предлагаю программу с конкрет-ми делами и проблемными вопросами, лнующими меня.

Быть инициатором принятия мер, направленных осуществление контроля за исполнением договоностей на трансграничных реках с целью воссталения экологической ситуации в стране; сдерживачеловеческого фактора, приведшего к истощению тренних рек, водоемов и озер, увеличению тверт бытовых отходов, опустыниванию территорий, легающих к населенным пунктам, разграблению ов, незапланированному освоению природных ботв, а также устранение барьеров, связанных с итием рыбного хозяйства.

Оказывать содействие в возврате неосваиваемых ель, разграничении и упорядочении пастбищных угодий, стабилизации демографической ситуации в отдаленных селах, обеспечении питьевой водой и интернет связью, направлении невозвратных государственных грантов, выделенных на развитие малого и среднего бизнеса, на целевое использование местным населением.

Оказывать содействие в устранении барьеров, препятствующих развитию туризма – одного из составляющих экономики мировых стран, защите и всемирной пропаганде сакральных объектов и исторических памятников, а также оказании помощи в продвижении идей отечественных краеведов с целью их поддержки. Эффективное использование туристского потенциала Жетысуского края, безусловно, приведет к развитию региона.

Оказывать содействие в поднятии репутации ученых в различных областях, снизившейся за последние тридцать лет, и повышении уважения к науке; открытии дороги молодым исследователям в реализации их инновационных идей на производстве. Вместе с этим оказывать поддержку ученым, опытным чабанам, земледельцам и животноводам, чей практический труд направлен на качественное развитие сельского хозяйства и увеличение поголовья четырех видов домашнего скота – основного занятия казахов.

Оказывать поддержку неправительственным организациям, объединениям и этнокультурным центрам, пропагандирующим национальную культуру, искусство, патриотическое воспитание; поднятии на мировой уровень новаторства сельских ремесленников и работников ручного прикладного искусства; принятии проектов, направленных на установление норм в отношениях между старшими и младшими, родителями и детьми, мужчиной и женщиной и формировании духовно-нравственной нации.

Оказывать помощь в организации мероприятий, направленных на признание труда историков, изучающих становление казахской государственности, на поиск документов в зарубежных архивах, касающихся нашей истории. Поддерживать деятельность музеев и библиотек и содействовать поднятию статуса их сотрудников. Подводя итоги нашего прошлого, мы тем самым укрепим репутацию страны в мире.

Содействовать в решении материальных и финансовых нужд областных и районных изданий, телеканалов, тем самым помогая в возрождении казахской печати и повышении творческой активности.

Оказывать содействие в усилении ответственности за некачественные учебники, приводящие учащихся к безграмотности и вызывающие недовольство родителей, привлечении в эту область настоящих специалистов. Оказывать поддержку мероприятиям в рамках проекта Президента «Оқуға құштар мектеп», а также по возвращению школьной системы, прививающей любовь детей к труду, занятий по начальной военной подготовке, формирующих патриотизм и готовность к защите родины. Содействовать направлению таланта молодежи из кандасов на служение народу и родной земле.

Все эти слова-обещания исходят из моего сердца, потому в течение четверти века работы в журналистике поднимаю эти темы. Это ранее проде ная мной работа, и дальнейшая продолжится в направлении. Если буду избран, то думаю, при пользу в служении народу. Поэтому необходима поддержка.

Заказчик – Ершат Әндас.

Оплачено из избирательного фонда Ка Андаса, кандидата в депутаты Мажилиса Па мента РК от одномандатного округа №17 по ласти Жетісу.



Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

19 НАУРЫЗ МАРТА 2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ

ӨЗ ТАҢДАУЫҢДЫ ЖАСА!

ЕР МОЙНЫНДА ҚЫЛ АРҚАН ШІРІМЕЙДІ



Қымбатты, жетісулық жерлестерім!

Жетісу облысы бойынша №17 бірмандаттық округтен ҚР Парламенті Мәжілісіне кандидаттыққа өзімді ұсынып отырмын. «Елге қызмет ету – мінезден» деп Алаш арысы Әлихан Бөкейханов айтқандай, елге қызмет етсек, жұртқа сүйеніш болсақ деген ниетпен осы бір бәсекеге тәуекел еттік. Артық уәде беруден аулақпын. Қолымнан келетін, ойымда жүрген түйткілді мәселелерді көтеретін өз бағдарламамды назарларыңызға ұсынып отырмын.

Құрметпен Қажет АНДАС

1. Еліміздегі экологиялық жағдайды нашарлататын трансшекаралық өзендердегі келісімдердің жүзеге асуын қадағалап, ішкі өзен-көлдердің сарқылуын туындатқан адами факторды, қатты тұрмыстық қалдықтарды, елді-мекендерге қарасты аумақтардың шөлейттенуін тежеу, орманның тоналуын, табиғат байлығының жоспарсыз игерілуін, балық шаруашылығына қатысты кедергілерді қадағалауға бағытталған тиісті шаралардың қабылдануына мұрындық болу.

2. Игерілмей жатқан жерлерді ел игілігіне қайтарып, мал жайылымын реттеу, шалғай ауылдардағы демографиялық жағдайды түзейтін, ауызсу, интернет байланысы, шағын және орта бизнесті дамытуға бағытталған мемлекеттік қайтарымсыз гранттардың пайдасын жергілікті жұрттың көруіне ықпал етуге тырысамын.

3. Әлемдегі бірқатар мемлекеттегі экономиканың негізгі тірегі болып отырған туризмді елімізде дамытуда тұсау болатын кедергілерді жоюға, қасиетті нысандар мен тарихи ескерткіштерді қорғауға және әлемдік деңгейде насихаттауға, өлкетанушыларға қолдау көрсетуге бағытталған жаңа идеяларға көмек көрсету. Жетісу өңірінің туризмдік әлеуетін тиімді пайдалансақ, облысымыз дамитыны анық.

4. Өткен 30 жылда беделі түсіп кеткен әр саладағы ғалымдардың еңсесін тіктеп, ғылымға құрметті жақсарту. Жас ізденушілердің инновациялық идеясын өндірісте жүзеге асыруға жол ашу. Соның ішінде ауыл шаруашылығы және қазақтың ата кәсібі саналатын төрт түлікті сапаландыруға бағытталған ғалымдардың, тәжірибелі шопандардың, қарапайым егінші-малшының жетістігін жетілдіруге қолдау таныту.

5. Ұлттық мәдениет, менталитет, өнер, патриоттық тәрбиені насихаттап жүрген бірлестіктер мен үкіметтік емес ұйымдардың және этномәдени орталықтардың жұмысын жетілдіру, ауылдағы он саусағынан өнер тамған еңбек адамдарының, отандық өнертапқыштардың жетістігін әлемдік деңгейге көтеруге бағытталған жаңа идеяларға, үлкен-кіші, ата-ана мен бала, ер мен әйел арасындағы қарым-қатынасты реттеп, мерейлі ұлт қалыптастыратын барлық жобаларды қолдау.

6. Қазақ мемлекеттігі мен тарихын нақтылайтын тарихшылардың еңбегін елеп-ескеретін, шетел архивтеріндегі тарихымызға қатысты құжаттарды іздеп табуға бағытталған шараларға атсалысу. Музей ісіне қолдау танытып, кітапханашылардың беделін көтеруге атсалысу. Сол арқылы өткенімізді түгендей отырып, мемлекетіміздің әлем алдындағы беделін нығайтамыз.

7. Қазақ баспасөзінің қайта түлеуін, әсіресе, облыстық, аудандық басылымдар мен телеарналардың материалдық, қаржылық мұқтаждығын шешу арқылы шығармашылықты арттыруға атсалысу.

8. Оқушылардың санасына күш түсіретін, ата-ананы шаршатып біткен сауатсыз, сапасыз оқулықтардан арылып, бұл салаға нағыз мамандардың келуіне күш салу. Президенттің «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясындағы шараларды қолдау, балаларды еңбекке баулитын еңбек сабағының жүктемесін, оқушылардың патриоттық сезімін ұштап, Отан қорғауға дайын болуын қалыптастыратын алғашқы әскери дайындық сабағын қайта қайтаруға қатысты шараларды қабылдауға әрекет ету. Шетелден келген қандастардың талантты жастарын жебеп, олардың елге, жұртқа қызмет етуіне ықпал ету.

Бұл айтқандарым жүрегімнен шыққан уәделерім. Өйткені, ширек ғасырлық журналистік тәжірибемде осы тақырыптармен бетпе-бет келдім. Бұған дейін өзім атқарған жұмыстарым және алдағы уақытта да осы бағыттан жаңылмаймын. Десе де, сайланып жатсам, бұл міндетім елге қызмет етуге үлкен септігі болар еді деп ойдамын. Сондықтан қолдауларыңыз аса қажет.

Тапсырыс беруші Ершат ӘНДАС
Жетісу облысы бойынша №17 бірмандаттық округтен ҚР Парламенті Мәжілісіне кандидат Қажет Андастың сайлау қоры есебінен төленді.

AMANAT

Ашық әңгіме өрбітті

«AMANAT» партиясының Жетісу облыстық сайлауалды штабының мүшелері Бейсен Құранбек атындағы Журналистер үйіне арнайы келіп, тілшілер қауымымен ашық әңгіме өрбітті. Кездесуде партияның сайлауалды бағдарламасы түсіндіріліп, келешектің кемел болуына қажетті тетіктерді жүзеге асырудың жолдары талқыланды.

Кездесуде кезекпен сөз алған биылғы сайлауға партиялық тізіммен қатысып жатқан Болат Керімбек, Арыстанғали Арын және облыстық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Келемсейіт «Jetisý», «Вестник Жетісу», «Талдықорған» газеттері мен «Жетісу» телеарнасының қызметкерлеріне қоғамдағы өзекті мәселелерді шешудің маңыздылығын атап өтіп, сайлауалды бағдарламада көрсетілген бағыттарды елге жеткізу керектігін алға тартты. Жиында сөз алған журналистер қауымы өздерін толғандырған сұрақтарды қойып, ұсыныстарын ортаға салды.

Кездесуге қатысушылар естелік суретке түсті.

«JETISÝ»-АҚПАРАТ

QAZAQSTAN HALYQ PARTIASY
НАРОДНАЯ ПАРТИЯ КАЗАХСТАНА

Ұстаз бен дәрігер мәртебесі

«Қазақстан халық партиясының» атынан ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттығына үміткер Ирина Смирнова Солтүстік Қазақстан облысының халқымен онлайн режимде кездесу өткізді.

Өз партиясының сайлауалды бағдарламасын қашықтан таныстырған кандидат алдағы жылдарға жоспарланған жобаларын паш етіп, денсаулық сақтау саласындағы өзекті мәселелерді қозғады. Оның айтуынша, бүгінгі күні қазақстандықтар дәрігердің қаралуына жазылудың қиындығына жаппай шағымдануда. Оның үстіне соңғы жылдары іске қосылған Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі өз-өзін ақтамаған.

– Ең өкініштісі еліміздегі ұстаздар мен дәрігерлер әлі де жоғары айлық пен әлеуметтік статусқа мұқтаж. Өйткені, олар айлықты бюджеттік салада әлі күнге дейін кеңестік кезеңнен қалған тарифтік жүйемен алады, ал, базалық лауазымдық жалақы соңғы 10 жылдың ішінде өзгерген жоқ, – деген спикер мұғалімдер мен медицина қызметкерлеріне жанашырлық танытатынын жеткізді.

Сондай-ақ, кездесуде білім саласын жетілдіруге қажетті өзекті мәселелер талқыланды.

ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПАРТИЯ • ОБЩЕНАЦИОНАЛЬНАЯ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЧЕСКАЯ ПАРТИЯ

Партия бағдарламасын таныстырды

Елімізді әбігерге салған пандемия отандық медицина саласының өзекті мәселелерін әшкерелеп, кемшіліктерді ашып кетті. Әсіресе, карантин кезінде медициналық құрылғылар мен білікті мамандардың жетіспеушілігі көпшілікті қайран қалдырды. Осылайша Қазақстандағы Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің кемшілігі көзге түсті.

Мұндай пікір Қазақстанның жалпыұлттық әлеуметтік-демократиялық партиясының Көкшетауда сайлаушылармен өткізген кездесуінде айтылды. Жиында сөз алған партияның жастар қанатының жетекшісі Мақсұт Насибулов:

– Мемлекеттің азаматтардың денсаулығын сақтау жөніндегі міндеттемелері шикі. Міндетті әлеуметтік-медициналық сақтандыру жүйесі көпшіліктің толық әрі сапалы тексерілуден өтуіне мүмкіндік бермейді. Іске қосылғалы бері бұл жүйе өзін-өзі ақтамады. Соның кесірінен созылмалы ауруы бар науқастар кепілдендірілген тегін дәрі-дәрмекке қол жеткізе алмай жүр, – деп көпшілікті алаңдатқан мәселені ортаға салып, «Қазақстанның жалпыұлттық әлеуметтік-демократиялық партиясы» ұсынған сайлауалды бағдарламаның тиімділігін таныстырды.



Сандуғаш Елубайқызы ДҮЙСЕНОВА, журналист

Депутат – ең алдымен, халықтың жағдайын жақсы біліп, мұңын мұндап, жоғын жоқтауы керек. Жетісу өлкесіндегі журналистік қызметім барысында жергілікті жұрттың жағдайын, әлеуметтің мұқтаждығын жоғарыға жеткізу үшін барымды салдым, талай тағдырға араша түстім, шындықтың салтанат құруына ықпал еттім. Алдағы кезде де осы бағыттан жаңылмаймын, ұстанымымнан айнымаймын. Сонымен бірге ел қамын жеп, жұрттың үмітін үкілеп жүргендеріне қарамастан, өздерінің жағдайы да оңып тұрмаған әріптестерім – журналистердің де қоғам алдындағы мәртебесі жолында да еңбек етуге әзірмін. Қазір қалың бұқара әділдіктен әбден күдер үзгенде, құқық қорғау органдарынан, соттан түңіліп, биліктен жәрдем болмайтынына көзі жеткенде бірінші кезекте журналистерді іздейді. Сондай кездерде әділет іздеген әлеуметтің жанайқайын жалпақ жұртқа жариялап, тиісті орындардың назарына ұсынып, жан таппайтын, солармен бірге күйзелетін журналистерді қолдау керек.



Саят Нұрмұхамедұлы НҮСІПОВ, жеке кәсіпкер

Еліміздегі өзекті мәселелердің негізінде қазіргі мемлекеттік басқару жүйесі мен билік сипатында жатыр. Әділетті қоғам құру үшін ашықтықты, жариялылықты, қолжетімділікті қамтамасыз ету керек. Одан бөлек, азаматтардың әл-ауқатын арттыру халықтың өмір сүру деңгейін өсіріп, шалғай ауыл тұрғындарын жұмыспен, табыспен қамтудың тиімділігі зор. Ол үшін әрбір адам өз аймағының жан-жақты дамуына ықпал ете алуы керек. Осындай аса өзекті тақырыптарды жетілдіру Парламент мәжілісі, барлық деңгейдегі мәслихаттар сынды заң шығарушы органдардың халықтық мүддеге сай қызмет етуіне тікелей байланысты. Мәселені ортасынан шешу үшін Мәжіліс депутаттығына өз кандидатурамды ұсынып отырмын. Бұл тікелей халықтық демократияның көрінісі дер едім.

✓ Мемлекет басшысының тапсырмасы: ІС пен НӘТИЖЕ

Егістік – елдің ырысы

Жетісу облысындағы экономиканың еңсесі биіктеп, жұрттың әл-ауқатының артуына, тұрмысының жақсарып, табысының тасқындауына ықпал ететін жетекші саланың бірі – өсімдік шаруашылығы. Шыбық ексең, бәйтерекке айналатын жер ұйығының бұл бағыттағы әлеуеті аса зор. Соның ішінде бау-бақ өсіру мен егістіктің қосатын үлесі басқаларға қарағанда қомақты. Заманында 30-40 мың гектарға дейін қызылша өсіріліп, бес бірдей зауытта қайта өңдеуден өткізілген тонналаған тәтті түбірден алынған аппақ қантымен талайды таңдандырған өлкеде жайқалған егістіктен жиналған дәнді дақылдар да елдің берекесін асыратын.



Жылдар өтті. Қалыптасқан өндірістік ырғақ үзілді, байланыстар тоқтады. Ауыл шаруашылығында, оның ішінде өсімдік саласында ұзақ жылдарғы тәжірибе барысында сыннан өтіп, қолданысқа енген технологиялық тәсілдер ұмыт қалды. Егістік талаптары сақталмайтын болды. Жердің құнары жойылды. Жүздеген гектар алқаптар қараусыз қалып, арамшөп басты. Бақылаудың әлсіздігін пайдаланған жер иеленушілер топырақтың жағдайын, егістіктің ерекшелігін ескерместен, сұранысқа ие дақыл түрлерін қайта-қайта егу арқылы қара жердің бар нәрін сығып алып, кейіннен қараусыз қалдыруды үйреншікті іске айналдырды. Соның салдарынан құнары қашып, құр тақырға айналған алқаптар саны артты. Айта берсе, мұндай жағдай жетіп артылады. Ғылым мен өндірістің арасы алшақтап кеткені де рас.

Дегенмен, аграрлы облыстағы экономиканың басты тірегінің бірі – әлі күнге дейін өсімдік, оның ішінде егін шаруашылығы болып отыр. Осының алдында жазған мақаламыздың бірінде Жетісу өлкесі бір ғана Алматы облысы болып тұрғанда, Еуропаның бірнеше мемлекеті сыйып кететін өңірде жыл сайын 900 мың мен миллион гектардың аралығында егін егіліп, күзде бұйырған несібе жиналатын. Соның арқасында халықтың қарны тоқ, көйлегі көк болатын. Қыста қатты қысыла қоймайтынбыз. Биылдан бастап өлкедегі екі аймақ жеке-жеке облыс ретінде өз алдына күн кешіп, экономикадағы салалардың мүмкіндігін барынша пайдалануға тырысуда.

Былтыр қазіргі Жетісу облысы алып жатқан аумақтағы шаруалар 309,0 мың гектарда дәнді дақылдар өсіріп, күзде 816,9 мың тонна өнім жинапты. Дәнді дақылдардың орташа өнімділігі гектарына 26,2 центнерден айналған. Жоғарыда айтып өткеніміздей, кейінгі жылдары бүкіл елімізде майлы дақылдар өсіруге үлкен көңіл бөлініп, шаруалардың таңдауы негізінен осы бағытта басымдыққа ие болуда. Жетісулықтар да майлы дақылдарға баса көңіл бөледі. Өйткені жердің ыңғайы да егістіктің осы түріне қолайлы, масақты дәнді дақылдарға қарағанда өнімділігімен қатар өтімділігі де жоғары. Күтіп-баптауға кететін шығыны да аздау. Қалай болғанда да бір кезде дәстүрлі болған, халықтың басты ырыздығы ретінде саналған егістік түрлеріне қарағанда тиімді. Тек жердің құнарын кетіріп, тоздырып жіберетіні бар. Сондықтан тиісті талаптарын қатаң ескерген жөн.

Былтыр жетісулықтар 96,7 мың гектарға орналастырылған майлы дақылдардан 206,2 мың тонна өнім алыпты. Гектар берекелігі 21,3 центнерден болыпты. Сонымен бірге 11,6 мың гектар картоптың әр гектарынан 207,3 центнерден өнім алынып, 240,3 мың тонна картоп жиналыпты. Көкөністер 7,3 мың гектарға егіліп, күзде 223,1 мың тонна өнім алынған, орташа өнімділік гектарына 305,4 центнерден айналыпты. 1,8 мың гектардағы бақша дақылдарынан 50,5 мың тонна өнім жиналған. 4,2 мың гектар қант қызылшасы қазылып, 187,5 мың тонна тәтті түбір алынған, орташа өнімділік гектарына 438,5 центнерден.

Сырт қараған адамға барлығы керемет. Бір облысқа аздық етпейтіндей көрінеді. Жетісу жерінің өсімдік шаруашылығы бойынша әлеуетін жете білетін жандар жоғарыдағы цифрлардың сол мүмкіндікке сай емес екенін бірден аңғарады. Басқа-басқа, заманында Талдықорған облысы, Талдықорған ауданындағы қазіргі Бақтыбай ауылдық округіндегі елді мекен тұрғындары 7 мың гектарға дейін қызылша өсіргенін ескерсек, былтырғы облыс көлемінде өсіріліп, жиналған тәтті түбірдің көлемі мен мөлшері туралы айтудың өзі ұят сияқты. Осынау стратегиялық та маңызы бар техникалық дақылдың арқасында Жетісу өңірінің даңқы аспандап, қызылшалы алқапта тамшылатып тер төккендер марапаттың төрінен көрінгенінің де куәсі болған едік. Олардың қатарынан басқа орден-медальдармен наградталғандарды айтпағанда, ондаған Еңбек ері шыққаны да есімізде. Қант қызылшасы тұтас облыстың экономикасын өрге сүйреген сала еді. Бірнеше ауданның халқы негізінен тәтті түбірді тіршіліктің арқауы ететін. Өкінішке қарай, қазіргі жағдай керісінше.

Алайда алдағы күндерден үміт үлкен. Облыс басшысы аудандардағы жұртшылықпен жүздесулерінде жер ұйығының өсімдік шаруашылығындағы әлеуеті аса зор екенін халықтың құлағына құйып, жерді тиімді пайдалану, өнімділікті арттырып, жиналған өнімді қайта өңдеуден өткізуді жолға қоюды тиісті тұлғаларға шегелей тапсырып жүр. Жақында ғана Ақсу, Алакөл, Сарқан аудандарындағы іссапарлары барысында да осы мәселеге баса назар аударып, жерді нағыз шаруа адамдары иеленіп, игеруі керектігін қайталап айтты. Мыңдаған гектарды меншіктеп алып, кәдеге асырмай отырған жеке тұлғалар мен компанияларға ескерту жасады. Расында да жер – байлықтың атасы және бірінші кезекте ел игілігі үшін қызмет етуге тиісті.

Биыл былтырғыға қарағанда бұл саладағы көктемгі дала жұмыстарына дайындық қарқынды. Сонымен бірге өсімдік шаруашылығының барлық саласында егістік көлемі өткен жылмен салыстырғанда біршама артқан. Мәселен, осы салада қолға алынған әртараптандыру арқасында қант қызылшасының аумағы 1,9 есеге (2022 жылы 4,2 мың гектар, 2023 жылы 8,1 мың гектар), көкөністер мен картоп 1,6%-ға (2022 жылы 19,1 мың гектар, 2023 жылы 19,4 мың гектар), дәндік жүгері 0,5%-ға (2022 жылы 44,4 мың гектар, 2023 жылы 44,6 мың гектар) артпақ. Соның нәтижесінде облыс бойынша жалпы ауыл шаруашылығы дақылдарының ауданы 519,1 мың гектарға жетіп, оның ішіндегі жаздық дақылдар 365,1 мың гектарды құрамақ. Ендігі алда тұрған мақсат – осыншама алқапқа егілетін, себілетін, отырғызылатын дақылдарды ерте көктемнен бастап, ала жаздай дұрыстап күтіп-баптап, күзде шашпай-төкпей жинап алу.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметі бойынша, көктемгі дала жұмыстарына дайындық барысы жоспарға сай жүргізілуде. Техникалардың әзірлігі жақсы, тұқымдар қоры толықтырылған. Тыңайтқыштар ретімен жеткізілуде. Қажетті дизельдік отын да кестеге сай қамдалуда. Қаржылай қолдаудан да кенделік болмайды.

Нақтырақ айтсақ, биылғы егінге ауыл шаруашылығы дақылдарының қажетті деп есептелген 56,2 мың тонна (1,8 мың тонна – элиталық, 54,4 мың тонна – жоғары репродукциялық) көлеміндегі тұқымдардың қоры толық қамтамасыз етілмек. Қант қызылшасының тұқымдық қажеттілігі 11,3 мың себу бірлігі болса, осының 9,5 мыңы (6,8 мың гектарға) наурыз айының басында Көксу қант зауыты (KWS-Германия, BTS-Америка, Florimond Desprez-Франция) арқылы жеткізіледі де, қалған 1,8 мың себу бірлігі (1,3 мың гектарға) шаруашылықтармен тікелей тұқым өткізушілерден сатып алынады. Минералды тыңайтқыштарды қолдануды 1,4 есеге арттыру жоспарланыпты. Қазіргі уақытта шаруашылықтар жеткізушілермен келісімшарттарға отыруда.

Арзандатылған дизель отыны былтырғыға қарағанда мың тоннаға артып, 10,3 мың тонна көлемінде бөлініпті. Оператор (Silk Vay Petroleum) анықталды, мұнай базаларына ақпан айынан бастап тасымалдануда. Машина-трактор паркі де біршама жаңартылған. Былтыр 9,1 млрд. теңге сомасына 546 бірлік ауыл шаруашылығы техникасы сатып алынса, биылғы жоспар бойынша 650 бірлік ауыл шаруашылығы техникасы алынбақ. Облыстағы ауыл шаруашылығы құрылымдарында 9,7 мың трактор, 1,5 мың сепкіш және 9,3 мың топырақ өңдеу құралдары бар. Қазіргі уақытта техниканың 97% -ы көктемгі дала жұмыстарына кірісуге дайын.

Аграрлық несие корпорациясының кредиттік бағдарламалары аясында көктемгі егіс жұмыстарын жүргізу үшін 5 млрд. теңге («Кең Дала» – 1,3 млрд. теңге, «Агробизнес» – 3,7 млрд. теңге) көзделген, оның 573 млн. теңгесі өткен жылдың желтоқсан айында берілсе, ағымдағы жылдың басынан бері 724 млн. теңгеге 33 өтінім түсіп, әзірге бесеуі қанағаттандырылыпты. Сонымен қатар, Көксу қант зауыты қызылша егетін шаруашылықтарға 700 млн.теңге сомасына көктемгі егіс жұмыстарын жүргізу үшін қаржылай қолдау көрсетуді жоспарлапты.

Болат АБАҒАН
Талдықорған қаласы

ҒИБРАТ

Ұлы Отан соғысы – өткен тарихымыздың тағдырлы да қасіретті кезеңі. Өмір мен өлім айқасқан сол бір жылдары ата-апаларымыз көзсіз ерлік пен батырлықтың үлгісін көрсетті. Бүгінгі бақытты өмір сүріп, баянды ғұмыр кешуіміз сол ержүрек ерлердің арқасы екенін ұмытпаймыз. Десе де, ел басына ауыртпалық түсіп, азаматтар алапат соғыстың алғы шебіне аттанғанда ауылда қалған үлкендер бел жазбай, жастар да қарын талдырып еңбек етіп, соғысқа керекті қару-жарақ, тұрмысқа қажетті азық-түлікті дайындап, Жеңісті жақындату үшін тер төкті. Сол қатарда Алакөл ауданы, Жамбыл ауылының тұрғыны Іңкәр Оңғарбаева апамыз да болды.

Бел жазбай өткен балалық

Қажет АНДАС



Апамыз Оңғарбай Қилыбаев пен Мөрбала Қарымсақованың отбасында дүниеге келген. Жамбыл ауылы егінін егіп, малын бағып, уайымсыз тұрмыс кешіп жатқан кішкентай ғана елді мекен болатын. Бірақ соғыс осы елдің де берекесін қашырды. Ауылдағы еркек кіндіктілер тегіс соғысқа аттанды да бейқам өмір бұзылды. Сол жылдары Оңғарбай атамыз да соғысқа аттанып, өмірдің өркеніне енді қадам тастаған Іңкәр апамыз анасымен бірге қалады. Шешесі ауыл еңбеккерлерінің тамағын жасайтын аспаз болып жұмыс істейтін.

– Еңбекке ауылдық бастауыш сыныпқа түскен жылдан араластық. Ауыл балалары мектептегі сабағымыз біте сала жазда егіс басына, қыста ауылшаруашылығына қатысты жұмыстарға көмектесуге асығатынбыз. Жүрегіміздің түбінде соғыста жүрген әкеге, ағаларымызға деген сағыныш жатса да шаршап-шалдығып жүрген аналарымыздың қайғысын жеңілдетуді ойлайтынбыз. Сондықтан қанша қиналсақ та сыр білдірмеуші едік. Еңбекке ерте араласқандықтан тез есейдік десек те болады, – дейді Іңкәр апа.

Осындай күндер жылыстап, Жамбыл ауылынан бастауыш сыныпты бітірген апамыз жоғары сыныпты Екпінді ауылындағы орта мектепте оқиды. Ол кезде әпкесі Сақыш Қилыбаеваның үйінде тұрды. Жездесі Нұрғазы Смағұлов жайлы кісі болыпты. Ол кез соғыстан кейінгі күйреген шаруашылықты қайта қалпына келтірудің науқаны жүріп тұрғандықтан оқумен қатар ауылдың түрлі жұмысына белсене араласуға тура келеді. Сондай күндердің бірінде әкесі соғыстан аманесен оралады. Бұл Іңкәр апаға үлкен қуаныш сыйлайды. Дегенмен, көзі тірі оралғанмен көбі кемтар, ауру-сырқау, денсаулығынан айырылып келген еді. Бұл да сол кездегі ауыл жастарының жүрегін сыздатқан жағдайдың бірі. Сондықтан, бір жағынан оқу оқып, енді бір жағынан ауылдың жеңіл-ауыр жұмысына белсене араласады. Орта мектепті бітірген жылы әкесі жалғыз қызының алысқа кетуін құп көрмейді.

– Ол кезде ауылдағылардың тұрмыстық жағдайлары да жақсы емес. Ауылдастардың бәрі там үйде тұрады. Қыста үйді жылыту қиын болса, жазда жаңбыр төбемізден сорғалап мазамызды алушы еді. Содан әкем екеуміз қамыс орып, оны буып, үйіміздің төбесіне төсеп, қабырғаларды сылап ретке келтірдік. Үйдің де, түздің де жұмысына икемділігімді көрген Ахметбай Тілеуов ағамыз ауылдағы дүкенге сатушы болып жұмысқа тұруымды ұсынды. Сөйтіп, бір күнде сатушы болып шыға келдім. Осы жұмыста жүріп отбасылы болдық, – дейді кейуана.

Үйленгеннен кейін Қабанбай ауылына көшіп келіп, басында сол жердегі кеңсе тауарын, кейін азық-түлік сататын дүкенге сатушы болады. Қабанбайда бірнеше жыл тұрып, қайтадан Жамбыл ауылына көшіп келіп, зейнетке шыққанша сауда саласында жұмыс атқарады. Осындай тынымсыз еңбекпен жүріп, 5 баланы өмірге әкеліп, олардың оқып-үйренуі, мамандығы бойынша білім алуына барын салады. Балаларымен қатар қайын енесін бағып-қағып, қайын сіңлісін де ержеткізеді. Балалары да күткен үмітін ақтап, ел құрметіне бөленіп, әрбірі таңдаған мамандығы бойынша жұмыс атқарады. Айталық, Мая энергетик, Бақытгүл дәрігер, Алмагүл кәсіпкер, Алмас энергетик, Арайлым дәрігер. Апамыз бүгінде кенжесі Арайлыммен бірге тұрады. Бес баласынан 11 немере, 5 шөбере сүйіп отыр. Қазір бар көрген-түйгенін немере-шөберелеріне үйретіп, олардың ұлтжанды, еңбексүйгіш болып өсуін қадағалап отырады. Жұмыстағы жетістігі мен бала тәрбиесіндегі өнегесі үшін бірталай орден-медальмен марапатталған.

– Бала кезден еңбекпен ержеткендіктен денсаулығым жақсы, абысын-ажынмен шығысымды, ағайынмен тату-тәтті өттік. Енді «Талай жүректі сыздатқан соғыс болмаса екен» деген тілекпен әр таңымызды атырамыз, – дейді Іңкәр апа.

Иә, осы бейбіт күннің берекесі мол болсын деп біз де тіледік.

Жамбыл ауылы
Алакөл ауданы

СПОРТ

Ақсақалдардың жеңісі

Көксу ауданының Балпық би кентінде аудандық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен шахмат пен дойбы жарысы өтті.



Аталмыш шара бірнеше жыл қатарынан өтіп келе жатқандықтан бәсекеге аудандық ақсақалдар ұйымы жақсы дайындалғаны көрініп тұрды. Ойын шведтердің тәсілімен өтті және шахматқа қатысқандар дойбы ойынына жіберілмеді. Ойын кезеңі қатысушылардың санына қарай анықталды. Жарыстың әділ және тартысты өтуі үшін жауапты адамдар тәжірибелі мамандардан іріктелген. Сол қатарда аудандық ардагерлер кеңесінің мүшесі Жұмахан Дүйсенбінов жарысқа жауапты болса, Қаратал орта мектебінің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Қ. Күреңов бас төреші, осы мектептің меңгерушісі А. Ирбаев бас хатшы, Бесқайнар орта мектебінің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Ө. Тазабеков төреші болып қызмет атқарды.

Сайысқа ауданның барлық ауылдық округінен іріктелген командалар қатысты. Еңбекші ауылдық округінің командасын Көксу ауданының Құрметті азаматы, Еңбекші ауылдық округі ақсақалдар алқасының төрағасы Серғазы Шеңгелбаев ақсақал дайындап, жарысқа бастап келді. Күні бойы өткен тартысты бәсекеде аталған ауылдан келген ойыншылардың бәсі басым болды. Нәтижесінде, дойбыдан Жұмахан Сәрсенбаев, шахматтан Кәден Нұрбосынов бірінші жүлдені жеңіп алып, екі ойында Еңбекші ауылының ақсақалдары топ жарды. Оларға Көксу аудандық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Сайлау Бәзілұлы Алғыс хат пен ақшалай сыйлық табыстады.

Енді осы жеңімпаздар аудан намысын алдағы тартысты бәсекелерде қорғайтын болады. Сондай-ақ, өздерінің шеберлігін ауыл жастарына үйретіп, оларды спортқа бейімдеуге атсалыспақ.

Қ. ОМАРАҚЫН
Еңбекші ауылы
Көксу ауданы

КЕЛБЕТ

Жетісудың жампозы

«Мен Жетісуданмын»! Осы бір киелі сөзді құнарлы топырағына кіндік қаны тамған әрбір адам мақтанышпен айтса керек. Айтып қана қоймай, келелі ісімен жұрт ықыласына бөленеді. Солардың бірі – бүгінде 60 деген мерейлі жастың белесіне шығып отырған жерлесіміз Талғат Адамов.



Талғат Несіпбайұлы көгілдір таулар қоршаған Алакөлдің Тоқжайлау ауылында тұмса табиғат аясында, жер-дүние жап-жасыл болып жасанып тұрған шағында ауыл-аймақты, бүкіл әулетін қуантып ғұмыр есігін ашты. Көктемде туған перзенттердің ақ қарды жарып шығып, суыққа қарамай жан-жағына жылылық шуағы мен жазғытұрының әдемілігін ала келетін бәйшешектей өмірге сән беріп, үміт сәулесін себелеп өсетіні бар. Талғат та кішкене күнінен ұғымтал, салмақты, еңбексүйгіш болып ержетті. Ауылда тұрғаннан кейін үйдің тынымсыз тірлігіне ерте араласты. Мал жайлау, су тасу, отын шабу сияқты жұмыстарда әке-шешесінің қолғанатына айналды.

Мектеп табалдырығын аттасымен бірден есейіп, білім нәрімен терең сусындады. Ұстаздар оқытқан әр пәнге мұқият дайындалып, мектептегі алдыңғы қатарлы озат оқушының біріне айналды. Әсіресе, баланың бейімі нақты ғылым негіздері математика, физика пәндерінде ерекше байқалды. Мұғалімдері де Талғаттың бойындағы бейімділікті байқап, осы пәндерден аудандық, облыстық, республикалық жарыстарға қатыстырып, арғымақ аттай жаратты. Бала да қатарластарынан кенже қалмай оза шауып, талай аламанда ат ойнатты. Өзінің де, мектебінің де мерейін үстем етті.

«Алдымда толған мақсат, толған таңдау» демекші, мектеп қабырғасынан түлеп ұшатын уақыт та жетті. Сан тарау өмір жолына түсетін мезгіл келді. Адам 2 нәрседен қателеспеу керек деседі: оның бірі – мамандық таңдау болса, екіншісі – жар таңдау. Міне, алғашқы таңдау алда тұр. Бала кезінен өзінің бейімділігін байқатқан саланы таңдады. Сөйтіп ауыл үшін тосын көсіп иелерін даярлайтын Алматы қаласындағы Қазақ политехникалық институтының «Басқарудың автоматтандырылған жүйесі» факультетіне құжат тапсырып, оқуға түсті. Инженер даярлайтын бұл оқу ордасының бағдарламасы сол заманда тың және аса күрделі еді. Соған қарамастан 1985 жылы «өте жақсы» деген бағамен оқу орнын үздік тамамдап, жас инженер Алматы өндірістік-техникалық кәсіпорнына (қазіргі СКТБ «Гранит» ЖШС) инженер-бағдарлаушы болып орналасты. Осы кәсіпорында тапжылмай 6 жыл еңбек етіп, 3-дәрежелі қатардағы инженерден 1-дәрежелі электроншы инженер бағдарлаушы дәрежесіне дейін көтерілі. Бұл кез өзі таңдаған кәсіпті игерудің, тәжірибе жинақтаудың алғашқы дәрістерін алған үлкен бір өмірлік мектеп болды.

1991 жылдан 1998 жылға дейін ел нарыққа көшкен кезде Алматы қаласындағы «Алмат» және «Кадар» мемлекеттік кәсіпорындарында директордың орынбасары болып еңбек етті.

1998 жылы өзі еңбек жолын бастаған «Гранит» арнаулы конструкторлық-технологиялық бюросы жабық акционерлік қоғамында бөлім бастығы, президенттің көмекшісі, президенттің міндетін атқарушы болып еңбек етті. 2004 жылы «ҚР Радиоэлектроника және байланыс Ұлттық орталығына» (АО «КазИНЖ Электроникс») Бас директор болып тағайындалды әрі осы күнге дейін «Гранит» арнаулы конструкторлық-технологиялық бюросы жабық акционерлік қоғамының президенті, «Гранит-Талес Электроникстің» бас директоры.

Талғат атқарған бұл қызметтердің барлығы арнайы әскери техниканы жасау және тәжірибеден өткізу салаларын қамтитын. Осы уақыт ішінде ол өзін техникалық жағынан аса сауатты, жоғары білікті маман ретінде кез келген осы бағыттағы күрделі мәселелерді шеше алатын іскер басшы ретінде танытты. Содан шығар күнделікті жұмысымен қатар «Алатау» АЭТЗ директорлар кеңесінің төрағасы, «Ғарыштық зерттеу және технологиялардың Ұлттық орталығының» тәуелсіз директоры, 2001 жылдан қазіргі күнге дейін Алматы энергетика және байланыс университетінің қамқоршылар кеңесінің мүшесі болып келеді.

Талғат Несіпбайұлы еліміздегі ғылыми-техникалық әлеуеттің сақталып, дамуына үлкен еңбек сіңірген азамат. Оның басшылығымен ҚР Қарулы Күштері Әуе қорғанысы күштерінің әскери техникасын жөндеу технологиясы игерілді. Сонымен қатар, еліміз бойынша тұңғыш рет ракеталық көздеу кешені мен «Балобан» ракеталық көздеуді құру және пайдалану, сондай-ақ, кәсіпорын ҚР Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлерінде (РЛС) П-18М, 5Н84М және ЗРС С-300 радиолокациялық стансыларды жаңғырту жасалды. Қазіргі кезде қазақстандық өнім РЛС П-18М, 5Н84М ракеталары еліміздің әуе кеңістігін қорғауда.

Талғат Адамов ҚР Білім және Ғылым министрлігі жанындағы «Ғарыштық саланы дамыту жөніндегі ғылыми-техникалық кеңестің мүшесі, ақпараттық-телекоммуникациялық жүйе үшін радиоэлектрондық аспаптарды ойлап табу, жасау және дамыту», «Ақпараттарды қорғау саласындағы ғылыми зерттеулерді жүргізу және техникалық жасалымдарды жасау» бағыттары бойынша республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламалардың жетекшісі болды.

Оның басқаруымен сондай-ақ, ақпараттарды және арнайы техникалық құралдарды техникалық қорғау бойынша 50-ден астам аспаптың жобасы жасалды. Олар үздіксіз өндіріске енгізілді, сөйтіп, Талғат Несіпбайұлы елімізде алғашқылар қатарында радиоэлектрониканы заманауи дамытуға ықпал етті. Тәуелсіз елдер достастығындағы әуе шабуылына қарсы біріккен қорғаныс жүйесін құруға, халықаралық қарым-қатынастың нығаюына өзінің зор үлесін қосты. Әскери саладағы ұлан-ғайыр елеулі еңбегі бағаланып, полковник шенін алды.

Қоғамда болып жатқан түрлі түбегейлі өзгерістерге қарамастан Талғат сияқты білікті басшының арқасында нарықтық экономика жағдайында осындай сирек кәсіпті игерген ұжымды сақтап қалуға қол жеткізілді. Сөйтіп кәсіпорын қорғаныс саласында ел тәуелсіздігін қорғауға, нығайтуға өзінің өлшеусіз үлесін қосып келеді. Осы күрделі саланы басқара жүріп, Талғат Несіпбайұлы 2004 жылы Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетінің «Финанс және кредит» факультетін бітірді. Ол ҚР қорғаныс саласындағы 4 өнертапқыштық жобаның, 7 ғылыми еңбектің авторы.

Еңбегі елеусіз қалған жоқ, оның кеудесінде «Құрмет», «Парасат» ордендерімен қатар «ҚР Конституциясына 10 жыл», «ҚР Конституциясына 25 жыл», «ҚР Қарулы Күштеріне 20 жыл», «ҚР Тәуелсіздігіне 30 жыл», «ҚР қорғаныс өнеркәсібін дамытуға қосқан үлесі үшін» медальдары жарқырайды. Ол ҚР Құрметті көлік құрастырушысы, Алматы облысы Іле ауданының және Жетісу облысы Алакөл ауданының Құрметті азаматы. Өзі басқаратын кәсіпорынның шығармашылық тобының құрамында өнертапқыштар саласында «Шапағат – 2009» VI республикалық байқауының номинациясы бойынша «Жылдың өнертапқышы» атанды. Еуразия Халықаралық ғылым академиясының қауымдастырылған мүшесі.

Оның ерен еңбегі халықаралық қатынастарда да бағаланбай қалған жоқ. Франция Президентінің пәрменімен екі ел арасында қорғаныс саласындағы ынтымақтастықты дамытқаны үшін француз ұлты алдындағы көрнекті қызметі ескеріліп, арнайы «Сіңірген еңбегі үшін» (фр. Ordre national du Merite) орденімен марапатталды.

Талғат Несіпбайұлы қайырымдылық шараларына да көп көңіл бөледі. Іле ауданындағы №24 лицейді қамқорлыққа алып, «Толқын» атты шахмат клубын ашып, толық жарақтандырып, жыл сайын шахматтан аудандық турнир өткізуге демеуші болып келеді. Сол аудан мектептеріне 20 ноутбук, 3 млн. теңгеге осы аудандағы аз қамтамасыз етілген көп балалы отбасыларына материалдық көмек көрсетті. Боралдай кентіндегі мешітке 120 орынды асхана салып берді, Алакөл ауданындағы орталық ауруханаға екі «Жедел жәрдем» арнайы көлігі табыс етілді. Туған ауданмектептеріне компьютерлендіру және бағдарламалық оқыту бойынша шефтік көмек көрсетті, пандемия кезінде «Көпсалалы медициналық орталыққа» өкпені жасанды демалту аппаратымен көмектесті. Одан басқа әдебиет, өнер, спорт саласы өкілдеріне көрсеткен демеушілігінің өзі бір төбе.

Талғат өмір жолында ойып тұрып орнын таба білген, керек жеріне кірпіш болып қаланып, елі үшін де, отбасы үшін де қолынан келгенін артығымен орындай алған, өмірін дұрыс бағытқа құра білген бақытты азамат, аяулы да қамқор жар, өнегелі әке. Мамандық таңдауда дұрыс жол таңдай білсе, жар табудан да қателескен жоқ. Зайыбы Гүлфайрус екеуі Азаматтай ұл тәрбиелеп, шаңырақ шаттығын шалқытуда.

Тарихы терең, ерлері ерен Жетісу өңірінен түлеп ұшқан азаматтың бүкіл еліміздің қуатты қорғаныс саласына сіңірген еңбегін бір ғана мақаламен айтып шыға алмаймыз. Өмір керуеніне ілесіп, 60 деген биік асқарға көтерілген Талғат Несіпбайұлының бергенінен берері әлі көп. Оның жылдар бойы жинаған бай тәжірибесі, терең білімі, бойындағы кісілік пен парасатты қасиеті, басшы ретіндегі іскерлік, ұйымдастырушылық қабілеті, еліне теңдессіз пайда әкелген ғылыми жұмыстары мен өнертапқыштық еңбектері, қолында бармен бөлісе алатын мейірімге толы істері жас ұрпаққа үлгі-өнеге болып қала береді.

Ахмет
КЕНДІРБЕКҰЛЫ

✓ ТАҒЫЛЫМ

ЕРЛІГІ ЕРЕН, ҰРПАҒЫ – ӨРЕН

Тұрмыс тауқыметі оның басына ерте үйіріліді. 1935 жылы қырық жас шамасында шешесі Нұрлыхан қайтыс болса, келесі жылы асқар таудай әкесі Қадіржан Мусинов қайғылы қазаға ұшырады. Мал күзететін әкесін қандықол бір қарақшы мерт еткен. Сөйтіп, Байеке ес біліп, етегін жаппай, бұғанасы бекіп, қабырғасы қатпай жатып тағдыр талқысына түседі. «Адам болатын бала алысқа қарайды» демекші, қара басына қандай қиындық түссе де қасқайып қарсы тұра алатын жігіт болып ержетті. Үшарал қаласындағы интернатта тұрып, мектепте оқыды. Жарты нан жеп, жарты құрсақ жүрсе де құлшына оқып, сыныптастарының алдына шықты. 1939-1940 және 1940-1941 оқу жылдары озат оқушы ретінде, үлгілі, тәртіпті болғаны үшін Мақтау грамотасын алып тұрды. Сегізінші сыныпты бітіргенде берілген куәлігінде он сегіз сабақтың бәріне «өте жақсы» деген баға көрсетілген. Комсомол қатарына қабылданады.

Енді қанаты қатайып, оң-солын айыра бастаған кезде басына тағы бір сұрапыл бұлт үйірілді. 1941 жылы соғыс басталып, Байеке 1942 жылдың 26 ақпан күні онжылдықты бітірмей жатып әскерге шақырылып, майданға аттанды. Осыдан бір-екі ай ғана бұрын он сегізге толған жас боздақ ұрыс даласына қарай кете барды. Оқ пен от ортасына бет алды.

Әуелі Түрікменстанның Ашхабад қаласында жаяу әскер училищесінде алты айдай оқыды. 1942 жылдың 7 қыркүйегінде Орынбор облысының Сарақташ стансысындағы №9 атқыштар полкі құрамасына қосылады. Одан әрі майдан шебіне жөнелтіледі. Көп ұзамай-ақ, яғни, 24 қыркүйек күні алғаш ұрысқа қатысады. Автоматшы Великие Луки қаласы үшін өткен шайқас кезінде оң иығы мен мойнынан жараланып, госпитальға түседі.

Емделіп шыққаннан кейін кіші командирлер даярлайтын курсқа жіберіліп, кіші сержант дәрежесін алады. Көп ұзамай кіші лейтенанттар даярлайтын курста 4 ай оқып, кіші лейтенант болғаннан кейін қайта майданға аттанады. Батыс майданының Орша түбіндегі бір ұрысқа взвод командирі дәрежесінде қатысқан ол оң тізесіне оқ тиіп, жарақат алады. Госпитальде тағы да емделіп шығып, қайтадан Батыс майданы жауынгерлерінің қатарына қосылады. Қарамағына взвод беріледі. Қиян-кескі соғыс кезінде тағы да жараланады. Бұл жолы оқ оң қолына тиеді. Бір жарым айдай емделеді. Тәуір болғаннан соң өз бөлімшесіне тағы жіберіледі. Сонда аз уақыт ішінде 3 рет жараланып, 3 рет майданға оралды. 1944 жылдың 3 маусымында сұрапыл ұрыс басталып, қорғаныста жатқан жауынгерлер жауға қарсы шабуылға шығады. Олардың арасында фашистерді өкшелей қуып келе жатқан Байеке бір мезгілде қалпақтай ұшады. Сол аяғы қатты жарақаттанған, бірақ өзі аман. Бұл төртінші әрі соңғы реткі жарақаттануы еді. Ақыры сол аяғын кесуге тура келді. Міне, осыдан кейін ол елге қайтарылды. «Бастан құлақ садаға» десек те жалғыз аяқпен өмір сүру оңай ма? Әуелі балдақпен жүрді, одан соң ағаш аяқ киді.

Жарты жанын елін, жерін қорғау үшін берген Байеке Қадіржанов мүгедекпін деп қол қусырып отыра алмады. Жиырма екі жасқа енді келген, кеудесінде жаны, бойында таудай талабы бар жігіт енді еңбек майданына араласты. Өзі оқыған Еңбекші орталау мектебінде мұғалім болып істейді. Қызметтегі біліктілігінің арқасында 1945 жылдың 13 тамызында Қарабұлақ жетіжылдық мектебінің директоры болады. Ал 1948 жылдың 27 желтоқсанында Алакөл аудандық комсомол конференциясында аудандық комитетінің бірінші хатшысы болып тағайындалады.

Сол тұстағы қоғамдық, саяси жұмыстарға араласа жүріп, білімі мен тәжірибесін жетілдіру керегін терең сезген Байеке әртүрлі кедергіге қарамай табандылық көрсетудің арқасында Абай атындағы Қазақтың мұғалімдер институтын, одан кейін Мәскеудегі Жоғары партия мектебін бітіреді.

Көпті көрген, біліктілігі мығым, талабы таудай маманның осыдан былай қызмет баспалдағы да жоғарылай береді. 1951 жылғы наурыздан 1953 жылдың қыркүйегіне дейін Талдықорған обкомында нұсқаушы, 1954 жылы бірнеше ай Талдықорған қалалық парткомитетінің екінші хатшысы, 1956 жылы Жоғары партия мектебін бітіріп келгеннен кейін Талдықорған облыстық комитетінде бір-екі ай нұсқаушы, одан соң 1959 жылдың тамыз айына дейін әкімшілік және сауда-қаражат бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарды. Сол жылы Талдықорған облысы Алматы облысына қосылуына байланысты Б. Қадіржанов Семей обкомының әкімшілік және сауда-қаражат бөлімінің меңгерушісі қызметіне жіберілді. 1961-1968 жылдары Семей облыстық кәсіптік-техникалық білім беру басқармасының бастығы болып істеді.

Байеке Қадіржановтың өмірі мен қызметінің аса сүбелі кезеңі оның Талдықорғанға қайтып оралуына байланысты. 1968 жылдың басында Талдықорған облысы қайта құрылғанда ол облыстық кәсіптік-техникалық мектеп білім беру басқармасының бастығы болып тағайындалды. Осы қызметте зейнеткерлікке шыққанға дейін табаны аумай 12 жыл бойы абыройлы қызмет атқарды. Мұнда да іскерлік танытып, құлшына еңбектеніп, жастардың кәсіби мамандық алуына да, білімдерін көтеруіне де үлкен мән беріп, біліктілігін, күш-қайратын жұмсады. Жаңадан кәсіптік-техникалық училищелер ашуға бел буып, қай жерде қандай оқу орнын ашу керек, ол үшін қанша қаражат керек деген мәселелерді обком, облатком ғана емес, республикалық мекемелер, тіпті, Министрлер кеңесі мен Орталық партия комитетінің алдына үнемі қойып отырған. Училищелер үйлерін ғана емес, аудандар мен қалаларда стадиондар салуға да көңіл бөлген. Сөйтіп, үлкен нәтижеге жеткен. Ол келгенде облыста жеті ғана училище болса, оны жиырма екіге жеткізген. Оларда сан мыңдаған бала оқып шықты.

Зейнеткерлікке шыққаннан кейін республика Ауыр индустрия құрылысы министрлігінде кадрлар басқармасы бастығының орынбасары болып істеді. Бірақ жастайынан соғыстың ауыр азабын көрген, еңбекке араласқаннан бері де тынымсыз жұмыс істеп, ел игілігін арттыруға үлесі сіңген Байеке өмірден ерте кетті. Соғыстан қалған жарасы сыр беріп, алпысқа қараған шағында, 1983 жылғы 7 тамыз күні дүние салды. Бірақ, артында абыройлы із қалды, оның өмір жолы кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге.

Қашанда адал еңбек, маңдай термен тапқан байлықтың қадірі үстем болады. «Халық – таразы» дегендей, қоғамның тыныштығы, өмірдің өзгерісі, жұрттың жағдайын жақсартуға бағытталған еңбектің өтеуі де мол болады. Бар саналы ғұмырын осындай мақсаттарға арнаған Байеке Қадіржановтың да төккен тері өтеліп, талай биік марапаттарға ие болды. Оның соғыс және еңбек майданындағы ерлігі мен еңбегі жоғары бағаланды. Ел қорғау жолындағы ерен еңбектері үшін Қызыл Жұлдыз, «Құрмет белгісі» ордендері мен тоғыз медальдің иегері атанды. Бірнеше Құрмет грамотасы, төсбелгімен марапатталды. Олардың ішінде «Қазақстан кәсіптік-техникалық білім беру үздігі», «КСРО кәсіптік-техникалық білім беру үздігі» төсбелгілерін ерекше атай кетуге болады.

Қоғамдық қызметтегі қомақты үлестері үшін Талдықорған қалалық партия конференцияларына, Талдықорған облыстық партия конференцияларына делегат болып қатысты. Сондай-ақ, облыстық комитеттерге мүше болып сайланған. 1950 жылы Алакөл аудандық, Семей қалалық (бірнеше мәрте), Талдықорған облыстық кеңестеріне депутат болды.

Өмірден өткеннен кейін де ел-жұрты ескерусіз қалдырған жоқ. Талдықорған қаласында бір көшеге аты берілді, сонда тұрған үйіне ескерткіш тақта қойылды. Алакөлдің жағасына бұдан 50 жыл бұрын салдырған «Жалын» оқу-спорт лагеріне аты беріліп, кеңсе үйінің қабырғасына мемориалдық тақта ілінді. Аталған «Жалын» оқу-спорт лагері әлі күнге дейін жұмыс істеп, сауықтыру орнына айналған. Мұнда жыл сайын 1000-1500 адам демалады. Бұл күнге дейін 50 мыңға жуық адам көлге шомылып, денсаулығын жақсартқан. Әлі де елге қызмет ете беретіні анық.

«Отан – отбасынан басталады» деген ұлағатты ұғым бар. Қандай дамыған, қуатты мемлекет болса да жекелеген отбасынан құралады. Елдің ертеңі де сол отбасынан шыққан әрбір азаматтың ерік-жігеріне, еңбегіне, біліктілігіне байланысты. Адамзат атаулының өзі осы отбасы құрылымынан өту арқылы қалыптасқан. Уақыт және күнделікті тәжірибе көрсетіп отырғандай, отбасы мәселесі әр үйде әртүрлі дәстүрмен қалыптасады. Өйткені әр отбасының қалыптасқан өзіндік менталитеті бар. Оған қоса, отбасына қатысты ұстанған ерекшеліктері де болатыны белгілі.

Бала күнінен тағдыр тауқыметін тартқан, соғыстан кейінгі қайта құру жылдарындағы қиындықты елмен бірге еңсерген, қоғамдық, саяси қызметтерде қарапайым халықтың ортасында жүрген Байеке Қадіржанов та өз отбасын берекелі, ынтымақты ұстап, балаларын парасатты, инабатты, білімді етіп өсіруге барын салды. Осы тұста өмірдің сан сынағынан сүрінбей өткен Байеке бала, немере сүйген бақытты адам.

Халқымыздың сан ғасырдан бергі даналығына құлақ ассақ, «Адамның бақыты балада» деген екен. Кез келген адам өмір бойы құны жете алмайтын «бақыт» деген құдіретті сөздің өлшемі, өмірінің жалғасы ұрпағымен келетініне мән бермеуі мүмкін. Біреу бақытты байлықтан тапқысы келсе, енді біреулері даңқ пен атақтан, мансап пен қызметтен іздестіреді. Мұның бәрі түсінген адамға қолдың кірі сияқты нәрсе. Адамға нағыз бақытты тәрбиелі ұрпағы ғана сыйлай алады. Алла Байеке Қадіржановты жар таңдаудан жаңылдырмай, ұрпақ тәрбиесінен адастырған жоқ. Оған мейірін төгіп, ақылды да сымбатты Зәйтуна деген жар қосты. Екеуінің өмірі жарасты, сыйластығы мығым болды. Өмірге 3 ұл, 3 қыз әкеліп, білімді, білікті етіп тәрбиелеп өсірді. Балалары Әлия, Жанас, Тимур, Ғалия, Берік, Әсия әке аманатын ардақтап, ана тәрбиесін кейінгі буынға жалғастырып жүр. Бәрі де жоғары білім алған, таңдаған мамандығының иесі, өсіп-жетілген, ел қатарлы еңбек етіп, әкелерінің атын өшірмей, атағын аспандатып жүрген ұрпақ.

Осы тұста Байеке аға туған баласындай көріп кеткен күйеубаласы Мақсұт Құлжанов жайлы айрықша тоқтала кеткен жөн. Ол дәрігерлік мамандығын алғаннан кейін жұмысына жауапкершілікпен қарап, аса еңбекқорлық көрсете отырып, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің орынбасарлық қызметіне дейін көтерілген азамат. Медицина ғылымының докторы, профессор, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ВОЗ) комитетінің мүшесі, Қоғамдық денсаулық сақтау жоғары мектебінің іргетасын қалап, тағы да 14 жыл ректор болған. Сонымен қатар, Біріккен Ұлттар Ұйымының ғылыми-зерттеу жөніндегі кеңесінің мүшесі, Еуропалық және Азия-Тынық мұхиттық Қоғамдық денсаулық сақтау мектептері ассоциациясының директорлар кеңесінің мүшесі, ЮНИСЕФ, Дүниежүзілік банк, Здравплюс, Британдық кеңес, тағы да басқа халықаралық ұйымдармен іскерлік қарым-қатынас жасаған білікті маман.

«Адам ұрпағымен мың жасайды» дейді дана халқымыз. Ұрпақ жалғастығымен адамзат баласы мың емес, одан да көп ғасыр жасайды. «Надан жұрттың күні қараң, келешегі тұман» деп Мыржақып Дулатов жазғандай, егеменді еліміздің тірегі – білімді ұрпақ. Сондықтан да саналы ұрпақты тәрбиелеу, оны қоғам мүшесі ретінде таныту кез келген ата-ананың міндеті.

Қорыта келгенде, соңында өшпес мұраң, ол – өзің тәрбиелеген ұрпағың болуы керек және солай болмақ. Бұл тұрғыдан да Байеке Қадіржан артынан саналы ұрпақ, салиқалы болашақ өсіп, өрбіп келе жатқан тұлға. Немерелері Айжан, Жанар, Тимур, Асан, Омар, Марианна, Зарина, Әлен, Жанна өсіп-жетіп, аталарының аруағы жебеп, қазіргі заманға сай тірлік етуде. Шөберелері Айпара, Адель, Аллора, Алия, Лаура, Камила, Адиля, Ерік, Дамир, Алма, Элина, Карим, Камиля, Диана, Амир аталарының салған ізін жарқырата жалғастыратыны анық.

Бұл Байеке Қадіржанның тұтас өмірінің қадау-қадау тұстары ғана. «Адам адамнан тәлім алады» дегендей, бұл жазбамыз болашағын адамзат өркениетімен, қоғам өзгерісімен, адамдардың парасат-пайымымен ұштастыра өркендетемін деген жастарға ой салса болды. Біздің мақсатымыз да осы.

Қайсыбір қаламгердің: «Адам болашағының қалай болуын туған жері белгілей алмайды. Бірақ өскен ортасының табиғаты, айналасындағы адамдардың өмірге құштарлығы, дос-жолдастарының, етжақын ағайын-бауырларының жақсы қасиеттері – оның болашағына тікелей әсер етеді» дегенін оқыған едім. «Әркімнің туған жері – Мысыр шаһары» деген қанатты сөз осыған байланысты айтылатын шығар. Айдынды Алакөл өңірінің бір шетіндегі Еңбекші ауылы шағын ғана елді мекен болғанымен ырысы мен ынтымағы жарасқан, берекесі мен пейілі тасыған, ел құрметіне бөленген азаматтары көптеп түлеген қасиетті жер. Осы мақаламызда сөз еткелі отырған Байеке Қадіржанов сол Еңбекші ауылында 1923 жылғы 15 желтоқсан күні дүниеге келді.

Қажет АНДАС

✓ БАУЫРЛАСТЫҚ

ҚАЗАҚ ЕЛІНЕ АЛҒЫС

Қаратал ауданы Бастөбе ауылындағы «Достық» саябағында Оңтүстік Корея Республикасынан келген делегациямен кездесу өтті.

Шығыстан келген делегацияны аудан әкімінің орынбасары Айбек Оңғаров, аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің басшысы Асқар Алпысбаев қарсы алды.

Басқосу барысында Қаратал ауданына қарасты Лермонтов орта мектебі, С. Морозов атындағы №51 орта мектебі мен М. Горький атындағы орта мектеп оқушыларына сабақ үлгерімдерінің жоғары болғаны үшін «Академия Тхениль» ЖШС-нің тарапынан арнайы сыйақылар берілді. Сонымен қатар, Кореядағы «Хёндэ» ауруханасының директоры Ким Бу Соп пен аудандық орталық аурухана директоры Біржан Құмаров тәжірибе алмасып, сұхбаттасты.

Қазақ халқының қонақжайлығын білдіріп аудан әкімдігі «Хёндэ» ауруханасының директоры Ким Бу Соп пен «Академия Тхениль» ЖШС-нің басшысы Ли Дже Ванға шапан жауып, Алғыс хат табыстады.

Құрметті қонақтар Бастөбе тауында орналасқан «Қазақ халқына мың алғыс!» атты ескерткішке барды. Делегатция өкілдері қиын-қыстау кезеңдерде көмегін аямаған Алаш жұртына алғысын жаудырды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

✓ ӨЗЕКТІ

АУАНЫ ЛАСТАМАЙЫҚ

Соңғы бес жылдағы пікірталастардың басты бағыты – ауаның ластануы. Ол біз көріп отырған экологиялық өзгерістердің негізгі себебі.

Ластану физикалық, биологиялық немесе химиялық болсын атмосфералық ауаға кез келгені әсер етеді. Ауаның ластануы атмосфера мен экожүйеге зиян келтіреді. Бұл экологиялық мәселе елімізде де өзекті. Соңғы жылдары Астана, Қарағанды, Жезқазған және Теміртау, Алматы, Ақтау, Өскемен қалаларының ауасы 50 пайызға дейін ластанғандығы байқалған.

Қышқыл жаңбыр – азот пен күкірт оксидтері сияқты зиянды газдар қазба отындарын жағу арқылы атмосфераға шығарылады. Жаңбыр ауаны ластаушы заттармен араласып, адамдарға, жануарларға және өсімдіктерге зиян келтіретін қышқыл жаңбыр түзеді. Көл мен орман сияқты сезімтал экожүйелер, әсіресе, қышқыл жаңбырдан зақымдалуға бейім.

Жануарлар ауаның ластануына байланысты тіршілік ету ортасын өзгерте алады. Сонымен қатар, улы бөлшектер, ластаушы заттар суға түскенде су астындағы тіршілік көзіне де әсер етуі мүмкін.

Озон қабаты жер тұрғындарын күннің ультракүлгін сәулелерінің зиянды әсерінен қорғайды. Алайда атмосфералық хлорофторкөміртектер мен гидрохлорфторкөміртек қышқылы озон қабатының бұзылуына ықпал етеді. Озон қабатының жұқаруы ультракүлгін сәулелердің жерге көбірек енуіне әкеледі, бұл тері мен көздің ықтимал проблемаларына әкеледі. Саябақтар, ормандар және жабайы табиғат қорықтары сияқты сезімтал экожүйелер озон деңгейінің жоғарылауына байланысты зардап шегуі әбден ықтимал.


Бұл тізім тек бастамасы. Егер ауаның ластануы оны азайтуға немесе алдын алуға тырыспай жалғаса берсе, бұл проблемалар тек өсіп, күшейе түседі. Ауаның ластануы әсер ету түріне, деңгейіне және ұзақтығына байланысты адам денсаулығына әртүрлі әсер етеді. Дегенмен, адамдар тыныс алу органдары ауруларының өршуі немесе жасқа байланысты асқынулар сияқты әртүрлі әсерлерді сезінеді.

Назым КӨШКІНБАЙ,
ЖУ-дің студенті

«Әділетті Қазақстанда еңбек адамына ерекше құрмет көрсетілуі тиіс. Әсіресе, ұстаз, дәрігер, тәртіп сақшысы, құтқарушы, жұмысшы, шаруа сияқты мамандардың мәртебесін одан әрі арттыра түсуіміз қажет. Осы кәсіп иелері тиісті құрмет пен сыйға ие болғанда ғана қоғамымыз шынымен жаңарды деп айта аламыз»

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

ЕҢБЕК ТҮБІ – БЕРЕКЕ



- Еңбек – ата, Жер – ана.
- Ер дәулеті – еңбек
- Еңбегінен ел таныр.
- Бақыт кілті еңбекте.
- Еңбек адамның екінші анасы.

✓ АДАЛ АЗАМАТ – АДАЛ ЕҢБЕК

БӘРІ ДЕ ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өткен жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауында нағыз еңбек адамының кім екенін айтты.

«Бұл, ең алдымен, өзіне жүктелген міндетті орындау үшін барын салып еңбек ететін білікті маман. Нағыз еңбек адамы бұл – істің адамы, яғни әр ісіне, әр қадамына жауапкершілікпен қарайтын адал азамат», – деді.

Сондықтан, қарапайым еңбек адамына қашанда құрмет көрсетілуі тиіс. Осы аталған басымдықты іске асыру мақсатында ҚР Үкіметі өткен жылғы 14 желтоқсандағы № 1004 қаулысымен «Қоғамда еңбек құндылығы идеологиясын ілгерілетудің 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары» бекітіліп, қоғамның барлық саласында тиісті іс-шаралар атқарыла бастады. Осының аясында, қыркүйектің соңғы жексенбісі – «Еңбек күні» болып бекітілді. Осыған орай Министрлік тарапынан биылғы 28 тамызда «Еңбек күнін» мерекелеу бойынша арнайы іс-шаралар жоспары бекітіліп, жұмыс атқарылып келеді.

Қазақстанда осы күннен бастап «Еңбек ардагері» медалі, ең жоғары дәрежелі ерекшелік белгісі - «Қазақстанның Еңбек Ері» секілді марапаттар тағайындалды. Мұндай шешім қазақстандық қоғамдағы еңбек адамының беделін арттыру мақсатында қабылданды. Мәселен экономиканың сан түрлі саласында қызмет етіп, 40 жылдан аса ел дамуына өзіндік үлесін қосқан, сондай-ақ, кем дегенде 10 жыл бір салада тұрақты қызмет еткен, жұмыс істеген жылдары түрлі жетістікке жетіп, зейнеткерлікке шыққан кісілер «Еңбек ардагері» медалін иеленуде. Ал «Қазақстанның Еңбек Ері» жоғары дәрежесі тәуелсіз еліміздің экономикалық және әлеуметтік-гуманитарлық дамуында өлшеусіз еңбек сіңіріп, жетістіктерге жеткен азаматтарға беріліп жатыр. Бұл атақты иеленген адамдар «Алтын Жұлдыз» және «Отан» орденімен марапатталады.

Бүгінде ел дамуы бағытында маңдай терлетіп жүрген мұндай азаматтарды еліміздің әр түкпірінен кездестіруге болады. Жетісу жерінің гүлденуіне үлес қосып келе жатқан еңбеккерлер де марапаттың түр-түріне лайық екені сөзсіз. Сондықтан еңбек адамның орны қашанда төр болмақ.

✓ АТАКӘСІП

Ырысы тасыған әулет

Қажет АНДАС



Халқымыз ғасырлар бойы төрт түлік-тің сүті мен етін азық етіп, терісінен киім-кешек тігіп, жүнінен үй киіз басып, көрпе сырып, сүйегінен неше түрлі әсемдік бұйым жасады. Дегенмен, жаз жайлау, қыс қыстауда мал өргізген шаруаның бетпе-бет келетін қиындығы да аз емес. Тек соған төзе білген жандар ғана шопан деген құрметке, атаққа ие болады. Біз сөз еткелі отырған Алтынхан Қайранова биыл 81 жаста, зейнеткер, «Алтын алқа» төсбелгісі, «Еңбек ардагері», медалі II дәрежелі «Ана даңқы» орденінің иегері. Ол мұндай атақтарға көңіл жықпастықпен жеткен жоқ. Адал еңбегі мен маңдай терінің арқасында ие болды.

Алтынхан Қайранова 1944 жылы Алакөл ауданының Жайпақ ауылында дүниеге келген. Ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келе жатқан шопандық қызметті атқарып, қажырлы еңбегінің арқасында бейнеттің зейнетін көріп отырған ардагер ана.

– Біздің бала кезіміз соғыстан кейінгі қиын кезеңге тұспа-тұс келді. Күйреген шаруашылық пен бүлінген тағдырларды түзеу үшін үлкендер таяғына сүйеніп жүріп тынымсыз еңбектенді. Сол жылдары ержеткен біздерде балалық шақ деген болған жоқ. Үлкендермен бірге ауыл тірлігін түзеу үшін қолымызға күрек, айыр, шалғы ұстап еңбекке араластық. Мен өскен ауыл отарлап қой, табындап сиыр, үйірлі жылқы өсірген кеңшар болғандықтан күні бойғы тіршілігіміз үлкендерге көмектесе жүріп, төрт түлікті өсірудің қызығы мен шыжығының ортасында өтті. Сол жолда табандылықты, ұқыптылықты, бір беткейлікті үйрендік. Қиындық көргенімізбен еңбекке деген құштарлығымыз мол еді. Сол қасиет күні бүгінге дейін жетелеп жетті. Денсаулығымыз мықты болды. Балаларымызды да еңбекпен өсіріп, елге қызмет еттірдік, дейді кейуана.

6 ұл, 1 қыз тәрбиелеп өсірген Алтынхан апа балаларынан 20 немере, 31 шөбере сүйіп отырған жайы бар. Олар әр салада қызмет етіп, елінің өркениетіне, туған жерінің түлеуіне үлес қосуда. – *Әулеттің берекесі де, мерейі де ата жолын қуып, алдыңғы буынның тапсырған аманатын адалдықпен атқаруда деп түсінемін. Бала күнімізде әкем мен шешемнің тәрбиесінде еңбекке құштар болып ержеттік. Мектепте де жақсы білім алып, біліктілік жолында құлшындық. Бірақ үйлі-баранды болып, ес тоқтата бастаған соң әкеміздің жолын қуып, солардың мұратын кейінгі буынға жеткізу үшін шаруашылық жұмыстарына бел шеше кірістім. Қазір сол таңдауымның қате болмағанын сезіп жүрмін. Өйткені, атакәсібімізді ардақтап, шаруашылығымды дөңгеленттім. Қаншама ауылдасыма көмегім тиіп, кәсіп ашып, нәпақа табуына жөн көрсеткенімді айтпай-ақ қояйын. Енді осы жұмысты балаларымыз ары қарай жалғастыратыны анық,* – дейді апамыздың үлкен ұлы Сәкен Әбілқасымұлы.

Алтынхан апаның келіндері де текті жерден шыққан, үлкенге ізетті, кішіге қайырымды. Бүгінде алтын құрсақты анамыз үлкен ұлы Сәкен мен келіні Күлжібектің қолында. Әсілінде, қазақтың салтында қара шаңырақ кенже ұлға қалуы керек. Бірақ Алтынхан апаның басқа балалары әртүрлі мамандық игеріп, ауылдан алыстап кетсе, атакәсібін жалғастырған Сәкені қара шаңырақтың иесі атанып отыр. Қашанда қара шаңырақтың қадірін сол үйді ұстап отырған келінге де байланысты болатыны белгілі.

Апамыз 80 жастан асса да әлі жер таянып отырған жоқ. Мал жайғап, үй шаруасына араласпаса да құрақ құрап, көрпе тігеді, ұршық иіріп, киіз басады. Өнерін немерелері мен шөберелеріне үйретіп отырады. «Балапан ұяда не көрсе ұшқанда соны іледі» дегендей, әжелерінің тәрбиесін көрген жастар да шетінен он саусағынан өнер тамған шебер, өнер, білім жағынан да қатарластарынан мойны озық.

«Жазды күні бұл үй ду-думанға бөленіп жатады» дейді Алтынхан апаның көршілері. Бүгінде алдыңғы буынның ізгі қасиеті немере-шөберелеріне беріліп, олар да жазғы, қысқы демалыста егістік пен мал жайғауға көмектесіп, адал еңбекпен ас табудың қадір-қасиетін бала жасынан меңгеруде. Айта кетерлігі, биыл Қайрановтар отбасы «Мерейлі отбасы – 2023» Ұлттық байқауының Жетісу облысы бойынша жеңімпазы, республикалық байқаудың лауреаты атанды. Бұл да еңбекпен келген жетістік.

Жайпақ ауылы
Алакөл ауданы

✓ ТІГІНШІ

Ана көрген тон пішер



«Еңбек бәрін жеңбек». Дәл осы ұстанымды ұстанған Нұрзия Төлебаева қолөнердің тігіншілік саласын жетік меңгерген. Текті өнерді тұтынушы талғамы мен талабына сай игеріп, икемдеп нарыққа ұсынып жүрген тігінші – нағыз еңбек адамы.

Еңлік КЕНЕБАЙ

Қасиетті Семей жерінде дүниеге келген Нұрзия Әшімқызы жер жаннаты Жетісудың келіні. Негізгі кәсібі – тігінші. Бала күнінен анасының қасында жүріп-ақ, іс тігудің қыр-сырын терең меңгерген. Қанмен берілген өнердің қадіріне жетіп, бүгінде білікті тігіншіге айналған. Тігіншілік тынымсыз тірлік болғанымен Нұрзия Әшімқызы үшін бұл ерекше махаббатпен, сүйіспеншілікпен атқаратын ұлы іс. Білікті тігіншінің қолынан шыққан қыз жасауы, құрақ көрпелері көздің жауын алады. Адал еңбегімен, бойындағы талантымен сүйікті ісін асқан абыроймен атқарып, көптің алғысын арқалаған тігінші кәсібін жан жүрегімен жақсы көреді.

– Бала күнімде тігіншілікке қызығушылығым басым болды. Кейін негізгі кәсібіме айналды. Марқұм анамның жұмыс үстеліне тазалықпен отырып, инежіпті қалай сабақтағаны, тігін машинасын қастерлеп ұстағаны күні бүгінге дейін көз алдымда. Осы жарқын бейне әр істі бастаған сайын маған күш беріп тұратындай сезінемін. Он саусақтың, қарыштаған қиялымның арқасында бүгін нәсібемді тауып отырмын. Маған тапсырыс берген жандардың көңілінен шығып, оны межелеген уақытта дайындауға бар күшімді жұмсаймын. Мата таңдағанда, түстерді бір-бірімен үйлестіруге қатты көңіл бөлемін. Сондықтан да тапсырыс берген әр тұтынушы еңбегімді бағалап, ризашылығын айтып жатады. Демек, мен шығарған өнім сұранысқа ие әрі сапалы. Нарықтық заманның да қояр талабы осы. Тігін өнерінде барлық нәсібең зор еңбекпен ғана келеді. Көз майыңды тауысып, бар күш-жігеріңді талап ететін кәсібім – менің нәсібім, – дейді он саусағынан өнер тамған шебер.

Алақандай ауылда отырып-ақ әлеуметтік желі арқылы шалғайдан тапсырыс қабылдап, өз кәсібін дөңгеленткен кейіпкеріміздің ісіне береке тілейміз.

Сағабүйен ауылы
Ақсу ауданы

✓ ДИҚАНШЫ



Егіншілікті кәсіп етіп, дала өндірісінен Отаны мен отбасын берекеге бөлеп жүрген байырғы диқандар ортамызда аз емес. Жаркент қаласында тұратын Әзікен Кәріпжанов солардың бірегей біліктісі.

Жігерлі жүгеріші

Мырзағали НҰРСЕЙІТ

Бұлай деуге оның жоғары білімді агроном, саланың білікті басшысы бола білген кеңес кезеңіндегі айшықты еңбек жолын айтпағанда, бүгінгі ауылшаруашылығы өндірісіндегі түйткілді проблемаларды қозғап жүрген қайсарлығы негіз болмақ. Ол ауданда, облыста, республикада өткен талай ауылшаруашылығының алқалы жиындарында егін суаратын су жолдарын жөндеу, егіншілерге өте қажет тыңайтқыш, жанармай, тұқым бағасын арзандату мен жеңілдетілген несие, субсидия беруді жүйелеу мәселелерін көтеріп, оның жергілікті жерде жүзеге асуын талап етіп жүрген жігерлі жан.

Ол кезінде аудандағы шаруашылықтарда агроном, бас агроном, аудандық партия комитетінде нұсқаушы, тұқым сұрыбын сынау мекемесінде директор қызметтерін абыроймен атқарды. Бұрынғы шаруашылықтар түгел тарап, жекеменшіктің желкені желпілдеген 2000 жылы ол жеке шаруа қожалығын құрып, жүгері өндірісімен шұғылданды. Әзікеңнің жетекшілігіндегі «Құралай» ЖШҚ жыл сайын 83 гектар жерге жүгері, 37 гектарға жоңышқа егіп, одан мол өнім жинап жүр. Қосымша қожалықта қой өсіруді де қолға алған. Меншігінде жер жыртып, тұқым себетін тракторлары мен жүгері өнімін жинайтын комбайндары, басқа да жер өңдейтін, шөп шабатын техникалары бар. Жасы 80-ді алқымдап қалса да қажу дегенге мойынсұнбайтын қария жүгері жинау науқанына тыңғылықты әзірленіп отыр.


– Биыл таудан су кеш келді. Соған байланысты көктемде егіншілердің көбі жүгерісін кеш екті. Өңірде жүгері жинау әдеттегіден кеш басталуының сыры осында, – дейді Әзікең.

Тағы бір проблема комбайн жүргізетін тәжірибелі механизатор тапшы. Олардың көбі далада шаң қаппайтын, жалақысы жоғары қытай техникаларын жүргізуге құмар. Жаз бойы егінін 3-4 мәрте суарып, алқабына тыңайтқыштарын жеткілікті мөлшерде сіңірген аталған қожалық жақында жүгері жинауға қызу кіріспек.

Панфилов ауданы

✓ ОМАРТАШЫ

АРА – ТАЗАЛЫҚТЫ СҮЙЕДІ



Бүгінгі күні ара балының денсаулыққа пайдалы екенін білмейтін жан кемде-кем шығар. Ал оның тіл үйіретін тәтті дәмін жақсы көрмейтін адам жоқ.

Өңірдің агроөнеркәсіп саласында ара шаруашылығының алатын орны ерекше. Табиғи тамаша өнімді шығарумен айналысатын омарташылар әдетте таулы аймақтарда орналасады. Сондай байырғы омарташының бірі Равиль Сагиров. Өзге салалар сияқты ара шаруашылығының да өзіндік ерекшелігі жетерлік. Оның бәрін білу – тынымсыз әрі қажырлы еңбек, үздіксіз ізденіс пен мол тәжірибеден болады.

– Омарташы араға жақындаудың қыр-сырын жақсы білу керек. Аралар ішімдік пен тердің исін жақтырмайды. Тазалықты ұнатады. Сол себепті әрдайым жуынып барған дұрыс. Олар, сондай-ақ, өткір иісті жақсы көрмейді. Сондықтан омартаға барар алдында иіссуды мүлде қолданбаған жөн, – дейді омарташы Равиль.

Ол бұл салаға кездейсоқ келмепті.

– Ара шаруашылығымен айналысқаныма 50 жыл болды. Біздің әулеттің араны күтіп-баптау кәсібімен шұғылданғанына жалпы ғасырға жуықтады. Алдымен атам, кейін әкем, енді мен және балаларым осы кәсіпті жүргізеді. 2008 жылдан бері әкем науқастанғаннан кейін шаруашылықты тұрақты түрде қолға алып, жүргізіп келемін. Әр саланың қызығы мен шыжығы болатыны сияқты бұл кәсіптің де өзіндік қырлары бар. Бастысы адам қолға алған ісін ерінбей, жалықпай жүргізу қажет. Аралар да адамдар сияқты науқастанады, бірінші кезекте ауруды анықтап, дер кезінде дәрі-дәрмек беріп, емдеу керек. Алдымен сынамасы алынып, зертханаға жіберіледі. Сол жерде талдау жасалып, аурудың себебі анықталады, – дейді тәжірибелі омарташы.

Айтуынша, қыс мезгілінде араларға көп мөлшерде бал қалдыру керек. Күн суықта және шырынды жинау мүмкіндігі болмағанда аралар сол балды талғажау етеді. Егер аралар ауырмай, барынша күтім жасалса олардан бір маусымда 500 келіге дейін бал алуға болады. Шаруашылықтағы аралардың басым бөлігі карпат тұқымдас екен. Ал, биыл омарташы бақфаст тұқымдас араларды сатып алып, жергілікті жерге бейімдеуде. Сондай-ақ, Равиль атқарып отырған жұмысты жақсы көріп істемесең, оның алға баспайтынын, бастысы кәсіптен жан рахатын сезіну керек екенін алға тартты.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ
Сарқан ауданы

ТАҒЫЛЫМ



Ақсу жерінен қазақтың талай марқасқасы тәлім көрген «Мамания» мектебінің ашылуы талай саңлақтың тұлға болып қалыптасуына ықпал етті. Сол тұлғалардың жолын қуған кейінгі буын өкілдері де аз емес. Қазақта «Адамнан адам тәлім алады» деген нақыл бар. Демек, бүгінде 85 жасқа елге өнеге болар өткірлігімен жеткен Күләш Оразәліқызы сол даналардың бүгінгі өкілі. Ұқыпты ісі, табанды қызметі, талапшыл қасиеті, тік мінезі мен турашылдығы, оғаш қылығыңды байқап қалса бетің-жүзің демей жөнге салатын бірбеткейлігі, жастарға айтар мол ақыл-кеңесімен дараланып тұрады. «Апамыздың ізгі қасиеттері, игі жақсылықтарын оқырманға жеткізіп, олардың ел іргесін бекемдеп, болашақта нәтижелі еңбек етуіне ықпалы тисін» деген ниетпен қолға қалам алдық.

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР

Қажет АНДАС

«Әркімнің туған жері – Мысыр шаһары» демекші, адам баласына кіндік қаны тамып, кіндік бауы кесілген жердің ыстық болатыны анық. Күләш апамыз 1938 жылы қазіргі Ақсу ауданының «Көктөбе-Қарасу» ауылында дүниеге келді. Әкесі Оразәлі Түменбаев 1946 жылы қайтыс болып, балалық, жастық шағы анасының тәрбиесінде өтті. Шешесі Гүлжамал Түменбаеваны ақсулықтар өте жақсы біледі десек қателеспейміз. Өйткені, соғыс жылдарындағы қиын күндерде елге ес болып, талай адамның қамқоршысы атанған, өткен ғасырдың бірінші жартысындағы Ақсу ауданының құрылуы мен дамуындағы талай оқиғаның куәсі болған жан. 1938 жылы Қазақстанда жергілікті кеңестердің алғашқы сайлауы өткенде Гүлжамал Бисабақызы Ақсу аудандық кеңесінің депутаты болып сайланады. Осыдан кейін Діңгек, Қызылту, Қарашілік ауылдарының ауылдық кеңесінің төрайымы болып еңбек етіп, 1955 жылы зейнетке шықты. Оразәлі мен Гүлжамалдан тараған бауырлар тай-құлындай тебісіп, аналарының аялы алақанының жылуымен мәпелеңіп бойжетті. Бірақ отбасында әкенің орны ойсырап тұратындықтан әпкелі-сіңлілер тағдырдың сан түрлі сынағында сынып кетпей, сындарлы болып өсуге тырысты. Осы өмір тәрбиесі оларды кейінгі кезде ел үшін еңбек етуге, ұрпақ қамы үшін барын салуға жетеледі. Бәрі де есейе келе ел құрметіне, ұрпақтар сүйіспеншілігіне бөленді.

Жасынан ел өмірінің өркендеуіне атсалысып, біртіндеп тәжірибе жинақтап, көре жүріп көсемдікке, үйрене жүріп тәлімгерлікке жеткен Күләш Оразәліқызы елге қызмет етудің әр саласында шыңдалады. «Көп тілеуі көл» дегендей, атқарған ісінің нәтижесі, көпке көрсеткен көмегі, үлкен-кішіге өнегелілігі, талантты ұйымдастырушылық қабілетімен дараланды. Ең алғаш Ақсу ауылындағы «Мамания» мектебінің табалдырығын аттаған сәттен бастап қатарластарына қарап бой түзеп, ұстаздарының ақыл-тәрбиесін ұқыптылықпен қабылдады. Айналасындағы тіршілік тынысы, көрген-білген дала табиғатына құштарлық, аға буынның ақыл-тәрбиесі мен өсиеті жігер берген шығар, орта мектепті бітірген жылы Алматыдағы Қыздар педагогикалық институтының жаратылыстану-география факультетіне оқуға қабылданады. Бірақ еңбек жолын оқыған мамандығы бойынша жалғастырмады. 1959 жылы оқу орнының сырттай оқу бөліміне ауысып, Ақсу ауылының комсомол комитетіне есеп бөлімінің меңгерушісі болып жұмысқа тұрады.

– Есеп бөлімі дегеніміз – есеп-қисап жұмысы емес. Жалпы комсомол комитетіндегі жастар бригадасын ұйымдастыру, шопандарға шөп тасу, механизатор, сауыншыларды жігерлендіру, тағы да басқа түрлі саланың қым-қуыт тіршілігі. Таң азаннан кеш батқанша тынымсыз айналысатын жұмыс. Талабы ауыр, сұрағы көп болғанымен жас маман үшін тәжірибе топтайтын жер, – дейді апамыз. Осылай басталған тынымсыз тірлік өмір жолына азық болар талаптың тұлпарын қамшылады.

Жас та болса жалынды ісі, көрсем, білсем, үйренсем деген ұмтылысы, үлкенмен де, кішімен де тіл табысып кететін елгезектігі оның қызмет баспалдағынан сатылап өсуіне ықпал етті. Сонымен 1961 жылы Ақсу аудандық комсомол комитетінің екінші секретары болып қызмет етті. Әрине, қызметі өсумен қатар жауапкершілігі мен салмағы да арта түсті. Бірақ еңбек майданында шыңдалған талапшыл жас бұл сыннан да абыройлы түрде өтті. Осы қызметтегі үш жыл үш-ақ күндей өте шықты.

«Бір бел ассаң алдыңнан бел көрініп, жүрген сайын келеді жүре бергін» дегендей, еңбекқор жан 1965 – 1969 жылдары жоғары партия мектебінен саясаттанушы мамандығын бітіріп шықты. Ол кезде мұндай дәрежеге екінің бірінің қолы жете бермейді. Ал 1969-1970 жылдары Ақсу ауданында, 1970-1973 жылдары Талдықорған облыстық партия комитетінде нұсқаушы болып қызметін жалғастырды. 1973-1987 жылға дейін Сарқан аудандық партия комитетінде хатшылық қызмет атқарды. Әрине, бұл сандарды төпелеп жазып, түгендей салу оңай. Иә, өмірдің кейде адамды екіұдай ойға салатын кезі болады. Мұндайда батыл қадам жасаудың келешегіне кең жол ашатын тұстары да көп. Күләш апамыздың өмірдегі бар жетістігінің кілті сонда жатыр.

Күләш Оразәліқызының жауапты да маңызды істері облыстық деңгейде жүзеге асырылып жатты. 1987 жылы Талдықорған облыстық халықты әлеуметтік қорғау басқармасына басшы болып тағайындалғаннан кейін ел әлеуетін көтеруге білек сыбана кірісті. Себебі, ол кезде халықты әлеуметтік қамту саласы жұтаңдау болатын.

– Облыстық басқармаға ауысып келгенімде мекемеге тиесілі ғимараты да, әлеуметтік қызметкерлерге бөлінген штат та жоқ еді. Қарттар мен жалғызбасты адамдарға әлеуметтік қолдау шаралары қолға алынбаған, айта берсек, қиындық шаш етектен. Талай есікті қағып, баспалдағын тоздырып жүріп бірнеше ауданнан әлеуметтік қызметкерлерге штат аштық. Сол тұста мемлекет тарапынан аударылатын зейнетақы қорының жұмысы халықты әлеуметтік қорғау басқармасының құзырына берілді. Зейнетақы жұмысын реттеп, елдің ризашылығына бөлендік, – дейді ол.

Күләш Оразәліқызының іскерлігі мен біліктілігінің, еңбекқорлығының нәтижесінде аталған саладағы аудандық мекемелердің жағдайы жақсарды. Сондай-ақ, арнайы автокөліктермен қамтамасыз етілді. Жетісудағы қарттар мен мүгедектерге де назар аударылып, 1991 жылы Текелі қаласында 320 орынды Қарттар үйі салынды. Тұрмысы төмен жалғызбасты аналарға арналған «Қамқорлық» бағдарламасы дүниеге келді. Осындай көптеген игілікті шараларды орындап жатқан облыстық әлеуметтік қорғау басқармасының қажырлы қызметі республика деңгейінде басқа облыстарға үлгі бола білді. Осының бәрі оның білікті басшы, білгір маман, тәжірибелі қызметкер болғанының айғағы іспетті. Осындай жауапты қызметті абыроймен атқара жүріп 1995 жылы Қазақстан Республикасына сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындалып, зейнеткерлікке шықты.

Зейнеткерлікке шыққан соң да «еңбегіміз сіңді, енді жайланып бір демалайық» деген жоқ. Жастарға ата-бабамыздың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын насихаттап, олардың рухани байлығын кемелдендіруге белсене кірісу үшін облыстық ардагерлер ұйымының қатарынан табылды. Аймақты өркендетудің, әлеуметтің әлеуетін арттырудың, жастар тәрбиесін ізгілендірудің түрлі бастамаларының басы-қасында болды. Талай-талай ұтқыр ұсыныстары жоғары жақтан қолдау тауып, жүзеге асты. Бастысы, тәуелсіз елдің тұғырын нықтау жолындағы ұрпақ сабақтастығын жалғастырудағы үлесі мол болғанын жұрт жақсы біледі. Алайда, апамыздың бүгінгі жастар тәрбиесіне қатысты көңілі толмайтын тұстары да бар.

– Баланың ең бірінші Гомері – ата-анасы. Жас кезімізде кітапқа құштар болдық. Сарқан ауданынан Талдықорғанға көшкен кезде 5 мың данадан астам кітабым бар еді. Оның бірталайын Талдықорғанға көшкенде дос-жолдас, көрші-қолаңға берсем, бірер жыл бұрын біразын балалар үйіне сыйладым. Соның бәрін дерлік оқып шықтым десем, артық айтқаным емес. Менің пайымдауымша, бала тәрбиелі болып өссін десек, бірінші, баланы кітап, газет-журнал оқуға ынталандыруымыз керек. Екінші, дастарқан басында елді жамандайтын, көршіні мінейтін, жұртты қаралайтын әңгіме айтылмағаны жөн. Оның орнына елдің берекесін асырып, пейілін тасытатын жақсы дүниелер насихатталғаны жөн, – дейді апамыз.

Иә, өсер елдің өсиетін айтып, ұрпақты береке мен бірлікке ұйытатын осындай аналары бар бүгінгі ұрпақ бақытты. Сондықтан олар қандай да биік мәртебе мен атаққа лайықты деп санаймыз. Күләш Оразәліқызы да атақ пен құрметтің талайын алды. Оның бәрі еңбектің, талпыныстың, жан аямай жүгірудің нәтижесінде келген марапат. Оның бәрін тізіп шығудың жөні жоқ шығар. Солардың ішіндегі «Еңбек ардагері» медалі, «Қазақстан Конституциясына 25 жыл», «Қазақстан тәуелсіздігіне 30 жыл» мерекелік медальдары, Алматы облысы мен Ақсу ауданының Құрметті азаматы атағын алғанын айтсақ та жетеді. Бұл еңбектің өтеуі, халықтың берген ең жоғары бағасы.

Халқымызда «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген нақыл сөз бар. Осы тұрғыдан көргенде Күләш апамыздың жастық шағы қазақтың мәндайына біткен, халқымыздың өнері мен өркениетінің биігінен орын тепкен қазақтың талантты ұл-қыздарының алдына өтті. Күләш Түменбаева жастайынан ел ісіне араласып, Талдықорған облысын құруда білек түре еңбек еткен, ерлермен бірге атқа қонып, Жетісу өңірінің идеологиясының мығым болуына, әлеуметтік дамуына бар білімі мен күш-жігерін жұмсаған Бәтима Есболатқызының тәлімін көріп, тәжірибесін шыңдап, алдыңғы толқын ардагерлердің ізін жалғаған жан.

Өткен ғасырдың 90 жылдарында Талдықорғанның тұралап қалған шағында елдің сабыр сақтап, бірлігінен ажырамауына, қиындықты қайыспай көтеріп шығуына жігер берген адам. Қиын жылдарда ғана емес, елдің бүгінгідей еңсесі тік, еңбегі еселі шақта да көптің тілеуін тілеп отырған апамыз: «Өздеріңдей ел азаматтары атқа мініп, ел ісіне араласқанда мен де үйде тақымымды қысып отырамын. Осы жолдан таймай, елге қызмет етіңдер. Алла осы берген абыройынан айырмасын! Маған деген ақ пейілдеріңе разымын. Азаматтар аман болсын, ел аман болсын!», – деп аналық ақ батасын берді.

Саналы ғұмырын өңір игілігін еселеуге арнаған, әлеуметтік жағдайымызды түзеуге, тәуелсіз елдің шаңырағын биіктетер игілікті жаңалықтарымен дараланған, экономикамызды дамытуға мол үлес қосқан Күләш апамызға айтар алғысымыз шексіз. Ол кісінің адамдық болмысы жастарға үлгі. Біз ғұмыры тек жақсылыққа толған саялы бәйтеректей шуақты жанды кейінгі буынға дәріптеуге тиіспіз. Сонда елдің қамын ойлайтын азаматтардың қатары көбейеді.

МЕКТЕП ӨМІРІ

Еліміздің ұлттық мерекесі – Республика күніне орай Талдықорғандағы №15 мектептің 2-сынып оқушылары өз қолдарымен салған суреттері мен еңбектерінен көрме өткізіп, көпшіліктің ықыласына бөленді. «2Б сынып оқушыларының оқу жетістіктерінің көрмесі» деген тақырыппен өткен көрмеге қойылған 43 гербарий, 23 барельеф, 23 постер, 23 сурет, 11 оқу құралы мектеп ұстаздарының, оқушылардың назарын аударды.

Жетістіктер көрмесі

Көрмені ұйымдастырған сынып жетекшісі, жоғары санатты зерттеуші-мұғалім Бірлікті Шәбденовтің айтуынша, көрменің маңыздылығы ерекше.

– Негізгі мақсатымыз оқушылардың бойындағы патриоттық сезімін ояту болды. Сол мақсатты жүзеге асыру үшін алдымызда бірнеше міндет тұрды. Ең бірінші міндет – туған өлкеміздің өсімдіктер әлемімен танысу және өнердің түрі барельефпен танысу міндеті бар. Сол арқылы мерекелік барельеф дайындауды оқушыларымыз атқарды. Үшінші міндет – постер және суреттер жасау. Олар 25 қазан – Республика күніне арналды. Төртінші міндет – оқушыларды жұмылған жұдырық секілді бірлесе еңбек етуге үйрету, ата-ана, мұғалім, тәлімгер арасындағы байланысты нығайту болды, – деген Бірлікті Шәрімбайұлы көрменің идеясы ертеден бастау алғанын түсіндіріп өтті. *– Осы мақсат пен міндетті шешу үшін 15 тамыз күні ата-аналар жиналысын өткізіп, жоспар құрдық. Нақтырақ айтсақ, туған өлкеміздің өсімдіктер әлемімен танысу деген тақырыпқа байланысты жусан, ермен және раушан гүлден гербарий жасаудың технологиясы ата-аналарға түсіндірілді. Сол күннен бастап әрбір ата-ана қазақ үшін қастерлі саналатын жусан мен ерменді жинап алып, 21 күнге кептіруге қойды. Балалар осы кезеңде гербарийге қажетті рамка жасап шықты, іс қағазын, калька дайындады. Жүргізілген жұмыс 2 жарым айға жалғасып, тура 25 қазан – Республика күніне толық дайын болды. Сонымен қатар, тақтаға ермексазбен барельефтік тақырып жасалды. Одан кейін 11 оқушы 1-сыныпта шығарған есептерінен оқу құралын құрастырып, 4-4-тен 16 есеп дайындады. Осы жұмыстарды ата-аналармен кеңесе отырып, жеке оқу құралы етіп шығардық. Оқу құралы мектептің әдістемелік және педагогикалық кеңесінде қаралып, мектеп ішінде таратуға рұқсат алынды.*

Жаңашыл ұстаздың айтуынша, ерекше көрмені безендіруге ата-аналар қатысып, ұстаз, бала, ата-ана арасындағы қарым-қатынастың нығаюына үлес қосқан. Ең қызығы, тақырыпты көрменің ашылуын 2Б сыныбының президенті Жәния Нұраш жүргізіп, көпшілікке Омар Батырбай мен Раяна Серіккызы раушан гүлінің, жусан және ерменнің қасиеттерін таныстырған. Ал, Айзере Мұрат оқу құралының ерекшелігін таныстырса, Раяна Дарханқызы сыныптастары салған суреттердің жанрлық тақырыбына тоқталды.

Бастауыш сынып оқушыларының білімге деген талпынысы мектеп басшылығының назарынан тыс қалмай, жоғары бағаға ие болды. №15 мектеп директорының бастауыш сыныптар бойынша оқу ісінің меңгерушісі Гүлжан Нұрсәлімқызы мен ата-аналар ұйымдастырылған шараға ризашылықтарын жеткізді.

Мәдина ТҰРАРБЕККЫЗЫ
Талдықорған қаласы

БРИФИНГ

Ішкі нарықта азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету Мемлекет басшысының алға қойған басты міндеттерінің бірі. Бұл барлық тұтынушының мүддесін қамтиды.

Тұтынушы мүддесі қорғалады



Талдықорған қаласындағы Баспа үйінде журналистермен брифинг өтті. Онда облыстық сауда және тұтынушылар құқықтарын қорғау департаментінің 9 айдағы атқарған жұмысы мен «Сапалы өнім» жобасы таныстырылды. Аталған тақырып аясында ҚР Сауда және интеграция министрлігі Жетісу облысы бойынша сауда және тұтынушылар құқықтарын қорғау департаментінің басшысы Еділ Зайтбеков, Техникалық реттеу және метрология комитеті облыстық департаментінің басшысы Бибігүл Омарова, облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Самат Ахметов сөз сөйледі.

Белгілі болғандай, тұтынушылар құқығын және жосықсыз бәсекелестікті бұзатын нормативтердің, іс-қимылдардың бұзылуын анықтау және ішкі нарықта азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен тұтынушылар құқығын қорғау мақсатында «Сапалы өнім» жобасы іске асады. Бүгінде облыста тұтынушылар құқығын қорғау саласында өтініш көбейіп келеді. Мысалы, биылғы 1 қазан бойынша аталған департамент көмегімен 417 өтініш түсіп, оның 167-сі оң шешімін тапқан. Сөйтіп, тұтынушыларға 9 706 000 теңге қайтарылған. Яғни, бұл өткен жылмен салыстырғанда 4 есе көп.

Өтініштердің ішінде сапасыз тауарды жөндеуден, айырбастаудан және қайтарудан бас тарту бойынша шағымдар бар. Өтініштердің басым бөлігі бөлшек сауда және тұрмыстық қызмет көрсету саласынан. Тұтынушы тарапынан түсетін өтініш ай сайын 25-30%-ға өсуде. Яғни, бұл халықтың құқықтық сауаттылығының артып келе жатқанын байқатады.

Сондай-ақ, облыс аумағында техникалық реттеу саласында және техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімдердің айналымына жол бермеу мақсатында меморандум әзірленіп, Техникалық реттеу және метрология комитетінің облыс бойынша департаментімен меморандумға қол қойылған. Департамент мамандары сауда орталықтары мен дүкендерге күнделікті мониторинг жүргізеді. Нәтижесінде сапасы күмәнді шетелдік тауар өнімдері анықталмаған. Сондай-ақ, тұтынушылардан бұл бағытта департаментке арыз-шағым түспеген.

Брифинг соңында журналистер спикерлерге сұрақ қойып, жауап алды.

Айгүл БАЙЖҰМАҚЫЗЫ

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ!

Апостиль қою қызметінің тиімділігі

Апостиль – бір елде берілген ресми құжаттың дұрыстығын растау және оны басқа елдің аумағында қабылдау үшін қажет. Апостиль қолдардың түпнұсқалығын, құжатқа қол қойған адамның кім екендігін және тиісті жағдайда бұл құжат бекітілген мөрдің немесе мөртаңбаның түпнұсқалығын куәландырады. Осылайша еларалық құжаттарды айырбастаудың маңыздылығын арттырады. Осы ретте «Е-апостиль» қызметі жайлы кеңірек тоқталғанды жөн көрдік.

«Е-апостиль» қызметі – Қазақстан Республикасының аумағында берілген ресми құжаттарға апостиль мөртаңбасын беруді автоматтандыру үшін арнайы әзірленген. Бұл қызметтің нәтижесінде құжаттардың түпнұсқасын электронды түрде беру және растау үшін қолданылатын электрондық апостиль жасалған. «Е-апостиль» сервистік бағдарламасы ҚР Әділет министрлігінің бастамасымен 2018 жылы іске асырылды. Жобаны әзірлеу және іске асыруға 2 жыл уақыт кетсе де жоба пайдалануға берілген соң сервистік бағдарламалық өнімдер қызметінің каталогына енгізілді.

Айта кетерлігі, апостильмен білім, ғылым және оқу орындары, сот, прокуратура, тергеу мен анықтау, әділет және басқа да мемлекеттік органдар мен нотариустардан шығатын құжаттар, ҚР мемлекеттік мұрағаттарының мұрағаттық анықтамалары мен құжаттарының көшірмесі, тағы да басқа ресми құжаттар куәландырылады.

«Е-апостиль» қызметінің тиімді тұсы үйден шықпай-ақ және қағаз құжаттарды ұсынбай-ақ апостиль қою қызметін алуға болады. Сондай-ақ, мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін оңтайландырып, электрондық тізілімді қалыптастыру бойынша рәсімдерді жүргізуге мүмкіндік мол. Бұрын Қазақстан азаматтары апостиль қойылған құжатты қағаз түрінде ғана алатындықтан шетелде жүрген азаматтар қиындықтарға тап болатын. Енді «Е-апостиль» қызметінің көмегімен әлемнің кез келген нүктесінде тұрып онлайн-режимде электрондық құжаттарды ала алады.

З. АБЗАЛОВА,
облыстық әділет департаменті коммерциялық емес ұйымдарды тіркеу және тіркеу қызметі саласындағы бақылау бөлімінің бас маманы, Қазақстан Заңгерлер одағының мүшесі

●ЖАРҚЫН БЕЙНЕ

ЕҢБЕГІН ЕЛГЕ АРНАҒАН

Қазір біз тұлғалар жайлы жиі жазамыз. Шындығында тұлға деген кім? Менің пайымдауымша, ол – өзі жасаған дәуірдің бары мен бағын дәл болжап, ерінбей еңбек етіп, игілікті ісімен еліне өнеге болған адам. Бұл тұрғыда әрбір адамның өз биігі болары анық. Бірақ оның биіктігін дәл тауып, бағалау жұрттың еншісінде. Осы тұрғыдан алғанда есімін Еңбекшіқазақ ауданы ғана емес, бір кездегі тұтас Алматы облысының тұрғындары жақсы білетін Абыхан Жексембековті сондай дара тұлғалар қатарына ойланбай қосуға болады демекпін.



Қажет АНДАС

Белгілі журналист Марат Тоқашбаев: «Абыхан – мұзжарғыш кеме, өйткені ол қандай істе болмасын топты бастап басында өзі жүреді» деп жазғандай, кейіпкеріміз ең алдымен қазақтың қарапайым қаракөз баласы. Елін сүйген, халқының қасиеттерін ардақтаған жан. Кіндік кескен жерінің гүлденуіне ақтық демі біткенше үлес қосқан, жетім мен жесірге, кемтар мен кембағалға жанашыр болған жаны жомарт, жүрегі жұмсақ жан. Мұндай адамды ұрпақтың үлгі тұтуы, тіптен сондай тұлғаның болғанын, оның қажырлы қайраткерлігін білу бәрімізге парыз.

Абыхан Аманбайұлы 1937 жылы 1 ақпанда дүниеге келген. Сол күннен Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы қиындықтың, соғыстан кейінгі қайта қалпына келтірудің күрделі кезеңдерінің куәсі болды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары тарқатылу қаупі төніп, күйреуге бет алған ауылды қиындық қыспағынан алып шығып, бүгінгідей өркендеген деңгейге жеткізу үшін бар қажыр-қайратын жұмсады.

Халқымызда: «Туған жерге ту тіккен» деген сөз бар. Осы тұрғыдан келгенде Абыхан туған өлкесінің түлеуін жадынан ешқашан шығармаған адам. 1954 жылы 10 жылдық Малкеев атындағы мектеп-интернатын тамамдады. 1957 жылы Түрген УМСХ-22 комбайнер-механиктер тобында оқып, 1963 жылы Алматыдағы зоотехникалық-малдәрігерлік институтын қызыл дипломмен бітірді. Еңбек жолын 1963 жылы Шелек ауылындағы «Горный овцевод» кеңшарында мал дәрігері болып бастайды. 1968 жылы Балқаш ауданында «Желтораңғы» шаруашылығына мал дәрігері етіп жіберіледі. Қажырлы еңбектің арқасында 1971 жылы Ленин атындағы ұжымшарға ауысады. Онда мал шаруашылығына жауап беретін бас маман, кейін басқарма төрағасының орынбасары қызметтерін атқарды. 1975-1976 жылдары Алматы басқару кадрларының дайындық курсын тамамдап, біліктілігін арттырды. Алайда оның нағыз азамат ретіндегі еңбек жолы тәуелсіздіктен кейінгі жылдары өрнектелді.

Еліміз егемендік алғаннан кейін нарықтық қатынастар еніп, бұрынғы шаруашылық байланыстар үзіліп, Түрген ауылы да қиындыққа тап келді. Осындай сындарлы кезде ауылдың тізгінін қолына алып, даму бағыт-бағдарын жасап, елді нарықтық қатынасқа бейімдеп, барлық іске бастамашы болатын басшы ретіндегі таңдау Абыхан Жексембековке түсті. Сол шақтан бастап ауылды басқарып, ширек ғасыр бойы Түргеннің тірегіне айналды.

Өзі бас болып жекеменшік агроферма құрды. Қолынан іс келеді-ау деген азаматтардың шағын несие алуына ықпал етті. Ауылды көркейтіп, туризмді дамытты. Жер үлесін адамдарға заңды түрде үлестіріп берді. Ауылдағы алғашқы мешіттің ашылуына ұйытқы болды. Түргенде өсімдік майын, кондитер тағамдарын шығаратын, жеміс-жидек пен мал өнімдерін өңдейтін цехтар ашылды. Диірмен мен наубайхана жұмысқа кірісті. Ауыл тұрғындары мүмкіндігіне қарай жұмыспен қамтылды.

Біртіндеп ауыл көшелері жаңа атауға ие бола бастады. Абыхан Жексембеков елі сүйген тұлға Дінмұхамед Қонаевты арнайы қонаққа шақырып, талай мәрте дәмдес болып, ортақ ойларын бөліскен. Кейін өзінің ықпалымен көше, мектептің аты Д. Қонаев атына ауыстырылады. Өңір балалары тұлға есімін ұлықтап, білім мен ғылымға құлшынып келеді.

Жалпы сол жылдары ауылға келгендерге жағдай жасауға күш салды. Әсіресе, тарихи Отанына оралған қандастар Түрген ауылына көптеп қоныстанды. Абыхан Аманбайұлы көрсеткен қажыр-қайраттың арқасында 1994 жылы қазақ орта мектебі ашылып, 50 бала, 7 ұстазбен сол кездегі бос қалған балабақшаның ғимаратында өз жұмысын бастады. Кейін мектептегі бала саны жыл өткен сайын өсе түскендіктен кәсіптік-техникалық училищенің ғимаратына ауыстырылды. Бұл күнде Түрген қазақ орта мектебі 600-ден аса оқушысы, 100-ге тарта қызметкерлері бар үлкен оқу орнына айналды. Осындай еңбектерінің нәтижесінде 1995 жылы Білім министрлігінің «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі» төсбелгісімен марапатталды. 2015 жылғы 11 ақпанда ҚР Үкіметінің №54 қаулысы бойынша Түрген қазақ орта мектебіне Абыхан Жексембековтің есімі берілді. Елі үшін еткен еңбегі үшін Құрмет грамотасы, медальдар, «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды.

1996 жылдың жазында Байторы бабасына үлкен ас беріп, басына күмбез орнатты. «Байторы баба» атындағы қайырымдылық қоры құрылып, халқының игілігіне қызмет істей бастады. Қорды ашу салтанатына аудан-облыстан қонақтар шақырылды. Солардың ішінде болған қазақтан шыққан тұңғыш ғарышкер, Кеңес Одағының Батыры, Қазақстанның Халық Қаһарманы Тоқтар Әубәкіров кейін Әбекеңнің 60 жылдығына орай жолдаған жеделхатында: «Мен Түрген ауылында бұрын да болғанмын. Менің атымда көше бар. Сол құрметтеріңіз үшін ауыл тұрғындарына ризашылығымды білдіремін. Қазақ халқының жарқын болашағы жолындағы іс-қимылдарыңыз сәтті болсын», – деп жазады. Мұны Абыхан Жексембековтің бойынан тұлғалықты тани білген батырдың бағасы деп білген жөн. Бүгінде Түрген ауылында тіршілігін түзеп отырған көптеген ұлт өкілдерінің қазақ бауырларына деген алғысы көп. Сол істің басы-қасында Абыхан Жексембеков және оның замандастары жүрді.

Абыхан Аманбайұлы ауылын көтерсе, бүгінде оның даңқын ауылдастары мақтаныш етіп жүр. Ол шықпаған биікке ауылдың жастары шықса, қызмет етпеген мәртебелі мекемелерде ұрпақтары қызмет етуде. 2011 жылы Абыхан Жексембеков атындағы сынып, музей ашылды. Сынып алдыңғы қатарлы заманауи техникалармен толықтай жабдықталса, Абыхан Аманбайұлының балалары ол кісіге тән барлық жәдігерлерді музей қорына тапсырды.

Әке-шеше қайырымды болса, ұрпағы мейірімді болады. Қызы Венера саясаттану ғылымдарының кандидаты, профессор, Балқаш заңгер, шетелдерде білім алған Мәншүк биология ғылымдарының кандидаты, әкесінің ісін жалғастырып жүр. Берік өндірісті өркендеткен іскерлігімен елге танылған азамат. Абыхан Жексембеков пен Әуес Шәріпқызының отбасында балаларына үлгі-өнеге бола алғандығының арқасында олардың ұрпағы да халықтың қалаулы ұл-қыздары қатарынан көрініп жүр.

●ДЕНСАУЛЫҚ



Медбике қолдауы маңызды

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтері бойынша, экономикалық дамыған елдер тұрғындарының өлім-жітім құрылымында несеп-жыныс жүйесінің аурулары 7-орынды алады және өлімнің барлық себептерінің 2,5-3% -ын құрайды. Жалпы, бұл науқастардың орташа жасы 40 жастан аспайды, жұмысқа қабілетті халықтың едәуір бөлігін уақытша еңбекке жарамсыздық пен мүгедектікке әкеледі.

Әлемнің дамыған елдерінің көпшілігінде урологиялық аурулар халықтың жалпы сырқаттанушылық көрсеткішінің 10-12%-ын құрайды, бұл өмір сапасының төмендеуінің негізгі себептерінің бірі . Сонымен қатар, мұндай ауруларды емдеу өте қымбат және көбінесе соңғы технологияларды, тексеру және емдеу әдістерін қолдануды талап етеді.

Простатит — қуық асты безінің қабынуы. Ауруерлерде 20 жастан бастап кездеседі. Простатиттің жедел және созылмалы түрлері, сонымен қатар созылмалы жамбас ауруы синдромы, яғни, бактериалды емес болып ажыратылады. Простатит жиі уретритпен, везикулитпен, қуықасты безінің гиперплазиясымен қатар жүреді. Қазіргі уақытта ерлер денсаулығының проблемасы тек урологияда ғана емес, сонымен қатар көптеген ТМД елдері мен Еуропаның үкіметтері үшін өзекті мәселелердің біріне айналуда.

Ондай науқастарды күтудегі медбикелердің рөлі өте маңызды және көп қырлы болып келеді. Медбикелер осы жағдайдағы науқастарға сапалы, жан-жақты көмек көрсетуге ықпал ететін әртүрлі рөлдерді орындайды. Простатитпен ауыратын науқастарды күтудегі медбикелердің рөлі оңтайлы емдеу және қолдау көрсету үшін маңызды. Олардың кәсібилігі, қамқорлығы және эмпатиясы пациенттердің өмір сүру сапасын жақсартуға, простатит белгілерін жеңуге және өмір салтын өзгертуге көмектеседі. Мұның бәрі емдеудің тиімдірек болуына және науқастардың жалпы әл-ауқатын жақсартуға ықпал етеді. Простатитпен ауыратын жандарға психологиялық қолдау көрсете отырып, оның өмір сүру сапасын жақсартуға мейіргер өз үлесін қоса алады.

Әділет НҰРҒАЛИ,
Талдықорған жоғары медициналық колледжінің білімгері
Гүлім АСҚАРҚЫЗЫ,
ғылыми жетекшісі

●БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ

СЕРГЕКТІК, САУЛЫҚ МЕРЕКЕСІ

«Талдықорған» ипподромында шаңғы спорты бойынша «Денсаулық» фестивалі өтті. Іс-шараны ұйымдастырған Талдықорған қаласының мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі саламатты өмір салтын насихаттап, көпшілікті бұқаралық спортқа тартуды мақсат етті.



Бұл күні ауа райы да өзгеше болды. Аспан әлемінен ақ ұлпа қар ұшқындап, жиналғандардың қысқы спорт түріне деген қызығушылықтарын арттыра түскендей еді.

Дәстүрге айналған қысқы спорт мерекесінде алғысөзді қала әкімі аппаратының басшысы Жеңіс Андабеков алып, шаңғының шабандоздарына ізгі тілегін жолдады.

– Армысыздар, құрметті қала тұрғындары мен спортшылар қауымы! Бүгінгі қысқы спорт түрі бойынша ұйымдастырылған «Денсаулық фестивалі» мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Саламатты өмір салтын ұстанған ел – бәсекеге қабілетті ел. Сондықтан, барлықтарыңызды спортпен шұғылдануға шақырамын. Бүгінгі сайыс қуаныштың, достықтың, бірліктің мерекесіне айналсын. Әділ төрешілік көтеріңкі көңіл-күй мен достықтың жеңісін сыйласын, – деді ол.

Құттықтау сөз сөйлеген Талдықорған қаласы қоғамдық кеңесінің төрағасы Жексенбай Мейрембаев та тұрғындардың іс-шараға белсене қатысқанына дән риза екендігін тілге тиек етті.

– Бүгінгі «Денсаулық» фестивалі атына сай дәрежеде өтуде. Спорт дегеніміз мәдениетті адамның бір ғана қыры. Сіздермен бірге бұл сайысқа қатысқым-ақ келген. Бірақ жасым жетпіске келіп қалғандықтан шаңғымды үйге қалдырып кеттім. Әйтсе де 4-5 жылдай болды, осы ипподром аумағын шаңғымен асықпай жүріп өтемін. Сіздер де денсаулықтарыңызды күтіп, еліміздің спортын дамытуға үлес қосыңыздар, – деді ол.

Жарыстың бас төрешісі Бауыржан Ырысбаев жарысқа қатысқан әр қатысушының сый-сияпатсыз қалмайтынын айта келіп, шаңғышыларға жарыстың ережесі мен сақтық шараларын қатаң сақтауға кеңес берді.

Ерлер мен әйелдер арасында өткен бәсекеге спорт ардагерлері мен әскери бөлім қызметкерлері, колледж, лицейлердің денешынықтыру мұғалімдері қатысып, жарыс көрігін қыздырды. Олардың қай-қайсының да біршама дайындықпен келгендері байқалады.

Жарыс ережесі бойынша қыздар мен мектеп оқушылары 500 метрлік қашықтықта жарысты. Ал 18-63 жас аралығындағы ер-азаматтар 3 шақырымдық қарлы жолды еңсерді.

Спортшылар мәре сызығына жақындаған сайын көпшіліктің қолдауы да күшейе түскендей. Алдыңғы лекте келгендер бір-бірін құшақтап, құттықтап жатса, кейіндеп қалғандардың да достық әзілдерінің үйлесімін тапқаны жан жадыратты.

Іс-шара шаңғы жарысымен шектелмеді. Марапаттау рәсіміне дейін қолдаушыларды сөзімен баураған жүргізуші фестивальдің сәнін кіргізіп, би жарысын ұйымдастырды. Осылайша алдын ала жан-жақты ойластырылған мазмұнды бағдарлама ешкімді зеріктірген жоқ. Тіпті күн ызғарын да сезінбеген қала тұрғындарының зейіндері биде, назарлары спортшыларда болды. Олар қызықты спорт шарасын ұйымдастырған қала басшылығына алғыстарын айтып, риза көңілмен тарасты.

Данияр АЙНАБЕКҰЛЫ,
Жетісу университетінің білімгері

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Жетісу облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі
Меншік иесі:
ШЖҚ «Жетісу Медиа» МКК
Басшы:
Шыңғыс БОЗЫМ
Басшының қабылдау бөлмесі: 40-20-71
Бас редактор:
Жұматай ӘМІРЕ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылғы 13 ақпанда тіркеліп, № KZ44VPY00064518 куәлігі берілген.
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Қабылдау бөлмесі — **40-20-64**, бас редактордың орынбасарлары — **40-20-65, 40-20-67,** жауапты хатшы — **40-10-30,** бөлімдер — **40-00-98, 40-11-19, 40-00-15,** уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — **40-20-78,** фототілшілер — **40-20-79,** жарнама бөлімі — **40-20-69, 8 775 355 89 58, 8 747 410 69 09.**
Меншікті тілшілер: Панфилов ауданы — **8-708-442-43-76**, Сарқан ауданы — **8 701 779 19 38.** Газет табыс етілмесе — **8 (7282) 30-69-47** телефонына хабарласу керек.

Кезекші редактор: Айдар ҚАЛИЕВ

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 4 беттен асқан материал қабылданбайды.
«Jetisý» газеті мен сайтында жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.
Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

«Jetisý» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі. Газет аптасына үш рет– сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде шығады.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы – Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс — 152
«Жетісу Медиа» МКК басылымдарының жалпы таралымы — 10 118, оның ішінде «Jetisý» газетінің осы шығарылымының таралымы — 6040.
Индексі – 65469.

●ҚОЛӨНЕР



Еліміздің сан ғасырлық тарихы ауыз әдебиеті арқылы ұрпақтан-ұрпаққа аңыз, ертегі, дастан, бәйіт арқылы жетті. Халқымыздың салт-дәстүрі шебер, ұста, ісмер, тігінші, оюшы, тоқымашы апаларымыздың қолынан шыққан бұйымдары арқылы жалғасып келеді. Қазақтың Табиғат-анамен үндес тіршілік кеше отырып қалыптастырған салт-дәстүрі ұрпақтың сарқылмас қазынасы.

Ою тарихтан сыр шертеді

Қоршаған ортаның тылсым сұлулығын ою-өрнек түрінде сөйлете білген көне заманның жәдігері, ата-бабамның көзіндей үш затты сақтап жүрмін. Олар шамамен 1820 жылдары үлкен атамыз Мәжжан қажы Меккеден әкелген қалың қайыстан жасалған ерлер сөмкесі. Екіншісі – сан қилы заманнан сандығының түбінде сақтап жеткізген «Құран Кәрім». Үшіншісі – кестеленген тұскиіз. Оны анам Күлсімханның шешесі жасаған екен.

Бұл тұскиізді ол қыз жасауы ретінде бала күннен кестелеген. Бала кезімнен тарихқа құмар болып өсіп, Қазақ мемлекеттік университетінің тарих және өнертану факультетін тамамдадым. Әкем күйші-жыршы, ақынжанды адам еді. Қазақтың дүлдүл ақыны Ілияс Жансүгіров жырлаған Қапалдың төріндегі «Бес сала», «Тесік тас», «Қарасырық», «Сайын бөлек», «Баян жүрек» тауларын мекен еткен малшының қызымын. Шешем – айтыскер ақын, сырмақ сырудың шебері.

Талай ғылыми-зерттеу, экспедициялық сапар, архивтермен жұмыс жасадым. Қолымдағы тұскиіздің өрнегін еш жерден кездестірмеппін. «Қолда барда алтынның қадірі жоқ» демекші, көзге үйреншікті болған осы тұскиіз өрнегінің ерекше екендігін енді танығандаймын. Қазақ қолөнерін зерттеуші мамандар классикалық ою-өрнектің төрт тобын былай ажыратады. Геометриялық ою-өрнек, жан-жануар, хайуанаттарға ұқсас ою-өрнек, өсімдік тектес ою-өрнектер және космогониялық ою-өрнектер болып бөлінеді.

Бұл тұскиіз «Өсімдіктектес» – Жетісу өлкесіне тән өрнек. Бағзы заманда бір руға тән ою-өрнекті басқа ру адамдары пайдалануға рұқсат бермеген. Өйткені ешкімге ұқсамас ерекшелікті сақтап, көзінің қарашығындай сақтаған. Қазақтың әр руы сән үлгісіне ерекше эстетикалық баға беріп, қастерлей білген. Ою-өрнек ұлттық өнердің ең бір сүбелі саласы екендігін түсінген.

Өткен күндер ұмытылса келер күндерді болжау қиын. Сондықтан қазақ қолөнерін қадірлей білетін жандар ойлана, біле жүрсе екен деген ниеттемін.

Фаруза БАЙЫСОВА
Талдықорған қаласы

●АНАНЫҢ АҚ ТІЛЕГІ



Жанымыз жабырқамасын

Әйел – әлем. Ал осынау әлемнің әдемі, сұлу, мейірімді, жанашыр болғанын бәріміздің қалайтынымыз анық. Олай болса, неге көктемдей құлпырған нәзік жандыларға бар ізгі-құрметті көрсетіп, жылы сөзімізді арнап, олардың одан әрмен құлпыра түсуіне жағдай жасамаймыз? Бүгінгі қызғалдақтай құлпырған қыздарымыз ертең бір отбасының, әулеттің шаңырағына шаттық ұялатып, ырысын еселейтін дана анаға айналады.

Әйел өзінің табиғатынан-ақ кішіпейілділіктің, жоғары адамгершіліктің және мейірімділіктің айнасы. Сондықтан ол бүкіл қоғамның арқауы ретінде келісім мен тұрақтылықтың нығаюына ықпал етеді.

Шыр етіп мынау жарық дүниенің есігін ашқан сәттен бастап сенің ең бір жақын адамыңа айналатын, кейін келе сырлас досың, өмірлік ұстазың болатын асыл жанның, аяулы ананың қабағына кірбің ұялатуға ешкімнің қақы жоқ. Қара жерді баспай, есіңді білмей жатып, тырмысып жабысатыныңның, шырылдап, уанбай жылап сенің іздейтінің тек бір адам. Ол – ана. Сен үшін құрметті жан бәрінен де қымбат. Міне, анаға деген махаббат сенің құндақтаулы жатқан күніңнен-ақ басталады. Сондықтан да біздер жақсылық атаулының барлығын да анаға арнауымыз керек. Бүгінгі жастарымыз ана алдындағы перзенттік парызын адал өткеріп, аяулы жанның ақ батасын алып, көктеп-көгерсе деймін.

Жер дүниенің жаңарып, әлем құлпыратын көктемнің алғашқы мерекесінде жанымыз жабырқамай, тыныштық пен берекеде сыйласып ғұмыр кешуді бұйыртсын! Біз үшін ата-ана, ағайын-туыс қандай ыстық болса қасиетті Отанымыз да дәл сондай ыстық. Сондықтан да егемен еліміздің еңсесі биік, мәртебесі жоғары болсын деген аналық тілегімді барша Жетісу жұртшылығына арнаймын.

Оразгүл АСАНҒАЗЫ,
қоғам қайраткері





Соңғы 100 жылдықта әйелдің қоғамда алар орны бөлек. Отбасы қарекетімен қатар елге қызмет етіп, ерлермен бірге Отан қорғап жүрген бұрымдылар бар. Халқымыз «әйелдің қырық жаны бар» дейтіні содан болар?! Мереке қарсаңында Отан қорғау қызметі саласында жүрген азаматшалар, ҚР ҰҚК Шегара қызметінде жүрген нәзік жандылармен сұхбаттастық.

Шегарашы қыздар

Айғаным АЙТМҰХАН

Әйел бола тұра ер-азаматтың жұмысын істеп, елдің тыныштығын ойлап жүрген жандар жетерлік. Нар тәуекел деп әскери өмірге бірден-бір қадам басқан Жұлдызай Қапанова мен Нұргүл Аляуова. Өмірін әскери қызметке арнаған арулар қазіргі таңда ҚР ҰҚК ШҚ Жетісу облысы бойынша департаментінде жұмыс істеуде. Алғашында қызмет жолын педагогикалық мамандықтан бастаған қос ару әскери салаға 2002 жылы кірген. Кейін шегара қызметіне орналасып, бүгінде еліне адал қызмет етуде.

– Жалпы әскери салаға келгеніме өкінбеймін. Күннің ыстық-суығына төзіп, қиыншылығына шыдаған жұмысымды жақсы көремін. Әрине, әйел болғандықтан бұл салада жұмыс істеу аздап қиынға соғатыны рас. Түтінін түтететін отбасы, бағатын бала-шаға бар дегендей. Алайда, Отан алдында берген антымызды орындау үшін барлық жағдайға дайынбыз, – дейді шегара қызметкері, майор Жұлдызай Құлбайқызы.

– Алғаш әскери өмірге аяқ басқанда қиналғаным бар. Оқуда жүргенімізде қап арқалап 10 км. қашықтыққа жүгіретінбіз. Жұмысқа орналасқанда түрлі төтенше жағдайлар орын алды. Жаңадан келген жас маманға, оның үстіне әйел адамға ондай жайттар ауыр тигені рас. Шегара қызметінде жүріп түрлі отбасыларға көмектестік. Жас сарбаздармен әңгімелесіп, аналарындай қолдау көрсеттік. Дегенмен, өз таңдауыма ешқашан өкінген емеспін, – деп майор Нұргүл Амангелдіқызы естелігін айтты.

Отбасы қарекетімен қатар елге қызмет етіп, ерлермен бірге Отан қорғап жүрген бұрымдылардың бүгінде жеткен жетістіктері көп. ҚР ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі және мемлекеттің шегарасын күзетудегі ісіне қосқан үлесі, жауынгерлік қызметтік іс-қимылда қол жеткізген оң нәтижелері мен мінсіз тәртібі үшін екеуі де I, II, III дәрежедегі «Шегара қызметінің үздігі», төсбелгісі және «Мінсіз қызметі үшін» медалімен және Мақтау қағаздарымен марапатталған. Ардақтау, аялау үшін жаратылған аналар мен арулардың төл мерекесіне орай ел тыныштығын ойлап, Отанға қызмет етіп жүрген ардақтылардың есімін елге көрсетсек дедік.

Сөз соңында Мемлекеттік шегараны абыроймен күзетіп жүрген барша нәзік жанды шегарашыларды Халықаралық әйелдер күні мерекесімен құттықтаймыз. Өз дамуының күрделі кезеңдерінен өте отырып, қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, бейбіт еліміздің тыныштығын қадағалап қоймай, шаңырағының шырағын сөндірмей, аялы алақанымен бала тәрбиелеп отырған шегарашыларға алғыс білдіреміз.

Жәнібек хан бір әңгіме үстінде: – Бұл дүниеде кімнің төрт құбыласы тең болмақ? – деп сұрайды. Сонда Жиреншe шешен: – Бұл дүниеде жүйрік аты, қыран құсы, өзі сұлу, мінезді қатыны, бес атар мылтығы бар жігіттің төрт құбыласы тең болады, ханием, – депті.

ЖИРЕНШЕ ШЕШЕН

Әйел ашуланса – жеңіледі, еркелесе – жеңеді.

Ғабит МҮСІРЕПОВ

Адам боп туу – анадан, айуан боп кету – өзіңнен!

Қадыр Мырза Әлі

Италияда 8 наурыз күні демалыс жоқ

Белгіленгенімен ресми мереке болып саналмайды. Өйткені оның саяси және әлеуметтік астары бар. Италияның ірі қалаларында 8 наурызда белсенділер мен кәсіподақтар ұйымдастырған көп шерулер мен шулы митингілер өтеді. Көшелер әйелдерді қолдайтын жарқын плакаттарға толады. Шерушілердің айтуынша, 8 наурыз мерекесі әйелдердің жылымдағы, саясаттағы және елдің қоғамдық өміріндегі жетістіктерін еске салатын тамаша мүмкіндік. Италияда әйелдер мерекесінің символы - мимоза бұтағы. Оны нәзік жандыларға деген махаббат пен құрметтің белгісі ретінде беру қабылданған. Бұл дәстур 1946 жылдан бері бар және ол ұлттық сипатқа ие. Көптеген италиялық нәзік жандылар үшін 8 наурыз әйелдер ынтымақтастығы мерекесі болып табылады. Жас қыздар мен әйелдер достарының ортасында, дәмханада немесе мейрамханада жиналуды жөн көреді. Бірақ Италияда 8 наурызда демалыс жоқ болғандықтан, жұмыстан кейін ғана кездеседі екен.



●ӘСЕМДІК ӘЛЕМІ

16 қыз

Зұлқия-ай, Ұрқия-ай,
Қатира-ай, Сағира-ай,
Күлзира-ай, Назира-ай,
Нағима-ай, Батима-ай!
Әшекей қыз Айжан-ай,
Бәлекей қыз Балжан-ай,
Тыңдаушы еді-ау, сәлем-ай!
Қайда кетті Раиса-ай?
Толықсынған Маруся-ай

деп ән салуымның да өз тарихы бар. Қасиетті білім ордама аяқ басқан сәттен бастап осынау «16 қыз» әні еріксіз есіме орала береді. Себебі дәл мен қызмет ететін ұжымда қазақтың маңдайына жұлдыз болып біткен 16 қыз бар. Жан-жағына күндей шуақ шашқан асыл жандармен қызметтес болуды үлкен бақ деп білемін.



Мейірім мен жанашырлықтың ауылынан ұзап кете қоймаған жақсы адамдар талай шәкіртке саналы тәрбие мен сапалы білім беру жолында аянып жатқан жоқ. Ұрпақ тәрбиелеу ісінде өздеріне жүктелген зор жауапкершілік жүгін арқалай жүріп, алтын уақытын аямай, өзгенің уақытын аялап, талай шәкірттің түзу жолға түсуіне себепкер бола білді.

Ұрпақ тәрбиелеу – ұлы іс. Бұл үлкен білімді, зор жауапкершілікті, асқан төзімділік пен қажырлылықты, шыдамдылықты талап етеді. Бір бойына осыншама асыл қасиетті дарытқан аналар, ұрпақ үшін сағатпен санаспай еңбек еткен ұлағатты ұстаздар барлық құрмет, қошеметке лайықты.

Ана қуанышы мен әйел шаттығы – еліміздің мерейі. Шуақты көктем айымен қатар жақсылықтың жаршысындай келген керемет мерекеде барлық нәзік жан бақытты болуы тиіс. Көктем табиғат оянар жыл мезгілі болса, әйел заты – жарық күн сыйлаушы ана, өмірдің гүлі, көңілдің жыры, әр шаңырақтың діңгегі, ұрпақтың жол бастар көсемі, сөз бастар шешені. Егемен еліміздің еңселі болуына ұл-қыздарымызды тәрбиелеп, азаматтарға сенімді тірек болып, қоғам ісіне атсалысып, бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербетіп жүрген асыл жандар қашанда зор құрмет пен қошеметке ие.

Сабыржан МҰЛКІБАЕВ,
Өтенай ауылындағы кешкі мектептің
тарих пәні мұғалімі
Талдықорған қаласы

● ЕСІМІ ЕЛ ЕСІНДЕ

«Өз елін өз ерлері ескермесе, ел тегі қайдан алсын кемеңгерді» деп ақын Ілияс Жансүгіров тегін айтпаса керек. Жыл өткен сайын тарихтың жаңа парақтары жамырай ашылып, ұмыт болған тарихи тұлғалардың еңбегі екшеліп, есімі ел жадына ене бастады. Сол барыста ұзақ жылдар құқық қорғау саласында жұмыс істеп, жұрттың қамы үшін ақыл-парасаты мен қара терін сарқа жұмсаған Мәткәрім Садақбаев атамыздың болмыс-бітімін зерделеп, оның ерен еңбегі мен ел үшін атқарған елеулі істерін өскелең ұрпаққа өнеге етудің орны бөлек.



ӨМІРІН ӨНЕГЕМЕН ӨРГЕН

Мәткәрім Садақбаев 1902 жылы дүниеге келген. Архив құжаттарындағы деректерге сүйенсек, Мәткәрім алғашқы еңбек жолын 1930 жылы сол тұстағы Алматы облысы, Малайсары ауданында аға милиция қызметкері болып бастаған. Осыдан кейінгі жылдары Алматы, Қостанай, Қарағанды, Ақмола облыстарының құқық қорғау саласында қызмет атқарды. Екінші дүниежүзілік соғыс басталған тұста тылда еңбек етіп, алдыңғы шептегі жауынгерлердің жігерін жанып, намысын өрлету үшін өндірістік жұмыстарға белсене араласты. Сол тұстағы «Правда» газетінде Мәткәрім Садақбаевтың еңбектегі ерлігі туралы жазылған мақалалар осыған дәлел бола алады. Соғыс жылдары бір жағынан өндірістік жұмыстарға белсене қатысса, екіншіден қоғам тыныштығын сақтау тапсырмасын абыроймен атқарды. 1958 жылы құқық қорғау саласынан зейнеткерлікке шығып, Қызыл Ту (1945 ж.), Қызыл Жұлдыз (1946 ж.) ордендерінің, «Германияны азат еткені үшін» (1945ж), «Ерен еңбегі үшін» медалдьдарының иегері атанды.



Соғыс аяқталғаннан кейін Сарыөзек кентінің милиция бөлімшесін басқарған Садақбаев кейін облыстық милиция басқармасына ауысады. Сондай-ақ, Талдықорған облыстық жеке күзет қызметінде лауазымды қызмет атқарды. ҚазССР Талдықорған облыстық кеңесінің атқару комитетін басқарды. Өз кезінде Мәткәрімнің еңбегін қазақтың біртуар перзенті Бауыржан Момышұлы да жоғары бағалап, алғыс білдірген болатын.

Мәткәрім Садақбаевтың өмірі осылай өріледі. Дегенмен, оның Талдықорған қаласына қарасты Еркін ауылының «Сарыбұлақ» кеңшарында атқарған істерін бір сәтке ұмытуға болмайды. Әсіресе, қант қызылшасы өндірісін өркендетіп, озат бөлімшенің жетекшісі болғаны ұмытылмауы тиіс. Жалпы, кеңшардың өркендеуі мен ел экономикасының өсуі жолында ерінбей еңбек еткен талай қадірменді адамдар өткені мәлім. Сол тізімнің ең басында Есжан Берлікожаұлы тұрса, сол қатарда Әбдірахым Бестібаев, Нұрбек Бейсенов, Нысанбай Байқадамов, Ізбасар Есболғанов, Ақынбек Қарақожанов, Бекмырза Жексенбеков, Нұрғалым Омаров, Иманғазы Күнқожанов, Оспан Байсынбеков, Бабамырза Есперлі, Иван Бузницкий, Әбдіғалым Балажігітов, Мұқаш Сегізбаев, Мақсұт Нәрікбаев, Жаңыл Оспанов, Дәрібай Келімбеков, Баршабала Жетпісова, Жұмағайша Бектенова, Зағипа Ақажан келіні, Таубай Бектенов, Әбіл Тұңғатов, Бұқарбек Рахимов сынды жандарды құрметпен атауға тура келеді. Бір қызығы, аталған адамдардың еңбегі еленіп, елдің құрметіне бөленген. Өкінішке орай, бар ғұмырын жұрттың тыныштығы мен мемлекетті өркендетуге арнаған Мәткәрім Садақбаевтың есімі көп жерде аталмайды. Елге істеген қызметі өз деңгейінде бағаланбай келеді.

Осы бір ақтаңдақтың орнын толтыру үшін 2022 жылы Көксу ауданының Жарлыөзек ауылына қарасты Мұқаншы ауылындағы бір көшенің атын Мәткәрім Садақбаевтың атына ауыстыру туралы бастама көтеріліп, ауыл тұрғындары және ақсақалдар, белсенді азаматтар жиналыс өткізіп, жұрттың ұсынысы сарапқа салынған болатын. Сол басқосуда жергілікті қоғамдастықтың атынан Д. Байжұманов, А. Нұрпейісов сөз алып, Мәткәрім Садақбаев туралы естеліктерімен бөлісіп, еңбектерін атап өтті. Жиын хаттамасы бойынша Мұқаншы ауылындағы Мұқаншы көшесіне Мәткәрім Садақбаевтың есімін беру ұсынысы мақұлданған болатын. Бірақ бұл ұсыныс әлі күнге дейін орындалмай келеді.

Егер егемендігіміз тұғырлы ел боламыз десек, өткен өмірін өнегемен өрген Мәткәрім сияқты аталарымыздың ғибратты ғұмырын насихаттаудан бастағанымыз жөн.

Қажет АНДАС,
журналист

Қасымхан ЕСЖАНОВ,
кәсіпкер

● ДІН ЖӘНЕ ҚОҒАМ

БАРШАНЫҢ МІНДЕТІ

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Дін істері комитетінің арнайы жобасы аясында, Жетісу облыстық дін істері басқармасының қолдауымен 19-23 тамыз аралығында дін мәселелері бойынша республикалық ақпараттық-түсіндіру тобының мүшелері қоғамда дәстүрлі рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру және діни экстремизмнің алдын алу бағытында семинарлар мен әртүрлі форматтағы іс-шаралар өткізді.

Бекітілген жоспар бойынша іс-шараларды ұйымдастыру барысында Панфилов, Сарқан, Алакөл, Кербұлақ аудандары мен Талдықорған қаласының тұрғындары, мешіттердің әйел жамағаты, ұстаздар мен жастар, емхана және әкімшілік қызметкерлері және т.б. қауым қатысқан кездесулерде «Ұлттық құндылықтар – ұлт қазынасы», «Дәстүрлі емес діни ағымдардың қоғамға қауіптілігі», «Қазақстан Республикасындағы жалпы білім берудің зайырлы сипаты», «Жастар арасындағы діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу» секілді тақырыптар жан-жақты түсіндірілді. Сондай-ақ, облыс аумағындағы әйелдер қауымына Ислам дінінің басты міндеттері мен әйел адамның орны туралы ақпараттар берілді.

Жалпы, Ислам дінінің тыныштықты бұзу үшін емес, теріс пиғылды тыю үшін жіберілген мейірім діні екендігі, игілік, қайырымдылық, адалдық сынды ең үздік қасиеттерді үйретіп, тек жақсылық жасауды, тура жолмен жүруді нұсқайтындығы айтпаса да түсінікті. Әйелдің орны ерекше екенін, анаға деген құрмет зор болуы тиістігін үйрететін Ислам діні әйелге Алланың аманаты ретінде қарауға шақырып, ешбір құқын шектемейді. Қайта өз жаратылысына сай сүйікті жар, аяулы ана ретінде қашан да орнын жоғары бағалаған. Шынында отбасындағы тәрбиенің негізгі кілті анада. Әйел адам қаншалықты сауатты болса, бала тәрбиесі соншалықты нәтижелі болады. Ал, әйелдердің білімді болғанын қолдайтын Ислам діні надандық пен діни сауатсыздыққа қарсы болатын Алладан және Алла елшісінен (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) келген дұрыс пайдалы ілімге ден қою керектігін айтады.

Расында надандық және сауатсыздық – адасқан діни ағымдардың ойлары ашық жайылатын ортаға ыңғайлы саналады. Ел бірлігі мен мемлекет қауіпсіздігіне зиян келтіретін ағымдардың жетегіне кетіп қалмау шараларына баршамыз атсалысуымыз қажет. Өйткені ата-бабамыздан ұстанып келе жатқан дәстүрлі дініміз жайлы сауатты болу – баршаға міндет.

Балқынай АСҚАРБЕККЫЗЫ,
«Дін саласындағы мәселелерді зерттеу және оңалту орталығы» КММ-нің оңалту бөлімінің теолог-маманы

● ҰСЫНЫС



АВТОБУС бағыты өзгерсе

Талдықорған қаласының солтүстік-батысында қоныс тепкен «Ынтымақ» ауылы облыс орталығының кіндік баласы іспетті. 2018 жылы күзде өңір басшылығы ақжолтай тілекпен тұсауын кесіп, жаңа өмірге басқан қадамын ашып берді. 2019 жылдан бастап шағын ауыл көктемгі қар астынан тесіп шыққан бәйшешектей құлпырып, қыр қызғалдағындай көз тартып, бой түзеп ел қатарына қосылды. Тек бір әттеген-айы болмаса...

Дәл сол 2019 жылдан бастап ауылға іргелес жатқан Өтенай ауылы арқылы №4, №227 бағытындағы екі автобус қатынай бастады. Өтенай ауылының шығаберісінен Ынтымақ ауылының аяқ жағындағы Мұқағали Мақатаев көшесіне дейінгі жолдың арасы 50-60-ақ метр. Осы аралықты аттап кететін қоғамдық көлік ауыл ішімен өтіп, мектеп тұсынан Желтоқсан көшесін бойлай жүрсе ауыл тұрғандарына, әсіресе қарттар мен науқас адамдарға көп көмегін тигізеді. Яғни, Қабанбай көшесімен 2019 жылдан бері жүріп жатқан автобус Мақатаев көшесімен де жүріп өтсе дұрыс болар еді. Сонда көліктің пайдалану тиімділігі 100%-ды құрайды. Бұлай қазбалап отырғаныма күнделікті қайталанатын көрініс себеп болды. Ондайға үлкендер онша көп мән бере бермейміз.

Бір күні 2 бүлдіршін қыздың Үштөбе айналма жолындағы, елді мекеннен 100 метр шамасындай қашықтықтағы қалың бұталы ағаштың жанындағы аялдамада көлік тосып тұрғанын көріп қалдым. Әншейінде «Жастар еліміздің болашағы, Отанымыздың тірегі мен қорғанышы!» – деп ұрандаймыз. Бірақ мынадай бүлдіршін қыздарды күре жолдың бойына қараусыз қалдырғанымыз қалай?! Айналаның бәрі қалың ағаш, арық, жаяу жүрген жолаушының өзі сескенеді. Күнделікті осылай қоғамдық көлік тосқан қос бүлдіршін бір күні екі аяқты қарға-құзғынның ермегі мен жемтігіне айналмасына кім кепіл?! Ондайдан құдай сақтасын, дегенмен, шарасыз ата-ана зары мен назын кімге айтар? Сондықтан мәселені халық наразылығын тудыратын оқыс оқиғаға жеткізбей шешу керек. Ондай игілікті іс істеген шаһар басшылығы «Туған жерге туыңды тік!» деген ата-баба өсиетін ақтап, «Халықтың ұлы!» деген атқа ие болар еді.

Ауыл тұрғындары автобустардың ыңғайлы маршрутпен жүргенін қалаған тілектерінің орындаларына үмітпен қарайды.

Құдайберген ТАРЫБАЙҰЛЫ,
ауыл тұрғыны

● МАМАН МІНБЕРІ

КІНӘСІЗДІК ПРЕЗУМПЦИЯСЫ



Қазақстан Конституциясында жазылғандай кінәсіздік презумпциясына сәйкес қылмыс жасады деп айыпталған адам оның кінәсі заңда белгіленген тәртіппен дәлелденгенге дейін және соттың заңды күшіне енген үкімімен белгіленгенге дейін кінәсіз деп саналады.

Кінәсіздік презумпциясы принципі айыпталушының қылмыстық процесте ғана емес, сонымен бірге ол субъектілердің бірі ретінде әрекет ететін барлық қоғамдық қатынастарда құқықтық мәртебесін анықтайтынын атап өткен жөн. Кінәсіздік презумпциясы принципінің ерекше маңыздылығы – құқықтары мен бостандықтары бар қылмыс жасады деп айыпталған адам мемлекет қорғайтын қоғамдық қатынастарға зиян келтіреді. Соған қарамастан процестің нақты қатысушысы – айыпталушының құқықтары мен бостандықтары қорғауға жатады. Сондықтан да айыпталушыны үкім шығып, заңды күшіне енгенге дейін «жемқор», «парақор», «ұры», «алаяқ» секілді сөздермен атау – этикаға жат. Мұндай сөздердің орнына «жасады деген күдікпен», «пара алды деген күдікпен» және т.б. бейнелі сипаттармен жазуға болады.

Адамның жасаған қылмысы мен заңбұзушылығы мемлекет пен қоғам құзыреті – сот билігінің заңды тәртібімен дәлелденгенге және белгіленгенге дейін адал, парасатты деп қарауды талап етеді. Кінәсіздік презумпциясының формуласы әрбір адамды, яғни Заңды, оның ішінде қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершіліктің кез келген түріне тартылатын кез келген азаматты кінәсіне тікелей айыптамастан қарым-қатынас орнатуды қамтиды.

ҚР Конституциялық Кеңесі, ҚР Әділет министрлігінің Қазақстан Республикасы Конституциясына жасаған ғылыми-практикалық түсіндірмесінен көп нәрсені жаңаша көруге болады. Онда: *«Кінәсіздік презумпциясы (жорамал) принципі әр адам оның қылмыстық құқықбұзушылық (қылмыс немесе қылмыстық теріс қылық) жасағандығы үшін кінәлілігі көзделген тәртіппен дәлелденгенге және соттың заңды күшіне енген үкімімен белгіленгенге дейін кінәсіз деп саналатынынан тұрады. Ешкім де өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес. Күдіктінің, айыпталушының, сотталушының кінәлілігіне сейілмеген күмән олардың пайдасына түсіндіріледі. Қылмыстық және қылмыстық-процестік заңдарды қолдану кезінде туындаған күмәндар да күдіктінің, айыпталушының, сотталушының пайдасына шешілуге тиіс. Айыптау үкімі болжамдарға негізделе алмайды және ол жол берілетін және анық дәлелдемелердің жеткілікті жиынтығымен расталуға тиіс (ҚР ҚПК 19-бабы). Сотта оның қылмыс жасағаны үшін кінәлі екендігі дәлелденгенге және тиісті үкім заңды күшіне енгенге дейін бұқаралық ақпарат құралдарында да адамның кінәлі екені туралы пайымдаулар мен пікірлерге жол берілмейді.*

Жалпы алғанда кінәсіздік презумпциясы құқықтық категория ретінде көне тарихқа ие. 1215 жылғы Еркіндіктің Ұлы хартиясында «заңды күшіне енген үкім бойынша ғана тұтқынға алуға, түрмеге қамауға, иелігінен айыруға болады» – деп жазылған.

Кінәсіздік презумпциясы принципінің іске асырылуы сот ісін жүргізудің адамгершілік бастауы саналады. Соған сәйкес айыпталушы өзіне қатысты объективті және ізгілікті қарым-қатынас құқығына ие болады және өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес.

Адам қылмыс жасағаны үшін кінәлілігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанға дейін кінәсіз деп есептеледі. Негізі бұл принцип Конституцияда бекітілмеуі тиіс. 1993 жылғы және 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституцияларында бұл принциптің бекітілуін Кеңес билігі болған жылдарда кінәсіздік презумпциясы қылмыстық заңмен танылғанымен, практика жүзінде іске асырылмағандықтан, адамдардың тағдырында қайғылы көрініс тапқандығымен негіздеуге болады.

Қорыта келгенде Қазақстан Республикасы Конституциясымен белгіленген сот төрелігінің принциптері республиканың барлық соттары мен судьяларына ортақ және бірыңғай болып табылатындықтан олардың қолданылуы сот әділдігін сақтауға негіз болуы тиіс.

Қанат ҚАРЫМСАҚОВ,
ҚР Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің Жетісу облысы бойынша өкілі

● ҰЛАҒАТ



Ұстаздық адамның туабітті жаратылысынан келеді. Осы мамандыққа жалақы алу үшін, күнкөріс үшін баратындар – ұрпақтың соры. Басқа мамандықта, бәлкім, кеткен қатеңді түзетуге болар. Ал ұстаз бола жүріп қате жіберсең оны түзету қиын. Сол болмашы қателігің шәкіртіңнің жүрегін жаралауы, ақты қаралауы, дарынсызды даралауы, таланттыны тасада қалдыруы мүмкін. Әдіскер мұғалім, Қазақстан Республикасы Халық ағарту ісінің озық қызметкері, Ы. Алтынсарин атындағы төсбелгінің иегері Жамбытай Нұрекенова 75 жастың биігінен өткен күндеріне көз жүгірткен сәтінде мектеп мұғалімдерінің арасында осы мамандыққа жүрек қалауымен келгендермен қатар кездейсоқ жүргендердің де кездесіп қалатынын жоққа шығармайды.

АҚСЫ ҰСТАЗ – ЖАРАТЫЛЫСЫНАН

Расында да диплом алғанның барлығы мұғалім деген атаққа сай бола алмайды. Бала сені мойындамаса өзіңді қалайша ұстаздар сапына қоясың?! Ұстаздықтың шыңы жақсы сабақ беруіңмен ғана шектелмейді. Тақырыпты жақсы білуің, баланы жақсы көруің алғашқы күннен бастап сезіліп тұрады. Ой-өрісің, сөйлеу мәнерің, киім киісің көзге көрінбей шәкіртіңе сіңіп кететін рухани нәр. Сол нәрдің бірінен құралақан қалсаң ұстаздық тұлғаңа мін емес пе? Жамбытай Нұрекеқызы мұғалімдермен сұхбаттасқанда осы мәселеге ерекше мән береді.

1949 жылы Бөрлітөбе ауданының Қарашыған елді мекенінде дүниеге келген ол 1957-1960 жылдары осындағы бастауыш мектепте, 1960-1967 жылдары «Үлгі» колхозындағы ВЛКСМ-нің 30 жылдығы атындағы мектепте білім алды. Алаңсыз бала көңіліне жұмақтың төрі осы жерде секілді елестейді. Балығы тулаған, аң-құсы шулаған, ну тоғайы, қалың қамысы, жыңғылы мен шеңгелі, жидесі мен торанғысы жарыса өскен Шұбартүбек өңіріне жететін жер жоқ сияқты ол үшін.

Әкесі Нұреке Тұрымбайұлы мен анасы Жамал Бөлендіқызының отбасында 3 бала тәрбиеленді. Туған жері Лепсі көмекші шаруашылығында 8 жылдық орыс мектебі болатын. Мұнда тек бастауыш сыныптар ғана қазақ тілінде оқытылатын. Осы жерден 3-сыныпты бітірген соң Үлгіге барып оқығаны есінен шықпайды. Алғашқы әліппені жаттатқызып, қолына тұңғыш қалам ұстатқан бастауыш сыныптағы ұстазы марқұм Қанаш Молдахметов еді. Ол кезде «Үлгі» колхозында 10 жылдық мектеп болғандықтан жан-жақтан білім іздеген оқушылар сол мектепке жиналатын. «1 Май», «Красный рыбак» колхозынан, Қарашығаннан келіп көптеген бала интернатта тұрып оқитын.

Жоғары сыныпта қазақ тілі мен әдебиетінен Ердембек Молбаев, сынып жетекшісі Секербек Жаналин, физика пәнінен Мырзабай ағай, тарихшы Шайзада ағай, орыс тілі мен әдебиет пәнінен беретін Тасқия Сыбғатқызы, әскери пән мұғалімі Шәку Ошақбаев есімдері болашақ мұғалімнің жүрегіне жатталғаны сөзсіз.

– 1967 жылы оқуды бітірісімен арман қуып, сол кездегі жастар сияқты анамның ақ батасын алған соң мен де Алматыға аттандым, – дейді арманшыл жасөспірім кезін еске алған Жамбытай Нұрекеқызы. – КазПИ-дің филология факультетіне оқуға түсіп, арман-тілегім орындалды. Сондағы анамның қуанғанын сөзбен жеткізе алмаймын. Ол кісінің де тілегі қабыл болған сияқты. Алғашқы еңбек жолымды Ерікті орта мектебінде Қаншатай Әбеуқызының қол астында бастадым, ары қарай Ақтоғай стансысындағы №251 теміржол мектебінде Жұмағали Бабаханов, Омархан Құрманғалиев сияқты мықты басшылардың қарамағында жұмыс істеп ысылып, тәжірибе жинақтадым.

Жылдар жемісін ала келді. Жас маманның біліктілігі елеусіз қалмады. 1977 жылы аудандық оқу бөліміне қызметке шақырылды. 1977-1988 жылдары Бөрлітөбе аудандық оқу бөлімінде әдістемелік кабинет меңгерушісі болып, аудандық оқу бөліміне жетекшілік еткен Мұқатай Иманбаев, Ақан Байбурин ағаларымен, Нұртай Ршымбетовпен бірге қызмет атқарды.

Ол кезде ауданға қарасты 12 мектеп, 7 балабақша, 5 мектеп-интернат жұмыс істейтін. Мектептердің білім сапасына, балалардың дұрыс демалуы мен тәрбиеленуіне ерекше көңіл бөлетін және партия, кеңес органдары тарапынан қатты бақыланып отыратын. Сондай-ақ, әдістемелік кабинетте Фарида Қабденқызы, Фатима Мұраталиқызы, Баян Асқарбеккызы, Жеміс Мансұрқызы, Гүлбану Кулчикова, Ләйля Тәкішқызы, Бақыт Абдрахманова сияқты методистер және Болат Майшынов, Марат Дакубаев сынды инспекторлар мектептерге әдістемелік көмек көрсету, инспекторлық бақылау жұмыстарын жүргізді.

1988 жылы өмірлік жолдасы Болат Есенғалиұлының облыстық ішкі істер басқармасына қызметке ауысуына байланысты Талдықорған қаласындағы №17 эксперименталді мектепте атақты Белоруссия профессоры В. Кочетовтың қарамағында мектеп оқулықтарына апробация жасау, оқу тәрбие саласында ғылыми-тәжірибелік жұмыспен шұғылданған ол 1990 жылы облыс орталығы Талдықорғанда тұңғыш қазақ мектебі болып ашылған Мағжан Жұмабаев атындағы мектеп-гимназияға директордың ғылыми-әдістемелік орынбасары қызметіне тағайындалды. Егемендік алған алғашқы жылдар еліміз үшін қиыншылығы көп болса да ертеңінен үміт күткен елмен бірге мектеп ұстаздары да жас ұрпаққа білім беруге күш-жігерін аямады.

– Бірде бір мұғалімнің оқушыларды өзіне тарту үшін бағаға жомарттық танытатынын байқадым. Журналдағы қаптаған бес пен төрті көріп жас әріптесіме: «Бағаны асыра қойып абырой жинаймын деуің қателік, қайта ол сенің беделіңді түсіреді. Беске оқитын оқушы білімі өзіне маңайламайтынның жоғары балл алғанына қалай қарайды? Әділдікке нұқсан келтіріп жүрген жоқсың ба?» деп ескерту жасағаным бар. Кейіннен ол кабинетіме арнайы келіп, қателігін түзегеніме зор алғыс айтты,– деп өткеннің ойлы-қырлы өткелектерінен сыр шертеді ұлағатты ұстаз.

Өмірін ұстаздықпен ұштастырған Жамбытай апай бақытты отбасын құрды. Жолдасы Болат Молдабеков білікті заңгер, әділет полковнигі, қазіргі кезде І. Жансүгіров атындағы университетте экономика және құқық факультетінде оқытушы болып қызмет атқарады. «Бала деген жүрегіңнің бөлшегі, бала деген өміріңнің өлшемі» дегендей 3 ұлдан 6 немере, 1 шөбере көрді. Үш ұлы да әке жолын қуып заңгерлік мамандықты таңдады.

– Ұрпағымыздың келешегінен үлкен үміт күтемін, өз еліне абыроймен еңбек етсе екен,– дейді ұстаз-ана әңгімесінің соңында.

Әркім өз әлемін, өз өмірін өзі құрады. Бәріміздің көкейімізде жүретін бақыт деген ұғым сол әлемнің бір кірпіші ғана. Бақытты шарқ ұрып басқа жақтан іздеудің қажеті жоқ. Әр адам өз бақытын ақ отауының ішінде өзі жасайды. Жан сарайы жақсылықпен жаңғырып тұратын, барға қанағат ететін, бақыт дегенді балаларым деп бағалайтын отбасының алтын діңгегі Жамбытай апай айналасына көркем мінезімен үлгі болып келеді.

Жомарт ИГІМАН,
Қазақстанның Құрметті журналисі

● ТӘРБИЕ – ТАЛБЕСІКТЕН

Балапан ұяда не көрсе...



Үшбұлақ ауылындағы Тоқпановтар әулетінің ұрпақ тәрбиесіндегі үлгілі тұстары ауыл тұрғындары арасында жиі айтылады. Бүгінде қара шаңырақ ие болып отырған Зылиха Жүсіпбекқызы 87 жасқа келіпті. Белі еңкіш тартып, жүзін әжім торлағанымен денсаулығы жақсы, әлі күнге сиыр сауып, май шайқамаса, кілегей тартып, сөресіне құрт, ірімшік кептірмесе көңілі көншімейді. Өйткені Айып Тоқпанов пен Зылиха Жүсіпбекызы 11 баланы өмірге әкелген. Бүгінде Еркін, Ардақ, Дидар, Дәурен, Мәулен, Рауан, Раушан еліміздің әр өңірінде қызмет етіп жүр. Олардан 30 немере, 8 шөбересі бар.

Қажет АҢДАС



Суреттерді түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ

– Немере, шөберелерім атасының үйіне келгенде ең алдымен сөреден құрт алып жеуге жүгіретіні әдет болып қалған. Солардың көңілін қалдырмайын деп белім бүгіліп, аяғым ауырып жүрсе де сиырымды сауып, сөрені құр қалдырмай құрт, ірімшік жайып қоямын, – дейді кейуана.

Білген адамға бұл да қазақы тәрбиенің қаймағы бұзылмайтын үлгісі. Ауылдан алысқа кеткен азамат ең алдымен даланың жусан иісін сағынса, қара шаңырақтың алдындағы сөредегі құрттың дәмін есіне алып тамсанады. Ауылға деген махаббаттың сөредегі құрт пен ірімшікке құштарлықтан басталатынын апамыз осы қарапайым әдетімен сақтап келеді. Бұл әрбір ананың үйінің төріне жазып, іліп қоятын тәрбиенің таптырмас тәсілі деуге болады.

Апамыздың айтуынша, Айып атамыз балаларын қатаң тәрбиемен өсіріпті. «Балапан ұяда нені көрсе ұшқанда соны іледі» деген қазақы тәрбиенің тәсілі болса керек. Шын мәнінде өзі де шыншыл, көңілі жұмсақ адам болыпты. Бірақ әкенің қатал тәрбиесін көріп өскен балалар еңбектің қадірін білетін, асын адалынан тауып жеуге әдеттенген ұрпақ болып ержетті.

Апамыздың үйіне бізді ертіп барған Үшбұлақ ауылының бас маманы Дулат Әбілбеков үлкендерден естіген бір тағылымды естелігімен бөлісті.

– Айып атамыз өтірік айтып, жұртты алдауға бейім тұратын өрескел қылықтарды өмір бойы жек көріп өтіпті. Сондықтан балаларын шыншыл, екі сөйлеп, елді бүлдіретін әрекеттен сақтандыру үшін оларға жастайынан сөзбен емес, әдіспен тәрбиелейді екен. Кешке балаларын ат суаруға жұмсап, қолына су таситын торсығын қоса беріп, бастаудың басынан су ала келуді тапсырады екен. Әрине, жылқыда тіл жоқ қой. Суардым деп жарты жолдан қайтып келуге болады. Бірақ бастаудың басынан су алу үшін сол жерге бармаса болмайды. Балаларын осылай шыншылдыққа тәрбиелепті, – дейді ол.

Бұл Айып Тоқпановтың бала тәрбиесіндегі өнегелі ісінің біреуі ғана. Оларды мейірімді, қайырымды, тәрбиелі етіп өсірудің басқа жолдары көп екен.

Атамыз осыдан біраз жыл бұрын мәңгілік мекеніне аттанып, Зылиха апамыз қарашаңырақта қалады. Ал балаларының бірі Алматыда, енді бірі Талдықорғанда қоныстанып, өздеріне тиесілі мамандығы бар. Басында балалары апамызды қалаға көшіріп, өздерімен бірге тұрғызғысы келеді. Бірақ «қара шаңырақтың отын сөндірмеймін» деген кейуана қара шаңырақта жалғыз тұра беруге шешім қабылдайды. Анасының шешіміне қарсы келмеген балалары содан бері кезектесіп 15 күннен анасының жанында болып, үй тірлігіне көмектесіп, шешелерін жалғыз қалдырып көрмепті.

Расында, бүгінде ата-анасын Қарттар үйіне өткізіп, зейнетақысы түскенде айына бір амандаса баратын жандар көп. Соларға қарағанда алыс ауылда қалған аналарын жалғызсыратпай, қаладағы қат-қабат тірлігін қайырып қойып, кезектесіп қарайласып, көңілін көтеріп, өмірін ұзартып тұру басқаларға өнеге болатын іс.

Үшбұлақ ауылы,
Алакөл ауданы

● ХАБАРЛАНДЫРУ

«Консолидированная Строительная Горнорудная Компания» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

1. Жобаның атауы: Жетісу облысы Кербұлақ ауданы Көксай кен орнында тау-кен жұмыстарын жоспарлау бойынша ықтимал әсерлер туралы есеп.

2. Әсер ету аймағы: ҚР, Жетісу облысы, Кербұлақ ауданы. Тау-кен жұмыстарын жүргізу учаскесінің ауданы – 40,0 шаршы км. Координаттар: 44°29’52.3373640”N (СЕ), 78°25’24.7671840”E (ШБ); 44°29’34.0683360”N (СЕ), 78°25’14.2570200”E (ШБ); 44°29’0.10179600”N (СЕ), 78°25’5.38165200”E (ШБ); 44°28’34.6135800”N (СЕ), 78°25’1.02666000”E (ШБ); 44°28’14.1660480” N (СЕ), 78°24’30.7860480”E (ШБ); 44°27’47.8950120”N (СЕ), 78°24’23.5946880”E (ШБ); 44°27’40.9748760”N (СЕ), 78°24’30.2301360”E (ШБ); 44°27’33.5347560”N (СЕ), 78°25’25.9987440”E (ШБ); 44°27’46.3337640”N (СЕ), 78°26’27.2072400”E (ШБ); 44°27’50.6397600” N (СЕ), 78°27’21.9564360”E (ШБ); 44°27’58.2975720”N (СЕ), 78°28’4.66377600”E (ШБ); 44°27’50.3066880”N (СЕ), 78°28’45.0098760”E (ШБ); 44°27’48.7592280”N (СЕ), 78°29’37.7231640”E (ШБ); 44°27’38.0199600”N (СЕ), 78°30’17.1684360”E (ШБ); 44°27’46.8987840” N (СЕ), 78°30’41.8532040”E (ШБ); 44°28’34.3608960”N (СЕ), 78°30’31.7320560”E (ШБ); 44°29’0.39606000”N (СЕ), 78°30’46.6310520”E (ШБ); 44°29’14.1056160”N (СЕ), 78°30’53.8285680”E (ШБ); 44°29’31.7772240”N (СЕ), 78°30’55.4120280”E (ШБ); 44°29’44.0760480” N (СЕ), 78°31’6.04300800”E (ШБ); 44°29’59.3448720”N (СЕ), 78°31’9.18872400”E (ШБ); 44°30’16.1370720”N (СЕ), 78°31’18.3666720”E (ШБ); 44°30’48.9676680”N (СЕ), 78°30’50.8037760”E (ШБ); 44°30’47.9568240”N (СЕ), 78°30’27.9967680”E (ШБ); 44°30’38.7968400” N (СЕ), 78°27’36.7898400”E (ШБ); 44°30’33.7986360”N (СЕ), 78°27’18.0734400”E (ШБ).

3. Қоғамдық тыңдаулар келесі уақытта өтеді:

2024 жылғы 19 желтоқсанда сағат 10.00-де мекенжайы бойынша: ҚР, Жетісу облысы, Кербұлақ ауданы, Қоғалы ауылдық округі, Шаған ауылы, Дутов көшесі, №64, Мәдениет үйі ғимараты.

2024 жылғы 19 желтоқсанда сағат 15.00-де мекенжайы бойынша: ҚР, Жетісу облысы, Кербұлақ ауданы, Қоғалы ауылы, Б. Момышұлы көшесі №46, Панфилов атындағы ОМ. Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін Күреңбел, Көкбастау ауылдары тұрғындарына көлік беріледі. Көлік 2024 жылғы 19 желтоқсаны сағат 14.00-де ауылдардан жөнелтіледі.

2024 жылғы 20 желтоқсанда сағат 10.00-де мекенжайы бойынша: ҚР, Жетісу облысы, Кербұлақ ауданы, Жайнақ батыр ауылдық округі, Жаңалық ауылы, Шақан көшесі №112, Жаңалық ОМ. Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін Қарымсақ ауылы тұрғындарына көлік беріледі. Көлік 2024 жылғы 20 желтоқсаны сағат 9.00-де Қарымсақ ауылынан жөнелтіледі.

2024 жылғы 20 желтоқсанда сағат 15.00-де мекенжайы бойынша: ҚР, Жетісу облысы, Кербұлақ ауданы, Қаспан ауылдық округі, Қаспан ауылы, Алтынсарин көшесі, №25, Қаспан ОМ. Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін Шаған ауылы тұрғындарына көлік беріледі. Көлік 2024 жылғы 20 желтоқсаны сағат 14.00-де Шаған ауылынан жөнелтіледі.

4. Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Консолидированная Строительная Горнорудная Компания» ЖШС. Мекенжайы: ҚР, Алматы қ., Медеу ауданы, Достық даңғылы, 85 «А» үй. БСН: 120640017812. тел.: +77273304552. e-mail: office@ksgk.kz.

5. Жобалаушы: «АНТАЛ» ЖШС. Мекенжайы: Алматы қ., Бұқар Жырау көшесі, 33, «Жеңіс» БО, 50-кеңсе, БСН – 920940000013. Тел/факс: 8(727) 376-33-42, e-mail: office@antal.kz.

6. Жобалық құжаттамамен https://ecoportal.kz/ Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ Жетісу облысының «Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында, «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады.

7. Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдауларға дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей келесі электрондық мекенжайлар бойынша қабылданады: ecoportal.kz; zhumadilova.kamshat@mail.ru, қағаз түрінде мекенжайы бойынша: Жетісу облысы, 040000, Талдықорған қ., Қабанбай батыр көшесі, № 26. +7 (7282) 32-93-83.

2024 жылғы 19 желтоқсанда сағат 10.00-де тыңдауларға қатысу үшін келесі сілтеме бойынша өту қажет:

https://us05web.zoom.us/j/82640427831?pwd=x7LLrHSGnuPXTanRZMiWAQ7Tm199Le.1

Конференция идентификаторы: 826 4042 7831

Қатынас коды: FTvPh0

2024 жылғы 19 желтоқсанда сағат 15.00-де тыңдауларға қатысу үшін келесі сілтеме бойынша өту қажет:

https://us05web.zoom.us/j/82846267128?pwd=rt9qlev4HoHGjehY3sCsaG2aDWVG56.1

Конференция идентификаторы: 828 4626 7128

Қатынас коды: 3WJvAb

2024 жылғы 20 желтоқсанда сағат 10.00-де тыңдауларға қатысу үшін келесі сілтеме бойынша өту қажет:

https://us05web.zoom.us/j/81553821297?pwd=hwwxgazrgjv1DD3N7uJBMnyxG3l69j.1

Конференция идентификаторы: 815 5382 1297

Қатынас коды: TEMz3F

2024 жылғы 20 желтоқсанда сағат 15.00-де тыңдауларға қатысу үшін келесі сілтеме бойынша өту қажет:

https://us05web.zoom.us/j/89611015902?pwd=Mxds2e7Vnup5bS33fsd9f9xDGWW2ni.1

Конференция идентификаторы: 896 1101 5902

Қатынас коды: BEdv33

Тіркеу талқылау басталғанға дейін 30 минут бұрын басталады. Қосылуға қатысты сұрақтар бойынша жоспарланған қызметтің бастамашысына хабарласыңыз.

● ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Консолидированная Строительная Горнорудная Компания», в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК, уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания.

1. Наименование проекта: Отчет о возможных воздействиях к «Плану горных работ на месторождении Коксай в Кербулакском районе области Жетісу»

2. Территория воздействия: РК, область Жетісу, Кербулакский район. Площадь участка ведения горных работ составляет – 40,0 кв.км. Координаты: 44°29’52.3373640»N (СШ), 78°25’24.7671840»E (ВД); 44°29’34.0683360»N (СШ), 78°25’14.2570200»E (ВД); 44°29’0.10179600»N (СШ), 78°25’5.38165200»E (ВД); 44°28’34.6135800»N (СШ), 78°25’1.02666000»E (ВД); 44°28’14.1660480» N (СШ), 78°24’30.7860480»E (ВД); 44°27’47.8950120»N (СШ), 78°24’23.5946880»E (ВД); 44°27’40.9748760»N (СШ), 78°24’30.2301360»E (ВД); 44°27’33.5347560»N (СШ), 78°25’25.9987440»E (ВД); 44°27’46.3337640»N (СШ), 78°26’27.2072400»E (ВД); 44°27’50.6397600» N (СШ), 78°27’21.9564360»E (ВД); 44°27’58.2975720»N (СШ), 78°28’4.66377600»E (ВД); 44°27’50.3066880»N (СШ), 78°28’45.0098760»E (ВД); 44°27’48.7592280»N (СШ), 78°29’37.7231640»E (ВД); 44°27’38.0199600»N (СШ), 78°30’17.1684360»E (ВД); 44°27’46.8987840»N (СШ), 78°30’41.8532040»E (ВД); 44°28’34.3608960»N (СШ), 78°30’31.7320560»E (ВД); 44°29’0.39606000»N (СШ), 78°30’46.6310520»E (ВД); 44°29’14.1056160»N (СШ), 78°30’53.8285680»E (ВД); 44°29’31.7772240»N (СШ), 78°30’55.4120280»E (ВД); 44°29’44.0760480» N (СШ), 78°31’6.04300800»E (ВД); 44°29’59.3448720»N (СШ), 78°31’9.18872400»E (ВД); 44°30’16.1370720»N (СШ), 78°31’18.3666720»E (ВД); 44°30’48.9676680»N (СШ), 78°30’50.8037760»E (ВД); 44°30’47.9568240»N (СШ), 78°30’27.9967680»E (ВД); 44°30’38.7968400» N (СШ), 78°27’36.7898400»E (ВД); 44°30’33.7986360»N (СШ), 78°27’18.0734400»E (ВД).

3. Общественные слушания состоятся:

19 декабря 2024 года в 10.00 часов по адресу: РК, область Жетісу, Кербулакский район, Когалинский сельский округ, село Шаган, ул.Дутова №64, здание Дома культуры.

19 декабря 2024 года в 15.00 часов по адресу: РК, РК, область Жетісу, Кербулакский район, Когалинский с.о., село Когалы ул. Б. Момышулы №46, СШ им.Панфилова. Для жителей поселков: Коренбель, Кокбастау будет предоставлен транспорт для участия в общественных слушаниях. Время отправки транспорта от поселков 19.12.2024 года в 14:00.

20 декабря 2024 года в 10.00 часов по адресу: РК, область Жетісу, Кербулакский район, Жайнак батырский сельский округ, село Жаналык, Шакана №112, Жаналыкская СШ. Для жителей поселка Карымсак будет предоставлен транспорт для участия в общественных слушаниях. Время отправки транспорта от п. Карымсак 20.12.2024 года в 9:00.

20 декабря 2024 года в 15.00 часов по адресу: РК, область Жетісу, Кербулакский район, Каспанский сельский округ, село Каспан, улица Алтынсарина №25, Каспанская СШ. Для жителей поселка Шаган будет предоставлен транспорт для участия в общественных слушаниях. Время отправки транспорта от п. Шаган 20.12.2024 года в 14:00.

4. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Консолидированная Строительная Горнорудная Компания» Адрес: РК, г Алматы, Медеуский район, проспект Достык, дом № 85А. БИН: 120640017812. тел. +77273304552. e-mail: office@ksgk.kz.

5. Разработчик: ТОО «АНТАЛ». Адрес: г. Алматы, Бухар Жырау 33, БЦ «Женис», оф.50, БИН – 920940000013. Тел/факс: 8(727) 376-33-42, e-mail: office@antal.kz.

6. С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале https://ecoportal.kz/, а также сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», в разделе «Общественные слушания».

7. Замечания и предложения принимаются не позднее 3-х рабочих дней до проведения общественных слушаний: по электронным адресам: ecoportal.kz; zhumadilova.kamshat@mail.ru, в бумажной форме по адресу: Жетысуская область, 040000, город Талдыкорган, ул. Кабанбай Батыра, № 26. +7 (7282) 32-93-83.

Для участия в слушаниях 19 декабря 2024 года в 10.00 часов необходимо пройти по ссылке:

https://us05web.zoom.us/j/82640427831?pwd=x7LLrHSGnuPXTanRZMiWAQ7Tm199Le.1

Идентификатор конференции: 826 4042 7831

Код доступа: FTvPh0

Для участия в слушаниях 19 декабря 2024 года в 15.00 часов необходимо пройти по ссылке:

https://us05web.zoom.us/j/82846267128?pwd=rt9qlev4HoHGjehY3sCsaG2aDWVG56.1

Идентификатор конференции: 828 4626 7128

Код доступа: 3WJvAb

Для участия в слушаниях 20 декабря 2024 года в 10.00 часов необходимо пройти по ссылке:

https://us05web.zoom.us/j/81553821297?pwd=hwwxgazrgjv1DD3N7uJBMnyxG3l69j.1

Идентификатор конференции: 815 5382 1297

Код доступа: TEMz3F

Для участия в слушаниях 20 декабря 2024 года в 15.00 часов необходимо пройти по ссылке:

https://us05web.zoom.us/j/89611015902?pwd=Mxds2e7Vnup5bS33fsd9f9xDGWW2ni.1

Идентификатор конференции: 896 1101 5902

Код доступа: BEdv33

Регистрация начинается за 30 минут до начала обсуждения. По вопросам подключения обращаться по телефонам инициатора намечаемой деятельности.